К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС

# Таңдамалы шығармалары

ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ

ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА
при ЦК КПСС

# К. МАРКС
# И
# Ф. ЭНГЕЛЬС

•

# Избранные произведения в трех томах

•

## Том 3

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва. 1970

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ — КПСС Орталық Комитеті жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

# К.МАРКС пен Ф.ЭНГЕЛЬС

# Таңдамалы шығармаларының үш томдығы

## 3 том

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ. 1981

ББК 11.24
М 24

М 24 Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар.— 3 том. —Алматы: Қазақстан, 1981.—636 бет.

М $\frac{10101-121}{401(07)-81}$ 8—79 0101010000

ББК 11.24
3К11

© Политиздат, 1970 г.
© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1981 ж.

*Маркс Карл и Энгельс Фридрих*

Избранные произведения в 3-х томах,
том 3

*(на казахском языке)*

ИБ № 2253

Сдано в набор 17.08.79. г. Подписано к печати 03.08.81 г. Формат 60×90 1/16. Бумага тип. № 1. Литературная гарнитура. Печать высокая. Усл. печ. л. 39,75. Уч.-изд. л. 43,86. Тираж 9 000 экз. Зак. 2135. Цена 1 р. 30 к.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.
Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.

К. МАРКС

# ГОТА ПРОГРАММАСЫНА СЫН[1]

## Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ АЛҒЫ СӨЗІ[2]

Осында жарияланып отырған қолжазба — программа жобасына берілген сын Браккеге жазылған жолдама хатпен бірге — 1875 жылы, Готадағы бірігу съезінен[3] біраз ғана бұрын, мұны Гейбке, Ауэрге, Бебельге және Либкнехтке көрсетіп, онан соң Маркстің өзіне қайтарыңыз деген өтінішпен Браккеге жіберілген болатын. Галледегі партия съезі[4] Гота программасы жөніндегі дискуссияны партияның күн тәртібіне қойып отыр, сондықтан егер мен осы маңызды документті, сірә, осы дискуссияға қатысы бар барлық документтердің ішіндегі ең маңызды документті, жариялауды мұнан әрі кейінге қалдыра беретін болсам, онда мұның өзі менің тарапымнан қылмыс болар еді деп ойлаймын.

Бірақ бұл қолжазбаның бұдан басқа да тағы бір неғұрлым кең маңызы бар. Мұнда Лассальдың үгіт жұмысына қатысқан кезінен бастап ұстанған бағытына, оның бер жағында Лассальдың экономикалық принциптеріне де, сондай-ақ оның тактикасына да Маркстің көзқарасы бірінші рет айқын да нақты білдірілген.

Мұнда программа жобасын Маркстің аяусыз сынауы, жобаның кемшіліктерін аша отырып, өзінің жасаған қорытындыларын ымырасыз айтуы,— мұның бәрі енді, он бес жыл өткеннен кейінгі жерде, ешкімді де ренжіте алмайды. Өз ерекшеліктерін сақтаған лассальшылдар жалғыз-жарым жұрнақтар түрінде қазір шетелдерде ғана бар, ал мүлде қанағаттанғысыз программа болған Гота программасынан тіпті оны жасаушылардың өздері де Галледе бас тартты.

Солай бола тұрса да, іске нұқсан келтірмей істеуге болатын жерлерде мен жеке адамдар жөнінде айтылған кейбір қатаң пікірлер мен бағаларды алып тастап, олардың орнына нүктелер қойдым. Егер бұл қолжазбаны қазір жариялаған болса, Маркстің өзі де осылай еткен болар еді. Кей жерлерінде оның қатаң сөздермен жазылуына екі жағдай себеп болды. Біріншіден, Маркс екеуіміз басқа қай қозғалыстан болса да герман

қозғалысымен неғұрлым біте қайнасқан едік, сондықтан осы программа жобасында байқалған үзілді-кесілді кері басқан қадам бізді мейлінше қатты ашындыруға тиісті болды. Екіншіден, біз ол кезде — Интернационалдың Гаага конгресінен[5] кейін екі жыл ғана уақыт өткен болатын,— Бакунинге және оның анархистеріне қарсы нағыз қызу күрес жүргізуде едік; олар герман жұмысшы қозғалысында болып жатқан барлық оқиғалар жөніндегі жауапкерлікті бізге жүктейтін-ді, сондықтан біз бұл программаға астыртын әкелік жасап отыр деген кінәның да бізге тағылатындығын күтуге тиісті болдық. Енді бұл пікірлер жайына қалады, ал сонымен бірге әңгіме болып отырған тиісті жерлер де қажет болмай қалады.

Цензураны ескергендіктен де кейбір сөздердің орнына нүктелер қойылды. Менің неғұрлым жұмсағырақ сөздер қолдануыма тура келген жерлерде, мен ондай сөздерді тік жақшаның ішіне алдым. Қолжазбаның бұдан басқасы сөзбе-сөз көшіріліп басылды.

*Лондон,* 6 январь 1891 ж.

**Фр. Энгельс**

*Мына журналда басылған:*
*«Die Neue Zeit», Bd. 1, № 18, 1890—1891*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 95—96-беттер*

К. МАРКС

# В. БРАККЕГЕ ХАТ

Лондон, 5 май 1875 ж.

Қымбатты Бракке!

Бірігу программасы жөнінде төменде айтылған сын ескертпелерді оқып шығысымен Гейб пен Ауэрге, Бебель мен Либкнехтке танысу үшін бергейсіз. Мен жұмысқа белшемнен батып, өзіме дәрігерлер рұқсат еткен жұмыс уақытының шегінен әлдеқайда асып түсуге мәжбүр болып жүрмін. Сондықтан осыншама көп қағаз жазудан мен пәлендей «ләззат» алғаным жоқ. Бірақ осы хабарлама арналып отырған партиялық достар менің өз тарапымнан жасауға тиісті болатын қадамдарымды кейін жалған түсініп жүрмеуі үшін осылай ету қажет болды.— Менің айтып отырғаным бірігу съезінен кейін Энгельс екеуіміз жариялайтын қысқаша мәлімдеме; онда біз айтылып отырған принципті программаға біздің мүлде қатысымыз жоқ және оған ешбір ортақтастығымыз жоқ деп мәлімдейміз.

Бұл қажет, өйткені шетелде партияның жаулары қамқорсып қолдап жүрген пікір — бізді эйзенахтық партия[6] дейтіннің қозғалысына осы арадан астыртын басшылық етеді деген мүлде жалған пікір — тарап жүр. Жақында орыс тілінде басылып шыққан өз кітабында-ақ[7] Бакунин, мәселен, аталған партияның барлық программалары, т. т. жөнінде ғана емес, тіпті Либкнехттің Халықтық партиямен[8] ынтымақтасқан күнінен бергі жасаған әрбір қадамы жөнінде де жауапкерлікті маған жүктеп отыр.

Оның үстіне, менің сенімімше, мүлде түкке аспайтын және партияны ірітетін программаны, дипломатиялық жолмен үндемей қалу арқылы болса да, мойындауға арым бармайды.

Шын қозғалыстың әрбір қадамы он шақты программадан маңыздырақ. Сондықтан егер эйзенахтық программадан *әрі* баруға болмаған болса — ал жағдай бұған мүмкіндік берген жоқ — онда ортақ жауға қарсы қимыл туралы келісім жасап қана қою керек еді. Ал принципті программалар жасаудың өзі (мұны ұзақ уақыт бірлесіп жұмыс істеу арқылы әзірленетін кезеңге дейін кейінге қалдыра тұрудың орнына) бүкіл дүние жүзі алдында межелер белгілегендік болады, жұрт партиялық

қозғалыстың дәрежесі туралы осы межелерге қарап пайымдайтын болады:

Лассальшылдар көсемдерінің бізге келген себебі — жағдай оларды осыған мәжбүр етті. Егер оларға әуел бастан-ақ: принциптермен ешқандай да сауда жасауға бармаймыз делінген болса, онда олар бірлесіп қимылдау мақсатын көздейтін қимыл программасымен немесе ұйымдастыру жоспарымен қанағаттануға *тиісті* болған болар еді. Мұның орнына олардың өз мандаттарымен сақадай сайланып келуіне рұқсат етіліп отыр және, өз тарапынан, бұл мандаттарды міндетті деп мойындап отыр, яғни жәрдемге өздері мұқтаж болып жүргендердің рақымына немесе жазғыруына беріліп отыр. Мұның бәрінің үстіне, олар *келісу съезіне дейін-ақ* съезд шақырады, ал біздің өз партиямыз өзінің съезін тек *post festum** шақырып отыр. Мұнда көрінеу көзге сын атаулыны болғызбауға және өз партиясының ес жиюына мүмкіндік бермеуге тырысты. Бірігу фактісінің өзі-ақ жұмысшыларды қанағаттандыратындығы белгілі; бірақ осы өткінші табысты онша қымбатқа түскен жоқ деп ойлайтындар қателеседі.

Тегінде программа, лассальдық сенім бейнесін ережеге айналдырып отырғандығын былай қойғанның өзінде де, түкке жарамайды.

Мен жақын арада Сізге «Капиталдың» французша басылған соңғы бөлімдерін жіберемін. Оның басылуы француз үкіметінің тыйым салуынан ұзақ уақыт бөгеліп келді. Осы аптаның ішінде немесе келесі аптаның басында кітап дайын болады. Сіз бастапқы 6 бөлімін алдыңыз ба? Маған Бернхард Беккердің де *адресін* хабарласаңыз екен, мен соңғы бөлімдерді оған да жіберуге тиіс едім.

*«Volksstaat» кітап баспасының*[9] салты өзгеше екен. Мәселен, ол маған осы күнге дейін «Коммунистерге жасалған Кёльн процесінің»** жаңа басылуының бірде-бір данасын жіберген де жоқ.

Шын жүректен сәлем жолдаушы

Сіздің ***Карл Маркс***

---

* — сөзбе-сөз алғанда; той тарқаған соң, яғни кешігіп барып. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 423—491-беттер. *Ред.*

К. МАРКС

# ГЕРМАН ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[1]

## I

1. «Еңбек дегеніміз байлық атаулының және мәдениет атаулының қайнар көзі; *ал енді* пайда келтіретін еңбек қоғамда ғана және қоғам арқылы ғана мүмкін болатындықтан, еңбектен түскен табыс азайтылып-кемітілмеген түрінде және тең праволар бойынша қоғамның барлық мүшелеріне тән».

*Параграфтың бірінші бөлімі:* «Еңбек дегеніміз байлық атаулының және мәдениет атаулының қайнар көзі».

Еңбек байлық атаулының *қайнар көзі емес.* Еңбек қай дәрежеде тұтыну құндарының қайнар көзі болса, *табиғат* та сол дәрежеде тұтыну құндарының қайнар көзі (ал заттық байлық дегеніңіз осылардан құралады ғой!); ал еңбектің өзі табиғат күштерінің бірінің, адамның жұмыс күшінің көрінісі ғана. Жоғарыда келтірілген сөйлемді сіз балаларға арналған әрбір әліппеден кездестіресіз, ал мұның өзі еңбектің тиісті заттар мен құралдар барда істелетінін *еске алған* күнде ғана дұрыс болып шығады. Бірақ социалистік программада тиісті *жағдайларды* ауызға алмай өтетін мұндай буржуазиялық сөздерге жол берілмеуге тиіс, өйткені бұл сөздерге жалғыз осы жағдайлар ғана мағына береді. Адам күн ілгері табиғатқа, еңбектің барлық құралдары мен жабдықтарының осы түпкі негізіне меншікші ретінде қарайтындықтан, оны өзіне тән зат деп білетіндіктен, сондықтан оның еңбегі тұтыну құндарының, демек, байлықтың да қайнар көзі болады. Буржуалардың еңбекте *табиғаттан тыс творчестволық күш бар* деп таныуына өте елеулі себептер бар, өйткені еңбектің нақ табиғи байланыстылығынан мынадай қорытынды келіп шығады: өзінің жұмыс күшінен басқа ешқандай меншігі жоқ адам қандай қоғамдық және мәдени қалыпта болса да еңбектің материалдық жағдайларын иемденіп алған басқа адамдардың құлы болуға мәжбүр болады. Ол тек солардың рұқсатымен ғана жұмыс істей алады, демек, тек солардың рұқсатымен ғана өмір сүре алады.

Бірақ жоғарыда айтылған сөйлемнің кемшіліктері қандай болғанымен, оны бұрынғы қалпында жайына-ақ қалдырайық. Сонда одан күтетін қорытынды қандай болуы керек еді? Тегінде, мынадай болуы керек еді:

«Еңбек дегеніміз байлық атаулының қайнар көзі болғандықтан, қоғамның бірде-бір мүшесі еңбек өнімін иемденбейінше байлықты басқаша жолмен иемдене алмайды. Ал егер оның

өзі жұмыс істемейтін болса, онда ол өзгенің еңбегімен өмір сүреді, ол өзінің мәдениетін де өзгенің еңбегінің есебінен табады».

Мұның орнына *«ал енді»* деген сөзсымақтардың көмегімен бірінші сөйлемге екінші бір сөйлем қосақталған, мұндағы мақсат қорытындыны бірінші сөйлемнен емес, екінші сөйлемнен шығару болған.

*Параграфтың екінші бөлімі:* «Пайда келтіретін еңбек қоғамда ғана және қоғам арқылы ғана мүмкін болады».

Бірінші қағида бойынша еңбек байлық атаулының және мәдениет атаулының қайнар көзі еді, демек, еңбексіз ешқандай қоғамның болуы мүмкін емес. Ал енді біз, керісінше, қоғам болмайынша, ешқандай «пайда келтіретін» еңбектің болуы мүмкін емес екенін біліп отырмыз.

Нақ осылайша орайын тауып: қоғам үшін пайдасыз немесе тіпті зиянды еңбектің өзі тек қоғамда ғана өнеркәсіптің саласы бола алады, тек қоғамда ғана текке сайрандап жүруге болады деуге т. т. және т. с. пікірлер айтуға,— қысқасы, бүкіл Руссоны көшіріп жазуға әбден болар еді.

Ал «пайда келтіретін» еңбек деген не? Мұның өзі бар болғаны белгіленген пайдалы нәтижеге жеткізетін еңбек қана ғой. Аңды таспен ұрып өлтіретін, жеміс теретін, т. с. істейтін тағы адам (ал адам — маймыл болудан қалғаннан кейінгі жерде тағы болды) «пайда келтіретін» еңбек істейді.

*Үшіншіден. Қорытынды:* «Ал енді пайда келтіретін еңбек қоғамда ғана және қоғам арқылы ғана мүмкін болатындықтан еңбектен түскен табыс азайтылып-кемітілмеген түрде және тең праволар бойынша қоғамның барлық мүшелеріне тән».

Неткен қорытынды десеңізші! Егер пайда келтіретін еңбек қоғамда ғана және қоғам арқылы ғана мүмкін болатын болса, онда еңбектен түскен табыс қоғамдікі болады, ал жеке жұмысшының үлесіне табыстан тиетіні еңбек «жағдайларын»— қоғамды асырауға керек етілмейтін бөлегі ғана болады.

Шынында да, барлық замандарда *әрбір белгілі қоғамдық құрылыстың жақтаушылары* осы қағиданы ұсынып келген-ді. Ең алдымен үкіметтің және оған жабысып жүргеннің бәрінің талаптары келіп шығады,— үкімет дегеніңіз қоғамдық тәртіпті қорғайтын қоғамдық орган болып табылады ғой деседі; онан соң жеке меншіктің әр алуан түрлерінің талаптары келіп шығады, өйткені жеке меншіктің әр алуан түрлері қоғамның негіздері болып табылады ғой деседі, тағысын-тағылар. Көріп отырсыздар, бұл бос сөздерді қалағанша аударыстырып-төңкерістіруге бола береді.

Параграфтың бірінші бөлімі мен екінші бөлімінің байланысы мынадай редакциямен берілген күнде ғана азды-көпті ақылға қонымды болмақ:

«Қоғамдық еңбек ретінде ғана», немесе «қоғамда ғана және қоғам арқылы ғана» десе де бәрібір, «еңбек байлық пен мәдениеттің қайнар көзі бола алады».

Бұл қағида даусыз дұрыс, өйткені оқшауланған еңбек (оның заттық жағдайлары анық бар деп ұйғарылады) тұтыну құндарын жасай алатын болса да, ол байлықты да, мәдениетті де жасай алмайды.

Бірақ одан басқа мына қағида да даусыз:

«Еңбек қоғамдық жолмен дамыған сайын, сөйтіп еңбек байлық пен мәдениеттің қайнар көзі бола бастаған сайын — жұмысшының жағында кедейлік пен жоқшылық, жұмысшы еместің жағында байлық пен мәдениет дами береді».

Бұл — осы күнге дейінгі бүкіл тарихтың заңы. Олай болса, «еңбек» пен «қоғам» туралы жалпылама сөздердің орнына осы заманғы капиталистік қоғамда осы қоғамдық қарғысты күйретуге жұмысшыларды қабілетті ететін және оларға осыны істеткізетін материалдық және басқа жағдайлардың, ақырында, қалай жасалғанын айқын көрсету керек еді.

Ал шындығында формасы жағынан сәтсіз, мазмұны жағынан қате бүкіл осы параграф бұл жерде «кемітілмеген еңбек табысы» жайындағы лассальдық формуланы партияның туына бірінші ұран етіп жазу үшін ғана қыстырылып отыр. «Еңбек табысына», «тең правоға» және басқаларына мен тағы да ораламын, өйткені бұдан былайғы жерде де нақ осы пікір біраз басқаша формада қайталанып отырады.

> 2. «Осы заманғы қоғамда еңбек құрал-жабдықтары капиталистер табының монополиясы болып табылады. Жұмысшы табының осыған байланысты тәуелділігі барлық формадағы қайыршылық пен құлдықтың себебі болып отыр».

Интернационалдың уставынан алынған бұл қағида мына «түзетілген» редакцияда жалған болып шығады.

Осы заманғы қоғамда еңбек құрал-жабдықтары жер меншікшілерінің монополиясы (жер меншігінің монополиясы тіпті капитал монополиясының негізі болып табылады) *және* капиталистердің монополиясы. Интернационал уставының тиісті пунктінде монополистер табының біріншісі де, екіншісі де аталмайды. Онда *«еңбек құрал-жабдықтары жөніндегі, яғни тіршілік көздері жөніндегі монополия»* туралы айтылған. «Тіршілік көздері» деген сөздердің қосылуы еңбек құрал-жабдықтарына жердің де кіретіндігін жеткілікті көрсетеді.

Түзету жасалған себебі — Лассаль қазіргі кезде жұрттың бәріне белгілі сылтаулар бойынша жер меншікшілеріне емес, *тек* капиталистер табына ғана тиісіп отырды. Англияда капиталист тіпті өз фабрикасы тұрған жерге де көп реттерде ие емес.

3. «Еңбекті азат ету еңбек құрал-жабдықтарын бүкіл қоғамның игілігіне келтіруді және еңбек табысын әділ бөлумен қатар жиынтық еңбекті коллективтік жолмен реттеп отыруды талап етеді».

«Еңбек құрал-жабдықтарын бүкіл қоғамның игілігіне келтіру» (!) дегеннің мәнісі, сірә, бұларды «бүкіл қоғамның игілігіне айналдыру» деген сөз болу керек. Бірақ бұл жол-жөнекей айтылған пікір ғана.

*«Еңбек табысы»* деген не? Еңбек өнімі ме әлде оның құны ма? Ал соңғысы болған ретте, өнімнің барлық құны ма әлде тек құнның тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтары құнына еңбек арқылы қосылған бөлегі ғана ма?

«Еңбек табысы» — белгілі бір экономикалық ұғымдардың орнына Лассаль ұсынып отырған тұрлаусыз түсінік.

«Әділ» бөлу деген не?

Буржуалар қазіргі кездегі бөліс «әділ» бөліс деп жүрген жоқ па? Және мұның өзі шынында да қазіргі кездегі өндіріс әдісіне негізделген бірден-бір «әділ» бөліс емес пе? Экономикалық қатынастарды реттейтін праволық ұғымдар ма, қайта мұның керісінше емес пе, праволық қатынастар экономикалық қатынастардан тумай ма? Онан соң түрлі-түрлі социалистік сектанттар «әділ» бөліс туралы сан алуан пікірлер айтып жүрген жоқ па?

Бұл жерде «әділ» бөлу деген сөздердің мәнісі не екенін білу үшін біз бірінші параграфты осы параграфпен салғастыруға тиіспіз. Соңғы параграфта жорамалданып отырған қоғамда «еңбек құрал-жабдықтары қоғамның игілігі болады және жиынтық еңбек коллективтік жолмен реттеліп отырады», ал бірінші параграфтан біз «еңбектен түскен табыс азайтылып-кемітілмеген түрде және тең праволар бойынша қоғамның барлық мүшелеріне тән» екенін көріп отырмыз.

«Қоғамның барлық мүшелеріне» ме? Тіпті жұмыс істемейтіндеріне де ме? Онда «кемітілмеген еңбек табысы» қайда? Қоғамның тек жұмыс істейтін мүшелеріне ғана ма? Онда қоғамның барлық мүшелерінің «тең правосы» қайда?

Бірақ «қоғамның барлық мүшелері» және «тең право» дегендер — анығында жел сөздер ғана. Мәселенің мәні мынада болып отыр: бұл коммунистік қоғамда әрбір қызметкер лассальдық «кемітілмеген еңбек табысын» алуға тиіс.

Егер біз «еңбек табысы» деген сөздерді әуелі еңбек өнімі деген мағынада алатын болсақ, онда коллективтік еңбек табысы *қоғамдық жиынтық өнім* болып шығады.

Енді бұдан мыналарды алып тастау керек:

*Біріншіден,* тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының орнын толтыру үшін керектісін.

*Екіншіден,* өндірісті ұлғайтуға керекті қосымша бөлігін.

*Үшіншіден,* бақытсыздық жағдайлардан, стихиялық апаттардан және басқа сондайлардан қауіпсіз болу үшін керекті резерв немесе сақтық қорын.

«Кемітілмеген еңбек табысынан» алынып тасталатын бұл үлестер — экономикалық қажеттік, бұл үлестердің мөлшері нақты бар күш-қаражат негізінде, ішінара ықтималдық теориясы негізінде белгіленуге тиіс, бірақ бұлар әділеттік негізінде есептеп шығаруға ешбір келмейді.

Енді жиынтық өнімнің екінші бөлегі — тұтыну заттары болуға арналған бөлегі қалады.

Бұл қалған бөлегін адам басына бөлетін кезге жеткенге дейін бұдан тағы да мыналар алынып тасталады:

*Біріншіден, өндіріске тікелей қатысы жоқ жалпы басқару шығындары.*

Бұл үлес казіргі қоғамдағы мөлшерімен салыстырғанда бірден айтарлықтай кемиді де, жаңа қоғам дамыған сайын бірдебірге азая береді.

*Екіншіден, жұрттың керектерін бірлесіп қанағаттандыруы үшін арналатын өнім,* атап айтқанда: мектептер, денсаулық сақтау мекемелері және тағысын-тағылар.

Бұл үлес қазіргі қоғамдағы мөлшерімен салыстырғанда бірден едәуір өседі және жаңа қоғам дамыған сайын бірдебірге көбейе береді.

*Үшіншіден, еңбекке жарамайтындарға арналған қорлар* және басқалар, қысқасы — қазір кедейлерді ресми қамқорлыққа алу дейтінге жататын қорлар.

Программада, Лассальдың ықпалымен, тым шектеулі ұғынылған «бөліске», атап айтқанда тұтыну заттарының коллективтегі жеке өндірушілер арасында бөлінетін бөлегіне біз тек енді ғана жақындадық.

Сөйтіп енді «кемітілмеген еңбек табысы», жеке адам ретіндегі өндірушіден ұсталып қалатынның бәрі қоғамның мүшесі ретіндегі соның өз пайдасына тікелей немесе жанамалап жұмсалатын болса да, байқаусыз «кемітілген» табысқа айналып кетті.

«Кемітілмеген еңбек табысы» туралы жел сөздің жоғалып кеткені сияқты, жалпы алғанда «еңбек табысы» туралы жел сөз де енді жоғалып кетіп отыр.

Коллективизм бастамаларына, өндіріс құрал-жабдықтарын ортақтасып иеленуге негізделген қоғамда өндірушілер өз өнімдерін айырбастамайды; нақ сондай-ақ өнім өндіруге жұмсалған еңбек те бұл өнімдердің *құны ретінде,* осы өнімдерге тән қайсыбір заттық қасиет ретінде мұнда аз білінеді, өйткені енді капиталистік қоғамдағыға қарама-қарсы, жеке еңбек, орағытпа жолмен емес, жиынтық еңбектің негізгі бір бөлегі ретінде

тікелей орын алады. Өзінің екі ұштылығы себепті қазіргі уақытта да орынсыз болып отырған «еңбек табысы» деген сөздер, сөйтіп, бар мағынасынан айрылады.

Мұндағы әңгіме өз негізіне сүйеніп *дамып шыққан* коммунистік қоғам туралы емес, керісінше нақ капиталистік қоғамнан жаңа ғана *шығып келе жатқан,* сондықтан қай жағынан болса да, экономика, мінез-құлық, ақыл-ой жақтарының бәрінде де өзі қойнауынан шыққан ескі қоғамның тума таңбасы әлі де сақталатын қоғам туралы болып отыр. Осыған сәйкес әрбір жеке өндіруші өзінен ұсталып қалғанын қоспағанда қоғамға өзі қанша берген болса, одан дәл сонша қайырып алады. Оның қоғамға бергені оның жеке басының еңбектік жарнасы болады. Мәселен, қоғамдық жұмыс күні жеке адамдардың жұмыс сағаттарының қосындысы болып табылады; әрбір жеке өндірушінің өз басының жұмыс уақыты — оның қоғамдық жұмыс күніне қосқан бөлегі, оның сондағы үлесі. Ол өзінің пәлендей мөлшерде еңбек қосқандығы жөнінде қоғамнан квитанция алады (оның қоғамдық қорлардың пайдасына атқарған еңбегінен басқасы), осы квитанция бойынша ол қоғамдық запастардан нақ осынша еңбек жұмсалған мөлшерде тұтыну заттарын алады. Сөйтіп ол өзінің қоғамға бір формада берген еңбек мөлшері қанша болса, сол мөлшерді екінші формада қайтып алады.

Мұнда, анығында, товар айырбасын реттейтін бәз-баяғы бір принцип үстемдік етеді, өйткені товар айырбасы дегеніміз тең құндар айырбасы деген сөз. Бұл арада мазмұн мен форма өзгерді, мұның себебі өзгерген жағдайлар тұсында ешкім өз еңбегінен басқа еш нәрсе бере алмайды және бір себебі, екінші жағынан, жеке адамдардың меншігіне жекелей тұтыну заттарынан басқа еш нәрсе өте алмайды. Бірақ соңғылардың жеке өндірушілер арасында қалай бөлінетінін алатын болсақ, мұнда да товар баламаларын айырбастау кезіндегі сияқты сол бір принцип үстемдік етеді: еңбектің бір формадағы белгілі мөлшері еңбектің екінші формадағы соған тең мөлшеріне айырбасталып отырады.

Сондықтан мұнда принцип пен практика енді бір-біріне қайшы келмесе де, мұндағы *тең право* принцип жүзінде әлі де *буржуазиялық право* болып табылады, ал товар айырбасы тұсында баламалар айырбасы әрбір жеке жағдайда емес, *орташа деп алынған жағдайда* ғана жүргізіледі.

Осы прогреске қарамастан бұл *тең право* бір жағынан әлі де буржуазиялық шеңбермен шектелген. Өндірушілердің правосы олардың қосқан еңбегіне пропорциялы келеді; мұндағы теңдік өлшеудің *тең өлшеммен* — еңбекпен өлшенетіндігінде.

Бірақ бір адам күш-қайрат немесе ақыл-ой жағынан екінші біреуден басым келеді, демек, ол белгілі бір уақыттың ішін-

де көбірек мөлшерде еңбек қосады немесе ұзағырақ жұмыс істеуге қабілетті; ал еңбектің өзі өлшем қызметін атқара алатындай болуы үшін ұзақтығына немесе интенсивтілігіне қарай белгіленуге тиіс, әйтпесе ол өлшем болудан қалар еді. Бұл *тең* право тең емес еңбек үшін теңсіздік право болып табылады. Мұның өзі ешқандай таптық айырмашылықтарды мойындамайды, өйткені әркім, басқа барлық адамдар сияқты, тек қана жұмысшы болады; бірақ мұның өзі жеке адамдардың әркелкі дарындылығын, демек, әркелкі жұмыс қабілетін де табиғи артықшылықтар деп үнсіз мойындайды. *Сондықтан бұл право өзінің мазмұны жағынан, басқа право атаулы сияқты, теңсіздік правосы болып табылады.* Өзінің табиғаты жағынан правоның мәнісі тең өлшемді қолдануда ғана болмақ; бірақ тең емес индивидтердің (ал егер олар тең емес болмаған болса, әр түрлі индивидтер болмас та еді) бәз-баяғы бір өлшеммен алатын бір ғана себебі — оларды бір тұрғыдан алып қарайды, мәселен, оларды *тек қана жұмысшылар* деп қарайтын, одан өзге еш нәрсе деп білмейтін, басқа жақтарының бәрін былай қоятын қазіргі жағдайдағы сияқты оларды *белгілі бір* жағынан ғана алады. Онан соң: бір жұмысшы үйленген, екіншісі үйленбеген, біреуінде бала көп, екіншісінде аз, тағысын-тағылар. Ендеше, тең еңбек етіп, қоғамдық тұтыну қорына тең қатысқан күнде — біреуге қарағанда екінші біреу іс жүзінде көп алады, басқадан байырақ болып шығады, тағысын-тағылар: Осының бәрін де болдырмау үшін право тең болудың орнына тең болмауы тиіс.

Бірақ бұл кемшіліктер коммунистік қоғамның бірінші фазасында, ұзақ ауыр толғақтан кейін барып, оның капиталистік қоғамнан шыққан түрінде, болмай қалмайды. Право еш уақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуынан жоғары бола алмақ емес.

Коммунистік қоғамның жоғары фазасында, адамды құл қылатын еңбек бөлінісіне адамның бағынуы жоғалғаннан кейін; сонымен бірге ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылық жоғалғаннан кейін; еңбек тіршілік құралы ғана болудан қалып, өзі өмірдің бірінші қажеттілігіне айналғаннан кейін; жеке адамдардың жан-жақты кемелденуімен бірге, өндіргіш күштер өсіп, қоғам байлығының барлық негіздері арнасына тола аққаннан кейін, тек сонда ғана буржуазиялық правоның тар шеңберінен мүлдем арылуға болады, сөйтіп қоғам өзінің туына: Әркімнің қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай! — деп жаза алады.

Мен, бір жағынан, «кемітілмеген еңбек табысына» және, екінші жағынан, «тең право» мен «әділ бөліске» неғұрлым толық тоқталған себебім, бір жағынан, кезінде біраз мағынасы болған, ал қазір ескірген қоқыс сөзге айналып кеткен түсінік-

терді біздің партияға догмалар ретінде қайтадан таныуға тырысатын, екінші жағынан, партияға әрең дегенде сіңірілген, ал қазір онда тамырын жайған реалистік ұғынуды демократтар мен француз социалистеріне әбден үйреншікті идеологиялық праволық және басқа бос сөздермен бұрмалағысы келетін адамдардың қандай үлкен қылмыс жасап жүргенін көрсету үшін еді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін былай қойғанда, істің мәні *бөліс* дейтінде деп біліп, соған барынша ден қою жалпы алғанда қате еді.

Тұтыну заттарын бөлудің қандайы болсын әрқашан өндіріс жағдайларының өзін бөлудің салдары ғана. Ал өндіріс жағдайларының бөлінуі нақ өндіріс әдісінің сипатын көрсетеді. Мәселен, капиталистік өндіріс әдісі мынаған негізделеді: өндірістің капиталды меншіктену және жерді меншіктену формасындағы заттық жағдайлары жұмысшы емес адамдардың қолында, ал бұқараның қолында өндірістің тек адамдық жағдайы — жұмыс күші ғана бар. Өндіріс элементтері осылайша бөлінген екен, онда бұдан тұтыну заттарын қазіргі кездегі бөлу де өзінен-өзі келіп шығады. Ал егер өндірістің заттық жағдайлары жұмысшылардың өздерінің коллективтік меншігі болатын болса, онда мұның нәтижесінде тұтыну заттарын бөлудің өзі де қазіргі кездегіден өзгеше болып шығады. Тұрпайы социализм (ал одан демократияның кейбір бөлегі де) буржуазиялық экономистерден бөлісті өндіріс әдісіне тәуелсіз нәрсе деп қарап, солай түсіндіру салтын, ал осыдан барып істің жайын социализм көбінесе бөліс мәселелерінің төңірегінде ғана жүреді деп түсіндіру салтын үйренген болатын. Бірақ істің ақиқат жағдайы әлдеқашан анықталып болған кезде тағы да кері оралудың қажеті не?

4. «Еңбекті азат ету жұмысшы табының ісі болуға тиіс, ал барлық басқа таптар ол жөнінде *кілең реакцияшыл бұқара* болып табылады».

Бірінші шумақ Интернационал уставының кіріспе сөздерінен алынған, бірақ «түзетуге» ұшыраған. Онда: «Жұмысшы табын азат ету ісі жұмысшылардың өздерінің ісі болуға тиіс» делінген*, ал мұнда керісінше, «жұмысшы табының» азат ететіні — не? — «еңбек». Шамаң жетсе, түсініп көр.

Оның есесіне, қарымтасын қайтармақ болғандай, мынадай қарсы шумақ — нағыз аумаған лассальдық цитат беріледі: «барлық басқа таптар ол (жұмысшы табы) жөнінде *кілең реакцияшыл бұқара* болып табылады».

«Коммунистік манифесте» былай делінген: «Қазірде буржуазияға қарсы тұрған барлық таптардың ішінде тек пролета-

* Қараңыз: осы басылуы, 2-том, 15-бет. *Ред.*

риат қана *шын мәнісіндегі революцияшыл тап* болып табылады. Өзге таптардың бәрі ірі өнеркәсіп дамыған сайын азып, құри береді, ал пролетариат — осы өнеркәсіптің өз жемісі»*.

Мұнда ірі өнеркәсіптің иесі болып табылатын буржуазия ескірген өндіріс әдістері арқылы жасалған әлеуметтік позициялардың бәрін өзінде сақтап қалғысы келетін феодалдар мен орта сословиелер жөнінде революцияшыл тап деп қаралады. Демек олар *буржуазиямен бірге* кілең реакцияшыл бұқара болып құрылмайды.

Екінші жағынан, пролетариат буржуазия жөнінде революцияшыл, өйткені ол, өзі ірі өнеркәсіп негізінде өсіп шыққандықтан, өндірісті буржуазия мәңгілік етуге тырысатын капиталистік сипаттан арылтуды көздейді. Бірақ «Манифест» бұл орайда «орта сословиелер» «ақыры пролетариаттың қатарына кіретін болғандықтан ғана» революцияшыл болады деп қосады.

Демек, осы тұрғыдан қарағанда, олар жұмысшы табы жөнінде «буржуазиямен бірге», оның үстіне феодалдармен де бірге «кілең реакцияшыл бұқара болып табылады» деу тағы да мағынасыздық болады.

Соңғы сайлауда қолөнершілерге, ұсақ өнеркәсіпшілерге, т. с., сонымен қатар, *шаруаларға:* «біз жөнінде сендер буржуалармен және феодалдармен бірге кілең реакцияшыл бұқара болып табыласыңдар» деген жер болды ма?

Лассальдың жолын қуған такуалар оның жазған қасиетті жазуларын қалай жатқа білетін болса, оның өзі де «Коммунистік манифесті» солай жатқа білетін-ді. Ал егер ол «Манифесті» сондай өрескел бұрмалаған болса, оның бұлай еткендегі бір ғана мақсаты — буржуазияға қарсы абсолюттік және феодалдық қарсыластармен өзінің жасасқан одағын ақтау еді.

Оның үстіне, жоғарыда көрсетілген параграфқа Лассальдың данагөйлік нақыл сөзі тегінде орынсыз әкеліп қыстырылған, оның Интернационал уставынан алынып, қисынсыз «түзетілген» әлгі цитатпен ешбір байланысы жоқ. Мұнда біздің көріп отырғанымыз мүлде оспадар қылық, онда да, әрине, Бисмарк мырзаға жайсыз тимейтін қылық, берлиндік Марат** кәсіп етіп жүрген арзан сотқарлықтың бірі.

5. «Жұмысшы табы, барлық мәдениетті елдердің жұмысшыларына ортақ өз талаптарының қажетті нәтижесі халықтардың халықаралық бауырластығы болатынын ұғына отырып, өзін азат ету үшін ең алдымен *қазіргі кездегі ұлттық мемлекеттің шеңберінде* әрекет етеді».

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 116-бет. *Ред.*

** Сірә, «Neuer Social-Demokrat» газетінің редакторы Гассельман болса керек. *Ред.*

«Коммунистік манифестке» және бұдан бұрынғы бүкіл социализмге қарама-қарсы, Лассаль жұмысшы қозғалысына ең тар ұлттық тұрғыдан қарады. Оның осынысына еліктеушілер табылып отыр,— және мұның өзі Интернационалдың қызметінен кейін болып отыр!

Өзінен-өзі түсінікті жай сол, жұмысшы табы тегінде күресе алатын халде болуы үшін өз үйінде *тап ретінде* ұйымдасуға тиіс және оның тікелей күрес майданы оның өз елі болып табылады. Сондықтан да оның тап күресі өзінің мазмұны жағынан емес, «Коммунистік манифесте» айтылғандай, «формасы жағынан» ұлттық күрес болып табылады. Алайда «қазіргі кездегі ұлттық мемлекеттің шеңбері» — мысалы, Герман империясының шеңбері — өз ретінде экономика жағынан «дүние жүзілік рыноктың шеңберінде», саяси жағынан «мемлекеттер системасының шеңберінде» болып отыр. Герман саудасы сонымен бірге сыртқы сауда екендігі, ал Бисмарк мырзаның ұлылығы нақ сол белгілі бір түрдегі *халықаралық* саясатты жүргізуде екендігі әрбір көпеске мәлім.

Герман жұмысшы партиясы өзінің интернационализмін неге апарып саяды десеңізші? Өз талаптарының нәтижесі *«халықтардың халықаралық бауырластығы»* болатынын ұғынуға апарып саяды. Буржуазиялық Бейбітшілік пен бостандық лигасынан[10] алынған бұл сөз түрлі елдердегі жұмысшы таптарының үстем таптарға және олардың үкіметтеріне қарсы бірлескен күресінде олардың халықаралық бауырластығының баламасы болуға тиіс екен. Сонымен, герман жұмысшы табының *халықаралық функциялары* туралы — бір де сөз жоқ! Сөйтіп, қазірдің өзінде герман жұмысшы табына қарсы барлық басқа елдердің буржуазиясымен бауырласып біріккен өз буржуазиясына қарсы қою үшін және Бисмарк мырзаның халықаралық заговоршылдық саясатына қарсы қою үшін сол жұмысшы табына ұсынылып отырған нәрсе тек қана осы!

Шынында да, программаның интернационализмі еркін сауда партиясының интернационализмінен *әлі де шексіз төмен* жатыр. Бұл партия да өз талаптарының нәтижесі «халықтардың халықаралық бауырластығы» болмақ деп соғады. Бірақ бұл партия сауданы халықаралық сауда ету үшін бірер нәрсе *істеп те отыр* және барлық халықтар өз үйінде сауда жасайды деген ұғыммен әсте де қанағаттанып отырған жоқ.

Түрлі елдердегі жұмысшы табының халықаралық жұмысы *«Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің»* болуына ешбір тәуелді емес. Бұл ұйым осындай жұмыс жүргізу үшін орталық орган құру жөнінде жасалған тұңғыш әрекет қана болды, бұл әрекет іске итермеші болуының арқасында өшпес нәтижелер қалдырды, бірақ Париж Коммунасы құлағаннан кейін мұны

*оның алғашқы тарихи формасында* онан әрі жүргізе беру мүмкін болмады.

Бисмарктың «Norddeutsche»-сі герман жұмысшы партиясы өзінің жаңа программасында интернационализмнен безіп отыр деп өз қожайынын масаттандыра жариялауға толық праволы еді[11].

II

«Осы принциптерге сүйене отырып, герман жұмысшы партиясы барлық заңды амалдармен *ерікті мемлекет — және* — социалистік қоғам орнатуды көздейді: *темірдей қатаң заңымен қоса* жалақы жүйесін — және — барлық формадағы қанауды жоюды көздейді; әлеуметтік және саяси теңсіздік атаулыны жоюды көздейді».

«Ерікті» мемлекетке мен кейінірек ораламын.

Сонымен, герман жұмысшы партиясы ендігі жерде Лассальдың «темірдей қатаң заңына» сенуге тиіс екен! Оған программадан орын тауып беру үшін, «темірдей қатаң заңымен *қоса* жалақы жүйесін (жалдама еңбек системасын деу керек еді) жою» туралы айтып, мағынасыздыққа жол беріп отыр. Егер мен бұл жалдама еңбекті жоятын болсам, онда мен, әлбетте, оның заңдарын да жоямын, бұл заңдар «темірдей қатаң» бола ма, әлде жөкедей жұмсақ бола ма, оның бәрібір. Бірақ Лассальдың жалдама еңбекке қарсы күресі бүтіндей дерлік осы заң деп аталатынның төңірегінен айналшықтап шықпайды. Сондықтан, лассальдық секта жеңді деп дәлелдеу үшін, «жалақы жүйесі» өзінің «темірдей қатаң заңымен *қоса»,* бірақ онсыз емес, жойылуға тиіс.

Жұртқа мәлім, «жалақының темірдей қатаң заңында» Лассальдың өзі Гётенің «мәңгілік, темірдей қатаң, ұлы заңдарынан»* алып пайдаланған «темірдей қатаң» деген сөздерден басқа оған тән еш нәрсе жоқ. *«Темірдей қатаң»* деген сөздер — тақуалардың бірін-бірі тануына арналған жарнама ғана. Бірақ егер мен бұл заңды лассальдық таңбасымен, демек, әрі лассальдық мағынада қабылдайтын болсам, онда мен бұл заң жөніндегі лассальдық дәлелдемені де қабылдауға мәжбүр боламын. Ал мұның өзі не нәрсе? Лассаль өлген соң көп ұзамай Лангенің көрсеткеніндей, бұл — (Лангенің өзі уағыздап жүрген) халық өсуінің мальтустік теориясы. Ал егер бұл теория дұрыс болса, онда мен, жалдама еңбекті тіпті жүз рет жойсам да, «темірдей қатаң заңды» *ешбір* жоя *алмаймын,* өйткені бұл заң ол кезде тек жалдама еңбек системасына ғана емес, сонымен қатар қоғамдық система *атаулының бәріне* өктемдік етеді. Нақ осы теорияға сүйене отырып, экономистер: социализм *табиғаттың өзі ту-*

* Гётенің «Құдайшылдық» деген өлеңінен. *Ред.*

*ғызған* жоқшылықты жоя алмайды, тек оны бүкіл қоғам басына тепе-теңбөлу арқылы *жалпыға бірдей* ете алады деп елу жылдан астам уақыттан бері дәлелдеп келеді!

Бірақ мұның бәрі әлі ең бастысы емес. Бұл заңды Лассальдың *жалған* түсінгеніне *мүлде қарамастан,* нағыз ашындыратын кері қадам мынау болып отыр.

Лассаль өлгеннен бергі жерде *біздің* партияда: *жалақы* өзінің *солай көрінгеніндей* нәрсе емес, *еңбектің құны* — немесе *бағасы* — емес, жұмыс күші *құнының* — немесе *бағасының* — бүркемеленген формасы ғана екенін ғылыми тұрғыдан ұғыну өзіне жол салған еді. Осы арқылы жалақы жөніндегі буржуазиялық ұғым да, сол кезге дейін бұл ұғымға қарсы бағытталып келген бүкіл сын да біржолата жоққа шығарылып, мына қағидалар айқын белгіленген еді: жалдама жұмысшы капиталистің пайдасына (демек, әрі оның қосымша құнды бірге жалмасатын сыбайластарының пайдасына) белгілі мөлшердегі уақыт ішінде қаншалық тегін жұмыс істейтін болса, соншалық дәрежеде ғана оның өз басының тіршілігін сақтау үшін жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, яғни *өмір сүруіне* рұқсат етіледі; жұмыс күнін ұзарту арқылы немесе еңбек өнімділігін арттыру арқылы, соған сәйкес — жұмыс күшін зорықтыра түсу арқылы және т. т. арқылы осы тегін еңбекті көбейтуге ұмтылушылық капиталистік өндірістің бүкіл системасы айналысып отырған өзекті мәселе болып табылады; демек, жалдама еңбек системасы құлдықтың системасы, онда да еңбектің қоғамдық өндіргіш күштері неғұрлым көбірек дамыған сайын, соғұрлым қаталдана түсетін құлдықтың системасы болып табылады, ал жұмысшының еңбек ақысы жақсы төлене ме, әлде нашар төлене ме, оның бәрібір. Міне енді, осы ұғым біздің партияда өзіне бірден-бірге көбірек жол салып отырғаннан кейін барып, Лассальдың догмаларына қарай кері қайтып отыр; Лассальдың жалақының не екенін *түсінбегенін* және буржуазиялық экономистердің дегеніне еріп, сырт көріністі істің мәніне балағанын ендігі жерде білуге тиіс болса да, әлгіндей кері оралып отыр.

Мұның өзі, егер құлдар, ақырында, өз құлдығының сырын ашып, көтеріліс жасаған болса, ал олардың ішінде ескірген түсініктердің шырмауына әлі де әбден шырмалған біреуі тұрып, көтерілістің программасына: құлдық жойылуға тиіс, өйткені құлдық системасы тұсында құлдардың тамақтануы белгіленіп қойылған, өте төмен максимумнан асып кете алмайды деп жазған болса, нақ солай етумен барабар!

Біздің партия өкілдерінің партия бұқарасына тарап кеткен ұғымға осындай сұмдық қастандық жасауға бару фактісінің бір өзі-ақ,— міне осының өзі-ақ олардың мәмлешілдік программа жазу ісіне сондай қылмысты ұшқалақтықпен, сондай ұятсыздықпен кіріскенін көрсетпей ме!

Параграфтың соңындағы: «әлеуметтік және саяси теңсіздік атаулыны жою» деген көмескі қорытынды сөйлемнің орнына: таптық айырмашылықтардың жойылуымен бірге осы айырмашылықтардан туатын әлеуметтік және саяси теңсіздік атаулы да жоғалады деу керек еді.

## III

> *«Әлеуметтік мәселені шешуге жол салу* үшін, герман жұмысшы партиясы *еңбекші халықтың демократиялық бақылауымен мемлекеттік жәрдем берілетін етіп* өндірістік серіктіктер құруды талап етеді. Өнеркәсіпте де, егіншілікте де өндірістік серіктер *олардан жиынтық еңбектің социалистік ұйымы келіп шығатындай* көлемде *дүнигге келтірілуге тиіс».*

Лассальдық «жалақының темірдей қатаң заңынан» соң ілешала — нақ сол сәуегейдің шипалы емі беріліп отыр. Бұған өзіне лайықты түрде «жол салынуда». Қазіргі бар тап күресінің орнына *«шешілуіне* жол салынатын» «әлеуметтік *мәселе»* туралы газет шимайшыларының жел сөзі қойылып отыр. Қоғамды революциялық жолмен қайта құру процесінің орнына «жиынтық еңбектің социалистік ұйымы» өндірістік серіктіктерге берілетін «мемлекеттік жәрдемнен» «туады» екен, ал өндірістік серіктіктерді жұмысшылар емес, мемлекет *«дүниеге келтіреді»* екен. Мұның өзі Лассальдың мемлекеттік субсидиялардың көмегімен жаңа темір жолды қалай оңай салуға болатын болса, жаңа қоғамды да солай оп-оңай орнатуға болады дейтін қиялына әбден лайық!

Аздап та болса ұяты болғандықтан «мемлекеттік жәрдемді»... «еңбекші халықтың» демократиялық бақылауына бермекші.

Біріншіден, Германиядағы «еңбекші халықтың» көпшілігі пролетарлар емес, шаруалар.

Екіншіден, «демократиялық» деген сөз неміс тіліне аударғанда «халық өкіміндегі» деген сөз болып шығады. «Еңбекші халықтың халық өкіміндегі бақылауы» дегеннің өзі не? Оның үстіне бұл еңбекші халық дегеніңіз мемлекетке осындай талаптар айтқанда осы арқылы өзінің өкімет басында емес екенін және ол үшін кемелденіп жетпегенін толық мойындайтын халық болып отыр!

Бұл жерде Луи-Филипп тұсында француз социалистеріне *қарама-қарсы* Бюше жазып берген және «Atelier»[12] ішіндегі реакцияшыл жұмысшылар қабылдаған рецепті сынап жатудың қажеті жоқ. Ал мұндағы негізгі қырсық осы өзінше бір үлгідегі керемет амалды программаға енгізгендікте емес, тегінде мұндағы негізгі қырсық таптық қозғалыс тұрғысынан сектанттық қозғалыс тұрғысына қарай кері кеткендікте болып отыр.

Егер жұмысшылар бүкіл қоғамның көлемінде, ең алдымен өзінің ұлттық көлемінде коллективтік өндіріс үшін жағдайлар

жасауға ұмтылатын болса, оның мәнісі тек мынау ғана: олар өндірістің қазіргі жағдайларында төңкеріс жасау үшін күреседі және мемлекеттік жәрдем алатын кооперативтік серіктіктердің құрылуына мұның ешбір қатысы жоқ. Ал қазіргі кооперативтік серіктіктерді алатын болсақ, бұлар *тек* жұмысшылардың өздері өздігінен құрғандықтан ғана және үкіметтердің де, буржуазияның да қамқорлығын пайдаланбайтындықтан ғана бағалы болмақ.

## IV

Енді демократиялық бөлімге көшейін:

### А. *«Мемлекеттің ерікті негізі»*

Ең алдымен, II бөлімге сәйкес, герман жұмысшы партиясы «ерікті мемлекеттің» болуын көздейді.

Ерікті мемлекет дегеннің өзі не?

Мемлекетті «ерікті» ету дегеніңіз кәміл қоластылық тежеулі ой шеңберінен құтылған жұмысшылардың еш уақытта да мақсаты болмақ емес. «Мемлекет» Россияда қаншалық «ерікті» болса, Герман империясында да соншалық дерлік «ерікті». Еріктіліктің мәнісі сол, мемлекетті қоғамның үстінен қарайтын органнан осы қоғамға түгелдей бағынышты органға айналдыруда; тіпті біздің заманымызда да мемлекеттік формалардың азды-көпті еріктілігі бұлардың «мемлекет еріктілігін» қаншалық тежейтіндігіне қарай белгіленеді.

Герман жұмысшы партиясы — ең болмағанда, егер ол осы программаны қабылдайтын болса,— өзіндегі социалистік идеялардың қаншалық тайыз екендігін көрсетеді; қазіргі қоғамды (ал мұның өзі әрбір болашақ қоғам үшін де күшінде қалады) қазіргі *мемлекеттің «негізі»* (немесе болашақ қоғамды болашақ мемлекеттің негізі) деп қараудың орнына ол, мұның керісінше, мемлекетті өзіне тән *«рухани, мінез-құлықтық, еріктілік негіздері»* бар әлденендей бір дербес нәрсе деп қарап отыр.

Оның үстіне программада: *«қазіргі мемлекет»* және *«қазіргі қоғам»* деген сөздер өрескел қиянатпен қолданылған, ал өзі талап қойып отырған мемлекетін түсінбеушілік одан бетер өрескел!

«Қазіргі қоғам» дегеніміз капиталистік қоғам, ол цивилизациялы елдердің бәрінде де бар, бұл қоғам орта ғасырлықтың қоспасынан азды-көпті арылған қоғам, әр елдің тарихи дамуының өзгешеліктеріне қарай түрі азды-көпті өзгерген қоғам, азды-көпті дамыған қоғам. Ал, мұның керісінше, «қазіргі мемлекет» әрбір мемлекеттік шекарадан өткен сайын өзгеріп отырады. Прусс-герман империясында ол Швейцариядағыдан мүлдем басқа, Англияда Құрама Штаттардағыдан мүлдем басқа. Демек, «қазіргі мемлекет» дегеніміз фикция.

Алайда, түрлерінің ала-құлалығына қарамастан, әр түрлі цивилизациялы елдердің әр түрлі мемлекеттерінің бәріне бірдей ортақ бір белгісі бар, ол мынау: бұл мемлекеттер азды-көпті капиталистік жолмен дамыған қазіргі буржуазиялық қоғамның негізінде тұр. Сондықтан бұлардың бәріне ортақ кейбір елеулі белгілері бар. «Қазіргі мемлекеттік» туралы сөз қылғанда, оның қазіргі түп-тамыры — буржуазиялық қоғам — құритын болашақ кезге қарама-қарсы, осы мағынада сөз қылуға болады.

Мынадай сұрақ туады: коммунистік қоғамда мемлекеттік қандай өзгеріске ұшырайды? Басқаша айтқанда: онда қазіргі мемлекеттік функцияларға орайлас қандай қоғамдық функциялар қалады? Бұл сұрауға тек ғылыми тұрғыда ғана жауап беруге болады; «халық» деген сөзді «мемлекет» деген сөзге неше мың мәртебе қосақтасаңыз да, мұның өзі мәселенің шешуін титтей де ілгерілете алмайды.

Капиталистік қоғам мен коммунистік қоғамның арасында революциялық жолмен алғашқысын екіншісіне айналдыратын дәуір бар. Осы дәуірге сәйкес саяси өтпелі дәуір болады, ал бұл дәуірдің мемлекеті *пролетариаттың революциялық диктатурасынан* басқа еш нәрсе де бола алмайды.

Бірақ программа коммунистік қоғамның бұл соңғы мемлекеттігімен де, болашақ мемлекеттігімен де айналыспайды.

Оның саяси талаптарында: жалпыға бірдей сайлау правосы, тікелей заң шығару, халықтық право, халықтық жасақ және тағысын-тағылар сияқты жұрттың бәріне белгілі ескі демократиялық қайталаулардан басқа түк жоқ. Мұның өзі буржуазиялық Халықтық партияға[8], Бейбітшілік пен бостандық лигасына әшейін үндестік. Мұның бәрі шетінен, егер қиялдағы ұғымдарға айналып кетпейтін болса, ендігі *жүзеге асырылған* талаптар. Тек бұларды жүзеге асырған мемлекет Герман империясының шеңберінде емес, Швейцарияда, Құрама Штаттарда және тағысын-тағыларда. Мұндай «болашақтың мемлекеті» дегеніңіз Герман империясының «шеңберінен» тысқары бола тұрса да, қазіргі мемлекет.

Алайда, бір нәрсені ұмытып кеткен. Герман жұмысшы партиясы өзінің «қазіргі ұлттық мемлекет» шеңберінде, демек өз мемлекетінің, прусс-герман империясының шеңберінде әрекет істейтінін анық мәлімдеп отыр,— әйтпесе оның талаптарының көпшілігі мағынасыз болған болар еді, өйткені өзінде жоқ нәрсені ғана талап етеді ғой,— ендеше ол ең басты нәрсені, атап айтқанда, осы тамаша нәрселердің бәрі халық суверенитеті дейтінді мойындауға негізделетінін, сондықтан *демократиялық республикада* ғана орынды болатынын ұмытпауға тиіс еді.

Егер, Луи-Филипп пен Луи-Наполеон тұсындағы француз жұмысшы программаларының талап еткеніндей, демократиялық республиканы талап етуге ерлігі жетпеген болса,— ал мұнысы

орынды да, өйткені жағдай сақтықты керек етеді ғой,— онда «адалдығы» да, лайығы да жоқ мұндай айлакерлікке де барудың қажеті жоқ еді,— демократиялық республикада ғана мағынасы бар нәрселерді тегінде парламенттік формалармен қапталған, феодалдық шылаулармен араласып кеткен, мұнымен бірге қазірдің өзінде-ақ буржуазияның ықпалында жүрген, бюрократиялық жолмен құрастырылған, полициялық жолмен қорғалып отырған әскери деспотизм болып табылатын мемлекеттен талап етудің қажеті жоқ еді, мұнымен де қоймай, одан «заңды амалдармен» бірдеңелерді алмақшымыз деп осындай мемлекетті салтанатпен сендірудің де қажеті жоқ еді!

Демократиялық республиканы жер бетінде құдай тағаланың жұмағы орнағаны деп білетін және буржуазиялық қоғамның нақ осы ең соңғы мемлекеттік формасында барып тап күресінің қарумен біржолата шешілуге тиіс екенін мүлде аңғармайтын тұрпайы демократия да,— тіпті соның өзі де полициялық жолмен рұқсат етілген, логикалық жағынан рабайсыз шеңбермен шектелген мұндай демократизмнен қалайда өлшеусіз жоғары тұр.

«Мемлекет» дегенде іс жүзінде үкіметтік машинаны немесе мемлекетті түсінеді, өйткені мемлекет еңбек бөлінісінің нәтижесінде өзінің дербес, қоғамнан оқшау организмін құрады, ал мұның осылай түсінілетіні мына секілді сөздерден-ақ жеткілікті көрінеді: «Герман жұмысшы партиясы *мемлекеттің экономикалық негізі ретінде:* бірыңғай прогресті табыс салығының болуын талап етеді» және тағысын-тағылар. Салық дегеніміз үкіметтік машинаның экономикалық негізінен басқа ештеңе де емес». Швейцарияда қазір бар «болашақтың мемлекетінде» бұл талап орындалған десе де болады. Табыс салығы әр алуан қоғамдық таптар табыстарының әр алуан негіздерін көздейді,— демек, капиталистік қоғамды көздейді. Сондықтан финанс реформасын жақтаушы ливерпульдіктердің — Гладстонның туысы бастаған буржуалардың — қаралып отырған программадағы сияқты талаптар қойып отырғандығында таңданарлық дәнеңе жоқ.

В. «Мемлекеттің рухани және мінез-құлықтық негізі ретінде герман жұмысшы партиясының талап ететіні:

1. Мемлекет арқылы берілетін жалпыға ортақ және *баршаға бірдей халықтық тәрбие.* Мектепке міндетті түрде қатысу. Тегін оқыту»

*Баршаға бірдей халықтық тәрбие?* Бұл сөздердің мәнісін не деп ұғынады екен? Қазіргі қоғамда (ал әңгіме болып отырған тек соның өзі ғой) тәрбие ісі барлық таптар үшін бірдей бола алады деп ойлай ма екен? Әлде жоғары таптарды да тек жалдама жұмысшылардың ғана емес, сонымен қатар шаруалардың да экономикалық жағдайына бірден-бір сәйкес келетін тәрбиенің — халықтық мектептің — жұпыны деңгейіне күшпен түсіруді талап ете ме?

«Мектепке міндетті түрде қатысу. Тегін оқыту». Біріншісі тіпті Германияда да бар, екіншісі халықтық мектеп жөнінде Швейцария мен Құрама Штаттарда бар. Егер Солтүстік Американың кейбір штаттарында орта дәрежелі оқу орындарындағы оқыту ісі де «тегін» болып отырған болса, іс жүзінде мұның өзі жоғары таптар өздерінің тәрбиесі жөніндегі шығындарын жалпы салық қаржыларының есебінен өтейтіндігін ғана көрсетеді. Жол-жөнекей ескерте кетейік, А бөлімінің 5-пунктінде талап етіліп отырған «сот ісін тегін жүргізу» жөнінде де осыны айтуға болады. Қылмысты істер юстициясы барлық жерде де тегін. Ал азаматтық істер юстициясы бүтіндей дерлік меншік жөніндегі дау-жанжалдармен айналысады, демек, бүтіндей дерлік дәулетті таптарға ғана қатысы бар нәрсе. Қалай дейсіздер, оларға өз процестерін халық қаржысының есебінен жүргізуді ұсыну керек пе?

Мектептер жайындағы параграф ең болмағанда халықтық мектеппен ұштастыра жүргізілетін техникалық (теориялық және практикалық) мектептерді талап етуге тиіс еді.

*«Мемлекет арқылы берілетін халықтық тәрбие»* түкке аспайды. Жалпы заң бойынша халықтық мектептерге жұмсалатын қаржыларды, оқытушылар құрамының мамандығын, оқу пәндерін, т. т. белгілеу және, Құрама Штаттардағы сияқты, мемлекеттік инспекторлар арқылы осы заң жарлықтарының орындалуын бақылау — мемлекетті халықтың тәрбиешісі етіп тағайындаудан мүлде басқа нәрсе! Қайта мұның керісінше, үкіметті де, дәл сондай-ақ шіркеуді де мектепке қандай да болсын, ықпал етуден тайдыру керек. Прусс-герман империясында (бұл жерде де әңгіме «болашақтағы мемлекет» туралы болып отыр деп бос жалтарудың көмегі жоқ,— бұл жөнінде істің жайы қандай екенін біз көрдік), керісінше, мемлекеттің өзі халықтың өте қатаң тәрбиелеуін керек етеді.

Бірақ бүкіл программа, демократиялық лепірме сөздерінің бәріне қарамастан, түгелінен лассальдық сектаның мемлекетке деген кәміл қоластылық сеніміне немесе, одан ешбір мәз емес, демократиялық кереметтерге сенушілікке шалдыққан, немесе, дұрысырақ айтқанда, мұның өзі кереметке сенушіліктің социализмге бірдей жат осы екі түрінің арасындағы мәмлелесушілік болып табылады.

*«Ғылым бостандығы»* — Пруссия конституциясы параграфтарының бірінде осылай делінген. Бұл жерге оның не керегі бар?

*«Ұждан бостандығы»!* Егер қазір, «культуркампф»[13] кезінде, либералдардың ескі ұрандарын олардың естеріне салғысы келген болса, онда мұны тек мынадай формада істеуге болатын еді: Әркім өзінің денелік қажеттері сияқты діни қажеттерін өтеуге мүмкіндік алып, бұған полиция килікпейтін болуға тиіс. Бірақ жұмысшы партиясы осы жағдайды пайдаланып: бур-

жуазиялық «ұждан бостандығының» өзі *діни ұждан бостандығының* барлық ықтимал түрлеріне төзушіліктен басқа түк те емес, ал ол, жұмысшы партиясы, мұның керісінше, ұжданды діни шырмаудан азат етуге талпынады деп өз сенімін білдіруге тиіс еді. Алайда біздегілер «буржуазиялық» деңгейден аттап өткісі келмейді.

Мен енді аяқтауға жақындадым, өйткені программада бұдан кейін келетін қосымша оның елеулі бөлегі емес. Сондықтан мен бұл жерде тек қысқаша ескертпелер жасаумен ғана шектелемін.

*2. «Қалыпты жұмыс күні».*

Басқа бірде-бір елде жұмысшы партиясы мұндай тиянақсыз талаппен шектелген емес, бірақ қазіргі жағдайларда жұмыс күнінің қандай ұзақтығын қалыпты деп есептейтінін әрқашанда дәл көрсетіп отыратын.

3. «Әйелдер еңбегін шектеу және балалар еңбегіне тыйым салу».

Жұмыс күнін нормалау ісі жұмыс күнінің ұзақтығын, үзіліс-тердің мерзім мөлшерін және басқаларды қамтитын болғандықтан, әйелдер еңбегін шектеу осының өзінде-ақ көрсетілуге тиіс; оның үстіне, мұның өзі әйел организмі үшін ерекше зиянды немесе әйелдер үшін мінез-құлық жағынан лайықсыз өндіріс салаларында ғана әйелдер еңбегіне тыйым салғандық болады. Егер айтайын дегендері нақ осы болса, дәл солай деу керек еді.

*«Балалар еңбегіне тыйым салу»!* Мұнда *жас шегін* көрсету әбден қажет еді.

*Балалар еңбегіне толық тыйым салу* ірі өнеркәсіптің өмір сүруімен сыйыспайды, сондықтан мұның өзі мағынасыз ізгі тілек болып шығады.

Бұл шараны іске асырудың өзі,— егер бұл мүмкін болған болса,— реакциялық нәрсе болар еді, өйткені түрлі жасқа қарай жұмыс уақытын қатаң реттегенде және балаларды қорғау үшін жүргізілетін басқа да сақтық шараларды қолданғанда, өндіргіш еңбекті оқыту ісімен ерте бастан біріктіру қазіргі қоғамды қайта құруда аса қуатты құралдардың бірі болып табылады.

4. «Фабрикалық, қолөнер және үй өнеркәсібін мемлекет тарапынан қадағалап отыру».

Прусс-герман мемлекетін еске алғанда, фабрикалық инспекторлар тек қана сот арқылы ауыстырылып отырсын; қызмет бабындағы міндеттерін орындамағаны үшін оларды әрбір жұмысшы сотқа тарта алатын болсын; инспекторлардың қызметін медициналық білімі бар адамдар ғана атқаратын болсын деп анық талап ету керек еді.

5. «Қамаудағылардың еңбегін реттеу».

Жалпы жұмысшы программасындағы ұсақ талап. Қалай болған күнде де: жұмысшылар, бәсеке қаупіне бола, жазалы қылмыстыларды мал орнына санауды, әсіресе оларды бірден-бір түзелу амалынан — өндіргіш еңбектен айыруды әсте қаламайды деп анық айту керек еді. Осының өзі-ақ — социалистерден күтуге болатын нәрселердің минимумы.

6. «Жауапкершілік туралы пәрменді заң».

Жауапкершілік туралы «пәрменді» заң дегеннің не екенін айту керек еді.

Сөз арасында ескерте кетейін, қалыпты жұмыс күні жөніндегі параграфта фабрикалық заңдардың санитариялық-гигиеналық шараларға, бақытсыздық жағдайларға қарсы сақтық шараларына және басқаларға қатысты бөлегі ұмытылып қалған. Жауапкершілік туралы заң осы жарлықтар бұзылған кезде ғана күшіне енеді.

Қысқасы, бұл қосымшаның да сондай шалағай жазылғаны айқын көрініп тұр.

Dixi et salvavi animam meam*.

*К. Маркс 1875 ж. апрельде—майдың басында жазған*

*Біраз қысқартылып мына журналда басылған:*
*«Die Neue Zeit», Bd. 1, № 18, 1890—1891*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 19-том, 9—32-беттер*

* — Айтарымды айтып, күнәмнан арылдым. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# А. БЕБЕЛЬГЕ ХАТ[14]

Лондон, 18—28 март 1875 ж.

Қымбатты Бебель!

Сіздің 23 февральдағы хатыңызды алып, Сіздің көңіл-күйіңіздің сондай жақсы екендігіне қуанып отырмын.

Сіз менен: бірігу оқиғасы жөніндегі біздің пікіріміз қандай? — деп сұрайсыз. Өкінішке орай, біз де Сіздің жағдайыңызда болып шықтық. Либкнехт те, басқа ешкім де бізге дәнеңе хабарлаған жоқ; сондықтан біз газеттерде барынан артық еш нәрсе білмейміз де, ал оларда бұдан сегіз күндей бұрын программа жобасы шыққанша ештеңе жазылған жоқ-ты. Әрине, бұл жоба бізді қатты таңдандырды.

Біздің партияның бітісуді немесе, ең болмағанда, бірлесіп қимылдауды ұсынып, лассальшылдарға жиі-жиі қол созып келгені соншалық және Газенклеверлердің, Гассельмандардың, Тёлькелердің арсыздықпен одан бас тартуына жиі кездесіп отырғаны соншалық, бұдан тіпті жас бала да мынадай қорытынды жасауға тиіс еді: егер қазір бітісуді ұсынып, бұл мырзалардың өздері келіп отырған болса, онда бұлардың сұрапыл қиын жағдайда болғаны. Бірақ біз бұл адамдардың әбден белгілі сырын ескере отырып, олардың қиын жағдайын пайдалануға және бұл мырзалар өздерінің шайқалған позицияларын жұмысшылардың көз алдында біздің партияның есебінен тағы да нығайта алмастай болуы үшін өзімізге керекті ықтимал кепілдіктердің бәрін қамтамасыз етуге міндеттіміз. Оларды мүмкіндігінше неғұрлым салқын шыраймен, сенбестікпен қарсы алу, бірігу үшін олардың өздерінің сектанттық ұрандарынан, өздерінің «мемлекеттік көмегінен» бас тартуға және негізінен 1869 жылғы эйзенахтық программаны[6] немесе оның қазіргі кезеңге үйлестіріліп түзетіліп басылған нұсқасын қабылдауға әзірлік дәрежесін шарт етіп қою керек еді. Теория жағынан, яғни программа үшін шешуші маңызы бар нәрселер жөнінен біздің партияға лассальшылдардан *үйренерліктей мүлде еш нәрсе жоқ;* лассальшылдар болса, әрине, біздің партиядан үйрене алар еді. Бірігудің бірінші шарты олардың сектанттар, лассальшылдар болудан қалуы еді,— демек, ең алдымен олардың барлық дертке шипалы мемлекеттік

көмек түріндегі бақсылық емнен бас тартуы немесе ең болмағанда оны көптеген басқа да ықтимал шаралармен қатар бағыныңқы өтпелі шара деп білуі еді. Программа жобасы мынаны дәлелдеп отыр: теория жағынан лассальшыл лидерлерден жүз есе жоғары тұрған біздің адамдар саяси ептілік мағынасында олардан нақ сонша есе төмен болып шықты; «адалдарды»* арам ниеттілер бұл жолы да қатты отырғызып кетті.

Біріншіден, жұмысшы табы жөнінде барлық басқа таптар кілең реакцияшыл бұқара болып табылады деген көпірмелі, бірақ тарихи тұрғыдан жалған лассальдық сөйлем қабылданған. Бұл қағида тек кейбір ерекше жағдайларда ғана, мәселен Коммуна сияқты пролетарлық революция кезінде ғана, немесе буржуазиясы ғана мемлекет пен қоғамды өзінің сипат-бейнесіне лайықтап жасап қана қоймай, оның ізінше демократиялық ұсақ буржуазиясы да бұл қайта құруды ақырғы шегіне дейін жеткізген елде ғана дұрыс болады. Егер, мәселен, Германияда демократиялық ұсақ буржуазия осы реакцияшыл бұқараға жататын болса, онда Социал-демократиялық жұмысшы партиясы онымен, Халықтық партиямен[8] бірнеше жылдар бойы қол ұстасып жүре алар ма еді? «Volksstaat»[9] өзінің саяси мазмұнын түгелінен дерлік буржуазиялық-демократиялық «Frankfurter Zeitung»-тен[15] алып пайдалана алар ма еді? Және нақ осы программаға Халықтық партия мен ұсақ буржуазиялық демократияның программасына тікелей және дәлме-дәл үйлес келетін жеті бірдей талапты енгізу мүмкін болар ма еді? Менің айтып отырғаным: 1—5 және 1—2-пункттерде көрсетілген жеті саяси талап; бұлардың ішінде *буржуазиялық*-демократиялық болып табылмайтын бірде-бірі жоқ[16].

Екіншіден, жұмысшы қозғалысының интернационалдық принципі қазіргі уақыт үшін практика жүзінде мүлде алып тасталып отыр, алып тасталғанда тұтас бес жыл бойы және аса қиын жағдайларда осы принципті мейлінше тамаша жүргізіп келген адамдар алып тастап отыр. Герман жұмысшылары *ең алдымен* соғыс кезіндегі[17] нағыз интернационалистік іс-әрекеті арқасында европалық қозғалыстың авангардында болып шықты; басқа пролетариаттың ешқайсысы да өзін бұлайша жақсы ұстай алмаған болар еді. Ал енді келіп оларға осы принциптен безуді ұсынып отыр,— үкіметтер әйтеуір бір ұйым шеңберінде бұл принципті жүзеге асыру әрекетінің қандайын болса да басып тастауға қаншалық әрекеттенетін болса, шет елдегі жұмысшылар мұны барлық жерде соншалық дәрежеде мейлінше айқын көрсете бастаған кезде келіп безуді ұсынып отыр! Сонда түптеп келгенде жұмысшы қозғалысының интернационализмінен не қалмақшы? Тек болмашы үміт қана,— үміт болғанда Европа жұмысшылары

* — «адалдар» деп эйзенахшылдарды атаған. *Ред.*

келешекте, өзін азат ету үшін күресте ынтымақтасады деген үміт те емес, жоқ,— болашақта «халықтардың халықаралық бауырластығы» болады, Бейбітшілік лигасындағы[10] буржуа мырзалардың «Европа Құрама Штаттары» болады деген үміт қана қалмақшы!

Әрине, тегінде Интернационал туралы айтудың қажеті жоқ еді. Бірақ ең болмағанда 1869 жылғы программадан бір адым да кейін шегінбестен шамамен былай деу керек еді: герман жұмысшы партиясы *ең алдымен* өзінің тиісті мемлекеттік шекарасы ішінде жұмыс істейтін *болса да* (оның Европа пролетариатының атынан сөйлеуге, әсіресе, не жөнінде болса да жалған сөйлеуге правосы жоқ), солай бола тұрса да, ол өзін барлық елдердің жұмысшыларымен тілектес деп біледі және осы тілектестіктен туатын міндеттемелерді осы күнге дейін қалай орындап келген болса, бұдан былай да солай орындауға әрқашан әзір. Өзінді Интернационалдың бір бөлегі деп жарияламасаң да немесе солай деп есептемесең де, мұндай міндеттемелердің бар екені анық; бұларға жататындар, мәселен, мыналар: стачкалар кезінде оларға көмек көрсету және штрейкбрехерлікке жол бермеу, партия органдарының шетелдегі қозғалыс туралы герман жұмысшыларын хабардар етіп отыруының қамын жасау, шығу қаупі бар немесе басталып келе жатқан династиялық соғыстарға қарсы үгіт жүргізу, мұндай соғыстар кезінде — 1870 және 1871 жылдары үлгілі түрде жүргізілген тактика сияқты тактика қолдану және тағы сондайлар.

Үшіншіден, біздің адамдар лассальдық «жалақының темірдей қатаң заңын» өздеріне таңуға мүмкіндік берді, ал бұл заң мынадай мүлде ескіріп қалған экономикалық көзқарасқа негізделген: жұмысшы орта есеппен тек жалақы *минимумын* ғана алады-мыс, ал оның себебі нақ сол халық өсуі жөніндегі мальтустік теория бойынша, жұмысшылар саны әрқашан да артылып қалады-мыс (Лассальдың дәлелі осындай болатын). Алайда Маркс «Капиталда» жалақыны реттейтін заңдардың өте күрделі болатынын, жағдайға қарай олардың бірде біреуі, бірде екіншісі басым болып отыратынын, сөйтіп, бұл заңдар әсте темірдей қатаң емес, қайта, мұның керісінше, өте бейімделгіш екенін және тегінде бұл мәселені, Лассаль ойлағандай, екі-үш сөзбен шеше салуға болмайтынын егжей-тегжейлі дәлелдеді. Лассальдың Мальтустен және Рикардодан (соңғының айтқанын бұрмалай отырып) көшіріп алған заңы жөніндегі мальтустік дәлелдемені, мәселен, Лассальдың басқа бір кітапшасынан «Жұмысшылардың оқуына арналған кітаптың» 5-бетінде цитат алынған дәлелдемені, Маркс «капиталдың қорлану процесі» деген бөлімде* толық теріске шығарды. Лассальдың «темірдей

* *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 576—784-беттер. *Ред.*

қатаң заңын» қабылданғаннан кейін, демек, оның жалған қағидасы мен жалған дәлелдемесі де мойындалған болып шығады.

Төртіншіден, программа *бірден-бір әлеуметтік* талап ретінде Лассальдың мемлекеттік көмегін ең ашық түрінде, Лассальдың Бюшеден ұрлап алған түрінде ұсынып отыр. Бұл талаптың түгелдей түкке тұрғысыз екенін Бракке өте жақсы ашып көрсеткеннен кейін[18] барып, лассальшылдармен күресте біздің партияның шешендері, бәрі демесек те, түгелдей дерлік, осы «мемлекеттік көмекке» қарсы шығуға мәжбүр болғаннан кейін барып, осылай істеліп отыр! Біздің партияны бұдан артық қорлаушылықты ойлап табу мүмкін емес. Сөйтіп, Аманд Гёгтің деңгейіне түсіріле төмендетілген интернационализмді, социалистермен күресу мақсатымен сол *социалистерге қарама-қарсы* осы талапты ұсынған Бюшенің буржуазиялық республиканизміне қарай құлдырап кеткен социализмді көріп отырмыз!

Бірақ лассальдық мағынадағы «мемлекеттік көмек» дегеніңіз ең мықтағанда мақсатқа жету үшін жүргізілетін көптеген шаралардың *бірі* ғана; бұл мақсат мұнда, программа жобасында: «әлеуметтік мәселені шешуге жол салу үшін» деген дәрменсіз сөздермен берілген,— бейне біз үшін теория жүзінде *шешілмеген* әлденендей бір әлеуметтік *мәселе* әлі де бар сияқты! Демек, егер: «герман жұмысшы партиясы өнеркәсіп пен егіншілікте және ұлттық көлемде коллективтік өндірісті жүзеге асыру жолымен жалдама еңбекті жоюды, сол арқылы таптық айырмашылықтарды жоюды көздейді; ол осы мақсатқа жету үшін жарамды шаралардың қандайын болса да жақтап шығады» десе,— онда лассальшылдардың бірде-бірі бұған ешбір қарсы бола алмайды.

Бесіншіден, кәсіптік одақтар арқылы жұмысшы табын тап ретінде ұйымдастыру туралы бір сөз де айтылмаған. Ал мұның өзі өте елеулі пункт болып табылады, өйткені пролетариаттың нағыз таптық ұйымының өзі осы, ол осы ұйымда капиталға қарсы өзінің күнбе-күнгі күресін жүргізеді, мұның өзі оның мектебі және мұны тіпті ең қатал (қазіргі Париждегі сияқты) реакция да енді ешбір тұншықтыра алмайды. Бұл ұйымның Германияда да алып отырған маңызына қарай, біздің пікірімізше, бұл туралы программада айту және мүмкіндігінше оның партия ұйымында алатын орнын көрсету сөзсіз қажет еді.

Біздің адамдар лассальшылдардың пайдасына міне осылай істеген. Ал аналардың берген есесі қандай? Олардың берген есесі сол, программада бір үйме шым-шытырық, *кілең демократиялық талаптар* бар, бұлардың кейбіреулері, мәселен, қазірде Швейцарияда болып отырған және бірдеңе берген күнде де, пайдасынан гөрі зияны көбірек болып жүрген «халықтық заң шығару» деген сияқтылар, әшейін сәнге айтылған нәрселер ғана. Одан да

«халық арқылы *басқару»* десе, мұның бірер мағынасы болған болар еді. Сонымен қатар бостандық атаулының бірінші шарты — барлық чиновниктердің азаматтардың қай-қайсысы жөнінде болса да істеген барлық қызмет бабындағы әрекеттері үшін кәдімгі соттар алдында және жалпы право бойынша жауаптылығы да көрсетілмеген. Ғылым бостандығы, ұждан бостандығы сияқты талаптар либералдық буржуазиялық программаның қандайында болса да айтылып жүргендігі, сондықтан олардың бұл жерде біраз оғаш болып көрінетіндігі туралы мен айтып та жатпаймын.

Ерікті халықтық мемлекет ерікті мемлекетке айналды. Бұл сөздердің грамматикалық мағынасы бойынша, ерікті мемлекет дегеніміз мұнда мемлекет өз азаматтары жөнінде ерікті болады, яғни зорлықшыл үкіметі бар мемлекет болады деген сөз. Мемлекет туралы осы былшылдың бәрін тастаған жөн болар еді, әсіресе Коммунадан кейін осылай еткен жөн болар еді; Коммуна сөздің шын мағынасында мемлекет болған жоқ-ты. Маркстің Прудонға қарсы шығармасы*, одан кейін «Коммунистік манифест»** социалистік қоғам құрылысы орнатылған соң мемлекет өзінен-өзі-ақ таратылады [sich auflöst] және жоқ болады деп турасын айтса да, анархистер *«халықтық мемлекетпен»* мүлдем көзімізді шұқып болды. Мемлекет дегеніміз күресте, революцияда өзінің қарсыластарын күшпен басып-жаншу үшін пайдалануға тура келетін өткінші мекеме ғана болғандықтан, ерікті халықтық мемлекет туралы сөз қылуда тұк мағына жоқ: пролетариат әзірше мемлекетке *мұқтаж* болып отыр, ол оған бостандық үшін емес, өзінің қарсыластарын басып-жаншу үшін мұқтаж болып отыр, ал бостандық туралы айтуға мүмкіндік болған күнде, онда мемлекет дегеніміз өмір сүруден қалады. Сондықтан біз *«мемлекет»* деген сөздің орнына барлық жерде «қауым» [Gemeinwesen] деген сөзді қоюды ұсынар едік; бұл — немістің тамаша бір ескі сөзі, француздың «коммуна» деген сөзіне сәйкес келеді.

«Әлеуметтік және саяси теңсіздік атаулыны жою» — дегеннің өзі де «барлық таптық айырмашылықтарды жою» дегеннің орнына алынған мүлде күмәнды сөйлем. Жеке елдер, аймақтар, тіпті жергілікті жерлер арасында тіршілік жағдайлары жағынан әрқашанда *белгілі бір* теңсіздік болып отырмақ, мұны минимумға түсіруге болады, бірақ толық жою еш уақытта да қолдан келмейді. Альпыны мекендеушілердің тіршілік жағдайлары жазықтықты мекендеушілердің тіршілік жағдайларынан әрқа-

---

* *К. Маркс.* «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап» (қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 65—185-беттер). *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 106—138-беттер. *Ред.*

шанда басқаша болмақ. Социалистік қоғамды *теңдік* дәурені деп білетін ұғым — «бостандық, теңдік және туысқандық» жайындағы ескі ұранға байланысты сыңаржақ француздық ұғым,— белгілі бір *даму сатысы* ретінде өз уақытында және өз орнында дұрыс болғанымен, бұрынғы социалистік мектептердің барлық сыңаржақтықтары сияқты енді жойылуға тиісті ұғым, өйткені мұның жұртты шатастырғаннан басқа берері жоқ және қазір бұл мәселені неғұрлым дәл баяндау әдісі табылап та отыр.

Басқасын былай қойғанда, солғын және сүреңсіз тілмен жазылған бұл программаның әрбір сөзі дерлік сынауды керек ететін болса да, мен аяқтағалы отырмын. Бұл программа сондай, егер ол қабылданатын болса, Маркс екеуіміз мұндай іргетасқа негізделген *жаңа* партияға қосылуға *ешқашанда* келіспейміз және бұл партия жөнінде (жария түрде де) қандай позиция ұстау керек деген мәселені барынша мықтап ойластыруға тиіс боламыз. Есіңізде болсын, шетелдегілер герман Социал-демократиялық жұмысшы партиясының барлық жерде және әрбір сөйлеген сөздері мен істері үшін *бізді* жауапты етіп жүр. Мәселен, Бакунин өзінің «Мемлекеттік және анархия» деген шығармасында «Demokratisches Wochenblatt»[19] құрылғалы бері Либкнехттің ойланбай айтқан немесе ойланбай жазған әрбір сөзі үшін бізді жауапты етеді. Жұрттың ойлауынша, біз осы жерде отырып бүкіл қозғалысты басқаратын сияқтымыз, ал шындығында Сіз өзіңіз менен кем білмейтініңіздей, біз ешқашан дерлік партияның ішкі істеріне титтей де болса араласқан емеспіз, ал егер араласқан күнде де, мұны, біздің ойымызша, жіберілген қателерді, онда да *тек теориялық* қателерді, мүмкіндігінше түзету үшін ғана істедік. Бірақ Сіз өзіңіз де түсінесіз, бұл программа бетбұрыс пункт болып отыр, ал мұның өзі осындай программа қабылдаған партия үшін жауаптылықтың қандайын болса да өзімізден алып тастауға бізді оп-оңай мәжбүр ете алады.

Жалпы алғанда партияның ресми программасының маңызы партияның нақтылы істейтін істерінен гөрі кемірек. Бірақ дегенмен *жаңа* программа қашан да ашық тігілген ту болып табылады, ал сыртқы әлем партияны осы туға қарай бағалайды. Сондықтан программа ешбір жағдайда да кері басқан қадам болмауға тиіс, ал біз қарастырып отырған жоба эйзенахтық программамен салыстырғанда нақ осындай. Бұл программа туралы басқа елдердің жұмысшыларының не айтатындығы, бүкіл герман социалистік пролетариатының лассальшылдар алдында осы тізе бүгуінің қандай әсер ететіндігі туралы да ойлау керек еді ғой.

Оның бер жағында *мұндай* негізде жасалған бірліктің бір жылға да бармайтындығына мен кәміл сенемін. Шынымен-ақ

біздің партияның таңдаулы адамдары жалақының темірдей қатаң заңы туралы және мемлекеттік көмек туралы Лассальдың жаттап алынған жел сөздерін өздерінің сөздерінде қайта ежіктер дейсіз бе? Мәселен, Сізді осындай рольде көрсем етті! Ал олар тіпті осылай еткен күнде де, өздерінің тыңдаушылары олардың масқарасын шығарған болар еді. Оның бер жағында менің сенуімше, өзінің бір қадақ ет дегенінен таймайтын өсімқор Шейлок сияқты*, лассальшылдар да программаның нақ *осы* пункттерін қорғайды. Жіктеліс туады; бірақ біз алдын ала Гассельманның, Газенклевердің, Тёлькенің және компанияның «адал» есімін қалпына келтіреміз; жіктелістен кейін біз әлсіреп қаламыз да, лассальшылдар нығайып алады; біздің партия өзінің саяси кіршіксіздігінен айрылып, өзінің туына біраз уақытқа өзі жазған лассальдық жел сөздерге қарсы енді ешқашанда жанқиярлықпен күресе алмайтын болады; ал егер сол кезде лассальшылдар өздерін нағыз шынайы, бірден-бір жұмысшы партиясы деп, ал біздің жақтастарымызды буржуалар деп тағы да мәлімдейтін болса, онда олар мұны дәлелдеу үшін осы программаны көрсете алады. Осы программадағы социалистік шаралардың бәрі *солардікі*, ал *біздің* партия оған тек ұсақ буржуазиялық демократияның талаптарын ғана енгізді; алайда *оның өзі* бұл демократияны әлгі программаның өзінде «реакцияшыл бұқараның» бір бөлегі деп сипаттаған болатын.

Мен бұл хатты жібермей бөгеп қалдым, өйткені Сіз, Бисмарктың туған күнінің құрметіне, 1-апрельде ғана босатыласыз, сондықтан хатты контрабандалық жолмен жеткізуге әрекеттенемін деп оны қолға түсу қаупіне ұшыратпайын дедім. Бірақ жаңа ғана Браккеден хат келді, программа жөнінде онда да үлкен күмән туыпты және ол біздің пікірімізді білгісі келеді. Сондықтан істі тездету үшін мен бұл хатты оқып шықсын деп және осы әуре жөнінде тағы да бастан-аяқ жазып жүрмейін деп соған жіберіп отырмын. Әйтсе де, істің жайын Раммға да тура баяндадым, ал Либкнехтке қысқаша ғана жаздым. Уақыт, былайша айтқанда, тым озып кеткенше оның бізге бүкіл осы іс жайында *бір де сөз* хабарламаған кінәсын мен оған кешіре алмаймын (ал Рамм және басқалар бізге ол дәл хабарлады деп ойлаған). Рас, ол көптен бері осылай етіп жүрген-ді — бізге, Маркс екеумізге, онымен ұзақ-ұзақ ұнамсыз хаттар жазысуымызға тура келген себебі де осы,— бірақ бұл жолы істің жайы тым насырға шауып отыр, сондықтан *біз онымен бірге мұндай жолмен жүруден үзілді-кесілді бас тартамыз.*

Жазда осында келу жағын қарастырыңыз. Әрине, менің үйімде тұрасыз, сонда, егер ауа райы жақсы болса, бірнеше күнге

* *Шекспир,* «Венеция көпесі», I акт, үшінші сахна. *Ред.*

теңізге барып шомылуымызға болады; ұзақ уақыт отырып шыққан Сіз үшін мұның өзі өте пайдалы болмак.

Достық сәлеммен

Сіздің **Ф. Э.**

Маркс жуырда пәтерін ауыстырды. Оның адресі: 41, Мейтленд-парк, Кресент, Норд-Уэст, Лондон.

*Бірінші рет мына кітапта басылған: А. Bebel. «Aus meinem Leben». T. II, Stuttgart, 1911*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 19-том, 1—8-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# К. КАУТСКИЙГЕ ХАТ

Лондон, 23 февраль 1891 ж.

Қымбатты Каутский!

Бұдан үш күн бұрын саған жіберген жедел құттықтауымды, сірә, алған боларсың. Ал енді баяғы мәселеге, Маркстің хатына* қайта оралайық.

Бұл хат жаулардың қолына қару беріп қояр деген қауіп негізсіз болып шықты. Әрине, қай нәрсе жөнінде болса да қаскүнемдік өсек-аяң таратуға болады, бірақ жалпы алғанда осы аяусыз өзара сын қарсыластарға мүлде естен тандырарлықтай әсер етіп, оларда мынадай сезім туғызды: өзіне өзі осындай нәрселерді тарта білетін партияның ішкі күші қандай мол болуға тиіс! Мұның өзі қарсыластардың сен жіберген (көп рахмет!) және мен баска жерлерден алған газеттерінен айқын көрініп отыр. Ашығын айтқанда, осы документті жарияламақ болған кезде мен де солай деп ойлаған едім. Оның алғашқы кезде кейбіреулерге өте жайсыз тиетінін мен білгенмін, бірақ бұдан қашып құтылу мүмкін емес еді, ал документтің мазмұнының өзі, менің пікірімше, бұдан әлдеқайда басым жатыр еді. Партияның осыны көтерерліктей дәрежеде әбден мықты екенін мен білгенмін және бұдан 15 жыл бұрын қатаң тілмен айтылған шындық сөзін ол қазіргі уақытта да дәл сондай *көтере алады* деп сенгенмін, осы күш сынағына лайықты мақтанышпен сүйене отырып: бұл сияқты нәрсені істеуге батылы баратын мұндай басқа партия табылатын жер бар ма? — деуге болады деп сенгенмін. Ал оның бер жағында бұл пікірді саксониялық және веналық «Arbeiter-Zeitung» пен «Züricher Post»-ке[20] айтқызып отырмыз.

Егер сен «Neue Zeit»-тың[21] 21-номерінде жариялау жауапкерлігін өз мойныңа алып отырған болсаң, онда сенің тарапыңнан бұл өте мақтарлық іс, бірақ ұмытпа, дегенмен бірінші болып түрткі салған менмін және оның үстіне саған белгілі дәрежеде таңдау қалдырмаған да менмін. Сондықтан негізгі жауапкер-

---

* *К. Маркс.* «Гота программасына сын» (қараңыз: осы том, 7 — 27-беттер). *Ред.*

лікті мен өз мойныма аламын. Мәселенің егжей-тегжейіне келетін болсақ, бұл жөнінде әрқашанда әр түрлі пікірде болуға болады. Мен Диц екеуің қарсы болған жерлердің бәрін өшіріп тастап, өзгерттім, ал егер Диц бұдан да көп жерлерін көрсеткен болса, мен мұнда да мүмкіндігінше көнгіш болар едім: менің көнгіштігімді сендерге әрқашан іс жүзінде дәлелдеп келдім. Бірақ басты мәселеге келетін болсақ, *менің борышым* — программа талқылауға қойылысымен-ақ бұл қолжазбаны жариялау болды. Оның үстіне Либкнехт Галледе жасаған баяндамасында[22], бір жағынан, Маркстің сынынан өзінің көшіріп алғандарын өз меншігіндей-ақ озбырлықпен пайдаланды, ал екінші жағынан, документтің өзін атамастан, оған қарсы дау айтты; мұндай жағдайдан кейін Маркс осындай қайта өңдеушілікке сөзсіз өзінің түпнұсқасын қарсы қойған болар еді, сондықтан мұны оның орнына мен істеуге міндетті болдым. Өкінішке орай, ол кезде документтің өзі менің қолымда әлі жоқ болатын; мен оны көп уақыт өткеннен кейін ғана, ұзақ іздестіріп жүріп таптым.

Сенің айтуыңша, Бебель саған: Маркстің Лассальға осылай қарауы байырғы лассальшылдардың қытығына тиді деп жазыпты. Өте ықтимал нәрсе. Бұл адамдар шын оқиғаны білмейді ғой, сондықтан бұл жөнінде олардың көзін ашқан теріс емес сияқты. Егер бұл адамдар Лассальдың бар ұлылығы өзіне Маркстің ерік беруі арқасында маркстік ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұзақ жылдар бойы өз меншігіндей-ақ пайдаланып маңғазсуға және оның үстіне өзінің экономикалық даярлығының жеткіліксіздігінен бұларды бұрмалауға негізделгенін білмейтін болса, бұған мен кіналы емеспін. Бірақ мен Маркстің әдеби өсиетін орындаушымын, ал мұның өзі маған белгілі бір міндеттер жүктейді.

Лассаль тарихтыкі болғалы міне 26 жыл болды. Егер ерекше заңдар дәуірінде[23] Лассальды тарихи сынға алмаған болсақ, енді бұл сын өзінің правосына енетін және Лассальдың Маркс жөніндегі шын жағдайын анықтайтын уақыт, ақырында, туып келеді. Лассальдың шын бейнесін бүркейтін және оны көмекке көтере дәріптейтін аңыз партияның сенім символы бола алмайды ғой. Лассальдың қозғалысқа сіңірген еңбектерін қаншама жоғары бағаласақ та, оның қозғалыстағы тарихи ролі екі жақты болып қала береді. Социалист Лассальдың ізінше демагог Лассаль ілесе жүреді. Үгітші және ұйымдастырушы Лассальдың бойынан Гацфельдт процесін[24] жүргізуші адвокат әр жерде-ақ сығалап көрініп тұрады: амал таңдауда баяғыша арсыздығын, күдікті және сатылғыш адамдарды — әшейін құрал ретінде пайдаланып, онан соң лақтырып тастауға болатын адамдарды — өз төңірегіне тартуға баяғыша бейімдігін көресің. 1862 жылға дейін практика жүзінде мықты бонапартистік ниеттері бар өзіне тән сипаттағы прустық тұрпайы демократ болған ол (мен оның

Маркске жазған хаттарын енді ғана қарап шықтым) жеке қара басының себептері бойынша, кенеттен бағытын өзгертіп, өз үгітін жүргізе бастады. Содан екі жыл өтпей-ақ, ол жұмысшылардың буржуазияға қарсы корольдік өкіметтің жағына шығуын талап ете бастады және өзіне сипаты жағынан туыстығы бар Бисмаркпен екі арада жүргізген құйтырқылықтары сондай, егер ол өз бағына қарай дер уақытында атып өлтірілмеген болса, мұның өзі қозғалысқа іс жүзінде опасыздық істеуге әкеліп соқпай қоймас еді. Оның үгіт кітапшаларында Маркстен алып пайдаланған дұрыс пікірлерінің оның өзіне тән, лассальдық және, әдетте, қате пікірлерімен астарласып жатқандығы соншалық, бұларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес деуге болады. Жұмысшылардың Маркстің бағасына жәбірленіп қалған бір бөлегі Лассальды оның екі жылғы үгіті бойынша ғана біледі, онда да мұны мінсіз деп көреді. Бірақ тарихи сын мұндай соқыр сенімдердің алдында мәңгі-бақи ізет білдіріп тұрып қала алмайды. Менің борышым Маркс пен Лассальдың арасындағы шын қатынасты, ақырында, біржолата ашып көрсету еді. Енді бұл істеліп отыр, мен әзірше осымен қанағаттана тұруыма болады. Оның үстіне қазір мен басқа істермен шұғылданып жатырмын. Ал Маркстің Лассаль туралы жарияланған қатаң пікірі басқаларға өзінен-өзі-ақ тиісінше әсер етіп, ерлік бітіреді. Бірақ егер жағдай мені шығып сөйлеуге мәжбүр ететін болса, онда менде басқаша таңдау қалмас еді: мен Лассаль туралы аңызды біржолата жоқ етуге тиісті болар едім.

Фракция ішінде «Neue Zeit»-қа цензура белгіленсін деп талап еткен дауыстардың естілуі шын мәнісінде ғажап-ақ. Бұл не — ерекше заң заманындағы фракция диктатурасының (ол кезде қажет болған және тамаша жүргізілген диктатураның) елесі ме, әлде бұл фон Швейцердің бұрынғы қатаң ұйымын еске түсіргендік пе? Бұл шынында да тамаша пікір — немістің социалистік ғылымын социалистерге қарсы шығарылған бисмарктік заңнан құтқарғаннан кейін оны социалистерге қарсы шығарылатын жаңа заңға бағындыру керек екен, бұл заңды социал-демократиялық партия органдарының өздері жасап алып, жүзеге асыруға тиіс екен. Дегенмен, ағаштар өссе де аспанға жетпеу жағын* табиғаттың өзі-ақ қарастырған.

«Vorwärts»-тегі мақаланын[25] маған әсері шамалы. Мен Либкнехт бүкіл оқиғаны өзінше айтып шыққанша күте тұрамын да, онан соң барып, бәлкім, оның екеуіне де мүмкіндігінше достық лебізбен бірден жауап берермін деймін. «Vorwärst»-тегі мақалада кейбір дұрыс емес пікірлерді (мәселен, бізді бірігуді қа-

* Түпнұсқада неміс мәтелі (Es ist dafür gesorgt, dass die Bäume nicht in den Himmel wachsen) өзінің мағынасы жағынан орыстың «қол қысқа» және «өз өреңнен аса алмайсың» деген мақалдарына жақын. *Ред.*

ламады, оқиғалар Маркстікі жөн емес екенін дәлелдеді деген сияқты пікірлерді) түзетуге ғана және өзінен-өзі түсінікті жайларды растауға ғана тура келеді. Мен осы жауаппен өз тарапымнан дискуссияны аяқтамақшымын, тек жаңа шаптығулар немесе теріс пікірлер мені бұдан былай да әрекет істеуге мәжбүр етпесе болғаны.

Дицке айт, мені «Семья»* жөніндегі жұмысты әзірлеуден босамай жатыр де. Бірақ бүгін міне Фишерден хат келді, ол да менен жаңадан үш алғы сөз алғысы келеді[26]!

Сенің **Ф. Э**

*Бірінші рет орыс тілінде «Большевик» журналында жарияланған, № 22, 1931 ж.*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 38-том, 30—33-беттер*

---

* — Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінің немісше төртінші басылуы (қараңыз: осы том, 224—369-беттер). *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# «ТАБИҒАТ ДИАЛЕКТИҚАСЫНА»[27] КІРІСПЕ

Табиғат жөніндегі қазіргі кездегі зерттеу — ерте замандағылардың данышпандық натурфилософиялық болжауларына және арабтардың өте маңызды, бірақ некен-саяқ және көбінесе нәтижесіз жоғалып кеткен жаңалықтарына қарама-қарсы, ғылыми, жүйелі, жан-жақты дамуға жеткізген бірден-бір зерттеу болып табылатын табиғат жөніндегі қазіргі зерттеу — бүкіл жаңа тарих сияқты өзінің жыл санауын біздер, немістер, сол кезде өзіміздің басымызға түскен ұлттық бақытсыздық бойынша Реформация деп, французбар Ренессанс деп, ал итальяндар Чинквеченто* деп атайтын және бұл аттардың бірде-бірі мағынасын толық бере алмайтын ұлы заманнан бастайды. Бұл—XV ғасырдың екінші жартысынан басталатын заман. Корольдік өкімет қала тұрғындарына сүйене отырып феодал дворяндардың қуатын күйретті де, шын мәнінде ұлттарға негізделген ірі монархияларды құрды, бұл монархияларда қазіргі кездегі европалық ұлттар мен қазіргі кездегі буржуазиялық қоғам дами бастады; ал қала тұрғындары мен дворяндар әлі де өзара төбелесіп жатқан кезде, неміс Шаруалар соғысы болашақ таптық шайқастарды сәуегейлікпен меңзеді, өйткені бұл соғыста майданға шыққандар көтеріліс жасаушы шаруалар ғана болған жоқ,— енді бұл ешбір жаңалық емес те еді,— сол шаруалардың соңынан қазіргі кездегі пролетариаттың қолдарында қызыл туы бар, айтқан талаптары мүлік ортақтығы болған ізашарлары көрінді. Византия құлағанда аман қалған қолжазбалардан, Римнің қираған жұртынан қазып алынған көне заман статуяларынан қайран қалған Батыстың алдынан жаңа дүние — ертедегі гректер заманы келіп шықты; бұл заманның жарқын бейнелерімен салыстырғанда орта ғасырлықтың елестері ғайып болды; Италияда өнердің бұрын болып көрмеген гүлденуі басталды, мұның өзі классикалық ерте заманның жарқ еткен сәулесі сияқты болды да, одан былайғы жерде бұған енді ешқашан қол жете қойған жоқ. Ита-

* — сөзбе-сөз: бес жүзінші жылдар, яғни он алтыншы ғасыр. *Ред.*

лияда, Францияда, Германияда жаңа, осы заманғы тұңғыш әдебиет пайда болды. Англия мен Испания содан кейін көп ұзамай өз әдебиеттерінің классикалық заманын бастан кешірді. Бұрынғы orbis terrarum* жақтаулары қиратылды; анығында, жер жүзі тек енді ғана ашылып, ең бергі кездегі дүние жүзілік сауда үшін және қолөнерінің мануфактураға өтуі үшін негіз салынды, ал мануфактура, өз ретінде, қазіргі кездегі ірі өнеркәсіптің бастама пункті болды. Шіркеудің рухани диктатурасы күйретілді; герман халықтарының көпшілігі оны тіке лақтырып тастап, протестантизмді қабылдады, ал роман халықтарында арабтардан ауысқан және жаңадан ашылған грек философиясын қорек еткен, шат көңілді еркін ой барған сайын терең тамыр жая бастады, ал мұның өзі XVIII ғасырдағы материализмді әзірледі.

Мұның өзі адамзат бұған дейін бастан кешірген барлық төңкерістердің ішінде аса ұлы прогресті төңкеріс болды, күшті ой өрісі, құштарлығы мен сипаты, сан қырлылығы мен ғалымдығы жағынан алыптарды керек еткен және сондай алыптарды туғызған заман болды. Буржуазияның қазіргі кездегі үстемдігінің негізін салған адамдар, не болса сол болсын, әйтеуір буржуазиялық-тайыз адамдар болған жоқ. Қайта олар таңғажайып оқиғалар іздеуші батылдардың сол заманға тән рухы азды-көпті дарыған адамдар еді. Ол кезде алысқа сапар шекпеген, төртбес тілде сөйлемеген, творчествоның бірнеше саласында жарқырап көзге түспеген бірде-бір ірі адам болған жоқ дерлік еді. Леонардо да Винчи ұлы суретші болып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұлы математик, механик және инженер болды, физиканың сан алуан салаларында табылған маңызды жаңалықтар соның арқасы. Альбрехт Дюрер суретші, гравер, мүсінші, архитектор болды, оның үстіне өзінде кейбір идеялары бар фортификация жүйесін ойлап тапты; бұл идеяларды көп заман өткеннен кейін барып Монталамбер және фортификация жайындағы ең жаңа неміс ілімі қайтадан көтеріп әкетті. Макиавелли мемлекет қайраткері, тарихшы, ақын болды, оның үстіне жаңа замандағы ауызға алуға лайықты бірінші әскери жазушы болды. Лютер шіркеудің ғана емес, сонымен қатар неміс тілінің де Авгий ат қораларын тазартты, қазіргі кездегі неміс прозасын жасады және XVI ғасырдың «Марсельезасы» болған[28], жеңіске деген сенімге бөленген хоралдың сөзі мен әнін жазып шығарды. Ол замандағы ерлер кісінің өрісін тарылтатын, сыңаржақтық туғызатын, олардың ізбасарларының бойынан ықпалы бізге сондай жиі байқалып жүрген еңбек бөлінісінің құлдары әлі бола қойған жоқ-ты. Бірақ оларға ерекше тән бір қасиет сол, олардың бәрі дерлік өз заманындағы мүдделердің қалың ортасында тұратын,

* — сөзбе-сөз алғанда: жер шеңбері; ертедегі римдіктер дүниені, жерді осылай атаған. *Ред.*

практикалық күреске етене араласатын, белгілі бір партияның жағына шығып, біреулері сөзі мен қаламын, біреулері семсерін, енді біреулері осылардың бәрін де қару етіп күресетін. Оларды кесек тұлғалы адамдар ететін сипат дарыны мен қуаты міне осында. Қабинеттік ғалымдар ол кезде некен-саяқ кездесетін; бұлар не екінші не үшінші дәрежедегі адамдар, не саусағын отқа қарығысы келмейтін әккі филистерлер еді.

Ол кезде табиғат зерттеу ісі де жалпыға бірдей революция жағдайында жүргізілді, оның өзі де бүтіндей революциялық сипатта болды: өйткені ол әлі өзіне өмір сүру правосын жеңіп алуға тиісті еді ғой. Жаңа философияның жыл санауын бастап берген ұлы итальяндармен бірге бұл зерттеу инквизицияның оттары мен зындандары үшін өз құрбандықтарын берді. Бір айта қаларлық нәрсе, протестанттар табиғатты еркін зерттеу ісін қудалауға келгенде католиктерден асып түсті. Сервет қан айналысын ашуға жақын таяп келген кезде, Кальвин сол Серветті отқа жақты, онда да оны екі сағат бойы тірідей отқа шыжғыртты; инквизиция ең болмағанда Джордано Бруноны әшейін өртегенін місе тұтты.

Коперниктің табиғат мәселелерінде шіркеу беделіне қарсы — жасқаншақтау түрде және, былайша айтқанда, өлгелі жатқанда ғана болса да — күш көрсеткен мәңгі өшпес еңбегінің басылып шығуы, революциялық акт болды, осы арқылы табиғат зерттеу ісі өзінің дербестігін жариялап, папаның булласын Лютердің өртеп жібергенін бейне қайталағандай болды[29]. Жаратылыстанудың теологиядан азат болуы өзінің жыл санауын міне осыдан бастайды, дегенмен бұлардың арасындағы кейбір өзара талаптарды анықтау ісі қазіргі кезге дейін созылып келді, ал кейбіреулердің бастарында мұның өзі тіпті қазір де аяқталып болған жоқ. Бірақ сол кезден бастап ғылымдардың дамуы да алып қадаммен ілгерілей берді, бұл даму, былайша айтқанда, өзінің бастама пунктінен бергі (уақыт жағынан) аралық квадратына пропорциялы мөлшерде күшейіп отырды. Ендігі жерде органикалық материяның ең жоғары жемісі үшін, адамзат рухы үшін, органикалық емес материяның қозғалыс заңына қарама-қарсы қозғалыс заңының ғана күші болады деп дүниеге бейне дәлелдеу керек болған сияқты еді.

Жаратылыстану дамуының енді басталып отырған бірінші дәуіріндегі басты жұмыс нақтылы бар материалды игеруде болды. Көптеген салаларда нағыз әліппесінен бастауға тура келді. Ертедегі заманнан Эвклид және Птолемейдің күн жүйесі, араптардан ондық есептеу жүйесі, алгебраның бастамалары, цифрлардың қазіргі кездегі таңбасы мен алхимия мұраға қалды,— христиандық орта ғасыр дәнеңе қалдырған жоқ. Мұндай жағдайда ең қарапайым жаратылыс танудың — жер мен аспан денелері механикасының, сонымен қа-

тар, соған қызмет ететін математикалық әдістердің табылып, жетілдірілуінің бірінші орын алуы сөзсіз еді. Мұнда ұлы істер жасалды. Ньютон мен Линнейдің есімдері белгілеріндей болған осы дәуірдің аяғында ғылымның бұл салаларының белгілі дәрежеде аяқталғанын көреміз. Маңызды-маңызды математикалық әдістер негізгі белгілері жағынан анықталды: аналитикалық геометрияны негізінен Декарт, логарифмдерді Непер, дифференциалдық және интегралдық есептеуді Лейбниц және бәлкім, Ньютон анықтады. Басты заңдары біржола анықталып болған қатты денелер механикасы туралы да дәл осыны айтуға болады. Ақырында, Күн системасы астрономиясында Кеплер планеталар қозғалысының заңдарын ашты, ал Ньютон бұларды материя қозғалысының жалпы заңдары тұрғысынан тұжырымдап берді. Жаратылыстанудың басқа салалары тіпті мұндай алғашқы аяқталудан да алыс жатқан еді. Сұйық денелер мен газ тектес денелердің механикасы жоғарыда көрсетілген дәуірдің аяғында ғана бұрынғыдан едәуір анық талданып шешілді*. Сөздің дәл мағынасындағы физика, астрономияның практикалық қажетсінуі арқасында ерекше табыстарға жеткен оптиканы қоспағанда, әлі ең бірінші, бастапқы даму сатысынан ұзап шыға қойған жоқ. Химия флогистон теориясы[30] арқасында алхимиядан енді ғана құтылған еді. Геология минералогияның бастама сатысынан әлі шыға қойған жоқ болатын, сондықтан палеонтологияның болуы әлі мүлде мүмкін емес еді. Ақырында, биология саласында негізінен әлі орасан көп материалды, әрі ботаникалық және зоологиялық, әрі анатомиялық және тегі физиологиялық материалды жинап, алғаш рет жүйеге келтірумен айналысып жүрді. Тіршілік формаларын өзара салыстыру туралы, олардың географиялық таралуын, олардың климатологиялық және сол сияқты өмір сүру жағдайларын зерттеу туралы әлі әңгіме де болуы мүмкін емес дерлік еді. Бұл жерде тек ботаника мен зоология ғана Линнейдің арқасында аяқталуға жақындаған еді.

Бірақ қаралып отырған дәуірге тән ерекше бір сипатты нәрсе — *табиғаттың мүлде өзгермейтіндігі туралы* ұғымды арқау еткен дүниеге өзінше бір үлгідегі жалпы көзқарастың жасалуы болды. Бұл көзқарас бойынша, табиғаттың өзі қандай жолмен туған болса да, қазір нақтылы бар болып отырғандықтан, өзі болған уақыттың бәрінде әрқашан өзгеріссіз қалып келді. Планеталар мен олардың серіктері, бір заманда құпия сырлы «алғашқы түрткімен» қозғалып кеткеннен кейін-ақ, мәңгі-бақи немесе, ең болмағанда, ақыр заманға дейін өздеріне арналып сызылған эллипстермен айнала беріпті. Жұлдыздар өздерінің орнында мәңгі қозғалмастан тұрып қалыпты да, «жалпыға бірдей тартылыс» арқылы бірін-бірі сол күйде ұстап тура-

* Беттің ашық шетіне: «Торричелли Альпы тау таскындарын реттеуге байланысты» деп жазылған. *Ред.*

ды екен. Жер мәңгілік немесе өзі жаралған күннен бастап (әркімнің көзқарасына қарай) бір қалыптан өзгермей келеді екен. Қазіргі кездегі «дүниенің бес бөлегі» әрқашанда бар екен, адам қолымен өзгертілген немесе орны ауыстырылған жерлерін былай қойғанда, олардың қазіргі таулары, алқаптары мен өзендері, қазіргі климаты, қазіргі флорасы мен фаунасы әрқашанда болған. Өсімдіктер мен жануарлардың түрлері пайда болған кезінде мәңгі-бақи қалыптасыпты, біркелкі нәрседен әрқашанда біркелкі нәрсе туған, сондықтан Линнейдің: кей жерлерде будандастырудың арқасында, бәлкім, жаңа түрлердің пайда болуы мүмкін дегені үлкен кеңшілік жасағандық болды. Уақыт ішінде дамыған адамзат тарихына қарама-қарсы табиғат тарихы тек кеңістік ішінде ғана өріс алыпты-мыс деп ұйғарылды. Табиғатта өзгеріс атаулы, даму атаулы теріске шығарылды. Алғашында соншалық революцияшыл болған жаратылыстану кенеттен өне бойы консервативтік табиғатқа душар болды; мұнда бардың бәрі де бастапқы кезде қандай болса, қазірде де әлі сондай қалыпта қалып отыр екен және мұнда нәрсе біткеннің бәрі де әуел баста қандай болған болса, ақыр заманға дейін немесе мәңгі-бақи сол қалпында қалуға тиіс болыпты.

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы жаратылыстану өз танымдарының көлемі жағынан, тіпті материалды жүйеге келтіру жағынан ертедегі грек заманынан қаншалық жоғары көтерілген болса, осы материалды идеялық игеру мағынасында, табиғатқа жалпы көзқарас мағынасында одан соншалық кем түсіп отырды. Грек философтары үшін дүние затында бір хаостан туған нәрсе, дамып жетілген нәрсе, қалыптасқан нәрсе болды. Біз қарастырып отырған дәуірдегі жаратылыс зерттеушілер үшін дүние әлденендей қалыптасып қатқан, өзгермейтін нәрсе, ал көпшілік үшін бірден жаралған нәрсе болып көрінді. Ғылым әлі де болса теологияға белшесінен батқан күйінде болатын. Ол табиғаттың өзі арқылы түсіндіруге болмайтын сыртқы түрткіні соңғы себеп ретінде барлық жерден іздеп, тауып отырды. Егер Ньютонның өзі өсіре айтып, жалпыға бірдей тартылыс деп атаған тартылыстың өзі материяның елеулі қасиеті деп қаралған болса да, онда планеталардың орбиталармен қозғалуын тек тұңғыш рет жүзеге асыратын түсініксіз тангенстік күштің өзінің негізі қайда? Өсімдіктер мен жануарлардың сансыз түрлері қалай пайда болды? Әсіресе, мәңгі-бақи өмір сүріп келе жатпағандығы әйтеуір анық белгіленген адам қалай пайда болды? Мұндай сұрақтардың бәріне де жаратылыстану ілімінің тым жиі айтып келген бір ғана жауабы сол, мұның бәріне барша затты жаратушыны жауапты деп жариялады. Біз қарастырып отырған дәуірдің бас кезінде Коперник теологиядан шықты; Ньютон бұл дәуірді құдайдың тұңғыш түрткісі жөніндегі постулатпен аяқтады. Қаралып отырған дәуірдегі жаратылыстанудың өресі

жеткен жоғары қорытушы пікір — табиғатта орнатылған тәртіптер мақсатқа сай келеді деген пікір болды, вольфтық жадағай теолология болды; бұл теолология бойынша мысық жаралғанда тышқанды жеу үшін, тышқан мысыққа жем болу үшін жаралған, ал бүкіл табиғат жаратушының даналығын дәлелдеу үшін жаралған. Сол кездегі философияның сіңірген аса зор еңбегі мынау деп білу керек: ол өз заманындағы жаратылыстану-ғылыми білімдердің тайыздығына қарамастан түзу жолдан адасқан жоқ, Спинозадан бастап ұлы француз материалистеріне дейін, ол дүниенің мәнін соның өзі арқылы түсіндіруге табандылықпен әрекеттеніп, мұны толық дәлелдеп шығу ісін болашақ жаратылыстануға тапсырды.

Мен XVIII ғасырдың материалистерін де осы дәуірге жатқызамын, өйткені олардың қарамағында жоғарыда айтылғаннан басқа жаратылыстану-ғылыми материал болған жоқ. Канттың бір заман сипаты болған шығармасы олар үшін құпия сыр болып қалды, ал Лаплас олардан ұзақ уақыт кейін барып дүниеге келді[31]. Мынаны ұмытпайық: ғылым прогресі табиғат жөніндегі әлгі ескірген көзқарасты мүлде әлсіретіп тастағанымен, XIX ғасырдың бірінші жартысы түгелімен әлі де соның үстемдігінде болды* және шындығында бұл көзқарас қазірде де барлық мектептерде оқытылып жүр**.

Табиғат жөніндегі осы қатып-семген көзқарасты бірінші болып опырған жаратылыс зерттеуші емес, философ еді. 1755 жылы *Канттың* «Жалпыға бірдей жаратылыс тарихы және аспан теориясы» шықты. Тұңғыш түрткі туралы мәселе жойылды; Жер мен бүкіл Күн системасы уақыт ішінде *қалыптасқан* нәрсе деп анықталды. Егер жаратылыс зерттеушілердің көпшілігі, Ньютонның физика, метафизикадан сақтан![32] деп сақтандыру арқы-

---

* Беттің ашық шетіне былай деп жазылған: «Табиғат жөніндегі ескі көзқарастың қатып қалған сипаты бүкіл жаратылыстануды бір бүтін тұтас деп қорытындылап, түйіндеп қарауға негіз жасап берді: француз энциклопедистері тіпті таза механикалық түрде — бірінің жанында бірі; — сонан соң бір мезгілде Сен-Симон және Гегель аяқтаған неміс натурфилософиясы». *Ред.*

** Ғылыми еңбектері бұл көзқарастарды жеңу үшін аса көп бағалы материал берген адамның бұл көзқарастарды 1861 жылдың өзінде-ақ қаншалық берік ұстанғандығы мына бір классикалық сөздерден көрінеді:

«Біздегі Күн системасының бүкіл механизмі, оның байыбына барарлық шамамызға қарай пікір айтқанда, қазіргі барды сақтауға, оның бұлжымай ұзақ өмір сүруіне бағытталған. Жер бетіндегі бірде-бір жануардың, бірде-бір өсімдіктің ең ерте замандардан бері қемелдене қоймағаны немесе тегінде басқаға айналмағаны сияқты, біздің барлық организмдерден бірінің *соңынан* бірі келетін сатыларды емес, тек бір-бірімен *қатар* жатқан сатылар дәйектілігін ғана кездестіретініміз сияқты, біздің өз тегіміз тән жағынан үнемі бір қалыпта болып келгені сияқты,— дәл сол сияқты тіпті бір мезгілде өмір сүріп отырған аспан денелерінің ұшан-теңіз әр қилылығы да біздің бұл формалар дамудың әр алуан сатылары ғана деп жоруымызға право бермейді; қайта, жаратылған нәрсенің бәрі де өзінен-өзі-ақ *біркелкі* кемелденген» (Медлер. «Көпшілікке түсінікті астрономия», Берлин, 1861, 5-басылуы, 316-бет).

лы білдіргеніндей, ойлауға жиренішпен қарамаған болса, онда олар Канттың осы бір ғана данышпандық жаңалығынан-ақ өздерін орағытпа жолдармен шексіз адасудан құтқаратын және жалған бағытта жұмсалған ұшан-теңіз уақыт пен еңбекті сақтап қалатын қорытындылар шығаруға тиіс еді. Өйткені ілгері басқан бүкіл одан арғы қозғалыстың бастамасы Канттың жаңалығында жатқан еді ғой. Егер Жер қалыптасқан нәрсе болса, онда оның қазіргі геологиялық, географиялық, климаттық күйі де, оның өсімдіктер мен жануарлары да қалыптасқан нәрсе болуға тиіс еді, сөйтіп оның тек кеңістік жағынан — бір-бірімен қатар орналасу формасы жағынан ғана емес, сонымен қатар уақыт жағынан — бірінен соң бірінің дәйектілікпен жасалу формасы жағынан да тарихы болуға тиіс еді. Егер зерттеу ісі осы бағытта дереу және батыл жүргізіле берген болса, онда жаратылыс тану қазірде осы күнгі қалпынан едәуір ілгері басқан болар еді. Бірақ философия жақсы не нәрсе бере алушы еді? Канттың шығармасы ұзақ жылдар өткеннен кейін барып Лаплас пен Гершель оның мазмұнын дамытып, оны толығырақ дәлелдегенге дейін, сөйтіп «небулалық гипотезаның» мойындалуын бірте-бірте әзірлегенге дейін, тікелей нәтиже туғызған жоқ. Онан кейінгі ашылған жаңалықтар бұл гипотезаны ақырында, жеңіске жеткізді; олардың ең маңыздылары мыналар болды: қозғалмайтын жұлдыздардың өз қозғалысы бар екені анықталды, әлем кеңістігінде қарсылық көрсететін ортаның бар екендігі дәлелденді, әлемдегі материяның химиялық барабарлығы және Кант жорамалдаған қызған буалдыр массалардың бар екендігі спектрлік талдау арқылы анықталды*.

Бірақ мына бір жайға күмәнданудa болады: табиғат жай *өмір сүріп* қана отырған жоқ, сонымен қатар ол *қалыптасу және өзгеру* процесінде болады деген жаңа туа бастаған түсінікке басқа жақтан көмек келмеген болса, онда жаратылыс зерттеушілердің көпшілігі Жердің өзгергіштігі туралы ұғым мен онда тіршілік ететін организмдердің өзгермейтіндігі туралы ілімнің арасындағы қайшылықты тез арада ұғынар ма еді. Геология пайда болды да, бірінен соң бірі құрылған және бірінің үстінде бірі орналасқан геологиялық қабаттардың бар екенін ғана анықтап қойған жоқ, сонымен қатар құрып біткен жануарлардың осы қабаттар ішінде сақталып қалған танақабықтары мен қаңқаларын да, қазірде жоқ өсімдіктердің сабақтарын, жапырақтары мен жемістерін де тапты. Уақыт жағынан жалпы алғанда Жердің ғана емес, сонымен қатар оның қазіргі бетінің де, онда тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлардың да тарихы бар екенін мойындауға батылдық жасау керек болды. Алғашқы кез-

* Беттің ашық шетіне: «Лықсулардың Жердің айналуына жасайтын бөгеуші әрекетін, сол Кант ашқан әрекетті, жұрт енді ғана түсініп отыр» деп жазылған. *Ред.*

де жұрт мұны тым селқос мойындасты. Жердің басынан кешетін революциялары туралы Кювьенің теориясы сөз жүзінде революциялық, іс жүзінде реакциялық теория еді. Бұл теория құдіреттің жаратқыш бір актісінің орнына бірсыпыра қайталама жаратқыш актілерін әкеліп қойды да, кереметтен табиғатқа мықты тұтқа жасамақ болды. Тек Лайель ғана жаратушының такаппарлық талғауымен тұтқиылдан болатын революцияларды Жердің баяу өзгеруінің біртіндеп болатын әрекетімен ауыстырып, геологияға парасатты мағына енгізді*.

Лайельдің теориясы органикалық түрлерді тұрақты деп білетін пікірмен өзінен бұрын болған теориялардың бәрінен бетер сыйыспайтын теория еді. Жер бетінің және ондағы барлық тіршілік жағдайларының бірте-бірте өзгеретіндігі жайындағы пікір организмдердің бірте-бірте өзгеретіндігі және олардың өзгеріп отыратын ортаға бейімделетіндігі жайындағы ілімге, түрлердің өзгергіштігі жайындағы ілімге тікелей әкеліп жеткізетін еді. Алайда дәстүр дегеніңіз католик шіркеуінде ғана емес, жаратылыстануда да қуатты күш болып табылады. Лайельдің өзі ұзақ жылдар бойы бұл қайшылықты байқамай келді, ал оның шәкірттері одан да бетер байқамады. Мұның себебін сол кезде жаратылыстануда үстем болған еңбек бөлінісімен ғана түсіндіруге болады; осы еңбек бөлінісінің нәтижесінде әрбір зерттеуші өзінің арнаулы білім саласымен ғана азды-көпті шектеліп отырды да, тек аздаған адамдар ғана мәселені тұтас шолуға қабілетті болды.

Сол аралықта физика зор қадаммен алға басты, мұның нәтижелерін жаратылыстанудың осы саласында жаңа заманның тұлғалары болған әр түрлі үш адам 1842 жылы бір мезгілде дерлік қорытты. Майер Хейльброннда және Джоуль Манчестерде жылылықтың механикалық күшке, механикалық күштің жылылыққа айналатындығын дәлелдеді. Жылылықтың механикалық эквивалентінің анықталуы бұл жөніндегі барлық күмәнды жойды. Нақ сол кезде Гров — жаратылыс зерттеуді кәсіп еткен адам емес, ағылшын адвокаты — физикада бұрын-ақ қол жеткен жекелеген нәтижелерді қарапайым өндеу арқылы: физикалық күштер дейтіндердің бәрі — механикалық күш, жылылық, жарық, электр, магнетизм, тіпті химиялық күш дейтіннің өзі — белгілі бір жағдайларда біріне-бірі өтеді, мұнда күш ешбір жоғалмайды деп дәлелдеді, сөйтіп Декарттың әлемде бар қозғалыстың мөлшері өзгермейді деген қағидасын физикалық зерттеу арқылы тағы да дәлелдеді. Осының арқасында әр алуан физика-

* Лайельдің көзқарасындағы кемшілік — ең болмағанда оның бастапқы формасындағы кемшілік — мынау еді: ол Жерде әрекет ететін күштерді тұрақты күштер деп, сапа жағынан да, сан жағынан да тұрақты күштер деп есептеді. Оның ойынша Жердің сууы деген жоқ, Жер белгілі бір бағытта дамымайды, ол тек кездейсоқ, байланыссыз түрде өзгеріп отырады.

лық күштер — физиканың осы, былайша айтқанда, өзгермейтін «түрлері» — әр алуан дифференцияланған және белгілі бір заңдар бойынша бір-біріне өтіп отыратын материя қозғалысының формаларына айналып кетті. Физикалық күштер пәлендей және түгендей мөлшерде болады дейтін кездейсоқтық ғылымнан аласталды, өйткені олардың өзара байланысы және біріне-бірі өтіп отыратындығы дәлелденді. Бұдан бұрын астрономияның жеткені сияқты, физика ғылымның соңғы қорытындысы ретінде қозғалыстағы материяның мәңгілік қайталама айналысын сөзсіз көрсетіп берген нәтижеге жетті.

Лавуазьенің және әсіресе Дальтонның кезінен бастап химияның таңғажайып шапшаң дамуы табиғат жайындағы ескі ұғымдарды басқа жағынан да қиратты. Бұған дейін тек тірі организмде ғана туып отыратын химиялық қоспаларды органикалық емес жолмен алудың арқасында органикалық денелер үшін де, органикалық емес денелер үшін де химия заңдарының күші бірдей екендігі дәлелденіп, органикалық емес табиғат пен органикалық табиғаттың арасында мәңгі-бақи өткел бермес шыңырау делініп жүрген, тіпті Канттың өзі де мойындаған шыңыраудың едәуір бөлегі толтырылды.

Ақырында, биологиялық зерттеу саласында да өткен ғасырдың ортасынан бастап ұдайы ұйымдастырылып келе жатқан ғылыми саяхаттар мен экспедициялар, дүние жүзінің барлық бөлегіндегі европалық отарларды сол жерлерде тұрушы мамандардың неғұрлым дәл зерттеуі, онан кейін палеонтологияның, анатомияның және жалпы алғанда физиологияның табыстары, әсіресе микроскоп ұдайы қолданыла бастаған және клеткалар ашылған кезден бастап жеткен табыстары — осының бәрінің жинаған материалы соншалық, салыстыру әдісін қолдану мүмкін болды — сонымен бірге қажет те болды*. Бір жағынан, салыстырмалы физикалық географияның арқасында әр алуан флоралар мен фауналардың тіршілік жағдайлары анықталды, ал екінші жағынан — әр алуан организмдер өздерінің гомологиялық органдары жөнінде бір-бірімен салыстырылды, онда да кемелденген қалпында ғана емес, олардың дамуының барлық сатыларында да салыстырылды. Бұл зерттеу неғұрлым терең және дәл жүргізілген сайын, өзгермес қалыпта делінген органикалық табиғаттың жоғарыда сипатталған қатып қалған жүйесі зерттеушінің көз алдында соғұрлым көбірек ыдырай берді. Өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері арасындағы шектердің барған сайын тұрлаусыз бола түскені былай тұрсын, бұған дейін болып келген топтастырудың бәрін бейне мазақ еткендей, ланцетник және қабыршақ[33] сияқты жануарлар табылады**; ақы-

* Беттің ашық шетіне «Эмбриология» деп жазылған. *Ред.*

** Беттің ашық шетіне «Мүйізтіс. Нақ сол археоптерикс, т. т.»[34] деп жазылған. *Ред.*

рында, жануарлар дүниесіне немесе өсімдіктер дүниесіне жататындығын тіпті біліп болмайтын организмдер табылды. Палеонтологиялық шежіренің олқылықтары барған сайын толыға түсті, мұның өзі тіпті ең қасарысқан адамдарды да бүкіл органикалық дүниенің даму тарихы мен жеке организмнің даму тарихының арасындағы таңғажайып параллелизмді мойындауға мәжбүр етті, сөйтіп ботаника мен зоология барған сайын шатаса түскен тәрізді болған шытырманнан алып шығатын Ариадна жібін берді. Бір айта кететін нәрсе, Күн системасының мәңгілігі жайындағы ілімге Канттың шабуыл жасауымен бір мезгілде дерлік К. Ф. Вольф 1759 жылы түрлердің тұрақтылығы теориясына бірінші шабуыл жасап, эволюция жайындағы ілімді жариялады[35]. Бірақ онда тек данышпандық болжал болған нәрсе Окенде, Ламаркта, Бэрде тиянақты форма алды да, мұны дәл жүз жыл өткеннен кейін, 1859 жылы, Дарвин жеңімпаздықпен ғылымға енгізді[36]. Барлық организмдердің құрылымындағы ең соңғы құрамдас бөлшектер ретінде бұрыннан-ақ танылған протоплазма мен клетканың дербес өмір сүретін төменгі органикалық формалар ретінде де кездесетіндігі бір мезгілде дерлік анықталды. Осының арқасында органикалық табиғат пен органикалық емес табиғаттың арасындағы тұңғиық әбден азайды, сонымен қатар организмдердің даму арқылы пайда болғандығы жайындағы ілімнің алдында тұрған ең елеулі қиыншылықтардың бірі жойылды. Табиғатқа жаңа көзқарас өзінің негізгі белгілері жағынан дайын болды: қатып қалғанның бәрі жылжымалыға айналды, қимылсыздардың бәрі қимылдыға айналды, мәңгілік деп есептелген ерекше нәрселердің бәрі өткінші болып шықты, бүкіл табиғаттың мәңгілік ағым мен қайталама айналымда қозғалып отыратындығы дәлелденді.

---

Міне енді біз грек философиясының негізін салушы ұлы адамдардың бүкіл табиғат ең ұсақ бөлшектерінен бастап ең ұлы денелеріне дейін, бір түйір құмнан бастап күндерге дейін, протистерден[37] бастап адамға дейін, мәңгілік тууда және құруда, үздіксіз ағыста, тынымсыз қозғалыс пен өзгерісте деген көзқарасына қайта оралып отырмыз. Мұндағы елеулі айырмашылық тек мынадай ғана: гректерде данышпандық болжал болған нәрсе бізде тәжірибеге негізделген қатаң ғылыми зерттеудің нәтижесі болып табылады, сондықтан мұның анағұрлым тиянақты және айқын формасы бар. Рас, бұл қайталама айналымның эмпириялық дәлелдемесі олқылықтардан әлі толық арылып болған жоқ, бірақ бұлар қазірде анық белгіленген нәрселермен салыстырғанда болмашы ғана; оның үстіне жыл асқан сайын бұлардың орны бірден-бірге толтырылып келеді. Ал білімнің аса маңызды салалары — жұлдыз астрономиясының, химияның, геологияның

шыққанына бір ғасырға толар-толмас қана, физиологияда салыстыру әдісінің ғылым ретінде өмір сүре бастағанына 50 жылдай ғана уақыт болғанын, тіршіліктің дамуы атаулының бәріне дерлік тән негізгі форма болып табылатын клетканың ашылғанынан бері қырық жылға жетпейтін уақыт өткенін еске алатын болсақ, бұл дәлелдеменің белгілі бір егжей-тегжейлері жағынан олқылықсыз болуы мүмкін бе!*

---

Құйындай шыр айналып тұратын қызған газ тектес буалдырдан — бұлардың қозғалу заңдарын біз, бәлкім, бірнеше ғасыр бойы жүргізілетін бақылаулар жұлдыздардың өз қозғалысы жөнінде бізге айқын түсінік бергеннен кейін ғана ашатын боламыз — Құс жолының ең шеткі қоршау жұлдыздарымен шектелген біздің әлемдік аралымыздағы сансыз күндер мен күн системалары сығымдалу және суыну арқылы дамып шықты. Бұл дамудың шапшандығы, сірә, барлық жерде бірдей болмаса керек. Астрономия біздің жұлдыздар жүйесінде планеталық денелерден басқа да қарауытқан денелердің, демек сөнген күндердің бар екенін мойындауға барған сайын мәжбүр болып отыр (Медлер); екінші жағынан (Секкидің пікіріне қарағанда), газ тектес буалдыр дақтардың бір бөлегі, әлі де дайын емес күндер ретінде, біздің жұлдыздар жүйесіне жатады, мұның өзі басқа буалдырлардың, Медлер айтқандай, алыстағы дербес әлемдік араллар екенін жоққа шығармайды; ал олардың дамуының салыстырмалы дәрежесін спекторскоп анықтауға тиіс.

Лаплас жеке буалдыр массадан күн системасының қалай дамып шығатынын толық және осы күнге дейін теңдесі жоқ дәрежеде көрсетіп берді; ең бергі жердегі ғылым оның пікір желісін барған сайын растап отырды.

Осылайша құрылған жекелеген денелерде — күндерде, планеталарда, олардың серіктерінде — бастапқы кезде материяның бізде жылылық деп аталатын қозғалыс формасы үстем болады. Тіпті Күннің өзінде қазіргі уақытта да бар температура тұсында да элементтердің химиялық қоспалары туралы әңгіме болуы мүмкін емес; мұнда жылылықтың электрге немесе магнетизмге қаншалық айналатындығы Күн жөнінде жүргізілетін келешектегі бақылаудан көрінбек; Күн бетінде болып жатқан механикалық қозғалыстардың тек қана жылылықтың ауырлықпен арпалысуынан болатындығы қазірдің өзінде-ақ анықталды деуге болады.

Жеке денелер неғұрлым кіші болса, соғұрлым тез суынады.

---

* Қолжазбада бұл абзац алдыңғы және кейінгі абзацтардан көлденең сызықтармен бөлініп, айқыш-ұйқыш сызылған, әдетте мұндай белгілерді Энгельс қолжазбаның өзі басқа еңбектерде пайдаланған жерлерінде жасайтын. *Ред.*

Біздің Айдың да әлдеқашан сөніп қалғаны сияқты, алдымен серіктер, астероидтер, метеорлар суынады. Планеталар баяулау суынады, ал орталық нұр көзі бәрінен де баяу суынады.

Үдемелі суынумен қатар қозғалыстың біріне-бірі айналып отыратын физикалық формаларының өзара әрекеті бірден-бірге алдыңғы қатарға шыға бастайды. Мұның өзі заттардың химиялық тектестігі біліне бастайтын пункт, ақырында, келіп жеткенше болады, сол кезге дейінгі химиялық индифференттік элементтер енді бірінен соң бірі химиялық жолмен дифференцияланып, химиялық қасиеттер алып, бірімен-бірі қоспа болып бірігеді. Бұл қоспалар температураның төмендеуімен бірге,— мұның өзі әрбір элементке ғана емес, элементтердің әрбір жеке қоспасына да түрліше әсер етеді,— газ тектес материяның бір бөлігінің осы суынуға байланысты әуелі сұйық қалыпқа, онан соң қатты қалыпқа түсуімен бірге және осының арқасында жасалған жаңа жағдайлармен бірге әрдайым өзгеріп отырады.

Планетаның қабығы қатып, оның бетіне су жиналған кездегі уақыт планетаның өз жылылығы оның орталық жарықтан алатын жылылығымен салыстырғанда бірден-бірге кем түсе бастайтын кездегі уақытпен тұспа-тұс келеді. Оның атмосферасы осы сөздің қазіргі кездегі мағынасында метеорологиялық құбылыстардың аренасы, оның беті геологиялық өзгерістердің аренасы бола бастайды; бұл өзгерістер кезінде атмосфералық жауын-шашыннан пайда болған қабаттар планетаның ішкі балқыған сұйық ядросының сыртындағы жайлап әлсірей түсетін әрекеттерден барған сайын басым бола береді.

Ақырында, егер температура соншалық төмендеп, оның өзі— ең болмағанда жер бетінің әйтеуір бір елеулі бөлегінде—ішіндегі белок өмір сүрерлік шектен енді аспайтындай болса, онда, басқа да қолайлы химиялық алғы шарттар барда, тірі протоплазма құрылады. Бұл алғы шарттардың қандай екенін қазіргі уақытта біз әлі білмейміз. Бұл таңданарлық нәрсе емес, өйткені белоктың химиялық формуласы тіпті осы күнге дейін әлі анықталған жоқ және тіпті химиялық жағынан әр алуан белокты денелердің қанша екенін біз әлі білмейміз, өйткені мүлде құрылымсыз белоктың тіршілікке тән барлық елеулі функцияларды: ас қорыту, бөліп шығару, қозғалу, тартылу, тітіркену реакциясы өсіп-өну функцияларын атқаратындығы мәлім болғанына шамамен он жылдай ғана болды.

Ілгері қарай келесі қадам басуды мүмкін еткен жағдайлар жасалғанға дейін және ядро мен қабықтың құрылуы арқасында осы формасыз белоктан тұңғыш клетка пайда болғанға дейін, сірә, мыңдаған жылдар өткен болу керек. Бірақ осы тұңғыш клеткамен бірге бүкіл органикалық дүниенің форма құруы үшін негіз де жасалды. Палеонтологиялық шежіренің барлық мәліметтеріне сүйене отырып, жорамалдап айтатын болсақ, ең алды-

мен клеткасыз және клеткалы протистердің сансыз түрлері дамып шықты, бұлардың ішінен бізге келіп жеткені бір ғана Eozoon canadense[38] және бұлардың біреулері тұңғыш өсімдіктер болып, ал екінші біреулері тұңғыш жануарлар болып бірте-бірте жіктеле берді. Ал алғашқы жануарлардан, көбінесе онан әрі жіктелу арқылы, жануарлардың сансыз топтары, отрядтары, ұяластары, тұқымдары мен түрлері келіп шықты және, ақырында, нерв жүйесі мейлінше толық дамып жетілетін форма,— атап айтқанда омыртқалылар келіп шықты, тағы да, ақырында, олардың арасынан табиғат өзін өзі ұғу дәрежесіне жететін омыртқалы жануар — адам келіп шықты.

Адам да жіктелу жолымен пайда болады, жіктелгенде,— жалғыз ғана ұрықтық клеткадан бастап табиғат жасайтын қандай да болсын организмдердің ең күрделісіне дейін дами отырып,— жеке-дара жіктеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар тарихи мағынада да жіктелді. Мың жылдық күрестен кейін қол, ақырында, аяқтан сараланып, тік жүретін болған кезде адам маймылдан бөлініп шықты, сөйтіп анық сөйлеудің дамуы үшін және мидың мықтап өсуі үшін негіз жасалды, ал мұның нәтижесінде содан бергі жерде адам мен маймыл арасында өткелсіз тұңғиық пайда болды. Қолдың мамандануы *құралдың* пайда болғандығын көрсетеді, ал құралдың өзі адамның өзіне ғана тән қызметін, адамның табиғатқа керісінше ететін өзгертуші әсерін — өндірісті көрсетеді. Сөздің неғұрлым тар мағынасында алғанда жануарлардың да құралдары бар, бірақ бұл құралдар дене мүшелері түрінде ғана болады: құмырсқа, ара, құндыз; жануарлар да өндіреді, бірақ олардың айналадағы табиғатқа ететін өндірістік әсері осы табиғаттың өзі жөнінде алғанда жоққа тән. Тек адам ғана табиғатқа өз таңбасын сала білді: ол өсімдіктер мен жануарлардың әр алуан түрлерін басқа жаққа ауыстырып қана қойған жоқ, сонымен қатар өз мекенінің сыртқы түрі мен климатын да өзгертті, тіпті өсімдіктер мен жануарлардың өздерін де өзгертіп жібергені соншалық, оның қызметінің нәтижелері жер шарының жаппай қатып-семуімен бірге ғана жойылуы мүмкін. Ал бұған ол ең алдымен және көбінесе *қолдың* көмегімен жетті. Осы күнге дейін адамның табиғатты өзгертуге арналған ең қуатты құралы болып табылатын бу машинасының өзі де, сайып келгенде, нақ құрал ретінде, қолдың қызметіне негізделеді. Бірақ қолдың дамуымен қатар бас та бірден-бірге дами берді, ұғыну — әуелі жеке практикалық пайдалы нәтижелердің шарттарын ұғынушылық, кейін, осының негізінде, неғұрлым қолайлы жағдайда болған халықтарда,— осы пайдалы нәтижелерге себепкер болатын табиғат заңдарын түсінушілік туа бастады. Ал табиғат заңдарын танудың тез өсуімен бірге табиғатқа қайыра әсер ету амалдары да өсіп отырды; егер қолмен бірге, қолмен қатар және ішінара қолдың арқасында адам-

ның миы да тиісінше жетілмеген болса, жалғыз ғана қолдың көмегімен адамдар ешқашан бу машинасын жасай алмаған болар еді.

Біз адаммен бірге *тарих* саласына аяқ басып отырмыз. Жануарлардың да тарихы бар, атап айтқанда өзінің пайда болуының және өзінің қазіргі қалпына дейін бірте-бірте дамуының тарихы бар. Бірақ олар бұл тарихтың енжар объектісі болып табылады; ал оған бұлардың өздері қатысатындықтан, мұның өзі олардың еркі мен қалауынан тыс болып отырады. Адамдарды алатын болсақ, мұның керісінше, олар сөздің тар мағынасында жануарлардан неғұрлым алыстаған сайын, олар соғұрлым көп дәрежеде өз тарихын өздері, саналы түрде жасайды, алдын ала ескерілмеген тосын жағдайлардың, бақылаудан тысқары күштердің бұл тарихқа ететін әсері соғұрлым азая түседі, тарихи нәтиже күн ілгері белгіленген мақсатқа соғұрлым дәл сәйкес келіп отырады. Бірақ егер біз осы мөлшермен адамзат тарихын, тіпті қазіргі замандағы ең кемелденген халықтардың тарихын алып қарайтын болсақ, онда біз мұнда алға қойылған мақсаттар мен қол жеткен нәтижелердің арасында әлі де орасан зор сәйкессіздік бар екенін, алдын ала ескерілмеген тосын жағдайлардың басым болып келе жатқанын, бақылаудан тысқары күштердің жоспарлы түрде іске қосылатын күштерден анағұрлым құдіретті екенін көреміз. Адамдардың аса маңызды тарихи қызметі, оларды жануарлық қалыптан адамдық қалыпқа жеткізе көтерген, олардың қызметінің барлық басқа түрлерінің материалдық негізін құратын қызметі,— адамдардың тіршілік қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған өндіріс, яғни біздің заманымызда қоғамдық өндіріс,— олардың ойларына келмеген бақылаудан тысқары күштер әрекетінің мылқау құбылысында өте-мөте бағынышты болып тұрғанда және көзделген мақсат мұнда тек ілуде бір ғана орындалып, анағұрлым көп реттерде бұл мақсатқа тікелей қарама-қарсы нәтижелер жүзеге асып жүрген кезде бұл жағдайдың басқаша болуы мүмкін емес. Ең алдыңғы қатарлы өнеркәсіпті елдерде біз табиғаттың күштерін жуасытып, оларды адамға қызмет еткізетін болдық; осының арқасында біз өндірісті өлшеусіз ұлғайтып отырмыз, солай болғандықтан қазір жас бала бұрын ересек жүз адамның өндіргенінен көп өндіреді. Бірақ өндірістің осылай өскенінің салдары қандай? Шамадан тыс еңбек өсті, бұқараның жоқшылығы өсті және әрбір он жыл сайын орасан зор күйреу болып отырады. Ал экономистер зор тарихи жетістік деп дәріптеп жүрген еркін бәсекенің өзі, өмір сүру жолындағы күрестің өзі *жануарлар дүниесінің* қалыпты жағдайы болып табылады деп дәлелдегенде, Дарвин адамдар жөнінде, әсіресе өзінің жерлестері жөнінде өзінің қандай ащы сатира жазғандығын байқаған жоқ-ты. Жалпы алғанда өндіріс адамдарды өзіне тән биологиялық жа-

ғынан қалай көтерген болса, өнімді жоспармен өндіріп, жоспармен бөлетін қоғамдық өндірісті саналы түрде ұйымдастыру ісі ғана оларды қоғамдық жағынан басқа жануарлардан дәл солай жоғары көтере алады. Тарихи дамудың өзі осылайша ұйымдастыруды күн асқан сайын неғұрлым қажетті және күн асқан сайын неғұрлым мүмкін етіп отыр. Жаңа тарихи заман өзінің жыл санауын осыдан бастайды, бұл заманда адамдардың өздері, олармен бірге олардың қызметінің барлық салалары, оның ішінде жаратылыстану осы күнге дейін істелген істердің бәрін мүлде басып кететін табыстарға жетеді.

Бірақ «өмірге келгендердің бәріне өлу де лайық»*. Бәлкім, әлі де миллиондаған жылдар өтер, жүз мыңдаған ұрпақтар дүниеге келіп, қабірге енер, әйтеуір күннің сарқыла түскен жылылығы полюстерден төніп келе жатқан мұзды ерітуге дәрменсіз болатын кездің, барған сайын экваторға үймелей түсетін адамзат тіршілікке қажетті жылылықты ол жерден де табудан қалатын кездің, органикалық тіршіліктің ең соңғы сарқыншағы да бірте-бірте жоғалатын кездің, сөйтіп Жер — Ай сияқты суынған, өлі шар қалпында — нақ сондай сөнген Күннің төңірегінде тұңғиық түнек ішінде барған сайын қысқара түсетін орбиталармен айналып жүріп, ақыр-аяғында, сол Күнге құлайтын кездің мейрімсіз келіп жететіні анық. Бір планеталар бұл тағдырға Жерден бұрын ұшырап, екінші біреулері одан кейін ұшырамақ; үйлесімді жіктелген, нұр сәулелі, жылы Күн системасының орнына әлем кеңістігінде өзінің оқшау жолымен жүріп отыратын жалғыз ғана сұп-суық өлі шар қалмақ. Сөйтіп біздегі Күн системасы басына түсетін тағдыр ерте ме, кеш пе біздің әлемдік аралымыздағы барлық басқа жүйелердің басына түсуге тиіс, барлық басқа сансыз көп әлемдік аралдардағы, тіпті сәулесі оны қабылдай аларлық адам көзі Жер бетінде әлі өмір сүріп тұрғанда ешқашан да Жерге келіп жетпейтін әлемдік аралдардағы жүйелердің де басына түсуге тиіс.

Бірақ осындай Күн системасы өзінің өмір жолын аяқтап, бүкіл ақыры бар нәрсенің тағдырына — өлімге ұшыраған кезде, онан әрі не болмақ? Күннің өлігі шексіз кеңістікте өлік түрінде мәңгілік зымырап жүре бермек пе, сөйтіп бұрын шексіз сан алуан болып жіктелген табиғаттың барлық күштері қозғалыстың бірден-бір жалғыз формасына—тартылысқа мәңгі-бақи айналып кетпек пе?

Әрине, біз мұны $2 \times 2 = 4$ болатынын немесе материяның тартылысы аралық квадратына сәйкес көбейіп және азайып

«Әлде»,— деп сұрайды Секки (810-бет),— «табиғатта өлі жүйені жалындаған буалдыр түріндегі бастапқы қалпына қайта түсіруге қабілетті және оны жаңа өмірге қайтадан оята алатын күштер бар ма? Біз мұны білмейміз».

* *Гете.* «Фауст», I бөлім, үшінші сахна («Фаусттың кабинеті»). *Ред.*

отыратындығын білетініміздей мағынада білмейміз. Бірақ теориялық жаратылыстануда,— мұның өзі табиғат жөніндегі өз көзқарастарын мүмкін болғанынша үйлесімді біртұтас тұлға етіп біріктіреді және біздің заманымызда бұлай етпейінше тіпті ең тайыз ойлы эмприктің де күні жоқ,— біздің онша белгілі емес шамаларды өте жиі қолдануымызға тура келеді, сондықтан ойлау дәйектілігі әлі де жеткіліксіз білімдердің ілгері басуына барлық замандарда көмектесуге тиіс болды. Қазіргі кездегі жаратылыстану қозғалыстың жойылмайтындығы туралы қағиданы философиядан алып пайдалануға мәжбүр болды; жаратылыстану бұл қағидасыз енді өмір сүре алмайды. Бірақ материяның қозғалысы — жалаң тұрпайы механикалық қозғалыс қана емес, жалаң орын ауыстыру ғана емес; бұл — жылылық пен жарық, электр мен магнит кернеуі, химиялық қоспа мен ыдырау, тіршілік және, ақырында, сана. Материя шексіз өмір сүріп келе жатқаннан бергі барлық уақыттың ішінде оның өз қозғалысын жіктеуге, сөйтіп бұл қозғалыстың барлық байлығын өрістетуге тек бір рет қана — онда да өз өмірінің мәңгілік болуымен салыстырғанда қас қағым сәтке ғана — мүмкіндігі болды, ал одан бұрын және одан кейін материя мәңгі-бақи бір ғана жәй орын ауыстырумен шектелген деу,— бұлай деу материя құритын нәрсе және қозғалыс өткінші нәрсе дегендік болады. Қозғалыстың жойылмайтындығын сан мағынасында ғана емес, сапа мағынасында да түсіну керек. Кілең механикалық орын ауыстыруының өзінде қолайлы жағдайларда жылылыққа, электрге, химиялық әрекетке, тіршілікке айналу мүмкіндігі бола тұрса да, өзінің ішінен бұл жағдайларды туғыза алмайтын материя, мұндай материя *өз қозғалысында белгілі бір зардапқа ұшыраған.* Өзіне тән түрліше формаларға айналу қабілетінен айрылған қозғалыста әлі де dynamis* бола тұрса да, онда енді energeia** жоқ, сонымен, ол ішінара жойылған қозғалыс. Бірақ мұның екеуі де ақылға сыймайды.

Қалай дегенмен де бір күмәнсыз нәрсе мынау: біздің әлемдік аралымыздағы материяның сондай орасан көп қозғалысты жылылыққа айналдырған кезі болған,— мұның дәл қандай екенін біз әлі күнге дейін білмейміз,— осыдан келіп ең кемінде (Медлердің пікірінше) 20 миллион жұлдызы бар күн системаларының — бірте-бірте өліп бітуі де сондай күмәнсыз системалардың — дамыған болуы мүмкін. Бұл өзгеріс қалай болды? Біздің Күн системасының болашақ caputmortuum-ның*** жаңа күн

---

* — мүмкіндік. *Ред.*

** шын өмірі. *Ред.*

*** Сөзбе-сөз: өлі бас; ауыспалы мағынада алғанда: өлі қалдықтар, балқытылғаннан кейін; химиялық реакциядан, т. б. кейін қалатын қалдықтар; бұл арада өзіне құлаған, тіршіліктен айырылған планеталармен бірге сөнген Күн айтылып отыр. *Ред.*

системалары үшін әйтеуір бір кезде қайтадан шикізатқа айналатын-айналмайтынын патер Секкидің аз білетіні сияқты, біз де мұны аз білеміз. Бірақ біз бұл арада не жаратушының жәрдеміне жүгінуге мәжбүр боламыз, не біздің әлемдік аралымыздағы күн системалары үшін балқыған шикізат табиғи жолмен, қозғалыстың басқа нәрсеге айналуы жолымен пайда болды деп қорытынды жасауға мәжбүр боламыз; бұл өзгерістер қозғалушы материяға *табиғаттан тән,* демек, материя бұл өзгерістердің жағдайларын, ең болмағанда миллион-миллион жылдар өткеннен кейін, азды-көпті кездейсоқ түрде, бірақ кездейсоқтыққа да іштей тән қажеттілікпен қайтадан қалпына келтіруге тиіс.

Енді жұрт мұндай өзгерістің мүмкіндігін барған сайын көбірек мойындай бастап отыр. Жұрт аспандағы денелердің ақтық тағдыры — біріне-бірі құлау деген пікірге келіп, тіпті мұндай соқтығыстар кезінде өріс алуға тиісті жылылықтың мөлшерін де есептеп шығаруда. Жаңа жұлдыздардың кенеттен пайда болуы, сол сияқты көптен белгілі жұлдыздардың жарығының кенеттен көбеюі,— бұлар туралы бізге астрономия хабарлайды,— осындай соқтығыстардан болады деп түсіндіру бәрінен оңай. Бұл орайда мынаны ескеру керек: біздегі планеталар тобының Күннің төңірегінде айналып жүретіндігін былай қойғанда, біздің Күн де әлемдік аралымыздың ішінде қозғалады, бірақ біздің бүкіл әлемдік аралымыз да, басқа әлемдік аралдармен уақытша салыстырмалы тепе-тең қатынаста бола отырып, әлем кеңістігінде қозғалады, өйткені тіпті еркін қалықтап жүрген денелердің салыстырмалы тепе-теңдігі де өзара байланысты қозғалыс тұсында ғана бола алады; оның үстіне, кейбіреулердің ойынша, әлем кеңістігіндегі температура барлық жерде бірдей емес. Ақырында, біздің білетініміз — біздің әлемдік аралымыздағы сансыз күндердің жылылығы, болмашы аз бөлегін былай қойғанда, әлем кеңістігінің температурасын тым болмаса Цельсий градусының миллионнан бір үлесіне дейін көтеруге басқа әуреленіп, сол кеңістікте жоғалып отырады. Осы орасан көп жылылықтың бәрі не күйге ұшырайды? Ол әлем кеңістігін жылыту әрекетінде жүріп біржола құрып кете ме, әлем кеңістігі градустың он немесе одан да көп нольмен басталатын ондық бөлшек түріндегі үлесі мөлшерінде жылынды деген фактіде теория жүзінде ғана сақталып, практика жүзінде өмір сүруден қала ма? Бұл жорамал қозғалыстың жойылмайтындығын бекерге шығарады; ол мынаны мүмкін деп біледі: аспандағы денелердің біріне-бірі бірінен соң бірі құлауы арқылы бүкіл қазірде бар механикалық қозғалыс жылылыққа айналып, бұл жылылық әлем кеңістігіне тарап кететін болады, осының нәтижесінде, бүкіл «күштің жойылмайтындығына» қарамастан, жалпы қозғалыс атаулы тоқтаған болар еді. (Тегінде бұл арада: қозғалыстың жойылмайтындығы

деудің орнына күштің жойылмайтындығы деген сөздердің орынсыз екендігі көрінеді). Біз, сонымен, мынадай қорытындыға келеміз: әлем кеңістігіне тарап кеткен жылылық әйтеуір бір жолмен,— анықталуы алдағы бір болашақта жаратылыстанудың міндеті болатын жолмен,— қозғалыстың басқа бір формасына айналуға мүмкіндік алуға тиіс, бұл формада ол қайтадан жинақталып, белсене қимылдай бастамақ. Сөйтіп құрып біткен күндердің балқыған буалдырға қайта айналатындығын мойындау жолында тұрған басты қиыншылық жоғалады.

Оның үстіне, шексіз уақыт ішінде әлемдердің мәңгілік қайталап отыратын дәйекті алмасуы шексіз кеңістікте сансыз әлемдердің бір мезгілде қатар өмір сүретіндігіне тек логикалық қосымша болып табылады: бұл қағиданың лажсыз қажеттігін тіпті янки Дрейпердің антитеориялық миы да мойындауға мәжбүр болды*.

Ішінде материя қозғалып жүретін мәңгілік қайталама айналым міне осы,— бұл қайталама айналым өзінің жолын біздің Жердегі жылымыз жеткілікті өлшем бірлігі бола алмайтын уақыт аралықтарында ғана аяқтап отырады; бұл қайталама айналым ішіндегі ең жоғары даму уақыты, органикалық өмір уақыты, ал одан да гөрі өзін де, табиғатты да ұғатын жандардың тіршілік уақыты, тіршілік пен сана-сезім өз ішінде өмір сүретін кеңістік сияқты, тым шағын мөлшерленген; бұл қайталама айналым ішінде материя өмір сүруінің ақырғы әрбір формасы — күн немесе буалдыр бола ма, жеке жануар немесе жануар түрі бола ма, химиялық қоспа немесе ыдырау бола ма, оның бәрі бір — бірдей өткінші нәрсе және оның ішінде мәңгі-бақи өзгеріп отыратын, мәңгі-бақи қозғалып отыратын материядан басқа және оның қозғалысы мен өзгерісі заңдарынан басқа еш нәрсе де мәңгілік емес. Бірақ бұл қайталама айналым уақыт пен кеңістік жағынан қаншама жиі, қаншама мейірімсіз жасалғанымен; қаншама миллион күндер мен жерлер туып, құрығанымен; әйтеуір бір күн системасында және тек қана бір планетада органикалық тіршілік үшін жағдайлар жасалғанға дейінгі уақыт қаншама ұзаққа созылғанымен; органикалық тіршілік иелері арасынан ойлауға қабілетті миы бар, кейін өздері де рақымсыз қырғынға ұшырау үшін қысқа мерзімге өз тіршілігіне жарамды жағдайлар табатын жануарлар дамып шыққанға дейін қаншалық сансыз көп органикалық тіршілік иелері оның алдында тууға және құрып кетуге тиіс болғанымен,— бізде мынадай сенім бар: материя өзінің барлық өзгерістерінде де мәңгілік бойы бағы сол бар қалпында қалады, оның атрибуттарының бірде-бірі

* «Шексіз кеңістіктегі әлемдердің көптігі шексіз уақыт ішінде әлемдердің дәйектілікпен алмасып отыратындығы туралы түсінікке келтіреді» (*Дрейпер*, «Ақыл-ой жағынан даму тарихы», II том, [325]-бет).

ешқашан да жоғалып кетпейді, сондықтан материя Жер бетіндегі өзінің мандай алды гүлін — ойлаушы рухты әйтеуір бір кездері қандай қатаң қажеттікпен қырып тастайтын болса, ол оны әйтеуір бір басқа жерде және басқа бір уақытта нақ сондай қатаң қажеттікпен қайтадан туғызуға тиіс болады.

*Ф. Энгельс 1875—1876 жылдары жазған*

*Бірінші рет неміс және орыс тіліндерінде «Маркс пен Энгельстің архивінде» жарияланған, II кітап, 1925 ж.*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 20-том, 345—363-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# «[АНТИ]-ДЮРИНГКЕ» ЖАЗЫЛҒАН БҰРЫНҒЫ АЛҒЫ СӨЗ*. ДИАЛЕКТИКА ТУРАЛЫ

Бұл ұсынылып отырған еңбек әсте де бір «іштей ниеттенуден» келіп пайда болған жоқ. Мұның керісінше, Дюринг мырзаның ең жаңа социалистік теориясын сын көзімен баяндап шығуға мені көндіру үшін өзінің қанша еңбектенгенін менің досым Либкнехттің өзі растай алады. Бірақ бұған бел байлағанымнан соң маған өзін жаңа бір философиялық жүйенің түпкі практикалық нәтижесі деп көрсететін ол теорияны осы жүйенің ішкі байланысы жағынан алып қарастырудан, ал сонымен қатар осы жүйенің өзін де талдап шығудан басқа еш нәрсе қалмады. Сондықтан мен Дюринг мырза барлық мүмкін нәрсе жөнінде және оған да үстеме оны-мұны жөнінде сөз қылған орасан кең салаға Дюринг мырзаның соңынан ере баруға мәжбүр болдым. Осыдан келіп бірнеше мақала пайда болды, бұл мақалалар 1877 жылдың басынан бастап Лейпциг *«Vörwärts»*-інде»[39] басылды да, енді осы арада байланысты түрде беріліп отыр.

Өзінің барлық мақтануына қарамастан, соншалық мардымсыз осы жүйеге жасалған сынның тыңғылықтылығын,— пәннің өзінің сипатымен байланысты тыңғылықтылықты екі пікір орынды етіп отыр. Бір жағынан, бұл сын маған білімнің әр алуан салаларында қазіргі уақытта жалпы ғылыми немесе практикалық маңызы бар мәселелер жөніндегі өзімнің түсінігімді дұрыс формада дамытуыма мүмкіндік берді. Және Дюринг мырзаның жүйесіне басқа бір жүйені қарама-қарсы қою менің ойыма қаншама аз келсе де, сонда да болса мынаған сенуге болады: мен қарап шыққан материал соншалық алуан түрлі болғанымен, мен білдірген көзқарастарда да ішкі байланыс бар екені оқушының көзіне түспей қалмайды.

Екінші жағынан «жүйе жасаушы» Дюринг мырзаның өзі осы күнгі неміс өмір шындығында жалғыз-жарым құбылыс емес. Біраз уақыттан бері, саясаттың, саяси экономияның, т. т. толып

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 1—338-беттер. *Ред.*

жатқан жаңа жүйелерін айтпағанның өзінде, философиялық, әсіресе натурфилософиялық жүйелер Германияда жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап өсуде. Осы заманғы мемлекетте әрбір азамат өзінің пікір білдіруіне тура келетін барлық мәселелер жөнінде пікір айта алады деп есептелетіні сияқты; саяси экономияда әрбір сатып алушы өзінің тіршілік қажеттері үшін сатып алуына тура келетін товарлардың бәрін танығыш та болады деген ұйғарынды негізге алынатыны сияқты,— осы сияқты қазір ғылымда да дәл сондай болжалды ұстау керек деп есептелінеді. Әркім барлық нәрсе жөнінде жаза алады, сондықтан да «ғылым бостандығы» дегеннің өзі адамның әсіресе өзі зерттемеген нәрсе жөнінде жазу, сонымен қатар оны бірден-бір қатаң ғылыми әдіс деп көрсету правосы деп түсініледі. Ал Дюринг мырза осы бетімен кеткен жалған ғылымның өзіне ерекше тән типтерінің бірі болып табылады, бұл жалған ғылым біздің заманымызда Германияның барлық жерлерінде алдыңғы қатарға өңмендеп, өзінің лепірме бос мылжыңының дүрмегімен бәрін де басып кетіп жүр. Поэзиядағы, философиядағы, саяси экономиядағы, тарихтағы лепірме бос мылжың, кафедралар мен мінбелерден айтылатын лепірме бос мылжың, барлық жердегі лепірме бос мылжың, артықшылық пен терең мағыналылыққа дәмелі лепірме бос мылжың, басқа ұлттардың қарапайым, жадағай-тұрпайы бос мылжыңынан өзгеше бос мылжың, «арзан, бірақ шірік» деген ұраны бар неміс интелектуалдық индустриясының өзіне ерекше тән және неғұрлым жаппай жемісі ретіндегі лепірме бос мылжың,— айна қатесіз өзге де неміс фабрикаттары сияқты нәрсе, өкінішке орай, осы лепірме бос мылжың Филадельфияда[40] әлгі фабрикаттармен қатар қойылған жоқ. Тіпті неміс социализмі де — әсіресе Дюринг мырза берген игі үлгіден бермен қарай — біздің заманымызда тым-ақ ықлас қойып лепірме бос мылжыңмен айналысып жүр; социал-демократиялық практикалық қозғалыстың осы лепірме бос мылжыңның кесірінен жолдан онша таймай отырғанының өзі біздің елдегі жұмысшы табының таңданарлықтай байыпты табиғатының жаңа дәлелі болып табылады; бұл елде қазіргі уақытта, жаратылыстануды қоспағанда, қалғандарының барлығы дерлік ауруға шалдыққан.

Егер Негели жаратылыс зерттеушілердің Мюнхенде болған съезінде сөйлеген сөзінде адам танымы ешқашан да бәрін білетін сипатқа ие болмайды деген мағынада пікір айтқан болса, онда оған Дюринг мырзаның ерлігі, сірә, белгілі болмағаны. Бұл ерліктер мені мықтағанда өзім дилетант ретінде ғана шыға алатын бірқатар салаларда да Дюрингтің соңынан еруге мәжбүр етті. Бұл әсіресе жаратылыстану ғылымының түрлі салаларына, сала болғанда осы уақытқа дейін, қайсыбір «миғұла» өзінің пікірін айтуға тырысса, екінің бірінде сыпайылықтың

жоқтығынан да гөрі өрескел нәрсе болып саналып келген салаларға қатысты. Алайда Вирхов мырзаның әрбір жаратылыс зерттеуші өзінің мамандығынан тыс салада дүмше, vulgo* миғұла болып табылады деген, нақ сол Мюнхенде айтылған және басқа бір жерде толығырақ баяндалған ескертуі[41] мені біраз жігерлендіре түседі. Сондай маманның кейде шектес салаларға өте алатындығы және өтуге тиісті екендігі сияқты және ондай жағдайда сол салалардың мамандары оның сөздеріндегі қолапайсыздық пен аздаған ағаттықтарды оған кешіретіні сияқты, мен де өзімнің жалпы теориялық көзқарастарымды растайтын мысалдар ретінде табиғаттың белгілі бір процестері мен оның заңдарын келтіруге бел байладым, сондықтан мен маған да сондай кешірімділік болуын күтуге өзімді праволымын деп санаймын**. Мәселе мынада: осы заманғы жаратылыс зерттеушілер — өздері оны тілесін, тілемесін — жалпы теориялық қорытындыларға келуге қаншалық мәжбүр болып жүрсе, теориялық мәселелермен шұғылданатын адамның қай-қайсысына да осы заманғы жаратылыстанудың нәтижелері соншалық еріксіз таңылып жүр. Сөйтіп бұл арада белгілі дәрежеде қарымы қайтып отыр. Егер теоретиктер жаратылыстану салаларында дүмшелер болса, онда осы заманғы жаратылыс зерттеушілер де іс жүзінде теория саласында, осы күнге дейін философия деп аталып келген салада дәл сондай шамада дүмшелер болып табылады.

Эмпирикалық жаратылыстану нәтижелі орасан мол материал жинап алғаны соншалық, зерттеудің әрбір жеке саласында осы материалды жүйелі түрде және ішкі байланысына лайық етіп реттеу шынында мойын бұрғызбайтын қажет іс болып отыр. Білімнің жеке салаларын өзара дұрыс байланысқа келтіру міндеті де дәл сол сияқты мойын бұрғызбайтын іс бола бастады. Бірақ, осымен шұғылданып, жаратылыстану теориялық салаға кіреді, ал мұнда эмпирикалық әдістер дәрменсіз болып шығады, мұнда тек теориялық ойлау ғана көмектесе алады***. Бірақ теориялық ойлаудың өзі тек қабілеттілік түріндегі туа біткен қасиет болып табылады. Бұл қабілеттілік дамытылуға, жетілдірілуге тиіс, ал ол үшін осы уақытқа дейін бүкіл бұрынғы философияны зерттеп үйренуден басқа ешбір құрал жоқ.

Әрбір заманның теориялық ойлауы, ал олай болса біздің заманымыздың да теориялық ойлауы, мұның өзі — әр қилы уақыттарда өте әр түрлі формалар алатын және сонымен қатар

---

* — былайша айтқанда. *Ред.*

** — «Бұрынғы алғы сөздің» бір бөлегін басынан бастап осы араға дейін Энгельс жоғарыдан төмен қарай сызып тастаған, өйткені ол бұл бөлегін «Анти-Дюрингтің» бірінші басылуының алғы сөзінде пайдаланған болатын. *Ред.*

*** Қолжазбада осы және мұнан бұрынғы сөйлемдердің асты қарындашпен сызылып қойылған. *Ред.*

өте әр түрлі мазмұн алатын тарихи жеміс. Демек, ойлау туралы ғылым дегеніміз басқа ғылымдардың бәрі сияқты тарихи ғылым, адам ойының тарихи дамуы туралы ғылым болып табылады. Ал мұның эмпирикалық салаларға ойлауды практика жүзінде қолдану үшін де зор маңызы бар. Өйткені, біріншіден, ойлау заңдарының теориясы, мұны филистерлік ойдың «логика» деген сөзбен байланыстырып жүргеніндей, әсте де қайдағы бір біржолата анықталған «мәңгілік ақиқат» емес. Формальдық логиканың өзі, Аристотельден бастап біздің уақытымызға дейін, шиеленіскен талас майданы болып келеді. Ал диалектикаға келетін болсақ, оны азды-көпті дәлірек түрде екі ғана ойшыл: Аристотель мен Гегель зерттеді. Бірақ дәл осы диалектика осы заманғы жаратылыстану үшін ойлаудың неғұрлым маңызды формасы болып табылады, өйткені тек диалектика ғана аналог болып табылады және осынысы арқылы табиғатта болып жататын даму процестерін, табиғаттың жалпыға бірдей байланыстарын, зерттеудің бір саласынан екінші бір саласына өтуді түсіндірудің әдісі болып табылады.

Ал, екінші жағынан, адам ойлауының тарихи дамуының барысымен, сыртқы дүниенің жалпыға бірдей байланыстары жөнінде түрлі уақыттарда болған көзқарастармен танысудың теориялық жаратылыстану үшін қажет болатын тағы бір себебі, бұлармен танысу теориялық жаратылыстанудың өзі ұсынған теорияларға берілетін бағаның көлемін белгілейді. Бірақ мұнда философия тарихымен таныстықтың жеткіліксіздігі едәуір жиі және айқын көрініп отырады. Бұдан жүздеген жыл бұрын философияда анықталған қағидалар, философия әлдеқашан-ақ арылған қағидалар, теория соғушы жаратылыс зерттеушілерінде екінің бірінде ең жаңа ақиқаттар ретінде көрсетіліп, тіпті уақытша сәнге айналып отырады. Жылылықтың механикалық теориясы энергияның сақталуы жөніндегі қағиданы растау ретінде жаңа дәлелдемелер келтіріп, оны тағы да алдыңғы қатарға шығарғанда, мұның өзі оның күмәнсыз зор табысы болды; бірақ бұл қағиданы тіпті Декарттың ұсынғанын физик мырзалар естеріне түсірсе, бұл әлдеқандай соншалық бір мейлінше жаңа қағида ретінде көріне қояр ма еді? Физика мен химия тағы да кілең дерлік молекулаларды, атомдарды дәлел ете бастағаннан бері, ерте заманғы гректердің атомдық философиясы қажетті түрде қайтадан алдыңғы қатарға шықты. Бірақ оны жаратылыс зерттеушілердің тіпті таңдаулыларының өздері де қалай үстірт баяндайды десеңізші! Мысалы, Кекуле оның негізін салушы (Левкипптің орнына) Демокрит болған («Химияның мақсаттары мен жетістіктері») дейді және сапа жағынан әр түрлі элементарлық атомдар бар деген пікірге бірінші рет келген, сөйтіп оларда түрлі элементтер үшін әр түрлі, өзіндік ерекше салмақ болады деп бірінші айтқан Дальтон болыпты дейді; ал Диоген

Лаэрцийден (X кітап, §§ 43—44 және 61) мынаны оқуға болады: тіпті Эпикурдың өзі атомдар көлемі мен формасы жағынан ғана емес, сонымен қатар *салмағы* жағынан да әр түрлі болады деген, яғни Эпикур атомдық салмақ пен атомдық көлемді өзінше-ақ білген болатын.

Германияда жалпы алғанда еш нәрсені ақырына дейін жеткізбеген 1848 жыл онда тек философия саласында ғана толық төңкеріс жасады. Практика саласына ұмтылып және, бір жағынан, ірі өнеркәсіп пен жалдаптықтың негізін салып, ал, екінші жағынан, Германияда жаратылыстану ғылымы сол кезден бері басынан кешіріп отырған және өзінің бірінші ел кезбе уағыздаушылары карикатуралық кейіпкерлер Фогт, Бюхнер, т. т. болған күшті өрлеуге негіз салып,— ұлт берлиндік ескі гегельшілдіктің құрдымдарына барып жоғалып кеткен классикалық неміс философиясынан үзілді-кесілді сырт айналып кетті. Берлиндік ескі гегельшілдікке бұл әбден лайық. Бірақ ғылым биігінде болғысы келетін ұлт теориялық ойлаусыз тұра алмайды. Гегельшілдікпен бірге диалектиканы да сыртқа лақтырып тастады, тастағанда да табиғат процестерінің диалектикалық сипаты пәрменді түрде ойға таңыла бастаған кезде, олай болса, жаратылыстану ғылымының теориялық қиыншылықтардан шығуына тек диалектика ғана көмектесе алатын кездің дәл өзінде сыртқа лақтырып тастады. Осының салдарынан жұрт тағы да ескі метафизиканың құрбандығы болып шықты. Сол кезден бастап жұртшылықтың арасына, бір жағынан, филистердің рухани деңгейіне бейімделген Шопенгауэрдің жадағай ойлары, кейіннен тіпті Гартманның да ойлары, ал екінші жағынан — әр қилы Фогттер мен Бюхнерлердің ел кезбе уағызшылар стиліндегі тұрпайы материализмі кең тарады. Университеттерде эклектизмнің сан алуан түрлері бәсекелесті, бұларға ортақ болған бір ғана нәрсе—бұлардың бәрі ескі философиялық жүйелердің қоқыстарынан ғана жасала салған болатын және бәрі де бірдей метафизикалық еді. Классикалық философияның қалдықтарынан тек белгілі дәрежедегі неокантшылдық сақталды, оның ақырғы сөзі мәңгі танып-білуге болмайтын өзіндік зат болды, яғни Кант ілімінің сақталуға лайықтылығы бәрінен де кем бөлімі сақталды. Ақырғы нәтижесі қазіргі кезде теориялық ойлау саласындағы үстем болып отырған бетімен жайылушылық пен шатасушылық болды.

Қазір жаратылыстану саласынан теориялық кітаптың қайсысын алып оқысаң да, оны оқығанда мынадай әсер туады: жаратылыс зерттеушілердің өздері осы ауа жайылушылық пен осы шатасудың өздеріне қандай күшті үстемдік етіп отырғанын, ал қазірде қолданылып жүрген философиясымақ оларға мүлдем ешбір жол тауып бермейтінін сезеді. Ал мұнда белгілі бір формада метафизикалық ойлаудан диалектикалық ойлауға қайтып

оралудан басқа айқындыққа жетудің ешқандай жолы, ешқандай басқа мүмкіндігі шынында жоқ.

Бұл қайтып оралу түрлі жолмен болуы мүмкін. Ол өзіне бұдан стихиялық түрде, ескі метафизикалық Прокруст төсегіне сыймайтын жаратылыстану ғылыми жаңалықтардың өздерінің тегеурінінің арқасында ғана жол сала алады. Бірақ бұл — ұзақ және қиын процесс, мұнда сансыз көп керексіз егестерді жеңуге тура келеді. Бұл процесс едәуір дәрежеде қазірдің өзінде, әсіресе биологияда болып жатыр. Егер теориялық жаратылыстанудың өкілдері диалектикалық философиямен оның тарихи нақты формаларында жақынырақ танысқысы келсе, ол процесс өте қысқартылуы мүмкін. Бұл формалардың ішінде осы заманғы жаратылыстану үшін әсіресе жемісті бола алатыны екі форма.

Біріншісі — бұл грек философиясы. Мұнда диалектикалық ойлау әлі алғашқы қарапайым түрінде, XVII және XVIII ғасырдың метафизикасы өзіне өзі жасаған — Бэкон мен Локк Англияда, Вольф Германияда жасаған — сүйкімді кедергілер* және жалқыны түсінуден тұтасты түсінуде, заттардың жалпыға бірдей байланыстарын пайымдауда өзінің жолын бөгеген кедергілер бұзбаған алғашқы түрінде шығып отырады. Гректерде — олар әлі табиғатты жіктеуге дейін, талдауға дейін жеткен жоқ еді, нақ сондықтан — табиғат әлі жалпы, біртұтас түрінде қаралады. Табиғат құбылыстарының жалпыға бірдей байланысы егжей-тегжейлеріне барып дәлелденбейді: ол байланыс гректер үшін тікелей бағдарлаудың нәтижесі болып табылады. Грек философиясының кемістігі осында, осының салдарынан ол кейін басқа көзқарастарға орын беруге тиіс болды. Бірақ өзінің кейініректегі метафизикалық қарсыластарынан оның артықшылығы да осында. Егер егжей-тегжейлеу жағынан гректерге қарағанда метафизиканікі дұрыс болса, онда тұтас алып қарау жөнінде метафизикаға қарағанда гректердікі дұрыс. Мұның өзі бізді басқа да толып жатқан салалардағы сияқты философияда да осы кішкене халықтың, өзінің әмбебап дарындылығы мен қызметі адамзат тарихынан басқа ешбір халық таласа алмайтын орынды өзіне қамтамасыз еткен осы кішкене халықтың жетістіктеріне қайта-қайта оралып отыруға мәжбүр ететін себептердің бірі. Ал екінші бір себебі, грек философиясының сан алуан формаларында дүниеге көзқарастардың ең соңғы типтерінің бәрі дерлік бастама күйінде, туу процесінде сол кезде-ақ болғандығы. Сондықтан теориялық жаратылыстану да, егер ол өзінің қазіргі жалпы қағидаларының тууы мен дамуының тарихын қарап шыққысы келсе, гректерге оралып соғуға мәжбүр. Ал осыны түсіну өзіне барған сайын жол ашып келеді. Өздері грек фило-

* «Сүйкімді кедергілер» (holde Hindernisse) — Гейненің «Жаңа көктем» деген өлеңдер циклынан алынған сөздер. Пролог. *Ред.*

софиясының, мысалы, атомистиканың үзінділерін мәңгілік ақиқаттар ретінде қолдана отырып, гректерге, оларда эмпирикалық жаратылыс тану ғылымы болмады деп Бэконша менмендікпен қарайтын жаратылыс зерттеушілер барған сайын сирей түсуде. Осы түсінік тереңдеп, грек философиясымен шын мәнінде танысуға жеткізсе, дұрыс-ақ болар еді.

Диалектиканың нақ неміс жаратылыс зерттеушілеріне әсіресе жақын екінші формасы немістің Канттан Гегельге дейінгі классикалық философиясы. Мұнда қазірдің өзінде қайсыбір бастама жасалған, өйткені мұнымен қатар және жоғарыда айтылған неокантшылдықтың үстіне Кантқа оралып соғу қайтадан сәнге айнала бастады. Канттың данышпандық екі гипотезаны оларсыз қазіргі теориялық жаратылыстану ғылымы бір адым да ілгері аттай алмайтын екі гипотезаны жасаушы екендігін ашқаннан бері,— атап айтқанда бұрын Лапластікі делініп жүрген Күн системасының туу теориясы мен Жердің айналуының лықсу себебінен бәсеңдеуі теориясы ашылғаннан бері,— сонан бері Кант тағы да жаратылыс зерттеушілер алдында тиісінше құрметке ие болып шықты. Бірақ біз *Гегельдің* шығармаларында, мүлде жалған негізден басталып дамытылып отырса да, диалектиканың көлемді компендийін көріп отырғанымыздан бері диалектиканы Канттан үйрену әуре болушылық және жағымсыз жұмыс болар еді.

Бір жағынан, «натурфилософияға» қарсы реакция,— осы жалған бастама пунктпен және берлиндік гегельшілдіктің бейшаралық тайыздануымен едәуір дәрежеде ақталып жүрген реакция,— ақыр соңында жай балағатқа айналып азып, сүлдері біткеннен кейін, екінші жағынан, жаратылыстану ғылымын өзінің теориялық талаптарында әйгілі эклектикалық метафизика дәрменсіз халде үмітсіз қалдырып кеткеннен кейін,—бәлкім, жаратылыс зерттеушілердің алдында Гегель туралы тағы да сөз көтеруге мүмкін болар, көтергенде олардың Дюринг мырза сонша күлкілі көрінетін Вит селкілдегін тудырмай көтеруге болар.

Ең алдымен мынаны анықтап алу керек: мұнда әңгіме әсте де Гегельдің негізгі көзқарасын, рух, ой, идея — алғашқы нәрсе, ал шын әлем — идеядан жасалған көшірме ғана деп санайтын негізгі көзқарасын жақтау туралы болып отырған жоқ. Онан Фейербахтың өзі-ақ бас тартқан. Біздің бәріміз де мынаған келісеміз: кез келген ғылыми салада — табиғат саласында да, тарих саласында да — өзімізге белгілі *фактілерге* сүйену керек, олай болса, жаратылыстану ғылымында — материяның түрлі заттық формалары мен қозғалысының түрлі формаларына сүйе-

ну керек*, ал олай болса, сондай-ақ теориялық жаратылыстану ғылымында да байланыстарды құрастыруға және оларды фактілерге енгізуге болмайды, қайта оларды фактілерден шығарып алу керек және тапқаннан кейін оларды мүмкін болғанынша тәжірибе арқылы дәлелдеу керек.

Дәл сондай-ақ Гегель жүйесінің догмалық мазмұнын, оны берлиндік гегельшілдердің үлкендері мен кішілері тарапынан уағыздалған түрінде сақтау жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Идеалистік бастама пунктпен бірге оған негізделген жүйе де құлайды, демек, атап айтқанда гегельдік натурфилософия да құлайды. Бірақ мұнда мынаны еске салу керек: Гегельге қарсы жаратылыстану-ғылыми айтыс, жалпы алғанда бұл айтыс оны дұрыс түсінгендіктен, тек мына екі пунктке: идеалистік бастама пунктке және қалай болса солай, фактілерге қайшы келетін, жүйелер құрылысына қарсы бағытталған.

Осының бәрін шығарып тастағанда әлі Гегельдің диалектикасы қалады. Маркстің сіңірген еңбегі — ұмытылып кеткен диалектикалық әдісті «қазіргі заманғы Германияда мұрындық болып жүрген даурықпа, дәмегөй, тым қара дүрсін эпигондарға»** қарама-қарсы тұңғыш рет тағы да жарыққа шығарды, оның Гегель диалектикасына байланысын, ал сонымен бірге ол диалектикадан оның айырмашылығын да көрсетті және сонымен қатар «Капиталда» бұл әдісті белгілі эмпирикалық ғылымның, саяси экономияның фактілеріне қолдануды көрсетіп берді. Ал мұны оның табысты етіп істегені соншалық, тіпті Германияда да ең жаңа экономикалық мектеп тұрпайы фритредерліктен жоғары көтеріліп отыр, көтерілгенде ол Марксті сынау деген сылтаумен одан көшіріп алумен (көбінесе теріс көшіріп алумен) шұғылдануының арқасында ғана көтеріліп отыр.

Гегель жүйесінің басқа да барлық тарауларындағы сияқты, оның диалектикасында да шын мәнісіндегі байланыстардың бәрін бұрмалау үстем болып отыр. Бірақ, Маркс айтқандайын, «Гегельдің қолында диалектика мистикаға ұшыраса да, бұл жағдай дәл сол Гегельдің диалектика қозғалысының жалпы формаларын бірінші болып түгел қамтып, саналы суреттеп беруіне кедергі бола алған жоқ. Гегель диалектикасы басымен жер сүзіп тұр. Оны аяғынан тік тұрғызу керек те, мистика қауызында жатқан құнарлы дәнін аршып алу керек»***.

Бірақ жаратылыстанудың өзінде де мынадай теорияларды: шын мәніндегі қатынастар басымен қойылған, бейненің өзі бейнеленетін объектінің орнына қабылданатын, сондықтан да

* Мұнан әрі қолжазбада мына сөздер сызылып тасталған: «Социалистік материалист біздер бұл жөнінде жаратылыс зерттеушілерге қарағанда, тіпті онан да әрі барамыз, өйткені біздерде...» *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 2-том, 102-бет. *Ред.*

*** Бұл да сонда. *Ред.*

әлгіндей аударып қоюды керек ететін теорияларды өте жиі кездестіреміз. Ондай теориялар көбінесе ұзақ уақыт бойы үстемдік етеді. Жылылық жөніндегі ілім нақ сондай жағдай болып табылады: екі жүз жыл бойы дерлік жылылық кәдімгі материя қозғалысының формасы ретінде қаралмады, ерекше бір жұмбақ материя деп қаралды; жылылықтың механикалық теориясы ғана мұнда қажетті аударып қоюды жүзеге асырды. Осылай бола тұрса да, өзінде жылутегі теориясы үстем болған физика жылылықтың өте-мөте маңызды бірқатар заңдарын ашты. Әсіресе Фурье мен Сади Карно[42] бұл жерде дұрыс теорияға жол ашты, бұл теорияның үлесіне қалғаны өзінен бұрынғы теорияның ашқан заңдарын аударып қойып, оларды өз тіліне аудару ғана болды *. Нақ сол сияқты, химияда флогистондық теория[30] өзінің ғасыр бойы жасаған эксперименттік жұмысымен тұңғыш рет сондай бір материал берді, Лавуазье осы материалдың көмегімен Пристли тапқан оттегінен фантастикалық флогистонның реалды антиподын аша алды, сөйтіп бүкіл флогистондық теорияны жоя алды. Бірақ мұның өзі флогистиканың тәжірибе арқылы жеткен нәтижелерін әсте де жою болған жоқ. Қайта мұның керісінше, олар өмір сүре берді; тек олардың тұжырымдары аударылып қойылды, флогистон теориясының тілінен осы заманғы химия тіліне аударылды; сондықтан да олар өз маңызын сақтап қалды.

Жылутегі теориясының жылылықтың механикалық теориясына, флогистон теориясының Лавуазье теориясына қатысы қандай болса, Гегельдің диалектикасының рационалды диалектикаға қатысы сондай.

*Ф. Энгельс 1878 ж. майда—июньнің бас кезінде жазған*

*Бірінші рет неміс және орыс тілдерінде «Маркс пен Энгельстің архивінде» жарияланған, II кітап, 1925 ж.*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 20-том, 364—372-беттер*

---

* Карнода көрсетілген С функциясы дәл мағынасында айтқанда аударылып қойылған: $\frac{1}{c}$ = абсолюттік температураға тең. Егер оны солай етіп аударып қоймаса, ол ештеңеге жарамайды.

Ф. ЭНГЕЛЬС

# МАЙМЫЛДЫҢ АДАМҒА АЙНАЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЕҢБЕКТІҢ РОЛІ[43]

Еңбек — байлық атаулының негізі дейді саяси экономдар. Еңбек шынында да өзіне материал беретін табиғатпен қатар осындай негіз болып табылады, еңбек бұл материалды байлыққа айналдырады. Бірақ еңбек мұның үстіне одан да шексіз бір зор нәрсе. Ол — бүкіл адамзат өмірінің бірінші негізгі шарты, оның үстіне біз белгілі бір мағынада: адамның өзін жасаған еңбек деп айтуға тиіс болатын дәрежедегі негізгі шарты.

Бұдан жүздеген мың жыл бұрын, Жердің дамуының геологтар үшінші дәуір деп атаған дәуірінің әлі де болса дәл анықтауға келмейтін уақытында, шамамен айтқанда осы дәуірдің аяғына таман, бір ыстық белдеуде — сірә, қазірде Үнді мұхитының түбіне батып кеткен бір үлкен құрылықта болу керек,— адам тәріздес маймылдардың ерекше жете дамыған тұқымы мекендеген. Дарвин бізге осы арғы тегімізді шамамен суреттеп берді. Олардың денелерін түгел жүн басқан, сақалдары, сүйір құлақтары болған және үйір-үйірімен ағаш бастарын мекендеген[44].

Ең алдымен өздерінің бір нәрсеге өрмелеп шыққанда қолдың аяққа қарағанда өзге міндеттер атқаруын керек ететін тіршілік қалпының әсерінен деп білу керек, бұл маймылдар жерде жүргенде қолдың көмегін ұмыта бастап, барған сайын тік жүруді үйрене бастаған. Осы арқылы *маймылдан адамға өту үшін шешуші қадам* жасалған.

Әлі осы күнге дейін бар адам тәріздес маймылдардың бәрі де тік тұрып, тек қана аяқтарымен де жүре алады, бірақ аса қажет болған ретте ғана және барынша ебедейсіз жүреді. Олардың табиғи жүрісі бүкшиген күйде болады да, қолды пайдаланғызады. Олардың көпшілігі жүрген кезде қолдарының бүрілген бармақтарының орта буындарымен жер тірейді де, аяғын жиып, балдақпен жүретін ақсақ адамша, денелерін ұзын қолдарының екі арасынан өткізіп отырады. Төрт аяқтап жүруден екі аяқпен жүруге дейінгі барлық өтпелі сатыларды тегінде біз маймыл-

дардан әлі қазір де байқай аламыз. Бірақ бұлардың бірде-біреуінде екі аяқпен жүру ең керек болған ретте ғана қолданылатын лажсыз тәсілден артық ештене де бола алмады.

Егер біздің жүн басқан арғы тегіміздің тік жүруі әуелі әдет болып, ал онан соң қажетті нәрсе де болуға тиіс болса, онда мұның өзі қолдың үлесіне ол кезде жұмыстың басқа түрлерінің барған сайын көбірек тигенін көрсетеді. Маймылдардың өзінде де қол мен аяқтың арасында белгілі түрде міндет бөлісу бар. Жоғарыда айтылғандай, бір нәрсеге өрмелеп шыққанда олар аяққа қарағанда қолды басқаша пайдаланады. Қол көбінесе тамақ жинау, оны түсірмей ұстау мақсаттарына қызмет етеді, кейбір жетілмеген сүт қоректілер өздерінің алдыңғы аяқтарының көмегімен көптен-ақ осыны істейді. Кейбір маймылдар қолдың көмегімен ағаштың басына өздеріне ұя жасайды немесе тіпті, шимпанзе сияқты, жауын-шашыннан қорғану үшін бұтақтардың арасына жаппа да жасайды. Жауларынан қорғану үшін олар қолына сойыл да алады, немесе оларды жеміспен, таспен атқылайды. Қолға үйренген маймылдар қолдың көмегімен өздері адамнан көріп үйренетін кейбір оңай операцияларды орындайды. Бірақ нақ осы арада ең жете дамыған адам тәріздес маймылдардың жетілмеген қолы мен жүз мыңдаған жылдардағы еңбек арқылы жетілген адам қолының арасындағы алшақтықтың қаншама зор екені айқын көрінеді. Сүйектері мен бұлшық еттерінің саны, жалпы бітісі екеуіне де бірдей, бірақ солай бола тұрса да тіпті ең алғашқы тағы адамның қолы да ешбір маймыл істей алмайтын жүздеген жұмыстарды орындауға қабілетті келеді. Бірде-бір маймыл қолы бұрын-соңды ең дөрекі тас пышақты болса да жасап көрген емес.

Сондықтан біздің арғы тегіміздің маймылдан адамға өту заманында көптеген мың жылдар бойында өздерінің қолдарын біртіндеп икемдеп үйренген операциялары алғашында тым қарапайым ғана болуы мүмкін. Ең жетілмеген тағы адамдар да, тіпті олардың ішінен табиғи азғындауымен қатар неғұрлым аң тәріздес қалыпқа түсулерін шамалауға тура келетіндері де дегенмен әлгі өтпелі қалыптағы тіршілік иелерінен әлдеқайда жоғары тұрады. Ең алғашқы шақпақ тас адам қолының арқасында пышаққа айналғанына дейін өтуге тиіс болған дәуірдің ұзақтығы соншалық, бізге мәлім тарихи дәуір мұнымен салыстырғанда шамалы ғана болып шығуы ықтимал. Бірақ шешуші қадам жасалды, *қол босады* да, енді ол барған сайын жаңа дағдыларға машықтана бастады, ал осы арқылы ие болған барынша икемділік тұқым қуалап, ұрпақтан ұрпаққа арта берді.

Сонымен, қол еңбек органы ғана емес, *ол сонымен қатар еңбектің жемісі де.* Еңбектің арқасында ғана, барған сайын жаңа операцияларға бейімделудің арқасында, осындай жолмен қол жеткен бұлшық еттердің, сіңір-буындардың және неғұрлым

ұзақ уақыт ішінде, сүйектердің де ерекше жетілгендігінің тұқым қуалауының арқасында және осы тұқым қуалаған жетілушілікті жаңа, бірден-бірге қиын операцияларға жаңадан қолдана түсудің арқасында — тек осылардың бәрінің арқасында ғана адам қолы сиқырлы күштен туғандай Рафаэльдің суреттерін, Торвальдсеннің мүсіндерін, Паганинидің музыкасын туғыза алатындай әбден кемелденген дәрежеге жетті

Бірақ қол өз алдына бір мәні бар нәрсе болған жоқ. Ол тек тұтас, мейлінше күрделі организмнің мүшелерінің бірі ғана болды. Сондықтан қолға пайдалы болған нәрсе қол қызмет еткен бүкіл денеге де пайдалы болды және екі түрлі жағынан пайдалы болды.

Ең алдымен, Дарвин өсу арақатынасы заңы деп атаған заңға сәйкес пайдалы болды. Бұл заң бойынша органикалық тіршілік иелерінің жеке мүшелерінің белгілі формалары әрқашан да басқа мүшелерінің белгілі бір формаларымен байланысты болады, бұл екінші мүшелерінің алғашқы мүшелеріне ешбір қатысы жоқ сияқты көрінсе де байланысты болады. Мысалы, клеткалы ядросыз қызыл қан түйіршіктері бар және шүйде сүйегі буынды екі төмпешік арқылы бірінші омыртқамен жалғасқан жануарлардың түгел барлығында балаларын коректендіретін сүт бездері де болады. Мысалы, сүт қоректілердің айыр тұяқ келуі, әдетте, оларда күйіс қайтару процесіне бейімделген күрделі қарынның болуына байланысты. Белгілі бір формалар өзгерсе оның өзі дененің басқа мүшелерінің де формаларын өзгертеді, бірақ біз бұл байланысты түсіндіре алмаймыз. Көзі көк меңсіз ақ мысықтар әрдайым немесе әрдайым дерлік керең болады. Адамның қолының бірте-бірте жетілуі және осымен қатар аяқтың дамып, денені тік ұстап жүруге бейімделуі, нақ сол арақатынас заңына сәйкес, организмнің басқа мүшелеріне кері әсер етті. Алайда бұл сияқты әсер етушілік әлі де тым аз зерттелген, сондықтан біз бұл арада оны жалпы түрде ғана атап өте аламыз.

Қолдың дамуының қалған организмге тікелей, дәлелдеуге болатындай кері әсерінің едәуір зор маңызы бар. Біздің майымыл тәріздес арғы тегіміз, жоғарыда айтылғандай, қоғамдық жануарлар болды; адамды, барлық жануарлардың ішіндегі осы анағұрлым қоғамдық жануарды қоғамдық емес бергі тектен жаралды деуге болмайтыны әбден айқын нәрсе. Қолдың дамуымен бірге, еңбекпен бірге басталған табиғатқа үстемдік ету алға қарай әрбір жаңа қадам басқан сайын адамның ой-өрісін кеңіте берді. Табиғат заттарынан адам үнемі жаңа, оған дейін мәлім болмаған қасиеттерді тауып отырды. Екінші жағынан, еңбектің дамуы қажет болғандықтан қоғам мүшелерінің неғұрлым тығыз топтасуына себепкер болды, өйткені осының арқасында өзара жәрдемдесу, бірігіп әрекет ету реттері жиілене түсті, сөйтіп осы-

лай бірігіп әрекет етудің пайдалылығын қоғамның әрбір жеке мүшесі айқын сезетін болды. Қысқасы, қалыптасып болған адамдардың жеткені сол — бұларда бір-біріне *бірдеңе айту қажеттігі* пайда болды. Бұл қажеттік өзіне өз органын жасады: маймылдың жетілмеген көмекейі неғұрлым жетілген модуляция жасау үшін модуляция жолымен ақырындап, бірақ үнемі өзгере берді, ал ауыз органдары бірте-бірте бір анық дыбыстан соң бір анық дыбыс шығаруды үйренді.

Тілдің еңбек процесінен және еңбекпен бірге шығуын бұлай түсіндірудің бірден-бір дұрыс екенін жануарлармен салыстыру дәлелдейді. Жануарлардың, тіпті олардың неғұрлым жетілгендерінің де бір-біріне білдіргісі келетін аздаған нәрсесін олар анық сөздің жәрдемінсіз-ақ білдіре алады. Табиғи қалпында бірде-бір жануар сөйлей білмеудің немесе адамның сөзін түсіне білмеудің ыңғайсыздығын сезбейді. Жануарды адам қолға үйреткенде істің жайы мүлде басқаша. Ит пен жылқының адаммен қатысы болуының арқасында анық сөзге келгенде құлақтарының естігіш болып дағдыланғандығы сонша, өздеріне тән ықшам түсініктердің шеңберінде олар қандай тілді болса да түсінуге оп-оңай үйренеді. Олар мұның үстіне адамға үйір болу сезімі сияқты, риза болу сезімі сияқты, т. с. сезімдерге қабілетті болып алды, мұндай сезімдер бұрын оларға жат еді. Осындай жануарлармен көбірек істес болуына тура келгендердің қайқайсысы болса да әлгі жануарлардың сөйлей алмауын *қазір* олар өздерінің кемістігі деп сезетін реттері аз емес деген пікірден қайта қояр ма екен. Өкінішке орай, олардың үн шығару органдарының белгілі бір бағытта бейімделгендігі сонша, олардың бұл қасіретіне қазір ешбір көмек етіп болмайды. Бірақ, қолайлы орган болған жерде бұл қабілетсіздіктің белгілі шекте жойылуы да мүмкін. Құстардың ауыз органдары адамның ауыз органдарынан, әрине, мүлде өзгеше. Солай бола тұрса да құстар сөйлеуге үйрене алатын бірден-бір жануар болып табылады, ал даусы әлдеқайда жаман тоты құс бәрінен де жақсы сөйлейді. Тоты құс не айтып тұрғанын өзі түсінбейді деп жұрт қарсы пікір айтпай-ақ қойсын. Әрине, тек сөйлеу процесін және адамдармен тілдесуді тәуір көретіндігінен ғана ол өзінің бар білетін сөзін әлденеше сағат бойы тоқтаусыз қайталай береді. Бірақ өзінің түсініктері шеңберінде ол өзінің айтып тұрғанын түсінуді де үйрене алатын болады. Тоты құсты балағат сөздердің мәнісін түсіне алатындай етіп сондай сөздерге үйретіңіз де (күні ыстық елдерден қайтатын матростардың негізгі ермектерінің бірі осы), сонан соң оны ызаландырып көріңіз, сонда сіз тоты құстың да Берлиннің көк өніс сататын әйелдері сияқты өзінің балағат сөздерін дұрыс қолдана білетінін тез-ақ байқайтын боласыз. Тәтті нәрсе тіленгенде де дәл осындай болады.

Әуелі еңбек, ал онан соң және сонымен бірге анық сөз ең басты екі стимул болды, осы екеуінің ықпалымен маймылдың миы бірте-бірте адам миына айналды, ал адам миы, маймылдың миына өзі қаншама ұқсас болғанымен, көлемі мен жетілгендігі жағынан маймылдың миынан әлдеқайда асып түседі. Ал мидың онан әрі дамуымен қатарласа оның ең жақын құралдары—сезім органдары онан әрі дамыды. Тілдің бірте-бірте дамуымен қабат есту органының солай бірте-бірте үнемі жетіле бергені сияқты, жалпы мидың дамуымен қабат барлық сезімдер де түгелінен нақ солай жетіле береді. Бүркіт адамға қарағанда әлдеқайда алыстағыны көреді, бірақ адамның көзі заттың көп жағын бүркіттің көзінен әлдеқайда жақсы байқайды. Адамға қарағанда ит әлдеқайда иісшіл келеді, бірақ ит түрліше заттардың адам үшін анық белгісі болып табылатын иістердің жүзден бірін де айыра алмайды. Ал маймылдарда өте қара дүрсін, бастама формасында әрең-әрең болатын дене сезімі тек адам қолының өзінің дамуымен бірге, еңбектің арқасында шықты.

Мидың және оған бағынышты сезімдердің, бірден-бірге айқындала түскен сананың, абстракция мен ой қорыту қабілетінің дамуы еңбек пен тілге кері әсер етіп, мұның екеуінің де онан әрі дамуына барған сайын жаңа қозғау салып отырды. Адамның маймылдан біржолата бөлініп шыққан кезінен бергі жердегі осы онан әрі даму әсте аяқталып біткен жоқ, қайта содан кейін де жалғаса берді; түрлі халықтарда және түрлі замандарда дәрежесі мен бағыты жағынан түрліше бола тұрып, кейде тіпті жергілікті және уақытша кері бет алумен тоқтап қала отырып, бұл даму жалпы алғанда нық басып ілгерілей берді, ілгерілегенде дайын адамның пайда болуымен қоса қабат жаңа элементтің — *қоғамның* шығуы арқасында, бір жағынан, жаңадан күшті демеу алды, ал екінші жағынан неғұрлым анық бағыт алды.

Ағаштан ағашқа өрмелеп жүретін маймылдар үйірінен адам қоғамы пайда болғанға дейін жүз мыңдаған жылдар өткен болу керек,— Жер тарихында бұл жылдардың маңызы адам өміріндегі бір секундтың маңызынан артық емес*. Бірақ дегенмен, ақырында келіп, адам қоғамы пайда болды. Ал енді біз тағы да адам қоғамының ерекше белгісі, оны маймылдар үйірінен өзгеше етіп көрсететін белгісі неде деп білеміз? Ол *еңбекте*. Маймылдар үйірі өз ауданында болған тамақты түгін қалдырмай жеп бітірумен шектелді, ал бұл ауданның мөлшері географиялық жағдайларға немесе көршілес үйірлердің қарсыласу дәрежесіне байланысты болды. Маймылдар үйірі бір жерден екінші жерге көшіп, көршілес үйірлермен күресіп, азығы мол жаңа

* Бұл саладағы ең жетік деген бедел иесі сэр Уильям Томсонның есебі бойынша, Жер соншалық суынып, жер бетінде өсімдіктер мен жануарлар тұратындай болғаннан бері, сірә, *жүз миллион жылдан сәл көбірек* уақыт өткен болу керек.

ауданға ие болып отырды, бірақ ол үйір өзіне азық алып отырған ауданнан, өзі санасыз түрде өзінің қимыл-мен жерді тыңайтып отырғаны болмаса, сол ауданның табиғат берген азығынан артық азық табуға қабілетсіз болды. Азық бере алатын аймақтардың бәрін түгел жайлап болысымен-ақ, маймылдар жұртының көбеюі мүмкін болмай қалды; бұл маймылдар жұрты ең мықтағанда сан жағынан бір деңгейде қала алды. Бірақ жануарлардың бәрі де тамақ заттары дегенде тым-ақ ысырапқор келеді, оның үстіне тамақ заттарының табиғи өсуін екінің бірінде ұрық күйінде-ақ құртып жібереді. Қасқыр аңшыдай емес, ол келесі жылы өзіне лақтап беретін елікті аямайды; ұсақ бұталардың өсуіне мүмкіндік бермей, олардың жас сабақтарын жеп қоятын Грециядағы ешкілер елдегі таулардың бәрін жып-жылмағай етті. Жануарлардың осы «жыртқыштық шаруашылығы» түрлердің бірте-бірте өзгеру процесінде маңызды роль атқарады, өйткені бұл шаруашылық оларды тамақтың жаңа, өздері үшін мүлде басқаша түрлеріне бейімделуге көндіреді, осының арқасында жануарлардың қанының химиялық құрамы өзгеріп, бүкіл дене бітімі бірте-бірте басқаша болып шығады, ал енді мәңгі қалыптасқан тұр құрып бітеді. Күмән жоқ, осы жыртқыштық шаруашылық біздің арғы тегіміздің адамға айналуына күшті себепкер болды. Аңғарғыштығы мен бейімделгіштігі жағынан басқа маймылдардың бәрінен әлдеқайда асып түсетін маймылдар тұқымын бұл жыртқыштық шаруашылық мынадай жағдайға жеткізуге тиіс болды: олар тамаққа барған сайын көп жаңа өсімдіктерді жарата бастайтын болды, ал бұл өсімдіктердің ішінен тамаққа жарайтыны барған сайын көбейе берді, қысқасы, тамақты неғұрлым түрлі-түрлі ететін жағдайға жеткізуге тиіс болды, мұның нәтижесінде неғұрлым әр алуан заттар организмге еніп, бұл маймылдардың адамға айналуына химиялық жағдайлар жасады. Бірақ мұның бәрі де сөздің дәлме-дәл мағынасындағы еңбек болған жоқ. Еңбек құралдар жасаудан басталады. Ал өзіміз кездестіріп жүрген ең ерте замандағы құралдар,— тарихқа дейінгі адамдардан бізге мұра болып қалған, тауып алынған заттарға қарағанда және неғұрлым ертедегі тарихи халықтардың, сонымен қатар неғұрлым тұрпайы қазіргі тағы адамдардың да тіршілік қалпына қарағанда ең ерте замандағы құралдар қандай құралдар? Бұл құралдардың өзі аң аулау және балық аулау құралдары; аң аулау құралдары сонымен қатар қару да болып табылады. Бірақ аң аулау мен балық аулау ылғи өсімдік тағамын қолданумен қатар етті де тұтынуға көшкендікті көрсетеді, ал мұның өзі адамға айналу жолындағы маңызды жаңа қадам болып табылады. *Ет тағамында* неғұрлым маңызды заттар даяр түрінде дерлік болды, организм өзінің зат алмастыруы үшін осындай маңызды заттарды керек етті; ет тағамы ас қорыту процесін қысқартты және сонымен қа-

тар организмдегі басқа да вегетациялық (яғни өсімдіктің тіршілік ету жағдайларына сай келетін) процестердің ұзақтығын да қысқартты, сөйтіп сөздің дәл өз мағынасындағы жануарлар тіршілігінің үдеп өршуі үшін көп уақыт, көп зат және көп қуат сақтап қалды. Ал қалыптасып келе жатқан адам өсімдіктер дүниесінен неғұрлым алыстаған сайын, ол соғұрлым жануарлардан да жоғары көтеріле берді. Жабайы мысықтар мен иттерді ет тағамымен қатар өсімдік тағамын жеуге үйрету олардың адамның қызметшісі болуына себепкер болғаны сияқты, өсімдік тамағымен қатар ет тамағына дағдылану да қалыптасып келе жатқан адамның дене күші мен дербестігін арттыруға өтемөте себепкер болды. Бірақ ет тамағы миға анағұрлым зор әсер етті, ми осы ет тамағының арқасында өзінің қоректенуі мен жетілуі үшін қажет болған заттарды бұрынғыдан әлдеқайда көп алатын болды, мұның өзі оның ұрпақтан ұрпаққа ауысқан сайын неғұрлым тез және толыса жетілуіне мүмкіндік берді. Ет жемейтін мырзалардың рұқсатымен айтсақ, адам ет тамағынсыз адам бола алмаған болар еді, ал енді өзімізге белгілі халықтардың бәрінде ет тамағын тұтынудың өзі бір кездерде тіпті адам етін жегізсе де (берлиндіктердің арғы ата-бабалары, велетабтар немесе вильдіктер, X ғасырдың өзінде-ақ өз ата-аналарын жеп отырған), қазір мұнда біздің ешқандай ісіміз жоқ.

Ет тамағын жеу шешуші маңызы бар екі жаңа жетістікке: отты қолдануға және жануарларды қолға үйретуге жеткізді. Алғашқысы ас қорыту процесін бұрынғыдан да қысқартты, өйткені оның өзі ауызға, былайша айтқанда, жартылай қорытылған тамақты салып отырды; екіншісі ет тамағының қорын көбейтті, өйткені аң аулаумен қатар оның өзі ет тамағын неғұрлым үзбей алып тұруға болатын жаңа негіз тауып берді және, оның үстіне, сүт пен оның өнімдері түрінде, өзінің құрамы жағынан кемінде етке барабар жаңа тамақ заттарын берді. Сонымен, осы екі жетістіктің екеуі де енді адамды азат етуде тікелей жаңа құралдар болды. Бұл жетістіктердің жанама нәтижелері адам мен қоғамның дамуы үшін қаншалық маңызы болғанымен де, біз бұл жерде оларға толық тоқтала алмаймыз, өйткені бұл бізді тым басқа жаққа алып кетер еді.

Адам жеуге болатын нәрсенің бәрін жеп үйренгені сияқты, ол қандай климатта болсын тұруға да үйренді. Адам өзі тұруға жарайтын жердің бәріне тарады, ол мұны өз бетімен істей алған бірден-бір жануар болды. Барлық климаттарға бейімделген басқа жануарлар бұған өз бетімен үйренген жоқ, тек адамға еріп жүріп қана үйренді, бұлар: үй жануарлары және паразит-жәндіктер. Ал бастапқы туған жерінің бірқалыпты ыстық климатынан жыл қыс пен жазға бөлінетін неғұрлым суық жақтарға көшу жаңа керектер туғызды, суық пен сыздан қорғану үшін үй мен киім-кешекті керек еткізді, сөйтіп, еңбектің жаңа сала-

ларын, сонымен бірге адамды барған сайын жануардан алыстата түскен әрекеттің жаңа түрлерін туғызды.

Жеке әркімде ғана емес, сонымен қатар қоғам ішінде де қолдың, сөйлеу органдарының және мидың бірігіп істеген әрекеті арқасында адамдар барған сайын неғұрлым күрделі операцияларды орындап отыруға, өздеріне барған сайын неғұрлым жоғары мақсаттар қойып, ол мақсаттарына жетіп отыруға қабілетті болып алды. Еңбектің өзі ұрпақтан ұрпаққа көшкен сайын неғұрлым әр алуан, неғұрлым жетілген, неғұрлым жан-жақты бола берді. Аң аулау мен мал шаруашылығына егіншілік қосылды, сонан кейін жіп иіру, мата тоқу, металл өңдеу ісі, құмырашылық қолөнері, кеме қатынасы қосылды. Саудамен, қолөнерімен қатар, ақырында, өнер мен ғылым пайда болды; тайпалардан ұлттар мен мемлекеттер өсіп шықты. Право мен саясат шықты, ал олармен бірге адамның басында адам болмысының қиялдағы бейнесі — дін пайда болды. Бәрінен бұрын бастың жемістері болып жарыққа шыққан және адамзат қоғамдарына үстем нәрсе сияқты болып көрінген барлық осы құрылымдар алдында жұмыс істеуші қолдың жасаған неғұрлым қарапайым туындылары кейін ығысты, оның үстіне жұмысты жоспарлайтын бастың қоғам дамуының өте ерте сатысының өзінде-ақ (мәселен, қарапайым семьяның өзінде-ақ) бастың ойлаған жұмысын өзінің емес, басқа біреудің қолымен орындатқызуға мүмкіндігі болды. Цивилизацияның тез дамуының бәрі бастың арқасы, мидың жетілуі мен жұмысының арқасы деліне бастады. Адамдар өз әрекеттерін өздерінің керектеріне байланысты деп білудің орнына (бұл керектері сонымен бірге, әрине, баста бейнеленеді, ұғынылады), олардың өздерінің ойлануына байланысты деп білуге дағдыланды, міне осы арқылы бертін келе әсіресе ежелгі дүние құрығаннан бері адамның ақыл-ойын билеп алған дүниеге идеалистік көзқарас пайда болды. Мұның қазірде де адамның ақыл-ойын билеп отырғаны соншалық, тіпті Дарвиннің мектебінде болған неғұрлым материалистік пікірдегі жаратылыс зерттеушілер де адамның қайдан шыққандығы туралы әлі де болса айқын пікір қорыта алмай келеді, өйткені жоғарыда көрсетілген идеологиялық ықпалдың салдарынан, олар бұл жерде еңбектің қандай роль атқарғанын көрмей отыр.

Жоғарыда жанамалап айтқанымыздай, жануарлар да өздерінің әрекеті арқылы сыртқы табиғатты өзгертеді, адам өзгерткен дәрежеде болмаса да әйтеуір өзгертеді, сөйтіп өздерінің айналасындағы ортаны олардың осылайша өзгертуі, жоғарыда өзіміз көргендей, сол өзгерісті жасағандарға кері әсер етіп, өз тарапынан оларда да белгілі бір өзгерістер туғызады. Табиғатта еш нәрсе де оқшау түрінде болып жатпайды ғой. Әрбір құбылыс екінші бір құбылысқа әсер етіп отырады және керісінше болады; міне біздің жаратылыс зерттеушілеріміздің тіпті ең қара-

пайым нәрселерді айқын көруіне көбінесе кедергі болып отырған нәрсе осы жан-жақты қозғалыс пен өзара әсер ету фактісін ұмытушылық болып отыр. Грециядa ормандарды қалпына келтіруге ешкілердің қалай кедергі болып отырғанын жоғарыда көрдік; қасиетті Елена аралында оған тұңғыш рет барған теңізшілер апарған ешкілер мен шошқалар аралдың бұрынғы өсімдіктерінің түгін қалдырмай бәрін дерлік құртып жіберді, сөйтіп ең кейінгі кездегі теңізшілер мен колонистер апарған басқа өсімдіктердің таралуына негіз әзірледі. Бірақ жануарлар өздерін қоршаған табиғатқа ұзақ уақыт әсер еткенде, мұның өзі әсте олардың ниетінен болмайды және сол жануарлардың өзі үшін бір кездейсоқ нәрсе болып табылады. Ал адамдар жануарлардан неғұрлым алыстаған сайын, олардың табиғатқа әсер етуі соғұрлым анық, күн ілгері белгілі мақсаттарға жетуге бағытталып әдейі істелген, жоспарлы әрекеттер сипатын алады. Хайуанат пәлендей бір жердің өсімдігін құртқанда өзінің не істегенін білмей құртады. Ал адам оны құртқанда босаған жерге егін егу үшін, ағаш отырғызу үшін немесе жүзімдік өсіру үшін құртады, бұлай еткенде ол өзінің сепкен тұқымынан бірнеше есе көп өнім алатынын біледі. Адам пайдалы өсімдіктер мен үй жануарларын бір елден екінші елге таратады, сөйтіп әлемнің бүкіл бір бөлектерінің флорасы мен фаунасын өзгертеді. Ол ол ма. Өндіріп, өсірудің түрлі жасанды тәсілдері арқылы адамның қол астында өсімдіктер мен жануарлар тіпті адам танымастай болып өзгеріп кетеді. Біздің дәнді дақылдарымыз келіп шыққан жабайы өсімдіктер әлі осы күнге дейін табылған жоқ. Тіпті өзара бірінен-бірі мүлде өзгеше иттеріміздің немесе біздегі соншалық көп жылқы тұқымдарының қандай тағы жануардан шыққаны әлі күнге дейін талас мәселе болып келеді.

Алайда, жануарлардың жоспарлы, әдейі істелетін әрекеттерге қабілеттілігін біздің бекерге шығарғалы отырмағанымыз өзінен-өзі түсінікті. Қайта, жоспарлы түрдегі әрекет протоплазма бар жердің, тірі белок өмір сүретін және тітіркенетін жердің бәрінде, яғни сырттан болатын белгілі бір тітіркендіргіштердің салдары ретінде ең қарапайым болғанымен де белгілі бір қозғалыс жасайтын жердің бәрінде де бастама түрінде кездеседі. Мұндай реакция, тіпті нерв клеткасын былай қойғанның өзінде, әлі ешбір клетка жоқ жерде де болады. Жәндік қоректі өсімдіктердің өз құрбандығын қармайтын тәсілі де мүлде санасыз түрде болғанымен, белгілі дәрежеде жоспарлы тәсіл болып табылады. Жануарлардың саналы, жоспарлы әрекеттерге қабілеттілігі нерв жүйесінің дамуына сәйкес дамиды және сүт қоректілерде қазірдің өзінде-ақ едәуір жоғары сатыға жетіп отыр. Ағылшындардың ит қосып түлкі аулауға шыққан кезінде түлкінің қуып келе жатқандардан жасырынып қалу үшін өзіне тамаша таныс жер жағдайын жаңылыспай пайдалана алатынды-

ғын және сол жердің өзінің ізінен адастыратын өзіне қолайлы қасиеттерінің бәрін жақсы білетіндігін, оны пайдалана алатындығын үнемі байқауға болады. Адамға үйір болуының арқасында неғұрлым жете дамыған үй жануарларымыздан қулық амалдарын күнбе-күн байқауға болады, олардың бұл амалдары балалардың дәл сондай амалдарымен бірдей деңгейде. Өйткені, ана құрсағында жатқан адам ұрығының даму тарихының өзі біздің хайуанат арғы тегіміздің құрт кезінен бастап миллиондаған жылдар бойына созылған табиғи дамуы тарихының тек қысқа түрде ғана қайталануы болып табылатыны сияқты, баланың рухани дамуының өзі де тек сол арғы тегіміздің,— ең болмағанда олардың неғұрлым бертіндегілерінің,— ақыл-ой дамуының онан да гөрі қысқа түрде қайталануы ғана болып табылады. Бірақ барлық жануарлардың жоспарлы әрекеттерінің бәрі де табиғатқа олардың еркінің таңбасын сала алмады. Мұны тек адам ғана істей алды.

Қысқасын айтқанда, жануарлар сыртқы табиғатты тек *пайдаланады* және онда өзінің болуы себепті ғана өзгерістер жасайды; ал адам өзінің енгізетін өзгерістері арқылы табиғатты өзінің көздеген мақсаттарына қызмет еткізеді, оған *үстемдік етеді.* Мұның өзі адамның былайғы жануарлардан ақырғы ең мәнді айырмашылығы болып табылады, ал адамның бұл айырмашылыққа ие болуы тағы да сол еңбектің арқасы*.

Алайда, өзіміздің табиғат жөніндегі жеңістерімізге тым масаттана бермейік. Әрбір осындай жеңісіміз үшін табиғат бізден кек алады. Рас, бұл жеңістердің әрқайсысының бірінші кезекте өзіміз күткен нәтижелері болады, бірақ екінші және үшінші кезекте тіпті екінің бірінде-ақ біріншісінің маңызын жойып кететін мүлде басқа, күтпеген нәтижелері болады. Месопотамияда, Грецияда, Кіші Азияда және басқа жерлерде егістік жер таппақ болған адамдар орман ағаштарын түп тамырымен қопара тазартқанда, осы арқылы өздерінің бұл елдерді ормандарымен бірге ылғалды жиып, сақтайтын орталықтарынан айырғаны, бұл елдердің қазіргі тып-типыл қалыпқа түсуін бастап бергені түстеріне де кірген жоқ. Альпылық итальяндар таулардың теріскей беткейінде мұқият сақталып күтілетін қылқанды ағаштарды таулардың оңтүстік баурайында кесіп тастағанда, олар осы арқылы өз аймағында биік тау жайлауларындағы мал шаруашылығының тамырына балта шабатындығын білмей қалды: олардың мұнан да бетер бір болжай алмаған нәрсесі — олар осы арқылы өздерінің таудан шығатын бұлақтарын жыл ішінде көп уақыт бойы сусыз қалдырды, ал қалың жаңбыр кездерінде бұл бұлақтардың суы қатты тасқындап, жазық даланы қаптап кетіп отырды. Европаға картопты әкеліп таратушылар өздері картоп-

* Беттің ашық шетіне: «Жақсаруы» деп жазылған. *Ред.*

тың ұнтақты түйнектерімен бірге ақпа ауруын жайып отырғандықтарын білмеді. Міне, сонымен, қадам аттаған сайын фактілердің біздің есімізге салатыны — біз табиғатты билегенде жаулаушының бөтен халықты билегеніндей әсте билей алмай отырмыз, табиғатты билегенде табиғаттан тыс тұрған біреудей болып билей алмай отырмыз,— қайта, біз өзіміздің тәнімізбен, қанымызбен, миымызбен сол табиғаттыкіміз және сол табиғаттың өз ішіндеміз, біздің табиғатқа жасайтын бар үстемдігіміз сол, біз басқа тіршілік иелерінен өзгеше табиғаттың заңдарын біле аламыз және ол заңдарды дұрыс қолдана аламыз.

Сөйтіп, біз шынында да, табиғаттың заңдарын барған сайын дұрыс түсінуді және оның табиғи барысына өзіміздің белсене араласуымыздың неғұрлым бергі нәтижелерін де, неғұрлым ілгеріректегі нәтижелерін де танып білуді күн санап үйреніп келеміз. Әсіресе біздің ғасырымызда жаратылыстану ғылымының зор табыстарға жеткен кезінен бастап біз өндіріс саласындағы өз әрекеттеріміздің ішінен ең болмағанда нағыз әдеттегі әрекеттердің неғұрлым ілгеріректегі табиғи нәтижелерін де есепке ала білуге, сөйтіп соларға үстемдік етуге бірден-бірге қабілетті болып келеміз. Ал мұның өзі фактіге неғұрлым көбірек айналған сайын, адамдар өздерінің табиғатпен бір екендігін тағы да соғұрлым көбірек сезініп қана қоймай, сонымен қатар мұны ұғынатын да болады, рух пен материя арасында, адам мен табиғат арасында, жан мен тән арасында әлденендей бір қарама-қарсылық бар дейтін мағынасыз және табиғи жат түсінік, классикалық ерте заман құлдыраған кезден бастап Европада өріс алып, христиандықта барынша өршіп кеткен түсінік, соғұрлым мүмкін болмайтын болады.

Ал егер біздің өндіріске бағытталған әрекеттеріміздің неғұрлым ілгеріректе болатын *табиғи* нәтижелерін белгілі дәрежеде күні бұрын ескеруге үйренуіміз үшін мыңдаған жылдар керек болған болса, онда бұл ғылым осы әрекеттердің неғұрлым ілгеріректегі *қоғамдық* нәтижелері жөнінде одан да гөрі әлдеқайда қиынға түсті. Біз жоғарыда картоп туралы және оның тарауымен бірге тараған ақпа ауруы туралы айттық. Бірақ жұмысшы халықтың тамағының бір ғана картопқа түсірілуінің тұтас елдердің халық бұқарасының тіршілік жағдайына тигізген салдарына қарағанда ақпа ауруы деген не? Картоп ауруының салдарынан 1847 жылы Ирландияны шарпыған және тек қана — немесе тек қана дерлік — картоппен тамактанатын бір миллион ирландты көрге кіргізген, ал екі миллион ирландты мұхиттың арғы жағына эмиграция жасатқызған ашаршылықпен салыстырғанда ақпа ауруы деген не! Арабтар ішкілік жасап шығаруды біліп алғанда, осы арқылы сол кезде әлі ашыла да қоймаған Американың байырғы халықтарын қырып жіберетін негізгі құралдардың бірін жасағаны арабтардың ойына да кіріп шықпа-

ды. Ал кейін Колумб осы Американы ашқанда, осы арқылы Европада әлдеқашан жоқ болып кеткен құлдық институтын қайта тірілтіп, негрлерді саудаға салудың негізін қалап бергенін білген жоқ. XVII және XVIII ғасырларда бу машинасын шығарумен шұғылданған адамдар бүкіл дүние жүзінде қоғамдық қатынастарды басқадан гөрі көбірек революцияландыратын және, әсіресе Европада, байлықты азшылықтың қолына жинап, орасан көпшілікті пролетарландыру арқылы, алдымен буржуазияға әлеуметтік және саяси үстемдік әперетін, ал сонан кейін буржуазия мен пролетариаттың арасында тап күресін туғызатын, буржуазияны құлатып, барлық таптық қарама-қарсылықтарды құртумен аяқталатын күресті туғызатын құрал жасайтындығын аңғармады.— Бірақ бұл салада да біз ұзақ, екінің бірінде қатаң тәжірибе арқылы және тарихи материалды салыстыру, оған талдау жасау арқылы өзіміздің өндірістік қызметіміздің жанама, неғұрлым ілгерідегі болатын қоғамдық нәтижелерін анықтауды бірте-бірте үйреніп отырмыз, ал осы арқылы біз бұл нәтижелерді де өзімізге бағындыруға, ретке салуға мүмкіндік алып отырмыз.

Алайда, осы ретке салуды жүзеге асыру үшін жай танымнан гөрі көбірек нәрсе керек болады. Бұл үшін біздің осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан өндіріс әдісімізде және сонымен бірге бүкіл қазіргі қоғамдық құрылысымызда түгелдей төңкеріс жасау керек болады.

Күні бүгінге дейін өмір сүріп келген өндіріс әдістерінің бәрі де еңбектің таяуда беретін, неғұрлым тікелей пайдалы нәтижелеріне жетуді ғана көздеді. Ал кейініректе ғана туатын және бірте-бірте қайталанып, жинақталудың арқасында әсер етіп отыратын бұдан былайғы жердегі нәтижелер мүлде есепке алынбады. Жерді алғашқы ортақ меншіктену, бір жағынан, адамдардың ой-өрісін тегінде неғұрлым жақындағы нәрседен әрі асырмаған даму деңгейіне сай еді, ал екінші жағынан, ол меншік тұсында белгілі бір артық бос жер болды, бұл артық бос жер осы қара дүрсін шаруашылықтың болуы ықтимал жаман нәтижелерін бәсеңсіту үшін белгілі өріс берді. Осы басы артық бос жер таусылған кезде ортақ меншік те құлдырай бастады. Ал осы ортақ меншіктен кейін болған өндірістің неғұрлым жоғары формаларының бәрі халықты түрліше таптарға бөлді, сөйтіп үстем таптар мен езілген таптар арасында қарама-қарсылық туғызды. Осыдан барып үстем таптың мүддесі өндірістің қозғаушы факторына айналды, өйткені өндіріс езілгендердің бейшаралық күн көрісін лаждап сүйемелдеу міндетімен тынған жоқ. Мұның өзі қазір Батыс Европада үстем болып отырған капиталистік өндіріс әдісінде неғұрлым толық жүзеге асырылды. Өндіріс пен айырбас ісінде үстемдік ететін жеке капиталистер өз әрекеттерінің ең тікелей пайдалы нәтижелерін ғана көздей

алады. Ол ол ма, тіпті осы пайдалы нәтиженің өзі де — әңгіме өндірілетін немесе айырбасталатын товардың пайдалылығы туралы болып отырғандықтан — мүлде кейінгі қатарға шығып қалады, сөйтіп товарды сатқан кезде пайда түсіру бірден-бір қозғаушы күшке айналады.

---

Буржуазияның қоғамдық ғылымы, классикалық саяси экономия көбінесе өндіріс пен айырбасқа бағытталған адам әрекеттерінің тікелей көзделетін қоғамдық нәтижелерімен ғана шұғылданады. Мұның өзі буржуазияның қоғамдық ғылымы теориялық көрінісі болып табылатын қоғамдық құрылысқа толық сай келеді. Жеке капиталистер өндіріспен және айырбаспен шұғылданғанда тікелей пайда табу үшін шұғылданатын болғандықтан, алдымен ең жақындағы, неғұрлым тікелей болатын нәтижелер ғана еске алынады. Жеке фабрикант немесе көпес өзі жасап шығарған немесе сатып алған товарын кәдімгі пайдамен сатқанда, ол бұған әбден қанағаттанады да, мұнан соң бұл товардың және оны сатып алған адамның күйінің не болатындығында оның мүлде ісі болмайды. Нақ осы әрекеттердің табиғи зардаптарының жайы да дәл сондай. Кубадағы испан плантаторлары тау беткейлеріндегі орманды өртеп, өртегеннен қалған күлінен табысты көп беретін кофе ағаштарының *бір* ұрпағына жеткен тыңайтқыш алса,— ал содан кейін тропикалық нөсер жаңбыр енді мұнан былай қорғауы болмаған жердің үстіңгі қыртысын жуып кетіп, өзінен соң құр жаланаш жартастарды ғана қалдырса, мұнда ол плантаторлардың не жұмысы бар! Қазіргі өндіріс әдісінің тұсында адам әрекетінің табиғи нәтижелеріне келгенде де, қоғамдық нәтижелеріне келгенде де негізінен алғашқы, анағұрлым айқын нәтиже ғана есепке алынады. Осыны көре тұра жұрт белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған әрекеттердің неғұрлым ілгеріректе болатын нәтижелері мүлде басқаша болып шығатынына, көбінесе оған мүлде қарама-қарсы болып шығатынына таңданады; сұраным мен ұсынымм арасындағы үйлестік өзіне мүлде қарама-қарсы түрге айналатынына таңданады, мұны әрбір он жылдағы өнеркәсіп циклінің барысы көрсетіп отыр және бұған «күйреу» кезінде[45] осындай айналудың кішкене бастамасын басынан кешірген Германияның да көзі жетті; кісінің өз еңбегіне негізделген жеке меншік өзінің сонан былайғы дамуында еңбекшілерде меншіктің болмауына айналмай қоймайтынына, ал барлық мүлік еңбекші еместердің қолына барған сайын жинала түсетініне таңданады; және [...] *

*Ф. Энгельс 1876 ж. жазған*

*Бірінші рет мына журналда басылған: «Die Neue Zeit», Bd. 2, № 44, 1895—1896*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 486—499-беттер*

* Қолжазба осы арада үзілген. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# КАРЛ МАРКС

Социализмге, ал осы арқылы біздің заманымыздың бүкіл жұмысшы қозғалысына да тұңғыш рет ғылыми негіз салып берген адам — Карл Маркс — 1818 жылы Трирде туды. Алғашында ол Бонн мен Берлинде правоны зерттеді, бірақ көп ұзамай бүтіндей тарих пен философияны зерттеумен шұғылданды да, 1842 жылдың өзінде-ақ доцент ретінде философиядан лекция оқуға кірісуге әзір болды, сол кезде III Фридрих-Вильгельм өлгеннен кейін шыққан саяси қозғалыс оның өмірін басқа арнаға бағыттады. Кёльндегі Рейн либерал буржуазиясының көсемдері — Кампгаузен, Ганземан мырзалар және басқалары Маркстің қатысуымен «Rheinische Zeitung-ті»[46] ұйымдастырды, сөйтіп Рейн провинциялық ландтағында* болған айтыстарды өзінің сынауы арқылы жұртқа зор әсер еткен Маркс 1842 жылдың күзінде газетті басқаруға шақырылды. Әрине, «Rheinische Zeitung» цензураның бақылауымен шығып тұрды, бірақ цензураның оған шамасы келмеді**. «Rheinische Zeitung» қажеті болған мақалаларды әрдайым дерлік басып шығара алды; алғашында цензорға сызып тастауы үшін оншама құнды емес материал берілетін болды, ақырында оның өзі райынан қайтқанға дейін немесе газет ертең шықпай қалады деп қорқытқаннан кейін көнуге мәжбүр болғанға дейін осылай жасалды. «Rheinische Zeitung»-тей табанды, теру шығынына бірнеше жүз артық талерді аямайтын шығарушылары бар тағы бір оншақты газет болған болса,— он-

---

* *К. Маркс.* «Алтыншы Рейн ландтағының айтыстары (бірінші мақала). Баспасөз бостандығы туралы және сословиелік жиналыстың протоколдарын жариялау туралы айтыстар»; «Алтыншы Рейн ландтағының айтыстары (үшінші мақала). Ағаш ұрлау туралы заң жөніндегі айтыстар» (қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 30—84 және 119—160-беттер). *Ред.*

** «Rheinische Zeitung»-тің бірінші цензоры полиция кеңесшісі Доллешаль болды, бір кезде «Kölnische Zeitung»-те»[47] Дантенің «Құдіретті комедиясын» *Филалеттің* (болашақ король Иоганн Саксонскийдің) аударғандығы туралы хабарландыруды сызып тастап, «Тәңірлік нәрседен комедия жасайтын ештеңе жоқ» деп ескерту жасаған сол болатын.

да 1843 жылдың өзінде-ақ Германияда цензура мүмкін болмай қалатын еді. Бірақ немістің газет меншікшілері қазымыр, қорғалақ тоғышарлар еді, сондықтан «Rheinische Zeitung» жалғыз өзі күрес жүргізді. Ол цензордың бірінен соң бірін саптан шығарып тастап отырды. Ақырында, ол үшін қос цензура қойылды, сөйтіп бірінші цензурадан кейін оны тағы да бір және ақырғы рет регирунгспрезидент қарап шығуға тиіс болған-ды. Бірақ мұның да көмегі болмады. 1843 жылдың басында үкімет бұл газетке дәнеңе де істеп болмайды деп мәлімдеді де, оған тура тыйым салды.

Сол кезде болашақ реакцияшыл министр фон Вестфаленнің қарындасына үйленген Маркс Парижге көшіп барды да, онда А. Ругемен бірге «Deutsch-Französische Jahrbücher»-ді[48] шығара бастады, мұнда ол «Гегельдің право философиясына сын»* деген еңбегімен өзінің социалистік шығармаларының сериясын бастады. Мұнан соң ол Ф. Энгельспен бірігіп «Қасиетті әулет. Бруно Бауэр мен К°-ге қарсы»** деген шығарманы бастырып шығарды, бұл — сол кездегі неміс философиялық идеализмі қабылдаған соңғы формалардың біріне жазылған сатиралық сын еді.

Саяси экономиямен және ұлы француз революциясының тарихымен шұғылдану ісі дегенмен Маркске реті келгенде Пруссия үкіметіне шабуыл жасау үшін әлі жеткілікті уақыт қалдырды; Гизоның министрлігі арқылы 1845 жылдың көктемінде Марксті Франциядан жер аудартып, Пруссия үкіметі одан кегін алды[49]. Александр фон Гумбольдт мырза, сірә, бұл істе араға жүруші ролін атқарған болу керек. Маркс Брюссельге көшіп барды да, 1847 жылы онда француз тілінде «Философия қайыршылығын», Прудонның «Қайыршылық философиясына» жазылған сынды, ал 1848 жылы «Сауда бостандығы туралы сөйленген сөзді» жариялады***. Сонымен қатар ол Брюссельде Неміс жұмысшы қоғамын[50] құрып, осы арқылы практика жүзінде үгіт жүргізуге кірісе алды. Маркс және оның саяси достары 1847 жылы бұған дейін талай жыл бойы өмір сүріп келе жатқан құпия Коммунистер одағына кіргеннен кейінгі жерде ол үшін үгіт жұмысының маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Бүкіл ұйым енді түп негізімен қайта құрылды; бұл кезге дейін азды-көпті заговорлық бірлестік болып келген бірлестік енді коммунистік насихаттың қарапайым, қажеті болғанда ғана құпия ұйымына, неміс социал-демократиялық партиясының *бірінші* ұйымына айналды. Одақ неміс жұмысшы қоғамдары болған жерлердің бәрінде де болды;

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 414—429-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 3—230-беттер. *Ред.*

*** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 65—185 және 404—418-беттер. *Ред.*

Англияның, Бельгияның, Франция мен Швейцарияның осындай қоғамдарының бәріндегі дерлік және Германияның өте көптеген қоғамдарындағы басшы мүшелер Одақтың мүшелері еді; сөйтіп жаңа туып келе жатқан неміс жұмысшы қозғалысына Одақ едәуір көлемде қатысты. Сонымен бірге біздің Одақ бүкіл жұмысшы қозғалысының халықаралық сипатын бірінші болып баса көрсетті және мұны іс жүзінде дәлелдеді, дәлелдегенде, өз мүшелерінің қатарына ағылшындарды, бельгиялықтарды, венгерлерді, поляктарды және басқаларын тарта отырып және халықаралық жұмысшы жиналыстарын, әсіресе Лондонда, өткізе отырып дәлелдеді.

Одақ 1847 жылы өткізілген екі конгресте қайта құрылды. Бұл конгрестердің екіншісінде манифест түрінде партия программасының негіздері жасалып, жариялансын деп қаулы етілді; бұл манифесті жазып шығу Маркс пен Энгельске тапсырылған болатын. «Коммунистік партияның манифесі»* осылай шықты, бұл манифест тұңғыш рет 1848 жылы, февраль революциясының аз-ақ алдында пайда болды, ал сонан соң европалық тілдердің бәріне дерлік аударылды.

Отанның полицейлік аманшылығын аяусыз әшкерелеген «Deutsche-Brüsseler-Zeitung»-ке[51] Маркстің қатысуы Пруссия үкіметінің тағы да Маркстің жер аударылуын талап етуіне сылтау болды, бірақ бұдан ештеңе шыққады. Алайда февраль революциясының нәтижесінде Брюссельде де халық толқулары басталып, Бельгия төңкерістің қарсаңында тұрған сияқты болып көрінген кезде, Бельгия үкіметі ешқандай әдеп сақтамай-ақ Марксті қамауға алып, оны жер аударып жіберді. Ал бұл кезде Францияның уақытша үкіметі Флокон арқылы оны Парижге қайтып келуге шақырды, сөйтіп ол осы шақыруды пайдаланды.

Парижде ол ең алдымен сонда тұрған немістердің Францияда неміс жұмысшыларынан қарулы легиондар құрып, сол легиондардың көмегімен Германияға революция мен республика енгізуді ойластырған авантюрасына қарсы шықты. Бір жағынан, Германия өзінің революциясын өзі жасауға тиіс еді; екінші жағынан, Францияда құрылатын шетел революцияшыл легионының қай-қайсысын болсын уақытша үкіметтің Ламартиндері құлатылуы керек үкіметтің дәл өзіне күн ілгері әйгілеп беріп отырды; Бельгия мен Баденде де осылай болды.

Март революциясынан кейін Маркс Кёльнге көшіп барды да, онда 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін өмір сүрген *«Neue Rheinische Zeitung»*-ті — сол кездегі демократиялық қозғалыста пролетариаттың көзқарасын білдірген бірденбір газетті — құрды. Мұның өзі басқасын айтпағанда, оның

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 106—137-беттер. *Ред.*

1848 жылғы июньдегі Париж көтерілісшілеріне[52] сөзсіз тілектестігінен де көрінді, осы үшін газеттен оның акционерлерінің бәрі дерлік безді. «Kreuz-Zeitung»[53]: «Neue Rheinische Zeitung» «Чимборасо арсыздығымен» қасиетті дегеннің бәріне — король мен империялық өкіл-әкімнен бастап ақырғы жандармға дейін шүйлігіп отыр, шүйліккенде де, сол кезде сегіз мың адам гарнизоны бар прусс қамалында шүйлігіп отыр деп көрсетіп босқа әуре болды; кенеттен реакцияшыл болып кеткен Рейннің либерал филистерлері босқа бұлқан-талқан болды; 1848 жылдың күзінде Кёльндегі қоршаудағы жағдай газетті ұзақ уақыт босқа шығартқызбай тастады; Франкфурттың империялық юстиция министрлігі Кёльн прокурорынан мақалалардың бірінен соң бірін сот қудалауына салуды талап етіп босқа әуре болды,— полицияның көз алдында газет тып-тыныш редакцияланып, басылып шыға берді, ал оның жұртқа таралуы мен даңқы оның үкімет пен буржуазияға қатты шабуыл жасауымен бірге арта түсті. 1848 жылғы ноябрьде Пруссияда мемлекеттік төңкеріс болған кезде, «Neue Rheinische Zeitung» әрбір номердің басында халықты салық төлемеуге, зорлыққа зорлықпен жауап беруге шақырып отырды. 1849 жылдың көктемінде осы үшін және мақалалардың тағы біреуі үшін газет присяжныйлар сотына берілген болатын, бірақ бұл екі жолы да ақталды. Ақырында, Дрезденде және Рейн провинциясында 1849 жылы майда болған көтерілістер[54] басып-жанышталған кезде, едәуір әскер күштері жиналып, мобилизацияланғаннан кейін Баден-Пфальц көтерілісіне қарсы пруссактардың жорығы басталған кезде күш қолданып, «Neue Rheinische Zeitung»-ті құрту үшін үкімет өзін жеткілікті дәрежеде күштімін деп есептеді. Газеттің қызыл бояумен басылған соңғы номері 19 майда шықты.

Маркс қайтадан Парижге кетті, бірақ 1849 жылғы 13 июньдегі демонстрациядан[55] кейін бірнеше аптадан соң-ақ оны француз үкіметі екінің бірін таңдауға — не Бретаньда тұруға, не болмаса Франциядан кетуге — мәжбүр етті. Ол соңғысын таңдауды жөн көріп, Лондонға көшіп барды, күні бүгінге дейін сонда тұрады.

«Neue Rheinische Zeitung»-ті шолу журналы түрінде одан әрі шығарып тұру әрекетін (1850 ж.— Гамбургта)[56] реакцияның барған сайын күшейе түсуі себепті біраз уақыттан кейін қоюға тура келді. Францияда мемлекеттік төңкеріс болғаннан кейін іле-шала, 1851 жылғы декабрьде Маркс «Луи Бонапарттың 18 брюмерін» жариялады* (Нью-Йорк, 1852; 2-басылуы — Гамбург, 1869, соғыстың біраз алдында). 1853 жылы ол «Коммунистерге жасалған Кёльн процесі туралы әскерелеулерін» жазды

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 412—503-беттер. *Ред.*

(алғашында Базельде, кейіннен — Бостонда, жуырда тағы — Лейпцигте басылды)*.

Кёльнде Коммунистер одағының мүшелері сотталғаннан кейін[57] Маркс саяси үгітті қойып, бір жағынан, саяси экономия саласында Британия музейінің кітапханасында болған бай қазынаны он жыл бойына зерттеумен шұғылданды, екінші жағынан,—«New-York Daily Tribune»-ге[58], Америкада Азамат соғысы[59] басталғанға дейін Маркс қол қойған хат-хабарларды ғана емес, сонымен қатар Европа мен Азиядағы жағдай туралы оның қаламынан шыққан толып жатқан бас мақалаларды да басып отырған осы газетке ат салысып тұрды. Оның ағылшынның ресми документтерін мұқият зерттеуге негізделіп, лорд Пальмерстонға қарсы жазылған өткір мақалалары** Лондонда памфлет түрінде қайыра басылып отырды.

Оның саяси экономиямен көп жыл бойы шұғылдануының алғашқы жемісі 1859 жылы шыққан «Саяси экономия сыны жөнінде» деген шығармасы болды, бірінші кітабы (Берлин, Дункер баспасы)***. Бұл шығармада ақша туралы ілім қоса қамтылып, құнның маркстік теориясы тұңғыш рет жүйелі түрде баяндалған. Итальян соғысының[60] кезінде Маркс Лондонда шығып тұрған «Das Volk»[61] деген неміс газетінде сол кезде либералдық түрге боялып, езілген ұлттарды азат етуші ролін атқарғансыған бонапартизмге қарсы күресті, сонымен қатар бейтараптық дегенді жамылғы етіп, әуре-сарсаң жағдайды пайдаланып қалған Пруссияның сол кездегі саясатына да қарсы күресті. Мұнымен қатар Карлдың Фогт мырзаға да қарсы шығуына тура келді; Фогт бұл кезде, принц Наполеонның (Плон-Плонның) тапсыруы бойынша, Луи-Наполеоннан жалақы алып, бейтарап болуға үгіттеді, тіпті Германия тарапынан тілектестік болуы үшін де үгіттеді. Фогт үсті-үстіне нағыз зұлымдық, көрінеу жалған-жала жапқан Маркс «Фогт мырза» (Лондон, 1860)**** деген кітаппен жауап берді; бұл кітабында ол Фогтты және Бонапарттың жалған демократиялық шайкасындағы басқа да мырзаларды әшкереледі және әрі сыртқы, әрі ішкі мәліметтерге сүйене отырып, Фогтты, оның декабрь империясына сатылып кеткендігін ашып, әшкереледі. Тура он жылдан кейін бұл расталды: бонапарттық жалдамалылардың 1870 жылы Тюильриде[62] табылып, сентябрь үкіметі[63] жариялаған тізімінде тиісті әріптің тұсында

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 423—491-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 9-том, 357—425-беттер. *Ред.*

*** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 1—167-беттер. *Ред.*

**** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 14-том, 395—691-беттер. *Ред.*

мынадай жазу болған: «Фогт—1859 жылғы августа оған... 40 000 франк берілді».

Ақырында, 1867 жылы Гамбургте «Капитал. Саяси экономия сыны, бірінші том»*— Маркстің ең басты шығармасы шықты; онда оның экономикалық және социалистік көзқарастарының негіздері, сонымен қатар оның қазіргі қоғамға, капиталистік өндіріс әдісі мен оның зардаптарына жасаған сынының негіздері баяндалды. Тұтас бір заманның тұлғасы болған бұл шығарманың екінші басылуы 1872 жылы шықты. Қазіргі кезде автор екінші томын өндеп жатыр.

Ал оның бер жағында Европаның әр түрлі елдерінде жұмысшы қозғалысының қайтадан нығайғаны сонша, Маркстің өзінің ежелгі тілегін жүзеге асыруды ойластыруына мүмкіндігі болды, ол тілегі: Европа мен Американың неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерін қамтитын жұмысшылар серіктігін құру еді; бұл серіктік жұмысшылардың өздерінің көз алдында да, буржуазия мен үкіметтердің көз алдында да пролетариатты қуанышқа бөлеп, нығайтып, оның жауларының үрейін алып, социалистік қозғалыстың халықаралық сипатының, былайша айтқанда, нағыз өзін көрсетуі керек еді. Жақында ғана Россия қайта жаныштаған Польшаға тілектестік білдіру ретінде 1864 жылы 26 сентябрьде Лондонда, Сент-Мартинс-холлда шақырылған халық жиналысы жұрт зор жігермен қабылдаған осы ұсынысты ұсынуға себеп болды. *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі* құрылды; жиналыста Уақытша Бас Совет сайланды, оның тұратын жері Лондон болып белгіленді, ал Гаага конгресіне[5] дейінгі бұдан былайғы барлық бас советтер сияқты, бұл Уақытша Бас Советтің де дем берушісі Маркс болды. Интернационалдың Бас Советінің шығарған документтерінің барлығын дерлік — 1864 жылғы Құрылтай Манифесінен 1871 жылы Францияда болған азамат соғысы туралы үндеуге** дейін — Маркс жазды. Маркстің Интернационалдағы қызметін суреттеп шығу деген сөз осы қоғамның өзінің тарихын жазып шығу болар еді, оның үстіне бұл қоғам европалық жұмысшылардың есінен әлі де кеткен жоқ.

Париж Коммунасының құлауы Интернационалды өте-мөте ауыр халге ұшыратты. Интернационал европалық тарихтың алдыңғы қатарына шыққан кезде оған барлық жерде де қандай да болсын ойдағыдай практикалық іс істеуіне мүмкіндік қалмаған еді. Оны жетінші ұлы державаның дәрежесіне дейін көтерген оқиғалар, сонымен бірге оған жұмысшы қозғалысының даусыз жеңілу және ондаған жылдар бойына жаныштану қаупінсіз өз жауынгер күштерін жұмылдырып, іске қосуына мүмкіндік

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 2-том, 5—13 және 216—262-беттер. *Ред.*

бермеді. Мұның үстіне Интернационалдың шын жағдайын түсінбей немесе онымен санаспай, өзінің қара басының менмендігін немесе қара басының атаққұмарлығын қанағаттандыру үшін Серіктіктің сондайлық тез артқан даңқын пайдалануға тырысқан элементтер тұс-тұстан шыға бастады. Ерлік шешімге келу керек болды; мұндай шешімге тағы да нақ сол Маркс келіп, оны Гаага конгресінде жүзеге асырды. Осы парасатсыз, арамза элементтердің орталығы болған бакунистердің әрекеттеріне өзінің ешбір жауапты еместігін Интернационал салтанатты қаулымен мәлімдеді; мұнан соң, жаппай реакция жайлап отырғанда Интернационалға қойылған жоғары талаптарға жауап беру және жұмысшы қозғалысын қансырататын бірқатар құрбандыққа бармайынша өз жұмысын бар көлемінде жүргізіп отыру мүмкін болмағандықтан,— Интернационал сахнадан уақытша кетіп, Бас Советті Америкаға көшіру туралы шешім қабылдады. Мұнан былайғы оқиғалар сол кезде де, кейіннен де талай рет айыпталған бұл шешімнің дұрыс болғанын көрсетті. Бір жағынан, Интернационалдың атынан пайдасыз бүліктер шығару әрекеттерінің қандайына болса да тыйым салынды, екінші жағынан, әр түрлі елдердің социалистік жұмысшы партияларының арасындағы үзілмеген тығыз байланыс барлық елдер пролетариатының мүдделерінің бірлігі мен ынтымағын Интернационалдың оятуымен ұғыну сезімі тіпті ресми құрылмаған интернационалдық бірлестіксіз де өзіне жол сала алатынын дәлелдеп берді, мұндай бірлестіктің байланыстары қазіргі кезде бұғауға айналған болар еді.

Гаага конгресінен кейін Маркс, ақырында, өзінің теориялық жұмысымен қайтадан шұғылдануы үшін тыныштық, бос уақыт алды, сондықтан осы жуырдағы біраз уақыттың ішінде ол «Капиталдың» екінші томын баспаға бере алар деп сенуге болады.

Маркстің есімін ғылымның тарихына енгізген ол ашқан көптеген маңызды жаңалықтардың ішінен бұл арада біз тек екеуіне ғана тоқтала аламыз.

Олардың біріншісі оның бүкіл дүние жүзілік тарихты бүкіл түсіну саласында жасаған төңкерісі болып табылады. Тарих жөніндегі бұрынғы көзқарастардың бәріне барлық тарихи өзгерістердің себебін түптеп келгенде адамдардың өзгеріп отыратын идеяларынан іздеу керек, барлық тарихи өзгерістердің ішінен бүкіл тарихты билейтін ең маңыздылары саяси өзгерістер болып табылады деген ұғым негіз болды. Бірақ адамдарда идеялар қайдан пайда болады, саяси өзгерістердің қозғаушы себептері қандай — бұл жөнінде ойластырылған жоқ. Француз тарихшыларының, ішінара ағылшын тарихшыларының да ең жаңа бағытында ғана — Европа тарихының қозғаушы күші, ең болмағанда орта ғасырлар заманынан бері, дамып келе жатқан буржуазияның феодалдық дворяндарға қарсы, қоғамдық және саяси

үстемдік үшін жүргізген күресі болды деген пікір пайда болды. Ал Маркс мынаны дәлелдеді: адамзаттың бүкіл бұрынғы тарихы таптар күресінің тарихы болды, бүкіл алуан түрлі, шиеленіскен саяси күресте әңгіме әрдайым нақ сол қоғамның белгілі бір таптарының қоғамдық және саяси үстемдігі туралы, ескі таптардың өз үстемдіктерін сақтауы туралы, жоғары өрлеп келе жатқан жаңа таптардың үстемдікке жетуі туралы болып отырды. Бірақ бұл таптар ненің себебінен пайда болып, өмір сүреді? Барлық уақытта да сол кезде бар материалдық, нағыз табиғи түрде сезілетін жағдайлардың себебінен пайда болады, қоғам бұл жағдайларда әрбір белгілі заманда күн көріс заттарын өндіріп, айырбастап отырады. Орта ғасырлардағы феодалдық үстемдік өз алдына мәні бар ұсақ дербес шаруа қауымдарының шаруашылығына сүйенді, бұл шаруа қауымдары өздерінің тұтынуларына керекті заттардың бәрін дерлік өздері өндіріп отырды, айырбас дегенді білмеді деуге болады және айбарлы дворяндар бұларды сыртқы жаулардан қорғап отырды, оларға ұлттық немесе, ең болмағанда, саяси байланыс орнатып берді; ал қалалар пайда болған кезде, олармен бірге өзіне оқшау қолөнер кәсібі мен алғашында ел ішінде, ал сонан кейін халықаралық көлемде сауда айналысы пайда болған кезде қала буржуазиясы дамыды; бұл қала буржуазиясы сонау орта ғасырлардың өзінде дворяндарға қарсы күресте артықшылығы бар сословие ретінде феодалдық системадан да өзіне орын жеңіп алған болатын. Алайда, Европадан тысқарғы жерлердің ашылуымен, XV ғасырдың ортасынан бастап буржуазия сауда жұмысын жүргізу үшін анағұрлым байтақ жерге ие болды және мұның өзі оның өз өнеркәсібін өркендетуіне жаңа қозғаушы күш болды; аса маңызды салаларда қолөнерді өзінің сипаты жағынан көптен фабрикалық болған мануфактура ығыстырып шығарды, ал мануфактураны өз ретінде ірі өнеркәсіп ығыстырып шығарды; бұл ірі өнеркәсіп өткен ғасырдағы өнертабыстың арқасында, әсіресе бу машинасын ойлап шығарудың арқасында мүмкін болды. Ал ірі өнеркәсіп артта қалған елдерде ескі қол еңбегін ығыстыра отырып, ал неғұрлым дамыған елдерде қазіргі заманның жаңа қатынас құралдарын: пароходтарды, темір жолдарды, электр телеграфын жасай отырып, саудаға қайтара ықпал етті. Сөйтіп буржуазия қоғамдық байлық пен қоғамдық күшті бірте-бірте өз қолына жинап алды, бірақ дворяндардың және оларға арқа сүйеген король өкіметінің қолында қалып отырған саяси өкімет билігінен әлі көпке дейін құр алақан болды. Бірақ дамудың белгілі бір сатысына келгенде — Францияда ұлы революцияның кезінен бастап — буржуазия саяси өкімет билігін де жеңіп алды, сөйтіп, өз ретінде, пролетариат пен ұсақ шаруалар жөнінде үстем тапқа айналды. Осы тұрғыдан қарағанда,— әрине, қоғамның осыған сай кезеңіндегі экономикалық жағдайымен жеткілікті таныс

болғанда (ал біздің тарихшы мамандарымызда бұл атымен жоқ),— барлық тарихи құбылыстарды оп-оңай түсіндіруге болады, сондай-ақ әрбір белгілі тарихи дәуірдің ұғымдары мен идеяларын да экономикалық тұрмыс жағдайлары арқылы және әлгі дәуірдің осы жағдайлардан туған қоғамдық және саяси қатынастары арқылы нақ осылай оп-оңай түсіндіруге болады. Тарих тұңғыш рет өзінің шын негізіне қойылады; ап-айқын болғанымен, жұрт күні бүгінге дейін аңғармай келген фактінің, адамдар үстемдік үшін күреспей тұрып, саясатпен, дінмен, философиямен және тағы басқалармен шұғылданбай тұрып, ең алдымен олардың ішіп-жеуі, тұрғын үйлері болуы, киім киінуі және, олай болса, олардың *еңбек етуі* керек болатын фактінің, міне осы ап-айқын фактінің енді, ақырында келіп, тарихи праволары мойындалып отыр.

Дүниеге социалистік көзқарас үшін тарихты осылай жаңаша түсінудің барынша зор маңызы болды. Оның дәлелдегені сол — бүкіл тарих күні бүгінге дейін таптардың антагонизмі мен күресі жолымен жүріп келеді, үстем таптар мен бағынышты таптар, қанаушы және қаналушы таптар әрқашан болды және адам баласының орасан көпшілігі әрдайым да тыйтықтап еңбек етіп, жартымсыз тіршілік етуге душар болып келді. Ал мұның себебі не? Мұның себебі тек мынада ғана: адам баласы дамуының бұрынғы сатыларының бәрінде де өндірістің нашар дамығаны соншалық, тарихи даму осы антагонистік формада ғана жүре алатын еді, тарихи прогресс жасау жалпы алғанда артықша дәрежедегі болмашы азшылықтың қолына беріліп қойған еді, ал орасан көп бұқара болса, өздеріне мардымсыз ғана күн көріс заттарын табуға мәжбүр болды және, оның үстіне, артықша дәрежедегілердің байлықтарын үнемі арттыра беруге мәжбүр болды. Бірақ бұған дейін өмір сүріп келген таптық үстемдікті табиғи түрде, ақылға сыйымды етіп түсіндіріп келген тарихты осылайша түсіндірудің өзі,— мұны басқаша түсіндіргенде адамдардың зұлым еркінен ғана деп түсіндіруге болады,— сонымен қатар мынадай сенімге келтіреді: қазіргі кезде өндіргіш күштердің орасан зор дамуының нәтижесінде адамдарды үстемдік етушілер мен бағыныштылар, қанаушылар мен қаналушылар деп бөлудің ең соңғы негізі жойылады, ең болмағанда анағұрлым алдыңғы қатарлы елдерде жойылады; үстемдік етуші ірі буржуазия енді өзінің тарихи ролін атқарып болды, бұл буржуазияның ендігі жерде қоғамға басшылық ете алмайтыны былай тұрсын, сонымен қатар ол тіпті өндірістің онан әрі дамуына бөгет болатын кедергіге де айналып отыр, мұны сауда дағдарыстары — әсіресе соңғы орасан зор күйреу[45]— және өнеркәсіптің барлық елдегі ауыртпалықты күйі дәлелдеп отыр; тарихи басшылық ендігі жерде пролетариаттың қолына — өзінің қоғамдағы орнының барлық жағдайлары бойынша таптық үстемдік атаулыны, құл-

дық атаулыны және жалпы қанау атаулыны құрту арқылы ғана өзін азат ете алатын таптың қолына — көшті; қоғамдық өндіргіш күштердің өскендігі соншалық, буржуазия енді ол күштердің үдесінен шыға алмайды, сондықтан осы қоғамдық өндіргіш күштер өздеріне біріккен пролетариаттың ие болып, мынадай құрылыс орнатуын ғана күтеді: ол құрылыс қоғамның әрбір мүшесіне қоғамдық байлықтарды өндіру ісіне ғана емес, сонымен қатар оларды бөлу және басқару ісіне де қатысуына мүмкіндік береді және ол құрылыс бүкіл өндірісті жоспарлы түрде ұйымдастыру арқылы қоғамның өндіргіш күштері мен сол күштер жасап шығаратын өнімдерді сондай бір мөлшерге дейін арттырады, мұның өзі әркімге оның орынды керектерінің үнемі өсіп отыратын мөлшерде қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін болады.

Маркстің ашқан екінші бір маңызды жаңалығы — капитал мен еңбектің арасындағы қатынасты біржолата анықтағандығы, басқаша айтқанда, қазіргі қоғамның ішінде, өмір сүріп отырған капиталистік өндіріс әдісінің тұсында капиталистің жұмысшыны қалай қанайтындығын әйгілегендігі болып табылады. Саяси экономия еңбек байлық атаулы мен құн атаулының бәрінің көзі болып табылады деген қағиданы алға қойған кезден бастап, сөзсіз мынадай сұрақ туды: бұл қағиданы жалдама жұмысшы өзінің еңбегімен өндірілген құнның бәрін түгел алмай, оның бір бөлегін капиталиске беруге тиісті екендігімен қалай сыйыстыруға болады? Ақырында келіп, Маркс өз шешімін айтқанға дейін, буржуазиялық экономистер де, социалистер де бұл сұраққа ғылыми негізделген жауап береміз деп босқа әуреленді. Бұл шешім мынадай. Қазіргі капиталистік өндіріс әдісі екі қоғамдық тап болуын: бір жағынан, өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарына ие капиталистердің болуын, екінші жағынан, қолында бұлардың екеуі де жоқ, сату үшін бір ғана товарға: өзінің жұмыс күшіне ие пролетарлардың болуын керек етеді; ал пролетарлар қажетті тіршілік заттарын алу үшін өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр. Бірақ товардың құны оны өндіруде, олай болса, ұдайы өндіруде де затқа айналған қоғамдық қажетті еңбектің мөлшерімен белгіленеді; демек, бір орташа адамның бір күннің, бір айдың, бір жылдың ішіндегі жұмыс күшінің құны осы жұмыс күшін бір күн, бір ай, бір жыл сақтауға қажетті тіршілік заттарының жиынында затқа айналған еңбектің мөлшерімен белгіленеді. Жұмысшының бір күндік тіршілік заттарын өндіру үшін алты сағаттық жұмыс уақыты керек болады дейік немесе — мұның өзі бәрібір — сол тіршілік заттарының бойындағы еңбек алты сағаттық еңбекке тең дейік; олай болса бір күн ішіндегі жұмыс күшінің құны өзіне алты жұмыс сағаты сіңген ақша сомасымен белгіленеді. Мұнан соң, жұмысшыға жұмыс берген капиталист оған бұл соманы төлейді, яғни оның

жұмыс күшінің толық құнын төлейді дейік. Егер, осылайша жұмысшы капиталиске күніне алты сағаттан еңбек істесе, онда ол капиталиске оның шығарған шығынының орнын толығымен толтырған болар еді, яғни алты сағаттық еңбек үшін алты сағат еңбек істеп берер еді. Бұлай болған ретте капиталиске, әрине, дәнеңе де тимес еді; сондықтан капиталист істің жайын мүлде өзгеше түсінеді: мен,— дейді ол,— бұл жұмысшының күшін алты сағатқа сатып алғаным жоқ, тұтас бір күнге сатып алдым; сондықтан да капиталист жағдайға қарай жұмысшыға 8, 10, 12, 14 және одан да артық сағат жұмыс істеткізеді, сөйтіп жетінші, сегізінші және сонан былайғы сағаттардың өнімі ақы төленбеген еңбектің өнімі болып табылады да, тура капиталистің қалтасына түседі. Сонымен, капиталиске қызмет еткен жұмысшы өзінің капиталист ақы төлеген жұмыс күшінің құнын жаңадан өндіріп қана қоймайды, оның үстіне тағы *қосымша құн* өндіреді, бұл қосымша құнды алғашында капиталист иеленеді, ал сонан былайғы жерде белгілі экономикалық заңдар бойынша тұтасынан бүкіл капиталистер табы арасында бөлінеді, сөйтіп өзінен жер рентасы, пайда, капиталдың қорлануы шығатын қордың көзін жасайды,— қысқасы, еңбек етпейтін таптар тұтынатын немесе жиятын барлық байлықты жасайды. Алайда, мұнымен мына жағдай дәлелденді: қазіргі капиталистердің баюы, құл иеленушілердің немесе крепостнойлық еңбекті қанаған феодалдардың баюынан кем емес дәрежеде ақысы төленбеген бөтен еңбекті иемдену арқылы болады және қанаудың бұл формаларының бәрінің бірінен бірінің айырмашылығы сол ақы төленбеген еңбекті иемдену әдісінде ғана. Бірақ мұнымен дәулетті таптардың: қазіргі қоғамдық құрылыста право мен әділеттілік, праволар мен міндеттердің теңдігі және мүдделердің жаппай жарастығы болып отыр дейтін екі жүзді жел сөздерінің ең соңғы тірегі құртылды, сөйтіп қазіргі буржуазиялық қоғам бұдан бұрынғы қоғамдардан кем әшкереленген жоқ, халықтың орасан көпшілігін шамалы ғана, үнемі азая беретін азшылықтың қанауы үшін орнаған орасан зор мекеме ретінде әшкереленді.

Қазіргі ғылыми социализм маңызды-маңызды осы екі негізге негізделіп отыр. «Капиталдың» екінші томында осы және капиталистік қоғамдық системаны зерттеу саласында маңызы бұлардан еш кем емес басқа да ғылыми жаңалықтар әрі қарай дамытылады, ал мұнымен бірге саяси экономияның бірінші томда әлі сөз болмаған жақтары да түбірінен қайта қаралатын болады. Аз уақыттың ішінде осы томды баспаға беруіне Маркстің мүмкіндігі болуына тілектестік білдірейік.

*Ф. Энгельс 1877 ж. июньнің орта шенінде жазған*

*1878 ж. Брауншвейгте шыққан «Volks-Kalender» — альманағында басылған*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 19-том, 105—115-беттер*

К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС

# НҰСҚАУ ХАТТАН

А. БЕБЕЛЬГЕ, В. ЛИБКНЕХТКЕ, В. БРАККЕГЕ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРҒА[64]

## III. ЦЮРИХ ҮШТІГІНІҢ МАНИФЕСІ

Дәл осы кезде Хёхбергтің «Jahrbuch»-ы[65] келді, мұнда «Германиядағы социалистік қозғалыстың ретроспективтік шолуы» деген мақала бар. Бұл мақаланы, Хёхбергтің өзінің маған хабарлауынша, Цюрих комиссиясының нақ үш мүшесінің* өздері жазған, сондықтан бұл мақала бұрынғы қозғалысқа бұл мырзалардың тарапынан жасалған нағыз сын болып табылады, демек жаңа газеттің де[66] нағыз программасы болып табылады, өйткені газеттің бағытын осы адамдар белгілейді.

Ең басынан-ақ мынаны оқимыз:

> «Лассаль зор саяси маңыз берген, оған ол жұмысшыларды ғана емес, барлық адал демократтарды да шақырған қозғалыс, ғылымның тәуелсіз өкілдері және *адамға деген шын сүйіспеншілікпен жігерленгендердің бәрі бастаушы болып* жүруге тиісті болған қозғалыс И. Б. Швейцердің басшылығымен ұсақтап, *өнеркәсіп жұмысшыларының өз мүдделері жолындағы сыңаржақ күресіне* айналып кетті».

Мен мұның өзі шындыққа сәйкесе ме және қаншалық сәйкеседі деген мәселемен шұғылданып жатпаймын. Бұл арада Швейцерге тағылып отырған ерекше кінә: ол, Швейцер, бұл арада буржуазиялық-демократиялық-филантропиялық қозғалыс деп танылатын лассальшылдықты өнеркәсіп жұмысшыларының өз мүдделері жолындағы сыңаржақ күресінің дәрежесіне *түсірді* деуде болып отыр**; ал шындығында ол қозғалысты өнеркәсіп

---

* К. Хёхберг, Э. Бернштейн және К. А. Шрамм жазған. *Ред.*

** Мұнан әрі қолжазбада мына сөздер сызылып тасталған: «Швейцер оңбаған адам еді, бірақ сонымен бірге ол өте талантты адам еді. Оның сіңірген еңбегі нақ мынада болды: ол мемлекеттік көмектің шектеулі шипасымен қоса бастапқы тар өрісті лассальшылдықты күйретті... Қара басының қамын ойлап не істесе де және өзінің гегемониясын сақтауға тырысып, бәріне шипалы лассальдық мемлекеттік көмекті қаншама тықпаласа да,— дегенмен оның сіңірген еңбегі мынада: ол бастапқы тар өрісті лассальшылдықты ойсыратты, өз партиясының экономикалық ой-өрісін кеңейтті, сөйтіп оның кейіпнен барып біртұтас герман партиясына кіруін әзірледі. Пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресін,—революциялық социализм атаулының осы ұйытқысын,—

жұмысшыларының буржуазияға қарсы тап күресі ретінде іс жүзінде *тереңдетті*. Сонан соң оны, Швейцерді, ол «буржуазиялық демократияны сыртқа тепті» деп кінәлайды. Бірақ буржуазиялық демократияның орны социал-демократиялық партияда ма екен? Егер буржуазиялық демократия «адал адамдардан» құрылатын болса, онда партияның құрамына кіру ниеті буржуазиялық демократияда тумайды да, ал егер ол дегенмен бұған ұмтылатын болса, онда ол тек зұлымдық жасау үшін ғана ұмтылады.

Лассальдық партия «өзін *жұмысшы партиясы* ретінде *нағыз сыңаржақ* түрде ұстауды артық көрді». Мұны жазып отырған мырзалар жұмысшы партиясы ретінде өзін нағыз сыңаржақ түрде ұстап отырған партияның мүшелері және қазір онда ресми қызмет орындарын алып отырғандар. Мұның өзі бір-бірімен мүлде сыйыспайтын нәрселер. Егер олар өздерінің жазғанындай ойлайтын болса, онда олар партиядан шығуға тиіс немесе тым болмағанда өздері алып отырған қызмет орындарынан бас тартуға тиіс. Егер олар бұлай істемейді екен, онда олар мұнысымен өздерінің ресми жағдайын партияның пролетарлық сипатына қарсы күресу үшін пайдалануға ниеттеніп отырғандығын мойындайды. Сөйтіп, оларды ресми қызмет орындарында қалдырып, партия өзін өзі ұстап беріп отыр.

Сонымен, бұл мырзалардың пікірінше, социал-демократиялық партия сыңаржақ жұмысшы партиясы болуға *тиіс* емес, «адамға деген шын сүйіспеншілікпен жігерленгендердің бәрінің» жан-жақты партиясы болуға тиіс. Мұны дәлелдеу үшін партия ең алдымен тұрпайы пролетарлық құлшыныстарынан безуге тиіс, сөйтіп білімді және филантропиялық ниеттегі буржуалардың басшылығымен «жақсы талғамға үйреніп», «жақсы әдетке жаттығуы» керек (85-бет). Сонда кейбір көсемдердің «әдепсіз мінездері» өнегелі «буржуазиялық мінездерге» орын береді (бұл жерде айтылып отырғандардың сыртқы әдепсіз мінездері оларды кінәлауға болатын нәрселердің ішіндегі ең бір елеусізі емес секілді!). Сонда барып көп күттірмей-ақ:

> «*білімді* және *дәулетті* таптардың ішінен *көптеген жақтастар* шығады. Үгіт *елеулі табыстарға* жеткізу үшін... нақ *соларды* өзімізге тарту қажет». Герман социализмі *«бұқараны* өзіне қаратып алуға тым зор маңыз берді және бұл орайда қоғамның жоғары

---

Лассаль да уағыздаған болатын. Егер Швейцер бұл пунктті онан сайын баса көрсеткен болса, онда мұның өзі, ол өз диктатурасы үшін қауіпті адамдарға күдік туғызу үшін осы жайды қаншалық шебер пайдаланғанына қарамастан, қалай болғанда да, істің шын мәніне келгенде, ілгері басылған қадам болды. Онын лассальшылдықты *өнеркәсіп* жұмысшыларының өз мүдделері жолындағы *сыңаржақ* күресіне айналдырғаны әбден рас. Бірақ оның бұл күресті сыңаржақ күрес еткендігінің себебі мынау ғана: қарабасын ойлаған саяси себептерінің салдарынан ол село жұмысшыларының ірі жер иелеріне қарсы күресі туралы ештеңе білгісі келмеді. Алайда оны бұл үшін кінәламайды, қайта оны...» *Ред.*

топтары дейтіндердің арасында пәрменді» (!) «насихат жүргізуге мән бермеді». Өйткені «рейхстагта партияның өкілі бола алар-лықтай адамдар партияда әлі де болса жетіспей отыр». Алайда «тністі проблемаларды тиянақты түрде зерттеуге уақыты мен мүмкіншілігі болған адамдарға мандаттарды сеніп тапсыруға әбден болады, тіпті қажет те. Қарапайым жұмысшы мен ұсақ қолөнершінің... бұл үшін тек ілуде бір ғана жеткілікті уақыты болады».

Демек, буржуаларды сайлаңыздар!

Бір сөзбен айтқанда: жұмысшы табы өз қолымен өзін азат ете алмайды. Бұл үшін ол «білімді және дәулетті» буржуалардың басшылығына бағынуға тиіс, өйткені жұмысшыларға пайда келтіре алатын нәрсені зерттеуге тек солардың ғана «уақыты мен мүмкіншілігі бар». Ал екіншіден, ешқандай түрде де буржуазиямен күресу керек емес,— оны пәрменді насихат арқылы *өз жағымызға тарту* керек.

Бірақ егер біз қоғамның жоғары топтарын немесе олардың біздер жөнінде мейірбандық ниеттегі элементтерін қаратып алуды көздесек, онда біз оларды ешбір қорқытпауға тиіспіз. Міне сөйтіп Цюрих үштігі біз жұбаныш болар-лық бір жаңалық аштық деп ойлайды:

«Дәл қазір, социалистерге қарсы заңның[23] қысымымен, партия өзінің зорлықты, қанды революция жолымен жүргісі *келмейтінін,* қайта, заңдылық жолына, яғни *реформа* жолына түсуге ұйғарғанын... көрсетіп отыр».

Сонымен, егер 500—600 мың социал-демократ сайлаушылардың (барлық сайлаушылар санының $^1/_{10}$—$^1/_8$ бөлегі), оның үстіне ел ішінде бытырап жатқан сайлаушылардың парасаттылығы соншалық, маңдайымен соғып, дуалды қиратпайтын және бір өзі он адамға қарсы «қанды революция» жасауға әрекеттенбейтін болса, онда мұның өзі — олардың сыртқы саясат саласынан қандай болса да ірі оқиғаны, өздері туғызған кенет революциялық өрлеуді және тіпті осы негізде туған қақтығыста қол жеткен халықтың *жеңісінің* өзін де пайдаланбауға біржолата *уәде еткені* болып табылады! Егер Берлин бір кезде тағы да білместік істеп, 18 мартты[67] қайталайтын болса, онда «баррикадаға ұмтылатын оңбағандардың бәріне» (88-бет) ұқсап күреске қатысудың орнына социал-демократтар «заңдылық жолына түсуге», көтерілісті тыныштандыруға, баррикадаларды алып тастауға және, керек болған күнде, даңқты жауынгерлермен тізе қосып сыңаржақ, тұрпайы және білімсіз бұқараға қарсы шығуға тиіс болады. Егер автор мырзалар біздердің бұлай дегіміз келген жоқ-ты дейтін болса, онда олардың не айтқысы келді екен?

Бірақ бұл әлі тек бастамасы ғана.

«Қазіргі тәртіптерді сынай отырып және оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізе отырып, партия неғұрлым сабырлы, объективті, байсалды түрде кимыл жасайтын болса, онда қазір» (со-

> циалистерге қарсы заң енгізілген кезде) «сәтті болған астарлы әрекетті, саналы реакцияның қызыл елеспен буржуазияны қорқытып отырған осындай әрекетті қайталау мүмкіндігі соғұрлым кем болады» (88-бет).

Буржуазияны тіпті қорқыныштың көлеңкесінен де құткару үшін қызыл елес шындығында елестен басқа ештеме емес екенін, шындықта оның жоқ екенін буржуазияға айқын және көрнекті түрде дәлелдеу керек. Алайда, қызыл елестің сыры буржуазия мен пролетариаттың арасында болмай қоймайтын, өліспей-бітіспейтін күрестен буржуазияның қорқуында, қазіргі тап күресінің қалай да осылай тынатынынан қорқуында болмағанда неменеде? Тап күресін жойсақ — буржуазия да, «тәуелсіз адамдардың бәрі» де, «пролетарлармен қол ұстасып ілгері басудан қорықпайды»! Бірақ нақ пролетарлар ғана алданған болып шығады ғой.

Демек, партия социалистерге қарсы заң енгізуге сылтау болған «қисынсыздықтар мен эксцестерден» өзінің біржолата безгенін өзінің бойсұнушылығымен және момақан мінезімен дәлелдесін. Егер партия осы заңның шеңберінен шығып кетпейтіндігі жөнінде өз еркімен уәде берсе, онда Бисмарк пен буржуазия, әрине, сондай қайырымдылық істеп, бұл заңды жояды, өйткені онда бұл заң керексіз болып қалады ғой!

> «Біздерді дұрыс түсінетін болсын», біздің «өз партиямыздан және өз программамыздан бас тартқымыз» келмейді, «бірақ біз былай деп ойлаймыз: егер неғұрлым алыстағы міндеттерді жүзеге асыру туралы ойлай бастауға болатын кезден бұрын, біз өзіміздің бар күшімізді, өзіміздің бар жігерімізді қалай болғанда да орындалуға тиіс нақтылы, әбден қол жетерлік мақсаттарға жетуге жұмсайтын болсақ, бізге жұмыс талай жылдарға жетеді».

Сонда «қазір тым алыс жатқан талаптар шошытып отырған...» буржуалар, ұсақ буржуалар мен жұмысшылар бізге көптеп қосыла бастайды.

Программадан *бас тартудың* керегі жоқ; тек оны жүзеге асыру ісі... белгісіз бір уақытқа *кейінге қалдырылуға* тиіс. Программаны қабылдайды, бірақ қабылдағанда, шынында, өздері үшін емес, өз өмірі ішінде оны қолдану үшін емес, тек қана оны балаларына, немерелеріне өсиет етіп қалдыру үшін қабылдайды. Ал дегенмен бірдемелер істеліп жатқандай етіп көрсету үшін, сонымен қатар буржуазияны қорқытып алмау үшін, әзірге «бар күш, бар жігер» қайдағы бір түкке тұрғысыз нәрселерге және капиталистік құрылысты болымсыз жамап-жасқауға жұмсалады. Бірнеше жүз жылдардан кейін капиталистік қоғамның күйреуі даусыз екеніне қалтқысыз сенетіндіктен, осы негізде жанын сала жалдаптық істеп, өзінің шама-шарқынша 1873 жылғы күйреуге көмектесіп жүрген, сөйтіп қазіргі құрылыстың құлауын

әзірлеу үшін *шынында да* бірдемелер істеп жүрген «коммунист» Микельдің қылығы сан есе жақсы емес пе.

Жақсы салтты бұзудың екінші бір түрі бейне бір «өз заманының перзенттері ғана» болған «грюндерлерге шектен тыс тиісу» болды; сондықтан «Штрусбергті және сол сықылды адамдарды... балағаттамай-ақ қою жақсы болған болар еді». Өкінішке орай, жұрттың бәрі де — тек «өз заманының перзенттері», ал егер бұл — жеткілікті дәлел болса, онда кімге болса да тиісуді тоқтату керек, сөйтіп айтыс-тартыстың бәрінен, күрестің бәрінен бас тартуымыз керек; біз өз жауларымыздың тепкісін сабырмен қабылдауымыз керек, өйткені біздер, даналар, бұл жаулардың «өз заманының перзенттері» ғана екенін және істеп отырғанынан басқаша істей алмайтынын білеміз ғой. Олардың тепкісінің есесін қайтарудың орнына, біздер, қайта ол байғұстарды аяуға тиіспіз.

Дәл сондай-ақ біздің Коммунаны жақтап шығуымыздың мынадай жаман салдары болыпты, мұның өзі

> «біздің көптеген тілектестерімізді бізден қашықтатты, сөйтіп жалпы алғанда бізге *буржуазияның өшпенділігін* күшейтті». Ал сонан соң, партия «октябрь заңының енгізілуіне[68] онша кінәсыз да емес, өйткені ол *буржуазияның өшпенділігін* мүлде орынсыз өршітті».

Цюрихтың үш цензорының программасы міне осындай. Бұл программа түсінбеушілікке, әсіресе мұндай сөздермен 1848 жылдан бері өте-мөте таныс біздердің түсінбеуімізге ешқандай орын қалдырмайды. Біздің көріп отырғанымыз ұсақ буржуазияның өкілдері, олар қоғамдағы өзінің революциялық жағдайы итермелеген пролетариаттың «тым қатты кетуі» мүмкін деп зәресі ұшады. Батыл саяси оппозицияның орнына — жалпыға бірдей делдалдық; үкімет пен буржуазияға қарсы күрестің орнына — оларды көндіруге және өз жағына тартуға әрекет жасау; жоғарыдан қуғындаушылыққа өршелене қарсылық жасаудың орнына — көнімділікпен мойынсұну және жазаны орынды деп мойындау. Тарихи тұрғыда болмай қоймайтын дау-жанжалдар түсіністеушіліктер деп түсіндіріледі, шындығында біздің арамызда ешқандай келіспеушілік жоқ деген декларация арқылы дискуссия атаулыға тыйым салынады. 1848 жылы буржуазиялық демократтар болып шыққан адамдар енді сондағыдай оп-оңай өздерін социал-демократтармыз деп атай алады: біріншілер үшін демократиялық республика да, соңғылар үшін капиталистік құрылысты құлату да — қазіргі кездің саяси практикасы үшін мүлде ешқандай маңызы жоқ алыс жатқан болашақтың ісі; сондықтан жаңының тілегенінше делдалдық жасауға, келісімпаздықпен және филантропиямен шұғылдануға болады. Пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресі жөнінде де мәселе дәл

осылай болып отыр. Бұл күресті қағаз жүзінде мойындайды, өйткені оны енді жай ғана теріске шығара салу тіпті мүмкін емес, бірақ іс жүзіне келгенде оны бүркемелеп, көмескілеп, әлсіретуде. Социал-демократиялық партия жұмысшы табының партиясы болуға *тиіс емес,* өзіне буржуазияның немесе басқа кімнің болса да өшпенділігін туғызуға тиіс емес, ол ең алдымен буржуазия арасында пәрменді насихат жүргізуге тиіс; алысқа кетіп, буржуазияны үркітіп отырған және дегенмен біздің замандастарымыздың қолы жетпейтін мақсаттарды бірінші қатарға қоюдың орнына, онан да ол өзінің бар күші мен жігерін ескі қоғамдық құрылысты нығайтатын, сөйтіп, бәлкім, ақтық апатты қайта құрылудың бірте-бірте болатын, біртіндеп жүзеге асатын және мүмкіндігінше бейбіт процесіне айналдыратын ұсақ буржуазиялық жамау-жасқау реформаларды жүзеге асыруға жұмсасын. Бұлар — дегбірсіз іскерлік көрсеткенсіп, өздері ештеме істемейтіні былай тұрсын, оның үстіне мылжыңнан басқа әйтеуір бірер істің болуына кедергі жасауға әрекет ететін адамдардың нақ өздері; бұлар — 1848 және 1849 жылдарда қандай істе болса да қорқақтық істеп, қадам басқан сайын қозғалысқа бөгет жасаған, сөйтіп ақырында келіп оны жеңіліске ұшыратқан адамдар, реакцияны ешқашанда көрмейтін және қарсылық көрсетуге де, қашуға да мүмкіндік бермейтін тұйықта қалғанына қатты таңданатын адамдар. Бұлар — тарихты өзінің тоғышарлық ой-өрісінің шеңберіне тықпалап сығызғысы келетін адамдардың нақ өздері, бірақ тарих бұлармен ешқашанда санаспайды және өз жолымен жүре береді.

Ал олардың социалистік сенімдеріне келетін болсақ, онда бұлар «Коммунистік партияның манифесінде», «немістік, немесе «ақиқат», социализм» туралы тарауда* жетерліктей сыналған болатын. Тап күресі қызықтырмайтын және «дөрекі» нәрсе есебінде шеттетілетін жерде социализмнің негізі ретінде «адамға деген шын сүйіспеншілік» пен «әділеттік» туралы бос сөздер ғана қалады.

Осы кезге дейін үстем болып отырған таптың жекелеген адамдарының күресуші пролетариатқа қосылатын және оған ағартушылық элементтерін жеткізетін болмай қоймайтын құбылыс даму барысының өзінен туындайды. Бұл туралы біз «Манифестің» өзінде-ақ анық айтқанбыз. Бірақ бұл арада екі жағдайды еске алу керек.

*Біріншіден,* пролетарлық қозғалысқа шынымен пайда келтіру үшін бұл адамдар нағыз ағартушылық элементтерін өздерімен бірге алып келуге тиіс, ал қозғалысқа қосылған неміс буржуаларының көпшілігі туралы мұны айтуға болмайды. «Zukunft» те, «Neue Gesellschaft» та[69] қозғалысты бір адым болса да ілгері

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 129—132-беттер. *Ред.*

бастыратындай ештеме берген жоқ. Ағарту ісіне көмектесетін, нағыз іс жүзіндегі немесе теориялық ешқандай материал онда жоқ. Мұның орнына — үстірт ұғынылған социалистік идеяларды осы мырзалардың университеттен немесе басқа бір жерден алған алуан түрлі теориялық көзқарастарымен үйлестіру әрекеті бар; бұл көзқарастардың бәрі — бірі бірінен өткен шатақ, мұның өзі қазіргі уақытта неміс философиясының қалдықтары душар болып отырған іріп-шіру процесінен болып отыр. Жаңа ғылымды зерттеп үйренумен ең алдымен өзі терең шұғылданудың орнына, бұлардың әрқайсысы ол ғылымды өзінің сырттан әкелген көзқарастарына қалайда болса қиюластыруға тырысты, өзіне меншікті қосалқы бір ғылымды шикілі-пісілі домдай салып, осы ғылымын басқаларға үйретемін деп дәмеленді. Сондықтан бұл мырзаларда қанша бас болса, сонша дерлік көзқарас бар. Қандай да болсын бір мәселені тиянақтап айқындаудың орнына, олар бағымызға қарай, тек қана өз араларында дерлік адам айтқысыз шым-шытырық жасады. Олардың өздері оқып үйренбеген нәрсеге басқаларды оқытып үйрету негізгі принципі болған мұндай ағартушыларсыз-ақ партия тамаша өмір сүре алады.

*Екіншіден.* Егер пролетариат қозғалысына басқа таптардың өкілдері қосылатын болса, онда олардан ең алдымен талап етілетін нәрсе: олар буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық және сол сықылды соқыр сенімдердің қалдықтарын өздерімен бірге алып келмесін, дүниеге пролетарлық көзқарасты сөзсіз біліп алсын. Бірақ, бір дәлелденген нәрсе, бұл мырзалардың бастары буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық ұғымдарға лық толы. Германия сияқты ұсақ буржуазиялық елде бұл ұғымдардың болатын жөні бар екені күмәнсыз, тек олар социал-демократиялық жұмысшы партиясының *қатарынан тысқары* болуға тиіс. Егер бұл мырзалар социал-демократиялық ұсақ буржуазиялық партияны құрады екен, онда бұл олардың толық правосы. Онда біз олармен келіссөздер жүргізе алған болар едік, белгілі бір жағдайларда блок және т. т. жасай алған болар едік. Бірақ жұмысшы партиясында олар жат элемент. Егер әзірше оларға төзу үшін негіз болып отырған болса, онда біз оларға *тек* төзуге ғана міндеттіміз, бірақ партияны басқару ісіне олардың ықпалын тигізбеуіміз керек және олармен ажырасу тек уақыт күтіп тұрған мәселе екенін түсінуіміз керек. Бұл уақыт оның үстіне қазірдің өзінде жеткен болу керек. Бұл мақаланың авторларының өз қатарында болуына бұдан әрі партияның қалайша төзетіні бізге мүлде түсініксіз. Егер тіпті партия басшылығы осындай адамдардың қолына белгілі бір дәрежеде тиеді екен, онда партияның қайраттан мүлде айрылғаны және бұдан әрі партияда пролетарлық жігер болмағаны деген сөз.

Ал бізге келетін болсақ, онда өзіміздің бүкіл өткендегімізге сәйкес, біздің алдымызда тек бір ғана жол бар. Біз тап күресін

тарихтың тікелей қозғаушы күші ретінде, әсіресе буржуазия мен пролетариат арасындағы тап күресін қазіргі әлеуметтік төңкерістің құдіретті тетігі ретінде 40 жыл бойы дерлік бірінші қатарға қойып келдік; сондықтан біз осы тап күресін қозғалыстан шығарып тастауға ұмтылатын адамдармен әсте бірге жүре алмаймыз. Біз Интернационалды құрғанда: жұмысшы табын азат ету жұмысшы табының өз ісі болуға тиіс деп жауынгерлік ұранды анық тұжырымдағанбыз*. Демек, біз өздерін өздері азат ету үшін жұмысшылар тым білімсіз, сондықтан жоғарыдан, филантропиялық ірі және ұсақ буржуалардың қолымен азат етілуге тиіс деп ашықтан-ашық айтып отырған адамдармен бірге жүре алмаймыз. Егер жаңа партиялық орган осы мырзалардың көзқарастарына сай келетін бағытты қабылдайтын болса, егер ол пролетарлық емес, буржуазиялық орган болатын болса, онда, амал не, бұған жұрт алдында ашық қарсы шығудан басқа және герман партиясының шет елдегі өкілдері ретінде біздің осы күнге дейін сіздермен арада болып келген ынтымақты бұзудан басқа ештеме қалмайды. Бірақ мәселе *бұған дейін* бармас деп сенеміз...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*1879 ж. 17—18 сентябрьде жазған.*

*Бірінші рет мына журналда басылған: «Die Kommunistische Internationale», XII. Jahrg., Heft 23, 15 июнь, 1931 ж.*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының текстi бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 19-том, 168—175-беттер*

---

* *К. Маркс.* «Серіктіктің Уақытша Уставы» (қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 12-бет»). *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# СОЦИАЛИЗМНІҢ УТОПИЯДАН ҒЫЛЫМҒА ҚАРАЙ ДАМУЫ[70]

## АҒЫЛШЫНША 1892 ЖЫЛҒЫ БАСЫЛУЫНА КІРІСПЕ

Ұсынылып отырған кітапша алғашында неғұрлым көлемді тұтас еңбектің бір бөлегі болған еді. Берлин университетінің ***приват-доценті,*** д-р Е. Дюринг 1875 жылдың шамасында, аяқ астынан әжептәуір даурыға дабыралап: мен социализмді жете түсіндім, сөйтіп неміс жұртшылығына егжей-тегжейлі талданған социалистік теорияны ғана емес, сонымен қатар қоғамды қайта құрудың тамамдалған практикалық жоспарын да жасап бердім деп жариялады. Оның өз ізашарларына шүйліккені өзінен-өзі түсінікті: бәрінен де гөрі Маркске қатерін тігіп, оған бар кәрін төкті.

Мұның өзі Германиядағы социалистік партияның екі бөлегі — эйзенахшылдар мен лассальшылдар[3] енді ғана біріккен кезде, сөйтіп партия сан жағынан мейлінше өсіп қана қоймай, сонымен бірге, бұдан да маңыздырағы, өзінің барлық күшін ортақ жауға қарсы жұмсауға мүмкіндік алған кезде болды. Германиядағы социалистік партия жедел күшке айнала бастады. Бірақ оны күшке айналдыру үшін ең алдымен жаңа ғана жеңіп алынған бірлікті қауіпке ұшыратпау керек еді. Сөйтсе де д-р Дюринг ашықтан-ашық өзінің төңірегіне келешектегі ерекше партияның ұйытқысы болатын секта құра бастады. Сондықтан біз оның ұрысқа шақыруын қабыл алып, өзіміз мұны тілесек те, тілемесек те, онымен айқасуға тиісті болдық.

Бірақ мұның өзі аса қиын іс болмағанмен де, көрінеу машақат іс болды. Бізде, немістерде, сүйегіне біткен сұмдық салмақты Gründlichkeit—мұны қалай атасаңыздар, солай атаңыздар—тиянақты терең ойлылық немесе терең ойлы тиянақтылық бар екені жұртқа жақсы мәлім. Біздің ішімізде біреу, өз пікірінше, жаңа доктрина болып табылатын бір нәрсені баяндауға кіріссе, ол мұны ең алдымен барлығын түгел қамтитын жүйе түрінде жасап шығу қажет деп санайды. Ол логиканың басты принциптерінің де, әлемнің негізгі заңдарының да ақыр аяғында нақ осы жаңа ашылған, бәрін аяқтап шығатын теорияға жеткізу үшін ғана ежелден өмір сүріп келгенін дәлелдеуге тиіс. Бұл жағынан

да д-р Дюринг осы ұлттық өлшемге толық дәл келді. Артықкемі жоқ, тұтас бір «Философия жүйесі» — рух, мораль, табиғат және тарих философиясы,— тұтас бір «Саяси экономия мен социализм жүйесі» және, ақырында, «Саяси экономияның сыни тарихы»,— салмағы жағынан да, мазмұны жағынан да ауыр, табақ қағаздың сегізден бір бөлігіне басылған қалың үш том, жалпы алғанда бұрынғы өткен философтар мен экономистерге, әсіресе Маркске қарсы жұмсалған үш армия корпусы дәлелдер,— мұның өзі шынында да «ғылымда» толық «төңкеріс» жасауға әрекет еткендік еді,— міне, маған осының бәрімен шұғылдануға тура келді. Мен нағыз әр алуан барлық нәрселерді түсіндіріп өтуге тиісті болдым: уақыт пен кеңістік ұғымынан бастап биметаллизмге[71] дейін; материя мен қозғалыстың мәңгілік екендігінен бастап моральдық идеялардың өткінші сипатына дейін; Дарвиннің табиғи сұрыпталуынан бастап болашақ қоғамда жастарды тәрбиелеуге дейін, осының бәрін түсіндіріп өтуге тиісті болдым. Қалай болғанда да, менің қарсыласымның барлығын қамтитын жүйесі онымен айтыста менің әлгі айтылған неше алуан нәрселердің бәріне Маркс пен өзімнің қалай қарайтынымызды баяндап шығуыма, баяндағанда, бұрынғы баяндағандарымның бәрінен де неғұрлым байланысты етіп баяндап шығуыма себеп болды. Бұдан өзгеше жағдайлардың бәрінде де жақсы ат әпермейтін осы міндетке еріксіз кірісуімнің де басты себебі нақ осы болды.

Менің берген жауабым алғашында бірнеше мақала түрінде Лейпцигтің «Vorwärts»-інде[39], Социалистік партияның орталық органында, басылды, ал кейіннен: «Herrn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft» («Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі»)* деген атпен кітап болып басылып шықты; бұл кітаптың екінші басылуы 1886 жылы Цюрихта шықты.

Менің досым, қазір француз депутаттар палатасының Лилльден сайланған депутаты Поль Лафаргтың сұрауы бойынша, мен бұл кітаптың үш тарауынан бір кітапша құрастырдым, Лафарг оны аударып, 1880 жылы *«Утопиялық социализм және ғылыми социализм»* деген атпен бастырып шығарды. Осы француз тіліндегі текст бұл кітапшаның поляк және испан тілдерінде басылуының негізіне алынды. 1883 жылы біздің неміс достарымыз бұл кітапшаны оның ең әуелгі жазылған тілінде бастырып шығарды. Сонан соң ол осы немісше текстінен итальян, орыс, дат, голланд және румын тілдеріне аударылды. Сонымен, осы ағылшын тілінде басылуын қоса есептегенде, бұл кітапша он тілде басылып тарап отыр. Тіпті 1848 жылы шыққан біздің «Комму-

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 1—338-беттер. *Ред.*

нистік Манифест»* пен Маркстің «Капиталын»** қосып есептегенімізде де, бірде-бір социалистік шығарма осыншама көп аударылмаған шығар деп ойлаймын. Германияда кітапша жалпы тиражы 20 000 данадай болып, төрт рет басылып шықты.

«Марка»*** деген қосымша Германияда жер меншігінің туу және даму тарихы жөнінде Германия социалистік партиясы арасына кейбір қарапайым мәліметтер тарату мақсатымен жазылды. Ол уақытта мұның қажет бола түскен себебі партияның қала жұмысшыларын біріктіру ісі сол кездің өзінде-ақ анық аяқталуға таянып қалған еді, сондықтан партияның алдына ауыл шаруашылық жұмысшыларымен және шаруалармен шұғылдану міндеті қойылған еді. Бұл қосымша кітапшаның осы аударма түрінде басылып шығуына мынадай пікірлерге байланысты енгізілді: жер иеленудің барлық герман тайпаларына ортақ алғашқы формалары және олардың ыдырау тарихы Германияға қарағанда Англияда тіпті де онша мәлім емес еді. Максим Ковалевскийдің осы жуырда ұсынған ғылыми гипотезасын сөз қылмай-ақ, мен тексті оның бастапқы күйінде қалдырдым, ал Ковалевскийдің гипотезасы бойынша егістік жерлер мен шабындық жерлерді марка мүшелерінің арасында бөліскенге дейін бұл жерлерді бірнеше ұрпақтарды қамтыған үлкен патриархаттық семьялық қауым ортақтасып, бірлесе ұқсатып келген (оңтүстік славяндар задругасының қазірде де болуы бұған мысал бола алады); кейіннен, қауым ұлғайып, шаруашылықты бірлесіп жүргізу үшін тым зор бола бастаған кезде, қауым жерлері бөліске түскен[72]. Ковалевскийдің айтып отырғаны әбден дұрыс болар, әйткенмен де бұл мәселе әлі де болса sub judice****.

Бұл еңбекте қолданып отырған экономикалық терминдер жаңа термин болғандықтан, Маркстің «Капиталының» ағылшын тілінде басылуында қолданылған терминологиямен дәл келеді. «Товар өндірісі» деп біз экономикалық дамудың мынадай сатысын түсінеміз: бұл сатыда өндірілетін заттар өндірушілердің керегін өтеу үшін ғана емес, сонымен бірге айырбас жасау мақсатымен де өндіріледі, яғни тұтыну құндары ретінде емес, *товар ретінде* өндіріледі. Бұл саты айырбас үшін зат өндіріле басталғаннан бері қарай біздің уақытымызға дейін болып келеді; бұл саты капиталистік өндіріс тұсында ғана өзінің толық дамуына жетеді, яғни өндіріс құрал-жабдықтарының иесі капиталист өзінің жұмыс күшінен басқа өндіріс құрал-жабдықтарының қандайынан болса да жұрдай адамдарды — жұмысшыларды жала-

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 106—137-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 23-том. *Ред.*

*** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 327—345-беттер. *Ред.*

**** — талқылау кезеңінде. *Ред.*

қыға жалдап алып, өнімдердің сатылар бағасы мен өндіріс шығыны арасындағы айырманы өз қалтасына салатын жағдайда ғана толық дамуына жетеді. Өнеркәсіп өндірісінің тарихын біз орта ғасырлардан бастап үш дәуірге бөлеміз: 1) қолөнер, өздерінің аздаған кіші шеберлері мен үйренушілері бар ұсақ шебер-қолөнершілер, бұл орайда әрбір қызметкер бүйымды тұтасынан өзі істеп шығарады; 2) мануфактура, мұның тұсында үлкен бір кәсіпорынға жиналған неғұрлым көбірек жұмысшы бүкіл бүйымды өзара еңбек бөлісу негізінде жасап шығарады, яғни әрбір жұмысшы қайсыбір жеке жұмысты ғана орындайды, сөйтіп өнім бірінен соң бірінс көшіп, олардың барлығының қолынан өткеннен кейін ғана даяр болып шығады; 3) қазіргі замандағы өнеркәсіп, мұның тұсында өнім белгілі бір күш арқылы жүргізілетін машиналармен өндіріледі, ал жұмысшының ролі механизмдердің қимылдарын бақылау және оларды реттеп отырумен ғана шектеледі*.

Мен бұл еңбектің мазмұны Британияның оқырман жұртшылығының едәуір бөлігіне ұнамай қалатынын өте жақсы білемін. Бірақ біз, континенттің тұрғындары, британ «байыптылығының** ескі иланымдарымен аз да болса есептесетін болсақ, онда істің жайы қазіргіден де жаман болар еді. Бұл кітап біздің «тарихи материализм» дейтінімізді қорғауға арнап жазылған, ал «материализм» деген сөз британ оқырмандарының басым көпшілігінің құлағына түрпідей тиеді. «Агностицизм» болса бір сәрі, ал материализмнің тіпті жөні жоқ нәрсе дейді.

Солай бола тұрса да, бүкіл осы заманғы материализмнің бастапқы отаны XVII ғасырдан бастап осы Англия болып табылады.

«Материализм — Великобританияның бел баласы. Оның схоластигі Дунс Скоттың өзі де: материя ойлай алмай ма? — деп өзінен-өзі сұраған болатын.

Осындай керемет мүмкін ету үшін ол құдайдың құдіретін пайдаланбақ болды, яғни ол материализмді теологияның өзіне уағыздатпақ болды. Мұның үстіне ол номиналист[73] болды. Номинализм ағылшын материалистерінде ең басты элементтердің бірі болды және тегінде материализмнің алғашқы көрінісі болып табылады.

Ағылшын материализмінің нағыз негізін салушы — Бэкон. Ол жаратылыстану ғылымын — ақиқат ғылым деп таниды, ал сезімдік тәжірибеге сүйенген физиканы — жаратылыстану ғылымының ең маңызды бөлімі деп таниды. Гомеомерияларды[74] негізге алған Анаксагорды, атомдарды негізге алған Демокритті

---

* «Die Neue Zeit» журналында жарияланған немісше текстс кіріспенің осы жерге дейінгі бас жағы енбеген. *Ред.*

** Немісше текстс «байыптылығының» деген сөзден кейін «яғни британ филистерлігінің» деген сөздер қосылған. *Ред.*

олар беделді білімпаздар деп екінің бірінде дәлелге келтіреді. Оның ілімі бойынша, сезім қателеспейді, ол қандай білімнің болса да көзі болып табылады. Ғылым дегеніміз тәжірибе ғылымы және оның мәні сезім арқылы мәлім болатын деректерге рационалдық әдісті қолдануында. Индукция, анализ, салыстыру, байқау, эксперимент — рационалдық әдістің басты-басты шарттары. Материяға туа біткен қасиеттердің біріншісі және ең маңыздысы — қозғалыс, қозғалыс болғанда, тек механикалық және математикалық қозғалыс қана емес, сонымен қатар онан да гөрі материяның ұмтылысы, өмірлік рухы, күш салу мағынасындағы қозғалысы, немесе, Якоб Бёменің сөзімен айтқанда, «азабы» [«Qual»]* мағынасындағы қозғалысы**.

Материализмді бастап шығарушы Бэконның материализмінде жан-жақты дамудың қарапайым формадағы бастамалары бар. Материя өзінің поэтикалық-сезімдік айқын көрінісі арқылы адам біткенге күлімсірей қарайды. Ал афоризмдер формасында баяндалған ілімнің өзінде, мұның керісінше, теологиялық дәйексіздіктер әлі де болса толып жатыр.

Материализм өзінің бұдан әрі дамуында сыңар жақты бола түседі. Гоббс Бэконның материализмін жүйеге салушы болды. Сезімділік өзінің айқын бояуларынан айрылып, геометрдің абстрактылы сезімділігіне айналады***. Геометрия негізі ғылым деп жарияланады. Материализм адамзатқа дұшпан болып шығады. Адамзатқа жау денесіз рухты оның өз саласында жеңу үшін материализмге өз денесін өзі жойып, аскет болуға тура келеді. Ол пайымдай алатын тіршілік иесі ретінде шығады, бірақ оның есесіне пайымдаудың барлық қорытындыларын мейрімсіз дәйектілікпен дамытады.

Егер біздің сезімдеріміз біздің барлық білімдеріміздің көзі болатын болса,— деп пайымдайды Гоббс Бэконды негізге алып,— онда идея, ой, түсінік т. т.— мұның бәрі өзінің сезімдік формасынан азды-көпті дәрежеде арылған денелік дүниенің фан-

---

* «Qual»,— философиялық сөз ойнақылығы. «Qual» дегеннің сөзбе-сөз мағынасы азап, әйтеуір бір әрекетке итермелейтін қиналу деген сөз; сонымен бірге мистик Бёме немістің бұл сөзіне латынның qualitas [сапа] деген сөзінен де шығарып бірдене қосады; оның «Qual» дегені — сырттан болатын қиналуға карама-қарсы бір пәрменді негіз, бұл негіз заттың, «Qual» тәуелді болатын қатынастардың немесе жеке адамдардың өз бетімен дамуынан шығады, сонымен қатар, өз ретінде, осы дамуды өмірге келтіретін негіз. [Немісше тексте Энгельс бұл ескертуді бермеген. *Ред.*]

** Немісше текстінде осыдан кейін ағылшын тіліндегі басылуында енбеген, «Қасиетті әулеттен» алынған мына сөйлем қайта енгізілген: «Материяның алғашқы формалары — жанды күштер, оны даралайтын, оның өзіне іштей тән, оның айрықша өзгешеліктерін туғызатын, оның жаратылысында бар күштер». *Ред.*

*** Немісше текстінде осыдан кейін ағылшын тіліндегі басылуында енбеген мына сөздер қайта енгізілген: «Физикалық қозғалыс механикалық немесе математикалық қозғалыстың жолына құрбан етіледі». *Ред.*

томдары ғана, онан басқа түк те емес. Ғылым бұл фантомдарға тек ат қоя алады. Сол бір атаудың өзін көптеген фантомдарға қолдануға болады. Тіпті сол аттардың өздерінің де аттары болуы мүмкін. Бірақ, бір жағынан, барлық идеялардың көзі сезімдік дүниеде деу, ал екінші жағынан, сөз тек сөз болудан үлкенірек бір нәрсе деу, әрқашан өзіміздің түсінігімізде болатын жеке мәндерден басқа тағы бір жалпы мәндер бар деу қайшылық болар еді. Денесіз дене қандай қайшылық болса, денесіз субстанция да сондай қайшылық. Дене, болмыс, субстанция — мұның бәрі сол бір реалдық идея. *Ойды ойлайтын материядан бөлектеуге болмайды.* Материя — барлық өзгерістердің субъектісі. Егер шексіз деген сөз біздің рухтың қайсыбір белгілі шамаға шексіз қоса беру қабілетін білдірмесе, онда бұл сөз мағынасыз болып шығады. Тек материялықты ғана аңғаруға, тануға болатын болғандықтан, құдайдың барлығы туралы ештеңе мәлім емес. Тек менің өзімнің бар екенім ғана анық. Адамның құмартуының қандайы болса да — аяқталып отыратын немесе басталып отыратын механикалық қозғалыс. Біздің игілік деп атайтынымыз — ұмтылуымыздың объектілері. Табиғат қандай заңдарға бағынса, адам да сондай заңдарға бағынады. Құдіреттілік пен бостандық — барабар.

Гоббс Бэконның ілімін жүйеге салды, бірақ оның негізгі принципін — білімдер мен идеялардың сезім дүниесінен тууын неғұрлым толық дәлелдемеді. Өзінің адам парасатының шығуы туралы шығармасында Локк Бэкон мен Гоббстың принципін дәлелдейді.

Гоббс Бэконның материализміндегі теистік соқыр сенімдерді жойғаны сияқты, Коллинз, Додуэлл, Кауард, Гартли, Пристли, т. б. Локк сенсуализмінің ең соңғы теологиялық шекараларын жойды. Деизм[75]— ең болмағанда материалист үшін — діннен құтылудың қолайлы және жеңіл әдісі ғана»*.

Осы заманғы материализмнің Британиядан шыққандығы туралы Карл Маркс осылай деп жазды. Ал егер ағылшындар қазіргі уақытта өздерінің ата-бабаларының еңбегіне мұндай баға берілгендігіне оншама мақтана қоймаса, онда олардың мұнысы тек қынжыларлық нәрсе. Қалайда, Бэкон, Гоббс және Локк француз материалистерінің,— немістер мен ағылшындардың французсдарды құрғақта да, теңізде де жеңулерінің бәріне қарамастан, XVIII ғасырды көбінесе француз ғасыры деп атандырған осы француз материалистерінің,— тамаша мектебінің аталары болғанын бекер деуге болмайды; мұның өзі осы ғасырды аяқта-

---

* *Маркс* пен *Энгельс.* «Қасиетті әулет», Майндегі Франкфурт, 1845, 201—204-беттер [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 142—144-беттері. *Ред.*]

ған француз революциясынан көп бұрын болды, ал бұл революцияның нәтижелерін біз Англияда да, Германияда да өзімізде жерсіндіруге әлі де болса тырысып отырмыз.

Мұны ешбір бекер деуге болмайды. Біздің ғасырдың орта шенінде шет елдің бір білімді адамы тұру үшін Англияға көшіп барса, ол бәрінен гөрі ағылшынның байыпты орта табының діни көлгірсушілігі мен топастығына таңданатын еді, ол бұған таңданбай тұра алмайтын да еді. Ол кезде біз бәріміз де материалист едік немесе, ең кемінде, өте-мөте радикалды еркін ойлылар едік, сондықтан бізге мына бір факт түсініксіз болатын: Англиядағы білімді адамдардың бәрі дерлік ақылға сыймайтын әр түрлі кереметтерге сенетін, тіпті Бакленд пен Мантелл сияқты геологтар да өз ғылымдарының деректерін Болмыс кітабының мифтеріне тым қатты соққы болып тимеу үшін бұрмалайтын еді. Дін мәселелерінде өзінің ақыл-ойына сүйенуге батылы баратын адамдарды табу үшін білімсіз қалың бұқараның арасына, сол кездегі сөзбен айтқанда, «жуынбаған тобырға» — жұмысшылар арасына, әсіресе, Оуэннің жолын қуған социалистер арасына барудың қажеттігі тіпті ақылға сыймайтын іс сияқты еді.

Бірақ ол уақыттан бері Англия «цивилизацияланды». 1851 жылғы көрме[76] ағылшындардың аралдық тұйықтығын жерлеу қоңырауы болды. Тамақ, әдет-ғұрып, идея жағынан Англия бірте-бірте интернационалдана берді; бұл жөнінде Англия табысқа жеткені сондай, континенттің кейбір салттары мен әдет-ғұрыптарының Англияға жалпы таралып кеткені сияқты, Англияның кейбір салттары мен әдет-ғұрыптарының да континетте сондай жалпы таралуын өте-мөте тілер едім. Бір күмәнсыз нәрсе: Прованс майының (1851 жылға дейін оны аристократия ғана білетін еді) таралуымен қатар, дін мәселелерінде континенттің скептицизмі қатерлі түрде таралды; таралғанда тіпті агностицизм Англияның мемлекеттік шіркеуі сияқты «бірінші сортты зат» деп есептелмесе де, ол байыптылық жөнінде баптистер сектасына деңгейлес дерлік сатыға жетті, қалай болғанда да «Құтқару армиясынан»[77] бір саты жоғары болып отыр. Сондықтан да мен мынадай ойдан арыла алмай қойдым: дінге сенбеушіліктің бұл күшейгендігіне шын жүректерінен қатты күйініп, оған қарғыс айтып жүргендердің көбі осы «жаңа пайда болған идеялардың» шет елден шыкпағанын, күнбе-күнгі тұрмыста қолданылатын толып жатқан басқа заттар сияқты, made in Germany* деген маркасы жоқ екенін, қайта бұл идеяларды бұрынғы ағылшындар шығарғанын, олардың британнялық арғы аталары мұнан екі жүз жыл бұрын өздерінің қазіргі ұрпақтарының батылы жеткенінен әлдеқайда асып түскенін білсе, бұл оларға жұбаныш болар еді.

---

* — Германияда жасалған. *Ред.*

Шынында да, агностицизм — бейнелі Ланкашир сөзін қолданғанда*— «ұялшақ» материализм емей немене? Агностиктің табиғатқа көзқарасы — бастан-аяқ материалистік көзқарас. Бүкіл жаратылыс дүниесі заңдар бойынша басқарылады, оған сырттан еш нәрсе әсер етпейді. Бірақ,— деп қосады агностик,— бізге мәлім дүниеден тыс бір үстем тіршілік иесінің бары-жоғын біз дәлелдей де алмаймыз, бекерге де шығара алмаймыз. Осы ұлы астрономның «Аспан механикасында» дүниені жаратушының ең болмағанда аты аталмауы неліктен деген Наполеонның сұрағына Лаплас «Je n'avais pas besoin de cette hypothèse»** деп өрлене жауап берген заманда агностиктің әлгі ескертуінің белгілі бір маңызы болған еді. Ал қазіргі уақытта әлемнің дамуы туралы түсінігіміз жаратқанға да, бүкіл әлемді билеушіге де мүлде орын қалдырмайды. Бірақ егер, бүкіл өмір сүріп тұрған дүниеден бөлек бір үстем тіршілік иесі бар деп танымақ болса, мұның өзі қайшылық болар еді, ал оның үстіне, менінше, діншіл адамдардың сезімін орынсыз қорлағандық болар еді.

Біздің білімімізді бәрі өзіміздің сезімдеріміз арқылы алынатын деректер негізінде құрылғанына да біздің агностик қосылады. Бірақ, деп қосады ол, біздің сезіміміз өзі аңғарған заттардың бізге дұрыс суретін беретінін біз қайдан білеміз? Мұнан кейін ол бізге: мен заттарды немесе олардың қасиеттерін сөз қылғанда, шынында сол заттардың өздерін немесе олардың қасиеттерін сөз қылмаймын, ол туралы айқын еш нәрсе біле алмаймын, мен тек сол заттардың сезіміме берген әсерін сөз қыламын дейді. Сөз жоқ,— бұл көзқарас, шамасы, жалаң дәлелмен ғана теріске шығаруға қиын соғатын көзқарас. Бірақ адамдар дәлел келтірместен бұрын әрекет істеді. «In Anfang war die That»***. Адамның ақыл-ойы қиыншылықты ойлап табудан көп бұрын адамның әрекеті ол қиыншылықты шешкен. Пудингті білу үшін оны жеп көру керек****. Бір заттың өзіміз аңғарған белгілеріне қарай, оны өзіміз үшін тұтынған кезде, дәл сол кезде, біз өзіміздің сезім арқылы аңғарғанымыздың ақиқаттығын немесе жалғандығын қатесіз сыннан өткіземіз. Егер бұл аңғаруымыз жалған болып шықса, онда сол затты пайдалану мүмкін деген пайымдауымыз да жалған болмай қалмайды, сондықтан ондай затты пайдаланамыз деп қандай әрекет етсек те, сәтсіз болмай қоймайды. Ал егер біз мақсатымызға жетсек, егер зат біздің ол туралы түсінігімізге дәл келетінін, бұл заттың, оны

---

* Немісше текстінде «бейнелі Ланкашир сөзін қолданғанда» деген сөздер жоқ. *Ред.*

** — «Маған бұл гипотезаның қажеті болған жоқ». *Ред.*

*** — «Әуелі іс істелген» (*Гёте,* «Фауст», 1 бөлім, үшінші сахна («Фаустың кабинеті»)). *Ред.*

**** Немісше тексте бұл афоризм ағылшын тілінде былайша келтірілген: The proof of the pudding is in the eating. *Ред.*

тұтынудан күткен нәтижеміздей нәтиже беретінін анықтасақ,— ол уақытта, *осы шеңберде* алғанда, зат туралы және оның қасиеттері туралы аңғаруларымыздың бізден тыс бар болып отырған шындыққа үйлесетіндігіне біздің дұрыс дәлеліміз болады. Ал егер, мұның керісінше, қате істегенімізді анықтасақ, онда көбінесе көп ұзамай-ақ қателесуіміздің себебін таба аламыз; сыннан өткізуіміздің негізіне алынған аңғарудың өзі не толық болмағанын және үстірт аңғару болғанын, не басқа аңғарулардың нәтижелеріне істің жайымен үйлеспейтін түрде байланысты болғанын анықтаймыз; мұны біз жалған ой қорытындысы деп атаймыз*. Ал біз өзіміздің сезімдерімізді барынша дамытып, пайдаланып тұрғанымызда, біз өзіміздің әрекетімізді дұрыс алынған және дұрыс пайдаланылған аңғарулар қойған шектен асырмай отырғанымызда,— бұл уақыттың ішінде біз әрқашан: өзіміздің істеген әрекетіміздің ойдағыдай орындалуын — аңғарылған заттардың заттық тегіне біздің аңғаруларымыздың үйлескендігінің дәлелі деп есептейміз. Біздің ғылым жолымен сыналған сезімдік аңғаруларымыз біздің миымызда сыртқы дүние туралы шындыққа өзінің жаратылысы жағынан үйлеспейтін түсінік туғызады деп, немесе сыртқы дүние мен біздің ол дүние жөніндегі сезімдік аңғаруларымыз арасында жаралғаннан бері келе жатқа үйлеспеушілік бар деп лажсыз мойындаған уақытымыз, біздің осы кезге дейінгі білуімізше, ешқашан болып көрген жоқ.

Бірақ дәл осы жерге келгенде жаңа кантшыл агностик тұрады да былай дейді: иә, мүмкін, біз заттың қасиеттерін дұрыс аңғара аламыз, бірақ заттың өзін ешқандай жолмен, сезім процесі арқылы да, ойлау процесі арқылы да біле алмаймыз дейді. Бұл «өзіндік зат» біздің танымымыздың ар жағында дейді. Бұған Гегельдің өзі-ақ әлдеқашан былай деп жауап берген болатын: егер сіз заттың барлық қасиеттерін білсеңіз, онда сіз заттың өзін де білесіз; онда тек: бұл аталған зат бізден тыс бар нәрсе деген жалаң факт қана қалады, сөйтіп, сіздің сезімдеріңіз бұл фактіні де растағаннан кейін, сіз бұл «өзіндік затты» түгел білген боласыз,— Канттың атышулы білуге келмейтін «Ding an sich» дегенін түгел білген боласыз. Қазіргі уақытта біздің бұған қосарымыз мынадай ғана: Канттың заманында біздің табиғат заттарын білуіміздің байланыссыздығы соншалық еді — ол заттардың әрқайсысы туралы біздің аз ғана білетініміздің ар жағында жасырын сырлы ерекше бір «өзіндік зат» бар деп ойлауға болатын еді. Бірақ ол уақыттан бері, ғылымның орасан зор прогресі арқасында, біз білуге болмайды деген заттардың

---

* Немісше тексте «мұны біз жалған ой қорытындысы деп атаймыз» деген сөздер енгізілмеген. *Ред.*

бірінен соң бірін білдік, талдап тексердік, тіпті ол түгіл өзіміз *жаңадан жасадық*. Ал өзіміз жасай алған нәрсені біз енді, әрине, білуге болмайтын зат деп атай алмаймыз ғой. Біздің ғасырдың алғашқы жартысындағы химия үшін органикалық заттар осындай білуге болмайтын жасырын сырлы заттар болып есептелді; енді біз оларды бірінен соң бірін олардың өздерінің химиялық элементтерінен құрастырып, органикалық процестердің жәрдемінсіз-ақ жасай алатын болдық. Қазіргі химиктер: белгілі бір дененің химиялық құрамы белгілі болса-ақ, оны сол өзінің элементтерінен құрастыруға болады дейді. Рас, жоғары дәрежелі органикалық заттардың — белокты денелердің құрамын мүлтіксіз білуімізге әлі өте көп уақыт бар; бірақ жүздеген жыл өткеннен кейін де мұны білуге жетіп, оның арқасында жасанды белок шығара алмаймыз деп есептеуге ешбір дәлел жоқ. Егер біз бұған жетсек, онда біз мұнымен бірге органикалық өмірді қолдан жасай алатын боламыз, өйткені, ең төмен формаларынан бастап, ең жоғары формаларына дейін өмір — белокты денелердің өмір сүруінің қалыпты әдісі ғана, онан басқа еш нәрсе емес.

Бірақ біздің агностик, өзінің формальды ескертулерін жасағаннан кейін, енді әбден сіресіп қалған материалисше сөйлеп, әрекет жасайды, шынында да ол сондай материалист. Оның: *біздің* білуімізше, материя мен қозғалысты немесе, қазіргі айтылып жүргеніндей, энергияны жасауға да, құртуға да болмайды, бірақ бұлардың қайсысы болса да бізге белгісіз бір уақытта жаралмады деуге біздің ешқандай дәлеліміз жоқ қой деуі мүмкін. Бірақ егер сіз белгілі бір ретте оның бұл мойындауын оның өзіне қарсы пайдаланбақ болсаңыз-ақ, ол сізді сол сағатында сөйлетпей қояды. Егер ол in abstracto* спиритуализмнің мүмкіншілігі бар десе, онда in concreto** ол мұндай мүмкіншілікті тіпті білгісі де келмейді. Ол сізге былай дейді: ешбір жаратушы немесе әлемді билеуші жоқ екенін біз білетін және біле алатын болғандықтан; біздің білуімізше, материя мен энергияны да жасауға да, құртуға да болмайтындықтан; біздіңше, ойлау — тек қана энергияның формасы, мидың функциясы; біздің білетініміздің бәрі — материялық дүние өзгермейтін заңдар бойынша басқарылады дегенге келіп саяды т. б., т. с. Сонымен, ол өзі ғылым адамы болғандықтан, ол өзі бір нәрсені білетін болғандықтан, ол — материалист; бірақ өзінің ғылымынан тыс, өзі ештеме білмейтін салаларда ол өзінің надандығын грек тіліне аударып, оны агностицизм деп атайды.

Қалай болғанда да бір күмәнсыз нәрсе: мен тіпті агностик болған күнде де, мен тарих жөнінде осы кітапшада баяндалған көзқарасты «тарихи агностицизм» деп атай алмас едім. Діншіл

---

* — абстрактылы түрде. *Ред.*

** — нақты жағдайда, практикада. *Ред.*

адамдар мені келеке қылар еді де, агностиктер маған ашуланып: сен бізді қорлап отырған жоқсың ба? — деп сұрар еді. Сондықтан мен бүкіл дүние жүзілік тарихтың барысына көзқарасты,— қоғамның экономикалық дамуын, өндіріс пен айырбас әдісінің өзгеруін, осыдан келіп қоғамның әр түрлі таптарға бөлінуін және бұл таптардың өзара күресін маңызды-маңызды тарихи оқиғалардың бәрінің түпкі себебі және шешуші қозғаушы күші деп танитын көзқарасты,— атап көрсету үшін басқа көп тілдердегі сияқты, ағылшын тілінде де «тарихи материализм» деген сөзді қолдансам, британ байыптылығы* оншама назалана қоймас деп сенемін.

Егер мен тіпті британ байыптылығы** үшін де тарихи материализмнің пайдалы болуы мүмкін екенін дәлелдеп көрсетсем, мүмкін, жұрт маған онан да гөрі кешірімділікпен қарар. Бұдан қырық немесе елу жыл бұрын Англияға қоныс аударған шетелдік әрбір білімді адамға ағылшынның байыпты орта табының діни көлгірсушілігі немесе топастығы болып көрінуге тиісті нәрсенің оны жаман таңқалдырған фактісін мен жоғарыда көрсетіп өттім. Мен қазір ағылшынның ол кездегі байыпты орта табы интеллигент шетелдікке көрінгеніндей, мүлдем соншалық топас болмағанын көрсетпекпін. Бұл таптың діни пиғылдарының себептері бар.

Европа ортағасырлықтан шыққан кезде, өрлеп келе жатқан қалалық орта тап*** оның революцияшыл элементі болды. Оның орта ғасырдағы феодалдық құрылыс ішінде жеңіп алған, жұрт таныған орны оның өрісін кеңейту қабілеті үшін енді өте-мөте тар болып қалды. Орта таптың, *буржуазияның* дамуы енді феодалдық системамен сыйыспайтын болып қалды, сондықтан феодалдық система құлауға тиіс болды.

Бірақ римдік-католиктік шіркеу феодалдық системаның ірі интернационалдық орталығы болды. Өзіндегі ішкі соғыстардың бәріне қарамастан, ол бүкіл феодалдық Батыс Европаны үлкен бір саяси тұтастық етіп біріктірді, мұның өзі схизматикалық гректік православиелік дүниеге де, мұсылман дүниесіне де бірдей қайшы келді. Ол феодалдық құрылысты құдайдың игілігі деген атақ-даңққа бөледі. Ол өзінің иерархиясын феодалдық үлгімен құрды, ақыр аяғында ол ең ірі феодалдық сеньор болды, өйткені католиктік елдердегі жер иелігінің кемінде үштен бірі осы шір-

* Немісше тексте «байыптылығы» деген сөзден кейін «немісше филистерлік деп аталатын» деген сөздер қосылған. *Ред.*

** Немісше тексте «британ байыптылығы» деген сөздердің орнына британ филистерінің байыптылығы үшін» деп басылған. *Ред.*

*** Немісше тексте осы жерден бастап «Жаңа бастама пункт» деген сөздермен басталатын абзацқа дейін (осы томның 113-беті) Энгельстің қолданған «middle class», «bourgeoisie» деген сөздері «бюргерлік» («Bürgerthum») деген терминмен аударылған; бұдан әрі нақ осы сөздерді ол «буржуазия» («Bourgeoisie») деген терминмен аударған. *Ред.*

кеудің қолында болды. Әрбір жеке елдегі діни емес феодализмге қарсы және мұның жеке салаларында ойдағыдай күрес бастаудан бұрын, оның осы қасиетті орталық ұйымын қирату керек болды.

Сонымен қатар орта таптың өсуімен бірге ғылым да қарыштап өсті. Астрономия, механика, физика, анатомия, физиология қайтадан зерттеле бастады. Өзінің өнеркәсібін өркендету үшін буржуазияға физикалық денелердің қасиеттерін және табиғат күштерінің көрініс беру формаларын зерттейтін ғылым керек болды. Бұған дейін ғылым шіркеудің айтқанынан шықпайтын қызметшісі болды да, оған дін қойған шектен шығуға рұқсат берілмеді; осы себептен оның болмағаны жоқ, бірақ ғылым бола алмаған еді. Енді ғылым шіркеуге қарсы көтерілді; буржуазия ғылымға мұқтаж болды да, осы көтеріліске қатынасты.

Сөйтіп, мен өрлеп келе жатқан орта тап өмір сүріп тұрған шіркеумен қақтығысуға тиіс болған екі пунктті ғана көрсетіп өттім. Бірақ, біріншіден, католик шіркеуінің ниет-дәмелеріне қарсы күреске ең көбірек қатынасқан тап дәл осы буржуазия екенін дәлелдеу үшін, екіншіден, феодализмге қарсы күрестің қандайы болса да ол кезде діншілік перде жамылуға, ең алдымен шіркеуге қарсы бағытталуға тиіс болғанын дәлелдеу үшін сол айтылғандардың өзі де жеткілікті. Бірақ егер, жауынгерлік ұран университеттерден, қалалардағы саудагер-кәсіпкер элементтерден басталса, ол қайткенде де село халқы бұқарасында, шаруалар арасында күшті қолдау тапты; олар барлық жерде өздерінің діни феодалдарымен де, жай феодалдарымен де аяусыз қатты күресті, күрескенде өздерінің өмір сүруі үшін күресті.

Европа буржуазиясының феодализмге қарсы ұзақ* күресі ірі-ірі үш шешуші шайқаста өзінің ең биік шегіне жетті.

Біріншісі Германиядағы протестанттық Реформация дейтін болды. Лютердің шіркеуге қарсы күресуге шақырған үндеуіне жауап екі саяси көтеріліс болды: әуелі — Франц фон Зиккинген бастаған төменгі дәрежелі дворяндардың көтерілісі болды (1523), онан кейін — 1525 жылы шаруалардың Ұлы соғысы болды. Бұлардың екеуі де негізінен басқалардан гөрі мүдделілеу болған партияның, қала бюргерлерінің табансыздығы себепті жеңілді, бұл табансыздықтың себептеріне біз бұл жерде тоқтап жата алмаймыз. Осы кезден бастап күрес жергілікті князьдар мен орталық өкімет** арасындағы қырқысқа айналды, осының салдарынан Германия 200 жыл бойына Европадағы саяси белсенді ұлттардың тізімінен шығып қалды. Лютер реформациясы Германияда қалай дегенмен де жаңа дінді — абсолюттік монар-

* Немісше текстінде «ұзақ» деген сөздің орнына «ұлы» деп басылған. *Ред.*

** Немісше текстінде «орталық өкімет» деген сөздің орнына «императордың орталық өкіметі» деп басылған. *Ред.*

хияға дәл керек болып отырған дінді — орнатты. Германияның солтүстік-шығысында шаруалар лютершілдікті қабылдап үлгермей-ақ, олар ерікті адамдардан крепостнойлар қалпына түсірілді.

Бірақ Лютердің жолы болмаған жерде Кальвин жеңді. Оның догмасы сол кездегі буржуазияның ең батыл бөлегінің талаптарына сай келді. Оның тағдырдың жазуы туралы ілімі сол кездегі мына фактінің діни көрінісі болды: сауда мен бәсеке дүниесінде істің жолы болуы немесе банкрот болу жеке адамдардың іс-әрекетіне немесе ептілігіне байланысты емес, олардан тәуелсіз жағдайларға байланысты. Белгілі бір жеке адамның еркі немесе ісі билемейді, құдіретті, бірақ адам білмеген экономикалық күштердің мейірімі билейді. Бұл әсіресе экономикалық төңкеріс кезінде дұрыс болатын, бұл — жаңа сауда жолдары мен сауда орталықтары ескі сауда жолдары мен сауда орталықтарының бәрін ығыстырып жатқан кез еді, Америка мен Индия ашылған кез еді, сенімнің тіпті неғұрлым қасиетті экономикалық символы — алтын мен күмістің құны — шайқалып, күйреген кез еді. Оның үстіне Кальвин шіркеуінің құрылысы толығынан демократиялық және республикалық түрде болды; ал енді құдай дүниесі де республикаландырылған жерде, жердегі дүние корольдердің, епископтар мен феодалдардың құлаккесті құлы болып қала алатын ба еді? Егер лютершілдік Германияда князьдардың* қолындағы тіл алғыш құралы болса, кальвинизм Голландияда республика құрды, Англияда және ең алдымен Шотландияда іскер республикалық партиялар құрды.

Кальвинизм буржуазияның екінші ірі көтерілісінің даяр тұрған жауынгерлік теориясы бола қалды. Бұл көтеріліс Англияда болды. Оған алғаш қозғау салған қалалардың орта табы болды, ал селолық аудандардағы йоменри** ол көтерілісті жеңіске жеткізді. Ерекше бір нәрсе: буржуазияның үш ұлы көтерілісінің*** үшеуінде де жауынгер армия шаруалар болды. Ал, әрбір жеңістен кейін, сол жеңістің экономикалық салдарынан сөзсіз күйзеліске ұшырайтын тап дәл осы шаруалар болды. Кромвельден соң жүз жылдан кейін ағылшын йоменриі мүлде дерлік құрып кетті. Ал оның бер жағында тек осы йоменри мен қалалардың *плебейлік* элементінің араласуы арқасында ғана күрес үзілді-кесілді түрде ақырына дейін жеткізілді, сөйтіп I Карл дарға асылды; мұны буржуазияның бір өзі еш уақытта істей алмас еді****. Жеңістің, ең болмағанда, сол кездің өзінде-ақ жинау

* Немісше текстінде «князьдардың» деген сөздің орнына «немістің ұсақ князьдарының» деп басылған. *Ред.*

** Немісше текстінде «йоменри» деген сөздің орнына «орта шаруа (yeomenry)» деп басылған. *Ред.*

*** Немісше текстінде «буржуазияның үш ұлы көтерілісінің» деген сөздердің орнына «үш ұлы буржуазиялық революцияның» деп басылған. *Ред.*

**** Немісше текстінде «мұны буржуазияның бір өзі еш уақытта істей алмас еді» деген сөздер жоқ. *Ред.*

үшін әбден пісіп жетілген жемістерін буржуазияның ала алуы үшін, бұл үшін революцияны ондай мақсаттан анағұрлым әрірекке жеткізу керек болды; 1793 жылы Францияда да, 1848 жылы Германияда да дәл осылай болды. Шынында, буржуазиялық қоғамның даму заңдарының бірі, сірә, осындай болу керек.

Революциялық белсенділік мұндай кенересінен асып кеткеннен кейін болмай қоймайтын реакция болды, ал реакцияның өзі де өзін сақтап тұра алмайтын шамадан әрі асып кетті*. Бірқатар ауытқулардан кейін, ақырында, салмақтың жаңа орталығы орнады, мұның өзі онан әрі дамудың бастама пункті болды. Ағылшын тарихының байыптылық** «ұлы бүлік» деп атаған тамаша дәуірі және онан кейін болған шайқастар біршама маңызы кемірек 1689 жылғы оқиғамен аяқталды, мұны либерал тарихшылар «даңқты революция»[78] деп атады.

Жаңа бастама пункт көтеріліп келе жатқан орта тап*** пен бұрынғы феодалдық ірі жер иелері арасындағы мәмлеге келу болды. Ол кезде де, қазіргідей аристократия деп саналған феодалдық ірі жер иелері әлдеқашаннан-ақ, Францияда Луи-Филипптің көптен кейін болғанындай: «корольдіктің бірінші буржуалары» болу жолына түскен еді. Англияның бағына орай, бұрынғы феодал барондар Ал қызыл гүл мен Ақ гүл соғыстарында бірін-бірі қырған еді[79]. Олардың мұрагерлері, көбінесе осы ескі фамилиялардан тараған ұрпақтар да, алайда, өздерінің тегін олардың алыстан қосылатын тұқымдарынан тараған деп есептеді, сондықтан олар мүлде жаңа топ болды; олардың әдет-ғұрыптары мен тілектері феодалдықтан гөрі анағұрлым буржуазиялық болды. Олар ақшаның қадірін жақсы білді, сондықтан олар жүздеген ұсақ арендаторларды жерден қуып, оларды қоймен ауыстырып, дереу жер рентасын көбейтуге кірісті. VIII Генрих шіркеу имениелерін аянбай үлестіріп, болмашы бағаға сатып, буржуазиядан толып жатқан жаңа лендлордтар жасады; кейіннен сөздің тікелей немесе жанама мағынасындағы сан қилы мансапқұмарларға үлестіріліп берілген ірі имениелердің XVII ғасырдың аяғына дейін үздіксіз конфискеленс беруінен де осындай нәтиже туды. Сондықтан, VII Генрих заманынан бастап ағылшын «аристократиясы» өнеркәсіптің дамуына бөгет жасамағаны былай тұрсын, қайта ол дамудан жанамалап пайда табуға тырысты. Нақ сол сияқты ірі жер иелерінің бір бөлегі де

---

* Немісше текстінде «өзі де өзін сақтап тұра алмайтын шамадан әрі асып кетті» деген сөздердің орнына «өз мақсаттарынан асып кетті» деп басылған. *Ред.*

** Немісше текстінде «байыптылық» деген сөздің орнына «филистерлер» деп басылған. *Ред.*

*** Немісше текстінде бұл жерде және бұдан әрі «middle class» деген сөз сияқты «bourgeosie» деген сөз де «буржуазия» деген терминмен аударылған. *Ред.*

әрдайым экономикалық немесе саяси мүдделер жағын ойлап, финанс және өнеркәсіп буржуазиясының лидерлерімен ынтымақтасып іс істеуге келісіп отырды. Сөйтіп, 1689 жылғы мәмлелесушілік оп-оңай жүзеге аса алды. Саяси олжалар — пайдалы және жылы орындар*— білікті дворян-жер иелерінің қолында қалды, қалғанда олар финанс, өнеркәсіп, сауда істерімен айналысқан орта таптың экономикалық мүдделерін жеткілікті дәрежеде қорғайды деген шартпен қалдырылды. Ал бұл экономикалық мүдделер сол кездің өзінде-ақ ұлттың жалпы саясатын белгілеу үшін айта қалғандай күшті еді. Әрине, қайсыбір мәселелер жөнінде алауыздық болып жүрді, бірақ өзінің экономикалық өрлеуі өнеркәсіп және сауда орта табының өрлеуімен ажырағысыз байланысты екенін аристократиялық олигархия тұтас алғанда тым жақсы түсінді.

Сол кезден бастап буржуазия Англиядағы үстем таптардың ынсапты, бірақ өзін танытқан бір бөлегі болып алды. Басқалармен бірге ол орасан көп еңбекші халық бұқарасын езуге мүдделі болды. Көпес немесе фабрикант өзінің приказчиктері, өзінің жұмысшылары, өзінің қызметшілері жөнінде өздері қожайын немесе, күні кеше Англияда айтылатынындай, «табиғи әмірші» дәрежесінде болды. Оған олардың еңбегін мүмкін болғанынша неғұрлым көп сығып алу, мүмкін болғанынша неғұрлым сапалы етіп сығып алу керек болды; бұл мақсат үшін оларды өзіне мейлінше бағынышты етіп тәрбиелеуге тиісті болды. Оның өзі діндәр болды; оның діні оған қолға ұстайтын ту берді, бұл тумен ол корольді, лордтарды жеңді. Ол көп ұзамай бұл діннің өзіне табиғи бағынышты адамдардың санасын билеуге және құдайдың құдіретімен оларға бастық болып отырған қожайындардың бұйрығын бас тартпай орындайтын етіп тәрбиелеуге құрал болатынын да білді. Қысқасы, ағылшын буржуасы сол кезден бастап, «төменгі сословиелердің» — өндіруші орасан көп халық бұқарасының — қарсылығын басушылардың бірі болып алды, ал осы мақсат үшін қолданылатын құралдардың бірі діннің ықпалы болды.

Бұған тағы бір жағдай, буржуазияның діншілдік зауқын күшейте түскен жағдай: Англияда материализмнің гүлденуі қосыла кетті. Бұл жаңа** ілім тақуашыл орта тапты түршіктіріп қана қойған жоқ, оның бәрінің үстіне ол ілім өзін — білімсіз қалың бұқара үшін, оның ішінде буржуазия үшін де әбден жақсы болып отырған дінге қарама-қарсы, ғалымдар мен діни емес білім алған адамдар үшін бірден-бір қолайлы болатын философия деп жариялады. Бұл ілім Гоббспен бірігіп, король-

* Немісше текстінде «пайдалы және жылы орындар» деген сөздердің орнына: «лауазым, синекуралар, мол жалақы» деп басылған. *Ред.*

** Немісше текстінде «жаңа» деген сөзден кейін «құдайсыз» деген сөз қосылған. *Ред.*

дің артықшылығын және самодержавиені қорғауды жақтады және абсолюттік монархияны бұл puer robustus sed malitiosus*, яғни халықты жуасытуға шақырды. Гоббстың ізбасарлары — Болингброк, Шефстбери және басқалар — үшін де материализмнің жаңа деистік формасы аристократиялық, эзотеристік** ілім болып қалды, сондықтан орта тап ол ілімді жек көргенде, тек дін бұзарлығы үшін ғана емес, сонымен қатар оның антибуржуазиялық саяси бағытпен байланысты болғаны үшін де жек көрді. Міне сол себепті де, аристократияның материализмі мен деизміне қарама-қарсы нақ протестанттық секталар Стюарттарға қарсы күреске ту болып, әскер жетістіріп беріп отырды, оның үстіне прогресшіл орта таптың негізгі жауынгерлік күштерін де шығарды және қазір де «ұлы либерал партияның» негізгі арқауы болып отыр.

Бұл кезде материализм Англиядан Францияға көшті, мұнда ол картезишілдіктің[80] тармағы — екінші материалистік философиялық мектепті тауып, сонымен бірігіп кетті. Франция да ол алғашқы кезде тек аристократиялық ілім болды. Бірақ оның революциялық сипаты көп ұзамай сыртқа теуіп шықты. Француз материалистері өз сынауында тек дін саласымен ғана шектелген жоқ: олар өз заманындағы әрбір ғылыми дәстүрді, әрбір саяси мекемені сынады. Өздерінің теориясын жаппай қолдануға болатынын дәлелдеу үшін олар ең төте жолды таңдап алды: олар аса зор еңбек болған «Энциклопедияда» бұл теорияны білімнің барлық объектілеріне батыл қолданды, кейіннен олардың өздері осы еңбектің атымен аталды. Сөйтіп қай формада болса да,— ашық материализм болса да, немесе деизм болса да,— материализм Франциядағы барлық білімді жастардың дүниетаным көзқарасына айналды. Ал оның ықпалы күшті болғаны сонша — ағылшын роялистері жарық дүниеге туғызған бұл ілім ұлы революция кезінде француз республикашылдары мен террорды жақтаушыларының теориялық туы болды және «Адам праволарының декларациясына»[81] текст берді.

Ұлы француз революциясы буржуазияның үшінші көтерілісі болды, бірақ діншілдік киімдерін біржола жұлып тастап, күресті ашық саяси негізде жүргізген бірінші көтеріліс болды. Бұл революция сонымен қатар күресуші жақтардың бірінің, атап айтқанда, аристократияның түгелдей құртылып, ал екіншісінің, атап айтқанда, буржуазияның толық жеңуіне дейін күрес шынымен ақырына дейін жеткізілген бірінші көтеріліс болды. Англиядағы революциядан бұрынғы және революциядан кейінгі мекемелер арасындағы сабақтастық байланыс және ірі жер иелері

---

* — мықты, бірақ құлқы жаман жігітті. Гоббстың «Азамат туралы» деген кітабына жазған алғы сөзінен. *Ред.*

** — оқымыстыларға ғана арналған асыл ілім *Ред.*

мен капиталистер арасындағы мәмлелесушілік сот үлгілерінің сабақтастығы түрінде, сондай-ақ феодалдық праволық формаларды құрметпен сақтау түрінде көрінді. Францияда, мұның керісінше, революция өткен уақыттағы дәстүрлерден біржолата қол үзді, феодализмнің ақырғы қалдықтарын жойды, сөйтіп экономикалық дамудың Маркс товар өндірісі деп атаған сатысына сәйкес келетін юридикалық қатынастардың мінсіз дерлік көрінісі болған бұрынғы римдік правоны Code civil-де[82] қазіргі капиталистік жағдайларға шебер бейімдеп келтірді,— тіпті шебер бейімдеп келтіргендігі сондай — француздың осы революциялық заңдар кодексі қазір де басқа елдердің бәрінде, оның ішінде Англияда да, меншік правосы саласына реформалар жасауда үлгі болып отыр. Алайда, бұл орайда бір нәрсені ұмытпау керек. Ағылшын правосы капиталистік қоғамның экономикалық қатынастарын әлі де болса варварлық-феодалдық тілде білдіріп отырса да, бұл тіл өзі атап отырған затқа үйлескенде, ағылшын орфографиясы ағылшын сөзінің айтылуына қаншалық үйлесе,— бір француздың айтуынша, vous écrivez Londres et vous prononcez Constantinople* дегендей,— соншалық үйлесіп отырса да, бірақ мұның есесіне нақ осы ағылшын правосы төмендегі тұрғыдан бірден-бір право болып табылады: бұл право ежелгі герман бостандықтарының таңдаулы бөлігін, континентте абсолюттік монархиялардың тұсында мүлдем құртылған және осы кезге дейін ешбір жерде толық көлемде қалпына келтірілмеген осы таңдаулы бөлігін — жеке адам бостандығын, жергілікті өзін өзі басқаруды, сот араласуынан басқа араласулардың болмайтынына кепілдік болуын—ғасырлар бойына бұзбай сақтап, Америка мен отарларға таратқан право болып отыр.

Алайда, біздің британ буржуасына қайтып оралайық. Француз революциясы оған континенттегі монархиялардың жәрдемімен французбардың теңіз саудасын қиратуға, француз отарларын басып алуға және теңізде бәсекелесуге Францияның ең соңғы дәмесін құртуға өте жақсы мүмкіншілік берді. Оны революциямен күресуге итермелеген негізгі себептердің бірі осы болды. Екінші себеп болғаны сол, бұл революцияның әдістері оған тіпті ұнамады,— оның «жексұрын» терроры ғана емес, тіпті оның буржуазия үстемдігін ең арғы шегіне жеткізбек болған әрекеті де ұнамады. Шынында да, өзін түрлі салтқа — ұстазына лайық салтқа — үйреткен, ол үшін модалар ойлап шығарған, оған елдің ішкі тәртібін сақтаушы армия үшін, жаңа отарлық иеліктер мен жаңа сыртқы рыноктар жаулап әперетін флот үшін офицерлер жетістіріп беріп отырған өзінің аристократиясы болмаса британ буржуасы не істей алар еді? Алайда, буржуазия арасында дегенмен прогресшіл азшылық — мәмлелесуден онша пайда

* — Лондон деп жазылады да, Константинополь деп оқылады. *Ред.*

таппаған адамдар да — болды. Көбінесе орта таптың ауқаттылығы шамалы топтарынан құралған бұл азшылық революцияға тілектес болды, бірақ бұлар парламентте дәрменсіз еді.

Сөйтіп, материализм француз революциясының сенім символына неғұрлым айналған сайын, ағылшынның құдайшыл буржуасы өзінің дініне соғұрлым берік болды. Халық діннен шықса не болатынын Париждегі террор үстемдік еткен заман көрсеткен жоқ па? Материализм Франциядан көршілес елдерге неғұрлым көп тараған сайын және тектес теориялық ағымдардан, әсіресе неміс философиясынан неғұрлым күш алған сайын, материализм мен жалпы еркін ойлау континентте шынына келгенде білімді адамның неғұрлым қажетті бір қасиетіне айналған сайын, ағылшын орта табы өзінің әр қилы діни ілімдерін соғұрлым берік ұстады. Бұл сенімдердің бір-бірінен айырмасы қаншама күшті болғанмен де, олардың бәрі де айқын бейнеленген діншілдік, христиандық ілім болды.

Франция революция буржуазияның саяси салтанат құруын қамтамасыз еткен кезде, Англияда Уатт, Аркрайт, Картрайт және басқалар өнеркәсіптік революцияға тұңғыш қозғау салды, мұның өзі экономикалық күштердің негізгі салмағын мүлде ауыстырып жіберді. Буржуазияның байлығы енді жер иеленуші аристократияның байлығынан анағұрлым тез өсе бастады. Буржуазияның өз ішінде финанс аристократиясын, банкирлерді т. с. фабриканттар барған сайын кейінге қарай ығыстыра берді. 1689 жылғы мәмлелесушілік, бірте-бірте буржуазияның пайдасына жасалған өзгерістерден кейін де бұл келісімге қатысушылардың күштерінің ара салмағына енді мұнан былай үйлеспейтін болды. Келісімге қатынасқандардың сипаты да өзгерді; 1830 жылғы буржуазияның өткен ғасырдағы буржуазиядан айырмасы өте күшті болды. Саяси өкіметті жаңа өнеркәсіп буржуазиясының талаптарына қарсы пайдаланған аристократия қолында саяси өкіметтің әлі де болса сақталуы жаңа экономикалық мүдделермен сыйыспайтын болды. Аристократияға қарсы күресті қайта жаңғырту керек болды, ал бұл күрес жаңа экономикалық күштің жеңуімен ғана аяқтала алатын еді. Бәрінен бұрын 1830 жылғы француз революциясының әсерімен, барлық қарсылықтарға қарамастан, парламент реформасы[83] жасалды. Мұның өзі буржуазияны парламентте жұрт таныған, құдіретті дәрежеге ие қылды. Бұдан кейін астық заңдары жойылды[84], мұның өзі буржуазияны, әсіресе оның неғұрлым іскер бөлігін, фабриканттарды, жер аристократиясынан біржола үстем етті. Мұның өзі буржуазияның аса зор жеңісі болды, бірақ бұл сонымен қатар буржуазияның тек өз мүдделерін қорғау жолындағы жеткен ақырғы жеңісі болды. Бұдан кейінгі жеңістерінің бәрін оның жаңа әлеуметтік күшпен, әуелі өзінің одақтасы болған, кейін бәсекелесі болып шыққан күшпен бөлісуіне тура келді.

Өнеркәсіп революциясы ірі капиталист-фабриканттар табын туғызды, бірақ сонымен қатар саны анағұрлым көп фабрика жұмысшылары табын да туғызды. Өнеркәсіп революциясы өндірістің бір саласынан кейін екінші саласын қамтыған сайын бұл тап сан жағынан үздіксіз көбейе берді. Оның санының өсуімен қатар күші де өсе берді, сөйтіп бұл күш 1824 жылы-ақ өзін жұртқа көрсетіп, қарыспа парламентті жұмысшы одақтарына тыйым салатын заңдарды жоюға мәжбүр етті[85]. Реформаны жақтап үгіт жүргізілген кезде жұмысшылар реформа партиясының радикалдық қанаты болды. 1832 жылғы акт бойынша жұмысшылар сайлау правосынан айрылғанда, олар Халық хартиясында[86] өздерінің талаптарын баяндады, сөйтіп астық заңдарына қарсы күшті буржуазия Лигасына[87] қарама-қарсы тәуелсіз чартистер партиясына ұйымдасты; бұл — біздің заманымыздағы бірінші жұмысшы партиясы болды.

Бұдан кейін 1848 жылғы февраль мен мартта континентте революциялар бұрқ етті; бұларда жұмысшылар аса көрнекті роль атқарды және бұл орайда олар, ең болмағанда Парижде, капиталистік қоғамның тұрғысынан қарағанда қабылдауға мүлде келмейтін талаптар қойды. Ал бұдан кейін жаппай реакция басталды. Әуелі 1848 жылы 10 апрельде чартистер жеңілді[88], онан кейін сол жылы июньде Париждегі жұмысшылар көтерілісі жаныштaлды[52], оның артынан 1849 жылы Италиядағы, Венгриядағы, Оңтүстік Германиядағы сәтсіздіктер болды, ақырында, 1851 жылы 2 декабрьде Луи Бонапарт Парижді жеңіп алды[89]. Сөйтіп, жұмысшылардың талаптары деген сұмдық құбыжықтан біраз уақыт құтыла тұруға мүмкіндік болды, бірақ бұл оңай соққан жоқ! Егер британ буржуасы жай халықты діннен ноқталап ұстап отырудың қажеттігіне бұрын да көзі жеткен болса, бастан өткізген оқиғалардың бәрінен кейін, ол мұның қажеттігін бұрынғысынан да қаншалық қатты сезуге тиіс еді десеңізші! Сондықтан ол өзінің континенттегі бауырластарының келеке қылғанына ешбір көңіл бөлместен, төменгі сословиелерге інжілді насихаттау үшін жыл сайын мыңдап, он мыңдап қаражат жұмсай берді. Өзінің діни аппаратына қанағаттанбастан, ол діни жалдаптықтың асқан ұйымдастырушысы — «Джонатан бауырына» сөз салып, Америкадан Мудидің, Санкидің және басқа сондайлардың ревивализмін[90] алдыртты; ақырында, ол тіпті насихаттың ерте заманғы христиандық қолданған формаларын жаңғыртып отырған, құдайдың сүйген құлы деп кедейлерге жүгінетін, капитализмге қарсы өзінің діншілдік жолымен күресетін, сөйтіп, ерте заманғы христиандық тап күресінің кейбір элементтерін дамытатын, бір сәті түскен күні, қазір бұл іске қолма-қол ақша жұмсап отырған бай адамдардың өздерін әжептәуір үрейлендіруі мүмкін осы элементтерді дамытатын «Құтқару армиясының» қауіпті көмегін алуға да келісті.

Орта ғасырлар бойына феодалдық аристократияның саяси өкіметке тек өзі ғана ие болғанындай Европаның бірде-бір елінде де буржуазияның саяси өкіметке тек өзі ғана ие бола алмай отырғанын, ең болмағанда, ұзақ уақыт ие бола алмай отырғанын, сірә, тарихи дамудың заңы деп санауға болатын шығар. Феодализм тамырымен құртылған Францияда да буржуазия үкімет билігін тұтас алғанда тек қысқа-қысқа кезеңдерде ғана толық қолында ұстады. Луи-Филипптің тұсында 1830 жылдан 1848 жылға дейін, буржуазияның тек азғана бір бөлегі мемлекет биледі; цензі мөлшерінің жоғары болуы себепті буржуазияның анағұрлым көпшілік бөлігінде сайлау правосы болмады. Екінші республика тұсында, 1848—1851 жылдарда, бүкіл буржуазия биледі, бірақ небары үш жыл ғана биледі; оның қабілетсіздігі Екінші империяға жол ашты. Тек қазір ғана, Үшінші республика тұсында ғана, буржуазия табы тұтас алғанда, жиырма жыл бойына басқару тізгінін қолында ұстады, бірақ оның құлдырауға айналғанын көрсететін қуанышты белгілері қазірдің өзінде-ақ байқала бастады. Буржуазияның ұзақ уақыт үстемдік құруы бұған дейін тек Америка сияқты елдерде ғана мүмкін болды, өйткені Америкада феодализм еш уақытта болған емес және мұнда қоғам әуел бастан-ақ буржуазиялық негізде құрылды. Тіпті Франция мен Америкада да буржуазияның мұрагерлері — жұмысшылар қазірдің өзінде-ақ өкімет есігін қатты қағып тұр.

Англияда буржуазия еш уақытта да билікке тек өзі ғана ие болған жоқ. Тіпті оның 1832 жылғы жеңісі де басты-басты мемлекеттік лауазымдардың бәрін дерлік аристократияның қолында қалдырды. Бай орта таптың бұған үнсіз көне беруі маған түсініксіз болып келді, мен мұны күндердің бір күнінде либерал ірі фабрикант У. Э. Форстер Брадфорд жастарына арнап сөз сөйлегенде барып түсіндім; ол бұл сөзінде Брадфорд жастарына өздеріннің игіліктерін үшін француз тілін үйреніндер деп жалынды; бұл орайда ол, министр болысымен, ағылшын тілі қандай қажет болса, француз тілі де кем дегенде сондай қажет болған бір қоғамның ортасына бірдөн тап болғанда өзінің қандай ақмақ болып көрінгенін өз тәжірибесіне сүйеніп, баяндап берді! Шынында да, ол кездегі ағылшын орта табының өкілдері, әдетте, мүлде білімсіз пысықшалар болатын, бұлар қаласын-қаламасын үкіметтің жоғарғы қызмет орындарының бәрін де аристократияға беруге тиіс болды, өйткені мұндай орындарда қызмет атқару үшін іскерлік жылпостық араласқан* аралдық тар өрістілік пен

* Іс жағына келгенде де ұлтшылдық-шовинистік менмендік өте жаман кеңесші. Ағылшынның қатардағы фабриканты осы соңғы кезге дейін өз тілінен басқа тілде сөйлеуді ағылшын үшін өз қадірін түсіру деп есептейтін, «байғұс» шетелдіктер Англияға көшіп келіп, ағылшын фабрикантын өз өнімін шет елге өткізу әуре-сарсаңынан құтқарып отыр деп кәдімгідей мақтанатын. Бұл ше-

аралдық менмендіктен гөрі басқаша қасиеттер керек болатын. Тіпті қазірде де баспасөз бетіндегі буржуазиялық тәрбие [middle-class education] туралы тақырыптағы ұшы-қиыры жоқ айтыстар ағылшын орта табының әлі де болса өзін жақсы тәрбие беруге даярланбаған деп есептейтінін, ал өзіне қарапайымдау бір нәрсені іздейтінін көрсетеді. Сондықтан да мына жағдай әбден табиғи нәрсе болып көрінді: жеңіске жете алған адамдар— осы Кобдендер, Брайттар, Форстерлер және басқалар астық заңдары жойылғаннан кейін де ел билеу ісіне ресми түрде қатысудан шеттетілді; тек жиырма жыл өткеннен соң ғана жаңа парламенттік реформа[91] ақырында келіп оларға министрлер кабинетінің есігін ашты. Ағылшын буржуазиясы тіпті осы күнге дейін өзінің қоғамдық дәрежесін неғұрлым төмен деп ұғынатыны соншалық, ол өзінің ақшасы мен халықтың ақшасына сән-салтанатты жатып ішерлер кастасын асырап отыр; бұл каста салтанатты жағдайлардың бәрінде ұлттың лайықты өкілі болуға тиіс, оның бер жағында сол буржуаның ішінен біреуі сайын келгенде буржуазияның өзі құрған осы таңдаулы және ардақты корпорацияның қатарына өтуге лайықты деп танылса, буржуа мұны өзіне ең үлкен абырой деп есептейді.

Сөйтіп, өнеркәсіп пен сауда-саттық орта табы жер неленуші аристократияны саяси өкімет билігінен біржола шеттетіп үлгірмей-ақ, жаңа бәсекеші — жұмысшы табы сахнаға шықты. Чартистер қозғалысы мен континенттік революциялардан кейін басталған реакция және бұған ағылшын өнеркәсібінің 1848 жылдан бастап 1866 жылға дейін бұрын-соңды болмаған өркендеуінің қосылуы (әдетте, бұл өркендеуді тек сауда бостандығының ықпалынан болды деседі, бірақ бұл өркендеу одан да гөрі анағұрлым

---

телдіктер, көбінесе немістер, соның аркасында Британияның сыртқы саудасының едәуірін өз қолына алып алғаны — шетке товар шығаруды да, шеттен товар әкелуді де — және ағылшындардың тура өздері жүргізетін сыртқы саудасының бірте-бірте өрісі тарылып, отарлардан, Қытайдан, Құрама Штаттар мен Оңтүстік Америкадан әрі аса алмайтын болып қалғанын ол ағылшын фабриканты тіпті байқамады да. Бұл немістер шетелдердегі басқа немістермен сауда қылғанын, бұл шетелдегі немістер бара-бара бүкіл дүние жүзінде сауда колонияларының тұтас бір желісін құрғанын ағылшын фабриканты онан да бетер байқамады. Ал мұнан қырық жыл бұрын Германия шетке шығаруға арнап көп өндіре бастаған кезде, немістердің бұл сауда колониялары Германияға оның шетке астық шығаратын елден соншалық қысқа мерзімде бірінші дәрежелі өнеркәсіпті елге айналуына жақсы қызмет етті. Сонан кейін, ақырында келіп, мұнан он жылдай бұрын ағылшын фабрикантының тынышы кете бастады, сондықтан ол өзінің елшілері мен консулдарынан: өз клиенттерімізден айрылып қалғанымыз қалай болды?— деп сұрастырды. Бұл сұрауға қайтарылған бір ауызды жауап мынадай болды: 1) сіз өзіңіздің сатып алушыңыздың тілін үйренбейсіз де, онан өз тіліңізде сөйлеуді талап етесіз, және 2) сіз өзіңіздің сатып алушыңыздың керектерін, әдет-салттары мен талғамын қанағаттандыруға әрекеттенбегеніңізбен қоймай, оның сіздің ағылшындық керексінулерді, әдет-салттар мен талғамды қабылдап алуын талап етесіз.

зор дәрежеде темір жолдардың, мұхит кеме шаруашылығының, жалпы қатынас құралдарының орасан дамуынан болды) жұмысшыларды тағы да либерал партияға тәуелді етті; бұл партияда жұмысшылар, чартистердің қозғалысынан бұрынғысындай, оның радикалдық қанаты болды. Алайда, жұмысшылардың сайлау праволарын талап етуі бірден-бірге бой бермей күшейе берді. Либералдардың виг лидерлері әлі жасқанып, қорғалақтап жүргенде, Дизраэли өзінің артықшылығын көрсетіп үлгірді; торилерді қолайлы кезеңмен пайдаланып қалуға ұмтылдырып, ол қалалық сайлау округтерінде тұрғын үйлерді [household suffrage]* жалдаушылар үшін сайлау правосын енгізді, сонымен бірге сайлау округтерін де қайта бөлді. Мұның артынан көп ұзамай жасырын дауыс беру енгізілді; онан соң, 1884 жылы тұрғын үйлерді жалдаушылардың сайлау правосы графтықтарға таратылды және сайлау округтері жаңадан бөлінді, мұның өзі оларды өзара біршама теңестірді. Осы шаралардың бәрінің арқасында сайлауда жұмысшы табы күшінің өскені соншалық, қазір қалай болғанда да 150—200 сайлау округінде жұмысшылар сайлаушылардың көпшілігі болып отыр. Бірақ дәстүрді құрметтеуге келгенде парламенттік системадан артық мектеп жоқ! Егер орта тап лорд Джон Маннерстің қалжындап «біздің ескі дворяндар» деп атаған дүниесіне бас ие құрметтеп, сонан жақсылық күтсе, ол кезде «жақсы тап» деп аталатын орта тапқа жұмысшы бұқарасы да сондай қадір-құрметпен қарап отырды. Шынында да, шамамен бұдан он бес жыл бұрын британ жұмысшысы үлгілі жұмысшы болды, өзін жалдаушының дәрежесін оның қатты қадірлеуі, өзі үшін праволар талап еткен реттерде оның қанағатшыл, жуас болуы біздің *катедер-социалистер*[92] мектебінің неміс экономистеріне өздерінің отандастары — герман жұмысшыларының икемге көнбейтін коммунистік және революциялық талаптары салған жарақатқа шипалы ем болды.

Алайда ағылшын орта табы неміс профессорларынан көреген болды — өйткені бұл тап профессорлардан гөрі таңдаулы іскер адамдардан құралған еді. Тек жағдайдың қыспағынан ғана ол өзінің өкімет билігінің бір бөлігін жұмысшыларға берді. Чартистер қозғалысы кезінде ол халықтың, бұл puer robustus sed malitiosus-тың не нәрсеге қабілетті екенін түсінуді үйренді. Сол кезден бастап оған Халық хартиясы қойған талаптардың бірталайын қаласын-қаламасын Құрама корольдіктің заңына айналдыруына тура келді. Халықты моральдық құралдармен ауыздықтап ұстау қай уақыттағыдан да қазір өте-мөте қажет болды. Бұқараға әсер ететін ең бірінші және ең маңызды құрал

---

* Немісше текстінде «тұрғын үйлерді» деген сөздерден кейін мына сөздер қосылған: «(оның өзі жеке үйді жалдаушының әркайсысына берілді)». *Ред.*

әлі де болса сол дін болды. Мектеп советтерінде попардың билеп төстеп кетуі — осыдан; ритуализмнен[93] бастап, «Құтқару армиясына» дейінгі неше қилы ревивализмді қолдау үшін* буржуазияның өзінен өскелең алым жинауы — осыдан.

Сөйтіп енді континент буржуасының еркін ойлылығы мен діни селсоқтығынан британ байыптылығының** үстем болуы келіп шықты. Француз жұмысшылары мен герман жұмысшыларын бүлікшіл рух билеп алды. Олар шетінен социализмге ауды, ауғанда, барынша дәлелді пікірлерден келіп, өкіметті күшпен қолға алу құралдарын таңдап алуға келгенде заң бұзылады деп тіпті де қысылмайтын болып ауды. Бұл puer robustus онда шынында күн санап барған сайын malitiosus бола берді. Бұдан кейін, кеменің үстінде жұртқа мақтанып сигара тартып тұрған жас жігіттің өзін теңіз ауруы дендеп бара жатқанын сезгеннен кейін, тұтатқан сигарасын байқатпай лақтырып тастайтыны сияқты, француз бен неміс буржуасына да ең ақырғы шара есебінде өзінің еркін ойлылығын білдірмей жинап қоюға ғана тура келді. Күні кеше құдайды тілдеп жүргендер енді бірінен соң бірі сырттай тақуа болғансый қалды, шіркеу туралы, оның ілімі, ғұрыптары туралы құрметпен сөйлейтін болды, бұлардан орағытып өтуге болмайтындықтан өздері де бұларды қолдана бастады. Француз буржуасы жұма күндері maigre мен*** қанағаттанатын болды, ал неміс буржуасы жексенбі күндері шіркеудегі орындықтарында отырып, ұзақ-ұзақ протестанттық уағыздарды шыдамдылықпен тындады. Өзінің материализмі буржуаны пәлеге ұшыратты. «Die Religion muss dem Volk erhalten werden» «Дінді халық үшін сақтау керек»,— қоғамды біржола күйреуден құтқарудың ең ақырғы, бірден-бір құралы міне осы болды. Өздерінің сорына қарай, олар дінді біржола қирату үшін мүмкін болғанның бәрін істеп қойғаннан кейін ғана осындай ойға келді. Міне осы уақытта, енді британ буржуасының оларды келеке қылып, оларға айқайлап: «Ақымақтар, мен мұны сендерге бұдан тіпті екі жүз жыл бұрын айта алатын едім ғой!» дейтін кезі келді.

Алайда мен бірден-бірге күшейіп бара жатқан пролетарлық тасқынды оритан буржуасының діншіл топастығы да, континент буржуасының post festum**** бет бұруы да тоқтата алмас деп қауіптенемін. Дәстүр — зор кедергі, бұл — тарихтағы vis inertiae*****; бірақ ол тек енжар күш, сондықтан ол сөзсіз құруға

* Немісше текстінде «әр түрлі ревивализмді қолдау үшін» деген сөздердің орнына «тақуашылдық демагогияның әр қилы тәсілдерін пайдалану үшін» деп басылған. *Ред.*

** Немісше текстінде «британ байыптылығының» деген сөздердің орнына «британ байыпты филистерлігінің» деп басылған. *Ред.*

*** — етсіз тағаммен. *Ред.*

**** — сөзбе-сөз аударғанда: тойдан кейін, яғни кешігіңкіреп. *Ред.*

***** — инерция күші. *Ред.*

тиіс. Сондықтан дін де ұзақ уақыт капиталистік қоғамның тірегі болып тұра алмайды. Егер біздің юридикалық, философиялық және діни түсініктеріміз осы қоғамда үстем болып отырған экономикалық қатынастардың жақын тұрған немесе алысырақ тұрған тармақтары болса, онда экономикалық қатынастар түбірімен өзгергеннен кейін бұл түсініктер ұзақ өмір сүре алмайды. Не біз табиғаттан тыс құдіретке нануымыз керек, не құрып бара жатқан қоғамды ешқандай діни догма сақтап қала алмайтынын мойындауымыз керек.

Шын мәнінде солай болды, Англияда да жұмысшылар қайтадан қозғалды. Күмән жоқ, түрлі дәстүрлер оларды шырмап отыр. Ең алдымен буржуазиялық дәстүрлер шырмап отыр: мәселен, тек қана екі партияның, консерваторлар партиясы мен либералдар партиясының ғана болуы мүмкін дейтін және жұмысшы табы ұлы либерал партияның жәрдемімен азаттық алуға тиіс дейтін көп таралып жүрген соқыр сенім матап отыр. Бұдан кейін — жұмысшы табының өз бетімен қимыл жасамақ болған алғашқы жасқаншақ әрекеттері кезінен қалған жұмысшылардың өз дәстүрлері матап отыр: тұрақты шәкірттік оқуынан өтпеген жұмысшылардың бәрін көптеген байырғы тред-юниондардан шығарып тастау міне осындай дәстүр болып табылады; ал мұның өзі осындай әрбір кәсіптік одақтың өзіне қарсы өз штрейкбрехерлерін дайындағаны болып табылады. Бірақ мұның бәріне қарамастан, ағылшын жұмысшы табы алға басуда; мұны тіпті профессор Брентаноның өзі де өзінің катедер-социалист туысқандарына қайғырып хабарлауға мәжбүр болды. Англиядағы басқа жұрттың бәрі сияқты, жұмысшы табы да жайымен, өлшеп-пішіп алға басуда, кейде жалтақтап, кейде қармалап, кейде нәтижесіз болып шығатын әрекеттер жасай отырып алға басуда. Ол кей жерлерде «социализм» деген сөзге өте-мөте сенбесе де, социализмнің мәнін бірте-бірте бойларына сіңіре отырып алға басуда. Ол алға басуда және бұл қозғалыс жұмысшылардың түрлі топтарын бірінен соң бірін қамтып отыр. Қазіргі уақытта бұл қозғалыс Лондон Ист-Эндінің оқымаған жұмысшыларын шырт ұйқысынан оятты, ал осы тың күштердің өз тарапынан жұмысшы табына қандай тамаша қозғау салғанын өзіміз көрдік. Егер бұл қозғалыстың барысы кейбіреулердің шыдамсыздық талаптарына еріп үлгіре алмаса, онда олар ағылшынның ұлттық сипатының жақсы жақтарын нақ осы жұмысшы табы сақтап қалып отырғанын, Англиядағы алға басқан әрбір қадам, егер ол жасалған болса, әдетте еш уақытта да босқа кетпейтінін естерінен шығармасын. Егер бұрынғы чартистердің ұлдары, жоғарыда айтылған себептерден, дәл жұрттың күткеніндей болып шықпаса, онда олардың немерелері, сірә, аталарына лайық болар.

Алайда, Европа жұмысшы табының жеңуі жалғыз Англияға қарап тұрған жоқ. Бұл жеңісті тек бірлесіп күш қосқанда ғана,

ең болмағанда, Англия, Франция, Германия бірлесіп күш қосқанда ғана, қамтамасыз етуге болады[94]. Соңғы екі елдің екеуінде де жұмысшы қозғалысы Англиядағы жұмысшы қозғалысынан едәуір озып кетті. Германияда бұл қозғалыстың тіпті қай уақытта жеңетінін қазірдің өзінде анықтауға болады. Германиядағы жұмысшы қозғалысы соңғы жиырма бес жылдың ішінде теңдесі жоқ зор табыстарға жетті. Бұл қозғалыс бірден-бірге үдеп, тез алға басуда. Егер неміс орта табы өзінің бейшаралық қоранштығын, саяси қабілетінің, тәртібінің, батылдығының, жігерінің, табандылығының жоқтығын көрсетсе, онда неміс жұмысшы табы бұл қасиеттердің бәрі де өзінде жеткілікті екенін әбден көрсетті. Бұдан төрт жүз жыл дерлік бұрын Германия Европа орта табының алғашқы үлкен көтерілісінің басталған жері болды; егер істің қазіргі жайына қарасақ, Германия Европа пролетариатының бірінші ұлы жеңісінің де майданы болып шығуы мүмкін емес пе?

**Ф. Энгельс**

*20 апрель* 1892 ж.

*Мына кітапта басылған:*
*Frederick Engels. «Socialism Utopian and Scientific». London, 1892 және біраз қысқартылып, автордың аудармасы бойынша неміс тілінде мына журналда басылған: «Die Neue Zeit», Bd. 1—2, 1892—1893*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр; 2-басылуы, 22-том, 294—320-беттер*

# СОЦИАЛИЗМНІҢ УТОПИЯДАН ҒЫЛЫМҒА ҚАРАЙ ДАМУЫ[70]

## I

Қазіргі социализм өзінің мазмұны жағынан алғанда ең алдымен, бір жағынан, дәулеттілер мен дәулетсіздердің, капиталистер мен жалдама жұмысшылардың арасындағы қазіргі қоғамда үстем болып отырған таптық қарама-қарсылықтарды, ал екінші жағынан, өндірісті жайлап алған анархияны байқаудың нәтижесі болып табылады. Бірақ өзінің теориялық формасы жағынан ол әуелде XVIII ғасырдағы француздардың ұлы ағартушылары ұсынған принциптердің ілгері қарай және дәйектірек түрде дерлік дамытылуы ғана болып көрінеді. Социализмнің тамыры материалдық экономикалық фактілерде тереңде болса да, әрбір жаңа теория сияқты социализм де ең алдымен өзіне дейінгі жиналған идеялық материалдан шығуға тиіс болды.

Францияда таянып келе жатқан революция үшін жұрттың көзін ашқан ұлы адамдардың өздері де өте-мөте революцияшылдықпен іске кірісті. Олар қандай түрде болса да, сыртқы бедел дегеннің ешқандайын мойындамады. Дін, табиғатты ұғыну, қоғам, мемлекеттік құрылыс — бәрі де аяусыз қатты сынға түсті; баршасы да ақыл-ой сотына жүгінуге тиіс болды, сөйтіп, не өзінің өмір сүруін ақтауға, не одан бас тартуға тиіс болды. Бар әлемнің бірден-бір өлшемі ойлай білетін ақыл-парасат болды. Бұл кез, Гегельдің сөзімен айтқанда, дүние басымен төмен қойылған кез еді*, басымен қойылғанда, ең алдымен, адамның

---

* Француз революциясы туралы Гегель міне былай дейді: «Право туралы ой, оның ұғымы — өзін *бірден* танытты, правосыздықтың қаусаған тіректері оған ешбір қарсылық жасай алмады. Право туралы ой конституцияның негізіне алынды, сөйтіп енді бәрі де соған сүйенуге тиіс. Аспанда күн жарқырап, оның төңірегінде планеталар айналғаннан бері, адамның басымен тұрғаны, яғни ойға сүйенгені және сол ойға сәйкес шындықты құрғаны бұған дейін болған емес. Nûs, яғни ақыл, дүниені билейді деп алғаш айтқан Анаксагор болатын, бірақ рухани шындықты ақыл-ой билеуге тиіс екенін адам тұңғыш рет енді ғана мойындады. Мұның өзі *күннің жарқырап* бір *шығуы* болды. *Барлық ойлай алатын тіршілік иелері жаңа заманның туғанын қуанышпен құптай қарсы алысты.* Бұл заман *мерейлі шаттыққа толды,* сөйтіп, тәңрі дүниемен тұңғыш рет жарасқандай болып, *бүкіл дүние рух жігеріне бөленді» (Гегель,*

басы мен оның ойлауы арқылы табылған қағидалар өздерін адам баласының барлық істері мен қоғамдық қатынастардың негізі деп танылсын деген талап қойған мағынадағы кезі еді, ал мұның соңынан, кең мағынада, осы қағидаларға қайшы келген шындық іс жүзінде асты-үстіне келтірілген кезі еді. Қоғам мен мемлекеттің бұрынғы формаларының бәрі, дәстүрлі түсініктердің бәрі ақылға сыйымсыз деп танылып, ескі-құсқы ретінде лақтырып тасталған еді; бұған дейін дүниені тек соқыр сенімдер ғана билеп келді, сондықтан дүниенің өткендегісінің бәрі тек өкіне де, жиіркене қарауға ғана лайық. Енді тұңғыш рет күн шықты, парасат заманы туды, осы кезден бастап ескі наным, әділетсіздік, артықшылық, езушілік мәңгі ақиқатқа, мәңгі әділдікке, табиғаттың өзінен туатын теңдікке және адамның қол сұғуға болмайтын праволарына жол беруге тиіс болды.

Біз қазір мынаны білеміз: бұл парасат заманы дегені басқа еш нәрсе де емес, дәріптелген буржуазия заманы болды, мәңгі әділдік дегені буржуазиялық юстицияда жүзеге асты, теңдік дегені — заң алдындағы азаматтық теңдік болып шықты, ал адам праволарының ішіндегі ең маңыздысы... буржуазиялық меншік деп жарияланды. Ақыл-парасат билеген мемлекет,— Руссоның қоғамдық шарты,— практика жүзінде тек буржуазиялық демократиялық республика ғана болып шықты, солай бола алатын еді. XVIII ғасырдың ұлы ойшылдары өздерінен бұрынғы ізашарларының бәрі сияқты, өз заманының өздеріне қойған шегінен асып кете алмады.

Бірақ феодалдық дворяндардың және бүкіл былайғы қоғамның өкілі болып шыққан буржуазияның арасындағы қарама-қарсылықпен қатар, қанаушылар мен қаналушылардың, бай арам тамақтар мен еңбекші кедейлердің арасындағы жалпы қарама-қарсылық бар еді. Дәл осы жағдай буржуазия өкілдерінің қайсыбір жеке таптың емес, бүкіл азап шеккен адамзаттың өкілі болып шығуына мүмкіндік берді. Ол ол ма. Өзінің дүниеге келген күнінен бастап, буржуазияның өз қара басының қарама-қарсылық ауыртпалығы болды: капиталистер жалдама жұмысшыларсыз өмір сүре алмайды және орта ғасырлық цех шеберінің осы заманғы буржуаға айналғаны сияқты, цехтағы кіші шебер мен цехтан тысқары күндікші пролетарларға айналды. Ал жалпы алғанда, буржуазияның *дворяндарға қарсы күресте* өзін сол кездегі түрліше еңбекші таптардың да мүдделерін жоқтаушымын деп есептеуге біраз правосы бола тұрса да, әрбір ірі буржуазиялық қозғалыс тұсында қазіргі замандағы пролетариаттың азды-көпті есейген ізашары болған таптың өз алдына

---

«Тарих философиясы», 1840, 535-бет) Профессор Гегель марқұмның қоғамдық тіректерді құлататын мұндай қауіпті іліміне қарсы социалистер туралы заңды[23] қолданатын уақыт ақырында жеткен жоқ па екен?

дербес қозғалыстары туып отырды. Германиядағы Реформация мен Шаруалар соғысы заманындағы анабаптистер[95] мен Томас Мюнцердің қозғалысы, ағылшынның ұлы революциясы кезіндегі левеллердің[96], француздың ұлы революциясының кезіндегі Бабёфтің қозғалыстары міне осындай қозғалыстар еді. Әлі кемелденбеген таптың бұл революциялық қарулы қимылдарымен қатар тиісті теориялық көріністер болып отырды; XVI және XVII ғасырлардағы мұратқа лайық қоғамдық құрылыстың утопиялық суреттемелері[97], ал XVIII ғасырда — тікелей коммунистік теориялар (Морелли мен Маблидің теориялары) осындай болды. Теңдікті талап ету енді саяси праволар саласымен ғана шектеліп қойған жоқ, әрбір жеке адамның қоғамдағы жағдайына да таралды; таптық артықшылықтарды ғана емес, сонымен бірге таптық айырмашылықтардың өзін де жою қажет екені дәлелденіп көрсетілді. Өмір рақатын көрудің қандайына болса да тыйым салатын аскеттік қатаң, спарталық коммунизм жаңа ілім көрінісінің тұңғыш формасы болды. Мұнан соң үш ұлы утопист келді: пролетарлық бағытпен қатар, әлі белгілі дәрежеде буржуазиялық бағыт та маңызын сақтаған Сен-Симон; Фурье және капиталистік өндірісі неғұрлым дамыған елде және осы өндірістен туған қарама-қарсылықтардың әсерімен таптық айырмашылықтарды жою жөнінде өз ұсыныстарын француз материализміне тікелей жанасатын жүйе түрінде жасап шығарған Оуэн келіп шықты.

Бұлардың үшеуіне бірдей ортақ нәрсе — олар сол кездегі тарихи тұрғыда туған пролетариат мүдделерінің өкілдері болып шыққан жоқ. Олар ең алдымен белгілі бір қоғамдық тапты азат етпекші болған жоқ, ағартушылар сияқты, бүкіл адамзатты бірден азат етпекші болды. Ағартушылар сияқты, бұлар да ақыл-парасат пен мәңгі әділдік заманын орнатқысы келеді; бірақ ағартушылардың ақыл-парасат заманынан бұлардың ақыл-парасат заманының айырмашылығы жер мен көктей. Бұл ағартушылардың принциптеріне лайықталып құрылған буржуазиялық дүние де ақылға да сыйымды емес, әділетті де емес, сондықтан, феодализм мен бұдан бұрынғы барлық қоғамдық тәртіптер сияқты, ол да қоқысқа тасталуға тиіс. Ақиқат ақыл-парасат пен ақиқат әділдіктің бұған дейін дүниеде үстемдік етпей келген себебі тек қана сол — жұрт оларды дұрыс танып білмеді. Қазіргі уақытта дүниеге келіп, ақиқатты біліп отырған сол данышпан адамның болмағанынан барып қана солай болды. Бұл адамның қазір дүниеге келгендігі, ақиқаттың дәл қазір танылуы,— бұл тіпті де тарихи дамудың жалпы барысының қажетті нәтижесі емес, болмай қоймайтын оқиға емес, бұл жай ғана бақытты кездейсоқтық. Мұндай данышпан адам бұдан бес жүз жыл бұрын да осындай болып туа алатын еді, сонда ол адам баласын бес

жүз жыл бойғы адасудан, күрес пен азаптан құтқарған болар еді.

Революцияны дайындаған XVIII ғасырдағы француз философтарының ақыл-парасатты бүкіл әлемнің бірден-бір төрешісі деп, соған жүгінгенін жоғарыда көрдік. Олар ақылға сыйымды мемлекет, ақылға сыйымды қоғам орнатуды талап етті, мәңгілік ақыл-парасатқа қайшы келетіннің бәрін де аяусыз жоюды талап етті. Шынына келгенде, бұл мәңгілік ақыл-парасат нақ сол заманда буржуаға айналып келе жатқан орта бюргердің дәріптеген ақыл-парасаты екенін де жоғарыда көрдік. Сондықтан да, француз революциясы осы ақылға сыйымды қоғам мен осы ақылға сыйымды мемлекетті шындыққа айналдырған кезде, жаңа мекемелер, өзінен бұрынғы құрылысқа қарағанда бүкіл қолайлылығына қарамастан, әсте де ақыл-парасатқа мүлтіксіз сай болмай шықты. Ақыл-парасат билеген мемлекет деген толық күйреді. Руссоның қоғамдық шарты террор кезінде[98] жүзеге асты, өзінің саяси қабілеттілігіне сенуден қалған буржуазия осы террордан құтылу жолын әуелі Директорияның[99] сатылғыштығынан, ал түптеп келгенде Наполеон деспотизмінің қанаты астынан іздеді. Уәде етілген мәңгі бейбітшілік ұшы-қиыры жоқ жаулап алу соғыстарына айналды. Ақылға сыйымды қоғамдық құрылыстың халі де бұлардан тәуір болмады. Байлар мен кедейлердің арасындағы қарама-қарсылық жалпыға бірдей бақытты тұрмыс орнауы арқылы жойылудың орнына бұрынғыдан да бетер шиеленісіп кетті, шиеленіскен себебі: бұл қарама-қарсылыққа соқпай өтетін көпір тәрізді болып келген цехтық және басқа артықшылықтар жойылды, сол сияқты, бұл қарама-қарсылықты аздап жұмсартқан шіркеулердің жәрдемі құртылды. Феодалдық бұғаулардан құтқарылып, енді іс жүзінде жүзеге асырылған «меншік бостандығы» ұсақ буржуа мен шаруа үшін осы ұсақ меншікті, меншік болғанда, ірі капитал мен ірі жер иелігінің құдіретті бәсекесі жаныштаған ұсақ меншікті, нақ осы шонжарларға сату бостандығы болып шықты; сөйтіп, бұл «бостандық» ұсақ буржуа мен шаруалар үшін меншіктен *қол үзу* бостандығына айналды. Өнеркәсіптің капиталистік негізде тез дамуы еңбекшілер бұқарасының кедейлігі мен азап шегушілігін қоғамның өмір сүруіне қажетті шарт етті. Карлейль айтқандай, ақша барған сайын бұл қоғамның бірден-бір дәнекері болып алды. Қылмыстардың саны жыл санап арта берді. Феодалдық заманның бұрын жұрт алдында ұялмастан істелетін масқаралықтары жойылмағанымен де, дегенмен әзірге кейін ығыстырылған болса, бұлардың орнына бұрын астыртын істеліп қана келген буржуазиялық масқаралықтар соғұрлым қаулап өрши түсті. Сауда барған сайын алаяқтыққа айнала берді. Революциялық ұранда[100] жарияланған «туысқандық» бәсекелестік күрес туғызатын

қулық-сұмдық пен күншілдікке айналды. Күш жұмсап езудің орнын пара басты, ал семсердің орнына қоғамдық өкіметтің ең басты тұтқасы ақша болып алды. Бірінші түн правосы феодалдардан буржуа-фабриканттарға көшті. Жезөкшелік бұрын-соңды болмаған шамада көбейді. Тіпті некенің өзі де, бұрынғысындай, жезөкшеліктің заң мақұлдаған формасы, оның ресми бүркеншігі болып қала берді, бұған ерлі-зайыптылық адалдығын бұзудың көптеген түрлері қосылды. Қысқасы «ақыл-парасаттың жеңуі» арқылы орнаған қоғамдық және саяси мекемелер ағартушылардың берген тамаша уәделеріне жасалған зұлымдық, жұртты әбден түңілдірген карикатура болып шықты. Тек бұл түңілгендікті атап айта алатын адамдар ғана жетіспеді, ал мұндай адамдар жаңа ғасырдың бас кезінде шыға бастады. 1802 жылы Сен-Симонның «Женева хаттары» басылып шықты; теориясының негізі 1799 жылы-ақ салынса да, 1808 жылы Фурьенің алғашқы шығармасы шықты; 1800 жылы 1 январьда Роберт Оуэн Нью-Ланаркті басқаруға кірісті[101].

Бірақ бұл кезде капиталистік өндіріс әдісі, сонымен бірге буржуазия мен пролетариаттың арасындағы қарама-қарсылық та әлі де болса өте дамымаған еді. Англияда енді ғана пайда болған ірі өнеркәсіп ол кезде Францияда әлі де болса белгісіз болатын. Ал шынында, тек ірі өнеркәсіп қана, бір жағынан, өндіріс әдісінде төңкеріс жасауды, оның капиталистік сипатын жоюды еріксіз қажет ететін жанжалдарды күшейтеді, бұл жанжалдар осы ірі өнеркәсіптің өзі құрған таптардың арасында ғана емес, сонымен қатар өзі туғызған өндіргіш күштер мен айырбас формаларының арасында да болады; ал екінші жағынан, сол ірі өнеркәсіптің дәл өзі өндіргіш күштердің орасан дамуы арқылы бұл жанжалдарды шешудің құралын да береді. Демек, жаңа қоғамдық тәртіптен туатын жанжалдар 1800 жыл шамасында енді ғана шыға бастаса, онда бұл жанжалдарды шешу құралдары ол кезде әлі бұдан да әлдеқайда нашар дамыған болатын. Террор кезінде Париждің дәулетсіз бұқарасы қас қағым сәтке өкіметті қолына алып, осылайша буржуазиялық революцияны буржуазияның нақ өзіне *қарсы* жеңіске жеткізе алса да, олар мұнысымен сол кездегі қатынастарда бұл бұқараның ұзақ уақыт үстемдік құруының бүкіл мүмкін еместігін ғана дәлелдеп берді. Жалпы дәулетсіздер бұқарасынан жаңа таптың ұрығы есебінде енді ғана бөлініп шыққан, дербес саяси қимылға әлі мүлдем қабілетсіз пролетариат ол кезде езілген, азап шеккен сословие ғана болып көрінді, өзіне өзі жәрдемдесе алмайтындықтан оған жәрдемді ең мықтағанда сырттан, жоғарыдан ғана жасауға болатындай көрінді.

Бұл тарихи жағдай социализмнің негізін салушылардың да көзқарастарын анықтады. Капиталистік өндірістің жетілмеген қалпына, жетілмеген тап қатынастарына жетілмеген теориялар

да сай келді. Қоғамдық міндеттердің дамымаған экономикалық қатынастар арасында әлі көрінбей жатқан шешімін ойлап шығаруға тура келді. Қоғамдық құрылыс кілең кемшіліктер ғана болды; оларды жою ойшыл парасаттың міндеті болды. Қоғамдық құрылыстың жаңа, неғұрлым жетілген жүйесін ойлап тауып, оны сырттан, насихат арқылы, ал мүмкіндігінше үлгі тәжірибелер жасау арқылы сол кездегі қоғамға таңу керек болды. Бұл жаңа әлеуметтік системалар утопия болып қалуға күні бұрын душар болған еді, сондықтан олар неғұрлым құнттап талданған сайын, таза киял саласына шалғайлап кете беруге тиіс болды.

Мұны анықтағаннан кейін, біз енді мәселенің түгелінен бұрынғыға қатысы бар бұл жағына бір сәт те тоқталып жатпаймыз. Осы кезде ермек сияқты болып көрінетін киялдарды маңғаздана қағып-сілкуді және мұндай «делқұлылыққа» қарағанда өздерінің ақыл-ойының сергектігіне сүйініп мәз болуды әдебиет саудагерлеріне-ақ бердік. Киял пердесінен қадам басқан сайын кимелей шығып жатқан данышпандық идеялар мен данышпандық ой-пікірлердің бастамалары бізді анағұрлым көбірек қуантады, ал бұларды әлгі филистерлер көрмей келеді.

Сен-Симон ұлы француз революциясының перзенті еді, революция басталғанда ол әлі отызға да жетпеген болатын. Революция үшінші сословиенің, яғни өндіріс пен сауда ісінде *жүрген* ұлт көпшілігінің сол кезге дейін артықшылықтармен пайдаланып, *бос селеңдеген* сословиелерді — дворяндар мен дін басыларын — жеңуі еді. Бірақ кешікпей-ақ, үшінші сословиенің жеңісі сол сословиенің аз ғана бөлегінің жеңісі ғана болып шыққаны, үшінші сословиенің әлеуметтік артықшылықтармен пайдаланатын бөлегінің — дәулетті буржуазияның саяси өкіметті жеңіп алуы болғаны байқалды. Оның үстіне бұл буржуазия революция процесінің өзінде-ақ тез өркендеді, өркендегенде, бір жағынан, дворяндар мен шіркеудің конфискеленген, онан соң *сатылған* жер меншігін саудаға салу арқылы, екінші жағынан, соғыс керек-жарағын жетістірушілердің ұлтты алдауы арқылы өркендеді. Нақ осы жалдаптардың Директория тұсында үстем болуының өзі Франция мен революцияны апат халіне душар етті, сөйтіп Наполеонның мемлекеттік төңкеріс жасауына сылтау тауып берді. Сонымен, үшінші сословие мен артықшылықты сословиелердің арасындағы қарама-қарсылықты Сен-Симон «жұмысшылар» мен «бос селеңдеушілер» арасындағы қарама-қарсылық деп білді. Оның ойынша, бұрынғы артықшылықты сословиелердің өкілдері ғана емес, сонымен қатар өндіріс пен сауда ісіне араласпай өзінің рента табысымен тұратындардың бәрі де сол бос селеңдеушілер болып табылады. Ал «жұмысшылар» дегені жалдама жұмысшылар ғана емес, сонымен қатар фабриканттар да, көпестер мен банкирлер де «жұмысшылар» болып саналды. Бос селеңдеушілердің ақыл-оймен басшылық ету, саяси үстемдік

жүргізу қабілетінен айрылғандығы ешбір күмәнсыз болды, мұны революция біржолата дәлелдеді. Дәулетсіздердің мұндай қабілеті болмағанын, мұны Сен-Симонның ойынша, террор кезінің тәжірибесі дәлелдеді. Ал бұлай болғанда, енді кім басшылық етіп, үстемдік жүргізуге тиіс? Сен-Симонның пікірінше, жаңа діни байланыс арқылы біріккен, діни көзқарастардың Реформация кезінен бастап бұзылған бірлігін қайта орнатуға тиіс болған сөзсіз мистикалық, қатаң иерархиялық «жаңа христиандық» арқылы біріккен ғылым мен өнеркәсіп басшылық етіп, үстемдік жүргізуге тиіс. Бірақ ғылым дегеніміз — ғалымдар, ал өнеркәсіп дегеніміз—ең алдымен белсенді буржуа, фабриканттар, көпестер, банкирлер ғой. Рас, бұл буржуа қоғамдық чиновниктер, бүкіл қоғамның сенген адамдары тәрізді бірнәрсе болуға тиіс болды, бірақ ол жұмысшыларға билік жүргізетін қалпын және экономика жүзіндегі артықшылық қалпын сақтауға тиіс болды. Банкирлерге келсек, нақ солар кредит жұмысын тәртіптеу арқылы бүкіл қоғамдық өндірісті реттеп отыруға тиіс болды.— Мұндай көзқарас, ірі өнеркәсіп, ал сонымен бірге буржуазия мен пролетариат арасындағы қарама-қарсылық та Францияда әлі жаңа ғана шығу процесінде болған уақытқа толық сай келді. Бірақ Сен-Симонның ерекше атап көрсететіні мынау: қашан да, қай жерде болса да, оның ең алдымен ойлайтыны — «ең көп және ең кедей таптың» тағдыры («la classe la plus nombreuse et la plus pauvre»).

Сен-Симон өзінің «Женева хаттарының» өзінде-ақ мына қағиданы ұсынады:

> «жұрттың бәрі жұмыс істеуге тиіс».

Сол шығармасының өзінде-ақ ол: Франциядағы террордың үстемдігі дәулетсіз бұқараның үстемдігі болды дейді.

> «Қараныздар»,— деп санқылдайды ол сөзін осы соңғыларға арнап,—«Франция сіздердің жолдастарыңыз үстемдік құрған кезде не болғанын көріңіздер: олар ашаршылық туғызды».

Бірақ француз революциясының тап күресі болғанын, тап күресі болғанда да, тек дворяндар мен буржуазияның арасындағы ғана емес, сонымен қатар дворяндардың, буржуазияның *және дәулетсіздердің* арасындағы тап күресі болғанын ұғыну — мұның өзі 1802 жылы асқан данышпандық жаңалық еді. Сен-Симон 1816 жылы саясат дегеніміз өндіріс туралы ғылым деп жариялап, саясатты экономиканың толық дендеп әкететінін болжайды. Егер бұл арада экономикалық жағдай саяси мекемелердің негізі екенін ұғынушылық тек бастама түрінде ғана айтылған болса, оның есесіне, адамдарды саясат жағынан басқару заттарды билеу және өндіріс процестерін басқару ісіне айналуға тиіс деген ой, яғни «мемлекеттің жойылуы» туралы ой айдан анық ай-

тылған, соңғы кезде бұл туралы сондай көп шуласып жүр. Сен-Симон 1814 жылы,— одақтастар Парижге кірген сәтте-ақ,*— ал онан соң 1815 жылы Жүз күндік соғыс[102] кезінде өзінің замандастарынан тағы да көш бойы озып шығып: Францияның Англиямен одақтасуы және екінші ретте осы екі елдің Германиямен одақтасуы Европаның бейбіт дамып, гүлденуіне бірден-бір кепіл болып табылады дейді. 1815 жылы французбарға Ватерлоо түбінде[103] жеңіп шыққандармен одақтасындар деп уағыздау үшін шынында көп ерлік және тарихи көрегендік керек еді.

Егер біз Сен-Симоннан көзқарастарының данышпан кеңдігін, сол себепті оның көзқарастарында соңғы кездердегі социалистердің қатаң экономикалық емес ой-пікірлерінің барлығының дерлік ұрығы бар екенін көріп отырсақ, Фурьеден сол кездегі қоғамдық құрылысты сынауды табамыз, бұл сында нағыз французбарлық тапқырлық терең талдаумен ұштасып жатады. Ол буржуазияны, оның революцияға дейінгі шабытты көріпкелдері мен революциядан кейін шыққан сатылған жағымпаздарының өз сөздерін өздеріне қарсы жұмсайды. Ол буржуазиялық дүниенің бүкіл материалдық және моральдық қораштығын аяусыз әйгілеп, оны бұрынғы ағартушылардың: тек ақыл-парасат қана үстемдік ететін қоғам орнайды, жұрттың бәрін бақытқа жеткізетін цивилизация орнайды деген еліктіргіш уәделерімен,— олардың адамзат шексіз кемелдене алады деген мәлімдемелерімен салғастырады; ол өзімен замандас буржуазия идеологтарының көпірмелі жел сөздерінің бос сөз екенін әшкерелейді, олардың даурықпа сөздеріне қандай қораш шындық тура келіп отырғанын көрсетеді, сөйтіп бұл жел сөздерден тұк шықпағанына ашы мысқылды жаудырады. Фурье — тек сыншы ғана емес; өзінің жаратылысында қашан да жайдары болған Фурье сатирик те болды, тіпті барлық замандағы асқан ұлы сатириктердің бірі болды. Революцияның күні батуымен французбардың сол кездегі барлық коммерциялық істерін жайлап алған әбден етек алған жалдаптық кулық-сұмдық пен ұсақ саудагерлік ниетті ол мірдің оғындай тиетін сықақ сөздерімен суреттейді. Ол еркек-әйел арасындағы қатынастардың буржуазиялық формасын және буржуазиялық қоғамдағы әйелдің жайын одан да асқан шеберлікпен сынайды. Әрбір белгілі қоғамдағы әйелдердің азат етілу дәрежесі азаттық атаулының бәрінің табиғи өлшемі болып табылады деген пікірді тұңғыш рет айтқан Фурье болды. Бірақ Фурьенің ұлылығы оның қоғам тарихын түсінуінен бәрінен айқын көрінді. Қоғам тарихының бүкіл бұдан бұрынғы барысын ол дамудың мынадай төрт сатысына бөледі: тағылық, патриархат, варварлық және цивилизация; оның цивилизациясы осы күнгі буржуазиялық қоғам дейтінмен, демек, XVI ғасырдан бас-

* 1814 жылғы 31 мартта. *Ред.*

тап дамыған қоғамдық тәртіппен бір жерден шығады, сөйтіп ол былай деп атап көрсетеді:

> «варварлықтың тұсында қарапайым күйінде болған әрбір масқаралыққа цивилизация құрылысы күрделі, екі мағыналы, екіжүзді, көлгірсіген түр береді»,

цивилизация «шығып болмайтын шырғаланда», үнемі өзі қайта туғызып отыратын және өзі жеңе алмайтын қайшылықтарда жылжиды, сондықтан ол әрқашан өзі шынымен не жорта ұмтылатын нәтижелерге қарама-қарсы келетін нәтижелерге жетіп отырды. Сөйтіп, мәселен,

> «цивилизацияда *кедейлікті молшылықтың өзі туғызады*».

Бұдан біз Фурьенің өз замандасы Гегель сияқты диалектиканы өте шебер қолданғанын көреміз. Адам баласының шексіз дамып, жетіле беруге қабілеттілігі туралы жел сөздерге қарама-қарсы Фурье: әрбір тарихи фазистің өзінің жоғары өрлеу өресі ғана емес, төмендеу өресі де болады деген пікірді де диалектикалық тұрғыдан айтып береді, сөйтіп бұл түсіну әдісін ол бүкіл адамзаттың болашағы жөнінде қолданады. Жаратылыстану ғылымына Жердің болашақта құритыны туралы идеяны енгізген Кант сияқты, Фурье де тарихты ұғынуға адамзаттың болашақта құритыны туралы идеяны енгізді.

Францияда елді тазалап шыққан революция дауылы өтіп жатқан кезде, Англияда айқай-шуы кемірек болғанымен, орасандығы жөнінен одан кем түспейтін төңкеріс болып жатты. Бу мен жаңа жұмыс машиналары мануфактураны қазіргі заманғы ірі өнеркәсіпке айналдырды, сөйтіп буржуазиялық қоғамның бүкіл негізін революцияшылдандырды. Мануфактура заманындағы дамудың болбыр барысы өндірістегі нағыз дауыл мен тегеурін дәуіріне айналды. Қоғамның ірі капиталистер мен дәулетсіз пролетарларға бөлінуі барған сайын тездей берді, ал олардың екі арасында, бұрынғы уақыттағы орнықты орта сословиенің орнына енді қолөнершілер мен ұсақ саудагерлердің өзгере беретін бұқарасы, халықтың осы неғұрлым тұрақтамайтын бөлегі тиянақсыз тіршілікте күн кешті. Жаңа өндіріс әдісінің өрлей дамуы әлі енді ғана басталған болатын; ол әлі қалыпты, дұрыс, сол кездегі жағдайларда бірден-бір мүмкін болған өндіріс әдісі болды. Солай бола тұрса да, ол сол кездің өзінде-ақ өрескел әлеуметтік апаттар туғызып үлгірді: баспанасыз халық үлкен қалалардың ығы-жығы лашықтарына толып кетті; бұрынғыдан мұра болып қалған шыққан тегі жөніндегі барлық байланыстар, патриархаттық уклад, семья қирады; жұмыс күні сұмдық ұзартылды, әсіресе әйелдер мен балалар үшін ұзартылды; күтпеген жерден өмірдің мүлде жаңа жағдайларына — деревнядан қала-

ға, егіншіліктен өнеркәсіпке, тіршіліктің тұрақты жағдайларынан күн сайын өзгеріп отыратын, мұқтаждық жағдайларына көшірілген еңбекші таптың жаппай берекеті қашты. Міне, дәл осы кезде реформатор ретінде нәрестедей таза мейірбан мінезді және сонымен бірге жаратылысынан нағыз жетекші, жиырма тоғыз жастағы фабрикант келіп шықты. Роберт Оуэн ағартушы-материалистердің: адам баласының мінез-құлқы, бір жағынан, оның табиғи қалыптасуының, ал екінші жағынан, адамның айналасында бүкіл өмір бойы, әсіресе оның есейетін дәуірінде болатын жағдайлардың жемісі деген ілімін ұғып алды. Қоғамдағы алатын орындары жағынан Оуэннің серіктерінің көпшілігі өнеркәсіп революциясын — лай судан балық аулап, тез баюға жарайтын қым-қуыт берекесіздік қана деп білді. Ал Оуэн болса, өнеркәсіп революциясын өзінің сүйікті идеясын жүзеге асыруға, сөйтіп бұл берекесіздікті тәртіпке салуға қолайлы жағдай деп білді. 500-ден артық жұмысшы істейтін фабриканың басшысы болған Оуэн Манчестерде осы идеяны қолдануға әрекет жасады, жасағанда, табысты етіп жасады. Ол 1800 жылдан 1829 жылға дейін Шотландиядағы Нью-Ланаркте жіп иіретін үлкен фабриканы басқарды және кәсіпорынның компаньон-директоры болған ол мұнда да сол бағытта іс істеді, бірақ ол мұнда анағұрлым еркінірек қимылдап, ол ісінің табысты болғаны сондай, көп ұзамай-ақ оның есімі бүкіл Европаға белгілі болды. Нью-Ланарктің бірте-бірте 2500 адамға дейін көбейген және алғашында өте ала-құла элементтерден, көбінесе мықтап азып-тозған элементтерден құралған халқын Оуэн әбден үлгілі колонияға айналдырды; онда маскүнемдік, полиция, қылмыс соттары, таластартыс, кедейлерді қамқорлыққа алу, қайырымдылық жасау дегендердің бәрі белгісіз нәрсе болып қалды. Ол бұған асырып айтары жоқ, тек жұртқа адамның адамгершілік қадір-қасиетіне неғұрлым лайықты жағдай жасап, әсіресе, өсіп келе жатқан жас буынды жақсы тәрбиелеудің қамын ойлау арқасында ғана жетті. Нью-Ланаркте кіші жастағы балалар үшін Оуэннің өзі ойлап шығарған мектеп тұңғыш рет ашылды. Оларға екі жастағы балалардан бастап алды; онда балалардың уақытын жақсы өткізетіндігі сондай — оларды үйіне зорға алып қайтатын болды. Оуэннің бәсекелестері жұмысшыларын күніне 13—14 сағаттан жұмыс істеткен кезде, Нью-Ланаркте жұмыс күні тек $10^1/_2$ сағаттан болды. Мақта мата өндірісінде болған дағдарыс өндірісті төрт ай бойы тоқтатуға мәжбүр еткенде қолы бос жұмысшыларға толық жалақысы төленіп тұрды. Осының бәріне қарамастан, кәсіпорынның құны екі еседен артық өсті және ол барлық уақытта меншік иелеріне мол табыс келтіріп тұрды.

Бірақ мұның бәрі Оуэнді қанағаттандырмады. Өзінің жұмысшыларына туғызған күн көріс жағдайы, Оуэннің ойынша, адам-

ның адамгершілік қадір-қасиетіне лайықты болудан әлі де болса қашық еді.

«Бұл адамдар менің құлым болды»,

— дейтін ол; оның Нью-Ланарк жұмысшыларына басқаларға қарағанда тәуір жағдай жасауы жұмысшылардың еркін өмірлік қызметі былай тұрсын, тіпті олардың мінез-құлқы мен ақыл-ойының барлық жағынан бірдей дұрыс дамуы үшін жеткілікті деуге әлі мүлде келмейтін еді.

«Ал оның бер жағында осы 2500 адамның еңбек ететін бөлігі қоғам үшін мұнан бар болғаны жарты ғасырдан аз-кем бұрын 600 000 адамның еңбегі керек болатын реалдық байлық өндіріп тұрды. Мен өзімнен: 2500 адам тұтынатын байлық пен бұрынғы 600 000 адам тұтынған байлықтың арасындағы айырма қайда кетеді? — деп сұрайтынмын.

Мұның жауабы айқын еді. Бұл айырма фабрика иелерінің қалтасына түсті; олар кәсіпорынға жұмсаған капиталына 5% өсім, оның үстіне тағы да 300 000 фунт стерлинг (6 000 000 марка) пайда алып отырды. Бұл жағдайдың, Нью-Ланарктен де гөрі, Англияның барлық басқа фабрикаларына қатысы көбірек болып шығады.

«Машиналар жасаған осы жаңа байлық болмаса, Наполеонды құлатып, қоғам құрылысының аристократиялық принциптерін сақтау үшін соғыс жүргізуге мүмкіндік болмаған болар еді. Ал бұл жаңа күш еңбекші таптың қолымен жасалған күш еді ғой»*.

Сондықтан оның жемістері де сол таптікі болуға тиіс еді. Бұған дейін тек жалғыз-жарым адамдарды байытып, бұқараны құл етуге қызмет етіп келген құдіретті жаңа өндіргіш күштер, Оуэннің пікірінше, қоғамды қайта құрудың негізі болуға тиіс еді және барлық жұрттың ортақ меншігі ретінде баршаның ортақ игілігі үшін ғана жұмыс істеуге тиіс еді.

Оуэннің коммунизмі, былайша айтқанда, коммерциялық есептің жемісі сияқтанып, осындай нағыз іскерлік негіздерден туды. Оның коммунизмі өзінің практикалық сипатын қашан да және қай жерде болса да сақтап келді. Мәселен, Оуэн 1823 жылы коммунистік колониялар құру арқылы Ирландиядағы қайыршылықты жою жобасын жасады, бұл жобаға жұмсауға керекті капиталдың, жылма-жылғы шығындар мен түсуі мүмкін кірістердің толық есеп-қисаптарын қосты. Ал болашақ құрылыстың өзі жасаған түпкілікті жоспарында Оуэн істің барлық техника-

---

* «Ақыл-ой мен практикадағы революция» деп аталған үндеуден; «Европаның барлық қызыл республикашылдарына, коммунистері мен социалистеріне» арналған бұл үндеу 1848 жылғы француз уақытша үкіметіне, сондай-ақ «Королева Викторня мен оның жауапты кеңесшілеріне» жіберілген.

лық жақтарын жете талдап, жұмыс желісіне, оның алдыңғы және биіктен көрінетін көрінісіне дейін қалдырмай жасады, мұның бәрін істің мән-жайын жете біліп жасағаны сондай — егер оның қоғамды қайта құру әдісін қабылдасақ, онда тіпті маманның тұрғысынан қарағанда да, мәселенің егжей-тегжейлеріне қарсы айтатын пікір өте шамалы болар еді.

Коммунизмге көшу Оуэннің өміріндегі бетбұрыс пункт болды. Ол жай филантроп есебінде шыққанда, ол тек байлық тапты, жұрт оны қостады, жұрт алдында құрметті болды, даңқы шықты. Ол Европадағы ең белгілі адам болды. Оның сөйлеген сөздеріне қоғам ішіндегі өзімен дәрежелес адамдар ғана емес, сонымен қатар тіпті мемлекеттік қайраткерлер мен монархтар да жақсылап құлақ қойды. Бірақ ол өзінің коммунистік теорияларымен шығысымен-ақ, істің беті басқаша болып кетті. Оның пікірінше, қоғамды қайта құруға ең алдымен үш зор кедергі болды: жеке меншік, дін және некенің сол кездегі формасы. Осы кедергілерге қарсы күрес бастағанда ол өзінің ресми қоғам ішінде шеттетілетінін және өзінің қоғам ішіндегі дәрежесінен айрылатынын жақсы білді. Бірақ бұл пікірлер Оуэнді тоқтата алмады, оның аяусыз шабуылының жігерін бәсендеткен жоқ. Оның болжағаны дәлме-дәл келді де. Ресми қоғамнан қуылған, баспасөз елемеген, Америкада өзінің барлық дәулетін құрбан етіп жасаған коммунистік тәжірибелерінің сәті түспей, кедейленіп қалған Оуэн тура жұмысшы табына қол артып, оның арасында тағы да отыз жыл өз қызметін жалғастырды. Англияда жұмысшы табының мүдделері жолында болған барлық қоғамдық қозғалыстар мен олардың шын мәніндегі барлық жетістіктері Оуэннің атымен байланысты. Мысалы, 1819 жылы оның бес жыл күш салуы арқасында әйелдер мен балалардың фабрикалардағы жұмысына шек қойған тұңғыш заң жүзеге асырылды. Бүкіл Англия тред-юниондарының жалпыға бірдей бір үлкен кәсіптік одаққа біріккен бірінші конгресіне Оуэн председатель болды[104]. Нақ сол Оуэн әбден коммунистік құрылыс болған қоғамдық құрылысқа көшуге арналған шаралар ретінде,— бір жағынан, кооперативтік қоғамдар (тұтыну және өндіріс серіктіктері) ұйымдастырды, бұл қоғамдар көпестерсіз де, фабриканттарсыз да іс қылудың толық мүмкін екенін ең болмағанда кейіннен практика жүзінде дәлелдеп көрсетті; ал екінші жағынан, жұмысшы базарларын ұйымдастырды, бұларда еңбек өнімдері еңбек қағаз ақшалары арқылы айырбасталып отырды, ол қағаз ақшаның өлшемі жұмыс уақытының бір сағаты болды[105]. Бұл базарлар сәтсіздікке сөзсіз ұшырауға тиіс еді, бірақ олар Прудонның бұдан едәуір кейінгі кездегі айырбас банкін [106] әбден күн ілгері болжағандық болды, алайда, олардың бұл банктен айырмашылығы дәл мынада еді: бұл базарлар барлық қоғамдық кеселдерден құтқаратын әмбебап шипалы құрал деп дәріптелген жоқ, тек қоғамды неғұрлым

түбегейлі қайта құру жолындағы алғашқы қадамдардың бірі ретінде ғана ұсынылды.

Утопистерге тән болған ұғыну әдісі XIX ғасырдағы социалистік көзқарастарға көпке дейін үстемдік етіп келді және ішінара қазірде де үстемдік етіп отыр. Оны осы жуырдағы уақытқа дейін француз бен ағылшынның барлық социалистері, сол сияқты Вейтлингті қоса, бұрынғы неміс коммунизмі ұстанып келді. Олардың бәрі үшін социализм — абсолюттік ақиқаттың, парасат пен әділдіктің көрінісі, сондықтан социализмді тауып жарыққа шығарса-ақ, ол өз күшімен бүкіл дүниені өзіне бағындырып алады; ал абсолюттік ақиқат уақытқа, кеңістікке және адам баласының тарихи дамуына тәуелсіз болғандықтан, ол ақиқаттың қашан және қай жерде ашылатыны — таза кездейсоқ нәрсе. Бұл орайда абсолюттік ақиқат, парасат пен әділдік белгілі бағытты негіздеушінің әрқайсысында тағы да әр түрлі; бағыт негіздеушінің әрқайсысында абсолюттік ақиқаттың, парасат пен әділдіктің өзіне ерекше түрі болуы тағы да оның өзінің субъективтік ақыл-ойына, тұрмыс жағдайларына, танымының шама-көлеміне және ойлауының даму дәрежесіне байланысты. Сондықтан осындай абсолюттік ақиқаттар қақтығысқа түскенде жанжалды олардың арасындағы өзара қайшылықтарды бәсендету жолымен ғана шешуге болады. Бұдан күні бүгінге дейін Франция мен Англияның жұмысшы социалистерінің көпшілігінің ақыл-ойын шын мәнінде билеп отырған біршама эклектикалық аралық социализммен басқа еш нәрсе де шыға алмайтын еді. Бұл эклектикалық социализм — секталар құрушы түрлі адамдардың болашақ қоғам туралы неғұрлым баяу сын пікірлерінен, экономикалық қағидалары мен түсініктерінен құралған қоспа болып табылады; барынша әр алуан сарында болуы мүмкін бұл қоспаның жекелеген құрамдас бөліктері даулар тасқынында, бұлақтың түбіндегі майда тастардай, неғұрлым тез қырналып, жұмырланса, ол соғұрлым оңай құралады. Социализмді ғылымға айналдыру үшін ең алдымен оны реалдық негізге қою қажет болды.

## II

Бұл кезде XVIII ғасырдағы француз философиясымен қатарласып және соның ізінше немістің Гегель аяқтаған ең жаңа философиясы пайда болды. Неміс философиясының сіңірген зор еңбегі ойлаудың жоғары формасы — диалектикаға қайта оралғандығы болды. Ежелгі грек философтарының бәрі де туысынан стихиялық диалектиктер еді, ал олардың арасындағы ең әмбебап ойшыл Аристотель диалектикалық ойлаудың ең маңызды формаларын сол уақытта-ақ зерттеген еді. Жаңа философияда да диалектиканың тамаша өкілдері (мәселен, Декарт пен Спиноза) болғанымен, ол философия, әсіресе ағылшын философия-

сының ықпалымен, қайта барған сайын метафизикалық ойлау әдісі дейтінге белшесінен бата берді; бұл ойлау әдісі XVIII ғасырдағы француздарды да бүтіндей дерлік билеп алды, ең болмағанда арнаулы философиялық еңбектерінде билеп алды. Алайда олар, сөздің тура мағынасында, философияның нақ өзінен тысқары мәселелерде бізге диалектиканың жақсы үлгілерін қалдыра алды; Дидроның «Рамо жиені» мен Руссоның «Адамдардың арасында теңсіздіктің шығуы туралы пайымдауын» еске түсірсек те болғаны.— Бұл арада ойлаудың осы екі әдісінің де мәніне қысқаша тоқтап өтейік.

Біз табиғатқа немесе адам баласының тарихына, не болмаса біздің рухани қызметімізге ой жүгіртсек біздің көз алдымызда алдымен байланыстар мен өзара қимылдардың ұшы-қиыры жоқ шырмасып жатқан көрінісі пайда болады; бұл көрініс қимылдамай, өзгермей тұрмайтын еш нәрсе қалмайды, бәрі де қозғалады, өзгереді, туып және құрып жатады. Сөйтіп біз алғашында жалпы көріністі көреміз; бұл көрініс жеке бөлшектер әзірге азды-көпті кейін қалып тұрады, біз дәл *не нәрсенің* қозғалатынына, ауысып, байланыста болып отыратынына көңіл бөлуден гөрі қозғалысқа, ауысуларға және байланыстарға көбірек көңіл бөлеміз. Дүниеге осы ең алғашқы, қарапайым, бірақ асылында дұрыс көзқарас ерте замандағы грек философиясына тән көзқарас еді, ал бұл көзқарасты тұңғыш рет айқын көрсеткен Гераклит болатын: барлық нәрсе бар, сонымен қатар жоқ та, өйткені барлық нәрсе *өтіп отырады,* барлық нәрсе үнемі өзгеріп отырады, барлық нәрсе үнемі туу және жойылу процесінде болады. Алайда, бұл көзқарас құбылыстардың бүкіл көрінісінің жалпы сипатын дұрыс аңғара тұрса да, оның өзі жеке бөлшектерді түсіндіру үшін дегенмен жеткіліксіз, ол көрініс осы жеке бөлшектерден құралады, ал жеке бөлшектерді білмей тұрғанда, бізге жалпы көрініс те анық болмақшы емес. Бұл бөлшектерді танып-білу үшін біз оларды өздерінің жаратылыстық немесе тарихи байланысынан бөлектеп алып, әрқайсысын өз алдына жекелеп, қасиеттеріне қарай, ерекше себептері мен салдарына, тағысын-тағыларына қарай зерттеуге мәжбүр боламыз. Жаратылыстану білімі мен тарихи зерттеудің міндеті ең алдымен осы болып табылады; ғылымның бұл салалары классикалық заманда-ғы гректерде әбден түсінікті себептерден тек бағыныштылық орында ғана болды, өйткені гректерге басқа қай нәрседен болса да бұрын қажетті материал жинап алу керек болды. Табиғи-ғылыми және тарихи материал белгілі шамада жиналып болғаннан кейін ғана, сын көзімен іріктеу, салыстыру, ал осыған лайықтап тап-тапқа, жік-жікке, түр-түрге бөлу жұмысына да кірісуге мүмкіндік болды. Табиғатты дәлме-дәл зерттеудің бастамалары алғаш рет тек Александрия дәуірінің[107] гректерінде ғана одан әрі дамыды, ал кейіннен, орта ғасырларда, арабтарда да-

мыды. Ал нағыз жаратылыстану білімі тек XV ғасырдың екінші жартысынан былай қарай басталады және осы кезден бастап ол барған сайын үздіксіз жедел табыстарға жетуде. Табиғатты оның жеке бөлшектеріне бөліп жіктеу, табиғаттың түрлі процестері мен табиғат заттарын белгілі бір кластарға бөлу, органикалық денелердің ішкі құрылыстарын олардың неше түрлі анатомиялық формалары арқылы зерттеу — мұның бәрі табиғатты тану саласында соңғы төрт жүз жылдың ішінде қол жеткен орасан зор табыстардың негізгі шарты болды. Бірақ зерттеудің дәл сол әдісі бізге заттар мен табиғат процестерін жеке-жеке алып, олардың жалпы ұлы байланысынан тыс алып қарауды, осының салдарынан да — оларды қозғалыста емес, қозғалмай тұрған қалыпта, негізінен өзгеріп отыратын қалыпта емес, мәңгі өзгермейтін қалыпта деп, тірі емес, өлі деп танып қарау әдетін де қалдырды. Бэкон мен Локк жаратылыстану білімінен философияға көшірген бұл түсіну әдісі соңғы ғасырлардағы өзінше бір тар өрістілікті — ойлаудың метафизикалық әдісін туғызды.

Метафизиктің пікірінше, заттар мен олардың ойдағы бейнеленулері, ұғымдар — өзіне жеке, өзгермейтін, қатып қалған, өне бойы бір қалыптағы заттар, оларды бірінен соң бірін, бір-біріне байланыстырмай зерттеу керек. Ол кілең тікелей қарама-қарсылықтар арқылы ойлайды; оның бар айтатын сөзі: «бар — бар, жоқ — жоқ; одан басқасы шайтанның ісі»*. Ол үшін зат не бар, не жоқ, дәл сол сияқты зат өзі де бола алмайды және сонымен бірге басқа да бола алмайды. Оң мен теріс бірін-бірі мүлде жойып отырады; себеп пен салдар да біріне-бірі қатып қалған қарама-қарсылықта болады. Бұл ойлау әдісі адамның байыпты ақыл-есі деп аталатынға тән болғандықтан, ә дегенде бізге әбден айқын сияқты болып көрінеді. Бірақ үйдегі үйреншікті тіршіліктің төрт қабырғасында барынша құрметті серіктесің — адамның байыпты ақыл-есі зерттеудің кең саласына шығуға батылдық жасаса болғаны, керемет оқиғаларға кездеседі. Метафизикалық түсіну әдісі заттың сипатына қарай, белгілі бір азды-көпті кең салаларда орынды тіпті қажетті болып табылғанымен де, ол ерте ме, кеш пе сондай бір шекке жетеді — ол шектен асқаннан кейін сыңар жақты, тар өрісті, абстрактылы әдіс болып қалады, сөйтіп шешіп болмайтын қайшылықтарға шырматылады, өйткені ол жеке заттардың ар жағынан олардың өзара байланысын көрмейді, олардың болмысын көріп, олардың тууы мен құруын көрмейді, олардың тыныш қалпынан келіп, олардың қозғалысын ұмытады, ағаштардың ар жағынан тоғайды көрмейді. Біз, мәселен, күнделікті тұрмыста белгілі бір хайуанның бар-жоғын білеміз және сеніммен айта аламыз, бірақ неғұрлым дәлірек зерттей келгенде, мұның кейде өте қиын мәселе екендігіне көзіміз жетеді,

---

* *Библия.* Матфейлік Інжіл, 5-тарау, 37-өлең. *Ред.*

нәрестенің ана құрсағында өлтірілуін кісі өлтіргендік деп есептеуге болатын рационалдық шекті табуға босқа әуре болған юристерге бұл мәселенің қиындығы әбден жақсы мәлім. Сол сияқты, адамның дәл қай мезгілде өлгенін де анықтау мүмкін емес, өйткені физиология өлімнің кенет, лезде бола қалатын акт емес екенін, өте ұзақ процесс екенін дәлелдеп отыр. Сондай-ақ органикалық тіршілік иелерінің қай-қайсысы болса да әрбір белгілі бір мезетте дәл өзі де болады, дәл өзі болмай да қалады; ол әрбір мезетте өзінің сырттан алатын заттарын бойына сіңіріп, өзінен басқа бір заттарды бөліп шығарып отырады, әрбір мезетте оның организмінің клеткаларының біреулері өліп, екіншілері құрылып жатады; азды-көпті біраз уақыт өткеннен кейін бұл организмнің заты бүтіндей жаңарып, сол заттың басқа атомдары келеді. Міне сондықтан да әрбір органикалық тіршілік иесі әрдайым сол өзі болады, алайда сол өзі болмайды да. Неғұрлым нақтылап зерттегенімізде, біз белгілі бір қарама-қарсылықтың екі полюсінің де — мысалы оң және теріс — бір-біріне қарама-қарсы болғаны сияқты, бір-бірінен айырылмастай байланысты екенін, сондықтан, олардың арасындағы *бүкіл* қарама-қарсылыққа қарамастан, өзара бір-біріне өтіп отыратынын көреміз. Бұдан соң біз мынаны көреміз: себеп пен салдар — өздерін дербес алғанда, тек белгілі бір жеке оқиғаға қолданғанда ғана маңызы бар болатын түсініктер; ал бұл жеке оқиғаны біз бүкіл тұтас дүниемен жалпы байланысты қалпында алып қарасақ-ақ, бұл түсініктер универсалдық өзара әсер түсінігінде қосылып, бір-бірімен ұштасып кетеді, осы өзара әсерде себеп пен салдар үнемі орын ауыстырып отырады; бұл арада немесе қазір себеп болған нәрсе, басқа жерде немесе басқа уақытта салдар болып шығады және керісінше болып отырады.

Барлық осы процестер мен ойлаудың барлық осы әдістері метафизикалық ойлаудың шеңберіне сыймайды. Ал заттар мен олардың ақыл-ойдағы бейнеленуін өзінің негізінен олардың өзара байланысы, олардың тіркесуі, олардың қозғалуы, олардың тууы және құруы күйінде алып қарайтынын мәнді деп санайтын диалектика үшін жоғарыда көрсетілгендей процестер қайта оның өзінің зерттеу әдісінің дұрыстығын ғана сипаттайды. Табиғат — диалектика үшін тәжірибелік негіз; айта кетейік, қазіргі жаратылыстану білімі мұндай тәжірибе үшін күн сайын көбейіп отырған өте-мөте бай материал берді және осы материал арқылы мынаны дәлелдеді: табиғатта болып жатқанның барлығы да, сайып келгенде, метафизикалық тұрғыда емес, диалектикалық тұрғыда болып жатады, табиғат ылғи біртекті, үздіксіз жаңадан қайталап отыратын шеңберде қозғалып отырмайды, нағыз тарихты басынан өткізіп жатады. Бұл жерде ең алдымен Дарвинді атап айту керек; ол қазіргі замандағы бүкіл органикалық дүние, өсімдіктер мен жан-жануарлар, ал олай болса, адам да, миллион-

даған жылдарға созылған даму процесінің нәтижесі екенін дәлелдеп, табиғат жөніндегі метафизикалық көзқарасқа өте күшті соққы берді. Бірақ диалектикалық жолмен ойлауға үйренген жаратылыс зерттеушілер күні бүгінге дейін саусақпен ғана санарлық болғандықтан, қол жеткен нәтижелер мен ойлаудың орын тепкен әдісі арасындағы осы жанжал қазіргі кезде теориялық жаратылыстану білімінде үстем болып отырған және оқытушылардың да, шәкірттердің де, жазушылардың да, оқушылардың да бәрін бірдей түңілдіріп отырған шексіз шатасушылықтың қайдан туғанын әбден түсіндіріп береді.

Сонымен, бүкіл әлем туралы, оның дамуы мен адам баласының дамуы туралы, сондай-ақ бұл дамудың адамдардың ақыл-ойындағы бейнеленуі туралы дәл түсінікті, пайда болу мен жойылудың арасындағы, прогрестік өзгерістер мен регрестік өзгерістердің арасындағы жалпы өзара әсерді үнемі еске ала отырып, диалектикалық жолмен ғана алуға болады. Немістің ең жаңа философиясы бірден нақ осы рухта шықты да. Кант өзінің ғылыми жұмысын мынадан бастады: ол Ньютонның мәңгілік және өзгермейтін деп танылған күн системасын,— оған бір кезде атышулы тұңғыш қозғау салынғаннан кейін,— тарихи процеске: Күн мен барлық планеталардың айналып жүрген буалдыр массадан пайда болу процесіне айналдырды. Бұл орайда ол соның өзінде-ақ күн системасының пайда болуы оның болашақта сөзсіз жойылатындығын да көрсетеді деген қорытындыға келді. Жарты ғасыр өткеннен кейін оның көзқарасын Лаплас математикалық жолмен дәлелдеді, ал одан тағы жарты ғасыр өткеннен кейін спектроскоп әлем кеңістігінде қоюлануы түрлі дәрежедегі әбден қызған осы сияқты газ массалары бар екендігін дәлелдеді.

Немістің бұл ең жаңа философиясы Гегельдің жүйесіне келіп аяқталды; ал Гегельдің сіңірген ұлы еңбегі мынау болды: ол тұңғыш рет бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүниені процесс түрінде деп, яғни үздіксіз қозғалуда, өзгеруде, қайта құрылуда және дамуда деп таныды, сөйтіп осы қозғалу мен дамудың ішкі байланысын ашуға тырысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда, адам баласының тарихы мағынасыз зорлықтардың қисынсыз бей-берекеттігі болып көрінуден, дәл сол сияқты — қазіргі уақытта кемеліне келген философиялық парасаттың соты алдында — айыпталып, тез ұмытуға ғана лайық нәрсе болып көрінуден қалды; қайта, ол тарих адам баласының өзінің даму процесі деп танылды, сондықтан енді ойлаудың міндеті бұл процестің барлық адасулары арасынан оның дәйекті сатыларын ашуға және барлық бейне кездейсоқтықтардың ішіндегі оның ішкі заңдылығын дәлелдеуге келіп сайды.

Бұл жерде Гегель жүйесінің өзінің алдына қойған осы міндетін шешпегендігінің біз үшін мәні жоқ; оның сіңірген тарихи

еңбегі — оның осы міндетті алға қойғандығы. Ал бұл міндет сондай — оны жеке адам ешқашан да шеше алмайды. Сен-Симон сияқты, Гегель де өз заманының ең әмбебап ақыл иесі болса да, ол дегенмен, бір жағынан, өз білімінің сөзсіз шектеулілігінен, ал екіншіден, өз заманындағы білім мен көзқарастардың тереңдігі мен көлемі жағынан да дәл сондай шектеулілігінен аса алмады. Бірақ бұған тағы да үшінші жағдай келіп қосылды. Гегель идеалист еді, яғни ол үшін біздің басымыздағы ойымыз шынында бар заттар мен процестердің азды-көпті абстрактылы бейнелері болған жоқ, мұның керісінше, заттар мен олардың дамуы Гегельге дүние жаралғанға дейін бір жерде болған қайсы-бір «идеяның» жүзеге асқан бейнелері болып көрінді. Сөйтіп, барлығы да басымен қойылды да, дүние құбылыстарының шын байланысы мүлде бұрмаланды. Сондықтан да, құбылыстардың кейбір жеке байланыстарын Гегель қаншалықты дұрыс және данышпандықпен тапса да, дегенмен, оның жүйесінің көп жері және жеке салалары жоғарыда айтылған себептер бойынша ебедейсіз, жасанды, ойдан шығарған, қысқасы — бұрмаланған болып шығуға тиіс болды. Гегельдің жүйесі жүйе ретінде шала туған зор жүйе еді, бірақ оның есесіне мұндай жүйенің ең ақырғысы болды. Атап айтқанда, бұл жүйенің тағы бір кемшілігі оның ем қонбайтын ішкі қайшылығы болды; бір жағынан, оның мәнді алғы шарты адамзат тарихына даму процесі ретінде қарауы болды, бұл процесс өзінің табиғатында осындай болғандықтан, өзінің ақыл-ойдағы дамуын абсолюттік ақиқат деп аталатынды табумен аяқтай алмайды; бірақ, екінші жағынан, оның жүйесі дәл осы абсолюттік ақиқатты аяқтаған жүйе болғысы келеді. Табиғат пен тарихты танып білудің барлығын қамтитын, біржола аяқталып біткен жүйесі бар деу диалектикалық ойлаудың негізгі заңдарына қайшы келеді, бірақ мұның өзі бүкіл сыртқы дүниені үнемі танып біліп отыру әрбір ұрпақ сайын орасан зор табыстарға жеткізетінін тіпті де бекер демейді, қайта оны солай болады дейді.

Осы күнге дейін болып келген неміс идеализмінің мүлде жалған екенін түсіну қалайда материализмге алып келді, бірақ әншейін XVIII ғасырдың метафизикалық, бастан-аяқ механикалық материализміне бастап әкелмегенін атап көрсету керек. Бүкіл өткен тарихты аңғырт революцияшылдықпен құр әншейін керек қылмаушылыққа қарама-қарсы, қазіргі материализм тарихты адам баласының даму процесі деп біледі және бұл процестің қозғалыс заңдарын ашуды өзінің міндеті етіп қояды. XVIII ғасырдың француздарындағы сияқты, Гегельде де табиғат туралы, Ньютонның үйреткеніндей, мәңгілік дүниелік денелері бар және Линнейдің үйреткеніндей, түрі өзгермейтін органикалық тіршілік иелері бар, сол белгілі бір шектеулі шеңберлердің ішінде қозғалып отыратын өзіне-өзі әрқашан тең тұтас бір нәрсе деген түсі-

нік үстем болды; табиғат туралы осы түсінікке карама-қарсы қазіргі материализм жаратылыстану білімінің ең жаңа табыстарын қорытады; бұл табыстар бойынша табиғаттың да уақытына қарай өз тарихы бар, аспан денелері пайда болып және жоғалып отырады, қолайлы жағдайлар болса бұл денелерді мекендейтін организмдердің барлық түрлері де осылай пайда болып және жоғалып отырады, ал бастапқы қалпына оралып отыратын үздіксіз процестер, олар тегінде болатын болғандықтан, шексіз зор көлемге жетіп отырады. Бұл екі орайда да осы заманғы материализм шын мәнісінде диалектикалық материализм болып табылады, сондықтан ол өзге ғылымдардан жоғары тұрған философияға енді мұқтаж емес. Әрбір жеке ғылымның алдына заттардың және заттар туралы білімдердің бүкіл жалпы байланысындағы орнын анықтап алу талабы қойылысымен-ақ, бүкіл осы жалпы байланыс туралы пәлендей бір ерекше ғылымның керегі болмай қалады. Сонда, бүкіл бұрынғы философияның ішінен ойлау мен оның заңдары туралы ілім ғана,—формальды логика мен диалектика ғана дербес өмір сүруін сақтап қалады. Былайғыларының бәрі табиғат пен тарих жайындағы деректі ғылымға қосылады.

Бірақ табиғат жайындағы көзқарастардағы жоғарыда көрсетілген төңкеріс тек зерттеу істері таным үшін тиісті деректі материал беруіне қарай ғана жасалатын болса — тарихты түсінудегі батыл бет бұрысты туғызған тарихи оқиғалар бұдан әлдеқайда бұрын болып өтті. 1831 жылы Лионда алғашқы жұмысшы көтерілісі болып өтті; 1838 жылдан 1842 жылға дейінгі дәуірде болған тұңғыш ұлттық жұмысшы қозғалысы, ағылшын чартистерінің қозғалысы, өзінің кемеліне келді. Европаның неғұрлым дамыған елдерінің тарихында пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресі, оларда бір жағынан, ірі өнеркәсіп, екінші жағынан, буржуазияның жақында жеңіп алған саяси үстемдігі күшейе келе бірінші қатарға шықты. Еркін бәсекенің бейне бір нәтижесі болуға тиісті капитал мен еңбек мүдделерінің бірдейлігі туралы, жалпыға бірдей жарастылық туралы және жалпы халықтың игілікке жетуі туралы буржуазиялық саяси экономия ілімінің бастан-аяқ жалғандығын фактілер барған сайын айқын көрсетіп берді. Енді осы фактілердің бәрімен, сондай-ақ ол фактілердің тіпті мүлдем кемелденбеген болғанымен де теориялық көрінісі болған француз және ағылшын социализмімен де санаспау мүмкін емес еді. Ал тарихты ескі, әлі де ығыстырылып шығарылмаған идеалистік тұрғыдан түсіну материалдық мүдделерге негізделген ешқандай тап күресі бар деп, тегі ешқандай материалдық мүдделер бар деп білмеді; өндіріс пен барлық экономикалық қатынастар «мәдениет тарихының» екінші дәрежелі элементтері ретінде, тек сөз арасында ғана еске алынды.

Жаңа фактілер бүкіл өткен тарихты жаңадан зерттеп шығуға мәжбүр етті, міне сонда барып ең алғашқы қалыптан басқа *бүкіл* бұрынғы тарихтың таптар күресінің тарихы болғаны, бір-бірімен күресуші бұл қоғамдық таптардың әрбір белгілі кезеңде өндіріс пен айырбас қатынастарының, қысқасы—өз заманындағы *экономикалық* қатынастардың нәтижесі болғаны анықталды; демек, әрбір замандағы қоғамның экономикалық құрылымының реалдық негіз жасайтыны, осы реалдық негіздің, сайып келгенде, әрбір белгілі тарихи дәуірдің праволық және саяси мекемелерінен, сондай-ақ діни, философиялық және басқа көзқарастарынан тұратын бүкіл қондырманы айқындайтыны анықталды. Гегель тарихты түсінуді метафизикадан арылтты, ол оны диалектикалық түсінік етті, бірақ оның тарихты түсінуі, асылына келгенде, идеалистік түсінік болды. Қазір идеализм өзінің ең ақырғы баспанасынан, тарихты түсінуден қуылды; енді тарихтың материалистік тұрғыдан түсінілуі берілді, сөйтіп бұрынғыдай адамдардың болмысы олардың санасынан туады деп түсіндірудің орнына, енді адамдардың санасы олардың болмысынан туады деп түсіндіруге жол табылды.

Сондықтан енді социализм белгілі бір данышпан ақыл иесінің кездейсоқ тапқан жаңалығы деп қаралмай, тарихи тұрғыда пайда болған екі таптың — пролетариат пен буржуазияның — күресінің қажетті нәтижесі деп қаралатын болды. Енді социализмнің міндеті қоғамның мүмкіндігінше кемеліне келген жүйесін құрастыру емес, оның міндеті осы аталған таптар өздерінің өзара күресімен бірге қажетті нәтижесі болған тарихи-экономикалық процесті зерттеу және осы процесс туғызған экономикалық жағдайдың ішінен жанжалды шешудің жолдарын табу болып табылады. Бірақ француз материалистерінің табиғатты түсінуі диалектикамен және ең жаңа жаратылыстану білімімен қандай сыйыспаған болса, бұрынғы социализм де тарихты осы материалистік түсінумен сондай сыйыспады. Бұрынғы социализм қазіргі капиталистік өндіріс әдісі мен оның салдарын сынай тұрса да, ол оның мәнін түсіндіре алмады, демек, оны жеңе де алмады,— ол оны тек қана түкке жарамайды деп жариялай алды. Ол осы өндіріс әдісі тұсында жұмысшы табын сөзсіз қанаушылыққа неғұрлым көбірек ашынған сайын, бұл қанаудың мәні неде екенін және оның қалай шығатынын айқын көрсетерлік шамасы соғұрлым кем болды. Бірақ алда тұрған міндет мынау еді: бір жағынан, капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз туатындығын өзінің тарихи байланысында түсіндіру, оның белгілі бір тарихи дәуірге қажетті болатындығын, сондықтан оның сөзсіз құритындығын түсіндіру керек болды, ал екінші жағынан, сол өндіріс әдісінің ішкі, күні бүгінге дейін әлі ашылмаған сипатын ашып көрсету керек болды. Мұның өзі *қосымша құнды* ашу аркасында орындалды. Ақысы төленбеген еңбекті иемденушілік капиталистік өн-

діріс әдісінің және оның жұмысшыларды қанауының негізгі формасы екені дәлелденді; капиталист жұмысшы күшін товар ретінде товар рыногындағы бағасындай толық құнына сатып алғанда да капиталист жұмысшы күшінен оны сатып алғандағы төлеген құнынан артық құн өндіретіні, сөйтіп, дәулетті таптардың қолындағы ұдайы өсіп отыратын көп капитал болып жиналатын құндардың сомасы, сайып келгенде, осы қосымша құннан құралатыны дәлелденді. Сонымен, капиталистік өндірістің қалай жасалатыны және капиталдың қалай өндірілетіні түсіндірілді.

Осы екі ұлы жаңалықтың ашылуы үшін — тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіріп, қосымша құн арқылы капиталистік өндірістің құпиясын әшкерелегені үшін — біз *Маркске* борыштармыз. Осы ашылған жаңалықтардың арқасында социализм ғылым болды, сондықтан ендігі мәселе ең алдымен оны барлық егжей-тегжейлері мен өзара байланыстарын қамтып, онан әрі талдап дамыту болып отыр.

## III

Тарихты материалистік түсіну мынадай қағидаға сүйенеді: өндіріс, ал өндірістен соң оның өнімдерін айырбастау әрбір қоғамдық құрылыстың негізі болып табылады; тарихта шығатын әрбір қоғамда өнімдерді бөлу, ал онымен бірге қоғамның таптарға немесе сословиелерге бөлінуі ненің және қалай өндірілетіні және өндірістің бұл өнімдерінің қалай айырбасталатыны арқылы белгіленеді. Сонымен, барлық қоғамдық өзгерістер мен саяси төңкерістердің түпкі себептерін адамдардың басынан, олардың мәңгі ақиқат пен әділдікті барған сайын түсіне түсуінен іздемеу керек, өндіріс пен айырбас әдісіндегі өзгерістерден іздеу керек; оларды *философиядан* іздемей, сол заманның *экономикасынан* іздеу керек. Қазір бар қоғамдық тәртіптердің ақылға сыйымсыз және әділетсіз екендігін, «ақылға сыйымды нәрсенің мағынасыздыққа, игіліктің азапқа айналғанын»* түсіне бастау — өндіріс әдістері мен айырбас формаларында көзге көрінбей өзгерістер болғандығының, бұрынғы экономикалық жағдайлар бойынша шақтап пішілген қоғамдық құрылыстың енді бұл өзгерістерге үйлеспейтіндігінің нышаны ғана болып табылады. Бұдан шығатын тағы бір қорытынды: аңғарылып анықталған кеселдерді жою құралдары да — азды-көпті дамыған түрде — өзгерген өндірістік қатынастардың өзінде болуға тиіс. Бұл құралдарды адамның ақыл-ойынан *ойлап шығармау* керек, оларды ақыл-ойдың көмегімен өндірістің нақты бар материалдық фактілерінен *табу* керек.

---

* *Гёте.* Фауст, I бөлім, төртінші сахна («Фаусттың кабинеті»). *Ред.*

Сонымен, осыған байланысты қазіргі социализмнің мәнжәйі қандай?

Өмір сүріп отырған қоғамдық құрылысты қазіргі кезде үстемдік жүргізіп отырған тап — буржуазияның құрғанын, сірә, жұрттың бәрі де енді мойындаған болар. Буржуазияға тән өндіріс әдісі, Маркстің уақытынан бері капиталистік өндіріс әдісі деп аталатын әдіс жергілікті және сословиелік артықшылықтармен, нақ сол сияқты феодалдық құрылыстың өзара жеке байланыстарымен де сыйыспайтын болды; буржуазия феодалдық құрылысты қиратты да, оның қираған орнына буржуазиялық қоғам құрылысын орнатты, еркін бәсеке, көшіп-қону бостандығы, товар иелерінің тең праволылығы заманын,— қысқасы, буржуазияның барлық тамашаларының заманын — орнатты. Капиталистік өндіріс әдісі енді еркін дами алатын болды. Бу мен жаңа жұмыс машиналары бұрынғы мануфактураны ірі өнеркәсіпке айналдырғаннан бері қарай буржуазияның басқаруымен құрылған өндіргіш күштер бұрын болып көрмеген шапшаңдықпен және бұрын болмаған көлемде дами бастады. Бірақ уақытында мануфактураның және оның ықпалымен жетілген қолөнерінің цехтардың феодалдық бұғауларымен тартысқа түскеніндей, ірі өнеркәсіп те өзінің неғұрлым толыса дамуында өзін капиталистік өндіріс әдісі қыспақтап тыққан тар шеңберлермен тартысқа түседі. Жаңа өндіргіш күштер өздерін пайдаланудың буржуазиялық формаларынан енді анағұрлым асып кетті. Сондықтан өндіргіш күштер мен өндіріс әдісінің арасындағы бұл жанжал,— адам баласының ең алғашқы күнәға батушылығы мен тәңірінің әділдігі арасындағы жанжалдай — әсте адамдардың ақыл-ойында ғана туған жанжал сияқты жанжал емес, шынында бар болып отырған, объективтік, бізден тыс болып отырған, тіпті қызметімен соның өзін туғызған адамдардың да еркіне немесе мінезіне тәуелсіз түрде бар болып отырған жанжал. Қазіргі социализм — осы іс жүзіндегі жанжалдың ойлаудағы бейнесі, ең алдымен сол тартыстан тікелей азап шегіп отырған таптың — жұмысшы табының ақыл-ойында сол тартыстың идеалдық бейнеленуі, одан басқа еш нәрсе де емес.

Бұл тартыстың мәні неде?

Капиталистік өндіріс пайда болғанға дейін, яғни орта ғасырларда, барлық жерде де ұсақ өндіріс болып келді; оның негізі қызметкерлердің өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктенуі болды: деревняда — ерікті немесе крепостной ұсақ шаруалардың егін шаруашылығы, ал қалада — қолөнер болды. Еңбек құрал-жабдықтары — жер, егіншілік құралдары, шеберханалар, қолөнер аспаптары — жеке адамдардың дара меншіктеніп қана қолдануына бейімделген еңбек жабдықтары болды, демек, бұл жабдықтар қажетіне қарай ұсақ, кішкентай, шағын болып келді. Бірақ сондықтан да олар, дағдыда, өндірушілердің өз жабдық-

тары болды. Осы бытыраңқы, ұсақ өндіріс құрал-жабдықтарын бір жерге шоғырландыру, ірілендіру, оларды өндірістің қазіргі орасан күшті тұтқаларына айналдыру — капиталистік өндіріс әдісі мен оны туғызушы — буржуазияның тарихи ролі нақ осындай болды. XV ғасырдан бастап, өндірістің түрліше үш сатысы: жай кооперация, мануфактура және ірі өнеркәсіп тұсында бұл рольді буржуазияның тарихи жағынан қалай орындап шыққанын Маркс «Капиталдың» IV бөлімінде толық суреттеген*. Бірақ жеке адамдардың қолданатын өндіріс құрал-жабдықтарын *көп адам бірігіп* қана қолданатын *қоғамдық* өндіріс құрал-жабдықтарына айналдырмайынша, буржуазия шағын өндіріс құрал-жабдықтарын, Маркстің нақ сол бөлімде анықтағанындай, орасан зор өндіргіш күштерге айналдыра алмайтын еді. Қол ұршық, қол тоқыма станогы, темір ұстасының балғасы орнына жіп иіретін машина, механикалық тоқыма станогы, бу күшімен соғатын балға шықты; жеке шеберхананың орнына — жүздеген, мыңдаған жұмысшылардың бірігіп еңбек етуін керек қылатын фабрика шықты. Өндіріс құрал-жабдықтары сияқты, өндірістің өзі де жеке-дара кимылдардың қатарынан шығып, қоғамдық кимылдардың қатарына айналды, ал өнімдер жеке адамдар өндіретін өнімнен қоғамдық өнімдерге айналды. Қазірде фабрикалар мен заводтарда жасалып шығатын жіп, мата, металл товарлар көптеген жұмысшылардың бірігіп істеген ортақ еңбегінің жемісі болып табылады; олар даяр зат болып жасалып шыққанға дейін жұмысшылардың қолынан дәйектілікпен өтуге тиіс болды. Олар туралы ешкім де: «Мынаны *мен* істеп шығардым, бұл *менің* жасаған өнімім» деп айта алмайды.

Бірақ қоғам ішіндегі ешбір жоспарсыз, бірте-бірте шығып, стихиялық түрде қалыптасқан еңбек бөлінісі өндірістің негізгі формасы болып отырған жерде еңбектің бұл бөлінісі өнімдерге сөзсіз *товар* формасын береді; бұларды өзара айырбастау, сатып алу және сату жеке өндірушілерге өздерінің түрліше қажеттерін өтеуге мүмкіндік береді. Орта ғасырларда осылай болған да еді. Мәселен, шаруа қолөнершіге өзінің егіншіліктен алған өнімдерін сатып, одан қолөнер заттарын сатып алатын. Жеке өндірушілердің, товар өндірушілердің осы қоғамына жаңа өндіріс әдісі сыналай енді. Бүкіл қоғамда үстем болып келген, стихиялық түрде, ешбір *жоспарсыз* қалыптасқан еңбек бөлінісі арасында жаңа өндіріс әдісі әрбір жеке фабрикада *жоспармен* ұйымдасқан еңбек бөлінісін орнатты; *жекелеген* өндірушілердің өндірісімен қатар *қоғамдық* өндіріс пайда болды. Бұлардың екеуінің де өнімдері бір рынокта сатылып отырды, ал олай болса, қайткенде де шамалас бағамен сатылды. Бірақ жоспармен ұйымдастырыл-

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 322—515-беттер. *Ред.*

ған еңбек стихиялық түрде қалыптасқан еңбек бөлінісінен анағұрлым күштірек болып шықты; қоғамдық еңбек қолданылған фабрикаларда өнімдерді жасап шығару бытыраңқы ұсақ өндірушілердегіден арзанға түсті. Жеке өндірушілердің өндірісі бір саладан соң бір салаға ығыстырыла берді, қоғамдық өндіріс бүкіл бұрынғы өндіріс әдісін революцияшылдандырды. Алайда, қоғамдық өндірістің бұл революциялық сипаты тым аз ұғынылғаны соншалық, қоғамдық өндіріс, керісінше, нақ сол товар өндірісін күшейту және ұлғайту үшін енгізілді. Қоғамдық өндіріс өндіріс пен товар айырбасының белгілі, өзінен бұрын да болған тұтқаларымен: көпес капиталымен, қолөнермен және жалдама еңбекпен тікелей байланыса отырып жарыққа шықты. Қоғамдық өндіріс товар өндірісінің жаңа формасы ретінде пайда болғандықтан, товар өндірісіне тән иемдену формалары қоғамдық өндіріс үшін де өзінің толық күшін сақтады.

Товар өндірісінің орта ғасырларда дамыған формасы тұсында еңбектің өнімі кімге тиісті деген сұрақ тіпті туа да алмады. Ол өнімдерді жеке өндіруші әдетте өзінің, көбінесе өзі өндірген шикізатынан, өзінің еңбек құралдарымен, өзінің немесе семьясының күшімен жасайтын. Мұндай өндірушіге өз өнімдерін өзі иемденіп жатудың қажеті де жоқ еді; өнімдер шын мәнінде оның өзінікі еді. Демек, өнімдерді меншіктену правосы оның *өз еңбегінен* туатын еді. Тіпті басқа адамның жәрдемімен пайдаланған жерде де, әдетте, ол жәрдем қосалқы ғана роль атқаратын және оған көбінесе тек қана жалақы төлеп қоймайтын, басқа да төлеу жолдары болатын: цех шәкірті мен кіші шебер тамақ асырау немесе ақы үшін жұмыс істеуден гөрі, көбінесе өзі үйреніп, өз алдына дербес шебер атануға даярлану үшін жұмыс істейтін. Бірақ енді өндіріс құрал-жабдықтары үлкен шеберханалар мен мануфактураларға шоғырлана бастады, бұл өндіріс құрал-жабдықтары шын мәнінде қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына айналдырыла бастады. Бірақ бұл қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерді пайдаланғанда оларды бұрынғыдай жеке адамдардың өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдері болып отырғанындай көріп пайдалана берді. Егер еңбек жабдықтарының иесі бұған дейін өнімді өзі иемденгенде ол өнім, әдетте, оның өз өнімі болғандықтан иемденіп келген болса, ал көмекші болған кісі еңбегі ара-тұра ғана қолданылған болса, енді еңбек жабдықтарының иесі, өнімдер оның *өз еңбегімен* өндірілмей, тек қана *бөтеннің еңбегімен* өндірілген болса да, ол өнімдерді сол бұрынғыдай өзі иемдене берді. Сөйтіп, қоғамдық еңбектің өнімдерін іс жүзінде өндіріс құрал-жабдықтарын жұмысқа қосқан және шынында осы өнімдерді өндіруші болған адамдар иемденбей, *капиталист* иемденетін болды. Өндіріс құрал-жабдықтары мен өндірістің өзі, асылында, қоғамдық болды. Бірақ олар жеке өндірушілердің жеке өндірісінен туған иемдену формасына, де-

мек, әрбір өндіруші өз өніміне ие болып, оны рынокқа шығарып, отыратын уақыттағы иемдену формасына бағынышты болып қалып отыр. Өндіріс әдісі осы иемдену формасының алғы шарттарын жоятын болса да, іс жүзінде иемденудің осы формасына бағынады*. Жаңа өндіріс әдісіне оның капиталистік сипаты беріп отырған бұл қайшылықта *осы замандағы барлық соқтығысулардың бастамасы болды.* Сондықтан өндірістің шешуші салаларының бәрінде және экономика жағынан үстем елдердің бәрінде жаңа өндіріс әдісінің үстемдігі неғұрлым кемеліне келіп күшейіп, осы арқылы жеке өндірушілердің өндірісін болмашы қалдықтар деңгейіне түсірген сайын, *қоғамдық өндірістің капиталистік иемденумен сыйыса алмайтыны соғұрлым айқын көріне түсуге тиісті болды.*

Жоғарыда көргеніміздей, алғашқы капиталистер жалдама еңбектің сол кезде бар формасына кездесті. Бірақ жалдама еңбек ілуде бір кездесетін, жанама, қосалқы кәсіп түрінде ғана, өтпелі жағдай ретінде ғана болып келді. Ара-тұра күндікші болып жұмыс істеуге жалданатын егіншінің қысылған жағдайда күн көрерліктей алақандай жері болды. Цех уставтары бүгінгі шебердің көмекшісінің ертең шебер болып шығуының қамын көздеді. Бірақ өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына айналып, капиталистердің қолына шоғырланысымен-ақ мұның барлығы өзгеріп кетті. Жеке ұсақ өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерінің бағасы барған сайын түсе берді, сондықтан оған капиталиске жалданудан басқа ешбір амал қалмады. Бұрын ілуде бір кездесіп, көмекші кәсіп ретінде орын алып келген жалдама еңбек енді бүкіл өндірістің ережесіне, негізгі формасына айналды; ол бұрынғы жанама кәсіптен енді қызметкерлердің бірден-бір кәсібіне айналды. Ара-тұра жалға жүретін қызметкер өмірлік жалдама жұмысшыға айналды. Оның үстіне феодалдық құрылыстың бір мезгілде қирап, феодалдар нөкерлерінің таратылып, шаруалардың өз үй-жайларынан қуылуы сияқты тағы сондай себептерден өмірлік жалдама жұмысшылар бұқарасы өте-мөте көбейді. Бір жағынан капиталистердің қолына шоғырланған өндіріс құрал-жабдықтары, екінші жағынан, өзінің жұмыс күшінен басқаның бәрінен жұрдай болған өндірушілер бір-бірінен толық айрылысты. *Ко-*

---

* Егер иемдену *формасы* сол бұрынғыша қалған күнде де, иемдену *сипаты* жоғарыда суреттелген процестің салдарынан өндіріс сипатындағыдан кем түспейтін революцияға ұшырайтынын бұл арада түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Мен нақ өз еңбегімнің өнімін иемденемін бе немесе бөтеннің еңбегінің өнімін иемденемін бе — бұл, әрине, иемденудің мүлде әр түрлі екі түрі. Жол-жөнекей айта кетейік, бүкіл капиталистік өндіріс әдісі бастама күйінде бар жалдама еңбек көп заманнан бері бар; ол бірен-саран, кездейсоқ кездесетін формада жүздеген жылдар бойына құлдықпен қатар өмір сүріп отырды. Бірақ бұл бастама өзіне қажетті тарихи алғы шарттар жасалған кезде ғана капиталистік өндіріс әдісі болып дами алды.

*ғамдық өндіріс пен капиталистік иемденудің арасындағы қайшылық пролетариат пен буржуазияның арасындағы антагонизм ретінде жарыққа шықты.*

Жоғарыда көргеніміздей, капиталистік өндіріс әдісі товар өндірушілер мен жеке өндірушілерден тұратын қоғамға сыналап кірді, ал бұлардың арасындағы қоғамдық байланыс өз өнімдерін айырбастау арқылы жүзеге асырылып келген еді. Бірақ товар өндірісіне негізделген әрбір қоғамның ерекшелігі сол — ол қоғамда өндірушілер жеке өздерінің қоғамдық қатынастарын билеп-төстеуден айрылады. Әрбір адам өнімді өз бетімен, қолына кездейсоқ түскен өндіріс құрал-жабдықтарымен және өзінің айырбас жөніндегі етене қажетін өтеу үшін өндіреді. Өзінің өндіріп жатқан өніміндей өнімнің рынокқа қанша түсетінін, жалпы алғанда бұл өнімнің қанша алушы таба алатынын ешкім де білмейді; өзі өндіріп отырған өнімдеріне деген қажетсіну бар ма, өзінің өндіріс шығындарын өтей ала ма, тіпті жалпы өз өнімі сатыла ма, мұны ешкім білмейді. Қоғамдық өндірісте анархия үстем болып отырады. Бірақ, өндірістің кез келген басқа формасы сияқты, товар өндірісінің де ерекше, өзіне іштей тән және өзінен айырып болмайтын заңдары болады; ол заңдар анархияға қарамастан, осы анархияның өз ішінде, сол арқылы өзіне жол ашып отырады. Бұл заңдар қоғамдық байланыстың бірден-бір сақталып келген формасы — айырбас — арқылы жарыққа шығады және бәсекенің күштеу заңдары ретінде жеке өндірушілерге әсер етіп отырады. Демек, олар алғашында өндірушілердің өзіне де білінбейді, өндірушілер оларды бірте-бірте, ұзақ тәжірибе арқылы ғана ашуы мүмкін. Демек, ол заңдар, өндірушілердің өндіріс формасының беталды қимыл жасаушы табиғи заңдары ретінде, өндірушілерден тысқары және өндірушілерге қарсы өзіне жол салады. Өнім өндірушілерге үстемдік жүргізеді.

Орта ғасыр қоғамында, әсіресе алғашқы ғасырларда, өндіріс көбінесе өндірушінің өз тұтынуына бағытталған еді. Ол негізінен өндірушінің өзінің және оның семьясының керегін ғана қанағаттандырып отырды. Ал деревнядағы сияқты, өндірушінің жеке басының тәуелді қатынастары болған жерде, өндіріс феодалдың керегін де қанағаттандырып отырды. Демек, мұнда ешқандай айырбас болмады да, өнімдер товарлық сипат алған жоқ. Шаруа семьясы өзіне керек нәрсенің бәрін дерлік: азық-түлік заттары сияқты құралдар мен киім-кешекті де өзі өндірді. Шаруа семьясы өзінің тұтынуынан және феодалға міндетті заттай төлейтінінен артық өндіре бастағаннан кейін ғана сатуға арнап өнім өндіре бастады; сатуға арналған, қоғамдық айырбасқа түскен бұл артық өнім товарға айналды. Қаладағы қолөнершілер, әрине, әуел бастан-ақ айырбас үшін өндіруге тиіс болды. Бірақ өздерінің тұтынуларына керекті бұйымдардың көбін олар да өз еңбегімен өндірді: олардың бақшалары, азғана егістік жері болды,

малдарын қауымдық орманға жайды; сонымен қатар олар қауымдық орманнан құрылыс материалдары мен жағатын отын алып отырды; әйелдер зығыр, жүн иірді, т. б. Айырбасқа арнап өндіру, товар өндірісі жаңадан ғана пайда бола бастады. Осыдан келіп айырбастың өрісі тар болды, рыноктың көлемі шағын болды, өндіріс әдісі тұрақты болды, сыртқы дүниемен араласпайтын жергілікті тұйықтық болды, жұрт жергілікті шеңберде бірлесті: деревняда марка*, қалада цех болды.

Ал товар өндірісі кеңейгеннен кейін, әсіресе капиталистік өндіріс әдісі шыққаннан кейін, товар өндірісінің бұрын бәсең болып келген заңдары неғұрлым ашық, билеп-төстеп әсер ете бастады. Бұрынғы байланыстар қаусады, бір кездердегі кедергілер талқандалды, сөйтіп өндірушілер барған сайын бытыраңқы және бір-біріне тәуелсіз товар өндірушілерге айналды. Қоғамдық өндіріс анархиясы айқын көрініп, барған сайын шиеленіскен сипат алды. Ал оның бер жағында капиталистік өндіріс әдісінің қоғамдық өндірістегі анархияны күшейткенде қолданған басты құралы анархияға тура қарама-қарсы қалыпта болды: ол әрбір жеке өндірістік кәсіпорнында қоғамдық өндіріс ретінде өндірісті ұйымдастырудың күшейтілгендігі болған еді. Капиталистік өндіріс әдісі осы тұтқаның көмегімен өндірістің бұрынғы бейбіт тұрақтылығын құртты. Өнеркәсіптің кез келген саласына еніп, капиталистік өндіріс әдісі ол саладан өндірістің бұрынғы әдістерін айдап шықты. Қолөнерді игеріп алып, ол бұрынғы қолөнерді жойды. Еңбек майданы шайқас майданына айналды. Ашылған географиялық ұлы жаңалықтар мен солардың ізін баса жүрген отарлау товар өткізетін жерлерді сан есе көбейтіп, қолөнердің мануфактураға айналуын тездетті. Күрес енді жергілікті жеке өндірушілердің арасында ғана күшейіп қойған жоқ; жергілікті айқасулар өз ретінде ұлттар арасындағы күреске, XVII және XVIII ғасырлардағы сауда соғыстарына дейін ұлғайды. Ақыр аяғында, ірі өнеркәсіп және дүние жүзілік рыноктың пайда болуы бұл күресті жалпыға бірдей күреске айналдырып, сонымен бірге оған құлақ естіп көрмеген каталдық сипат берді. Өндірістің тұтас бір салалары мен тұтас елдердің арасындағыдай жеке капиталистердің арасындағы қатынастарда да өмір сүру мәселесі өндірістің тиімді, табиғи немесе қолдан жасалған жағдайларына олардың ие болу-болмауына қарай шешіледі. Жеңілгендер аяусыз шетке қағылып отырады. Мұның өзі, Дарвин ашқан жеке өмір сүру жолындағы күрес, күрес болғанда табиғаттан қоғамға көшірілген — сан есе өршіген — күрес. Жануарлардың жаратылыстағы жайы адамзат дамуының

---

* Соңындағы қосымшаны караңыз. [Бұл арада Энгельс өзінің «Марка» деген еңбегіне сілтеме жасап отыр. Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 327—345-беттер. *Ред.*]

ең жоғары дәрежесі болып көрінеді. Қоғамдық өндіріс пен капиталистік иемденудің арасындағы қайшылық *өндірістің жеке фабрикаларда ұйымдастырылуы мен бүкіл қоғамдағы өндіріс анархиясының арасындағы қарама-қарсылық* болып жаңғырып отырады.

Капиталистік өндіріс әдісінен бұрын Фурье ашқан «шығып болмайтын шырғаланды» бойлап, капиталистік өндіріс әдісі жаратылысынан өзіне тән болған қайшылықтың жарыққа шығуының осы екі формасы ішінде шыға алмай айналады да жүреді. Бірақ бұл шеңбердің бірте-бірте тарылатынын, өндірістің қозғалысы бәрінен бұрын спираль бойынша жүріп отырып, планеталардың қозғалысы сияқты орталықпен соқтығысып аяқталуға тиіс екендігін Фурье өз заманында, әрине, көре алмады. Өндірістің қоғамдық анархиясының қозғаушы күші адам баласының көпшілігін барған сайын пролетарларға айналдыра түседі, ал пролетариат бұқарасы түптеп келгенде өз ретінде өндіріс анархиясын құртады. Өндірістің әлеуметтік анархиясының дәл сол қозғаушы күші ірі өнеркәсіпте қолданылатын машиналарды шексіз жетілдіре беру мүмкіндігін әрбір жеке өнеркәсіп капиталисі үшін мәжбүр етуші заңға айналдырады, заң болғанда, капиталиске құрып кету қаупін төндіріп, оны өз машиналарын үздіксіз жетілдіруге еріксіз күштеп отыратын заңға айналдырады. Бірақ машиналарды жетілдіру адам еңбегінің белгілі бір мөлшерін керексіз етеді. Егер машиналарды енгізіп, тарату машина жанында істейтін азғантай жұмысшылардың қол еңбегінде жүрген миллиондаған қызметкерлерді ығыстырып шығаруы болып табылса, онда машиналарды жетілдірудің өзі машиналы еңбек жұмысшыларының өздерін де барған сайын көптеп ығыстыру үстіне ығыстыру болып табылады, түптеп келгенде, жұмыс қолының көбейе түскен ұсынымын туғызады, мұның өзі капитал тарапынан оған деген орташа сұранымнан асып түседі. Жұмыссыз жүрген толып жатқан жұмысшылар, менің 1845 жылы-ақ атағанымдай*, нағыз резервтік өнеркәсіп армиясын құрайды; бұл армия өндіріс барынша қарқынды жұмыс істеп тұрған кезде өндірістің қарамағына өтеді, ал өндірістің әрбір жандануы соңынан болмай қалмайтын күйреу кезінде бұл армияны көшеге шығарып тастайды; өмір сүру үшін жұмысшы табы мен капиталдың арасында болатын күресте жұмысшы табының аяғына үнемі қорғасын батпан болып отыратын бұл армия жалақыны капиталдың қажетіне сәйкес үнемі төмен деңгейде ұстап, оны реттеп отырушы болып табылады. Сөйтіп, Маркстің сөзімен айтқанда, машина капиталдың жұмысшы табына қарсы жұмсайтын ең күшті қаруына айналады, еңбек құрал-жабдық-

* «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы», 109-беті. [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 320-бет. *Ред.*]

тары жұмысшының қолынан тіршілік заттарын жұлып алып отырады да, жұмысшының өз өнімі оның өзін кіріптарлыққа түсіру құралына айналады*. Бұл мынаған әкеліп соқтырады: еңбек құрал-жабдықтарынан үнемдеу, сонымен қатар, әуел бастан-ақ жұмысшы күшін мейлінше аяусыз ысырап еткендік және еңбектің өз міндетін атқаруының қалыпты жағдайлары жөнінде жыртқыштық жасағандық болып табылады**; жұмыс уақытын қысқартудың ең күшті құралы болатын машина — капитал құнын арттыру мақсатымен жұмысшының және оның семьясының барлық өмірін потенциалдық жұмыс уақытына айналдырудың ең сенімді құралына айналады. Міне сондықтан жұмысшы табының бір бөлегінің өлшеусіз көп еңбектенуі оның екінші бөлегінің бүтіндей жұмыссыздыққа ұшырауына себепші болады, ал бүкіл жер жүзінде тұтынушылар іздейтін ірі өнеркәсіп өз елінде жұмысшылар бұқарасының тұтынуын аштан өлмес минимуммен шектейді, сөйтіп өз ішкі рыногын нашарлатады. «Относительді артық халықты немесе өнеркәсіптің резерв армиясын капиталдың қорлануының көлемі мен қарқынына теңестіріп ұстайтын заң жұмысшыны капиталға таңғанда, Гефестің балғасы Прометейді жартасқа қаққанынан да гөрі мықтап таңады. Бұл заң капиталдың қорлануына сәйкес жоқшылықтың қорлануын туғызады. Демек, бір полюсте байлықтың қорлануы,— сонымен бір мезгілде оған қарама-қарсы полюсте, яғни *өзінің өнімін капитал ретінде өндіретін* тап жағында жоқшылықтың, еңбек азабының, құлдықтың, надандықтың, дөрекіліктің және моральдық жағынан азып-тозудың қорлануы болып табылады» (Маркс, «Капитал» 671-бет)***. Капиталистік өндіріс әдісінен өнімдердің басқа түрде бөлінуін күту батарея электродтарының батареямен қосыла отырып, суды жіктеуді және оң полюске оттегін, ал теріс полюске сутегін жинауды тоқтатуын талап етумен бірдей болар еді.

Жоғарыда өзіміз көрдік, қазіргі машиналардың ең жоғарғы сатыға дейін жете жетіле алатындығы қоғамдағы өндіріс анархиясы салдарынан еріксіз күштеу заңына айналады; бұл заң жеке өнеркәсіп капиталистерін өз машиналарын үнемі жақсартып, олардың өндіргіш күшін үнемі арттыруға мәжбүр етеді. Өз өндірісінің көлемін кеңейтудің іс жүзіндегі жай мүмкіншілігі де олар үшін дәл осындай еріксіз күштеу заңына айналады. Ірі өнеркәсіптің орасан зор кеңейе алатындығы — мұның қасында газдардың кеңейгіштігі балалардың нағыз ермегі тәрізді — қазіргі кезде осы өнеркәсіпті сапа жағынан да, сан жағынан да

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 445—498-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 473-бет. *Ред.*

*** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 660-бет. *Ред.*

кеңейту *қажеттілігі* түрінде жарыққа шығады,— бұл қажеттілік қарсы қимылдардың ешқандайымен де санаспайды. Бұл қарсы қимыл ірі өнеркәсіптің өнімдері үшін тұтыну, өткізу, рыноктар болып шығады. Ал рыноктардың экстенсивтілік жағынан да, интенсивтілік жағынан да кеңеюге бейімділігі мүлде басқаша заңдар арқылы, күші анағұрлым кем заңдар арқылы белгіленеді. Рыноктардың кеңеюі өндірістің кеңеюіне ілесе алмайды. Соқтығысу болмай қоймайды, ал бұл соқтығысу капиталистік өндіріс әдісінің өзін тас-талқан қылмайынша, тартысты шеше алмайды, сондықтан мұндай соқтығысушылық мезгіл-мезгіл болатын соқтығысушылыққа айналады. Капиталистік өндіріс жаңадан «шығып болмайтын шырғалаң» туғызады.

Шынында да, 1825 жылдан, бірінші жалпы дағдарыс басталған кезден бастап бүкіл өнеркәсіп пен сауда дүниесі, барлық цивилизациялы халықтардың өндірісі мен айырбас ісі олардың азды-көпті варварлық қосымшаларымен бірге, шамамен алғанда, он жылда бір рет жолдан тайып отырады. Саудада тоқырау басталады, рыноктар өтпей жатқан өнімдерге лық толады, қолдағы ақша айналыстан жоғалады, кредит тоқталады, фабрикалар тоқтайды, жұмысшылар тіршілік заттарынан айрылады, өйткені олар бұл заттарды өте-мөте көп шығарып қойған болады; банкроттық артынан банкроттық болады, аукциондар аукциондармен ауысып жатады. Тоқырау бірнеше жылдарға созылады, толып жатқан өндіргіш күштер мен өнімдер ысырап болып, жойылады, жиналып қалған көптеген товарлар азды-көпті төмендетілген бағамен таралып біткенше, сөйтіп өндіріс пен айырбас қозғалысы бірте-бірте қайта басталғанша осылай болады. Бұл қозғалыс аз-аздап тездей бастайды, аяң жүрістен желіске түседі, өнеркәсіптің желісі шоқыраққа айналады, бұл шоқырақ құтырынған шабысқа, өнеркәсіпті, сауданы, кредит пен жалдаптықты қамтитын кедергілі қатты шабысқа айналады, сөйтіп, жанталасқан шабыстан кейін қайтадан күйреудің түпсіз шыңырауына құлайды. Сөйтіп үнемі осылай қайталайды да отырады, 1825 жылдан бері қарай біз бұл қайталама үздіксіз процесті бес рет басымыздан кешірдік, қазір (1877 ж.) оны алтыншы рет басымыздан кешіріп отырмыз. Бұл дағдарыстардың сипатының айқын көрінгені сондай, Фурье олардың ең алғашқысын crise pléthorique, молшылықтан туған дағдарыс деп атап, бұл дағдарыстардың бәрінің мәнін анық аңғарды.

Дағдарыстар кезінде қоғамдық өндіріс пен капиталистік иемденудің арасындағы қайшылық бой бермес күшпен сыртқа шығады. Товар айналысы уақытша тоқтайды; айналыс құралы — ақша — айналыс бөгетіне айналады; товар өндірісі мен товар айналысының барлық заңдары керісінше әсер етеді. Экономикалық соқтығыс өзінің ең жоғарғы шегіне жетеді: *өндіріс әдісі айырбас әдісіне қарсы шығады.*

Фабрикалардың ішінде өндірістің қоғамдық ұйымдастырылуы дами келе қоғам ішінде өзімен қатар және өзінен үстем болып отырған өндіріс анархиясымен сыйыса алмайтын болды,— осы факті капиталистердің өздеріне де сезілетін фактіге айналады, сезілгенде дағдарыстар кезінде көптеген ірі капиталистерді және одан да көп ұсақ капиталистерді күйзелту арқылы капиталдарды күшпен шоғырландыру арқасында сезілетін фактіге айналады. Капиталистік өндіріс әдісінің бүкіл механизмі оның өзі жасаған өндіргіш күштердің салмағына төзе алмай тоқтайды. Ол енді өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін түгелімен капиталға айналдыра алмайды; олар қолданусыз қалады, міне сондықтан резервтік өнеркәсіп армиясы да лажсыз қарап тұрады. Капиталдың қарауындағы өндіріс құрал-жабдықтары, тіршілік заттары, жұмысшылар,— өндіріс пен жалпы игілік элементтерінің бәрі молынан болады. Бірақ, «молшылық мұқтаждық пен жоқшылықтың көзі болады» (Фурье), себебі дәл соның өзі өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының капиталға айналуына кедергі жасайды. Өйткені капиталистік қоғамда өндіріс құрал-жабдықтары алдымен капиталға, адамның жұмыс күшін қанау құралына айналмай тұрып күшіне ене алмайды. Бұл өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдырудың қажеттігі, бір жағынан, жұмысшылардың, екінші жағынан, сол өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының арасына түсіп, елес сияқты төнеді де тұрады. Өндірістің заттық және адамдық құралдарының бірігуіне бөгет болатын да соның бір өзі; нақ соның бір өзі өндіріс құрал-жабдықтарының іс істеуіне, ал жұмысшылардың еңбек етіп, өмір сүруіне кедергі жасайды. Демек, бір жағынан, капиталистік өндіріс әдісі өндіргіш күштерді бұдан былай өзінің басқара алмайтындығын өзі әйгілеп береді. Екінші жағынан, өндіргіш күштердің өздері қаулаған қуатпен бұл қайшылықты жоюға ұмтылады, капитал ретінде өздеріне тән нәрсенің бәрінен арылуға, *өздерінің қоғамдық өндіргіш күштер ретіндегі сипатын іс жүзінде танытуға ұмтылады.*

Қаулай өсетін өндіргіш күштердің өздерінің капиталистік сипатына бұл қарсы қимылы, өздерінің қоғамдық табиғатын таныту қажеттігінің осы күшеюі капиталистер табының өзін бұл өндіргіш күштерді бірден-бірге жиілете, капиталистік қатынастардың тұсында жалпы алғанда мүмкін болғанынша, қоғамдық өндіргіш күштер деп тануға лажсыз көндіреді. Өнеркәсіптің кредитті шексіз көбейтіп қызған дәуірлері де, капиталистік ірі кәсіпорындарды талқандайтын күйреулерінің өзі де аса көп өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастырудың қазір біз әр түрлі акционерлік қоғамдар түрінде кездестіріп отырған формасын туғызады. Бұл өндіріс құрал-жабдықтары мен қатынас құралдарының кейбіреулерінің, мәселен, темір жолдардың өздері де орасан зор екені соншалық, бұлар капиталистік пайдаланудың

бұдан басқа формаларының бәріне де келмейді. Дамудың белгілі бір сатысында бұл форма да жеткіліксіз болып шығады; өндірісті жолға салып реттеу үшін белгілі бір елдегі өнеркәсіптің бір саласындағы барлық ірі өндірушілер бір «треске», одаққа бірігеді. Олар өндірілуге тиіс нәрсенің жалпы сомасын белгілейді, оны өзара бөліседі және күні бұрын белгіленіп қойылған сату бағасын еріксіз таңады. Ал істің жайы алғашқы рет қиыншылыққа ұшырағанда-ақ, бұл трестердің көбі тарап кететіндіктен, бұл трестер бұрынғыдан бетер күшті шоғырланған қоғамдасуды туғызады: өнеркәсіптің тұтас бір саласы тұтасқан орасан зор бір акционерлік қоғамға айналады, ел ішіндегі бәсеке осы қоғамның сол ел ішіндегі монополиясына жол береді. 1890 жылы ағылшынның сілті өндірісінде осылай болған-ды; бұл өндіріс 48 ірі фабриканың бәрі қосылғаннан кейін 120 миллион марка капиталы бар, бір орталықтан басқарылып отыратын бір қоғамның қолына көшті.

Трестерде еркін бәсеке монополияға айналады, ал капиталистік қоғамның жоспарсыз өндірісі болашақ социалистік қоғамның жоспарлы өндірісінің алдында тізе бүгеді. Рас, бұл алғашында тек капиталистердің пайдасына, соларға тиімді түрде ғана болады. Бірақ өзінің осы формасында қанаудың әбден айқындалатындығы сондай — ол құрып бітуге тиісті болады. Купон қырқумен тұратын азғана адамдардан құралған алаяқтар тобы бүкіл қоғамды ашықтан-ашық қанайтын трестер басқарған өндіріске ешбір халық ұзақ уақыт төзіп отыруға көнбес еді.

Капиталистік қоғамның ресми өкілі болып табылатын мемлекет қалай да болса, трестермен болса да, трестерсіз болса да, өндірісті басқару ісін сайып келгенде өзі қолына алуға мәжбүр*

* Мен *«мәжбүр»* деп отырмын, өйткені өндіріс құрал-жабдықтарын немесе қатынас құралдарын акционерлік қоғамдар *шынымен* басқара алмайтын болған ретте ғана, оларды мемлекет меншігіне айналдыру *экономикалық* жағынан сөзсіз болған кезде, тек сол кезде ғана — тіпті соны қазіргі мемлекет жүзеге асырған күннің өзінде де — оның өзі экономикалық прогресс болады, барлық өндіргіш күштерді қоғамның өзі өз билігіне алуы жолында жасалған жаңа қадам болады. Бірақ соңғы кезде, Бисмарк мемлекет меншігіне айналдыру жолында жармасқаннан бері қарай, ерекше бір жалған социализм пайда болды; бұл социализм кей жерлерде еркімен болатын малайлықтың өзіне бір түріне айналып кетті, бұл социализм *қандай да болса* мемлекеттендіруді, тіпті Бисмаркша мемлекеттендіруді де турасынан социалистік мемлекеттендіру деп жариялайды. Егер мемлекеттік темекі монополиясы социализм болатын болса, онда Наполеон мен Меттерних социализмді негіздеушілердің қатарына күмәнсыз жатқызылуға тиіс. Бельгия мемлекеті, тіптен дағдылы саяси және финанстық пікірлерден келіп, басты-басты темір жолдарды салуды өзі қолға алған кезде; Пруссияның басты-басты темір жолдарын Бисмарк ешбір экономикалық қажеттігі болмаса да мемлекет меншігіне айналдырған кезде, айналдырғанда, тек әншейін соғыс бола қалған күнде оларды соған бейімдеп, пайдалануға ыңғайлы болу үшін ғана, темір жол чиновниктерін қатаң тәртіпке үйрету үшін және оларды ауыз ашпай үкіметті жақтай беретін малға айналдыру

болады. Бұл мемлекет меншігіне айналдыру қажеттігі ең алдымен ірі қатынас құралдары: почта, телеграф және темір жолдар үшін туады.

Егер дағдарыстар буржуазияның қазіргі өндіргіш күштерді бұдан былай басқара алмайтынын көрсеткен болса, онда ірі өндіріс кәсіпорындары мен қатынас құралдарының акционерлік қоғамдардың, трестердің қолына және мемлекеттің меншігіне өтуі бұл мақсат үшін буржуазияның керек емес екенін дәлелдейді. Капиталистің қоғамдық функцияларының бәрін енді жалдама қызметшілер атқарады. Капиталиске өзіне табысты күреп алып, купондарды қырқып, биржада қулық-сұмдықтар жасаудан басқа істейтін қоғамдық іс қалмады, ал биржада қулық-сұмдықтар жасау арқылы әр түрлі капиталистер бірінің капиталын бірі тартып алып жатады. Егер бұрын капиталистік өндіріс әдісі жұмысшыларды ығыстырып шығарған болса, енді ол капиталистердің өздерін де ығыстырып отыр, рас, оларды әзірге резервтік өнеркәсіп армиясының қатарына емес, керексіз артық адамдардың қатарына ығыстырып отыр.

Бірақ өндіргіш күштердің акционерлік қоғамдар мен трестердің қолына өтуі де, мемлекет меншігіне айналуы да олардың капиталистік сипатын жоя алмайды. Акционерлік қоғамдар мен трестер жөнінде бұл айдан анық. Ал қазіргі мемлекет қалай да — капиталистік өндіріс әдісінің жалпы сыртқы жағдайларын әрі жұмысшылардың, әрі жеке капиталистердің қол сұғуынан қорғау үшін буржуазия қоғамының өзіне құрып алған ұйымы ғана. Қазіргі мемлекет, оның формасы қандай болса да, өзінің шын мәнінде — капиталистік машина, капиталистердің мемлекеті, нағыз жиынтық капиталист. Бұл мемлекет өндіргіш күштерді өз меншігіне неғұрлым көп алған сайын, оның жиынтық капиталиске айналуы соғұрлым толық болмақ, ол соғұрлым көп азаматтарды қанай бермек. Жұмысшылар жалдама жұмысшылар, пролетарлар қалпында қала береді. Капиталистік қатынастар жойылмайды, қайта керісінше, онан әрі ұлғайып, ең жоғарғы шегіне жетеді. Бірақ жоғарғы шегіне жеткенде төңкеріс болады. Өндіргіш күштердің мемлекет меншігінде болуы жанжалды шеше алмайды, бірақ мемлекет меншігінде оны шешудің формальдық құралы, мүмкіншілігі бар.

Бұл шешудің мәні мынадай ғана болмақ: қазіргі өндіргіш

---

үшін, ал көбінесе парламентке тәуелді емес жаңа табыс көзіне ие болу үшін айналдырған кезде,— мұның бәрі де ешбір ретте де социализмге қарай жасалған қадам болған жоқ, тікелей де, жанамалай да, саналы түрдегі де, санасыз түрдегі де қадам болған жоқ. Олай болғанда корольдік Seehandlung[108], корольдік фарфор мануфактурасы және тіпті армиядағы роталық тігінханалар да, немесе тіпті отызыншы жылдары III Фридрих-Вильгельм тұсында бір ақылдысымақтың шынымен жасаған ұсынысы бойынша... жезөкше үйлерін мемлекет меншігіне айналдыру да социалистік мекемелер деп танылуға тиіс еді.

күштердің қоғамдық табиғаты іс жүзінде мойындалады, демек, өндіріс, иемдену және айырбас әдісі өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық сипатына сәйкестендіріледі. Ал мұның өзі мынадай жолмен ғана болады: басқарудың қоғамдық әдісінен өзге әдісінің қандайының болса да шеңберінен асып кеткен өндіргіш күштерді қоғам ашықтан-ашық, ешбір орағытпа жол іздемей-ақ өз иелігіне алады. Сонымен, өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдердің қоғамдық сипатын, қазіргі кезде өндірушілердің өздеріне қарсы шығып отырған және өзіне табиғаттың дүлей күшпен әсер ететін заңы сияқты қирата, күштеумен жол салып, өндіріс пен айырбас әдісін оқтын-оқтын шайқалтып кетіп отыратын қоғамдық сипатын,— олардың осы қоғамдық сипатын өндірушілер ол кезде әбден ұғынып алып, пайдаланатын болады, сөйтіп мұның өзі бүліншілік туғызып, оқтын-оқтын болып тұратын күйреулердің себебінен өндірістің өзінің аса күшті тұтқасына айналады.

Қоғамдық күштер, біз оларды біліп жеткенше және олармен санасатын болғанша, табиғаттың күштері сияқты, дүлей күшпен, күштеп, қирата қимыл жасайды. Бірақ біз олардың сырын білсек, олардың қимылын, бағытын және тигізетін әсерін түсінсек, онда оларды бірден-бірге өз еркімізге бағындырып алу және олардың жәрдемімен өз мақсаттарымызға жету тек өзімізге ғана байланысты болады. Мұның әсіресе қазіргі аса қуатты өндіргіш күштерге қатысы бар. Біз олардың табиғаты мен сипатын түсінуден қасарыса бас тартып отырғанымызда,— ал оны түсінуге капиталистік өндіріс әдісі мен оны қорғаушылар қарсыласып отыр,— өндіргіш күштер бізге қарамастан, бізге қарсы әрекет етеді, олар бізге өктемдік ете береді, бұл жоғарыда толық көрсетілді. Бірақ олардың табиғаты түсінілгеннен кейін, олар біріккен өндірушілердің қолында зұлым әміршілерден бағынышты қызметшілерге айнала береді. Найзағайдағы электрдің қиратушы күші мен телеграф аппаратындағы және электр шамындағы бағындырылған электрдің, өрт пен адамға қызмет ететін оттың арасындағы айырмашылық қандай болса, бұл арада да дәл сондай айырмашылық бар. Қазіргі өндіргіш күштер олардың, ақырында, танылған табиғатына қарай пайдаланылған кезде, өндірістегі қоғамдық анархияның орнын өндірісті әрі тұтас қоғамның, әрі оның әрбір жеке мүшесінің қажетіне сәйкес қоғамдық-жоспарлы жолмен тәртіптеу басады. Сол кезде, өнім алдымен өндірушіні, онан соң иемденушіні кіріптар ететін капиталистік иемдену әдісі өнімдердің қазіргі өндіріс құрал-жабдықтары табиғатының өзіне негізделген жаңа иемдену әдісіне орын береді: бір жағынан, өндірісті баянды ету, кеңейту құралы ретінде өнімдерді тікелей қоғам болып иемденуге, ал екінші жағынан, өмір сүру және рақатын көру құралдары ретінде оларды тікелей жеке иемденуге орын береді.

Халықтың орасан көпшілігін барған сайын пролетарларға көптеп айналдыра отырып, капиталистік өндіріс әдісі өзінің апатқа ұшырамауы үшін осындай төңкеріс жасауға мәжбүр болатын күшті туғызады. Қоғамдастырылған ірі өндіріс құрал-жабдықтарын барған сайын мемлекет меншігіне айналдыруға мәжбүр ете отырып, капиталистік өндіріс әдісі бұл төңкерісті жасаудың жолын өзі көрсетіп береді. *Пролетариат мемлекеттік өкімет билігін қолына алады да, өндіріс құрал-жабдықтарын ең алдымен мемлекеттің меншігіне айналдырады.* Бірақ осы арқылы ол пролетариат ретінде өзін де жояды, осы арқылы ол барлық таптық айырмашылықтар мен таптық қарама-қарсылықтарды да жояды, ал сонымен бірге мемлекет ретінде мемлекетті де жояды. Бұрынғы болып өткен және күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан қоғамға, таптық қарама-қарсылықтарда ілгерілеп отырған қоғамға мемлекет қажет болды, яғни қанаушы таптың өндірісінің сыртқы жағдайларын сақтау үшін, демек, әсіресе қаналушы тапты өндірістің белгілі бір әдісі белгілейтін басып-жаншу жағдайларында (құлдық, крепостнойлық немесе феодалдық тәуелділік, жалдама еңбек) зорлықпен ұстап отыру үшін қанаушы таптың ұйымы қажет болды. Мемлекет бүкіл қоғамның ресми өкілі болды, сол қоғамның бейне корпорацияға шоғырлануы болды, бірақ оның олай болған себебі тек мынадан ғана: ол мемлекет өз заманында бір өзі бүкіл қоғам атын алып жүрген таптың мемлекеті болған: ежелгі заманда ол құл иеленушілердің — мемлекет азаматтарының, орта ғасырларда феодал дворяндардың, біздің заманымызда буржуазияның мемлекеті болған. Мемлекет ақырында шынымен бүкіл қоғамның өкілі болғанда, ол өзін өзі басы артық етіп шығарады. Бағындырып ұстау керек болатын бірде-бір қоғамдық тап қалмаған кезде, таптық үстемдікпен бірге, жеке тіршілік үшін өндірістегі қазіргі анархиядан туған күреспен бірге сол күрестен туатын соқтығысулар, озбырлықтар құртылған кезде,— осы кезден бастап басып-жаншып ұстау керек болатын да еш нәрсе қалмайды, басып-жаншу үшін ерекше күштің, мемлекеттің қажеттігі болмайды. Мемлекеттің шынымен бүкіл қоғам өкілі болып шығатын бірінші актісі — өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам атынан иемденуге алу,— сонымен бірге оның мемлекет ретінде өз бетімен істеген актісінің ең соңғысы болып табылады. Ол уақытта мемлекеттік өкіметтің қоғамдық қатынастарға араласуы бір саладан соң бір салада артық бола бастайды да, өзінен-өзі құрып бітеді. Адамдарды басқарудың орнын зат-бұйымдарды билеп, өндіріс процестеріне басшылық ету басады. Мемлекет «алынып тасталмайды», *ол құрып бітеді.* «Еркін халықтық мемлекет»* деген сөзді,

---

* Қараңыз: осы том, 22—26 және 31—32-беттер. *Ред.*

белгілі бір уақытқа дейін үгіт құралы болып өмір сүруге правосы болған, бірақ сайып келгенде ғылыми жағынан қисынсыз сөзді осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек. Анархистер деп аталатындардың мемлекетті бүгін-ертеннен қалдырмай жою керек деген талаптарын да осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек.

Капиталистік өндіріс әдісі тарих сахнасына шыққаннан бері барлық өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамның өз иелігіне алуы жеке адамдарға да, тұтас бір секталарға да көбінесе болашақтың азды-көпті күңгірт мұраты болып көрінді. Бірақ оны іске асырудың іс жүзіндегі шарттары нақты болған кезде ғана оның жүзеге асуы мүмкін болды, тарихи қажеттілік болды. Қандай да болсын басқа қоғамдық прогресс сияқты, оның өзі де таптардың болуы әділдікке, теңдікке, т. т. қайшы келетінін түсініп білгендіктен, таптарды жоюды жай тілейтіндіктен жүзеге асырарлық болып отырған жоқ, белгілі бір жаңа экономикалық жағдайлар туғандықтан жүзеге асырарлық болып отыр. Қоғамның таптарға бөлінуі — қанаушы тап пен қаналушы тапқа, үстем тап пен езілуші тапқа бөлінуі — өткен кезде өндірістің шамалы дамығандығының сөзсіз нәтижесі болды. Қоғамдық жиынтық еңбек жұрттың бәріне де ең керекті күн көру заттарынан әрең артатын өнім беріп отырғанда, демек еңбек ету қоғам мүшелерінің орасан көпшілігінің барлық немесе барлық дерлік уақытын алып отырғанда, ол қоғам тап-тапқа бөлінбей қоймайды. Кілең еріксіз еңбекпен шұғылданған халықтың осы орасан көпшілігімен қатар, тікелей өндіруші еңбектен босаған және еңбек басқару, мемлекет ісі, сот жүргізу, ғылым, өнер, т. т. сияқты қоғамның жалпы істерін басқарып отыратын тап құрылады. Демек, тап-тапқа бөліну негізінде еңбек бөлінісі заңы жатыр. Алайда, мұның өзі таптар құрылған кезде күш жұмсалуын, жыртқыштық істелуін, қулық-сұмдық, алдау-арбау қолданылуын тіпті де жоймады және өкіметті қолына түсіріп алған үстем таптың еңбекші таптар есебінен өзінің жағдайын нығайтуына, қоғамға басшылық етуді бұқараны үдете қанау ісіне айналдыруына бөгет жасаған жоқ.

Бірақ сонымен қоғамның тап-тапқа бөлінуінің белгілі бір тарихи ақтамасы болған болса, онда мұның ол ақтамасы белгілі бір дәуір үшін ғана және белгілі бір қоғамдық жағдайлар тұсында ғана болады. Бұл бөліну өндірістің жетімсіздігінен туды, ал қазіргі өндіргіш күштердің әбден дамуы ол бөлінушілікті жояды. Шынында да, қоғамдық таптардың жойылуы тарихи дамудың мынадай сатыға жетуін көздейді: бұл сатыда үстемдік етуші белгілі бір таптың өмір сүруі ғана емес, сонымен қатар жалпы алғанда үстемдік етуші тап атаулының өмір сүруі де, ал олай болса, тап-тапқа бөлінудің өзі де анахронизм, күні өткен ескілік болып табылады. Демек, таптардың жойылуы өндірістің

дамуының мынадай жоғары сатыға жетуін керек қылады: бұл сатыда өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерді,— ал бұлармен бірге саяси үстемдікті, білім алу монополиясы мен рухани басшылықты да,— ерекше қоғамдық таптың қолға алуы керексіз нәрсе ғана болып шықпайды, сонымен қатар экономикалық, саяси дамуға және ақыл-ой дамуына кедергі де жасайтын болады. Қазір дамудың бұл сатысына жеттік. Буржуазияның саяси және ақыл-ой жағынан банкроттыққа ұшырағаны тіпті оның өзіне де құпия бола қоймас, ал оның экономика жағынан банкроттыққа ұшырауы он жылда бір ұдайы қайталап отырады. Әрбір дағдарыстың тұсында қоғам өзі пайдалана алмайтын өзінің өндіргіш күштері мен өнімдерінің ауыртпалығынан тұншығып, тұтынушылар жетіспегендіктен өндірушілер өнімдерін тұтына алмайтын өрескел қайшылықтың алдында қоғам дәрменсіз болып қалады. Осы заманғы өндіріс құрал-жабдықтарына тән ұлғаю күші капиталистік өндіріс әдісінің салған бұғауын тас-талқан етіп қиратады. Өндіріс құрал-жабдықтарының осы бұғаулардан босауы өндіргіш күштердің тоқтаусыз, үнемі жеделдей түсіп дамуының бірден-бір алғы шарты, ал осының арқасында практика жүзінде өндірістің өзінің шексіз өсуінің де шарты болады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам меншігіне айналдыру өндірісте болып отырған қазіргі жасанды кедергіні ғана жойып қоймайды, сонымен қатар өндіргіш күштер мен өнімдерді турадан-тура ысырап етушілік пен құртушылықты да жояды, ал оларды ысырап етіп құртушылық қазіргі кезде өндірістің болмай тұрмайтын және дағдарыстардың кезінде өзінің ең жоғарғы дәрежесіне жететін серігі болып отыр. Оның үстіне өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам меншігіне айналдыру қазіргі үстемдік етіп отырған таптар мен олардың саяси өкілдерінің ессіздік сән-салтанаты мен ысырапшылдығын жою арқылы толып жатқан өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерді қоғам үшін үнемдеп қалады. Қоғамдық өндіріс арқылы қоғам мүшелерінің бәрін өмір сүрудің әбден жеткілікті және күн санап жақсарып отыратын материалдық жағдайларымен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар олардың дене күші мен ақыл-ой қабілеттерінің де толық еркін дамуы мен қолданылуын қамтамасыз ету мүмкіндігіне,— осы мүмкіндікке қазір тұңғыш рет қол жетіп отыр, бірақ бұған енді шын мәнінде *қол жетті**.

---

* Тіпті капиталистік езгі болып отырғанда да қазіргі өндіріс құрал-жабдықтарының кеңейіп ұлғая беруге зор қабілеті бар екендігі жөнінде бірақ цифр шамалас түсінік бере алады. Джиффеннің жасап шыққан ең жаңа есебі бойынша Великобритания мен Ирландияның барлық байлығының жалпы сомасы бүтін санмен есептегенде шамамен мынадай болған:

Өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам өз иелігіне алады екен, онда товар өндірісі жойылады, сонымен бірге өнімнің өндірушілерге үстемдік етуі де жойылады. Қоғамдық өндіріс ішіндегі анархия жоспарлы, саналы ұйымдастырумен ауыстырылады. Жеке өмір сүру жолындағы күрес тыйылады. Осы арқылы адам баласы енді хайуандар дүниесінен,— белгілі мағынада айтқанда біржолата,—бөлініп шығып, аңша тіршілік ету жағдайларынан нағыз адамға лайық тіршілік жағдайларына көшеді. Адамдардың айналасындағы және күні бүгінге дейін оларға үстемдік етіп келген тіршілік жағдайларын енді адамдардың өздері билеп, өздері бақылайтын болады, олар табиғатқа да тұңғыш рет шын мәнісінде және саналы түрде билігін жүргізетін болады, өйткені олар өздерінің қоғам болып бірігуіне өздері қожа бола бастайды. Адамдардың өз қоғамдық қимылдарының заңдарын, осыған дейін адамдарға жат, оларға үстемдік етуші табиғат заңдары сияқты өздеріне қарсы тұрған осы заңдарын, адамдар енді істің мәнін толық біліп қолданатын болады, сөйтіп ол заңдар адамдардың үстемдігіне бағындырылатын болады. Адамдардың қоғам болып бірігуі, бұған дейін адамдарға жоғарыдан табиғат пен тарих таңып келген бірігу ретінде олардың өздеріне қарсы тұрып келсе, енді олардың өздерінің еркін ісі бола бастайды. Күні бүгінге дейін тарихқа үстемдік етіп келген объективтік, жат күштер енді адамдардың өз бақылауына өтеді. Дәл сол кезден бастап қана адамдар өз тарихын әбден саналы түрде өздері жасай бастайды, олар қозғалысқа келтіріп отыратын қоғамдық себептер тек сол кезде ғана едәуір дәрежеде және барған сайын артып отыратын дәрежеде өздерінің тілегеніндей нәтиже беретін болады. Мұның өзі адам баласының қажеттілік заманынан бостандық заманына секіріп өтуі болады.

Қорытындыда жоғарыда өзіміз баяндап өткен даму барысына қысқаша қорытынды жасайық:

I. *Орта ғасырлық қоғам:* Жеке ұсақ өндіріс. Мұнда өндіріс құрал-жабдықтары әркімнің жеке қолдануына арналған, сондықтан да олардың әрекеті шамалы, қолапайсыз қара дүрсін, ұсақ. Өнімдерді өндірушінің өзі тұтынатын болса да, оның феодалдық мырзасы тұтынатын болса да, өнімдер тікелей тұтынылу үшін өндіріледі. Өндірілген нәрсе тікелей тұтынудан артылып қалған жерде ғана, сол артылып қалған нәрсе сатуға арна-

---

1814 ж.— 2 200 млн. ф. ст.= 44 млрд. марка
1865 « — 6 100 « « « =122 « «
1875 « —8 500 « « « =170 « «

Ал енді дағдарыстардың кезінде өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдердің құртылуына келетін болсақ, неміс өнеркәсіпшілерінің екінші конгресінде (Берлин, 21 февраль, 1878 ж.) соңғы дағдарыстың кезінде *герман темір өнеркәсібінің* бір өзінің ғана шеккен жалпы зияны 455 млн. маркаға жеткені анықталған болатын.

лады да, айырбасқа түседі: демек, товар өндірісі енді ғана шығу процесінде болады; бірақ сол уақыттың өзінде де оның бойында *қоғамдық өндіріс анархиясының* бастамасы болады.

II. *Капиталистік революция:* Өнеркәсіптегі төңкеріс, бұл алғашында жай кооперация мен мануфактура арқылы жасалады. Осы уақытқа дейін бытыраңқы болып келген өндіріс құрал-жабдықтары ірі шеберханаларға шоғырланады, сөйтіп олар жеке адамдардың өндіріс құрал-жабдықтарынан қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына айналады — мұның өзі, жалпы алғанда, айырбас формасына дарымаған айналушылық. Иемденудің бұрынғы формалары күшінде қала береді. *Капиталист* келіп шығады: өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенуші ретінде ол өнімдерді де иемденеді, оларды товарға да айналдырады. Өндіріс қоғамдық іске айналады; ал айырбас, сонымен қатар өнімдерді иемдену жағы дара іс, жеке адамдардың ісі болып қала береді: *қоғамдық еңбектің өнімін жеке капиталист иемденеді.* Нақ осының өзі негізгі қайшылық болып табылады; қазіргі қоғамның алға басуында орын алып отырған және ірі өнеркәсіпте ерекше айқын байқалып отырған қайшылықтардың бәрі де сол негізгі қайшылықтан туады.

a) Өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан ажыратылуы. Жұмысшының өмір бойы күнін жалдама еңбекпен өткізуге душар болуы. *Пролетариат пен буржуазия арасындағы қарама-қарсылық.*

b) Товар өндірісін билейтін заңдардың барған сайын айқындалып, әсерінің күшеюі. Тежеусіз бәсекелестік күрес. *Әрбір жеке фабрикада өндірістің қоғамдық түрде ұйымдастырылуы мен бүкіл өндірістегі қоғамдық анархия арасындағы қайшылық.*

c) Бір жағынан — машиналардың жетіле беруі; мұның өзі бәсекенің салдарынан әрбір жеке фабрикант үшін еріксіз күштеу заңына айналады, сонымен қатар ол жұмысшылардың фабрикадан ығыстырылып шығарылуының үнемі күшейе түсіп отырғанын көрсетеді: *резервтік өнеркәсіп армиясының тууы.* Екінші жағынан — өндірістің шексіз кеңейе беруі, бұл да әрбір фабрикант үшін бәсекенің еріксіз қолданылатын заңына айналады. Екі жағынан алып қарағанда да өндіргіш күштер құлақ естімеген дәрежеде дами береді, ұсыным сұранымнан асып түседі, артық өндіріс туады, рыноктар товарға лық толады, он жылда бір қайта оралып отыратын дағдарыстар туады, шығып болмайтын шырғалаң пайда болады: *бір жақта — басы артық өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдер, екінші жақта* — жұмыссыз және өмір сүруге қаражаты жоқ *басы артық жұмысшылар.* Бірақ өндіріс пен қоғамдық әл-ауқаттың бұл екі тұтқасының екеуі де біріге алмайды, өйткені өндірістің капиталистік формасы өндіргіш күштер мен өнімдерді алдын ала капиталға айналдырмай тұрып, өндіргіш күштердің қимылға келіп, өнімдердің айналымына мүм-

кіндік бермейді, ал капиталға айналуына олардың басы артықтығының нақ өзі кедергі жасайды. Бұл қайшылық ұлғайып, барып тұрған мағынасыздыққа айналады: *өндіріс әдісі айырбас формасына қарсы шығады.* Сөйтіп, буржуазияның өзінің қоғамдық өндіргіш күштерін бұдан былайғы жерде басқара алмайтыны әшкереленеді.

d) Өндіргіш күштердің қоғамдық сипаты ішінара мойындалады, ішінара мойындауға капиталистердің өздері лажсыз көнеді. Өндіріс пен қатынастың ірі организмдері алғашында *акционерлік қоғамдардың,* кейінірек трестердің, ал оның соңынан *мемлекеттің* де меншігіне айналады. Буржуазия керексіз тап болып шығады; оның қоғамдық функцияларының бәрін енді жалдама қызметшілер атқарады.

III. *Пролетарлық революция,* қайшылықтардың шешілуі: пролетариат қоғамдық өкіметті өз қолына алады да, буржуазияның қолынан сусып шығып бара жатқан қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарын осы өкіметтің күшімен бүкіл қоғам меншігіне айналдырады. Мұнымен ол өндіріс құрал-жабдықтарын капитал ретінде өздеріне осы уақытқа дейін тән болып келген нәрселердің бәрінен арылтып, олардың қоғамдық табиғатының дамуына толық еркіндік береді. Сөйтіп, бұдан былайғы жерде қоғамдық өндірісті алдын ала ойластырып жасалған жоспармен жүргізу мүмкін болады. Өндірістің дамуы түрліше қоғамдық таптардың бұдан былайғы жерде өмір сүруін анахронизм етіп шығарады. Қоғамдық өндірістегі анархия жойыла берген сайын, мемлекеттің саяси беделі де құрып біте береді. Ақырында, жеке өздерінің төл қоғамдық болмысына өзі қожа болып алған адамдар осының арқасында табиғатқа қожа болады, өздеріне өздері қожа болып, ерікті адамға айналады.

Дүниені азат ететін осы ерлік істі жүзеге асыру — міне қазіргі пролетариаттың тарихи міндеті осындай. Осы төңкерістің тарихи шарттарын, ал сонымен бірге нағыз табиғатын зерттеу, сөйтіп осы ерлікті іске асыратын қазіргі езілуші тапқа оның өз басының істейтін ісінің шарттары мен табиғатын түсіндіріп беру—пролетарлық қозғалыстың теориялық көрінісі болып отырған ғылыми социализмнің міндеті міне осындай.

*Ф. Энгельс 1880 жылғы январьда — мартты бірінші жартысында жазған «La Revue socialiste» журналының 3, 4, 5-номерлерінде, 1880 жылғы 20 марта, 20 апрельде, 5 майда басылған және француз тілінде мынадай жеке кітапша түрінде басылған: F. Engels, «Socialisme utopique et socialisme scientifique» Paris, 1880*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларычың тексті бойынша басылып отыр; 2-басылуы, 19-том, 185—230-беттер*

# В. И. ЗАСУЛИЧТІҢ ХАТЫНА ЖАУАПТЫҢ АЛҒАШҚЫ НОБАЙЫ[109]

1) Капиталистік өндірістің шығуын талдай келіп, мен былай дедім: оның негізінде «өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан толық айыру ісі жатыр» («Капиталдың» француз тіліндегі басылымының 315-беті, 1-бағанасы) және «бүкіл осы процестің негізі *егіншілерді экспроприациялау болып табылады.* Бұл әзірше тек Англияда ғана түбегейлі жүзеге асырылған... *Бірақ Батыс Европаның басқа барлық елдері де* нақ осы жолмен жүріп келеді» (бұл да сонда, 2-бағана)*.

Сөйтіп, мен бұл процестің «тарихи болмай қоймайтындығын» *Батыс Европа елдерімен дәл* шектедім. Ал мұның себебі не? XXXII тарауды қарап көріңіз, онда былай делінген:

«Оның жойылуы, жекелеген және бытыранды өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық шоғырланған өндіріс құрал-жабдықтарына айналуы, демек, көпшіліктің ұсақ меншігінің азшылықтың орасан зор меншігіне айналуы, еңбекші халықты осы азапты, сұрапыл экспроприациялау — міне, капиталдың шығу көзі, шығу тегі осы... Өз еңбегіне негізделген *жеке меншікті*... өзгенің еңбегін қанауға, жалдама еңбекке негізделген *капиталистік жеке меншік* ығыстырып шығарады» (341-бет, 2-бағана)**.

Сөйтіп, сайып келгенде, біз бұл арада *жеке меншіктің бір формасының жеке меншіктің екінші формасына айналуын* көріп отырмыз. Бірақ жер еш уақытта орыс шаруаларының *жеке меншігі* болмағандықтан, бұл теориялық қорытынды оларға қалайша қолданылуы мүмкін?

2) Тарихи тұрғыдан алғанда, *орыс шаруалары* қауымының *сөзсіз ыдырауын* дәлелдеу үшін келтірілетін бірден-бір елеулі дәлел мынадай:

Сонау өткен заманға көз жіберсек, біз Батыс Европаның барлық жерінде азды-көпті ежелгі тұрпаттағы қауымдық меншікті

---

* Салыстырыңыз: осы басылуы, 2-том, 105 және 106-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 151-бет. *Ред.*

кездестіреміз; қоғамның прогресімен бірге ол барлық жерде жойылды. Ол неліктен жалғыз Россияда ғана бұдан аман қалуға тиіс?

Жауап берейін: оның себебі — Россияда, жағдайлардың ерекше қалыптасуы арқасында, әлі де ұлттық көлемде бар болып отырған селолық қауым бірте-бірте өзінің алғашқы белгілерінен арылуы мүмкін, сөйтіп тікелей ұлттық көлемдегі коллективтік өндіріс элементі ретінде дамуы мүмкін. Бұл селолық қауым капиталистік өндірістің тұстасы болып табылатындықтан да, ол капиталистік өндірістің сұмдық шырғаландарының бәрінен өтпей-ақ, оның ұнамды жетістіктерін меңгеруі мүмкін. Россия осы заманғы дүниеден оқшау өмір сүріп тұрған жоқ; сонымен қатар ол Ост-Индия сияқты, жат елдік басқыншының жемтігі де емес.

Егер, капиталистік системаға ден қоятын орыстар осындай эволюцияның *теориялық* мүмкіндігін теріске шығармақ болса, мен олардан былай деп сұрар едім: өзінде машиналарды, пароходтарды, темір жолдарды, т. с. енгізу үшін Россия Батыс сияқты машиналы өндіріс дамуының ұзақ инкубациялық дәуірін өтуге тиіс пе еді? Олар жол-жөнекей маған мынаны да түсіндірсінші: олар Батыста енгізілуі үшін бірнеше ғасырлар керек болған бүкіл айырбас механизмін (банктерді, кредиттік қоғамдарды, т. с.) қалайша өздерінде бірден енгізе қойды?

Егер шаруалардың азат етілуі кезінде селолық қауым бірден қалыпты даму жағдайына қойылса, сонан соң негізінен шаруалардың есебінен төленетін орасан көп мемлекеттік борыш, онымен бірге капиталистерге айналдырылған «қоғамның жаңа тіректеріне» мемлекет арқылы (тағы да шаруалардың есебінен) берілген басқа да орасан көп сомалар,— осы шығындардың бәрі селолық қауымды *одан әрі дамытуға* жұмсалса, онда қауымның жойылуының «тарихи болмай қоймайтындығы» жөнінде қазір ешкім ойлап та жатпас еді: жұрттың бәрі бұл селолық қауымда орыс қоғамының өркендеу элементі бар деп және әлі де капиталистік құрылыстың тепкісінде отырған елдерге қарағанда артықшылық элементі бар деп мойындар еді.

Орыс қауымының сақталуына (оны дамыту арқылы) қолайлы тағы бір жағдай мынау: орыс қауымы капиталистік өндірістің тек тұстасы ғана емес, сонымен қатар ол бұл қоғамдық құрылыстың қаймағы бұзылмай тұрған кезінен де өтті; енді, керісінше, Батыс Европада да, Құрама Штаттарда да бұл құрылыс ғылыммен де, халық бұқарасымен де, өзі туғызып отырған өндіргіш күштердің өзімен де күресуде*. Қысқасы, оның алдында капи-

* Қолжазбада бұдан кейінгі мына сөздер сызылып тасталған: «Қысқасы, бұл құрылыс шектен шыққан антагонизмдердің, жанжалдардың және қайталап отыратын апаттардың аренасына айналды; ол өзінің өндірістің өткінші системасы болып табылатындығын тіпті көз жұма сенетіндердің өзіне де

тализм дағдарыс жағдайында тұр; бұл дағдарыс капитализмнің жойылуымен, осы заманғы қоғамдардың ортақ меншіктің «ежелгі» тұрпатына қайта оралуымен тынады немесе, бір американ жазушысының* айтуынша, революциялық тенденциясы бар деп ойлауға еш болмайтын және өзінің зерттеулерінде Вашингтон үкіметінің қолдауында болып отырған осы жазушының айтуынша — осы заманғы қоғам бағыт ұстап бара жатқан «жаңа құрылыс» «ежелгі тұрпаттағы қоғамның неғұрлым жетілген формада (a revival) қайта тууы (in a superior form) болады»[110]. Сөйтіп, «ежелгі» деген сөзден онша қорықпау керек.

Бірақ онда, ең болмаса, осы дәйекті өзгерістерді білу керек болар еді. Ал біз олар туралы ештеңе де білмейміз.

Алғашқы қауымдардың ыдырау тарихын әлі жазу керек болып отыр (ол қауымдардың бәрін бірдей деп есептеу қате болар еді; геологиялық құрылымдар сияқты бұл тарихи құрылымдарда да бірінші, екінші, үшінші, тағы сондай талай тұрпаттар бар). Осы уақытқа дейін бізде тек жартымсыз нобайлар ғана болды. Қалай болғанда да тақырыпты зерттеудің жеткілікті алға жылжығаны сонша — енді былай деп анық айтуға болады: 1) алғашқы қауымдардың өміршеңдігі семиттік, гректік, римдік және басқа қоғамдардың өміршеңдігінен гөрі, әсіресе осы заманғы капиталистік қоғамдардың өміршеңдігінен гөрі әлдеқайда жоғары болды; 2) олардың ыдырау себептері олардың белгілі бір даму сатысын өтуіне кедергі болған экономикалық деректерден туады, осы заманғы орыс қауымының тарихи ортасына тіпті де ұқсас емес тарихи ортадан туады.

Алғашқы қауымдардың буржуазияшыл авторлар жазған тарихын оқығанда сақ болу керек. Олар тіпті бұрмалаудан да именбейді. Мәселен, үнді қауымдарын күшпен қирату ісінде ағылшын үкіметінің құлай берілген қызметкері болған сэр Генри Мейн бізді үкіметтің бұл қауымдарды қолдамақ болған барлық игі күш салуы экономикалық заңдардың дүлей күшіне соқтығып қирады деп екі жүзділікпен сендірмек болады[111]!

Қалай болған күнде де, бұл қауым үздіксіз соғыстардың, сыртқы және ішкі соғыстардың жағдайында опат болды; ол, тегінде, зорлықтан мерт болды. Герман тайпалары Италияны, Испанияны, Галлияны, т. т. басып алған кезде ежелгі тұрпаттағы қауым бұл кезде тіпті жоқ болатын. Алайда оның *табиғи өміршеңдігі* екі фактімен дәлелденеді. Орта ғасырлардың барлық қиын-қыстауларын басынан кешірген, сөйтіп біздің заманымызға дейін сақталған кейбір қауымдар бар, мәселен менің туған жерімде — Трир округінде бар. Бірақ ең маңыздысы мынау: ол

---

көрсетіп берді; ал бұл система қоғамның... қайта оралуы себепті жойылуға тиіс. *Ред.*

* — Л. Морган. *Ред.*

қауым өзінің орнына келген қауымға ерекше сипаттарын айқын түрде қалдырғаны сонша,— бұл қауымда егіндік жер жеке меншікке айналды, ал орман, жайылым, бос жерлер және басқалар әлі де қауымдық меншік болып қалып отыр,— Маурер екінші формациядағы осы қауымды зерттеп, оның ежелгі тұрпатының құрылымын қайта елестете алды. Сол ежелгі тұрпатының қабылданған өзгеше сипаттарының арқасында жаңа қауым, германдар өздері бағындырған барлық елдерге енгізген осы жаңа қауым, орта ғасырлардың бүкіл өне бойында бостандық пен халықтық өмірдің бірден-бір ошағы болды.

Егер Тацит заманынан кейін біз *қауымның* өмірі туралы да, оның қалайша және қашан құрып кеткені туралы да ештеңе білмесек, ең болмағанда Юлий Цезарьдың әңгімесі арқылы бізге бұл процестің бастама пункті белгілі. Оның заманында жер енді жыл сайын германдардың *рулары* мен *қандас туыс бірлестіктері* арасында [tribus des confédérations] қайта бөлініп тұрған, бірақ қауымның жеке мүшелері арасында әлі бөлінбеген. Сонымен, Германиядағы *селолық қауым* неғұрлым ежелгі тұрпаттағы қауымның қойнауынан шықты. Ол бұл жерде ішкі даму нәтижесі болды, Азиядан дайын күйінде тіпті де әкелінген жоқ. Ол онда да — Ост-Индияда да — кездеседі және әрдайым ежелгі формацияның *соңғы кезеңі* немесе соңғы дәуірі ретінде кездеседі.

Таза теориялық жағынан алғанда, яғни үнемі бір қалыпты тіршілік жағдайлары болды деп есептегенде, селолық қауымның тағдыры қандай болуы мүмкін екені туралы пікір айту үшін мен енді «егіншілік қауымды» неғұрлым ежелгі тұрпаттардан айыратын кейбір ерекше сипаттарды атап өтуге тиіспін.

Ең алдымен, неғұрлым ертедегі алғашқы қауымдар өз мүшелерінің қандас туысқандығына негізделеді; осы күшті, бірақ тар шеңберлі байланысы үзілгенде егіншілік қауым ұлғая түсуге және басқалармен қарым-қатынас жасағанда төзімділік көрсетуге неғұрлым қабілетті болып шығады.

Сонан соң, қауымның ішіндегі үй және оған қосымша — аула егіншінің жеке меншігі болады, ал егіншілік шығудан көп бұрын ортақ үй бұрынғы қауым формаларының материалдық негіздерінің бірі болатын.

Ақырында, егістік жер қауымдық меншік болып қала бергенімен, ол егіншілік қауым мүшелері арасында ауық-ауық қайта бөлініп тұрды, сондықтан әрбір егінші өзіне бөлінген жерді өз күшімен ұқсатып отырды және осы ұқсатудың жемісін өзі иемденіп отырды, ал неғұрлым ежелгі қауымдарда өндіріс бірлесіп жүргізілді де, тек өнім ғана бөлінді. Бұл кооперативтік немесе коллективтік өндірістің алғашқы тұрпаты, әлбетте, өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастырудың емес, жеке кісінің әлсіздігінің нәтижесі болды.

«Егіншілік қауымға» тән дуализм ол үшін зор өмірлік күштің қайнар бұлағы бола алатынын түсіну қиын емес, өйткені бір жағынан, ортақ меншік және ол туғызған қоғамдық қатынастар оның негіздерін баянды етеді, ал жеке үй, егістік жердің парцельдік ұқсатылуы және оның түсімін жеке кісінің иемденуі жеке адамның дамуына жол береді, мұның өзі неғұрлым ежелгі қауымдардың жағдайларымен сыйыспайтын еді.

Бірақ сол дуализм бара-бара ыдыраудың негізі бола алатындығы да айдан анық. Жау ортаның барлық ықпалдарын былай қойғанда, малдың көбеюінен басталатын (тіпті крепостнойлар түрінде байлықтың көбеюі мүмкін деп есептегенде) қозғамалы мүліктің бірте-бірте қорлануының өзі, қозғамалы мүліктің егіншіліктің өзінде барған сайын неғұрлым елеулі роль атқаруы, осы қорланумен тығыз байланысты, бірақ оларды баяндап жату мені ұзақ сонарға салып жіберетін толып жатқан басқа жағдайлар,— осының бәрі экономикалық және әлеуметтік тендікті бұзатын элемент ретінде қимыл жасайды және қауымның өзінің қойнауында-ақ мүдделердің соқтығысуын туғызады; бұл соқтығысу әуелі егістік жерді жеке меншікке айналдырады және жеке меншіктің *қауымдық қосымшасы* болып алған ормандарды, жайылымдарды, бос жерлерді және басқаларды жеке иемденумен аяқталады. Нақ сондықтан «егіншілік қауымы» барлық жерде ежелгі қоғамдық формацияның *ең жаңа тұрпаты* болып табылады, сондықтан да ежелгі және осы заманғы Батыс Европаның тарихи қозғалысында егіншілік қауымның дәуірі ортақ меншіктен жеке меншікке, бірінші формациядан екінші формацияға көшу дәуірі болып табылады. Бірақ бұдан — «егіншілік қауымның» дамуы барлық жағдайларда осы жолмен жүруге тиіс деген мағына туа ма? Тіпті де тумайды. Оның құрылым формасы мынадай альтернативаға жол береді: не ондағы жеке меншік элементі коллективтік элементтен басым болады, не осы коллективтік элемент сол жеке меншік элементінен басым болады. Бәрі де өзі болып отырған тарихи ортаға байланысты... *a priori** нәтижесі анадай да, мынадай да болуы мүмкін, бірақ олардың әрқайсысы үшін, тегінде, мүлде әр түрлі тарихи орта керек.

3) Россия — «егіншілік қауымы» осы уақытқа дейін ұлттық көлемде сақталып келген бірден-бір европалық ел. Ол — Ост-Индия сияқты, жат елдік басқыншының жемтігі емес. Сонымен қатар ол осы заманғы дүниеден оқшау өмір сүріп отырған жоқ. Бір жағынан, ортақ жер меншігі оған парцельдік және жекешілдік егіншілікті коллективтік егіншілікке тікелей және бірте-бірте айналдыруға мүмкіндік береді, ал мұны орыс шаруалары бөліске түспейтін шабындық жерлерде қазірдің өзінде-ақ жүзеге асырып отыр. Орыс жерінің физикалық қалпы машина-

* — тәжірибеден тәуелсіз түрде. *Ред.*

ларды кең көлемде қолдануға қолайлы жағдай жасайды. Шаруаның *артельдік* қатынастарға бейімделген әдет-ғұрпы оның парцельдік шаруашылықтан кооперативтік шаруашылыққа көшуін жеңілдетеді, сондықтан, ақырында, соның есебінен осынша ұзақ уақыт күн көрген орыс қоғамы осындай көшу үшін оған қажетті аванс беруге міндетті*. Екінші жағынан, дүние жүзілік рынокта үстемдік жасап отырған батыстық өндірістің *бір мезгілде өмір сүруі* Россияға капиталистік құрылыстың жеткен барлық игі жетістіктерін қауымға енгізуге, енгізгенде капиталистік құрылыстың Кавдия шатқалын[112] бойлай өтпей енгізуге мүмкіндік береді.

Егер «қоғамның жаңа тіректерінің» өкілдері осы заманғы селолық қауымның жоғарыда көрсетілгендей эволюциясының *теориялық* мүмкіндігін теріске шығармақ болса, олардан: машиналарға, пароходтарға, темір жолдарға, т. с. жету үшін Батыс сияқты Россия машиналы өндірістің дамуының ұзақ инкубациялық дәуірін өтуге тиіс пе еді деп сұрауға болады. Сондай-ақ олардан: енгізілуі үшін Батыста талай ғасырлар керек болған бүкіл айырбас механизмін (банкілерді, акционерлік қоғамдарды және басқаларды) өздеріңізде қалай бірден енгізе алдыңыздар деп сұрауға болар еді.

Орыс «егіншілік қауымының» өз әлсіздігінің негізі болып отырған және барлық жағынан өзіне қолайсыз бір ерекше сипаты бар. Бұл — оның оқшаулығы, бір қауымның өмірі мен басқа қауымдардың өмірі арасында байланыстың жоқтығы; бұл *белгілі бір жердегі микрокосм* осы тұрпаттың имманенттік ерекше сипаты ретінде барлық жерде кездесе бермейді, бірақ кездескен жерінің бәрінде ол қауымдарға азды-көпті орталықтанған деспотизм орнатты. Солтүстіктегі орыс республикаларының бірігуі мынаны дәлелдейді: әуелде, сірә, территориясының ұлан байтақтығынан туған бұл эволюцияны Россияның монғол шапқыншылығынан бері басынан кешірген саяси тағдырлары едәуір дәрежеде баянды етті. Қазір бұл кемшілікті оп-оңай жоюға болады. Үкіметтік мекеме болып табылатын болысты** шаруа қауымдарынан сайланғандардың жиналысымен әшейін ауыстыру керек болар еді; бұл жиналыс олардың мүдделерін қорғайтын экономикалық және әкімшілік орган болар еді.

«Егіншілік қауымды» одан әрі дамыту арқылы оны сақтап қалу үшін тарихи тұрғыдан барынша қолайлы жағдай мынау: бұл қауым батыстағы капиталистік өндірістің тек тұстасы ғана емес,— мұның өзі бұл қауымның капиталистік өндірістің modus

---

* Қолжазбада бұдан кейінгі мына сөздер сызылып тасталған: Әрине, қауымды *қазіргі негізде* қалыпты жағдайға келтіруден бастау қажет, өйткені барлық жерде шаруа әр түрлі шұғыл өзгерістерге қарсы болады. *Ред.*

** Бұл сөзді Маркс орысша жазған. *Ред.*

operandi* бағынбай-ақ, жемісіне ие болуына мүмкіндік береді,— сонымен қатар бұл қауым капиталистік құрылыстың қаймағы әлі бұзылмаған кезіндегі дәуірді басынан кешіріп бері асты; енді, керісінше, капиталистік құрылыс Батыс Европада да, Құрама Штаттарда да, еңбекшілер бұқарасымен де, ғылыммен де, өзі туғызған өндіргіш күштермен де күресуде,— қысқасы дағдарысқа душар болып отыр; ал бұл дағдарыс капитализмнің жойылуымен және осы заманғы қоғамдардың коллективтік меншік пен коллективтік өндірістің «ежелгі» тұрпатының жоғары формасына қайта оралуымен аяқталады.

Әлбетте, қауымның эволюциясы бірте-бірте болар еді және бұл бағыттағы бірінші қадам ол үшін оның *қазіргі негізінде* қолайлы жағдай жасау болар еді**.

Бірақ бұл қауымға мемлекеттік жерді есептемегенде, жердің жартысындайын — және ең жақсысын — қолында ұстап отырған жер меншігі қарама-қарсы тұр. Міне, нақ осы себепті «селолық қауымды» оның бұдан арғы эволюциясы арқылы сақтау орыс қоғамының жалпы қозғалысымен сәйкес келеді; оның қайта өркендеуіне тек осы жолмен ғана жетуге болады. Тіпті таза экономикалық тұрғыдан алғанда да, Россия тұйыққа тіреліп отырған егіншілігін өзінің селолық қауымын дамыту жолымен ғана шығара алады; ол тұйықтан ағылшындардың үлгісінше капиталистік аренданың жәрдемімен шығуға әрекеттенуден тұк өнбес еді: бұл жүйе бұл елдің барлық ауыл шаруашылық жағдайларына қарсы келеді.

Орыс «селолық қауымын» қазіргі уақытта қыспаққа салып отырған барлық ауыртпалықтарды былай қойғанда және оның құрылым формасы мен тарихи ортасын ғана еске алғанда, мынаны мойындау керек: оның ерекше сипаттарының бірі—жерді ортақ меншіктену — коллективтік өндіріс пен иемденудің табиғи

---

* — іс-әрекет салтына. *Ред.*

** Қолжазбада бұдан кейінгі мына сөздер сызылып тасталған: «Ал орыс, «селолық қауымының» тарихи жағдайының ешбір теңдесі жоқ! Европада бұл қауым жалғыз өзі ғана сақталып қалды, сақталғанда — Батыста жуырда ғана кездесетін сирек құбылыстар мен ұсақ оғаштықтар, алғашқы тұрпаттағы қалдықтар тәрізді бытыранды қалдықтар түрінде емес, зор империяның өн бойындағы халық өмірінің үстем дерлік формасы ретінде сақталды. Егер жерді ортақ меншіктену жағынан бұл қауымда коллективтік иемденудің негізі болса, оның тарихи ортасы — оымен бір мезгілде өмір сүріп отырған капиталистік өндіріс — оған кең көлемде бірлесіп еңбек етудің дайын тұрған материалдық жағдайларын береді. Олай болса, бұл қауым капиталистік құрылыстың Кавдия шатқалынан бойлай өтпестен-ақ осы құрылыстың тиімді табыстарын пайдалана алады. Бұл қауым парцельдік егіншіліктің орнына машиналар қолданылатын ірі егіншілікті бірте-бірте енгізе алады; орыс жерінің физикалық қалпы машиналарды қолдануға қолайлы-ақ. Олай болса, бұл қауым осы заманғы қоғамның ұмтылып отырған экономикалық системасының *тікелей бастама пункті* бола алады, сөйтіп өзін өзі мерт етпей-ақ, жаңа өмір сүре алады. Қайта, бастама ретінде бұл қауымға қолайлы жағдай жасау керек болар еді». *Ред.*

негізін құратындығы ә дегеннен-ақ айқын. Оның үстіне, орыс шаруасының *артельдік* қатынастарға үйренген әдеті оның парцельдік шаруашылықтан коллективтік шаруашылыққа көшуін жеңілдетер еді; мұндай коллективтік шаруашылықты ол бөліске түспейтін шабындықтарда, құрғату жұмыстарында және жалпы мүддені көздейтін басқа да істерде қазірдің өзінде-ақ белгілі мөлшерде жүргізіп отыр.

Бірақ жеке иемденудің негізі болып табылатын парцельдік еңбекті егіншіліктің өзінде коллективтік еңбек ауыстыра алуы үшін екі нәрсе керек: осындай өзгерістің экономикалық жағынан қажеттігі керек және оны жүзеге асыруға қажетті материалдық жағдайлар керек.

Экономикалық жағынан қажеттігіне келсек, мұны «селолық қауым» қолайлы жағдайға қойылысымен, яғни оны басып отырған ауыртпалық алынып тасталысымен және егін өсіру үшін жеткілікті жерді алысымен «селолық қауым» дереу сезетін болады. Орыс егіншілігіне тек жер ғана және азды-көпті ежелгі құралдармен қаруланған парцельдік егінші ғана керек болған бұрынғы уақыт өтті. Ол уақыттың тезірек өткен себебі—егіншінің езілуі оның егістік жерін тоздырып, құнарсыздандырады. Енді оған кең көлемде ұйымдастырылған кооперативтік еңбек керек. Оның үстіне, екі-үш десятина жерін ұқсатуға ең қажетті нәрсені таба алмайтын шаруаның жер көлемі он есе көбейгенде оның халі жақсара ма?

Ал құрал-саймандарды, тыңайтқыш заттарды, агрономиялық әдістерді және басқаларды — коллективтік еңбекке қажетті құралдардың бәрін — қайдан табуға болады? Міне осы арада орыс «селолық қауымының» сол тұрпатты ежелгі қауымдардан ірі артықшылығы бар екендігі айқын көрінеді. Ол бір өзі ғана Европада кең, ұлттық көлемде сақталды. Осының арқасында ол тарихи ортасын тауып отыр; бұл ортада онымен бірге өмір сүріп отырған капиталистік өндіріс оған коллективтік еңбектің барлық жағдайларын жасап беріп отыр. Оның капиталистік құрылыстың Қавдия шатқалын бойлай өтпей-ақ, осы капиталистік құрылыстың барлық жақсы жетістіктерін пайдалануына мүмкіндігі бар. Орыс жерінің физикалық қалпы ауыл шаруашылығын машиналардың жәрдемімен ұқсатуға, мұны кең көлемде ұйымдастыруға және кооперативтік еңбекпен жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Алғашқы ұйымдастырардағы интеллектуалдық және материалдық шығындарға келсек, мұны орыс қоғамы «селолық қауымға» тауып беруге міндетті, өйткені ол ұзақ уақыт осының есебінен өмір сүрді және ол әлі өзінің «өркендеу негізін» осыдан іздеуге тиіс.

«Селолық қауымның» осылай дамуының біздің заманымыздағы тарихи процестің бағытына сай келетіндігін жақсы дәлелдейтін нәрсе — болмай қоймайтын дағдарыс; европалық және

америкалық елдерде өте-мөте дамыған капиталистік өндіріс осындай дағдарысқа ұшырап отырады,— бұл дағдарыс капитализмнің жойылуымен және осы заманғы қоғамның неғұрлым ежелгі тұрпаттағы жоғары формаға — коллективтік өндіріс пен коллективтік иемденуге қайта оралуымен аяқталады.

4) Дами алатын болу үшін бәрінен бұрын өмір сүру қажет, ал қазіргі уақытта «селолық қауымның» өмірі қауіпті екендігі ешкімге құпия емес.

Егіншілерді экспроприациялау үшін Англияда және басқа елдерде болғаны сияқты, оларды жерінен қуып шығудың қажеті жоқ; дәл сондай-ақ ортақ меншікті указ арқылы жоюдың қажеті жоқ. Шаруалардан оның ауыл шаруашылық еңбегінің өнімін белгіленген мөлшерден артық тартып алып көріңіз,— онда, жандармерияңыз бен армияңызға қарамастан, сіз оларды егістік жеріне байлап қоя алмайсыз! Рим империясының соңғы жылдарында провинциядағы декуриондар — шаруалар емес, жер меншіктенушілер — аяусыз және мейрімсіз күштеп алушылықтың ресми сылтауы ғана болған меншіктен әйтеуір құтылу үшін үйлерін тастай қашты, жерлерін тастап кетті, тіпті өздері құлдыққа сатылды.

Шаруаларды азат ету дегеннен бастап мемлекет орыс қауымын экономикалық қолайсыз жағдайға қойды, міне содан бері мемлекет өз қолында шоғырланған қоғамдық күштердің жәрдемімен қауымды езуден тоқтаған жоқ. Мемлекеттің қазыналық күштеп алуынан әлсіреген, дәрменсіз халге түскен бұл қауым саудагердің, помещиктің, өсімқордың қанайтын объектісіне айналды. Осы сыртқы езгі қауымның ішінде бұрыннан жүріп жатқан мүдделер күресін шиеленістірді және оның ішінде ыдырау элементтерінің дамуын тездетті. Бірақ бәрі мұнымен тынбайды*. Шаруалардың есебінен мемлекет батыстағы капиталистік системаның мынадай салаларын өсірді: бұлар ауыл шаруашылығының өндірістік мүмкіндіктерін ешбір дамытпаса да, оның жемістерін ештеңе өндірмейтін делдалдардың оп-оңай және тез талан-таражға салуына өте-мөте көмектеседі. Мемлекет, осылайша, жаңа капиталистік арамтамақтың баюына көмектесті; ал бұл арамтамақ «селолық қауымның» онсыз да азайған қанын сорумен болды.

...Қысқасы, мемлекет егіншіні, яғни Россияның неғұрлым қуатты өндіргіш күштерін қанауды неғұрлым оңайлатып, тездете алатын және «қоғамның жаңа тіректерін» байыта алатын техни-

---

* Қолжазбада бұдан кейінгі мына сөйлем сызылып тасталған: «Шаруалардың есебінен мемлекет капиталистік системаның өсіруге оңайырақ ісіктерін өсірді — биржаны, жалдаптықты, банкілерді, акционерлік қоғамдарды, темір жолдарды өсірді; мемлекет бұлардың дефицитін жабады және кәсіп иелеріне пайдасын күні бұрын төлейді, т. т., т. т.». *Ред.*

калық және экономикалық құралдарды тездетіп дамытуға көмек көрсетті.

5) Осы қиратушы ықпалдардың қиюласуы күшті қарсы қимылға кездесіп қирамаса, табиғи түрде селолық қауымның жойылуына апарып соғуға тиіс.

Бірақ мынадай сұрақ туады: бұл мүдделердің бәрі (үкіметтің қамқорлығындағы ірі өнеркәсіп орындарын қоса) өздеріне селолық қауымның қазіргі жағдайы өте тиімді бола тұрса да, өздеріне алтын жұмыртқа тауып отырған тауықты неліктен өлтіруге тырысады? Оның себебі сол — олар «бұл осы заманғы жағдайдың» алысқа бармайтындығын, демек, қазіргі қанау әдісінің енді жарамсыз екендігін сезеді. Егіншінің кедейшілік жағдайы жерді қазірдің өзінде тоздырып болды, енді ол жер құнарсыз болып барады. Бір жылы егін шығымды болса, екінші жылы ашаршылық болады. Соңғы он жылдағы орташа цифрлар ауыл шаруашылық өндірісінің тоқырауын ғана емес, тіпті құлдырауын да көрсетіп отыр. Ақырында, Россияның сыртқа астық шығару орнына, бірінші рет сырттан астық әкелуіне тура келіп отыр. Демек, уақытты өткізуге болмайды. Мұны жою керек. Шаруалардың азды-көпті дәулетті азшылығынан орташа селолық тап құрып, шаруалардың көпшілігін кәдімгі пролетарларға айналдыру керек. Нақ осы мақсатпен «қоғамның жаңа тіректерінің» өкілдері қауымға салынған жарақаттың өзін оның қаусауының табиғи белгісі деп көрсетеді.

Осындай әр түрлі мүдделерге, әсіресе II Александр өкіметінің өздеріне мейірмділік жасауымен өскен «қоғамның жаңа тіректерінің» мүдделеріне «селолық қауымның» *қазіргі жағдайы* тиімді болды,— онда олар мұны неліктен әдейі мерт етуге тырысуға тиіс? Олардың өкілдерінің өздері оған салған жарақатын қауымның табиғи қаусауының даусыз дәлелі деп көрсететіні неліктен? Олардың алтын жұмыртқа тауып отырған тауықты өлтіргісі келетін себебі не?

Мұның бар себебі, талдасам мені ұзақ сонарға салып жіберетін экономикалық фактілердің арқасында мына нәрсе құпия болудан қалды: *қауымның қазіргі жағдайы бұдан әрі бұлай бола бере алмайды,* істің барысының өзі арқылы халық бұқарасын қанаудың қазіргі әдісі енді жарамсыз болады. Олай болса, жаңа бірдеңе керек, ал әр алуан формада ұсынылатын бұл жаңа әрдайым қауымдық меншікті жоюға, шаруалардың азды-көпті дәулетті азшылығының селолық орташа тап болып қалыптасуына мүмкіндік беруге, ал орасан көпшілігін әншейін пролетарларға айналдыруға келіп саяды.

Бір жағынан, «селолық қауым» жойылу шегіне дейін дерлік жеткізілген; екінші жағынан — оған соңғы соққы беру үшін оны күшті қастандық аңдып тұр. Орыс қауымын сақтап қалу үшін орыс революциясы керек. Айта кетейік, саяси және әлеуметтік

күшті қолға алып отырғандар бұқараны осындай апатқа әзірлеу үшін мүмкін болғанның бәрін жасауда.

Ал қауымды әлсіретіп, жұлмалап жатқанда, оның жерін құнарсыздандырып, аздырып жатқанда «қоғамның жаңа тіректерінің» әдеби малайлары оған салынған жарақаттарды оның табиғи және даусыз қаусауының белгісі деп мысқылдай көрсетеді, және ол өз ажалынан мерт болғалы отыр, сондықтан оның өлім алдындағы жанталасуын азайту қайырымды іс болар еді деп сендірмек болады. Сонымен, бұл арада әңгіме шешілуге тиісті проблема туралы емес, турадан-тура қирату керек жау туралы болып отыр. Орыс қауымын сақтап қалу үшін орыс революциясы керек. Айта кетейік, орыс үкіметі мен «қоғамның жаңа тіректері» бұқараны осындай апатқа әзірлеу үшін мүмкін болғанның бәрін істеп отыр. Егер тиісті уақытында революция болса, егер ол селолық қауымның еркін дамуын қамтамасыз ету үшін өзінің барлық күшін жұмсаса, онда селолық қауым көп ұзамай орыс қоғамының қайта өркендеу элементі болады және капиталистік құрылыстың бұғауында отырған елдерден артықшылығын көрсететін элемент болады.

*К. Маркс 1881 ж. февральдың аяғында—мартттың басында жазған*

*Бірінші рет «К. Маркс пен Ф. Энгельстің архивінде» жарияланған; 1 кітап, 1924 ж.*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр; 2-басылымы, 19-том, 400—410-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# МАРКСТІҢ ҚАБІРІНІҢ БАСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

14 март күні, түстен кейінгі сағат үшке он бес минут қалғанда, қазіргі заман ойшылдарының ішіндегі асқан ұлы ойшылы ойлауын тоқтатты. Оны не бары екі минут қана жалғыз өзін қалдырып едік; бөлмеге кіргенімізде біз оның креслода отырып тыптыныш ұйықтап кеткенін көрдік — бірақ енді мәңгілік ұйқыға кетіпті.

Бұл адамның қайтыс болуы Европа мен Американың күресуші пролетариаты үшін, тарих ғылымы үшін — өлшеусіз зор қаза. Бұл алып адам қайтыс болғаннан кейінгі ойсырау осы жуық араның өзінде-ақ қатты сезілетін болады.

Дарвиннің органикалық дүниенің даму заңын ашқаны сияқты, Маркс адамзат тарихының даму заңын, осы соңғы кезге дейін идеологиялық үйінділермен бүркеліп келген мына бір қарапайым фактіні ашты: саясатпен, ғылыммен, өнермен, дінмен, тағысын-тағылармен шұғылдана алатындай болу үшін адамдардың ең алдымен ішіп-жеуі, киінуі керек, тұрғын үйлері болуы керек; демек, тікелей материалдық тіршілік заттарын өндіру және осы арқылы халықтың немесе заманның экономикалық дамуының әрбір белгілі сатысы мемлекеттік мекемелер, праволық көзқарастар, өнер және тіпті сол адамдардың діни ұғымдары да өсіп шығатын негіз құрады, сондықтан да бұлар осы негіз арқылы түсіндірілуге тиіс,— бұған дейін болып келгеніндей, керісінше түсіндірілмеуі керек.

Бірақ мұнымен бәрі айтылған жоқ. Маркс мұнымен қатар қазіргі капиталистік өндіріс әдісі мен сол әдіс туғызған буржуазиялық қоғамның қозғалысының ерекше заңын да ашты. Қосымша құнның ашылуымен бұл сала бірден айқын болды, ал буржуазиялық экономистердің де, социалистік сыншылардың да бұдан бұрынғы зерттеулерінің бәрі қараңғыда қарману болып келген еді.

Осындай екі жаңалық ашудың өзі бір адамның өмірі үшін жеткілікті болған болар еді. Тіпті осындай бір жаңалық аша алған адамның өзі де бақытты адам болған болар еді. Бірақ

Маркс өзі зерттеген әрбір салада,— тіпті математика саласында да,— өз алдына жаңалықтар ашып отырды, ал мұндай салалар өте көп болды және ол бұл салалардың бірде-біреуімен де үстірт шұғылданған емес-ті.

Бұл ғылым кемеңгері осындай адам болған еді. Бірақ мұның өзі тіпті де оның ең басты қасиеті емес еді. Ғылым Маркс үшін тарихи қозғаушы, революцияшыл күш болды. Теориялық ғылымның қайсысында болсын ашылған әрбір жаңалық, практика жүзінде қашан қолданылатынын кейде тіпті болжауға да келмейтін жаңалық Маркске қандай нақтылы қуаныш болып көрінсе де,— өнеркәсіпке, жалпы алғанда тарихи дамуға дереу революциялық әсер ететін жаңалыққа келгенде оның қуанышы мүлде басқаша болатын-ды. Мысалы, ол электр саласында ашылған жаңалықтардың дамуын бүкіл егжей-тегжейіне дейін қадағалап отырған еді және осы соңғы кезде де Марсель Депренің ашқан жаңалықтарын қадағалап отырды.

Өйткені Маркс ең алдымен революционер еді. Капиталистік қоғамды және ол туғызған мемлекеттік мекемелерді құлату ісіне белгілі бір түрде қатысып отыру, *өзі* қазіргі пролетариатты — ал бұл пролетариатқа тұңғыш рет оның жағдайы мен қажеттерін ұғындырған, оны азат етудің шарттарын ұғындырған *өзі* болатын — азат ету ісіне қатысып отыру,— міне Маркстің өмірінде көздегенінің өзі шынында осы еді. Күрес — оның сүйген ісі еді. Сөйтіп ол соншалық құлшынып, соншалық табан тіресіп, соншалық табысты түрде күресті, бірен-саран адамдар ғана осылай күресе алар еді. 1842 жылғы бірінші «Rheinische Zeitung»[46], 1844 жылғы париждік «Vorwärts!»[113], 1847 жылғы «Deutsche-Brüsseler-Zeitung»[51], 1848—1849 жылдардағы «Neue Rheinische Zeitung»*, 1852—1861 жылдардағы «New-York Daily Tribune»[58] және бұлардың үстіне көптеген айбынды кітапшалар, Париждегі, Брюссельдегі және Лондондағы ұйымдарда жұмыс істеу, ақырында келіп, осылардың бәрінің шыңы болған Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі сияқты ұлы серіктік пайда болғанға дейін жұмыс істей беру,— шындығына келгенде мұның өзі соны жасаған адамның өзі мақтаныш ететін іс еді, тіпті ол адам бұдан артық еш нәрсе жасамағанның өзінде де мақтаныш ететін іс еді.

Міне сондықтан да Маркс бәрінен де көп жек көрінішті болған, бәрінен де көп жала жабылған адам болды. Үкіметтер — самодержавиелігі де, республикалығы да — оны жер аударып отырды, буржуа — консерваторлары да, әсіре демократияшылдары да — оған пәле-жала мен қарғысты үсті-үстіне жаудырды. Ол мұны елең де қылмай, аса қажет болғанда ғана жауап беріп, мұның бәрін өз жолынан өрмекшінің торындай сыпырып тастап

---

* Қараңыз: осы том, 179—188-беттер. *Ред.*

отырды. Міне енді ол қайтыс болды; оны бүкіл Европа мен Америкада, Сибирь рудниктерінен Калифорнияға дейін миллиондаған революцияшыл серіктері құрметтеп, сүйіп, жоқтап жылауда; ал мен былай деп батыл айта аламын: оның қарсыластары көп болуы мүмкін, бірақ өз қара басының бірде-бір жауы бола қойды ма екен.

Ал оның есімі мен ісі ғасырлар бойы жасайды!

*1883 ж. 17 мартта Хайгет зиратында Ф. Энгельс ағылшын тілінде сөйлеген сөз*

*1883 ж. 22 мартта «Der Sozialdemokrat» газетінің 13-номерінде неміс тілінде басылған*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр; 2-басылуы, 19-том, 350—352-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# К. МАРКС ЖӘНЕ «NEUE RHEINISCHE ZEITUNG» (1848—1849)[114]

Февраль революциясы бұрқ ете түскен кезде неміс «коммунистік партиясы», біз оны осылай атайтынбыз, азғантай ғана ұйытқыдан, құпия насихаттық қоғам етіп ұйымдастырылған Коммунистер одағынан құралған еді. Одақтың құпия болған бір ғана себебі — ол кезде Германияда одақтар мен жиналыстар бостандығы жоқ болатын. Шет елдердегі жұмысшы қоғамдарынан басқа,— ал Одақ өз мүшелерін осы қоғамдардың арасынан жинастыратын,— Германияның өзінде Одақтың отыз шамалы қауымдары немесе секциялары болды, оның үстіне көп жерлерде жеке мүшелері болатын. Бірақ осы шамалы ғана жауынгер отрядтың *Маркс* сынды тамаша көсемі болды, бұл көсемге олардың бәрі ықыласымен бағынып отырды және Маркстің арқасында оның осы күнге дейін де өз маңызын түгел сақтап келген принциптік, тактикалық программасы — «*Коммунистік манифест*» болды.

Бұл арада біздің назар аударып отырғанымыз ең алдымен программаның тактикалық бөлімі. Оның жалпы қағидалары мыналар болды:

«Коммунистер басқа жұмысшы партияларына қарама-қарсы тұрған ерекше партия емес.

Олардың тұтас алғанда бүкіл пролетариаттың мүдделерінен бөлек ешбір мүдделері жоқ.

Олар ешбір ерекше принциптер қойып, пролетарлық қозғалысты сол принциптерге бейімдегісі келмейді.

Коммунистердің басқа пролетарлық партиядан жалғыз-ақ айырмасы — бір жағынан, түрлі ұлттар пролетарларының күресінде олар бүкіл пролетариаттың *ұлтқа байланыссыз ортақ мүдделерін* баса көрсетіп, соларды қорғайды; екінші жағынан, пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі өтетін дамудың түрлі сатыларында олар әрдайым *бүкіл қозғалыстың мүдделерін* көздейді.

Олай болса, коммунистер *практика жүзінде* барлық елдердің жұмысшы партияларының әрдайым ілгері басуға құлшындырып

отыратын ең батыл бөлігі болып табылады, ал *теория жөнінен* олардың пролетариаттың басқа бұқарасынан артықшылығы — олар пролетарлық қозғалыстың жағдайларын, барысын, жалпы нәтижелерін түсіне біледі»*.

Ал неміс партиясы жөнінде, атап айтқанда, былай делінген:

«Германияда, буржуазия революциялық қимыл көрсетіп отырғандықтан, коммунистік партия буржуазиямен бірлесіп, абсолюттік монархияға, феодалдық жер меншігіне және реакцияшыл мещандыққа қарсы күреседі.

Бірақ коммунистік партия буржуазия мен пролетариат арасындағы дұшпандық қарама-қарсылықты жұмысшыларға мүмкіндігінше жете ұғындырудан бір минут та тоқталмайды; бұлай ету неміс жұмысшылары буржуазия үстемдігінен тууға тиісті қоғамдық, саяси жағдайларды дереу буржуазияның өзіне қарсы қару ретінде пайдалана алатын болуы үшін керек, Германиядағы реакцияшыл таптар құлатылған соң дереу буржуазияның өзіне қарсы күрес басталуы үшін керек.

Германияға коммунистер баса көңіл бөлуде, себебі — Германия буржуазиялық революцияның қарсаңында тұр» және т. б. («Манифест», IV тарау)**.

Ешқашан ешбір тактикалық программа осы программадай дәрежеде ақталған емес. Революцияның қарсаңында ұсынылған бұл программа осы революцияның сынынан өтті; ал содан бері кандай да болсын бір жұмысшы партиясы одан әрбір шегінген сайын, ол осы әрбір шегінісі үшін сазайын тартып отырды. Ал бұл күнде де, қырық жыл дерлік өткенен кейін де, бұл программа — Мадридтен бастап Петербургке дейін — Европаның барлық жігерлі және саналы жұмысшы партиялары үшін жетекші арқау болып отыр.

Париждегі февраль оқиғалары төніп келе жатқан неміс революциясын тездетті және осы арқылы оның сипатын өзгертті. Өз күштерімен жеңудің орнына неміс буржуазиясы француз жұмысшы революциясының тіркемесінде жүріп жеңді. Өзінің ескі қарсыластарын — абсолюттік монархияны, феодалдық жер иелігін, бюрократияны, қорқақ мещандарды — біржолата жеңіп үлгірмей жатып, неміс буржуазиясы майдан бетін енді жаңа жауға — пролетариатқа қарсы бұруға тиіс болды. Бірақ осы арада келіп Франциямен және Англиямен салыстырғанда Германиядағы өте мешеу экономикалық қатынастардың және осының салдарынан болған нақ сондай мешеу таптық қарым-қатынастардың ықпалы ізінше білінді.

Өзінің ірі өнеркәсібін енді ғана құра бастаған неміс буржуазиясының мемлекет ішінде толық үстемдікті жеңіп алу үшін қа-

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 118—119-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 137-бет. *Ред.*

жетті күші де, ерлігі де, оны жеңіп алуды зәру керексінуі де болмады; жетілу жағы дәл сол сияқты кем, рухани жағынан толық кіріптарлықта өскен, ұйымдаспаған және тіпті дербес ұйымдасуға әлі қабілеті болмай отырған пролетариат өз мүдделерінің буржуазия мүдделеріне барынша қарама-қарсылығын көмескі түрде ғана сезіп отырды. Сондықтан, пролетариат шын мәнінде буржуазияның қаһарлы дұшпаны бола тұрса да, ол оның саяси шылауы болып қала берді. Неміс пролетариатының не болып отырғанынан емес, оның не болып шығу қаупінен және француз пролетариатының қазірдің өзінде не болып отырғанынан үрейленген буржуазия аман қалудың тек бір ғана амалы — монархиямен және дворяндармен қандай да болса, тіпті ең қорғалақтап болса да мәмлелесу деп білді; ал пролетариат болса, өзінің тарихи ролін әлі де болса түсінбей, өзінің басым көпшілігін алғанда бастапқы кезде буржуазияның ең алдыңғы қатарлы, әсіре солшыл қанаты ролін орындауға мәжбүр болды. Неміс жұмысшылары ең алдымен өздерінің таптық партия болып дербес ұйымдасулары үшін қажетті болған праволарды: баспасөз бостандығын, одақтар мен жиналыстар бостандығын жеңіп алуға тиісті болды,— бұл праволарды өз үстемдігінің мүдделері үшін буржуазияның өзі женіп алуға міндетті болған еді, бірақ жұмысшылардан қорқып буржуазия енді олар жөнінде жұмысшылармен таласа бастады. Одақтың екі-үш жүз бытыраңқы мүшелері кенет қозғалысқа келген орасан көп бұқараның арасында көрінбей кеткен-ді. Сондықтан неміс пролетариаты алғашқыда саяси сахнаға ең әсіре демократиялық партия ретінде шықты.

Германияда үлкен газет шығаруға кіріскен кезімізде біздің туымызды белгілеген осы еді. Мұндай ту демократияның туы ғана бола алды, бірақ демократия болғанда, барлық жерде бірдей, әрбір жеке жағдайда өзінің айрықша пролетарлық сипатын ұсынған, ол туралы ол өзінің туына әлі біржолата жаза алмаған демократияның туы бола алды. Егер біз осыған бармаған болсақ, егер біз қозғалыстың сол кездегі бар, ең алдыңғы қатарлы, іс жүзінде пролетарлық қанаты жағынан келіп оған қосылғымыз келмеген болса және оны ілгері қарай итермелегіміз келмеген болса, онда бізге бір түкпірде шығатын шағын листок арқылы коммунизмді уағыздаудан басқа және үлкен қимыл партиясының орнына кішкене секта құрудан басқа ештеңе де қалмаған болар еді. Бірақ елсіз жердегі уағызшылар роліне біз енді жарамсыз едік: өйткені біздің утопистерді соншама жақсылап зерттегеніміз бұл үшін емес болатын, өзіміздің программамызды жасағанымыз бұл үшін емес болатын.

Біз Кёльнге келген кезімізде үлкен газет шығаруға онда демократтар тарапынан, ішінара коммунистер тарапынан да әзірлік жүргізіліп жатыр екен. Оны жергілікті тар өрісті газет етіп,

кёльндік газет етіп, бізді Берлинге айдап жібергілері келгендер болды. Бірақ біз ең алдымен Маркстің арқасында 24 сағат ішінде позицияны жеңіп алдық; газет біздің газет болды; оның есесіне біз редакцияның құрамына *Генрих Бюргерсті* енгізуге ризалық бердік. Бюргерс *бір* мақала (2-номерде) жазды, онан кейін ешқандай басқа мақаласы болған жоқ.

Бізге Берлин емес, нақ осы Кёльн керек болған еді. Біріншіден, Кёльн француз революциясын басынан кешірген, Наполеон кодексі[82] арқылы *осы заманғы* право санасын түсінген, өзінде неғұрлым ірі өнеркәсіпті өркендеткен және тегі қай жағынан қарағанда да ол кезде Германияның ең алдыңғы қатарлы бөлегі болған Рейн провинциясының орталығы еді. Жаңа туып келе жатқан буржуазиясы бар, сөзге келгенде бет бақтырмайтын, бірақ қорқақ және құрша жорғалайтын мещандары бар, әлі мүлдем жетілмеген жұмысшылары бар, сансыз көп бюрократтары, сарай төңіректеген және дворяндық малайлары бар, «резиденция» ғана болып табылатын әр алуан ерекшелігі бар қала болған сол кездегі Берлинді біз өз байқауларымыз бойынша өте жақсы білуші едік. Бірақ шешуші маңызы болған факт мынау еді: Берлинде бейшаралық күйдегі пруссиялық право үстем болып отырды және саяси процестерді профессионал судьялар қарады; ал Рейнде болса баспасөз істері жөніндегі процестерді білмейтін, өйткені цензураның барлығына сүйенетін Наполеон кодексі қолданылды және саяси правоны бұзғаны үшін емес, тек *қылмыс* жасағаны үшін ғана присяжныйлар сотына тартылатын еді. Берлинде революциядан *кейін* жас Шлёффель болмашы нәрсе үшін бір жылға сотталды, ал Рейнде болса бізде баспасөздің сөзсіз бостандығы болды және оны ақырғы мүмкіндігіне дейін пайдаланып отырдық.

Біз 1848 ж. 1 июньде өте шағын акционерлік капиталмен газетті шығаруға кірістік, ол капиталдың болмашы бөлегі ғана жиналды; акционерлердің өздері де онша сенімді емес еді. Бірінші номерден кейін-ақ олардың жартысы бізді тастап кетті, ал айдың аяғына қарай біреуі де қалмады.

Редакцияның құрылымы тура Маркстің диктатурасына ғана сайып отырды. Белгілі бір сағатта шығып тұруға тиісті үлкен күнделікті газет ешқандай басқа ұйымдастыру жағдайында өз бағытын дәйекті жүзеге асыра алмайды. Оның үстіне бұл арада бізге Маркстің диктатурасы өз-өзінен түсінікті, талассыз бір нәрсе болып отырды, сондықтан біздің бәріміз де оны ықыласпен қабылдадық. Ең алдымен Маркстің көрегендігі мен берік бағытының арқасында бұл газет революция жылдарындағы ең белгілі неміс газеті болды.

«Neue Rheinische Zeitung»-тің саяси программасы басты-басты екі пункттен құралды:

біртұтас, бөлінбейтін, демократиялық неміс республикасы

және Россияға қарсы Польшаны қалпына келтіруді де көздейтін соғыс.

Ұсақ буржуазиялық демократия ол кезде екі фракцияға бөлінді: демократиялық пруссиялық император болуын тілеген солтүстік-герман фракциясына және Германияны Швейцарияның үлгісі бойынша федерациялық республикаға айналдыруды тілеген, ол кезде өзгеше бадендік дерлік болған оңтүстік-герман фракциясына бөлінді. Біздің екі фракцияға да қарсы күресуіміз керек болды. Германияны пруссактандыру да, оның көптеген ұсақ мемлекеттерге ыдырауын мәңгілік ету де пролетариаттың мүдделеріне бірдей қайшы келді. Германияның бір *ұлт* болып біржолата бірігуін пролетариаттың мүдделері қатты талап етті, өйткені пролетариат пен буржуазияның алда күш сынасқалы отырған шайқас майданын тек осы жағдай ғана өткеннен мұра болып қалған кедергілердің бәрінен тазарта алатын еді. Бірақ пролетариаттың мүдделеріне сонымен қатар Пруссия үстемдігінің орнауы да мүлде қайшы келді: пруссиялық мемлекет өзінің барлық тәртіптерімен, өзінің дәстүрлерімен және өзінің династиясымен қоса алғанда Германиядағы революция талқандауға тиіс болған нақ бірден-бір елеулі ішкі жау болды, оның үстіне Пруссия Германияны бөліп-жарып қана, онан неміс Австриясын шығарып тастап қана біріктіре алатын еді. Пруссия мемлекетінің жойылуы, Австрия мемлекетінің ыдырауы, Германияның республика болып шын мәнінде бірігуі — міне біздің таяу кезеңге арналған революциялық программамыз тек осындай ғана бола алды. Мұны Россияға қарсы соғыс арқылы, тек осы жолмен ғана жүзеге асыруға болатын еді. Бұл соңғы пунктке мен тағы қайтып ораламын.

Жалпы алғанда газеттің сарыны тіптен де салтанатты, салмақты немесе қуанышты сарын болмады. Біздің өңкей ғана жиренішті жауларымыз болды, сондықтан біз олардың бәріне де түгелімен өте жирене қарадық. Конспирацияланушы монархия, камарилья, дворяндар, «Kreuz-Zeitung»[53],— қысқасы, филистердің әдет-құлқын соншалық ашындыратын бүкіл біріккен «реакция»,— біздің тарапымыздан тек келеке мен мазақ етушілікке ғана кездесіп отырды. Бірақ біз революция арқылы жасалған жаңа дәріптеліп жүргендерге де: март министрлеріне[115], Франкфурт және Берлин жиналыстарына[116] және олардың оңшылдары мен олардың солшылдарына да жақсы қарағанымыз жоқ. Газеттің бірінші номері-ақ Франкфурт парламентінің болымсыздығын, оның ұзақ сөздерінің пайдасыздығын, оның қорқақ қарарларының түкке тұрғысыздығын мазақ еткен мақаламен басталды*. Осы мақала үшін біз акционерлеріміздің тең жартысынан

---

* Қараңыз: *Ф. Энгельс.* «Франкфурт жиналысы» (*К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 10—14-беттер). *Ред.*

айрылдық. Франкфурт парламенті тіпті айтыс клубы да болған жоқ; онда айтыс болмады деуге болады, көбінесе күн ілгері әзірленген академиялық трактаттар айтылып, қарарлар қабылданды; бұл қарарлар неміс филистерін рухтандырып отыруға тиіс болды, бірақ бұл қарарларға жалпы ешкім көңіл қоймады.

Берлин жиналысы енді маңыздырақ болды: ол нақты күшке қарсы тұрды, ол таласты жүргізгенде, қарарларды қабылдағанда бос орында, Франкфурт жиналысының нақтылы өмірден аулақ жерінде жасаған жоқ. Сондықтан оған көбірек назар аударылды да. Бірақ солшыл фракцияның ондағы дәріптеліп жүргендеріне де — Шульце-Деличке, Берендске, Эльснерге, Штейнге, т. т.— біз франкфурттықтарға қарағанымыздан кем қатаң қарағанымыз жоқ; өздерінің мәмлелесулерімен революцияға олардың қадам аттаған сайын опасыздық жасай түсіп отырғанын өздеріне көрсете отырып, біз олардың табансыздығын, жасқаншақтығын және ұсақ есепшілдігін аяусыз әшкерлеп отырдық. Бұл, әлбетте, өздері қолдану үшін бұл дәріптеліп жүргендерді жаңадан ғана дайындап алған демократиялық ұсақ буржуаны барынша түршіктірді. Бірақ бұл түршігу бізге өзіміздің көздеген жерден тигізіп отырғанымызды көрсетті.

Революция март күндерімен аяқталды-мыс, енді тек оның жемістерін жинауымыз қалып отыр деп ұсақ буржуазияның өршелене таратқан жалған үміттеріне де біз дәл осылай қарсы шықтық. Февраль мен март тек мына жағдайда ғана: егер олар революцияның аяқталуы болмай, қайта, ұлы француз төңкерісінің кезіндегідей, халық өзінің күресінің барысында дами түсетін, партиялар бірден-бірге айқынырақ іргелерін ажыратып, бара-бара ірі таптармен: буржуазиямен, ұсақ буржуазиямен, пролетариатпен толық тұспа-тұс келетін,— ал пролетариат бірсыпыра шайқастарда бір позициядан кейін бір позицияны жеңіп ала беретін ұзақ революциялық қозғалыстың басталуы болған күнде ғана біз үшін нағыз революцияның маңызын ала алатын еді. Сондықтан біз өзінің пролетариатқа таптық қарама-қарсылығын: біздің бәріміздің де тілейтініміз бір нәрсе ғой, алауыздықтың бәрі — тек түсініспеушіліктің нәтижесі ғой дейтін дағдылы сөзімен бүркегісі келген жердің бәрінде демократиялық ұсақ буржуазияға да қарсы шығып отырдық. Бірақ біз ұсақ буржуазияның біздің пролетарлық демократия жайында жалған түсінік жасап алуына мүмкіндікті неғұрлым кем бергеніміз сайын, ол біз жөнінде соғұрлым жуас және мәмлешіл бола бастады. Оған қарсы неғұрлым қатаңырақ және батылырақ бой көрсетілсе, ол соғұрлым көнгіш бола бастайды, ол жұмысшы партиясының ырқына соғұрлым көбірек көнеді. Біздің бұған көзіміз жетті.

Ақырында, біз әр түрлі ұлттық жиналыстар деп аталатындардың парламенттік кретинизмін (Маркстің сөзімен айтқанда) әшкерелеп отырдық*. Бұл мырзалар барлық билік құралдарынан айрылып қалды, оларды — ішінара ықтиярлы түрде — үкіметтерге қайтарып берді. Қайтадан нығайып алған реакциялық үкіметтермен қатар Берлинде және Франкфуртта өздерінің дәрменсіз қарарлары дүниені аударып түсіреді деп ойлаған дәрменсіз жиналыстар өмір сүрді. Әсіре солшылдарға дейін барлығы да осындай нақұрыстық өзін өзі алдаудың құрбаны болды. Ал біз оларға: сіздердің парламенттік жеңістеріңіз сонымен қатар сіздердің іс жүзінде жеңілуіңіз болады дегенді қайталай айттық.

Берлинде де, Франкфуртта да нақ солай болып шықты да. «Солшылдар» көпшілік болып алған кезде үкімет бүкіл жиналысты таратып жіберді; оның мұны істеуге батылдығы барды, өйткені жиналыс халықтың сенімінен айрылып қалған еді.

Мен кейінірек *Бужардың Марат* туралы кітабын оқып шыққан кезімде, мен біздердің шын (роялистер бұрмалап көрсеткен емес) «Ami du Peuple»-дің[117] ұлы үлгісіне көптеген реттерде ұғынбай ғана еліктегенімізді көрдім және өршеленген байбалам-дардың бәрінің, тарихты бұрмалаулардың бәрінің, осының салдарынан жүз жыл бойы дерлік Мараттың мүлдем бұрмаланған бейнесінің ғана мәлім болуының себебі тек мынадай ғана екенін көрдім: Марат сол кездегі дәріптеліп жүргендердің — Лафайеттің, Байидің және басқалардың бет пердесін аяусыз жұлып тастап отырған, солар арқылы революцияның барып тұрған опасыздарын әшкерелеген, біз сияқты Марат та революцияны аяқталды деп есептемеген, оның үздіксіз революция деп мойындалуын тілеген.

Біз өкілі болып отырған бағыт өзіміздің партиямыздың шын мақсаттарына жету жолындағы күресін өкімет басына Германиядағы ресми партиялардың ең әсіре партиясы келген кезде ғана бастай алады: сол кезде біз ол жөнінде оппозицияға көшеміз дегенді ашық айттық.

Бірақ неміс дұшпандарды келеке етумен қатар жалынды жігердің де дауысы шығуына оқиғалар жағдай туғызды. Париж жұмысшыларының 1848 ж. июньдегі көтерілісі[52] кезінде біз өз орнымызда қырағы тұрғанбыз. Алғашқы оқ атылысымен-ақ біз көтерілісшілер жағына батыл шықтық. Олардың жеңілгенінен кейін Маркс өзінің ең күшті мақалаларының бірімен** жеңілгендерді құрмет тұтты.

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 482-бет. *Ред.*

** *К. Маркс.* «Июнь революциясы» (Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 138—142-беттер). *Ред.*

Осы арада бізді қалған акционерлер тастап кетті. Бірақ барлық елдердің буржуазиясы мен мещандары жеңілгендерге өздерінің лас жаласын жауып жатқан кезеңде, біз талқандалған пролетариаттың туын Германияда және бүкіл Европада дерлік жоғары ұстаған бірден-бір газет біздің газетіміз болғанын қуаныш еттік.

Біздің шетелдік саясатымыз айқын: әрбір революцияшыл халықты қорғап бой көрсету, европалық реакцияның қуатты тірегі — Россияға қарсы революцияшыл Европаның жаппай соғысына шақыру болды. 24 февральдан[118] бастап бізге революцияның *бір* ғана шын қорқынышты жауы — Россия екені және қозғалыс жалпы европалық көлем алған сайын бұл жаудың күреске кірісуінің қажеттігі бірден-бірге керекті бола бастағаны айқын болды. Вена, Милан, Берлин оқиғалары Россияның шабуылын кідіртуге тиіс болды, бірақ революция Россияға неғұрлым жақындаған сайын, бұл шабуылдың сөзсіздігі соғұрлым күмәнсыз бола бастады. Бірақ егер Германияны Россияға қарсы соғысқа итермелеудің сәті келсе, онда Габсбургтер мен Гогенцоллерндердің күні біткен болар еді де, революция барлық шепте жеңген болар еді.

Бұл саяси бағыт орыстардың Венгрияға шын басып кірген кезіне дейін,— біздің болжауларымызды толығынан растаған және революцияның жеңілуінде шешуші роль атқарған осы басып кіруге дейін,— газеттің барлық номерлерінің арқауы болды.

1849 ж. көктемде шешуші ұрыс төне түскен кезде газеттің сарыны номер сайын бірден-бірге батыл және уытты бола түсті. *Вильгельм Вольф* «Силезия миллиардында» (сегіз мақала)[119] Силезия шаруаларына, оларды феодалдық міндеткерліктерден босатқан кезде, помещиктердің үкімет көмегімен оларды ақша жөнінен де, жер жөнінен де алдағанын ескертті және соның есесіне миллиард талер өтелуін талап етті.

Осымен қатар апрельде бірсыпыра бас мақалалар түрінде *Маркстің* жалдама еңбек пен капитал туралы еңбегі* жарыққа шықты; бұл еңбек біздің саясатымыздың әлеуметтік мақсатын айқын көрсетті. Әрбір номер, әрбір шұғыл шығарылған газет әзірленіп жатқан ұлы шайқасты, Францияда, Италияда, Германияда және Венгрияда қайшылықтардың шиеленісіп келе жатқанын көрсетіп отырды. Әсіресе апрель мен майда шұғыл шығарылған газеттер халықты жауынгерлік әзірлікте болуға шақырып отырды.

Сегіз мың адамдық гарнизоны, гауптвахтасы бар бірінші дәрежелі пруссиялық қамалда біздің батыл бой көрсеткенімізге

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 152—177-беттер. *Ред.*

бүкіл Германияда жұрт таң қалып отырды; бірақ редакция бөлмесіндегі 8 жаяу әскер мылтығы мен 250 патрон және әріп терушілердің қызыл түсті якобиндік қалпақтары офицерлердің көзіне біздің үйімізді де жай шабуылмен алуға болмайтын қамал етіп көрсетті.

Ақырында, 1849 ж. 18 майда соққы тиді.

Дрезден мен Эльберфельдтегі көтерілістер күшпен жаныштарды, Изерлондағы көтерілісшілер қоршауда қалды; Рейн провинциясы мен Вестфалия әскерлерге толып кетті, бұлар пруссиялық Рейн облысын біржола тұншықтырғаннан кейін Пфальц пен Баденге аттануға тиіс болды. Сонда, ақырында келіп үкімет бізге де ауыз салуға батылдық жасады. Редакторлардың біреулері сот жөнінен қудаланды; басқалары, пруссак болмағандығынан, жер аударылуға тиіс болды. Бұған қарсы ештеңе де істеуге болмайтын-ды, өйткені үкімет тұтас бір армиялық корпусқа арқа сүйеді. Біз өзіміздің қамалымызды беруге мәжбүр болдық, бірақ біз өзіміздің қару-жарағымызды ала, музыкамен, соңғы қызыл номеріміздің желбіреген туымен шегіндік; бұл номерде біз Кёльн жұмысшыларын нәтижесіз көтерілістерден сақтандырып, оларға былай дедік:

«Neue Rheinische Zeitung» редакторлары сіздермен қоштаса отырып, өздеріне көрсеткен ниеттестіктеріңіз үшін сіздерге алғыс айтады. Олардың соңғы сөзі әрқашан және қайда болсын: *жұмысшы табын азат ету!* болады»*.

Өзінің шыға бастағанына бір жыл толуға жақындаған кезде «Neue Rheinische Zeitung» осылайша өмір сүруін аяқтады. Ешқандай дерлік ақшалай қаражатсыз басталған,— оған уәде етілген азғана сома, менің жоғарыда айтқанымдай, төленбей қалған,—осы газет сентябрьдің ішінде-ақ 5000-дай тиражға жетті. Кёльнде қоршау жағдайы енгізілген кезде газеттің шығуы тоқтатылды, сонан октябрьдің ортасында ол бәрін де басынан қайта бастауға тиіс болды. Бірақ 1849 ж. майда, оған тыйым салынған кезде, оның қайтадан 6000 жаздырып алдырушысы болды, ал оның бер жағында «Kölnische Zeitung»-тің[47] алдырушылары, оның өзінің мойындауынша, 9000-нан аспаған еді. Ешбір неміс газеті — бұрын да, соң да — «Neue Rheinische Zeitung» сияқты күшті және ықпалды болған емес, пролетарлық бұқараны ондай құлшындыра алған емес.

Оның мұндай болуы ең алдымен *Марксті*ң арқасы еді.

Соққы тигеннен кейін редакция ыдырап кетті. *Маркс* Парижге кетті, онда 1849 ж. 13 июньде болған тынымда[55] әзірленіп жатқан еді; *Вильгельм Вольф* енді Франкфурт парламентіндегі өз

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 564-бет («Кёльн жұмысшыларына»). *Ред.*

орнына келді,— бұл кезең осы жиналыстың жоғарыдан куып жіберілу мен революцияға қосылудың бірін таңдауға тиіс болып отырған кезеңі еді,— ал мен Пфальцке кетіп, Виллихтың ерікті отрядына адъютант болдым[120].

*1884 ж. февральдың ортасында — марттың басында жазылған*

*«Der Sozialdemokrat» газетінің 11-номерінде, 1884 ж. 13 мартта басылған*

*Кол қойған: Фр. Энгельс*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр; 2-басылуы, 21-том, 14—22-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# КОММУНИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ[121]

1852 жылы Кёльн коммунистерінің сотталуымен[57] дербес неміс жұмысшы қозғалысының бірінші дәуірі аяқталды. Бұл дәуір қазіргі кезде ұмытылды деуге болады. Ал бұл кезең 1836 жылдан 1852 жылға дейін созылған болатын және неміс жұмысшыларының шетелдерге тарауымен бірге бұл қозғалыс барлық мәдениетті елдерде дерлік өріс алды. Ол ол ма. Осы заманғы халықаралық жұмысшы қозғалысы шынына келгенде сол кездегі неміс жұмысшы қозғалысының тікелей жалғасы болып табылады; ол, жалпы алғанда, *бірінші халықаралық жұмысшы қозғалысы* болған еді және одан кейін Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінде басшылық роль атқарған көптеген адамдар шыққан болатын. Ал «Коммунистік манифестің»* теориялық принциптері, Коммунистер одағы 1847 ж. өз туына жазған сол принциптер, қазіргі кезде Европа мен Американың бүкіл пролетарлық қозғалысы үшін ең берік интернационалдық байланыс болып қызмет етеді.

Осы кезге дейін бұл қозғалыстың сабақтас тарихын көрсететін бір ғана негізгі дерек бар. Бұл — қара кітап деп аталатын кітап: Вермут пен Штибер. «Он тоғызыншы ғасырдың коммунистік заговорлары», Берлин, 2 бөлім, 1853 және 1854. Біздің ғасырымыздың ең оңбаған екі полицей жексұрыны жазған бұл жалған, қасақана жала жабуға толы шатпағы сол кезеңге арналған барлық коммунистік емес басылымдарға қазіргі күнде де негізгі дерек болып келеді.

Менің бұл жерде бере алатыным жалпы нобайы ғана болады, соның өзінде де Одақтың өзі жайында болатын әңгіме шеңберінен аспайды және «Әшкерелеулерді» түсіну үшін мейлінше қажетті нәрсе ғана болады. Халықаралық жұмысшы қозғалысының жастық шағының осы даңқты кезеңінің тарихы жөнінде Маркс екеуіміз жинаған бай материалымызды өңдеп жазуға маған бір кезде мүмкіндік туар деп сенемін.

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 106—137-беттер. *Ред.*

* * *

Герман эмигранттарының 1834 ж. Парижде ұйымдастырылған «аласталғандардың» демократиялық-республикалық құпия Одағынан 1836 жылы ең әсіре, көбінесе пролетарлық элементтер бөлініп шығып, *Әділеттілер одағы* деген жаңа құпия одақ құрды. Якоб Венедей á la ең енжар элементтері ғана қалған алғашқы Одақ ұзамай мүлде өшті: 1840 ж. полиция оның Германиядағы бірнеше секциясын тауып алған кезде, оның тек көлеңкесі ғана қалған еді. Оның керісінше, жаңа Одақ біршама тез өсті. Алғашында ол бабувистік дәстүрлерге[122] қосылған француз жұмысшы коммунизмінің немістік ұрпағы болды, бұл коммунизм ол кезде Парижде қалыптасқан еді; мүлік ортақтығын талап ету «теңдіктің» қажетті нәтижесі есебінде ұсынылды. Бұлардың мақсаттары да сол кездегі Париж құпия қоғамдарының мақсаты болды. Мұның өзі жартылай насихаттық, жартылай заговоршылдық қоғам болды, оның бер жағында, реті келген жағдайда Германияда да көтерілістер әзірлеу әсте де теріске шығарылмағанымен, Париж әрқашан революциялық қимылдың орталығы болып саналды. Бірақ Париж шешуші шайқастардың аренасы болып жатқандықтан, Одақ іс жүзінде ол кезде француз құпия қоғамдарының, атап айтқанда Бланки мен Барбес басқарған Société des saisons* деген қоғамның немістік тармағы ғана болды, сонымен тығыз байланыс жасап тұрды. Француздар 1839 ж. 12 майда көтеріліс жасады; Одақ секциялары соларға қосылды, сөйтіп солармен бірге жаппай жеңіліске ұшырады[123].

Немістерден атап айтқанда *Карл Шаппер* мен *Генрих Бауэр* қамауға алынды. Луи-Филипптің үкіметі оларды ұзақ уақыт қамауда ұстағаннан кейін айдап жіберумен тынды. Олардың екеуі де Лондонға кетті. Шаппер Нассаудағы Вейльбургте туған адам еді; Гисендегі орман шаруашылығы институтының студенті болып жүріп, ол 1832 ж. Георг Бюхнер ұйымдастырған заговоршыл қоғамға кірген, 1833 ж. 3 апрельде Франкфурт полициясының үйіне шабуыл жасауға қатынасқан[124], содан шетелге қашып кетіп, 1834 ж. февраль айында Мадзинидің Савойяға жасаған жорығына[125] қатынасқан болатын. Батыр тұлғалы, батыл да жігерлі, тұрмыс рахатын да, өмірдің өзін де құрбан етуге әрқашан дайын болған ол 30-шы жылдарда белгілі роль атқарған профессионал-революционердің үлгісі еді. Оның «демагогтан»[126] коммуниске дейін жетіп кемелденуі ойлау парасаты белгілі дәрежеде шабандық еткенмен, оған теориялық мәселелерді терең түсіну әсте қол жеткісіз іс болмағанын көрсетеді, сондығынан да ол өзінің бір ұстаған нәрсесіне өте берік болды. Дәл сондықтан да оның революциялық жігері кейде оның пара-

* — Жыл мезгілдері қоғамы. *Ред.*

сатына қайшы келіп қалып жүрді, бірақ соңынан ол өзінің қателерін сезіп, оларын әрдайым ашық мойындап отырды. Ол бөліп-жарылмайтын бір беткей адам еді, ал оның герман жұмысшы қозғалысын алғаш ұйымдастыру жөнінде істеген ісі ешқашан ұмытылмақ емес.

Франкониядан шыққан Генрих Бауэр етікші болатын; мұның өзі пысық, батыл, зерек жігіт болатын; денесі шағын болса да, оңтайлығы мен батылдығы мол еді.

Парижде әріп теруші болған, өзінің күн көріс қаражатын тіл сабағын оқытумен тапқан Шаппер жүрген Лондонға келіп, олар үзіліп қалған байланыстарды бірлесіп қалпына келтірді, сөйтіп Лондонды Одақтың орталығына айналдырды. Осында — бәлкім тіпті одан бұрын Парижде болуы да мүмкін,— оларға Кёльн сағатшысы *Иосиф Молль* қосылды; бұл бір орта бойлы, балуан адам еді,— олар Шаппер екеуі баса көктеп кіргісі келген жүздеген дұшпандарына қарсы тұрып, зал есіктерін талай рет жеңіспен қорғаған болатын,— мұның өзі жігері мен батылдығы жағынан қайткенде де өзінің екі жолдасынан кем емес, ал ақылы олардың екеуінен де артық адам болатын. Ол жаратылысынан дипломат қана адам емес еді, мұнысын оның жауапты тапсырмалармен болған көптеген сапарларының табыстары дәлелдеген, оның үстіне оған теориялық мәселелер де неғұрлым түсінікті болатын. Осылардың үшеуімен де мен 1834 ж. Лондонда таныстым; бұлар мен көрген ең алғашқы революцияшыл пролетарлар еді. Біздің ол кездегі көзқарастарымызда жекелеген алалық бола тұрса да,— өйткені олардың өрісі тар теңгерме коммунизміне* мен ол кезде қарсы қойған сондайлық өрісі тар философиялық менмендік аз болмайтын,— менің өзім де енді ғана адам болғалы жүрген сол кезімде, бұл айта қаларлық үш адамның маған тигізген қадірмен әсерін мен ешқашан да ұмытпаймын.

Лондонда, сондай-ақ, кемірек болса да, Швейцарияда да, одақтар мен жиналыстар бостандығы болуы оларға жақсы болды. 1840 жылғы 7 февральда-ақ неміс жұмысшыларының жария Ағартушылық қоғамы құрылды, бұл қоғам қазір де бар[127]. Осы қоғам Одақтың жаңа мүшелер тартатын орны болды, ал коммунистер әркашанғысындай Қоғамның ең жігерлі және интеллигенттік мүшелері болғандықтан, қоғамның басшылығы түгелімен Одақтың қолында болуы өзінен-өзі түсінікті. Ұзамай-ақ Одақтың Лондонда бірнеше қауымы немесе, сол кездегі атымен атасақ, «ложасы» болды. Осындай өз-өзінен түсінікті тактика Швейцарияда және басқа жерлерде де қолданылды. Жұмысшы қоғамдарын құруға болатын жерлердің бәрінде де

* Теңгерме коммунизм деп мен тура, жоғарыда айтқанымдай, тек қана немесе көбінесе теңдік талабына сүйенетін коммунизмді түсінемін.

оларды осы түрде пайдаланды. Ал бұған заң бойынша тыйым салынған жерлерде Одақ мүшелері әншілік, гимнастикалық және сондай қоғамдарға қатысты. Байланыс көбінесе Одақтың үнемі келіп-кетіп жүретін мүшелері арқылы жасалды, олар керек жерінде эмиссар ретінде де қызмет етіп отырды. Мұның қай-қайсысында үкіметтердің даналығы Одаққа көп көмек көрсетті, олар өздеріне ұнамайтын әрбір жұмысшыны,— ал бұлар осындай он жағдайдың тоғызында Одақ мүшелері болып келді,— жер аударып, оларды осылайша эмиссарға айналдырып отырды.

Қайта қалпына келтірілген Одақ едәуір жерге тарады. Атап айтқанда Швейцарияда *Вейтлинг, Август Беккер* (ой өресі өте биік болған адам, бірақ көптеген немістердің кебіне ұшырап, ішкі тұрақсыздығы түбіне жеткен) және басқалары күшті ұйым құрды, ол ұйым азды-көпті дәрежеде Вейтлингтің коммунистік жүйесіне адалдығын сақтады. Бұл жер Вейтлинг коммунизмін сынап жататын орын емес. Ал неміс пролетариатының алғашқы дербес теориялық қозғалысы ретінде оның алған маңызына келетін болсақ, онда мен Маркстің 1844 ж. Париж «Vorwärts»-інде[113] басылған мына сөздеріне қазір де қол қоямын: «Буржуазияның (неміс буржуазиясының) және оның философтары мен ғалымдарын қоса алғанда *буржуазияны азат ету* жайында — саяси азат етуі жайында,— Вейтлингтің «Жарастық пен бостандық кепілі» деген кітабындай шығармасы бар ма екен? Неміс саяси әдебиетінің жауыр болған және қорқақ қораштығын әкеліп, неміс жұмысшыларының осы тендесі жоқ тамаша бастамасымен салыстырсақ болғаны, *пролетариаттың* осы *аса зор бала башмағын* буржуазияның бір тұтам мыжырайған бір саяси башмағымен салыстырсақ болғаны,— сонда бұл Золушка келешекте алып тұлға болады деп алдын ала айтуға болады»*. Осы алып тұлға, әлі де болса бойы толық жетіліп болмағанымен, қазіргі уақытта біздің алдымызда тұр.

Германияда да көптеген секциялар болды, олар жағдайлардың өзіне байланысты өткінші сипатта еді, бірақ жаңадан пайда болған секциялар саны ыдырағандарының санынан анағұрлым артып отырды. Полиция Одақтың Берлиндегі (Ментель) және Магдебургтегі (Бек) іздерін тек жеті жылдан кейін, 1846 жылдың аяғында ғана ашты, бірақ оларды одан әрі аша алмады.

1840 жылы әлі Парижде болған Вейтлинг Швейцарияға кетпей тұрып, ыдырап жүрген элементтерді Парижде тағы да жинап алды.

Одақтың ұйытқысы тігіншілер болды. Неміс тігіншілері барлық жерлерде де — Швейцарияда, Лондонда, Парижде — бар

* Қараңыз: *К. Маркс.* ««Пруссактың» «Пруссия королі және әлеуметтік реформа» деген мақаласына сын ескертпелер». (*К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 443—444-беттер). *Ред.*

еді. Осы соңғы қалада неміс тілінің тігіншілік кәсіпте соншама басым болғандығын мынадан қараңыз: мен онда 1846 жылы бір норвег тігіншісін білетінмін; ол Францияға теңіз арқылы тура Дронхеймнен келген екен; он сегіз ай бойында ол бір ауыз дерлік француз сөзін үйренбепті де, немісше сөйлеуді тамаша үйреніп алыпты. 1847 жылы Париждегі қауымдардың екеуі көбінесе тігіншілерден, біреуі ағаш шеберлері, мебельшілерден құралған болатын.

Негізгі салмақ Парижден Лондонға көшірілген кезден бастап, жаңа бір жағдай бірінші қатарға шықты: Одақ немістік одақтан бірте-бірте *интернационалдық* одаққа айнала бастады. Жұмысшылардың қоғамына, немістер мен швейцариялықтардан басқа, шетелдіктермен қатынаста көбінесе неміс тілін пайдаланған барлық ұлттардың өкілдері де кірді, атап айтқанда: скандинавиялықтар, голландиялықтар, венгрлер, чехтар, оңтүстік славяндар, сонымен қатар орыстар мен эльзастықтар кірді. 1847 ж. басқалармен қатар, форма киген бір ағылшын гвардиялық гренадер де үнемі келіп жүрді. Қоғам ұзамай өзін Жұмысшылардың *коммунистік* ағарту қоғамы деп атай бастады, ал мүшелік карточкаларында: «Барлық адам — бауырлас» деген ұран болды, ол кем дегенде жиырма тілде жазылды,— рас, кейбір жазулар қатесіз де болған жоқ. Жария Қоғам сияқтанып, құпия Одақ та ұзамай неғұрлым интернационалдық сипат алды; әуелі, рас, тар мағынада ғана: практикалық жағынан алғанда — оның мүшелерінің әр ұлттан құралғандығынан, теориялық жағынан алғанда — жеңімпаз болу үшін қандай революция да европалық революция болуға тиіс деген сенімнен ғана осындай сипат алды. Әзірге бұдан әрі бармады, бірақ негіз қаланған болатын.

Одақ Лондон эмигранттары арқылы, 1839 жылы 12 майда бірлесіп бой көрсеткен жолдастары арқылы француз революционерлерімен тығыз байланыс жасап отырды. Одақ поляк радикалдарымен де осылайша байланыс жасады. Ресми поляк эмиграциясының, Мадзини сияқты, әлбетте, одақтығынан гөрі дұшпандығы басым болды. Ағылшын чартистері өз қозғалысының өзіне тән ағылшындық сипаты болғандықтан, революциядан аулақ тұрғандар ретінде сырт қалдырылды. Одақтың Лондондағы басшылары олармен кейін ғана мен арқылы байланыс жасады.

Одақтың сипаты оқиғалардың барысына қарай басқа жақтарынан да өзгерді. Париж әлі де болса,— ал ол кезде әбден орынды түрде — революцияның отаны деп есептелсе де, Париж заговоршыларына тәуелділік әйткенмен енді тыйылды. Одақтың өсуімен бірге оның өзін өзі тануы да өсті. Германияның жұмысшы табына қозғалыстың барған сайын көбірек тамыр жайып отырғандығы және неміс жұмысшыларына тарих Евро-

паның солтүстігі мен шығысының жұмысшылары үшін ту көтеруші болу міндетін жүктегені сезіліп отырды. Вейтлинг олардың коммунизм жөніндегі теоретигі болды; оны сол кездегі өзінің француз бәсекелестерімен қымсынбай қатар қоюға болатын еді. Ақырында келіп, 12 майдың тәжірибесі көтеріліс жасау әрекеттерінен әзірше бас тарту керек екенін көрсетті. Ал егер әлі де кез келген оқиға көтеріліп келе жатқан дауылдың нышаны деп түсіндірілген болса, егер ескі жартылай заговоршылдық уставты жалпы алғанда сақтап келген болса, бұған ең алдымен карт революционерлердің қасармалығы кінәлы болды; ол қасармалық өзіне жол ашып келе жатқан неғұрлым дұрыс көзқарастармен қақтығысқа келе бастаған еді.

Мұның үстіне Одақтың әлеуметтік доктринасының, өзінің бүкіл көмескілігімен қатар, бір үлкен кемшілігі болды; алайда, бұл кемшілік қоғамдық қатынастардың өзінде еді. Одақтың мүшелері, егер олар тегі жұмысшы болған күнде, тегісінен дерлік нағыз қолөнершілер болды. Оларды қанаған адам, тіпті дүние жүзілік ірі орталықтардың өзінде де, көбінесе тек ұсақ қожайын ғана болды. Тіпті тігіншілік кәсіпшілігінде, тігіншілік қолөнерін үй өнеркәсібіне айналдыру жолымен құрылған, ірі капиталиске қызмет ететін, қазіргі кезде конфекциондық өнеркәсіп деп аталған өнеркәсіпте кең көлемде қанау ол кезде тіпті Лондонда да жаңа ғана туа бастаған еді. Бір жағынан, бұл қолөнершілерді қанаушы ұсақ қожайын болды; екінші жағынан, олардың бәрі өздері де сайып келгенде ұсақ қожайын болармыз деп дәмеленді. Оның үстіне ол кездегі неміс қолөнершісіне мұра болып қалған көптеген цехтық түсініктер тән болды. Бұл қолөнершілердің аса абыройлы ісі мынау болды: әзірге өздері де нағыз пролетарлар болмаған, ұсақ буржуазияның осы заманғы пролетариатқа енді ғана айналып келе жатқан және буржуазияға, яғни ірі капиталға әлі тікелей қарама-қарсы тұрмаған бөлігі ғана болған олар өздерінің болашақ дамуын сезіммен алдан болжай алды және әлі әбден саналы түрде болмаса да, пролетариат партиясы ретінде қалыптаса алды. Бірақ тағы бір болмай коймайтын нәрсе — қолөнершілердің ескі соқыр сенімдері қазіргі қоғамды нақтылы сынау туралы яғни экономикалық фактілерді зерттеу туралы мәселе болған жағдайдың әрқайсысында оларға кедергі болып отырды. Сондықтан мен бүкіл Одақ ішінде саяси экономия жайында тым болмаса бір кітап оқыған ол кезде бір адам да болды деп ойламаймын. Бірақ бұдан ешқандай өзгеріс болған жоқ: «теңдік», «туысқандық», «әділеттік» дегендер әзірге кез-келген теориялық асулардан асуға көмектесіп отырды.

Ал оның бер жағында Одақ пен Вейтлингтің коммунизмімен қатар, мұнан мүлдем өзгеше, басқа бір коммунизм құрылды. Манчестерде тұрған кезімде мен мынадай жайды былайша айт-

канда, бетпе-бет көрдім: осы кезге дейін тарихи шығармаларда ешқандай роль атқармайтын немесе мардымсыз роль атқаратын экономикалық фактілер, ең болмағанда қазіргі кездегі дүние үшін шешуші тарихи күш болып табылады; бұл экономикалық фактілер негіз болып, сол негізде қазіргі заманғы таптық қарама-қарсылықтар туады; бұл таптық қарама-қарсылықтар ірі өнеркәсіптің арқасында олар толық дамыған барлық елдерде, демек, әсіресе, Англияда, өз кезегінде келіп, саяси партиялардың қалыптасуына, партиялық күреске және сонымен бірге бүкіл саяси тарихқа негіз болады. Маркс осы көзқарастарға келіп кана қойған жоқ; сонымен қатар оларды «Deutsch-Französische Jahrbücher» (1844 ж.)[48] журналында-ақ мына мағынада корытты: жалпы алғанда азаматтық қоғам мемлекеттен туып, сонымен белгіленбейді, қайта мемлекет азаматтық қоғамнан туып, сонымен белгіленеді, олай болса, саясатты және оның тарихын экономикалық қатынастардан және олардың дамуынан алып түсіндіру керек, оның керісінше түсіндіруге болмайды. 1844 ж. жазда мен Парижде Марксте болғанымда барлық теориялық салалар жөнінен біздің толық пікірлес екеніміз айқындалды, міне сол кезден бастап біздің бірге жұмыс істеуіміз басталып кетті. Сонан 1845 ж. көктемде біз Брюссельде тағы да кездескен кезімізде Маркс жоғарыда көрсетілген негізгі қағидаларға сүйене отырып, өзінің тарихтың материалистік теориясын негізгі белгілері жағынан дамытуды аяқтап та қойған екен, сондықтан біз енді осы жаңа көзқарастарды нағыз әр алуан бағыттарда талдау жұмысын қолға алдық.

Бірақ тарих ғылымында төнкеріс жасаған және біздің көріп отырғанымыздай, негізінен алғанда Маркстің істеген ісі болған және оған менің өзімнің қатынасуым өте шамалы ғана болды деуіме болатын бұл жаңалықтың өз кезіндегі жұмысшы қозғалысы үшін тікелей маңызы болды. Енді француздар мен неміс-тердің коммунизмі, ағылшындардың чартизмі дәл сондай-ақ болмауы да мүмкін әлдеқалай бір кездейсоқ істер болып көрінбеді. Бұл қозғалыстар енді қазіргі заманғы езілген таптың, пролетариаттың, қозғалыстары, оның үстем тапқа, буржуазияға, қарсы тарихи болмай қалмайтын күресінің азды-көпті жетілген формалары, тап күресінің формалары болып көрінді; алайда бұл тап күресінің барлық бұрынғы тап күрестерінен айырмасы: қазіргі заманғы езілген тап, пролетариат, бүкіл қоғамды таптарға бөлінуден және осы арқылы тап күресінен азат етпейінше, өзін азат ете алмайды. Коммунизм осыдан кейін мүмкіндігінше неғұрлым жетілген қоғамдық идеалдың қиялдағы туындысы емес, қайта пролетариат жүргізіп отырған күрестің табиғатын, жағдайларын және осылардан туатын жалпы мақсаттарын түсінгендік болып табылды.

Біз әсте жаңа ғылыми нәтижелерді қалың кітаптар бетінде баяндап, тек қана «оқымысты» дүниеге хабарлайық деген жоқпыз. Мұның керісінше. Біз екеуіміз де саяси қозғалысқа терең еніп кеттік; біздің енді интеллигенция арасында, әсіресе Батыс Германияда, біраз ізбасарларымыз және ұйымдасқан пролетариатпен едәуір кең байланыстарымыз болды. Біз өз көзқарастарымызды ғылыми жағынан дәлелдеп беруге міндетті болдық, ал біздің сенімдеріміздің дұрыстығына Европа пролетариатының және ең алдымен герман пролетариатының көзін жеткізудің маңызы біз үшін одан кем болған жоқ. Осының бәрін өзіміз түсініп алысымен, біз жұмысқа кірістік. Брюссельде біз Неміс жұмысшы қоғамын[50] құрдық және «Deutsche-Brüsseler-Zeitung»[51] газетін билеп алдық; бұл газет февраль революциясына дейін біздің органымыз болып келді. Ағылшын чартистерінің революцияшыл бөлегімен біз осы қозғалыстың орталық органы «The Northern Star»[128] газетінің редакторы Джулиан Гарни арқылы қатынас жасап отырдық; мен ол газетке жазып тұрдым. Біз сондай-ақ Брюссель демократтарымен (Маркс Демократиялық ассоциацияның[129] вице-председателі болды) және «Réforme»[130]-дегі француз әлеуметтік демократтарымен де өзінше бір коалицияда болдық; «Réforme»-ге мен ағылшын және неміс қозғалысы жайында хабар жіберіп отырдым. Қысқасы, біздің радикалдық, пролетарлық ұйымдармен және баспасөз органдарымен байланысымыз барынша жақсы болды.

Әділеттілер одағымен біз мынадай қатынастарда болдық. Одақтың бар екенін біз, әрине, білетінбіз; 1843 ж. Шаппер маған Одаққа кір деген ұсыныс жасады, бірақ ол кезде мен, әлбетте, бұдан бас тарттым. Алайда біз лондондықтармен үнемі хат алысуымызды жалғастырып қана қойғанымыз жоқ, сонымен бірге сол кезде Париж қауымдарының жетекшісі болған д-р Эвербекпен бұдан да тығыз қатынастар жасап тұрдық. Одақтың ішкі істеріне араласпасақ та, біз дегенмен маңызды оқиғалардың бәрін біліп отырдық. Екінші жағынан, біз ауызша, хат арқылы және баспасөз арқылы Одақтың ең көрнекті мүшелерінің теориялық көзқарастарына әсер етіп отырдық. Құрылып жатқан коммунистік партияның ішкі істері жайында әңгіме бола қалған ерекше жағдайларда бүкіл дүние жүзіндегі достарымыз бен тілшілерімізге жіберілген біздің литографияға басылған әр түрлі нұсқау хаттарымыз да осы мақсатқа қызмет етті. Бұл нұсқау хаттарда кейде Одақтың өзі де әңгіме болды. Мәселен, Вестфалияның бір жас студиозусы, Герман Криге, Америкаға кетіп, онда Одақтың эмиссары болып жүріп, Одақ арқылы Оңтүстік Америкада төңкеріс жасау мақсатымен есалаң Харро Харрингпен байланысады; ол газет шығарып*, оның бетінде

* — «Der Volks-Tribun»[131] *Ред.*

Одақтың атынан сүйіспеншілікті ағылтып, «сүйіспеншілікке» негізделген көлгірсіген мәймөнке коммунизмді уағыздаған болатын. Біз бір нұсқау хатта оған қарсы шықтық, онымыз өзінің әсерін тигізбей қалмады*: Одақ аренасынан Кригенің қарасы жойылды.

Кейінірек Брюссель ге Вейтлинг келді. Бірақ бұл енді өзінің талантына таңданған, коммунистік қоғамның қандай болып шығатынын түсініп алуға тырысқан аңқау, жас, кіші шебер тігінші емес еді. Бұл ұлы адам болатын, оның артықшылығын көре алмаушылар оны қуғынға салып жүрген, оның көзіне барлық жерде бәсекелестер, жасырын жаулар, қастық ойлаушылар елестейтін; бір елден бір елге қуылып жүрген бұл көріпкел әулие жер бетінде жұмақ орнатудың дайын рецептін қалтасында сақтап жүретін, сөйтіп оған әркім тек оның осы рецептін ұрлап алуды ғана ойлайтын сияқты болып көрінетін. Вейтлинг Лондонның өзінде-ақ Одақтың мүшелерімен ұрсысып бітті, Брюссельде де ешкіммен келісе алмады; мұнда әсіресе Маркс пен оның әйелі Вейтлинг жөнінде адам басына сыйғысыз төзімділік көрсетті. Сондықтан ол көріпкел әулие ролінде көрініп қарау үшін ұзамай Америкаға кетіп қалды.

Осы жағдайлардың бәрі келіп Одақта, әсіресе Лондондағы басшыларының арасында елеусіз түрде жасалған төңкеріске себепші болды. Сол кезге дейін өмір сүріп келген коммунистік көзқарастардың, француздық қара дүрсін теңгерме коммунизмнің де, Вейтлинг коммунизмінің де жеткіліксіздігі оларға бірден-бірге айқындала түсті. Вейтлингтің коммунизмді ертедегі христиандыққа апарып байланыстыруы, оның «Бейшара күнәкардың інжілінің» жекелеген қағидаларының бүкіл данышпандық сипатына қарамастан, Швейцарияда қозғалыстың көбінесе әуелі Альбрехт сияқты ақымақтардың, ал одан кейін Кульман сияқты арам ойлы дүмше-әулиелердің қолына түсуіне әкеліп соқты. Бірнеше әдебиетшінің таратып жүрген «ақиқат социализмі» — француздық социалистік жалған ойлардың бұзылған гегельшілдік-неміс тіліне аударма сы және сүйіспеншілік туралы көлгірсіген сандырақ («Коммунистік манифестегі» немістік, немесе «ақиқат», социализм туралы тарауды қараңыз**),— Криге арқылы және тиісті әдебиетті оқу арқылы Одаққа енген осы социализм өзінің көбік ауыз дәрменсіздігінен-ақ Одақтың байырғы революционерлерінің арасында жиреніш туғызуға тиісті болды. Сол кезге дейін үстем болып келген теориялық түсініктердің негізсіздігі және олардан туған практикалық қателер алдында біздің, Маркс пен менің, жаңа теориямыздың дү-

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. «Кригеге қарсы нұсқау хат» (қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 1—16-беттер). *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 129—132-беттер. *Ред.*

рыстығына Лондонда жұрттың бірден-бірге көзі жете түсті. Бұл көзқарасты меңгеруге сол кезде Лондон көсемдерінің арасында болған екі адамның көмектескендігінде күмән жоқ; олар өздерінің теориялық білімге қабілеті жағынан жоғарыда аталғандардан анағұрлым асып түсетін еді; бұлар Хейльброннан шыққан суретші-миниатюрист Карл Пфендер мен Тюрингиядан шыққан тігінші Георг Эккариус болатын*.

Қысқасы, 1847 ж. көктемде Молль өз жолдастарының атынан бізді Одаққа кіруге тағы да шақыру үшін Брюссельдегі Маркске барды және оның артынша Париждегі маған келді. Молльдің айтуына қарағанда, біздің көзқарастарымыздың жалпы алғанда дұрыстығына да, Одақты ескі заговоршылдық дәстүрлер мен формалардан арылтудың қажеттігіне де олардың көзі жеткен екен. Егер біз Одаққа кірмек болсақ, онда біздің сыншыл коммунизмімізді манифест түрінде Одақтың конгресінде баяндауымызға мүмкіндік берілетін болды, ол манифест осыдан кейін Одақтың манифесті ретінде жарияланатын болды, мұнымен қатар біз Одақтың ескірген ұйымын мақсатқа неғұрлым сай және осы кезеңнің жағдайларына сәйкес келетін жаңа ұйыммен алмастыруға көмектесуге мүмкіндік алатын болдық.

Неміс жұмысшы табының қатарында, насихат мақсаттары үшін болса да, ұйым болуының қажеттігіне және бұл ұйым тек жергілікті ғана сипатта болмайтын болғандықтан, тіпті Германиядан тыс жерлерде де тек құпия ұйым ғана бола алатынына біздің арамызда күмән болмады. Бірақ Одақтың өзі нақ осындай ұйым болатын. Біздің осы уақытқа дейін Одақтың кемшіліктері деп есептеп келген нәрселерімізді енді оның өкілдерінің өздері де жоюға дайын болды; бізді тіпті Одақты қайта құру ісіне қатынасуға да шақырды. Бұл ұсыныстан біз бас тарта алатын ба едік? Әлбетте, жоқ. Сонымен, біз Одаққа кірдік. Маркс бізге неғұрлым жақын достардан Брюссельде Одақ қауымын ұйымдастырды, сол мезгілде мен Парижде болған үш қауымға қатынасып жүрдім.

1847 ж. жазда Лондонда Одақтың бірінші конгресі болды, оған В. Вольф брюссельдік қауымдардың, мен париждік қауымдардың атынан қатынастым. Мұнда ең алдымен Одақтың өзі қайтадан құрылды. Заговоршылдық кезеңдерден сақталып қалған ескі мистикалық атаулардан Одақта осы күнге дейін ка-

---

* Пфендер бұдан сегіз жылдай бұрын Лондонда қайтыс болды. Бұл аса сезімтал, ой-өрісі ерекше, тапқырлығы, кекесіні, диалектикасы бар дарынды адам еді. Эккариус кейін, жұртқа мәлім, көптеген жылдар бойы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің бас секретары болды; мұның Бас Советінде, айта кетейік, Коммунистер одағының мынадай байырғы мүшелері болды: Эккариус, Пфендер, Лесснер, Лохнер, Маркс және мен. Кейін Эккариус өзін түгелімен ағылшын кәсіптік қозғалысына ғана арнады.

лып келе жатқан нәрселердің бәрі жойылды; Одақ енді қауымдардан, округтерден, басшы округтерден, Орталық комитеттен және конгрестен құралды, сөйтіп осы кезден бастап «Коммунистер одағы» деп аталды. «Одақтың максаты: буржуазияны құлату, пролетариат үстемдігі, ескі, таптар антагонизміне негізделген буржуазиялық қоғамды жою және таптар жоқ, жеке меншік жоқ жаңа қоғам орнату болып табылады» — бірінші статьяда осылай делінді*. Ұйымның өзі сайланып қойылатын және кез келген уақытта ауыстырылатын комитеттері бар мейлінше демократиялық ұйым болды; міне осының өзі-ақ диктатураны талап ететін заговоршылдық пиғылдардың қандайына болса да жол қалдырмады, сөйтіп Одақ — ең болмағанда дағдылы бейбіт уақыт үшін — таза насихаттық қоғамға айналды. Бұл жаңа устав қауымдардың талқылауына берілді,— енді тәртіп осындай демократиялық тәртіп болды,— осыдан кейін ол 1847 жылғы 8 декабрьде болған екінші конгресте тағы да қаралып, біржолата қабылданды. Ол устав Вермут пен Штиберде басылып шықты, I бөлім, 239-бет, X қосымша.

Екінші конгресс сол жылғы ноябрьдің аяғы мен декабрьдің басында болды. Оған Маркс те қатынасты, ол ұзақ жарыс сөздерде — конгресс кем дегенде он күндей болды — жаңа теорияны қорғады. Алауыздықтар мен күмәнданудың бәрі, ақырында, жойылды, сөйтіп жаңа принциптер бір ауыздан қабылданды. Маркс пен маған манифесті жазып шығу тапсырылды. Бұл тапсырма таяу арада орындалып, февраль революциясынан бірнеше апта бұрын «Манифест»** басып шығару үшін Лондонға жіберілді. Содан бері ол бүкіл дүние жүзін аралап шықты, барлық тілдерге дерлік аударылды және қазірдің өзінде де нағыз әр алуан елдердегі пролетарлық қозғалысқа жетекші құрал болып отыр. Одақтың: «Барлық адам — бауырлас» деген ескі ұранының орнын күрестің халықаралық сипатын ашық жариялайтын: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіндер!» деген жаңа жауынгер ұран басты. Он жеті жылдан кейін бұл ұран Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің жауынгерлік ұраны ретінде бүкіл дүние жүзіне тарады, ал қазіргі кезде барлық елдердің күресуші пролетариаты мұны өз туларына жазып отыр.

Февраль революциясы бұрқ ете қалды. Осы уақытқа дейін өмір сүріп келген Лондондағы Орталық комитет өз уәкілдіктерін дереу Брюссельдегі басшы округке берді. Бірақ бұл қаулы Брюссельге кешігіп келді; бұл кезде іс жүзінде қоршаудағы жағдай үстем болып, немістердің еш жерде жиналыс жасауына

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 524-бет («Коммунистер одағының уставы»). *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 106—138-беттер. *Ред.*

мүмкін болмай қалған еді. Біз бәріміз де Парижге жүруге әзірленген едік, сондықтан жаңа Орталық комитет те өзін тарату туралы қаулы алды, өзінің барлық уәкілдігін Маркске тапсырды және оған Парижде дереу жаңа Орталық комитет құруға уәкілдік берді. Бұл шешімді (1848 ж. 3 март күні) қабылдаған бес адам тарап үлгірмей жатып, Маркстің пәтеріне полиция кіріп келіп, оны қамауға алды және дәл ертеңіне Францияға кетуге мәжбүр етті, оның өзі де Францияға жүрмек болып отыр еді.

Ұзамай біз бәріміз Парижде тағы кездестік. Онда жаңа Орталық комитеттің мүшелері қол қойған мына документ жасалып, ол бүкіл Германияға таратылды және бұдан көптеген жұрт қазіргі кезде де оны-мұны үйрене алады:

## ГЕРМАНИЯДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ ТАЛАПТАРЫ[132]

1. Бүкіл Германия біртұтас, бөлінбейтін республика деп жарияланады.

3. Неміс халқының парламентінде мәжіліс жасауға жұмысшының да мүмкіндігі болуы үшін халық өкілдері ақы алады.

4. Халық жаппай қаруланады.

7. Әміршілердің жер иеліктері және басқа феодалдық имениелер, барлық рудниктер, шахталар және т. б. мемлекет меншігіне айналдырылады. Бұл жерлерде егіншілік бүкіл қоғам пайдасына, ірі көлемде және ең жаңа ғылыми әдістер арқылы жүргізіледі.

8. Шаруа жерлеріне ипотекалар мемлекеттік меншік болып жарияланады. Бұл ипотекалар бойынша проценттерді шаруалар мемлекетке төлейді.

9. Аренда тараған аймақтарда жер рентасы немесе арендалық төлем мемлекетке салық түрінде төленеді.

11. Барлық транспорт құралдарын: темір жолдарды, каналдарды, пароходтарды, жолдарды, почта станцияларын, т. т. мемлекет өз қолына алады. Олар мемлекеттік меншікке айналдырылады және дәулетсіз таптың қарамағына беріледі.

14. Мұрагерлік правоға шек қойылады.

15. Үдемелі жоғары салық енгізіледі және тұтыну заттарына салынатын салықтар жойылады.

16. Ұлттық шеберханалар құрылады. Мемлекет барлық жұмысшылардың күн көріс қаражатына кепілдік береді және еңбекке жарамайтындарға қамқорлық жасап отыруды өз мойнына алады.

17. Халықтың жалпыға бірдей тегін оқуы енгізіледі.

Герман пролетариатының, ұсақ буржуазия мен ұсақ шаруалардың мүдделерін көздей отырып — жоғарыда көрсетілген

шараларды жүзеге асыруға барлық жігер жұмсалуы керек. Өйткені осыларды жүзеге асырғанда ғана осы күнге дейін Германияда болмашы аз адам қанап келген және бұлар келешекте де езгіде ұстағылары келетін миллиондар өздерінің праволарына және барлық байлықты өндірушілер ретіндегі өздеріне лайықты өкіметке қол жеткізе алады.

***Комитет:***
***Карл Маркс, Карл Шаппер, Г. Бауэр,***
***Ф. Энгельс, И. Молль,***
***В. Вольф.***

Парижде ол кезде революцияшыл легиондармен әуестенушілік үстем болды. Өз отанын барып азат ету үшін испандар, итальяндар, бельгиялықтар, голландтар, поляктар, немістер отрядтарға бірікті. Неміс легионын Герверг, Борнштедт, Бернштейн бастады. Революциядан кейін іле-шала шетелдік жұмысшылардың бәрі жұмыстан айрылып қана қоймай, оның үстіне жергілікті жұрт тарапынан қысымға ұшырай бастағандықтан, осы легиондарға жаппай кірушілер көп болды. Жаңа үкімет оларды шетелдік жұмысшылардан құтылудың амалы деп білді, сөйтіп оларға l'étape du soldat яғни жол-жөнекей түсетін пәтер және шекараға жеткенінше күніне 50 сантим мөлшерінде жол қаражат берді; ал көз жасын төгуге әрқашан дайын сыртқы істер министрі сөзуар Ламартин оларды тиісті үкіметтерге ұстап берудің бір мүмкіндігін тауып отырды.

Революцияны бұлайша қулық-сұмдыққа айналдыруға біз барынша үзілді-кесілді қарсы шықтық. Германияға революцияны сырттан әкеліп еріксіз таңу үшін онда қобалжудың қайнап тұрған кезінде оған басып кіру Германияның өзіндегі революция ісін бұлдіру, үкіметті нығайту, ал легионерлердің өздерін — мұның қамын Ламартиннің өзі-ақ жасады — неміс әскерлеріне қарусыз ұстап беру болып табылатын еді. Вена мен Берлинде революция жеңгеннен кейін легион ұйымдастырудың мүлдем қажеті болмай қалды; солай бола тұрса да бір басталған қулық-сұмдық тоқталмады.

Біз неміс коммунистік клубын[133] аштық та, онда жұмысшыларды легионға бармандар, бір-бірлеп отанға қайтындар, онда барып қозғалыс мақсаттары үшін қимыл жасандар деп сендірдік. Біздің ескі досымыз Флакон, уақытша үкіметтің мүшесі болғандықтан, біздің жөнелтетін жұмысшыларымызға легионерлерге уәде етілгеніндей жол жеңілдіктерін алып берді. Сөйтіп біз осындай әдіспен Германияға үш жүз—төрт жүз жұмысшы жөнелттік, олардың ішінде Одақ мүшелері басым көпшілік болды.

Халық бұқарасының қазір көтеріліп отырған қозғалысы жағдайында Одақ ықпал жасаудың тым әлсіз қаруы болып шықты, мұны болжап білу оңай еді. Одақ мүшелерінің бұрын шетелде тұрған төрттен үші отанға қайтып, өздерінің тұрған жерлерін өзгертті; осыған дейін олардың өздері кірген бұрынғы қауымдары әлгі айтылғанға байланысты көбінесе таратылып отырды, сөйтіп олардың Одақпен байланысының бәрі үзілді. Олардың неғұрлым атаққұмарларының бір бөлегі тіпті бұл байланысты қалпына келтіруге де тырыспады, бірақ әрқайсысы өз алдына тәуекелге бел байлап, өзінің тұрған жерінде кішкене сепараттық қозғалыс жасай бастады. Ақырында, әрбір жеке кішкене мемлекеттегі, әрбір провинциядағы, әрбір қаладағы жағдайдың әр түрлі болғандығы сонша — Одақ тек нағыз жалпы директиваларды ғана бере алатын болды; ал ондай директиваларды баспасөз арқылы таратып отыру анағұрлым жақсы болды. Қысқасы, құпия Одақты қажет еткен себептер жойылған кезеңнен бастап құпия Одақтың өзі де, құпия одақ ретінде, барлық мәнінен айрылды. Мұның өзі құпия Одақты заговоршылдық сипатының соңғы қалдықтарынан жаңа ғана арылтқан адамдарға онша таңданарлық іс болмады.

Алайда, енді бұл Одақ революциялық жұмыстың ең жақсы мектебі болғандығы байқалды. «Neue Rheinische Zeitung»* сенімді орталық болған Рейнде, Нассауда, Рейндік Гессенде және т. с. жерлердің бәрінде әсіре демократиялық қозғалысты Одақ мүшелері бастап отырды. Гамбургте де солай болды. Оңтүстік Германияда бұған ұсақ буржуазиялық демократияның басымдығы кедергі жасады. Бреславльде 1848 жылдың жазына дейін Вильгельм Вольф зор табысты қимыл көрсетті; ол Силезияда Франкфурт парламенті[116] депутатының орынбасары мандатын да алды. Ақырында, Брюссель мен Парижде Одақтың жігерлі мүшесі болған әріп теруші Стефан Борн Берлинде «Жұмысшы бауырластығын» ұйымдастырды, ол едәуір таралып, 1850 жылға дейін өмір сүрді. Өте талантты жас адам болған Борн, алайда саяси қайраткер болуға біраз асығыстық жасады. Өз төңірегіне әйтеуір бір топ жинап алу үшін ол нағыз ойдан-қырдан жиналған тобырмен «бауырласты», бірақ ол тегінде қарамақарсы талаптарға бірлік енгізе алатын, бей-берекеттікті бір ізге сала алатын адамдардан емес еді. Сондықтан оның «Бауырластығының» ресми жарияланған нәрселерінде «Коммунистік манифестің» көзқарастарын цехтық, естеліктермен және тілектермен, Луи Блан мен Прудон көзқарастарының үзінділерімен, протекционизмді қорғаумен, т. т. араластырушылық үнемі кездесіп отырады,—қысқасы, ол жұрттың бәріне де ұнауға тырысты. «Бауырластық» әсіресе стачкалар, кәсіптік одақтар, коопе-

* Қараңыз: осы том, 179—188-беттер. *Ред.*

ративтік серіктіктер ұйымдастырумен шұғылданды, сөйтіп ең алдымен міндеттің саяси жеңіс арқылы әуелі осындай нәрселер берік түрде жүзеге асырыла алатын негізді жеңіп алуда екенін ұмытып отырды. Ал, реакцияның табыстары «Бауырластықтың» басшыларына революциялық күреске тура қатынасудың қажеттігін сезуге мәжбүр еткен кезде, міне осы кезде, әрине, олардың төңірегіне топтанған, білгенінен жаңылысқан бұқара оларды тастап кетті. Борн 1849 жылғы майдағы Дрезден көтерілісіне[54] қатынасып, одан әлдеқалай ғана аман қалды. Ал «Жұмысшы бауырластығы» пролетариаттың ұлы саяси қозғалысы жөнінде мүлде оқшау одақ болып сырт қалды, сөйтіп ол көбінесе қағаз жүзінде өмір сүрді және оның екінші дәрежелі роль атқарғандығы соншалық — реакция оны тек 1850 ж. ғана, ал оның өмір сүріп тұра берген тармақтарын — бірнеше жылдан кейін ғана жабуды керек деп тапты. Өзінің шын фамилиясы Буттермильх болған Борн ірі саяси тұлға бола алмай, кішкене ғана швейцариялық профессор болып қалды; қазір ол цехтық тілге Марксті аударып жатқан жоқ, өзінің тәтті неміс тіліне ақпейіл Ренанды аударып жатыр

Париждегі 1849 жылғы он үшінші июньмен[55], Германияда май көтерілістерінің жеңілуімен және венгер революциясын орыстардың басып тастауымен 1848 жылғы революцияның тұтас бір дәуірі аяқталды. Бірақ реакцияның жеңісі әзірге тіптен де түпкілікті жеңіс болмаған еді. Бытыраң кеткен революциялық күштерді, ал сонымен қабат Одақтың күштерін де қайтадан ұйымдастыру қажет болды. Тағы да, 1848 жылға дейінгідей, жағдай пролетариатты қандай да болса ашық ұйымдастыруға мүмкіндік бермеді; сонымен, демек, тағы да құпия ұйымдасуға тура келді.

1849 ж. күзде бұрынғы орталық комитеттер мен конгресстердің мүшелерінің көпшілігі тағы да Лондонға жиналды. Тек Шаппер мен Молль ғана жетіспеді. Шаппер Висбаденде қамауда еді, 1850 ж. көктемде ақталғанынан кейін ол да Лондонға келді. Молль жауапты тапсырмалармен және үгіттік мақсаттармен бірқатар аса қауіпті сапарларды аяқтап,— соңғы уақытта ол Рейн провинциясындағы Пруссия армиясының ішінен Пфальц артиллериясына атты канонирлер жинау жұмысымен шұғылданды,— Виллих отрядына, Безансон жұмысшы ротасына кірді, сонан Ротенфель көпірінің алдында Мургада болған ұрыста басына оқ тиіп қазаға ұшырады. Бірақ оның есесіне аренаға Виллих шықты. Виллих 1845 жылдан бастап Батыс Германияда соншама жиі кездескен сезімі жағынан коммунистердің бірі еді, міне осының өзінен ғана ол түйсігі бойынша біздің сыншыл бағытымызға жасырын оппозицияда болатын. Ол ол ма. Мұның өзі неміс пролетариатын азат етуші болуды өзіме тағдыр жазды деп сенген нағыз пайғамбар еді, ал осындай азат

етуші есебінде ол тура саяси да, әскери де диктатураға дәмеленді. Бұрын Вейтлинг уағыздаған ертедегі христиан коммунизмімен қатар, сөйтіп коммунистік ислам түрінде бірдеме пайда болды. Алайда, бұл жаңа дінді насихаттау әзірге Виллих командирі болып жүрген эмигранттық казармадан асып шыға алмады.

Сонымен, Одақ қайтадан ұйымдастырылды, 1850 ж. марттағы «Үндеу» шығарылды*, бұл үндеу қосымшада басылды (IX, № 1[134]), ал Генрих Бауэр эмиссар ретінде Германияға жіберілді. Маркс пен мен редакциялаған бұл «Үндеудің» қазіргі кезде де маңызы жоғалған жоқ, өйткені ұсақ буржуазиялық демократия қазірдің өзінде де таяуда болатын европалық сілкіністе — ал бұл сілкініс ұзамай болуы керек (европалық революциялардың арасындағы кезеңдер — 1815, 1830, 1848—1852, 1870 — біздің ғасырымызда 15 жылдан 18 жылға дейін болып отыр) — қоғамды коммунистік жұмысшылардан аман алып қалушы есебінде Германияда әуел баста сөзсіз өкімет басына келуге тиісті партия болып табылады. Демек, үндеуде айтылған көп нәрселерді бүгінгі күнге де қолдануға болады. Генрих Бауэрдің миссиясы әбден табысты болып аяқталды. Бұл кішкентай ақжарқын етікші туысынан дипломат еді. Ол Одақтың бірқатары жұмыстан аулақтаған, бірқатары өз тәуекелімен әрекеттеніп жүрген бұрынғы мүшелерін белсенді ұйымға қайта жинап алды; атап айтқанда ол «Жұмысшы бауырластығының» сол кездегі көсемдерін де жұмысқа тартты. Одақ жұмысшы, шаруа қоғамдарында және гимнастикалық қоғамдарда 1848 жылға дейінгісінен анағұрлым үлкен дәрежеде басшылық роль атқара бастады, сондықтан қауымдарға арналған 1850 ж. июньдегі кезекті (үш айда бір жазылатын) «Үндеу»** ұсақ буржуазиялық демократияның тапсыруы бойынша Германияны аралаған боннды студент Шурц (кейін американдық экс-министр) «жарамды күштердің бәрінің Одақ қолында екенін көрді» (қараңыз: қосымша, IX, № 2) дегенді атап көрсете алды. Одақ, сөз жоқ, Германияда маңызы болған бірден-бір революциялық ұйым болды.

Бірақ бұл ұйым қандай іске қызмет етуге тиіс болған еді дегенге келсек, бұл ең алдымен революцияның жаңадан көтерілуі жөніндегі үміттің ақталу-ақталмауына байланысты болды. Ал мұның өзі 1850 жылдың бойында ықтималдығы бірден-бірге кем, тіпті мүмкін емес бола түсті. 1848 жылғы революцияны әзірлеп берген 1847 жылғы өнеркәсіп дағдарысы жойылды; өнеркәсіптік өрлеудің осы уақытқа дейін құлақ естіп көрмеген

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 178—188-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 322—328-беттер. *Ред.*

жаңа дәуірі басталды. Көруге көзі бар, онымен пайдаланатын адамның қай-қайсысына да 1848 жылғы революциялық дауылдың бірте-бірте басылып бара жатқаны айқын болуға тиіс болды.

«Буржуазиялық қатынастардың шеңберінде тегінде буржуазиялық қоғамның өндіргіш күштері қаншалықты дами алатын болса, соншалықты өрши дамып отырған бұл сияқты жаппай дәуірлеудің кезінде *нағыз революция туралы сөз болуы да мүмкін емес.* Бұл сияқты революция осы екі фактордың екеуі — қазіргі өндіргіш күштер мен өндірістің буржуазиялық формалары өзара қайшылыққа келген дәуірде ғана болуы мүмкін. Континенттік тәртіп партиясының жекелеген фракциялары өкілдерінің өзара бірінің-бірі беделін түсіріп, қазіргі ден қойып отырған үздіксіз айтыс-тартысы тіпті де жаңа революцияға бастамайды; қайта, айтыс-тартыстардың мүмкін болып отырған бірден-бір себебі — қазіргі кезеңде қоғамдық қатынастардың негізі өте берік және өте *буржуазиялық* негіз, мұны реакция білмейді. *Демократтардың барлық іштей ашынған наразылықтары мен барлық жалынды прокламациялары сияқты,* буржуазиялық дамуды бөгемек болған реакциялық әрекеттердің барлығы да *осы негізге соғылып күмәнсыз күл-талқан болады».* «1850 жылғы май — октябрь айларындағы шолуда» Маркспен екеуіміз осылай деп жазғанбыз: «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue»[56], V—VI кітап, Гамбург, 1850, 153-бет*.

Алайда жағдайды осындай байыпты түсіну көп адамға ол кезде күпірлік болып көрінді; бұл кезде Ледрю-Роллен, Луи Блан, Мадзини, Қошут, ал бұлардан кішірек неміс қайраткерлерінің ішінен Руге, Кинкель, Гёгг және солар сияқтылар өздерінің отандары үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл Европа үшін Лондонда болашақ уақытша үкіметтерді он-оннан құрып жатты және осының бәрін европалық революцияны жүзеге асыру үшін және, әрине, көзді ашып-жұмғанша толып жатқан әр түрлі республикалар орнату үшін революциялық заем арқылы Америкадан қажетті қаражат алуға ғана әкеліп тіреді. Міне мұндай қармаққа Виллих сияқты адамның түсіп қалғаны, ескі революциялық қызуы бар Шаппердің де алданып қалғаны және көбінесе эмигранттардан құралған Лондон жұмысшыларының көпшілігі соларға еріп, революцияны буржуазиялық-демократиялық жасаушылардың лагеріне өтіп кеткені кімді таңдандыра алады? Қысқасы, біздің қорғап отырған ұстамдылығымыз бұл адамдарға ұнамады; олардың ойынша, революцияны жасай бастау керек еді; біз бұдан нағыз үзілді-кесілді түрде бас тарт-

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 467-бет. *Ред.*

тық. Жіктеліс туды. Мұнан әрі не болғанын «Әшкерелеулерден»* оқуға болады. Сонан кейін әуелі Нотьюнг, ал одан соң Гамбургте Хаупт қамауға алынды; бұл Хаупт Кёльнде Орталық комитеттің мүшелерін ұстап беріп, сатқын болып шықты және процесте бас куә есебінде көрінуге тиісті болды; оның туысқандары мұндай масқара болудан қашуды артық көріп, оны Рио-де-Жанейроға жөнелтті, онда барып ол кейін көпес болып орналасты және өзінің сіңірген еңбектері танылып, әуелі Пруссияның, ал одан кейін Германияның бас консулы болып тағайындалды. Қазір ол тағы да Европада жүр**.

«Әшкерелеулерді» жақсы түсіну үшін мен Кёльн айыпталушыларының тізімін келтірейін: 1) П. Г. Рёзер, сигарашы-жұмысшы; 2) Генрих Бюргерс, кейін өмірін ландтагтың прогрессистік депутаты болып аяқтаған адам; 3) Петер Нотьюнг, тігінші, бұдан бірнеше жыл бұрын Бреславльде фотограф болып жүріп өлген; 4) В. Й. Рейф; 5) д-р Герман Беккер, қазір Кёльннің обер-бургомистрі және мырзалар палатасының мүшесі; 6) д-р Роланд Даниельс, дәрігер, түрмеде отырып жабыстырған көкірек ауруынан процестен бірнеше жыл кейін өлген; 7) Карл Отто, химик; 8) д-р Абраам Якоби, қазір Нью-Йоркте дәрігер; 9) д-р И. Я. Клейн, қазір дәрігер және Кёльннің қалалық өзіндік басқарма депутаты; 10) Фердинанд Фрейлиграт, ол, алайда, сол кездің өзінде Лондонда болған; 11) И. Л. Эрхардт, приказчик; 12) Фридрих Лесснер, тігінші, қазір Лондонда тұрады. Ашық мәжілістері 1852 жылғы 4 октябрьден 12 ноябрьге дейін созылған присяжныйлар соты бұлардың ішінен мемлекетке опасыздық етті деген айып тағып Рёзерді, Бюргерсті және Нотъюнгті 6 жылдан қамалға қамауға, Рейфті, Оттоны және Беккерді — 5 жылдан, Лесснерді — 3 жылға қамауға үкім шығарды; Даниельс, Клейн, Якоби және Эрхардт ақталды.

Неміс коммунистік жұмысшы қозғалысының бірінші дәуірі Кёльн процесімен аяқталады. Үкім шығарылғаннан кейін ілешала біз Одағымызды тараттық; бірнеше ай өткеннен кейін Виллих — Шаппердің Зондербунды да[135] опат болды.

* * *

Қазір ол кез бен арамызды тұтас бір ұрпақ бөліп жатыр. Ол кезде Германия қолөнерінің және қол еңбегіне негізделген

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 423—491-беттер. *Ред.*

** Шаппер 60-жылдардың аяғында Лондонда қайтыс болды. Виллих Америкадағы Азамат соғысына[59] қатынасып, еңбегі бағаланды.; Мёрфрисборо (Теннесси) түбінде болған шайқаста, бригадалық генерал болып жүріп, кеудеден жараланған еді, алайда жазылып кетті; ол бұдан он жылдай бұрын Америкада өлді. Аталып өткен адамдардың басқалары жөнінде менің айта кетерім: Генрих Бауэр Австралияға барып ізсіз-түзсіз кетті, Вейтлинг пен Эвербек Америкада өлді.

үй өнеркәсібінің елі еді, енді бұл өнеркәсіптің үздіксіз өзгерістеріне іліккен ірі индустриялы ел болып отыр. Ол кезде өзінің таптық жағдайын және өзінің капиталға тарихи-экономикалық қарама-қарсылығын түсінетін жұмысшыларды бір-бірлеп іздеп табу керек болған еді, өйткені осы қарама-қарсылықтың өзі ол кезде жаңа туып келе жатқан еді. Енді неміс пролетариатының өзінің езілген тап ретіндегі жағдайын толық түсінуге бағыт алған даму процесін тек аз да болса бәсендетпек үшін бүкіл неміс пролетариатын ерекше заңдардың тезіне салуға тура келіп отыр. Ол кезде пролетариаттың тарихи ролін түсінуге дейін жеткен сол азғантай адамдар астыртын жұмыс істеуге, үш адамнан жиырма адамға дейін шағын қауым болып жасырын жиналуға тиіс болған еді. Ендігі жерде неміс пролетариаты тіпті ашық та, құпия да ресми ұйымсыз-ақ іс тындыра алады; табы бір, ой-өрісі бірыңғай жолдастардың қарапайым, өзінен-өзі түсінікті байланысы бүкіл Герман империясын ешқандай уставтарсыз, комитеттерсіз, қаулыларсыз және солар сияқты сезілетін формаларсыз-ақ астан-кестен қылуға жеткілікті. Бисмарк — Европада, Германиядан тыс жерлерде аралық судья; бірақ ел ішінде неміс пролетариатының барған сайын айбынды бола түскен алып тұлғасы күннен күнге өсіп келеді, мұны Маркс 1844 жылы-ақ болжаған болатын; филистерге шақталып салынған империялық үй бұл алыпқа өте тар болып барады және империя конституциясының бүкіл сарайын жермен-жексен ету үшін оның өз орнынан көтерілуі ғана жеткілікті болатын кезеңін алдан болжап, оның сом денесі мен кең жауырыны барған сайын нығайып келеді. Ол ол ма. Европалық және американдық пролетариаттың халықаралық қозғалысының қазір әбден нығайғандығы сонша — оның бірінші тар формасы — құпия Одақ — қана емес, сонымен бірге оның екінші, әлдеқайда кең формасы — жария Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі де — оған енді тұсау болып отыр; барлық елдер мен тілдердің жұмысшыларынан пролетариаттың бір ұлы партиясын құрып, оның топтасқандығын сақтап отыру үшін өзінің бірыңғай таптық жағдайын түсінуге негізделген ынтымақтылықтың жай сезімі ғана жеткілікті болады. 1847 жылдан 1852 жылға дейін өкілі Одақ болған ілім және данагөй филистерлер ол кезде ессіздердің сандырағы деп, жалғыз-жарым бірнеше сектанттың құпия ілімі деп ықтарын қушита қараған ілім, міне осы ілім қазір дүниенің барлық цивилизациялы елдерінде, Сибирь рудниктері тұтқындарының арасында және Калифорнияның алтын іздеушілері арасында сансыз көп жақтаушылар тауып отыр; ал осы ілімді жасаған адам, өз тұстастары бәрінен де жек көрген және бәрінен де көп жала жапқан адам, Карл Маркс, қай-

тыс боларының алдында Ескі және Жаңа дүние пролетариатының үнемі ақыл сұраған кеңесшісі болды және ол өзінің жәрдемін еш уақытта аямады.

***Фридрих Энгельс***

Лондон, 8 октябрь 1885 ж.

*Мына кітапта: Karl Marx. «Enthüllungen über den Kommunisten-Prozeß zu Köln». Hottingen-Zürich, 1885, және «Der Sozialdemokrat» газетінің 46—48-номерлерінде, 1885 жылғы 12, 19 және 26 ноябрьде басылған*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр; 2-басылуы, 21-том, 214—232-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# СЕМЬЯНЫҢ, ЖЕКЕ МЕНШІКТІҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫҒУЫ[136]

## 1884 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Осыдан кейін келетін тараулар белгілі дәрежеде өсиетті орындағандық болып табылады. Морган зерттеулерінің нәтижелерін басқа ешкім де емес, нақ Карл Маркс тарихты өзінің материалистік тұрғыдан зерттеуінің — белгілі бір шекте біздің зерттеуіміздің деп айта аламын — қорытындыларымен байланыстыра отырып баяндап, тек осы ретпен ғана олардың бар мәнін айқындап шықпақшы болған-ды. Маркс бұдан қырық жыл бұрын ашқан тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді Америкада Морган өзінше қайтадан ашты ғой, сөйтіп оны басшылыққа ала отырып, варварлық пен цивилизацияны салыстыра келіп, оның басты-басты пункттерде келген қорытындылары Маркстің қорытындыларының нақ өзі болды. Германияның әккі экономистерінің «Капитал» жөнінде қаншалық қасарысып, жұмған ауыздарын ашпай келсе, соншалық ыждаһатпен одан нешеме жылдар көшіріп алып жүргені сияқты, нақ осы сияқты Англиядағы «тарихтан бұрынғы» ғылымның өкілдері де Морганның «Ежелгі қоғамы»* жөнінде дәл осыны істеді. Менің еңбегім досым марқұмның орындай алмай кеткен ісінің орнын әрең ғана толтыруы мүмкін. Бірақ менің қолымда оның Морганнан көшіріп алған егжей-тегжейлі үзінділерінің** арасында сын ескертпелері бар, бұларды мен қаралып отырған тақырыпқа қатыстылығына қарай осында келтіріп отырмын.

Материалистік түсінік бойынша, тарихтағы шешуші нәрсе — түптеп келгенде, тіршіліктің өзін өндіру және ұдайы өндіріп

---

* «Ancient Society, or Researches in the Lines of Human Progress from Savagery through Barbarism to Civilization». By Lewis H. Morgan. London, Macmillan and Co., 1877 [Льюис Г. Морган. «Ежелгі қоғам, немесе адамзаттың тағылықтан шығып, варварлық арқылы цивилизацияға жету прогресінің жолдарын зерттеу». Лондон, Макмиллан және К°, 1877]. Кітап Америкада басылған, оны Лондоннан тауып алу өте қиын. Авторы бұдан бірнеше жыл бұрын өлген.

** Қараңыз: *К. Маркс.* «Льюис Г. Морганның «Ежелгі қоғам» атты кітабының конспектісі» («Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 1941, 1—192-беттер). *Ред.*

отыру. Бірақ оның өзі тағы да екі түрлі болады. Бір жағынан — тіршілік заттарын: тамақ, киім-кешек, тұрғын-үй және осыған керекті құралдарды өндіру; екінші жағынан — адамның өзін өндіру, ұрпақтың жалғасуы. Белгілі бір тарихи заман мен белгілі бір елдің адамдары тіршілік ететін қоғамдық тәртіптер өндірістің екі түріне де: бір жағынан — еңбектің, екінші жағынан — семьяның даму сатысына байланысты болады. Еңбек неғұрлым кем дамыса, оның өнім мөлшері, демек, қоғам байлығы неғұрлым шектеулі болса, қоғам құрылысының рулық байланыстарға тәуелділігі соғұрлым айқын көрінеді. Бұл екі арада, рулық байланыстарға негізделген осы қоғам құрылымының шеңберінде еңбек өнімділігі барған сайын дами түседі, ал онымен бірге — жеке меншік пен айырбас, дүние-мүлік айырмашылықтары, басқаның жұмыс күшін пайдалану мүмкіндігі арта түседі, осы арқылы тап қайшылықтарының негізі: ескі қоғамдық құрылыс пен жаңа жағдайлардың бір-бірімен сыйыса алмайтындығы, ақырында, бүтіндей төңкеріске апарып соқпайынша, ұрпақтан ұрпаққа дейін сол ескі қоғамдық құрылысты жаңа жағдайларға бейімдеуге тырысатын жаңа әлеуметтік элементтер дами түседі. Ру бірлестіктеріне негізделген ескі қоғам жаңа құрылған қоғамдық таптардың қақтығысуы нәтижесінде күл-талқан болады; оның орнын мемлекет болып ұйымдасқан жаңа қоғам басады, бұл мемлекеттің ең төменгі буындары енді ру бірлестіктері емес, территориялық бірлестіктер болады,— бұл қоғамда семьялық құрылыс меншік қатынастарына толық бағынышты болады және мұнда біздің заманымызға дейінгі бүкіл *жазылған* тарихтың мазмұны болып табылатын тап қайшылықтары мен тап күресі бұдан былайғы жерде еркін өрістей беретін болады.

Морганның сінірген ұлы еңбегі сол—ол біздің жазылған тарихымыздың тарихтан бұрынғы осы негізін басты-басты белгілері жағынан ашып, қалпына келтірді және солтүстік американ үндістерінің ру байланыстарынан ежелгі грек, рим және герман тарихының ең басты, күні бүгінге дейін ашылмай келген сырларын ашудың кілтін тапты. Оның шығармасы — бір күнде біте қалған еңбек емес. Өз материалын жете игеріп алғанша, ол онымен қырық жылға жуық шұғылданған. Бірақ, мұның есесіне, оның кітабы да біздің кезімізде өзіне бір заман жасаған азын-аулақ шығармалардың бірі болып табылады.

Бұл арада ненің Моргандікі екенін және менің не қосқанымды, жалпы алғанда, осы төменгі баяндауымыздан оқушы оңай ажырата алады. Греция мен Рим жөніндегі тарихи бөлімдерде мен Морганның деректерімен шектелгенім жоқ, оған қолымдағы барымды қостым. Кельттер мен германдар жөніндегі бөлімдер негізінен алғанда менікі; бұл жөнінде Морганның қолындағылар түпкі деректерден алынбаған материалдар ғана деуге

болады, ал германдар туралы келтіргені — Тациттен басқасы — Фирман мырзаның арзан қолды либералдық бұрмалаулары ғана. Морганның алға қойған мақсаттары үшін жеткілікті болған, бірақ менің мақсаттарым үшін мүлде жеткіліксіз экономикалық дәлелдемелердің бәрін де мен қайта өндеп шықтым. Ақырында, Морганға тікелей сілтеме келтірмей жасалған қорытындылардың барлығына менің жауап беретінім өзінен өзі түсінікті.

*1884 ж. 26 май шамасында жазылған*

*Мына кітапта басылған: F. Engels. «Der Ursprung der Familie, des Privateigentums und des Staats»., Hottingen-Zürich, 1884*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 21-том, 25—27-беттер*

## 1891 ЖЫЛҒЫ НЕМІСШЕ ТӨРТІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

### АЛҒАШҚЫ СЕМЬЯНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ (БАХОФЕН, МАК-ЛЕННАН, МОРГАН)[137]

Бұл кітаптың көп тиражбен шыққан бұдан бұрынғы басылымдары осыдан жарты жыл бұрын дерлік түгел тарап кетті, сондықтан мұны жаңадан басуға дайындап беруімді баспа иесі* көптен сұраған еді. Неғұрлым шұғыл жұмыстар бұған дейін маған мұны істеуге кедергі жасап келді. Бірінші басылуы жарыққа шыққаннан бері жеті жыл өтті, ал бұл жылдардың ішінде семьяның алғашқы формаларын зерттеуде үлкен табыстарға қол жетті. Сондықтан бұл арада мұқият түрде түзетулер мен толықтырулар жасау қажет болды, оның үстіне бұл текст стереотиптен басылғалы отырғандықтан, бірсыпыра уақытқа дейін менің оған жаңа өзгерістер енгізуіме мүмкіндігім болмайды**.

Сонымен, мен бүкіл тексті мұқият қайта қарап шығып, бірқатар қосымшалар енгіздім, оларда ғылымның қазіргі жайы жеткілікті дәрежеде еске алынған болар деп сенемін. Онан соң, мен төменде осы алғы сөзде семья тарихы жөніндегі көзқарастардың Бахофеннен Морганға дейінгі дамуын қысқаша шолып өтемін; менің мұны істеп отырған себебім көбінесе мынадан: Морганның ашқан жаңалықтары арқылы алғашқы тарихқа деген көзқарастарда жасалған төңкерісті жасыру үшін алғашқы тарих жөніндегі шовинистік пиғылдағы ағылшын мектебі бұ-

---

* — И. Диц. *Ред.*

** «Die Neue Zeit» журналында жарияланған тексте бұл сөйлемнің соңы «оның үстіне» деген сөзден кейін мына редакцияда берілген: «жаңа басылым қазір немістің социалистік әдебиетінде дағдыға айналған, бірақ немістің кітап баспаларында әлі де өте сирек кездесетін көп тиражбен шығуға тиіс». *Ред.*

рынғыдай қолынан келгеннің бәрін істеп бағуда, бірақ соның өзінде де Морганның қолы жеткен нәтижелерін өзіне иемденуге ешбір шіміркенбей отыр. Басқа елдерде де кей жерлерде ағылшынның осы үлгісіне бар ынтасымен еріп жүргендер бар.

Менің еңбегім әр түрлі шетел тілдеріне аударылды. Ең алдымен итальян тіліне аударылды: «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы», Паскуале Мартиньеттидің автор қарап шыққан аудармасы, Беневенто, 1885. Онан кейін румын тіліне аударылды: «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы», Ион Нэдежденің аудармасы; ол Яссыда шығатын «Contemporanul»[138] журналында 1885 жылдың сентябрінен 1886 жылдың май айына дейін жарияланды. Сонан соң дат тіліне аударылды. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы», Герсон Трир әзірлеген басылуы. Копенгаген, 1888; осы немісше басылуынан Анри Равенің французша аударғаны басылып жатыр.

* * *

Алпысыншы жылдардың бас кезіне дейін семья тарихы жөнінде әңгіме болуы да мүмкін емес еді. Бұл саладағы тарихи ғылым әлі бүтіндей Моисейдің Бес кітаптығының ықпалында болатын. Басқа жерлердегінің бәрінен осында толығырақ баяндалған патриархаттық семья формасын жұрт семьяның ең ерте заманғы формасы деп сөзсіз есептеп қана қойған жоқ, сонымен қатар — көп әйел алушылықты қоспағанда — қазіргі заманғы буржуазиялық семьямен бір деп түсінді, сөйтіп семья, затында, ешбір тарихи дамуды басынан кешірмеген болып шықты; ең әрі кеткенде алғашқы замандарда тәртіпке салынбаған жыныс қатынастарының орын тепкен кезеңі болды деген ұйғарынды жасалды.— Рас, дара некеден басқа, шығыста болған көп әйел алушылық пен үнді-тибетте көп күйеулі болушылық та мәлім еді; бірақ бұл үш форманы тарихи дәйектілікпен орналастыру мүмкін болмады, сондықтан олар өзара ешбір байланыссыз, бірімен-бірі қатар кездесіп отырды. Ежелгі дүниенің кейбір халықтарында, қазір де бар кейбір тағы адамдардағы сияқты, шыққан тегі әкесі жағынан емес, анасы жағынан саналғаны, сондықтан әйел жағы бірден-бір манызды деп танылғаны; қазіргі заманғы көптеген халықтарда сол кезде әлі жете зерттеле қоймаған белгілі бір азды-көпті ірі топтарының ішінде некелесуге тыйым салынатыны, ал бұл ғұрып әлемнің барлық жерінде кездесетіні,— бұл фактілер, расында, жұртқа мәлім еді, мұндай мысалдар барған сайын көптеп жинала берді. Бірақ бұларға қалай қарауды ешкім білмеді, тіпті Э. Б. Тэйлордың «Адамзаттың алғашқы тарихын т. б. зерттеу» (1865) деген еңбегінде де бұл фактілер кейбір тағы адамдардың жанып жатқан ағашқа темір құрал тигізуге тыйым салатыны сияқты, тағы

сондай түкке тұрғысыз діни нәрселермен бірге «оғаш әдет-ғұрыптар» ретінде әншейін ғана көрсетіледі.

Семьяның тарихын зерттеу 1861 жылдан, Бахофеннің «Аналық право» деген еңбегі жарыққа шыққан кезден басталады. Автор бұл еңбегінде мынадай қағидаларды ұсынды: 1) адамдар алғашқы кезде ешбір тежеусіз жыныс қатынастарында болған, мұны ол «гетеризм» деген қонымсыз сөзбен атайды; 2) мұндай қатынастар туған баланың әкесін дәлдеп анықтауға ешбір мүмкіндік бермейді, сондықтан да шыққан текті әйел жағынан ғана — аналық право бойынша — анықтауға болатын еді,— көне заман халықтарының барлығында алғашқы кезде мұның өзі нақ осылай болған-ды; 3) осының нәтижесінде әйелдерді ана ретінде, жас ұрпақты дүниеге келтірген бірден-бір шын мәлім адамдар ретінде жұрт аса қадірлеп, барынша құрметтеп отыратын болған; мұның өзі, Бахофеннің пікірінше, әйелдердің толық үстем болуына дейін жеткен (гинекократия); 4) әйел тек бір ғана еркекке тән болған дара некеге көшудің өзі — сонау ерте заманның діни қағидасын бұзғандық (яғни іс жүзінде басқа еркектердің осы әйелге деген ежелгі правосын бұзғандық) болды; бұл қағиданы бұзу кінәсын жууды керек етті немесе оған әйел белгілі бір уақыт бойына басқа еркектердің еркінде болуға тиіс болып табылатын өтеу шартымен жол берілді.

Бахофен бұл қағидаларды ерте заманның классикалық әдебиетінен ерекше құнттап жинастырылған, толып жатқан цитаттар келтірумен дәлелдейді. «Гетеризмнен» моногамияға және аналық праводан аталық правоға бет алған даму, оның ойынша,— әсіресе гректерде,— діни түсініктердің онан әрі дамуы салдарынан болады, ескі көзқарастарды бейнелейтін құдайлардың дәстүрлі тобына жаңа құдайлардың, жаңа көзқарас өкілдерінің енуі салдарынан болады, сондықтан жаңа құдайлар ескі көзқарастарды бейнелейтін құдайларды барған сайын кейін ығыстыра береді. Сонымен, Бахофеннің ойынша, еркек пен әйелдің өзара қоғамдық жағдайында тарихи өзгерістер туғызған—адамдардың шын тұрмыс жағдайларының дамуы емес, осы тұрмыс жағдайларының нақ сол адамдардың ақыл-ойларындағы діни бейнеленуі. Осыған сәйкес, Бахофен Эсхилдің «Орестеясын» құрып бара жатқан аналық право мен ерлік заманда туып, жеңіске ие болып келе жатқан аталық правоның арасындағы күрестің драмалық суреттелуі деп түсіндіреді. Өзінің көңілдесі Эгистке бола Клитемнестра Троя соғысынан қайтқан жұбайы Агамемнонды өлтіреді; бірақ Клитемнестра мен Агамемнонның баласы Орест әкесін өлтіргені үшін өз анасын өлтіріп, әкесінін кегін алады. Бұл үшін аналық правоны қорғайтын перілер — Эриниялар оны кудалайды, өйткені аналық право бойынша, ана өлтірушілік — ең ауыр, ешбір кешірілмейтін қылмыс. Бірақ өзінің абызы арқылы Орестті осы іске итерме-

леген Аполлон мен сот ретінде шақырылған Афина,— бұл арада аталық правоға негізделген жаңа тәртіптің өкілдері ретіндегі екі құдайдың екеуі де,—Орестті қорғайды; Афина екі жақты да тыңдап алады. Даудың неден шыққандығының бәрі Орест пен Эриниялардың арасында болған айтыста қысқаша тұжырымдалып айтылады. Оресттің келтіретін дәлелі мынау: *өзінің* күйеуін, сонымен бірге *менің* әкемді өлтіріп, Клитемнестра екі бірдей зұлымдық істеді. Эриниялар айыбы әлдеқайда зор Клитемнестраны қудаламай, мені неге қудалайды? Жауабы таңғажайып:

«Өзі өлтірген ерімен оның *қаны бір тума емес-ті*»*.

Қандас тума емес адамды өлтіру, тіпті ол адам өзін өлтірген әйелдің күйеуі болған күнде де, кешірілуі мүмкін, оның Эринияларға ешбір қатысы жоқ; олардың ісі — қандас туыс адамдардың арасында болатын кісі өлтірушілікті ғана қудалау, сондықтан аналық право бойынша, бұл арадағы қылмыстың ең ауыры әрі ешбір кешірілмейтіні — ана өлтірушілік болады. Бірақ Орестті қорғаушы ролінде Аполлон шығады; Афина мәселені ареопаг мүшелерінің — Афины присяжныйларының — дауыс беруіне қояды; дауыстар ақтауды да, айыптауды да жақтап, екіге тең жарылады; сол кезде Афина тұрып, председатель ретінде, Орестті жақтап дауыс береді де, оны ақталды деп жариялайды. Аталық право аналық правоны жеңіп шықты, «кенже ұрпақтың құдайлары»,— бұларды Эриниялардың өздері осылай атайды,— Эринияларды жеңіп шығады, сонымен, түптеп келгенде, Эриниялар да жаңа тәртіпке қызмет етуге көшіп, өздеріне жаңа міндеттер алуға келіседі.

«Орестеяның» осы жаңаша, бірақ әбден дұрыс түсіндірілуі Бахофеннің бүкіл кітабындағы ең тамаша, ең жақсы жазылған жерлерінің бірі болып табылады, бірақ сонымен бірге мұның өзі Эринияларға, Аполлон мен Афинаға кезінде Эсхил қалай сенген болса, Бахофеннің де олардан кем сенбейтіндігін дәлелдейді; атап айтқанда, оның сенетіні — гректің ерлік заманында олар керемет іс жасады: аналық правоны құлатып, оны аталық правомен алмастырды. Діннің дүние жүзі тарихының шешуші тұтқасы боларлықтай маңызы бар дейтін мұндай көзқарастың, түптеп келгенде, барып тұрған мистицизм болатындығы айдан анық нәрсе. Сондықтан Бахофеннің кітабын — көлемі үлкен қалың томын — зейінмен оқудың өзі өте қиын шаруа және оншама ыгілікті іс емес. Бірақ мұның бәрі жаңа жол салған зерттеуші ретіндегі оның сіңірген еңбегін кемітпейді; ол адам баласының тәртіпке салынбаған жыныс қатынастары болған алғашқы түсініксіз күйі туралы айтылып жүрген бос сөздердің орнына ежелгі заманның классикалық әдебиетінде мынадай

* *Эсхил*, «Орестея. Эвменидтер». *Ред.*

жайларды растайтын дәлелдердің бар екенін бірінші болып дәлелдеп берді: гректер мен Азиялық халықтарда дара некеден бұрын шын мәнінде мынандай жағдай болған: ол кезде әдет-ғұрыпты ешбір бұзбастан, бірнеше әйелмен жыныс қатынасын жасаған еркек қана емес, сонымен қатар әйел де бірнеше еркекпен жыныс қатынасын жасады; бұл ғұрып жойылған кезде өзінен кейін мынадай із қалдырды: әйел дара некелі болу правосын алғанда, белгілі бір шекте басқа еркектердің еркінде болып барып қана алуға тиіс болған; сондықтан шыққан тек алғашында тек әйел жағынан ғана — анадан анаға қарай есептелетін болған; әйел жолының осы айрықша маңызының өзі анықталған немесе қалайда жұрт мойындай бастаған ата жолының тұсындағы дара некенің кезінде де көпке дейін сақталып келді; ақырында, өз балаларының бірден-бір анық туған анасы болып есептелетін аналардың осы алғашқы жағдайы оларды, ал сонымен бірге әйел біткеннің барлығын қоғамдық зор дәрежеге ие қылды, содан бері олар енді еш уақытта да ондай дәрежеге ие болып көрген емес. Рас, Бахофен бұл қағидаларды осылай айқын етіп тұжырымдап шықпаған,— бұған оның дүниеге мистикалық көзқарасы кедергі болды. Бірақ ол бұл қағидаларды дәлелдеп шықты, осының өзі де 1861 жылы нағыз революция жасағандық болып табылды.

Бахофеннің қалың томы немісше, яғни ол кезде қазіргі заманғы семьяның бастапқы тарихымен оншама ісі болмаған ұлттың тілінде жазылған еді. Сондықтан кітап белгісіз күйде қалды. Бахофеннің 1865 жылы іске араласқан дәл сол майдандағы ең жақын ізбасары тіпті Бахофенді есітпеген де еді.

Оның бұл ізбасары Дж. Ф. Мак-Леннан еді, ол өзінің ізашарына тура қарама-қарсы сипаттағы адам болды. Біз енді данышпан мистиктің орнында қатымыр юристі көреміз; адуын ақындық қиялдың орнына сотта сөйлеп тұрған адвокаттың мұқият өлшеп-екшеп айтқан сөздерін көреміз. Мак-Леннанның айтуынша, тағы, варвар халықтардың, тіпті ежелгі заман мен жаңа заманның цивилизациялы халықтарының да бірсыпырасында неке қиысудың мынадай формасы болған: мұнда күйеу бір өзі немесе өзінің достарымен барып, қалындығын оның туғандарынан зорлықпен ұрлап әкетуі керек болған. Бұл ғұрып, сірә, бір тайпа еркектерінің өздеріне әйелді шеттен, басқа тайпалардан шын мәнінде еріксіз ұрлап әкетіп отырған неғұрлым ертеректегі әдет-ғұрыптың сарқыншағы болу керек. Ал осы «ұрлап әкетіп некелесу» қалай шықты? Еркектер әйелдерді өз тайпасының ішінен жеткілікті тауып тұрған кезде мұндай некенің шығуына ешбір себеп болмаған еді. Бірақ даму жағынан кенже қалған халықтарда белгілі бір топтардың бар екенін (1865 жылы жұрт оларды екінің бірінде тайпалардың өзімен бір санап келген еді), бұлардың ішінде өзара некелесуге тыйым

салынғандығын, сондықтан еркектердің осы топтан тысқары жерден әйел алып, әйелдердің басқа жерге күйеуге шығуға мәжбүр болғанын да біз өте жиі кездестіреміз; ал оның бер жағында басқа халықтарда белгілі бір топ еркектерінің тек өз тобының ішінен ғана әйел алуын талап ететін салттың болғанын кездестіреміз. Мак-Леннан алғашқы топтарды — экзогамиялы, соңғыларын — эндогамиялы топтар деп атайды да, дәл осы арада, онан әрі көп сөзге бармай, экзогамиялы және эндогамиялы «тайпалардың» арасында зор қарама-қарсылық бар деп шығады. Экзогамия жөніндегі оның дәл өзінің зерттеуі мына фактіні — бұл қарама-қарсылықтың көбінесе немесе барлық реттерде болмаса да, бірсыпыра реттерде оның ойындағы ғана нәрсе екенін өз көзіне тура шұқып көрсетсе де, Мак-Леннан сол қарама-қарсылықты, дегенмен өзінің бүкіл теориясының негізіне алып отыр. Бұған қарағанда, экзогамиялы тайпалар тек басқа тайпалардан ғана әйел ала алады, ал мұның өзін тағылық дәуіріндегі тайпалар арасында үздіксіз бола беретін соғыстың кезінде әйел ұрлау арқылы ғана істеуге болады.

Онан соң Мак-Леннан: бұл экзогамия ғұрпы қайдан шыққан? деп сұрақ қояды. Қандас тумаластық пен қан араласуы туралы ұғымдардың бұған ешбір қатысы жоқ: бұлар — едәуір бертінде ғана дамыған құбылыстар. Тағы адамдар арасында кең тараған: қыз балаларды туысымен өлтіру ғұрпына келсек — бұл басқаша мәселе. Осы себепті әрбір жеке тайпада ер адамдар көбейеді, осының салдарынан лажсыз бірнеше еркектің ортақ, бір әйелі болатын болады — көп күйеулі болушылық туады. Осыдан барып, оның пікірінше, туған баланың анасы кім екені белгілі болады, бірақ оның әкесі кім екені белгісіз болады, сондықтан да туысқандық еркек жағынан саналмай, әйел жағынан ғана саналатын болған. Аналық право дегеніміз осы еді. Ал тайпа ішінде әйелдердің жетіспегендігінің,— жетіспегенде, көп күйеулі болушылық арқылы біраз жеңілдейтін, бірақ жойыла қоймайтын жетіспегендігінің,— екінші бір салдары: бөтен тайпалардың әйелдерін үнемі зорлықпен тартып әкетіп отырғандық еді.

> «Экзогамия мен көп күйеулі болушылықтың екеуі де бір себептен,— екі жыныстың екеуінің де сан жағынан тең болмауынан,— туатын болғандықтан, *экзогамиялы нәсілдердің бәрінде де алғашында көп күйеулі болушылық болған* деуге тиіспіз... Сондықтан да экзогамиялы нәсілдердің арасында қандастықты ана жағынан ғана білген жүйе туысқандықтың алғашқы жүйесі болғанын даусыз деуге тиіспіз» (Мак-Леннан. «Ежелгі заман тарихының очерктері», 1886. «Алғашқы неке», 124-бет).

Мак-Леннанның сіңірген еңбегі сол — ол өзінің экзогамия деп атап отырған нәрсесінің жер-жерге түгел тараганын және оның зор маңызы бар екенін атап көрсетті. Ол экзогамиялы топ-

тардың болған фактісін әсте *ашқан* емес, қалай дегенмен оны түсінген де емес. Бірсыпыра бақылаушылардың неғұрлым ертеректегі кейбір пікірлерін тіпті әңгіме қылмағанның өзінде,— Мак-Леннанның негізге алғанының өзі нақ осылар,— Лейтам («Сипаттама этнология», 1859) үнді магарларындағы[139] бұл институтты дәлме-дәл, дұрыс суреттеп шығып, оның жаппай таралған нәрсе екенін, дүниенің барлық бөліктерінен түгел кездесетінін көрсетті,— оның бұл жерін Мак-Леннанның өзі цитат етіп келтіреді. Тіпті біздің Морган да 1847 жылдың өзінде-ақ ирокездер жөнінде жазған хаттарында («American Review»-де жарияланған) және 1851 жылы «Ирокездер лигасы» деген еңбегінде тайпалардың бұл тобында осындай институттың бар екенін дәлелдеп, оны дұрыс суреттеп шыққан болатын, бірақ Мак-Леннанның адвокаттық ақыл-ойы мұны Бахофеннің аналық право саласына енгізген мистикалық қиялынан әлдеқайда көп шатастырды, мұны кейін көреміз. Мак-Леннанның онан кейінгі сіңірген еңбегі сол — ол аналық право бойынша шыққан тек тәртібін алғашқы тәртіп деп таныды, дегенмен соңынан өзінің мойындағанындай, Бахофен мұны одан бұрын көрсеткен. Бірақ бұл арада да оның айтқанында күңгірттік бар; ол үнемі «тек әйел жағынан ғана тарайтын туысқандық» (kinship through females only) туралы әңгіме қылады, дамудың неғұрлым ертеректегі сатысына қолдану дұрыс болатын бұл сөздерді дамудын соңғы кездегі сатыларына да үнемі қолдана береді; рас, дамудың соңғы кездердегі сатылары тұсында шыққан тек пен мұралану правосы әлі де тек қана әйел жағынан есептелген, бірақ сонымен бірге, туысқандық еркек жағынан да танылып, белгіленетін болған. Мұның өзі юристің өресі тарлығын көрсетеді, ол өзіне праволық берік термин жасап алған да, оны ешбір өзгертпестен, көптен қолдануға болмай қалған жағдайларға да қолдана береді.

Бірақ Мак-Леннан теориясы қаншама негізді болғанымен, ол, сірә, авторының өзіне де оншама жете дәлелденбеген болып көрінді. Қалай болғанда да ол өзі мынаған назар аударып отыр:

> «көңіл қоярлық бір факті әйел ұрлаудың» (жалған) «неғұрлым айқын көрінетін формасы нақ сол туыстықты *ата жолымен* белгілеу» (яғни шыққан тегін ата жолымен анықтау) «*үстем* болған халықтарда көп тараған» (140-бет).

Онан әрі былай дейді:

> «Біздің білуімізше, бір ғажап жері, экзогамия мен туысқандықтың ең ерте заманғы формасы қатар өмір сүретін жерлерде бала өлтірушілік ешқашан да үнемі қолданылмайды» (146-бет).

Бұл екі фактінің екеуі де оның мәселені түсіндіру әдісіне көрінеу қайшы келіп отыр, сондықтан ол бұларға жаңа, онан да бетер шатастырылған болжауларды ғана қарсы қоя алады.

Солай бола тұрса да, Англияда жұрт оның теориясын әбден ұнатып, зор ықыласпен қарсы алды; жұрттың бәрі мұнда Мак-Леннанды семья тарихының негізін салған, осы саладағы бірінші беделді адам деп санады. Оның экзогамиялы «тайпаларды» эндогамиялы «тайпаларға» қарама-қарсы қоюы, бұл жөнінде кейбір ерекшеліктер мен өзгерістер анықтала тұрса да, сол кездегі үстем көзқарастардың жалпы жұрт таныған негізі болып қала берді және зерттеліп отырған саланы күні бұрын өлшеп-пішіп қоймай қарастырудың қандайына болса да, мұнымен бірге ілгері батыл қадам жасаудың қандайына болса да мүмкіндік бермейтін кедергі болды. Англияда, ал ағылшындарға қарап, басқа елдерде де тараған Мак-Леннанды асыра бағалаушылыққа қарсы мынаны баса көрсетуіміз керек: нағыз түсінбеушіліктен барып, экзогамиялы және эндогамиялы «тайпаларды» біріне-бірін қарама-қарсы қойғандығынан, оның зерттеулерінің пайдасынан гөрі зияны көбірек болды.

Оның бер жағында Мак-Леннан теориясының әсем шеңберіне сыймаған фактілер көп ұзамай-ақ үсті-үстіне ашыла бастады. Мак-Леннанның білгені некенің үш түрі ғана: көп әйел алушылық, көп күйеулі болушылық және дара неке. Ал енді жұрттың назары осы мәселеге аударылғаннан кейін, даму жағынан кенже қалған халықтарда бірнеше еркек бірігіп бірнеше әйелді иемденген неке формаларының болғанына көптеген дәлелдер табыла бастады; *Леббок* та («Цивилизацияның шығуы», 1870) осы топтық некені (Communal marriage) тарихи факті деп тапты.

Соның артынан іле-шала, 1871 жылы, *Морган* жаңа және көп реттерде шешуші маңызы бар материал жариялады. Оның мынаған көзі жетті: ирокездердегі өзінше бір үлгідегі туысқандық жүйесі Құрама Штаттардағы байырғы тұрғындардың барлығына тән болған, демек, континентте қабылданылған некелесу жүйесінен іс жүзінде туатын туысқандық дәрежелеріне ол жүйе тұп-тура қайшы келе тұрса да, бұл бүкіл континентке жайылған. Ол Американың федералдық үкіметінен өзі жасаған сұраулары мен кестелері бойынша, басқа халықтардағы туысқандық жүйелері туралы мәліметтер жинауды сұрады, сонан алынған жауаптардан ол мыналарды көрді: 1) Америка үндістеріндегі туысқандық жүйесі Азияның да толып жатқан тайпаларында бар екен, ал бұдан біраз өзгеше формада Африка мен Австралияда болып отыр; 2) бұл жүйе Гавайя аралдары мен Австралияның басқа да аралдарында нақ құру сатысында тұрған топты неке формасында толық көрінеді және 3) некенің осы формасымен қатар нақ сол аралдарда, алайда, топты некенің бұдан да гөрі ерте заманғы, қазірде құрып біткен формасымен ғана түсіндіруге болатын туысқандық жүйесі де бар екен. Жиналған мәліметтерді солардан жасаған өзінің қорытындыларымен қо-

сып, Морган өзінің 1871 жылғы «Туысқандық пен жекжаттық жүйелері» деген еңбегінде жариялады, сөйтіп айтысты бұдан әлдеқайда зор салаға көшірді. Туысқандық жүйелерін дәлелге ала отырып, ол осы жүйелерге сәйкес семья формаларын қалпына келтірді, сөйтіп зерттеудің жаңа жолын және адам баласының бұрынғы тарихын терең тексере түсудің мүмкіндігін тапты. Осы әдіс жеңіп шыққа, Мак-Леннанның әсем ой-жүйелерінің күлі көкке ұшар еді.

Мак-Леннан «Алғашқы некенің» («Ежелгі заман тарихының очерктері», 1876) жаңа басылуында өз теориясын қорғап шықты. Өзі семья тарихын мейлінше жасанды түрде, кілең болжауларға ғана сүйеніп құрастыра отырып, ол Леббок пен Морганнан өздерінің әрбір сөздеріне дәлел келтіруін талап етіп қана қоймай, соның үстіне Шотландия сотында ғана қолданылатын даусыз дәлелдер келтіруін талап етеді. Германдардағы шешенің туған бауыры мен туған жиеннің арасындағы тығыз байланыс болатыны негізінде (Тацит, «Германия», 20-тарау), бриттерде әрбір он не он екі еркектің ортақ әйелдері болады деген Цезарьдің әңгімесі мен варварлардағы әйел ортақтығы жөнінде ежелгі заман жазушыларының басқа да барлық әңгімелері негізінде: бұл халықтардың бәрінде көп күйеулі болушылық үстемдік еткен деп іркілмей қорытынды жасап отырған адамның дәл өзі әлгіндей дәлел келтіруді талап етеді! Айып таққанда ойына келгенін айтып, ал қорғаушыдан әрбір сөзіне заңды күші бар нағыз қатаң дәлел келтіріп отыруын талап ететін прокурордың сөзін тыңдап отырған сияқтысың.

Топты неке — түп-тура ойдан шығарылған нәрсе, дейді ол, мұнымен ол өзінің Бахофеннен көш кейін қалғанын көрсетеді. Морганның айтқан туысқандық жүйесі — оның пікірінше — қоғамдық әдептіліктің жәй ережелері ғана; ал бұл пікірін үндістер бөтен адамдарға да — ақ нәсілділерге — аға немесе ата деп барып сөйлеседі деген фактімен дәлелдейді. Егер біреулердің: ата-ана, аға-іні, апа-сіңлі деген атаулар әншейін мәні жоқ қаратпа сөз формалары, өйткені католик діниндегі діни басы адамдар мен әйел монастырына басшы әйелдерді де жұрт әке, шеше деп атайды, ал монахтар мен монах әйелдер, тіпті масондар мен ағылшынның цехтық одақтарының мүшелері де салтанатты мәжілістерде бір-бірімен: аға-іні, апа-сіңлі деп барып сөйлеседі дегісі келсе, бұл да солай деумен бір нәрсе. Қысқасы, Мак-Леннанның қорғануы тым нашар болып шыққан.

Бірақ оған ешкімнің тісі батпайтын тағы бір пункт болды. Экзогамиялы және эндогамиялы «тайпалар» арасындағы Мак-Леннанның бүкіл жүйесі негізделген қарама-қарсылықтың мызғымағаны былай тұрсын, тіпті оны жұрт барлық жерде де бүкіл семья тарихының іргетасы деп мойындады. Мак-Леннанның бұл қарама-қарсылықты ұғындырмақ болған түсіндіруінің сенімді-

лігі жеткіліксіз әрі оның өзі келтірген фактілеріне қайшы келеді десті. Алайда осы қарама-қарсылықтың өзі, біріне-бірі мүлде ұқсамайтын, өз алдына оқшау және тәуелсіз екі түрлі тайпалардың болғаны — бұлардың ішінен тайпалардың бір түрі тайпа ішінен әйел алып келгені, ал тайпалардың екінші түріне тайпа ішінен әйел алуға мүлде тыйым салынғаны — даусыз негізгі қағида деп есептелді. Мысалға, мынаны салыстырып қараңыз: Жиро-Тёлон, «Семьяның шығуы» (1874), тіпті Леббок, «Цивилизацияның шығуы» (4-басылуы, 1882).

Морганның «Ежелгі қоғам» (1877) деген басты шығармасы,— осы еңбектің негізіне алынған шығарма,— әлгі пунктке қарсы бағытталған. Морганның 1871 жылы күңгірт қана аңғарған нәрсесі бұл шығармада әбден анық дамытылған. Эндогамия мен экзогамия әсте де қарама-қарсы нәрсе емес; экзогамиялы «тайпалардың» өмір сүргендігі күні бүгінге дейін еш жерде дәлелденген жоқ. Бірақ топты неке әлі үстем болып тұрған кезде,— ал бір кездерде ол барлық жерде де үстем болса керек,— тайпа шеше жағынан қандас туыстық байланыстағы бірнеше топтарға, руларға бөлінген, бұлардың ішінде некелесуге қатты тыйым салынған, сондықтан бір руға жататын еркектер тайпа ішінен әйел ала алатын болғанымен, өз руынан басқа жерден алуға тиіс болған еді, әдетте, солай істелген де еді. Сонымен, егер ру қатаң экзогамиялы ру болған болса, онда бірнеше руларды қамтитын тайпа да нақ солай қатаң эндогамиялық болған. Осының өзі Мак-Леннанның жасанды ой-жүйелерінің ақырғы қалдығын біржола теріске шығарды.

Бірақ Морган мұнымен шектелген жоқ. Бұдан соң американ үндістерінің руы өзі зерттеу жүргізіп отырған саласында оның алға қарай екінші бір батыл қадам жасауына негіз болды. Морган аналық право бойынша құрылған бұл ру — рудың ең тұңғыш формасы болғанын ашты, аталық право бойынша құрылған неғұрлым бертініректегі ру,— өзіміз арғы заманның мәдениетті халықтарынан кездестіретін ру,— рудың сол тұңғыш формасынан келіп шыққан. Тарихшылардың барлығына бұған дейін жұмбақ болып келген грек және рим руы үндіс руының өмірінен анықталды, сөйтіп осы арқылы бүкіл алғашқы тарихты зерттеуге жаңа негіз ашылды.

Дарвиннің даму теориясының биология үшін, Маркстің қосымша құн теориясының саяси экономия үшін қандай маңызы болса, мәдениетті халықтардың аталық правоға негізделген руының алдындағы сатысы болған аналық правоға негізделген осы тұңғыш рудың жаңадан ашылуының да алғашқы тарих үшін дәл сондай маңызы бар. Бұл жаңалық Морганның тұңғыш рет семья тарихының желісін жасауына мүмкіндік берді, мұнда, осы уақытқа дейінгі мәлім болған материал мүмкіндік бергендіктен, ең болмағанда дамудың классикалық сатылары жалпы

түрінде алдын ала анықталған еді. Алғашқы тарихты қарастырып зерттеуде осы арқылы жаңа заман ашылып отырғаны кімге де болса анық. Аналық правоға негізделген ру бүкіл осы ғылым төңіректейтін мықты тірек болып алды; бұл анықталған кезден бастап зерттелетін нәрсені қай бағытта зерттеу керек екені және нені зерттеу керек екені, алынған нәтижелерді қалай топтастыру керек екені түсінікті болды. Ал осыған сәйкес енді бұл салада Морганның кітабы жарыққа шыққанға дейінгіден әлдеқайда тез табыстарға қол жетіп отыр.

Морганның ашқан жаңалықтарын қазір Англияда да алғашқы қоғамның тарихын зерттеушілердің барлығы мойындады немесе, дәлірек айтқанда, иемденіп алды. Бірақ біз көзқарастарда болған осы революция нақ Морганның арқасы екендігін олардың бірде-біреуінің де ашық мойындағанын көрмейміз. Англияда оның кітабын мүмкіндігінше ешбір сөз қылмауға тырысады, ал Морганның өзінен оның *бұрынғы* еңбектерін қамқорсып мақтаумен құтылады; оның баяндауының кейбір егжей-тегжейлерін жан сала қазғылап бағады, ал оның ашқан шын мәнісіндегі ұлы жаңалықтары жөнінде жұмған ауыздарын ашпайды. «Ежелгі қоғамның» бірінші басылуы жұртқа тарап кетті; Америкада мұндай заттар жөнді өтпейді; Англияда бұл кітапты, сірә, үнемі елемей келген болу керек, ал өзінше бір заманның тұлғасы болған бұл шығарманың сатылуда әлі бар бірден-бір басылуы,— немісше аудармасы.

Әсіресе жәй сыпайыгершілікпен келтіріле беретін толып жатқан цитаттарды және алғашқы тарих жөніндегі біздің танымал деген білгіштеріміздің шығармаларында көп ұшырай беретін әріптестерін қадірлеу дегеннің басқа да дәлелдерін еске алатын болсақ, онда қасақана үндемеушілік деп білмеу қиын болатын осы ұстамдылықтың себебі неде екен? Оның себебі Морганның американдық болып, бірақ қай жағынан болса да мойындауға тұрарлық материалды жинауда өздері қаншама күш салса да, бұл материалды жүйеге келтіріп топтастыруға керекті жалпы бастама қағидаларға келгенде, қысқасы, өздеріне қажетті идея жөнінде өздерінің шетелдің екі данышпан адамына — Бахофен мен Морганға жүгінуге мәжбүр екендігі алғашқы қоғамды зерттейтін ағылшын тарихшыларына тым ұнамсыз іс болғандығында емес пе екен? Неміспен келісуге де болар еді-ау, бірақ американдықпен қалай келісерсің! Американдық дегенде әрбір ағылшын патриот бола кетеді, бұл жөнінде мен Құрама Штаттарда кісі күлерлік мысалдар көрдім[140]. Ал мұның үстіне Мак-Леннан, алғашқы тарих жөніндегі ағылшын мектебінің, былайша айтқанда, ресми танылған негіздеушісі және басшысы болды; бала өлтірушіліктен көп күйеулі болушылық және қалындық ұрлау жолымен некелесу арқылы аналық правоға негізделген семьяға бастап әкелетін Мак-Леннанның жасанды түрдегі та-

рихи құрастырмасын басқаша емес аса зор құрметпен әңгіме қылу осы саладағы өзінше бір жақсы салт болып алды; бірінебірі мүлде ұқсамайтын экзогамиялы және эндогамиялы «тайпалардың» болғанына титтей де болса күмән келтіру өрескел сандырақ деп есептелді; сонымен, осы қасиетті догмалардың барлығын түтіндей сейілткен Морган белгілі бір дәрежеде күпірлік жасады. Мұның үстіне Морганның бұларды сейілткенде келтірген дәлелдері тіпті бұл дәлелдерді келтірсең болғаны, олар табанда жұрттың бәріне айқын бола кететін дәлелдер болатын; сондықтан күні бүгінге дейін экзогамия мен эндогамияның арасындағы қайшылықтардан шығуға дәрменсіз болып, Мак-Леннанның шашбауын көтеріп жүргендер бастарын ұрып: өзіміз осыны әлдеқашаннан байқамай қалайша осыншама ақымақ болдық деп таңдануға тиіс еді!

Ал егер ресми мектептің Морганға басқалай емес, салқын қарап сырт айналуы үшін тіпті: осы қылмыстардың өзі жеткіліксіз болған болса, онда Морган одан әрі сілтей түсті: ол цивилизацияны — біздің қазіргі қоғамның негізгі формасы болып отырған товар өндірісі қоғамын — сынағанда, Фурьені еске алуға мәжбүр ететіндей қылып сынап қойған жоқ, сонымен қатар бұл қоғамның болашақта қайта құрылуы жөнінде Карл Маркс қалай әңгіме қыла алатын болса, сондай сөздер айтты. Сондықтан Мак-Леннан: «оған тарихи әдіс мүлде жат» деп, Морганды ызалана айыптағанда және мұны Женева профессоры Жиро-Тёлон мырза 1884 жылдың өзінде қостағанда Морган әбден сазайын тартты. Ал осы Жиро-Тёлон мырзаның дәл өзі 1874 жылдың өзінде («Семьяның шығуы») Мак-Леннан экзогамиясының шытырманында дәрменсіз шырмалып жүргенде, оны бұдан Морган ғана құтқарған еді ғой!

Алғашқы тарих жөнінде Морганның арқасында қол жеткен бұдан басқа да табыстарды бұл арада қарастырып жатудың қажеті жоқ; бұл жөніндегі қажетті нәрсенің бәрін менің еңбегімнің тиісті жерлерінен табуға болады. Морганның ең басты еңбегі жарыққа шыққаннан бергі он төрт жыл адам баласының алғашқы қоғамдарының тарихы жөніндегі материалымызды едәуір байытты; антропологтарға, саяхатшыларға және алғашқы қоғамды зерттеп жүрген профессионал тарихшыларға салыстырмалы правомен шұғылданатын юристер келіп қосылды, бұлар бірлі-жарым жаңа материал берді, бірлі-жарым жаңа көзқарастар ұсынды. Осының нәтижесінде Морганның кейбір жеке болжауларының негізі шайқалды немесе олар тіпті теріске шығарылды. Алайда жаңадан жиналған материал оның ең мәнді қағидаларын қандай да болсын өзге қағидалармен ауыстыруды еш жерде қажет еткен жоқ. Оның алғашқы тарихқа енгізген жүйесі күні бүгінге дейін негізінен өз күшінде қалып отыр.

Тіпті бұл жүйе өзін жалпы жұртқа барған сайын танытып отыр, танытқанда осы ұлы прогрестің негізін салушы адам нақ Морган екенін жасыруға қаншама тырысса, соншалық дәрежеде танытып отыр деуге болады*.

***Фридрих Энгельс***

Лондон, 16 июнь 1891 ж.

*Мына журналда: «Die Neue Zeit», Bd. 2, № 41, 1890—1891 және мына кітапта: Friedrich Engels. «Der Ursprung der Familie, des Privateigenthums und des Staats». Stuttgart, 1891*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 214—225-беттер*

---

* Нью-Йорктен қайтып келе жатқан сапарымда, 1888 жылғы сентябрьде, мен Льюис Морганды білетін, конгрестің Рочестер сайлау округінен сайланған бұрынғы бір депутатымен кездестім. Өкінішке орай, Морган туралы ол маған көп нәрсе айта алмады. Морган Рочестерде өзінің ғылыми жұмысымен ғана айналысқан жәй адам ретінде тұрыпты. Оның полковник ағасы Вашингтонда, әскери министрлікте қызмет істеген; ағасының көмегімен ол өзінің зерттеулеріне үкіметтің назарын аудартып, бірнеше еңбегін мемлекет қаражатымен бастырып шығарған; менің әңгімелескен адамым да өзі конгреске депутат болып тұрған кезінде, оның айтуынша, бұл жөнінде талай рет камқорлық жасаған.

# СЕМЬЯНЫҢ, ЖЕКЕ МЕНШІКТІҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫҒУЫ

## ЛЬЮИС Г. МОРГАННЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ[138]

## I

## МӘДЕНИЕТТІҢ ТАРИХТАН БҰРЫНҒЫ САТЫЛАРЫ

Істің мәнін жете біліп, адам баласының тарихтан бұрынғы дәуіріне белгілі бір жүйе енгізуге алғаш талаптанған адам Морган болатын, сондықтан материалдың едәуір көбеюі өзгерістер енгізуге мәжбүр еткенге дейін оның ұсынған дәуір-дәуірге бөлуінің күшінде қала беретіні күмәнсыз.

Басты-басты үш заманның — тағылық, варварлық, цивилизация замандарының — ішінен оның назарын аударғаны тек алғашқы екеуі мен үшіншісіне өту дәуірі екені өзінен өзі түсінікті. Тіршілік заттарын өндірудегі прогреске орай, ол осы екі заманның әрқайсысын төменгі, орта және жоғары сатыға бөледі, өйткені, дейді ол,

> «адам баласының табиғаттан басым болу, оған үстемдік ету дәрежесі үшін бұл өндірісте шебер болудың шешуші маңызы бар; ішім-жем өнімдерін өндіру ісіне шексіз дерлік үстем болуға барлық тіршілік иелерінің ішінен тек адамның ғана қолы жетті. Адамзат прогресінің барлық ұлы замандары күн көру қорларының көбею замандарымен азды-көпті тікелей тұстас келіп отырады»*.

Мұнымен қатар семья дами береді, бірақ мұның өзі дәуірлерді даралау үшін әлгіндей тән сипатты белгілер бермейді.

### 1. ТАҒЫЛЫҚ

1. *Төменгі саты.* Адам баласының балалық шағы. Адамдар әлі де болса өздерінің алғашқы өрбіген жерлерінде, тропиктік немесе субтропиктік ормандарда болған. Олар, қалай болғанда да біразы, ағаш басын мекен еткен; бұлардың ірі жыртқыш аңдар арасында өмір сүргенін тек осымен ғана түсіндіруге болады. Олардың қорегі: жеміс-жидек, жаңғақ, өсімдік тамырлары болған; тіл қатып, анық сөйлесу бұл дәуірдің ең басты табысы болды. Тарихи дәуірде белгілі болған барлық халықтардың ішінен бірде-біреуі осы алғашқы қалпында болған емес.

---

* Сондай-ақ қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 4-бет. *Ред.*

Ал осы алғашқы қалып, сірә, көптеген мың жылдарға созылса да, біз оның болғанын тіке анықтамаларға сүйеніп дәлелдей алмаймыз; бірақ адамның арғы тегінің хайуандар әлемінен тарағанын мойындағаннан кейін, мұндай өтпелі қалыпты болған деуге тиіспіз.

2. *Орта саты.* Бұл саты балықпен қоректенуден (бұған біз шаянды, танақабықты және суда болатын басқа да жәндіктерді қосамыз), отты пайдаланған кезден басталады. Бұлардың екеуі де бірімен бірі өзара байланысты, өйткені балық отқа пісіргенде ғана жеуге толық жарайтын болады. Бірақ осы жаңа тағамның арқасында адамдар климат пен жер жағдайларына тәуелді болмайтын болды; өзендердің бойын, теңіз жағаларын жағалап, адамдар тіпті тағы күйінің өзінде-ақ жер бетінің көбін жайлап, мекен ете алды. Ертедегі тас дәуірінің дөрекі істелген, өңделмеген тас құралдары, түгелінен немесе көбі осы дәуірге қатысты палеолит құралдары делінетін тас құралдар барлық континенттерге тараған, мұның өзі әлгіндей қоныс аударулардың болғанына айқын дәлел болып табылады. Жаңа жерлерге қоныстану және ысқылау арқылы алынған отты табумен байланысты үнемі дамыл көрмей, іздене беру жаңа ішім-жем заттарын тауып берді: бұлар — қоламтаға немесе жер тандырларында (жер ошақтарда) пісірілген крахмалды өсімдік тамырлары мен түйін тамырлар, сойыл мен найза сияқты алғашқы қару-жарақты ойлап шығарумен бірде болмаса бірде қолға түсетін қосымша тағам құс еттері болды. Кітаптарда суреттеліп жүргеніндей бірыңғай аңшы халықтар, яғни *тек қана* аңшылықпен күнелтетін халықтар еш уақытта болған емес; аңшылықтан өнетін нәрсе бұл үшін тым сенімсіз еді. Бұл сатыда ішім-жем қорларының үнемі жетіспегендігінің салдарынан, сірә, кісі етін жеушілік шықса керек, мұның өзі сол кезден бері көпке дейін сақталып келеді. Австралиялықтар және көптеген полинезиялықтар әлі де тағылықтың сол орта сатысында болып отыр.

3. *Жоғары саты.* Бұл саты садақ пен оның жебесін ойлап шығарған кезден басталады, осының арқасында құс еті үнемі жейтін ас болып, ал аңшылық — еңбектің дағдылы салаларының біріне айналды. Садақ, оның кермесі мен жебесі сол кездің өзінде ең күрделі қару болды, бұл қаруды ойлап шығару ұзақ уақыт жиналған тәжірибенің, неғұрлым дамыған ақыл-ой қабілетінің болуын, демек, сонымен қатар толып жатқан басқа да өнерлерді білуді керек етеді. Садақ пен жебені бұрыннан білетін, бірақ құмырашылық өнерін әлі білмейтін (Морган мұны варварлыққа өтудің басы деп есептейді) халықтарды бір-бірімен салыстыра келіп, біз сол кездің өзінде-ақ деревня-деревня болып қоныстана бастағандықтың кейбір белгілерін, күн көру құрал-жабдықтарын өндіру ісін игергендіктің белгілі дәрежесін шын мәнінде кездестіріп отырмыз, бұлар: ағаш ыдыстар мен үй

ішінің мүліктері, ағаш талшығынан тоқылатын (тоқыма станогынсыз тоқылатын) қол тоқыма, ағаш қабығынан немесе қамыстан тоқылған корзиналар, өңделіп жасалған (неолиттік) тас құралдары. Енді от пен тас балта, әдетте, тұтас ағаштан қайық жасауға, ал кей жерлерде үй салу үшін бөрене мен тақтай әзірлеуге де мүмкіндік береді. Осы жетістіктердің бәрін біз, мысалы, Американың солтүстік-батысындағы үндістерден кездестіреміз, бұлар садақ пен жебені білсе де, құмырашылық ісін білмейді. Варварлық үшін темір семсер, цивилизация үшін от алып атылатын мылтық қандай шешуші қару болса, тағылық заманы үшін садақ пен оның жебесі де дәл сондай қару болды.

## 2. ВАРВАРЛЫҚ

*1. Төменгі саты.* Бұл саты құмырашылық өнерінің енуінен басталады. Бірсыпыра реттерде, бәлкім, жер-жерлердің бәрінде де, бұл өнер тоқылып істелген немесе ағаштан жасалған ыдыстарды отқа төзімді ету мақсатымен олардың сыртын балшықпен сылаудан барып шыққанын дәлелдеуге болады. Бұл орайда қалыпқа құйылған балшықтың, ішінде қуыс ыдыс болмаса да, осы мақсатқа жарайтындығын жұрт көп ұзамай-ақ ойлап тапқан.

Біз бұған дейін даму барысын жалпыға әбден бірдей, халықтар қай жерді мекен етсе де, белгілі бір дәуірдің барлық халықтарына қолдануға болатын даму барысы деп қарап келдік. Бірақ варварлықтың басталуымен біз екі ұлы материктің табиғат жағдайларындағы айырмашылықтың өз алдына маңызы болатын даму сатысына жеттік. Варварлық дәуірінің айрықша кезеңі жануарларды қолға үйрету, оларды өсіру және өсімдік егу болды. Ескі дүние деп аталатын шығыс құрылықта қолға үйретуге көнетін жануарлардың бәрі және өсіруге келетін дәнді өсімдік түрлерінің біреуінен басқасының бәрі бар болды деуге болады; ал батыс материкте, Америкада, қолға үйретуге көнетін сүт коректі барлық жануарлардың ішінен — желмая ғана, әуелі оның өзі де құрылықтың оңтүстігінің бір бөлегінде ғана болған, ал барлық мәдени дақылдардың ішінен біреуі ғана, бірақ оның есесіне ең тәуірі — жүгері болған еді. Табиғат жағдайларындағы осы айырмашылықтың салдарынан әрбір жарты шардың халқы сол кездерден бері өзінің айрықша жолымен дамиды, сондықтан дамудың жеке сатыларын көрсететін межелік белгілер жер шарының сол екі жартысының әрқайсысында әр түрлі бола бастайды.

*2. Орта саты.* Бұл шығыста үй хайуанларын қолға үйретуден басталады, ал батыста — жеуге жарайтын өсімдіктерді суарып өсіруден, үй салуға адобтар (күнге кептірілген күйдірілмеген кірпіш) мен тасты пайдаланудан басталады.

Біз батыстан бастаймыз, өйткені мұнда Американы европалықтар жаулап алмастан бұрын адамдар еш жерде де бұл сатыдан әрі барған емес.

Варварлықтың төменгі сатысында тұрған үндістерде (Миссисипидің шығыс жағын мекендегендердің барлығы солар еді), олардың бары мәлім болған кездің өзінде-ақ, огородтарда жүгері өсірудің, бәлкім, асқабақ, қауын және олардың қоректерінің ең мәндісі болған басқа да огород өсімдіктерін өсірудің әйтеуір бір әдісі белгілі болған; олар жиі қадамен қоршалған деревняларда, ағаш үйлерде тұрған. Солтүстік-батыс тайпалары, әсіресе Колумбия өзенінің алқабын жайлағандары, ол кезде әлі тағылықтың жоғары сатысында болған және құмырашылық өнерін де, өсімдік егу дегеннің ешқандайын да білмеген. Мұның керісінше, Жаңа Мексикадағы пуэбло[141] деп аталатын үндістер, мексикалықтар, Орталық Американы мекендейтіндер және перулықтар жаулап алу кезінде варварлықтың орта сатысында болған: олар адобтардан немесе тастан салынған қамал сықылды үйлерде тұрған, қолдан суарылатын огородтарда жүгері өсірген және жер жағдайы мен ауа райына қарай, өздерінің ең басты тамақ қоры болған, жеуге жарайтын басқа да түрліше өсімдіктер өсірген, тіпті кейбір хайуандарды да қолға үйретіп алған: мексикалықтар — күрке тауық және басқа құстар, перулықтар — желмая ұстаған. Сонымен бірге олар темірден басқа металдарды өңдеу ісімен таныс болған, сондықтан олар тастан істелген қарулар мен құралдарды қолданбай тұра алмаған. Испанияның жаулап алуы олардың қандай да болсын өз алдына ілгері дамуын тоқтатып тастады.

Шығыста варварлықтың орта сатысы сүт пен ет беретін хайуандарды қолға үйретуден басталған, бірақ мұнда қолдан өсімдік өсіру бұл дәуірде тіпті көпке дейін беймәлім болып қала берсе керек. Қолға мал үйрету, мал өсіру және қора-қора малдың пайда болуы варварлардың былайғы тобынан арийлер мен семиттердің бөлініп шығуына себеп болса керек. Европа мен Азия арийлерінде үй хайуандарының әлі ортақ атаулары болған, ал мәдени өсімдіктердің аттары ешқашан дерлік бірдей болмаған.

Қора-қора малдың құралуы жайылымға қолайлы жерлерде мал бағу тіршілігін туғызды: семиттер — Евфрат пен Тигрдің бойындағы шөбі шүйгін жазықтарды, арийлер — Үндістанның, сондай-ақ Оксус пен Яксарт, Дон мен Днепр бойындағы сондай жазықтарды мекен етті. Хайуандарды ең алғаш қолға үйретуге, сірә, осындай жайылым жерлердің маңында қол жеткен болу керек. Сондықтан кейінгі ұрпақтарға: мал бағушы халықтар, шындығында, адам баласының таралған жері бола алмайтыны былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, олардың тағы бабалары да, тіпті варварлықтың төменгі сатысында болған адамдар да

мекен ете алмайтындай жерлерден шыққан сықылды болып көрінеді. Қайта, бұл орта сатыдағы варварлар мал бағу тіршілігіне дағдыланып алғаннан кейін, өзен бойындағы шөбі шүйгін жерлерден өздерінің арғы бабалары жайлаған орманды жерлерге еркімен қайта бару олардың ешбір ойына келген емес. Тіпті семиттер мен арийлер солтүстік пен батысқа қарай, әрі қуылған кезде де, дәнді өсімдіктер өсіру оларға осы құнарсыздау жерде, әсіресе қысты күні, малын асырауға мүмкіндік бермей тұрып, олар батыс азиялық және европалық орманды жерлерге бара алмады. Мұнда дәнді өсімдіктер өсірудің ең алдымен мал азығы керек болғандықтан пайда болғаны, тек кейіннен ғана олардың адамға тамақ болудың маңызды көзіне айналғаны әбден ықтимал нәрсе.

Арийлер мен семиттерде ет, сүт тамағының мол болуы және балалардың өсуіне оның өте-мөте жақсы әсер етуі, бәлкім, осы екі нәсілдің екеуінің де ойдағыдай өсіп-өнгендігіне себепші болды деп қарауға да болар. Шынында да, өсімдік тағамымен ғана дерлік тамақтануға мәжбүр болған Жаңа Мексикадағы пуэбло үндістерінің миы варварлықтың төменгі сатысында тұрған және көбіне ет пен балықты қорек ететін үндістердің миынан кіші келеді. Қалай болғанда да, бұл сатыда кісі етін жеушілік бірте-бірте жойылып, діни ырым ретінде немесе, бұл арада соған барабар нәрсе, сиқыршылық жора ретінде ғана сақталады.

*3. Жоғары саты.* Бұл саты темір рудасын қорытудан басталып, әріпті жазуды ойлап шығару, оны сөз өнерін жазуға қолдану нәтижесінде цивилизацияға көшеді. Жоғарыда айтылғандай, шығыс жарты шарда ғана өз алдына бастан кешірілген бұл сатының өндірістегі табыстары бұдан бұрынғы сатылардың барлығының табыстарын бірге қосып алғандағыдан анағұрлым мол. Ерлік заманның гректері, Римнің негізі қаланудан сәл бұрынғы италий тайпалары, Тацит германдары, викингтер дәуіріндегі нормандар осы сатыға жатады*.

Біз мұнда ең алдымен темір түренді соқаның болғанын, үй малының көлік орнына жұмсалғанын тұңғыш рет кездестіреміз; мұның арқасында егіншілікті, *егін шаруашылығын* ұлғайту, ал сонымен бірге тіршілік қорларының сол кездегі жағдайларда іс жүзінде шексіз көбейте беру мүмкін болды; онан соң — орман ағаштарын түп тамырымен отау, оны егістік пен шабындыққа айналдыру мүмкін болды, мұның өзін де темір балта мен темір күрексіз кең көлемде жүргізу мүмкін емес еді. Ал мұнымен бірге шағын жерлерге неғұрлым тығыз қоныстанып, халық та

* 1884 жылғы басылуында «Тацит германдары, викингтер дәуіріндегі нормандар» деген сөздердің орнына: «Цезарь германдары (немесе Тацит германдары деп айтуды көбірек қалар едік)» деп басылған. *Ред.*

тез көбейе бастады. Бір орталықтан басқарылатындай етіп жарты миллион адамның бір жерге басын қосу үшін егіншілік пайда болғанға дейін мүлде ерекше жағдайлар қалыптасуға тиіс болды; сірә, еш уақытта да бұлай болмаған болу керек.

Варварлықтың жоғары сатысының кемеліне келіп көркейгенін біз Гомер поэмаларынан, әсіресе, «Илададан» көреміз. Жетілдірілген темір құралдар, ұста көрігі, қол диірмен, қышқұмыра кәсібі, өсімдік майы мен шарап әзірлеу, металл өңдеу ісінің дамып, көркем қолөнермен ұштасуы, жәй арба мен екі дөңгелекті соғыс арбасы, бөрене мен тақтайдан кемелер жасау, өнер ретінде архитектураның шыға бастауы, тіс-тіс дуалдармен қоршалған, мұнаралы қалалар, гомерлік эпос пен бүкіл мифология — гректердің варварлықтан цивилизацияға әкелген басты мұрасы міне осылар. Алғашында Гомер гректері мәдениеттің неғұрлым жоғары сатысына өтуге әзірленген сатысының нақ өзінің бастапқы кезеңінде болған германдар жөнінде Цезарьдің, тіпті Тациттің берген сипаттамасын осымен салыстыра келгенде, біз варварлықтың жоғары сатысының өндірісті дамытуда қаншалық мол табыстарға жеткенін көреміз.

Менің бұл арада Морганға сүйеніп, адам баласының тағылық пен варварлық сатылары арқылы цивилизацияның бастамасына қарай бет алған дамуын суреттеуімде жаңа және, ең маңыздысы, даусыз белгілер барынша мол келтірілген, өйткені олар тікелей өндірістен алынды. Сонда да бұл суреттеме біздің шолуымыздың ақырында біздің алдымызда бар тұлғасымен өрістейтін суреттемеге қарағанда шамалы, солғындау болып көрінеді; варварлықтан цивилизацияға көшуді және осы екеуінің арасындағы адам таңқаларлық қарама-қарсылықты толық көрсету сол кезде ғана мүмкін болады. Ал әзірге біз Морганның дәуірге бөлу әдісін мына түрде қорыта аламыз: тағылық — көбіне табиғаттың дайын өнімдерін иемдену дәуірі; адамның өз қолымен жасаған азық-түлігі көбінесе сол өнімдерді иемденуге көмекші құрал орнына жүреді. Варварлық — мал өсіру мен егіншіліктің енген дәуірі, адам баласының қызметі арқылы табиғат өнімдерін өндіруді арттыру әдістерін меңгеру дәуірі. Цивилизация — табиғат өнімдерін одан әрі өңдеуді меңгеру дәуірі, сөздің дәл өз мағынасымен айтқанда, өнеркәсіп пен өнер дәуірі.

## II

## СЕМЬЯ

Қазірде де Нью-Йорк штатында тұратын ирокездер арасында өмірінің көбін өткізіп, солардың бір тайпасы (сенека тайпасы) бала қылып алған Морган оларда өздерінің шын семьялық

қатынастарына қайшы келетін туысқандық жүйесінің болғанын байқаған. Оларда ері мен әйелі оңай ажырасып кете беретін дара неке үстем болған, мұны Морган «жұп семья» деп атайды. Сондықтан мұндай ерлі-зайыптылардың ұрпағы жұрттың бәріне мәлім, жалпыға танымал болған: әке, шеше, ұл, қыз, аға-іні, апа-сіңлі деген атаулардың кімге қолданылатындығы жөнінде күмәнданушылық болмаған. Бірақ бұл сөздердің іс жүзіндегі қолданылуы бұған қайшы келеді. Ирокез өзінің бел балаларын ғана ұлым, қызым деп атамайды, сонымен қатар аға-інілерінің балаларын да ұлым, қызым дей береді, ал бұлар оны әке дейді. Ал өзінің апа-қарындастарының балаларын ол жиендерім, жиен қыздарым дейді, олар оны нағашы аға дейді. Мұның керісінше, ирокез әйел өзінің апа-сіңлілерінің балаларын өз балаларымен бірге өзімнің ұл, қыздарым дейді, ал бұлар оны шешем дейді. Ал өзінің аға-інілерінің балаларын ол немере іні, немере сіңлілерім дейді, ал олар мұны апа деп атайды. Сол сияқты ағалы-інілі адамдардың балалары, сондай-ақ апалы-сіңлілі адамдардың балалары да бірін-бірі аға-іні, апа-сіңлі дейді. Мұның керісінше, әйелдің балалары мен оның аға-інісінің балалары бірін бірі немере аға-інім, немере апа-сіңлім, қарындасым дейді. Ал мұның өзі — жай ғана мәнсіз айтыла салынған атаулар емес, алыс-жақындық жөнінде, қандас туыстықтың бірдейлігі, бірдей еместігі жөнінде іс жүзінде болып отырған көзқарастарды көрсеткендік, сондықтан бұл көзқарастар жеке адамның нешеме жүздеген түрліше туысқандық қатынастарын көрсетіп бере алатын, туысқандықтың әбден тәптіштелген жүйесінің негізі болып табылады. Ол ол ма: бұл жүйе барлық американдық үндістерде ғана толық қолданылатын жүйе емес (күні бүгінге дейін бірде-бір ерекшелік байқалған жоқ), сонымен қатар өте көне заманда Үнді жерін мекендегендерде, Деканның дравид тайпалары мен Үндістандағы гаура тайпаларында да ешбір өзгеріссіз дерлік қолданылады. Оңтүстік Үндістан тамилдері мен Нью-Йорк штатының сенека тайпасы ирокездеріндегі туысқандықты белгілеу түрі екі жүзден астам түрліше туысқандық қатынастары үшін әлі де болса бірдей. Семьяның қазіргі формасынан туатын туысқандық қатынастар, барлық американ үндістеріндегі сияқты, осы үнді тайпаларында да туысқандық жүйесіне қайшы келеді.

Ал мұны қалай түсіндіруге болады? Барлық тағы және варвар халықтардың қоғамдық құрылысында туысқандық шешуші роль атқарып отырғанда, осыншама кең тараған бұл жүйенің маңызын жай ғана құрғақ сөздер арқылы есептен шығарып тастауға болмайды. Америкада жаппай тараған, Азияда мүлде басқа нәсілді халықтар арасында да бар, бірлі-жарымды өзгерген түрде Африка мен Австралияның барлық жерлерінде жиі кездесетін жүйе,— мұндай жүйе тарихи түсінік беруді талап

етеді; одан, мысалы, Мак-Леннанның тырысқаны сықылды, құрғақ сөздермен құтылуға болмайды. Әке, бала, аға-іні, апа-сіңлі, қарындас деген белгілер — қайсыбір құрмет атаулары ғана емес, олардың арасындағы әбден айқын, өте мәнді өзара міндеттерді көрсететін атаулар, бұл міндеттердің жиынтығы осы халықтардың қоғамдық құрылысының мәнді бөлігі болып табылады. Сөйтіп, әлгінің түсінігі де табылды. Сандвич (Гавайя) аралдарында осы ғасырдың бірінші жартысының өзінде-ақ семьяның мынадай формасы болған: мұнда туысқандықтың американдық және ежелгі үнділік жүйесі талап ететін әке, ана, аға-іні, апа-сіңлі, ұл, қыз, нағашы аға, нағашы апа, немере іні-қарындас деген атаулардың дәл өзі болған. Бірақ мына бір ғажапты қараңыз! Гавайя аралдарында бар туысқандық жүйесі, іс жүзінде, семьяның сонда болған формасымен тағы да дәл келмеген. Атап айтқанда, онда ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың балалары түгел бір-біріне аға-іні, апа-сіңлі, қарындас болып және жалғыз өз шешесі мен оның апа-сіңлілерінің немесе әкесі мен оның аға-інілерінің ғана ортақ балалары болып есептелмей, сонымен қатар өз ата-аналарының барлық аға-іні, апа-сіңлілерінің, қарындастарының да ортақ балалары болып есептеледі. Демек, егер туысқандықтың американдық жүйесі семьяның Америкада қазір жоқ, неғұрлым жабайы формасын, өзіміз Гавайя аралдарынан әлі де шын мәнінде кездестіріп жүрген формасын аңғартатын болса, онда, екінші жағынан, туысқандықтың Гавайядағы жүйесі семьяның онан да гөрі ертеректегі формасын көрсетеді; рас, семьяның бұл формасының болуын біз қазір еш жерден де таба алмаймыз, бірақ ол өмір сүрген болуға *тиіс,* өйткені, олай болмаса, туысқандықтың тиісті жүйесі шықпаған болар еді.

> «Семья»,— дейді Морган,— пәрменді бастама; ол еш уақытта да өзгермей қалмайды, қайта, қоғамның төменгі сатыдан жоғары сатыға дамуына қарай, төменгі формадан жоғары формаға көшіп отырады. Бұған керісінше, туысқандық жүйелері самарқау нәрсе; екі арада өте ұзақ уақыт өткеннен кейін ғана бұл жүйелер семьяның сол кезде жасаған прогресін есепке алады, сөйтіп семья түбегейлі өзгерген кезде ғана түбегейлі өзгерістерге ұшырайды».

«Жалпы алғанда саяси, юридикалық, діни, философиялық жүйелер жөнінде де,— дейді бұған қосымша Маркс,— нақ осылай болады»*. Семья одан әрі дами бергенімен, туысқандық жүйесі бір орында қатып қалады, бұл жүйе әдетке айналғандықтан өмір сүре беретін болса, семья оның шегінен шығып кетеді. Бірақ Париждің маңынан табылған қалталы хайуан қаңқасының сүйектеріне қарап Кювье: бұл — қалталы хайуан-

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 21-бет. *Ред.*

ның қаңқасы, бір кездерде мұнда қазір құрып біткен қалталы хайуандар тіршілік еткен деп қалай анық қорытынды жасай алған болса, біз де туысқандықтың тарих арқылы бізге шейін келген жүйесінен: семьяның соған сай келетін, қазірде құрып біткен формасы болған деп дәл солай анық қорытынды жасай аламыз.

Жоғарыда айтылған туысқандық жүйелері мен семья формаларының осы күнгі үстем болып отырғандардан айырмашылығы сол — онда әрбір баланың бірнеше әке-шешесі болған. Гавайя семьясы сай келетін туысқандықтың американдық жүйесі бойынша біріне-бірі аға-қарындас, апа-іні адамдар бір баланың әке-шешесі бола алмайды; ал туысқандықтың гавайялық жүйесі, мұның керісінше, олардың бір балаға ата-ана болуы ережеге айналған семьяның болуын керек етеді. Біз мұнда, әдетте күні бүгінге дейін семьяның бірден-бір болған формасы деп есептеліп келген семья формаларына тұп-тура қайшы келетін бірсыпыра семья формаларын көреміз. Дәстүрлі түсінік тек дара некені ғана біледі, сонымен қабат бір еркектің көп әйел алуын, мұның үстіне, ең әрі кеткенде, бір әйелдің көп күйеулі болуын білетін-ді, ал осының өзінде практиканың ресми қоғам белгілеген шектерден жасырын, бірақ дөрекі түрде шығып кетіп отыратыны жайында жұмған аузын ашпайды, мұның өзі ақыл үйретуші филистерге лайықты да нәрсе. Мұның керісінше, алғашқы тарихты зерттеу бізге мынадай жағдайдың болғанын көрсетеді: мұнда еркектер көп әйелмен тұрып, ал олардың әйелдері өз ерлерімен бірге — басқа да көптеген еркектермен тұратын болған, сондықтан да бұлардың балалары олардың барлығының ортақ балалары болып есептелген; бұл жағдай өз ретінде дара некеге біржола көшкенге дейін талай өзгерістерге ұшыраған. Бұлар мынадай өзгерістер: алғашқы кезде өте кең болған ортақ неке байланысындағы адамдардың тобы, ақырында келіп, осы кезде басым болып отырған тек жеке жұп қалғанға шейін бірден-бірге шағындала берген.

Сонымен, семья тарихын керісінше жаңадан жасай отырып, Морган өз әріптестерінің көпшілігімен бір ауызды болып, мынандай қорытындыға келеді: тайпа ішінде шектеусіз жыныс қатынастары үстем болған алғашқы қалып болды, сондықтан әрбір әйел әрбір еркектің еркінде болып, сондай-ақ әрбір еркек әрбір әйелдің еркінде болды. Ондай алғашқы қалып жөнінде жұрт өткен ғасырдан бастап-ақ сөз қылған-ды, бірақ жалпы сөздермен ғана тынатын-ды; бұл мәселеге байыптап қарап, бұл қалыптың іздерін тарихи, діни аңыздардан іздестіре бастаған адам Бахофен ғана болды,— оның сіңірген зор еңбектерінің бірі де міне осында. Оның тапқан бұл белгілері бізді әсте де тәртіпке салынбаған жыныс қатынастары болған қоғамдық сатыға қайтып оралтпай, неғұрлым беріректегі формаға — топты неке-

те оралтатынын енді біз білеміз. Жоғарыда аталған тым қара дүрсін қоғамдық саты,— егер ол шын болған болса,— тым арғы заманда болғаны соншалық, оның өткен дәуірде болғанын дәлелдерлік *тура* айғақтар әлеуметтік қазба мұралардың арасынан, даму жағынан мешеу қалған тағы адамдардан табыла қояр ма екен. Бахофеннің сіңірген еңбегі сол — ол бұл мәселені зерттеу ісін бірінші кезекке қойды*.

Адамның жыныс өмірінің** осы бастапқы сатысын бекер деушілік біраздан бері сән болып жүр. Адамзатты осы «масқарадан» арылтпақ болады. Ал, бұл орайда бұған қайсыбір тікелей айғақтың жоқтығы ғана дәлелге алынып қоймай, сонымен қатар әсіресе басқа жан-жануарлар дүниесінің мысалы дәлелге алынады; бұл соңғы жөнінде Летурно («Неке мен семья эволюциясы», 1888) толып жатқан көп фактілер жинаған, олар мүлде тәртіпке салынбаған жыныс қатынастарының мұнда да дамудың төменгі сатысына тән нәрсе екенін көрсетеді. Алайда осы фактілердің бәрінен мен: олар адам жөнінде және оның алғашқы тіршілік жағдайлары жөнінде тіпті ештеңе де дәлелдемейді деген қорытынды ғана шығара аламын. Омыртқалы хайуандардың ұзақ уақыт жұптасып тіршілік етуін физиологиялық себептермен әбден түсіндіруге болады: мысалы, құстарда оны ұя басар құстың жұмыртқа басып жатқан кезінде жәрдем керек қылатындығымен түсіндіруге болады; құстарда кездесетін берік моногамияның үлгілері адамдар жөнінде еш нәрсе де дәлелдемейді, өйткені адам құстардан тарамаған ғой. Ал егер қатаң моногамия қандай да болсын ізгіліктің шыңы болса, онда алдыңғы бәйге, ақиқатына келгенде, іштің таспалы құртына тиеді, оның өзінің 50—200 проглоттидінің, немесе денесіндегі мүшелерінің әрқайсысында еркек пен ұрғашының толық жыныс аппараты болады және ол бүкіл тіршілігін осы мүшелерінің әрқайсысының өзді-өзімен жұптасуымен өткізеді. Ал егер біз сүт қоректі жануарлармен шектелетін болсақ, онда олардан жыныс

---

* Бұл алғашқы қалыпты *гетеризм* деп атап, мұнымен Бахофен өзі ашқаны немесе, дәлірек айтқанда, болжап білгені нақ не нәрсе екенін өзінің жөнді түсінбегендігін көрсетті. Бұл сөзді қолдануға енгізген кезде, гректер бойдақ немесе дара некелі еркектердің күйеуі жоқ әйелдермен байланысын гетеризм деп атаған; бұл үшін әр қашан да некенің белгілі бір формасының болуы шарт, әлгі байланыс бұдан тысқары болып отырады, сөйтіп мұның өзі, қалай да мүмкін нәрсе ретінде, жезөкшелікті аңғартады. Бұл сөз бұдан басқа мағынада еш уақытта да қолданылмаған, сондықтан оны дәл осы мағынада Морганмен бірге мен де қолданып отырмын. Еркек пен әйелдің арасында тарихи тұрғыда пайда болған қатынастар адамдардың шын тұрмыс жағдайларынан шықпай, әрқашанда олардың тиісті діни түсініктерінен шығып отырды деген өзінің қиялындағы түсінігі Бахофеннің ашқан ең мәнді жаңалықтарын бастан-аяқ сұмдық мистикаға айналдырып жіберген.

** Осы абзац пен «Қандас туыс семья» деген бөлімге дейінгі келесі абзацтарды (қараңыз: осы том, 237-бет) Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

өмірінің барлық формаларын кездестіреміз — тәртіпке салынбаған жыныс қатынастарын да, топты некеге ұқсас түрін де, көп әйел алушылықты да, дара некені де кездестіреміз; мұнда көп күйеулі болушылық қана болмай отыр, оған жеткен тек адам ғана. Тіпті бізге ең жақын маймылдарда еркек-ұрғашыларының топтасуының әр алуан түрлері байқалады; ал егер өрісті бұдан да гөрі тар алып, адам тәріздес маймылдардың төрт тегін қарастыратын болсақ, онда бұл арада Летурнонын: оларда біресе моногамия, біресе полигамия ұшырайды деуге ғана шамасы келді, ал Соссюр Жиро-Тёлонға сүйеніп, олар моногамиялы деп пайымдап отыр. Адам тәріздес маймылдардың моногамиялы екендігі туралы Вестермарктың айтқан ең жаңа пікірлері де («Адам некесінің тарихы», Лондон, 1891) жөнді дәлел бола алмайды. Қысқасы, қазір бар деректерді айтсақ, игі ниетті Летурно былай деп мойындап отыр:

> «Дегенмен, сүт қоректі жануарлардың ақыл-ойының даму дәрежесі мен жыныс қатынасы формасының арасында қатаң сәйкестік мүлдем жоқ».

Ал Эспинас («Жануарлар топтары туралы», 1877) тура былай дейді:

> «Үйірдің өзі — ең жоғары әлеуметтік топ, мұны біз жануарлардан байқаймыз. Ол, сірә, семьялардан құралатын болу керек, бірақ әуел бастан-ақ *семья мен үйір антагонизмде* болады, олар біріне бірі кері байланыста дамиды».

Жоғарыда айтылғандардың өзінен-ақ көрінгеніндей, біз адам тәріздес маймылдардың семья болып және басқалай бірлесіп тұратын топтары туралы анық ештеңе білмейміз десе болады; бұл жөнінде бар деректер біріне-бірі тура қайшы келеді. Бұған таңдануға да болмайды. Тағы адам тайпалары жөнінде біздің қолымыздағы деректердің өзі де біріне-бірі қайшы келетіндігі соншалық, тіпті олар сын көзімен тексеріп, іріктеуді әбден керек қылады! Ал маймыл топтарын қадағалау адам топтарын бақылаудан гөрі әлдеқайда қиын. Демек, әзірге біз мұндай мүлде сенімсіз хабарларға негізделіп жасалған қорытындылардың қандайын болса да қабылдамауымыз керек.

Қайта, Эспинастың жоғарыда келтірілген қағидасы бізге неғұрлым берік негіз болады. Күрделі жануарларда үйір мен семья бірін бірі толықтырмайды, қайта біріне-бірі қайшы келеді. Малдың күйлеген кезінде еркегінің қызғаншақ келуі үйірдің топтасуын нашарлататынын немесе соны уақытша бұзатынын Эспинас өте жақсы көрсетеді.

> «Семья берік топтасқан жерлерде, үйір ілуде бір кездесетін нәрсе ретінде ғана құрылады. Мұның керісінше, еркін жыныс қатынастары немесе полигамия үстем болған жерлерде үйір

> өзінен-өзі құрылады деуге болады... Үйірдің құрылуы үшін семья байланыстарының нашарлауы керек, сөйтіп жеке хайуан қайтадан еркін болуы керек. Сондықтан біз құстардан ұйымдасқан топтарды өте сирек кездестіреміз... Мұның керісінше, сүт коректі жануарларда белгілі бір дәрежеде ұйымдасқан топтарды кездестіретін себебіміз: мұнда жеке хайуанды семья билеп кетпейді... Сондықтан үйір бірлігі шыққанда, оның осы үйірлік сезіміне семья бірлігі сезімінен асқан жау болмайды. Турасын айтайық: егер семьяға қарағанда неғұрлым жоғары бір қоғамдық форма дамыған болса, онда мұның өзі түбегейлі өзгерістерге ұшыраған семьяларды әлгі форманың өз бойына сіңіріп алғандығы нәтижесінде ғана болуы мүмкін, мұның өзінде нақ осының арқасында сол семьялардың өзі үнемі бола беретін неғұрлым қолайлы жағдайларда түбінде қайтадан ұйымдасуға мүмкіндік алатыны ықтимал нәрсе» (Эспинас, цитат келтірілген шығарма: Жиро-Тёлон цитат етіп келтірген, «Неке мен семьяның шығуы», 1884, 518—520-беттер).

Адам топтары туралы өткенді шолатын ойымыздан қорытынды жасау үшін жануарлар топтарының белгілі маңызы болғанымен, оның тек теріс мәні бар екені осыдан көрініп тұр. Омыртқалы күрделі жануарларда, біздің білуімізше, семьяның екі ғана формасы: көп әйел алушылыққа ұқсас және жұп-жұбымен қосақтасу бар; бұл екі реттің екеуінде де *бір* ғана ересек еркегі, *бір* ғана жұбайлыққа жол беріледі. Жануарлар семьясын байланыстырып та, оған шек қойып та отыратын еркегінің қызғаншақтығы семьяны үйірге қайшы келтіреді; қатынастың неғұрлым жоғары түрі болып табылатын үйір, әлгі қызғаншақтықтан келіп, кей реттерде үйір болудан қалады, енді бір реттерде топтасқандығынан айырылады немесе мал күйлеген кезде ыдырап кетеді, ең әрі кеткенде, үйірдің бұдан былайғы дамуы кідіреді. Жануарлар семьясы мен алғашқы адам қоғамының бір-бірімен сыйыспайтын нәрсе екенін, жануар күйінен арыла бастаған алғашқы адамдардың семья дегенді не мүлде білмегенін, не ең әрі кеткенде, жануарларда кездеспейтін семьяны ғана білгенін дәлелдеу үшін осының бір өзі жеткілікті. Қалыптасу процесінде тұрған адам сияқты қарусыз жануар тіпті оқшау жүріп тіршілік еткен жағдайларда да бірлі-жарымдап аман қалып отырған, ол кездегі қатынастың ең жоғарғы түрі, аңшылардың әңгімелеріне сүйенетін Вестермарктың айтуынша, гориллалар мен шимпанзелердің бірге тұрғаны тәрізді, жеке-жеке жұптасып өмір сүруі болып табылады. Бірақ даму процесінде жануар күйінен шығып, табиғатта мәлім болған прогресс атаулының ең ұлысын жүзеге асыру үшін тағы да бір жағдай керек болды: жеке бір жануардың өзін өзі қорғауға шамасы келмеушілігінің орнын үйірдің біріккен күшімен, бірлескен қимылдарымен толтыруы қажет еді. Адам тәріздес маймылдардың осы кездегі тіршілік жағдайларынан адам күйіне көшуі тіпті түсіне алмастық нәрсе болар еді; бұл маймылдар көбіне ауа дамыған, бірте-бірте құруға душар болған, қалайда,

құлдырауға бет алған жанама тармақ болып көрінеді. Олардағы және алғашқы адамдардағы семья формаларын бір-бірімен деңгейлестірудің қандайынан болса да бас тарту үшін осының өзі де жеткілікті. Жануарлардың ересек еркектерінің бір-біріне төзімділігі, қызғаныспауы олардың неғұрлым ірі және ұзаққа баратын топтары құрылуының ең бірінші шарты болды, тек осындай топтардың ішінде ғана жануар адамға айнала алды. Тарихта болғанын өзіміз даусыз дәлелдей алатын және оны қазір де кейбір жерлерде зерттеуге болатын семьяның ең ежелгі, неғұрлым ертедегі формасы ретінде біздің шын мәнінде табатынымыз не? Топты неке, некенің бұл формасы тұсында еркектердің бір топтары мен әйелдердің тұтас бір топтары өзара бірінің-бірі ері, бірінің-бірі әйелі болады, мұнда қызғануға оншама орын қалмайды. Ал одан әрі, дамудың бертініректегі сатысында, біз өз алдына бір ерекше форма болып табылатын көп күйеулі болушылықты кездестіреміз. Мұның өзі қызғаныш сезімі дегеннің бәріне онан да бетер, өрескел түрде қайшы келеді, сондықтан да жануарларға бұл беймәлім. Бірақ топты некенің бізге мәлім формалары ерекше бір шатысқан жағдайлармен қабаттас болатыны соншалық, бұлар қалай да жыныс қатынасының неғұрлым ертедегі, неғұрлым қарапайым формалары болғанын көрсетеді, ал сонымен бірге, түптеп келгенде, жануар күйінен адам күйіне көшуге сәйкес келетін тәртіпке салынбаған жыныс қатынастарының болған дәуірін де аңғартады; сондықтан жануарлардағы некені дәлел ету сол дәлелдердің өзі бізді біржола басқа жаққа алып кетуге тиіс болған пункттің нақ өзіне қайта оралдырады.

Өйткені бұл тәртіпке салынбаған жыныс қатынастары дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі біздің заманымыздағы немесе неғұрлым ертеректегі қайсыбір замандағы тыйым салу шектерінің ол кезде күші болмады деген сөз. Қызғанушылықтан туған шектің қалай жойылғанын біз жоғарыда көрдік. Ал енді қызғанушылық — едәуір бертінде дамыған сезім екені толық дәлелденген нәрсе деп есептеуге болады. Қан араласуы туралы ұғым жөнінде де нақ осыны айтуға болады. Алғашқы кезде ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдар ғана бір-біріне ер, әйел болып қойған жоқ, сонымен қатар ата-аналары мен балаларының арасындағы жыныс қатынастарына да бірсыпыра халықтарда осы уақытқа дейін жол беріліп келеді. Банкрофт («Солтүстік Американың тыныс мұхиттық штаттарындағы байырғы тайпалар», 1875, I-том) Беринг бұғазы жағалауындағы кавиактар мен Аляска маңындағы Кадьяк аралының тұрғындарында, британиялық Солтүстік Американың ішкі бөлегіндегі тинне тұқымында осындай қатынастардың барын көрсетеді; Летурно үндісчиппевейлерде, Чилидегі кукустерде, караибтарда, Үндіқытай түбіндегі карендерде дәл осындай фактілердің бары жайында

мәліметтер келтіреді; ежелгі гректер мен римдіктердің парфяндар, парсылар, скифтер, гундар тағы басқалар туралы айтқандарын әңгіме етпесе де болады. Қан араласуы дегеннің не екені анықталмай тұрып (ал *мұның өзі* — жаңалық ашқандық, оның үстіне, әбден бағалы жаңалық), ата-аналары мен балаларының арасындағы жыныс қатынастары түрлі ұрпаққа жататын басқа адамдардың арасындағы жыныс қатынастарынан асқан жиреніш туғызған емес, ал мұның өзі нағыз филистерлік елдерде қазірдің өзінде де, жұртты онша түршіктірмей-ақ бола беретін жағдай ғой; тіпті алпыстың үстіндегі кәрі «қыздар» да, егер олар айтарлықтай дәулетті болса, кейде отыздардағы жас еркектерге күйеуге шығады. Ал егер семьяның өзімізге мәлім ең ертедегі формаларынан соларға байланысты қан араласуы жөніндегі ұғымдарды,— біздің ұғымдарымыздың мүлде өзгеше және оларға көбіне қайшы келетін ұғымдарды,— алып тастайтын болсақ, онда біз тәртіпке салынбаған жыныс қатынасы деп қана атауға болатын жыныс қатынасының формасын көреміз. Тәртіпке салынбаған делінетін себебі, кейіннен әдет-ғұрып бойынша белгіленген шек қоюшылықтар ол кезде болмаған. Бірақ бұдан бұл қатынастар күнбе-күнгі практикада қалайда мүлде бей-берекет болмай қоймайды деген қорытынды әсте шықпайды. Ендігі жерде, көбінесе топты неке тұсында да бола беретін жекелей жұп болып уақытша қосылуда әсте болмай қойған жоқ. Егер осындай алғашқы күйді бекер деуші зерттеушілердің ең соңғысы Вестермарк еркек пен әйелдің нәресте туғанға дейінгі жұп болып бірге тұратын реттерінің бәрін де неке деп атайтын болса, онда мұндай некенің тәртіпке салынбаушылыққа, яғни жыныс қатынасына әдет-ғұрып қоятын шектің болмағандығына ешбір қайшы келмей-ақ, тәртіпке салынбаған жыныс қатынастары тұсында да болуы әбден ықтимал деу қажет. Рас, Вестермарк мына көзқарасқа сүйенеді:

> «тәртіпке салынбаушылық дара ілтипатты болғызбайды», демек, «оның нағыз шын формасы жезөкшелік болады».

Ал маған мұның керісінше, жұрт алғашқы қауымдағы жағдайларды жезөкшелер үйінің көзілдірігімен көріп отырғанда, бұл жағдайларды түсіну ешбір мүмкін емес болып көрінеді. Топты некені қарастырған кезде біз бұл мәселеге ораламыз.

Морганның айтуынша, тәртіпке салынбаған қатынастардың бұл алғашқы күйінен, сірә, тым ертерек кезде мыналар таралса керек:

1. *Кандас туыс семья* — семьяның бірінші сатысы. Мұнда некелік топтар ұрпақтарға қарай бөлінген: семья шеңберінде барлық аталар мен әжелер бірінің бірі ері, әйелі болып табылады, сондай-ақ олардың балалары да, яғни кейінгі балалардың әкелері мен шешелері бірінің бірі ері, әйелі болады; дәл осы

ретпен соңғылардың балалары жалпы ерлі-зайыптылардың үшінші тобын құрайды, ал олардың балалары — алғашқылардың шөберелері — төртінші топты құрайды. Сөйтіп, семьяның бұл формасында өзара ерлі-зайыптылық праволары мен міндеттері (осы күнгі тілмен айтқанда) тек ата-бабалар мен үрім-бұтақтардың, ата-аналар мен олардың балаларының арасында ғана болмайды. Бірге туысқан, немерелес, шөберелес, одан да алыс ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың барлығы біріне-бірі өзара аға-іні, апа-сіңлі болып есептеледі, *осы себептен де* олар бірінің бірі ері, әйелі болып саналады. Ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың туысқандық қатынасы семьяның бұл сатысында олардың бір-бірімен жыныс қатынасының болуын өзінен-өзі түсінікті нәрсе ретінде құптайды*. Мұндай семьяның типтік үлгісі бір жұптың ұрпағы болар еді: мұнда әрбір кейінгі ұрпақ адамдарының барлығы біріне-бірі аға-іні, апа-сіңлі болып табылады, дәл сондықтан да олар бірінің бірі ері, әйелі болады.

Қандас туыс семья құрып біткен. Тіпті тарих әңгіме қылатын ең тағы халықтардан да ондай семьяның болғандығы жөнінде

---

* 1882 жылдың көктемінде жазған бір хатында[142] Маркс «Нибелунгтердің» Вагнер жазған текстінде алғашқы заманның бүтіндей бұрмаланғандығы туралы өте қатты айтып, өз пікірін білдіреді. «Ағасының қарындасын әйелім деп құшқаны бұрын-соңды естіліп пе еді?»[143] Вагнердің өздерінің сүйіспеншілік істеріне қан араласушылықтың аздаған қоспасы арқылы мүлде осы заманда-ғыша ерекше тартымдылық беретін осы «құмарлық тәңірлері» жөнінде Маркс былай деп жазады: «Алғашқы заманда қарындасы ағасының әйелі *болған, мұның өзі адамгершілікке жататын еді». (1884 жылғы басылуына Энгельстің ескертуі.)*

Вагнерді қадірлеуші оның бір француз досы [Бонье] бұл ескертумен келіспей: Вагнер сүйенген «Үлкен Эдданың» өзінде де, «Эгисдреккада»[144] Локи: «Тәңірлердің көзінше сен өз ағаңды құшақтадың» деп Фреяны кінәлаған дейді. Бұдан ағасының қарындасымен неке қиюына сол кездің өзінде-ақ тыйым салынған еді деген қорытынды шығады-мыс. Бірақ «Эгисдрекка» ескі діни аңыздарға сенушіліктің бүтіндей жоғалған мезгілін көрсетеді; мұның өзі — құдайлар жөнінде нағыз Лукиан рухында айтылатын сатира. Егер Мефистофельге ұқсап, Локи мұнда Фреяға осындай кінә тағып отырса, мұның өзі одан да гөрі, Вагнерге қарсы болып шығады. Сонымен бірге Локи бірнеше шумақ жырдан кейін Нйордрға былай дейді: «Өзіннің қарындасыннан сен (осындай) ұл туғыздың» (vidh systur thinni gaztu slikan mög). Рас Нйордр ас емес, ван, сондықтан «Инглингтер туралы сагасында» ал ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың бір-бірімен неке қиюы вандарда, әдеттегі нәрсе, ал астарда бұл болмаған дейді[145]. Мұның өзі, астарға қарағанда, вандардың неғұрлым ерте заманғы құдайлар екенін көрсете алған болар еді. Қалай болғанмен де, Нйордр астардың арасында өзімен тендестердің арасында тұрғандай тұрады екен, сондықтан да «Эгисдрекка бәрінен гөрі мынаған дәлел болады: құдайлар туралы норвег сагалары пайда болған заманда ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілердің арасында болатын некелесу, ең болмағанда, құдайлар арасында ол кезде ешқандай жиренушілік туғызбаған. Егер Вагнерді ақтайтын болсақ, онда «Эдданың» орнына, сірә, Гётені дәлелге алған тәуір болар еді: ол тәңір мен баядера туралы балладасында әйелдердің ғибадатханада көңіл аулайтын діни міндеттері жөнінде бұл ғұрыпты осы күнгі жезөкшелікпен тым жақындастырып дәл осындай қателік жасайды. *(1891 жылғы басылуына Энгельстің жазған қосымшасы.)*

бірде-бір даусыз мысал табуға болмайды. Бірақ туысқандықтың гавайялық жүйесі бізді мұндай семьяның өмір сүруге *тиіс* болғанын мойындауға мәжбүр етеді; бұл жүйе күні бүгінге дейін бүкіл Полинезияда күшінде қалып келеді және семьяның осы формасы тұсында ғана пайда болуы мүмкін қандас туыстық дәрежелерін көрсетеді; бұл форманың ең алғашқы қажетті саты ретінде өмір сүргенін аңғартатын семьяның бұдан былайғы бүкіл дамуының өзі бізді осыны мойындауға мәжбүр етеді.

2. *Пиналуалы семья.* Егер ата-аналары мен балаларының арасындағы жыныс қатынастарынан арылғандығы семьяның ұйымдасуында ілгері басқан алғашқы қадам болса онда апалы-сіңлілі, ағалы-інілілердің жыныс қатынастарынан арылу екінші қадам болды. Осы екінші қадамды жасаудың адамдар жас жағынан көбіне шамалас болғандықтан, шексіз зор мәні болды, бірақ алғашқы қадамнан гөрі қиынырақ та болды. Бұл қадам бірден жасалмаған, сірә*, алғашында жекелеген жағдайларда, соңынан бірте-бірте ережеге айналып (Гавайя аралдарында осы ғасырда да бұдан ауытқушылық болған), бірге туған ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың (яғни, шеше жағынан) жыныс қатынастарынан арылуынан басталып, тіпті жанама жолдарда да некелесуге тыйым салумен, яғни, біздің атауымыз бойынша, бірге туған ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың балаларының, немерелері мен шөберелерінің некелесуіне тыйым салумен аяқталған болу керек. Мұның өзі, Морганның пікірінше,

> «табиғи іріктелу принципінің қалай әсер ететінінің тамаша үлгісі».

Осы қадамның арқасында қан араласушылық тежелген тайпалардың, ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың арасындағы неке ереже және міндет болып қала берген тайпаларға қарағанда, жедел де толыса дамуға тиіс болғаны күмәнсыз нәрсе. Ал осы қадамның әсері қаншалықты күшті болғанын дәлелдейтін нәрсе — сол қадамның тікелей нәтижесі болған және ең алғашқы мақсаттан анағұрлым асып түскен *рудың* құрылуы; бұл ру жер жүзіндегі варвар халықтардың барлығының болмаса да, көпшілігінің қоғамдық тәртібінің негізі болды және біз Греция мен Римде осы рудан тікелей цивилизация заманына көшіп отырмыз.

Әрбір алғашқы семья ең кеш дегенде бірнеше ұрпақтан кейін бөлшектеніп кетуге тиіс болған. Варварлықтың орта сатысы әбден көркейгенге дейін ешбір айырмасыз үстем болып келген алғашқы коммунистік ортақ үй шаруашылығы семьялық қауымның ең жоғары мөлшерін белгілеп отырды, бұл мөлшер жаг-

---

* «Сірә» деген сөзді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

дайларға қарай өзгеретін болды, бірақ әрбір белгілі жерде азды-көпті тиянақты болды. Бірақ бір анадан туған балалардың арасында жыныс қатынастары болуға тиіс емес деген ұғым пайда болысымен-ақ мұның өзі ескі үй қауымдары бөлшектеніп, жаңа үй қауымдары (бұлар семьялық топқа сәйкес келе бермейтін) негізделер кезде әсер етуге тиіс болды. Бірсыпыра апалы-сіңлілі адамдар немесе олардың осындай бірнеше тобы бір қауымның ұйтқысы болды, олардың бірге туған аға-інілері екінші қауымның ұйтқысы болды. Осындай немесе осы сықылды жолмен қандас туыс семьядан Морган пуналуалы семья деп атаған семья формасы келіп шықты. Гавайядағы әдет-ғұрып бойынша, бірге туған немесе туысқандық дәрежелері неғұрлым қашықтау (немерелес, шөберелес т. т.) белгілі бір мөлшердегі апалы-сіңлілі адамдар өздерінің ортақ ерлерінің ортақ әйелдері болған, бірақ олардың аға-інілері ортақ ерлерінің санына қосылмаған; енді олардың бұл ортақ ерлері бұдан былай бірінбірі аға-іні деп атамады, олар бұдан былай бір-біріне аға-іні болуға тиіс те емес-ті, «пуналуа», яғни, жақын жолдас, былайша айтқанда, associé* болуға тиіс еді. Сондай-ақ, бірге туған немесе туысқандық дәрежелері қашықтау бірсыпыра ағалы-інілі адамдар белгілі бір мөлшердегі әйелдермен ортақ некеде болған, бірақ өздерінің апа-қарындастарымен ортақ некеде *болмаған,* бұл әйелдер де бірін-бірі пуналуа деп атаған. Семья құрылысының классикалық формасы міне осындай; ол кейіннен бірқатар өзгерістерге ұшырады және белгілі бір семьялық топтың ішінде ерлері мен әйелдерінің өзара ортақтас болуы оның ең басты айырмашылық белгісі еді; алайда бұл топтан алғашында әйелдердің бірге туған аға-інілері, ал кейіннен туысқандық дәрежелері неғұрлым қашықтау аға-інілері шығарылған, екінші жағынан, одан ерлерінің апа-қарындастары да шығарылған.

Міне семьяның осы формасы американ жүйесінен көрініп отырған туысқандық дәрежелерін әбден дәлме-дәл етіп көз алдымызға көрсетіп те отыр. Менің шешемнің апа-сіңлілерінің балалары әлі де болса шешемнің де балалары, сондай-ақ менің әкемнің аға-інілерінің балалары әкемнің де балалары, сондықтан олардың барлығы маған аға-іні, апа-қарындас болып табылады; бірақ менің шешемнің аға-інілерінің балалары енді оған немере інілер мен сіңлілер, менің әкемнің апа-қарындастарының балалары әкемнің жиендері мен жиен қыздары, сондықтан олардың барлығы менің немерелес аға-інім, апа-қарындасым болады. Шынында да, менің шешемнің апа-сіңлілерінің ерлері әлі де болса шешемнің ерлері, сол сияқты менің әкемнің аға-інілерінің әйелдері әкемнің әйелдері болып отырғанда,— әрда-

* — серіктес. *Ред.*

йым іс жүзінде бола бермегенімен, заң жүзінде солай болып отырғанда,— бірге туған ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың арасындағы жыныс қатынастарын қоғамның теріс деп табуы ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың бұған дейін, бөліп-жармай аға-іні, апа-сіңлі деп танылып келген балаларын екі топка бөлуге әкеліп тіреді: біреулері бұрынғыша біріне-бірі (қашық туысқандық дәрежелері үшін де) аға-іні, апа-сіңлі болған күйінде кала береді, енді біреулері — кей реттерде ағалы-інілі адамдардың балалары, ал кейде апалы-сіңлілі адамдардың балалары — енді біріне-бірі аға-іні, апа-сіңлі *бола алмайды,* енді олардың ортақ ата-аналары — ортақ әкесі де, ортақ шешесі де немесе олардың екеуі де болмайды; сондықтан мұнда тұңғыш рет жиендер мен жиен қыздар, немерелес аға-іні, апа-сіңлі тобының, бұрынғы семьялық құрылыс тұсында ешбір мәні болмайтын топтың қажеттігі келіп шығады. Дара некенің белгілі бір түріне негізделген семьяның қайсы бір формасы тұсында да барып тұрған мағынасыздық болып көрінетін американ туысқандық жүйесі өзінің ең ұсақ егжей-тегжейлеріне дейін ақылға сыйымды түрде пуналуалы семья арқылы түсіндіріліп, сол арқылы табиғи дәлелденеді. Қалай болған күнде де, туысқандықтың бұл жүйесі қаншалықты дәрежеде жайылса, пуналуалы семья немесе соған ұқсас бір семья формасы* соншалықты дәрежеде өмір сүруге тиіс болды.

Егер тақуа миссионерлер, Америкада дүние салған испан монахтары сияқты, христиандыққа жат мұндай қатынастарды әншейін «жексұрындықтан» асып түсетін бір нәрсе деп білуге қабілетті болған болса, онда біз Гавайя аралдарында шын өмір сүргендігі дәлелденген семьяның бұл формасы жөнінде, бәлкім, бүкіл Полинезиядан деректер алған болар едік**. Сол кезде варварлықтың орта сатысында болған бриттер туралы Цезарь бізге: «оларда әрбір он немесе он екі еркектің ортақ әйелдері болған, соның өзінде, көбінесе ағалары інілерімен, әкелері балаларымен бірігіп ортақ әйел иемденген» деп отырса, онда мұның өзін бәрінен гөрі топты некенің*** болғанымен жете түсінді-

---

* «Немесе соған ұқсас бір семья формасы» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

** Оның ойынша Бахофен ашқан тәртіпке салынбаған жыныс қатынастарының ізі, «күнәкарлықтан біткен бала» [«Sumpfzeugung»] дейтін топты некеге алып келеді, бұған бұдан былай енді күмәндануға да болмайды. «Егер Бахофен осы «пуналуа» некелерін «заңсыз» деп табатын болса, онда сол заманның адамы әке немесе шеше жағынан тараған немерелес және туыстық дәрежесі одан да алыс ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың арасындағы осы күнгі некенің көпшілігін қандас ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың арасындағы неке сияқты қан араласушылық деп тапқан болар еді» (Маркс) [қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 187-бет].

*** 1884 жылғы басылуында «топты некенің» деген сөздердің орнына «пуналуалы семьяның» деп басылған. *Ред.*

руге болады. Варварлық дәуірінде аналардың ортақ әйелге ие боларлықтай әбден ержеткен он — он екі ұлы болған емес, ал пуналуалы семьяға сай келетін американ туысқандық жүйесінде ағалы-інілі адамдар көп болғанын аңғартады, өйткені әрбір еркектің немерелес және онан да гөрі қашықтау аға-інілерінің бәрі осындай туысқан болып табылады. «Әкелері балаларымен бірігіп» дегенде, Цезарь қателесуі мүмкін; рас, бұл жүйе тұсында әкесі мен ұлының немесе шешесі мен қызының бір неке тобында болуы мүлде жойыла қоймаған, бірақ оның есесіне мұнда әкесі мен қызының немесе шешесі мен ұлының болуына жол берілмейді. Дәл осы сияқты, топты некенің осы немесе осыған ұқсас формасына* сүйене отырып, тағы және варвар халықтардағы әйел ортақтығы жөнінде Геродот пен ежелгі заманның басқа да жазушылары қалдырып кеткен хабарларды оп-оңай түсіндіруге болады. Мұның Уотсон мен Кейдің («Индия халқы») Аудедегі (Гангтың солтүстік жағында) тикурлар туралы айтқандарына да қатысы бар:

> «Олар ешбір тәртіп сақтамай дерлік, үлкен-үлкен қауым болып бірге тұрады» (әңгіме жыныс қатынастары туралы болып отыр), «ал егер екі адам бірінің бірі ері, әйелі болып есептелетін болса, онда мұның өзі осындай неке байланысының құр аты ғана».

Орасан көп реттерде, сірә, тікелей пуналуалы семьядан *ру* институты пайда болған болу керек. Рас, некелік кластардың австралиялық жүйесі[146] де сол рудың бастама негізі болуы мүмкін: австралиялықтарда рулар бар, бірақ оларда пуналуалы семья әлі жоқ, топты некенің неғұрлым дөрекі формасы өмір сүріп келеді**.

Топты семьяның барлық формаларында баланың әкесінің кім екені белгісіз, бірақ оның шешесі кім екені белгілі. Егер осы шешесі ортақ семьяның *барлық* балаларын өз балам деп атап, олар жөніндегі өзінің аналық міндетін атқарса да, ол дегенмен өзінің туған балаларын басқа балалардан ажыратады. Топты неке өмір сүріп отырғаннан кейін, тұқымның таралуы *шеше* жағынан ғана анықтала алатыны, сондықтан тек *әйел жағы* ғана танылатыны осыдан айқын көрініп отыр. Барлық тағы халықтар мен варварлықтың төменгі сатысында тұрған халықтардың барлығында шынында да осылай болады; сонымен, Бахофеннің сіңірген екінші бір үлкен еңбегі — оның мұны бірінші болып

---

* «Немесе осыған ұқсас формасына» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

** 1884 жылғы басылуында «топты некенің неғұрлым дөрекі формасы өмір сүріп келеді» деген сөздердің орнына: «алайда олардың ұйымдасуы соншама жалғыз-жарымдаған сипатта болғандықтан, оны еске алып жатуымыздың қажеті жоқ» деген сөздер басылған. *Ред.*

ашқандығы. Әркімнің тегін шеше жағынан ғана мойындағандықтың өзін және келе-келе осыдан барып өрбіген мұралану қатынастарын ол аналық право деп атайды; ықшамдылық үшін бұл атауды мен де сақтаймын; бірақ ол орынды алынбаған, өйткені қоғам дамуының бұл сатысында юридикалық мағынадағы право туралы сөз қылуға әлі болмайды.

Біз енді егер пуналуалы семьядан оның екі түрлі типтік тобының бірін, атап айтқанда, бірге туған және туысқандық дәрежелері неғұрлым қашықтау апалы-сіңлілі адамдардың тобын (яғни бірінші, екінші немесе онан арғы буындағы бірге туған апалы-сіңлілі адамдардан тараған тобын) олардың балаларымен, шеше жағынан бірге туған және туысқандық дәрежелері неғұрлым қашықтау аға-інілерімен (бұлар, біздің ұйғарымымызша, олардың ерлері *емес)* қоса алып қарайтын болсақ, онда кейіннен өзінің ең алғашқы формасындағы рудың мүшелері болып табылатын адамдардың нақ өзін көреміз. Олардың барлығына ортақ бір ру басы-әйел болады; өздері сол әйелден тарағандықтан әрбір буындағы әйел үрім-бұтақтың бәрі апалы-сіңлілі адамдар болып табылады. Бірақ осы апалы-сіңлілі адамдардың ерлері енді олардың аға-інілері бола алмайды, демек, олар осы ру басы-әйелден тарай алмайды, демек, осы қандас туыс топтың, ең кейініректегі рудың құрамына кірмейді; бірақ олардың балалары осы топқа жатады, оның себебі — тұқымның шеше жағынан таралуының ғана шешуші ролі бар, өйткені күмәнсыз нәрсе тек сол ғана. Барлық ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың арасындағы жыныс қатынастарына, тіптен шеше жағынан тараған ең алыс жанама туыстардың арасындағы жыныс қатынастарына тыйым салу тәртібі орнағаннан кейін әлгі айтылған топ руға айналды, яғни, әйел жағынан тараған, өзара некелесе алмайтын қандас туыстардың берік орныққан тобы болып құрылды, сол кезден бастап жалпыға ортақ өзге де қоғамдық, сондай-ақ діни сипаттағы басқа да жалпы институттар арқылы барған сайын нығая беретін, бір тайпадағы басқа рулардан айырмашылығы барған сайын көбейе беретін топ болып қалыптасты. Бұл туралы төменде неғұрлым толығырақ айтылатын болады. Ал егер біз руды пуналуалы семьядан тууы қажет деп қана қоймай, өзінен-өзі содан өрбитін нәрсе деп санайтын болсақ, онда ру мекемелерінің болғаны байқалатын халықтардың барлығында, яғни варвар халықтар мен мәдениетті халықтардың барлығында дерлік ілгеріде семьяның бұл формасының болғандығын күмәнсыз дерлік деп мойындауға негіз бар*.

---

* Осыдан былайғы тексті «Жұп семья» деген бөлімге дейін (қараңыз: осы том, 247-бет) Энгельс 1891 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

Морган өзінің кітабын жазған кезде, біздің топты неке жөніндегі деректеріміз әлі тым шамалы болатын. Класс-класс болып ұйымдасқан австралиялықтардағы топты неке жөнінде бірдемелер белгілі болатын, оның үстіне, Гавайядағы пуналуалы семья туралы өзіне жеткен мәліметтерін Морган 1871 жылдың өзінде-ақ жариялаған-ды. Пуналуалы семья, бір жағынан, американдық үндістерде үстем болып отырған туысқандық жүйесі туралы толық түсінік берді, мұның өзі Морганға оның барлық зерттеулерінің бастама негізі болды; ол семья, екінші жағынан, аналық правоға негізделген руды шығарып алуға болатын даяр бастама негіз болды; ақырында, ол семья, австралиялық кластардан гөрі, дамудың неғұрлым жоғары сатысы болған еді. Сондықтан Морганның оны жұп некеден бұрын болған қажетті даму сатысы деп білуі, оны ең көне заманда жаппай тараған деп қарауы түсінікті нәрсе. Содан бергі жерде біз топты некенің бұдан басқа толып жатқан формаларымен таныстық, бұл жөнінде Морганның тым шалғай кеткенін енді жақсы білеміз. Бірақ дегенмен оның жолы болып, өзінің пуналуалы семьясы арқылы ол топты некенің жоғары, классикалық формасын, атап айтқанда, соған сүйене отырып, неғұрлым жоғары формаға көшуді оп-оңай түсіндіруге болатын форманы кездестірді.

Топты неке жөніндегі мәліметтерімізді едәуір байытқаны үшін біз ағылшын миссионері Лоример Файсонға бәрінен де көп борыштымыз, ол семьяның бұл формасын оның классикалық негізінде — Австралияда көп жылдар бойы зерттеген болатын. Дамудың төменгі сатысын ол Оңтүстік Австралияның Маунт-Гамбир ауданындағы австралиялық негрлерден тапты. Мұнда бүкіл тайпа — кроки және кумите деген екі үлкен класқа бөлінген. Осы кластардың әрқайсысының өз ішінде жыныс қатынастарына қатаң тыйым салынған; мұның керісінше, бір кластағы әрбір еркек тумысынан екінші кластағы әрбір әйелдің ері болып табылады, ал бұл әйел тумысынан оның әйелі болады. Жеке адамдар емес, тұтас бір топтар бір-бірімен, бір класс бір класпен некелесетін болған. Экзогамиялы екі класқа бөлінумен байланысты шыққан шектеуден басқа, жас жағындағы айырмашылықтың да, қандас жақын туыстықтың да мұнда жыныс қатынастарына кедергі болмайтынын айта кету керек. Кумитенің әрбір әйелі ақиқатында кез келген крокидің әйелі болып табылады; ал крокидің өз қызы, аналық право бойынша, кумите әйелдің қызы болғандықтан, кумите болады, солай болғандықтан ол қыз тумысынан-ақ әрбір крокидің әйелі, демек, өз әкесінің де әйелі болып табылады. Қалай болғанмен де, өзімізге мәлім түрінде құрылған кластардың ұйымдасуы бұған ешқандай кедергі жасамайды. Сөйтіп, не бұл ұйымдасу қан араласуды тежеуге әйтеуір тырысушылық бар бола тұрса да, ата-

аналары мен балаларының арасындағы жыныс қатынастарын жұрт ешбір ерекше түршігерлік нәрсе деп ұға қоймаған кезде пайда болды,— ал бұлай болған күнде класқа бөліну жүйесі тікелей тәртіпке салынбаған жыныс қатынастарынан шықты,— не болмаса ата-аналары мен балаларының арасындағы жыныс қатынасына некелік кластар пайда болған кезде әдет-ғұрып бойынша енді тыйым салынған болу керек, ал бұлай болған ретте, қазіргі кездегі күй оның алдында қандас туыс семьяның өмір сүргенін көрсетеді де, сол семьядан бас тартудың алғашқы қадамы болып табылады. Осы соңғысы неғұрлым ықтимал сияқты. Менің білуімше, ата-аналары мен балаларының арасындағы неке қатынасының мысалдарын Австралияда ешкім де келтірмейді, ал енді экзогамияның бертініректегі формасы аналық правоға негізделген ру әдетте, оның өзі пайда бола бастаған кезде-ақ мұндай қатынастарға тыйым салынғандығын өзінен-өзі аңғартады.

*Екі* класқа бөліну жүйесі Оңтүстік Австралиядағы Маунт-Гамбир ауданынан басқа, онан әрі, шығысқа қарай, Дарлинг өзенінің бойынан да және солтүстік-шығыста, Квинслендте кездеседі, сөйтіп кең таралған. Ол ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдардың арасындағы шеше жағынан ағалы-інілі адамдардың балалары және апалы-сіңлілі адамдардың балалары арасындағы некені ғана болғызбайды, өйткені олар бір класқа жатады; мұның керісінше, қарындасы мен ағасының, інісі мен апасының балалары бірімен бірі некелесе алады. Қан араласуына тыйым салуға бағытталған онан соңғы қадамды біз Жаңа Оңтүстік Уэльстегі Дарлинг өзенін жағалай мекендеген камиларой тайпасынан кездестіреміз, бұл арада алғашқы екі класс төртке бөлінген, ал осы төрт кластың әрқайсысы түгелімен белгілі бір басқа класпен неке қиысады. Алғашқы екі кластың адамдары тумысынан бір-біріне ерлі-зайыпты болады; шешенің бірінші немесе екінші кластың адамы болуына қарай, оның балалары үшінші немесе төртінші класқа қосылады; бір-бірімен неке қатынастарында болатын соңғы екі кластың балалары бірінші класс пен екінші кластың құрамына кіреді. Сонымен, бір буын әрдайым бірінші класс пен екінші класқа жатады, сонан кейінгі буын үшінші класс пен төртінші класқа жатады, үшінші буын қайтадан бірінші класс пен екінші класқа жатады. Осыған сәйкес ағасы мен қарындасының, апасы мен інісінің (шеше жағынан) балалары бірінебірі ер, әйел бола алмайды, бірақ оның есесіне ағасы мен қарындасының, апасы мен інісінің немерелері біріне-бірі ер, әйел бола алады. Бұл бір ерекше күрделі тәртіп, бұған неғұрлым бертінде аналық рудың қалайда сыналап енуімен ол бұрынғыдан да күрделілене түседі. Бірақ біз бұл арада мұны қарастыра алмаймыз. Сонымен, біз қан араласуына бөгет жасауға ұмтылу-

шылықтың үсті-үстіне біліне бастағанын, бірақ бұған көздейтін мақсатты анық ұғынбай, түйсікпен, стихиялы түрде әрекет жасалғанын көреміз.

Бұл арада, Австралияда, әлі кластардың арасындағы неке болып табылатын топты неке, көбіне бүкіл құрылыққа тараған тұтас бір еркектер класының нақ солай кең тараған әйелдер класымен жаппай ерлі-зайыпты болуы,— бұл топты неке зер сала қарай келгенде тіпті онша жиренішті болып көрінбейді, ал біздің филистерлердің жезөкшелер үйлеріне дағдыланған қиялы оны соншама жиренішті етіп көрсетеді. Қайта, оның бар екенін жұрттың тек сезе бастағанына көп жылдар өтті, ал осы жуырда ғана ол жөнінде талас қайта басталды. Үстірт зерттеген адамға оның өзі беріктігі шамалы дара неке сияқтанып көрінеді, ал кейбір жерлерде — ерлі-зайыптылық адалдығын оқта-текте ғана бұзатын көп әйел алушылыққа ұқсайды. Қәдуілгі европалық адам өз еліндегіге ұқсас нәрсе деп түсінуге бейім тұратын осы неке қатынастарын реттеп отыратын заңды табу үшін, жат жерлік бір австралиялық негр өзінің туған жерінен мыңдаған километр жерде, өзі түсінбейтін тілде сөйлейтін адамдардың арасында жүріп, сонда да әрбір қоныстан, әрбір тайпадан ешбір қарсыласпай, ренжімей-ақ өзіне берілуге әзір тұрған әйелдерді екінің бірінде таба алатын, ал бірнеше әйелі бар адам бір әйелін бір түнге өзінің қонағының еркіне беретін осы заңды ашу үшін, Файсон мен Хауитт секілді талай жылды сарп ету керек еді. Европалық адамның адамгершілікке жат заңсыздық деп білетін жерлерінде шынында қатаң заң үстем болып отыр. Бұл әйелдер әлгі жат жерліктің некелі класына жататын әйелдер, сондықтан да олар тумысынан соның әйелдері болып табылады; оларды бір-біріне атастырып қоятын адамгершілік заңының өзі, масқара жазаланады деп қорқытып, біріне-бірі тән некелі кластардан тысқары болатын жыныс қатынасының қандайына болса да тыйым салады. Тіпті әйелдерді алып қашатын жерлердің өзінде, ал мұның өзі жиі болатын және әдетке айналған жерлерде де неке кластары жөніндегі заң мұқият сақталады.

Әйелдерді алып қашу кезінің өзінде-ақ, дегенмен дара некеге көшудің белгілері біліне бастайды, ең болмағанда жұп неке формасында білінеді: жас жігіт өзінің дос-жарандарының көмегімен қызды ұрлап немесе күш жұмсап алып қашқанда, олардың барлығы кезекпен сол қызбен жыныс қатынастарын жасайды, бірақ сонан кейін ол қыз жаңағы ұрлауды ұйымдастырған жас жігіттің әйелі болып есептеледі. Ал мұның керісінше, егер ұрлап әкелінген әйел ерінен қашып кетіп, оны басқа бір еркек иеленетін болса, ол осы соңғысының әйелі болады, ал алғашқы адам бұл әйел жөніндегі өзінің артықшылық правосынан айрылады. Сонымен, жалпы алғанда әлі бар топты некемен қатар — және сол некенің шеңберінде — басқа адам-

дарды жуытпайтын қатынастар, азды-көпті ұзақ уақыт бойына екі адамның қосылуы пайда болады, ал мұнымен қабат көп әйел алушылық та болады, сөйтіп мұнда да топты неке құри бастайды, сондықтан енді европалықтардың әсер етуімен топты неке бұрын құри ма, әлде оны ұстанатын австралиялық негрлер бұрын құри ма — мәселе міне осында ғана болып отыр.

Австралияда ұстем болып отырған формада бүтіндей бір кластардың некелесуі, қалай болғанда да, топты некенің ең төменгі, ең алғашқы формасы болып табылады, ал пуналуалы семья, біздің білуімізше, оның дамуының жоғары сатысы болып табылады. Біріншісі, сірә, тағы көшпенділердің қоғамдық даму деңгейіне сәйкес келетін болу керек, екіншісі коммунистік қауымдардың сол кезде-ақ біршама тұрақтап қоныстанғанын аңғартады және дамудың келесі, неғұрлым жоғары сатысына тікелей бастап әкеледі. Некенің осы екі формасының арасынан тағы да кейбір аралық сатыларды кездестіретінімізде күмән жоқ; бұл жерде біздің алдымыздағы — зерттеудің әзірге жаңада ғана ашылып, болар-болмас әңгіме болған саласы ғана.

3. *Жұп семья.* Жекелеген жұптардың азды-көпті ұзақ уақытқа қосылуы топты неке тұсында-ақ немесе одан да бұрын болған; көп әйелдің арасынан еркектің бір негізгі әйелі болған (ол кезде нақсүйері деуге бола қояр ма екен), ал сол еркек басқа еркектердің арасында оның негізгі ері болып есептелген. Бұл жағдай топты некені* не ретсіз әйел ортақтығы деп, не болмаса жұбайлық адалдықты өз бетімен бұзғандық деп қарайтын миссионерлердің шатасуына көп себепші болды. Бірақ ру неғұрлым дамыған сайын, ендігі жерде өзара некелесуі мүмкін емес «ағалы-інілілер» мен «апалы-сіңлілілер» тобы көбейген сайын, жекелеген жұптардың дағдыға айналған осылай қосылуы барған сайын нығая түсуге тиіс болды. Қандас туыс адамдар арасында некеге тыйым салуға рудың қозғау салуы бұдан да ілгері бастады. Мысалы, біз ирокездер мен варварлықтың төменгі сатысында тұрған басқа да үндістердің көпшілігінде олардың жүйесіндегі *барлық* туысқан адамдардың арасында некеге тыйым салынғанын кездестіреміз, ал бұлардың бірнеше жүздеген түрі бар. Некелесуге тыйым салу жолдарының соншама көбейіп, шиеленісе түсуі жағдайында топты некелердің өмір сүруі барған сайын мүмкін болмауға айналды; оларды *жұп семья* ығыстырып шығарды. Бұл сатыда еркек бір әйелмен тұрады, бірақ көп әйел алушылық экономикалық себептерге де байланысты сирек кездескенімен, оның өзі және, реті келгенде, ерлі-зайыптылық адалдықты бұзу еркектердің правосы болып қала береді; мұнымен қатар, бірге жасасқан бүкіл уақыттың

---

* 1884 жылғы басылуында осы және ілгергі сөйлемде «топты некені» деген сөздердің орнына: «пуналуалы семьяны» деп басылған. *Ред.*

ішінде әйелдердің көбінесе еріне әбден адал болуы талап етіледі, сондықтан зинақорлығы үшін олар мейлінше қатты жазаланған. Алайда, олардың қай-қайсысы болса да некені оңай бұза алған, ал балаларға бұрынғыша тек қана шеше ие болған.

Қандас туыс адамдарды осы неке одағынан онан әрі арылта беру ісінде табиғи іріктелу әсері де байқалып отырады. Морганның айтуынша,

> «қандас туыс емес ру мүшелерінің арасындағы некелер дене құрылысы жағынан да, ақыл-ой жағынан да неғұрлым мықты тұқым жасады; өркендеуші екі тайпа бір-бірімен араласты, сөйтіп жаңа ұрпақтардың бас сүйегі мен миы екі тайпаның екеуінің де қабілетін қосып алғандағыға сай келетін мөлшерге табиғи түрде жетті»*.

Сонымен, рулық ұйымы бар тайпалар кейін қалған тайпалардан басым болуға немесе оларды өз үлгісіне еліктетуге тиіс болды.

Демек, алғашқы заманғы семья бастапқыда бүкіл тайпаны қамтыған және өз ішінде екі жыныс арасындағы неке байланыстарының ортақтығы үстем болған адамдар тобының үздіксіз ықшамдала беруі арқылы дамыған. Алдымен неғұрлым жақын туыстарды, онан соң неғұрлым алыс туыстарды, ақырында, тіпті жек-жаттарды да бірден-бірге неке одағынан арылту арқылы топты неке түрлерінің қандайы болса да, түптеп келгенде, іс жүзінде мүмкін болмауға айналады, сөйтіп осының нәтижесінде әлі де болса берік қосыла қоймаған жалғыз ғана некелі жұп, бөлшектене қалған күнде жалпы неке атаулы тоқталатын молекула ғана қалады. Бұл сөздің осы күнгі мағынасындағы дара жыныс махаббатының дара некенің шығуына оншама қатысы жоқ екені осының өзінен-ақ көрінеді. Мұны дамудың осы сатысында тұрған халықтардың бәрінің тәжірибесі онан да бетер дәлелдейді. Семьяның бұрынғы формалары тұсында еркектерге әйелдің жетіспеуі ешуақытта да болып көрмеген, қайта, жеткіліктіден де көрі артық болған болса, енді әйелдер сиреді, сондықтан оларды іздестіруге тура келді. Сондықтан жұп неке шыққан уақыттан бастап әйелдерді ұрлап алып қашушылық, сатып алушылық басталады, бұлардың өзі басталған, тамыры тереңде жатқан өзгерістің кең тараған *белгілері* болды — бірақ қалайда соның белгілерінен артық дәнеме де емес еді, алайда әйел табу әдістеріне ғана қатысы бар осы белгілерге сүйеніп, тақуа шотландиялық Мак-Леннан семьяның ерекше түрлерін: «ұрлап әкетіп некелесу» мен «сатып алып некелесу» дегенді ойлап шығарды. Ал оның үстіне, американдық үндістерде және басқа халықтарда (дамудың дәл сол сатысында тұрғандарда) некелесетін адамдардың өздері некелеспейді, олардың ризалығын сұрамай-

* Сондай-ақ қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 28-бет. *Ред.*

ақ, шешелері некелестіреді. Осылайша, бірін-бірі мүлде танымайтын адамдарды екінің бірінде-ақ сырттан айттырып қояды, сөйтіп жасалған келісім туралы оларға неке қию мезгілі жеткенде ғана хабарлайды. Үйлену тойы алдында күйеу бала қалыңдығының тумаларына сыйлық береді (яғни қалыңдығының шеше жағынан туысқандарына береді, бірақ әкесі мен оның туысқандарына емес); бұл сыйлықтар берілетін қыз үшін төленетін қалың болып саналады. Неке ерлі-зайыпты адамдардың әрқайсысының тілегі бойынша бұзылуы мүмкін; бірақ көптеген тайпаларда, мысалы, ирокездерде, бірте-бірте қоғамдық пікірдің некенің осылай бұзылуына теріс көзқарасы қалыптасты; ерлі-зайыптылардың арасында ұрыс-жанжал шыға қалған күнде, оларды жарастыру ролін екі жақтың тумалары атқаратын болған, олардың бұл іске араласуынан ештеңе шықпаған күнде ғана неке бұзылады, оның өзінде, балалар әйелдің қолында қалады да, екі жақтың екеуіне де жаңа некеге право беріледі.

Өз үй шаруашылығының керектігін туғызу үшін немесе сол үй шаруашылығын құруға деген ниет туғызу үшін онсыз да тым әлсіз және тым тұрақсыз болған жұп семья неғұрлым ертедегі дәуірден мұра болып қалған коммунистік үй шаруашылығын тіпті де жоя алмайды. Бірақ туған әкесін анық білу мүмкіндігі жоқта тек туған шешесін ғана танушылық әйелдерге, яғни аналарға деген зор құрметті білдіретіні сияқты, коммунистік үй шаруашылығы да үй ішінде әйелдердің үстем болғандығын білдіреді. XVIII ғасырдағы ағарту заманынан бізге мұраға қалған нағыз оғаш түсініктердің бірі — қоғам дами бастаған кезде әйел еркектің күні болыпты деген пікір. Барлық тағы адамдар мен варварлықтың төменгі, орта және бірлі-жарымдап жоғары сатысында тұрған тайпалардың барлығында да әйел ерікті болып қана қоймай, сонымен қатар барынша құрметті дәрежеде болды. Жұп неке тұсында-ақ бұл дәреженің қандай екенін сенека тайпасы ирокездерінің арасында көп жылдар бойы миссионер болған Ашер Райт көрсетіп бере алады. Ол былай дейді:

> «Олардың семьясына келетін болсақ, онда ирокездердің ертеде заманғы ұзын үйлерде» (бірнеше семьяның коммунистік үй шаруашылықтары) «тұрған кездерінде... онда әрдайым әйтеуір бір клан» (ру) «басым болған, сондықтан әйелдер басқа кландардан» (рулардан) «күйеу кіргізіп алатын болған... Әдетте үй ішінде әйел жағы үстем болды; үйдегі қор ортақ болды; бірақ өтемөте жалқау немесе икемсіз болған, жалпы қорға өз үлесін қоса алмаған бейшара ер немесе әйелдің көңілдесі мұның сазайын мықтап тартатын болған. Үйде оның қанша бала-шағасы, өзіне тиісті қанша мүлкі болса да, бәрібір ол оны-мұныңды ал да, тайып тұр деген бұйрықты минут сайын күте алатын еді. Оның қарсылық көрсетуге де әлі жоқ-ты; үй оған тамық болып, өз клана» (руына) «қайта барудан немесе — осы жағдай көбірек болатын — басқа кланда жаңадан некелесуден басқа еш шара қалмайтын». Кландарда (руларда), «тіпті қайда болса да әйелдер зор-

күш болған. Олардың көсем адамды орнынан алғызып, оны қарапайым жауынгердің қатарына түсіруге дейін барған реттері де болған»*.

Еркектер түрлі рулардан болғанда, әйелдердің барлығы немесе олардың көпшілігі сол бір рудан болатын коммунистік үй шаруашылығы алғашқы заманда тарамаған жері қалмаған әйел үстемдігінің нақтылы негізі болып табылады, мұны ашу — Бахофеннің сіңірген үшінші еңбегі.— Қосымша ретінде тағы да айта кетейін, саяхатшылар мен миссионерлердің: тағы халықтар мен варвар халықтарда әйелдер ауыр жұмыстан бас көтере алмайды екен деген хабарлары жоғарыда айтылғандарға әсте қайшы келмейді. Еркектер мен әйелдердің арасындағы еңбек бөлінісі әйелдің қоғамда алатын орнынан тумайды, мүлде басқа себептерден туады. Әйелдер біздің түсінігіміздегіден гөрі әлдеқайда көп жұмыс істеуге тиісті халықтарда әйелдерді шынайы құрметтеушілік біздің европалықтарға қарағанда әлдеқайда артық. Цивилизация заманының құрметке бөленген сияқты болып көрінетін және нағыз еңбек атаулының бәрі де жат бәйбішесінің қоғамдық жағдайы варварлық заманының ауыр еңбек атқаратын әйелінің қоғамдық жағдайынан анағұрлым шексіз төмен болады; варварлық заманның әйелі өз елінде нағыз қастерлі бәйбіше (lady, frowa, Frau-ханым) болып есептелді, өзінің қоғамдағы жағдайы жағынан да сондай бәйбіше болған еді.

Әлі де тағылықтың жоғары сатысында келе жатқан солтүстік-батыс және, әсіресе, оңтүстік-американ халықтарын неғұрлым мұқият зерттеу жұп семьяның қазір Америкада топты некені** бүтіндей ығыстырып шығарған-шығармағанын анықтап беруге тиіс. Оңтүстік-американ халықтары туралы айтылатын әңгімелерде жыныс қатынастары еркіндігінің әр алуан мысалдарының көп кездесетіні соншалық, мұнда ерте заманғы топты некені толық жойылды деуге бола қояр ма екен***. Қалай болғанмен де, оның жұрнақтары әлі түгел жойылып болған жоқ. Солтүстік-американ тайпаларының ең кемінде қырқында қыздардың үлкенімен некелесетін еркектің жастары жеткен кезде оның барлық сіңлілерін де әйелдікке алуға правосы бар,— мұның өзі апалы-сіңлілі адамдардың тұтас бір тобының ортақ ерлері болғандығының қалдығы. Ал Калифорния түбегінің тұрғындары (тағылықтың жоғары сатысы) туралы Банкрофт былай дейді: оларда тәртіпке салынбаған жыныс қатынастарын жасау мақсатымен бірнеше «тайпалардың» бірге бас қосысатын

* Сондай-ақ қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 26—27-беттер. *Ред.*

** 1884 жылғы басылуында «топты неке» деген сөздердің орнына: «пуналуалы семья» деп басылған. *Ред.*

*** Бұл сөйлемді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

той-жиындары болады. Бұл жерде, сірә, бір ру әйелдерінін екінші бір рудың барлық еркектерін өздеріне ортақ ер етіп иемденген және мұның керісінше болған кездерін осы той-жиындарда шала-шарпы естеріне алатын рулар туралы сөз болып отырса керек, бұл рулар үшін әлгіндей той-жиындар соның формасы болып табылады*. Дәл осындай ғұрып Австралияда да бар. Кейбір халықтарда жасы үлкен еркектер, көсемдер мен баксы-балгерлер әйел ортақтығын өз мүдделеріне пайдаланып. әйелдердің көпшілігін өздеріне қаратып алады; бірақ мұның есесіне олар белгілі бір мейрамдар мен үлкен халық жиындары кезінде ертеде болған әйел ортақтығына қайта жол беріп, өз әйелдерінің жас жігіттермен ойнап-күліп, ләззат алуына рұқсат етуге тиіс. Индиядағы хо, сантал, панджа және котар тайпаларында, кейбір африкан халықтарында және т. б. бұрынғы еркін жыныс қатынасы біраз уақытқа қайта күшіне кіретін осындай дүркін-дүркін болатын сатурналиялардың[147] бірқатар мысалдарын Вестермарк өз кітабының 28—29-беттерінде келтіреді. Бұдан Вестермарк: мұның өзі — ол теріске шығарып отырған топты некенің қалдығы емес, басқа хайуандармен бірге алғашқы адамдарда да болған күйлеу мезгілінің қалдығы деген оғаш қорытынды жасайды.

Біз бұл арада Бахофеннің ашқан төртінші бір ұлы жаналығына, топты некеден жұп некеге көшудің кең тараған өткінші формасын ашқан жаңалығына жақын келеміз. Бахофеннің құдайлардың ежелгі өсиеттерін бұзғандықтың күнәсін жуу деп көрсетіп отырғаны,— сол арқылы әйел бұзылмаған деп танылу правосын алатын нәрсе,— шындығына келгенде, төлем төлеудің мистикалық көрінісі ғана, бұл арқылы әйел, ежелгі заманаларда болған күйеу ортақтығынан төлем төлеп құтылып, *бір* ғана еркектің еркінде болу правосына ие болады. Бұл төлем басқа еркектерге берілудің белгілі бір шектермен шектелген ғұрпы болып табылады: Вавилон әйелдері жылына бір рет Милитта ғибадатханасында еркектердің көңілін аулауға тиіс болған; Алдыңғы Азияның басқа халықтары қыздарын нешеме жылдарға Анаитис ғибадатханасына жіберіп алатын болған, мұнда

* Бұдан былайғы: «Жұп семья тағылық пен варварлықтың арасындағы өткелде пайда болды» деген сөздерге дейінгі тексті (осы томның 254-бетін қараңыз) Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. 1884 жылғы басылуында абзац 1891 жылғы басылуында Энгельстің жарым-жартылай пайдаланып, жарым-жартылай қалдырып кеткен мына текстімен аяқталған: «Бұл сияқты әрекеттің қалдықтары ежелгі дүниеде жақсы мәлім болған-ды, мәселен, Финикия қыздары Астарта құрметіне болған той-жиындар кезінде ғибадатханада басқа адамдардың көңілін аулауды ғұрып еткен; тіпті орта ғасырлық алғашқы түн правосы, неміс неоромантиктерінің бұл фактіні жеңілдетуге тырысуына қарамастан, әжептәуір орныққан формада болған осы право пуналуалы семьяның қалдығы болып табылады, мұның өзі сірә, кельт руы (кланы) арасында сақталған болса керек».

олар, некелесуге право алмай тұрып, өздерінің таңдаған адамдарымен емін-еркін махаббат құруға тиіс болған; діни жамылғымен бүркелген мұндай әдет-ғұрыптар Жерорта теңізі мен Гангтың аралығын мекендеген Азия халықтарының барлығынан дерлік кездеседі. Төлем орнына жүретін кешірім құрбандығы бертін келе жеңілдей түседі, мұны аңғарған Бахофен былай дейді:

> «Жылма-жыл келіп отыратын кешірім құрбандығының орнын бір рет өтелетін парыз басады, матроналардың гетеризмі қыздардың гетеризміне орын береді; оны неке уақытында жасаудың орнына, оныменен некелесуден бұрын айналысады; кім болса соған талғамастан берілудің орнына, енді белгілі бір адамдарға ғана берілетін болады» («Аналық право», XIX бет).

Басқа халықтарда діни жамылғылар жоқ: кейбір халықтарда — көне заманда фракиялықтарда, кельттерде және басқаларында, Индияның байырғы мекендеушілерінің бірсыпырасында, Малайя халықтарында, Тынық мұхит аралдарындағылар мен американдық үндістердің бірқатарында осы кезде де — қыздар күйеуге тигенге дейін жыныс еркіндігімен барынша пайдаланады. Мұның өзі Оңтүстік Американың барлық жерлерінде дерлік өте-мөте кең тараған, мұны осы құрылыққа аз да болса бойлап кірген әрбір адам растай алады. Мәселен, Агассис («Бразилияға саяхат», Бостон және Нью-Йорк, 1886, 266-бет) үндістерден шыққан бір бай семья жөнінде мынадай әңгіме айтады. Ол өзі әлгі семьядағы қызбен танысқанда, ол Парагвайға қарсы соғысқа офицер болып қатысқан еркекті әлгі қыздың шешесінің күйеуі болар деген оймен, қыздың әкесі жайлы сұрапты, бірақ қыздың шешесі жымия күліп, мынадай жауап беріпті: nao tem pai, é filha da fortuna—мұның әкесі жоқ, ғайыптан болған бала.

> «Үндіс әйелдері мен будандар өздерінің некесіз тапқан балалары жөнінде ұялмай-қызармай-ақ әрдайым осылай дейді; мұның өзі тіпті ерсі нәрсе емес, бұдан да гөрі сірә, бұған керісінше болса ерсілік болар. Балалар... көбіне шешесін ғана біледі, өйткені баланы бағып-қағу міндетінің бәрі де соның мойнында болады; өз әкелері жөнінде балаларештеңе білмейді, өзіне немесе өз балаларына сол еркектің пәлендей бір міндеткерлігі бар деген пікір әйелдің ойына да келмейтін болу керек».

Бұл арада цивилизация адамына оғаш болып көрінетін нәрсе аналық право бойынша және топты неке тұсында әншейін әдетке айналған нәрсе болып табылады.

Кейбір халықтарда күйеу жігіттің достары мен туғандары немесе үйлену тойына шақырылған қонақтар дәл той кезінде ерте заманалардан мұра болып қалған қалыңдық жөніндегі правосын білдіреді, оның бер жағында, күйеуге ең соңғы кезек тиеді; Балеар аралдары мен африкалық авгилдерде ерте заманда осылай болған, ал Абиссиниядағы барелерде мұның өзі осы

кезде де бар. Басқа халықтарда әйтеуір бір қызмет адамы, тайпа немесе ру басшысы, касик, шаман, абыз, князь, немесе ол қалай аталса солай аталсын, қауым өкілі болады да, қалындық жөнінде алғашқы түн правосымен пайдаланады. Бұл фактіні жұмсартуға неоромантиктер қаншама күш салса да, осы jus primae noctis* Алясканы мекендеушілердің көпшілігінде (Банкрофт, «Байырғы тайпалар» I, 81), Солтүстік Мексикадағы тахуларда (бұл да сонда, 584-бет) және басқа халықтарда топты некенің қалдығы ретінде осы күнге дейін бар; мұның өзі бүкіл орта ғасырлар бойы солай болған-ды — ең болмағанда, алғашқы кезде кельт елі болған елдерде, ол право тікелей топты некеден қалған елдерде, мысалы, Арагонда осылай болған еді. Кастилияда шаруа ешқашан да крепостной болмай тұрғанда, Арагонда Фердинанд Католиктің 1486 жылғы аралық шешімі шыққанға дейін нағыз жиреніштi формаларында крепостниктік тәртіп үстем болып келді. Бұл документте былай делінген:

> «Біз қаулы етіп, былай деп жариялаймыз: жоғарыда аталған мырзалардың» (senyors, барондар) «... шаруа әйел алғанда, сол әйелмен алғашқы түні бірге жатуға немесе, өзінің үстемдігін білдіріп, той болған түні, шаруа әйелі төсегіне жатқан кезде, сол төсек-орын мен әлгі әйелге жолауға правосы жоқ; жоғарыда аталған мырзалардың, мейлі ақы берсін, мейлі ақы бермесін, шаруа қызының немесе ұлының өз еркінсіз қызмет көрсетуін де талап етуге правосы жоқ». (Каталон тіліндегі түпнұсқасы Зугенхеймнің кітабында цитатқа келтірілген, «Крепостниктік право», Петербург, 1861, 355-бет).

Онан соң, өзінің «гетеризм» немесе «күнә жасап жүкті болу» деп атаған нәрсесінен дара некеге көшуге көбінесе әйелдер себепші болды дегенді барынша баса көрсетіп, Бахофен әбден дұрыс істеп отыр. Тұрмыстың экономикалық жағдайларының дамуына байланысты, демек, алғашқы коммунизм ыдырап, халық тығыздығының артуына байланысты, еркек пен әйел арасындағы ертеден мұра болып қалған қатынастар өзінің алғашқы заманғы доғал сипатын неғұрлым жойған сайын, ол қатынастар әйелдерге соғұрлым зәбірлі және ауыртпалығы көп болып көрінуге тиіс болды; әлгі зәбір-жападан құтылу ретінде, бұзылмаған деп танылу, уақытша немесе түпкілікті бір еркекпен ғана некелесу правосына әйелдер соғұрлым табандылықпен жетуге тиіс болды. Ілгері басқан бұл қадамды еркектер бастай алмады, өйткені, басқа себептерді былай қойғанда, іс жүзіндегі топты некенің ыңғайлы жақтарынан бас тарту еркектердің ойына тегі еш уақытта да, тіпті осы күнге дейін кіріп шыққан емес. Жұп некеге көшуді әйелдер жүзеге асырғаннан кейін ғана, еркектер қатаң моногамия тәртібін енгізе алды,—әлбетте, тек әйелдер үшін ғана енгізді.

---

* — алғашқы түн правосы. *Ред.*

Жұп семья тағылық пен варварлықтың арасындағы өткелеңде көбінесе тағылықтың жоғары сатысында, кей жерлерде ғана варварлықтың төменгі сатысында пайда болды. Топты неке тағылық дәуіріне, ал моногамия — цивилизация дәуіріне тән семья формасы болса, жұп неке — варварлық дәуіріне тән семья формасы болды. Жұп семьяның бұдан әрі берік моногамия болып дамуы үшін күні бүгінге дейін орын теуіп келген себептерден басқа себептер керек болды, мұны біз жоғарыда көрдік. Жұптасып тұра бастаған кездің өзінде-ақ неке тобы өзінің ең ақырғы өлшем бірлігіне, өзінің екі атомдық молекуласына,— бір еркек пен бір әйелге дейін ықшамдалған еді. Неке қатынастарынан артық адамдарды барған сайын арылта беру арқылы табиғи іріктеу өз ісін аяқтап шықты; енді оған бұл бағытта істейтін еш нәрсе қалмады. Демек, *қоғамдық* жаңа қозғаушы күштер әрекет жасай бастамаған болса, онда жұптасып бірге тұрудан семьяның жаңа формасының шығуы үшін ешбір негіз болмаған болар еді. Бірақ мұндай қозғаушы күштер әрекет жасай бастады.

Біз енді Американы, жұп семьяның осы классикалық негізін қоя тұрамыз. Бұл арада семьяның неғұрлым жоғары формасы дамыған деп, Американы ашып, жаулап алғанға дейін бұрынсоңды бұл араның бір жерінде берік моногамия болған деп қорытынды жасауға мүмкіндік беретін ешбір белгілер жоқ. Ескі дүниеде істің жайы басқаша болды.

Үй хайуандарын қолға үйретіп, қора-қора мал өсіру мұнда бұған дейін көз көріп, құлақ естімеген байлық қорын жасап, мүлде жаңа қоғамдық қатынастарды туғызды. Варварлықтың төменгі сатысына дейін тұрақты байлық болып табылған нәрсе тек тұрғын үй, киім-кешек, дөрекі әшекей бұйымдар және тамақ тауып, оны әзірлеуге керекті құралдар ғана болды деуге болады, бұлар: қайық, қару, үй ішінің қарапайым бұйымдары еді. Тамақты әр күн сайын жаңадан тауып отыруға тура келді. Ал енді алға басып бара жатқан мал бағушы халықтар — үндінің Бесөзен бойы мен Ганг аймағындағы арийліктер, сондай-ақ Оксус және Яксарт өзендері алабының сол кезде суы неғұрлым мол далаларын жайлаған халықтар, Евфрат пен Тигр бойындағы семиттер — көбейген үстіне көбейе беру үшін, орасан көп ет, сүт тамақтарын жетістіріп тұру үшін бақылауды ғана, ең қарапайым күтімді ғана керек қылған үйір-үйір жылқы, түйе, есек, қора-қора ірі қара мал, қой-ешкі, шошқа сияқты мал-мүлікке ие болды. Тамақ табудың бұрынғы әдістерінің бәрі де енді былай қалды; бұрын қажеттілік болған аңшылық енді салтанат ісіне айналды.

Бірақ бұл жаңа байлық кімдікі еді? Сөз жоқ, алғашында ол рудікі еді. Алайда қора-қора малды жеке меншіктенушілік ерте бастан-ақ шығуға тиіс болды. Моисейдің Бірінші кітабы дейтіннің авторының тұрғысынан қарағанда, патриарх Авраам қора-

қора малдың иесі болғанда семьялық қауым басы ретіндегі өз правосын пайдаланып барып болды ма немесе өзінің іс жүзіндегі мұралық ру басы дәрежесі арқылы болды ма, мұны айту қиын. Күмәнсыз нәрсе мынау ғана: біз оның өзін меншік иесі дегенде бұл сөздің қазіргі мағынасындағы меншік иесі деп ұғуға тиіс емеспіз. Онан соң, тағы бір күмәнсыз нәрсе мынау: нақтылы тарихтың басынан-ақ барлық жерде де семья басыларынын өзіне бөлек меншігінде* қора-қора малы болғанын кездестіреміз, дәл сондай-ақ олардың меншігінде варвар заманы өнерінің шығарған көркем заттары, үй-ішінің металл бұйымдары, сәнсалтанат бұйымдары және, ақырында, мал орнына жүрген адамдары — құлдары болған.

Өйткені енді құлдық та ойлап табылған еді. Варварлықтың төменгі сатысындағы адамға құл пайдасыз еді. Сондықтан жеңілген жауларға дамудың неғұрлым жоғарғы сатысында жұрт қалай қараған болса, американдық үндістер оларға тіпті де олай қараған жоқ. Олар еркектерді өлтірген немесе жеңушілер тайпасына туыс ретінде қабылдап отырған; әйелдерді олар әйелдікке алып отырған немесе әйтеуір басқаша бір ретпен оларды тірі қалған балаларымен қоса өз тайпасының құрамына қабылдап отырған. Адамның жұмыс күші дамудың бұл сатысында оны асырауға жұмсалатын шығыннан оншалықты артып кете қоярлықтай өнім бермейді. Мал шаруашылығының, металл өңдеу ісінің, тоқыма кәсібінің және, ақырында, егіншіліктің енуімен жағдай өзгеріп кетті. Әсіресе қора-қора мал семья иелігіне** біржола көшкеннен кейін жұмыс күші дәл әйелдердің ұшыраған халіне ұшырады, бұрын әйелдерді оп-оңай тауып алуға болатын еді, енді олардың айырбас құны пайда болып, сатып алына бастады. Семья малдың көбейгеніндей жылдам өскен жоқ. Малға қарау үшін енді адам көп керек болды; бұл мақсатқа тұтқындалған жауды пайдалануға болатын болды, оның үстіне тұтқындар мал сияқты оңай көбейетін еді.

Мұндай байлықтар бір кезде кейбір семьялардың*** жеке иелігіне көшіп, солардың қолында тез көбейгендіктен, олар жұп неке мен аналық правоға негізделген қоғамға қатты соққы берді. Жұп неке семьяға жаңа элемент енгізді. Туған анамен қатар, ол шын туған әкені де анықтады, мұның үстіне, ол әке осы күнгі кейбір «әкелерден» де гөрі шын әке болуы ықтимал. Сол кездегі семья ішіндегі еңбек бөлінісі бойынша, еркектің үлесіне тиген нәрсе — тамақ табу және осыған қажетті еңбек құралдарын та-

---

* 1884 жылғы басылуында «өзіне бөлек меншігінде» деген сөздердің орнына «жеке меншігінде» деп басылған. *Ред.*

** 1884 жылғы басылуында «семья иелігіне» деген сөздердің орнына «жеке иелігіне» деп басылған. *Ред.*

*** «Кейбір семьялардың» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

бу болды, олай болса, сол еңбек құралдарын меншіктену де еркектердің правосы болды; неке бұзылған ретте ол еңбек құралдарын өзімен бірге алып кететін болған, ал әйеліне оның үй мүліктері қалатын болған. Сондықтан ол кездегі қоғамның салты бойынша, еркек ішім-жемнің жаңа көзі — малдың, ал кейіннен жаңа еңбек құралы — құлдардың да иесі болды. Бірақ дәл сол қоғамның салты бойынша, оның балалары әкесінің мал-мүлкіне мұрагер бола алмады, өйткені мұрагерліктің жайы төмендегіше болған еді.

Аналық право бойынша, демек, шыққан тек әйел жағынан ғана саналып тұрғанда, сол сияқты ру ішіндегі алғашқы мұралану тәртібі бойынша, рудың өлген мүшесінің мүлкіне оның ағайындары мұрагер болған-ды. Өлген адамның мүлкі ру ішінде қалуға тиіс еді. Мұраға кіретін бұйымдар мардымсыз болғандықтан, ол мүлік, іс жүзінде, ежелден ең жақын ағайындарына, демек, шеше жағынан тараған қандас туыстарына көшіп отырса керек. Бірақ өлген еркектің балалары оның руының балалары болмай, шешесі қай рудікі болса, сол рудың балалары болды; шешесінің басқа да қандас туыстарымен бірге балалары алғашында шешесінің мұрагерлері болса керек, кейіннен,— ең алдымен сол балаларының мұрагер болуы мүмкін; бірақ олар өздерінің әкесіне мұрагер бола алмайды, өйткені олар әкесінің руына жатпайды, ал әке мүлкі сол әке руында қалуға тиіс болған. Демек, мал иесі өлгеннен кейін оның малы ең алдымен оның аға-інілері мен апа-қарындастарына және апа-қарындастарының балаларына немесе шешесінің апа-сіңлілерінің үрім-бұтағына көшуге тиіс еді. Ал оның өз балалары мұрасыз қалып отырған.

Сонымен, байлық артқан сайын, ол байлықтың өзі, бір жағынан, семья ішінде әйелінен гөрі ерінің ықпалын неғұрлым күшейте түсті, ал екінші жағынан, осы нығайған дәрежесін мұраланудың дәстүрлі тәртібін балаларының пайдасына өзгерту үшін пайдалануға ұмтылушылықты туғызды. Бірақ шыққан тек аналық правоға сәйкес есептеліп тұрғанда, мұны іске асыру мүмкін болмады. Сондықтан аналық правоны жою керек болды, ол жойылды да. Мұның өзі бізге қазір қиын болып көрінгенімен, онша қиынға түскен жоқ. Адам баласы басынан кешірген нағыз түбегейлі революциялардың бірі болып табылған бұл революция рудың тірі мүшелерінің біреуіне де залал келтірмесе керек еді ғой. Олардың бәрі бұрын қандай күйде болса, бұдан былай да сол күйінде қалатын болды. Рудың еркек мүшелерінің ұрпақтары болашақта сол рудың өз ішінде қалуға тиіс, ал әйелдердің ұрпақтары бұдан шығарылып, өз әкесінің руына көшуге тиіс деген қарапайым шешімнің өзі жеткілікті болды. Бұл арқылы шыққан текті шеше жағынан белгілеу және шеше жағымен мұра иемдену правосы жойылды, сөйтіп шыққан текті

еркек жағынан белгілеу, әке жолымен мұра иемдену правосы енгізілді. Мәдениетті халықтарда бұл революцияның қалай және қай кезде болғаны туралы біз еш нәрсе білмейміз. Ол бүтіндей тарихтан бұрынғы заманда болған. Бірақ мұндай революцияның *болғанын* аналық правоның толып жатқан іздері туралы, әсіресе Бахофеннің жинаған деректері әбден дәлелдеді; оның қалайша оңай жасалып отырғанын біз бірсыпыра үндіс тайпаларының мысалынан көреміз; мұнда бұл революция жуықта ғана болып өтті және ішінара артып келе жатқан байлық пен тұрмыс салтының өзгеруі (орман-тоғайлы жерлерден шығып, жазық далаға қоныстану) әсерінен, ішінара цивилизация мен миссионерлердің тигізген моральдық әсерінен әлі де болып жатыр. Миссури алабындағы сегіз тайпаның алтауы шыққан тегін еркек жағынан есептеп, мұраланудың еркек жағынан болуын мойындап отыр, ал екеуі әлі де болса әйел жағынан мойындап келеді. Шауни, майями және делевар тайпаларында балаларын әкесінің руының ру аттарының бірімен атау, сөйтіп осы жолмен оларды сол руға тарту, өз әкесінің мұрагері бола аларлықтай ету салты орныққан. «Адамға тән казуистика — нәрсенің атын өзгерте келе, оның өзін өзгерту, тікелей мүдде жеткілікті себеп болып отырғанда, дәстүр шеңберінде дәстүрді бұзу амалын іздеу!» (Маркс)*. Осыдан барып, реттеледі деп үміт артуға болмайтын шатақ шықты, оны аталық правоға көшу арқылы жоюға болатын еді және осыған көшу арқылы шын мәнінде ішінара жойылды да. «Аталық правоға көшу, жалпы алғанда, әбден табиғи нәрсе сияқты» (Маркс)**.— Ескі*** дүниенің мәдениетті халықтарында бұған көшудің қалай болғаны туралы салыстырмалы әдісті пайдаланатын юристердің не айта алатынын,— мұның бәрі дерлік, әрине, тек болжаулар ғана,— мұны М. Ковалевскийден қараңыз, «Семьяның және меншіктің шығуы мен дамуының очеркі», Стокгольм, 1890.

Аналық правоның құлатылуы *әйел жынысының бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңілісі* болды. Ері үй ішінде бас болу тізгінін қолына алды, ал әйел өзінің қадірлі жағдайынан айрылды, кіріптарлыққа түсті, оның дегенінің құлына, бала табудың жай құралына айналды. Әйелдің осы кемсітілген халі, әсіресе ерлік заманның — онан да бетер классикалық заманның гректерінде айқын байқалған әйелдің кемсітілген халі бірте-бірте екі жүзділікпен боямаланды, кей жерлерде неғұрлым сыпайылау түрге де енді, бірақ әсте жойылмады.

Еркектердің осылай орнаған дара билігінің алғашқы нәтижесі қазір пайда бола бастаған аралық формасынан — патриар-

---

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 111-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 112-бет. *Ред.*

*** Бұл тексті абзацтың аяғына дейін Энгельс 1891 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

хаттық семьядан байқалады. Оның өзіне тән басты белгісі — төменде әңгіме болатын көп әйел алушылық емес,

«ерікті және ерікті емес біраз адамдардың семья басының әкелік билігіне бағынған семьяға ұйымдасуы. Семиттерде бұл семья басы көп әйелмен тұрады, ерікті емес адамдардың әйелдері мен балалары болады, ал бүкіл ұйымның мақсаты — белгілі бір жердің көлемінде мал бағу»[148].

Мұндай семьяның елеулі белгісі — оның құрамына еркін емес адамдардың енгізілуі және әке билігінің жүруі; сондықтан семьяның бұл формасының қалыптасқан типі рим семьясы болып табылады. Familia деген сөз алғашында осы заманғы филистердің әсіре сезімталдығы мен от басының дауын үйлестіру болып табылатын мұратын көрсетпеген; римдіктерде бұл сөз алғашында тіпті ерлі-зайыпты адамдар мен олардың балаларына қатысты болмай, құлдарға ғана қатысты болған. Famulus үй құлы деген сөз, ал familia — бір адамға қарайтын құлдардың жиыны деген сөз. Гайдың заманында да familia, id est patrimonium (яғни мұра) өсиетпен қалдырылып отыратын болған. Жаңа қоғамдық организмді атау үшін бұл сөзді римдіктер ойлап шығарған-ды, бұл организмнің басшысы әйелі мен балаларының және бірнеше құлдың қожасы болды, римдіктердің әке билігі бойынша, оның өзіне бағынышты осы адамдардың бәрінің өмірі мен өліміне билік ету правосы болды.

«Сонымен, бұл сөз, латын тайпаларының егіншілік кәсібі еніп, құлдық заңдастырылғаннан кейін және арийлік италиктер гректерден бөлініп шыққаннан кейін пайда болған темір сауыт құрсанған семьялық жүйесінен ерте шыққан сөз емес»[149].

Маркс бұған былай деп қосады: «Осы күнгі семьяда құлдықтың ғана емес (servitus), сонымен бірге крепостниктіктің де ұрығы бар, өйткені ол әуел бастан-ақ егіншілік міндеткерліктерімен байланысты. Кейіннен қоғам ішінде және сол қоғамның мемлекетінде кең өріс алған қайшылықтардың бәрі *өте шағын түрде* сол семьяның бойында бар»*.

Семьяның мұндай формасы жұп некеден моногамияға көшуді көрсетеді. Әйелінің еріне адал болуын, демек, балалардың белгілі бір әкеден тарауын қамтамасыз ету үшін, әйелі ерінің билігіне сөзсіз көнеді; егер ері әйелін өлтіретін болса, мұнымен ол өзінің правосын жүзеге асырған ғана болады**.

Патриархаттық семьяның пайда болуынан бастап біз жазылған тарих саласына, мұнымен бірге салыстырмалы право ғылымы бізге едәуір көмек көрсете алатын салаға еніп отырмыз. Шы-

---

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 34-бет. *Ред.*

** Бұдан былайғы тексті «Аналық право құласымен тез дами бастаған моногамияға көшпей тұрып» деген сөздерге дейін (осы томның 261-бетін қараңыз) Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

нында да, салыстырмалы право ғылымының арқасында біз мұнда елеулі қадам алға бастық. Біз Максим Ковалевскийге («Семьяның және меншіктің шығуы мен дамуының очеркі», Стокгольм, 1890, 60—100-беттер) мына жағдайды дәлелдегені үшін борыштымыз: Zádruga (шамамен айтқанда, достық ынтымақ дегенді білдіреді) немесе Bratstvo (туысқандық) деген атпен сербтер мен болгарларда және біраз өзгерген түрде шығыс халықтарынан әлі де кездесетін патриархаттық үй қауымы топты некеден туған және аналық правоға негізделген семьядан осы күнгі дүниенің дара семьясына көшудің өткінші сатысы болды. Мұны, сірә, ең болмағанда Ескі дүниенің мәдениетті халықтары жөнінде, арийлер мен семиттер жөнінде шын мәнінде дәлелденген деп есептеуге болатын шығар.

Оңтүстік-славян задругасы осындай семьялық қауымның әлі де бар ең тәуір үлгісі болып табылады. Ол бір атадан тараған ұрпақтың әйелдерімен қоса бірнеше буынын қамтиды, олардың барлығы бірге, бір үй болып тұрады, егіндік жерлерін бірлесіп ұқсатады, орталарындағы жалпы қордан тамақ ішіп, киім киеді және табыстың артығын бәрі ортақ иемденеді. Қауымды ең жоғарғы басқарушы — үй қожасы (domácin) басқарады, қауымның сыртқы дүние алдындағы өкілі де — осы үй қожасы, оның ұсақ бұйымдарды сатуға правосы бар, ол кассаны жүргізеді, әрі сол кассаға, әрі бүкіл шаруашылықтың дұрыс жүргізілуіне жауапкер болады. Ол сайланып қойылады, оның басқалардан жасы үлкен болуы әсте міндетті емес. Әйелдер мен олардың атқаратын жұмыстары үй қожасы әйелдің (domácica) басшылығына бағынады, ол әдетте үй қожасының әйелі болады. Сонымен бірге ол қауым қыздарына күйеу таңдарда маңызды, көбінесе шешуші роль атқарады. Бірақ қауымдағы ең жоғарғы билік семьялық кеңестің, ер, әйел демей, қауымның барлық ересек мүшелерінің жиналысы қолында болады. Үй қожасы осы жиналыстың алдында есеп береді; ол жиналыс түпкілікті шешімдер қабылдайды, қауым мүшелеріне төрелік айтады, сатып алынатын және сатылатын неғұрлым мәнді заттар туралы — әсіресе мәселе жер иелігіне қатысты болғанда — және тағы басқалары туралы ұйғарымдар жасайды.

Осындай үлкен семьялық қауымдардың Россияда да әлі бар екені бұдан он жыл бұрын шамасында ғана дәлелденді[150]; орыстың халықтық әдет-ғұрыптарында олардың селолық қауым сықылды терең тамыр жайғанын қазір жұрттың бәрі де мойындайды. Олар ең ерте заманғы орыс заңдары жинағында, Ярослав «Правдасында» бар, Далмация заңдарында[151] қалай аталса, дәл солай аталады (vervj*); соларға нұсқағандықты поляктар мен чехтардың тарихи деректерінен де табуға болады.

---

Хёйслердің айтуынша («Герман правосының басты негіздері»), германдықтарда да алғашқы кездегі шаруашылық бірлігі осы күнгі мағынасындағы жеке семья емес, әр қайсысының өз семьясы бар бірнеше буыннан құралған және оның үстіне көбінесе еркін емес адамдарды да қамтыған «үй қауымы» болған. Рим семьясын да осы тұрпатты семьяға жатқызады және осыған сәйкес, үй қожасының шексіз билігіне, сондай-ақ оның алдында семьяның басқа мүшелерінің правосыздығына жұрт соңғы кезде барынша күмәнданып жүр. Мұндай семьялық қауымдар, сірә, Ирландиядағы кельттерде де болса керек; Франция да олар француз революциясына дейін parçonneries деген атпен Нивернде сақталып келген, ал Франш-Контеде олар осы уақытқа дейін әлі түгел жойылып біте қойған жоқ. Луан төңірегінен (Сона және Луара департаменті) үйдің дәл шатырына дейін жететін биік, жалпы орталық залы бар, соның төңірегін айнала жатақ бөлмелері орналасқан, үлкен-үлкен шаруа үйлері кездеседі; бұл жатақ бөлмелерге 6—8 баспалдақты сатымен көтеріледі және оларда сол семьяның бірнеше ұрпағы тұрады.

Индияда жерді бірлесіп ұқсататын үй қауымын Ұлы Александр заманында Неархтың өзі-ақ еске алады, бұл қауым дәл сол жерде, Пенджабта және елдің бүкіл солтүстік-батысында күні бүгінге дейін бар. Оның Қавказда өмір сүргенін Ковалевскийдің өзі дәлелдеді. Алжирде ол кабилдерде әлі де өмір сүріп келеді. Сірә, ол қауым тіпті Америкада да ұшырасса керек; оны ежелгі Мексикадағы Сурита суреттеген (calpullis»-тен[152] таппақ болып жүргендер бар; мұның керісінше, Кунов («Ausland»[153] № 42—44, 1890) мына жағдайды әбден айқын дәлелдеді: Перуде, оны жаулап алар кезде, ұқсатылған жерді мезгіл-мезгіл бөлісіп отыратын, демек, жерді дара-дара ұқсататын маркалық құрылыс тәрізді бірдеңе болған (оның үстіне бұл марканың да marca деп аталғаны таңданарлық).

Қалай болғанда да, жерді ортақтасып иемденетін және бірлесіп ұқсататын патриархаттық үй қауымы қазір бұрынғыдан мүлде басқаша мәнге ие болып отыр. Аналық правоға негізделген семьядан дара семьяға өтерде Ескі дүниенің мәдениетті халықтары мен кейбір басқа да халықтарында бұл қауымның аса маңызды роль атқарғанына біз енді күмән келтіре алмаймыз. Патриархаттық үй қауымы, мұнымен қатар егістік жерлерін жеке-жеке семья болып ұқсатып отыратын және алғашында егістік жерлері мен пішендіктерін мезгіл-мезгіл, ал соңынан біржола бөліскен селолық қауым немесе марка-қауым келіп шыққан өтпелі саты да болды деп Ковалевскийдің бұдан соңғы жасаған қорытындысына кейінгі баяндауымызда біз тағы да ораламыз.

Осы үй қауымдарының ішіндегі семья тұрмысы жайында мына жағдайды ескерте кетуіміз керек: ең болмағанда Россия-

ның өзінде семья басылары жөнінде жұртқа мәлім нәрсе сол, бұлар өздерінің билігін пайдаланып, қауымның жас әйелдеріне, әсіресе өздерінің келіндеріне әбден қиянат істейді, сөйтіп екінің бірінде сол әйелдерден өзіне гарем құрады; мұны орыстың халық жырлары әбден жақсы суреттейді.

Аналық право құласымен тез дами бастаған моногамияға көшпей тұрып, көп әйел алушылық пен көп күйеулі болушылық жөнінде тағы біраз айта кетейік. Некенің бұл екі формасының екеуі де — қайсыбір елде бұлардың екеуінің бірдей қатар кездесіп қалуын есептемегенде,— ал мұндай реттің кездеспейтіні мәлім,— ілуде бір ғана болуы мүмкін, былайша айтқанда, асыптасушылықтың тарихи жайлары болуы мүмкін. Демек, көп әйел алушылықтан тысқары қалған еркектер көп күйеулі болушылықтың салдарынан артық болып қалған әйелдерді жұбаныш ете алмайтын болғандықтан, ал еркектер мен әйелдердің саны, әлеуметтік мекемелердің қандай болуына қарамастан, күні бүгінге дейін тең деуге болатындықтан, некенің бұл екі формасының екеуі де жалпы жұрт қабылдаған форма бола алмады. Шын мәнінде бір еркектің көп әйел алуы, сірә, құлдықтың нәтижесі болса керек және бұған айрықша дәрежесі бар адамдардың ғана қолы жеткен болу керек. Семиттердің патриархаттық семьясында тек патриархтың өзінің ғана және, әрі кеткенде, оның бірнеше баласының ғана көп әйелі болады, қалғандары жалғыз әйелмен қанағат қылуға тиіс. Бүкіл Шығыста осы кезде де істің жайы осылай; көп әйел алушылық — байлар мен біліктілердің артықшылығы және мұның өзі көбінесе күндер сатып алу арқылы жүзеге асырылады; халықтың көпшілігі моногамияда тұрады. Индия мен Тибеттегі көп күйеулі болушылық та дәл осындай ерекшелік болып табылады; оның топты некеден* шығуы, сөз жоқ, көңіл қоярлық мәселе, мұны әлі одан әрі зерттеу керек. Алайда, мұсылман гаремдерінің қызғаншақтық тәртібіне қарағанда, көп күйеулі болушылық іс жүзінде анағұрлым төзімді болған сияқты. Мысалы, Индияда, қалай болғанда да наирларда, әрбір үш, төрт және одан да көп еркектің бір ортақ әйелі болса да, бірақ олардың әрқайсысы мұнымен қатар басқа да үш және одан да көп еркекпен бірігіп, екінші әйел, сондай-ақ үшінші, төртінші, т. б. әйел ала береді. Бір мезгілде бірнеше клубқа мүше болуға болатын осы неке клубтарын суреттей отырып, Мак-Леннан *клубты-некенің* жаңа категориясын қалай ашпағаны таңданарлық нәрсе. Ал осы некелік клубтар ғұрпы әсте де шын мәнінде көп күйеулі болушылық болып табылмайды; керісінше, Жиро-Тёлонның-ақ аңғарғанындай, мұның өзі

---

* 1884 жылғы басылуында «топты некеден» дегеннің орнына «пуналуалы семьядан» деп басылған. *Ред.*

топты некенің ерекше бір формасы ғана; мұнда еркектердің көп әйелі, әйелдердің көп күйеуі болады*.

4. *Моногамиялы семья.* Бұл семья, жоғарыда көрсетілгендей, варварлықтың орта сатысы мен жоғары сатысының арасындағы шепте жұп семьядан шығады; оның біржола жеңіп шығуы — цивилизация заманының басталуының бір белгісі. Бұл семья алдына қойған айқын мақсаты бала тудыру болып табылатын ер үстемдігіне негізделген, мұнда балалардың белгілі бір әкеден екендігіне күмән болмайды, ал бала тегінің даусыз болуының қажеттігі сол, балалар түбінде тікелей мұрагерлер ретінде әкесінің мал-мүлкін иемденуге тиіс. Бұл семьяның жұп некеден айырмашылығы сол — оның неке дәнекерлері жұп некеден әлдеқайда берік болады; бұл неке енді екі жақтың бірінің тілегімен ажырамайды. Ендігі жерде, әдетте, тек ері ғана некені бұзып, әйелін тастай алады. Ерлі-зайыпты адамдардың бір-біріне адал болмау правосы еркек жағында ғана болады және ендігі жерде, қайткен күнде де, әдет бойынша (Code Napoléon** көңілдес әйелін үйіне кіргізіп алмайтын болса ғана еріне анықтап осындай право береді[154]) және қоғам дамуы ілгері басқан сайын, бұл право кең түрде жүзеге асырыла береді; ал егер әйелі өткен кездерде болған жыныс қатынастарын есіне алып, соны жаңғыртқысы келсе, онда ол бұрынғы қай кездегіден болсын неғұрлым қатаң жазаға тартылады.

Өзінің бар қатаңдығымен орнаған семьяның жаңа формасын біз гректерден көреміз. Мифологиядағы әйел құдайлардың жағдайы бізге әйелдер әлі неғұрлым еркін, ардақты дәрежеде болып келген ертеректегі дәуірді суреттейтін болса, дейді Маркс***, ерлік заманында біз енді еркектердің үстемдігі мен күндердің бәсекесі әйелді кемсіткен шағын көреміз****, Телемахтың қалайша өз анасының сөзін бөліп, оның жұмған аузын аштырмай қойғанын «Одиссеядан» оқудың өзі-ақ жеткілікті*****, Тұтқынға алынған жас әйелдер Гомерде жеңушілердің нәпсіқұмарлығына жем болады: әскер басылары кезекпен, өз дәрежесіне қарай, сол әйелдердің ішінен ең сұлуларын таңдап алады; жұртқа мәлім, «Илиаданың» бүкіл оқиғасы Ахиллес пен Агамемнонның арасында осындай күн үшін болған таластың айналасында өрбіп

---

* Соңғы сөйлемді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

** — Наполеон кодексі. *Ред.*

*** Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 32-бет. *Ред.*

**** 1884 жылғы басылуында бұл сөйлемнің соңғы жағы мына түрде берілген: «ерлік заманында біз әйелдің жартылай қамауда онаша тұрғанын көреміз, мұның мақсаты балалардың әкесінің кім екені күмәнсыз болуын қамтамасыз ету еді». Содан былайғы: «грек әйелдері өз ерлерін алдау мүмкіндігін жиі-жиі тауып отырған» (осы томның 265-бетін қараңыз) деген сөздерге дейінгі тексті 1884 жылғы басылуындағы бірнеше сөйлемді пайдалана отырып Энгельс түгелімен дерлік 1891 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

***** *Гомер.* «Одиссея», бірінші жыр. *Ред.*

отырады. Гомердің азды-көпті елеулі деген әрбір кейіпкерінде тұтқын қыз сөз болады, ол осы қызға шатыры мен төсегінен орын береді. Бұл қыздарды өздерімен бірге туған еліне, әйелінің үстіне, өз үйіне алып келеді, мәселен, Эсхилде Агамемнон Кассандра жөнінде осылай істейді*; мұндай күндерден туған ұл балалар ата мұрасынан шамалы үлес алады да, ерікті азаматтар деп танылады; Тевкр Теламонның осындай некеден тыс туған ұлы болып есептеледі де, ол өзін әкесінің атымен атай алады. Заңды әйелден талап етілетін нәрсе — осының бәріне көніп, өзінің тазалығы мен күйеуіне адалдығын қатаң сақтау. Ерлік заманындағы грек әйелі цивилизация заманының әйеліне қарағанда неғұрлым құрметті бола тұрса да, дегенмен ол, сайып келгенде, еркек үшін оның некелі, заңды балаларының анасы, оның ең басты үй билеушісі және күң әйелдерінің бақылаушысы ғана болып табылады; бұл күндерді еркек, өз қалауынша, өзінің ашыналары ете алады және іс жүзінде солай істейді де. Моногамиямен қатар құлдықтың болуының өзі, бүтіндей *еркектің* билігінде болатын сұлу, жас күндердің болуы моногамияға әуел бастан-ақ айрықша тән сипат беріп, оны еркек үшін емес, *тек әйел үшін ғана* моногамия етті. Ол қазіргі күнде де осындай сипатта болып келеді.

Неғұрлым бертінірек дәуірдегі гректерде дорилер мен ионилердің арасында айырмашылық болғанын көрсету керек. Бұлардың алғашқысының классикалық үлгісі Спарта еді, мұнда неке қатынастары көбінесе Гомердің суреттегенінен де көне болатын. Спартада жұрттың мемлекетке деген көзқарасына сәйкес түрін өзгерткен және бірсыпыра реттерде топты некеге ұқсайтын жұп неке болды. Баласыз неке бұзылып отырды: бала таппаған әйелі болған Анаксандрид патша (біздің заманымыздан 560 жыл бұрын) екінші әйел алып, екі шаруашылық жүргізген; дәл сол кездердің шамасында бала таппайтын екі әйелінің үстіне Аристон патша үшінші әйел алған, бірақ оның есесіне алғашқы екі әйелінің біреуін қоя берген. Екінші жағынан, ағалы-інілі бірнеше адамның ортақ әйелі болған; досының әйелін ұнатқан адам оны досымен бірге пайдалана алған және өзінің әйелін қуатты «айғырдың» қарамағына беру де әдептілік деп танылған, Бисмарк мұны осылай дер еді, бұл жерде тіпті оның осы елдің азаматы болу-болмауы шарт емес. Өзінің соңынан қалмай жүрген біреуді спарталық бір әйел ерінің алдынан өтуге жібергенін баяндайтын Плутарх шығармасының бір жерінен, Шёманның пікірінше, әдет-салттың бұдан да еркін болғаны туралы қорытынды жасауға болады. Сондықтан ерлі-зайыптылық адалдықты шын бұзу — әйелдің күйеуіне білдірмей оның көзіне шөп салуы — көз көріп, құлақ естімеген іс еді. Екінші жағынан, ең

---

* *Эсхил.* «Орестея. Агамемнон». *Ред.*

болмағанда, заманының түзу кезінде Спарта үй құлдығы дегенді білмеді, басыбайлы илоттар өзіне бөлек қоныстарда тұрды, сондықтан спарталықтар олардың әйелдерін пайдалануға онша қызыға қойған жоқ. Осы жағдайлардың себебінен, былайғы гректердегіге қарағанда, Спартада әйелдердің әлдеқайда ардақты дәрежеде болғаны табиғи нәрсе. Спарта әйелдері мен Афины гетераларының таңдаулы бөлегі Грециядa ерте заман адамдары бұлар жөнінде зор құрметпен әңгіме қылатын және олардың пікірлерін еске алуға тұрарлық пікір деп білетін бірден-бір әйелдер болды.

Ионилердің жайы бұдан мүлде өзгеше болғанын көреміз, бұлар Афины сипаттас келеді. Қыздар жіп иіруді, мата тоқу мен іс тігуді ғана үйренді, ең әрі кеткенде — аздап оқи, жаза білетін болды. Олар жұртпен араласпай, оңаша тұрды деуге болады, тек өзге әйелдердің арасында ғана бола алды. Әйелдер тұратын бөлме үйдің оңаша бір бөлегінде, үстіңгі қабатында немесе ең түкпірінде болды; онда еркектер, әсіресе бөтен еркектер оңайшылықпен ене алмайтын және үйге еркек келгенде, әйелдер сол бөлмеге кететін. Күндер еріп жүрмейінше, әйелдер үйден шықпаған; үйде олар ылғи дерлік күзетте болған; Аристофан ерлі-зайып адалдығын бұзушыларды қорқыту үшін ұсталған молосс иттері туралы айтады[156], ең болмағанда Азия қалаларында әйелдерді бақылап отыру үшін әдейі тарттырылған еркектер ұстаған, Ваксмуттың айтуынша, бұларды Геродот заманынанақ тек варварларға ғана емес, басқалар үшін де сатуға арнап, Хиос аралында көптеп дайындаған. Еврипид шығармасында әйел шаруашылыққа қарайтын зат ретінде oikurema* деген сөзбен аталады (орта текті атау сөз), ал афинылық үшін әйел, шынында да бала табумен бірге, үй ішінің бас қызметшісі болды, одан басқа ешкім де болмады. Ері өзінің гимнастикалық жаттығуларымен, қоғамдық істерін атқарумен болды, әйелі бұларға қатынастырылмады; ері, мұның үстіне, жиі-жиі күндеріне барды, ал Афиныны гүлденіп, көркейген кезінде — кең тараған және қайткенмен де мемлекет қамқорлығында болған жезөкшелермен айналысты. Дәл осы жезөкшеліктің негізінде грек әйелдерінің бірден-бір айқын типтері пайда болды, спарталық әйелдер өздерінің мінез-құлқымен қандай көзге түссе, олар да өздерінің ақыл-ойы мен көркемдік талғамы жағынан ежелгі заман әйелдерінің жалпы деңгейінен сондай жоғары тұрды. Бірақ мына жағдай: нағыз әйел болу үшін алдымен гетера болу керек екендігі Афины семьясын қатты айыптайтын нәрсе еді.

Бұл афинылық семья бара-бара үлгіге айналды, сөйтіп басқа ионилер ғана емес, сондай-ақ ел ішіндегі және колониялардағы барлық гректер де өздерінің үй тұрмысын бірте-бірте осы

---

* *Еврипид*. «Орест», *Ред.*

үлгіге негіздеп құрды. Алайда, осы оңаша ұстап, бақылау қоюдың күллісіне қарамастан, грек әйелдері өз ерлерін алдау мүмкіндігін жиі-жиі тауып отырған, ал ерлер өз әйелдеріне титтей де болса махаббат сезімін білдіруге арланып, гетералармен неше түрлі сүйіспеншілікпен көңіл көтерген, бірақ әйелдерді қорлаудың қаруы қайтып, еркектердің өз басы қорланды, ақыр аяғында олар ер балаларға қызығу сияқты табиғи махаббатқа қайшы келетін махаббаттың былығына батып, Ганимед жөніндегі аңыз арқылы өз құдайларымен бірге өздерінің де қадірін кетірді.

Ерте заманның ең цивилизацияланған және неғұрлым дамыған халқынан қадағалап білуімізше, моногамияның шығу тегі міне, осындай болған. Ол әсте де дара жыныс махаббатының нәтижесі болған жоқ, оның мұнымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, өйткені неке, бұрынғысынша, өз пайдасын көздеп некелесу күйінде қала берген. Моногамия табиғи жағдайлар емес, экономикалық жағдайлар*— атап айтқанда, стихиялы түрде қалыптасқан алғашқы ортақ меншікті жеке меншіктің жеңуі негізге алынған семьяның алғашқы формасы болды. Семья ішінде ерінің үстем болуы мен бала тудыру, олардың тек өзінен ғана болып, оның мал-мүлкін мұраландуға тиіс болуы,— дара некенің гректер ашықтан-ашық жариялаған бірден-бір мақсаты міне, осы еді. Ал өзге жағына келетін болсақ, онда ол гректер үшін ауыртпалық болды, құдай алдында, мемлекет алдында және өз ата-бабалары алдында өтеуге тура келген міндет болды. Афиныда заң жұртқа тек некелесуді ғана емес, сонымен қатар ерінің ерлі-зайыптылық міндеттері дейтіннің белгілі бір минимумын орындауын да жүктеді**.

Сонымен, дара неке тарихта әсте еркек пен әйелдің жарастыққа негізделген одағы ретінде пайда болмайды және тіпті де осы одақтың жоғары формасы ретінде пайда болмайды. Мұның керісінше дара неке бір жыныстың екінші жыныстың құлдануы, өзіне дейін өткен бүкіл тарих бойына беймәлім болып келген жыныстар арасындағы қайшылықты жариялау ретінде пайда болады. 1846 жылы Маркс екеуміз жазған бұрынғы бір басылмаған қолжазбаның ішінен мен мына бір сөздерді кездестірдім: «Еркек пен әйел арасындағы ең алғашқы еңбек бөлінісі бала туғызу үшін керек болды»***. Бұған енді мынаны қоса аламын: тарихта тұңғыш рет пайда болатын таптар қарама-қарсылығы дара неке кезінде ері мен әйелінің арасындағы антагонизмнің

---

* 1884 жылғы басылуында «экономикалық жағдайлар» деген сөздердің орнына: «қоғамдық жағдайлар» деп басылған; «атап айтқанда... жеке меншіктің жеңуі» деген сөздерден бастап, сөйлемнің соңғы жағын Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

** Соңғы сөйлемді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

*** *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* «Неміс идеологиясы» (қараңыз: осы басылуы, 1-том, 23-бет). *Ред.*

дамуымен тұстас келеді, ал алғашқы таптық езу әйел жынысын еркек жынысының күндікке салуымен тұстас келеді. Дара неке орасан зор тарихи прогресс болды, бірақ мұнымен бірге ол, құлдық пен жеке меншік байлықты ашумен қатар, күні бүгінге дейін келе жатқан заманды ашты; мұнда прогресс атаулының бәрі сонымен бірге біршама регресс болып та табылады, өйткені біреулердің тұрмыс-күйінің жақсаруы мен көркеюі басқалардың азап шегіп, жанышталуы арқылы жүзеге асады. Дара неке — цивилизациялы қоғамның клеткасы, осы арқылы біз енді сол қоғамның ішіндегі әбден дамыған қарама-қарсылықтар мен қайшылықтардың табиғатын зерттей аламыз.

Жыныс қатынастарының бұрынғы біршама еркіндігі жұп некенің немесе тіпті дара некенің жеңуімен әсте жойылып кеткен жоқ.

> «Пуналуалы топтардың бірте-бірте құруы нәтижесінде неғұрлым тар шектермен шектелген некенің бұрынғы жүйесі әлі де болса семья дамыған орта болып табылды және цивилизация алғаш белгі бергенге дейін оның дамуына кедергі жасады... ақыр аяғында, ол семьяның басына төнген қара түнек сықылды цивилизация дәуірінде де адамның соңынан қалмай жүрген гетеризмнің жаңа формасына өтіп, жоқ болды».

*Дара некемен бірге* еркектердің басы бос әйелдермен некеден тыс жыныс қатынасында болуын Морган гетеризм деп түсінеді; мұның өзі бүкіл цивилизация дәуірінің өн бойында нешеме алуан түрде өршіп, бүркемеленбеген жезөкшелікке барған сайын айналып отырғаны жұртқа мәлім*. Бұл гетеризм өзінің түпкі тегін тікелей топты некеден, әйелдер басқалардың көңілін аулап, құрбан болу арқылы адалдық правосына ие болудан басталады. Ақшаға сатылып көңіл аулау — алғашында діни акты болды; мұның өзі махаббат құдайының ғибадатханасында атқарылды, сондықтан алғашында ақша ғибадатхана қазынасына түсті. Армениядағы Анаитис, Коринфтегі Афродита гиеродулдары[157], сол сияқты Индияның ғибадатханалар қарамағындағы діни бишілері, баядерка дейтіндер (португалша bailadeira — биші дегеннің бұрмаланып айтылып кеткені) ең алғашқы жезөкшелер еді. Бөтен еркектерге берілу алғашында әрбір әйелдің міндеті болған; кейіннен мұны өзге әйелдердің бәрінің бейне бір орнын басқан әлгі әйелдер ғана істейтін болды. Басқа халықтарда гетеризм өзінің түпкі тегін қыздарға некелесуге дейін берілген жыныс еркіндігінен бастайды, демек, бұл да топты некенің біздің заманымызға тек өзге жолмен жеткен қалдығы болып табылады. Мүлік теңсіздігі пайда болғаннан кейін, яғни варварлықтың жоғарғы сатысының өзінде-ақ, құл

---

* Бұдан былайғы: «Гетеризм де дәл сондай қоғамдық институт» деген сөздерге дейінгі тексті (осы томның 267-бетін қараңыз) Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

еңбегімен қатар, дүркін-дүркін жалдама еңбек те пайда болады, мұнымен бірге, оның қажетті серігі ретінде, басы бос әйелдердің кәсіп етіп алған жезөкшелігі де пайда болады, мұның өзі күндердің еркектерге еріксіз берілуге міндетті болуымен қатар жүреді. Сонымен, топты некенің цивилизацияға қалдырған мұрасы екі жақты, цивилизациядан туған дүниенің бәрі сияқты екі жақты, екі жүзді, іштей екіге бөлінген, қайшылықты: бір жағынан — моногамия, ал екінші жағынан, өзінің ең шектен шыққан түрі — жезөкшелікпен бірге — гетеризм. Басқа қоғамдық институт атаулы қандай болса, гетеризм де дәл сондай қоғамдық институт; ол бұрынғы жыныс еркіндігінің еркектердің пайдасына бұдан былай да болуын қамтамасыз етеді. Іс жүзінде үстем таптардың төзерлік нәрсе деп отырғаны былай тұрсын, сонымен қатар кеңінен қолданылып та жүрген, әсіресе осы үстем таптар пайдаланып жүрген гетеризм сөз жүзінде ғана айыпталады. Бірақ бұлай айыптау, ақиқатына келгенде, соған қатысы бар еркектерге қарсы бағытталмай, тек әйелдерге ғана қарсы бағытталады; олар жек көрінішті болып, қоғамнан аласталады, еркектердің әйел тегіне шексіз үстемдігін қоғамның негізгі заңы деп қайта жариялау үшін осылай істеледі.

Бірақ мұнымен бірге моногамияның өз ішінен екінші бір қайшылық дамиды. Өз өмірін гетеризммен көріктендіретін ерімен қатар, өз жайына қалған әйелі тұрады*. Алманың жартысын жегеннен кейін қолда бүтін алма қалуы мүмкін емес екені сияқты, қайшылықтың бір жағы да екінші жағынсыз болмайды. Алайда әйелдері ерлерін ақылға келтіргенше, еркектердің пікірі, сірә, бұлай болмаған болса керек. Дара некемен бірге ешқашан қалмайтын, бұрын белгісіз екі түрлі ерекше қоғамдық тип пайда болады: әйелдің тұрақты көңілдесі мен алданған ер. Еркектер әйелдерді жеңіп шықты, бірақ жеңілгендер жеңгендердің сыйын беруге мейрімділікпен кірісті. Дара некемен, гетеризммен қатар, тыйым салынған, қатаң жазаланатын, бірақ құртылмайтын зинакорлық та жойылмайтын қоғамдық құбылыс болып алды. Балалардың заңды әкеден болғандығының растығы, бұрынғыша, ең мықтағанда, адамгершілік сенімге негізделетін болды, сөйтіп шешілмейтін қайшылықты шешу үшін Code Napoléon мына 312-статьяны енгізді:

> «L'enfant conçu pendant le mariage a pour père le mari» — неке кезінде біткен баланың әкесі әйелдің күйеуі болып табылады».

Дара некенің үш мың жыл өмір сүруінің түпкі нәтижесі осындай.

Сонымен, жеке семья өзінің тарихи тегінен айнымайтын жә-

---

* Осы сөйлем мен алдыңғы сөйлемді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

не онда ерінің шексіз үстемдігі жүріп тұрғандықтан ер мен әйел арасындағы қайшылық айқын көрінетін реттерде, бұл семья біз-ге: цивилизация заманы басталған кезден таптарға бөлінген қоғамға қозғау салып отыратын қарама-қарсылықтар мен қай-шылықтардың шағын түрдегі суретін береді; бұларды шешу де, жеңу де ол қоғамның қолынан келмейді. Әлбетте, мен бұл ара-да: ерлі-зайыптылық өмір осы институттың алғашқы сипатына сай келетін, бірақ соның өзінде, ерінің үстемдігіне әйелі қарсы шығатын дара неке реттері туралы ғана айтып отырмын. Неке-нің бәрі бірдей осылай бола бермейтінін неміс филистері бәрі-нен артық біледі, ол мемлекетке қожа бола алмайтыны сияқты, өз үйінде де қожа бола алмайды; сондықтан еріне лайықты емес өктемдікті әйелі толық кемелінде өз қолына алады. Бірақ, оның есесіне, ол бақытсыздыққа ортақ француз жолдасынан әлде қайда жоғары тұрмын деп ойлайды, өйткені өзіне қарағанда, француз жолдасы тіпті одан да нашар халде жиірек болады.

Әйтсе де, жеке семьяның гректердегі сияқты классикалық қатал түрі әсте барлық жерде, барлық заманда бірдей бола берген емес. Гректерге қарағанда, әлемді болашақ жаулап алушылар ретінде талғампаздығы кемірек болғанмен, әр нәрсеге неғұрлым еркіндеу көзқараспен қараған римдіктердің әйелдері неғұрлым еркін болған және көбірек құрметтелген. Әйелін өмір сүргізуге де, өлтірсе де еркі бар римдік өзінің осы билігі зайы-бының адалдығын жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етеді деп есептеген. Оның үстіне, мұнда әйелі некені бұғзысы келсе, оны ерімен бірдей бұза алатын болған. Бірақ дара некенің дамуын-да ең зор прогресс германдықтардың тарихи аренаға шығуымен жасалғаны даусыз, өйткені германдықтар кедей бол-ғандықтан болар, оларда моногамия, сірә, ол кезде жұп некеден толық дами қоймаса керек. Біз бұл қорытындыға Тацит көрсеткен мына төмендегі үш түрлі жағдайға сүйеніп келіп отырмыз. Біріншіден, неке қаншама қасиетті нәрсе болғанмен де,— «олар бір әйелмен қанағат етеді, әйелдері адалдықпен өмір сүреді»,— жұп некемен тұратын американдықтардан кез-дестіргеніміз сияқты, бұларда, дегенмен ақсүйектер және тайпа көсемдері арасына көп әйел алушылық тараған еді. Екіншіден, оларда аналық праводан аталық правоға көшу осының аз-ақ ал-дында іске аса алатын еді, өйткені шешенің аға-інісі — аналық право бойынша еркек жынысты жақын ағайын — оларда өз әке-сінен де жақын туысы дерлік болып есептелген, мұның өзі аме-рикандық үндістердің көзқарасына да сай келеді, бұлардан Маркс, өзінің жиі айтатынындай, өзіміздің өткен дәуірімізді түсінудің кілтін тапқан. Ал, үшіншіден, германдықтарда әйелдер барынша құрметтеліп, қоғам істеріне елеулі ықпал жүргізген, мұның өзі моногамияға тән еркектердің үстемдігіне тікелей

қайшы келеді. Осылардың бәрі жөнінде германдықтардың спартылықтардан айырмашылығы жоқ деуге болады, бұларда, біздің көргеніміздей, жұп неке де әлі толық жойылып болмаған еді*. Сонымен, бұл жағынан да германдармен бірге мүлде жаңа элемент дүние жүзілік үстем жағдайға не болды. Халықтардың бір-бірімен араласуы процесінде Рим дүниесінің қираған жұртында дамыған жаңа моногамия еркектердің өктемдігін неғұрлым биязы түрге түсірді де, әйелдерді, ең болмаса сырт қарағанда, классикалық ежелгі заманда бұрын-соңды болып көргендегіден неғұрлым құрметті және еркін дәрежеге жеткізді. Осының арқасында тұңғыш рет алғы шарт жасалып, оның негізінде моногамиядан — оның өз ішінде, онымен қаз-қатар және, жағдайларға қарай, оған қарама-қарсы,— аса ұлы адамгершілік прогресс дамыды: бүкіл өткендегі дүниеге беймәлім болып келген осы заманғы дара жыныс махаббаты орнады, бұған жету тек моногамияның арқасында ғана мүмкін болды.

Бірақ бұл прогресс нақ мына жағдайдан келіп туған еді: германдықтар жұп семья дәуірін әлі басынан кешіруде болатын, сондықтан әйелдің жұп семьяға сай келетін жағдайын,— мүмкін қадарынша, моногамияға енгізген еді; бұл прогресс мінез-құлықтың таза болуына германдықтардың қайдағы бір аңыз боларлықтай, керемет табиғи бейімділігінен әсте де туған жоқ, мұның мағынасы асылында мынада: моногамияға тән аса зор әдеп-құлық қайшылықтары жұп некеде шын мәнінде болған жоқ. Қайта, мұның керісінше, германдықтар әсіресе оңтүстік-шығысқа, Қара теңіз жағалауындағы даланы мекендейтін көшпелілерге қарай қоныс аударған дәуірінде әдеп-құлық жағынан әбден құлдырады және олардан атқа салт міну өнерін үйренуден басқа, олардың әдепке жатпайтын, жиренішті қылықтарын да үйреніп алды; мұны Аммиан тайфалдар жөнінде, Прокопий герулдер жөнінде анық айтады.

Ал егер моногамия семьяның жұртқа мәлім барлық формаларының ішінде осы күнгі жыныс махаббатын дамытқан бірденбір форма болған болса, онда мұнан жыныс махаббаты сол формада түгелдей ең болмағанда көбіне ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген махаббаты ретінде дамыды деген мағына тумайды. Ерінің үстемдігі жүріп тұрған берік дара некенің табиғатының өзі мұны болғызбайды. Тарихи тұрғыдан белсенді таптардың, яғни, үстем таптардың бәрінде неке қию жұп неке кезінен бері ол қандай болса, сол күйінде қалып келді,—ата-аналарының жасайтын келісімі болып келді. Жыныс махаббатының құштарлық ретінде тарихта алғаш рет пайда болған формасы да, оның үстіне жыныс құмарлығының жоғары формасы ретінде әрбір адамға (ең болмағанда үстем таптар адамына)

---

* Соңғы сөйлемді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

тән болатын құштарлық та,—мұның өзі оның ерекше сипаты,— жыныс махаббатының осы алғашқы формасы, орта ғасырлардың рыцарьлық махаббаты, тіпті де жұбайлық махаббат болған жоқ. Қайта керісінше болды. Провансальдықтардағы рыцарьлық махаббат өзінің классикалық түрінде жұбайлық адалдықты бұзуға барынша ұмтылады, ал оның ақындары мұны мадақтайды. Провансальдықтардың махаббат поэзиясының ең таңдаулылары — «альбалар» (albas), немісше таң жыры, Рыцарь өз сұлуының, біреудің әйелінің төсегінде жатқанын, рыцарьдың жұрт көзіне түспей, тайып тұруы үшін оған таң атып келе жатқанын (alba) хабарлайтын сақшының сыртта күзетте тұрғанын ақындар әдемілеп суреттейді; бұдан кейінгі қоштасу кезі — жырдың шарықтау шегі келеді. Солтүстік Франция тұрғындары, сол сияқты сырбаз немістер де поэзияның бұл түрін рыцарьлық махаббаттың өзіне сәйкес салтымен қоса игерген, ал біздің кәрі Вольфрам фон Эшенбах осы қытықты тақырыпқа тамаша үш өлең жазып қалдырды, бұлар маған оның ұзақ-ұзақ үш ерлік поэмасынан гөрі көбірек ұнайды.

Өз заманымыздағы буржуазиялық ортада некелесу екі түрлі жолмен болады. Католик елдерінде буржуа ұлына ата-аналар бұрынғыша лайықты әйел іздестіреді, әлбетте мұның нәтижесінде: моногамияға тән қайшылықтардың неғұрлым толық өршитіні: ерінің тарапынан гетеризмнің, әйелінің тарапынан еріне опасыздық етудің мейлінше үдеуі келіп шығады. Өлімге ара тұрарлық ешбір дауа болмайтыны сияқты, жұбайлық арамдыққа да қарсы ешбір шара жоқтығына көзі жеткеннен кейін ғана католик шіркеуі айрылысуға тыйым салды деп ойлаған жөн болар. Протестант елдерінде, мұның керісінше, буржуа ұлына, әдетте өз табының ішінен әйел таңдап алуына азды-көпті ерік беріледі; сондықтан некелесуге белгілі бір дәрежеде махаббаттың негіз болуы мүмкін, мұның өзі, сыпайыгерлік үшін, протестанттық көлгірлік рухына сәйкес үнемі бар деп ұйғарылады. Мұнда ері гетеризмге онша көп салынбайды, ал әйелінің еріне опасыздық етуі жиі кездесе бермейді. Бірақ неке формасының қай-қайсысында да адамдар бұрын қалай болса, сол қалпында қала беретіндіктен, ал протестант елдерінің буржуалары көбінесе филистерлер болғандықтан, бұл протестанттық моногамия, тіпті оның ең тәуір реттерін алған күннің өзінде де, ерлі-зайыпты адамдардың тым көңілсіз бірге өмір өткізуіне ғана душар етеді, мұны жұрт семья бақыты деп атайды. Некенің осы екі түрінің екеуін де тамаша етіп суреттейтін нәрсе — роман: католик некесін—француз романы, протестант некесін — неміс* романы суреттейді. Екеуінде де «әркім өзіне тигенін алады»: неміс романында жігіт қыз алады, ал француз романында әйелі ерін оң-

* 1884 жылғы басылуында: «неміс және швед». *Ред.*

дырмай алдап соғады. Соның өзінде бұлардың қайсысының ұтылатыны әрдайым айқын бола қоймайды. Сондықтан да француз романының «әдепсіз келуі» неміс филистерін қаншама жирендірсе, неміс романының көңілсіздігі француз буржуасын одан кем жирендірмейді. Айтсада, осы соңғы кезде, «Берлин дүние жүзілік қалаға айнала бастағаннан» бері, неміс романы ондағы көптен бері жақсы мәлім гетеризм мен жұбайлық опасыздық сияқты құбылыстарды онша именбей әңгіме қыла бастады.

Бірақ бұл екі ретте де неке еркек пен әйелдің таптық жағдайына байланысты, сондықтан ол әрдайым есепті неке болады*. Бұл неке екі ретте де көбіне нағыз өрескел жезөкшелікке айналды, кейде екі жақтың да, ал көбіне әйелдің жезөкшелігіне айналады, оның әдеттегі куртизанкадан айырмашылығы сол — ол өз тәнін бергенде, еңбегіне даналап ақы төленетін жалдама қызметші әйелдің өз еңбегін жалға бергеніндей бермейді, оны біржола құлдыққа сатады. Фурьенің мына сөздері есепті некенің бәріне тән:

> «Грамматикада екі терістеудің бір болымдылық беретіні сияқты, неке салтында да қос жезөкшелік бір ізгілікке баланады».

Жыныс махаббаты әйелге деген қатынаста тек езілуші таптардың арасында ғана, демек, осы кезде,— бұл қатынастар ресми түрде тіркелсе де, тіркелмесе де,— пролетариаттың арасында ғана ережеге айналуы мүмкін және шын мәнінде соған айналып та келеді. Бірақ мұнда классикалық моногамия негіздерінің бәрі де жойылып отыр. Мұнда ешқандай меншік жоқ, ал моногамия мен еркектер үстемдігі дәл осы меншікті қорғау және мұралану үшін жасалған-ды; сондықтан мұнда еркек үстемдігін орнатуға деген ешбір ынталандырушы себеп жоқ. Ол ол ма, мұнда оны жүзеге асырарлық құрал да жоқ: еркектер үстемдігін қорғайтын буржуазиялық право дәулеттілер үшін ғана, олардың пролетарлармен қарым-қатынастарын реттеу үшін ғана қызмет етеді; ол правоның өзі ақшаға түседі, жұмысшы жарлы болғандықтан, оның өз әйелі жөніндегі қатынастары үшін бұл правоның ешбір маңызы жоқ. Мұнда мүлде өзге нәрселер — адамның жеке басының жағдайлары мен қоғамдық жағдайлар шешуші роль атқарады. Ал, оның үстіне, ірі өнеркәсіп әйелді от басынан аулақтатып, оны еңбек рыногына, фабрикаға баруға мәжбүр еткеннен бері және оны тіпті екінің бірінде семья асырайтын адамға айналдырғаннан бері пролетардың үй-ішіндегі ер үстемдігінің ақтық қалдықтарына тірек боларлық дәнеңе қалмады; моногамия енгізілген кезден бері әдет болып қалған әйеліне кейбір дөрекі мінез көрсетуден басқа ештеңе қалмады. Сонымен,

---

* Бұдан былайғы «Жыныс махаббаты» деген сөздерге дейінгі текстi Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

ері мен әйелінің махаббаты қаншама күшті болғанымен, бір-біріне адалдығын мейлінше берік ұстағанымен, шіркеу мен жай жұрттың мүмкін болған ізгі ниет тілеуінің бәріне қарамастан, пролетар семьясы қазірдің өзінде-ақ сөздің дәл мағынасындағы моногамиялы семья емес. Сондықтан моногамияның әрқашанғы жолбикелері де — гетеризм және жұбайлық опасыздық мұнда тіптен болмашы роль атқарады; әйелі ажырасу правосын іс жүзінде қайтарып алды; сөйтіп екі жақ бірігіп тұра алмаса, олар айырылысуды мақұл көретін болады. Қысқасы, пролетарлық неке осы сөздің әсте тарихи мағынасындағы моногамиялы неке емес, оның этимологиялық мәніндегі моногамиялы неке*.

Алайда, біздің юристер: заң прогресі әйелдерден шағым айтуына негіз боларлық нәрсенің қандайын болса да күннен-күнге тартып алып келеді деп есептейді. Осы заманғы цивилизациялы елдердің заңдары: біріншіден, некенің өзі нағыз шын неке болу үшін екі жақтың өз еркімен жасаған шарты болуға тиіс, ал, екіншіден, некелескен бүкіл уақыт бойына екі жақтың да бір-біріне бірдей праволары мен міндеттері болуға тиіс екендігін барған сайын мойындай түсіп отыр. Егер де осы екі талаптың екеуі де дәйекті түрде жүзеге асырылған болса, онда әйелдерде не тілесе, соның бәрі болған болар еді.

Бұл таза юридикалық дәлел республикашыл радикал буржуаның пролетарды ауық-ауық тәртіпке шақырғанда қолданатын дәлелімен әбден бір жерден шығады. Еңбек шартын екі жақ ықтиярымен жасайтын сияқты. Бірақ оның ықтиярлы жасалған шарт деп есептелетін себебі: заң екі жақты *қағаз жүзінде* тең деп таниды. Түрліше таптық дәреженің екі жақтың біреуіне беретін өктемдігінде, осы себепті екінші жаққа жасалатын қысымда, яғни екі жақтың шын экономикалық жағдайында — міне мұнда заңның ісі жоқ. Екі жақтың бірде-бірі өз праволарынан анық бас тартпай тұрғанда, еңбек келісімі күшінде тұрған кезде екі жақтың екеуі де қайткенмен тең праволы болуға тиіс. Экономикалық жағдайы жұмысшыны тең праволылықтың тіпті ең соңғы көрінісінен де бас тартуға мәжбүр ететінінде заңның тағы ісі жоқ.

Егер некелесетіндер өздерінің некелесуінің ықтиярлы сипатын формальды түрде растайтын болса, ондай некеге ең прогрессшіл деген заңның өзі де әбден қанағаттанады. Нағыз шын өмірдің қайнап жататын жерінде, заң тасасында не болып жатыр, осы ықтиярлы келісім қалай жасалады,— бұл жөнінде заң мен юристтің қам жемеуіне болады. Ал оның бер жағында, түрлі елдердің праволарын жай салыстырып шығудың өзі бұл ықти-

---

* Осы тараудың «Алайда, Морганға оралайық» деген сөздермен басталатын қорытынды абзацынан (осы томның 282-бетін қараңыз) былайғы бүкіл текстін Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

ярлы келісімнің не екенін юриске көрсетіп беруге тиіс еді. Ата-ана мүлкінің бір бөлегін балаларының міндетті түрде мұралануын заң қамтамасыз ететін, олай болса, балалар мұрасыз қалмайтын елдерде,— Германияда, француз правосы қолданылатын елдерде және кейбір басқа елдерде,— балалары некелескенде ата-аналарының ризалығын алуға тиіс. Некелесерде ата-ананың ризалығын заң талап етпейтін ағылшын правосы қолданылатын елдерде ата-ананың өз мүліктерін кімге мұра етіп қалдырам десе де толық еркі болады, олар, өз ұйғарулары бойынша, балаларын мұрасыз да қалдыра алады. Бірақ бұған қарамастан және тіпті дәл осы себепті мұра етіп қалдырарлық мүлкі бар таптардың арасында некелесердегі еркіндіктің Англия мен Америкада іс жүзінде Франция мен Германиядағыдан титтей де артық емес екендігі айдан анық.

Некелескен еркек пен әйелдің заң жүзіндегі тең праволылығына келсек, мұның да оншама оңып тұрған жері жоқ. Бұл екеуінің право жағынан теңсіздігі, бұрынғы қоғамдық қатынастардан бізге мұра болып көшкен теңсіздік — әйелді экономика жағынан езудің себебі емес, соның нәтижесі. Көптеген некелі жұптарды бала-шағаларымен қамтитын бұрынғы коммунистік үй шаруашылығында, еркектердің ішіп-жем қоректерін табуы қоғамға қаншалықты қажет іс болса, әйелдердің игеруіне берілген үй шаруашылығы да соншалықты қажет іс болған еді. Патриархаттық семьяның және одан да гөрі моногамиялы жеке семьяның шығуына байланысты жағдай өзгеріп кетті. Үй шаруашылығын жүргізу өзінің қоғамдық сипатынан айрылды. Оның қоғамға қатысы болмады. Ол *жеке кәсіпке* айналды; әйелі негізгі үй қызметшісіне айналып, қоғамдық өндіріске қатысудан шеттетілді. Тек біздің заманымыздың ірі өнеркәсібі ғана әйелге — онда да пролетар әйелге ғана — қоғамдық өндіріске жол ашты. Бірақ бұл орайда, егер ол семьяға қызмет ету жөніндегі өзінің жеке міндеттерін атқаратын болса, онда қоғамдық өндірістен тыс қалады да, ешқандай табыс таба алмайды, ал егер ол қоғамдық еңбекке қатысып, өз алдына табыс тапқысы келсе, онда оның семьядағы өз міндеттерін өтеуіне шамасы келмейді. Осы жағынан алғанда, фабрикада болсын, еңбектің барлық салаларында болсын тіпті медицина мен адвокатураға дейін, әйелдің жағдайы бірдей болады. Осы заманғы жеке семья ашықтан-ашық немесе бүркемеленген түрде әйелдің үй ішінде күң болуына негізделген, ал осы заманғы қоғам — кілең жеке семьялардан, қоғам молекулаларынан құралған жұртшылық. Әйелдің ері қазіргі кезде көбінесе ақша тауып, семья асыраушысы болуға тиіс, ең болмағанда дәулетті таптар арасында солай болуға тиіс, мұның өзі оған үстемдік әпереді, ол заң жүзіндегі ешбір айрықша артықшылықтарды керек етпейді. Ері семья ішінде буржуа, әйелі пролетариат болып көрінеді. Бірақ өнеркә-

сіп саласында пролетариаттың еңсесін көтертпейтін экономикалық езудің ерекше сипаты, капиталистер табының заң бойынша танылған айрықша артықшылықтары түгел жойылып, екі таптың заң жүзінде толық тең праволылығы орнағаннан кейін ғана барынша айқын көрінеді; демократиялық республика екі таптың қарама-қарсылығын жоймайды — қайта, ол осы қарама-қарсылықты жою жолындағы күрестің өрістеуіне негіз ғана жасайды. Сол сияқты, осы заманғы семьяда ерінің әйеліне үстемдік етуінің өзіне тән сипаты және олардың екеуіне де қоғамдық шын теңдік орнату қажеттігі, сондай-ақ бұған жету әдісі ерлі-зайыптылар заң жүзінде толық тең праволы болған кезде ғана толық жарыққа шығады. Сол кезде әйелдердің бостандық алуының бірінші алғы шарты — бүкіл әйел жынысын қоғамдық өндіріске қайта оралту екені анықталады, мұның өзі, өз ретінде, жеке семьяның қоғамның шаруашылық бір бөлігі болудан қалуын керек қылады.

* * *

Сонымен, біз жалпы алғанда, адамзат дамуының басты-басты үш сатысына сай келетін некенің басты-басты үш формасы болғанын көріп отырмыз. Тағылыққа — топты неке, варварлыққа — жұп неке, цивилизацияға — жұбайлық адалдықты бұзушылық пен жезөкшелік толықтырып отыратын моногамия сәйкес келеді. Варварлықтың жоғары сатысында жұп неке мен моногамия аралығына еркектердің күндерге үстемдігі мен көп әйел алушылығы сыналап енеді.

Неке формаларының осылай дәйектілікпен алмасып отыруынан көрінетін прогрестің өзіндік ерекшелігі — топты некеге тән жыныс еркіндігінен еркектер емес, әйелдердің барған сайын айырыла түсуі болатынын біздің жоғарыда баяндағандарымыздың бәрі көрсетіп берді. Шынында да, ерлер үшін топты неке іс-жүзінде осы күнге дейін келе жатыр. Әйелдер тарапынан болса, қылмыс деп есептеліп, праволық және қоғамдық ауыр зардаптары болатын нәрсе ерлер үшін бейне бір құрметті іс сияқты болып көрінеді немесе, ең әрі кеткенде, болар-болмас қана моральдық дақ деп саналады, оған еркектің көңілі толғаннан басқа ештеңесі кетпейді. Бірақ ескілікті гетеризм біздің заманымызда капиталистік товар өндірісінің әсерімен неғұрлым өзгере түсіп, соған бейімделген сайын, ол неғұрлым бүркеусіз жезөкшелікке айнала түскен сайын, оның аздырушылық әсері соғұрлым күшейе түседі. Бұл орайда ол әйелден гөрі, еркекті көбірек аздырады. Жезөкшелік әйелдердің ішінен соған құрбан болған бақытсыздарын ғана азғындыққа ұшыратады, тіпті олардың өзін де әдетте жұрт ойлайтын дәрежеде аздыра қоймайды. Оның есесіне бұл адамзат тұқымының бүкіл еркектер жағына ұждансыздық сипат береді. Мәселен, ұзақ уақыт үйленбей жүру

оннын тоғызында жұбайлық опасыздық жасаудың нағыз әзірлік мектебінен өткендік болады.

Бірақ біз мынадай қоғамдық төңкеріске таянып келеміз: ол кезде моногамияны толықтыруға негіз болған жезөкшеліктің сөзсіз жойылатыны сияқты, моногамияның күні бүгінге дейін болып келген экономикалық негіздері де сөзсіз жойылады. Моногамия мол байлықтың бір қолға,— оның үстіне еркектің қолына,— жиналуы себепті және бұл байлықтарды басқа еркектің емес, нақ әлгі еркектің балаларына мұра етіп қалдыру қажеттігінен туды. Бұл үшін ерінің емес, әйелінің моногамиялы болуы керек болды, сондықтан әйелінің моногамиялы болуы ерінің ашықтан-ашық немесе жасырын түрде полигамиялы болуына әсте бөгет жасамады. Бірақ алдымызда болатын қоғамдық төңкеріс мұралық жолымен берілетін тұрақты байлықтардың ең аз дегенде орасан зор бөлегін — өндіріс құрал-жабдықтарын — қоғамдық меншікке айналдыра отырып, мұраны кімге қалдырамын деп қам жеуді жоқтың қасы етеді. Алайда, моногамия экономикалық себептерден туғандықтан, ол осы себептер жоғалған кезде солармен бірге жоғалмас па екен?

Бұған ол кезде моногамияның жойылмайтыны былай тұрсын, қайта, тек сол кезде ғана ол толық жүзеге асады деп дәлелді жауап беруге болар еді. Өйткені өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке айналдырумен бірге жалдама еңбек те, пролетариат та жойылады, демек, статистикалық есептеуге келетін әйелдердің ақшаға сатылу қажеттігі де жойылады. Жезөкшелік жойылады, ал моногамия, өмір сүруден қалудың орнына, ақырында келіп, еркектер үшін де болмысқа айналады.

Сонымен, еркектердің жағдайы қалай да мықтап өзгереді. Бірақ әйелдердің, *барлық* әйелдердің жағдайында да едәуір өзгеріс болады. Өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық меншікке өтісімен жеке семья қоғамның шаруашылық бөлігі болудан қалады. Жеке меншікті үй шаруашылығы еңбектің қоғамдық саласына айналады. Балаларды күту, оларды тәрбиелеу қоғамдық іс болады; қоғам некелі бала болсын, некесіз туған бала болсын, барлық балаларға бірдей қамқорлық жасайды. Осының арқасында «кейінгі зардабын» ойлап мазасыздану жайына қалады, мұның өзі қазіргі кезде қыздың өзі сүйген еркекке ойланбай-ақ берілуіне кедергі жасайтын ең елеулі қоғамдық жай,— моральдық және экономикалық жай,— болып отыр. Мұның өзі бара-бара неғұрлым еркін жыныс қатынастарының шығуына, ал сонымен бірге, қыз баланың абыройы мен әйелдің ұялшақтығына қоғамдық пікірдің неғұрлым мейірбандықпен қарауына жеткілікті себеп болмас па екен? Ақыр аяғында, осы күнгі дүниеде моногамия мен жезөкшелік біріне-бірі қарама-қарсы нәрсе бола тұрса да, бірақ бірінен бірін бөліп алуға болмайтын қарама-қарсылық бола тұрса да, бұлардың белгілі бір

қоғамдық тәртіптің полюстері екенін көрмедік пе? Өзімен бірге моногамияны да тұңғиыққа батырмайынша, жезөкшелік жойыла ала ма?

Бұл арада моногамияның дами бастаған кезінде ең әрі кеткенде бастама түрінде ғана болған жаңа кезең,— дара жыныс махаббаты күшіне енеді.

Орта ғасырларға дейін дара жыныс махаббаты жөнінде сөз болуы да мүмкін емес еді. Әлбетте, адамның бойына біткен сұлулығы, достық қатынастар, біріне-бірі ұнауы т. б. түрлі жыныс адамдарының жыныс байланысына ұмтылушылығын туғызды, мұның өзі, кіммен ең жақын қатынаста болу керектігін еркектер үшін де, әйелдер үшінде мүлде бәрі бір нәрсе болған емес-ті. Бірақ бұдан қазіргі заманғы жыныс махаббатына дейінгі аралық әлі жер мен көктей еді. Бүкіл ежелгі заман бойына некелесуші жақтарды ата-аналары некелестіріп келді, ал некелесушілер бұған тып-тыныш көнді. Жұбайлық махаббаттың ежелгі заманға мәлім азын-аулақ үлесі,— субъективті құштарлық емес, объективті борыш,— некенің негізі емес, оны толықтыратын нәрсе. Осы күнгі мағынадағы махаббат қатынастары ежелгі заманда ресми қоғамнан тысқары жерде ғана болған. Махаббат қуаныштары мен азаптарын бізге Феокрит пен Мосх, Лонгтың Дафнисі мен Хлоясы жырлап беретін бақташылар мемлекет істеріне қатыспайтын, ерікті азаматтар өміріне қосылмайтын кілең құлдар еді. Бірақ құлдар арасындағы махаббат байланыстарынан басқа біз мұндай байланыстарды құрып бара жатқан ежелгі дүниенің іріп-шіруінің салдары ретінде ғана, оның үстіне ресми қоғамнан тыс тұрған әйелдермен,— гетералармен, яғни, жат елдерден келген әйелдермен немесе күндіктен босаған әйелдермен байланыстарды: Афиныда — оның құлдырап, құлауы қарсаңында, Римде — империя тұсында кездестіреміз. Егер ерікті азаматтар мен азаматшалар арасында махаббат байланыстары шынымен пайда болған болса, онда мұның өзі жұбайлық адалдықты бұзу ретінде ғана болған нәрсе. Ал ежелгі дүниенің махаббатты жыр еткен классикалық ақыны, кәрі Анакреонт үшін біз түсінетін мағынадағы жыныс махаббатының тұк еместігі сонша,— тіпті сүйген адамының қай жыныстікі екені оған бәрібір болған.

Қазіргі заманғы жыныс махаббатының жай жыныс құштарлығынан, ежелгі дүние адамдарының құштарлығынан елеулі айырмашылығы бар. Біріншіден, осы күнгі жыныс махаббаты ғашық адамдардың бір-біріне өзара махаббатының болуын керек қылады; бұл жөнінде әйел еркекпен тең жағдайда болады, ал көне заман құштарлығы тұсында жұрт әйелдің ризалығын көбіне сұрамайтын еді. Екіншіден, жыныс махаббатының күші мен ұзаққа созылатыны соншалық, мұнда ер мен әйелдің бір-біріне жақындаса алмауы, бірін-бірі көре алмауы екеуіне де аса

зор бақытсыздық болып көрінеді; олар бір-бірімен табысудың өзі үшін зор тәуекелге бел байлайды, соның жолында өмірлерін құрбан қылуға барады; мұндай жағдай ежелгі заманда жұбайлық адалдықты бұзған реттерде ғана кездесетін болар. Сонымен, ақырында келіп, жыныс байланыстарын айыптау және ақтау үшін жаңа әдеп-құлық өлшемі туады; жыныс байланысының неке кезінде болғаны немесе некеден тыс болғаны ғана сұралып қоймай, сонымен қатар оның өзара махаббаттан туған-тумағаны сұралады. Феодалдық немесе буржуазиялық практикада бұл жаңа өлшемнің басқа да күллі моральдық өлшемдерден оңып тұрған жері жоқ,— ол өлшемдермен ешкім санаспайды, бұл түсінікті нәрсе. Бірақ оған басқалардан нашар да қарамайды; өзгелер сықылды, ол да теория жүзінде, қағаз бетінде мойындалады. Ал әзірге бұдан артықты талап етуге де болмайды.

Жыныс махаббаты жөніндегі бастамаларында ежелгі дүние немен тынса, орта ғасыр содан — зинақорлықтан бастайды. Таңшапағы жырын туғызған рыцарьлық махаббатты біз жоғарыда суреттеп өттік. Неке бұзуға ұмтылатын бұл махаббаттан некеге негіз болуға тиіс махаббатқа дейінгі жол әлі қашық жатыр, рыцарьлар бұл жолдың ақырына жете алмай кетті. Жеңіл мінез роман халықтарын былай қойып, инабатты германдарды сөз қылғанның өзінде біз «Нибелунгтер туралы жырдан» мынаны кездестіреміз: Кримхильда Зигфридке іштей ғашық болып, Зигфрид те оған соншалық ғашық бола тұрса да, Гунтердің күйеу атын атамай, бір рыцарьға сені атастырып келдім деген сөздеріне Кримхильда жәй ғана былай деп жауап береді:

> «Сіз менен өтінбей-ақ қойыңыз; Сіз маған калай әмір етсеңіз, мен әрдайым солай істеймін; алдияр тақсырым, Сіз лайық деген адамыныз ға мен ризалығыммен қосыламын»*.

Бұл арада тегінде өзінің махаббаты ескерілуі мүмкін-ау деген оның ойына кіріп те шықпайды. Гунтер Брунхильданы, ал Этцель Кримхильданы айттырады, бұларды олар бұрын бір рет те көрген емес; сол сияқты «Гудрунда»[158] ирландиялық Зигебант норвегиялық Утаны, хегелингілік Хетель ирландиялық Хильданы, ақырында, морландиялық Зигфрид, ормандық Хартмут, зеландиялық Хервинг Гудрунды айттырады; міне осы арада ғана Гудрун Хервигке тиемін деп өз еркімен шешеді. Жалпы әдет бойынша, егер әке-шешесі әлі тірі болса, жас князьға қалыңдықты солар іздейді, ал әке-шешесі жоқ болса, қалыңдықты оның өзі іздейді, ірі вассалдармен ақылдасады, олардың пікірлерімен қашан да болса барынша санасады. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Ең құдіреті күшті князь сияқты, рыцарь немесе барон үшін де үйлену деген — саяси іс,

---

* Қараңыз: «Нибелунгтер туралы жыр», оныншы жыр. *Ред.*

жаңа одақтар арқылы өз құдіреттілігін арттыра беру үшін сәті түсуі; мұнда әсте бір адамның жеке басының тілегі емес, *әулеттің* мүдделері шешуші роль атқаруға тиіс. Мұндай жағдайларда некелесердегі шешуші сөз махаббаттың билігіне қалай беріледі?

Орта ғасыр қалаларында цех бюргерінің жағдайы дәл осындай болған. Оның артықшылықтарын қорғайтын, неше түрлі шек қоюшылықтарға толы цех уставтарының, мұнда оны заң жүзінде басқа цехтардан, онда — өзінің цехтас жолдастарынан, ал мына жерде өзінің кіші шеберлері мен шәкірттерінен бөліп отырған жасанды қоршаулардың өзі-ақ цех бюргерінің өзіне лайықты жар іздестіретін шеңберін әбден тарылтты. Қалыңдықтардың ішінен қайсысының қолайлырақ болатыны осы шатасқан жүйе тұсында оның өз дегенімен шешілмей, семья мүддесіне қарай шешіліп келгені сөзсіз.

Сонымен, сансыз көп реттерде некелесу о баста қандай болса, орта ғасырлардың ең соңына дейін дәл сол күйінде қалды,— некелесушілердің өздері шешпейтін іс болды. Алғашқыда адамдар дүниеге келгенде күні бұрын некелі болып келді — басқа жыныс адамдарының тұтас бір тобымен некелі болып дүниеге келді. Топты некенің бертініректегі формаларында, сірә, дәл осындай жағдай сақталса керек, бірақ некелес топтар барған сайын шағындала түскен болу керек. Жұп неке тұсында, әдетте, шешелері өз балаларын некелестіру жөнінде келісетін болған; мұнда да жаңа туысқандық байланыстар туралы есеп шешуші роль атқарады, бұл байланыстар жас жұбайлардың ру мен тайпа ішіндегі жағдайының неғұрлым берік болуын қамтамасыз етуге тиіс. Ал жеке меншік ортақ меншіктен басым болып, малмүлікті мұра етіп қалдыру мүддесі шығуымен бірге аталық право мен моногамия үстем дәрежеге ие болған кезде, некелесу бүтіндей экономикалық сипаты бар есептерге тәуелді болды. Сатып алып некелесу *формасы* жоғалады, бірақ шын мәніне келгенде, бұлай некелесу барған сайын кең тарала түсті, сондықтан тек әйелге ғана емес, сонымен бірге еркекке де жеке басының қасиетіне қарай емес, қолындағы мүлкіне қарай баға қойылды. Некелесуші екі жақтың бір-біріне өзара құштарлығы өзге есептердің бәрінен де басым шығуы үстем таптардың іс-әрекетінде әуел бастан-ақ көз көріп, құлақ естімеген нәрсе еді. Бұған ұқсас бірдеңелер кездессе, тек романтика дүниесінде немесе есепке алынбайтын езілген таптарда ғана кездесетін болды.

Географиялық жаңалықтар ашылғаннан бастап, дүние жүзілік сауда мен мануфактураның дамуы арқасында капиталистік өндіріс дүние жүзіне үстемдік жүргізуге әзірлену сатысына аяқ басқан кезге дейін жағдай осындай еді. Некелесудің бұл әдісі капиталистік өндіріс үшін ең қолайлы әдіс болар деп ойлауға болатын еді, расында солай болды да. Алайда дүние жүзілік

тарихтың тәлкегі таусылмайды — нақ капиталистік өндіріс бұған шешуші өзгеріс жасауға тиіс болды. Бәрі-бәрін товарға айналдырып, ол бұрынғыдан қалған ежелгі қатынастардың бәрін жойды, мұраға көшкен әдет-ғұрыптардың, тарихи правоның орнына сатумен сатып алуды, «ерікті» шартты қойды. Ағылшын юрисі Г. С. Мейн: өткен замандарға қарағанда, біздің жасаған бүкіл прогресіміз-from status to contract*—бұрынғыдан мұра болып қалған тәртіптен ерікті шарт белгілеген тәртіпке көшуде болды дегенде, асқан зор жаңалық аштым деп білген; әйтсе де — жалпы алғанда, мұның қаншалықты дұрыс екені «Коммунистік манифестің» өзінде-ақ айтылған болатын**.

Бірақ өзінің қара басын, іс-әрекеті мен мүлкін еркін билей алатын және бір-бірімен тең праволы адамдар ғана шарт жасаса алады. Осындай «ерікті», бір-бірімен «тең» адамдарды қалыптастыру капиталистік өндірістің ең басты істерінің бірі болды да. Алғашында мұның өзі әлі жартылай саналы түрде ғана іске асырылып, оның үстіне діни жамылғымен бүркемеленсе де, дегенмен лютерлік және кальвиндік реформация кезінен бастап мынадай ереже берік орнады: адам өз еркі жағынан толық азат бола тұрып, ұнамсыз іс істесе, тек сол ретте ғана ол өзінің бұл қылығына толық жауап береді, сондықтан адамгершілікке жатпайтын ұнамсыз қылықтарға итермелеудің қандайына болса да қарсы тұру адамның адамгершілік борышы болып табылады. Ал мұның өзі некелесудің бұрынғы әдетімен қалай үйлесті? Буржуазиялық түсінік бойынша неке дегеніміз шарт, заң жүзіндегі келісім, оның үстіне басқа келісімдердің ішіндегі ең маңыздысы, өйткені ол екі адамның тәні мен жанының тағдырын ғұмырлық етіп шешеді. Рас, ол кезде бұл келісім формалды жағынан ықтиярлы түрде жасалған; екі жақтың ризалығынсыз іс шешілмейтін болған. Бірақ бұл ризалықтың қалай алынатыны және іс жүзінде некені кімнің қиятыны өте жақсы мәлім еді. Ал оның бер жағында, өзге шарттарды жасарда шын ерікті шешімнің болуы қажет болса, онда неке шартын жасарда оны неге талап етпеске? Қосылғалы тұрған екі жастың өзін өзі, өздерінің тәні мен дене мүшелерін еркін билеуіне правосы жоқ болып па? Рыцарьлықтың арқасында жыныс махаббаты сәнге айналмады ма және зинақорлық жасауға байланысты рыцарьлық махаббатқа қарама-қарсы, жұбайлық махаббат жыныс махаббатының буржуазиялық дұрыс формасы болмады ма? Бірақ егер жұбайлардың борышы бірін-бірі сүю болса, онда бірін-бірі сүюшілердің тап сондай борышы басқамен емес, өзара некелесуі емес пе? Бір-бірін сүйетіндердің бұл правосы ата-аналарының, туысқандарының және өзге де кәдімгі неке делдалда-

---

* статуттан шартқа. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 107—112-беттері. *Ред.*

ры мен жеңгетайлардың праволарынан жоғары болмағаны ма? Егер адамның өз еркімен таңдап барып қосылу правосы шіркеу мен діп саласына баса-көктеп кірген болса, онда бұл право жас ұрпақтың тәнін, жанын, мүлкін, бақыты мен көресі күнін аға ұрпақтың билемек болған адам төзгісіз дәмесі алдында тоқтап қалғаны ма?

Қоғамның бұрынғы байланыстарының бәрі нашарлап, бұрынғыдан мұра болып қалған түсініктердің бәрі шайқалған осындай кезде әлгі сұрақтардың тумауы мүмкін емес еді. Дүние бірден он есе дерлік ұлғайып кетті; жер шары жартысының төрттен бір бөлігі орнына, енді батыс европалықтар алдында бүкіл жер шары ашылды, енді олар жер шарының қалған жеті ширегін қолға түсіруге асықты. Сөйтіп, адамды өз отанының шеңберінен шығармай келген ескі кедергілермен бірге салт болып кеткен орта ғасырлық ойлау әдісінің мыңдаған жылдардан бергі шеңберлері де құрыды. Адамның сыртқы және ішкі зердесі жетер көк жиек бұрынғыдан өлшеусіз кеңейді. Индия байлықтары, Мексика мен Потосидің алтын және күміс рудниктері қызықтырған жас адамға парасатты кісі деп атанудың және нешеме ұрпақтан мұраға қалған құрметті цехтық артықшылықтардың қандай маңызы болмақшы еді? Ол кез буржуазия үшін жиһанкез рыцарьлар заманы болды; ол да өз романтикасы мен махаббат қиялдарына берілді, бірақ бұл буржуазиялық сарында болды және түптеп келгенде буржуазиялық мақсаттарды көздеді.

Мына жай осылай орын тепті: өрге басушы буржуазия, әсіресе сол кездегі тәртіп неғұрлым көбірек шайқалған протестант елдерінде, неке жөнінде де шарт жасасу еркіндігін барған сайын мойындай түсті және оны жоғарыда суреттелгендей етіп жүзеге асырды. Неке таптық неке күйінде қалды, бірақ тап ішінде некелесушілердің бірін-бірі таңдауына белгілі дәрежеде ерік берілді. Өзара жыныс махаббаты мен жұбайлардың нағыз ықтиярлы келісіміне негізделмеген неке атаулының адамгершілік емес деп танылғаны сияқты ережедей мызғымас, берік орныққан еш нәрсе қағаз жүзінде де, теория жүзіндегі моральда да, поэзиялық бейнелеуде де болған емес. Қысқасы, махаббатқа негізделген неке адамның правосы, оның үстіне droit de l'homme* ғана емес, сонымен қатар, ерекшелік ретінде, droit de la femme** де болып жарияланды.

Бірақ адамның бұл правосының адамның барлық басқа праволары дейтіндерден бір мәселе жөнінде айырмашылығы болды. Бұл соңғы праволар іс жүзінде тек үстем тап — буржуазия жө-

---

* Сөз ойнақылығы: «droit de l'homme» — «адамның правосы» деген сөз, сонымен қатар «еркектің правосы» деген де сөз. *Ред.*

** — әйелдің правосы. *Ред.*

нінде ғана қолданылып, ал езілуші тап — пролетариат үшін турадан-тура немесе жанама түрде жоққа шығарылып отырғанда, бұл арада тарихтың тәлкегі тағы да байқалады. Үстем тап белгілі бір экономикалық ықпалдарға бағынышты болып қала береді, сондықтан да шын мәнінде ерікті түрде жасалатын неке үстем тап арасында ілуде бір ғана кездеседі, ал езілуші тап арасында оның әдет болып табылатынын біз жоғарыда көрдік.

Сонымен, капиталистік өндіріс пен оның туғызған меншік қатынастарын жою жар таңдауға қазір соншама зор ықпалын тигізіп отырған бөгде, экономикалық есептердің бәрін де құрт-каннан кейін ғана некелесудің толық еріктілігіне жалпы жұрт сонда ғана жете алады. Міне сол кезде өзара ұнатушылықтан басқа ешбір дәлел қалмайды.

Жыныс махаббаты өзінің табиғатынан ерекше болғандықтан,— бұл ерекшелікті бүгінде тек әйел ғана сақтайтын болса да,— жыныс махаббатына негізделген неке өзінің табиғатынан дара неке болып табылады. Топты некеден дара некеге көшуді көбінесе әйелдердің арқасында жасалған прогресс деп қарап Бахофеннің қаншалық дұрыс айтқанын біз жоғарыда көрдік; жұп некеден моногамияға қарай жасалған сонан былайғы қадам ғана еркектердің еңбегі болды; тарихи жағынан алғанда, ол, асылында, әйелдердің жағдайын нашарлатып, еркектердің опасыздық жасауын жеңілдетті. Сондықтан, еркектердің осы әдеттегі опасыздығына әйелдерді көндіріп келген экономикалық ойлар — әйелдің өз басының өмір сүруі жөнінде, онан да гөрі балаларының болашағы жөнінде қам жеушілік,—құрысымен, соның нәтижесінде әйелдің қолы жеткен тең праволылығы, бүкіл өткен тәжірибеге қарағанда, әйелдердің көп күйеулі болушылығынан гөрі, еркектердің шын мәнінде моногамиялы болуына әлдеқайда көп себепші болады.

Бірақ бұлай болғанда, меншік қатынастарынан туыу себепті моногамияға тән ерекше белгілер, атап айтқанда, біріншіден, еркек үстемдігі және, екіншіден, некенің бұзылмайтындығы, моногамиядан сөзсіз ажырайды. Некеде еркектің үстем болуы оның экономикалық үстемдігінің жай нәтижесі ғана, сондықтан экономикалық үстемдік құрыған кезде, ол да сонымен бірге өзінен-өзі құриды. Некенің бұзылмайтындығы — мұның өзі, бір жағынан, моногамия пайда болған экономикалық жағдайдың нәтижесі, екінші жағынан, осы экономикалық жағдайлардың моногамиямен байланысын жұрттың әлі дұрыс түсінбей, дін оны бұрмалап түсіндірген кездің салты. Некенің бұл бұзылмайтындығы осы кездің өзінде мыңдаған реттерде бұзылып жүр. Егер тек махаббатқа негізделген неке ғана адамгершілікке жататын болса, онда неке махаббат бар кезде ғана адамгершілікті неке болып қала береді. Бірақ дара жыныс махаббаты сезімінің

ұзақтығы әр түрлі адамдарда, әсіресе еркектерде тіпті түрліше болады, сондықтан бұл сезім мүлде таусылған кезде немесе оны жаңадан пайда болған басқа бір қызу махаббат ығыстырған кезде, айрылысу екі жақ үшін де, қоғам үшін де игі іске айналады. Тек қана адамдарды айрылысу процесінің керексіз пасықтығына белшесінен батудан құтқару керек.

Сонымен, енді алдағы уақытта капиталистік өндіріс жойылғаннан кейінгі жыныстар арасындағы қатынастардың формалары туралы шамалауымыздың көбінесе жағымсыз сипаты болады, ол көбіне жойылуға тиіс болатынмен шектеледі. Ал оның орнын не басады? Мұның өзі жаңа ұрпақ: өмірінде еш уақытта да әйелді ақшаға немесе өктемдіктің басқа да әлеуметтік құралдарына сатып алуына тура келмейтін еркектер буыны мен шын махаббаттан басқа, қайдағы бір өзге себептерге бола ешқашан да еркекке берілуіне, экономикалық себептерден қорқақтап, сүйетін еркегімен жақындасудан бас тартуына тура келмейтін әйелдер буыны өсіп жеткенде белгілі болады. Осы адамдар пайда болған кезде, қазіргі ұғымдар бойынша, өздерінің істеуі керек нәрселердің бәрін олар шайтан алсын деп лақтырып тастайды; өздерінің не істейтіндерін олардың өздері білетін болады, сөйтіп, осыған сәйкес, әркімнің жөнді-жөнсіз қылықтары туралы қоғамдық пікірді өздері жасап алады,— тоқ етері осы.

Алайда Морганға оралайық, одан біз едәуір қашықтап кеттік. Цивилизация дәуірінде дамыған қоғамдық мекемелерді тарихи жолмен зерттеу ісі оның кітабының шеңберінен асып түседі. Сондықтан моногамияның осы дәуір ішіндегі тағдырына ол мүлде қысқаша ғана тоқталады. Сонымен қатар ол моногамиялы семьяның онан әрі дамуын белгілі бір прогресс, жыныстардың толық тең праволылығына жақындай түскендік деп біледі, алайда бұл мақсатқа қазірдің өзінде-ақ қолымыз жетті деп есептемейді. Бірақ,— дейді ол,—

> «егер семья дәйекті түрде төрт формадан өтіп, енді бесіншісінде тұр деген фактіні мойындайтын болсақ, онда болашақта бұл форма ұзақ сақталып тура ала ма? — деген сұрақ туады. Бұған бір ғана жауап берілуі мүмкін — қоғам дамыған сайын, ол да дамуға тиіс және қоғам өзгерген сайын, ол да өзгеріп отыруға тиіс, өткен дәуірлерде де дәл осылай болған. Белгілі бір қоғамдық системаның жемісі бола отырып, семьяның ол формасы сол қоғамдық системаның даму жайын көрсетіп отыратын болады. Моногамиялы семья цивилизация басталғаннан бергі дәуірде жетіліп отырғандықтан әсіресе, қазіргі заманда айтарлықтай жетіле түскендіктен, онда ол ең болмағанда, жыныстар теңдігіне жеткенге дейін одан әрі жетіле бере алады деп шамалауға болады. Ал егер моногамиялы семья сонау болашақ заманда қоғам тілегін қанағаттандыра алмайтын болып шықса, онда оның орнын басатын семьяның сипаты қандай болатынын күні бұрын болжап айту мүмкін емес».

## III
## ИРОКЕЗ РУЫ

Біз енді Морганның ашқан басқа бір жаңалығына көшеміз; туыстық жүйелеріне сүйеніп, семьяның алғашқы формаларын қайыра суреттеп көрсетудің қандай маңызы болса, оның бұл жаңалығының да кем дегенде дәл сондай маңызы бар. Морган мыналарды дәлелдеді: американ үндістерінде тайпа ішіндегі хайуан аттарымен белгіленген ру одақтары, асылына келгенде, гректердің genea және римдіктердің gentes дегенімен барабар нәрсе; американдық форма — ең алғашқы, ал грек-римдік форма — кейініректегі, туынды түрі; ежелгі заманғы гректер мен римдіктердің руы, фратриясы және тайпасымен қоса бүкіл қоғамдық ұйымы американ-үндіс ұйымынан дәлме-дәл қосарласын тауып отыр; рудың өзі халықтар цивилизация заманына өткенге дейін, тіпті (қазір қолымызда бар деректер негізінде қаншалық пайымдауға келсе) одан кейінгі кезде де барлық халықтарға ортақ мекеме болған. Осылардың дәлелденуі ежелгі заманғы грек пен Рим тарихының ең қиын тарауларын бірден түсіндірді және сонымен бірге алғашқы заманның *мемлекет* шыққанға дейінгі қоғамдық құрылысының негізгі белгілерін бізге күтпеген тұрғыдан түсіндіріп берді. Бұл жаңалық мәлім болғаннан кейін, енді қаншама қарапайым болып көрінгенімен, Морган оны осы соңғы кезде ғана ашты; өзінің 1871 жылы шыққан бұрынғы кітабында* ол бұл құпия сырды әлі түсініп бола қоймаған еді; бұл құпияны ашу алғашқы заман тарихының әдетте соншалық меннен ағылшын білгірлерін содан бері біраз уақыт бойына** жұмған ауыздарын аштырмай тастады.

Осы ру одағын белгілеу үшін Морган барлық жерлерде қолданып отырған gens деген латын сөзі, гректің мағынасы бірдей genos деген сөзі сияқты, жалпы арийлік gan (немісше kan, өйткені бұл арада, жалпы ереже бойынша, арийлердегі g-нің орнына k келуге тиіс) деген түбірден шығады, ол «туғызу» деген ұғымды білдіреді. Gens, genos санскриттің dschanas, готтың (жоғарыда көрсетілген ереже бойынша) kuni, ежелгі скандинавиялық және ағылшын-саксонның kyn, ағылшынның kin, орта-жоғары-неміс өлкесінің künne дегендерінің бәрі бірдей ру, шыққан тегі деген сөзді білдіреді. Бірақ латынның gens және гректің genos дегендері: ортақ тегін мақтан ететін (бұл арада бәріне ортақ бір ру басынан тарағанын) және белгілі бір қоғамдық, діни мекемелер арқылы ерекше тұтастықты құрайтын ру одағын белгілеу үшін арнайы қолданылады; сөйтсе де, бұл тұтастықтың

* Қараңыз: осы том, 220-бет. *Ред.*

** «Біраз уақыт бойына» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

шыққан тегі мен табиғаты күні бүгінге дейін біздің барлық тарихшыларымызға түсініксіз болып келді.

Өзінің алғашқы формасында ру құрамының қандай болғанын біз жоғарыда, пуналуалы семьяны қарастырғанда көрдік. Бұл ру — пуналуалы неке жолымен және осы неке тұсында сөзсіз үстемдік ететін ұғымдар бойынша, белгілі бір ру басының — руды негіздеуші әйелдің жұрт таныған ұрпақтарын құрайтын барлық адамдардан құралады. Семьяның бұл формасында баланың әкесін шын анықтау мүмкін болмайтындықтан, әйел жағы ғана мойындалады. Ағалы-інілі адамдар өздерінің апа-қарындастарына үйлене алмай, тегі басқа әйелдерге ғана үйленетін болғандықтан, олардың сол бөтен әйелдерден туған балалары, аналық право бойынша, бұл рудан тысқары қалады. Сөйтіп, әрбір ұрпақ *қыздарының* үрім-бұтағы ғана ру одағының ішінде қалады; ұлдардың ұрпақтары өз аналарының руына көшеді. Тайпа ішіндегі осы сықылды басқа топтар жөнінде ерекше бір топ болып құрылғаннан кейін, бұл қандас туыс топ неменеге айналады?

Осы алғашқы рудың классикалық формасы ретінде, Морган ирокездер руын, атап айтқанда, сенека тайпасының руын алады. Бұл тайпада хайуандар атымен аталатын сегіз ру бар: 1) Қасқыр, 2) Аю, 3) Тасбақа, 4) Құндыз, 5) Бұғы, 6) Қызғыш, 7) Көккұтан, 8) Сұңқар. Әрбір руда мынадай әдет-ғұрыптар үстем:

1) Ру өзінің сахемі (бейбітшілік уақытындағы ақсақалы) мен көсемін (әскери басшысын) сайлайды. Сахем рудың өз құрамынан сайлануға тиіс, ал оның лауазымы ру ішінде мұра бойынша беріліп отырған, өйткені бұл лауазым босасымен, оны дереу басқа адам басуға тиіс болған; әскери басшыны ру мүшесі еместерден де сайлауға болатын, ал кей кездерде ол мүлде болмайтын да болған. Бұрынғы сахемнің баласы еш уақытта сахем болып сайланбаған, өйткені ирокездерде аналық право үстем болған, демек, сахемнің баласы басқа рудың адамы болып есептелген, бірақ екінің бірінде бұрынғы сахемнің аға-інісі немесе апа-қарындасының баласы сайланатын болған. Сайлауға жұрттың барлығы — еркектер де, әйелдер де қатысқан. Бірақ сайлаудың нәтижесін қалған жеті ру бекітуге тиіс болған, сөйтіп, осыдан кейін ғана сайланған адам қызмет орнына салтанатты түрде отырғызылған, оның үстіне бүкіл ирокездер одағының жалпы кеңесі отырғызатын болған. Бұл актінің қандай маңызы барлығын ілгеріде көреміз. Сахемнің ру ішіндегі билігі әкелік билік, тек қана моральдық билік болды; оның қарамағында зорлау құралдары болмады. Мұнымен бірге ол лауазымы жағынан сенека тайпасы кеңесінің, сондай-ақ ирокездер одағы жалпы кеңесінің де мүшесі болды. Әскери көсем соғыс жорықтары кезінде ғана азды-көпті бұйрық бере алған.

2. Ру өзінің қалауы бойынша сахем мен әскери көсемін орындарынан алады. Мұны тағы да еркектер мен әйелдер бірігіп отырып шешеді. Орнынан алынған қызмет адамдары бұдан кейін, басқалар сықылды, қарапайым жауынгерге, жеке кісілерге айналады. Алайда, тайпа кеңесі де рудың еркіне қарамастан, сахемдерді орнынан ала алады.

3. Ру мүшелерінен ешкім де сол рудың өз адамымен некелесе алмайды. Рудың негізгі тәртібі, оны біріктіретін байланыс осындай; бұл — өзі басын біріктіретін адамдары ғана руға айнала алатын әбден айқын қандас туыстықтың жағымсыз көрінісі. Осы қарапайым фактіні ашу арқылы Морган рудың мәнін тұңғыш рет анықтап берді. Рудың осы мәнін жұрттың күні бүгінге дейін қаншалық аз түсініп келгендігін тағы адамдар мен варварлар жайындағы бұрынғы хабарлар көрсетеді; бұларда рулық құрылыстың құрамдас элементтерін қалыптастыратын әр түрлі бірлестіктер түсінілместен, талдап қаралмастан: тайпа, клан, тум т. б. аттармен бір жерге үйіліп шатастырылады, оның үстіне мұндай бірлестік ішінде некеге тыйым салынады деген сөздер бұлар жөнінде жиі айтылады. Мұның өзі кісі түнілерлік шатасушылық туғызды, соның ішінен үзілді-кесілді үкім айтып, тәртіпке келтіру үшін Наполеон ролінде Мак-Леннан мырза пікір айта алды: барлық тайпалар өз ішінде некеге тыйым салынған (экзогамиялы) және оған рұқсат берілетін (эндогамиялы) тайпалар болып бөлінеді. Мәселені осылай біржола шатастырып, сонан соң ол өзінің осы оғаш категорияларының екеуінің қайсысы — экзогамия әлде эндогамия — ежелгі деген терең ойлы зерттеуге шомды. Қандас туыстыққа негізделген ру анықталғаннан кейін және осыдан келіп, оның мүшелері арасында некелесу мүмкін еместігі анықталғаннан кейін әлгі мағынасыздықтың өзінен-өзі күлі көкке ұшты.— Әлбетте, ирокездердің өзіміз көріп отырған даму сатысында ру ішінде некеге тыйым салынуы бұлжытпай сақталады.

4. Өлгендердің мүлкі рудың қалған мүшелерінің қолына көшіп отырған, ол мүлік ру ішінде қалуға тиіс болған. Ирокездің артында қалдыратын бұйымдары мардымсыз болғандықтан, онан қалған мұраны оның ең жақындары өзара бөлісіп алатын болған; еркек өлген ретте — мұраны оның бір туған аға-інілері мен апа-қарындастары және анасының аға-інісі бөлісіп алған; әйел өлген ретте — оның аға-інілері емес, балалары мен бір туған апа-сіңлілері бөлісіп алатын болған. Дәл сол себепті ері мен әйелі бір-біріне мұра қалдыра алмайтын болған, сондай-ақ балалары әкесінің мұрагері бола алмаған.

5. Ру мүшелері біріне-бірі жәрдемдесіп, бірін-бірі қорғап отыруға, әсіресе бөтен біреуден жәбір көрсе, соның кегін алуға көмектесіп отыруға міндетті болған. Өз қауіпсіздігін қорғау ісінде жеке адам рудың қамқорлығына арқа сүйеді, соған сенді;

кімде-кім оған жамандық істесе, ол бүкіл руға жамандық істегені болды. Осыдан, рудың қан жағынан байланыстылығынан келіп, ирокездер сөзсіз мойындаған қанды қанмен жуып кек алу міндеті туған. Егер рудың мүшесін басқа бір рудың біреуі өлтіріп кетсе, өлген адамның күллі руы қанды қанмен жуып, жауап беруге міндетті болған. Алдымен татуласуға әрекет жасалған; кісі өлтірушінің ру кеңесі бас қосысып, істі тыныштықпен бітірейік деп, өлген адамның ру кеңесіне ұсыныс жасайтын болған, көбінесе өкініш білдіріп, едәуір сыйлықтар ұсынған. Егер ұсыныс қабылданса, іс реттелді деп есептелген. Бұлай болмаған күнде, қазаға ұшыраған ру бірнеше кек алушыдан бір адам белгілейтін болған, ол аңдып жүріп, кісі өлтірушіні өлтіруге міндетті болған. Егер бұл орындалса, өлтірілген адам руының шағым қылуға правосы болмай, іс аяқталды деп есептелетін болған.

6. Рудың белгілі бір есімдері немесе бірнеше топ есімдері болады, бұларды бүкіл тайпа ішінде сол рудың өзі ғана пайдалана алады, сондықтан әрбір жеке адамның есімі де оның қай руға жататынын көрсетеді. Ру праволары да ру есімімен тығыз байланысты болады.

7. Ру бөтен адамдарды асырап ала алады, сөйтіп оларды бүкіл тайпаға мүше етіп қабылдайды. Сөйтіп өлтірілмеген соғыс тұтқындарын рулардың бірі асырап алғаннан кейін, олар сенека тайпасының мүшелеріне айналады, сөйтіп ру мен тайпа праволарының бәріне не болды. Асырап алу рудың жеке мүшелерінің ұсынысы бойынша: жат адамды өзінің аға-інісі не апа-қарындасы етіп қабылдаған еркектердің ұсынысы бойынша, немесе оны өз баласы ретінде қабылдаған әйелдердің ұсынысы бойынша жасалған; осындай жолмен асырап алуды бекіту үшін оларды салтанатты түрде руға қабылдау керек болды. Ерекше бір жағдайлардың себебінен саны азайып, әлсіреген кейбір рулар, басқа бір рудың ризалығы бойынша, оның мүшелерін осылай жаппай асырап алу арқылы көбінесе сан жағынан қайта нығайып отырған. Ирокездерде руға салтанатпен кісі қабылдау тайпа кеңесінің ашық мәжілісінде жүзеге асырылған, мұның өзі іс жүзінде бұл салтанатты діни рәсімге айналдырған.

8. Үндіс руларында ерекше бір діни мейрамдардың бар-жоғын аныктау киын нәрсе; бірақ үндістердің діни рәсімдері азды-көпті болса да руға байланысты. Ирокездердің жыл сайынғы алты түрлі діни мейрамдары кезінде кейбір рулардың сахемдері мен әскери көсемдері, өздерінің лауазымына қарай, «дін сақшылары» болып есептеліп, абыздық міндеттер атқарып отырған.

9. Рудың ортақ зираты бар. Нью-Йорк штатының жан-жағынан түгел ақ нәсілдер қоршап, қыспаққа алған ирокездерінде ортақ зират қазір жоқ, бірақ бұрын ол болған. Өзге үндістерде ол әлі бар; мысалы, ирокездермен жақын туыс тускарорларда,

өздері христиан бола тұрса да, зиратта әрбір ру үшін өз алдына жеке қатар бар, сондықтан олар аналарын балаларымен бірге бір қатарға қояды, бірақ әкелерін балаларымен қатар қоймайды. Ирокездерде де өлікті жерлеуге оның бүкіл руы қатысады, оның қабырын қазуға, басында сөз сөйлеуге, т. б. қам жасайды.

10. Рудың теңбе-тең дауыс беру правосы бар барлық ересек мүшелерінің, еркектер мен әйелдердің, демократиялық жиналысы — ру кеңесі болады. Бұл кеңес сахемдер мен әскери көсемдерді, сол сияқты басқа да «дін сақшыларын» сайлап, орнынан алып отырған; ол рудың өлтірілген мүшелері үшін құн (вергельде) алу немесе қанды кек алу туралы қаулылар шығарған; ол бөтен адамдарды ру құрамына қабылдап отырған. Қысқасы, ол рудың ең жоғарғы өкімет орны болды.

Әдеттегі үндіс руының міндеттері міне осындай еді.

> «Оның барлық мүшелері — бір-бірінің бостандығын қорғауға міндетті ерікті адамдар; олардың жеке бастарының тең праволары бар — сахемдер де, әскери көсемдер де ешбір артықшылық талап етпейді; олар қандас туысқандығымен байланысты бауырлар болып табылады. Еш уақытта тұжырымдалмағанымен, бостандық, теңдік, туысқандық рудың негізгі принциптері болды, ал ру болса, өз ретінде, тұтас қоғамдық системаның бір тұлғасы, ұйымдасқан үндіс қоғамының негізі болды. Өз тәуелсіздігі мен өз басының қадірін білетін бұлжымас сезімнің себебі міне осы, ал үндістердің осындай екенін әркім-ақ мойындайды»*.

Америка ашылған кезде бүкіл Солтүстік Америка үндістері аналық право негізінде ру-ру болып ұйымдасқан еді. Тек біраз тайпаларында ғана, мысалы, дакота тайпасында рулар құлдырап кетті, ал оджибве, омаха сияқты кейбір басқа тайпаларда рулар аталық право негізінде ұйымдасты.

Бес немесе алтыдан аса рулары бар көптеген үндіс тайпаларынан біз үш, төрт және одан да көп руларды біріктіретін ерекше топтарды кездестіреміз; Морган мұндай топты фратрия (туысқандық) деп атайды, сөйтіп үндіс атауын соған дәлме-дәл келетін грек ұғымымен береді. Мысалы, сенека тайпасында екі фратрия бар; біріншісіне 1—4 ру, екіншісіне 5—8 ру енеді. Мұны неғұрлым толығырақ зерттеу: ол фратриялардың көбінесе алғашқы рулар болғанын, алғашында тайпаның осы руларға бөлінгенін көрсетеді; өйткені ру ішінде некелесуге тыйым салынғаннан кейін, әрбір тайпа өз алдына дербес өмір сүре алатын болу үшін қажеттігіне қарай кемінде екі руды қамтуға тиіс болды. Тайпа өскен сайын әрбір ру, өз ретінде, екі немесе одан көп руға бөлінді, бұлар енді өзіне дербес руларға айналды, ал қыздан тараған рулардың бәрін қамтитын ең алғашқы ру фратрия ретінде өмір сүре береді. Сенека тайпасында және басқа

---

* Сондай-ақ қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 71-бет. *Ред.*

үндістердің көпшілігінде бір фратрияға кіретін рулар бауырлас рулар болып есептеледі, ал басқа фратрияның рулары олар үшін немере рулар болып табылады,— туыстықтың американдық жүйесінде бұл атаулардың мейлінше нақты және анық мәні бар екенін біз жоғарыда көрдік. Алғашында бірде-бір сенека да өз фратриясының ішінен ешкіммен некелесе алмайтын болған, бірақ бұл ғұрып көптен бері қолданудан қалды, ол ру ішінде ғана қолданылады. Сенека тайпасындағы аңызға қарағанда, басқа рулар тараған алғашқы рулар: «Аю» мен «Бұғы» рулары болған. Осы жаңа ұйым тамыр жайғаннан кейін, ол керегіне қарай, түрін өзгертіп отырды; егер бір фратрияның рулары құрып біте бастаса, онда оны басқалармен теңестіру үшін көбінесе басқа фратриялардан бүтіндей бір рулар соған көшіріліп отырған. Сондықтан біз әр түрлі тайпалардан аттары бірдей руларды кездестіреміз, бұлар фратрияларда түрліше жолдармен топталып отырған.

Ирокездердегі фратрияның атқаратын қызметтері — ішінара қоғамдық, ішінара діни қызмет болған. 1) Доп ойнағанда фратриялар біріне-бірі қарсы шығып ойнайды; әр фратрия өзінің ең жақсы ойыншыларын шығарып, қалғандары фратрия-фратрия болып орналасып, ойынның барысын бақылайды және әрқайсысы өз ойыншыларының жеңетіндігіне бір-бірімен бәс тігіседі.— 2) Тайпа кеңесі болғанда әр фратрияның сахемдері мен әскери көсемдері бірге отырады, бір топ екінші топқа қарама-қарсы отырады, әрбір шешен ерекше корпорация ретінде әр фратрияның өкілдеріне меңзеп, сөз сөйлейді.— 3) Егер тайпа ішінде кісі өлтірушілік бола қалса, оның үстіне кісі өлтіруші адам мен өлген адам бір фратрияның адамдары болмай шықса, онда қазаға ұшыраған ру екінің бірінде өзінің бауырлас рулары жүгінеді; мұндай ретте олар фратрия кеңесін шақырып, тұтас бір тұлға ретінде екінші фратрияға: істі реттеу үшін оның да өз кеңесін шақыруына ұсыныс жасаған. Сонымен, бұл арада фратрия қайтадан алғашқы ру ретінде қимыл жасайды, сөйтіп өзінен тараған жеке, әлсіз рудан гөрі, істі табысты тындыруына мүмкіндігі көбірек болады.— 4) Аса көрнекті адамдар өлген реттерде оларды жерлеу ісін ұйымдастырып, жерлеу салтанатын өткізу қамын қарама-қарсы фратрия өз міндетіне алатын болған, ал өлген адамның фратрия мүшелері жерлеуге марқұмның туған-туысқандары ретінде қатысқан. Сахем өлген кезде қарама-қарсы фратрия қызмет орнының босағаны жөнінде ирокездердің одақтық кеңесіне хабарлайтын болған.— 5) Сахем сайларда да фратрия кеңесі іс жүргізген. Сайлаудың нәтижесін бауырлас рулардың бекітуі өзінен-өзі түсінікті нәрсе деп есептелген, бірақ басқа фратрияның рулары қарсы пікірлер айта алатын болған. Мұндай ретте осы фратрияның кеңесі бас қосатын болған; егер ол білдірілген қарсы пікірлерді дұрыс деп

тапса, онда сайлаудың нәтижесі теріс деп табылатын болған.— 6) Бұрын ирокездерде ерекше діни мистериялар болған, бұларды ақ нәсілділер medicine-lodges* деп атаған. Сенека тайпасында бұл мистерияларды діни жағынан туысқан екі одақ жасаған, бұлардың жаңа мүшелер атағын беруінің ерекше ережелері болған; екі фратрияның әрқайсысында осындай бір туысқандық одақ болған.— 7) Егер жаулап алу кезінде[159] Тласкаланың төрт кварталын мекендеген төрт lineages (буын) төрт фратрия болған болса,— мұны күмәнсыз деуге болады,— онда мұның өзі мынаны дәлелдейді: гректердің фратрияларының да, германдықтардың сондай ру одақтарының да әскери бөліктер ретінде де маңызы болған; бұл төрт lineages-тің әрқайсысы ұрысқа өз алдына жеке отряд болып, өз формасында киім киіп және өз туын ұстап, өз көсемінің бастауымен аттанған.

Бірнеше рудан бір фратрия құралатыны сияқты, егер классикалық формасын алатын болсақ, бірнеше фратриядан бір тайпа құралады; кейбір реттерде едәуір әлсіреген тайпаларда аралық буын — фратрия болмайды. Америкадағы жеке үндіс тайпасын сипаттайтын нәрсе не?

1. Өз территориясы мен өз есімі болды. Әрбір тайпаның нағыз өз мекенінен басқа аң мен балық аулайтын тағы едәуір жерлері болды. Бұл аймақтан әрі ең жақын тайпаның жеріне дейін созылып жатқан кең байтақ бейтарап алқап болды; тілдері тектес тайпаларда бұл алқаптың ені тар болды; ал тілі жағынан бір-біріне туыс емес тайпаларда бұл жер кеңдеу болды. Бұл алқап — германдықтардың шекаралық орман-тоғайы, Цезарь свевтерінің өз жерін айнала жасаған елсіз өңірі секілді болды; бұл алқап даниялықтар мен германдар арасындағы îsarnholt (даниялықтарша jarnved, limes Danicus), германдар мен славяндар арасындағы Саксон тоғайы мен branibor (славянша «қорғаныс тоғайы») еді, Бранденбург өзінің атын осыдан алған. Осындай белгісіз шекарамен бөлінген өңір тайпаның ортақ жері болып есептелді, іргелес тайпалар да оны осындай ортақ жер деп санады, сондықтан оған сұқтанушылықтардан оны тайпаның өзі қорғады. Шекаралардың анық болмауы көбінесе халық тым көбейген кезде ғана іс жүзінде қолайсыз болды. Тайпа аттарын, саналы түрде таңдап алынғаннан гөрі, көбінесе кездейсоқ пайда болған атаулар деу дұрысырақ болар; уақыт өте келе мынадай жағдай жиі болатын болған: немістерге олардың «германдықтар» деген ең алғашқы, жалпы тарихи атын кельттердің бергені сияқты, іргелес тайпалар маңайындағы тайпаға сол тайпаның өзін өзі атап жүрген атынан өзгеше ат бере салған.

---

* — сиқырлы жиналыстар. *Ред.*

2. Осы тайпаның өзіне ғана тән ерекше *диалект* болды. Шындығында тайпа мен оның диалектісі бір жерден шығып отырады; бөліну арқылы жаңа тайпалар мен жаңа диалектілер құрылуы Америкада осы жақын арада ғана болып жатты және осы кезде де ол мүлдем тоқтала қоюы екі талай. Сан жағынан әлсіреген екі тайпа бірге қосылып кеткен жерлерде, ілуде бір болатын жай ретінде, бір тайпаның өзінде жұрт бір-біріне өте жақын екі диалектіде сөйлеседі. Американ тайпаларында адамдардың орта саны 2000 адамнан кем; алайда чироки тайпасында 26 000 адам бар, бұл — Құрама Штаттардағы бір диалектіде сөйлейтін үндістердің ең көбі.

3. Рулар сайлаған сахемдер мен әскери көсемдерді салтанатты түрде қызмет орнына отырғызу правосы болды.

4. Өздерінің руының еркіне қарамастан, оларды орындарынан алу правосы болды. Бұл сахемдер мен әскери көсемдер тайпалық кеңестің мүшелері болғандықтан, тайпаның олар жөніндегі бұл праволары өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Тайпалар одағы құрылып, оған кірген тайпалардың бәрінің де одақтық кеңесте өкілдері болған жерлерде әлгі праволар осы кеңеске көшеді.

5. Бәріне ортақ діни түсініктер (мифология) мен табыну салты болды.

> «Үндістер өздерінің варварлық мәнерінде діндар халық болған»[160].

Үндістердің мифологиясы әлі күнге дейін әсте сын көзімен зерттелген жоқ; өздерінің діни түсініктерінің заттарын — неше түрлі рухтарды — олар сол кездің өзінде-ақ адам бейнесінде көрсете білді, бірақ варварлықтың төменгі сатысында тұрғанда олар көрнекі кескіндерді, пұт дейтіндерді әлі білмеді. Ол кез көп құдайға сену бағытымен даму жолында болған табиғат пен кездейсоқ апаттарға сыйынатын заман еді. Әр түрлі тайпалардың белгілі бір табыну түрінде, атап айтқанда, би, билер мен ойындар түрінде өткізетін өздерінің діни мейрамдары болды; әсіресе би барлық діни салтанаттардың елеулі құрама бөлегі еді; әр тайпа өз мейрамдарын бөлек өткізді.

6. Жалпы істерді талқылайтын тайпа кеңесі болды. Ол жеке рулардың барлық сахемдері мен әскери көсемдерінен, солардың шын өкілдерінен құралды, өйткені олар кез келген уақытта орындарынан алынып тасталатын болған; кеңес мәжілісті жұрт алдында, тайпаның өзге мүшелері қоршай отырысып, өткізетін болған, олардың мәселені талқылауға араласып, өз пікірлерін айтуға правосы болды; кеңес шешім қабылдап отырды. Әдетте, мәжіліске қатысушы әрбір адам, керек деп тапса, өз пікірін айта алатын болған, әйелдер де өздерінің сайлап алған шешендері арқылы пікірлерін білдіре алды. Ирокездерде мәселені біржола шешу үшін оның бірауыздан қабылданылуы керек бол-

ды, кейбір мәселелерді шешерде германның қауым-маркаларында да осындай болған. Тайпа кеңесінің қарауына, атап айтқанда, өзге тайпалармен арадағы қатынастарды реттеп отыру ісі енді; ол елшілер қабылдап, елшілер жіберді, соғыс жарияланып, бітім жасады. Егер істің түбі соғысқа айналатын болса, оны көбінесе еріктілер жүргізетін болды. Принципінде әрбір тайпа өз алдына тиісті тәртіппен бітім шартын жасаспаған басқа тайпа атаулының бәрімен соғыс жағдайында деп саналды. Мұндай жауларға қарсы соғыс шабуылдарын көбінесе кейбір үздік шыққан жауынгерлер ұйымдастырып отырған; олар соғыс билерін ұйымдастырған; сол биге қатынасқандардың бәрі бұл арқылы өзінің жорыққа қатысатындығын білдірген. Отряд дереу ұйымдастырылып, аттанып кететін болған. Тайпаға қарасты жерлерді шабуылдан қорғау да көбінесе еріктілерді жинау арқылы жүзеге асырылды. Мұндай отрядтардың жорыққа аттанып, жорықтан қайтуы әрдайым көпшілік салтанаттарының өткізілуіне себеп болды. Мұндай жорықтарға тайпа кеңесінің келісімі қажет емес-ті, жұрт оның келісімін сұраған жоқ, кеңес ондай келісім берген де емес. Мұның өзі бізге Тацит суреттеп берген дәл герман жасақтарының жеке соғыс жорықтары сияқты, тек германдықтардың жасақтары сол кездің өзінде-ақ неғұрлым тұрақты сипат алған еді, бейбітшілік кезінің өзінде-ақ ұйымдасатын және соғыс бола қалған күнде төңірегіне басқа да еріктілер топтасатын берік ұйытқысы болатын. Мұндай әскери отрядтарда көп адамның болуы сирек кездесетін; үндістердің тіпті алысқа барған, ең ірі деген соғыс жорықтарының өзі болмашы ғана жауынгер күштермен жасалған. Қайсыбір ірі мақсат үшін осындай отрядтардың бірнешеуі біріге қалса, онда олардың әрқайсысы тек өз көсеміне ғана бағынған; жорық жоспарының бірыңғай болуын белгілі бір дәрежеде осы көсемдердің кеңесі қамтамасыз еткен. Аммиан Марцеллиннің суреттеуіне қарағанда, алеманндардың IV ғасырда Жоғарғы Рейн бойында жүргізген соғыстарының әдісі дәл осындай болған.

7. Кейбір тайпаларда біз жоғарғы көсемнің болғанын кездестіреміз, бірақ оның пұрсаттылығы оншама зор болмаған. Мұның өзі сахемдердің бірі, ол дереу қимыл жасау керек болған реттерде, кеңес бас қосып, тұжырымды шешім алғанға дейін, уақытша шаралар қолдануға тиіс болған. Біз мұнан қолында атқарушы өкімет билігі бар қызмет бабындағы адамның енді ғана байқала бастаған, бірақ көп реттерде онан әрі дами қоймаған болашақ бейнесін көреміз; мұндай қызмет адамы барлық жерде демесек, көпшілігінде жоғарғы әскер басының билігі күшейе келе шыққан, мұны төменде көреміз.

Американдық үндістердің басым көпшілігі тайпаға бірігуден әрі бармады. Ұлан-ғайыр шекаралық алқаптармен бір-бірінен бөлек шалғай жатқан, үздіксіз соғыстардан әлсіреген олардың

аз ғана тайпалары адам саны аз болғанымен, кең байтақ жерді мекендеді. Уақытша қажет болған кезде әр жерлерде туыстас тайпалар арасында одақ жасалып, қажеті болмаған жағдайда ол ыдырап отырған. Алайда кейбір жерлерде алғашында туыстас болып, бірақ кейіннен бір-бірінен қол үзіп кеткен тайпалар қайтадан тұрақты одақ болып бірікті, сөйтіп ұлттардың құрылуына алғашқы қадам жасады. Құрама Штаттарда мұндай одақтың неғұрлым дамыған түрін біз ирокездерден кездестіреміз. Миссисипидің батыс жағындағы өздерінің мекендеген жерлерінен шығып,— мұнда олар дакота деген үлкен туыстас топтың бір тармағы болса керек,— ұзақ кезген соң олар: сенека, кайюга, онондаға, онейда және могаук деген бес тайпаға бөлініп, осы күнгі Нью-Йорк штатына қоныс тепкен. Олар балық, аң аулап және қарапайым бақша өсіріп күнелткен; көбінесе шарбақпен қоршалған деревняларда тұрған. Олардың саны 20 000 адамнан еш уақытта асқан емес; барлық бес тайпада бірнеше жалпы ру болды; олар бір тілдің бір-бірімен өте ұқсас диалектілерінде сөйледі және бес тайпа өзара бөлісіп алған тұтас бір жерді мекендеді. Бұл жердің өзін олар жуырда ғана жаулап алғандықтан, олардың өздері ығыстырып шығарған тайпаларға қарсы бірлесіп қимыл жасауы әдетке айналған табиғи нәрсе болды. Сонымен, ең бері дегенде XV ғасырдың бас кезінде ресмиленген «мәңгі одақ» — конфедерация қалыптасты; ол өзінің күшке ие болғанын сезіп, дереу шапқыншылық сипат алды және күш-қуаты шегіне жете шарықтаған шақта, 1675 жыл шамасында, өзінің айналасындағы едәуір жерлерді жаулап алды, сөйтіп жергілікті тұрғындардың біразын жерінен қуып жіберді, бір бөлегіне алым-салық салды. Ирокездер одағы варварлықтың төменгі сатысынан аспаған үндістердің (демек, бұларға мексикалықтар, жаңа мексикалықтар мен перуліктер қосылмайды) бұрын-соңды болған ең дамыған қоғамдық ұйымы болып табылады. Одақтың негізгі белгілері мынадай болған:

1. Тайпаның барлық ішкі істеріне келгенде толық теңдік және дербестік негізінде қандас туыс бес тайпаның мәңгілік одақ жасасуы. Осы қандас туыстық одақтың нағыз негізі болды. Бес тайпаның үшеуі аталық тайпалар делініп, өзара бауырластар болып есептелді; өзге екеуі ұл тайпалары делініп, бұлар да өзара бауырлас тайпалар болды. Үш рудың — ежелгі рулардың бүкіл бес тайпаның бесеуінде де тірі мүшелері әлі болды, басқа үш рудың мүшелері үш тайпада болды; осы рулардың әрқайсысының мүшелері бес тайпаның бесеуінде де бауырластар болып есептелді. Диалекті жағынан ғана айырмашылығы бар ортақ тілдің болуы — бұлардың бәрінің де шыққан тегі бір екендігінің көрінісі және дәлелі болды.

2. Одақтың органы одақтық кеңес болды, ол дәрежесі мен беделі жағынан бір-бірімен тең 50 сахемнан құрылды; бұл ке-

нес одақтың барлық істері жөнінде түпкілікті шешімдер шығарып отырды.

3. Одақ құрылған кезде бұл 50 сахемге, одақ мақсаттары үшін әдейілеп белгіленген жаңа қызметтерді атқарушылар ретінде, тайпалар мен рулар арасында орындар бөлінді. Қызмет орны босаған кезде тиісті ру сайлау жолымен ол орынға қайтадан кісі алып отырған; ру тілеген уақытында өз сахемін орнынан түсіре де алды; бірақ қызметке бекіту правосы одақтық кеңесте болды.

4. Бұл одақтық сахемдер өз тайпаларының да сахемі болды және тайпалық кеңеске қатысуға, онда дауыс беруге праволы болды.

5. Одақтық кеңестің барлық қаулылары бір ауыздан қабылдануға тиіс болды.

6. Дауыс беру тайпалар бойынша жүргізілді, сондықтан алынған шешімнің заңды деп есептелуі үшін әрбір тайпа және әрбір тайпада кеңестің барлық мүшелері бір ауыздан дауыс беруге тиіс болды.

7. Тайпа кеңестерінің бесеуінің әрқайсысы одақтық кеңестің мәжілісін шақыра алды, ал одақтық кеңес өз бастамасы бойынша жинала алмайтын болды.

8. Мәжіліс жиналған халық алдында өткізіліп отырған; әрбір ирокез сөз алып сөйлей алды; ал шешімді тек қана кеңес шығарды.

9. Одақта ешқандай дара басшы, атқарушы өкіметті басқаратын ешқандай адам болмаған.

10. Мұның есесіне одақтың пұрсаттары тең, билігі де тең екі адамнан жоғарғы әскери көсемі болды (спарталықтардың қос «патшасы», Римдегі қос консул).

Ирокездер төрт жүз жылдан аса өмір сүріп келген және күні бүгінге дейін өмір сүріп отырған қоғамдық құрылыс міне осындай болды. Морганның ізімен мен бұл құрылысты егжей-тегжейлі сипаттап шықтым, өйткені біздің бұл арада *мемлекет* дегенді әлі білмейтін қоғамдық ұйымды зерттеуге мүмкіндігіміз бар. Мемлекет үнемі өз құрамында болатын адамдардың бүкіл жиынтығынан оқшау тұрған, қоғамдық ерекше бір биліктің болуын көздейді. Сондықтан мәселені дұрыс аңғара білген Маурер германдардың маркалық құрылысын, көбінесе кейіннен мемлекеттің шығуына негіз бола тұрса да, оны мемлекеттен елеулі айырмашылығы бар таза қоғамдық институт деп таныды, өзінің барлық еңбектерінде қоғамдық өкіметтің алғашқы маркалық, селолық, түтіндік және қалалық құрылыстан бірте-бірте шыққанын және сол құрылыспен қатар тұрғанын зерттейді. Солтүстік Америка үндістерінің мысалынан біз мыналарды көреміз: алғашқы біртұтас тайпа бірте-бірте орасан зор құрылыққа тарайды; бөліне-бөліне келіп, тайпалар халықтарға, толып жат-

қан тайпа топтарына айналады, тілдері өзгереді, олардың бір-біріне түсініксіз болатыны былай тұрсын, тіпті алғашқы тіл бірлігі дегеннің жұрнағы да қалмайды; мұнымен бірге тайпалар ішінде кейбір рулар бірнеше руға бөлінеді, ал бұрынғы аналық рулар фратриялар түрінде сақталып қалады, бірақ, оның бер жағында, бірінен-бірі алшақ жатқан, бірінен-бірі әлдеқашан бөлініп кеткен тайпаларда сол бұрынғы рулардың аттары бірдей болып қала берді —«Қасқыр» мен «Аю» барлық үндіс тайпаларының көпшілігінде әлі де болса ру аттары болып келе жатыр. Жоғарыда суреттелген қоғамдық құрылыс жалпы алғанда үндіс тайпаларының барлығына тән, мұнда олардың көбі туыстас тайпалар одағына жетпегенін ғана есептемегенде, солай.

Бірақ мұнымен бірге біз мынаны да көріп отырмыз: ру негізгі қоғамдық ұя болып табылатындықтан, рулардың, фратриялар мен тайпаның бүкіл жүйесі қайткен күнде де осы ұядан дамиды,— өйткені мұның өзі әбден табиғи нәрсе. Бұл үш топтың үшеуі де қандас туыстықтың түрліше дәрежелерін көрсетеді, ал олардың әрқайсысы өзімен-өзі болып, өз істерін өзі басқарады, бірақ сонымен бірге бір-бірін толықтырып отырады. Олардың атқаратын істерінің ауқымы варварлықтың төменгі сатысында тұрған адамның қоғамдық істерінің бүкіл жиынтығын қамтиды. Сондықтан қайсыбір халықтан негізгі қоғамдық ұя ретінде руды кездестіргенімізде, біз одан осында суреттелгенге ұқсайтын тайпа ұйымын да іздестіруге тиіс боламыз; және гректер мен римдіктердегідей жеткілікті деректер болған жерде біз оны тауып қана қоймаймыз, сонымен бірге мынаған көзіміз жетеді: тіпті деректер жеткіліксіз болған күннің өзінде де, оны американдардың қоғамдық құрылысымен салыстыру біздің ең қиын күдіктер мен жұмбақтарды шешуімізге көмектеседі.

Осынау рулық құрылыс өзінің аңғалдығы һәм қарапайымдылығымен неткен ғажайып ұйым десеңізші! Солдатсыз, жандармдар мен полицейлерсіз, дворяндарсыз, корольдерсіз, әкімдерсіз, префектілерсіз немесе соттарсыз, түрмелерсіз, сот процестерінсіз — бәрі де өзінің белгіленген тәртібімен жүріп жатады. Талас, жанжал атаулының бәрін, бұларға қатысты адамдардың өздерімен — ру не тайпа болып бірлесіп шешеді, немесе жеке рулар өзара шешеді; ең қатаң, сирек қолданылатын шара — қанды кек алу қаупі болатын, ал бізде қолданылатын өлім жазасы соның тек цивилизациялы түрі ғана болып табылады, бұған цивилизацияның дұрыс жақтары да, бұрыс жақтары да тән нәрсе. Ортақ істер осы күнгідегіден әлдеқайда көп бола тұрса да,— бірқатар семья үй шаруашылығын бірлескен түрде, коммунистік негізде жүргізеді, жер бүкіл тайпаның меншігі болып табылады, тек ұсақ огородтар ғана жеке шаруашылықтардың уақытша пайдалануына берілген,— соның өзінде де оларда біздегідей далиған, күрделі басқару аппаратының жұрнағы да

жоқ. Барлық мәселелерді мүдделі адамдардың өздері шешеді, ал көбінесе ғасырлар бойғы әдет-ғұрыптың өзі-ақ істің бәрін ретке салып қойған. Кедейлер мен мұқтаж адамдардың болуы мүмкін емес — коммунистік шаруашылық пен ру қарттар, аурулар және соғыста мүгедек болғандар жөніндегі өз міндеттерін жақсы біледі. Жұрттың бәрі, соның ішінде әйелдер де тең және ерікті. Құлдар әлі жоқ, бөтен тайпаларды құл етушілік те, әдетте, әлі жоқ еді. Ирокездер 1651 жыл шамасында эри тайпасы мен «бейтарап ұлтты»[161] жеңген кезде, оларға өз одағының толық праволы мүшелері болып кіруді ұсынды; жеңілгендер бұдан бас тартқаннан кейін ғана, олар өз жерінен қуылды. Ал мұндай қоғам қандай еркектер мен әйелдерді туғызатынын әлі бұзылмаған үндістермен араласқан барлық ақ нәсілді адамдардың осы варварлардың өз қадірлерін сезе білістіндігі, бір мінезділігі, табандылығы мен өжеттігі туралы сүйсіне айтқан пікірлері көрсетеді.

Бұл өжеттіктің үлгілерін біз осы жуырда ғана Африкадан көрдік. Бұдан бірнеше жыл бұрын кафр-зулустар, сондай-ақ бұдан бірнеше ай бұрын нубиялықтар,— ру мекемелері әлі жойыла қоймаған тайпалар,— бірде-бір европалық әскердің қолынан келмейтін нәрсені орындады[162]. От алып атылатын қаруы жоқ, найзамен, келте сүңгімен ғана қаруланған олар ағылшын жаяу әскерлерінің — жалпы жұрттың мойындауынша, иық тірескен сапта ұрыс қимылдарын жүргізуі жағынан дүние жүзіндегі ең таңдаулы әскердің — дүмінен оқталатын мылтықтарынан бұршақтай жаудырған оғына қарамастан, белдесіп найзаласуға дейін алға басып, бұл жаяу әскердің қатарын сан рет бұзды және қару-жарағы жағынан тіптен тең болмаса да, өздері ешқандай әскер қызметін өтеу, сап түзеп жүру дегеннің не екенін білмесе де, ағылшын жаяу әскерін кері шегіндіріп тастап отырды. Олардың нендей бір сындарға төзіп, не істей алатынын ағылшындардың: кафрдың тәулігіне аттан көп жер жүре алатындығын, одан тіпті шапшаң екендігін айтып налуы дәлелдейді. Қафрдың тастай қатты, құрыштай шыныққан бұлшық еті тарам-тарам болып, өрген таспадай ойнақшып тұрады,— дейді ағылшынның бір суретшісі.

Әр түрлі таптарға бөлінгенге дейін адамдар мен адамзат қоғамының жайы осындай болды. Егер біз олардың жағдайын осы заманғы цивилизацияланған адамдардың орасан зор көпшілігінің жағдайымен салыстыратын болсақ, онда қазіргі пролетар немесе ұсақ шаруа мен ежелгі рудың еркін мүшесі арасындағы айырмашылық жер мен көктей болып шығады.

Мәселенің бұл бір жағы. Бірақ бұл ұйымның құрып бітуге тиіс болғанын естен шығармайық. Ол тайпадан әрі бара алмады; тайпалар одағы құрылуының өзі енді оның қирай бастағанын көрсетеді, мұны біз әлі көреміз және мұны біз ирокездердің

басқа тайпаларды құлдануға ұмтылған әрекеттерінің мысалдарынан көрдік те. Тайпадан тыс болған нәрсенің бәрі де заңнан тыс болды. Барлық формасына сай жасалған бітім шарты болмаса, тайпалар арасында соғыс тоқтамады және бұл соғыс адамды басқа хайуандардан өзгеше етіп көрсететін мейірімсіздікпен жүргізілді, тек кейіннен ғана ол материалдық мүдделердің әсерімен аздап бәсеңсіді. Біз жоғарыда Америкадан көргеніміздей, әбден кемеліне келген ру құрылысы тұсында өндіріс мейлінше мешеу болды, демек, ұлан-байтақ жерде халық өте сирек тұрды, осыдан келіп, айналадағы өзіне жат және қарсы тұрған, түсініксіз табиғатқа адам толық дерлік бағынышты болды, мұның өзі жас баланың ұғымындай аңқау діни сенімдерден де көрінеді. Тайпа басқа тайпадан келген шет адам жөнінде де, өзі жөнінде де адамның ең барып тұрған шегі болып қала берді: тайпа, ру және олардың мекемелері қасиетті және қол сұғуға болмайтын нәрсе болды, табиғаттың өзі орнатқандай жоғарғы өкімет болды, әрбір адам өз сезімдері, ақыл-ойы мен істейтін істері жағынан оған сөзсіз бағынышты күйде қала берді. Сол заманның адамдары бізге қаншама айбарлы болып көрінсе де, олардың бір-бірінен ешбір айырмасы жоқ еді, олар, Маркс айтқандай, алғашқы қауым тұтастығынан кіндігі әлі ажыраспағанды. Бұл алғашқы қауым тұтастығының өкіметі қиратылуға тиіс еді — ол қиратылды да. Бірақ ол бұрынғы ру қоғамының жоғары адамгершілік дәрежесімен салыстырғанда, бізге бірден құлдырағандық, күнәға батқандық болып көрінетін ықпалдардан барып қирады. Нағыз оңбаған ниеттер — арсыз қомағайлық, ләззатқа тұрпайы құмарлық, жиренішті сарандық, қара басының пайдасын көздеп, жалпы жұрт дәулетін тонауға ұмтылу жаңа, цивилизациялы, таптық қоғамның жалғастары болып табылады; нағыз жиренішті амалдар — ұрлық, зорлық-зомбылық, зұлымдық, опасыздық — бұрынғы тапсыз ру қоғамын жегідей жеп, оны мерт етуге бастайды. Ал жаңа қоғамның өзі дүниеге келгеннен бергі екі жарым мың жылдың бүкіл өн бойында ат төбеліндей азшылықтың қаналушы және езілуші орасан зор көпшілік есебінен дамуының бейнесі ғана болып келді және ол қазір де сол күйінде, бұрынғы қай кездегісінен болса да асып түскен күйінде сондай қоғам болып қалып отыр.

## IV

## ГРЕК РУЫ

Пеласгілер мен басқа да тайпалас халықтар сияқты, гректер тарихтан бұрынғы заманның өзінде-ақ американдардың құрамдас бірлігіне сәйкес ретпен: ру, фратрия, тайпа, тайпалар одағы болып ұйымдасқан еді. Мұнда дорилердегі сияқты фратриялар-

дың болмауы да мүмкін, тайпалар одағының барлық жерде бірдей құрылмауы мүмкін, бірақ барлық реттерде де негізгі ұя ру болды. Өздерінің тарихи аренаға шыққан кезінде гректер цивилизация табалдырығында тұрған еді; олар мен жоғарыда әңгіме болған американ тайпаларының арасында дамудың екі бірдей үлкен кезеңі жатыр деуге болады, ерлік заманның гректері ирокездерден осыншама уақыт алда болды. Сондықтан гректер руы әсте де ирокездердің ежелгі руы емес, мұнда топты некенің* ізі айтарлықтай өше бастаған. Аналық право аталық правоға орын берді; сөйтіп жаңа туып келе жатқан жеке байлық бұл арқылы ру құрылысын алғаш рет ойсыратты. Екінші ойсырау біріншінің табиғи нәтижесі болды: өйткені аталық право енгеннен кейін бай қыз мұрагердің мал-мүлкі күйеуге тигенде оның күйеуіне көшуге тиіс болғандықтан, демек, басқа руға ауысатын болғандықтан, бүкіл рулық правоның негізі әлсірейтін болды, сондықтан қыз мүлкін рудың өзіне қалдыру мүддесін көздеп, оның өз руы адамына күйеуге шығуына жол беріліп қана қойған жоқ, сонымен қатар мұндай реттер үшін *міндетті* нәрсе болды.

Гроттың грек тарихы жөніндегі еңбегіне сәйкес, афинылық ру, атап айтқанда, мыналарға негізделді:

1. Жұрттың бәріне ортақ діни мейрамдары болды және белгілі бір тәңірінің, ру басы деп жорамалданатын тәңірінің құрметіне қасиетті жоралғылар жасауға абыздардың ерекше правосы болды және бұл тәңірі ерекше атпен аталды.

2. Өлгендерді жерлейтін ортақ зират болды (Демосфеннің «Эвбулидін» салыстырыңыз).

3. Өзара мұра иемдену правосы болды.

4. Зорлық-зомбылық болған ретте бір-біріне көмек көрсетуге, қорғауға және қолдауға өзара міндетті болды.

5. Белгілі бір реттерде, әсіресе жетім қыздарға немесе мұрагер қыздарға келгенде, ру ішінде некелесуге өзара праволы және міндетті болды.

6. Ең болмағанда кейбір реттерде ортақ мүлікті иемденді, өз архонты (старейшинасы) мен казначейі болды.

Онан соң, бірнеше ру жиналып фратрияға бірікті, бірақ бұлардың өзара байланысы оншама мықты болмады; алайда біз мұнда да дәл әлгідегідей өзара праволар мен міндеттердің болғанын көреміз, әсіресе белгілі бір діни рәсімдерді бірігіп өткізу әдеті және фратрия мүшесін өлтіріп кеткен ретте оны қудалау правосы болған. Өз ретінде, бір тайпаның барлық фратрияларының бәріне ортақ, үнемі қайталанып тұратын діни мейрамдары болған, бұларды ақсүйектер (эвпатридтер) арасынан сайланған филобасилей (тайпа старейшинасы) басқарып отырған.

---

* 1884 жылғы басылуында «топты некенің» деген сөздердің орнына «пуналуалы семьяның» деп басылған. *Ред.*

Грот осылай дейді. Ал Маркс бұған былай деп қосады: «Алайда грек руының өзінен де тағы адам бейнесі айқын көрініп тұр (мәселен, ирокез)»*. Егер біз зерттеуімізді онан әрі біраз жүргізсек, ол бейне бұрынғыдан да айқын көрінеді.

Шынында, грек руына мына төменгі белгілер де тән нәрсе:

7. Тектің шығуы аталық правоға сәйкес есептеледі.

8. Мұрагер әйелдермен некелесуді қоспағанда ру ішінде некелесуге тыйым салынады. Бұл ерекшелік пен оның заң ретінде тұжырымдалуы бұрынғы ереженің әлі де болса күшінде екенін дәлелдейді. Мұның өзі жалпы жұртқа міндетті мына ережеден де туады: күйеуге шыққан әйел бұл арқылы өз руының діни салттарына қатысудан бас тартып, күйеуінің салттарына көшетін болды және сол күйеуінің фратриясы есебіне алынды. Бұған қарағанда, сол сияқты Дикеарх шығармасының белгілі жеріне қарағанда өз руынан тысқары жерде некелесу ереже болған, ал Беккер «Хариклде» өз руы ішінде ешкім некелесе алмаған деп тура айтады.

9. Рудың асырап алуға правосы болды; мұның өзі семьялардың бірінің асырап алуы арқылы жүзеге асырылды, бірақ жұрттшылық алдындағы формальдылықтар сақталды және ерекшелік түрінде ғана болды.

10. Старейшиналарды сайлау және орындарынан алу правосы болды. Біз әр рудың өз архонты болғанын білеміз; бұл лауазымның белгілі бір семьяларда мирасқа көшіп отырғандығы жөнінде еш жерде де айтылмайды. Варварлық заманының ақырына дейін лауазымдарға қатаң** мирасқорлық әрдайым бола бермеген деп болжау керек, мұндай мирасқорлық байлар мен жарлылардың ру ішінде толық праволы болған кезіндегі тәртіппен мүлде сыйыспайтын нәрсе.

Жалғыз Грот қана емес, сонымен қатар Нибур, Моммзен және классикалық ежелгі заманның барлық басқа тарихшылары да ру туралы мәселені күні бүгінге дейін шеше алған жоқ. Олар рудың көптеген белгілерін қаншалықты дұрыс суреттесе де, руды әрқашан да *семьялар тобы* деп білді, осыдан келіп олар рудың табиғаты мен шығу тегін түсіне алмады. Ру құрылысы тұсында семья ешқашан да қоғамдық системаның ұясы болған жоқ және бола да алмады, өйткені ерлі-зайыптылар қалайда екі руға жатқан. Ру түгелінен фратрияға енген, фратрия — тайпаға енген; семьяның жартысы ерінің руына, жартысы әйелінің руына енген. Мемлекет те өзінің жария правосында семьяны танымайды, сондықтан да ол осы кезге дейін жеке правоның объектісі ретінде ғана бар болып отыр. Солай бола тұрса да, біздің

---

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 134-бет. *Ред.*

** «Қатаң» деген сөзді Энгельс 1881 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

бүкіл тарих ғылымы әсіресе XVIII ғасырда берік орныққан мына бір қисынсыз ұйғарымды: цивилизация заманынан ерте шыға қоймаған моногамиялы жеке семья бірте-бірте айналасына қоғам мен мемлекет ұйыса бастаған ұйытқы болды,— деген ұйғарымды күні бүгінге дейін дәлелге алып келеді.

«Онан соң Грот мырзаға мынаны атап көрсету керек,— деп қосады Маркс,— гректер өз руларын мифологиядан шығарса да, бұл рулар тәңірлері мен жартылай тәңірлерін қосып, *олардың өздері* жасаған мифологиясынан ерте шыққан»*.

Морган Гротқа жүгінуді тәуір көреді, өйткені ол қалайда жұрт таныған және әбден сенуге болатын айғақшы. Онан соң Грот былай дейді: әрбір афинылық ру өзінің жорамал ру басынан өзіне қалған есімді иемденген, Солонға дейін барлық реттерде, ал Солоннан кейін өсиет болмаған кезде, өлген адам руының мүшелері (gennêtes) оның мүлкін мұраға алып отырды және кісі өлтіруішілік болған жағдайда қылмыстыны сот алдында қудалау ең алдымен өлген адамның жақын туыстарының, онан соң ру мүшелерінің, ақырында келіп, өлген адамның фратриясы мүшелерінің правосы мен міндеті болды:

> «Ең ежелгі Афины заңдары туралы бізге мәлім нәрселердің бәрі ру, фратрия болып бөлінушілікке негізделген».

Рулар тегінің ортақ ата-бабадан шығуы «оқымысты филистерлерге» (Маркс)** бас қатырарлық жұмыс болды. Олар, әлбетте, осы ата-бабаларды таза мифологиялық жандар ретінде бейнелегендіктен, рудың алгашында тіпті бір-бірімен туыстас та емес, бірімен-бірі қатар өмір сүрген жеке семьялардан туғанын түсіндіруге ешқандай мүмкіндіктері қалмайды, бірақ солай бола тұрса да, рудың өмір сүргенін қалай болмасын түсіндіру үшін олардың осылай етуі керек болды. Сөйтіп олар өздерінің тұк мағынасыз бос сөздерінің шырғалаң шырмауында қалып: ру шежіресі дегеніміз, әрине,—миф, бірақ ру болмыста бар нәрсе— деген пікірден әрі бара алмай отыр, сонымен, ақырында келіп, Гроттан біз мынаны оқимыз (Маркстің сөздері жақшаға алынған):

> «Бұл шежіре жөнінде біз анда-санда ғана естиміз, өйткені ол белгілі бір ерекше салтанатты жағдайларда ғана көпшілік алдында еске алынады. Бірақ неғұрлым атақты руларда қандай болса, онша елеулі емес рулардың да дәл сондай өздеріне ортақ діни салттары» (ғажап нәрсе екен, м-р Грот!), «сондай-ақ адамнан артықша жаралған ортақ ру басы, ортақ шежіресі болған» (*онша елеулі емес* рулар үшін ғажап нәрсе екен, Грот мырза!) «схема мен идеалдық негіз» «марқабатты тақсыр-ау, ideal емес,

---

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 136-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 137-бет. *Ред.*

carnal, немесе біздің тілімізде — *тән негізі!)* «барлық руларда бірдей болған»*.

Морганның бұл сұраққа берген жауабын Маркс мына сөздермен қорытады: «Қандас туыстықтың рудың алғашқы формасындағы руға сай келетін жүйесі,— басқа да қарапайым жай адамдардағы сияқты гректерде де бір кезде осындай форма болған,— рулардың барлық мүшелерінің бір-біріне қандай туыстық қатынастары барын білуді қамтамасыз етті. Олар бала шағынан-ақ өздері үшін өте маңызды бұл мағлұматтарды іс жүзінде ұғатын болды. Моногамиялы семьяның шығуымен бұл ұмытылды. Ру аты ру шежіресін жасады, онымен қатар қойғанда, жеке семья шежіресінің маңызы болмай қалды. Осы ру аты енді сол атпен аталушылардың ортақ бір тектен тарағандығына айғақ болуға тиіс болды; бірақ ру шежіресінің тым алыс заманаға кеткендігі сонша, неғұрлым бертініректегі ортақ ата-бабалары болған біраз реттерде ғана болмаса, басқа жағдайларда ру мүшелері енді өздерінің арасында шын мәнінде болған туысқандықты дәлелдей алмайтын болды. Ру атының өзі ортақ бір тектен тарағандықтың дәлелі, бөтен біреуді бала қылып алу реттерін санамағанда, тіптен даусыз дәлелі болды. Мұның керісінше, ру мүшелері арасындағы туысқандық атаулының бәрін іс жүзінде бекер деушілік тек «мінсіз» ғалымдарға, яғни кабинетте отырған тура кітаби ғалымдарға ғана лайықты нәрсе, руды тура ойдан шығарылған нәрсе және ақындық творчествоның жемісі деуші Грот** пен Нибур тап осылай істеп отыр. Әсіресе моногамияның шығуына байланысты, ұрпақтардың байланысы тым алыс заманаларға кететіндіктен және бұрынғы өткен шындық мифологияның фантастикалық образдарының бейнелерінде көрінетіндіктен, ізгі ниетті филистерлер: фантастикалық ру шежіресі нақтылы руларды жасады деген қорытындыға келді және келіп те жүр»***.

***Фратрия,*** американдардағы сияқты, қыз жолынан тараған бірнеше руға бөлініп кеткен, соларды біріктірген, оның үстіне көбіне сол рулардың бәрінің ортақ бір ру басынан тарағанын көрсетіп келген алғашқы ру еді. Мысалы, Гроттың айтуынша,

«барлық құрдастар, Гекатей фратриясының мүшелері, белгілі бір тәңірді он алтыншы атадан қосылатын өздерінің ру басы деп таныған».

Сондықтан бұл фратриядағы рулардың бәрі шын мәнісінде ағайындас рулар болған еді. Фратрия әскери бір тұлға ретінде

---

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 138-бет. *Ред.*

** Маркс қолжазбасында Гроттың орнына біздің заманымыздың II ғасырындағы ежелгі грек ғалымы Поллукстің аты аталған, Грот соған жиі жүгінеді. *Ред.*

*** Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 138—139-беттер. *Ред.*

Гомерде де: адамдарды сапқа тұрғызғанда, фратрия фратрияға, тайпа тайпаға болысарлықтай етіп, тайпалары мен фратриялары бойынша тұрғыз,— деп Нестордың Агамемнонға кеңес беретін белгілі жерінде кездеседі*.— Фратрия, мұның үстіне, фратрия мүшесін өлтірген адамды қудалауға праволы және міндетті болды; демек, неғұрлым ертерек заманда оған қанды қанмен жуып, кек алу міндеті де жүктелетін болған. Одан соң, фратрияның ортақ әулиелері мен мейрамдары болған, ежелгі арийлердің дәстүр бойынша табиғатқа табынуынан шыққан бүкіл грек мифологиясының дамуы да, асылына келгенде, рулар мен фратрияларға байланысты болды және солардың ішінде дамыды. Онан соң, фратрияның старейшинасы (phratriarchos) болды және де Куланждың айтуына қарағанда, ол жалпы жиналыстар шақырып, міндетті шешімдер қабылдады, оның сот және әкімшілік билігі болды. Тіпті руды ілтипатқа алмаған кейінгі мемлекеттің өзі әкімшілік сипаты бар кейбір қоғамдық функцияларды фратрияның өзінде қалдырды.

Туысқан фратриялардың бірнешеуі бірігіп, тайпа құрайды. Аттикада төрт тайпа, әр тайпада үш фратриядан, әр фратрияда — отыз рудан болған. Топтар құрамының бұлай дәлме-дәл белгіленуі өзінен-өзі қалыптасқан тәртіпке саналы және жоспарлы түрде араласушылық болғанын аңғартады. Бұл қалай, қай кезде және неліктен болған,— бұл жөнінде грек тарихы ештеңе айтпайды, ол жайындағы естеліктер гректердің өздерінде де тек ерлік заманнан бері ғана сақталған.

Американың кең-байтақ ормандарындағыға қарағанда біршама шағын жерге шоғырланған гректерде әр түрлі диалектілердің қалыптасу өрісі кемірек болды; алайда біз бұл арада да тек негізінен бір тілде сөйлейтін тайпалардың ғана неғұрлым ірі тұтастыққа біріккенін көреміз, тіпті шағын Аттиканың өзінде де ерекше диалектінің болғанын аңғарамыз, ол кейіннен бүкіл грек прозасы үшін ортақ тіл ретінде үстем болып алды.

Біз Гомер дастандарынан көбіне кіші-гірім халықтарға біріккен грек тайпаларын кездестіреміз; бұлардың ішіндегі рулар, фратриялар мен тайпалар өз дербестіктерін әлі де болса толық сақтап келген. Олар сол кездің өзінде-ақ қорғанмен бекінген қалаларда тұрды; мал көбейіп, егіншіліктің таралуына және қолөнер кәсібінің шыға бастауына байланысты, халық саны арттты; мұнымен бірге мал-мүлік жөніндегі айырмашылықтар арта түсті, ал солармен қабат, ежелгі, ең алғашқы демократияның ішіндегі ақсүйек элемент те көбейді. Шұрайлы жерлерге ие болу үшін, сонымен бірге, әлбетте, жаугершіліктен олжа түсіру үшін де кіші-гірім жеке халықтар үздіксіз соғыстар жүргізді; әскери тұтқындарды құлдану енді жұрт таныған тәртіпке айналды.

---

* *Гомер.* «Илиада», екінші жыр. *Ред.*

Бұл тайпалар мен ұсақ халықтардың басқару ұйымы мынадай болды:

1. Өкімет билігінің тұрақты органы *кеңес,* bulê болды, алғашында ол, сірә, ру старейшиналарынан, ал кейіннен, олардың саны тым көбейіп кеткен кезде,— осы старейшиналардың таңдаулы бөлегінен құралса керек, мұның өзі ақсүйек элементтердің бел алып, күшейе түсуіне мүмкіндік берді; ерлік заманның атақты адамдардан (kratistoi) құралған кеңесін Дионисий де бізге дәл осылай бейнелеп береді. Маңызды мәселелерге келгенде, кеңес түпкілікті шешімдер қабылдап отырған; мысалы, Эсхилде Фивы қаласының кеңесі қалыптасып отырған жағдайда шешуші маңызы бар қаулы алған: Этеоклды құрметпен жерлеп, Полиниктің сүйегін итке тастау керек деп шешкен*. Кейіннен, мемлекет құрылған кезде, бұл кеңес сенатқа айналды.

2. *Халық жиналысы* (agora). Ирокездерде халық — еркектер мен әйелдер — кеңестің жиналысын айнала қоршап алатын да, белгіленген тәртіп бойынша, мәселе талқылауға қатыса отырып, бұл арқылы жиналыстың шешіміне әсер еткенін біз жоғарыда көрдік. Гомер гректерінде, немістің ескілікті сот сөзін қолданғанда, бұл «қоршау» [Umstand] сол кездің өзінде нағыз халық жиналысына айналған, ежелгі германдарда да осындай жиналыс болған. Оны кеңес маңызды мәселелерді шешу үшін шақырып отырған; жиналыста әрбір еркек сөз алып сөйлей алды. Шешім қол көтерумен (Эсхилдың «Өтінушілер» дегенінде) немесе дауыстаумен қабылданған. Ең соңғы инстанция ретінде, жиналыстың қолында жоғарғы өкімет билігі болды, өйткені Шёманның айтуына қарағанда («Гректердің ежелгі мұралары»),

> «орындалуы халық көмегін керек қылатын іс туралы әңгіме болғанда, Гомер бізге халықтың еркіне қарамай, оны осыған зорлап көндіруге болатындай бірде-бір әдісті көрсетпейді».

Өйткені тайпадағы әрбір ересек еркек жауынгер болған кезде, халыққа қарама-қарсы қойылатындай, халықтан оқшау тұрған жария өкімет болған жоқ қой. Ол кез алғашқы демократияның кемеліне келіп тұрған кезі болатын, сондықтан біз кеңестің де, басилейдің де өкімет билігі мен қоғамдағы жағдайы туралы пікір айтқанымызда, осыны негізге алуға тиіспіз.

3. *Әскер басы* (basileus). Бұл жөнінде Маркс былай деп атап көрсетеді: «Көпшілігі тумысынан сарай маңының малайлары болған Европа галымдары басилейді сөздің осы күнгі мағынасындағы монархқа айналдырып жүр. Республикашыл-янки Морган бұған қарсы шығады. Ол мүләйімсіген Гладстон мен оның «Дүниенің жас шағы» деген кітабы жөнінде қатты мысқылдайды, бірақ өте әділ айтады.

---

* *Эсхил.* «Фивыға қарсы шыққан жетеу». *Ред.*

«Ерлік заманындағы грек көсемдерін Гладстон мырза бізге патшалар мен князьдар етіп көрсетеді, мұның үстіне оларды джентльмендер етіп суреттейді; бірақ оның өзі мынаны мойындауға тиіс: тегінде, әдет-ғұрып жағын немесе ағалық заңын біз олардан оншама айқын көрінбегенмен, сірә, жеткілікті түрде кездестіретін сияқтымыз»*.

Осындай ескертулермен айтылған ағалық правосы, жеткілікті дәрежеде айқын болып көрінбегенімен, Гладстон мырзаның өзіне де бар маңызынан ада болып көрінетін шығар деп ойлаймыз.

Ирокездер мен басқа да үндістерде старейшиналық лауазымның мирасқа көшу жайы қалай болғанын біз жоғарыда көрдік. Ру ішіндегі лауазымдардың бәрі ру ішінде көбіне сайланып қойылатын орындар болды, сондықтан да олар сол ру ішінде мирасқа көшіп отырды. Босаған лауазымдарға жаңадан кісі қоярда жұрт бұрынғы адамның ең жақынын — аға-інісін немесе апақарындасының ұл баласын, оны қоймайтын себептер болмаған күнде, бірте-бірте басқалардан артық көретін болды. Сондықтан, егер гректерде аталық право үстем болып тұрған кезде басилей лауазымы әдетте ұлға немесе ұлдардың біреуіне көшетін болса, онда бұл тек мынаны ғана дәлелдейді: халық сайлайтын болғандықтан ғана ұл балалар мұрагер болуға үміттене алды, бірақ мұның өзі осындай сайлап қоюшылықтан тыс мұраланудың заңды деп табылғанын әсте де көрсетпейді. Бұл арада біз ирокездер мен гректерден ру ішінен айрықша атақты семьялардың тұңғыш бастамасын көреміз, ал гректерден мұның үстіне болашақтағы мирасқор жетекшінің, немесе монархияның тұңғыш бастамасын да кездестіреміз. Сондықтан гректерде басилейді не халық сайлап келген, не оны, рим «патшасы» (rex) сияқтандырып, халық мойындаған органдар — кеңес немесе агора бекітуге тиіс болған деп ұйғару керек.

«Илиадада» «ерлердің әміршісі» Агамемнон гректердің жоғарғы патшасы ретінде емес, қоршауда қалған қала алдындағы одақтас әскерлердің жоғарғы қолбасшысы ретінде қимылдайды. Гректердің арасында ұрыс-керіс шыққан кезде оның бұл дәрежесін белгілі бір жерінде Одиссей былай деп атап көрсетеді: бастықтың көп болғаны жақсы емес, бір адамның ғана қолбасшы болуы керек, т. т. (бұдан әрі жұртқа кеңінен тарап кеткен, скипетрді еске түсіретін жыр бар, бірақ ол кейінірек қосылған)**. «Одиссей бұл арада ел басқару формасы туралы лекция оқып тұрған жоқ, соғыста бас қолбасшыға бағынуды талап етіп отыр. Троя іргесінде әскер ғана болған гректерде агора жеткілікті дәрежеде демократиялық жолмен өткізіліп отырған. Ахиллес сыйлықтар туралы, яғни олжаны бөлісу туралы сөз қыла келіп,

---

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 143-бет. *Ред.*

** *Гомер.* «Илиада», екінші жыр. *Ред.*

мұны қашанда болсын Агамемнонның немесе басқа қайсыбір басилейдің ісі демей, «ахеялықтар ұлдарының», яғни халықтың ісі деп атайды. «Зевс тудырған», «Зевс асыраған» деген теңеулер ештеңені дәлелдемейді, өйткені *әр* ру өзінің түпкі тегін тәңірлердің бірінен бастайды, ал тайпа басшысының руы өз тегін «неғұрлым атақты» тәңірден, бұл арада — Зевстен бастайды. Тіпті өзінің қара басында еркі жоқ адамдар да, мысалы, шошқа бағушы Эвмей және басқалар «құдай текті адамдар» (dioi және theioi) екен, «Одиссеяда» осылай делінген, олай болса, бұл «Илиадада» суреттелген уақыттан едәуір кейінірек болған; дәл сол «Одиссеяда» Демодок деген соқыр әншіге батыр атағы берілгені сияқты, жаршы Муллиге де «батыр» атағы берілген*. Қысқасы, Гомердің патша өкіметі дейтінін атау үшін грек жазушыларының қолданып жүрген basileia деген сөзі, патша өкіметімен қатар көсемдер кеңесі мен халық жиналысы болып отырғанда, тек соғыс демократиясын ғана көрсетеді (өйткені ол өкіметтің негізгі айырмашылық белгісі — оның әскери жетекшілігінде)» (Маркс)**.

Басилейдің әскери пұрсаттарынан басқа тағы абыздық ету, сот болу пұрсаттары да болған; соңғы аталған пұрсаттар дәлмедәл анықталып көрсетілмеген, алғашқыларын ол тайпаның немесе тайпалар одағының жоғарғы өкілі ретінде иеленді. Азаматтық, әкімшілік пұрсаттар туралы ешқашан да сөз болған емес, бірақ қызмет орны жағынан басилей, сірә, кеңес мүшесі болған болу керек. Сонымен, «басилей» деген сөзді немістің «König» деген сөзімен аудару этимология жағынан әбден дұрыс, өйткені «König» (Kuning) деген сөз Kuni, Künne дегеннен шығады, «ру старейшинасы» дегенді білдіреді. Бірақ ежелгі грек заманының «басилейі» «König» (король) деген сөздің осы күнгі мағынасына мүлде сай келмейді. Фукидид ежелгі basileiаны patrikê, яғни рулардан шыққан нәрсе деп айқын атап, оның дәлме-дәл белгіленген, демек, тежеулі пұрсаттары болды дейді. Аристотель де былай деп көрсетеді: ерлік замандағы basileia еркін адамдардың жетекшісі болған, ал басилей әскер басы, судья және жоғарғы абыз болды; демек оның соңғы кездегі мағынадағы үкімет билігі болмаған***.

---

* Маркстің қолжазбасында мұнан әрі Энгельс қалдырып кеткен мынадай сөйлем бар: Агамемнон жөнінде Одиссей қолданатын «койранос» (χοιρανος) термині, «басилей» деген терминмен қатар, «соғыстағы әскер басшысы» дегенді де көрсетеді». *Ред.*

** Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 144—145-беттер. *Ред.*

*** Гректің басилейі сияқты, ацтектің әскер басы да осы күнгі монарх түрінде бейнеленіп келді. Испандардың алғашында теріс түсінікке негізделген, асыра көрсетілген, ал онан кейін тура жалған болып шыққан хабарларын Морган тұңғыш рет тарихи сынға алады да, былай деп дәлелдейді: мексикалықтар варварлықтың орта сатысында болған, бірақ олар өздерінің дамуында

Сонымен, біз ерлік заманындағы гректердің құрылысында ежелгі рулық ұйымның әлі толық күшінде екенін, бірақ мұнымен бірге оның құлдырай бастағанын да көріп отырмыз: малмүлікті балалары мұраланатын аталық право семьяда байлықтың молаюына қойлайлы жағдай туғызып, семьяны руға қарамақарсы тұратын күшке айналдырды; тұқым қуалаған ақсүйектік пен патшалық өкімет билігінің тұңғыш бастамаларының қалыптасуы арқылы мал-мүлік айырмашылықтары басқару ісін ұйымдастыруға кері ықпал жасап отырды; бастапқыда тек соғыс тұтқындарын ғана құлдану орын тепті, бірақ мұның өзі кейін өз тайпаластарын, тіпті өз руының мүшелерін де құлдануға жол ашты; бір тайпаның екінші бір тайпаға қарсы жүргізетін ежелгі соғысы мал-мүлік, құл және байлық түсіру мақсатында құрғақта да, теңізде де үнемі жүргізілетін тонаушылыққа айнала бастады, бұл соғыс тұрақты кәсіпке айналды; қысқасы, байлықты ең басты игілік деп мадақтап, оның алдында бас иу және сол байлықты күшпен тонап алуды ақтау үшін ежелгі рулық тәртіптер теріс пайдаланылды. Тек бір ғана нәрсе жетпей тұрды: жеке адамдардың жаңадан тапқан байлықтарын ру құрылысының коммунистік дәстүрлерінен қорғап қана қоймай, бұрын соншама нашар бағаланып келген жеке меншікті ардақты етіп және осы ардақтауды қандай да болса адамзат қоғамының ең басты мақсаты деп жариялап қана қоймай, сонымен қатар, меншік жинаудың бірінен соң бірі дамып келе жатқан жаңа түрлерін, ал олай болса, байлықтың молаюының үздіксіз жылдамдауын жалпы жұртқа мойындата алатын мекеме жетіспеді; қоғамның таптарға бөліне бастауын ғана емес, сондай-ақ дәулетті таптың кедей тапты қанау правосын да, мұның біріншісі екіншісіне үстемдік жүргізуін де мәңгілік ететін мекеме жетпей тұрды.

Сөйтіп, мұндай мекеме пайда болды да. *Мемлекет* ойлап шығарылды.

## V

## АФИНЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Ру құрылысы органдарын ішінара қайта құрып, жаңа органдар енгізу арқылы оларды ішінара ығыстыра отырып, ақырында келіп, оларды мемлекеттік өкіметтің нағыз органдарымен толық алмастыра отырып, мемлекеттің қалай дамығанын; өз

---

жаңа мексикалық пуэбло үндістерінен біраз алға кеткен, сөйтіп бұрмаланған хабарлар бойынша қорытқанда, олардың құрылысының мынадай өзгеше белгілері болған: мұның өзі үш тайпаның одағы болған, ол бірнеше басқа тайпаны өзіне бағындырып, оларды өзінің алым төлеушілеріне айналдырған; оны одақтық кеңес пен одақтық әскер басы басқарған, ал бұл әскер басын испандар «императорға» айналдырған.

руларында, фратриялары мен тайпаларында өз күштерімен өздерін қорғаған нағыз «қарулы халықтың» орнын осы мемлекеттік органдарға бағынған, ал олай болса, халыққа қарсы қолданылуы да мүмкін қарулы «жария өкіметтің» қалай басқанын,— осының бәрін ең болмағанда бастапқы сатысында, біз Ежелгі Афиныдан басқа ешбір жерден жақсы байқай алмаймыз. Формалардың ауысуын негізінен Морган суреттеп шыққан, ал оны туғызған экономикалық мазмұнды талдау жағын маған көбінесе толықтыруға тура келіп отыр.

Ерлік заманында афинылықтардың төрт тайпасы Аттиканың әлі оқшау жатқан аймақтарын мекендеген; тіпті сол тайпаларды құраған он екі фратрияның, Кекроптың он екі қаласы түрінде, сірә, жеке-жеке қоныстары да болған болу керек. Басқару ұйымы ерлік заманына сай болған; халық жиналысы, халық кеңесі, басилей болған. Жазба тарих басталатын заманда жер соның өзінде-ақ бөліске түсіп, жеке меншікке өткен болатын, мұның өзі варварлықтың жоғары сатысының аяқ шенінде біршама дамыған товар өндірісіне де және сол өндіріске сай келетін товар саудасына да тән нәрсе. Астықпен қатар, шарап және өсімдік майы да өндірілетін болған; Эгей теңізінде жүргізілетін теңіз саудасы финикиялықтардың қолынан бірте-бірте кетіп, көбінесе Аттика тұрғындарының қолына көшті. Жер иеліктерін сату мен сатып алу арқасында, егіншілік пен қолөнерінің, сауда мен кеме қатынасының арасындағы еңбек бөлінісінің онан әрі дамуы арқасында рулардың, фратриялар мен тайпалардың мүшелері бір-бірімен өте тез араласып кетуге тиіс болды; фратрия мен тайпа жерінде басқа жақтан көшіп келген тұрғындар қоныс тепті; бұлар отандас бола тұрса да, дегенмен бұл бірлестіктерге жатпайтын, демек, өздерінің тұрған жерлерінде олар кірме болды. Өйткені әрбір фратрия мен әрбір тайпа бейбіт уақытта Афиныдағы халық кеңесіне немесе басилейге ісі түспей-ақ, өз істерін өздері басқарып отыратын. Бірақ фратрия немесе тайпаға жатпаса да, солардың жерінде тұрғандар, әрине, бұл басқару ісіне қатыса алмады.

Осының бәрі ру құрылысы органдарының бір қалыпты қызмет істеуін қиындатқаны соншалық, тіпті ерлік заманның өзінде-ақ мұндай жағдайды болдырмайтын шаралар қолдану керек болды. Тезейдікі делініп жүрген құрылыс енгізілді. Мұндағы өзгеріс ең алдымен мынада болды: Афиныда орталық басқару орны құрылды, яғни оған дейін тайпалардың өздері жүргізіп келген істердің бір бөлегі жалпы маңызы бар істер деп жарияланып, Афиныда болатын жалпы кеңестің қарауына берілді. Осындай жаңалық енгізу арқасында афинылықтар өздерінің дамуында Американың байырғы халықтарының қай-қайсысынан болса да ілгері басты: көршілес отырған тайпалардың жай одағы орнына, олар біртұтас халық болып бірікті. Осыған байла-

нысты жалпы афинылық халық правосы пайда болды, ол жеке тайпалар мен рулардың праволық әдет-ғұрыптарынан жоғары тұрды; Афины азаматы өзі басқа тайпанікі болып келген жерінде де белгілі бір праволар алып, праволық жағынан жаңаша қорғалатын болды. Бірақ бұл арқылы ру құрылысын бұзуға алғаш қадам жасалды, өйткені мұның өзі бүкіл Аттикада басқа тайпа адамы болып есептелініп, бүтіндей Афиныны ру құрылысына кірмей, тыс қалып келген адамдардың да кейіннен азаматтар қатарына қосылуын жүзеге асырудың тұңғыш қадамы болды. Тезей істеді делініп жүрген екінші бір жаңалық мынау: руға, фратрияға немесе тайпаға қарамастан, бүкіл халықты үш тапқа: эвпатридтерге, немесе ардақтыларға, геоморларға, яғни егіншілерге және демиургтерге, яғни қолөнершілерге бөлу, сөйтіп қызмет орнын алу жөнінде ардақтыларға ерекше право беру. Алайда, бұлай бөлу — қызмет орындарын ардақтылардың алуынан басқа ешқандай нәтижеге жеткізген жоқ, өйткені ол таптар арасында бұдан басқа ешбір праволық айырмашылықтар белгілемеді*. Бірақ мұның зор маңызы болды, өйткені ол бізге жаңа, елеусіз дамыған қоғамдық элементтерді ашып беріп отыр. Бұл мынаны көрсетеді: рулық лауазымдарды белгілі бір семья мүшелерінің алуының әдетке айналуы сол кездің өзінде-ақ осы семьялардың қоғамдық лауазымдарды алуға мүлдем даусыз дерлік правосына айналды, өз байлықтарының арқасында онсыз да құдіретті болып алған бұл семьялар өз руларынан тыс ерекше артықшылықтары бар тап болып қалыптаса бастады және жаңа ғана туып келе жатқан мемлекет олардың бұл талаптарын қасиеттеп, қастерледі. Бұдан әрі ол мынаны көрсетеді: шаруалар мен қолөнершілер арасындағы еңбек бөлінісінің бекем орныққандығы сонша, мұның өзі бұрынғы руға, тайпаға бөлінудің қоғамдық маңызын екінші орынға сырғыта бастады. Ақырында келіп, ол рулық қоғам мен мемлекет арасында ымыраға келмейтін қайшылық бар екенін жариялады; әр рудың мүшелерін артықшылықтары бар және артықшылықтары жоқ адамдарға бөлу және бұл соңғыларын кәсібіне қарай тағы да екі тапқа бөлу, сөйтіп оларды бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы ру байланыстарын үзу мемлекет құруға бағытталған алғашқы әрекет болды.

Афиныны Солонға дейінгі бұдан былайғы саяси тарихы онша мәлім емес. Басилей лауазымы өзінің маңызынан айрылды; мемлекетті ардақтылар арасынан сайланған архонттар басқарды. Біздің жыл санауымызға дейінгі 600-ші жыл шамасында адам төзгісіз халге жеткенге дейін, ақсүйектер үстемдігі барған сайын күшейе берді. Мұнда халық бостандығын басып-жа-

* 1884 жылғы басылуында бұл сөйлемнің соңы былайша тұжырымдалған: «өйткені былайғы екі тап қандай да болса ерекше праволар алмады». *Ред.*

ныштаудың негізгі құралы ақша мен өсімқорлық болды. Ақсүйектер негізінен Афины мен оның төңірегін мекендеді, мұнда теңіз саудасы, ал сонымен бірге, реті келгенде әлі кәсіп болып келген теңізде ел тонау бұл ақсүйектерді байыта түсіп, ақша байлықтарын солардың қолына жинады. Дамып келе жатқан ақша шаруашылығы осыдан барып селолық қауымдарға енді, сөйтіп олардың натуралды шаруашылыққа негізделген ежелгі тұрмыс салтына жегідей тиді. Ру құрылысы ақша шаруашылығымен мүлде сыйыса алмайды; Аттиканың ұсақ шаруаларының күйзелуі оларды қорғап келген ескі ру байланыстарының әлсіреуімен тұстас келді. Борыштық қолхаты мен жерді кепілдікке салу (өйткені афинылықтар сол кездің өзінде-ақ ипотеканы да ойлап шығарған-ды) румен де, фратриямен де санаспады. Ал ескі ру құрылысы ақшаны да, қарызды да, ақша борыштарын да білмеген еді. Сондықтан ақсүйектердің мейлінше етек алып, күшейе түскен ақша үстемдігінің нәтижесінде қарыз берушінің борышқорға қарсы өктемдігін қамтамасыз ету үшін, ұсақ шаруаларды ақша иелерінің қанауын қастерлеу үшін әдетке негізделген жаңа право да ойлап шығарылды. Аттика алқабының барлық жерлерінде сорайған-сорайған кепілдеме тастар тұрды ,оларда бұл учаске пәлендей, түгендей адамға мұншама сома ақшаға кепілдікке салынғаны жазылды. Мұндай жазулары жоқ жерлердің көбі ипотекалық қарыз немесе оның проценттері кезінде төленбегендіктен, сол кездің өзінде-ақ көбіне сатылған және ақсүйек-өсімқордың меншігіне көшкен еді; егер арендатор ретінде осы учаскеде қалуға және өз еңбегі өнімінің *алтыдан бір бөлігімен* күнелтіп, қалған *бес бөлігін* аренда ақысы түрінде жаңа қожайынға төлеп тұруға рұқсат етілсе, шаруа осыған риза болды. Ол ол ма. Егер жер учаскесін сатқаннан алған сомасы борышына жетпесе немесе қарыз алғанда кепілдікке ештеңе сала алмаса, онда қарыз берушіге берешегінен құтылу үшін борышқор адам өз балаларын жат елдерге құлдыққа сатуға мәжбүр болатын. Әкесі балаларын сататын болды — аталық право мен моногамияның тұңғыш жемісі міне осындай еді! Ал егер қан сорғыш бұған да қанағаттанбаса, онда ол борышқордың өзін де құлдыққа сата алды. Афины халқы үшін цивилизацияның жарық таңы міне осылай атты.

Бұрын, халықтың тұрмыс жағдайлары ру құрылысына әлі сай болған кезде мұндай төңкеріс мүмкін емес еді; ал қазір сол төңкеріс жасалды, бірақ оның қалай жасалғанын ешкім білмеді. Біздің ирокездерге сәл ғана уақытқа қайта оралайық. Былайша айтқанда, афинылықтардың қатысуынсыз және, сөз жоқ, олардың ырқына қарсы енді оларға таңылып отырған жағдай, онда болуы мүмкін емес еді. Онда күн көріс заттарын өндірудің жылдан-жылға өзгеріссіз қала берген әдісі бейне бір сырттан танылған мұндай жанжалдарды, байлар мен кедейлер арасында,

қанаушылар мен қаналушылар арасындағы мұндай қайшылықты ешқашан туғыза алмайтын еді. Ирокездер табиғатты билеуден әлі тым қашық еді, бірақ белгілі бір, өздері үшін айдан анық табиғи межелерде олар өз өндірісіне өздері қожа болды. Олардың шағын огородтарында егін шықпай қалуын, олардың көлдері мен өзендерінде балық қорының азайып, тоғайларында құстың азаюын есепке алмағанда, олар өздерінің күн көріс заттарын табу әдісінде не нәрсеге сене алатынын күні бұрын білетін. Бұл әдіс күн көріс заттарын кейде мардымсыз, кейде мол қамтамасыз етіп отыруға тиіс еді, бірақ ол тосыннан болатын қоғамдық төңкерістерге, ру байланыстарының үзілуіне, ру мүшелері мен тайпаластардың бір-бірімен күрес жүргізуші, қарама-қарсы таптарға бөлініп кетуіне әсте де әкеліп соға алмайтын еді. Өндіріс тым тар шеңберде жүргізілді, бірақ оның өнімі түгелімен өндірушілердің билігінде болды. Мұның өзі варварлық заман өндірісінің орасан зор артықшылығы еді, цивилизация заманы туысымен бұл артықшылықтан дым қалмады. Таяудағы ұрпақтардың міндеті — сол артықшылықты қайта жеңіп алу, бірақ қазіргі күнде қол жеткен адамның табиғатқа құдіретті үстемдік жүргізуі негізінде және қазіргі күнде мүмкін болып отырған еркін ассоциация негізінде жеңіп алу болмақ.

Гректерде істің жайы басқаша болды. Малға және сән-салтанат бұйымдарына жеке меншіктің шығуы жеке адамдар арасында айырбас туып өнімдердің *товарға* айналуына бастады. Бұдан былайғы болған төңкерістің бәрінің ұрығы міне осында. Өндірушілер өз өнімін тікелей өздері тұтынудан қалып, айырбас жолымен одан айрыла бастасымен-ақ, олар өз өніміне қожа болудан қалды. Олар енді өнімнің жайы бұдан былай қалай болларын білмеді. Өнімді өндірушіге қарсы, оны қанап, езу үшін пайдалану мүмкіндігі туды. Сондықтан, егер қоғам жеке адамдар арасындағы айырбасты жоймаса, бірде-бір қоғам нақ өз өндірісін ұзақ уақыт бойы өзі билей алмайды және өзінің өндіріс процесінің әлеуметтік нәтижелерін өзі бақылай алмайды.

Жеке адамдар арасында айырбас пайда болып, өнімдер товарға айналғаннан кейін, өнім өндірушіге оның өз өнімінің қалайша тез билік жүргізе бастағанын — мұны афинылықтардың өз тәжірибесінен байқауларына тура келді. Товар өндірісімен бірге жеке адамдардың жерді өз күшімен өңдеуі келіп шықты, ал мұның соңынан көп ұзамай-ақ жеке адамдардың жерді меншіктенуі де шықты. Онан соң басқа товарлардың бәрін айырбастап алуға болатын жалпыға бірдей товар — ақша пайда болды. Бірақ ақшаны ойлап шығарғанда, адамдар мұнымен бірге өздерінің қоғамдық жаңа күш — жалпыға бірдей ықпал ететін бірден-бір күш жасайтынын, бүкіл қоғам соның алдында бас июге тиіс болатынын сезген жоқ. Өзін жасағандардың рұқсаты мен ырқына қарамастан-ақ, аяқ астынан пайда болған

осы жаңа күш өзінің жастық шағының бар қаталдығын көрсетіп, афинылықтарға өз үстемдігін мықтап жүргізді.

Енді не істеу керек болды? Ақшаның жеңісті шеруіне қарсы тұруға ежелгі рулық құрылыстың дәрменсіз болып шыққаны былай тұрсын, ол ақша, қарыз беруші, борышқор, борыштарды күшпен өндіріп алу дегендерге ұқсас бірдеңеге тым болмаса өз ішінен орын тауып беруге де мүлде қабілетсіз болды. Бірақ қоғамдық жаңа күш дәуірлей берді, сондықтан игілікті ескі заманды қайта орнату жөніндегі ізгі ниеттер, құлшына көксеулер ақша мен өсімқорлықты қайтадан ғайып болып кетуге көндіре алмады. Ал оның үстіне, ру құрылысына мәні кемдеу болғанымен, өзге де бірталай нұқсан келтірілген еді. Афинылықтар өз тұрғын үйін емес, тек жер учаскелерін өз руынан емес адамдарға әлі де болса сата алатын болғанымен, әр түрлі рулар мен фратриялардың мүшелері Аттиканың барлық жерінде, әсіресе Афины қаласының өзінде ұрпақтан-ұрпаққа көшкен сайын, бір-бірімен әбден сапырылысып, араласа түсті. Өнеркәсіп пен айырбас онан әрі дамыған сайын, өндірістің әр түрлі салалары: егіншілік, қолөнер арасында, ал қолөнерінің өз ішінде — оның толып жатқан сан алуан түрлері арасында, сауда, кеме қатынасы, тағысын тағылар арасында еңбек бөлінісі барынша өрістей түсті; халық енді өздерінің кәсіптеріне қарай айтарлықтай берік топтарға бөлінді; бұлардың әрқайсысының өздеріне ортақ бірсыпыра жаңа мүдделері болды, бұл мүдделерге ру немесе фратрия ішінде орын болмады, олай болса, осы мүдделерге қызмет көрсету үшін жаңа лауазымдар керек болды. Құлдардың саны едәуір өсті және, бәлкім, сол кездің өзінде-ақ ерікті афинылықтардың санынан әлдеқайда асып түскен болу керек; ру құрылысы алғашында құлдық дегенді мүлде білмеген, ал олай болса, осы еріксіздер бұқарасын қалайша тізгіндеп ұстау құралдарын да білмеді. Және ақырында келіп, сауда Афиныға толып жатқан жат елдіктерді тартты, бұлар мұнда оңай олжа табу үшін қоныс тепті; ескі тәртіптер бойынша, олар да правосыз және қорғансыз болып қала берді және дәстүрлі төзімділікке қарамастан, халық ішіндегі дегбірсіз әрі жат элемент болды.

Қысқасы, ру құрылысы құруға таяп келді. Қоғам күн санап оның шеңберлерінен барған сайын өсе түсті; тіпті жұрттың бәрінің көз алдында болып жатқан ең жаман нәрселердің өзін ол тежей де алмады, жоя да алмады. Ал осы екі арада елеусіз мемлекет дамып шықты. Бастапқыда қала мен деревня арасында, ал онан соң қаладағы еңбектің әр түрлі салалары арасында еңбектің бөлінуі арқасында құрылған жаңа топтар өз мүдделерін қорғау үшін жаңа органдар құрды; неше түрлі лауазымдар белгіленді. Ал онан кейін кіші-гірім жеке соғыстар жүргізу және сауда кемелерін қорғау үшін жас мемлекетке ең алдымен өз әскери күші қажет болды, ал теңіздерде жүзумен шұғылданған

афинылықтар үшін бұл күш алғашында тек теңіз күштері ғана бола алатын еді. Солонға дейін қай кезде болғаны белгісіз, әрқайсысында он екіден тайпасы бар шағын территориялық округтер, навкрариялар құрылды; әр навкрария бір соғыс кемесін әзірлеп, оны қару-жарақпен жабдықтап, экипажбен қамтамасыз етуге тиіс болды, мұның үстіне, тағы екі атты әскер берді. Бұл мекеме ру құрылысын екі түрлі жолмен ыдыратты, біріншіден, ол сол кездің өзінде-ақ қарулы халықтың жиын тобына ешбір ұқсамайтын жария өкімет құрды; екіншіден, ол тұңғыш рет халықты қоғамдық мақсаттар үшін бөлгенде, туысқандық топтарға қарай бөлмей, *бір территорияда тұратындығына* қарай бөлді. Мұның қандай маңызы болғаны бұдан былайғы баяндауымыздан көрінеді.

Ру құрылысы қаналушы халыққа ешбір көмек көрсете алмағандықтан, жаңа туып келе жатқан мемлекеттен ғана үміт етуге тура келді. Ол Солонның енгізген басқару ұйымы түрінде шынымен мұндай көмек көрсетті де, ал мұнымен бірге ол ескі құрылыстың есебінен тағы күшейді. Солон,— оның біздің жыл санауымызға дейінгі 594 жылға қатысты реформасының қандай әдіспен жүргізілгенін бұл арада біздің білгіміз келіп отырған жоқ,— саяси революциялар деп аталатын бірсыпыра революцияларды ашты, оның үстіне ол меншік қатынастарына киіпжара араласты. Бұған дейін болып келген революциялардың бәрі меншіктің бір түріне қарсы меншіктің екінші түрін қорғау үшін болған революциялар еді. Олар меншіктің бір түріне қарсы әрекет жасамайынша, екінші түрін қорғай алмады. Ұлы француз революциясының кезінде буржуазиялық меншікті сақтап қалу үшін феодалдық меншік құрбан етілді; Солон жасаған революцияда борышқорлар меншігінің мүдделері үшін қарыз берушілердің меншігі зиян шегуге тиіс болды. Мұнда борыштар тура жойылды деп жарияланды. Мұның егжей-тегжейі бізге анық мәлім емес, бірақ Солон өз өлеңдерінде: борыш дендеген жер учаскелерінен кепілдеме тастарын құртып, борышы үшін бөтен елге сатылып кеткен адамдар мен сонда қашып кеткен адамдарды кері қайтардым деп мақтанады. Мұны меншік праволарын ашықтан-ашық бұзу арқылы ғана істеуге болатын еді. Шынында да, саяси революция делінетін революциялардың барлығы, біріншісінен бастап, соңғысына дейін, меншіктің *бір* түрін қорғау үшін жүргізіліп, меншіктің *басқа* түрін конфискелеу (ұрлау деп те аталады) арқылы жүзеге асырылып келді. Сонымен, меншік праволарын бұзу арқылы ғана жеке меншік екі жарым мың жыл бойына сақталып келгені күмәнсыз.

Бірақ ендігі жерде ерікті афинылықтарды осылай құлдыққа айналдырудың қайталауына жол бермеу қажет болды. Бұған ең алдымен жалпы шаралар қолдану, мысалы, борышты адамның өз басы кепілдікке салынатын борыш міндеттемелеріне ты-

йым салу арқылы қол жетті. Онан соң, ақсүйектердің қанағаты кетіп, шаруа жеріне деген аранының ашыла беруіне аз да болса шек қою үшін жеке адамдар иелене алатын жер меншігінің ең көп деген мөлшері белгіленді. Ал бұдан кейін құрылыстың өзіне де өзгерістер енді; бізге керекті ең маңызды өзгерістер мыналар:

Кеңестің әр тайпадан жүз адамнан төрт жүз мүшесі болады деп белгіленді; сонымен, мұнда тайпа әлі де құрылыстың негізі болып қала берді. Бірақ мұның өзі ескі құрылыстың жаңа мемлекет қабылдаған бірден-бір ғана жағы болды. Бұдан басқа өзгерістеріне келетін болсақ, онда Солон жер иелігінің мөлшері мен оның келтіретін табысына қарай азаматтарды төрт тапқа бөлді; 500, 300 және 150 медимн астық (1 медимн=шамамен 41 литр) алғашқы үш тап үшін белгіленген табыстың ең аз мөлшері болды; табысы бұдан аздар немесе жер меншігі мүлде жоқтар төртінші тапқа кірді. Барлық лауазымдарға жоғары үш таптың өкілдері ғана, ал ең жоғары лауазымдарға — бірінші таптың өкілдері ғана отыра алды; төртінші таптың халық жиналысында сөз сөйлеп, дауыс беруге ғана правосы болды, бірақ лауазымды адамдардың бәрі нақ осы халық жиналысында сайланатын, мұнда олар өздерінің қызметі жөнінде есеп беріп отыруға тиіс болды, барлық заңдарды осы жиналыс шығарып отырды, ал төртінші тап мұнда көпшілік болатын. Ақсүйектік артықшылықтардың біразы байлық артықшылығы түрінде қайта жаңғыртылды, бірақ шешуші билік халықтың қолында болды. Оның үстіне, төрт тапқа бөлу әскерлерді жаңаша ұйымдастырудың негізі болды. Алдыңғы екі тап атты әскер беріп отырды, үшінші тап ауыр қаруланған жаяу әскер болып қызмет істеуге тиіс болды, төртінші тап қорғанатын сауыт-сайманы жоқ жеңіл жаяу әскер болып немесе флотта қызмет етуге тиіс болды, осының өзінде бұл тап өзінің әскери қызметі үшін, сірә, ақы алып отырған болу керек

Сонымен, бұл арада басқару ұйымына мүлде жаңа элемент — жеке меншік енгізілді. Мемлекет азаматтарының праволары мен міндеттері олардың жер меншігінің мөлшеріне қарай белгілене бастады, сөйтіп дәулетті таптар ықпал жүргізуге қаншалықты ие бола бастауына қарай, бұрынғы қандас туыстық бірлестіктер ығыстырыла бастады; ру құрылысы жаңа жеңіліске ұшырады.

Алайда саяси праволарды мал-мүлкіне қарай беру әсте де мұнсыз мемлекет өмір сүре алмайды деген ережелердің бірі болған жоқ. Бұл принцип мемлекет құрылысының тарихында үлкен роль атқара тұрса да, дегенмен, көптеген мемлекеттер, нақ сол анағұрлым дамыған мемлекеттер онсыз өмір сүре алды. Афинының өзінде де ол тек қана өткінші роль атқарды; Аристид заманынан бастап әрбір азаматқа барлық қызмет орындарының есігі ашық болды.

Осыдан былайғы сексен жыл ішінде Афины қоғамының эволюциясы бірте-бірте белгілі бір бағыт алды; сөйтіп ол бұдан соңғы жүздеген жылдардың ішінде сол бағытпен ілгері дами берді. Солон заманына дейін етек алған жерді өсімқорлықпен пайдалануға, сол сияқты жер меншігінің бір қолға өлшеусіз көп шоғырлануына шек қойылды. Сауда, сол сияқты құлдар еңбегінің негізінде барған сайын дами түскен қолөнер мен көркемдік қолөнер үстем кәсіпке айналды. Адамдардың білімі арта түсті. Бұрынғыша өз елінің азаматтарын қатал қанаудың орнына, енді көбінесе құлдарды және Афиныдан тысқары жерлерде Афины товарларын сатып алушыларды қанай бастады. Жылжымалы мал-мүлік, ақша, құлдар мен кемелер түріндегі байлық барған сайын арта түсті, бірақ енді ол бұрынғы томаға-тұйық, өренің тарлығы кезіндегідей, жер меншігін сатып алу құралы ғана болып қойған жоқ,— байлық ойдан кетпейтін мақсатқа айналды. Осының нәтижесінде, бір жағынан, жаңа таптың — өнеркәсіпмен және саудамен айналысқан байлардың — бұрынғы аксүйектер өктемдігіне қарсы жеңімпаз бәсекесі пайда болды, ал екінші жағынан, бұрынғы ру құрылысының қалдықтары ең соңғы тірегінен айрылды. Мүшелері енді бүкіл Аттикаға тарап, бір-бірімен біржолата араласып кеткен рулар, фратриялар мен тайпалар осы себепті саяси бірлестіктер ролін атқаруға мүлде жарамай қалды; Афины азаматтарының көбі ешбір руға жатпады; бұлар азаматтық право алса да, бұрынғы ру одақтарының бірде-біріне қабыл алынбаған келімсектер еді; мұнымен қатар біреулердің қамқорлығымен пайдаланатын жат жерлік келімсектердің[163] саны үздіксіз өсе берді.

Ал, оның бер жағында, партиялар күресі жалғаса берді; ақсүйектер өздерінің бұрынғы артықшылықтарын қайтарып алуға тырысты және аз уақытқа олар жеңді де, содан соң Клисфен революциясы (біздің жыл санауымызға дейінгі 509-шы жылы) оларды біржола құлатып, олармен бірге ру құрылысының соңғы қалдықтарын да жойды.

Клисфен жүзеге асырған басқарудың жаңа ұйымы рулар мен фратрияларға негізделген ежелгі төрт тайпаға бөлуді ілтипатқа алмады. Ол ұйымның орнын сол кездің өзінде навкрариялар арқылы сыннан өткен әдіс — азаматтарды тек олардың тұрған жерлеріне ғана қарап бөлуге негізделген мүлде жаңа ұйым басты. Енді азаматтардың қай ру одақтарына жататындығы емес, тек қана түпкілікті тұратын жерінің шешуші маңызы болды; халық бөлінбей, территория бөлінетін болды; саяси жағынан алып қарағанда, халық территорияның жай ғана шылауына айналды.

Бүкіл Аттика өзін өзі басқаратын бір жүз қауым-округке немесе демге бөлінді. Әрбір демде тұратын азаматтар (демоттар) өз старейшинасы (демархы) мен казначейін, сол сияқты ұсақ

дау-жанжалдарды қарайтын отыз судья сайлады. Сонымен бірге, демдердің өз ғибадатханасы мен қамқоршы-тәңірі немесе батыры болды, бұған олар дін қызметшілерін сайлады. Демдегі жоғары өкімет демоттар жиналысының қолында болды. Морганның әділ айтқанындай, мұның өзі — американдардың өзін өзі басқаратын қалалық қауымының бейнесі еді. Өзінің әбден дамығандығы нәтижесінде осы күнгі мемлекет қандай өлшем бірлігіне келсе, жаңа туып келе жатқан мемлекет Афиныда дәл содан бастады.

Жаңағы бірліктердің, демдердің оны бірігіп, бір тайпа құрды, бірақ бұл енді бұрынғы рулық тайпадан өзгеше, территориялық тайпа деп аталатын болды. Ол өзін өзі басқаратын саяси бірлестік қана емес, сондай-ақ әскери бірлестік те болды, ол атты әскерге басшылық ететін филарх* немесе тайпа старейшинасын сайлады, жаяу әскерге басшылық жасайтын таксиарх және тайпа жерінде алынған барлық әскерлерге қолбасшы болатын стратег сайлады. Онан соң, бұл тайпа экипажымен және командирімен қоса бес соғыс кемесін жасақтады және Аттиканың әйтеуір бір батырын өзіне қасиетті қамқоршы етіп алды, тайпа да сол батырдың атымен аталды. Ақырында, ол Афины кеңесіне елу өкіл сайлады.

Мұның өзі Афины мемлекетін құрумен аяқталды, оны он тайпаның сайланып қойылған бес жүз өкілінен құралған кеңес, ал ақырғы инстанция ретінде — халық жиналысы басқарды, оған Афиныны әрбір азаматы қатысуға және дауыс беруге праволы болды; мұнымен қатар, архонттар және басқа да лауазымды адамдар басқару ісінің түрліше салалары мен сот істерін жүргізді. Афиныда атқарушы өкімет басшысы болған жоқ.

Басқарудың осы жаңа ұйымы енгізілуімен және қамқорлыққа алынғандардың — бір бөлегі келген кірмелердің, енді бір бөлегі еркіне жіберілген құлдардың тым көбейіп кетуіне жол берілісімен, рулық құрылыс органдары қоғамдық істерден ығыстырылды; олар жеке сипаттағы одақтар мен діни серіктіктерге айналып кетті. Бірақ бұрынғы рулық заманның моральдық ықпалы, мирасқа қалған көзқарастары мен ақыл-ой салты жұрттың дәстүрлерінде көпке дейін сақталды, бұлар тек бірте-бірте ғана құрып бітті. Мұның өзі ең соңғы кездердегі мемлекеттік мекемелердің бірінен анық көрінді.

Жоғарыда өзіміз көрдік, мемлекеттің елеулі белгісі халық бұқарасынан оқшау шыққан жария өкімет екен. Афиныны ол кезде халықтық әскері және халықтың өзі жасақтап беретін флоты ғана болды; әскер мен флот сыртқы жаулардан қорғайтын қорғаныш болды және сол кездің өзінде-ақ халықтың едәуір көпшілігі болған құлдарды бағындырып ұстап тұрды. Азаматтар

* — ежелгі гректің «фила» — тайпа деген сөзінен шыққан. *Ред.*

жөнінде жария өкімет алғашында полиция түрінде ғана болды, полиция да мемлекет сықылды көптен келе жатқан нәрсе, сондықтан XVIII ғасырдың аңқау французбары цивилизациялы халықтар жөнінде емес, полициялы халықтар (nations policées)* жөнінде сөз қылған. Сонымен, афинылықтар өз мемлекетімен бірге, полицияны да, атты және жаяу садақшылардан — ландьегерлерден құрылған нағыз жандармерияны жасақтады. Оңтүстік Германия мен Швейцарияда жұрт бұларды осылай ландьегер деп атайды. Бірақ бұл жандармерия *құлдардан* құрылды. Бұл полициялық қызметтің ерікті афинылыққа қорлық болып көрінгені соншалық, тіпті—ол мұндай масқара іспен айналысқаннан гөрі, өзін қарулы құлдың қамауға алғанын артық көрді. Мұнда әлі ежелгі ру тұрмысының ақыл-ой салтының әсері көрінеді. Мемлекет полициясыз өмір сүре алмады, бірақ ол әлі жас еді және бұрынғы рулар мүшелеріне қалайда жиренішті болып көрінетін кәсіпті жұртқа қадірлете аларлықтай әлі жеткілікті моральдық беделі болмады.

Өзінің басты-басты белгілері жағынан қалыптасып болған мемлекет афинылықтардың қоғамдық жаңа жағдайына қаншалықты сай келгенін байлықтың, сауда мен өнеркәсіптің тез көркеюі дәлелдейді. Қоғамдық және саяси мекемелердің ендігі негізі болып отырған таптық антагонизм енді ақсүйектер мен қарапайым халық арасындағы антагонизм емес, құлдар мен еріктілер арасындағы, біреулердің қамқорлығындағылар мен толық праволы азаматтар арасындағы антагонизм болып шықты. Афинының әбден көркейіп, дәуірлеген кезінде еркін азаматтардың жалпы саны, әйелдер мен балаларды қоса есептегенде, шамамен 90 000 адам болған еді, ал ер, әйелі бар барлық құлдар 365 000 және қамқорлықтағылар — жат жерліктер мен еркіндікке жіберілгендер 45 000 болатын. Сонымен, әрбір ересек ер азаматқа кемінде 18 құл және қамқорлықтағылардан екі адамнан астамнан келді. Құлдар санының көп болуы олардың көбінің бақылаушылардың қадағалауымен үлкен үйлердегі мануфактураларда бірге жұмыс істегендігіне байланысты еді. Бірақ сауда мен өнеркәсіп дамыған сайын байлық аз ғана адамдардың қолына жиналып, шоғырланды, ал еркін азаматтар бұқарасы жоқшылық халге түсті, ендігі жерде олардың бар таңдайтыны: не қолөнермен өзі шұғылданып, құл еңбегімен бәсекеге түсу, мұның өзі ар-намысқа тиетін, жақсы ат әпермейтін кәсіп болып саналды және оның үстіне айтарлықтай табысқа жеткізетіндігі де шамалы болды; не болмаса қайыршы болып кету. Олар — мұндай жағдайларда сөзсіз — соңғы жолға түсті, ал бұлар халықтың орасан көпшілігі болғандықтан, мұның өзі бүкіл Афины

---

* Сөз ойнақылығы: «policé» — цивилизациялы, «police» — полиция. *Ред.*

мемлекетін де күйретті. Монархтар алдында құрдай жорғалап жүрген европалық мектептердің тақуалары айтқандай, Афинының түбіне жеткен демократия емес, еркін азаматтың еңбегін жиренішті еткен құлдық еді.

Афинылықтарда мемлекеттің пайда болуы жалпы мемлекет атаулының құрылуына барынша тән ортақ үлгі болып табылады, өйткені ол бір жағынан, сыртқы немесе ішкі жақтан болатын ешбір зорлықсыз-ақ таза түрінде пайда болады,— Писистраттың өкімет билігін аз уақытқа зорлықпен басып алуы ешбір ізін қалдырған жоқ,— екінші жағынан, оның себебі — мемлекеттің өте-мөте дамыған формасы, демократиялық республика, бұл арада тікелей ру қоғамынан туып отыр, ақырында, оның себебі — бұл мемлекеттің құрылуының елеулі-елеулі егжей-тегжейлерінің бәрінен де біздің жеткілікті хабарымыз бар.

## VI

## РИМДЕГІ РУ МЕН МЕМЛЕКЕТ

Римнің салына бастауы жөніндегі аңыздан көрініп отырған нәрсе мынау: оған ең алғаш қоныстанғандар бір тайпаға біріккен бірнеше латын рулары екен (аңызға қарағанда, жүз ру), көп ұзамай бұларға бір сабель тайпасы қосылған, мұнда да жүз ру болған тәрізді, ал онан соң түрліше элементтерден құралған үшінші бір тайпа қосылған, аңыз әңгімеге қарағанда, мұның да жүз руы болған. Тосыннан қарағанда, бүкіл бұл әңгіме мынаны дәлелдейді: мұнда рудан басқа табиғи түрде қалыптасқан еш нәрсе болмаған, ол рудың өзі де кей реттерде бәз-баяғы өз жерінде өмір сүріп келе жатқан бастапқы рудың бір тармағы ғана болған. Мұндағы тайпаларда әдейілеп қолдан құрғандықтың белгісі бар, бірақ олар көбінесе туысқан элементтерден құралған болу керек және қолдан жасалмай, табиғи түрде пайда болған ежелгі тайпалардың үлгісімен құралған болу керек; мұнымен қатар, үш тайпаның әрқайсысының ұйытқысы бұрынғы тайпаның нақ өзі болуы да ықтимал. Аралық буын, фратрия, он рудан құралып, курия деп аталған; сонымен, ондай куриялар отыз болған.

Грек руы қандай болса, римдік рудың да дәл сондай институт болғаны жалпы жұртқа мәлім; егер грек руы біз алғашқы формасын Американың қызыл нәсіл халықтарынан кездестіріп отырған қоғамдық ұяның әрмен қарай дамуы болып табылса, онда мұның өзі түгелімен Рим руына да тән нәрсе. Сондықтан біз бұл арада мұны қысқаша баяндасақ та болады.

Қалай дегенмен де, қаланың өмір сүруінің ежелгі шағында Рим руының құрылысы мынандай болған:

1. Ру мүшелерінің өзара мұралану правосы болған; мал-мүлік ру ішінде қалып отырған. Рим руында, грек руындағыдай, сол кездің өзінде-ақ аталық право үстем болғандықтан, әйел жағынан тараған ұрпақ мұра алуға қатыстырылмаған. Рим правосының ежелгі заманнан қалған, бізге мәлім жазба ескерткіші — Он екі кесте заңы[164] бойынша, тікелей мұрагер ретінде, мал-мүлікті ең алдымен балалары, артында балалары болмағанда — агнаттар (*ер* жағынан тараған туыстар), ал олар болмаса — ру мүшелері мұраланды. Барлық реттерде мал-мүлік ру ішінде қалып отырған. Біз бұл арада байлықтың өсуі мен моногамия туғызған жаңа, праволық нормалардың ру әдет-ғұрпына бірте-бірте енгенін көріп отырмыз: рудың барлық мүшелерінің мұралануға деген бастапқыдағы тең правосына іс жүзінде алдымен — және, жоғарыда айтылғандай, тым ертеде — агнаттар арқылы, ал ақырында келіп, балалары және олардың ер жағынан тараған ұрпақтары арқылы шек қойылған; Он екі кестеде мұның керісінше көрсетілгені өзінен-өзі түсінікті.

2. Өлгендерді жерлейтін ортақ зират болған. Клавдийлердің патрицийлік руы Регилл қаласынан Римге қоныс аударғанда тиісті жер учаскесін және оның үстіне қаланың ішінен өлгендерін жерлейтін ортақ зират жерін алған. Сонау Августың тұсында Тевтобург орманында қаза тапқан Вардың Римге әкелінген басы gentilitius tumulus-те* жерленген — демек, рудың (Квинтилийлер руының) өзіне бөлек зират обасы да болған**.

3. Бәріне ортақ діни мейрамдары болған. Бұл sacra gentilitia*** мәлім.

4. Ру ішінде некелеспеу мінеттемесі болған. Мұның өзі, сірә, Римде ешқашан да заң болып жазылмай, әдет-ғұрып күйінде қалған болу керек. Римнің орасан көп ерлі-зайыпты адамдарының есімдері біздің заманымызға дейін сақталған, бұлардың ішінен бірде-біреуінің де ері мен әйеліне бірдей рулық есімі жоқ. Мұралық право да осы ережені растайды. Әйел күйеуге шығысымен өзінің агнатикалық праволарынан айрылып, өз руының қатарынан шығады; күйеуге шыққан әйел де, оның балалары да сол әйел әкесінің немесе оның аға-інілерінің мүлкін мұралана алмайды, өйткені, мұның керісінше болса, онда ата руы мұраның бір бөлегінен айрылған болар еді. Әйел өз руының мүшесіне күйеуге шыға алмайды деп ұйғарғанда ғана мұның мағынасы болмақ.

5. Жерді ортақ иеленетін болған. Тайпалар жерді бөліске сала бастағаннан бері жерді ортақ иелену алғашқы заманда үнемі болып келген. Латын тайпаларының арасынан біз жердің

---

* — ру обасы. *Ред.*

** — «Демек, рудың (Квинтилийлер руының) өзіне бөлек зират обасы да болған» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

*** — рудың қасиетті мейрамдары. *Ред.*

біразы тайпаның, біразы рудың, біразы үй шаруашылықтарының иеленуінде болғанын кездестіреміз, ол кезде жеке семьялардың осындай үй шаруашылықтары бола қойғаны екі талай нәрсе*. Шамамен алғанда, әркімге бір гектардан (екі югерден) етіп, жеке адамдарға тұңғыш рет жер бөліп берген Ромул деседі. Бірақ біз бұдан бертінде де, республиканың бүкіл ішкі тарихы айналып соға беретін мемлекеттік жерді былай қойғанда, руларға қарайтын жер иеліктері болғанын кездестіреміз.

6. Ру мүшелері бірін-бірі қорғап, көмек көрсетіп отыруға міндетті болған. Жазба тарих бізге бұл ғұрыптың жұрнақтарын ғана көрсетеді; Рим мемлекетінің әуел бастан-ақ құдіретті күш болып іске араласқаны соншалық, зұлымдық жасалудан қорғау правосы бірден-ақ соның қолына көшті. Аппий Клавдий қамауға алынған кезде, оның руының барлық мүшелері, тіпті оған тікелей қас адамдар да қаралы күйге түсті. Екінші Пуни соғысы[165] кезінде рулар өздерінің жау қолына түскен туыстарын төлем төлеп алуға бірлескен-ді; сенат мұны істеуге оларға *тыйым салды.*

7. Ру есімімен жүру правосы болды. Бұл право империя заманына дейін сақталды; еркіне жіберілгендерге бұрынғы қожаларының ру есімін алуға рұқсат етілді, бірақ олар ру мүшелерінің праволарын ала алмады.

8. Бөтен адамдарды руға алу правосы болды. Бұл оны (үндістердегі сияқты) бір семьяның бала қылып алуы арқылы істелді, мұның өзі оны ру құрамына алуды да туғызды.

9. Старейшинаны сайлау және орнынан алу правосы туралы еш жерде айтылмайды. Бірақ Рим тарихының алғашқы дәуірінде сайлап қойылатын патшадан бастап, барлық қызмет орындарына отыратын адамдар сайланып немесе тағайындалып барып қойылатын болғандықтан және курия абыздарын да курия-лар сайлайтын болғандықтан, біз ру старейшиналары да (principes) солай сайланатын болған деп ұйғара аламыз, әйтсе де оны ру ішіндегі бір семьяның өзінен сайлануы сол кездің өзінде-ақ ережеге айналуы мүмкін.

Рим руының функциялары осындай болды. Сол кезде-ақ аяқталып болған аталық правоға көшу болмаса, бұлар ирокез руының праволары мен міндеттерін дәлме-дәл қайталайды; мұнда да «ап-айқын ирокезді көресің»**.

Римнің ру құрылысы туралы мәселеде тіпті біздің ең белгілі тарихшыларымыздың арасында осы күнге дейін қандай шатасушылықтар жайлап отырғанын мына бір мысал арқылы ғана

---

* 1884 жылғы басылуына «екі талай нәрсе» деген сөздердің орнына «міндетті болмаған нәрсе» деп басылған. *Ред.*

** Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 134-бет. *Ред.*

көрсетейік*. Республика мен Август замандарында Римде болған жалқы есімдер туралы Моммзен еңбегіне («Рим тарихы жөніндегі зерттеулер», Берлин, 1864, I том) былай делінген:

> «Рудың ер жынысты барлық мүшелерінен басқа, әрине, құлдарды шығарып тастағанда, бірақ рудың өз қатарына алған адамдары мен оның қамқорлығындағы адамдарын қоса есептегенде әйелдерге де ру есімі қолданылады... Тайпа» (бұл жерде Моммзен gens деген сөзді осылай аударып отыр) «дегеннің өзі...— шынымен болса да, ұйғару арқылы болса да, тіпті ойдан шығарылған болса да — тұқымның бір тектен тарағандығы негізінде туған тұтастық, мейрамдары, зираты мен мұралану тәртібі жөніндегі серіктік байланыстары арқылы бекіген тұтастық; басы бос адамдардың бәрі, олай болса, әйелдер де өздерін осы тұтастықтың адамдарымыз деп есептей алатын және есептеуге тиіс те еді. Күйеуге шыққан әйелдердің рулық есімін анықтау ғана қиынға соғатын нәрсе. Әйел өз руының мүшесінен басқа кісімен неке қиыса алмаған кезде, әрине, мұндай қиындық болған емес, ал өз руы ішінде күйеуге шығудан гөрі, одан тысқары жерге күйеуге шығу әйелге көпке дейін қиынға соққанын дәлелдеуге болады, өйткені рудан тысқары жерге тұрмысқа шығу правосының өзі — gentis enuptio — адамның жеке басының артықшылығы ретінде, VI ғасырдың өзінде сый ретінде берілген еді ғой... Бірақ мұндай рудан тыс некелесу болған жерлерде әйел ежелгі заманда, сірә, күйеуінің тайпасына өтуге тиіс болса керек. Ежелгі дін жолымен неке қию тәртібі бойынша, әйел ерінің праволық, сакральдық қауымына бүтіндей еніп, өз қауымынан шығатынында ешбір күмән жоқ. Күйеуге шыққан әйел өз руының мүшелеріне келгенде, мұралану, мұра қалдыру правосынан айрылып, бірақ оның есесіне өзінің ері, балалары және жалпы оның ру мүшелері қарайтын, мұралануға ортақ праволары бар одаққа кіретінін кім білмейді. Егер әйел ерінің асырап алған баласындай, оның семьясына кіретін болса, онда ол қалайша ерінің руына жат адам болмақ?» (8—11-беттер).

Сонымен Моммзен пәлендей бір руға жататын Рим әйелдері алғашында тек өз руы *ішінде* ғана некелесе алды, олай болса, Рим руы экзогамиялы ру емес, эндогамиялы ру болғаны дейді. Басқа халықтардың бүкіл практикасына қайшы келетін бұл көзқарас, егер түгелімен демесек, негізінен Ливийдің көп таластар туғызған жалғыз бір пікіріне негізделіп отыр (XXXIX кітап, 19-тарауы), оның айтуынша, қаланың салынған кезінен есептегенде 568-жылы, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі 186-жылы сенат былай деп қаулы еткен:

> «uti Feceniae Hispalae datio, deminutio, gentis enuptio, tutoris optio item esset quasi ei vir testamento dedisset; utique ei ingenuo nubere liceret, neu quid ei qui eam duxisset, ob id fraudi ignominiaeve esset»,— «өз мұлкіне өзі қожа болуға, оны кемітем десе, кемітуге, рудан тыс жерге күйеуге шығып, өзіне қамқоршы таңдап алам десе, соны істеуге Фецения Гиспала праволы болсын, егер

---

* «Рим салынған соң үш жүз жыл дерлік өткеннен кейін де» деген сөздерге дейінгі (осы кітаптың 322-бетін қараңыз) бүкіл осы тексті Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

онын» (өлген) «ері бұл правоны оған өсиет етіп қалдырып кеткендей болса, сөйтсін; ол атадан азат болып туған адамға күйеуге шыға алатын болсын және оны әйелдікке алған адамды жұрт ұят іс істеді немесе арсыздық жасады демесін».

Сонымен, бұл арада бас еркін алған Феценияның рудан тыс жерге күйеуге шығуына право беріліп отырғанында күмән жоқ. Ал бұдан шығатын нақ сондай күмәнсыз қорытынды мынау: өзі өлгеннен кейін әйелінің рудан тыс жерге күйеуге шығуына өсиет етіп, право беруге ерінің правосы болған. Бірақ *қай* рудан тыс?

Егер әйел, Моммзеннің ұйғаруынша, өз руының ішіне күйеуге шығуға міндетті болса, онда ол некелескеннен кейін де осы руда қалуы керек. Бірақ, біріншіден, бұл рудың эндогамиялы ру екені жөніндегі дәл осы пікірді дәлелдеу керек. Ал, екіншіден, егер әйел өз руының ішінде некелесуге тиіс болса, онда еркектің де ру ішінде некелесетіні табиғи нәрсе, өйткені бұлай болмаған күнде ол өзіне әйел таба алмаған болар еді. Бірақ онда ері өзінде болмаған және өзі де пайдалана алмаған правоны әйеліне өсиет етіп қалдыра алатын болып шығады, заң тұрғысынан қарағанда мұның өзі қисынсыз нәрсе. Моммзен мұны да сезіп, мынадай ұйғарындыға келеді:

«рудан тыс некелесу үшін заң жүзінде, сірә, билігі бар адамның ғана келісімі емес, сонымен қатар рудың барлық мүшелерінің де келісімі қажет болса керек» (10-бет, ескерту).

Мұның өзі, біріншіден, тым батыл жорамал, ал, екіншіден, ол жоғарыда келтірілген үзіндінің ап-айқын текстіне қайшы келеді; оған бұл правоны *ерінің орнына* сенат беріп отыр, сенат ол әйелге ерінің бере алатын правосынан көп те емес, аз да емес, дәл сондай право беріп отыр, бірақ сенаттың ол әйелге беріп отырған правосы — ешбір басқа шектеулермен байланыстырылмаған *абсолюттік* право, солай болған соң, егер ол әйел сол правомен пайдаланатын болса, онда оның жаңа күйеуі бұдан зиян шегуге тиіс емес; сенат тіпті қазіргі және болашақтағы консулдар мен преторларға: бұдан әйелге ешқандай зиян келмеуі үшін қам жеуді тапсырады. Сонымен, Моммзеннің жорамалы мүлде жарамсыз болып табылады.

Немесе бұдан басқаша болды дейік: әйел басқа ру адамына күйеуге шығып, бірақ өзі бұрынғы өз руында қала берді дейік. Онда, жоғарыда келтірілген үзінді бойынша, оның ері әйелінің өз руынан тыс жерде некс қиысуына рұқсат беруге праволы болған болар еді. Мұның аты әлгі әйелдің ері өзінің ешбір қатысы жоқ руға қатысты істерді билеуге праволы болған болар еді деген сөз. Мұның өзі бұдан былай қарай сөз етуге де тұрмайтын қисынсыздық.

Сонымен, әйел бірінші некеде басқа рудың адамына күйеуге шығып, осы некенің нәтижесінде дереу ерінің руына көшкен деп

ұйғарудың ғана реті бар, мұндай реттерде іс жүзінде осылай болуы мүмкін дейді Моммзен. Сонда бүкіл қарым-қатынастардың бәрі бірден айқын бола кетеді. Күйеуге шығуы себепті өзінің бұрынғы руынан қол үзіп, күйеуінің жаңа рулық одағына кірген әйел онда мүлде ерекше жағдайда болады. Ол ру мүшесі болғанмен, қандас туыстық жағынан ол румен байланысты емес; оны ру қатарына қабылдау сипатының өзі ол әйелді ру ішінде некелесуге жалпы тыйым салудан күні бұрын босатады, бұл руға ол нақ сол күйеуге шығуы арқылы енді ғой; онан соң, ол әйел мұра алуға ортақ правосы бар ру одағына алынды және күйеуі өлген күнде оның мүлкін, яғни ру мүшесінің мүлкін мұраланатын болады. Мал-мүлікті ру ішінде қалдыру мақсатында әйел өзінің бірінші күйеуі руының мүшесіне күйеуге шығуға, басқа ешкімге күйеуге шықпауға міндетті болған ережеден артық табиғи нәрсе болуы мүмкін бе? Егер бұған бір ерекшелік жасалуы керек болса, онда әйеліне мұндай право беруге оған бұл мүлікті өсиетпен қалдырған бірінші күйеуі толық пұрсатты болмағанда, басқа кім пұрсатты бола алады? Күйеуі мүлкінің бір бөлегін әйеліне өсиетпен қалдырып және мұнымен бірге мүлкінің әлгі бөлегін неке арқылы немесе неке нәтижесінде бөтен руға беруге рұқсат етіп отырған кезде, бұл мүлік әлі де әйелдің сол бірінші күйеуінің мүлкі болып есептеледі; демек, ол тек өз меншігін ғана билей алады. Әйелдің өзіне және күйеуінің руына оның қандай қатысы бар екендігіне келетін болсақ, онда өз ықтияры, өз еркімен, яғни неке қиысып, оны бұл руға енгізген нақ күйеуінің өзі; сондықтан екінші неке арқылы әйелінің бұл рудан шығуына право беретін адам да сол күйеуінің өзі екені дәл әлгіндей табиғи нәрсе болып табылады. Қысқасы, Рим руының эндогамиялы болғаны туралы оғаш ұғымнан арылып, оның алғашында экзогамиялы ру болғанын Морганмен бірге мойындасақ болғаны, істің жайы оп-оңай және өзінен-өзі түсінікті бола кетеді.

Енді тағы бір соңғы жорамал қалып отыр, мұны жақтаушылар бар, болғанда да, сірә, неғұрлым көп болса керек: жоғарыда келтірілген үзінді мына жағдайды ғана көрсететін сияқты:

> «бас еркін алған күндер (liibertae) арнайы рұқсат етілмейінше, e gente enubere» (рудан тысқары жерге некелесе алмаған) «немесе пәлендей бір басқа әрекет жасай алмаған, мұндай әрекет capitis diminutio minima* байланысты болғандықтан, liberta-ны ру одағынан шығарған болар еді» (Ланге, «Римнің ескілік мұралары», Берлин, 1856, I, 195-бет, мұнда Ливийден біздің цитат келтірген жеріміз жөнінде Хушкеге сілтеме жасалған).

Егер бұл жорамал дұрыс болса, онда жоғарыда келтірілген үзінді Римнің атадан азат болып туған әйелдерінің жағдайы

---

* — семьялық праволардан айрылуға. *Ред.*

жөнінде мүлде ештеңені дәлелдемейді, ал олай болса, Рим әйелдерінің ру ішінде некелесуге міндетті болғаны жөнінде ешбір сөз де болуға тиіс емес.

Enuptio gentis деген сөздер жалғыз осы жерде ғана кездеседі, бүкіл Рим әдебиетінде бұдан басқа еш жерде де кездеспейді; enubere — шет жерге күйеуге шығу — деген сөз тағы да сол Ливийден үш-ақ рет кездеседі, онда да руға қатысты кездеспейді. Рим әйелдері тек ру ішінде ғана некелесе алды дейтін фантастикалық идея әлгі үзінді арқасында ғана туған идея. Бірақ ол мүлде сын көтермейді. Шынына келгенде, Ливийдің кітабының бұл жері не еркіндік алған әйелдерге қойылған ерекше шектеулерге қатысты, ал олай болса, бұл атадан азат болып туғандар (ingenuae) жөнінде дәнеңені де дәлелдемейді; не оның бұл жері атадан азат болып туғандарға да қатысты, ал олай болса, бұл басқаны қойып, мынаны дәлелдейді: жалпы ереже бойынша, әйел өз руынан тысқарғы жердің адамымен некелесіп, тұрмысқа шығысымен күйеуінің руына көшкен, олай болса, бұл Моммзенге қарсы шығады да, Морганды мақұлдайды.

Рим салынған соң үш жүз жылдай өткеннен кейін де ру байланыстарының берік болғандығы соншалық, тіпті бір патрицийлік ру, атап айтқанда Фабийлер руы, сенаттың рұқсаты бойынша, іргелес Вейя қаласына қарсы өз күштерімен соғыс жорығын жасаған. Фабийлерден 306 адам жорыққа аттанып, тосқауылға түскен, жау олардың барлығын қырып салған; тірі қалған жалғыз бір бала руды одан әрі жалғастырған.

Жоғарыда айтылғандай, он ру бірігіп бір фратрияны құрағаны, мұнда ол курия деп аталған және грек фратриясына қарағанда, оның анағұрлым маңызды қоғамдық функциялары болған. Әр курияның өзіндік діни рәсімдері, әулиелері мен абыздары болған; бұл абыздар жинала келіп, Римнің абыздар коллегиясының бірін құрған. Он курия бірігіп тайпа құрды, бұл тайпаның, сірә, алғашқы кезде, басқа латын тайпаларындағы сықылды, өзінің сайланып қойылатын старейшинасы — әскер басысы мен бас абызы болса керек. Үш тайпа бірігіп рим халқын — populus romanus құрды.

Сонымен, ру мүшесі болған, ал өз руы арқылы курия мен тайпа мүшесі болған кісі ғана рим халқының адамы бола алды. Бұл халықтың алғашқы кездегі басқару ұйымы төмендегідей болған. Қоғамдық істерді алдымен сенат басқарған, тұңғыш рет Нибурдың дұрыс байқағанындай, ол үш жүз рудың старейшиналарынан құрылды; міне сондықтан олар, ру старейшиналары ретінде, әкелер, patres, деп аталынды, ал бұлардың жиынны — сенат делінді (старейшиналар кеңесі, senex — карт деген сөзден шыққан). Әдетке еніп кеткен нәрсе — старейшиналарды үнемі әр рудың белгілі бір семьясынан сайлау мұнда да ең ал-

ғашқы ру ақсүйектерін туғызды; бұл семьялар патрицийлер деп аталып, сенат құрамына енуге және басқа да барлық лауазымдарды алуға ерекше правосы болуын талап етті. Халықтың барабара осы талаптардың үстем болуына көнуі, сөйтіп олардың іс жүзіндегі правоға айналуы жұрт аузындағы мына аңыздан көрінеді: Ромул бірінші сенаторлар мен олардың ұрпақтарына патрициат атағымен қоса, оның артықшылықтарын да бірге беріпті-міс. Афины bulê-сі сияқты, сенаттың көптеген мәселелер жөнінде түпкілікті шешімдер қабылдауға және олардың ішіндегі неғұрлым маңыздыларын, әсіресе жаңа заңдарды алдын ала талқылап отыруға правосы болды. Жаңа заңдар comitia curiata (куриялар жиналысы) деп аталатын халық жиналысында түпкілікті қабылданды. Халық куриялар бойынша, ал әрбір курия ішінде, сірә, рулар бойынша топталып жиналған; шешімдер қабылдауға келгенде, отыз курияның әрқайсысында бір-бірден дауысы болды. Куриялар жиналысы барлық заңдарды қабылдап немесе қабылдамай тастап отырды, жоғары лауазымдардың барлығын, соның ішінде rex-ты (патша делінетінді) сайлап отырды, соғыс жариялады (бірақ бітімді сенат жасады) және рим азаматы өлім жазасына кесіліп, үкім шығарылған реттердің бәрінде де екі жақтың берген шағымдары бойынша жоғары сот инстанциясы ретінде түпкілікті шешім қабылдап отырды.— Ақырында, сенатпен және халық жиналысымен қатар рекс болды, ол грек басилейіне дәл келеді және ол, Моммзен бейнелегендей, әсте де абсолютті монарх дерлік болған емес*. Ол да әскер басы, бас абыз болды және кейбір соттарда председательдік етті. Оның азаматтық істерді басқару саласында уәкілдіктері, сондай-ақ азаматтардың өмірі, бостандығы мен меншігі жөнінде әсте де билігі болмады, оның мұндай уәкілдіктері мен билігі әскер басының тәртіп орнатушы өкімінен немесе сот органы басшысының шығарылған үкімді орындату жөніндегі билігінен туғанда ғана болды. Рекстің лауазымы мұраға көшіп отыратын лауазым емес еді; қайта, алғашында оны, бұрынғы рекстің ұсынысы бойынша, куриялар жиналысы сайлап, ал онан соң екінші жиналыста салтанатпен қызмет орнына отырғызылатын болған болу керек. Сонымен қатар, оның қызмет орнынан алы-

---

* Латынның rex деген сөзі — кельт-ирландықтардың righ (тайпа старейшинасы) және готтардың reiks дегеніне сәйкес келеді; бұл соңғы сөздің алғашындағы немістің Fürst (ағылшынның first, даниялықтардың forste, яғни «бірінші» дегендерімен бір нәрсе) деген сөзі сияқты, ру немесе тайпа старейшинасы дегенді білдіргені мынадан айқын көрінеді: готтарда IV ғасырдың өзінде-ақ болашақ замандардағы корольді, өз халқының әскер басысын белгілейтін: thiudans деген ерекше сөз болған. Ульфила аударған библиядағы Артаксеркс пен Ирод ешқашан да reiks деп аталмай, тек thiudans деп, император Тиберий мемлекеті — reiki емес, thiudinassus деп аталады. Гот тиудансының есімінде, немесе, өзіміз дәл аудармай жүрген, король Тиударейкстің Теодорихтың, басқаша айтқанда, Дитрихтың есімінде бұл екі атау бірігіп кеткен.

нып тасталуы мүмкін болғанын Тәкаппар Тарквинийдің тағдыры дәлелдейді.

Ерлік замандағы гректердің тәртібі сияқты, римдіктерде де патша делінгендердің тұсында руларға, фратриялар мен тайпаларға негізделген және солардан өсіп шыққан соғыс демократиясы болды. Куриялар мен тайпалар, расында, ішінара қолдан жасалған құрылымдар еді, бірақ олар өздері шыққан және өздерін барлық жағынан әлі коршап отырған қоғамның табиғи түрде қалыптасқан нағыз формаларының үлгісі бойынша ұйымдасты. Стихиялы түрде пайда болған патриций ақсүйектері бекем нығайып алса да, ал рекстер өз пұрсаттарын бірте-бірте кеңейтуге тырысса да, мұның бәрі қоғамның алғашқы негізгі сипатын өзгертпейді, бар мәселе міне осында.

Ал оның бер жағында, Рим қаласының және басқа жерлерді жаулап алу арқасында кеңейген Рим облысының халқы, ішінара иммиграция есебінен, ішінара бағындырып алынған округтердің, көбінесе латын округтерінің халқы есебінен көбейді. Мемлекеттің осы жаңа азаматтарының бәрі (біз бұл арада клиенттер туралы мәселеге тоқталып жатпаймыз) бұрынғы руларға, куриялар мен тайпаларға кірмеді, олай болса, populus romanus-тың, Римнің өз халқының құрамды бөлегі болмады. Олар басы бос адамдар еді, жер меншігін иелене алды, салық төлеп, әскер қызметін өтеуге тиісті болды. Бірақ олар ешбір лауазымда бола алмады және куриялар жиналысына да, жаулап алынған мемлекеттік жерлерді бөлісуге де қатыса алмады. Олар саяси праволардың бәрінен жұрдай плебс болды. Сан жағынан өзінің күннен-күнге өсуі, соғыс өнерін жете біліп, қаруланыу арқасында олар бұдан былайғы жерде кірме элементтер есебінен көбеюдің қандайынан болса да әбден тыйылған бұрынғы popopulus-қа қарсы тұра алатын қауіпті күшке айналды. Мұның үстіне, жер меншігі, сірә, populus пен плебс арасында теңбетең бөлінген болса керек, ал енді әлі оншама өркендей қоймаған сауда мен өнеркәсіп байлығы көбінесе плебстің қолында еді.

Римнің бүкіл аңызға айналған ежелгі тарихын шырмаған қара түнектің салдарынан,— рационалистік-прагматикалық рухта түсіндіру әрекеттері арқылы және шығармалары бізге дерек болып отырған соңғы кезеңдердегі юрист ғалымдардың әлгі тәрізді сипаттаулары арқылы едәуір күшейе түскен түнектің салдарынан,— ежелгі ру құрылысының түбіне жеткен революцияның қай кезде болғаны туралы да, барысы туралы да, болған себептері туралы да пәлендей бір анық пікір айту мүмкін емес. Жалғыз ғана күмәнсыз нәрсе сол, революцияның себебі плебс пен populus арасындағы күресте болды.

Сервий Туллий деген рекс жасады деп есептелінетін және грек үлгілерін, әсіресе Солонды негізге алған басқарудың жаңа

ұйымы бойынша, жаңа халық жиналысы құрылды, өздерінің әскери міндет атқаратын-атқармайтынына карай, populus болсын, плебей болсын, кез келгені бұл жиналысқа қатыстырылды немесе одан шығарылды. Әскер қызметін өтеуге міндетті барлық ер адамдар өздерінің мүлкіне қарай алты тапқа бөлінді. Бес таптың әрқайсысының мүлкі ең аз дегенде мына мөлшерде болды: I — 100 000 асс, II — 75 000, III — 50 000, IV — 25 000, V — 11 000 асс, мұның өзі Дюро де Ла Мальдің есебі бойынша, шамамен алғанда 14 000, 10 500, 7 000, 3 600 және 1 570 марка болады. Алтыншы тап, пролетарлар, мүлкі аз, әскер қызметі мен салық төлеуден бос адамдардан құралды. Центуриялардың жаңа халық жиналысында (comitia centuriata) азаматтар әрқайсысы 100 адамнан құралған центруия болып, әскери үлгі бойынша, былайша айтқанда, рота-ротаға бөлініп отырысты, соның өзінде әр центурияның бір дауысы болды. Бірақ бірінші тап 80 центурия, екіншісі — 22, үшіншісі — 20, төртіншісі — 22, бесіншісі — 30, алтыншысы да, әйтеуір санаттан қалмау үшін — бір центурия ұсынды. Мұның үстіне, неғұрлым бай азаматтардан іріктелген салт аттылар 18 центурия болды; барлығы 193 центурия еді; көпшілік дауыс үшін 97 дауыс жеткілікті болды. Бірақ салт аттылар мен бірінші тап қосылып 98 дауыс болды, яғни дауыстың көпшілігі осында болды; олар бір ауызды болған күнде, қалғандарының пікірлері сұралмай, түпкілікті шешім қабылданды деп есептелді.

Бұрынғы куриялар жиналысының барлық саяси праволары (кейбір аты ғана бар праволардан басқасы) енді осы жаңа центуриялар жиналысына көшті; сөйтіп енді куриялар мен оларды құраған рулар, Афиныдағы сияқты, жай ғана жеке-жеке, діни бірлестіктердің роліне түсіріліп, ұзақ уақыт бойы осы рольде күн кешті, ал куриялар жиналысы көп ұзамай-ақ мүлде жоқ болды. Бұрынғы рулық үш тайпаны да мемлекеттен аластау үшін территориялық төрт тайпа құрылып, бұлардың әрқайсысы қаланың ерекше кварталында тұрды және олардың бірсыпыра саяси праволары болды.

Адамдардың жеке басының қан жағынан байланысына негізделген ежелгі қоғамдық құрылыс патша өкіметі дейтін жойылмай тұрып-ақ, Римде де осылай қиратылып, оның орнына территорияға бөліну мен мал-мүлік жөніндегі айырмашылықтарға негізделген жаңа, нағыз мемлекеттік құрылыс жасалды. Жария өкімет мұнда әскер қызметін өтеуге міндетті азаматтардың қолына жинақталды және ол тек құлдарға ғана қарсы емес, сондай-ақ әскери қызметтен шеттетіліп, қару-жарақтан айрылған пролетарлар дейтіндерге де қарсы бағытталды.

Нағыз патша өкіметін күшпен тартып алған ең соңғы рекс Тәкаппар Тарквиний қуылып, рекс орнына өкімет билігі тең (ирокездердегі сияқты) екі әскер басы (консулдар) қойылғаннан

кейін ғана ілгері дамыған осы жаңа құрылыстың шеңберінде,— міне осы құрылыстың шеңберінде Рим республикасының күллі тарихы дамыды, лауазымдар алу үшін және мемлекеттік жерлерді пайдалануға қатысу үшін патрицийлер мен плебейлер арасындағы күрес атаулы түгелдей болып жатты, ақыр аяғында келіп, патрицийлік ақсүйектер ірі жер иелері мен ақша шонжарларының жаңа табына сініп кетті, бұлар әскер қызметінен күйзелген шаруалардың күллі жер меншігін бірте-бірте қылғып салып, осының нәтижесінде пайда болған орасан зор имениелерді құлдардың күшімен өңдеді, Италияны елсіз қалдыруға дейін жеткізді, сөйтіп бұл арқылы империяға ғана емес, сондай-ақ оның ізбасарлары болған герман варварларына жол салып берді.

## VII

## КЕЛЬТТЕР МЕН ГЕРМАНДЫҚТАРДАҒЫ РУ

Әр алуан тағы және варвар халықтарда белгілі бір дәрежеде таза түрінде күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан ру құрылысы институттарын немесе азиялық мәдениетті халықтардың ежелгі тарихындағы сол институттардың жұрнақтарын егжей-тегжейіне дейін қарастыруымызға бұл еңбектің көлемі мүмкіндік бермейді*. Бұлардың қайсысы болсын барлық жерде кездеседі. Бұған бірнеше мысал келтірудің өзі-ақ жеткілікті. Жұрт ру дегеннің не екенін білуден бұрын-ақ, бұл ұғымды шатастыруға бәрінен көп күш салған Мак-Леннан рудың өмір сүргенін дәлелдеді және қалмақтардағы, черкестердегі, самоедтердегі**, варли, магар және манипури деген үш түрлі үнді халқындағы руды, жалпы алғанда, дұрыс сипаттап жазды. Жуырда М. Ковалевский пшавтарда, хевсурларда, свандарда және басқа кавказ тайпаларында рудың бар екенін ашып, оны суреттеп берді. Бұл арада біз кельттер мен германдықтарда рудың болғандығы туралы кейбір қысқаша ескертпелермен шектелеміз.

Кельт заңдарының осы уақытқа дейін сақталып келген ең ежелгілері бізге руды әлі толық кемелінде көрсетеді; ағылшындар руды күшпен талқандағаннан кейін де, Ирландияда ол, ең болмағанда түйсік түрінде, халықтың сана-сезімінде әлі күнге дейін өмір сүріп келеді; Шотландияда өткен ғасырдың орта шені рудың әбден кемеліне келіп тұрған шағы болатын, мұнда да ол ағылшындар қаруының, заңының және соттарының күшімен ғана жойылды.

---

* Осы абзацтағы бұдан былайғы: «Бұл арада біз» деген сөздерге дейінгі тексті Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

** Ненецтердің бұрынғы аты. *Ред.*

Ағылшындар жаулап алудан[166] нешеме жүз жыл бұрын, ең бері дегенде XI ғасырда жазылған ежелгі уэльс заңдары тұтас селолардың жерді бірігіп өңдеуінің әлі де болғанын, ілгеріректе жалпы таралып кеткен ғұрыптың ерекшелік ретінде сақталған қалдығы түрінде болса да болғанын дәлелдейді; әр семьяның өз алдына ұқсататын бес акр жері болған; мұнымен бірге, бір учаскені олар бірлесіп өңдеп, онан түскен өнім бөлінетін болған. Бұл селолық қауымдардың рулар немесе рулардың бөлімшелері екендігінде күмән жоқ; егер тіпті Уэльс заңдарын қайта зерттеу,— бұған менің уақытым жоқ (менің келтірген үзінділерім 1869 жылы[167] жазылған),— мұны тіке дәлелдей алмаған күннің өзінде де, мұны Ирландия мен Шотландиядағы жағдайдың ұқсастығы дәлелдейді. Бірақ оның есесіне Уэльс деректері, ал онымен қабат Ирландия деректері де XI ғасырда кельттерде моногамияның жұп некені әлі әсте де ығыстырып шығара қоймағанын тікелей дәлелдейді. Уэльсте тек жеті жыл өткеннен кейін ғана неке бұзысуға немесе, дәлірек айтқанда, екі жақтың бірінің талап етуі бойынша, некенің күшін жоюға болмайтын болған. Егер жеті жыл толуға үш түн ғана қалған болса, ерлі-зайыптылар айырылыса алатын болған, Айырылысқан кезде мал-мүлік бөліске түскен: оны әйелі бөліп, ері өзіне тиісті бөлегін таңдап алған. Үй ішінің бұйымдары белгілі бір, тіпті оғаш ережелер бойынша бөлінген. Егер некені күйеуі бұзатын болса, онда ол әйеліне оның жасауын және кейбір басқа да бұйымдарын қайтарып беруге тиіс болған; егер әйелі бұзатын болса, онда ол мүліктен үлесті аз алатын болған. Балалардан ері екі бала алып, әйелі бір бала, атап айтқанда, ортаншы баласын алатын болған. Егер әйел айырылысқаннан кейін қайтадан біреумен неке қиысқан болса, ал бірінші күйеуі оны қайта алғысы келсе, онда әйелі жаңа жұбайлық тіршілігін *бастап* қойса да, алғашқы күйеуіне қайта келуге тиіс болған. Ал егер олар жеті жыл бойы бірге тұрған болса, онда олар некелері бұрын тіркеліп ресмиленбеген болса да, бір-бірімен ерлі-зайыпты болып саналған. Қыздардың некелескенге дейін пәк болуы әсте қатаң сақталмаған және оны талап та етпеген; бұған қатысты ережелер тым ат үсті сипатта болған және буржуазиялық моральға ешбір сай келмейді. Егер әйел ерінің көзіне шөп салса, ері оны мықтап сабай алатын болған (оның әйелін сабауына жол берілетін үш реттің бірі осы еді, басқа реттерде сабаса, оның өзі жазаланатын болған), бірақ мұнан кейін басқа жаза талап етуге оның правосы болмады, өйткені

> «бір қылмысқа бір-ақ жаза қолданылуға тиіс: не кінәлы адам кінәсын жууы керек, не одан кек алынуы керек, бірақ екі жаза бірдей қолданылмауға тиіс»[168].

Әйелдің мал-мүлік бөлгенде ешбір правосынан айрылмай, ажырасуды талап ете алатын себептері тіптен әр алуан бол-

ған: ерінің аузынан жаман иістің шығуы айырылысуға жеткілікті болды. Алғашқы түн правосы үшін (gobr merch бұдан орта ғасырлық marcheta, французша — marquette деген атау шығады) тайпа көсеміне немесе корольге төленетін ақша заңдар жинағында едәуір роль атқарады. Әйелдер халық жиналыстарында дауыс беру правосымен пайдаланды. Бұған мынаны қоса айта кетейік: дәл осындай тәртіптердің Ирландияда да болғаны дәлелденген; уақытша неке онда да мүлде дағдылы нәрсе болған және айырылысқан кезде әйелге нақты белгіленген көп артықшылықтар қамтамасыз етілген, тіпті оның үй шаруасында істеген жұмысы үшін де ақы төленген; онда еркектің басқа әйелдерімен қатар, «бірінші әйелі» де кездесіп тұрған және мұра бөліскенде некелі балалар мен некесіз балалардың арасында ешбір айырмашылық жасалмаған. Сонымен, біз мұнда жұп некенің бейнесін көріп отырмыз, Солтүстік Америкадағы некенің түрі бұған қарағанда қатаң болып көрінеді, бірақ Цезарь заманының өзінде топты некемен өмір сүрген халықта мұның XI ғасырда кездесуі таңданарлық нәрсе емес.

Ирландия руының болғаны анықталды (sept, тайпа clainne клан деп аталды) және ол ежелгі заң жинақтарында ғана суреттеліп қоймай, сонымен қатар оны XVII ғасырдағы ағылшын юристері де бейнелеген, бұлар Ирландияға кландардың жерлерін ағылшын королінің тақтық иелігіне айналдыру үшін жіберілген-ді. Егер жерді көсемдер өздерінің жеке меншікті доменді иелігіне бұрыннан айналдырып қоймаған болса, онда жер сол кездің өзіне дейін кланның немесе рудың ортақ меншігі болып келді. Рудың қайсыбір мүшесі өліп, сол себепті шаруашылықтардың бірі өмір сүруден қалса, онда старейшина (caput cognationis ағылшын юристері оны осылай атаған) барлық жерді қалған шаруашылықтарға қайта бөліп беретін болған. Жерді қайта бөлу, сірә, жалпы алғанда, Германияда қолданылып жүрген ережелер бойынша жүргізілген болса керек. Rundale делінетін жүйеге енетін егістік жерлер деревнялардан осы кездің өзінде де кездеседі, бұдан қырық не елу жыл бұрын мұндай жерлер өте көп болатын. Бұрын бүкіл руға қараған, онан соң ағылшын басқыншылары басып алған жерлерді жалға алушы жеке шаруалардың әрқайсысы өз учаскесі үшін аренда ақысын төлейді, бірақ өз учаскелерінің егістік және шабындық жерлерінің бәрін бірге қосып, жердің жағдайы мен сапасына қарай «тақталап» [«Gewanne»] бөледі, Мозельде бұл осылай деп аталады, сөйтіп тақталап бөлінген жерлерден олардың әрқайсысына өз үлесін береді; батпақты жерлер мен жайылымдар ортақ пайдаланылады. Бұдан елу жыл бұрын оқта-текте, кейде жыл сайын қайта бөліс жүргізіліп отырған. Rundale жүйесі қолданылатын мұндай деревняның межелік жоспары Мозельдегі немесе Хохвальдтағы пәлендей бір неміс үй қауымының [Gehöferschaft] жоспа-

рынан мүлде аумайды. Ру сондай-ақ «factions»* ішінде де әлі өмір сүріп келеді. Ирландия шаруалары көбінесе партия-партияға бөлінеді, бұлардың сырт көрінісі жағынан мүлде мағынасыз немесе қисынсыз, ағылшындар үшін мүлде түсініксіз айырым белгілері бар және бұл партиялар өздерінің жаны сүйген нәрсесі — салтанат күндерінде бір-біріне төбелес салудан басқа ешбір мақсат көздемейтін тәрізді. Мұның өзі — құртып жіберілген руларды қолдан жаңғыртқандық, олар күйрегеннен кейін бұлардың орнын басушы, рулық түйсіктің жаны сірі екендігін өзінше дәлелдейтін нәрсе. Айтса да, кей жерлерде ру мүшелері өздерінің бұрынғы территорияларында әлі де бірге тұрып келеді; мысалы, отызыншы жылдардың өзінде Монахан графтығы тұрғындарының едәуір көпшілігінің небары төрт фамилиясы болған еді, яғни төрт рудан немесе төрт кланнан тараған-ды**.

Шотландияда ру құрылысының күйреуі 1745 жылғы көтерілістің[169] басып-жанышталуымен тұстас келеді. Шотландия кланы бұл құрылыстың дәл қай буыны екенін әлі де зерттеу керек болады, бірақ оның осындай буын екенінде күмән жоқ. Вальтер Скотт романдарынан біз таулы Шотландияның бұл кланын көз алдымызға анық елестетеміз. Бұл клан,— дейді Морган,—

> «өзінің ұйымдасуы жағынан және өзінің рухы жағынан рудың тамаша үлгісі, ру тұрмысының ру мүшелерін билейтіндігінің айқын мысалы... Олардың жанжалдары мен қанды қанмен жуып кек алуынан, территорияны кландар бойынша бөлісуінен, олардың жерді бірлесіп пайдалануынан, клан мүшелерінің көсемге және бір-біріне адалдығынан біз барлық жерде де ру қоғамының тұрақты белгілерін кездестіреміз... Тектің шығуы аталық правоға сәйкес есептелді, сондықтан еркектердің балалары кланда

---

* — «партиялар». *Ред.*

** Ирландияда өткізген бірнеше күннің ішінде[170] мен ондағы село халқының әлі де болса рулық заманның түсініктерінен қаншалықты айрылмай келе жатқанын қайтадан анық аңғардым. Жерін шаруа арендаға алатын жер иесі шаруаға әлі де болса кланның жер жағын барлық жұрттың мүдделері үшін басқаруға міндетті өзінше бір көсемі болып көрінеді; шаруа оған аренда ақысы түрінде төлем төлеп отырамын, ал мұқтаждық көрген реттe одан жәрдем алуға тиіспін деп біледі. Мұнымен қатар ондағы жұрт ауқаты кемдеу көршілері мұқтаждық көрсе, неғұрлым ауқатты әрбір адам оларға жәрдем беруге міндетті деп есептейді. Мұндай жәрдем — қайыр-садақа емес, бұл жәрдем кланның онша ауқатты емес мүшесіне неғұрлым бай мүшенің немесе клан көсемінің право бойынша беретін көмегі. Осы заманғы буржуазиялық меншік ұғымын Ирландия шаруасына түсіндіру мүмкін емес дейтін экономистер мен юристердің шағымдары түсінікті нәрсе; тек кана праволары болып, ешқандай міндеттері болмайтын меншік деген нәрсе ирландиялықтың миына кіріп те шықпайды. Бірақ мұнымен қатар, ру құрылысына тән соншама аңқау түсініктерімен ағылшындардың немесе американдардың үлкен қалаларына, адамгершілік пен право жағынан мүлде өзгеше көзқарастағы ортаға күтпеген жерден тап болатын ирландиялықтардың,— міне мұндай ирландиялықтардың мораль мен право мәселелеріне келгенде мүлде шатасатыны да, ешбір табан тірерлік негізі қалмай, көбіне топ-тобымен азып-тозып кететіні де түсінікті нәрсе. *(1891 жылғы басылуына Энгельстің жазған ескертуі.)*

қалып отырды да, ал әйелдердің балалары өз әкелерінің кландарына көшті»[171].

Бірақ Шотландияда бұрын аналық правоның үстем болғандығын мына факті дәлелдейді: Беданың айтуына қарағанда, пиктілердің король тұқымында мұра алу әйел жағынан болған. Тіпті пуналуалы семьяның қалдығы алғашқы түн правосы түрінде орта ғасырларға дейін уэльстіктерде де, скоттарда да сақталып келген, егер бұл право үшін ақы төленбеген болса, онда әрбір қалындық жөнінде, бұл правоны әйелдердің бұрынғы ортақ күйеулерінің ақырғы өкілі ретінде клан көсемі немесе король пайдалана алған*.

* * *

Халықтардың қоныс аударған кезіне дейін германдықтардың руларға ұйымдасқанында күмән жоқ. Олар Дунай, Рейн, Висла және солтүстік теңіздер аралығындағы территорияға, сірә, біздің заманымыздан бірнеше жүз жыл бұрын ғана орналасқан болу керек; кимврлар мен тевтондардың қоныс аударуы ол кезде әлі қызу жүріп жатқан-ды, ал свевтер тек Цезарь заманында ғана біржола қоныс тепті. Свевтер туралы Цезарь былай деп тиянақтап айтады: олар ру-рулары мен туыстас топтары (gentibus cognationibusque) бойынша қоныстанды, ал gens Julia** римдіктердің айтуында gentibus деген бұл сөздің әбден анық, талассыз мәні бар. Мұның барлық германдықтарға қатысы бар; тіпті жаулап алынған Рим провинцияларында да олар, сірә, әлі де ру-ру болып қоныстанса керек. Дунайдың оңтүстігіндегі жаулап алынған жерге халықтың ру-ру (genealogiae)[172] болып қоныстанғаны «Алеманн шындығында» дәлелденіп отыр; кейінгі қауым-марка немесе селолық қауым деген сөздер қандай мағынада қолданылса, genealogiae деген ұғым бұл арада дәл сондай мағынада қолданылған***. Осы жуырда Ковалевский: бұл genealogiae ірі-ірі үй қауымдары болатын, бұлардың арасында жер

* 1884 жылғы басылуында бұл сөздерден кейін, 1891 жылғы басылуына Энгельс енгізбеген мына текст келеді: «Дәл осындай право — Солтүстік Америкада ол қиыр солтүстік-батыста әжептәуір жиі кездеседі — орыстарда да болған; оны X ғасырда ұлы княгиня Ольга бұзған болатын». Мұнан әрі «Сербхорват жерлеріндегі славяндардың семьялық қауымдарына ұқсас Ниверн мен Франш-Контедегі крепостной семьялардың коммунистік шаруашылықтары» туралы абзац келтіріледі, бұл абзацты Энгельс 1891 жылғы басылуында II тарауға ауыстырды және оны біраз өзгертіп, сол тарауға қосылған қосымшалардың біріне енгізді (осы томның 259—260-беттерін қараңыз). *Ред.*

** — Юлилер руындағы. *Ред.*

*** Бұдан былайғы «Мексикандар мен гректердегі сықылды, германдарда да» деген сөздерге дейінгі тексті (осы томның 332-бетін қараңыз) Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан; 1884 жылғы басылуында мұның орнына мына текст басылған болатын: «Сонымен, біз герман халықтарының бірі, атап айтқанда, тағы да сол свевтер мұнда ру-ру, gentes болып қоныстанғанын және әрбір руға белгілі бір территория берілгенін көріп отырмыз. Бургундтар мен

бөлініп қойылған болатын және кейіннен ғана олардан селолық қауым өсіп шықты деген пікір айтты. Ал олай болғанда, мұның өзі fara деген сөзге де қатысты болуы мүмкін, «Алеманн шындығындағы» genealogia деген сөз нені көрсететін болса, бургундтар мен лангобардтарда,— демек, гот және герминон, немесе жоғарғы неміс тайпасында,— тап соны демесек те, соған жуық ұғымды көрсетеді. Бұл сөздер шыныменен ру немесе үй қауымы дегенді білдіре ме, жоқ па — мұны әлі зерттеу керек.

Ру деген ұғымды білдіру үшін германдардың бәріне ортақ бір атау сөз болды ма — болса дәл қандай сөз болды деген сұрақты тіл ескерткіштері біздің алдымызда ашық қалдырады. Этимология жағынан алғанда, гректің genos, латынның gens дегеніне готтың kuni, орталық-жоғарғы-неміс өлкесінің künne дегені дәл келеді және бұл сөз дәл сол мағынада қолданылады. Әйел атауының да сол бір түбірден: гректің gyne, славянның zena, готтың qrino, ежелгі скандинавиялық kona, kuna деген түбірінен шығатындығы аналық право заманының болғанын көрсетеді.— Лангобардтар мен бургундтардан біз, жоғарыда айтылғандай, fara, деген сөзді кездестіреміз; Гримм бұл сөзді fisan — бала туу — деген гипотетикалық түбірден шығарады. Мен мұның бұдан гөрі айқынырақ faran деген сөзден — жүріп-тұру*, көшіп-қону, қайта оралу деген сөздерден шыққандығын дәлелге алуды дұрыс көрер едім, өйткені бұл сөз — туысқан адамдардан ғана құралатыны өзінен-өзі түсінікті көшпелі топтың белгілі бір бөлегін белгілейтін атау ретінде, нешеме ғасырлар бойы алғашында шығысқа, онан соң батысқа қоныс аударып, көшіп жүрген кезде бірте-бірте ру қауымының өзіне қолданылып кеткен атау ретінде қалыптасқан сөз.— Онан соң, готтың sibja, ағылшын-саксонның sib, ежелгі заманғы жоғарғы неміс өлкесінің sippia, sippa дегендері — туыс деген сөз**. Ежелгі скандинав тілінде бұл сөздің sifjar — туыстар деген көпше түрі ғана кездеседі; жекеше түрінде — әйел тәңірісінің Сиф [Sif] деген есім ретінде ғана кездеседі.— Ақырында, «Хильдебранд туралы жырда»[173] атап айтқанда, Хильдебрандтың Хадубрандтан:

---

лангобардтарда ру fara деп аталды, ал «Бургундия шындығында» қолданылатын ру мүшелерінің атауы (faramanni) сонымен бірге бургундтардың өзін де көрсетеді, ал бургунд руларының құрамына әсте де кірмеген рим халқына қолданылмайды. Демек, бургундтарда да жер ру-ру бойынша бөлінген. Герман юристері жүздеген жыл бойына басқа басын қатырған faramanni туралы мәселе осылай шешіледі. Fara атауы барлық германдар үшін рудың ортақ атауы бола қойды ма екен, бұл атауды біз гот бұтағының бір халқынан және герминон (жоғарғы неміс) бұтағының екінші бір халқынан кездестіріп отырсақ-та, олай бола қоймаса керек. Неміс тілінде туыстықты көрсету үшін қолданылатын толып жатқан түбір сөздер бар, сонымен қатар бұл сөздер, біздің болжауымызша, руға қатысы бар сөздерде де қолданылады». *Ред.*

* — немісше fahren. *Ред.*

** — немісше Sippe. *Ред.*

«Халық ішіндегі еркектердің қайсысы сенің әкеңе... немесе сен қай рудансың?» («eddo huêlihhes *cnuosles* du sîs»)—

деп сұрайтын жерінен тағы бір басқа сөз ұшырайды.

Егер руды белгілеу үшін тегінде ортақ бір герман атауы болған болса, онда ол, сірә, готтың kuni деген сөзі сияқты айтылуы керек; мұны туыстас тілдердің сондай сөзімен ұқсастығы ғана дәлелдеп қоймай, сонымен қатар, мына бір жағдай да, одан kuning — король* деген сөздің туғаны да дәлелдейді, алғашында ол ру немесе тайпа старейшинасын білдіретін болған. Sibja, туыс деген сөзді, сірә, есепке алуға тура келмес; қалай болғанда да sifjar деген сөз ежелгі скандинав тілінде қандас туыстарды ғана емес, сонымен қатар, жұрағаттарды да білдіреді, яғни кемінде *екі рудың* мүшелерін қамтиды; сонымен sif деген сөздің өзі руды білдіретін сөз болуы мүмкін емес.

Мексикандар мен гректерде де, германдарда да атты әскерлер отряды мен жаяу әскерлердің сына тәріздес колоннасында жауынгерлік сапқа тұру ру бірлестіктері бойынша болатын; егер Тацит: семьялар мен туысқандық топтар бойынша сап түзейтін десе, онда бұл көмескі сөздерге себеп болған нәрсе — оның заманында Римдегі рудың өмірге бейімді тұлға болудан әлдеқашаннан-ақ қалғандығы еді.

Тацит шығармасының мына бір жерінің шешуші маңызы бар, онда былай делінген; ананың аға-інісі өзінің жиеніне ұлы ретінде қарайды, ал кейбіреулер тіпті нағашысы мен жиенінің арасындағы қандас туыстықты әкесі мен баласының арасындағы байланыстан анағұрлым ардақты, жақын байланыс деп санайды, сондықтан олар кепілдікке адам талап еткенде, осы акты арқылы басын байлағысы келген адамның өз баласынан гөрі,- оның апа-қарындасының баласын неғұрлым сенімді кепіл деп біледі. Біз бұл арада аналық право бойынша құрылған рудың, олай болса, ең алғашқы рудың, ал оның үстіне германдардың өзгеше белгісі болып табылатын рудың ізі өшпеген қалдықтарын көріп отырмыз**. Егер осындай бір рудың мүшесі салтанат-

* — немісше König. *Ред.*

** Өзінің түпкі тегі аналық право заманынан келе жатқан және көптеген халықтардан кездесетін нағашысы мен жиенінің арасындағы ерекше тығыз табиғи байланыс гректерге тек ерлік дәуірдің мифологиясынан ғана мәлім. Диодор шығармасына қарағанда (IV, 34), Мелеагр Тестийдің балаларын, өз анасы Алтеяның бауырларын өлтіреді. Алтея өз баласының бұл қылығын ешбір кешірілмейтін қылмыс деп біледі де, кісі өлтірушіні, өз ұлын қарғап, оған өлім тілейді. «Тәңірлер оның бұл тілегін қабыл алып, Мелеагрды мерт қылған деседі». Тағы да сол Диодордың айтуына қарағанда (IV, 43 және 44), аргонавтар Гераклдың бастауымен Фракияға келіп кіреді де, онда мынаған кез болады: өзінің жаңа алған әйелінің желіктіруімен, Финей өзі тастаған бұрынғы әйелі Бореада Клеопатрадан туған екі ұлын масқаралап азаптағанын көрген. Бірақ аргонавтардың арасында Бореадалар да, Клеопатраның бауырлары, яғни азапталғандардың шешесінің бауырлары да болып шыққан. Олар дереу жиендерін арашалап, оларды босатып алады да, күзетшілерді өлтіреді.

пен мойнына алған пәлендей бір міндеттемесіне өз баласын кепілдікке беріп, ол әкесінің шарт бұзғанының құрбандығы болса, онда бұл әкенің өз ісі ғана болған. Ал егер апа-қарындастың баласы құрбан болса, онда бұл арқылы ең ардақты рулық право бұзылатын болған; баланы немесе жасөспірімді қорғап-сақтауға басқалардан гөрі көбірек міндетті ең жақын туысы оның өліміне кінәлы болды; баланың бұл туысы не оны кепілдікке бермеуі керек, не болмаса шартты орындап шығуға міндетті болған. Егер біз германдардан ру құрылысының мұнан басқа ешбір ізін таба алмаған күнде де, онда осы араның бір өзі-ақ жеткілікті болар еді*.

Ежелгі скандинав жыры «Völuspâ»-ның тәңірлердің құлдырауы мен дүниенің құруы туралы бір жерінің бұдан да шешуші маңызы бар, өйткені ол анағұрлым кейінгі, 800 жылдай бертінгі кезеңге жатады. Қазіргі күнде Банг пен Буггенің дәлелдеп отырғанындай, христиандықтың элементтері де бар бұл «Сәуегей әйелдің болжамында» ұлы апат алдындағы жаппай азғындау мен бұзылу заманын суреттеген жерінде былай делінген:

> «Broedhr munu berjask ok at bönum verdask, munu *systrungar* sifjum spilla». «Ағалы-інілі адамдар өзара қастасып, бірін-бірі өлтіретін болады, *апалы-сіңлілі адамдардың балалары* туысқандық байланыстарын үзіседі».

Systrungr — шешесінің апа-сіңлісінің ұлы деген сөз, сондықтан мына жағдай: апалы-сіңлілі адамдар балаларының өзара қандас туыстықтарынан безінуі ақынға бауырласын өлтіруден де зор қылмыс болып көрінеді. Қылмыстың бұлай ауырлай түсуі systrungar деген сөзбен білдірілген, бұл шеше жағынан бірге туысқандықты атап көрсетеді; егер мұның орнында syskina-börn ағалы-інілі және апалы-сіңлілі адамдардың балалары — немесе syskina-synir ағалы-інілі және апалы-сіңлілі адамдардың ұлдары деген сөз тұрған болса, онда бірінші жол жөнінде екінші жол кінәның ауырлағанын емес, жеңілдегенін көрсетер еді. Сонымен, тіпті «Сәуегей әйелдің болжамы» пайда болған викингтер заманында да Скандинавияда аналық правоны еске түсірушілік жоғала қоймаған.

Алайда, Тацит заманында германдықтарда, ең болмағанда мәп-жайлары оған неғұрлым мәлім германдықтарда** аналық правоның орнына аталық право келіп те қойған еді; балалары әке мүлкін мұраланды; балалары болмаған ретте оның өзінің аға-інілері және әкесі мен шешесінің аға-інілері мұраланады.

---

* Бұдан былайғы: «Алайда Тацит заманында» деген сөздерге (осы томның 333-бетін қараңыз) дейінгі текст Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

** «Ең болмағанда мәп-жайлары оған неғұрлым мәлім» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

Мұра алуға шешенің аға-інісін қатыстыру әлгіде ғана айтылған ғұрыптың сақталуына байланысты, сонымен қатар германдықтарда аталық правоның ол кезде әлі жаңа нәрсе екенін дәлелдейді. Аналық право жұрнақтарының орта ғасыр заманында да көпке дейін өмір сүргені байқалады. Ол кезде де жұрт, әсіресе крепостнойларда, өздерінің аталық тегіне, сірә, әлі оншама сене қоймаған болу керек; мәселен, феодал өзінен қашып кеткен крепостнойдың өзіне қайтарылуын пәлендей бір қаладан талап еткенде, жауапкердің крепостнойлық күйін, мысалы, Аугсбургте, Базельде, Кайзерслаутернде, оның қандас ең жақын алты туысқаны, соның өзінде тек қана шеше жағынан бір туғандары ант-су ішіп дәлелдеуге тиіс болған (Маурер, «Қала құрылымы», I, 381-бет).

Жаңада ғана құрыған аналық правоның тағы да бір қалдығын германдардың әйел жынысын құрметтеуінен көруге болады, мұның өзі римдіктер үшін мүлде түсініксіз нәрсе деуге болады. Текті семьядан шыққан қыздарды жұрт германдармен шартқа отырардағы ең сенімді кепілдік деп таныған; өздерінің әйелдері мен қыздары тұтқынға түсіп, күң болып кетуі мүмкін деген ой германдардың зәресін алып, басқаның бәрінен гөрі осы ой олардың соғыста ерлігін тасытады екен; олар әйелді қасиетті, әулие жан деп білді; тіпті ең маңызды істерде де олар әйелдің кеңесін тыңдаған; мысалы, Липпедегі бруктерлер тайпасындағы абыз әйел — Веледа батавтардың бүкіл көтерілісіне дем беруші болды; бұл көтеріліс кезінде германдар мен белгтерді бастаған Цивилис бүкіл Галлияда Рим өктемдігінің іргесін шайқалтқан[174]. Үй ішінде әйелдің үстем болғандығы, сірә, даусыз болса керек; рас, үй шаруасының бәрі әйелдің, қарттар мен балалардың мойнында болған; ері болса, аң аулаған, ішкілік ішкен немесе бос жүрген. Тацит осылай дейді; бірақ ол егістік жерлерді кім өңдейтінін айтпайтындықтан, ал құлдардың тек оброк қана төлеп, ешқандай барщиналық қызмет өтемегенін айқын мәлімдегендіктен, сірә, ересек еркектер бұқарасы егіншілік кәсібі керек еткен азын-аулақ жұмысты қалай да орындауға тиіс болған болу керек.

Мұндағы неке түрі, жоғарыда айтылғандай, бірте-бірте моногамияға жақындап келе жатқан жұп неке болды. Ол кезде бұл әлі қатаң моногамия бола қойған жоқ, өйткені ақсүйектердің көп әйел алуына жол берілді. Қыздардың пәк болуы, жалпы алғанда, қатаң сақталды (кельттерде олай болған жоқ), сондай-ақ германдарда неке одағының мызғымас берік болғанын Тацит ерекше мейірлене айтады. Ол әйелдің зинақорлық істеуін ғана айырылысуға себепші болатын нәрсе етіп көрсетеді. Бірақ Тацит әңгімесінде бұл жөнінде айтылмай қалған бірсыпыра нәрселер бар, оның үстіне, әңгіме әбден бұзылған римдіктер үшін ізгіліктің тым айқын айнасы болып отыр. Жалғыз

күмәнсыз нәрсе мынау: егер германдықтар өз ормандарында осындай ізгіліктің рыцарьлары болса, онда оларды былайғы орташа европалықтардың денгейіне түсіру үшін сыртқы дүниемен сәл ғана араласудың өзі-ақ жеткілікті еді; әдеп-тыйым қатаңдығының соңғы жұрнағының Рим дүниесінен құруы герман тілінің жоғалуынан әлдеқайда тез болды. Мұны аңғару үшін Григорий Турскийді оқып шығудың өзі-ақ жеткілікті. Әлбетте, германдардың жан баспаған ну ормандарында, Римдегідей, сезім ләззәтінің соңына түсушілік үстем бола қойған жоқ, сондықтан германдықтардың бұл жөнінде де Рим дүниесінен айта қаларлықтай артықшылығы бар; егер біз германдықтарға ешбір жерде және ешқашан да тұтас бір халық үшін жалпы әдет болмаған тән құмарлығынан тартынушылықты таңбасақ та, олардың бұл жөнінде Рим дүниесінен артықшылығы бар.

Ру құрылысынан әкенің немесе туған-туысқандардың достық байланыстарын мирас ету міндеті ғана емес, сондай-ақ біреулермен қастық қатынастарын да мирас қылу міндеті туды; сол сияқты вергельд — біреуді өлтіргені үшін қанды кектің орнына төленетін немесе оған зиян келтіргендігі үшін төленетін айып төлемі де мұра болып қалды. Осы алдыңғы ұрпақтың өзінде ғана германдықтардың өзіне тән институты деп танылып келген бұл вергельдтің болғаны қазір жүздеген халықтар үшін дәлелденіп отыр. Мұның өзі ру құрылысынан туатын қанды қанмен жуып, кек алуды жеңілдетудің жалпы түрі. Айта кететін болсақ, біз оны, міндетті түрдегі меймандостық сияқты, американдық үндістерден де кездестіреміз; Тациттің меймандостық ғұрыптарын суреттеуі («Германия», 21-тарау) өз үндістерінің меймандостығын суреттеген Морганның әңгімесіне ұсақ-түйегіне дейін дерлік ұқсас келеді.

Тацит заманындағы германдықтар өздерінің жерлерін сол кездің өзінде-ақ біржола бөлісті ме әлде бөліспеді ме және оның бұл жөніндегі пікірлерін қалай түсіну керек деген ұшы-қиыры жоқ қызу таластар бұдан былайғы жерде өткен күннің ісі болып есептеледі. Халықтардың барлығында дерлік егістік жерді рудың бірлесіп ұқсатқандығы, ал онан кейін Цезарьдың айтуы бойынша, свевтердің өзінде де болған коммунистік семья қауымдарының білесіп өндегені және бұл тәртіптің орнына жерді жеке семьялар арасында бөлісу, оны ауық-ауық қайта бөлісу тәртібінің орнағаны дәлелденгеннен кейін, егістік жерлерді өстіп мезгіл-мезгіл қайта бөлісудің ішінара Германияның өзінде осы күнге дейін сақталғаны анықталғаннан кейін, бұл туралы тіпті айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Егер германдықтар, Цезарьдың әңгімесі мен Тациттің куәгерлігі арасындағы 150 жыл ішінде, Цезарь тиянақтай айтып свевтерге таңып отырған жерді бірлесіп ұқсатудан (бөліске түскен немесе жеке меншікте болған егістік жер свевтерде мүлде жоқ дейді Цезарь)

жерді жылма-жыл қайта бөлісіп, жеке-жеке семьялардың ұқсатуына көшкен болса, онда мұның өзі шын мәнінде елеулі прогресс болып табылады; мұндай қысқа мерзім ішінде және қандай да болсын сырттан қол сұғушылық болмаған жағдайда, жерді бірлесіп ұқсатудан оны толық жеке меншіктенушілікке көшу тіпті мүмкін емес сияқты. Олай болса, менің Тациттен оқитыным — оның қысқаша етіп, ашық айтқан мына бір жері ғана: олар ұқсатылған жерді жыл сайын алмастырып (немесе қайта бөлісіп) отырады, соның өзінде де ортақ жер әлі жеткілікті мөлшерде қалады. Мұның өзі егіншілік пен жер пайдаланудың германдықтардың сол кездегі рулық құрылысына дәлме-дәл сай келетін сатысы*.

Осының алдындағы абзацты мен өзгерістерсіз, бұрынғы басылуларында қандай болса, сол күйінде қалдырамын. Бұл екі арада мәселенің жәйі басқаша сипат алды. Аналық правоға негізделген коммунистік семья мен осы күнгі оқшау семья арасындағы аралық саты ретіндегі патриархаттық үй қауымының барлық жерде демегеннің өзінде кең тарағанын Ковалевский дәлелдегеннен кейін (жоғарыдағы 44-бетті қараңыз**), енді мәселе Маурер мен Вайц арасындағы таласта қалай қойылған болса, солай қойылып отырған жоқ,— әңгіме жердің ортақ немесе жеке меншікте болғандығы туралы болып отырған жоқ, ортақ меншіктенудің *формасы* қандай болғанында болып отыр. Цезарь заманында свевтер жерді ортақ меншіктеніп қана қоймай, сонымен қатар жалпы күш қосып, бірлесіп ұқсатқанында ешбір күмән жоқ. Шаруашылық тұлғасы болған ру ма әлде үй қауымы ма, немесе солардың арасындағы аралық топ болған қайсыбір коммунистік туыстас топ па, әлде жер жағдайларына байланысты үш топтың үшеуі де өмір сүрді ме,— бұл туралы әлі ұзақ таласуға болады. Бірақ Ковалевский былай дейді: Тацит суреттеген тәртіптер қауым-марқаның немесе селолық қауымның болғанын емес, үй қауымының болғанын аңғартады; тек көп кейін ғана, халықтың көбеюі нәтижесінде осы үй қауымынан селолық қауым өсіп, дамыды.

Бұл көзқарас бойынша, германдардың Рим заманында өздері мекендеген, сондай-ақ кейін римдіктерден тартып алған территориялардағы қоныстары деревнялар емес, семьялық үлкен қауымдардан құралды, бұлар бірнеше ұрпақты қамтыды, олардың егін салатын тиісті жер учаскелері болды және айналадағы бос жерлерді ортақ марка ретінде көршілерімен бірге пайдаланды. Олай болғанда, Тациттің олар өңделген жерді ауыстырады деген сөздерін нағыз агрономиялық мағынада түсінген

* Бұдан былайғы: «Цезарь тұсында германдықтардың» деген сөздерге дейінгі тексті (осы кітаптың 337-бетін қараңыз) Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 258—259-беттер. *Ред.*

жөн: қауым жыл сайын басқа учаскені жыртып отыратын болған, ал өткен жылғы аңызды пар етіп қалдыратын немесе оған мүлде шөп өсіріп жіберетін. Халық сирек болған жағдайда бос жатқан жерлер әрдайым жеткілікті болатын, мұның өзі жер иелену үшін таласуды ешбір қажет етпеді. Тек жүздеген жылдар өткеннен кейін ғана, үй қауымдары мүшелерінің саны әбден өсіп, өндірістің сол кездегі жағдайларында ортақ шаруашылық жүргізу мүмкін болмай қалған кезде, бұл қауымдар ыдырайтын болды; бұған дейін ортақтаса иеленіліп келген егістік жерлер мен шабындықтар енді жаңадан шыға бастаған жеке үй шаруашылықтары арасында бұған дейін мәлім әдіс бойынша, алдымен уақытша, кейіннен — біржолата бөліске түсті, ал орман-тоғайлар, жайылымдар мен су көздері ортақ күйінде қалды.

Россия үшін дамудың осындай барысы тарихи жағынан әбден дәлелденген нәрсе. Ал Германияға келсек, онан кейін басқа да герман елдерін алатын болсақ, онда село қауымының өмір сүруін сонау Тацит заманының өзіне қарай жылжытатын күні бүгінге дейін үстем болып келген көзқарастан гөрі бұл ұйғарындының қолда бар деректерді әлдеқайда жақсы түсіндіретінін және қиыншылықтарды оңайырақ шешетінін бекер деуге болмайды. Ежелгі документтер, мәселен, Codex Laureshamensis[175] жалпы алғанда, селолық қауым-маркадан гөрі үй қауымы арқылы анағұрлым жақсы түсіндіріледі. Екінші жағынан, бұл түсіндірудің өзі жаңа қиыншылықтар мен жаңа мәселелер туғызады, бұларды әлі шешу керек болады. Бұл арада тек жаңа зерттеулер ғана түпкілікті шешімге келтіруі мүмкін; алайда мен үй қауымының аралық саты ретінде Германияда да, Скандинавия мен Англияда да өмір сүргені әбден ықтимал екенін бекер дей алмаймын.

Цезарь тұсында германдардың бір бөлегі жаңада ғана жерге орналасып, енді бір бөлегі түпкілікті қоныстанатын жер іздеп жүрген болса, Тацит заманында олардың отырықшылық тұрмысқа көшкеніне табаны күректей жүз жыл өткен еді; күнкөріс заттарын өндірудегі күмәнсыз прогресс те осыған сай болды. Олар бөренеден салынған үйлерде тұрды, орман тұрғындарының жұпыны киімін: дөрекі жүн шекпен мен аң терісін киді; әйелдер мен ақсүйектердің матадан тігілген іш киімі болды. Олардың ішім-жемі: сүт, ет, жабайы жемістер және, Плинийдің қосатынындай, сұлы ботқасы болған (Ирландия мен Шотландиядағы кельттердің ұлттық тамағы әлі күнге дейін осы ботқа). Олардың бар байлығы малда болған, бірақ малдарының тұқымдары нашар еді: бұқалары мен сиырлары — жатаған, тұрықсыз, мүйізсіз келеді, жылқылары — ұсақ пони және жүйрік емес. Ақша деген сирек және аз қолданылды, онда да Рим ақшасы ғана жүрді. Олар алтын мен күмістен бұйым жасамады және ондайды бағаламады, темір сирек кездесетін еді және Рейн мен

Дунай бойын мекендеген тайпаларда ғана болатын, бұлар оны, сірә, өздері өндірмей, ылғи шеттен әкеліп отырса керек. Руналық жазу, сызулар (грек немесе латын әріптеріне еліктеушілік) құпия жазу ретінде ғана мәлім еді және діни-сиқырлық мақсаттар үшін ғана қолданылды. Адамды құрбанға шалу әдеті әлі қалмаған еді. Қысқасы, бұлар варварлықтың орта сатысынан жаңада ғана жоғары сатысына көтерілген халық екенін көріп отырмыз. Бірақ Рим өнеркәсібі өнімдерін тасып әкелудің оңай болғаны римдіктермен тікелей іргелес жатқан тайпаларда өз алдына дербес металл өндірісі мен тоқыма өндірісінің дамуына бөгет жасаса, солтүстік-шығыста, Балтық теңізінің жағалауында мұндай өндірістің болғанында ешбір күмән жоқ. II ғасырдың аяқ кезіндегі Рим монеталарымен бірге Шлезвиг батпақтарынан табылған қару-жарақ заттары — ұзын темір семсер, сауыт, күміс дулыға т. т., сондай-ақ халықтардың коныс аударуы нәтижесінде жер-жерге тараған герман металл бұйымдары, тіпті олар алғашқы рим үлгілеріне жақын келген реттерде де, дамудың әжептәуір жоғары деңгейімен ерекшеленетін анық өзінше бір үлгідегі тип болып табылады. Цивилизациялы Рим империясына коныс аудару салдарынан осы бір ерекше өндіріс Англиядан басқа жерлердің бәрінде де тоқтап қалды. Бұл өндірістің туып, онан әрі дамуында қандай біркелкіліктің болғанын, мысалы, қола ілгектер көрсетіп отыр; Бургундиядан, Румыниядан, Азов теңізінің жағалауларынан табылған бұл ілгектер ағылшын және швед шеберханаларында жасалған болуы мүмкін және олардың тегі германдықтардан шыққаны да соншалықты күмәнсыз нәрсе.

Варварлықтың жоғары сатысына басқару ұйымы да сай келеді. Тациттің айтуынша, барлық жерлерде старейшиналар кеңесі (principes) болған, ол неғұрлым ұсақ істерді шешкен, ал маңыздырақ істерді халық жиналысында шешуге әзірлеген; халық жиналысы варварлықтың төменгі сатысында, ең болмағанда, біз оның болғанын білетін жерде, американдықтарда ру үшін ғана болады, бірақ тайпа немесе тайпалар одағы үшін болмайды. Құдды ирокездердегі сияқты, старейшиналардың (principes) әскери көсемдерден (duces) айырмашылығы әлі зор болды. Старейшиналар осы кезден-ақ ішінара тайпа мүшелерінің құрметтеп әкелетін тарту-таралғыларымен — мал, астық, тағы басқаларымен—өмір сүрді, жұрт оларды, Американдағы сияқты, көбінесе белгілі бір семья ішінен сайлады; аталық правоға көшу, Греция мен Римдегі сияқты, сайлау негізінің бірте-бірте мираскорлық правоға айналуына, сөйтіп әрбір ру ішінде ақсүйек семьяның пайда болуына жағдай жасады. Осы ескілікті тайпа ақсүйегі делінетіннің көпшілігі халықтар коныс аударған кезде, не соның ізінше құрып бітті. Әскер басылары шыққан тегіне қарамастан, тек қана қабілеттеріне қарай сайланған. Олардың

билігі зор болмады және олар өздерінің үлгі көрсетуімен ықпал жасауға тиіс болды; әскер ішіндегі нағыз тәртіп билігін Тацит абыздарға айқын теліп отыр. Нағыз шын билік халық жиналысының қолында болды. Король немесе тайпа старейшинасы председательдік етеді; халық өз шешімін шығарады: ұнамаған нәрсені наразылықпен, ұнағанын мақұлдаған дауыстармен, қаруларын безеумен қабылдайтын болған. Халық жиналысы мұнымен бірге сот қызметін де атқарды; шағымдар халық жиналысында беріліп, нақ сонда шешіліп отырды, өлім жазасына кескен үкімдер осында шығарылды, шығарылғанда бұл жаза қорқақтық істегені, өз халқына опасыздық жасағаны, шектен шыққан қылықтар көрсеткені үшін ғана берілетін болған. Рулар мен басқа да бөлімшелер ішінде де бүкіл жұрт старейшинаның председательдік етуімен сот жүргізген, германның бүкіл ежелгі сот жүргізу ісіндегі сияқты, старейшина тек процесті ғана басқарып, сұрақ беріп отыратын болған; германдықтарда қашанда және барлық жерлерде үкімді бүкіл коллектив шығаратын болған.

Цезарь заманынан бастап тайпа одақтары құралған; сол кезде-ақ олардың кейбіреулерінің королі болған; гректер мен римдіктердегі сияқты, жоғарғы әскер басы шексіз билік алуға тырысқан, кейде соған жеткен де. Алайда жолы болған мұндай зорлықшылар әсте де тежеусіз кеткен әмірші бола алмаған; бірақ сонда да олар ру құрылысының бұғауын кирата бастағанды. Еркіндік алған құлдар, жалпы алғанда, бағынышты күйде болған кезде,— өйткені олар ешқандай руға жатпаған,— жаңа корольдер тұсында бұлардың ішінен корольге әбден жаққандардың биік лауазымға ие болып, байлық пен құрметке қолдары жетуі жиі болған. Рим империясын жаулап алғаннан кейін әскер басылары дәл осындай дәрежеге жетті, бұлар енді ірі-ірі елдердің корольдері болып алды. Франктерде корольдің құлдары мен бостандық алған адамдары алғашында сарай маңында, ал кейіннен мемлекетте үлкен роль атқарған; жаңадан шыққан ақсүйектердің көпшілігінің тегі солардан тарайды.

Король өкіметінің тууына себепші болған бірден-бір институт — жасақтар еді. Қауіп-қатерді көре тұра тәуекелге бел байлап, соғыс жүргізу үшін ру құрылысымен қатар жеке бірлестіктердің қалай құрылатынын жоғарыда біз Американың қызыл нәсілді халықтарынан көрдік. Германдықтарда бұл жеке бірлестіктер сол кездің өзінде-ақ тұрақты одақтарға айналған. Даңққа бөленген әскери көсем олжа түсіруге ынтыққан жастар отрядын өз төңірегіне жинаған, бұлар көсемге, ал көсем оларға адал болуға міндетті еді. Көсем оларды асырап-сақтап, оларға сыйлық беріп отырды, олардың арасында белгілі бір иерархия орнатты; кіші-гірім жорықтар үшін олар оған сақшы отряд және әрдайым жорыққа әзір тұратын әскер ретінде қызмет етті, не-

ғұрлым ірі жорықтар үшін даяр тұрған офицерлер корпусы болды. Бұл жасақтар қаншама әлсіз болуға тиіс болса да және олар, мәселен, кейініректе Италиядағы Одоакр жасағы сияқты, шын мәнінде әлсіз болып шықса да, олардың өмір сүргендігі сол кездің өзінде-ақ ескілікті халық бостандығының құлдырай бастағандығының бастамасы болған еді және халықтардың қоныс аударуы кезінде, онан кейін де олар нақ осындай роль атқарды. Өйткені, біріншіден, олар король өкіметінің шығуына қолайлы жағдай туғызды; екіншіден, Тациттің өзі-ақ ескерткендей, үздіксіз соғыстар жүргізу мен қарақшылық шабуылдар жасау арқылы ғана оларды ұйымдасқан тұтас тұлға ретінде ұстап отыруға болатын еді. Ел тонау мақсатқа айналды. Егер жасақ жетекшісіне төніректе әрекет етерліктей дәнеңе болмаса, онда ол өз адамдарын ертіп, соғыс болып жатқан және олжа түсіруге болатын басқа халықтарға аттанатын болған; Рим туын көтеріп тіпті германдардың өзіне қарсы соғысқа көптеп қатысқан көмекші герман әскерлері ішінара осындай жасақтардан құралды. Жалданып әскер қызметіне бару жүйесі — немістер үшін масқара және тиген қарғыс болып отырған нәрсе — өзінің алғашқы түрінде мұнда көптен-ақ орнаған еді. Рим империясын жаулап алғаннан кейін корольдердің бұл жасақшылары бас еркі жоқтар мен римдіктерден құралған сарай қызметшілерімен бірге ең соңғы кезде шыққан ақсүйектердің басты-басты құрамды бөлектерінің екінші тобына айналды.

Сонымен, жалпы алғанда, ерлік заманындағы гректер мен патша делінетіндер заманындағы римдіктерде өріс алған басқару ұйымы қандай болса, халық болып біріккен герман тайпаларындағы басқару ұйымы да дәл сондай болған; халық жиналысы, ру старейшиналарының кеңесі, сол кездің өзінде-ақ нағыз король өкіметіне ұмтылған әскер бастығы болды. Мұның өзі тегінде ру құрылысы тұсында қалыптасуы мүмкін болған басқару ұйымының анағұрлым дамыған түрі еді; варварлықтың жоғары сатысы үшін ол үлгілі ұйым болды. Осы басқару ұйымы өз міндетін атқарып келген шеңберлерден қоғамның шығып кетуі-ақ мұң екен, ізінше ру құрылысы да құрыды; ол кирап, оның орнын мемлекет басты.

## VIII

## ГЕРМАНДЫҚТАРДА МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Тациттің дәлелдеуіне қарағанда, германдықтар өте көп халық болған. Жекелеген герман халықтарының саны туралы шамаға келетін деректерді біз Цезарьдан аламыз; ол Рейннің сол жақ жағалауында пайда болған узипеттер мен тенктерлер санын, әйелдері мен балаларын коса есептегенде, 180 000 адам дейді. Демек, әрбір жеке халыққа келетін адам саны 100 000-дай бол-

ған*, осының өзі, мысалға алғанда, ұзын-ырғасы 20 000 адамнан аспай жатып-ақ, Ұлы көлдерден бастап, Огайо мен Потомакқа дейінгі бүкіл елдің үрейін алған ирокездердің көркейген дәуіріндегі жалпы санынан әлдеқайда артық. Егер бізге дейін жеткен мәліметтер бойынша, Рейн маңын қоныстанған неғұрлым белгілі халықтардың қалай орналасқанын картаға түсіріп қарамақшы болсақ, онда әрбір осындай халық жекелеп алғанда орташа шамамен прусс әкімшілік округінің көлеміндей, яғни 10 000 шаршы километрдей немесе[182] географиялық шаршы мильдей жер алады екен. Бірақ римдіктердің Germania Magnaсы**, артық-кемін былай қойғанда, тура Вислаға дейінгі 500 000 шаршы километр жерді алады. Жекелеген халықтарының орташа саны 100 000 адам болғанда, бүкіл Germania Magna халқының жалпы саны бес миллионға жетуге тиіс еді; халықтардың варварлық тобы үшін бұл — едәуір көп цифр, біздің жағдайымызда — бір шаршы километрге 10 адамнан немесе географиялық бір шаршы мильге 550 адамнан келеді,—бұл өте аз. Бірақ сол кезде өмір сүрген германдықтардың саны мұнымен әсте бітпейді. Карпатты бойлай, Дунайдың дәл сағасына дейін готтар тобы тайпасынан тараған герман халықтарының — бастарндардың, певкиндердің, тағы басқаларының тұрғаны бізге мәлім, олардың көптігі сонша,— тіпті Плиний оларды герман тайпаларының бесінші негізгі тобы деп есептеген; біздің жыл санауымыздан 180 жыл бұрын Македонияның Персей деген патшасына жалданып қызмет еткен бұл тайпалар Августың ел басқаруының алғашқы жылдарында-ақ Адрианополь төңіректеріне дейін барған. Егер біз олардың санын бір ғана миллион дейтін болсақ, онда біздің жыл санауымыздың бас кезінде германдардың саны кемінде алты миллион болса керек.

Олар Германияға келіп орныққаннан кейін халық саны мейлінше тез көбеюге тиіс еді; мұны өндірістің дамуы саласындағы жоғарыда айтылған табыстардың бір өзі-ақ дәлелдей алуы керек еді. Шлезвиг батпағынан табылған заттар, солардың ішінде болған Рим монеталарына қарағанда, III ғасырға қатысты. Сонымен, бұл кезде Балтық теңізінің жағалауында металл және тоқыма бұйымдарының дамыған өндірісі тараған, Рим империясымен қызу сауда қатынастары жүргізілген және неғұрлым бай адамдар белгілі бір дәрежеде сән-салтанат құрған — осының

---

* Мұндағы алынған цифрды Диодордың Галлия кельттері туралы айтқан мына бір жері дәлелдейді: «Галлияда сан жағынан әркелкі көптеген халықтар тұрады. Олардың ең ірілеріндегі халық саны шамамен 200 000 адамға жетеді, ең ұсақтарында 50 000» (Diodorus Siculus. V, 25). Демек, орта есеппен алғанда — 125 000; Галлияның жекелеген халықтарын, олардың даму сатысы неғұрлым жоғары болғандықтан, герман халықтарына қарағанда, сан жағынан едәуір көп халық деп санау керек екендігінде сөз жоқ.

** — Ұлы Германия. *Ред.*

бәрі халықтың неғұрлым тығыз болғандығының белгілері. Дәл осы шамада Рейннің, Римнің шекаралық қорғаны мен Дунайдың ұзына бойында, Солтүстік теңізден Қара теңізге дейінгі күллі шепте германдықтардың жаппай соғыс шабуылы басталады — мұның өзі өз қарамағындағы жерлерін кеңейтуге ұмтылатын халықтың барған сайын көбейе түскендігінің тікелей дәлелі. Күрес үш жүз жылға созылды, оның барысында готт халықтарының бүкіл негізгі бөлегі (скандинавиялық готтар мен бургундтарды қоспағанда) оңтүстік-шығысқа қарай бет алып, ұзынабойға созылған шабуылдың сол жақ қанатын құрады, оның дәл ортасында болған жоғарғы германдықтар (герминондар) жоғарғы Дунайға басып кірді, ал оң жақ қанатта қазір франктер деген ат алған искевондар Рейнге басып кірді, ингевондардың үлесіне Британияны жаулап алу тиді. V ғасырдың аяғында әлсіреп, қансыраған, дәрмені біткен Рим империясына басып кіру үшін германдықтарға жол ашылды.

Жоғарыда біз ерте дүниедегі грек және рим цивилизациясының бесігінің қасында тұрдық. Енді біз оның моласының қасында тұрмыз. Римнің дүние жүзілік үстемдігі Жерорта теңізі алабындағы барлық елдерді ғасырлар бойы сүргімен сүргілегендей етіп тегістеп тастады. Грек тілі қарсылық көрсетпеген жерлерде ұлт тілдерінің бәрі бұрмаланған латын тіліне жол беруге тиіс болды; ұлт айырмашылықтарының барлығы жойылды, енді галлдар, иберлер, лигурлер, нориктер дегендер жоқ болды — олардың бәрі де римдіктер болып алды. Римдік басқару ісі мен рим правосы барлық жерлерде де ежелгі ру бірлестіктерін талқандады, ал бұл арқылы жергілікті және ұлттық талапкерліктің соңғы қалдықтарын да жойды. Жаңа ғана пайда болған рим азаматтығы бұлардың орнына ештеңе бермеді; ол ешбір ұлтты бейнелемеді, ұлт болмаған жайдың көрінісі ғана болды. Жаңа ұлттардың элементтері барлық жерлерде де бар еді; әр түрлі провинциялардағы латын диалектілерінің бір-бірінен айырмасы барған сайын көбейе берді; бір кезде Италияны, Галлияны Испанияны, Африканы өз алдына дербес территория еткен табиғи межелер әлі де жойылмаған-ды және бұлар өз белгілерін жұртқа әлі де сездіріп отырды. Бірақ осы элементтерді жаңа ұлттар етіп біріктіре алатын күш еш жерде болмады; ол кезде творчестволық жігер-қайрат былай тұрсын, тіпті даму мен қарсыласу қабілетінің ізі де болмады. Ұлан-байтақ жерде тұрған сансыз көп адамдар үшін бірден-бір біріктіргіш дәнекер болған нәрсе Рим мемлекеті болды, ал оның өзі бара-бара олардың барып тұрған қас жауы және езушісі болып алды. Провинциялар Римнің түбіне жетті; Римнің өзі басқа қалалар сықылды, артықшылығы бар провинциялық қалаға айналды, бірақ бұдан былай қарай үстемдік етуден, дүние жүзілік империяның орталығы болудан, тіпті императорлардың, сондай-ақ олардың жер-

гілікті әкімдерінің резиденциясы болудан да қалды; олар енді Константинопольде, Трирде, Миланда тұратын болды. Рим мемлекеті өзінің қол астына қарағандардың сөлін сору үшін ғана орнаған орасан зор күрделі машинаға айналды. Салықтар, мемлекеттік міндеттемелер мен түрліше алымдар халық бұқарасын барған сайын қатты қайыршылыққа ұшыратты; жергілікті әкімдердің, салық жинаушылардың, солдаттардың озбырлығы бұл езгіні күшейтіп, адам шыдамастай етті. Рим мемлекеті өзінің дүние жүзінде үстемдік құруымен міне мынаған жетті: ол өзінің өмір сүру правосын ел ішінде тәртіп орнатуға, ал одан тысқары жерлерде варварлардан қорғануға негіздеді; бірақ оның орнатқан тәртібі барып тұрған тәртіпсіздіктен де жаман болды, ал мемлекет өз азаматтарын варварлардан қорғамақ болғанымен, азаматтар варварларды азаптан құтқарушы деп күтті.

Қоғам халінің мүшкілдігі бұдан кем болған жоқ. Республика өмірінің соңғы кездерінен бастап-ақ Рим өктемдігі жаулап алынған провинцияларды аяусыз қанауға негізделді; империя бұл қанауды жоймағаны былай тұрсын, қайта оны жүйеге айналдырды. Империя неғұрлым құлдыраған сайын салықтар мен міндеткерліктер соғұрлым арта түсті, чиновниктердің арсыздықпен жұртты талап, озбырлық істеуі соғұрлым күшейе түсті. Халықтарды бағындырушы болған римдіктер саудамен және өнеркәсіппен еш уақытта шұғылданған емес-ті; олар тек өсімқорлық саласында ғана өздерінен бұрын-соңды болғандардың бәрінен де асып түсті. Саудада бұрын болған және сақталған нәрсенің бәрі чиновниктердің озбырлығынан құрып кетті; саудадан аман қалғанның бәрі империяның шығыс, грек жақ бөлегінен кездеседі, бұл біздің қарастырып отырған жағымыз емес. Жаппай қайыршылану, сауданың, қолөнер мен өнердің құлдырауы, халықтың азаюы, қалалардың қанырап қалуы, егіншіліктің неғұрлым төмен деңгейге қайта түсуі — Римнің дүние жүзілік өктемдігінің ақтық нәтижесі міне осындай болды.

Бүкіл көне дүниедегі өндірістің шешуші саласы болған егіншілік кәсібінің маңызы енді қайтадан, бұрынғы қай кездегіден болса да күшейе түсті. Республика құлағаннан кейін бүкіл территорияны қамтыды деуге болатын орасан зор имениелер комплекстері (латифундиялар) Италияда екі түрлі жолмен пайдаланылды: не мал жайылымы болды да, ол жерлерде халықтың орнын қойлар мен өгіздер басты, бұларды бағуға азғантай ғана құлдар керек болды; не виллалар түрінде пайдаланылды, мұнда толып жатқан құлдардың күшімен кең көлемде бау-бақша шаруашылығы жүргізілді; мұның өзі сән-салтанат пен молшылықта тұратын вилла иесінің керегін қанағаттандыру үшін, ішінара қала рыноктарына шығарып сату үшін істелді. Ірі-ірі мал жа-

йылымдары сол күйінде қалды, тіпті кей жерлерде кеңейтілді де; иелерінің күйзелуіне және қалалардың қаңырап бос қалуына байланысты поместье-виллалар мен бұлардағы бау-бақша шаруашылығы құлдырап, кері кетті. Құл еңбегіне негізделген латифундиялар шаруашылығы табыс келтіруден қалды; бірақ мұның өзі сол замандағы ірі ауыл шаруашылығының бірден-бір мүмкін түрі болған еді. Ұсақ шаруашылық егіншілік кәсібінің бірден-бір тиімді түріне қайта айналды. Виллалар бірінен соң бірі ұсақ парцеллаларға бөлінді, бұлар белгілі бір мөлшерде ақша төлейтін ата-бабасынан келе жатқан арендаторларға берілді немесе оларды арендаторлардан гөрі басқарушыларға көбірек ұқсаған partiarii* алды; олар өз еңбегіне жылдық өнімнің алтыдан бірін, ал кейде не бары тоғыздан бірін ғана алған. Алайда бұл ұсақ парцеллаларды колондарға жалға беру басым болған, бұлар жер иесіне жылма-жыл белгілі бір мөлшерде ақша төлеген, жерге басыбайлы болып, бүкіл парцелламен бірге сатылып та кететін болған; рас, олар құл емес еді, бірақ еріктілер деп те есептелмейтін, еріктілермен некелесе алмаған, ал олардың өзара некелесуі заңды неке болып саналмады, құлдардың некесі сықылды, жай ғана бірге тұрғандық (contubernium) деп қаралған. Олар орта ғасырлық крепостнойлардың алдындағылар болған еді.

Ерте дүние құлдығының дәурені өтті. Ол енді ірі ауыл шаруашылығында да, қала мануфактураларында да жұмсалған еңбекті ақтарлықтай табыс келтіруден қалды,— ол өндірген өнімдерді өткізетін рынок құрыды. Ал ұсақ егіншілік пен ұсақ қолөнер кәсібінен соншама көп құлға жұмыс табылмады, империяның гүлденген дәуіріндегі орасан зор өндіріс болса, осылардың көлеміне дейін қысқарды. Байлардың үй шаруашылығы мен сән-салтанатты тұрмысына қызмет етуші құлдарға ғана қоғамда әлі орын қалған еді. Бірақ өнімді еңбек атаулының бәрі — құлдардың ісі, ерікті римдіктерге лайықты іс емес деген түсінікті жұртқа мақұлдату құрып бара жатқан құлдық заманының әлі де болса қолынан келетін еді, ал ол кезде азаматтардың бәрі де еріктілер болатын. Осының нәтижесінде, бір жағынан, басы артық және масыл болғандықтан босатылған құлдар саны көбейді, ал екінші жағынан, қолондар мен қайыршыланған еріктілердің (Американың бұрынғы құл иеленуші штаттарындағы poor whites** сықылдылардың) саны көбейді. Арғы заман құлдығының бірте-бірте құруына христиан діні ешбір кінәлы емес. Христиан діні нешеме жүз жылдар бойы Рим империясында құлдықпен сыйысып келді және кейіннен солтүстіктегі германдықтар арасында да, Жерорта теңізіндегі венеция-

* — үлесшілер. *Ред.*
** — ақ нәсілді кедейлер. *Ред.*

лықтар арасында да христиандардың құлмен сауда жасауына, онан кейін негрлерді саудаға салуға* ешкашан бөгет жасамады. Құлдық өзін өзі ақтаудан қалды, сондықтан да ол құрыды. Бірақ құрып бара жатқан құлдық өзінен кейін ерікті адамдардың өндіргіш еңбекке жирене қарауы сияқты улы зәрін қалдырды. Мұның өзі Рим дүниесі тап болған лажсыз тұйық еді: құлдық экономикалық жағынан мүмкін емес нәрсеге айналды, ал еріктілер еңбегі мораль тұрғысынан жиренішті болып есептелді. Мұның алғашқысы ендігі жерде қоғамдық өндірістің негізгі формасы болудан қалды, екіншісі әлі бола алмайтын еді. Бұл жағдайдан түбегейлі революция ғана шығара алатын еді.

Провинциялардағы істің жайы да мәз емес-ті. Бізде бәрінен гөрі Галлия жөнінде көбірек мәлімет бар. Колондармен қатар мұнда ерікті ұсақ шаруалар да өмір сүрді. Чиновниктердің, судьялар мен өсімқорлардың зорлығынан өздерін қорғау үшін олар екінің бірінде қайсыбір құдіретті адамның қамқорлығын, патронат іздейтін болған; жекелеген шаруалар ғана емес, сондай-ақ тұтас бір қауымдар да осылай істейтін болған, сондықтан IV ғасырда императорлар бұған тыйым салу жөнінде сан рет эдиктілер шығарды. Бірақ қамқорлық іздегендерге бұл не беретін еді? Патрон оларға мынадай шарт қойды: олар өздерінің жер учаскелерін меншіктену правосын патронға берулері керек, ал патрон мұның орнына олардың сол жерлерді өмір бойы пайдалануын қамтамасыз етеді. Қасиетті шіркеу бұл амалайланы үйреніп алды және IX, X ғасырларда құдай тағала жері мен өздерінің жеке меншікті жер иеліктерін кеңейту үшін оны мықтап пайдаланды. Рас, ол кезде 475 жыл шамасында епископ Сальвиан Марсельский мұндай тонаушылыққа ызаланып, былай дейді: рим чиновниктері мен ірі жер иелерінің езгісі адам шыдамастық дәрежеге жеткендігі сонша, тіпті көптеген «римдіктер» варварлар орналасып қойған жерлерге қашып кетіп жатыр, ал онда барып орныққан Рим азаматтары Рим өктемдігінің шеңгеліне қайта түсуден басқа еш нәрседен сондай қатты қорықпайды. Кедейліктің зардабынан ол кезде ата-аналары өз балаларын құлдыққа жиі сатқан, бұған қарсы шығарылған заң мұны айқын дәлелдейді.

Римдіктерді олардың өз мемлекетінен құтқарғаны үшін герман варварлары олардың барлық жерлерінің үштен екісін тартып алып, өзара бөлісіп алды. Жер бөлу ру құрылысының тәртіптері бойынша жүргізілді; жаулап алушылар саны онша көп болмағандықтан, ұлан-байтақ жер бөлінбей, біразы бүкіл ха-

* Епископ Лиутпранд Кремонскийдің айтуына қарағанда, X ғасырда Верденде, демек, Қасиетті герман империясында[176] евнухтар жасау басты кәсіп болған, бұлар мавритан гаремдері үшін Испанияға тасылып, үлкен пайда келтірген.

лықтың, біразы жеке тайпалар мен рулардың иелігінде қалды. Әрбір ру ішінде егістік жерлер мен шабындықтар жеке шаруашылықтар арасында жеребе салып, тең учаскелерге бөлінген; бұдан былайғы жерде қайта бөлістердің қайталанған-қайталанбағаны бізге белгісіз, қалай болғанда да, Рим провинцияларында көп ұзамай-ақ қайта бөлістер тоқтап, жеке учаскелер еріксіз алынатын жеке меншікке — аллодқа айналдырылды. Орман-тоғайлар мен жайылымдар бөліске салынбай, ортақ пайдалануда қалды; оларды осылай ортақ пайдалану, сондай-ақ бөліске түскен егістік жерлерді ұқсату әдісі ежелгі ғұрыптармен және бүкіл қауымның қаулылары бойынша реттеліп отырды. Ру өз селосында неғұрлым ұзақ өмір сүрген сайын және германдар мен римдіктер бірте-бірте бірі-бірімен көбірек араласа түскен сайын байланыстың туысқандық сипаты территориялық байланысқа қарағанда екінші қатарға ығыса түсті; ру қауым-маркаға сіңісіп кетті, әйтсе де мұның өзі қауым мүшелерінің туыстық қатынастарынан туғандығының белгісін әлі де болса жиі аңғаруға болады. Сонымен, ең болмағанда қауым-марка жойылмаған елдерде — Францияның солтүстігінде, Англияда, Германия мен Скандинавияда ру ұйымы бірте-бірте территориялық ұйымға көшті, сондықтан да ол мемлекетке бейімделе алатын жағдайда болып шықты. Бірақ сонда да ол бүкіл ру құрылысының айрықша белгісі болған өзінің табиғи түрде қалыптасқан демократиялық сипатын сақтап қалды, сөйтіп ру ұйымы тіпті кейіннен өзіне еріксіз таңылған азып-тозған түрінде де осы құрылыстың нақты элементтерін, ал осы арқылы езілгендердің қолындағы қаруды ең бергі заманға дейін сақтап келді.

Сонымен, егер ру ішіндегі қандас байланыс көп ұзамай-ақ өз маңызын жойған болса, онда мұның өзі ру органдарының да жаулап алушылық нәтижесінде тайпа ішінде де, бүкіл халық ішінде де азғындауының салдары болды. Бағындырып алынғандарға үстемдік жүргізудің ру құрылысымен сыйыспайтынын біз білеміз. Бұл арада біз мұны кең көлемде көріп отырмыз. Рим провинцияларының қожасы болып алған герман халықтары өздерінің жаулап алған осы жерлерін басқаруды ұйымдастыруға тиіс еді. Бірақ толып жатқан римдіктерді рулық бірлестіктерге қабылдау да, оларға сол бірлестіктер арқылы үстемдік жүргізу де мүмкін болмады. О баста көпшілігі өмір сүруін тоқтатпаған римдік жергілікті басқару органдарының басына Рим мемлекеті орнына, оны басқа бірдеңемен ауыстыру керек еді, ал мұндай нәрсе тек басқа мемлекет қана болуы мүмкін еді. Сондықтан ру құрылысы органдары мемлекет органдарына айналуға тиіс болды, оның үстіне жағдайлардың қысымымен мұның өзі тез болуға тиіс еді. Бірақ жаулап алушы халықтың ең жақын өкілі әскер бастығы болды. Жаулап алынған аймақты ішкі және сыртқы қауіптен қорғау оның билігін күшейтуді керек

қылды. Әскер бастығының билігін король өкіметіне айналдырудың кезі келді және ол солай болды да.

Франк корольдігіне тоқталайық. Мұнда Римнің кең-байтақ мемлекеттік имениелері ғана емес, сонымен қатар ірілі-ұсақты округтер [Gau ] мен қауым-маркалардың кең-байтақ иеліктеріне бөліс кезінде қосылмай қалған орасан зор жер учаскелері де, атап айтқанда, ірі-ірі орман-тоғайлы жерлер сали франктерінің жеңімпаз халқының қолына толық тиді. Қәдімгі жоғарғы әскер бастығынан нағыз монархқа айналған франк королінің бірінші міндеті бұл халық дәулетін король мүлкіне айналдыру, оны халықтан ұрлап алып, сыйлық немесе ақы ретінде өз жасағына үлестіріп беру болды. Алғашқыда корольдің өз басының әскери нөкерлері мен өзіне бағынышты басқа да әскер бастықтарынан құралған бұл жасақ көп ұзамай римдіктер, яғни романданған галлдар есебінен ғана көбейіп қойған жоқ; бұлар өздерінің жаза білетіндігімен, білімімен, роман халқының қара сөзі мен латынның әдеби тілін, сондай-ақ жергілікті правоны да білетіндігімен корольге көп ұзамай-ақ қажет болды; бұл жасақ сонымен қатар құлдар, крепостнойлар және бостандық алғандар есебінен де көбейді, король сарайына қызмет етушілердің штаты осылардан құралды және король өзінің тәуір көретіндерін осылардың арасынан таңдап алып отырды. Бұлардың бәрі халыққа тиісті жерден учаскелер алып отырды, алғашқыда оны көбіне сыйлық ретінде алса, кейіннен бенефицийлер түрінде ақысына алды, оның үстіне бұл жерлер бастапқыда король өмірінің ақырына дейін берілді[177]. Жаңа ақсүйектердің негізі халық есебінен осылай жасалды.

Ол ол ма. Мемлекет көлемі орасан зор болғандықтан, оны бұрынғы ру құрылысының құралдарымен басқаруға болмайтын болды; егер әлдеқашан-ақ құрып кетпеген болса, старейшиналар кеңесі мәжіліс құруға жинала алмады, сондықтан көп ұзамай-ақ оның орнын корольдің тұрақты дос-жарандары басты; бұрынғы халық жиналысы сырт көз үшін өмір сүрген болып жатты, бірақ оның өзі де барған сайын корольге бағынышты әскер бастықтары мен жаңа туып келе жатқан ақсүйектердің ғана жиналысына айнала берді. Франк халқының бұқарасын құраған еркін, жер иеленген шаруалар таусылмайтын өзара қырқысу, шапқыншылық соғыстары арқылы, әсіресе Ұлы Карл тұсында болған соғыстар арқылы титықтап, күйзелген болатын, бұрын Рим шаруалары республиканың соңғы жылдарында дәл осылай болған еді. Алғашқыда күллі әскерді құраған, ал Франция жерін жаулап алғаннан кейін оның негізгі ұйытқысы болған бұл шаруалардың IX ғасырдың бас кезінде әбден кедейленгені соншалық, тіпті әрбір бес шаруаның біреуі ғана жорыққа әрең аттана алатын болды. Тікелей корольдің шақыруымен жиналатын ерікті шаруалар жасағының орнын әскер

басты, ол жаңадан шыққан ақсүйектердің қызмет етуші адамдарынан, соның ішінде тәуелді шаруалардан, бұрын корольден басқа мырзаны білмеген адамдардың, ал онан да ертеректе жалпы мырза дегенді, соның ішінде корольдің өзін де білмеген адамдардың ұрпақтарынан құрылды. Карлдың ізбасарлары тұсында ішкі соғыстар, король өкіметінің осалдығы және шонжарлардың осыған орайлас озбырлықтары, ақырында нормандардың шабуылдары франк шаруалары сословиесінің күйзелуін ақырғы шегіне жеткізді; әлгі шонжарларға Карл тағайындаған, өздерінің лауазымдарын мирасқа көшетін етуге тырысқан округ графтары [Gaugrafen][178] да қосылды. Осыдан төрт жүз жыл бұрын Рим империясының франктердің аяғының астында жатқаны секілді, Ұлы Карл өлген соң елу жылдан кейін франктер империясы да соншалықты дәрменсіз күйге түсіп, нормандардың аяғының астында жатты.

Ол тек сыртқы жаулардың алдында әлсіз болғандықтан ғана емес, сонымен қатар ішкі қоғамдық тәртібі жағынан немесе дәлірек айтқанда, ешбір тәртіп болмағандықтан, нақ сондай дерлік күйге жетті. Ерікті франк шаруалары, өздерінен бұрынғы Рим колондары қандай халде болса, дәл сондай халге тап болды. Соғыстардан, тонаудан күйзелген шаруалар жаңада пайда болған ақсүйектердің немесе шіркеудің қамқорлығын паналауға тиіс болды, өйткені король өкіметі оларды қорғауға тым әлсіз еді; бірақ бұл қамқорлық оларға қымбатқа түсті. Ілгерідегі галл шаруалары сияқты, олар қамқоршысына өздерінің жер учаскесін меншіктену правосын беруге тиіс болды, соның өзінде олар әр түрлі және өзгеріп отыратын шарттармен, тәуелді болып, пайдалана тұру ретінде, өз жерлерін қамқоршыдан қайта алатын болды, бірақ әрдайым оның орнына белгілі бір міндеткерліктерді орындап, оброк төлеп қана алатын болды; мұндай тәуелді күйге бір түскеннен кейін олар бірте-бірте өздерінің бас бостандығынан да айырыла бастады; бірнеше ұрпақтан кейін олардың көпшілігі крепостной болып кетті. Ол кезде Парижге таяу жердегі, ал қазір Париждің дәл өзіндегі Сен-Жермен-де-Пре аббаттығы жер иеліктерінің Ирминон жасаған тізбесі ерікті шаруа сословиесінің қалай тез құрығанын көрсетеді. Бұл аббаттықтың төңіректегі көптеген кең-байтақ иеліктерінде ол кезде, Ұлы Карлдың тірі шағында германдардың есімдерін алған кілең франктер ғана мекендеген деуге болатын 2788 шаруашылық болған. Бұған 2080 колон, 35 лит, 220 құл және 8 ғана ерікті тұрғын кірді! Сальвиан құдай жолына жатпайды деп жариялаған әдетті енді шіркеу шаруалар жөнінде барлық жерлерде қолданатын болды, бұл әдет бойынша, қамқоршы шаруаны өзінің жер учаскесін қамқоршының меншігіне беруге мәжбүр етіп, сонан кейін бұл учаскені шаруаға өмірлік пайдалануға ғана беріп отырды. Енді күннен-күнге үйреншікті

әдетке айнала бастаған барщиналық міндеткерліктердің әуелгі бейнесі Рим ангариялары, мемлекет пайдасына істелетін еріксіз жұмыстар түрінде[179], сондай-ақ герман қауым-маркасы мүшелерінің көпір, жол салу жөнінде және басқа жалпы мақсаттар үшін атқаратын міндеткерліктер түрінде болды. Сонымен, төрт жүз жыл өткеннен кейін халық бұқарасы өзінің бастапқы күйіне түгелімен қайта оралғандай болды.

Бірақ мұның өзі тек мынаны ғана дәлелдеді: біріншіден, құлдырау дәуірінде Рим империясындағы қоғамдық жікке бөліну мен меншік бөлісу егіншілік пен өнеркәсіпте өнім өндірудің сол кездегі деңгейіне әбден сай келді, демек, бұлар болмай қоймайтын еді; екіншіден, өндірістің бұл деңгейі соңғы төрт жүз жыл бойына айтарлықтай төмендемеді де, жоғарыламады да; міне, сондықтан меншіктің солай бөлінуі мен халықтың сол таптарын нақ сондай қажеттілікпен қайта туғызды. Рим империясы өмірінің соңғы жүз жылдықтарында қала өзінің бұрынғысындай деревняға үстемдік етуінен айрылды және германдықтар өктемдігінің алғашқы жүз жылдықтарында ол үстемдігін өзіне қайтара алмады. Мұның өзі егіншіліктің де, өнеркәсіптің де даму дәрежесі төмен болғанын аңғартады. Мұндай жалпы жағдай қолында үстемдігі бар ірі жер иелері мен тәуелді ұсақ шаруаларды сөзсіз туғызады. Мұндай қоғамға, бір жағынан, құлдары бар Рим латифундияларының шаруашылығын, екінші жағынан,— барщиналық еңбекті қолданатын ең жаңа ірі шаруашылықты таңу мүмкіндігінің қаншалық аз болғанын Ұлы Карлдың атақты императорлық виллалар жөнінде жасаған орасан зор, бірақ із-түзсіз кеткен тәжірибелері жақсы дәлелдейді. Бұл тәжірибелерді тек монастырьлер ғана жалғастырды және тек солардың тәжірибелері ғана жемісті болды; бірақ монастырьлер некесіздікке негізделген, әдеттен тыс қоғамдық организмдер еді; олар ерекше нәтижелер бере алды, міне, сондықтан да олардың өзі ерекше күйінде қала беруге тиіс болды.

Бірақ дегенмен осы төрт жүз жыл ішінде ілгері басқан қадам болғанын көреміз. Егер біз осы дәуірдің аяқ кезінде де оның бас кезінде болған бәз-баяғы дерлік негізгі таптарды кездестірсек, онда бұл таптарды құраған адамдар қайткенмен де басқа адамдарға айналды. Арғы заман құлдығы құрыды, күйзелген, қайыршылық халге түскен, еңбекке құлдардың кәсібі деп жирене қараған еріктілер құрыды. Рим колоны мен жаңа крепостнойдың аралығында ерікті франк шаруасы тұрды. Құрып бара жатқан Рим дүниесінің «пайдасыз естеліктері мен нәтижесіз күресі» келмеске кетті. IX ғасырдың қоғамдық таптары құрып бара жатқан цивилизацияның іріп-шіруі жағдайында қалыптаспай, жаңа цивилизацияның толғақ азабы үстінде қалыптасты. Жаңа ұрпақ — мырзалар да, малайлар да — өздерінің римдік ізашарларымен салыстырғанда ерлер ұрпағы болды.

Жерге ие құдіретті шонжарлар мен оларға тәуелді шаруалар арасындағы қарым-қатынастар римдіктер үшін арғы заман дүниесінің сөзсіз күйреп бара жатқандығын білдірген форма болса, ендігі жаңа ұрпақ үшін жаңа дамудың басталар кезеңі болды. Ал онан соң, бұл төрт жүз жыл қаншама жеміссіз болып көрінгенімен де, бұл жылдар *бір* ірі нәтиже қалдырды: адам баласының батыс европалық бөлегінің осы күнгі ұлттарын, келешек тарих үшін жаңадан қалыптасып, бөлінуін туғызды. Германдықтар Европаны шынында қайта сергітті, сондықтан да герман дәуірінде мемлекеттердің күйреуі норманн-сарациндердің құлдануымен емес, бенефицийлер жүйесі мен қамқорлық қатынастарының (коммендациялар[180]) феодализмге ұласуымен және халықтың орасан көбеюімен аяқталды; осылай орасан көбейгендіктен ғана халықтар екі жүз жылдан аз ғана кем уақыт өткеннен кейін болған крест жорықтарының сұмдық қан төгістерінен ойсырап қалмай өтті*.

Өліп бара жатқан Европаға дем салып, жаңа өмірлік күш берген германдардың осы құпия сиқырлы құралының сыры неде еді? Мұның өзі, біздің шовинистік тарихнамамыздың ойдан шығарып жүрген өтірігіндей, герман нәсілінің сүйегіне біткен айрықша бір керемет күш пе еді? Әсте де олай емес. Германдықтар әсіресе сол кезде, арийлер тобының мейлінше дарынды тармағы еді және мұның үстіне өмірлік күштерінің толық кемеліне келген шағында болатын. Бірақ Европаны жасартқан олардың өздеріне тән ұлттық ерекшеліктері емес, тек әншейін олардың варварлығы, олардың рулық құрылысы еді.

Олардың жеке басының қабілеті мен өжеттігі, олардың бостандық сүйгіштігі мен қоғамдық істердің бәрін өз ісім деп білетін демократиялық түйсігі,— қысқасы, римдіктер айырылып қалған және рим дүниесінің қорысынан жаңа мемлекеттер құруға, жаңа ұлттардың өсіп шығуына түртпі салуға болатын қасиеттердің бәрі,— осының бәрі варварлықтың жоғары сатысында тұрған адамның айырықша белгілері болмағанда, оның рулық құрылысының жемістері болмағанда басқа не еді?

Егер германдықтар моногамияның арғы заманғы формасын қайта өзгерткен болса, еркектің семья ішіндегі билігін бәсеңдеткен болса, әйел дәрежесін классикалық дүниенің бұрын-соңды білген дәрежесінен анағұрлым жоғарылатқан болса,— оларды осыған қабілетті еткен олардың варварлығы емей, олардың рулық әдет-ғұрыптары емей, олардың аналық право заманынан қалмай келе жатқан қалдықтары емей немене еді?

Егер олар, ең болмағанда аса маңызды үш елде, Германияда, Солтүстік Францияда және Англияда нағыз рулық құрылыс-

---

* — «және халықтың орасан көбеюімен...» деген сөздерден бастап, бұл сөйлемнің соңын Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

тың қауым-марка түріндегі жұрнағын сақтап, феодалдық мемлекетке көшіре алған болса, сөйтіп, бұл арқылы тіпті орта ғасырдың ең сұрапыл крепостниктік тәртіптері жағдайында езілген тапты, шаруаларды оқшаулай топтастырып қарсыласу құралын берген болса,— мұны арғы заман құлдары да, осы күнгі пролетарлар да дайын күйінде таба алған жоқ,— онда бұл олардың варварлығынан болмағанда неден болды, тек қана варварлық дәуіріне тән олардың ру-ру болып қоныстану әдісінен болмағанда неден болды?

Және, ақырында, егер олар тәуелділіктің өз еліндегі көптен келе жатқан неғұрлым жеңіл формасын, соның өзінде, Рим империясында да құлдық барған сайын соған ойыса берген формасын, тұңғыш рет Фурье атап көрсеткендей, құлдыққа түскендерге өздерін *тап ретінде* бірте-бірте азат етуіне құрал беретін формасын (fournit aux cultivateurs des moyens d'affranchissement *collectif et progressif*)*, осының арқасында құлдықтан едәуір жоғары тұрған формасын, орта ғасырлардың крепостнойлары өздерін тап ретінде азат етуге шын мәнінде бірте-бірте жеткенде, өтпелі жағдайда болмай-ақ, жеке адамды бірден еркіндікке босатуға ғана мүмкіндік беретін формасын (ежелгі дүние құлдықты жеңімпаз көтеріліспен жою дегенді білмейді) дамытып, жалпы жұртқа ортақ болатындай етіп көтере алған болса,— онда мұның өзі германдықтардың варварлығының істеген ісі емей немене? — олар мұның арқасында өз елінде бұл тәуелділікті әбден өрістеген құлдық дәрежесіне: құлдық еңбектің арғы заманғы формасына да, шығыстағы үй құлдығына да жеткізбеді.

Германдықтардың Рим дүниесіне еккен өміршең және жемісті нәрселерінің бәрі варварлыққа тән болатын. Шынында да, күні өтіп бара жатқан цивилизацияның тозығы жеткен дүниесін жасарту тек варварлардың ғана қолынан келетін еді. Халықтардың қоныс аударуынан бұрын германдықтар жеткен және соған көтерілген варварлықтың жоғары сатысы бұл процесс үшін нағыз қолайлы саты болды. Бар мән міне, осында.

## IX

## ВАРВАРЛЫҚ ПЕН ЦИВИЛИЗАЦИЯ

Біз рулық құрылыстың ыдырауын жеке-жеке алынған ірі-ірі үш мысалдан гректердің, римдіктер мен германдықтардың мысалынан қарастырып өттік. Қорытындыда енді варварлықтың жоғары сатысында-ақ қоғамның рулық ұйымын бұзып, цивили-

---

* — егіншілерге *коллективті түрде және бірте-бірте азаттық* алу құралын береді. *Ред.*

зацияның шығуымен оны мүлдем жойған жалпы экономикалық жағдайларды қарастырайық. Мұнда Морганның кітабы сияқты Маркстің «Капиталы» да дәл сондай қажет болады.

Тағылықтың орта сатысында пайда болып, оның жоғары сатысында дами келіп, ру варварлықтың төменгі сатысында өзінің көркею шыңына жетеді, қолда бар деректер біздің бұл жөнінде осылай деп пікір айтуымызға мүкіндік береді. Біз дамудың осы сатысынан бастаймыз да.

Бұл арада біз кемеліне келіп дамыған ру құрылысын кездестіреміз, мұнда Американың қызыл нәсілді халықтары бізге үлгі болуға тиіс. Тайпа бірнеше руға, көбінесе екі руға* бөлінген; бұл алғашқы рулардың әрқайсысы, халықтың өсуіне қарай, қыздан тараған бірнеше руға бөлінеді, бұлар жөнінде алғашқы ру фратрия болады; тайпаның өзі бірнеше тайпаға бөлінеді, біз олардың әрқайсысынан көбіне бұрынғы руларды қайта кездестіреміз; одақ, ең болмағанда кейбір жеке реттерде, туысқан тайпаларды біріктіреді. Бұл қарапайым ұйым өзі шыққан қоғамдық жағдайларға әбден сай келеді. Ол дәл осы жағдайларға тән, табиғи түрде өсіп шыққан құрылым болып табылады; бұл ұйым осылайша құрылған қоғамның ішінде шығуы мүмкін дау-жанжалдардың бәрін де реттей алады. Сыртқы дүниемен болатын дау-жанжалдарды соғыс тындырады; ол тайпаның жойылуымен тынуы мүмкін, бірақ оны құлдыққа салумен әсте де тынбайды. Ру құрылысының ұлылығы, ал сонымен бірге оның кірісі тарлығы мұнда үстемдік етуге және құлдыққа салуға орын жоқтығынан көрінеді. Рулық құрылыстың ішінде праволар мен міндеттердің арасында әлі ешқандай айырмашылық жоқ; үндіс қоғамдық істерге қатысу, қанды қанмен жуып, кек алу немесе оның орнына құн төлеу право ма, әлде міндет пе — деген сұрақты білмейді; тамақ ішу, ұйықтау, аң аулау дегендер право ма, әлде міндет пе? — деген сұрақ қандай оғаш болып көрінсе, әлгіндей сұрақ та оған сондай оғаш болып көрінер еді. Сондай-ақ тайпа мен рудың түрліше таптарға жіктелуі де мүмкін емес. Мұның өзі бізді осы құрылыстың экономикалық базисін талдауға жетелейді.

Халық өте сирек болған; тайпа тұрған жерлерде ғана ол тығыз болған; бұл жердің айналасында ең алдымен аң аулайтын жер, онан соң осы тайпаны басқа тайпалардан бөліп тұратын және оған қорған боларлық орман-тоғайлы бейтарап алқап кең белдеу болып жатады. Еңбек бөлісу — тура табиғи нәрсе болды; ол тек еркектер мен әйелдер арасында ғана бар. Еркек соғысады, аң аулайды, балық ұстайды, тамақты шикі күйінде табады және осыған керекті құралдар жасайды. Әйел үй-ішінің жұмы-

* «Көбінесе екі руға» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

сын істейді, тамақ пен киім әзірлейді — ас пісіреді, тоқыма тоқиды, іс тігеді. Олардың әрқайсысы өз ісіне ие: еркек тоғайда, әйел үй ішінде қожа. Әрқайсысы өздері істеп, өздері қолданатын құралдарының иесі: еркек — қару-жарақтың, аң және балық аулайтын заттардың, әйел — үй ішіндегі бұйымдардың иесі. Үй шаруашылығын бірнеше семья, екінің бірінде көп семья бірігіп, коммунистік негіздерде жүргізеді*. Бірлесіп істеген, ортақ пайдаланылатын нәрселер — үй, огород, қайық — ортақ меншік болып табылды. Сонымен, цивилизациялы қоғамның юристері мен экономистері ойлап шығарған «кісінің өз еңбегімен тапқан меншігі» — осы заманғы капиталистік меншіктің әлі де арқа сүйеп келе жатқан соңғы жалған праволық негізі — дәл осы арада, тек осы арада ғана іс жүзінде өмір сүріп отыр.

Бірақ адамдар барлық жерде дамудың осы сатысында тоқтап қалған жоқ. Азияда олар қолға үйретуге болатын және онан әрі сол үйретілген күйінде өсіруге болатын малдарға кезігеді. Тағы буйволдың ұрғашысын бұрын аңшылықпен ұстау керек болушы еді, қолға үйретілгеннен кейін — ол жылма-жыл бұзаулап, оның үстіне сүт беретін болды. Неғұрлым алдыңғы қатарлы кейбір тайпаларда — арийлерде, семиттерде, бәлкім енді турандықтарда да — еңбектің басты саласы әуелде малды қолға үйрету болған, сонан кейін ғана оны өсіру, бағып-күту болған. Мал бағушы тайпалар былайғы варварлар бұқарасынан бөлініп шықты — мұның өзі еңбектің *алғашқы ірі қоғамдық бөлінісі* еді. Мал бағушы тайпалар басқа варварларға қарағанда өнімді көп өндіріп қана қоймады, сонымен қатар олардың өндіретін күнкөріс заттары да басқаша болды. Олардың сүті, сүт азықтары мен еті қалған варварлардікіне қарағанда әлдеқайда көп болып қана қойған жоқ, сондай-ақ олардың тері-терсегі, жүн-жұрқасы, ешкі түбіті де болды және шикізат көбейген сайын, иірме жібі мен матасы да молая берді. Мұның өзі тұңғыш рет үздіксіз айырбас жүргізілуін мүмкін етті. Дамудың неғұрлым ертеректегі сатыларында кездейсоқ айырбастар ғана бола алды; қару-жарақ пен құрал-жабдықтар жасаудағы айрықша өнер уақытша еңбек бөлінісіне алып келді. Мысалы, көптеген жерлерде кейінгі тас дәуірінің тас құралдарын әзірлейтін шеберханалардың даусыз қалдықтары табылған; бұл арада өздерінің өнерін дамыта түскен шеберлер, сірә, бүкіл коллективтің есебінен және соның пайдасына жұмыс істеген болса керек, Индиядағы рулық қауымдардың тұрақты қолөнершілері қазір де әлі осылай істейді. Дамудың бұл сатысында айырбас тек тайпа ішінде ғана туа алды, онда да мұның өзі ерекше құ-

* Әсіресе Американың солтүстік-батыс жағалауында — Банкрофттан қараңыз. Королева Шарлотта аралдарындағы хайда тайпасында бір шаңырақтың астында тұратын 700-ге тарта адамды қамтыған үй шаруашылықтары кездеседі. Нуткалар болса бүтіндей тайпа болып бір үйде тұрған.

былыс болып қала берді. Ал енді мал бағушы тайпалар бөлініп шыққаннан кейін, мұның керісінше, әр түрлі тайпалардың мүшелері арасында айырбас болуы үшін, оның дамып, тұрақты институт ретінде нығаюы үшін керекті жағдайлардың бәрін де біз бұл арадан даяр күйінде кездестіреміз. Алғашында айырбас әр жақтың ру старейшиналары арқылы тайпалар арасында жүргізілді; ал енді қоралаған мал дара меншікке* көше бастаған кезде жеке адамдардың арасындағы айырбас барған сайын басым бола бастап, ақырында, айырбастың бірден-бір формасына айналды. Бірақ мал бағатын тайпалардың көршілестерімен айырбасқа салатын басты заты мал болды; мал товар болып алды, барлық өзге товарлар сол арқылы бағаланатын болды және ол барлық жерлерде де сол товарларға айырбасқа ынтамен қабылданып отырды,— қысқасы, мал ақшаның қызметін атқаратын болды және осы сатының өзінде-ақ ақша орнына жүрді. Товар айырбасы шыққан кездің өзінде-ақ айрықша товар — ақшаны керек етушілік соншалықты қажетті түрде және шапшаң өсе түсті.

Варварлықтың төменгі сатысында болған Азия тұрғындарына, сірә, мәлім болмаған огород шаруашылығы оларда егіншіліктің бастамасы ретінде, варварлықтың орта сатысынан кешікпей пайда болған болу керек. Туран жазығының климат жағдайларында ұзақ, қатты қысқа мал азығының қорын жетістіріп алмайынша, мал бағумен тіршілік ету мүмкін емес; сонымен, шабындық шөп өсіру мен дәнді дақылдар салу мұнда қажет болды. Қара теңіздің солтүстігіндегі далалар жөнінде де осыны айту керек. Бірақ егер алғашында астық мал үшін өндірілген болса, көп ұзамай ол адамға да тағам бола бастады. Ұқсатылатын жер әлі де болса тайпа меншігі болып, алғашында рудың пайдалануына, кейіннен сол ру арқылы — үй қауымдарына, ақырында келіп**, жеке адамдарға берілетін болған; бұлардың оны белгілі бір дәрежеде иелену праволары болды, ал онан артық праволары болған емес.

Бұл сатының өнеркәсіп жұмысы саласындағы жетістіктерінен мына екі нәрсенің: біріншіден — тоқыма станогының, екіншіден — металл рудасын қорыту мен металл өңдеудің айрықша зор маңызы бар. Бұлардың ішіндегі маңыздылары мыс пен қалайы, сондай-ақ бұлардан қорытылатын қола болды; қоладан іске жарамды құралдар мен қару-жарақ жасалды, бірақ ол тастан жасалған құралдарды ығыстыра алмады; бұған темірдің ғана шамасы келетін, бірақ темір өндіруді жұрт әлі біле қойма-

* 1884 жылғы басылуында «дара меншікке» («Sondereigenthum») деген сөздердің орнына «жеке меншікке» («Privateigenthum») деп басылған. *Ред.*

** «Үй қауымдарына, ақырында келіп» деген сөздерді Энгельс 1891 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

ған-ды. Сән-салтанат, әшекей бұйымдары есебінде жұрт алтын мен күмісті қолдана бастады; бұлар, сірә, сол кездің өзінде-ақ мыс пен қоладан құнды деп саналса керек.

Шаруашылықтың барлық салаларында — мал шаруашылығында, егіншілікте, үй ішіндегі қолөнер кәсібінде — өндірістің артуы адамның жұмыс күшін оның жұмысқа жарамдылығын сақтауға керекті мөлшерден көбірек өнім өндіруге қабілетті етті. Сонымен бірге бұл рудың, үй қауымының немесе жеке семьяның әрбір мүшесінің үлесіне келетін күнбе-күнгі еңбек мөлшерін арттырды. Жаңа жұмыс күшін іске қосу қажеті туды. Соғыс бұл күшті тауып берді де: соғыс тұтқындары құлдарға айналдырыла бастады. Алғашқы ең ірі қоғамдық еңбек бөлінісі еңбек өнімділігін, демек, байлықты да арттырумен және өндірістік қызметтің өрісін кеңейтумен бірге, күллісін қосып алғанда, сол кездегі тарихи жағдайлар тұсында, құлдықты да ерте келді. Алғашқы ең ірі қоғамдық еңбек бөлінісінен қоғамның тұңғыш ірі бөлінісі — мырзалар мен құлдар, қанаушылар мен қаналушылар болып екі тапқа бөлінуі туды.

Табын-табын мал тайпаның немесе рудың ортақ иеленуінен жеке семья басшыларының меншігіне қалай және қашан көшкені жөнінде біз күні бүгінге дейін ештене білмейміз. Бірақ, негізінен алғанда, ол көшу осы сатыда болуға тиіс еді. Ал табындаған мал мен басқа да жаңа байлықтарға ие болғаннан кейін семьяда революция болды. Кәсіпшілікпен айналысу әрқашан еркектің ісі болды, кәсіпшілік етуге керекті құрал-жабдықтарды еркек жасады және оның меншігі болды. Мал ұстау кәсіпшіліктің жаңа құралы болды; малды алғаш қолға үйрету, ал кейіннен оны бағып-күту еркектің ісі болды. Сондықтан мал соныкі болды; малға айырбастап алынған товарлар мен құлдар да еркектікі болды. Енді кәсіпшіліктен түскен артық өнімнің күллісі еркекке тиді; әйел оны бірге тұтынды, бірақ меншікте оның үлесі болмады. «Тағы», жауынгер және аңшы үй ішінде әйелден кейін екінші орында болуына қанағат етті, «момындау» малшы байлығын мақтаныш етіп, бірінші орынға шықты, ал әйелді екінші орынға ығыстырды. Әйел бұған ренжи алмады. Семья ішінде еңбектің бөлінуі еркек пен әйелдің меншік бөлісуіне негіз болды; ол бұрынғы күйінде қала берді, бірақ солай бола тұрса да, семьядан тысқары жерлерде еңбек бөлінісі өзгеше болып кеткендіктен ғана, ол бұған дейін үй ішінде болып келген қатынастарды енді мүлде өзгертіп жіберді. Бұдан бұрын әйелдің үй ішінде үстем болуын қамтамасыз еткен себеп — әйел еңбегінің үй ішіндегі жұмыспен ғана шектелуі,— дәл осы себеп енді үй ішінде еркектің үстем болуын сөзсіз етті; еркектің кәсіпшілік еңбегіне қарағанда, әйелдің үйдегі жұмысы енді өзінің маңызынан айрылды; еркектің еңбегі барлық істің тетігі болды да, әйелдің жұмысы соның болмашы шылауы болды. Әйел

қоғамдық өнімді еңбектен шет қақпай болып, үй ішіндегі жекелеген еңбекпен ғана қанағаттануға мәжбүр болған жағдайда, әйелдің азат етілуі, оның право жағынан еркекпен теңгерілуі қазір де, болашақта да мүмкін емес екені осы араның өзінен-ақ байқалды. Әйел ірі, қоғамдық көлемде өндіріске қатыса алып, үй ішіндегі жұмыс оның болмашы ғана уақытын алғанда ғана, тек сол кезде ғана әйелдің азат етілуі мүмкін болады. Ал мұның өзі осы заманғы ірі өнеркәсіптің арқасында ғана мүмкін болып отыр, ол әйел еңбегіне кең көлемде жол беріп қана қоймай, оның үстіне оны тікелей талап етеді және үй ішіндегі жекелеген еңбекті қоғамдық өндіріске сіңістіріп жіберуге барған сайын ұмтыла түседі.

Еркектің үй ішіндегі нақты үстемдігі орнауымен оның дара билігі жолындағы ақырғы кедергілер құрыды. Бұл дара билік аналық правоның құлап, аталық правоның орнауымен, жұп некеден моногамияға бірте-бірте көшумен орын теуіп, мәңгілік етілді. Ал мұның өзі ежелгі ру құрылысына жік салды: жеке семья руға қатер туғыза қарсы тұратын күшке айналды.

Келесі қадам бізді варварлықтың жоғары сатысына, мынадай дәуірге бастайды: бұл дәуірде мәдениетті халықтардың бәрі өзінің ерлік заманын — темір семсер заманын, ал сонымен бірге темір соқа мен темір балта заманын бастарынан кешіреді. Тарихта революциялық роль атқарған шикізаттардың барлық түрлерінің ішіндегі картоп пайда болғанға дейінгі ең соңғы және аса маңызды түрі болған темір адам баласына қызмет ете бастады. Темір егіншілікті неғұрлым кең көлемде жүргізуге, егін егу үшін кең байтақ орман-тоғайлы жерлерді тазартуға мүмкіндік берді; ол қолөнершіге тас атаулының, сол кезде жұртқа мәлім өзге металл атаулының бірде-бірі төтеп бере алмайтын мықты, өткір құрал берді. Мұның бәрі бірден бола қойған жоқ; ең алғашқы темір көбінесе әлі қоладан жұмсақтау келетін. Сондықтан тастан жасалған қару-жарақ баяу ғана жойылды; «Хильдебранд туралы жырда» ғана емес, сонымен бірге 1066 жылы Гастингс іргесінде болған ұрыста тас балталар қолданылған[181]. Бірақ прогресс енді ешбір іркілмей, аз ғана үзіліспен, жедел алға баса берді. Өзінің тастан қаланған дуалдарымен, мұнараларымен және сүйір тіс қорғандарымен тас не кірпіш үйлерді айнала қоршаған қала тайпаның немесе тайпалар одағының топталатын жеріне айналды,— мұның өзі құрылыс өнеріндегі орасан зор прогрестің көрсеткіші, сонымен қатар қауіптің артуы мен қорғануды керек етудің де белгісі болды. Байлық тез өсті, бірақ ол жеке адамдардың байлығы ретінде өсті; тоқыма өндірісінде, металл өңдеуде және бір-бірінен барған сайын оқшаулана түскен басқа да қолөнер кәсіптерінде әр алуандылық барған сайын өскелең дәрежеде артып, өндіріс шеберлігі жетіле түсті; егіншілік енді астықпен, қауызды өсімдіктермен,

жемістермен бірге өсімдік майын және шарап та бере бастады, жұрт бұларды жасау әдісін үйренді. Мұншалықты әр алуан істі енді бір адам орындай алмайтын болды; *екінші ірі еңбек бөлінісі* болды: қолөнер кәсібі егіншіліктен бөлініп шықты. Өндірістің тоқтаусыз өсуі, сонымен бірге еңбек өнімділігінің де артуы адамның жұмыс күшінің құнын арттырды; дамудың бұдан бұрынғы сатысында жаңадан ғана туып, әлі жүйелі сипаты болмаған құлдық енді қоғамдық системаның барынша елеулі құрамды бөлегіне айналды; құлдар жай ғана қолғабысшы болудан қалды; енді олар егістік жерлер мен шеберханаларда жұмыс істеуге он-ондап айдалды. Өндірістің негізгі екі ірі салаға, егіншілік пен қолөнер кәсібіне бөлінуімен, тікелей айырбас үшін істейтін өндіріс,— товар өндірісі, ал онымен бірге сауда-саттық пайда болды, оның үстіне тайпа іші мен оның шекараларында ғана емес, сондай-ақ теңіздің ар жағындағы елдермен сауда жасала бастады. Алайда мұның бәрі әлі өте мешеу түрде болды; асыл металдар бәрінен басым болып, жалпыға бірдей товарға — ақшаға айнала бастады, бірақ ол кезде оларды құйып, соғып жатпай, жай салмағына қарап айырбастаған.

Еріктілер мен құлдар арасындағы айырмашылықпен қатар байлар мен кедейлер арасында айырмашылық туады,— еңбектің жаңаша бөлінуімен қатар қоғамның таптарға жаңаша бөлінуі туады. Семьяның жекелеген басшыларының арасындағы мүлік айырмашылықтары бұрынғы коммунистік үй қауымын оның әлі де сақталып келе жатқан жерінің бәрінде түгел қиратты; онымен бірге осы қауымның күш-құралдарымен жерді бірлесіп өңдеу де жоғалады. Егістік жер жеке семьялардың пайдалануына алғашында уақытша, онан соң біржолата беріледі, оның бүтіндей жеке меншікке көшуі бірте-бірте болады және жұп некенің моногамияға ұласуымен қатар жүреді. Жеке бір семья қоғамның шаруашылық тұлғасына айналады.

Халық тығыздығының арта түсуі ішкі жақтан да, сыртқы дүние жөнінде де неғұрлым тығыз топтасуға мәжбүр етті. Жержердің бәрінде туыстас тайпалардың одақтасуы қажет болды; ал көп ұзамай олардың бір-бірімен тіпті қосылып кетуі, сөйтіп тайпалардың жеке территорияларының бүкіл халықтың жалпы бір территориясына қосылып кетуі де қажетті нәрсе болды. Халықтың әскери көсемі — rex, basileus, thiudans қажетті, тұрақты лауазымды адамға айналды. Бұрын халық жиналысы болмаған жерлерде халық жиналысы пайда болды. Әскер бастығы, кеңес, халық жиналысы соғыс демократиясы болып дамып бара жатқан ру қоғамы органдарын құрды. Соғыс демократиясы болатын себебі — соғыс және соғыс үшін ұйымдасу ендігі жерде халық өмірінің тұрақты функциясына айналды. Көршілес елдердің байлығы халықтардың аранын ашты, ендігі жерде бұлардың аса маңызды өмірлік мақсаттарының бірі байлық

түсіру болды. Олар варварлар: жасампаз еңбектен гөрі, оларға ел тонау анағұрлым жеңіл және тіпті анағұрлым ардақты нәрсе болып көрінді. Бұрын шабуыл жасағандардан кек алу үшін ғана, немесе жеткіліксіз болған жерді кеңейту үшін жүргізілген соғыс енді тек ел тонау үшін ғана жүргізіліп, тұрақты кәсіпке айналды. Бекініс жасалған жаңа қалаларды айбарлы қорғандардың айнала қоршап тұрғаны тегін емес: олардың төңірегіндегі орлардан ру құрылысының моласы көрінеді, ал олардың мұнаралары енді цивилизацияға жете бастайды. Қоғам ішінде де нақ осылар болып жатты. Тонаушылық соғыстар жоғарғы әскер бастығының, сондай-ақ оған бағынышты әскер бастықтарының да өктемдігін күшейтті; әскер басыларының ізбасарларын әдет-ғұрып бойынша белгілі бір семьялардың ішінен сайлап қою тәртібі бірте-бірте, әсіресе аталық право орнаған кезден бастап, тұқым қуалайтын билікке айналды, бұған жұрт алғашында көндікті, онан соң мұның тәртіпке айналуы талап етілді, ал, ақырында, ол күшпен орнығатын болды; тұқым қуалайтын корольдік өкімет пен тұқым қуалайтын ақсүйектіктің негізі салына бастады. Рулық құрылыс органдары өзінің халық ішіндегі, ру, фратрия, тайпа ішіндегі түп тамырларынан осылайша бірте-бірте ажырай берді, ал бүкіл ру құрылысы өзіне қарама-қарсы күйге айналды: жеке өз істерін еркін реттеп отыратын тайпалар ұйымынан ол өз көршілерін тонау және езу ұйымына айналды, ал осыған сәйкес оның органдары халықтың еркін білдіретін құралдардан үстемдік жүргізетін және езіп-жаныштайтын дербес органдарға, өз халқына қарсы бағытталған органдарға айналады. Бірақ егер ашқарақтықпен байлыққа ұмтылу ру мүшелерін байлар мен кедейлерге бөлмеген болса, «белгілі бір ру ішіндегі мүлік айырмашылықтары мүдделер бірлігін ру мүшелері арасындағы антагонизмге айналдырмаған болса» (Маркс)* және құлдықтың етек алып тарауы нәтижесінде сол кездің өзінде-ақ кісінің өз еңбегімен күн көріс қоректерін табуы құлға ғана лайықты, ел тонаудан өткен ұятты іс деп танылa бастамаған болса, мұның өзі ешқашанда бұлай болмаған болар еді.

* * *

Біз енді цивилизацияның босағасына таяп келдік. Ол еңбек бөлінісінде ілгері басқан жаңа қадаммен ашылады. Төменгі сатыда адамдар тікелей өздерінің тұтынуы үшін ғана өндірді; анда-санда ғана жасалатын айырбастар некен-саяқ кездесетін оқиғалар еді, тек әлде қалай артық қалған өнімдер ғана айырбасталатын. Варварлықтың орта сатысында біз енді мал бағушы халықтарда мүліктің мал түрінде болғанын көреміз, ол мал санының белгілі бір мөлшерінде адамның жеке басының

* Қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 153—154-беттер. *Ред.*

тұтынуынан үнемі артық қалып отыратын өнім беретін болды; мұнымен бірге біз мал бағушы халықтар мен артта қалған, малы жоқ тайпалар арасында еңбек бөлінісі болғанын, демек, өндірістің қатар тұрған екі түрлі сатысын, демек, үздіксіз айырбас жүргізуге керекті жағдайлар туғанын кездестіреміз. Варварлықтың жоғары сатысында егіншілік пен қолөнер кәсібі арасында еңбек бөлінісі онан әрі болады, демек, еңбек өнімдерінің барған сайын көбейе түскен бөлегі тікелей айырбас үшін өндірілді, бұл арқылы жеке өндірушілер арасындағы айырбас қоғам үшін өмірлік қажетті нәрсеге айналды. Цивилизация еңбек бөлінісінің өзіне дейін пайда болған бұл түрлерінің бәрін нығайтып, күшейте түсті, мұны әсіресе қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты шиеленістіру арқылы істеді (соның өзінде экономикалық жағынан қала деревняға үстемдік ете алады; ежелгі заманда осылай болған; немесе деревня қалаға үстемдік ете алады; орта ғасырларда осылай болған) және бұған еңбек бөлінісінің тек өзіне ғана тән шешуші маңызы бар үшінші түрін қосты — ендігі жерде өндіріспен емес, тек қана өнім айырбастаумен айналысатын тапты, атап айтқанда *көпестерді* туғызды. Бұған дейін таптардың құрылу себептері әлі тек қана өндіріспен байланысты болып келген еді; бұл себептер өндірісте істейтін адамдарды басшылар мен орындаушыларға немесе ірі және ұсақ өндірушілерге бөлді. Осы арада тұңғыш рет мынадай тап келіп шықты: ол өндіріске ешбір қатыспай-ақ, жалпы алғанда және тұтасымен өндіріске басшылық етуді өз қолына алып, өндірушілерді экономика жағынан өзіне бағындырады, әрбір екі өндірушінің арасындағы құтылып болмайтын делдалға айналып, олардың екеуін де қанайды. Өндірушілер айырбасқа байланысты машақат пен қауіптен құтылады, олардың өнімдерін ең қашықтағы рыноктарға да өткізу кеңейеді, осы арқылы халықтың қоғамға нағыз тиімді табы құралады деген сылтаумен жатып ішерлер табы, нағыз қоғамдық арамтамақтар табы құрылады; ол шынына келгенде өзінің шамалы ғана еңбек сіңіргені үшін әрі өз еліндегі, әрі шет елдердегі өндірістердің бар бетке шығарын сыпырып алады, лезде-ақ орасан зор байлық жинайды және сонысына сай келетін қоғамдық ықпалға ие болады, нақ сондықтан да цивилизация дәуірінде барған сайын құрметті дәрежеге жетіп, өндірісті өзіне бағындырған үстіне бағындыра түседі, ақыр аяғында, жеке өз жемісін — мезгіл-мезгіл болып тұратын сауда дағдарыстарын туғызады.

Ал оның бер жағында, дамудың біз қарастырып отырған сатысында енді туып келе жатқан көпестердің өз алдында тұрған ұлы істерден әлі ешбір түсінігі бола қоймайды. Бірақ олар қалыптасып, қажетті бола бастады, осының өзі де жеткілікті. Ал бұлармен бірге *металл ақшалар,* құйма монета, металл ақша-

лармен қоса — өнім өндірмейтін бөгде біреудің өндірушіге және оның өндірісіне үстемдік етуінің жаңа құралы пайда болады. Жасырын күйінде өз бойына басқа товарлардың бәрін жинаған, товарлардың товары, егер қажет болса, кісі қызықтыратын, кісінің көкейіндегі заттың қайсысына болса да айнала алатын сиқырлы құрал пайда болды. Кімде-кімнің қолында ол товар болса, ол адам өндіріс дүниесін билеп-төстей алды. Ал ол товар ең алдымен кімде болды? Көпесте болды. Ақша құдіреті оның сенімді қолына тиді. Барлық товарлар, ал олармен бірге барлық товар өндірушілер де ақша алдында құлдық ұрып, құрбан болуға тиіс екенін жұртқа жариялауды көпес өз міндетіне алды. Байлықтың бұл түрімен салыстырғанда оның басқа түрлерінің бәрі де нақ сол байлықтың көлеңкесі ғана екенін ол іс жүзінде дәлелдеді. Ақша өктемдігі кейіннен өзінің осы жаңа шыққан, жас кезіндегідей ешқашан да соншама дөрекі және зорлықшыл формада болған емес. Ақшаға товар сатып алудың ізінше ақша қарызы, ал онымен бірге — процент пен өсімқорлық пайда болды. Бертін кездегі заңдардың бірде-бірі борышқор адамды Ежелгі Афины мен Рим заңдарындай, қарыз беруші-өсімқордың аяғына соншалықты қатал және аяусыз жығып берген емес,— ал бұл заңдардың екеуі де тек экономикалық жағынан қажет болған соң ғана, әдетте право ретінде, өзінен-өзі келіп пайда болды.

Товар және құл түріндегі байлықпен қатар, ақша байлығымен қатар, енді жер байлығы да пайда болды. Жеке адамдардың алғашқыда оларға ру немесе тайпа берген жер парцелларын иемдену правосының енді әбден нығайғандығы сонша, тіпті бұл парцеллалар енді мұраға көшіп отыратын меншік правосы негізінде сол адамдардікі бола бастады. Өйткені олардың соңғы кезде бәрінен де гөрі көздегендері сол парцелланы рулық қауымның оны иелену праволарынан, өздері үшін бұғау болған осы праволардан қайтсе де ажыратып алу болды. Олар бұл бұғаулардан құтылды, бірақ онан соң іле-шала өздерінің жаңа жер меншігінен де айрылды. Жерге толық, еркін меншіктің болуы оны ешбір бөгетсіз және шексіз иелену мүмкіндігі бар дегенді ғана емес, сонымен қатар одан айрылу мүмкіндігі бар дегенді де білдіретін еді. Жер ру меншігі болып тұрғанда, бұл мүмкіндік жоқ еді. Бірақ жаңадан шыққан жер иеленуші ру мен тайпаның жоғарғы меншігінің бұғауларынан біржолата босаған кезде ол өзін осы уақытқа дейін жермен тығыз байланысты етіп келген арқауларды да үзді. Жерге жеке меншіктің орнауымен бірге шыққан ақша оған мұның не екенін түсіндіріп берді. Жер енді жұрттың сатып алатын және кепілдікке салатын товары бола алды. Жерге жеке меншік орнасымен-ақ, ипотека да ойлап шығарылды (Афиныны қараңыз). Моногамияның ізінше гетеризм мен жезөкшелік жүріп отыратыны сияқты, ипотека да бұ-

дан былай жер меншігін өкшелеп отырды. Сіз толық, еркін, тартып алуға болатын жер меншігін тілеген едіңіз,— міне, сол тілегеніңізді алыңыз: tu l'as voulu, George Dandin!*

Сөйтіп, сауданың ұлғаюымен бірге, ақшамен және өсімқорлықпен, жер меншігімен және ипотекамен бірге байлық тез арада азғантай ғана таптың қолына, бір орталыққа жиналып, шоғырланды, ал мұнымен қатар бұқараның жоқшылығы өсіп, кедейлер бұқарасы көбейді. Байлықтың жаңа аристократиясы бұрынғы ру ақсүйектерін, егер ол әуел бастан-ақ өзімен үйлесе алмаған болса, кейін қарай біржолата ығыстырып шығарды (Афиныда, Римде, германдықтарда). Мал-мүлік жағдайына қарай еріктілердің өстіп тап-тапқа бөлінуімен қатар, әсіресе Грецияда, құлдар саны орасан көбейді**, бұлардың еркісіз еңбегі бүкіл қоғам қондырмасы табан тіреп, бой түзеген негіз болды.

Ал енді осы қоғамдық төңкеріс тұсында рулық құрылыстың қандай күйге түскенін көрейік. Ол өзінің қатысуынсыз дамып шыққан жаңа элементтер алдында дәрменсіз болып шықты. Оның алғы шарты болған нәрсе мынау еді: бір рудың немесе ең болмағанда бір тайпаның мүшелері тек өздері ғана қоныстанған белгілі бір территорияда бірге тұратын. Мұның өзі әлдеқашан-ақ жоқ болды. Жер-жердің бәрінде рулар мен тайпалар бір-бірімен араласып кетті, жер-жердің бәрінде ерікті азаматтардың арасында құлдар, қамқорлыққа алынған адамдар, жат жерліктер тұрды. Варварлықтың орта сатысының аяқ шенінде ғана қол жеткен халықтың отырықшылығы оның құрамындағы өзгерістер, тұрғын орынның жиі ауысуы себепті бұзыла берді; мұның өзі сауда қызметінен, кәсіп түрінің өзгеруінен, жер меншігінен айрылудан болатын еді. Ру бірлестіктерінің мүшелері өздерінің ортақ істерін қарау үшін енді бас қосысып жинала алмайтын болды; тек шамалы ғана істер, мәселен, діни мейрамдарды өткізу сияқтылар ғана әрең реттеліп отырды. Ру бірлестіктері өзі бейімделіп қамтамасыз етуі керек қажеттіктермен және мүдделермен қатар өндіріс жағдайларында болған төңкеріс және осы себепті қоғам құрылымында болған өзгерістер нәтижесінде ежелгі ру құрылысына жат болып қана қоймай, сонымен қатар барлық жағынан да оған қарама-қарсы тұрған жаңа қажеттіктер мен мүдделер туды. Еңбек бөлінісі арқасында пайда болған қолөнер топтарының мүдделері, деревняға қарама-қарсы қаланың ерекше қажеттіктері жаңа органдарды

---

* — саған керегі осы еді ғой, Жорж Данден! (*Мольер,* «Жорж Данден», I акт, тоғызыншы сахна). *Ред.*

** Афиныдағы құлдардың санын жоғарыдағы 117-бөттен қараңыз [осы томның 315-бетін қараңыз. *Ред.*]. Коринфте қаланың көркейген шағында құлдар саны 460 000, Эгинде — 470 000 адамға дейін барған, екеуінде де құлдар саны ерікті азаматтар санынан он есе артық болған.

керек қылды; бірақ бұл топтардың әрқайсысы алуан түрлі рулардың, фратриялар мен тайпалардың адамдарынан, соның ішінде тіпті жат жерліктерден де құралған еді; сондықтан бұл органдар рулық құрылыстан тысқары, онымен қатарласып, оның үстіне оған қарама-қарсы пайда болуға тиіс болды.— Ал өз ретінде, әрбір ру бірлестігінде мүдделердің осылайша бір-біріне қайшы келіп отырғаны байқалды, байлар мен кедейлер, өсімқорлар мен қарыздарлар белгілі бір ру мен белгілі бір тайпаға біріккен жерде бұл қайшылықтар мейлінше шиеленісе түсті.— Мұның үстіне рулық қауымдарға жат толып жатқан жаңа халық болды, Римдегі сияқты, бұл халық ел ішінде күшке айналуы мүмкін еді, ал оның үстіне оны қаны бір туысқандыққа негізделген рулар мен тайпаларға бірте-бірте қосуға болмады, өйткені ол тым көп еді. Рулық қауымдар бұл бұқараға томаға-тұйық, артықшылығы бар корпорациялар ретінде қарсы тұрды; табиғи түрде өсіп шыққан алғашқы демократия жек көрінішті аристократияға айналды.— Ақырында, рулық құрылыс ешбір ішкі қайшылық дегенді білмеген қоғамнан өсіп, тек соған ғана бейімделген еді. Оның қоғамдық пікірден басқа ешқандай күштеу құралдары болған емес. Ал мұнда өзінің бүкіл экономикалық тұрмыс жағдайларынан келіп, еріктілер мен құлдарға, қанаушы байлар мен қаналушы кедейлерге бөлінуге тиісті қоғам,— бұл қарама-қарсылықтарды қайтадан ымыраластыра алмайтыны былай тұрсын, қайта оларды барған сайын шиеленістіре түсуге тиісті қоғам — пайда болды. Мұндай қоғам осы таптардың арасында үздіксіз болып тұратын ашық күрес үстінде ғана немесе үшінші бір күштің үстемдік етуімен ғана өмір сүре алатын еді, бұл күш өзара күресуші таптардан жоғары тұрған болып, олардың ашықтан-ашық қақтығыстарын басып-жаныштап отырды және тап күресіне ең әрі кеткенде тек экономика саласында ғана, заңды деп аталатын формада ғана жол берді. Рулық құрылыстың дәурені өтті. Еңбек бөлінісі және оның салдарынан қоғамның тап-тап болып жіктелуі оның күл-талқанын шығарды. Оның орнын *мемлекет* басты.

* * *

Жоғарыда біз басты-басты үш форманы жеке-жеке қарастырып өттік, бұлардың ішінде мемлекет ру құрылысының қираған жұртынан көтерілді. Афины нағыз таза, неғұрлым классикалық форма болып табылады: мұнда мемлекет көбіне рулық қоғамның өз ішінде өріс алған таптық қарама-қарсылықтардан тікелей пайда болады. Римде рулық қоғам өзінен тысқары тұрған, правосыз, бірақ белгілі бір міндет атқаратын толып жатқан плебс айнала қоршаған томаға-тұйық аристократияға айналды; плебстің жеңуі ескі рулық құрылыстың күл-талқанын шығарып, оның қираған жұртына мемлекет орнатты, көп ұзамай рулық

аристократия да, плебс те соған мүлде сіңісіп кетеді. Ақырында, Рим империясын жеңген герман жеңімпаздарында мемлекет бөтен елдердің кең-байтақ жерлерін жаулап алудың тікелей нәтижесі ретінде пайда болды, рулық құрылыс бұл жерлерді билеп-төстеу үшін ешқандай құрал бермейді. Бірақ бұрынғы халыққа қарсы жүргізілген елеулі күрес те, неғұрлым прогресті еңбек бөлінісі де бұл шапқыншылықпен байланысты болмағандықтан, бағындырып алынған халықтар мен басқыншылардың экономикалық даму деңгейі бірдей дерлік болғандықтан, демек, қоғамның экономикалық негізі бұрынғы күйінде қалатындықтан, рулық құрылыс марка құрылысы түріндегі өзгерген, территориялық формада нешеме жүз жылдар бойы өмір сүре алады және, керек десеңіз, бірсыпыра уақытқа дейін кейінгі дворяндық, патрицийлік руларда, тіпті, мысалға алғанда, Дитмаршенде болған сияқты, шаруа руларында да неғұрлым әлсіз формада қайта қалпына келе алады*.

Сонымен, мемлекет қоғамға әсте де сырттан таңылған күш болып табылмайды. Мемлекет, сондай-ақ, Гегель айтқандай, «адамгершілік идеясының шындығы» да, «парасат бейнесі мен шындығы» да емес[183]. Мемлекет — дамудың белгілі бір сатысында қоғамның жемісі; мемлекет — сол қоғамның өзі өзімен шешілмейтін қайшылықтарға келіп шырмалғанын, ымыраласпайтын қарама-қарсылықтарға бөлінгенін, құтылуға дәрмені жоқ қарама-қарсылықтарға бөлінгенін мойындағандық. Ал осы қарама-қарсылықтар, экономикалық мүдделері бір-біріне қайшы таптар нәтижесіз күресте бірін-бірі және қоғамды жалмап қоймауы үшін, бұл үшін, сірә, қоғамнан жоғары тұратын күш, соқтығысты тежей алатын, оны «тәртіптің» шегінен шығармай ұстап тұра алатын күш қажет болды. Міне, бұл күш, қоғамның өзінен шыққан, бірақ өзін одан жоғары қоятын, өзін одан барған сайын оқшаулай беретін күш — мемлекет.

Ескі ру ұйымына қарағанда мемлекеттің айырмашылығы: біріншіден, мемлекетке қарайтын жұртты *территориялық бөліктерге* бөлуі. Қандас байланыстар себепті пайда болып, сақталып келген бұрынғы рулық бірлестіктердің, өзіміздің жоғарыда көргеніміздей, жеткіліксіз болу себебі көбіне олардың алғы шарты, ру мүшелерінің белгілі бір территориямен байланыстылығы жойылғалы көп болып кеткен еді. Территория қала берді, бірақ жұрт көшіп-қонымы бар күйге көшті. Сондықтан территориялық бөлініс бастама пункт болып алынды, ал азаматтарға олардың нендей бір ру мен тайпаға жататынына қарамастан, қайда қоныстанған болса, сол жерде өздерінің қоғамдық право-

* Рудың мән-жәйі жөнінде ең болмағанда шамаға келетін ұғымы болған бірінші тарихшы Нибур еді, бұған,— және сонымен бірге өзінің тура сонан алған қателеріне,— себепші болған оның Дитмаршен[182] руларымен таныс болғандығы еді.

лары мен міндеттерін жүзеге асыра берулеріне мүмкіндік жасалды. Азаматтарды осылай тұрған жеріне қарай ұйымдастыру барлық мемлекеттерге ортақ нәрсе. Сондықтан ол бізге табиғи нәрсе сияқты болып көрінеді; бірақ ол Афины мен Римде рулар бойынша ұйымдасқан ескі ұйымның орнына келіп орнысқанша қаншалықты табанды және ұзақ күрес керек болғанын біз жоғарыда көрдік.

Екінші өзгеше айырмашылығы — *жария өкіметтің* құрылуы, бұл өкімет енді өзін өзі қарулы күш етіп ұйымдастыратын халықпен тікелей сәйкес келмейді. Бұл ерекше жария өкіметтің қажет болған себебі — қоғам таптарға бөлінген кезден бастап, халықтың өздігінен қимыл жасайтын қарулы ұйымы болуына мүмкіндік қалмады. Құлдар да халықтың құрамына кіреді; 365 000 құл жөнінде Афиныны 90 000 азаматы артықшылығы бар тапты ғана құрады. Афины демократиясының халықтық әскері құлдарға қарсы бағытталған аристократиялық жария өкімет болып, құлдарды бағынышты етіп ұстады; бірақ азаматтарды да бағынышты етіп ұстау үшін, жоғарыда айтылғандай, жандармерия керек болып шықты. Бұл жария өкімет әрбір мемлекетте бар. Ол тек қарулы адамдардан ғана емес, сонымен қатар заттық шылаулардан, түрмелер мен әр түрлі еріксіз көндіруші мекемелерден де құралып отыр, қоғамның рулық құрылымына бұлар белгісіз еді. Таптық қарама-қарсылықтары әлі дами қоймаған қоғамдарда және кейде Америка Құрама Штаттарының қайсыбір жерлерінде байқалып отырғандай, шалғай жатқан аймақтарда бұл өкіметтің тіптен болымсыз, көзге де түспейтіндей болуы мүмкін. Мемлекет ішінде тап қайшылықтары шиеленіскен сайын және бір-бірімен іргелес жатқан мемлекеттер неғұрлым үлкейіп, олардың халқы көбейген сайын жария өкімет те күшейе түседі. Ең болмаса қазіргі Европаға көз салып қараңыздаршы, мұнда тап күресі мен шапқыншылық бәсекесінің жария өкіметті шапшытып жібергені соншалық, ол бүкіл қоғамды және тіпті мемлекеттің өзін де жалмап жіберу қаупін туғызып отыр.

Бұл жария өкіметті ұстап тұру үшін азаматтардың жарналары — *салықтар* керек. Салық дегенді рулық қоғам мүлде білмеуші еді. Бірақ біз қазір оны әбден жақсы білеміз. Цивилизация дамыған сайын тіпті салықтар да жеткіліксіз болып отыр; мемлекет болашақ уақытқа вексельдер береді, заемдар, *мемлекеттік борыштар* дегендерді шығарады. Бұл жөнінде де Европа кемпір біраз жайды айтып бере алады.

Жария өкімет пен салық алу правосы өз қолдарында болған соң чиновниктер, қоғам органы ретінде, қоғамнан *жоғары* болып алады. Ру қоғамының органдарын жұрт еркін, өзінің ықтиярымен қадірлеген болса, мыналар сондай қадірлеуге жете алған күнде де, оны жеткіліксіз деп табады; қоғамнан оқшауланып

бара жатқан өкіметтің өкілдері ретінде олар өздерін ерекше қасиетті және ешкім тие алмайтындай ететін айрықша заңдар шығару арқылы өздерін жұрттың қадірлеуіне жетуге тиіс. Цивилизациялы мемлекеттің полиция қызметшісінің ең жаманы ру қоғамының барлық органдарын тұтас алғандағыдан анағұрлым көп «беделі» болады; бірақ цивилизация заманының ең құдіретті монархы мен аса ірі мемлекет қайраткері немесе қолбасшысы ең шамалы ру старейшинасына көрсетілетін, таяқтың күшінен тумаған және дау-дамайсыз сый-құрметке қызығар еді. Ру старейшинасы қоғам ішінде болады, ал алдыңғылар болса өздерін қоғамнан тысқары, одан жоғары бірдеме етіп көрсетуге тырысып бағады.

Мемлекет таптардың қарама-қарсылығын ауыздықтап ұстау керектігінен туғандықтан; сонымен қатар ол осы таптардың соқтығысуларынан келіп туғандықтан, ол, жалпы ереже бойынша, ең құдіретті, экономика жағынан үстем таптың мемлекеті болып табылады, мемлекеттің жәрдемімен ол тап саяси жағынан да үстем болып алады, сөйтіп езілген тапты басып-жаныштауға және қанауға керекті жаңа құралдар табады. Мысалы, арғы заманғы мемлекет, ең алдымен, құлдарды басып-жаныштап ұстайтын құл иеленушілердің мемлекеті болды, феодалдық мемлекет крепостной және тәуелді шаруаларды басып-жаныштап ұстайтын дворяндардың органы болды, ал осы заманғы өкілдік мемлекет капиталдың жалдама еңбекті қанайтын құралы болып отыр. Дегенмен, ерекшелік түрінде кездесетін дәуірлер болады: онда күресуші таптардың күштері теңбе-тең түседі де, мемлекеттік өкімет екі таптың арасында бітістіруші сияқты болып көрініп, сол екеуі жөнінде де азын-аулақ уақытқа белгілі бір дәрежеде дербестік алады. Дворяндар мен буржуазияны бір-біріне қарама-қарсы қойып, тепе-теңдікте ұстаған XVII және XVIII ғасырлардағы абсолюттік монархия осындай болды, Франциядағы Бірінші және әсіресе Екінші империяның пролетариатты буржуазияға қарсы, буржуазияны пролетариатқа қарсы айдап салған бонапартизмі осындай болған еді. Билеуші мен оның қол астындағылары бірдей күлкілі болып көрінетін бұл саладағы ең соңғы табыс—бисмарктік ұлттың жаңа Германия империясы: мұнда бір-біріне қарсы тұрған капиталистер мен жұмысшылар арасындағы тепе-теңдік сақталып, екеуі де пруссардың жұрдай болған мешеу юнкерлерінің мүдделері үшін бірдей алдауға түсіп отыр.

Мұның үстіне, тарихта мәлім мемлекеттердің көпшілігінде азаматтарға берілетін праволар олардың мал-мүлік жағдайына сәйкестеліп беріледі, сөйтіп бұл арқылы мемлекет дегеніміз — бай таптың өзін кедей таптан қорғайтын ұйымы деп турадан-тура мәлімделеді. Мүлік категорияларына бөлінген Афины мен Римнің өзінде-ақ осылай болған. Саяси ықпалының дәрежесі

жер иелігі мөлшеріне қарай белгіленген орта ғасырлық феодалдық мемлекетте де осылай болған. Мұның өзі осы күнгі өкілдік мемлекеттердің сайлау цензінен де көрініп отыр. Алайда мүлік жағдайы жөніндегі бұл айырмашылықтарды саясат жүзінде мойындау әсте де елеулі нәрсе емес. Қайта, ол мемлекет дамуының төменгі сатыда тұрғандығын сипаттайды. Мемлекеттің ең жоғары түрі, біздің осы күнгі қоғамдық жағдайларымызда барған сайын мемлекеттің сөзсіз қажетті түрі болып отырған және пролетариат пен буржуазия арасындағы соңғы шешуші күрес осында ғана ақырына дейін жеткізілуі мүмкін демократиялық республика — осы демократиялық республика байлық жөніндегі айырмашылықтар туралы ресми түрде дәнеңе білмейді. Оның тұсында байлық өз өктемдігін жанамалап, бірақ оның есесіне дұрыстап пайдаланады: бір жағынан, чиновниктерді тікелей сатып алу түрінде,— мұның классикалық үлгісі Америка болып отыр,— екінші жағынан, үкімет пен биржа арасындағы одақ түрінде пайдаланады; мемлекеттік борыштар неғұрлым көбейген сайын және акционерлік қоғамдар тек транспортты ғана емес, сонымен қатар өндірістің өзін де өз қолдарына неғұрлым көбірек жинап, нақ сол биржаны өздерінің өзекті арқауы етіп алған сайын бұл одақты жүзеге асыру солғұрлым жеңілдей түседі. Бұған, Американы айтпағанда, ең жаңа Француз республикасы айқын мысал бола алады, байыпты деген Швейцария да бұған өз үлесін қосты. Бірақ үкімет пен биржаның мұндай туысқандық одақ жасауы үшін демократиялық республиканың әсте қажет емес екенін, Англияны айтпағанда, жаңа Герман империясы дәлелдеп отыр, мұнда жалпыға бірдей сайлау правосы кімнің дәрежесін көтергенін: Бисмарктің бе, әлде Блейхрёдердің бе,— мұны айырып айтуға болмайды. Ақырында, дәулетті тап жалпыға бірдей сайлау правосының жәрдемімен тікелей үстемдік жүргізеді. Қаналушы тап,— демек, бұл арада пролетариат,— өзін өзі азат етуге әлі өсіп жетілмей тұрғанда, оның көпшілігі қазіргі қоғамдық тәртіпті бірден-бір мүмкін тәртіп деп мойындап, саясат жағынан капиталистер табының соңынан еріп отырады, оның барынша солшыл қанатын құрайды. Бірақ өзін өзі азат ету үшін кемелденген кезде, ол өзінің жеке партиясына топтасып, капиталистердің өкілдерін емес, өз өкілдерін сайлайтын болады. Жалпыға бірдей сайлау правосы — жұмысшы табының кемелденгендігінің белгісі. Қазіргі мемлекет тұсында оның бұдан артық берері жоқ және еш уақытта да бере алмақ емес; бірақ осының өзі де жеткілікті. Жалпыға бірдей сайлау правосының термометрі жұмысшылардың қайнау нүктесіне жеткенін көрсеткен кезде, олар, капиталистер сияқты, не істерін білетін болмақ.

Сонымен, мемлекет мәңгі жасап келе жатқан жоқ. Мемлекетсіз өмір сүрген, мемлекет, мемлекеттік өкімет дегендердің не

екенін білмеген қоғамдар болған. Қоғамның таптарға бөлінуімен қажетті байланысты болған экономикалық дамудың белгілі бір сатысында, сол бөлінудің салдарынан мемлекет қажеттілікке айналды. Қазір біз тез адымдап, өндіріс дамуының мынадай бір сатысына жақындап келеміз: бұл сатыда әлгі таптардың болуы қажет болудан қалғаны былай тұрсын, тіпті өндіріске тікелей бөгет жасап отыр. Бұрын таптар қалайша сөзсіз пайда болса, олар соншалықты сөзсіз құриды. Таптар құрысымен мемлекет те сөзсіз құриды. Өндірушілердің ерікті және тең ассоциациясы негізінде өндірісті жаңаша ұйымдастыратын қоғам бүкіл мемлекеттік машинаны сол кездегі өзінің нағыз тиісті орнына жіберетін болады: ескілік мұраларының музейіне апарып, ұршықпен, қола балтамен қатар қояды.

* * *

Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сәйкес, цивилизация қоғамдық дамудың мынадай сатысы болып табылады: мұнда еңбек бөлінісі, содан келіп шығатын жеке адамдар арасындағы айырбас және осы екі процесті біріктіретін товар өндірісі әбден кемеліне келіп, бүкіл бұрынғы қоғамда төңкеріс жасайды.

Қоғамдық дамудың бұған дейінгі барлық сатыларындағы өндіріс іс жүзінде коллективтік өндіріс болды, сондай-ақ тұтыну да үлкенді-кішілі коммунистік қауымдар ішінде өнімдерді тікелей бөлісуге келіп тірелетін. Өндірістің бұл коллективтік сипаты мейлінше тар шеңберлерде жүзеге асырылған-ды, бірақ ол өндірушілерді өз өндіріс процесі мен өндіретін өніміне үстем етті. Олар өнімнің не болатынын біледі: олар оны тұтынады, өнім олардың қолынан шықпайды, өндіріс осы негізде жүргізіліп тұрғанда, ол өндірушілерден асып кете алмайды, оларға жат, құпия күштерді туғыза алмайды, ал цивилизация заманында мұның өзі үнемі және сөзсіз болып тұрады.

Бірақ бұл өндіріс процесіне ақырын-ақырын еңбек бөлінісі енеді. Ол өндіріс пен иемденудің коллективтік сипатын бұзады, ол жеке адамдардың иемденуін басым ереже етеді және онымен бірге жеке адамдар арасындағы айырбасты туғызады,— мұның қалай болатынын біз жоғарыда зерттедік. Товар өндірісі біртебірте өндірістің үстем формасына айналады.

Товар өндірісінің тұсында, адамның өз тұтынуы үшін емес, айырбас үшін өнім өндіріле бастағанда өнімнің бір қолдан екінші қолға көшіп отыруы қажет болады. Өндіруші айырбас кезінде өз өнімін береді; енді ол сол өнімнің түбінде не болатынын білмейді. Ал енді өндірушілер арасында делдалдық міндет атқаруға ақша, ал ақшамен бірге көпес шыққан кезде, айырбас процесі бұрынғыдан да шатасып, өнімдердің түпкі тағдыры онан сайын тұрлаусыз бола түседі. Көпес дегендер көп, ал олардың бірде-біреуі басқаларының не істеп жатқанын білмейді. Товар-

лар енді қолдан-қолға көшіп қана қоймайды, бір рыноктан екінші бір рынокқа ауысады; өндірушілер өздерінің жеке өмірлерінің жағдайларын өндіретін күллі өндіріске билік жасаудан қалды, бірақ бұл билік көпестерге де көшкен жоқ. Өнімдер мен өндіріс кездейсоқ жағдайлардың өктемдігіне түседі.

Бірақ кездейсоқтық — өзара тәуелділіктің бір жағы ғана, оның екінші жағы қажеттілік деп аталады. Кездейсоқтық үстемдік ететін тәрізді табиғатта да біз оның әрбір жеке саласында осы кездейсоқтықтың шеңберінде өзіне жол салып отыратын ішкі қажеттілік пен заңдылықтың бар екенін әлдеқашан анықтағанбыз. Бірақ табиғат үшін күші болатын нәрсенің қоғам үшін де күші болады. Қайсыбір қоғамдық қызмет, толып жатқан қоғамдық процестер адамдардың саналы түрдегі бақылауынан неғұрлым көбірек сытылып шыққан сайын, олардың билігінен кеткен сайын бұл қызмет таза кездейсоқтықтың жетегінде кеткен тәрізді болған сайын осы кездейсоқтықтың шеңберінде оның өзіне тән ішкі заңдары солғұрлым табиғи қажеттілікпен өзіне жол салып отырады. Мұндай заңдар товар өндірісі мен товар айырбасының кездейсоқ жағдайларына да үстемдік етеді: жеке өндірушіге және айырбасқа қатысушыға ол заңдар мүлде жат, алғашқыда тіпті беймәлім бір күштер ретінде, табиғатын әлі мұқият зерттеп, танып-білу керек болатын күштер ретінде қарсы тұрады. Товар өндірісінің бұл экономикалық заңдары өндірістің осы формасының әр қилы даму сатыларында түр жағынан өзгеріп отырады, бірақ жалпы алғанда бүкіл цивилизация дәуірі сол заңдардың үстемдігімен өтеді. Өнім әлі де болса өндірушілерге үстемдік етіп келеді; бүкіл қоғамдық өндіріс әлі де болса бірлесіп ойластырылып жасалған жоспарға сәйкес емес, қайта стихиялы күшпен шығатын, соңғы инстанцияда — ауық-ауық болып тұратын сауда дағдарыстарының дауылдарында туатын жойқын заңдар арқылы реттеліп келеді.

Өндіріс дамуының біршама ертеректегі сатысында адамның жұмыс күші өндірушінің өмір сүруіне керекті мөлшерден едәуір көп өнім беруге қабілетті бола алатынын, ал дамудың бұл сатысы, негізінен алғанда, жеке адамдардың арасындағы еңбек бөлінісі мен айырбас пайда болатын сатының дәл өзі екенін біз жоғарыда көрдік. Енді адам да товар бола алады, егер адамды құлға айналдырса, адамның күшін* айырбастауға да, тұтынуға да болады деген ұлы «ақиқатты» ашу үшін оншама көп уақыт керек болмады. Адамдардың айырбас жүргізе бастауы-ақ мұң екен, олардың өздері де айырбас бұйымына айналып кетті. Сабақты етіс салтқа айналды,— жұрттың мұны тілеген-тілемегені есеп емес.

---

* 1884 жылғы басылуында «адамның күшін» деген сөздердің орнына «адамның жұмыс күшін» деп басылған. *Ред.*

Цивилизация тұсында әбден кемеліне келіп дамыған құлдықтың шығуымен қоғамның қанаушы және қаналушы таптар болып тұңғыш рет ірі бөлінуі болды. Бұл бөліну бүкіл цивилизация дәуірінің өне бойында бола берді. Құлдық — қанаудың арғы заман дүниесіне тән тұңғыш формасы; онан соң: орта ғасырларда крепостнойлық, жаңа заманда жалдама еңбек пайда болды. Цивилизацияның үш ұлы заманына тән құлдыққа салудың ұлы-ұлы үш формасы міне осындай; ашықтан-ашық, ал осы жуыр арадан бері бүркемеленген құлдық цивилизациямен әрдайым қатар жүріп келеді

Товар өндірісінің цивилизация басталатын сатысы экономика жағынан былай сипатталады: 1) металл ақшаларды, ал онымен бірге ақша капиталын, процент пен өсімқорлықты енгізу; 2) өндірушілер арасындағы делдал тап ретінде көпестердің пайда болуы; 3) жерге жеке меншік пен ипотеканың шығуы және 4) өндірістің үстем түрі ретінде құл еңбегінің шығуы. Семьяның жаңа формасы — моногамия, еркектің әйелге үстемдігі және қоғамның шаруашылық тұлғасы ретіндегі жеке семья цивилизацияға сай келеді және онымен бірге өзінің үстемдігін біржолата орнатады. Цивилизацияланған қоғамның байланыстырушы күші мемлекет болып табылады, ол өзі кәдімгі дәуірлердің бәрінде тек қана үстем таптың мемлекеті болады және барлық реттерде іс жүзінде езілген, қаналған тапты басып-жаныштап ұстайтын машина болып қала береді. Цивилизацияға тән тағы да бір нәрсе мынау: бір жағынан, бүкіл қоғамдық еңбек бөлінісінің негізі ретінде қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық баянды етіледі; екінші жағынан, өсиет қалдыру енгізіледі, бұл арқылы меншік иесі өз меншігін өзі өлгеннен кейін де билей алатын болады. Ежелгі рулық құрылысқа тікелей қайшы келетін бұл институт Афиныда Солонға дейін болмаған-ды; Римде ол ерте сатыда-ақ енгізілген, бірақ дәл қай кезде енгізілгенін біз білмейміз*; парасатты германдық өз мұрасын ешбір бөгетсіз шіркеуге өсиет етіп қалдыра алуы үшін германдықтарда мұны поптар енгізді.

---

* Лассальдың «Алынған праволар жүйесінің» екінші бөлімі негізінен мына қағида төңірегінде болады: Римнің өзі сықылды, Римнің өсиет қағазы да әбден ескілікті нәрсе, Рим тарихында «өсиет қалдырылмаған уақыт» ешқашан «болған емес», өсиет қалдыру, тегінде, Римнен бұрынғы дәуірде өлгендердің аруағына табынудан шығуы көбірек ықтимал. Діні берік ескі гегельшіл ретінде, Лассаль Римнің праволық нормаларын римдіктердің қоғамдық қатынастарынан шығармай, еріктің «спекулятивтік ұғымынан» шығарады, сөйтіп әлгінде айтылған, тарихқа мүлде қайшы келетін пікірге келеді. Сол спекулятивтік ұғым негізінде авторы: Римнің мұра қалдыру тәртібінде мал-мүлік ауыстыру тек екінші дәрежедегі ғана іс болған-ды деген қорытындыға келетін кітапта осылай делінуі таңырқарлық нәрсе емес. Лассаль Рим юристерінің, әсіресе олардың ертеректе жасағандарының айтқан қиялдарына сеніп қана қоймайды, сондай-ақ бұл қиялдардан асып та түседі.

Осы негіздерге сүйенген цивилизация ежелгі рулық қоғамның өресі мүлдем жетпеген істерді істеді. Бірақ цивилизация бұл істерді істегенде адамдардың нағыз сұм ниеттері мен құмарларын қоздырып, өршітті, онда да олардың басқа ниет-пиғылдарының бәріне зиян келтіре отырып өршітті. Жексұрын ашкөздік цивилизацияның тумысынан бастап осы күнге дейінгі қозғаушы күші болды; байлық, тағы да байлық, үсті-үстіне байлық, қоғам байлығы емес, қайсыбір қораш адамның қара басының байлығы цивилизацияның бірден-бір, негізгі көздеген мақсаты болды. Егер бұл орайда осы қоғам ішінде ғылым барған сайын дами берген болса, өнердің мейлінше көркею дәуірлері қайта оралып отырса, онда мұның себебі тек мынада ғана: біздің заманымыздың байлық жинау саласында жеткен барлық табыстары мұнсыз мүмкін болмас еді.

Бір тапты екінші таптың қанауы цивилизацияның негізі болғандықтан, оның күллі дамуы ылғи қайшылықпен өтеді. Өндірісте алға басудың қандайы болса да сонымен бірге езілген таптың, яғни орасан көпшіліктің тұрмыс-жағдайында бір қадам кейін кеткендік болып табылады. Біреулерге игілік болған нәрсенің бәрі екінші біреулерге сор болып тиеді, бір таптың қандай да болсын жаңа азаттық алуы — басқа бір тап үшін жаңадан қанауға түскендік болады. Бұған неғұрлым айқын мысал болатын нәрсе — машиналардың қолданылуы, мұның салдары қандай болып отырғаны қазір жұрттың бәріне мәлім. Жоғарыда көргеніміздей, варварларда праволарды міндеттерден әрең айыруға болатын болса, онда цивилизация олардың арасындағы айырмашылық пен қарама-қарсылықты нағыз кешеге де түсіндіріп береді, өйткені праволардың барлығын дерлік бір тапқа беріп, міндеттердің барлығын дерлік басқа тапқа жүктей салады.

Бірақ бұлай болмауға тиіс. Үстем тап үшін жақсы нәрсе бүкіл қоғам үшін де игілікті нәрсе болуға тиіс, ал үстем тап өзін бүкіл қоғаммын деп біледі. Сондықтан цивилизация неғұрлым алға басқан сайын ол өзі сөзсіз туғызатын теріс құбылыстарды соғұрлым жақсы көргенсіп, бүркемелей түсуге, оларды боямалауға немесе өтіріктен-өтірік теріске шығаруға,— қысқасы, күнделікті өмірге жалпылама екі жүзділікті енгізуге соғұрлым мәжбүр болады, мұның өзі қоғамның неғұрлым ежелгі формаларына да, тіпті цивилизацияның алғашқы сатыларына да мәлім емес-ті және бұл екі жүзділік, ақырында, былай деп пайымдау арқылы өзінің ең жоғарғы шегіне жетеді: қанаушы тап езілуші тапты қанағанда, тек қана және ылғи сол қаналушы таптың мүдделері үшін қанайды-мыс, егер қаналушы тап мұны түсінбесе, тіпті бұған қарсы шыға бастаса, онда мұның өзі рақымы

мол қанаушыларға алғыс орнына қарғыс айтудың өзі болады-мыс*.

Ал енді қорытындымызда Морганның цивилизация жөніндегі пікірін келтірейік:

> Цивилизацияның басталуымен-ақ байлықтың мейлінше өскені, оның түрлері әр алуан болғаны, оның кең қолданылғандығы, ал оны басқару меншік иелерінің мүдделеріне қарай шеберлікпен жүргізілгені соншалық, тіпті бұл байлық халыққа қарсы тұрған *жеңілмес күшке айналды. Адамзаттың ақыл-ойы өзі жасаған нәрселерінен именіп, не істерін білмей қалды.* Бірақ сонда да адамзат ақыл-ойының байлыққа үстемдік ететіндей болып нығаятын кезі, оның мемлекет қорғап отырған меншікке сол мемлекеттің қатынасын да, сондай-ақ меншік иелері праволарының шегін де белгілейтін кезі келеді. Қоғам мүдделері жеке адамдардың мүдделерінен сөзсіз жоғары, сондықтан олардың арасында әділетті, үйлесімді қатынас орнату керек. Прогрестің өткен дәуірде заң болғаны сияқты, ол болашақ заманға да заң болып қала беретін болса, құр байлықтың соңына түсе беру адамзаттың түпкі мақсаты бола алмайды. Цивилизация басталғаннан бергі өткен уақыт — адамзаттың басынан кешірген өмірінің болмашы ғана бөлегі, оның әлі де сүретін өмірінің болмашы ғана бөлегі. Өзінің бірден-бір түпкі мақсаты байлық болатын тарихи майданның аяқталуы бізге қоғамның құру қаупін тугызады, өйткені мұндай майданда, өзін өзі құртудың элементтері болады. Басқару ісіндегі демократия, қоғам ішіндегі туысқандық, праволар теңдігі, жалпы жұрттың білім алуы қоғамның келесі, жоғары сатысын асқақтата көтереді, тәжірибе, ақыл-ой мен ғылым сол сатыға жетуге үздіксіз ұмтылуда. *Ол қоғам ежелгі рулар бостандығының, теңдігі мен туысқандығының қайта тууы — бірақ ең биік формасында қайта тууы болады»* (Морган, «Ежелгі қоғам», 552-бет)**.

*1884 ж. марттың аяғында — 26 майда жазылған*

*1884 ж. Цюрихта жеке кітап болып басылған.*

*Қол қойған: Фридрих Энгельс*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 21-том, 28—178-беттер*

---

* Мен алғашында Морганның цивилизация жөніндегі сынын және өз сынымды келтірумен қатар Шарль Фурье шығармаларының әр түрлі жерлерінен цивилизация жөнінде кездесетін тамаша сынды келтірмек болған едім. Өкінішке орай, мұнымен шұғылдануға менің уақытым жоқ. Тек мынаны ғана ескерте кетейін: Фурьенің өзінде-ақ моногамия мен жер меншігі цивилизацияның басты-басты айрықша белгілері делінген және ол мұны байлардың кедейлерге қарсы соғысы деп атайды. Тап сондай-ақ біз жетілмеген, қайшылықтар жайлаған қоғамдардың бәрінде жеке семьялардың (les familles incohérentes) шаруашылық тұлғалар болғанын оның өзі-ақ жете түсінгенін көреміз.

** Сондай-ақ қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві», IX том, 56—57-беттер. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# ЛЮДВИГ ФЕЙЕРБАХ ЖӘНЕ НЕМІСТІҢ КЛАССИҚАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АҚЫРЫ[184]

## 1888 ЖЫЛҒЫ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

«Саяси экономия сынына», Берлин, 1859 ж. деген шығармасына жазған алғы сөзінде Карл Маркс біз екеуіміздің 1845 жылы Брюссельде «неміс философиясының идеологиялық көзқарастарына қарама-қарсы өзіміздің көзқарастарымызды»,— атап айтқанда, тарихты материалистік тұрғыдан түсіну жөнінде негізінен Маркс белгілеген көзқарастарды,—«бірігіп жасауға, шынына келгенде, өзіміздің бұрынғы философиялық ұжданымызбен есеп айырысуға» ұйғарғандығымызды айтады. «Бұл ниетіміз Гегельден кейінгі философияны сынау формасында орындалды. Қолжазба — табақ қағаздың сегізден бір бөлегіне жазылған екі қалың том көлемінде — басылатын орны Вестфалияға әлдеқашан жеткен болатын; сол кезде өзгерген жағдайлар оның басылуын мүмкін етпей отыр деп бізге хабар келді. Біз оған қынжылмастан қолжазбаны тышқандардың кеміруші сынына беріп қойдық, өйткені біздің басты мақсатымыз — істің жайын өзіміз үшін анықтап алу мақсаты — орындалды»*.

Содан бері қырық жылдан астам уақыт өтті, ал Маркс болса қайтыс болды. Бұл мәселеге қайтып оралудың оған да, маған да ешбір реті келмей қойды. Біздің Гегельге көзқарасымыз жөнінде біз кейбір реті келген жерлерде айтқан едік, бірақ ешбір жерде мұны әбден толық айта алмаған болатынбыз. Ал Гегельдің философиясы мен біздің теориямыздың арасында қалай дегенмен белгілі бір тұрғыдан аралық буын болып табылатын Фейербахқа келсек, біз бұған мүлде оралған емес едік.

Осы уақыт ішінде Маркстің дүниеге көзқарасын жақтаушылар Германия мен Европаның шегінен әрмен асып, дүние жүзінің барлық әдеби тілдерінен табылып отыр. Екінші жағынан, немістің классикалық философиясы шетелдерде, әсіресе Англияда және Скандинавия елдерінде қайта туып келе жатқан тәрізденіп отыр. Ал тіпті Германияның өзін алсақ, оның университеттерінде философия деген атпен ұсынылып отырған қайыршының

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 524-бет. *Ред.*

эклектикалық быламығынан ығыр болушылық басталған сияқты.

Осыларды еске ала келгенде, Гегель философиясына деген біздің көзқарасымызды,— оған біздің қалай сүйенгенімізді, одан біздің қалай қол үзгенімізді,— қысқа ғана жүйелі түрде баяндау маған бірден-бірге мезгілі жеткен іс сияқтана берді. Дәл сол сияқты, мен біздің дауылды да тегеурінді дәуірімізде бізге Гегельден кейінгі философтың қай-қайсысынан да Фейербахтың көбірек әсер еткенін толық мойындау біздің абыройлы борышымыз деп санадым. Сондықтан мен «Neue Zeit»[21] журналы редакциясының Штаркенің Фейербах туралы кітабына сыни талдау жазуды сұраған ұсынысын ынтамды салып пайдаландым. Менің бұл еңбегім сол журналдың 1886 жылғы 4-ші және 5-ші номерлерінде басылып шықты, ал қазір өзім қайта қарап шыққан жеке оттискамен басылып шыққалы отыр.

Осы жазып отырғанымды баспаға жіберместен бұрын мен 1845—1846 жылдардағы ескі қолжазбаны* тауып алып, тағы да қарап шықтым. Онда Фейербах туралы бөлім** аяқталмаған. Дайын бөлімі тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді баяндау болып табылады; бұл баяндау экономикалық тарих саласындағы біздің ол кездегі біліміміздің әлі жеткіліксіз болғанын ғана көрсетеді. Қолжазбада Фейербах ілімінің өзін сынау болмай шықты; сондықтан ол бұл мақсатқа жарамды бола алмады. Бірақ оның есесіне мен Маркстің бір ескі дәптерінен Фейербах туралы он бір тезис*** тауып алдым, олар қазір қосымша есебінде басылып та отыр. Бұл — асығыс жазылған, одан әрі өңдеуге жататын және әсте де баспаға арналмаған заметкалар. Бірақ бұлар — дүниеге жаңа көзқарастың данышпандық бастамасы бар бірінші документ есебінде баға жетпес тезистер.

Лондон, 21 февраль 1888 ж.

***Фридрих Энгельс***

*Мына кітапта басылған:*
*F. Engels. «Ludwig Feuerbach und der Ausgang der klassischen deutschen Philosophie», Stuttgart, 1888*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 21-том, 370—371-беттер*

---

* *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* «Неміс идеологиясы» (қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 7—544-беттер). *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 10—77-беттер. *Ред.*

*** Қараңыз: бұл да сонда, 7—9-беттер. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# ЛЮДВИГ ФЕЙЕРБАХ ЖӘНЕ НЕМІСТІҢ КЛАССИҚАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АҚЫРЫ[184]

## I

Қарастырылып отырған шығарма* бізді уақыт жағынан алғанда бізден бір ұрпақ бұрын өткен, бірақ Германиядағы қазіргі ұрпаққа одан бүтіндей жүз жыл қашықтаған дәуір сияқты соншама жат болып кеткен дәуірге қайта оралтады. Солай бола тұрса да, мұның өзі Германияның 1848 жылғы революцияға әзірлену дәуірі болды, ал бізде содан кейін болғанның бәрі 1848 жылдың жалғасы, революция өсиетінің орындалуы ғана болды.

XVIII ғасырда Францияда болғаны сияқты, XIX ғасырда Германияда саяси төңкерістің алдынан философиялық революция болды. Бірақ бұл философиялық революциялар бір-біріне қаншалықты ұқсамайды десеңізші! Француздар бүкіл ресми ғылыммен, шіркеумен, екінің бірінде мемлекетпен де ашық күрес жүргізеді; олардың шығармалары шекарадан арғы жақта, Голландияда немесе Англияда басылып шығады, ал олардың өздері көбінесе Бастилияға түсіп қала жаздап жүреді. Оның керісінше, немістер — профессорлар, мемлекеттің жастарды тәрбиелеуге тағайындап қойған адамдары; бұлардың шығармалары — жалпы танылған оқу құралдары, ал Гегельдің системасы — бүкіл философиялық дамудың шыңы—белгілі бір дәрежеде тіпті корольдік-пруссиялық мемлекеттік философия дәрежесіне көтеріліп отырады! Міне осы профессорлардың тасасында, олардың педанттық-күңгірт сөздерінде, олардың қолапайсыз, іш пыстырарлық ұзын күрделі сөйлемдерінде бүркемеленген революция болды ма? Ол кезде революцияның өкілдері деп есептелген адамдар — либералдар — адам баласының басын қатырған осы философияның нағыз қас дұшпаны болған жоқ па? Алайда үкіметтердің де, либералдардың да аңғармаған нәрсесін сол 1883 жылдың өзінде-ақ, ең болмағанда, бір адам көрді; оның есімі, рас, Генрих Гейне еді[185].

---

* «Ludwig Feuerbach», von C. N. Starcke, Dr. phil.— Stuttgart, Ferd. Encke 1885 [«Людвиг Фейербах». Философия д-ры К. Н. Штаркенің шығармасы, Штутгарт, Ферд. Енке баспасы, 1885].

Мысалға алайық. Философиялық қағидалардың бірде-біреуі Гегельдің:

> «шындықтың бәрі ақылға сыйымды; ақылға сыйымдының бәрі шындық»[186].

дейтін атақты қағидасындай шолақ ойлы үкіметтер тарапынан соншама қадірлеушілікке, ал шолақ ойлылығы олардан кем түспейтін либералдар тарапынан соншама ашу-ызаға кездескен емес.

Өйткені ол, анығында, қазіргі бар нәрсенің бәрін ақтау, деспотизмді, полицейлік мемлекетті, корольдік юстицияны, цензураны философиялық мақұлдау болды ғой. III Фридрих-Вильгельм осылай деп ойлады; оның қол астындағылар да осылай деп ойлады. Бірақ Гегельде бар нәрсенің бәрі бірдей сонымен қатар сөзсіз шындық болып табыла бермейді. Шындық атрибуты Гегельде сонымен қатар қажеттілік болып табылатын нәрсеге ғана тән.

> «Өзінің өрістей келген кезінде шындық қажеттілік болып ашылады».

Сондықтан ол белгілі бір үкіметтік шараны — Гегельдің өзі мысал ретінде «белгілі салық ережесін» алады — ол тіптен де даусыз шындық болып табылатын бір нәрсе деп танымайды. Бірақ қажеттінің өзі түптеп келгенде, ақылға сыйымды да болып шығады, сондықтан сол кездегі Пруссия мемлекетіне қолданғанда Гегельдің қағидасы, демек: бұл мемлекет қаншалықты қажетті болса, ол соншалықты ақылға сыйымды, соншалықты ақылға сай келеді дегендік болып қана шығады. Ал егер ол мемлекет, біздің көзқарасымызша, қалай да жарамсыз болып шығатын болса, бірақ өзінің жарамсыздығына қарамастан, өмір сүре беріп отырған болса, онда үкіметтің жарамсыздығы оның қол астындағы адамдардың сондай жарамсыздығымен ақталып, түсіндіріледі. Сол кездегі пруссактардың үкіметі өздеріне лайық болды.

Алайда шындық Гегельше алғанда белгілі бір қоғамдық немесе саяси тәртіпке барлық жағдайларда да, барлық кезеңдерде әсте де бірдей тән болатын атрибут болып табылмайды. Оның керісінше. Рим республикасы шындық болған еді, ал оны ығыстырып шығарған Рим империясы да шындық болды. Француз монархиясы 1789 жылы соншама дәрежеде шындық емес, яғни соншама дәрежеде қажеттілік атаулыдан айрылған, соншама дәрежеде ақылға сыйымсыз болып шықты, сондықтан оны Гегель әрқашан аса зор шабытпен әңгімелеген ұлы революция құртуға тиісті болды. Мұнда, демек, монархия шындық емес болды да, революция шындық болып шықты. Дәл сол сияқты, бұрын шындық болған нәрсенің бәрі дами келе шындық болмай шыға-

ды, өзінің қажеттілігінен, өзінің өмір сүруге праволылығынан, өзінің ақылға сыйымдылығынан айрылады. Өліп бара жатқан шындықтың орнына жаңа, өмірге қабілетті шындық келеді, келгенде — ескіліктің қарсыласпай өлуге ақылы жететін болса, бейбіт түрде келеді, ал егер ол осы қажеттілікке қарсыласатын болса, күшпен келеді. Сонымен, Гегельдің бұл қағидасы сол гегельдік диалектиканың арқасында өзінің қарама-қарсылығына айналады: адамзат тарихы саласындағы шындықтың бәрі келекеле ақылға сыйымсыз болып шығады, ол, демек, өзінің табиғатынан-ақ ақылға сыйымсыз нәрсе, ақылға сыйымсыздық оның әуел бастан бойында бар; ал енді адамдардың басында бар ақылға сыйымды дегеннің бәрі, қазіргі шындық сияқтанып отырған нәрсеге қаншама қайшы келетін болса да, шындық болып шығуға тиіс. Гегельдің ойлау методының барлық ережелері бойынша шындықтың бәрінің ақылға сыйымдылығы туралы тезис екінші бір: өмір сүріп отырған нәрсенің бәрі өшпекші* деген тезиске айналып отырады.

Бірақ Гегель философиясының нағыз шын маңызы және революциялық сипаты пақ мынада болды (біз бұл арада өзіміздің талдауымызды Канттан бері қарайғы бүкіл философиялық қозғалыстың қорытындысы ретіндегі осы философиямен шектеуге тиіспіз): адамның ойлауы мен әрекеті нәтижелерінің түпкілікті сипаты туралы түсініктердің бәріп Гегель философиясы біржолата талқандады. Философияның танып-білуге тиіс болған ақиқаты Гегельге енді бір ашылып алынғаннан кейін жаттап алу ғана қалатын дайын тұрған догмалық қағидалардың жиынтығы түрінде болып көрінбеді; ақиқат енді таным процесінің өзінде, ғылымның ұзақ уақыттық тарихи дамуында болды, ғылымның өзі білімнің төменгі сатыларынан неғұрлым жоғары сатыларына көтеріледі, бірақ ол әлденендей бір абсолюттік ақиқат дегенді тауып алып, енді содан әрі бара алмайтындай және онда ғылымның осы тауып алынған абсолюттік ақиқатқа қол қусырып таңдана қарап отырудан басқа еш нәрсе қалмайтындай нүктеге еш уақытта жете алмайды. Және істің жайы тек философиялық танымда ғана емес, басқа танымдардың бәрінде де, сол сияқты практикалық әрекет саласында да осылай болады. Таным сияқты, тарих та адамзаттың бір кемелденген, мінсіз қалпында біржолата аяқталып қалмайды; жетіліп болған қоғам, жетіліп болған «мемлекет» дегендер қиялда ғана бола алатын нәрселер. Мұның керісінше, тарихтың барысында бірінің орнына бірі келіп отыратын қоғамдық тәртіптердің бәрі де адамзат қоғамының төменгі сатыдан жоғары сатыға қарай шексіз дамуының өткінші сатылары ғана болып табылады. Әрбір саты қажетті, сон-

* Гётенің «Фауст» трагедиясындағы Мефистофельдің өзгертіліп алынған сөздері, I бөлім, үшінші сахна («Фауст кабинеті»). *Ред.*

дықтан оның өзінің дүниеге келуіне себепкер болған заманына және жағдайларға лайық ақтауы болады. Бірақ ол өз ішінен бірте-бірте өсіп шығатын жаңа, өзінен гөрі жоғары жағдайларға келіп жеткенде әлсіздене бастайды және өзінің ақтауынан айрылып қалады. Ол өзінен жоғары сатыға орнын беруге мәжбүр, ал бұл сатының өзі де құлдилай келіп, құриды. Бұл диалектикалық философия орнығып қалған, ғасырлар бойы қасиеттеліп келген мекемелердің бәрін буржуазияның ірі өнеркәсіп, бәсеке және дүние жүзілік рынок арқылы іс жүзінде қирататыны сияқты, түпкілікті абсолюттік ақиқат туралы және соған сәйкес адамзаттың абсолюттік қалпы туралы түсініктердің бәрін қиратады. Диалектикалық философия үшін мәңгілік қалыптасып болған, сөзсіз, қасиетті еш нәрсе жоқ. Барлық нәрсенің бәрінен де ол сөзсіз құлау таңбасын көреді, сондықтан оның алдында үздіксіз туу және жойылу процесінен басқа, төменгіден жоғарыға қарай шексіз өрлеуден басқа еш нәрсе тұра алмайды. Оның өзі де осы процестің ойлаушы мидағы жай бейнесі ғана болып табылады. Оның, рас, консервативтік жағы да бар: ол таным мен қоғамдық қатынастар дамуының әрбір белгілі сатысын оның өз кезеңі үшін және өз жағдайлары үшін ақтайды, бірақ одан әрі бармайды. Бұлай ұғу әдісінің консерватизмі относительді нәрсе де, оның революциялық сипаты абсолюттік нәрсе — диалектикалық философияның танитын бірден-бір абсолюттік нәрсесі осы.

Жердің өзінің жоқ болып кетуі мүмкін де, ал оның бетіндегілердің жоқ болып кетуі әбден анық деген болжау жасап, осы арқылы адамзат тарихының да өрлеу дәуірі ғана емес кері құлдилау дәуірі де болады деп отырған жаратылыстану ғылымдарының қазіргі қалпымен бұл ұғу әдісінің толық сәйкес келетін-келмейтіні туралы мәселені біздің бұл арада қарастырып жатуымыздың қажеті жоқ. Біз, қалай болған күнде де, қоғам тарихының кері қарай құлдилауы басталатын бұрылыс кезеңінен әзір әжептәуір шалғай тұрмыз, сондықтан біз Гегель философиясынан өз заманының жаратылыстану ғылымы әзір күн тәртібіне қоя қоймаған мәселемен шұғылдануын талап ете алмаймыз.

Алайда бұл жерде мынаны ескерте кету қажет: айтылып отырған көзқарастар Гегельде біздің баяндауымыздай қатаң формада келтірілмеген. Мұның өзі Гегель методының сөзсіз келтіретін қорытындысы; бірақ бұл қорытындыны оның өзі ешқашан бұлай тиянақтап айтқан емес; мұның жай ғана бір себебі, Гегель система құруға мәжбүр болды, ал философиялық система, әріден келе жатқан әдет бойынша, белгілі бір түрдегі абсолюттік ақиқатпен аяқталуға тиіс болды. Әсіресе өзінің «Логикасында» осы мәңгілік ақиқат дегеніміз логикалық (resp.*: тарихи) процестің өзінен басқа еш нәрсе емес деп атап

— respective — тиісінше. *Ред.*

көрсетіп отырған Гегель,— міне осы Гегельдің өзі бұл процесті аяқтауға мәжбүр болдым деп біледі; өйткені өз системасын оның әйтеуір бір нәрсемен аяқтауы керек еді ғой. «Логикада» ол осы аяқталуды қайтадан бастау ете алады, өйткені онда соңғы тиянақ, абсолюттік идея,— абсолюттік болып отырғаны оның ол жайында мүлде ештеңе айта алмайтын болғандығынан ғана,— өзін табиғатқа «өзгертеді» (яғни айналдырады), ал одан кейін рухта,— яғни ойлауда және тарихта,— тағы да өзіне-өзі қайта оралады. Бірақ бүкіл философияның аяғында бастапқы күйіне бұлай қайта оралу үшін бір ғана жол қалатын еді. Атап айтқанда, тарихтың соңын өзінше былай ұғыну керек болатын: адамзат нақ осы абсолюттік идеяны тануға жетеді, сөйтіп абсолюттік идеяны бұл тануға Гегель философиясы жетті деп жариялайды. Бірақ мұның өзі Гегель системасының бүкіл догмалық мазмұнын абсолюттік ақиқат деп жариялау, сөйтіп оның догмалық нәрселердің бәрін қирататын диалектикалық методына қайшы келу болып шығатын еді. Мұның өзі философиялық таным саласында ғана емес, сонымен қатар тарихи практикада да — өлшеусіз өсіп кеткен консервативтік жағының салмағымен революциялық жағын тұншықтырып тастау болып шықты. Гегель арқылы абсолюттік идеяға дейін ойы жеткен адамзат практикалық салада да ілгерілеп алға кеткені сондай, ол осы абсолюттік идеяны шындыққа айналдыра алатын болуға тиіс еді. Абсолюттік идея, демек, өзінің замандастарына тым жоғары саяси талаптар қоймауға тиіс болды. Міне сондықтан да біз «Право философиясының» аяғында келіп: абсолюттік идеяның III Фридрих-Вильгельм өзінің қол астындағыларға соншама жігерлене және соншама пәтижесіз уәде еткен сословиелік монархияда, яғни, демек, Германияның сол кездегі ұсақ буржуазиялық қатынастарына бейімделген, дәулетті таптардың тежеулі, біртоға жанама үстемдігінде жүзеге асырылуға тиіс болғанын көреміз. Мұның үстіне бізге ойлау жолымен дворяндардың қажеттігі де дәлелденеді.

Сонымен, ойлаудың жоғары дәрежелі революцияшыл методының өте бейбіт саяси қорытындыға келтіргенінің себебі қалай екенін системаның ішкі қажеттерінің бір өзі ғана жете түсіндіріп отыр. Бірақ бұл қорытындының ерекшелік формасына келсек, бұл, әрине, Гегельдің неміс болғандығынан және өзінің замандасы Гётеге ұқсап, едәуір дәрежеде филистерліктен арыла алмағандығынан еді. Гёте де, Гегель сияқты,— әркайсысы өзінің саласында—нағыз олимпиялық Зевс болған еді, бірақ олардың қай-қайсысы да неміс филистерлігінен толық арыла алмады.

Алайда мұның бәрі Гегель системасының бұрынғы системаның қай-қайсысынан болса да өлшеусіз кең саланы қамтуына және бұл салада тіпті бүгінге дейін де таңқаларлық ой байлығын дамытуына бөгет болған жоқ. Рух феноменологиясын (мұны

рух эмбриологиясы мен палеонтологиясының параллелі деп, адам санасының тарихи өткен сатыларын қысқаша қайталау ретінде қаралатын жеке адам санасының әр алуан сатылардағы дамуының бейнеленуі деп атауға болар еді), логиканы, табиғат философиясын, өзінің жеке-жеке тарихи бөлімшелері: тарих, право, дін философиясы, философия тарихы, эстетика және т. т. бойынша жасалған рух философиясын алсақ,— міне осы әр алуан тарихи салалардың әрқайсысында Гегель дамудың осы сала арқылы өтетін арқауын тауып көрсетуге тырысады. Ал Гегельдің творчестволық данышпандығы ғана болып қоймай, оның үстіне энциклопедиялық оқымыстылығы да болғандықтан, оның айтқаны барлық жерде бірдей заман табысы болды. «Системаның» қажеттері оны зорлық конструкциялар жасауға екінің бірінде дерлік мәжбүр етіп отырғаны өзінен-өзі түсінікті, бұл жөнінде оның түкке тұрғысыз дұшпандары осы кезге дейін сұмдық айқай-шу көтеріп жүр. Бірақ бұл конструкциялар оның тұрғызған ғимаратының жақтаулары мен құрылысқа пайдаланған сатылары ғана ғой. Кімде-кім оларына оншама тоқтап жатпай, зәулім ғимараттың ішіне тереңдей енетін болса, ол адам оның ішінен осы кезге дейін өзінің толық құндылығын сақтап отырған қисапсыз қазнаға кездеседі. Философтардың бәрінің де өткінші болып шығатын нәрсесі нақ осы «система», ал оның нақ себебі — системалар адам рухының өткінші емес қажетінен: барлық қайшылықтарды жеңу қажетінен туады. Бірақ, егер қайшылықтардың бәрі біржола жойылған болатын болса, онда біз абсолюттік ақиқат деп аталатынға жеткен болар едік,— бүкіл дүние жүзілік тарих аяқталған болар еді, ал сонымен қатар ол, істейтін еш нәрсесі қалмаған болса да, әрі қарай жалғаса беруге тиіс болар еді. Сонымен, бұл арада келіп жаңа, шешілмейтін қайшылық туады. Философиядан барлық қайшылықтарды шешіп бер деп талап ету өзінің өрлей дамуында бүкіл адамзаттың ғана орындай алатын ісін бір философтың істеп беруін талап ету болып шығады. Егер біз мұны түсінген болсақ,— ал біздің мұны түсінуіміз кім-кімнен де гөрі Гегельдің арқасы,— онда сөздің ескі мағынасындағы бүкіл философия тамамдалады. Біз бұл жолда және жеке алынған әрбір адамға жеткізбейтін «абсолюттік ақиқатты» тып-тыныш жауып қойып, оның есесіне тиімді ғылымдардың жолына және диалектикалық ойлау арқылы олардың нәтижелерін қорыту жолына түсіп алып, өзіміздің қолымыз жететін относительдік ақиқаттарды қуалай береміз. Гегельмен жалпы алғанда философия аяқталады, себебі, бір жағынан, оның системасы философияның мұның алдындағы бүкіл дамуының асқаралы қорытындысы болып табылады, ал екінші жағынан — оның өзі бізге, аңдамай көрсеткен болса да, системалардың осы шым-шытырығынан өтіп, дүниені шын дұрыс тануға апаратын жолды көрсетіп береді.

Германияның философиялық тұрғыдағы жағдайында Гегель системасының қандай зор әсер етуге тиіс болғаны түсіну қиын емес. Мұның өзі талай ондаған жылдар бойы созылған салтанатты шеру болды және Гегель қайтыс болғаннан кейін де тоқтаған жоқ. Қайта, тіпті өзінің жауларын да азды-көпті дәрежеде еліктірген «гегельшілдіктің» ерекше үстемдік еткен уақыты нақ осы 1830 жылдан 1840 жылға дейінгі кезең болды; нақ осы кезеңде Гегельдің көзқарастары, ұғынылған жолмен болсын не ұғынылмаған жолмен болсын, әр алуан ғылымдарға молынан енді және орташа «білімді сана» өзінің идея қорларын алып отыратын тіпті көпшілікке арналған әдебиет пен күнделікті баспасөзге де ұйытқы болды. Бірақ бұл жеңіс барлық бағытта да өзара соғыстың бастамасы ғана болып шықты.

Тұтасынан алғанда Гегель ілімі, біздің жоғарыда көргеніміздей, әр алуан практикалық партиялық көзқарастарға кең өріс қалдырып кетті. Ал Германияның сол кездегі теориялық өмірінде ең алдымен екі нәрсенің — діни мен саясаттың — практикалық маңызы болған еді, Гегельдің *системасына* басты мән берген адам осы салалардың әрқайсысында да әжептәуір консерватор болатын еді. Ал басты нәрсе диалектикалық *метод* деп есептеген адам дінде де, саясатта да нағыз әсіре оппозицияға жататын болды. Гегельдің өзі, оның шығармаларында әжептәуір жиі кездесетін революциялық ашу-ызаларына қарамастан, жалпы алғанда, сірә, консервативтік жағына көп бейім болған болса керек: өйткені оның өзіне методынан гөрі системасының «ми жұмысына» анағұрлым «ауыр» тигені тегін де емес қой. Отызыншы жылдардың аяғында оның мектебіндегі жіктеліс бірден-бірге айқын біліне бастады. Діншіл пиетистерге және феодалдық реакционерлерге қарсы күресте сол қанат — жас гегельшілдер дейтіндер — бүгінгі күннің көкейтесті мәселелеріне философиялық тұрғыдан елемей қараушылықтан аз-аздап бас тарта бастады; бұлай қараушылық оның іліміне үкіметтің төзуін, оған тіпті қамқорлық жасауын қамтамасыз етіп келген еді. Ал сонан 1840 жылы көлгірсіген тақуалар мен феодалдық-абсолюттік реакция IV Фридрих-Вильгельм арқылы таққа отырған кезде бұл партиялардың біреуінің жағына ашықтан-ашық шығуға тура келді. Күрес әлі де болса философиялық қарумен жүргізіле берді, бірақ енді абстрактылық-философиялық мақсаттар үшін жүргізілмейтін болды. Әңгіме енді тікелей мирас болып келе жатқан дін мен қазіргі мемлекетті жою туралы болды. Егер «Deutsche Jahrbücher»-де[187] түпкілікті практикалық мақсаттар көбінесе әлі философиялық жамылғымен көрініп отырған болса, 1842 жылғы «Rheinische Zeitung»-те[46] жас гегельшілдік енді көтеріліп келе жатқан радикал буржуазияның философиясы болып анық шықты; философиялық жамылғы оған цензураның көзін бояу үшін ғана қызмет етті.

Бірақ саясат жолы ол кезде өте қиын жол еді, сондықтан негізгі күрес дінге қарсы бағытталды. Дегенмен, ол кезде, әсіресе 1840 жылдан бастап, дінге қарсы күрес жанама түрде саяси күрес те болған еді. Бірінші қозғау Штраустың 1835 жылы шыққан «Иисустың өмірі» деген кітабы арқылы жасалды. Інжіл аңыздарының шығуы туралы осы кітапта баяндалған теорияға кейін Бруно Бауэр қарсы шығып, інжілдің көптеген әңгімелерін інжіл авторларының өздері ойлап шығарғанын дәлелдеді. Штраус пен Бауэрдің арасындағы талас «өзіндік сана» мен «субстанция» арасындағы философиялық күрес түрінде жүрді. Кереметтер туралы інжіл әңгімелерінің қалай шыққаны туралы мәселе,— олар қауым ішінде аңыздардың дәстүрге негізделіп, санасыз жасалу жолымен шықты ма немесе оларды інжілшілердің өздері ойлап шығарды ма деген мәселе,— бүкіл дүние жүзілік тарихтағы негізгі қимыл күші «субстанция» ма, болмаса «өзіндік сана» ма деген мәселеге дейін өсіп кетті. Ақырында келіп, қазіргі заманғы анархизмнің әулиесі Штирнер шықты да,— одан Бакунин көп нәрселер үйреніп алды,— өзінің суверендік «бірден-бірімен»[188] суверендік «өзіндік санадан» асып түсті.

Біз Гегель мектебінің ыдырау процесінің бұл жағын тәптіштеп қарастырып жатпаймыз. Біз үшін маңыздысы сол, жас гегельшілдердің бағдарлы дінге қарсы күресінің практикалық қажеттері көптеген нағыз батыл жас гегельшілдерді ағылшын-француз материализміне алып келді. Ал осы арада келіп олар өз мектебінің системасымен қайшылыққа кездесті. Материализм табиғатты бірден-бір шындық нәрсе деп танып отырғанда, Гегель системасында табиғат абсолюттік идеяның тек «өзгеруі» ғана, оның азуы тәрізді ғана болып табылады; қалай болған күнде де, ойлау мен оның ой жемісі, идея, бұл арада бірінші болып табылады, ал табиғат — идеяның оған икемге келуінің арқасында ғана өмір сүріп отырған туынды нәрсе болып табылады. Осы қайшылыққа келіп жас гегельшілдер әр алуан сарынға түсіп адасты.

Сол кезде келіп Фейербахтың «Христиандықтың мәні» деген шығармасы шыға қалды. Ол салған жерден осы қайшылықтың быт-шытын шығарып, тағы да, турадан-тура материализмнің салтанат құруын жариялады. Табиғат қандай философиядан болсын тәуелсіз өмір сүреді. Табиғат — біздердің, адамдардың, табиғат жемістерінің өсіп шыққан негізі. Табиғат пен адамнан тыс еш нәрсе жоқ, ал біздің діни қиялымыз жасап шығарған құдіреттерді алсақ,— бұлар — біздің өз мәніміздің қиялдағы бейнеленулері ғана делінді. Дуаның қарасы өшірілді; «система» талқандалып, лақтырып тасталды, қайшылық оның тек ойда ғана өмір сүретіндігі оңай ашылып, шешілді. Бұл кітаптың азат етуші әсерінің қандай болғанын осы жайды бастан кешіргенде ғана түсінуге болды. Жұрттың бәрі жігерлене серпілді: біздің

бәріміз де бірдей фейербахшылдар бола қалдық. Бұл жаңа көзқарасты Маркстің кандай құлшына құптағанын және оның сыни ескертулерінің бәріне қарамастан, Маркске ол көзқарастың кандай күшті әсер еткенін «Қасиетті әулетті»* оқыганда көруге болады.

Фейербахтың кітабының кемшіліктерінің өзі де ол кезде оның ықпалын күшейте түсті. Беллетристикалық түрде, кей жерлерінде тіпті лепіре жазылған сөздер кітап оқушыларының көп болуын қамтамасыз етті және, қалай болған күнде де, абстрактылы және күңгірт гегельшілдіктің көп жылдар үстемдік етуінен кейін жұртты сергітті. Сүйіспеншілікті тым өлшеусіз қасиеттеп жібергені жөнінде де соны айту керек, мұны ақтауға болмайтын болғанымен де, мүлдем төзгісіз болып кеткен «таза ойлау» үстемдігіне қарсы жасалған әрекет есебінде кешіруге болар еді. Бірақ біз Фейербахтың нақ осы екі әлсіз жағына «ақиқат социализмнің» жармасқанын ұмытпауымыз керек; бұл «ақиқат социализм» 1844 жылдан бастап Германияның «оқыған» адамдарының арасына індеттей жайылды, ол ғылыми зерттеуді беллетристикалық бос сөзбен ауыстырды, ал өндірісті экономикалық жағынан өзгерту жолымен пролетариатты азат етудің орнына «сүйіспеншілік» арқылы адамзатты азат етуді көздеді,— қысқасы, нағыз жиренішті беллетристикаға және сүйіспеншілігі шылқыған мылжыңға салынды. Бұл бағыттың өзіне тән өкілі Карл Грюн мырза болды.

Одан соң мынаны да ұмытпау керек: Гегель мектебі ыдырады, бірақ Гегель философиясы сын тұрғысынан жеңіліп болған жоқ-ты. Штраус пен Бауэр екеуі ол философияның екі жағын алып, оларды айтыс құралы есебінде бір-біріне қарсы жұмсап жатты. Фейербах системаны қиратып, оны әншейін лақтырып тастады. Бірақ бұл философияны қате деп жариялау оны жойғандық емес. Сондықтан, ұлттың рухани дамуына орасан зор ықпал еткен Гегель философиясы сықылды ұлы туындыны жай елемеу арқылы жоюға болмайтын еді. Оны оның өз мағынасында «алып тастау» керек болды, яғни сын оның формасын жойып, тапқан жаңа мазмұнын сақтап қалуға тиіс болды. Ал бұл міндеттің қалай орындалғанын біз төменде көреміз.

Алайда, бұл екі арада 1848 жылғы революция, Фейербахтың өз Гегелін ысырып тастағаны сияқты, философия атаулының бәрін әй-шайына қарамастан ысырып тастады. Ал сонымен бірге Фейербахтың өзі де кейінгі қатарға ығыстырылды.

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 3—230-беттер. *Ред.*

## II

Бүкіл философияның, әсіресе қазіргі заман философиясының, негізгі ұлы мәселесі — ойлаудың болмысқа қатынасы туралы мәселе. Адам баласы өзінің дене құрылысы жайында әлі ешқандай түсінігі болмаған және түс көру себептерін* түсіне алмаған сонау өте ертедегі кезден бастап-ақ — өздерінің ойлауы мен түйсіктері өз денелерінің қызметі емес, осы денеде болатын, өлгенде ол денеден кететін ерекше бір жанның қызметі деген түсінікке келген кезінен,— міне сол кезден бастап-ақ олар осы жанның сыртқы дүниеге қатынасы туралы ойлана бастауға тиіс болған. Егер адам өлген кезде жан денеден шығып, одан әрі өмір сүре беретін болса, онда оған да бір ерекше өлім ойлап шығарудың ешқандай жөні жоқ. Осыдан келіп жанның өлмеушілігі туралы ұғым шықты, бұл ұғымның ол кездегі даму сатысында көңіл жұбатарлық ештеңесі болған жоқ, ол болмай қоймайтын тағдыр ісі болып көрінді және көбінесе, мысалы, гректер арасында, нағыз бақытсыздық болып саналды. Жеке жанның өлмеушілігі туралы қызықсыз жалған ойға жұрттың бәрін жеткізген діннің көңіл жұбату қажеті емес, жай ғана бір жағдай болды,— жан деген болады деп таныққаннан кейін адамдар өздерінің жалпы қараңғылығынан дене өлгеннен кейін жанның қайда кететінін ешбір түсіне алмады. Табиғат күштеріне бейне беру салдарынан, дәл осы сияқты түрде келіп алғашқы құдайлар шықты, бұлар діннің одан арғы дамуы барысында бірден-бірге дүниеден тыс күштер бейнесін ала берді: сонан соң, ақыл-ой дамуының барысында әбден табиғи болып отыратын абстракциялау процесінің,— мен тіпті дистилляция процесінің деп қала жаздадым,— нәтижесінде адамдардың басында, ақыры, толып жатқан азды-көпті тежеулі және бірін-бірі тежеп отыратын құдайлардан келіп монотеистік діндердің бірыңғай құдайы, ерекше құдайы туралы түсінік туды.

Бүкіл философияның ең негізгі мәселесінің, ойлаудың болмысқа, рухтың табиғатқа қатысы туралы мәселенің тамырлары, олай болса, қандай діннен болсын кем емес дәрежеде, тағылық дәуірдегі адамдардың тайыз, надандық түсініктерінде жатыр. Бірақ бұл мәселе Европа халқы христиандық орта ғасырлардың ұзақ қысқы ұйқысынан оянғанынан кейін ғана барынша қатаң түрде қойыла алды, өзінің бар мағынасын ала алды. Ойлаудың болмысқа қатысы туралы мәселе,— бірінші болып табылатын не: рух па әлде табиғат па деген мәселе,— орта ға-

---

* Өздерінің түсіне кіретін адам бейнелерін денеден уақытша шығып кеткен кәдімгі жан деп түсіну тағы адамдар мен төменгі сатыда тұрған варварларда қазірде де барлық жерлерде бар; бұл орайда түс көрген адамның түсінде көрінген істеріне түс көрген тірі адам жауапты болады. Мұндай жағдайды, мысалы, Им Турн 1884 ж. Гвиана үндістерінің арасынан байқаған.

сырлық схоластикада да шіркеуге қарамастан үлкен роль атқарған мәселе дүниені құдай жаратты ма әлде ол белгісіз ежелгі уақыттан бері өмір сүріп келе ме? — деген неғұрлым қатаң формаға көшті.

Осы мәселеге өздерінің қалай жауап берулеріне қарай философтар үлкен екі лагерьге бөлінді. Олардың ішінен рух табиғаттан бұрын өмір сүрді дегендері, сөйтіп, демек, түптеп келгенде, қалай дегенмен дүние жаратылған деп танығандары,— ал философтарда, мысалы Гегельде, дүниенің жаратылуы көбінесе христиан діниндегіден де гөрі неғұрлым шатасқан, сорақы түрде болып келеді,— идеалистік лагерьді құрды. Ал табиғатты бірінші деп есептегендері материализмнің әр түрлі мектептеріне қосылды.

Идеализм және материализм деген сөздер алғашында бұдан басқа еш нәрсені көрсетпейді және олар осы мағынада тек осында ғана қолданылады. Бұларға қандай болсын басқа мағына берген жағдайларда қандай шатасу туатынын біз төменде көреміз.

Бірақ ойлаудың болмысқа қатысы туралы мәселенің тағы бір жағы бар: бізді қоршап тұрған дүние жайындағы біздің ойларымыздың осы дүниенің өзіне қатынасы қалай? Біздің ойлауымыз шын дүниені тани ала ма, шын дүние туралы түсініктеріміз бен ұғымдарымызда біз шындықтың дұрыс бейнесін жасай аламыз ба? Философия тілінде бұл мәселе ойлау мен болмыстың барабарлығы туралы мәселе деп аталады. Философтардың басым көпшілігі бұл мәселені мақұлдап шешеді. Мәселен. Гегельде бұл мәселеге мақұлдап жауап берілуі өз-өзінен көрініп тұр: шын дүниені алғанда біз оның нақ ойдағы мазмұнын танимыз, атап айтқанда соның арқасында дүние ғасырдан ғасыр бір жерде дүниеден тәуелсіз және одан бұрын өмір сүріп келе жатқан абсолюттік идеяның бірте-бірте жүзеге асырылуы болып шығатынын танимыз. Ойлаудың бұрыннан-ақ ойдың мазмұны болып табылатын мазмұнды тани алатыны өз-өзінен түсінікті. Ал дәлелденбек қағиданың бұл арада тым-тырыс алғы шарттың өзінде тұрғаны да сондай түсінікті. Бірақ мұның өзі Гегельдің ойлау мен болмыстың барабарлығын дәлелдеуінен келіп тағы бір қорытынды шығаруына: оның ойлауы оның философиясын дұрыс деп танитын болса, онда, демек, ол бірден-бір дұрыс философия болғаны деуіне және ойлау мен болмыстың барабарлығынан адамзат дереу бұл философияны теориядан практикаға көшіруге тиіс, сөйтіп бүкіл дүниені Гегель принциптеріне сәйкес қайта құруға тиіс деуіне ешбір бөгет жасамайды. Осы бұрмаланған түсінікті ол басқа философтардың бәрімен бірге дерлік мақұлдайды.

Бірақ мұнымен қатар дүниені тану мүмкіндігіне немесе әйтеуір әбден жете тану мүмкіндігіне таласатын тағы басқа бірсы-

пыра философтар бар. Ең жаңа философтардың арасынан Юм мен Кант солардың қатарына қосылады, ал бұлар философияның дамуында өте зор роль атқарды. Бұл көзқарасты теріске шығару үшін керек шешуші пікірді, идеалистік тұрғыдан айтуға боларлық дәрежеде, Гегель бұрын айтқан-ды. Фейербахтың оған қоса материалистік тұрғыдан айтқан пікірлерінің терендігінен гөрі өткірлігі басым. Осындай және басқа да барлық философиялық бұлталақтардың нағыз батыл теріске шығарылуы практикада, атап айтқанда экспериментте және өнеркәсіпте жатыр. Егер біз табиғаттың белгілі бір құбылысын біздің түсінуіміздің дұрыс екенін оны өзіміз жасайтындығымыз арқылы, оны өз жағдайларынан тудыратындығымыз арқылы, оның үстіне оны біздің мақсаттарымызға қызмет етуге көндіретіндігіміз арқылы дәлелдей алатын болсақ, онда Канттың түсініп болмайтын «өзіндік затының» құрығаны. Жануарлар мен өсімдіктердің бойында пайда болатын химиялық заттар органикалық химия оларды бірінен соң бірін жасап шығара бастағанға дейін сондай «өзіндік заттар» болып қала берген болатын; сөйтіп «өзіндік зат» біздік затқа айналды; мәселен, ализарин маренадан алынатын бояу еді, оны біз қазір жерде өсірілетін марена тамырынан емес, одан анағұрлым арзан және оңай түрде тас көмір қарамайынан алып отырмыз. Коперниктің күн системасы үш жүз жылдай болжам болып, барынша ықтимал болғанымен, бәрібір болжам болып қала берген еді, Сонан Леверье, осы системаның мәліметтерінің негізінде, соған дейін мәлім болмаған тағы бір планета болуға тиіс екенін дәлелдеп қана қоймай, оның үстіне ол планетаның аспан кеңістігінде тұрған орнын есептеп тапқан кезде, ал осыдан кейін Галле бұл планетаны[189] шын тауып алған кезде келіп, Коперниктің системасы дәлелденіп шықты. Егер Кант пен Юмның көзқарастарының екеуін де теория да, практика да әлдеқашан теріске шығарып тастағанына қарамастан, неокантшылдар Германияда Канттың көзқарастарын, ал агностиктер Англияда Юмның көзқарастарын (онда бұлар ешқашан құрып-біткен жоқ) тірілтуге тырысатын болса, онда мұның өзі ғылыми тұрғыдан қарағанда кері басқан қадам болып табылады да, ал практика жүзінде бұл жұрт алдында материализмнен бас тартып, оны жасырын өткізудің ұялшақтық әрекеті ғана болып табылады.

Алайда Декарттан Гегельге дейінгі және Гоббстен Фейербахқа дейінгі осы ұзақ дәуірдің өн бойында философтарды ілгері итермелеген әсте де, олардың өздерінің ойлағанындай, таза ойлау күші ғана болған жоқ. Оның керісінше. Шын мәнінде оларды ілгері итермелеген ең алдымен жаратылыстану ғылымы мен өнеркәсіптің өте күшті, бірден-бірге тез және қаулай дамуы болды. Материалистер арасында бұл айқын көрініп отырды. Бірақ идеалистік системалар да бірден-бірге материалистік

мазмұнмен толыса түсті және рух пен материяның қарама-қарсылығын пантеистік жолмен келістіруге тырысты. Гегель системасын алсақ, істің жайы, ақырында, мынаған жетті: оның өзі методы жөнінен де, мазмұны жөнінен де тек идеалистік түрде басынан төмен қаратып қойылған материализм болып табылады.

Осы айтылғандардың бәрінен кейін Штаркенің Фейербахты сипаттауында ең алдымен Фейербахтың осы негізгі мәселе жөніндегі — ойлаудың болмысқа қатысы жөніндегі — позициясын зерттеп отырған себебі түсінікті. Қысқаша кіріспеден,— мұнда бұрынғы философтардың көзқарастары, әсіресе Қанттан бастап, мейлінше ауыр философиялық тілмен баяндалған және Гегельдің шығармаларының кейбір тұстарына автор шамадан тыс формализммен жармасқандықтан Гегель тиісінше бағаланбаған осы кіріспеден,— кейін Фейербах «метафизикасының» өзінің даму барысы толық баяндалады, баяндалғанда бұл философтың осыған қатысты шығармаларында бұл дамудың дәйекті түрде бейнеленуі баяндалады. Бұл баяндау мұқият жасалған және құрылымының айқындығымен көзге түседі, тек бұл баяндау Штаркенің бүкіл кітабы секілді, қолданбаса болмайды деуге әсте де келе бермейтін қажет емес философиялық сөздермен ауырлап кеткен. Бұл артық жүктің одан да көп кедергі болатын себебі: автор белгілі бір мектептің немесе ең болмағанда Фейербахтың өзінің қабылдаған терминологиясын ұстанбай, алуан түрлі бағыттардың, көбінесе өздерін философиялық бағыттармыз деп атайтын, қазір індет тәрізді тарап бара жатқан бағыттардың қабылдаған терминдерін араластырып жібереді.

Фейербахтың даму барысы гегельшілдің,— рас Фейербах ешқашан әбден кәміл гегельшіл болған емес,— материализмге қарай даму барысы. Бұл даму белгілі бір сатыда оны өз ізашарының идеалистік системасынан мүлдем қол үзуге алып келді. «Абсолюттік идеяның» гегельше дүниеден бұрын өмір сүруі, «логикалық категориялардың» дүние пайда болудан «бұрын өмір сүруі» деген дүниеден тыс жаратушыға сенудің қиялдық қалдығынан өзге ештеме емес екенін, біздің өзіміз де соған жататын заттық, сезім арқылы түсінілетін дүние — бірден бір шын дүние екенін және біздің санамыз бен ойлауымыз, олар қаншама сезімнен жоғары сияқтанып көрінетін болса да, заттық, денелік органның — мидың жемісі екенін түсіну, ақырында, Фейербахты тапжылтпай билеп алды. Материя рухтың жемісі емес, қайта рухтың өзі материяның ең жоғары жемісі ғана. Мұның өзі, әлбетте, таза материализм. Бірақ осыған келген жерде Фейербах кенет токтап қалады. Ол дағдылы философиялық соқыр сенімді, істің мәнінің өзіне қарсы емес, «материализм» деген сөзге қарсы соқыр сенімді жеңе алмайды. Ол былай дейді:

«Мен үшін материализм — адам мәні және адам білімі үйінің негізі; бірақ ол маған физиолог үшін, тар мағынада жаратылыс зерттеуші үшін, мысалы, Молешотт үшін не болып табылатын болса, сол емес және олардың көзқарасы бойынша, олардың мамандығы бойынша, олар үшін солай болмай тұра алмайтын нәрсе емес, яғни ол мен үшін үйдің өзі емес. Кейін қарай жүргенде мен бүтіндей материалистермен біргемін; ілгері қарай жүргенде мен олардан бөлекпін».

Фейербах бұл жерде материя мен рухтың қатынасын белгілі бір жөнмен түсінуге негізделген жалпы көзқарас ретіндегі материализмді осы дүние танымның белгілі бір тарихи сатыда, атап айтқанда XVIII ғасырда бейнеленген ерекше формасымен шатастырып отыр. Оның үстіне, Фейербах материализмді оның өңі айналдырылған, тұрпайыландырылған формасымен — XVIII ғасырдың материализмі қазір жаратылыс зерттеушілер мен дәрігерлердің басында болып отырған формасымен және материализмді ел кезбе уағызшылар Бюхнер, Фогт және Молешотт 50-жылдарда ұсынған формасымен — шатастырып отыр. Бірақ материализм, идеализм сияқты, дамудың талай сатыларынан өтті. Тіпті табиғи-тарихи саладағы болсын әрбір заман табысы болып табылатын жаңалыққа байланысты материализм өз формасын сөзсіз өзгертіп отыруға тиіс. Ал тарихтың өзіне де материалистік түсінік берілген кезден бері материализмнің дамуы үшін мұнда да жаңа жол ашылып отыр.

Өткен ғасырдың материализмі көбінесе механикалық материализм болды, өйткені бүкіл жаратылыс ғылымдарының ішінен ол кезде белгілі дәрежеде тұжырымдалуға жеткені тек механика еді, атап айтқанда қатты денелердің (жердегі және аспандағы) механикасы ғана еді, қысқасын айтқанда — ауырлық механикасы еді. Химия флогистон теориясына[30] негізделген әлі балаң формада болатын. Биология әлі жөргекте жатты: өсімдік пен жануар организмі әлі нағыз долбарлы түрде ғана зерттелінген-ді, ол таза механикалық себептермен түсіндірілетін. Декарттың көзімен қарағанда жануар машина болып табылған болса, XVIII ғасырдың материалистерінің көзімен қарағанда адам да сондай машина болып көрінетін. Механика өлшемін химиялық және органикалық сипаттағы,— бұл салаларда механикалық заңдар жүргенмен де, неғұрлым жоғары басқа заңдар алдында кейінге ығысып қалып отырады,— процестерге әкеліп бұлайша бірыңғай қолдана беру француздың классикалық материализмінің бір өзіне тән, бірақ ол кезде лажсыз болған бірінші тар өрістілігі болып табылады.

Бұл материализмнің өзіне тән екінші бір тар өрістілігі — оның дүниені процесс деп, үздіксіз тарихи дамуда болатын материя деп түсіне алмағандығында. Мұның өзі жаратылыстану ғылымының сол кездегі күйіне және философиялық ойлаудың соған байланысты метафизикалық, яғни антидиалектикалық, ме-

тодына сай келді. Табиғат мәңгі қозғалыста болады; мұны сол кезде де білген. Бірақ ол кездегі түсінік бойынша, бұл қозғалыс сол белгілі бір шеңберде соншалық мәңгі айналып отырады, сөйтіп сол бір орнында ғана қалып отырады деп ұғынылды: бұл қозғалыс қашанда болсын сол бір нәтиженің өзіне ғана келтіріп отырады. Мұндай түсінік ол кезде болмай қоймайтын түсінік еді. Күн системасының пайда болуы жайындағы Кант теориясы ол кезде жаңадан ғана шығып, әзірше әншейін кісі күлерлік нәрсе болып көрінетін. Жердің даму тарихы, геология, әлі мүлдем беймәлім болатын, ал қазіргі кездегі тірі тіршілік иелерінің қарапайым түрден күрделі түрге ұзақ дамудың нәтижесі болып табылатындығы туралы ойды, тегі, ол кезде ғылым әлі ұсына алмайтын еді. Демек, табиғатқа деген тарихи емес көзқарас лажсыз еді. Сондықтан бұл кемшілік үшін XVIII ғасыр философтарын онша кінәлауға болмайды, өйткені бұдан тіпті Гегель де ада емес-ті. Гегельде табиғат, идеяның жай ғана «өзгеруі» ретінде, уақыт бойында дами алмайды; ол өзінің алуан түрін кеңістікте ғана өрістете алады, сонымен, белгілі бір процестерді ғана мәңгі қайталай беруге душар болған табиғат өзінің бойында бар даму сатыларының бәрін бір мезгілде бір-бірімен қатар көрсетіп отырады. Ал осы кеңістікте, бірақ уақыттан тыс,— уақыт қандай дамудың болса да негізгі шарты болып табылады,— даму деген мағынасыздықты Гегель геология да, эмбриология да, өсімдіктер мен жануарлар физиологиясы да, органикалық химия да енді әжептәуір зерттелген кезде және осы жаңа ғылымдардың негізінде дамудың ең соңғы теориясын күні бұрын болжаған (мысалы, Гёте мен Ламарк) данышпандық жорамалдар барлық жерлерде де туып жатқан кездің өзінде табиғатқа еріксіз таңды. Бірақ система осыны талап ететін еді, сондықтан системаның талабына сәйкес метод өзіне-өзі қырын келуге тиіс болды.

Тарих саласында да затқа тарихи көзқарас болмады. Мұнда орта ғасырлықтың қалдықтарына қарсы күреске ден қойылды. Орта ғасырларға тарихтың барысындағы жай бір үзіліс деп, мың жылдарға созылған жаппай варварлық туғызған үзіліс деп қарады. Орта ғасырлар бойында жасалған үлкен табыстарға: Европаның мәдениет саласының кеңігендігіне, онда бір-біріне іргелес өміршең ұлы ұлттардың құрылғандығына, ақырында, XIV және XV ғасырлардың орасан зор техникалық табыстарына ешкім көңіл аудармады. Ал сондықтан ұлы тарихи байланысқа дұрыс көзқарас мүмкін болмай қалды, осыдан келіп тарих, ең жақсы дегенде, философтарға қызмет көрсетуге даяр үлгілер мен мысалдардың жинағы ғана болып шықты.

Елуінші жылдарда Германияда материализмді таратушылар ролін міндетіне алған тұрпайылаушылар өз ұстаздары ілімдерінің осы шеңберінен ешбір салада шыға алмады. Жаратылыс ғы-

лымдарының бұдан арғы табыстарының бәрі оларға әлемді бір жаратушы бар дегенге қарсы жаңа дәлелдер ғана болып қызмет етті. Шынында олар теорияны онан әрі дамытуды ойламады да. Данагөйлігі бұл кезде біржолата сарқылған және 1848 жылғы революция өлімші етіп жаралаған идеализм, сонымен, материализмнің бұл кезде одан да гөрі құлдырап кеткендігін қанағат қылып отырды. Осындай материализм үшін жауапкерліктің бәрінен Фейербахтың бас тартуы әбден дұрыс еді; оның тек ел кезбе уағызшылардың ілімін жалпы материализммен шатастыратын хақысы ғана жоқ болатын.

Алайда, бұл арада екі жағдайды еске алу керек. Біріншіден, Фейербахтың тірі кезінде де жаратылыс тану өте-мөте қарбалас процесте болатын, бұл процесс тек соңғы он бес жылдың ішінде ғана тиянақталған біршама тұжырымдалған күйіне жетті. Дүние тану үшін осы кезге дейін болып көрмеген мол жаңа материалдар жиналды, бірақ үсті-үстіне шапшаң үйіліп қалған жаңалықтардың осы шым-шытырығының байланысын, ал олай болса, тәртібін де табу ең соңғы кезде ғана мүмкін болды. Рас, Фейербах аса маңызды үш жаңалықтың — клетканы табудың, энергияның басқа түрге айналуы туралы ілімнің және Дарвиннің есімімен аталған даму теориясының — тұстасы болған адам. Бірақ деревняда оңаша отырып қалған философ жаратылыс зерттеушілердің өздері де ол кезде әлі ішінара таласқа салып жүрген, ішінара тиісінше пайдалана білмей жүрген жаңалықтарын толық бағалай аларлық болу үшін ғылым барысын жеткілікті дәрежеде қадағалап отыра алатын ба еді? Бұған тек немістердің болымсыз тәртіптері ғана кінәлы, осы тәртіптердің арқасында философиялық кафедралардың бәрін данасынған эклектик қазымыр дүмшелер алып алған, ал олардың бәрінен де шексіз басым болған Фейербах шаруаға айналып кетуге, сөйтіп деревняның қараңғы түкпірінде күн кешуге мәжбүр болды. Олай болса, қазіргі кезде мүмкін болып отырған, француз материализмінің сыңаржақтығының бәрін жоятын табиғатқа тарихи көзқарасқа Фейербахтың жете алмай кеткеніне Фейербах кінәлы емес.

Екіншіден, Фейербах тек табиғи-ғылыми материализм ғана «адам білімі үйінің негізі болып табылады, бірақ әлі үйдің өзі емес» дегенде әбден дұрыс айтты. Өйткені біз тек табиғатта ғана емес, сонымен бірге адамзат қоғамында өмір сүреміз, адамзат қоғамының табиғаттан кем түспейтін өз даму тарихы, өз ғылымы бар. Демек, міндет қоғам туралы ғылымды, яғни тарихи және философиялық ғылымдар деп аталатындардың бүкіл жиынтығын материалистік негізбен орайластыру және оны осы негізге сәйкес қайта құру еді. Бірақ мұны Фейербах істей алмай кетті. Бұл орайда ол, «негізіне» қарамастан, ескі идеалистік тұсауларынан әлі босанып болған жоқ еді, оны өзі де мойындап:

«Кейін қарай жүргенде мен материалистермен біргемін; ілгері қарай жүргенде мен олардан бөлекпін» деді. Бірақ нақ осы жерде, қоғамдық салада, Фейербахтың өзі өзінің 1840 немесе 1844 ж. көзқарасынан асып, «ілгері» баспады, ал бұл да көбінесе өзінің саяқ қалуынан болды; осының салдарынан келіп, өзінің бейімділігі бойынша өзге философтардың бәрінен де қоғамға анағұрлым көп мұқтаж болған Фейербах өзінің ойларын өзі теңдес басқа адамдармен достық немесе дұшпандық кездесулерде емес, мүлде жалғыз отырып ойластыруға мәжбүр болды. Оның осы айтылған салада қаншалықты зор дәрежеде идеалист болып қалғандығын төменде біз толығырақ қарастырып өтеміз.

Тағы бір ескерте кететін нәрсе, Штарке Фейербахтың идеализмін оның нағыз бар жерінен көрмейді.

> «Фейербах — идеалист; ол адамзат прогресіне сенеді» (19-бет). «Бәрінің де негізі, іргетасы дегенмен идеализм болып қала береді. Реализм тек біз өзіміздің идеалдық талап-тілектеріміздің дегеніне ерген кезімізде бізді адасулардан сақтап қана қалады. Аяныш, сүйіспеншілік және ақиқат пен правоға қызмет ету идеалдық күштер емес пе?» (VIII б.).

Біріншіден, бұл арада идеализм деп идеалдық мақсаттарға ұмтылудың өзі аталып отыр. Бірақ бұл мақсаттар тек Кант идеализмімен және оның «үзілді-кесілді императивімен» ғана қажетті түрде байланысты шығар. Алайда тіпті Канттың өзі өзінің философиясын «трансцендентальды идеализм» деп атағанда әсте де онда әңгіме адамгершілік идеалдар туралы да болып отырғандықтан атаған жоқ, қайта Штаркеге, әрине, беймәлім емес, мүлде басқа себептерден атады. Адамгершілік, яғни қоғамдық идеалдарға сену философиялық идеализмнің мәні болып табылады-мыс деген соқыр сенім философиядан тыс, неміс филистерінде туды, ол өзіне керекті философиялық білім түйіршіктерін Шиллердің өлеңдерінен теріп алды. Канттың дәрменсіз «үзілді-кесілді императивін» (дәрменсіз болатын себебі, мүмкін емес нәрсені талап етеді, демек, ешқашан ешқандай шындыққа келмейді) кім-кімнен де болса қатаң сынаған, жүзеге аспайтын идеалдарды арман етуге Шиллер таратқан филистерлік бейімдікті басқалардың бәрінен де қатал келеке еткен (мәселен, «Феноменологияны» қараңыз) осы барып тұрған идеалист Гегель болатын.

Екіншіден, мынадай бір жағдайдан ешбір қашып құтылуға болмайды: адамды әрекетке ұмтылдыратын нәрсенің бәрі оның басы арқылы өтуге тиіс: тіпті ішіп-жеуге де адам өзінің басында аштық пен шөлдеу түйсігі бейнеленгендік себепті кіріседі, ал ішіп-жеуін оның басында тоқтық түйсігі бейнеленгендік себепті қояды. Сыртқы дүниенің адамға тигізетін әсерлері оның басында білініп, онда сезімдер, ойлар, ынталар, жігерлену түрінде,

қысқасы — «идеалдық талап-тілектер» түрінде бейнеленеді және осы түрде олар «идеалдық күштер» бола бастайды. Ал егер белгілі бір адам «идеалдық талап-тілектердің дегеніне ергендіктен» барып және ол өзіне «идеалдық күштердің» әсері тигенін білгендіктен барып идеалист болып шығатын болса, онда әрбір аз-маз жөн өскен адам — табиғатынан идеалист болып туады да, дүниеде материалистер тегі қалай бола алады? — деген мәселе түсініксіз қалады.

Үшіншіден, адамзат ең болмағанда қазіргі уақытта, жалпы алғанда ілгері қарай жылжуда деген сенімнің материализм мен идеализмнің қарама-қарсылығына мүлде ешқандай қатысы жоқ. Француз материалистері бұл сенімді,— Вольтер мен Руссодай деистерден[75] кем емес дәрежеде,— фанатиктерше дерлік ұстанды және осы үшін жеке бастарына қатысты орасан, құрбандықтарға барды. Егер кімде-кім өзінің барлық өмірін «ақиқат пен правоға қызмет етуге»,— бұл сөздердің жақсы мағынасында,—арнаған болса, онда мұндай адам, мысалы, Дидро болды. Сондықтан Штарке мұның бәрін идеализм деп жариялағанда, ол материализм деген сөз, ал онымен бірге екі бағыттың екеуінің де барлық қарама-қарсылығы бұл тұста оның баяндауында барлық мағынасынан айрылғандығын ғана дәлелдейді.

Іс жүзіне келгенде Штарке бұл арада материализм деген атауға қарсы поптардың ұзақ жылдар бойына жапқан жаласының әсерімен орын тепкен филистерлік соқыр сенімге,— мүмкін, әдейілеп болмаса да,— кешіргісіз кеңшілік жасап отыр. Филистер қомағайлықты, маскүнемдікті, құнығушылықты, зинақорлық пен атаққұмарлықты, пайдакүнемдікті, сарандықты, ашкөздікті, пайда қуушылықты және биржалық алаяқтықты, қысқасын айтқанда — оның өзінің жасырын істейтін лас қылықтарының бәрін материализм деп түсінеді. Ал идеализм оның ойынша жақсылыққа сену, бүкіл адамзатты сүю және жалпы алғанда «жақсы дүниеге» сену болып шығады, осы «жақсы дүниені» айтып ол жұрт алдында даурығады, бірақ оған оның өзі де ішкіліктен кейін басы ауырғанда ғана немесе банкрот болып қалғанда ғана, қысқасы — ол өзінің дағдылы «материалистік» думандарының болмай қоймайтын зардаптарын тартуға тура келгенде ғана сене бастайтын болар. Мұндайда ол: Адам деген не? Ол — жартылай хайуан, жартылай періште деген өзінің сүйікті әніне басады.

Ал басқа жағынан Штарке Фейербахты қазір Германияда философ атанып, даурығып жүрген доценттердің шабуылдары мен ілімдерінен қорғауға барынша тырысады. Немістің классикалық философиясының азған ұрпақтарын білейін деген адамдарға бұл, әрине, маңызды нәрсе; Штаркенің өзіне бұл қажетті сияқтанып көрінуі мүмкін. Бірақ біздің оқушыға жанымыз ашиды.

## III

Фейербахтың шын идеализмі біз оның дін философиясы мен этикасын зерттеуге кіріссек болғаны дереу анық көрінеді. Фейербах әсте де дінді жойғысы келмейді; ол оны жетілдіре түскісі келеді. Философияның өзі дінге сіңіп кетуге тиіс.

> «Адамзат дәуірлерінің бір-бірінен айырмашылығы діндегі өзгерістерде ғана. Белгілі бір тарихи қозғалыс адам жүрегін әбден баурап алғанда ғана өзінің негізіне жетеді. Жүрек — діннің формасы емес, сондықтан дін сондай-ақ жүректе де болуға тиіс деуге болмайды; жүрек — діннің мәні» (Штаркеден цитат алынып отыр, 168-бет).

Фейербахтың ілімі бойынша, дін дегеніңіз адам мен адам арасындағы сезімге негізделген сүйіспеншілік қатынас, бұл қатынас осы кезге дейін өзінің ақиқатын,— бір немесе көп құдай арқылы, адам қасиеттерінің осы қиялдық бейнелері арқылы,— шындықтың қиялдық бейнесінен іздеген еді, ал қазір оны тікелей, турадан-тура «мен» мен «сеннің» арасындағы сүйіспеншіліктен тауып отыр. Сонымен, Фейербахша, түптеп келгенде, жыныс махаббаты оның жаңа дінін тұтудың ең жоғарғы формасы болмаса да, ең жоғары формаларының бірі болып табылады.

Адамдар арасындағы, әсіресе әр жынысты адамдар арасындағы, сезімге негізделген қатынастар адам адам болғаннан бастап болып келеді. Ал жыныс махаббатын алатын болсақ, онда мұның өзі соңғы сегіз ғасырдың ішінде соншама зор маңыз, соншама зор орын алып, бүкіл поэзия төңіректеп шыға алмайтын міндетті желі болып отыр. Қазіргі кездегі позитивтік діндер жыныс махаббатын мемлекет тарапынан тәртіптеу ісін, яғни неке заңын барынша қасиеттеумен тынады; олар тіпті күні ертең мүлдем жоқ болып кететін болса да, махаббат пен достық практикасында титтей де өзгеріс болмайды. Францияда 1793 жыл мен 1798 жыл арасында христиан дінінің шын мәнісінде жоқ болып кеткендігі сонша, тіпті Наполеонның өзі де оны бірталай еңбек сіңіріп, қарсылықтарды жойып барып әрең қайтадан енгізді. Алайда осы уақыттың ішінде оны Фейербахтың жаңа діні тәрізді бірдеңемен алмастыру сияқты ешқандай қажеттілік туған жоқ.

Фейербахтың идеализмі бұл жерде мынада: ол адамдардың бір-біріне іш тартуына негізделгеннің бәрін — жыныс махаббатын, достықты, жанашырлықты, жан аямаушылықты, т. с.— бұлардың өз күйіндегі мағынасында, Фейербахтың өзінің пікірінше де өткенге жататын қайсыбір ерекше дінді еске алуға байланыссыз, жай ғана ала салмайды. Оның айтуынша, бұл қатынастар оларды дін деген сөзбен қасиеттеген жағдайда ғана өзінің толық мағынасын алады. Ол үшін басты мәселе осындай нағыз адамгершілік қатынастардың барлығында емес, осы қаты-

настарға жаңа, ақиқат дін деп қарауда. Фейербах бұл қатынастарды оларға дін таңбасы салынатын болсын, тек сонда ғана толық құнды қатынастар деп тануға келіседі. Дін деген сөз religare* деген сөзден шыққан, сондықтан оның бастапқы мағынасы — байланыс. Демек, екі адамның өзара байланысы атаулының бәрі дін болып табылмақ. Мұндай этимологиялық фокустар идеалистік философияға деген соңғы саңылау болып табылады. Сөздерге мағына бергенде олардың іс жүзінде қолданылуының тарихи даму жолымен алған мағынасы берілмейді, олардың өзінің шығуы жағынан болуға тиіс мағынасы берілді. Идеалистік естеліктер үшін қымбатты дін деген сөз тілден әйтеуір құрып кетпеу үшін жыныс махаббаты мен жыныс арасындағы қатынастар «дін» дәрежесіне жеткізіледі. Қырқыншы жылдарда Луи Блан бағытындағы Париж реформистері нақ осылай пайымдаған болатын, оларға да дінсіз адам бір құбыжық болып көрінген болатын, сөйтіп олар бізге: Donc, l'athéisme c'est votre religion!**—дейтін-ді. Фейербахтың табиғатты істің мәніне келгенде материалистік тұрғыдан түсінудің негізінде ақиқат дін жасауға тырысуын қазіргі заманғы химияны ақиқат алхимия деп түсіндіру әрекетіне ұқсатуға болады. Егер құдайсыз діннің болуы мүмкін болатын болса, онда философиялық тассыз алхимияның да болуы мүмкін. Оның үстіне алхимия мен діннің арасында өте тығыз байланыс бар. Философиялық тастың құдайға ұқсас көптеген қасиеттері бар, сондықтан христиандық ілімді жасауға біздің жыл санауымыздың алғашқы екі ғасырында болған египет-грек алхимиктері де, қатысқан, мұны Копп пен Бертло келтірген мәліметтері көрсетіп отыр.

Фейербахтың «адамзат дәуірлерінің бір-бірінен айырмашылығы діндегі өзгерістерде ғана» деуі мүлдем дұрыс емес. Ұлы тарихи бетбұрыстар діндегі өзгерістермен *қабат болды* дегенді тек осы кезге дейін өмір сүріп отырған дүние жүзілік үш дін: буддизм, христиан діні, ислам туралы сөз болғанда ғана айтуға болады. Стихиялық түрде туған ескі тайпалық және ұлттық діндердің насихаттық сипаты болған жоқ, сондықтан сол тайпалардың немесе халықтардың тәуелсіздігі жойылысымен-ақ олар қарсыласу күшінің қандайынан болсын айрылып қалып отырды. Германдарға мұның үшін тіпті Римнің ыдыраған дүние жүзілік империясымен және оның Рим сол кезде ғана қабылдаған және оның экономикалық, саяси және рухани күйіне сай келген дүние жүзілік христиан дінімен жай қарым-қатынас жасауының өзі ғана жеткілікті болды. Жалпы тарихи қозғалыстар діни өң алады дегенді тек осы, азды-көпті жасанды түрде туған дүние жүзілік діндер жайында ғана, әсіресе христиан діні мен ислам жа-

---

* — байланыстыру. *Ред.*

** — Демек, атеизм деген сіздердің дініңіз екен ғой! *Ред.*

йында ғана айтуға болады. Бірақ тіпті христиан дінінің таралу саласының өзінде шынында әр жақты мәні болған революциялар тек буржуазияның өзіне азаттық алу жолындағы күресінің бірінші сатыларында ғана, XIII ғасырдан XVII ғасырдың аяғына дейін ғана осындай діни өң алып отырды. Ал мұның өзі, Фейербахтың ойлағанындай, адам жүрегінің қасиеттерінен және адамның діни қажеттіктерінен болған нәрсе емес, идеологияның бір ғана формасын: дін мен теологияны білген орта ғасырлардың бүкіл өткен тарихынан болған нәрсе. Бірақ XVIII ғасырда буржуазия өзінің таптық жағдайына сай келетін өзінің меншікті идеологиясын жасай алатындай болып әбден нығайған кезде ол өзінің ұлы және кемеліне келген революциясын — француз революциясын жасады, мұнда ол тек қана юридикалық және саяси идеяларға сүйенді, дінді тек мұның өзі буржуазияның жолын бөгегендіктен ғана ойға алып отырды. Бірақ бұл орайда ескі дінді қандай да болсын жаңа дінмен ауыстыру керек деген ой оның басына кіріп те шыққан жоқ. Робеспьердің бұл мәселеде қандай сәтсіздікке ұшырағаны жұртқа мәлім.

Біздер қазір өмір сүруге мәжбүр болып отырған және таптық қарама-қарсылықтар мен таптық үстемдікке негізделген қоғамда басқа адамдарға деген қатынастарда таза адамшылық сезімдер көрсету мүмкіндігі онсыз да әбден мардымсыз; бұл сезімдерді діи дәрежесіне көтеріп, ол мүмкіндікті онан да бетер мардымсыз етуге титтей де дәлеліміз жоқ. Дәл сол сияқты көп таралған тарихнама ұлы тарихи тап шайқастарын түсінуді бізге, әсіресе Германияда, әбден көмескілеп отырған кезде бұл күрестің тарихын шіркеу тарихының жай шылауына айналдырып, мүлдем түсінуге болмайтын етіп шығарудың бізге қажеті жоқ. Біздің қазір Фейербахтан қаншама алыстап кеткеніміз міне осының өзінде-ақ көрініп отыр. Енді оның жаңа сүйіспеншілік діні дәріптелетін шығармаларының «аса тамаша жерлерін» тіпті оқудың өзі мүмкін емес.

Фейербах тек бір дінді — христиан дінін, Батыстың монотеизмге негізделген осы дүние жүзілік дінін ғана байыптап зерттейді. Сөйтіп ол христиан құдайы дегеніміз адамның қиялда бейнеленуі ғана екенін көрсетеді. Бірақ бұл құдайдың өзі де ұзақ уақыттық абстракциялау процесінің жемісі, көптеген бұрынғы тайпалық және ұлттық құдайлардың жинақталған негізі болып табылады. Осыған сәйкес бұл құдайдың өзі оның бейнесі болып табылатын адам да шын адам емес, көптеген шын адамдардың сондай негізі болып табылады; бұл — абстрактылы адам, яғни тағы да сол ойдағы образ ғана. Еңбегінің әрбір бетінде сезімділікті, нақтылы, шын дүниеге шомуды уағыздайтын сол Фейербахтың өзі де адамдар арасындағы жыныс қатынастары туралы ғана емес, басқа қайсыбір қатынастар туралы айтуына қалай тура келісімен барынша абстрактылы болып кетеді.

Бұл қатынастардан Фейербах тек бір жағын — моральды көреді. Міне бұл жерде де бізді Гегельге қарағанда Фейербахтың таңғаларлық тайыздығы тағы да қайран қалдырады. Гегельде этика, немесе адамгершілік туралы ілім, дегеніміз право философиясы болып табылады және ол: 1) абстрактылық правоны, 2) моральды, 3) адамгершілікті қамтиды; бұған өз кезегімен: семья, азаматтық қоғам, мемлекет жатады. Мұнда форма қаншама идеалистік болса, мазмұн соншама нақтылы. Моральмен қабат бұл ілім право, экономика және саясат салаларының бәрін қамтиды. Ал Фейербахта — мұның дәл керісінше. Форма жағынан ол реалистік тұрғыда, ол бастама негіз етіп адамды алады; бірақ бұл адамның тұратын дүниесі туралы онда сөз де болмайды, сондықтан да оның адамы дін философиясында алынатын абстрактылы адамның өзі болып қала береді. Бұл адам дүниеге анасының құрсағынан шығып келген емес: ол, қауашағынан шыққан көбелек сияқты, монотеистік діндердің құдайынан ұшып келген. Сондықтан ол шын дүниеде, тарихи дамыған және тарихи белгілі бір дүниеде тұрмайды. Ол басқа адамдармен қарым-қатынаста болатын болса да, олардың әрқайсысы оның өзі сияқты соншалық абстрактылы болады. Дін философиясында бізге дегенмен әлі еркек пен әйел туралы айтылатын еді, ал этикада бұл соңғы айырмашылық та жойылып кетеді. Рас, Фейербахта оқта-текте, мысалы, мына сияқты қағидалар кездесіп қалып отырады:

> «Сарайлардағылар лашықтағылардан басқаша ойлайды».— «Егер сенің денеңде аштық пен кедейліктің салдарынан қоректік заттар жоқ болса, онда сенің басында да, сенің сезімдерің мен жүрегінде де мораль үшін қорек жоқ».— «Саясат біздің дініміз болуға тиісті» және т. б.

Бірақ Фейербах бұл қағидалармен не істеуді мүлде білмейді, олар Фейербахта бос сөздер болып қала береді, сондықтан тіпті Штарке де саясат Фейербахқа қол жеткісіз сала болғанын, ал

> «қоғам туралы ғылым, социология,— terra incognita»*,

болғанын мойындауға мәжбүр болады.

Жақсылық пен жамандық арасындағы қарама-қарсылықты қарастырған жерінде де Фейербах Гегельге қарағанда сондайлық жадағай болып шығады.

> «Адам жаратылысынан мейірбан келеді дегенде,— дейді Гегель,— кейбіреулер өте терең пікір айттым деп ойлайды; бірақ олар адам жаратылысынан зұлым келеді деген сөзде одан анағұрлым зор терең пікір бар екенін ұмытады».

---

* — белгісіз жер. *Ред.*

Гегельде зұлымдық дегеніңіз тарихи дамудың қозғаушы күші көрінетін форма. Мұнда екі түрлі мағына бар. Бір жағынан, алға басқан әрбір жаңа қадам қайсыбір қасиетті нәрсені қорлау, ескі, күні біткен, бірақ әдет бойынша қасиеттеліп келген тәртіпке қарсы бүлік жасау болмай қоймайды. Екінші жағынан, таптардың қарама-қарсылығы пайда болған кездерден бастап тарихи дамудың тетіктері адамдардың жағымсыз ниет-құлықтары: тойымсыздық пен билік құмарлық болып алды. Бұған, мысалы, феодализм мен буржуазияның тарихы тұтас дәлел бола алады. Бірақ моральдық зұлымдықтың тарихи ролін зерттеу Фейербахтың ойына да келмейді. Тарихи сала оған тегі қолайсыз және жайсыз. Оның тіпті:

> «Адам табиғаттың құшағынан жаңа ғана шыққан кезінде адам болған жоқ, тек таза табиғи тіршілік несі ғана болды. Адам дегеніміз — адамның, мәдениеттің, тарихтың жемісі»

деген нақыл сөзі де оның өзінде мүлдем жеміссіз қалып отырады.

Осы айтылғандардың бәрінен кейін, мораль жөнінде бізге Фейербахтың өте-мөте бір татымсыз нәрсені ғана айта алатыны түсінікті. Бақытқа ұмтылу адамда туа біткен нәрсе, сондықтан ол мораль атаулының негізі болуға тиіс. Бірақ бақытқа ұмтылу екі түрлі түзетуге ұшырайды. Біріншіден, біздің істеген істеріміздің табиғи нәтижелері жағынан: мас болудан кейін — делсал болу, әдетке айналған қомағайлықтан кейін — ауру келеді. Екіншіден, олардың қоғамдық нәтижелері жағынан: егер біз басқалардың да сондай бақытқа ұмтылуын қадірлемейтін болсақ, олар қарсылық көрсетіп, біздің бақытқа ұмтылуымызға кедергі жасайды. Бұдан шығатын қорытынды: егер біз өзіміздің осы ұмтылуымызды орындағымыз келетін болса, біз өзіміздің істеген істеріміздің нәтижелерін дұрыс бағалай білуге тиіспіз және оның үстіне басқалардың да дәл сондай ұмтылуға тең правосы бар екенін қадірлеуіміз керек. Өзіміз жөнінде ақылға сыйымды түрде өзімізді өзіміз тежеу, ал басқалармен қатынас жөнінде сүйіспеншілік — тағы сүйіспеншілік! — болу керек,— демек, басқа қалғандарының бәрі қорытылып шығарылатын фейербахтық моральдың негізгі ережелері осындай. Сондықтан Фейербахтың қиыннан қиыстырған пайымдаулары да, Штаркенің тым күшейте мақтаулары да бұл екі-үш қағиданың қораштығы мен мағынасыздығын бүркей алмайды.

Өзімен-өзі ғана шұғылданған адам өзінің бақытқа ұмтылуын ілуде бір болатын жағдайларда ғана, онда да өзіне және өзгелерге пайдасыз түрде, орындай алады. Ол сыртқы дүниемен қатынаста болуға, оның өз қажеттерін қанағаттандыратын құралдары: тамағы, басқа жынысты адамы, кітаптары, көңіл көтеру құралы, таластары, қызметі, тұтыну және еңбек заттары болуға

тиіс. Екінің бірі: не Фейербахтың айтып отырған моралы қажеттерін қанағаттандыруға керекті осы құралдар мен заттардың бәрі әрбір адамда сөзсіз бар деп алдын ала жорамалдайды, немесе ол мораль тек игі, бірақ қолдануға болмайтын кеңестерді ғана береді; бұлай болғанда ол моральдың жоғарыда көрсетілген құралдары жоқ адамдарға тұк қажеті болмайды. Және Фейербахтың өзі де мұны ашық айтады:

> «Сарайлардағылар лашықтағылардан басқаша ойлайды». «Егер сенің дененде аштық пен кедейліктің салдарынан коректік заттар жоқ болса, онда сенің басында да, сенің сезімдерің мен жүрегінде де мораль үшін корек жоқ».

Жұрттың бәрінің бақытты болуға деген хақылары бірдей деген мәселенің жайы бұдан жақсы ма? Фейербах бұл талапты барлық кезеңдерде және барлық жағдайларда сөзсіз міндетті талап деп есептейді. Бірақ қашаннан бері жұрттың бәрі оны мойындаған екен? Қашан да болсын ерте заманда құлдар мен олардың иелерінің арасында немесе орта ғасырларда крепостной шаруалар мен олардың барондарының арасында жұрттың бәрінің бақытты болуға деген хақыларының бірдейлігі туралы әңгіме болып па екен? Езілген таптардың бақытқа ұмтылуы үстем таптардың нақ сондай ұмтылуы жолына аяусыз және «заңды негізде» құрбан болып келмеді ме? — Ия, құрбан болып келді, бірақ бұл оңбағандық іс болған; ал қазір осы тең право мойындалып отыр.— Мойындалғанда, буржуазия феодализмге қарсы күресте және капиталистік өндірісті дамыту үшін сословиелік, яғни жеке бастық, артықшылықтардың бәрін жоюға, сөйтіп әуелі жеке право саласында, ал одан кейін бірте-бірте мемлекеттік право саласында да жеке адамның заң жағынан тең праволы болуын енгізуге мәжбүр болған кезден бастап сөз жүзінде мойындалып отыр. Бірақ бақытқа ұмтылу үшін кем дегенде идеалдық праволар керек. Оған бәрінен де гөрі материалдық құралдар керек; ал капиталистік өндіріс тең праволы адамдардың орасан зор көпшілігінің мардымсыз күнкөріс үшін ең қажетті нәрсесі ғана болуына қам жасайды. Сөйтіп, капитализм көпшіліктің бақытты болуға деген тең правосын құлдық дәуірінен немесе крепостниктік дәуірден артық қадірлей қояр ма екен. Ал бақытты болуды қамтамасыз ететін рухани құралдардың жайы, білім алу құралдарының жайы одан оңып тұр ма? «Садова түбінде жеңіп шыққан мектеп мұғалімінің»[190] өзі аңыздағы адам емес пе?

Ол ол ма. Фейербахтың мораль теориясы бойынша қор биржасы, егер онда тек ақылмен жалдаптық жасалатын болса, ең биік адамгершілік сарайы болып шығады. Егер менің бақытқа ұмтылуым мені биржаға апарып енгізетін болса, мен онда өзімнің істеген істерімнің нәтижесін дұрыс бағалай білетінім сонша, бұл істерім маған ешқандай зиян келтірмей, тек қана

жақсылық келтіріп отыратын болса, яғни егер мен үнемі ұтып отыратын болсам, онда Фейербахтың қағидасы орындалғаны. Және бұл орайда мен жақынымның осылай бақытқа ұмтылуына әсте де қысым жасамаймын, өйткені ол да биржаға мен сияқты өз еркімен келген, ал менімен жалдаптық келісім жасағанда, ол да, менің өз бақытыма ұмтылғаным сияқты, өз бақытына ұмтылады. Ал егер ол өз ақшасынан айрылып, зиян тартатын болса, онда бұл оның әрекеттерінің адамгершілікке қайшы болғанын дәлелдейді, өйткені ол өз әрекеттерін нашар ойластырған, сондықтан оның лайықты жазасын тартқыза отырып, мен тіпті осы заманғы Радаманттың паң кейпіне түсе аламын. Сүйіспеншілік жай көңілшектік бос сөз болмағандықтан, биржада сүйіспеншілік те үстемдік етеді; өйткені әрбір адам өзінің бақытқа ұмтылуын басқа біреу арқылы орындайды, атап айтқанда сүйіспеншілік осыны істеуге тиіс те, оның практикада жүзеге асуы осы болып табылады. Демек, егер мен өз әрекеттерімнің нәтижелерін дұрыс шамалай білсем, яғни егер мен оны ойдағыдай атқарсам, онда мен Фейербах моралының нағыз қатаң талаптарының бәрін орындаймын, ал оның үстіне тіпті байимын да. Басқаша айтқанда, Фейербахтың ойы мен ниеті қандай болса ондай болсын, оның моралы қазіргі капиталистік қоғамның өлшемімен пішілген болып шығады.

Ал сүйіспеншілікті қайтпекпіз! — Иә, сүйіспеншілік деген Фейербахта барлық уақытта және барлық жерде бірдей практикалық өмірдің барлық қиыншылықтарынан құтқаруға тиіс керемет болып табылады,— және мұның өзі мүдделері біріне-бірі тура қарама-қарсы таптарға бөлінген қоғамда осылай болмақшы! Сонымен оның философиясынан оның революциялық сипатының соңғы қалдықтары ғайып болады да: бір-біріңізді сүйіңіздер, жыныстарыңызға және атақтарыңызға қарамастан бәріңіз де бір-бірлеріңізге құшақ жайыңыздар,— жалпыға бірдей татутәтті қуаныш болсын! деген ескі ән ғана қалады.

Қысқасын айтқанда, Фейербахтың мораль теориясы да өзінің алдында өткен теорияларының бәрінің кебіне түсті. Ол барлық замандарға, барлық халықтарға, барлық жағдайларға шақталып жасалған, нақ сондықтан да ол ешбір жерде, ешқашан қолдануға келмейді. Шын дүниеге қатынасы жағынан да ол Канттың үзілді-кесілді императиві сияқты дәрменсіз. Шындығына келгенде әрбір таптың және тіпті әрбір кәсіптің өз моралы болады, мұның үстіне олар бұл моральды өздеріне зияны тимейтін жерінде әрдайым бұзып отырады. Ал жұрттың бәрін біріктіріп отыруға тиісті сүйіспеншілік соғыстарда, жанжалдарда, таластартыстарда, үй ішіндегі ұрыс-керістерде, ерлі-зайыптылардың ажырасуларында және біреулерді екіншілердің барынша қанауында көрінеді.

Бірақ ақыл-ойдың ілгерілеуіне Фейербахтың жасаған аса

күшті түрткісі оның өзі үшін мүлде жеміссіз болып қалғанының себебі қалай? Себебі мынау ғана: Фейербах өз басының өлердей жек көрген абстракциялар дүниесінен нақты, шын дүниеге шығатын жолды таба алмады. Ол бар күшімен табиғатқа және адамға жармасады. Бірақ табиғат та, адам да оның айтуында сөз ғана болып қала берді. Ол шын табиғат жөнінде де, шын адам жөнінде де нақтылы еш нәрсе айта алмайды. Алайда фейербахтық абстрактылы адамнан шын, нақтылы адамдарға көшу үшін бұл адамдарды олардың тарихи қимылдарында алып зерттеу қажет еді. Ал Фейербах бұған мүлде баспады, сондықтан да өзі түсінбеген 1848 жыл ол үшін шын дүниеден біржолата қол үзу, дүниеден безу ғана болып шықты. Бұған ең алдымен тағы да сол немістің қоғамдық қатынастары кінәлы, оны осындай аянышты халге жеткізіп тынған сол қатынастар.

Бірақ Фейербахтың істемеген ісін қалай да істеу керек болды. Абстрактылы адамға табынушылықты, Фейербахтың жаңа дінінің осы ұйытқысын, шын адамдар мен олардың тарихи дамуы туралы ғылыммен ауыстыру керек болды. Фейербахтың көзқарасын Фейербах философиясының шегінен асыра, осылай ілгері қарай дамыту ісін «Қасиетті әулет» делінген кітапта 1845 ж. Маркс бастады*.

## IV

Философиялық негізден кетпегендіктен Штраус, Бауэр, Штирнер, Фейербах гегельдік философияның ұрпақтары болды. Өзінің «Иисустың өмірі» мен «Догматикасынан» кейін Штраус тек Ренан á la философиялық және тарихи-шіркеулік беллетристикамен ғана шұғылданды. Бауэр христиан дінінің шығу тарихы саласында ғана ауызға аларлық бірдеңе істеді. Штирнер тіпті Бакунин оны Прудонмен араластырып, осы қоспаға «анархизм» деп ат таққаннан кейін де жай күлкі болып қала берді. Жалғыз Фейербах қана аса көрнекті философ болды. Бірақ ол өзін барлық жеке ғылымдардың үстінде қалықтап жүретін және оларды біріктіре байланыстырып отыратын ғылымдардың ғылымы деп көрсеткен философияның,— бұл философияға ол қол сұғылмайтын қасиетті нәрсе деп қарады,— шегінен аттап шыға алмағаны былай тұрсын, оның үстіне ол тіпті философ ретінде де орта жолда тоқтап қалды, төменде материалист, жоғарыда идеалист болды. Ол Гегельді сын қаруымен жеңбеді, қолдануға жарамайтын бірдеңе сияқтандырып жай лақтырып тастады; сөйте тұрса да оның өзі Гегель системасының энциклопедиялық байлығына қарсы көпірме сүйіспеншілік діні мен құр сүлдері бар, дәрменсіз моральдан басқа ондырып еш нәрсе қоя алмады.

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 3—230-беттер. *Ред.*

Бірақ Гегель мектебі ыдыраған кезде тағы бір басқа бағыт туды, осы бағыт шын мәнінде жеміс берген бірден-бір бағыт болды. Бұл бағыт негізінен Маркстің есімімен байланысты*.

Гегельдің философиясынан ажырасу бұл жерде де материалистік көзқарасқа қайта оралу арқылы болды. Мұнын мәнісі: бұл бағыттағы адамдар шын дүниені — табиғат пен тарихты — оған ойдан шығарылып, күні бұрын болжанған идеалистік пікірлерсіз келіп қараған әрбір адамға оның өзінің көрінетін түрінде түсінуге бел байлады; олар фактілерге, қандайда болсын бір қиялдық байланыста емес, олардын өз байланысында алынған фактілерге сәйкес келмейтін идеалистік жалған ойдың қандайын болсын қынжылмай құрбан етуге бел байлады. Ал материализм дегеніміз жалпы алғанда бұдан өзге еш нәрсе емес. Жаңа бағыттың бар айырмашылығы мұнда материалистік дүние тануға алғаш рет шын мән бере қаралды, бұл дүние тану білімнің қаралып отырған салаларының бәрінде — ең болмағанда негізгі белгілері жағынан — дәйекті түрде жүзеге асырылды.

Гегель жай лақтырыла салынған жоқ. Қайта, бастама негізге оның философиясының жоғарыда көрсетілген революциялық жағы, диалектикалық метод алынды. Бірақ бұл метод оның гегельдік формасында жарамсыз болып шықты. Гегельде диалектика дегеніміз ұғымның өзіндік дамуы болып табылады. Абсолюттік ұғым деген баяғыдан бері қарай — қай жерде екені белгісіз — өмір сүріп келе жататындығы былай тұрсын, сонымен қатар, ол бүкіл қазір бар дүниенің ақиқат, нақтылы мәні болып табылады. Ол ұғым «Логикада» толық қарастырылған және түгелімен оның өзінде бар алдын ала сатылардың бәрі арқылы өзіне қарай бағытта дамиды. Онан кейін ол табиғатқа айналып, өзін өзі «өзгертеді», мұнда ол, өзін өзі ұғынбай, табиғи қажеттілік түріне еніп, жаңа дамуға енеді, содан адамда келіп, ақырында, тағы да өзін өзі ұғынады. Ал тарихта бұл өзін өзі ұғыну, ақырында, абсолюттік ұғым гегельдік философияда тағы да өзіне-өзі толық келгенге дейін тағы да бастапқы қалпынан шы-

* Бұл жерде мен өзім бір түсінік бере кетейін. Осы теорияны жасауға менің қатысқаным соңғы кезде сан рет көрсетілді. Сондықтан мен бұл жерде осы мәселені әбден анықтайтын бірнеше сөз айта кетуге мәжбүрмін. Менің Маркспен бірге істеген қырық жыл уақытымның ішінде де және соған дейін де сөз болып отырған теорияны негіздеуде де, әсіресе оны талдап жасауда да белгілі дәрежеде дербес қатысқанымды мен бекер дей алмаймын. Бірақ негізгі жетекші пікірлердің, әсіресе экономика және тарих саласындағы пікірлердің басым көпшілігі Марксікі, ал оның үстіне, оларды ақырғы түрінде тиянақтап тұжырымдаған да Маркс. Буларға менің қосқанымды, мүмкін, екіүш арнаулы саланы былай қойғанда, Маркс мексіз де оп-оңай істей алатын еді. Ал Марксті істегенін мен ешқашанда істей алмас едім. Маркс біздің бәрімізден де жоғары тұрды, алысты көрді, бізден көбірек және тез шолыды. Маркс данышпан еді, ал біз, ең мықтағанда,— талант қана болдық. Марксіз біздің теориямыз казіргісіндей мүлде болмаған болар еді. Сондықтан да оның Марксті есімімен аталуы әбден орынды.

ғып қалады. Табиғатта және тарихта білініп отыратын диалектикалық даму, яғни бұрақ жолдардың бәрін бойлай, уақытша кері басқан қадамдардың бәрінен өтіп, төменгіден жоғарыға қарай өзіне жол салып, ілгері басудың себепті байланысы,— міне осы даму Гегельде, қайда екені белгісіз, бірақ, әйтеуір, адамның ойлаушы миының қандайынан болсын мүлде тәуелсіз, мәңгі болып жататын ұғымның өзіндік қозғалысының таңбасы ғана болып табылады. Міне осы идеологиялық бұрмалауды жою керек болды. Материалистік көзқарасқа қайта оралып, біз шын заттардан абсолюттік ұғымның белгілі бір сатыларының бейнелерін көрудің орнына адам ұғымдарынан шын заттардың бейнелерін қайтадан көрдік. Осы арқылы диалектика сыртқы дүние, сондай-ақ адам ойлауы қозғалысының жалпы заңдары туралы ғылымға келіп сайды: екі қатар заңдар, шын мәнінде барабар, ал өздерінің көрінісі жағынан өзгеше болатын, өзгеше болғанда адамның басы бұл заңдарды саналы түрде қолдана алатындықтан ғана өзгеше болатын осы заңдар табиғатта — бұл кезге дейін көбінесе адамзат тарихында да — өздерінің жолын, шетсіз-шексіз тізбектелген кездейсоқтық сияқтылардың арасымен, сыртқы қажеттілік формасында, ұғынылмаған түрде ашып отырады. Сонымен, ұғымдардың диалектикасының өзі шын дүниенің диалектикалық қозғалысының ұғынылған түрде бейнеленуі ғана болып шықты. Осымен бірге Гегель диалектикасы төңкеріліп қойылды, дұрысырақ айтқанда — қайтадан аяғынан тік тұрғызылды, өйткені ол бұрын басымен тұр еді. Айта қаларлық бір жай сол, қазір міне бірталай жылдардан бері біздің ең жаңа еңбек құралымыз, біздің ең өткір қаруымыз болып келе жатқан бұл материалистік диалектиканы ашқан жалғыз біз ғана болмадық; оны бізге байланыссыз және тіпті Гегельге де байланыссыз неміс жұмысшысы Иосиф Дицген жаңадан ашты*.

Осы арқылы Гегель философиясының революциялық жағы қалпына келтірілді және сонымен қатар ол идеалистік жамылғыларынан тазартылды, бұлар Гегельде оны дәйекті түрде жүзеге асыруды қиындатқан еді. Негізгі ұлы ой,— дүние дайын тұрған, аяқталған *заттардан* тұрмайды, *процестердің* жиынтығы болып табылады, мұнда өзгермейтін сияқты көрінетін заттар, сол сияқты олардың адамның басы арқылы жасалатын ойдағы суреттері, ұғымдар, бір туып, бір жоғалып, үздіксіз өзгерісте болады, мұның өзінде өрлей даму, барынша кездейсоқ тәрізденіп көрінсе де және уақытша кері лықсуларына қарамастан, түптеп келгенде, өзіне жол салады деген ой,— міне осы негізгі ұлы ой Гегель заманынан бері қарай жалпы жұрттың санасына сіңген-

---

* Қараңыз: «Ми еңбегінің мәні, дене еңбегінің өкілі баяндаған». Гамбург, Мейснер баспасы.

дігі сондай, оған енді оның жалпы түрінде біреу-міреудің таласа коюы екі талай. Бірақ оны сөз жүзінде мойындау бір басқа да, оны әрбір жеке жағдайда және зерттеудің әрбір жеке саласында қолдану,— бір басқа. Егер біз зерттеу үстінде осы көзқарасты үнемі ұстайтын болсақ, онда біз үшін түпкілікті шешімдер мен мәңгі ақиқаттарды талап ету өзінің бар мәнін біржола жояды; біздің қолымыз жететін білімдеріміздің бәрі тежеулі және оларға біздің қолымыз жеткен кездегі жағдайларға байланысты болмай қоймайтынын біз ешқашан ұмытпайтын боламыз. Сонымен бірге ескі, бірақ әлі де болса әжептәуір көп тараған метафизиканың жеңе алмайтын, мысалы, ақиқат пен адасудың, жақсылық пен жамандықтың, ұқсастық пен әр түрліліктің, қажеттілік пен кездейсоқтың қарама-қарсылықтары сияқты қарама-қарсылықтар бізді бұдан былайғы жерде бас игізе алмайтын болады. Бұл қарама-қарсылықтардың тек относительдік қана мәні бар екенін біз білеміз: қазір ақиқат деп танылып отырған нәрсенің қазір білінбей жатқан қате жағы болады, бірақ ол жағы келе-келе ашылады; дәл сол сияқты, қазір адасушылық деп танылып отырған нәрсенің бұрын ақиқат болып саналуына себеп болған ақиқат жағы болады; қажеттілік болып бекіп орнықкан нәрсе таза кездейсоқтықтардан құралады, ал кездейсоқтық болып саналып отырған нәрсе тасасында қажеттілік бар форма болып табылады және т. б.

Зерттеу мен ойлаудың — Гегель «метафизикалық» деп атаған, *заттарды* көбінесе әбден аяқталған және өзгермейтін бір нәрсе деп қарастырған және оның қалдықтары адам басынан осы күнге дейін берік орын алып отырған — ескі методының өз кезінде ұлы тарихи ақталуы болған еді. Процестерді зерттеуге кіріспестен бұрын заттарды зерттеу керек болған еді. Белгілі бір затта болатын өзгерістерді зерттеумен шұғылдану үшін әуелі осы заттың өзінің не екенін білу керек. Жаратылыстану ғылымдарында істің жайы нақ осылай болған-ды. Заттарды әбден аяқталған бір нәрсе деп санаған ескі метафизика осындай, өлі және тірі табиғаттың заттарын әбден аяқталған бір нәрсе деп қарап зерттеген жаратылыстанудан туып өскен болатын. Сонан жеке заттарды осылай зерттеу соншама ілгері басып, жаңадан алға қарай батыл қадам басуға мүмкін болған кезде, яғни табиғаттың өзінде осы заттарда болатын өзгерістерді жүйелі түрде зерттеуге көшу мүмкін болған кезде, міне осы кезде философия саласында да ескі метафизиканың өлім сағаты соқты. Шындығында да, өткен ғасырдың аяғына дейін жаратылыстану көбінесе *жинақтаушы* ғылым, әбден аяқталған заттар туралы ғылым болған болса, біздің ғасырымызда ол асылы *тәртіптеуші* ғылымға, процестер туралы, осы заттардың шығуы мен дамуы туралы, табиғаттың осы процестерін ұлы бір бүтін етіп біріктіретін байланыс туралы ғылымға айналды. Өсімдік пен жануар

организміндегі процестерді зерттейтін физиология; жеке организмнің ұрық күйінен бастап кемелденген күйіне дейінгі дамуын зерттейтін эмбриология; жер қыртысының бірте-бірте құралуын зерттейтін геология,— осы ғылымдардың бәрі де біздің ғасырымыздың перзенттері.

Табиғатта болып жататын процестердің өзара байланысын тану ісі әсіресе ұлы үш жаңалықтың ашылуы арқасында аса зор қадамдармен алға басты:

Біріншіден, мұның өзі клетканы ашудың,— өсімдік пен жануардың бүкіл денесі соның көбеюі мен жіктелуі арқылы дамитын бөлшектің ашылуының арқасында болды. Бұл жаңалық біздің жоғары сатыдағы организмдердің бәрінің дамуы мен өсуі олардың бәріне ортақ бір заң бойынша болатынына сендіріп қана қойған жоқ, оның үстіне, клетканың өзгере алатынын көрсетіп, ол жаңалық организмдердің түр-түрге өзгерулеріне, өзгеру болғанда, осы арқылы организмдер жеке-дара ғана дамудан гөрі зорырақ бір нәрсе болып табылатын даму процесін жасай алатын өзгерулерге апаратын жолды да белгілеп берді.

Екіншіден, энергияның басқа түрге айналуын ашудың арқасында болды; мұның өзі ең алдымен органикалық емес табиғатта қимыл жасайтын күштер деп аталатындардың бәрі де,— механикалық күш пен оның қосымшасы, потенциялық деп аталатын энергия, жылылық, сәуле беру (жарық, resp.*, сәулелі жылылық), электр күші, магнетизм, химиялық энергия,— универсалды қозғалыс көріністерінің әр түрлі формалары болып табылатынын, бұлар белгілі бір сандық қатынастарда бір-біріне айналып отыратынын, сөйтіп, біреуінің біраз мөлшері жоғалған кезде оның орнына басқасының белгілі бір мөлшері келіп шығатынын және табиғаттағы қозғалыстың бәрі бір формадан екінші формаға айналудың үздіксіз процесі болып шығатынын көрсетті.

Ақырында, үшіншіден, осы күнгі біздің айналамыздағы организмдердің бәрінің, адамды да қоса алғанда, ұзақ уақыт даму процесінің нәтижесінде алғашында бір клеткалы азғантай ғана ұрықтардан пайда болғанын, ал бұл ұрықтардың өзі химиялық жолмен шыққан протоплазмадан, немесе белоктан құралғанын ең алғаш жалпы байланысымен бірге Дарвиннің дәлелдеп беруінің арқасында болды.

Осы ұлы үш жаңалықтың және жаратылыстанудың басқа да орасан зор табыстарының арқасында біз енді жалпы алғанда табиғаттың өзінің жекелеген салаларындағы процестерінің арасында болатын байланысты ғана емес, сонымен қатар осы жеке салалар арасында бар байланысты да аңғара аламыз. Сонымен, эмпирикалық жаратылыстанудың өзі тауып берген фактілерінің

---

* — respective — тиісінше. *Ред.*

көмегімен байланысты бір тұтастық ретіндегі табиғаттың жалпы суретін едәуір жүйелі түрде жасап беруге болады. Табиғаттың осы сияқты жалпы суретін жасап беру бұрын натурфилософия дейтіннің міндеті болған еді, ол мұны құбылыстардың оған әзір мәлім емес шын байланыстарын идеалдық, қиялдық байланыстармен ауыстыру және шын олқылықтарды оймен ғана толықтырып, жетіспейтін фактілерді ойдан шығарылғандармен жетістіру арқылы ғана істей алды. Бұл орайда ол көптеген даналық ойлар айтты, кейін ашылған көптеген жаңалықтарды болжап берді, бірақ сорақылықты да аз айтқан жоқ. Ол кезде мұнан басқаша бола алмайтын да еді. Ал қазір біздің заманымыз үшін қанағаттанарлық «табиғат жүйесін» жасау үшін табиғатты зерттеу ісінің нәтижелеріне диалектикалық тұрғыдан, яғни олардың өз байланысы тұрғысынан қарауымыздың өзі жеткілікті болып отырған кезде және бұл байланыстың диалектикалық сипатын ұғыну тіпті өздерінің еркінен тыс, жаратылыс зерттеушілердің метафизикалық тұрғыдан жаттықтырылған бастарына да еніп отырған кезде,— міне қазір натурфилософияның күні бітіп отыр. Оны қайта тірілту әрекетінің қандайы да енді орынсыз болатыны былай тұрсын, тіпті *кері басқан қадам болған болар еді.*

Ал енді қазір өзіміз тарихи даму процесі деп түсініп отырған табиғатқа қолдануға болатын нәрсені қоғам тарихының барлық салаларына да және адамзаттық (және құдайлық) заттармен шұғылданатын ғылымдардың бүкіл жиынтығына да қолдануға болады. Алайда натурфилософия сияқты тарих, право, дін, т. т. философиясы да мынаған келіп сайды: оқиғалардан аңғарылуға тиісті шын байланыстың орнын философтардың ойдан шығарған байланысы басып отырды; тарихқа,— оны тұтастай алғанда және жеке бөлімдеріне,— идеялардың, ал оның үстіне әлбетте, әрқашан әрбір философтың өзінің сүйікті идеяларының ғана, бірте-бірте жүзеге асырылуы деп қаралды. Сөйтіп тарих ұғынылмаған, бірақ қажетті түрде белгілі бір идеалдық, күн ілгері алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін қызмет істейтін болып шықты; мәселен, Гегельде мұндай мақсат оның абсолюттік идеясының жүзеге асырылуы болды, ал осы абсолюттік идеяға үнемі ұмтылу, оның ойынша, тарихи оқиғалардың ішкі байланысы болды. Шын байланыстың, бірақ әлі белгісіз байланыстың орнына, сонымен, қайсыбір жаңа, ұғынылмаған немесе санаға бірте-бірте жететін жасырын тылсым күш қойылды. Демек мұнда да осы ойдан шығарылған, жасанды байланыстарды дәл табиғат саласындағыдай етіп, жойып, шын байланыстарды ашу керек болды. Ал бұл міндет түптеп келгенде қозғалыстың жалпы заңдарын — үстем заңдар ретінде адамзат қоғамы тарихында өзіне жол салып отыратын заңдарды — ашуға келіп тірелді.

Бірақ қоғам дамуының тарихы бір пунктте табиғат дамуының тарихынан айтарлықтай өзгеше болады. Табиғатта (біз оған адамның кері әсер ететінін былай қоятын болсақ) бір-біріне меңіреу, санасыз күштер ғана әсер етеді, ал жалпы заңдар осы күштердің өзара әсерінен келіп көрінеді. Мұнда ешбір жерде— сырт жағынан көрінетін ұшы-қиыры жоқ кездейсоқтық сияқтыларда да, бұл кездейсоқтықтардың ішінде заңдылық барын дәлелдейтін ақтық нәтижелерде де — саналы, көзделетін мақсат жоқ. Мұның керісінше, қоғам тарихында санасы бар, ойластырып барып немесе ынтаның ықпалымен, белгілі бір мақсаттар көздейтін адамдар әрекет жасайды. Мұнда саналы ниетсіз, көзделген мақсатсыз еш нәрсе де істелмейді. Бірақ тарихи зерттеу үшін,— әсіресе жекелеген замандар мен оқиғаларды зерттеу үшін,— бұл айырмашылықтың маңызы зор болғанымен, ол тарихтың барысы ішкі ортақ заңдарға бағынатындығын ешқандай өзгерте алмайды. Шындығына келгенде, бұл салада да, әрбір жеке адамның саналы түрде көздейтін мақсаттарына қарамастан, құбылыстардың сырт жағында, жалпы алғанда, кездейсоқтық үстем болатын сияқты. Көзделетін нәрсе ілуде бір жағдайларда ғана жасалады; ал көбінесе адамдардың өз алдына қойған мақсаттары өзара соқтығысқа және қайшылыққа кездесіп отырады немесе бірқатарының өзінің мәні жағынан, бірқатарын жүзеге асыру үшін керекті құрал-қаржының жеткіліксіздігінен олар қол жеткісіз болып қалып отырады. Ұшы-қиыры жоқ жеке талаптар мен жеке қимылдардың соқтығыстары тарих саласында, санасы жоқ табиғатта үстем болып отырған күйге әбден ұқсас күйге алып келеді. Қимылдардың белгілі бір көздеген мақсаты болады; бірақ бұл қимылдардан іс жүзінде шығатын нәтижелер әсте де көзделгендей болмайды. Ал егер басында олар көзделген мақсатқа сәйкес сияқты болып көрінсе де, түптеп келгенде олар керек болған нәтижелерге мүлде жеткізбейді. Сөйтіп, жалпы алғанда, кездейсоқтық тарихи құбылыстар саласында да үстемдік ететін болып шығады. Бірақ сыртқы бетінде кездейсоқтықтар болып жататын жерде, сол жерде бұл кездейсоқтықтың өзі әрқашан ішкі, жасырын заңдарға бағынулы болып шығады. Мәселенің мәні осы заңдарды ашуда ғана.

Тарихтың барысы қандай болатын болса да, адамдар оны былай істейді: әркім саналы түрде алға қойған өз басының мақсаттарын көздейді, ал осы әр түрлі бағытта қимыл жасайтын көптеген талаптардың және олардың сыртқы дүниеге жасайтын әр алуан әсерлерінің жалпы қорытындысы — нақ осының өзі тарих болып табылады. Олай болса, мәселе айналып келгенде осы көптеген жеке адамдардың нені тілейтініне келіп тіреледі. Ерікті құштарлық немесе ойлау белгілейді. Бірақ құштарлықты немесе ойды тікелей белгілейтін тетіктердің өздері нағыз әр алуан сипатта болады. Бұлардың кейбіреулері сыртқы заттар

болуы, кейбіреулері—идеалдық ниеттер: атаққұмарлық, «ақиқат пен право жолына қызмет ету», жеке өзінің жек көрушілігі немесе тіпті алуан түрлі жекелей тәбет-пиғылдар болуы мүмкін. Бірақ, бір жағынан, біз жоғарыда: тарихта қимыл жасайтын көптеген жеке талаптардың көбінесе көзделген нәтижелерді туғызбай, одан мүлдем өзге, кейде көзделгенге тура қарама-қарсы нәтижелерді туғызатынын, сондықтан бұл ниеттердің де, демек, ақырғы нәтиже жөнінде бағынышты ғана маңызы болатынын көрдік. Ал екінші жағынан, осы ниеттердің өздерінің тасасында қандай қозғаушы күштер бар, қимыл жасайтын адамдардың басында осы ниеттер түріне енетін тарихи себептер қандай? — деген жаңа сұрақ туады.

Ескі материализм мұндай мәселемен ешқашан шұғылданған емес. Сондықтан оның тарихқа көзқарасы — оның жалпы алғанда осындай көзқарасы болғандықтан — шын мәнісінде прагматикалық көзқарас болды: ол барлық нәрсені де қимыл себептеріне қарай бағалады, тарихи қайраткерлерді адал және арам қайраткерлер деп бөлді, адалдары, әдетте, алданып ақмақ болып қалып, арамдары жеңіп шығып отырады деп тапты. Бұл жағдайдан ол үшін: тарихты зерттеуден шығатын үлгі боларлық нәрсе өте аз деген қорытынды шықты, ал біз үшін: тарихи салада ескі материализм өзіне-өзі қайшы келеді деген қорытынды болды; өйткені ол тарихта қимыл жасайтын идеалдық түрткі күштердің тасасында не бар екенін, бұл түрткі күштердің түрткі күштері қандай екенін зерттеудің орнына оларды оқиғалардың соңғы себептері деп есептейді. Дәйексіздік *идеалдық* түрткі күштер бар деп мойындауда емес, соларға келіп тоқталып қалып, олардың қозғаушы себептеріне қарай ілгері бармауда. Оның керісінше, тарих философиясы, әсіресе Гегель арқылы, тарихи қайраткерлердің жұртқа көрсетпек болған ниеттері де, шын ниеттері де тарихи оқиғалардың әсте де соңғы себептері болып табылмайды, бұл ниеттердің тасасында басқа бір қозғаушы күштер болады, міне соларды зерттеу керек деп білді. Бірақ тарих философиясы бұл күштерді тарихтың өзінен іздеген жоқ; қайта, оларды бұл философия тарихқа сырттан, философиялық идеологиядан апарып енгізді. Мәселен, Ежелгі Грецияның тарихын оның өзінің ішкі байланыстары бойынша түсіндірудің орнына Гегель жай ғана: бұл тарих «тамаша даралық формаларын» жасаудан, кәдімгі «көркем шығарманың» жүзеге асырылуынан басқа еш нәрсе де емес деп жариялайды. Бұл орайда ол ертедегі гректер туралы көптеген тамаша және терең мағыналы ескертпелер жасайды, бірақ солай бола тұрса да, жалаң, бос сөздер ғана болып табылатын мұндай түсіндірулер бізді қазіргі кезде қанағаттандыра алмайды.

Демек, тарихи қайраткерлердің ниеттерінің тасасында тұратын қозғаушы күштерді,— бұл ұғынылған ба немесе, өте жиі

кездесетініндей, ұғынылмаған ба,— зерттеу туралы, түптеп келгенде тарихтың нағыз қозғаушы күштерін туғызатын күштерді зерттеу туралы әңгіме болған кезде, ең көрнекті адамдар болатын болса да, жеке адамдардың ниеттерінен гөрі орасан көп адамдарды, бүтіндей халықтарды, ал әрбір халықтың өзін алғанда тұтас бір таптарды қозғалысқа келтіретін ниеттерді еске алу керек. Ал мұның өзінде де маңызды нәрсе — күрт қопарылып басылатын, жарқ етіп тез сөнетін оқиғалар емес, ұлы тарихи өзгерістерге алып келетін ұзақ мерзімді қимылдар. Қимыл жасаушы бұқараның және оның көсемдерінің, ұлы адамдар дейтіндердің бастарындағы саналы ниеттер түрінде айқын не көмескі түрде, тікелей не идеологиялық, мүмкін, тіпті қиялдық формада бейнеленетін қозғаушы себептерді зерттеу дегеніміз,— жалпы алғанда тарихта және оның жеке кезеңдерінде немесе жеке елдерде үстемдік ететін заңдарды тануға жеткізетін бірденбір жолға түсу болады. Адамдарды қозғалысқа келтіретін нәрселердің бәрі олардың басы арқылы өтуге тиіс; бірақ оның осы басқа келгенде қандай түрге көшетіндігі өте көп реттерде жағдайларға байланысты. Жұмысшылар қазір өткен 1848 жылы Рейнде істегендеріндей машиналарды қиратпайды, бірақ бұл әсте де олардың машиналарды капиталистік жолмен қолдануға келісуі болып табылмайды.

Бірақ егер өткен дәуірлердің бәрінде де тарихтың осы қозғаушы себептерін зерттеу, бұл себептердің байланыстары олардың нәтижелерімен шатасулы және бүркеулі болғандықтан, мүмкін емес дерлік болған болса, онда біздің заманымызда бұл байланыстар соншама оңайланып, жұмбақтың шешілуі, ақырында, мүмкін болып отыр. Ірі өнеркәсіп енгізілген кезден бері, яғни ең болмағанда 1815 жылғы европалық бітім кезінен бері Англиядағы бүкіл саяси күрестің өзегі үстемдікке екі таптың: бір жағынан, жер иеленуші аристократияның (landed aristocracy) және, екінші жағынан буржуазияның (middle class) ұмтылуы болғаны бұл елде енді ешкімге де құпия болмады. Францияда нақ осы факт Бурбондардың қайтып келуімен бірге санаға енді. Реставрация дәуірінің тарихшылары, Тьерриден бастап Гизо, Минье және Тьерге дейін, орта ғасырлардан бергі француз тарихын түсінудің кілті деп үнемі осы фактіге меңзейді. Ал 1830 жылдан бастап осы екі елдің екеуінде де жұмысшы табы, пролетариат үстемдік үшін күресуші үшінші тап болып танылып отыр. Қатынастардың айқындалғаны сонша, бүкіл ең жаңа тарихтың қозғаушы күші, ең болмағанда аталып отырған ең алдыңғы қатарлы екі елде, осы үш үлкен таптың күресінде және солардың мүдделерінің қақтығысында екенін тек әдейі көргісі келмеген адамдар ғана көре алмайды.

Бірақ бұл таптар қалай пайда болды? Егер тосыннан қарағанда ірі, бір кезде феодалдық болған жер иелігінің шығуын,

қалай болғанда да ең алдымен, саяси себептерден, күшпен басып алудан болды деуге келген болса, буржуазия мен пролетариат жөнінде бұлай деу енді қисынсыз болды. Бұл екі үлкен таптың шығуы мен дамуы таза экономикалық себептерге байланысты болғаны өте айқын болды. Ал ірі жер иеленушілер мен буржуазияның арасындағы күрес, сондай-ақ буржуазия мен пролетариаттың арасындағы күрес те, ең алдымен экономикалық мүдделер үшін жүргендігі, бұларды жүзеге асыру үшін саяси өкімет тек құрал ғана болып қызмет етуге тиіс болғандығы да сондай айқын болды. Буржуазия да, пролетариат та экономикалық қатынастардағы, дәлірек айтқанда — өндіріс әдісіндегі өзгерістер нәтижесінде пайда болды. Бұл екі тап әуелі цехтық қолөнерден мануфактураға, ал одан кейін мануфактурадан бумен және машиналармен қаруланған ірі өнеркәсіпке көшудің арқасында дамыды. Дамудың белгілі бір сатысына келгенде буржуазия іске қосқан жаңа өндіргіш күштер — ең алдымен еңбек бөлінісі және бір ғана жалпы мануфактуралық кәсіпорында көптеген жеке жұмысшылардың біріктірілуі — және сол өндіргіш күштер арқасында дамыған жағдайлар мен айырбас қажеттігі қазіргі кездегі, тарихи мұра болып қалған, заң қасиеттеп келген өндіріс құрылысымен, яғни феодалдық қоғамдық құрылыска тән цехтық және басқа толып жатқан жеке бастық және жергілікті артықшылықтармен (бұлар артықшылықтары жоқ сословиелер үшін соншама көп бұғаулар болды) сыйыса алмайтын болды. Өзінің өкілі буржуазия арқылы өндіргіш күштер феодалдық жер иеленушілер мен цехтық мастерлер өкілі болған өндіріс құрылысына қарсы көтерілді. Бұл күрестің немен тынғаны белгілі. Феодалдық бұғаулар: Англияда бірте-бірте, Францияда бір соққымен талқан етілді, Германияда олар әлі күнге дейін жойылмай отыр. Бірақ белгілі бір даму сатысына жеткенде мануфактураның феодалдық өндіріс құрылысымен жанжалға келгені анықты, ірі өнеркәсіп те енді өндірістің феодалдық құрылысының орнына келген буржуазиялық құрылыспен жанжалдасып отыр. Осы құрылыспен байланысты, капиталистік өндіріс әдісінің тар шеңберлері құрсаулап отырған ірі өнеркәсіп, бір жағынан, халықтың орасан көп бүкіл бұқарасын үздіксіз пролетарландыра береді де, екінші жағынан — өтетін жері жоқ өнімдерді үстіүстіне көбейте береді. Артық өндіріс пен жаппай жоқшылық — біріне-бірі себеп болып табылады — ірі өндірістің душар болатын сорақы қайшылығы осындай және мұның өзі өндіріс әдісін өзгерту арқылы өндіргіш күштерді олардың қазіргі бұғауларынан құтқаруды қажетті түрде талап етеді.

Сөйтіп қалай болғанда да ең бергі тарих үшін, саяси күрестің қандайы болса да тап күресі болып табылатыны және таптардың өз азаттығы жолында жүргізген күресінің қандайы болса да, оның болмай қоймайтын саяси формасына қарамастан,—

өйткені тап күресінің қандайы болса да саяси күрес болып табылады,— түптеп келгенде *экономикалық* азаттық үшін жүргізілетіні дәлелденіп отыр. Сонымен, қалай болғанда ең бергі тарихта, мемлекет, саяси құрылыс бағыныңқы нәрсе болып табылатыны, ал азаматтық қоғам, экономикалық қатынастардың үстемдігі,— шешуші элемент болып табылатыны күмәнсыз нәрсе. Гегель де мақұлдаған ескі көзқарас бойынша, мемлекет, бұған керісінше, белгілеуші элемент те, азаматтық қоғам белгіленуші элемент болып есептелді. Сыртқы көрініс осыған сәйкес келеді. Жеке адамның қимыл жасауы үшін оның осы қимылдарын туғызатын түртқі күштерінің бәрі сөзсіз оның басы арқылы өтуге тиісті екені, оның еркінің ниеттеріне айналуға тиісті екені сияқты, міне сол сияқты, азаматтық қоғамның барлық қажеттері де — бұл кезде қай таптың үстемдік етіп отырғанына қарамастан — заң түрінде жалпыға бірдей маңыз алу үшін, сөзсіз мемлекет еркі арқылы өтіп отырады. Бұл — істің өз-өзінен түсінікті, формалдық жағы. Бірақ, осы формалдық қана еріктің,—жеке адам еркінің болсын немесе бүтіндей мемлекет еркінің болсын, бәрібір,— мазмұны қандай, бұл мазмұн қайдан алынады және басқа бірденені емес, нақ осыны тілейтін себебі не? — деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап іздей келіп, біз ең бергі тарихта мемлекет еркін жалпы алғанда азаматтық қоғамның өзгерген тілектері, белгілі бір таптың үстемдігі, ал түптеп келгенде — өндіргіш күштер мен айырбас қатынастарының дамуы белгілейтінін көреміз.

Бірақ егер тіпті орасан зор өндіріс құрал-жабдықтары мен қатынас құралдары бар біздің ең бергі заманымызда да мемлекет дербес сала болып табылмайтын болса және дербес дамымайтын болса, өзінің өмір сүруінде де, дамуында да, түптеп келгенде, қоғам өмірінің экономикалық жағдайларына тәуелді болатын болса, онда бұл айтылғанның адамдардың материалдық өмірінің мұндай мол өндіріс құрал-жабдықтары әлі болмаған, демек, осы өндірістің қажеттігі адамдарға бұдан да гөрі қалайда көбірек үстемдік жасауға тиіс болған өткен замандардың бәріне қатыстылығы одан да бетер болады. Егер тіпті қазір, ірі өнеркәсіп пен темір жолдар заманында мемлекет тұтас алғанда өндірісте үстемдік етіп отырған таптың экономикалық қажеттерінің шоғырланған формадағы көрінісі ғана болып табылатын болса, онда адамдардың белгілі бір ұрпағының қайсысы болсын өздерінің өміріне келетін уақытының анағұрлым көбін өздерінің материалдық қажеттерін қанағаттандыруға жұмсауға тиісті болған, демек ол ұрпақ материалдық қажеттерге біздің қазіргі тәуелділігімізден анағұрлым көп тәуелді болған заманда мемлекеттің ондай роль атқаруы онан бетер сөзсіз болды. Өткен замандардың тарихын зерттеу ісі мәселенің осы жағына байыптап зер сала бастаса болғаны осы жағдайды көз жеткізе растап береді.

Бірақ біз, әрине, бұл арада бұлай егжей-тегжейлі зерттей алмаймыз.

Егер мемлекет және мемлекеттік право экономикалық қатынастармен белгіленетін болса, онда азаматтық правоны да сол қатынастардың белгілейтіні өз-өзінен түсінікті, ал азаматтық правоның ролі жеке адамдар арасында қазір болып отырған, осы күнгі жағдайларда қалыпты экономикалық қатынастарды шынына келгенде санкциялауға келіп саяды. Бірақ бұл санкцияның берілетін формасының өте әр түрлі болуы мүмкін. Мәселен, өзінің ұлттық дамуының бүкіл барысына сәйкес Англияда болғанындай, ескі феодалдық право формаларына буржуазиялық мазмұн беріп, олардың едәуір бөлегін сақтап қалуға және тіпті феодалдық атағының өзіне буржуазиялық мәнді тікелей енгізе қоюға болады. Ал сонымен бірге — континенттік Батыс Европада осылай болғанындай — товар өндірушілер қоғамының бірінші бүкіл дүние жүзілік правосын, яғни Рим правосын, негізге алуға болады; мұнда жай товар иелерінің (сатып алушы мен сатушы, кредитор мен борышқор, шарт, міндеттеме және т. б.) елеулі праволық қатынастарының бәрі де дәлдігі жағынан өте мұқият жасалған. Бұл орайда — әрі ұсақ буржуазиялық және жартылай феодалдық қоғамның қажеттеріне сай етіп—немесе жай сот практикасы арқылы бұл правоны осы қоғамның деңгейіне дейін төмендетуге болады (жалпы германдық право), немесе бейне бір оқымысты, мораль уағыздаушы юристердің көмегімен оны қоғам дамуының жоғарыда көрсетілген деңгейіне сәйкес келетін, бірақ бұл жағдайларда юридикалық жағынан да жаман болатын (пруссиялық право) ерекше бір заңдар жинағы етіп қайта жасауға болады. Ақырында, ұлы буржуазиялық революциядан кейін, жаңағы сол Рим правосы негізінде, француз Code civile* сияқты, буржуазиялық қоғамның классикалық заңдар жинағын жасап шығаруға болады. Егер, демек, азаматтық право нормалары дегеніміз қоғамдық өмірдің экономикалық жағдайларының юридикалық көрінісі ғана болып табылатын болса, онда олар, жағдайларға қарай, осы экономикалық жағдайларды кейде жақсы, ал кейде жаман да білдіре береді.

Мемлекеттің сонымен адам үстінен қарайтын бірінші идеологиялық күш болғанын көреміз. Қоғам өзінің жалпы мүдделерін ішкі және сыртқы шабуылдардан қорғау үшін өзіне орган жасап алады. Бұл орган — мемлекеттік өкімет болады. Өзі пайда болысымен ол өкімет қоғам жөнінен дербестік алады және ол белгілі бір таптың органына айнала бастаған сайын және сол таптың үстемдігін ашық жүзеге асыра бастаған сайын, соғұрлым дербес бола түседі. Езілген таптың үстемдік етуші тапқа қарсы күресі саяси күреске, ең алдымен осы таптың саяси үстем-

* — Азаматтық кодексі[82]. *Ред.*

дігіне қарсы күреске сөзсіз айнала бастайды. Бұл саяси күрестің оның экономикалық негізімен байланысты екенін ұғыну кемиді, ал кейде мүлдем жойылып та кетеді. Оны ұғыну күресушілер арасында мүлдем жойылып кетпегенімен, тарихшылар арасында әрқашан дерлік болмайды. Рим республикасының ішінде болған күресті суреттеген ежелгі тарихшылардың ішінен тек Аппиан ғана бізге оның түптеп келгенде не үшін болғанын: жер меншігі үшін болғанын тиянақтап анық айтады.

Бірақ қоғамға қатынасы жағынан дербес күш болып алғаннан кейін мемлекет дереу жаңа идеология туғызады. Қәсібі бойынша саясатшыларда, мемлекеттік право теоретиктерінде және азаматтық правомен шұғылданатын юристерде экономикалық фактілермен байланыс біржолата жойылады. Заң формасында санкция алу үшін экономикалық фактілер әрбір жеке жағдайда юридикалық дәлел формасын алуға тиісті болатындықтан және оның үстіне қазіргі өмір сүріп отырған правоның бүкіл жүйесімен санасу керектігі түсінікті болғандықтан, енді юридикалық форма — бар керегі де, экономикалық мазмұн — түк емес сияқты болып көрінеді. Мемлекеттік право мен азаматық право — өзінің тәуелсіз тарихи дамуы бар, өз күйінде алғанда жүйелі түрде баяндауға келетін және ішкі қайшылықтарының бәрін дәйекті түрде жою арқылы осылай жүйелеуді керек ететін дербес салалар деп қаралады.

Бұлардан да гөрі жоғары дәрежедегі, яғни материалдық экономикалық негізден онан сайын қашықтай түсетін идеологиялар философия мен дін формасын алады. Мұнда түсініктердің өздерінің материалдық өмір сүру жағдайларымен байланысы аралық буындар арқылы бірден-бірге шатасып, бірден-бірге көмескілене береді. Бірақ солай бола тұрса да, ол байланыс бар. XV ғасырдың орта шенінен бастап бүкіл Қайта өрлеу заманы да, сондай-ақ содан бері қарай қайта оянған философия да шын мәніне келгенде қалалардың, яғни бюргерліктің дамуының жемісі болды. Ұсақ және орта бюргерлердің ірі буржуазия болып дамуына сай келген ойларды философия тек өзінше ғана білдірді. Бұл өткен ғасырдың ағылшындары мен французданы мен айқын көрінеді, олар көбінесе қаншалық философ болған болса, соншалық экономист те болды. Гегель мектебі жөнінде біз мұны жоғарыда көрсеткенбіз.

Алайда, материалдық өмірден бәрінен де гөрі қашығырақ тұрған және оған басқалардың бәрінен де гөрі жат сияқты болып көрінетін дінге көз жүгіртіп өтейік. Дін ең ертедегі заманда адам баласының өз табиғаты мен өздерін қоршаған сыртқы табиғат жөніндегі ең надан, қараңғы, алғашқы түсініктерінен туды. Бірақ, туып алғаннан кейін, қандай идеология да өз кезіндегі түсініктердің бүкіл жиынтығымен байланыста дамиды, оларды одан әрі өңдейді. Әйтпесе ол идеология болмаған болар

еді, яғни тәуелсіз дамитын және өз заңдарына ғана бағынатын дербес мәнділіктер ретіндегі ойлармен істес болмаған болар еді. Бастарында осы ойлау процесі болып жататын адамдардың материалдық тұрмыс жағдайлары сайып келгенде осы процестің барысын белгілейтіні бұл адамдарда сөзсіз ұғынылмай қалып отырады, өйткені олай болмаса бүкіл идеология құрыған болар еді. Белгілі бір туыстас халықтар тобының қайсысына болсын көбінесе ортақ болып келетін әлгі алғашқы діни түсініктер мұндай топтардың бөлініп кеткенінен кейін, өз үлесіне тиген өмір жағдайларына қарай, әрбір жеке халық арасында өзінше дамиды. Халықтардың осындай топтарының бірсыпырасында, атап айтқанда арийлер (үнді-европалық дейтін халық) арасындағы бұл даму процесі салыстырмалы мифология арқылы толық зерттелген. Әрбір жеке халықтың осылайша келіп жасалған құдайлары ұлттық құдайлар болды, ал олардың әмірі өздерінің қорғайтын ұлттық аймағы шегінен аспады, оның сыртында басқа бір құдайлар толық билеп жатты. Бұл құдайлардың бәрі де адамдардың санасында оларды жасаған ұлт өмір сүріп тұрған кезде өмір сүрді де, ол ұлттың құруымен бірге құрып отырды. Ертедегі ұлттар дүние жүзілік Рим империясының соққыларынан мерт болды; мұның пайда болған экономикалық жағдайларын біз бұл жерде қарастыра алмаймыз. Ескі ұлттық құдайлар құлдилап кетті, мұндай тағдырдан Рим қаласының тар үлгісімен пішілген Рим құдайларының өздері құтыла алмады. Дүние жүзілік империяны дүние жүзілік дінмен толықтыру қажет болғандығы — Римнің өзінде жергілікті құдайларға құлшылық етумен қатар, азды-көпті құрметті жат жерлік құдайлардың бәріне де құлшылық етуді енгізуге әрекеттенулерден айқын көрінеді. Бірақ бұлайша, император декреттерімен дүние жүзілік жаңа дін жасауға болмайды. Дүние жүзілік жаңа дін, христиан діні, жалпылама қорытылған шығыс, әсіресе еврей теологиясы мен тұрпайыландырылған грек, әсіресе стоицизм философиясының қоспасынан тыныш жағдайда туды. Христиан дінінің алғашқы түрі қандай болғанын біз енді ерінбей-жалықпай жүргізілген зерттеу арқылы ғана біле аламыз, неге десеңіз ол бізге оны мемлекеттік дін роліне ыңғайлаған Никей соборының[191] оған берген ресми түрінде көшті. Бірақ, қалай дегенмен, 250 жылдан кейін-ақ оның мемлекеттік дін болғандығы оның сол кездегі жағдайларға қаншалық сай келгенін бізге жеткілікті түрде көрсетеді. Орта ғасырларда, дәл сол феодализмнің дамыған дәрежесінде, христиан діні тиісті феодалдық иерархиясы бар, феодализмге сай келетін дін түрін алды. Ал сонан бюргерлік нығайған кезде, феодалдық католицизмге қарама-қарсы, Оңтүстік Францияда әуелі альбишілдер[192] арасында оның қалалары барынша өркендеген кезде, протестанттық ересь дамыды. Орта ғасырлар идеологияның басқа формаларының бәрін: философияны, саясатты, юрис-

пруденцияны теологияға қосып жіберіп, оның бөлімшелеріне айналдырды. Осының салдарынан қоғамдық және саяси қозғалыстың қандайы болса да теологиялық форма алуға мәжбүр болды. Бұқараның сезімі тек діни қорекпен ғана қоректенді; сондықтан күшті қозғалыс туғызу үшін бұл бұқараның өз мүдделерін оларға діни жамылғымен көрсету қажет болды. Сонымен бюргерліктің әуел бастан-ақ өзіне ешқандай белгілі бір сословиеге жатпаған дәулетсіз қала плебейлерінен, күндікшілер мен әр түрлі малайлардан — кейін келе шыққан пролетариаттың алдында өткендерінен,— өздеріне шылау жасап алғаны сияқты, діни ересь те өте ерте екі түрге: бюргерлік-баяу ересь және тіпті бюргерлік еретиктер де жек көретін плебейлік-революцияшыл ересь болып бөлінді.

Протестанттық ересьтің жоюға болмайтындығы бас көтерген бюргерліктің жеңілмейтіндігіне сай келді. Бұл бюргерлік жеткілікті дәрежеде нығайған кезде оның феодалдық дворяндарға қарсы осыған дейін көбінесе жергілікті сипатта болған күресі ұлттық көлем ала бастады. Бірінші ірі бой көрсету — Реформация дейтін — Германияда болды. Өз туының астына басқа да дүрбелең сословиелердің бәрін — қалалардағы плебейлерді, деревнядағы төменгі дворяндар мен шаруаларды — біріктіру үшін бюргерлік әлі жеткілікті күшті емес, жетілмеген еді. Бәрінен бұрын дворяндар жеңіліске ұшырады; сонда келіп бүкіл осы революциялық қозғалыстың ең жоғарғы шыңы болып табылатын шаруа көтерілісі басталды. Бірақ қалалар шаруаларды қолдамады, сондықтан иелік етуші князьдердің әскері революцияны басып тастады, сөйтіп оның пайдалы нәтижелерінің бәрін сол князьдер пайдаланып кетті. Содан бастап табандатқан үш жүз жыл бойы Германия тарихта дербес, белсенді қимыл жасаушы елдер қатарынан шығып қалды. Бірақ неміс Лютермен қатар француз Кальвин қимыл жасаған-ды. Таза француздық өткірлікпен ол бірінші орынға реформацияның буржуазиялық сипатын ұсынды, шіркеуге республикалық, демократиялық түр берді. Ал лютерлік реформация болса Германияда азып, бұл елді құруға бастап отырғанда, кальвиндік реформация Женевада, Голландияда және Шотландияда республикашылдардың туы болып, Голландияны Испания мен Герман империясының билеуінен[193] азат етті және Англияда болып өткен буржуазиялық революцияның екінші актісіне идеологиялық жамылғы берді. Мұнда кальвинизм сол кездегі буржуазия мүдделерінің нағыз діни бүркеніші болды, сондықтан да ол дворяндардың бір бөлегі мен буржуазияның арасындағы мәмлелесумен аяқталған 1689 жылғы революциядан[194] кейін толық танылуға жете алмады. Ағылшын мемлекеттік шіркеуі қалпына келтірілді, бірақ ол өзінің бұрынғы түрінде, папа ролін атқарған король бар католицизм түрінде қалпына келтірілмеді: енді ол кальвинизм-

мен мықтап боялды. Ескі мемлекеттік шіркеу католиктердің көңілді жексенбісін мейрамдап, кальвинистердің көңілсіз жексенбісін қуғындады, Буржуазиялық рухқа бөленген жаңа шіркеу Англияны осы күнге дейін ажарлап отырған тап осы соңғы жексенбіні енгізді.

Францияда 1685 жылы кальвинистік азшылық таратылып, католиктік дінге айналдырылды немесе қуып жіберілді. Бірақ бұл неге әкеліп соқты? Сол кездің өзінде еркін ойлаушы Пьер Бейль өз қызметінде нағыз кемелденіп тұрған кезі еді, ал 1694 жылы Вольтер туған-ды. XIV Людовиктің зорлықпен жүргізген шаралары француз буржуазиясының өз революциясын діни емес, кілең саяси формада жүзеге асыру мүмкіншілігін жеңілдетіп қана берді, сөйтіп буржуазияның дамыған қалпына тек осы форма ғана сай келді. Протестанттардың орнына ұлттық жиналыстарда еркін ойлаушылар мәжіліс құрды. Мұның өзі христиандықтың ең соңғы сатысына аяқ басқанын көрсететін еді. Ол ендігі жерде қандай да болсын прогресшіл таптың талаптарына идеологиялық жамылғы болуға қабілетсіз болып қалды; христиан діні оны әншейін басқару құралы ретінде, төменгі таптарды ауыздықтап ұстау құралы ретінде пайдаланатын үстем таптардың ғана игілігіне барған сайын айнала берді. Бұл орайда үстем таптардың әрқайсысы өзінің дінін пайдаланды: жер иеленуші-дворяндар — католиктік иезуитизмді немесе протестанттық ортодоксияны; либерал және радикал буржуа — рационализмді пайдаланды. Оның үстіне бұл мырзалардың өз діндеріне сенетін немесе сенбейтіндігі іс жүзінде мүлде бәрібір болып шығады.

Демек, біз мынаны көреміз: пайда болып алғанынан кейін дін әрқашан өткен замандардан мұра болып қалған белгілі түсініктер қорын сақтап отырады, өйткені тегі идеология салаларының бәрінде де дәстүр ұлы консервативтік күш болып табылады. Бірақ бұл түсініктер қорында болып жататын өзгерістер осы өзгерістерді жасайтын адамдардың таптық, демек экономикалық қатынастарымен белгіленеді. Осының өзі бұл жерде жеткілікті.

Мұның алдындағы баяндауымызда тарихты маркстік тұрғыдан түсінудің тек жалпы очеркін беруімізге және, ең мықтағанда, оны кейбір мысалдармен түсіндіруге ғана болатын болды. Бұл түсінудің ақиқаттығының дәлелдемелерін тек тарихтың өзінен ғана алуға болады, сондықтан бұл арада мен басқа шығармаларда осындай дәлелдемелер жеткілікті мөлшерде бұрын келтірілгенін айтуға праволымын. Алайда табиғатты диалектикалық тұрғыдан түсіну натурфилософия атаулының бәрін қандай керексіз және мүмкін емес нәрсе ететін болса, дәл сондай-ақ жоғарыда айтылған түсіну де тарих саласында философияға өлтіре соққы береді. Ендігі жерде бұл саланың қай-қайсысында

болсын міндетіміз байланыстарды бастан ойлап шығара беруде емес, оларды фактілердің өзінен ашып отыруда. Табиғаттан және тарихтан қуып шығарылған философиядан кейін қалатыны, ол әлі де қалатын болғандықтан, таза ой әлемі ғана: ойлау процесінің өзінің заңдары туралы ілім, логика және диалектика.

* * *

1848 жылғы революциядан кейін «білімді» Германия теорияны былай қалдырып, практикалық негізге көшті. Қол еңбегіне негізделген ұсақ кәсіпшілік пен мануфактура нағыз ірі өнеркәсіпке орын берді. Германия дүние жүзілік рынокқа қайта шықты. Кіші германиялық жаңа империя осы даму жолында көптеген ұсақ мемлекеттердің болуы, феодализмнің және басқарудың бюрократтық жүйесінің қалдықтары арқылы жасалған кедергілердің ең болмағанда ең сорақыларын жойды. Бірақ жалдаптықтың философтардың кабинеттерінен кетіп, қор биржасында өзіне сарай тұрғызған шамада білімді Германия да өзінің саяси тұрғыдан барынша кемсітілу заманында оның даңқын көтерген теорияға деген ұлы ынтасынан,— нәтижесі практика жағынан пайдалы болу-болмасына, полицейлік жарлықтарға қайшы келу-келмесіне қарамастан, таза ғылыми зерттеуге деген осы ынтасынан,—айрыла бастады. Рас, немістердің ресми жаратылыстану ғылымы, әсіресе жеке зерттеулер саласында, әлі өз заманының дәрежесінде тұр. Бірақ американ журналы «Science»-нің әділ айтқанындай, жеке фактілер арасындағы ұлы байланысты зерттеу ісіндегі және бұл байланысты заң етіп қорыту ісіндегі шешуші табыстарға енді, бұрынғыдай Германияда емес, көбінесе Англияда қол жетіп отыр. Философияны қоса алғанда, тарихи ғылымдарға келетін болсақ, мұнда ешбір нәрсе алдында тоқталмайтын теориялық зерттеудің ескі рухы классикалық философиямен бірге мүлдем жойылды. Оның орнын қораш ойлы эклектизм басты, нағыз оңбаған мансапқорлыққа дейін баратын, жайлы орны мен табысынан айрылмайын деп жасқана қам жасау басты. Бұл ғылымның ресми өкілдері буржуазия мен қазіргі мемлекеттің ашықтан-ашық идеологтары болып алды, болғанда осылардың екеуі де жұмысшы табына ашық жау болған кезде болды.

Теорияға деген немістік ынта қазір тек жұмысшы табының арасында ғана семіп қалмай, өмір сүріп келеді. Мұнда енді оны ешнәрсемен жоюға келмейді. Мұнда мансапқорлық туралы, пайдакүнемдік туралы және жоғарыдан қайырымды қамқорлық күту туралы ешқандай ой жоқ. Қайта, ғылым неғұрлым батыл және жігерлі түрде бой көрсетсе, ол жұмысшылардың мүдделері мен талаптарына соғұрлым сай келе береді. Бүкіл қоғам та-

рихын түсінудің кілтін еңбек дамуының тарихынан тапқан жаңа бағыт әуел бастан-ақ көбінесе жұмысшы табына деп қойды да, оның тарапынан ол ресми ғылым жағынан іздемеген және күтпеген тілектестікке кездесті. Неміс жұмысшы қозғалысы немістің классикалық философиясының мұрагері болып табылады.

*1886 жылдың басында жазылған*

*«Die Neue Zeit» журналының 1886 ж. 4 және 5-номерлерінде басылған және 1888 ж. Штутгартта жеке басылым болып шыққан*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 21-том, 269—317-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# КҮШТЕУДІҢ ТАРИХТАҒЫ РОЛІ[195]

Енді біздің теориямызды осы заманғы неміс тарихына және оның қан мен темірден құралатын күштеу практикасына қолданайық. Біз мұнан қан мен темір саясаты неліктен уақытша табысқа ие болуға тиіс болғанын және оның неліктен түбінде қирауға тиіс болатынын айқын көреміз.

1895 жылғы Вена конгресінің Европаны бөліп, сатқаны сондай, монархтар мен мемлекеттік отағасылардың толық қабілетсіздігіне бүкіл әлемнің көзі әбден жетті. Халықтардың Наполеонға қарсы жаппай соғысы ұлттық сезімнің жауап реакциясы болды, Наполеон барлық халықтардың бұл сезімін аяғымен таптаған болатын. Бұған алғыс ретінде Вена конгресінің ағзамдары мен дипломаттары бұл ұлттық сезімді онан да дөрекі қорлады. Ең үлкен халықтан гөрі ең кішкене династияның маңызы үлкенірек болды. Германия мен Италия қайтадан ұсақ мемлекеттерге бөлшектенді. Польша төртінші рет бөлшектеліп, Венгрия құлдыққа түскен күйінде қалды. Тіпті халықтарға қиянат жасалды деп айтуға да болмайды: олар бұған неліктен жол берді және орыс патшасын* неге өзін азат етуші ретінде құттықтады?

Бірақ бұлай ұзаққа баруы мүмкін емес еді. Орта ғасырлардың аяқ шенінен бері тарих Европада ірі ұлттық мемлекеттердің құрылуына бастауда. Тек осындай мемлекеттер ғана үстемдік етіп отырған европалық буржуазияның қалыпты саяси ұйымын бейнелейді және сонымен бірге халықтардың үйлесімді интернационалдық ынтымақтастығын орнату үшін қажетті алғы шарт болып табылады, онсыз пролетариат үстемдігі мүмкін емес. Халықаралық бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін, ең алдымен мүмкін болатын ұлттық алакөздік атаулыны аластау керек, әрбір халық тәуелсіздікке ие және өз үйінде қожа болуға тиіс. Шынында да, сауданың, егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуымен, ал осымен бірге буржуазияның әлеуметтік қуаттылығының да да-

* — I Александр. *Ред.*

муымен барлық жерде ұлттық сезімнің өрлеуі басталды; ал бөлшектенген және езілген ұлттар бірігу мен дербестікті талап етті.

Осы себепті 1848 жылғы революция Франциядан басқа жердің бәрінде бостандық талаптарымен бірге ұлттық талаптарды қанағаттандыруға бағытталды. Бірақ бірінші штурм нәтижесінде жеңуші болып шыққан буржуазия сыртында, барлық жерде пролетариаттың қаһарлы тұлғасы көрінген еді, жеңіс іс жүзінде солардың қолымен жасалған болатын, ал осының өзі буржуазияны жаңа ғана жеңілген жаудың құшағына, монархиялық, бюрократиялық, жартылай феодалдық және әскери реакцияның, құшағына итермеледі, революция 1849 жылы дәл осы реакциядан жеңілді де. Жағдай басқаша қалыптасқан Венгрияға орыстар кіріп, революцияны тұншықтырды. Орыс патшасы мұны да қанағат тұтпай, Варшаваға келіп, ол жерде Европа қазысы ретінде төрелік ете бастады. Ол өзінің жандайшабы Кристиан Глюксбургскийді дат тағының мұрагері етіп тағайындады. Оның Пруссияны немістердің бірлікке ұмтылуын өз мүддесіне пайдаланбақ болған тіпті ең жасқаншақ әрекетінің өзіне тыйым салып, Одақтық сеймді[196] қалпына келтіруге және Австрияға бағынуға мәжбүр етіп қорлағаны сонша, Пруссия ешқашан бұлай қорланған емес. Сонымен революцияның барлық нәтижесі, тосыннан қарағанда, мынаған келіп сайғандай болды: Австрия мен Пруссияда формасы жағынан конституциялық, рухы жағынан ескі басқару үлгісі орнады және орыс патшасы бұрынғы қай кездегіден болсын кең шамада Европаның әміршісі болып алды.

Алайда, іс жүзінде революция қуатты соққымен тіпті бөлшектенген елдерде де, әсіресе Германияда, буржуазияны ескі дәстүрлі топастықтан айдап шықты. Буржуазия, шамалы болса да, белгілі бір саяси өкімет үлесіне ие болды, ал ол әрбір саяси табысын өнеркәсіпті өрлету үшін пайдаланады. Сәтті түрде артта қалған «есуас жыл»[197] буржуазияға ескі мен-зеңдік пен керенаулықты біржола тию керектігін айқын дәлелдеп берді, Калифорния және Австралия алтын жаңбыры[198] мен басқа жағдайлардың әсерінен дүние жүзілік сауда байланысының бұрынсонды болмаған кеңеюі және істің керемет жандануы туды — тек кезеңді өткізіп алмай, өз үлесінді қамтамасыз ету қажет еді. Негізі 1830, әсіресе 1840 жылдан Рейнде, Саксонияда, Силезияда, Берлинде және Оңтүстіктің кейбір қалаларында қаланған ірі өнеркәсіп енді тез дамып, ұлғая бастады; селолық округтердің үйде істелетін өнеркәсібі барған сайын кең тарады, темір жол құрылысы шапшаң қарқынмен жүргізілді, ал осы орайда орасан өскен эмиграция ешқандай жәрдемді қажет етпейтін герман трансатлантикалық пароходствосын құрды. Неміс көпестері теңіздің арғы бетіндегі рыноктардың бәріне бұрынғы қай кездегіден болсын әлдеқайда кең көлемде қоныстана

бастады, дүние жүзілік саудада барған сайын үлкен роль атқара бастады, бірте-бірте тек ағылшын өнеркәсібі ғана емес, неміс өнеркәсібі бұйымдарын өткізуге де қызмет ететін болды.

Бірақ өнеркәсіптің және оған байланысты сауданың бұл күшті өрлеуіне Германияның кішкентай мемлекеттерге бөлшектенгендігі, олардың сан қилы сауда-өнеркәсіп заңдары болуы ұзамай-ақ төзгісіз бұғауға айналуға тиіс еді. Әрбір бірнеше мильден соң басқаша вексель правосы, өнеркәсіп қызметі үшін басқаша жағдай, барлық жерде әрбір ретте ерекше қазымырлық, бюрократиялық және қазыналық кедергілер, мұның үстіне тағы тіпті ресми патенттің де көмегі болмайтын цехтық кедергілер! Бұған тағы капиталистердің өз қарамағындағы жұмыс күшін рудасы, көмірі, су энергиясы және басқа қолайлы табиғи жағдайлар өнеркәсіп орындарын ашуға өзі итермелейтін жерге жеткілікті мөлшерде апаруға мүмкіндік бермейтін жергілікті жер адамының праволары туралы көптеген әр түрлі заңдар мен қоныстануға рұқсат етудегі шектеулерді қосыңыз! Отандық жұмыс күшін еш кедергісіз жаппай қанау өнеркәсіп дамуының бірінші шарты еді, бірақ патриот фабрикант жұмысшыларды жан-жақтан жинаған жердің бәрінде полиция мен жарлыларға қамқорлық жасаушылар келімсектерді қоныстандыруға қарсы болды. Біртұтас жалпы герман азаматтығы және елдің барлық азаматтары үшін қалаған жеріне көшу бостандығы, бірыңғай сауда-өнеркәсіп заңы енді тек әбден еліккен студенттердің патриоттық қиялы ғана емес, өнеркәсіптің өмір сүруінің қажетті шартына айналды.

Мұның үстіне ең кішкенесін қоса әрбір мемлекетте әр түрлі ақша, өлшем мен салмақтың әр қилы жүйесі, тіпті бір мемлекетте екі-үштен жүйе болуы жиі кездесетін. Осынша сансыз мәнеттің, өлшемнің және салмақтың бірде-бірі әлемдік рынокта мойындалған жоқ. Сондықтан да әлемдік рынокқа қатысатын немесе импорттық товарлармен бәсекелесуге мәжбүр көпестер мен фабриканттардың өздеріндегі аса көп мәнет, өлшем және салмақпен қатар шетелдікін де пайдалануға тура келгеніне; мақта жібі ағылшын фунтымен, жібек маталар метрмен өлшенгеніне, шетел үшін есеп фунт стерлингпен, доллармен және франкпен жүргізілгеніне таңданарлық ештеңе жоқ! Таралған жері осылай шектеулі валюта жүйесінің негізінде ірі кредит мекемелері қайдан пайда болсын? Мына жерде — гульден банкноттары, ана жерде — прусс талері банкноттары, қасында алтын талер, «жаңа үштен екі» талер, банк маркасы, айналымда болатын марка, жиырма гульдендік мәнет жүйесі, жиырма төрт гульдендік мәнет жүйесі — және мұның бәрі шексіз есептесу мен курс өзгерістері кезінде осылай болды.

Егер тіпті түбінде осы асудың бәрінен асқан күнде де, осынау кикілжіндердің бәріне қаншалық күш сарп болды, канша-

лық ақша мен уақыт кетті! Бұл екі арада әйтеуір, Германияда да, біздің заманымызда уақыт — ақша екенін түсіне бастады.

Жас герман өнеркәсібі өзін дүние жүзілік рынокта көрсетуге тиіс еді: ол экспорт арқылы ғана өсе алатын. Бірақ бұл үшін ол жат жерде халықаралық право қорғауын пайдалануға тиіс еді. Ағылшын, француз, американ саудагері шет елде өзін өз еліндегіден де еркін ұстайтын. Оған өз елшілігі, ал қажет болса бірнеше соғыс кемелері де араша түсетін. Ал неміс ше? Австриялық Таяу Шығыстағы өз елшілігіне біршама сүйене алар еді — басқа жердегілер оған оншалық көмектесе қоймайтын. Прусс көпесі жат жерде көрген қорлығы туралы өз елшісіне шағым айта қалса, ылғи дерлік: «Саған керегі де сол! Мұнан не іздейсіндер? Үйде жайбарақат отырмайсындар ма!» деген жауап алатын. Ал әлдебір шағын мемлекет азаматы болса, барлық жерде де мүлде правосыз еді. Неміс көпестері қайда барса да, барлық жерде шетел—француз, ағылшын, американ — қамқорлығына сүйенуге мәжбүр немесе тезірек жаңа отанының азаматына* айналуға тиіс болатын. Айтпақшы, егер елшілері оларды қорғамақ болғанның өзінде, одан қандай нәтиже шығар еді? Неміс елшілерінің өзіне де теңіздің арғы бетіндегі елдерде етік тазалаушыға қарағандай қарайтын.

Осыдан біртұтас «отанға» ұмтылудың айқын материалдық астары болғаны көрінеді. Мұның өзі енді Вартбург мерекесіндегі[199] «немістердің жанын ерлік кернеген» және орта ғасырлық империяның романтикалық ұлылығын қалпына келтіру үшін француз әуенімен айтылатын әндегідей «туған жер үшін бас тігіп, жігіт қырғын шайқасқа ұмтылған»** кездегі буршеншафт мүшелерінің буалдыр арыны емес еді,— ал шау тартқан кезде бұл жалынды жас кәдуілгі мүләйімге, өз ағзамының абсолютизмге адал малайына айналатын. Бұл сондай-ақ Гамбах мерекесінде[200] адвокаттар мен басқа да буржуазияшыл идеологтар жариялаған, болмысқа әлдеқайда жақын бірлікке үндеу де емес еді; олар бостандық пен бірлікті солардың өзі үшін сүйеміз деп ойлады және олардың неғұрлым парасаттыларының мұраттарына сай Германияны Швейцария үлгісімен кантондық республикаға айналдыру да жоғарыда айтылған студенттердің гогенштауфендік империясы секілді мүмкін емес екенін көрмеді. Жоқ, бұл практикашыл көпес пен өнеркәсіп иесінің сауда мен өнеркәсіптің еркін дамуы алдында тұрған майда мемлекеттердің тарихи мұра болып қалған барлық қоқысын сыпырып тастауға, егер әлемдік рынокқа қатысқысы келсе неміс коммерсанты өз

---

* Беттің шетінде Энгельстің қарындашпен жазған: «Веерт» деген белгісі бар. *Ред.*

** Екі цитатта К. Хинкельдің «Одақ жыры» деген өлеңінен алынған *Ред.*

үйінде жеңуге тиісті барлық басы артық кедергілерді, оның бәсекелестерінің бәрі құтылған осы кедергілерді жоюға қолмақол іс қажетінен өсіп шыққан ұмтылысы еді. Германия бірлігі экономикалық қажеттікке айналды. Енді оны талап ететін адамдар өздеріне не керегін білетін еді. Олар саудада және сауда үшін тәрбиеленген еді, сауда жасай да, саудаласа да білетін. Олар көбірек сұрап, бірақ дер кезінде азға да беру қажет екенін білетін. Олар Штириямен, Тирольмен және «жеңіс пен даңққа бай Австрия державасымен»* бірге «неміс отаны» туралы, сондай-ақ:

«Маастан Мемельге,
Эчтан Бельтке дейін,
Германия бәрінен жоғарысың
Әлемде бәрінен де биіксің сен!**

деп әндететін.

Алайда қолма-қол төлесе, олар үлкейе беруге тиіс сол отанының*** едәуір бөлігін—25—30 процентін — беріп жіберуге әзір еді. Олардың бірігу жоспары дайын еді және дереу жүзеге асыруға болатын.

Бірақ Германияның бірлігі тек герман мәселесі ғана емес еді. Отыз жылдық соғыс[201] кезінен бері жалпы германдық бірдебір мәселе шетелдердің елеулі араласуынсыз шешілген емес****. II Фридрих 1740 жылы Силезияны французбардың көмегімен жаулап алды. Империялық депутация шешімімен 1803 жылы Қасиетті Рим империясын қайта ұйымдастыру шын мәнінде Франция мен Россияның айтуымен жүргізілді [202]. Мұнан соң Наполеон Германияда өз мүддесіне лайық тәртіп орнатты. Ақырында Вена конгресінде*****, ең әуелі Россияның, сондай-ақ Англия мен Францияның ықпалымен ол тағы да отыз алты мемлекетке бөлшектенді, оған екі жүзден аса үлкенді-кішілі дербес жер бөліктері кірді, оның үстіне неміс монархтары, нақ 1802—1803 жылдардағы Регенсбург империялық сеймінде[203], бұған жан-тәнімен көмектесіп, елдің бөлшектенуін онан сайын күшейтті. Мұның үстіне, Германияның кейбір бөліктері шетелдік әміршілерге берілді. Сонымен, Германия әлсіз әрі дәрменсіз, ішкі алауыздық жайлаған, саяси, әскери және тіпті өнеркәсіп жөнінен де қалт-құлт тіршілік етуге душар болып қана қалған жоқ, тіпті мұнан да жаманы, Франция мен Австрия Италияның бөлшектенген күйінде қалуын бақылап отыру правосына ие

---

* Э. М. Арндтың «Неміс отаны» деген өлеңінен. *Ред.*

** Гофман фон Фоллерслебеннің «Неміс жырынан». *Ред.*

*** Э. М. Арндтың «Неміс отаны» деген өлеңін қараңыз. *Ред.*

**** Беттің шетіне Энгельс қарындашпен «Вестфалия және Тешен бітімі»[204] деп жазған. *Ред.*

***** Қолжазбада осы жолдың үстіне Энгельс: «Германия — Польша» деп жазған. *Ред.*

болғаны сияқты, орныққан әдет бойынша Франция мен Россия Германияны бөлшектеу правосына ие болды. 1850 жылы конституцияны өз бетімен өзгерту атаулыға жол бермей, Одақтық сеймді Германияның дәрменсіздігінің осы символын, қалпына келтіруге жүгенсіз түрде мәжбүр еткенде Николай патша осы жалған правоны пайдаланды да.

Сонымен, Германияның бірлігін герман монархтары мен басқа да ішкі жауларға қарсы күресте ғана емес, шетелдерге қарсы да күресіп жеңіп алуға тура келді. Немесе шетел көмегімен жеңіп алуға тура келді. Ал Германиядан тысқары жерлердегі жағдай ол кезде қандай еді?

Францияда Луи Бонапарт шаруалардың көмегімен президенттік орынға, онан соң армияның көмегімен императорлық тақ-қа жайғасу үшін буржуазия мен жұмысшы табы арасындағы күресті пайдаланды. Алайда 1815 жылғы Франция шекарасында армия таққа отырғызған жаңа император Наполеон — өлі туған әрекет болатын. Қайта туған наполеондық империя Францияны Рейнге дейін ұлғайту, француз шовинизмінің дәстүрлі арманын жүзеге асыру деген сөз еді. Бірақ алғашқы кезде Рейнді басып алуға Луи Бонапарттың күші жетпейтін: бұл бағыттағы қандай әрекет болса да Францияға қарсы европалық коалиция ұйымдастырылуына соқтырар еді. Бұл екі арада Францияның беделін көтерудің және армияға жаңа даңқ әперудің сәті түсе қалды, ол бүкіл Европаның дерлік мақұлдауымен Россияға қарсы соғыс ашу еді; Россия болса Батыс Европадағы революциялық кезеңді елеусіз ғана Дунай князьдіктерін басып алып, Түркияға қарсы жаңа басқыншылық соғыс әзірлеуге пайдаланған болатын. Англия Франциямен одақ жасады, Австрия ол екеуіне де тілектестікпен қарады, тек батыр Пруссия ғана күні кеше өзін соққан орыс шыбығын жалап, Россияға дос бейтараптық ұстанды. Бірақ Англия да, Франция да жауын мықтап жеңгісі келген жоқ, сондықтан соғыс тек Россияны болар-болмас мұқатумен және Австрияға қарсы орыс-француз одағы ұйымдастырылуымен аяқталды*.

---

* Қырым соғысы өз тұрғысындағы бірден-бір кереметтей қателер комедиясы болды, мұндағы әрбір жаңа сахна алдында өзіңнен: бұл жолы кім алданар екен? деп сұрайсың. Бірақ бұл комедия құны қисапсыз шығын және миллионнан астам адам өмірі болды. Соғыс басталысымен Австрия Дунай князьдіктеріне басып кірді: орыстар австриялықтардан шегінді, сонымен әзір Австрия бейтарап қалып тұрғанда, орыстың құрғақтағы шекарасында Түркиямен соғысу мүмкін болмай қалды. Алайда бұл шекарадағы соғысқа Австрияны одақтас ретінде қатыстыру бір ғана жағдайда, соғыс Польшаны қалпына келтіру, сөйтіп Россияның батыс шекарасын ұзақ шегеріп тастау мақсатымен елеулі түрде жүргізілгенде ғана мүмкін болар еді. Онда Пруссия да қосылып кетуге мәжбүр болар еді, ал Россия барлық импорт товарларын сол арқылы алатын; Россия құрылықтан да, теңізден де қоршауға түсер еді де, ұзамай жеңілер еді. Бірақ одақтастардың есебіне бұл кірген жоқ. Олар, қайта, барлық елеулі соғыс қаупі өтіп кеткеніне қуанды. Пальмерстон соғыс ки-

Қырым соғысы Францияны европалық басшы держава, ал авантюрист Луи-Наполеонды сол кездің қаһарманы етті, рас, бұл үшін тым көптің керегі де жоқ еді. Бірақ Қырым соғысы Франция территориясын ұлғайтқан жоқ және Луи-Наполеон өзінің шын бейімін жүзеге асыруға — «империя жерін ұлғайтушы* болуға тиіс жаңа соғыстың шығып кету қаупі бар еді. Бұл жаңа соғыс бірінші соғыстың кезінде-ақ әзірленген болатын, өйткені Сардинияға императорлық Францияның сателлиті ретінде және оның Австрияға қарсы арнаулы алғы шебі ретінде батыс державалар одағына қосылуына рұқсат етілген еді; соғыс, мұнан әрі, Луи-Наполеонның Россиямен келісім жасауы[205] кезінде әзірленді, ол бәрінен бұрын Австрияны жазалағысы келген еді.

Луи-Наполеон енді Европа буржуазиясының сүйіктісіне айналды. Мұның өзі оның 1851 ж. 2 декабрьде[89] «қоғамды құтқарғаны» үшін ғана емес еді, рас, онысымен ол буржуазияның саяси билігін жойды, бірақ бұл оның әлеуметтік билігін сақтап қалу үшін ғана істелген еді; орайы келген жағдайда жалпыға бірдей сайлау правосын бұқараны езу құралына айналдыруға болатынын көрсеткендіктен ғана емес болатын; ол басқарған кезде сауда мен өнеркәсіп, әсіресе жалдаптық пен биржа қулық-сұмдығы болып көрмеген дәрежеде өркендегені үшін ғана емес болатын. Ең алдымен буржуазия оны өз тәнінен, өз сүйегінен жаралған бірінші «ұлы мемлекеттік отағасы» деп танығандығынан еді. Барлық нағыз буржуа секілді, ол да әлдеқалай көтерілген адам болатын. Италияда «от пен судан өткен» заговоршы-карбонарий, Швейцарияда артиллерия офицері, Англияда қа-

---

мылдары театрын Қырымға көшіруді ұсынды, мұны Россияның өзі де қалайтын, Луи-Наполеон бұған қуана келісті. Қырымдағы соғыс тек көрсеткіш соғыс түрінде ғана болуы мүмкін еді және онда басты қатысушылардың бәрі де қанағаттанар еді. Бірақ император Николай онда шындап соғыс жүргізу қажет дегенге ден қойып, бұл орын көрсеткіш соғыс үшін өте қолайлы болғанмен, елеулі соғыс үшін ең қолайсыз жер екенін естен шығарды. Қорғаныс кезінде Россияның күші болатын оның халық сирек қоныстанған, жолсыз және көмекші ресурстары шамалы территориясының ұлан-ғайыр кеңдігі қандай да бір шабуыл соғысында Россияның өзіне кедергі болатын және ол нақ осы Қырым бағытындағыдай еш жерде соншалық айқын көрінбейді. Басып кірген жаудың моласына айналуға тиіс оңтүстік орыс далалары Николай мейірімсіз және топас қаталдықпен қыс ортасына дейін Севастопольге бірінен соң бірін айдаған орыс армияларының моласына айналды. Ең соңғы, асығыс жиналған, қалай болса солай жасақталған және азық-түлікпен қайыршыдай ғана жабдықталған армия жол бойы өз құрамының үштен екісінен айрылды (боранда бүтіндей батальондар қырылды), ал оның қалдығы жауды орыс жерінен қуып тастауға шамасы келмеді, сонда өр көкірек қауақбас Николай бейшара болып жүні жығылып, у ішіп өлді. Осы сәттен бастап соғыс тағы да көрсеткіш соғысқа айналып, ұзамай бітіммен тынды.

* Энгельс бұл арада орта ғасырлардағы Қасиетті Рим империясы императорлары титулының бір бөлігі болған: «Mehrer des Reiches» деген сөзді қолданып отыр. *Ред.*

рызға белшесінен батқан белгілі қаңғыбас және арнаулы констебль[206], бірақ бар кезде және бар жерде тақтан үміткер ол,—өзінің авантюристік өткенімен және барлық елде өз атына моральдық жағынан кір келтіргенімен өзін француздардың императоры және Европа тағдырын шешуші роліне әзірледі, буржуаның классикалық үлгісі — американдық — өтірігі бар, шыны бар бірнеше рет банкрот болып өзін миллионер болуға дәл осылай әзірлейді. Император болған соң ол саясатты тек капиталистік пайдақорлық пен биржа қулық-сұмдықтарына бағындырып қана қойған жоқ, саясаттың өзінде де қор биржасы ережелерін ұстанды және «ұлттар принципін»[207] саудаға салды. Бұрынғы француз саясаты үшін Германия мен Италияның бөлшектенгендігі Францияның сеньориялық етене правосы болатын; Луи-Наполеон бұл сеньориялық правоны қарымын өтеу деп аталатын үшін бөлшектеп сатуға бірден кірісті. Ол Италия мен Германияның бытыраңқылықтан арылуына жәрдемдесуге әзір еді, бірақ бұл үшін Германия мен Италия ұлттық бірігуге талпынған әрбір адымы үшін оған территориясынан бөліп беріп, өтеп отыруға тиіс еді. Мұның өзі тек француз шовинизмін қанағаттандырып, империя шекарасын 1801 жылғы күйіне[208] дейін бірте-бірте ұлғайтып қана қойған жоқ, Францияны тағы да білімдар державаның төтенше орнына, халықтарға азаттық әперуші орнына, ал Луи-Наполеонды езілген ұлттардың қорғаушысы орнына қойды. Сөйтіп барлық білімдар, ұлттық идеямен жігерленген буржуазия,— әлемдік рыноктан саудаға деген барлық кедергіні алып тастауға әбден мүдделі болғандықтан да,— бүкіл дүниеге азаттық әкелетін бұл білімдарлық қызметті бір ауыздан құптады.

Бастама Италиядан басталды*. Мұнда 1849 жылдан бері Австрияның билігі шексіз болатын, ал Австрия ол кезде бүкіл Европа үшін бәріне айыпты саналатын. Қырым соғысының болмашы нәтижесін тек көрсеткіш соғысты ғана қалаған батыс державаларының тартыншақтығынан емес, Австрияның толқымалы позициясынан көретін, ал бұл позицияға батыс державалардан артық ешкім де кінәлы емес-ті. Россия австриялықтардың Прутқа қарай қозғалғанына қорланғаны сонша — 1849 ж. Венгриядағы орыс көмегіне алғыс (дәл осы қозғалыс оны құтқарып қалса да)—Австрияға қандай шабуыл жасалса да қуанып отырды. Пруссия енді есепке де алынбайтын, тіпті Париж бітім конгресінің[209] өзінде-ақ оның en canaille** кемсітті. Сонымен, Россияның көмегімен Италияны «Адриатикаға дейін» азат ету үшін соғыс 1859 ж. көктемде басталып, жазда-ақ Минчода аяқталды. Австрия Италиядан қуылып шыққан жоқ, Италия «Адриатикаға дейін азат» етілмеді және біріктірілген жоқ, Сар-

---

* Беттің шетіне Энгельс қарындашпен: «Орсини» деп белгі салған. *Ред.*

** — ешқандай именбестен. *Ред.*

диния өз территориясын ұлғайтты, бірақ Франция Савойя мен Ниццаны иемденіп, сонымен Италиямен 1801 жылғы шекарасына[60] жетті.

Бірақ бұл итальяндарды қанағаттандырмады. Ол кезде Италияда таза мануфактуралық өндіріс үстем болатын, ірі өнеркәсіп жөргекте еді. Жұмысшы табы әлі толық экспроприацияланбаған және пролетарланбаған-ды; қалаларда ол әлі өзінің өндіріс құралдарына ие болатын, деревняда өнеркәсіп еңбегі майда меншікші-шаруалардың немесе арендаторлардың қосымша кәсібі еді. Сондықтан буржуазияның күш-жігері өзі мен қазіргі, өзінің таптық мүдделерін түсінген пролетариат арасындағы қарама-қайшылықтың болуынан әлі мұқала қоймаған болатын. Ал Италияның бөлшектенгендігі тек жат жерлік австриялық үстемдік нәтижесінде ғана сақталғандықтан,— оның қолдауымен монархиялық үкіметтердің қиянаттары әбден шегіне жеткен еді — жер иеленуші ірі дворяндар мен қаланың халық бұқарасы ұлттық тәуелсіздік жолындағы озық күрескер ретінде буржуазия жағында тұрды. Бірақ жат жерлік үстемдік 1859 жылы Венециядан басқа жердің бәрінде де жойылды; Австрияның итальян істеріне онан әрі араласуына Франция мен Россия тыйым салды,— енді мұнан ешкім қорықпайтын болды. Ал Италияның Гарибальдиі керемет жасай алатын және шындығында жасаған да ежелгі заман үлгісіндегі батыр болды. Мың волонтерімен ол бүкіл Неаполь корольдігін төңкеріп тастады, Италияны іс жүзінде біріктірді, бонапарттық саясаттың шебер торын быт-шыт қылды. Италия енді азат және шын мәнінде біріктірілген еді, бірақ оны істеген Луи-Наполеонның айла-шарғысы емес, революция болатын.

Итальян соғысынан бастап Екінші империяның сыртқы саясаты ешкімге де құпия болмай қалды. Ұлы Наполеонды жеңгендер жазалануға тиіс, бірақ l'un aprés l'autre — бірінен соң бірі жазалануға тиіс еді. Россия мен Австрия өз сыбағасын алды, ендігі кезекте Пруссия болатын. Ал Пруссияны енді бұрынғы қай кездегіден болса да жек көретін; Итальян соғысы кезінде оның саясаты тұп-тура 1795 жылғы Базель бітімі[210] тұсындағыдай қорқақ әрі ұсқынсыз еді. «Қолды еркін ұстау саясаты»[211] Пруссияны Европада бүтіндей оқшау қалуға соқтырды, үлкенді-кішілі көршілерінің бәрі де оның быт-шыт болып талқандалатынын күтіп масайрады, оның қолы Францияға Рейннің сол жағалауын беру үшін ғана бос болып шықты.

Шынында да, 1859 ж. кейінгі алғашқы жылдарда барлық жерде және ең алдымен Рейннің өзінде Рейннің сол жағалауы Францияға түпкілікті өтеді деген сенім тараған болатын. Рас мұны ешкім онша аңсай қойған жоқ, бірақ оны жазмыш секілді бұлжымас нәрсе деп есептеді және, ашығын айтсақ, онша қорқа да қоймады. Шаруалар мен қаланың ұсақ буржуасы өздеріне

шындығында бостандық әкелген француз билігі уақытын еске түсірді; ал буржуазия қатарында финанс аристократиясы, әсіресе Кёльн финанс аристократиясы Париж «Grédit Mobilier»-інің[212] және басқа қампиған бонапарттық компаниялардың алаяқтық операцияларына белшесінен батқан-ды, сондықтан аннексия жасалуын ашықтан-ашық талап етті*.

Алайда Рейннің сол жағалауынан айрылу Пруссияның ғана емес, Германияның да әлсіреуі деген сөз еді. Ал Германия бұрынғы қай кездегіден де күшті жіктелген еді. Австрия мен Пруссия арасындағы алакөздік Итальян соғысы кезіндегі Пруссияның бейтараптығы салдарынан шегіне жетті; ұсақ князьдік сілімтіктер Луи-Наполеонға қайта құрылған Рейн одағының[213]-болашақ қамқоры ретінде қорқынышпен, сонымен қатар сұқтана көз тікті,— ресми Германияның жағдайы осылай еді. Ал, мұның өзі тек бүкіл ұлттың біріктірілген күші ғана бөлшектену қаупін сейілте алатын сәтте осылай болды.

Бірақ бүкіл ұлт күштерін қалай біріктіру керек? 1848 ж. кілең бұлыңғыр сипатта болған әрекеттердің бәрі сәтсіздікке ұшырағаннан кейін мүмкін боларлық үш қана жол қалды және әлгі сәтсіздіктерден соң ғана бұлыңғырлық біраз сейілді.

Бірінші жол барлық жеке мемлекеттерді жою арқылы нағыз біріктіру жолы еді, яғни бұл ашық революциялық жол болатын. Осындай жол жаңа ғана Италияда мақсатқа жеткізді; Савойя династиясы революцияға қосылып кетті де, сөйтіп итальян тәжін иемденді. Бірақ осындай батыл қадамға біздің неміс савойялықтары Гогенцоллерндер, тіпті олардың ішіндегі ең батылдары á la Бисмарк Қавурлардың өзі мүлде қабілетсіз болатын. Барлығын да халықтың өзі істеуіне тура келер еді,— және Рейннің сол жағалауы үшін соғыста ол әрине, не қажеттінің бәрін істей алар еді. Пруссактардың Рейннің сыртына сөзсіз шегінуі, Рейн қамалдарын ұзақ уақыт қоршау, мұнан кейін, шүбәсыз болатын оңтүстік герман әміршілерінің сатқындығы,— осының өзі бүкіл осы династиялық тәртіптің күлін көкке ұшырарлық ұлт қозғалысын туғызуға әбден жетер еді. Сонда Луи-Наполеон қылышын қынабына бірінші болып салар еді. Екінші империя реакциялық мемлекеттерге ғана қарсы соғыса алатын, оларға қарағанда бұл француз революциясының мұрагері ретінде, халықтарды азат етуші ретінде көрінетін. Өзі революцияға қамтылған халыққа қарсы ол дәрменсіз еді; мұның үстіне жеңімпаз герман революциясы бүкіл Француз империясын құлатуға түрткі бола алатын еді. Бұл ең қолайлы жағдай болар еді; жаман жағдайда егер иемденуші князьдер қозғалыс басында

* Ол кезде Рейндегі жалпы көңіл-күйі осылай болғанына сол жердің өзінде Маркс екеуіміздің көзіміз талай рет жетті. Рейннін сол жағалауының өнеркәсіпшілері менен, сөз арасында, француз таможнялық тарифіне көшу олардың кәсіпорындарына қалай әсер ететінін сұрайтын.

бола қалса, Рейннің сол жағалауы Францияға уақытша берілер еді де, монархтардың белсенді не енжар сатқындығы бүкіл әлем алдында әшкереленіп, сын сәт туар еді, онан шығу үшін Германияның революциядан, барлық әміршілерді қуып шығу және біртұтас герман республикасын орнатудан басқа жолы қалмас еді.

Сол кезде болған жағдайлар тұсында бірігудің бұл жолына Германия Луи-Наполеон шекараны Рейн бойымен орнату үшін соғыс бастаған күнде ғана түсе алар еді. Бірақ бұл соғыс болған жоқ — оның себептерін кейінірек айтамыз. Сонымен бірге ұлттық бірігу туралы мәселе де өлім қаупінен қорқып дереу шешу қажет, кейінге қалдыруды күтпейтін өмірлік мәселе болудан қалды. Ұлт белгілі бір уақытқа дейін күте алатын болды.

Екінші жол Австрияның басқаруымен бірігу болатын. 1815 ж. Австрия Наполеон соғыстары таңған территориясы шағын, ықшамды мемлекет жағдайын ынталана сақтап қалды. Ол Оңтүстік Германиядағы бұрынғы өзінен бөлінген иеліктерінен мұнан былай дәметпей, әлі сау қалған монархия ұйытқысына географиялық және стратегиялық жағынан байланыстыруға болатын ескі және жаңа территорияларды қосып алумен қанағаттанды. Неміс Австриясының өзге Германиядан II Иосифтің қамқорлық баж салығын енгізуінен басталған, I Францтың Италиядағы полицейлік режимімен күшейтілген және Герман империясын жойып, Рейн одағын құрумен ең шегіне жеткізілген оқшауланы іс жүзінде 1815 жылдан кейін күшінде қала берді. Меттерних өз мемлекеті мен Германия арасында нағыз қытай қабырғасын орнатты. Таможнялық баж салығы немістің материалдық, ал цензура рухани өнімдерін өткізбеді; шектен шыққан паспорттық шектеулер жеке жүздесуді барынша азайтты. Ел өз ішінде тіпті Германияда да сирек ұшырайтын абсолютистік зорлық-зомбылық нәтижесінде қандай да бір ең әлсіз саяси қозғалыстан ада еді. Сөйтіп Австрия Германиядағы бүкіл буржуазиялық-либералдық қозғалысқа мүлдем жат күйінде қала берді. 1848 ж. кем дегенде олардың арасындағы рухани кедергілердің басым көпшілігі быт-шыт болды; бірақ сол жылғы оқиғалар мен олардың салдары Австрияның қалған Германиямен жақындасуына әсте де мүмкіндік бере алмайтын; керісінше, Австрия тәуелсіз ұлы держава ретіндегі өз жағдайына мақтанған үстіне мақтана түсті. Сондықтан да одақтық қамалдарда[214] Австрия солдаттарын жақсы көргенмен, ал прусс солдаттарын жек көріп, келекелегенімен, негізінен католиктік бүкіл Оңтүстік пен Батыста Австрия әлі де танымал және қадір тұтылғанымен, дегенмен шағын және орташа герман мемлекеттерінің бірнеше тәжді билеушілері ғана болмаса, Германияның Австрияның басшылығымен бірігуіне ешкім де шындап сенген жоқ.

Өзгеше болуы мүмкін де емес еді. Австрияның өзі, империя

жайлы романтикалық арманын астыртын әлдилей бергенмен де, басқа ештеңені қаламайтын. Австрияның таможнялық шекарасы уақыт өткен сайын Германия ішінде сақталып қалған бірден-бір материалдық кедергі болып, ол соғұрлым айқын біліне берді. Егер Германия мүдделерін таза австриялық, яғни Италияға, Венгрияға және т. б. қатысты мүдделер үшін құрбан етуді білдірмесе, тәуелсіз ұлы держава саясаты ешқандай мағынасыз болған еді. Революцияға дейін де, онан кейін де Австрия Германияның осы заманғы даму жолына барынша зауықсыз түскен ең реакцияшыл мемлекеті болып қала берді; мұның үстіне ол сақталып қалған бірден-бір өзіне тән ерекшеліктері бар католиктік ұлы держава болатын. Марттан кейінгі үкімет[215] поптар мен иезуиттердің бұрынғы иелік етуін қалпына келтіруге көбірек тырысқан сайын, үштің бір-екі бөлігін протестанттар мекендеген елге гегемон болу мүмкіндігі соғұрлым кеми берді. Және ең соңында, Австрия басшылығымен Германияның бірігуі тек Пруссияны талқандау нәтижесінде ғана мүмкін болар еді. Бірақ егер осы соңғы оқиға өздігінен Германия үшін бақытсыздық бола қоймаса да, әйткенмен Австрияның Пруссияны талқандауы Россияда революция жеңер алдында Пруссияның Австрияны талқандауынан (революцияның ондағы жеңісінен соң бұл талқандаудың қажеті болмас еді, өйткені Австрия керексіз болып, өзі-ақ бытырауға тиіс болар еді) кем апат болмас еді.

Қысқасын айтқанда, Австрия көлеңкесіндегі герман бірлігі дейтін романтикалық арман болатын, мұның өзі ұсағы бар, орташалары бар герман әміршілері австриялық Франц-Иосифті герман императоры етіп жариялау үшін 1863 жылы Франкфуртқа жиналғанда байқалды да. Пруссия королі* келген де жоқ, сөйтіп бұл комедия масқара болып күйреді.

Үшінші жол: Пруссияның басшылығымен біріктіру қалды. Міне дәл осы жол,— тарих шындығында осы жолмен жүрді,— бізді ойша пайымдау саласынан едәуір лас болса да бекем практикалық «нақтылы саясат»[216] негізіне оралтады.

II Фридрих кезінен бері Пруссия Германияны да Польша секілді жаулап алуға ғана жаралған территория, мүмкін болғанның бәрін жұлмалап алатын, тек оны, әрине, біреумен бөлісуге тура келетін территория деп қарап келді. Шетелдік мемлекеттердің, ең алдымен Францияның қатысуымен Германияны бөлшектеу —1740 жылдан бастап Пруссияның «герман миссиясы» осындай болды. «Je vais, je crois, jouer votre jeu; si les as me viennent, nous partagerons» (шамасы, мен, сізбен жақтасып ойнармын; егер маған көзірлер келсе, бөлісерміз) — бірінші әскери жорығына[217] Фридрихтің аттанып бара жатқан француз елшісімен** қоштасардағы сөзі осындай болды. Осы «герман миссиясынан»

* I Вильгельм. *Ред.*
** — Бово. *Ред.*

айнымаған Пруссия 1795 ж. Базель бітімін жасарда Германияны сатып кетті, территориясын ұлғайту жайлы уәдеге бола Рейннің сол жағалауын французларға беруге алдын ала келісті (1796 ж. 5 августағы шарт) және империяны сатып кеткені үшін Франция мен Россия әміріне сай империялық депутацияның шешімі бойынша шынында да сыйлыққа ие болды. 1805 ж. Наполеонның Ганноверді көрсетіп қызықтыруы мұң екен—мұндай қызықтыруға ол әрқашан елігетін—өз одақтастары Россия мен Австрияны сатып, тағы бір сатқындық жасады, бірақ өзінің ақымақ қулығына шырмалғаны сонша, Наполеонмен соғысқа тартылды да, Йена түбінде лайықты жазасын алды [218]. Осы соққылардың әсерінен арыла алмай III Фридрих-Вильгельм тіпті 1813 және 1814 жж. жеңістерден кейін де батыс германиялық барлық қамалдардан бас тартқысы келді, Солтүстік-Шығыс Германиядағы иеліктерімен шектелгісі келді, Австрия секілді герман істерінен барынша аулақтағысы келді,— оның өзі бүкіл Батыс Германияны орыс немесе француз протекторатымен жаңа Рейн одағына айналдырар еді. Жоспар жүзеге аспады: корольдің еркінен тыс оған Вестфалия мен Рейн провинциясы, ал сонымен бірге жаңа «герман миссиясы» танылды.

Ұсақ-түйек кейбір жерлерді сатып алуды есептемегенде енді аннексия уақытша тыйылды. Ел ішінде бұрынғы юнкерлік-бюрократтық тәртіп бірте-бірте қайта гүлденді; жағдай өте-мөте шиеленіскен сәтте конституция енгізу жайлы халыққа берілген уәде ылғи бұзыла берді. Бірақ осылай бола тұрса да, Пруссияда да буржуазияның маңызы арта берді, өйткені өнеркәсіп пен саудасыз енді тіпті өркөкірек Пруссия мемлекеті де ноль болатын. Баяу, табан тіресе, мысқалдап болса да буржуазияға экономикалық кеңшіліктер беруге тура келді. Бірақ, екінші жағынан бұл кеңшілік беру Пруссия өзінің екі жартысы арасындағы бөгде таможнялық шекараларды жою мақсатымен көрші неміс мемлекеттеріне таможнялық бірлестік құру жайлы ұсыныс жасағанда өзінің «герман миссиясы» қолдау табар деп есептеуге негіз болды. Таможнялық одақ осылай туды, ол 1830 ж. дейін тек жақсы тілек (ол кезде оған тек Гессен-Дармштадт қана қосылды) күйінде қала берді, бірақ мұнан былай, саяси және экономикалық дамудың біршама тездетуіне орай, Германияның ішкі облыстарының басым көпшілігін экономикалық жағынан Пруссияға қосып берді. Теңіз жағалауындағы пруссиялық емес жерлер 1848 жылдан кейін де Одақтан сырт қалып келді.

Таможнялық одақ Пруссияның ірі табысы еді. Оның австриялық ықпалды жеңу екендігі әлі ең маңыздысы болмайтын. Ең бастысы мынау еді: ол орташа және майда герман мемлекеттерінің бүкіл буржуазиясын Пруссия жағына тартты. Саксониядан өзге бірде-бір герман мемлекетінде өнеркәсіп тіпті Пруссиядағыдай болса да даму дәрежесіне жетпеген болатын; және

мұның өзі табиғи және тарихи алғы шарттардың салдарынан ғана емес, таможнялық территория мен ішкі рынок көлемінің үлкендігінен де еді. Сондықтан таможнялық одақ майда мемлекеттерді осы ішкі рынокқа тартып үлкейе берген сайын бұл мемлекеттердің соғұрлым енсе көтере бастаған буржуазиясы Пруссияға өзінің экономиялық, ал болашақта саяси да қамалы ретінде қарауға дағдылана бастады. Бірақ буржуаның көкейіндегісін профессорлар айтады ғой. Егер Берлинде гегельшілдер Германияны басқарып билеу Пруссияның парызы екенін философиялық тұрғыдан негіздеп жатса, Гейдельбергте Шлоссердің шәкірттері, әсіресе Гейсер мен Гервинус тарихи сілтемелер көмегімен дәл соны дәлелдеуге тырысып жатты. Мұнда, әрине, Пруссия өзінің бүкіл саяси жүйесін өзгертеді, ол буржуазия идеологтарының талаптарын орындайды деп болжанды*.

Мұның бәрі, дегенмен, Пруссия мемлекетіне, мысалы итальян буржуалары Пьемонт ұлттық және конституциялық қозғалыс басына ашықтан-ашық келгеннен кейін оның жетекші ролін мойындағаны сияқты, ерекше бір ілтипат нәтижесінде жасалмаған болатын. Жоқ, бұл ықылассыз жасалды; буржуа Пруссияны пәленің жеңілі ретінде қалады, өйткені Австрия оларды өз рынокына жолатпады және мұның себебі Пруссия Австриямен салыстырғанда финанс істеріндегі қазымырлығы арқасында әйтеуір біршама буржуазиялық сипатқа ие болатын. Басқа ірі мемлекеттерден Пруссияның артықшылығы екі жақсы институты еді: олар — жаппай әскери міндеттілік және жаппай міндетті мектеп оқуы болатын. Бұларды ол төтенше мұқтаждық тұсында енгізді, ал жағдай жақсы кездерде оларды өйтіп-бүйтіп жүзеге асыру және әдейі бұрмалаумен ғана шектеліп, оларды белгілі жағдайда болатын қауіпті сипатынан айырды. Бірақ қағаз жүзінде олар қала берді де, сонысымен-ақ Пруссия күндердің күнінде халық бұқарасы бойында бұйығулы жатқан потенциялық күш-жігерді, халық саны дәл осындай ешбір жерде жетуге болмайтын мөлшерде ояту мүмкіндігін сақтап қалды. Буржуазия бұл екі институтқа да бейімделіп алды; өз еркімен баратындар, яғни буржуазия балалары өзі барып әскери міндеткерлігін өтеуден 1840 жылдар тұсында пара беріп, оңай әрі әжептәуір арзан құтылуына болатын, оның үстіне армияның өзінде көпестер мен өнеркәсіп топтарынан алынған ландвер офицерлерін[219] оншалық бағалай бермейтін. Мектепте міндетті оқу арқасында қарапайым білімнің белгілі қорына ие адамдар санының едәуір болуы, олардың Пруссияда даусыз қала беруі буржуазия үшін өте-

* «Rheinische Zeitung»[46] Пруссия гегемониясы туралы мәселені 1842 ж. осы тұрғыдан талқылады. Гервинус Остендте 1843 ж. жазда-ақ маған былай деген еді: Пруссия Германияны басқаруға тиіс, бірақ бұл үшін үш шарт қажет: Пруссия конституция беруге тиіс, баспасөз бостандығын енгізуге тиіс және неғұрлым тиянақты сыртқы саясат жүргізуге тиіс.

мөте пайдалы болды; ірі өнеркәсіптің өсуіне сәйкес түбінде ол тіпті жеткіліксіз де болып қалды*. Осы екі институтты ұстап тұруға жұмсалатын, жоғары салықтан көрінетін үлкен шығындар** жөнінде шағымдар негізінен ұсақ буржуазия арасында айтылып жүрді; күш ала бастаған буржуазия, елдің болашақтағы ұлы держава ретіндегі жағдайына байланысты, рас, жағымсыз, бірақ лажсыз шығындар арта түскен пайда есебінен артығымен өтеледі деп есептеді.

Бір сөзбен айтқанда, неміс буржуасы пруссиялық ізеттілік туралы ешқандай жалған үмітке ерген жоқ. Егер 1840 ж. бастап Пруссия гегемониясы жайлы идея олардың арасында ықпалды бола бастаса, ол мынадай себептен және мынадан еді: Пруссия буржуазиясы өзінің неғұрлым жылдамырақ экономикалық дамуының арқасында экономикалық және саяси жағынан неміс буржуазиясының бастаушысына айнала бастады және әлдеқашан конституцияға ие Оңтүстіктің Роттектері мен Велькерлерін Пруссия Солтүстігінің Кампгаузендері, Ганземандары және Мильделері, адвокаттар мен профессорларды көпестер мен фабриканттар кейінгі қатарға ығыстыра бастады. Шынында да, 1848 ж. алдындағы жылдарда пруссия либералдары арасында әсіресе Рейнде Оңтүстік Германияның либерал-кантоналистері[220] арасындағыдан мүлдем өзгеше революциялық ықпал сезілетін. Сол кезде XVI ғасырдан бергі кезеңдегі ең жақсы екі саяси халық әні тарады: олар — бургомистр Чех туралы ән және баронесса фон Дросте-Фишеринг туралы ән еді, 1846 жылы:

Бургомистр Чехымыз
Екі адым жерден мүлт кетіп
Месқарынға осындай
Тигізе алмауын қарашы!

деп көңілдене әндеткендер енді қазір қартайғанда ол әндердің күнәһар рухына ыза болады.

Бірақ мұның бәрі ұзамай өзгеруге тиіс еді. Февраль революциясы бұрқ ете қалды, онан соң Венада март күндері және 18 марттағы Берлин революциясы келді. Буржуазия елеулі күрессіз-ақ жеңіп шықты; ал іс соған жеткен кезде буржуазия шындап күресуді тіпті де қалаған жоқ. Өйткені осы таяуда ғана сол кездегі социализм мен коммунизмге қарап қылымсыған (әсіресе Рейнде) буржуазия енді кенет жекелеген жұмысшыларды ғана емес жұмысшы *табын* — әлі жартылай қалғып жатса да, бірте-

---

* Тіпті «культуркампф»[13] кезінде де Рейн фабриканттары маған қай жағынан алса да тамаша жұмысшыларды мектептен алған білімі жеткілікті болмағандықтан бақылаушы етіп тағайындай алмайтынына шағынып жүрді. Бұл католиктік мекендерге ерекше тән болатын.

** Беттің шетінде Энгельстің «Буржуазияға арналған орта мектептер» деген жазуы бар. *Ред.*

бірте ояна бастаған, өз табиғаты жағынан-ақ революцияшыл болып табылатын пролетариатты өсіріп шығарғанын аңғарды. Және осы, барлық жерде буржуазияға жеңіс алып берген пролетариат,— әсіресе Францияда — бүкіл буржуазиялық тәртіптің өмір сүруіне сай келмейтін талаптар қоя бастады; Парижде 1848 ж. 23 июньде мәселе екі тап арасындағы алғашқы сойқан шайқас болуына дейін жетті; төрт күнгі ұрыстан соң пролетариат жеңіліске ұшырады. Осы сәттен бастап буржуазия бұқарасы бүкіл Европада реакция жағына шықты, жаңа ғана жұмысшылардың көмегімен өздері орнынан тайдырған бюрократ-абсолютистермен, феодалдармен және поптармен «қоғам жауларына», яғни сол жұмысшылардың өзіне қарсы бірікті.

Пруссияда бұл мынадан көрінді: буржуазия дәл өзі сайлаған өкілдерді сатып жіберді де, 1848 жылы ноябрьде үкімет оларды қалай қуғанын жасырын немесе ашықтан-ашық табалай бақылады[221]. Енді Пруссияда табандатқан он жылға орныққан юнкерлік-бюрократтық министрлік, рас, конституциялық формаларда билік жүргізуге мәжбүр болды, бірақ сол үшін ұсақ, осыған дейін бұрын тіпті Пруссияда болмаған қазымырлық пен қыспақтың бүтіндей бір жүйесі арқылы кек алды, онан буржуазия бәрінен де көп зардап шекті. Бірақ соңғысы көнбіс күйге түсті, бұршақша жауған соққы мен тепкіні бұрынғы революциялық ниеті үшін жаза ретінде ләм демей қабылдап, енді кейін өзі айтқан: қайткенмен де біз ит екенбіз,— деген ойға бірте-бірте үйрене бастады.

Онан соң регенттік кезеңі туды. Таққа өзінің адалдығын дәлелдеу үшін Мантёйфель мұрагерді*, қазіргі императорды, қазір Путкамер «Sozialdemokrat»[222] редакциясын шпиондармен қалай қоршаса, нақ солай қоршады. Мұрагер регент болысымен Мантёйфельді, әрине, айдап шықты да, «жаңа дәуір» басталды[223]. Бұл тек декорацияны алмастыру болатын. Принц-регент буржуазияның тағы да либерал болуына рұқсат беру жөн деп тапты. Буржуа бұл рұқсатты рақаттана пайдаланды, бірақ олар енді жағдайдың қожайыны бізбіз, Пруссия мемлекеті дегенімізді істеуге тиіс деп ойлады. Бірақ бұл сатқын баспасөз тілімен айтқанда «беделді топтардың» жоспарына мүлдем кірмеген болатын. Армияны қайта құру «жаңа дәуір» үшін либерал буржуа төлеуге тиіс баға еді. Үкімет бұл орайда жалпыға бірдей әскери міндеткерлікті 1816 жыл тұсында жүзеге асырылған көлемде тек шын мәнінде жүзеге асыруды талап етті. Либерал оппозицияның тұрғысынан бұған қарсы Пруссияның беделі мен герман миссиясы туралы оның өз сөздеріне өрескел қайшы келмейтін бірде-бір қарсылық айтуға мүлдем болмайтын еді. Бірақ либерал оппозиция өз келісімінің шарты ретінде әске-

* — принц Вильгельмді, кейін император I Вильгельмді. *Ред.*

ри қызмет мерзімін екі жыл етіп заң жолымен шектеу мәселесін қойды. Өз бетімен алғанда бұл әбден ұтымды еді; мәселе осыған жету мүмкін бе, либерал буржуазия бұл шартты қандай құрбандық бағасымен болсын аяғына дейін қорғауға дайын ба дегенде ғана болатын. Үкімет әскери қызмет үш жыл болуын, палата екі жыл болуын қатаң талап етті; сонымен дау шықты[224]. Ал әскери мәселедегі даумен бірге сыртқы саясат ішкі саясат үшін де қайтадан шешуші маңызға ие болды.

Қырым және Итальян соғысы кезіндегі өз қылығы нәтижесінде Пруссия барлық қадірден қалай әбден айрылғанын біз көрдік. Бұл бейшаралық саясатты Пруссия армиясының нашар жағдайымен ішінара ақтауға болатын. 1848 ж. дейін-ақ сословиелердің келісімінсіз жаңа салықтар енгізуге немесе қарыз алуға болмайтындықтан, ал бұл үшін сословие өкілдерін шақыруды тағы да қаламағандықтан, армияға ешқашан ақша жетпейтін және шексіз сарандықтан ол әбден титықтаған еді. III Фридрих-Вильгельм тұсында бекіген салтанатшылдық пен сапшылдық рухы оның біржола түбіне жетті. Осы парадқа ғана тәрбиеленген армия 1848 ж. Даниядағы шайқас алаңдарында қандай дәрменсіз болып шыққанын граф Вальдерзеенің жазғандарынан оқуға болады. 1850 ж. мобилизация толық сәтсіздік еді[225]: барлығы жетіспейтін, қолда барының көпшілігі түкке жарамайтын. Палаталар мақұлдаған кредиттер, рас, іске жәрдемдесті; армия бұрынғы керенаулықтан шығарылды; далада қызмет ету, ең болмағанда көпшілік жағдайда, парадтарды ығыстыра бастады. Алайда армияның адам саны 1820 ж. тұсындағы күйінде қала берді, ал басқа ұлы державалардың бәрі, әсіресе Франция, дәл сол кезде қауіп сол тараптан төніп тұрған болатын, қарулы күштерін едәуір ұлғайтты. Бұл арада Пруссияда жалпыға бірдей әскери міндеткерлік бар болатын; әрбір пруссак қағаз жүзінде солдат еді, бірақ халық $10^1/_2$ миллионнан (1817 ж.) $17^3/_4$ миллионға дейін (1858 ж.) өскенмен, армияның белгіленген контингенті әскери қызметке жарамды адамдардың үштен бірінен артығын қызметке қабылдап, үйретуге мүмкіндік бермейтін. Енді үкімет армияны халықтың 1817 жылдан бергі өсіміне дәл сай келетін дерлік етіп өсіруді талап етті. Бірақ Германияны басқаруды, шетел мемлекеттері тарапынан Германия абыройын қорғауды, оның халықаралық беделін қалпына келтіруді үкіметтен тоқтаусыз талап етіп жүрген нақ сол либерал депутаттар,— дәл сол адамдар енді саудаға салып сарандық жасап, қызмет етудің екі жылдық мерзімінен басқа жағдайда ешқандай келісім бермеуге тырысты. Алайда, олар өздері табандылықпен талап еткен өз тілектерін жүзеге асыра алатындай жеткілікті күшті ме еді? Халық, немесе тіпті болмағанда батыл қимылға дайын буржуазия оларға еретін бе еді?

Әсте олай емес еді. Буржуазия олардың Бисмаркпен сөз жүзінде шайқасуын құптады, бірақ іс жүзінде ол, ұғынылмаған түрде болса да, шын мәнінде Пруссия палатасы көпшілігінің саясатына қарсы бағытталған қозғалыс ұйымдастырды. Данияның Гольштейн конституциясына қастандығы, Шлезвигті зорлықпен данияландыру әрекеттері неміс буржуасының ашу-ызасын тудырды. Ұлы державалар тарапынан болатын кемсітуге ол үйреніп алған-ды, бірақ кішкентай Дания тарапынан жасалған тепкі оның ашуын қоздырды. Сөйтіп Ұлттық одақ[226] құрылды; ол дәл осы майда мемлекеттер буржуазиясынан күш алатын еді. Ал Ұлттық одақ, қаншалықты либерал болғанымен, ең алдымен Пруссия басшылығымен ұлттық бірігуді, мүмкін болса либерал Пруссия, әрі кеткенде — осы бар Пруссия басшылығымен бірігуді талап етті. Немістердің әлемдік рынокта екінші қатардағы адамдар ретіндегі аянышты жағдайын түбінде жоюға жету, Данияны ауыздықтау және Шлезвиг-Гольштейнде ұлы державаларға азу көрсету — Ұлттық одақ ең алдымен міне осыны талап етті. Бұл орайда Пруссия басшылығын талап ету 1850 жылға дейін оған тән болған буалдырлық пен жалған үміттен енді арылды. Бұл талап Австрияны Германиядан аластау, майда мемлекеттер суверенитетін іс жүзінде жою екені және мұның екеуі де азамат соғысынсыз және Германияны бөлмей жүзеге аспайтыны анық белгілі болды. Алайда азамат соғысынан енді ешкім қорықпайтын, ал бөлу Австрияның тыйымшыл таможня саясатын біржолата қысқарту еді. Неміс өнеркәсібі мен саудасының өркендегені сонша, әлемдік рынокты қамтыған неміс сауда фирмалары желісінің ұлғайып, жиілегені сонша, өз үйіндегі майда мемлекеттер жүйесі мен шет елдегі правосыздық пен қорғансыздыққа мұнан әрі төзуге болмайтын. Неміс буржуазиясы бұрын-соңды ие болмаған аса күшті саяси ұйым іс жүзінде Берлин депутаттарына сенімсіздік білдіріп отырған кезде соғылар әскери қызмет мерзіміне бола саудаласып жатты!

Бисмарк сыртқы саясатқа белсене араласуға ұйғарған кездегі жағдай осындай еді.

Бисмарк — бұл шалғай түкпірдегі прусс юнкері мен неміс студент-корпорантына айналған Луи-Наполеон, французды таққа авантюрист үміткері еді. Луи-Наполеон сияқты Бисмарк та — үлкен практикалық ақыл иесі және жылпос адам, басқа бір жағдайда Нью-Йорк биржасында Вандербилттермен, Джей Гулдтермен тіресе алатын тумысынан кәнігі іскер болатын; ол шынында да өзінің қара басының істерін әп-әдемі тындырды. Алайда, практикалық өмір саласындағы мұндай жіті ақылға орай ой-өріс тарлығы қатар жүретіні жиі кездеседі, ал бұл жағынан Бисмарк өзінің француз ізашарынан асып түсетін. Бұл соғысы қанша айтқанмен өзінің ел кезген жылдарында өзіне-өзі «Наполеон идеяларын»[227] жасап алды,— рас олары өзіне

шақтап пішілген болатын,— ал бұл арада Бисмаркта, азды-көпті бірегей саяси идеяның ишарасы да ешқашан болмағанын біз әлі көреміз, ол тек басқалардың дайын идеяларын өзінше қиыстырып құрай білетін. Бірақ бұл өресі тарлық оның тұп-тура бақыты еді. Мұнсыз бүкіл дүние жүзілік тарихқа айрықша пруссиялық көзқарас тұрғысынан қарауға оның миы жетпес еді; оның осынау әсіре пруссиялық дүние танымында күн сәулесі түсетін саңлау болса, ол өзінің бүкіл миссиясымен шатасып, оның даңқы құрып тынар еді. Шынында да, сырттан таңылған өзінің ерекше миссиясын өзінше орындағаны сол екен, ол дереу тығырыққа тірелді; ұтымды идеялары мүлдем болмауының салдарынан және өзі жасаған тарихи жағдайды түсіну қабілетсіздігінен оның қандай секірістер жасауға мәжбүр болғанын көреміз.

Егер Луи-Наполеонды оның өткені құрал таңдағанда қысылмауға үйретсе, Бисмаркты Пруссия саясатының, әсіресе ұлы курфюрст* деп аталатынның және II Фридрих саясатының тарихы онан да бетер қымсынусыз қимылдауды үйретті, сөйте тұра ол отандық дәстүрден айнымадым деген ізгі сезімде болды. Оған тән практикалық түйсік қажет болған жағдайда юнкерлік құмарлығын екінші қатарға ысыра тұруды үйретті; бұған мәжбүрліктің қажеті жоқ боп көрінгенде, әлгі құмарлық қайтадан сыртқа анық шығатын; бұл, әрине, құлдырау белгісі еді. Оның саяси әдісі корпорант әдісі болатын: студент кабактарында қиын жағдайдан құтылу үшін қолданылатын сыраханаға әдетғұрыптарын күлкі келтіретіндей етіп сөзбе-сөз түсіндіруді ол палатада Пруссия конституциясы жөнінде шімірікпей қолданды; дипломатияға ол енгізген жаңалықтардың бәрі де корпорант студенттер тұрмысынан алынған. Бірақ егер Луи-Наполеон сын сәттерде жиі толқитын болса, мысалы, 1851 ж. мемлекеттік төңкеріс кезінде Морни оны басталған істі аяғына дейін жеткізуге анық күшпен көндірді, немесе 1870 ж. соғыс қарсаңында ол өзінің тартыншақтығынан өз жағдайын бүлдіріп алды, Бисмаркте, мойындау керек, мұндай жағдай ешқашан болған емес. Ерік күшінен ол ешқашан айрылған емес, қайта ол тұп-тура дөрекілікке айналатын. Онын табыстарының сыры, ең алдымен, осында. Германияның барлық үстем таптарының, буржуалар сияқты юнкерлердің бойында да күш-жігердің ең соңғы тамшылары суалғаны сонша, «білімдар» Германияда ерік күші болмаудың ғұрыпқа сіңгені соншалық, олардың арасындағы шын мәнінде әлі ерік күші бар жалғыз адам міне нақ сондықтан олардың ең ұлы адамы және қатал әміршісі болып алды; ол бұлардың барлығын билеп-төстеді және мұның алдында олар парасат пен ар-ұятына қарамай, олардың өздері айтқандай «ебелектеп-елпілдеп тұрды». Қалай дегенмен, «білімсіз» Германияда жағдай бұлай шектен

* — Фридрих-Вильгельмнің. *Ред.*

асқан жоқ: жұмысшы халық өздерінде ерік күші бар екенін, оған тіпті Бисмарктың күшті еркінің де шамасы келмейтінін көрсетті.

Біздің бранденбургтік юнкеріміздің алдында тамаша өріс ашылды, оның іске батыл да ақылмен кірісуі ғана керек болды. Луи-Наполеон буржуазияның сүйіктісі болғанда, оның парламентін таратып, мұның есесіне оның пайдасын көбейткендіктен барып болған жоқ па? Жалған Наполеон бойынан көріп буржуазия кереметтей сүйсінген іскерлік дарыны Бисмаркте болмады ма екен? Луи-Наполеон өз Фульдіне қалай ұмтылса, бұл да өз Блейхрёдеріне солай ұмтылмап па? 1864 ж. Германияда палатадағы сарандықтан әскери қызмет мерзімін қысқартуға тырысқан буржуазия өкілдері мен палатадан тыс, Ұлттық одақтағы, ұлттық ерлікті қайткен күнде де аңсаған, ал ерліктер үшін армия керек, буржуа арасында қайшылықтар болмады ма? Францияда 1851 ж. президент билігін ауыздықтап отырған депутаттар палатасындағы буржуалар мен тыныштық пен күшті үкіметті, қайткен күнде де тыныштықты аңсаған палатадан тыс буржуалар арасында дәл осындай қайшылық болмап па еді және Луи-Наполеон парламент бақырауықтарын қуып жіберіп, буржуазия бұқарасының тыныштығын қамтамасыз етіп, осы қайшылықты шешкен жоқ па? Германиядағы жағдайдың батыл соққы беруге қолайлылығы одан да артық емес пе еді? Армияны қайта құру жоспарын дап-дайын күйінде буржуазия ұсынған жоқ па еді және оның жоспарын жүзеге асыратын. Австрияны Германиядан аластайтын, майда герман мемлекеттерін Пруссия басшылығымен біріктіретін пруссиялық жігерлі мемлекет отағасысы шықса деген тілегін дүйім жұртқа естірте айтқан соның өзі емес пе еді? Және егер бұл үшін Пруссия конституциясы жөнінде онша сыпайылық сақтамай, парламенттегі және парламенттен тыс идеологтардың сыбағасын беріп, ығыстыруға тура келген күнде, Луи-Бонапарт секілді жалпыға бірдей сайлау правосына сүйенуге болмайды ма екен? Жалпыға бірдей сайлау правосын енгізуден артық демократиялық не бар? Қалауын тауып ұстаса, оның мүлдем қауіпсіз екенін Луи-Наполеон дәлелдеген жоқ па? Міне дәл осы жалпыға бірдей сайлау правосы, егер буржуазия қасарыса қалған жағдайда, халықтың қалың бұқарасына жүгінетін әрі туа бастаған әлеуметтік қозғалысқа қарап та аздап қылымсып қоятын құрал болмады ма?

Бисмарк іске кірісті. Луи-Наполеонның мемлекеттік төңкерісін қайталау, неміс буржуазиясына күштердің шын арақатынасын айқын көрсету, оның либералдық бос қиялын күшпен сейілту керек болатын, бірақ оның Пруссия мүддесімен сай келетін ұлттық талаптарын орындау да қажет еді. Әрекет үшін сылтауды ең алдымен Шлезвиг-Гольштейн тауып берді. Сыртқы саясат тара-

пынан бұған негіз әзірленген болатын. Орыс патшасын* Бисмарк 1863 ж. көтеріліс шығарған поляктарға қарсы күресте полициялық жәрдем көрсетіп[228] өз жағына тартып алды; Луи-Наполеон да көндірілді, ол Бисмарк жоспарлары жөніндегі егер үнсіз көмек демесек те, өз немқұрайдылығын өзінің сүйікті «ұлттар принципімен» ақтай алатын еді; Англияда премьер-министр Пальмерстон болатын, ол кішкентай лорд Джон Расселді сыртқы істер ведомствосының басына бір ғана мақсатпен, оны күлкі ету мақсатымен қойды. Ал Австрия Германиядағы гегемондық үшін Пруссиямен бақталас болатын және нақ осы істе бірінші орынды Пруссияға бере салуға тіпті де құлықсыз еді, мұның үстіне 1850 және 1851 жылдары Шлезвиг-Гольштейнде ол император Николайдың жандармы ретінде қимылдап, іс жүзінде Пруссияның өзінен де арамдықпен әрекет етті. Сонымен, жағдай өте-мөте қолайлы еді. Бисмарк Австрияны қаншама жек көргенімен және Австрия өз тарапынан өз ашуын Пруссиядан қаншалық алғысы келгенмен, бәрібір Дания королі VII Фредерик өлгеннен кейін, Франция мен Россияның үнсіз келісімімен, Данияға қарсы бірігіп жорық жасаудан басқа эштене қалмады. Европа бейтарап болып қалғанша, табыс алдын-ала қамтамасыз етілген болатын, солай болып шықты да: герцогтықтар жаулап алынып, бейбіт бітім бойынша берілді[229].

Пруссияның бұл соғыста басқа да — 1850 жылдан бастап жаңаша үйретілген, ал 1860 ж. кейін қайта құрылып, ұлғайтылған өз армиясын ұрыс алаңында сынау — мақсаты болды. Армия бұл сыннан күткендегіден әлдеқайда жақсы өтті, оның үстіне әр қилы әскери жағдай кезінде сыналды. Инелі мылтық аузынан оқталатын мылтықтан көп артық екенін және оны жақсы пайдалана білетінін Ютландиядағы Люнгбю түбіндегі шайқас дәлелдеді, мұнда жасыл шарбақ тасасына орналасқан 80 пруссак жиі-жиі ату арқасында саны үш есе көп даниялықтарды қашуға мәжбүр етті. Сонымен бірге, австриялықтар Итальян соғысынан және шайқас жүргізудің француз әдісінен оқ ату әурешілік, нағыз солдат жауды бірден найзалап түйреп өтуге тиіс деген бір ғана сабақ алғанын байқайтындай жағдай туды; бұл дереу ескерілді, өйткені дүмінен оқталатын мылтық аузы алдында мұнан артық жау тактикасын тілеудің де қажеті жоқ еді. Австриялықтардың бұған тезірек іс жүзінде көзін жеткізу үшін жаулап алынған герцогтықтар бейбіт шарт бойынша Австрия мен Пруссияға ортақ суверенитетіне берілді; осылай таусылмайтын даужанжалдың басталар негізі болмай қоймайтын уақытша жағдай жасалды, сондықтан осы дау-жанжалдың бірін Австрияға қарсы бас шабуыл сылтауы етіп пайдалану үшін Бисмаркқа өз қалауынша сәтін таңдап алуға толық мүмкіндік берілді. Фон

* — II Александрды — *Ред.*

Зибель мырза айтқандай, қолайлы жағдайды «ешқандай толқусыз шегіне дейін пайдалану» дейтін Пруссияның дәстүрлі саясаты тұсында Дания езгісінен немістерді азат ету деген сылтаумен Германияға солтүстік Шлезвигтің 200 000-ға тарта даниялық тұрғындары қосылып алынғаны әбден табиғи нәрсе еді. Тек Шлезвиг-Гольштейн тағына ұсақ герман мемлекеттері мен неміс буржуазиясының кандидаты герцог Аугустенборгскийге түк тимей қалды.

Бисмарк неміс буржуазиясының қалауын герцогтықтарда оның еркіне қарсы осылай орындады. Ол даниялықтарды қуып шықты, шетел державаларына қыр көрсетіп еді — бұл державалар селк еткен жоқ. Бірақ жаңа ғана азат етілген герцогтықтарды, олардың тілегіне мүлдем құлақ коймастан, жаулап алынған ел сияқты ұстай бастады: оларды Австрия мен Пруссия арасында уақытша бөлді де қойды. Пруссия тағы да ұлы держава болды, ол енді Европа арбасындағы бесінші дөңгелек емес еді, буржуазияның ұлттық үміт-сенімін жүзеге асыру табысты өтіп жатты, бірақ бұл үшін таңдалып алынған жол буржуазияның либералдық жолы болған жоқ. Сондықтан Пруссия соғыс жанжалы созыла берді; тіпті шешілуі қиындай түсті. Бисмарк екі жүзділігінің екінші кезеңі алда тұр еді.

* * *

Дания соғысы ұлттық арман-тілектердің бір бөлігін жүзеге асырды. Шлезвиг-Гольштейн «азат етілді», Германияның Дания алдында кемсітілуін[230] ұлы державалар айғақтаған Варшава және Лондон протоколдары жыртылып, олардың аяғының астына тасталды, ал олар тіпті ләм деген жоқ. Австрия мен Пруссия тағы да бірге болды, олардың әскерлері иық тіресе шайқасып, жеңіп шықты және бірде-бір әмірші герман территориясына мұнан былай көз алартуды ойлаған да жоқ. Луи-Наполеонның осы кезге дейін басқа істерге — итальян революциясына, поляк көтерілісіне, Даниядағы шиеленістерге, ең соңында Мексика экспедициясына[231] байланысты кейінге қалдырып келген Рейн жайындағы сұктануы енді ешқандай табысқа жеткізбейтін. Пруссияның консервативтік мемлекеттік қайраткері үшін сыртқы саясат тұрғысынан алғанда халықаралық жағдай, осыдан келіп, ең қолайлы жағдай болды. Бірақ Бисмарк 1871 ж. дейін және дәл сол сәтте тіпті де консервативті емес еді, ал неміс буржуазиясы әсте де қанағаттанбаған болатын.

Неміс буржуазиясы бұрынғысынша ескі қайшылықтың ырқында қала берді. Бір жағынан ол өзі үшін, яғни палатаның либерал көпшілігінен сайланған министрлік үшін ерекше саяси билік талап етті; ал мұндай министрлікке оның жаңа өкіметі түпкілікті мойындалғанша тәжбен бейнеленетін ескі системамен он шақты жыл бойы күрес жүргізуге тура келер еді, мұның өзі

он шақты жылға іштей әлсірету болар еді. Бірақ, екінші жағынан, буржуазия Германияны революциялық жолмен қайта құруды талап етті, мұны тек зорлық жолымен, демек нақты диктатура арқылы ғана жүзеге асыруға болатын. Бұл екі арада 1848 жылдан бастап буржуазия әрбір шешуші кезеңде әлгі талаптардың екеуін айтпай-ақ, тіпті біреуін болса да жүзеге асыру үшін қажет күш-жігерден жұрдай екенін қайта-қайта дәлелдеп отырды. Саясатта тек екі шешуші күш болады: мемлекеттің ұйымдасқан күші, армия және халық бұқарасының ұйымдаспаған стихиялық күші. Буржуазия 1848 жылдан бері бұқараға сүйенуді ұмытты; ол бұқарадан абсолютизмнен бетер қорқар еді. Ал армия тіпті де оның қарамағында болған жоқ. Ол, әрине, Бисмарктың қарамағында болды.

Әлі де жалғаса түскен конституциялық дау-жанжал барысында Бисмарк буржуазияның парламенттік талаптарына қарсы барынша табанды күресті. Бірақ ол оның ұлттық талаптарын жүзеге асыруға өте құштар еді; өйткені бұл талаптар Пруссия саясатының ең бір ішкі тілектеріне сәйкес келетін. Егер ол буржуазияның дегенін оның еркіне қарсы тағы бір рет орындаса, егер ол Германияны біріктіруді буржуазия тұжырымдағандай түрде жүзеге асырса, онда жанжал өз-өзінен тынып, Бисмарк нақ өз ізашары Луи-Наполеон секілді буржуазия сүйіктісіне айналар еді

Буржуазия оған мақсатты, Луи-Наполеон мақсатқа жеткізер жолды көрсетті; Бисмаркқа оны жүзеге асыру ғана қалды.

Пруссияны Германияға басшы етіп қою үшін Австрияны Герман одағынан[232] күшпен қуып қана қоймай, ұсақ герман мемлекеттерін бағындыру да керек еді. Немістердің немістерге қарсы мұндай «ширақ көңілді соғыстары»[233] ежелден Пруссия саясаты үшін территория ұлғайтудың басты құралы болатын; мұндай нәрседен бірде-бір айбынды пруссак қорықпайтын. Екінші негізгі құрал — шетелдермен немістерге қарсы одақ та — дәл осындай болар-болмас қана күдік туғызатын. Күйреуік орыс патшасы Александр қызмет етуден қашпайтын. Луи-Наполеон Германияда Пруссияның Пьемонт ролін атқаратынын ешқашан жоққа шығармайтын және Бисмаркпен келісуге әрқашан әбден әзір еді. Ол, егер мүмкін болса, өзіне қажетін бейбіт жолмен, компенсация түрінде алғанды артық көрер еді. Мұның үстіне оған Рейннің сол жағалауы түгелімен бірден әсте де қажет емес болатын; егер оны бөлшектеп, Пруссияның әрбір алға жылжығаны үшін жапырақтап беріп отырса, ол онша көзге түсе қоймас еді және сонда да мақсатқа жеткізер еді. Ал француз шовинистерінің пікірінше Рейн бойындағы бір шаршы миль бүкіл Савойя мен Ниццаға тең болатын. Сонымен, Луи-Наполеонмен келіссөз басталды да, Пруссияны ұлғайтуға және Солтүстік герман одағын[234] құруға оның рұқсаты алынды. Бұл үшін оған герман тер-

риториясының Рейндегі бір бөлігі ұсынылғанына ешқандай күмән жоқ*; Говонемен келіссөз барысында Бисмарк рейндік Бавария мен рейндік Гессен туралы сөз қылды. Рас, кейін ол мұнан бас тартты. Бірақ дипломаттың, әсіресе пруссия дипломатының, ақиқатқа аздап болса да зорлық жасауға қаншалық хақысы бар екені немесе тіпті міндетті екені туралы өз көзқарасы болады. Өйткені ақиқат — әйел, демек, юнкерлік пікір бойынша, зорлық оған, тіпті жағады да. Пруссия мұның пайдасына өз тарапынан есе қайтаруға уәде бермесе, оның ұлғаюына жол беретіндей Луи-Наполеон соншалық ақымақ емес еді; Блейхрёдер процентсіз қарыз ақша беруге тезірек келісер еді. Бірақ ол өз пруссактарын жете білмейтін, сондықтан ақырында ақымақ болып қалды. Бір сөзбен айтқанда, оны қауіпсіз еткеннен кейін «жүректен соғу» үшін Италиямен одақ жасады.

Әр түрлі елдердің филистерлері бұл сөзге қатты шамданды. Мүлдем бос әурешілік! À la guerre comme á la guerre**. Бұл сөз Бисмарктің 1866 ж. неміс азамат соғысын[235], ол шындығында не болған болса сол деп, яғни *революция* деп есептегенін және оның бұл революцияны революциялық құралдармен жүргізуге әзір болғанын көрсетеді. Ол мұны істеді де. Оның Одақтық сейм жөніндегі әрекеті революциялық әрекет болды. Одақтық органның конституциялық шешіміне бағыну орнына, ол оны одақтық шартты бұздындар деп айыптап — көрінеу жалтару! — Одақты быт-шыт етті, революциялық жаппай сайлау правосы негізінде сайланған рейхстағы бар жаңа конституция жариялады, ең соңында, Одақтық сеймді Франкфурттан қуып шықты[236]. Жоғарғы Силезияда ол революцияшыл генерал Клапканың және басқа революцияшыл офицерлердің басшылығымен венгер легионын жасақтады; бұл легионның солдаттары, венгер қашқындары мен соғыс тұтқындары, өзінің заңды бас қолбасшысына қарсы соғысуға тиіс еді***. Богемияны жаулап алғаннан кейін Бисмарк «Даңқты Богемия королдігінің тұрғындарына» деген прокламация шығарды, мұның да мазмұны легитимистік дәстүрлерге өте қайшы келетін. Бітім жасалғаннан кейін барып ол Пруссия пайдасы үшін Герман одағының мүшелері — үш заңды монархтың және бір еркін қаланың**** барлық иеліктерін тартып алды, және «құдайдың рақымымен ағзам болуы» Пруссия королінен еш кем емес бұл үш монархты қуып жіберу оның христиандық және легитимистік арына ешқандай қобалжу туғызған жоқ. Қысқасын айтқанда, мұның өзі революциялық құралдармен жа-

* Энгельс беттің ашық шетіне қарындашпен: «Бөліс — Майн бойындағы линия» деп жазған (қараңыз: осы том, 444-бет). *Ред.*

** — Соғыста — соғыстағыдай. *Ред.*

*** Беттің ашық шетіне Энгельс қарындашпен: «Ант!» деп жазған. *Ред.*

**** — Ганновер корольдігі. Гессен-Кассель курфюрстілігі, Нассау герцогтығы және еркін қала Майндағы Франкфурт. *Ред.*

салған толық революция болатын. Біз, әрине, оны бұл үшін кінәлаудан аулақпыз. Керісінше, біз оны жеткілікті революцияшыл болмағаны үшін, оның тек жоғарыдағы пруссиялық революционер болғаны үшін кінәлаймыз; бүкіл бір революцияны тек жартылай ғана жүзеге асыра алатын позициялардан бастағаны үшін; аннексия жолына түскен екен, тек төрт болымсыз ұсақ мемлекетпен шектеліп қалғаны үшін кінәлаймыз.

Дәл осы кезде Кіші Наполеон сүйретіліп келіп, өз қызметіне сыйлық талап етті. Соғыс кезінде ол Рейнде қалағанының бәрін ала алар еді: бүкіл территория ғана емес, қамалдар да қорғансыз болатын. Ол қобалжыған еді; ол ұзақ, екі жақты да қажытатын соғысты күтті, ал бұл арада осы жедел соққылар болды: Австрия сегіз күнде жеңілді. Ол әуелі Бисмарктың генерал Говонеге есе ретінде берілуі мүмкін деп атаған — рейндік Бавария мен Майнцты қоса рейіндік Гессенді талап етті. Бірақ мұны енді Бисмарк өзі қалаған күнде де бере алмайтын еді. Орасан зор соғыс табыстары оған жаңа міндеттер жүктеді. Пруссия Германияны қорғау және күзету міндетін өз мойнына алған кезден бастап ол енді Орта Рейннің кілті — Майнцты шетелдіктерге сата алмайтын. Бисмарк бас тартып жауап берді. Луи-Наполеон саудаласуға әзір болатын; ол тек Люксембургті, Ландауды, Саарлуиды және Саарбрюккен көмірлі ауданын талап етті. Бірақ Бисмарк енді мұны да бере алмайтын, оның үстіне бұл жолы Пруссия территориясынан дәмеленушілік те болды. Луи-Наполеон сәтті кезеңде, пруссактар Богемияға байланған кезеңде, неге өзі жаулап алмады? Қайткен күнде де Франция пайдасы үшін есе алудан түк те шыққан жоқ. Мұның өзі болашақта Франциямен соғыс деген сөз екенін Бисмарк білді, бірақ оның қалағаны да дәл осы еді.

Бітім жасалған кезде Пруссия бұл жолы тиімді жағдайды бұрынғыдай, әдетте сәтті кезде өзі жасайтындай, дөрекі пайдаланған жоқ. Бұл үшін негіз жеткілікті еді. Саксония мен Гессен-Дармштадт жаңа Солтүстік герман одағына тартылған болатын, сондықтан да оларға кеңшілік жасалды. Баварияға, Вюртембергке және Баденге кешіріммен қарау керек еді, өйткені Бисмарк олармен құпия қорғаныс және шабуыл одағын жасағысы келген болатын. Ал Австрия — Бисмарк оны Германиямен және Италиямен байланыстырып тұрған дәстүрлі бұгауды семсермен быт-шыт ету арқылы оған қызмет еткен жоқ па? Оған бірінші рет, ақырында, осыншалық көп күткен ұлы державаның тәуелсіз жағдайын туғызған сол емес пе? Богемияда Австрияны жеңгенде оған не пайдалы екенін ол іс жүзінде Австрияның өзінен артық түсінген жоқ па? Австрия, дұрыс ойласа, екі елдің географиялық жағдайы және территориясының жақындығы Пруссия біріктірген Германияны мұның қажетті әрі табиғи одақтасына айналдыратынына көзі жетуге тиіс емес пе еді?

Пруссия осылай өзі өмір сүрген кез бойына тұңғыш рет өзін қайрымдылық нұрына бөлей алды,— өйткені етке бола шұжықтан бас тартты.

Богемиядағы шайқас алаптарында Австрия ғана емес, неміс буржуазиясы да талқандалған болатын. Бисмарк оған не пайдалырақ екенін оның өзінен артық білетінін дәлелдеді. Палата тарапынан дау-жанжал жалғасады деп ойлаудың да қажеті жоқ еді. Буржуазияның либералдық дәмелері ұзақ уақытқа көмілді, есесіне оның ұлттық талаптары күннен-күнге көбірек орындала бастады. Оның өзін таң қалдыратын тездік және дәлдікпен Бисмарк оның ұлттық программасын жүзеге асырып жатты. Және оған in corpore vili — оның жиіркендірерлік денесінен — болбырлығын, күш-жігері жоқтығын және сонымен бірге оның өз программасын жүзеге асыруға толық қабілетсіздігін айқын көрсетіп беріп, ол буржуазия жөнінде де қайырымдылық көрсеткен болды да, енді іс жүзінде қарусызданған палатаға жанжал кезінде конституцияға қарсы билік құрғаны үшін жауапкершілікті алып-тастау туралы заң жобасын ала келіп кірді. Қөңілі әбден босаған палата енді қауіпсіз бұл прогресті мақұлдады[237].

Соған қарамастан буржуазияға Кёниггрец[238] түбінде оның да жеңілгені ескертілді. Солтүстік герман одағының конституциясы Пруссия конституциясының өлшемі[239] бойынша, оның конституциялық дау-жанжал кезінде ие болған шын мағынасы бойынша пішілді. Салыққа дауыс беруден бас тартуға тыйым салынды. Одақтық канцлер мен оның министрлерін қандай да бір парламенттік көпшілікке қарамастан Пруссия королі тағайындады. Армияның парламенттен жанжал арқасында бекіген тәуелсіздігі рейхстаг жөнінде де сақталды. Оның есесіне бұл рейхстаг мүшелері жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайландық деп мақтана ойлайтын. Бұл жөнінде оларға, бұлардың ортасында отырған екі социалистің* түрі, рас жағымсыз түрде болса да, ескертетін. Парламент құрамында тұңғыш рет социалистік депутаттар, пролетариат өкілдері, пайда болды. Мұның өзі қаһарлы нышан еді.

Алғашқы кездерде мұның бәрінің мәні жоқ-ты. Ендігі міндет жаңадан қол жеткен мемлекеттік бірлікті — мейлі тек Солтүстік Германияның ғана болсын — буржуазия мүддесі үшін нығайту және пайдалану және осы арқылы жаңа одаққа оңтүстік герман буржуаларын да тарту еді. Одақтық конституция заңның экономикалық жағынан аса маңызды салаларын жеке мемлекеттер қарауынан алып, оларды Одақ қарауына берді, атап айтқанда: Одақтың бүкіл территориясында бірыңғай азаматтық және осы территорияда жүріп-тұру бостандығы, қоныстану правосы, өнеркәсіп, сауда, баж алымы, кеме жүруі, ақша жасау, өлшем

* — А. Бебель мен В. Либкнехттің. *Ред.*

мен салмақ, темір жол, су қатынас жолы, почта мен телеграф, патент, банктер, бүкіл сыртқы саясат, консулдықтар, шетелде сауда қорғау, санитарлық полиция, қылмысты істер жөніндегі право, сот ісін жүргізу және т. б. енгізілді. Бұл мәселелердің көпшілігі заң жолымен енді тез және жалпы либералдық рухта реттелді. Бір жағынан бәрінен де гөрі капиталистік дамуға, екінші жағынан Пруссияның өктемдік құмар ниеттеріне кедергі болған майда мемлекеттер жүйесінің ең сиықсыз көріністері, ақырында,— әйтеуір ақырында! — осылай жойылды. Бірақ мұның өзі тіпті де бүкіл дүние жүзілік-тарихи жетістік емес еді,— енді шовинист бола бастаған буржуа бұл туралы дәл осылай жар салған-ды,— қайта француз революциясы бұдан жетпіс жыл бұрын жасаған және басқа мәдениетті мемлекеттердің бәрі әлдеқашан жүзеге асырған іске тіпті, тіпті кеш жасалған және жетілмеген еліктеу ғана болатын. Мақтану орнына «жоғары білімдар» Германияның бұған бәрінен кейін жеткеніне арлану қажет еді.

Солтүстік герман одағы өмір сүрген осы кезеңнің өн бойында Бисмарк экономика саласында буржуазияның тілегін ықыласпен орындап отырды, тіпті парламент есесі туралы мәселе талқыланған кезде темір жұдырығын тек барқыт қолғаппен көрсетті. Бұл оның ең дәуірлеп тұрған кезі еді; тіпті кейде оның өзіне тән пруссиялық тар өрістілігіне, дүние жүзілік тарихта армиялардан және оған сүйенетін дипломатиялық айла-сұмдықтан басқа да, анағұрлым қуаттырақ күштер бар екендігін түсінуге қабілетсіздігіне күмәнданудың да болар еді.

Австриямен бітім Франциямен соғысқа соқтыруы мүмкін екенін Бисмарк тек біліп қана қойған жоқ,— оның қалағаны да сол еді. Нақ осы соғыс өзінен герман буржуазиясы талап етіп отырған Пруссия-Германия империясын құруды аяқтау үшін қаржы беруі тиіс еді*. Таможнялық парламентті[241] бірте-бірте рейхстаг етіп өзгерту және осы жолмен оңтүстік мемлекеттерді Солтүстік одаққа шым-шымдап тарту әрекеттері, оңтүстік герман депутаттарының: компетенция ешбір ұлғайтылмасын! деген айқайына душар болып, сәтсіздікке ұшырады. Шайқас алаңында жаңа ғана жеңіліске ұшыраған үкіметтердің көңіл-күйі оншалық емес еді. Тек Пруссия олардан анағұрлым күшті ғана емес, оларды

* Австриямен соғысқа дейін-ақ бір орта неміс мемлекеті министрінің Бисмарктің демагогтық неміс саясаты жөніндегі сұрағына Бисмарк, сөз атаулының бәріне карамастан, Австрияны Германиядан лақтырып тастап, Герман одағын тас-талқан етемін деп жауап берген.— «Сонда, сіз, орта герман мемлекеттері бұған бей-жай қарап отыра береді деп ойлайсыз ба?» — «Сендер, орта герман мемлекеттері, ештеңе де істемейсіндер» — «Ал одан кейін неміс-тердің жайы не болмақ?» — «Онда мен оларды Парижге бастап барып, сол жерде біріктіремін». (Австриямен соғыс қарсаңында Парижде әлгі министр айтқан және сол соғыс кезінде «Manchester Guardian»[240] газетінде оның Париждегі тілшісі Крофорд ханым жариялаған).

қорғауға да жеткілікті күшті екенінің жаңа, айқын дәлелі ғана,— демек, тек жалпы германдық жаңа соғыс қана оларды тез мойынсұнуға итермелер еді. Мұның үстіне Майн бойымен өтетін шекаралық шекті[242], Бисмарк пен Луи-Наполеон алдын-ала құпия келісіп алған осы шекті, жеңістен кейін Пруссияға Луи-Наполеон таңғандай болып көрінді; сондықтан Оңтүстік Германиямен бірігу бұл жолы французздардың правосы деп формальды түрде танылған Германияны бөлшектеу правосын бұзу, соғыс үшін сылтау болған еді.

Бұл екі арада Луи-Наполеон герман шекарасының маңынан Садова үшін есе ретінде өзі ала алатын аз-мұз жер іздеуге тиіс болды. Солтүстік Герман одағы құрылған кезде Люксембург оған енгізілмеген болатын, сондықтан ол Голландиямен жекелей одақтасқан, жалпы алғанда тәуелсіз-ақ мемлекет еді. Мұның үстіне Люксембург дәл Эльзас секілді французданды рылған болатын да, Пруссиядан гөрі Францияға әлдеқайда іш тартатын, ал Пруссияны ашықтан-ашық жек көретін.

Люксембург — орта ғасырлардың соңынан бері Германияның саяси бейшаралығының салдарынан неміс-француз шекаралық жерлерінің жайы қалай болғанының ғажап мысалы, ғажаптығы сол, 1866 жылға дейін Люксембург, солай деген аты ғана болса да, Германияға қарайтын. 1830 жылға дейін ол жартылай французбікі, жартылай немістікті болғанымен де, неміс бөлігі неғұрлым жоғары француз мәдениетінің ықпалына ертеден-ақ бағынды. Люксембург династиясының герман императорлары тілі мен білімі жағынан француз болатын. Люксембургтің Бургундия жерлеріне қосылуынан бері (1440 ж.) ол, басқа Нидерландылар сықылды, Германиямен байланысты деген аты ғана еді; бұл тұрғыдан алғанда оны 1815 жылы Герман одағына қабылдау да ештеңе өзгерткен жоқ. 1830 жылдан кейін оның француз жартысы және неміс жартысының едәуір бөлігі Бельгияға қарайтын болды. Бірақ Люксембургтің қалған неміс бөлігінде де барлығы француз салтында сақталып қалды: соттарда, үкімет мекемелерінде, палатада барлық іс француз тілінде жүргізілетін; бүкіл ресми және жекеше документтер, бүкіл сауда кітаптары французша жүргізілді; барлық орта мектептерде де сабақ французша жүргізілді; білімді адамдардың тілі француз тілі болды және болып қалды—әрине, ол жоғарғы неміс тілінің дауыссыз дыбыстарды ауыстырып сөйлейтін мәнерінен қысым көрген француз тілі еді. Бір сөзбен айтқанда Люксембургте екі тілде сөйлейтін — рейн-франк халық диалектінде және француз тілінде сөйлейтін, ал жоғарғы неміс тілі жат тіл болып қала берді. Астанада Пруссия гарнизонының болуы жағдайды жақсартқаннан гөрі нашарлата түсті. Мұның бәрі Германия үшін әжептәуір масқара, бірақ фактілер солай. Люксембургтің бұл ерікті французд ануы

Эльзас пен неміс Лотарингиясындағы дәл осындай құбылысты айқын түсіндіреді.

Қолма-қол ақша тым қажет болған Голландия королі*, Люксембургтің суверенді герцогы герцогтықты Луи-Наполеонға сатуға дайын екенін білдірді. Люксембургтіктер Францияға қосылуды сөзсіз мақұлдар еді: мұны 1870 жылғы соғыс кезіндегі олардың позициясы дәлелдеп берді. Пруссия халықаралық право тұрғысынан ешқандай дау айта алмайтын, өйткені Люксембургті Германиядан шығаруға өзі үлес қосқан. Оның әскерлері Люксембург астанасында Герман одағы қамалындағы одақтық гарнизон ретінде тұрды; Люксембург одақ мүшесі болудан қалған сәттен бастап, олар бұған деген правоның бәрінен айрылды. Олар неліктен кетпеді, Бисмарк неліктен бұл аннексияға жол бере алмады?

Оның бар себебі өзі шатасқан қайшылықтардың енді сыртқа анық аңғарылғандығы еді. 1866 жылға *дейін* Пруссия үшін Германия аннексияға арналған территория ғана болатын, оны шетелдермен бөлісуге тура келетін. 1866 жылдан *кейін* Германия Пруссия үшін *күзетілетін территорияға* айналды, оны шетелдік қол сұғудан қорғау қажет болды. Рас, Пруссия мүддесі үшін жаңадан құрылған Германия дейтінге бүтіндей герман облыстары кіргізілмей қалды. Алайда неміс ұлтының бүкіл өз территориясына деген правосы енді Пруссия тәжіне бұрынғы одақтық территорияның бұл бөліктерін шет мемлекеттер құрамына қосуға жол бермеу және болашақта олардың жаңа прусс-герман мемлекетіне қосылуы үшін есікті ашық қалдыру міндетін жүктеді. Сондықтан да Италия Тироль шекарасында тоқтатылды[243], сондықтан да Люксембург енді Луи-Наполеонның қолына көшпеуге тиіс еді. Нағыз революцияшыл үкімет бұл туралы ашық мәлімдей алар еді, бірақ ақырында Германияны меттернихтық, «географиялық ұғымға»[244] айналдыруға шамасы енді ғана келген корольдік-пруссиялық революционер оны істей алмайтын. Халықаралық право тұрғысынан алғанда ол өзін-өзі бұзушы орнына қойды және бұл қиыншылықтан халықаралық правоны өзінің сүйікті корпоранттық-кабактық пайымдауын қолдану арқылы ғана шыға алатын еді.

Егер бұл кезде оны күлкі етпеген болса, мұның өзі 1867 жылдың көктемінде Луи-Наполеонның үлкен соғысқа әлі мүлде әзір еместігінен ғана еді. Лондон конференциясында келісім жасалды. Пруссактар Люксембургтен кетті; қамал бұзылып, герцогтық бейтарап болып жарияланды[245]. Соғыс тағы да кейінге қалдырылды.

Луи-Наполеон мұнымен тыныштана алмайтын еді. Ол Рейн бойынан тиісті есе алған жағдайда ғана Пруссия қуатының кү-

* — III Вильгельм. *Ред.*

шеюіне келісетін. Ол кішкентай мәзірге де қанағаттанып, тіпті сонан да бірдеңелер бөліп беруге дайын еді, бірақ ол ештеңе де алмай, жағалай алданды. Алайда Франциядa бонапарттық империяның өмір сүруі француз шекарасы Рейнге қарай біртебірте жылжыған жағдайда ғана және Франция Европа қазысы — шын мәнінде немесе тіпті қиялда — болып қала берген жағдайда ғана мүмкін еді. Шекараны жылжытудың сәті түспеді, қазылық күйіне қауіп төніп тұрды, бонапарттық баспасөз Садова үшін есе алу туралы байбалам салып жатты; тағын сақтап қалу үшін Луи-Наполеон өз роліне адал болып қалуға тиіс еді, сөйтіп көрсеткен қаншама қызметіне қарамастан жақсылықпен ала-алмағанын күшпен алуға тиіс болатын.

Сонымен, екі жақтан да соғысқа дипломатиялық және әскери қызу әзірлік басталды. Дәл осы кезде мынадай дипломатиялық оқиға болды.

Испания таққа кандидат іздеп жатты. Мартта* Берлиндегі француз елшісі Бенедетти сыбыс арқылы бұл таққа принц Леопольд Гогенцоллерннің үміткер екенін біліп, Парижден осыны тексеру туралы тапсырма алады. Статс-секретарьдың көмекшісі фон Тиле Пруссия үкіметіне бұл туралы дәнеңе де белгісіз деп ант ішіп сендіреді. Парижге келген кезде Бенедетти императордың: «бұл кандидатураның ұлтқа қарсы екені анық, ел оған келіспейді, оған жол беруге болмайды» деген пікірін біледі.

Луи-Наполеон мұнысымен, сөз арасында айта кетейік, өз жағдайы енді қатты шайқалғанын дәлелдеді. Іс жүзінде Испаниядағы король тағында прусс принцінің отыруы, осының салдарынан сөзсіз туындайтын жағымсыз жағдайлар, испан партияларының ішкі өзара қарым-қатынасына Пруссияны кіріктіру және тіпті, мүмкін, соғыс, ергежейлі прусс флотының жеңілуі және тіпті болмағанда Пруссияның Европа алдында әбден күлкі болған жағдайы, міне мұнан артық «Садова үшін кек» болар ма еді? Бірақ Луи Бонапарт мұндай спектакльге енді жол бере алмайтын. Оның кредитінің әлсірегені сонша, ол испан тағында неміс монархының отыруы Францияны екі оттың ортасында қалдырады, демек оған төзуге болмайды деген дәстүрлі көзқараспен санасуға мәжбүр болды,— бұл көзқарас 1830 жылдан кейін баланың көзқарасының аңқаулығындай болды,

Сонымен, Бенедетти мұнан әрі түсінік алу үшін және Францияның позициясын баяндап беру үшін Бисмаркқа келді (1869 жылғы 11 май). Ол Бисмарктан тиянақты ештеңе ести алмады. Есесіне Бисмарк онан білгісі келгенін біліп алды,— Леопольд кандидатурасын ұсыну бірден Франциямен соғысу деген сөз болар еді. Бисмарк, сонымен, өзіне қажет сәтте соғыс бастау мүмкіндігіне ие болды.

---

* — 1869 жылғы. *Ред.*

Шынында да 1870 ж. июльде Леопольд кандидатурасы тағы да бетке шықты да, Луи-Наполеон бұған қанша қарсы болғанымен, дереу соғысқа соқтырды. Ол тұзаққа түскенін ғана байқап қойған жоқ. Ол сондай-ақ әңгіме оның императорлық билігі туралы болып отырғанын да білді және барлығы да, гетрдің соңғы түймелеріне дейін дайын деп сендірген өзінің бонапартистік күкіртті бандасының[246] адалдығына сенімі аз болды, оның әскери және әкімшілік қабілетіне онан да кем сенді. Бірақ оның өзінің өткен өмірінің логикалық салдары оны ажалға итермеледі; оның толқуларының өзі оның құлауын тездетті.

Керісінше, Бисмарк әскери жағынан әбден дайын болып қана қойған жоқ, бұл жолы оның соңынан шын мәнінде халық ерді, ол бүкіл екі жақты дипломатиялық өтіріктің сыртынан бір ғана нәрсені: әңгіме тек Рейн үшін соғыс туралы ғана емес, ұлттық өмір сүру туралы да болып отырғанын көрді. Резервтегілер мен ландвер солдаттары жауынгерлік леппен және әзірлікпен тағы да ту астына — 1813 жылдан кейін бірінші рет — ағыла бастады. Мұның бәрі қалай болғаны маңызды емес еді, Бисмарктың Луи-Наполеонға екі мың жыл бұрынғы ұлттық мұраның өз бетінше қай бөлігін беруге уәде еткендігі не уәде етпегендігі маңызды емес еді,— мәселе шетелге ішкі неміс істеріне қол сұғуын тоқтату керектігін және Луи-Наполеонның шайқалған тағын неміс территориясын беріп қолдау Германияның міндеті еместігін біржолата және түпкілікті ұғындыру туралы болған еді. Ал бұл ұлттық өрлеу алдында барлық таптық айырмашылықтар жойылып кетті, оңтүстік герман сарайларының Рейн одағы туралы барлық ниеттері, қуылған монархтардың барлығын қайта қалпына келтірмек болған армандары жойылды.

Екі жақ та өзіне одақтастар іздеп жатты. Луи-Наполеон Австрия мен Данияға және — біраз дәрежеде — Италияға сенімді еді. Бисмарк жағында Россия болды. Бірақ Австрия, әдеттегідей, дайын емес еді және 2 сентябрьге дейін белсеніп кірісе алмады,— ал 2 сентябрьде Луи-Наполеон герман соғыс тұтқыны еді; мұның үстіне Россия Австрия Пруссияға шабуыл жасасымен өзінің Австрияға шабуыл жасайтынын білдірді. Италияда Луи-Наполеон өзінің екі жүзді саясаты үшін таяқ жеп жатты: ол ұлттық бірігу қозғалысын көтергісі келді, бірақ сонымен бірге папаны осы ұлттық бірліктен қорғап қалуға тырысты; ол енді өзіне үйінде керек әскерлермен Римді алып жатты, бірақ әуелі Италияны Рим мен папаның суверенді праволарын сақтауға міндеттемей тұрып, оларды алып кете алмайтын, ал бұл өз тарапынан Италияның оған көмекке келуіне кедергі болды. Ең соңында Дания Россиядан тырп етпсу туралы бұйрық алды.

Алайда соғысты ықшамдауға барлық дипломатиялық келіссөздерден гөрі герман қаруының Шпихерн мен Вёрттен бастап Седанға дейінгі[247] қауырт соққылары шешуші әсер етті. Луи-

Наполеон армиясы әрбір шайқаста жеңіліске ұшырап, ақырында төрттен үші герман тұтқынына түсті. Бұған жеткілікті түрде ержүректікпен шайқасқан солдаттар емес, жетекшілер мен басқару кінәлы еді. Бірақ Луи-Наполеон секілді өз империясын алаяқтар шайкасының көмегімен құрған адам, он сегіз жыл бойы осы шайкаға Францияны қанатқызып қою арқылы ғана осы империя билігін өз қолында ұстап тұрған адам, мемлекеттегі ең маңызды мансаптарға осы шайканың адамдарын, ал барлық екінші дәрежелі орындарға солардың көмекшілерін қойған адам, егер тығырыққа тірелген жағдайда қалғысы келмесе өліспей беріспейтін күресті бастамауға тиіс. Талай жылдар бойы Европа филистерін таңдандырып келген империя сарайы бес айтаға жетпейтін уақыт ішінде қаусап түсті. 4 сентябрь революциясы[63] тек қоқысты жиыстырды, ал соғысты кіші герман империясын құру ниетімен бастаған Бисмарк күндердің күнінде Француз республикасын орнатушы роліне ие болып шыға келді.

Бисмарктың өз прокламациясына сәйкес соғыс француз халқына қарсы емес, Луи-Наполеонға қарсы жүргізілген еді. Соңғының құлауына орай, демек, соғысқа бастайтын барлық сылтау да жойылды. 4 сентябрь үкіметі де дәл солай ойлады,— басқа мәселелерде ол үкімет мұншалық аңғал емес-ті — және Бисмарк кенет прусс юнкері болып шыға келгенде өте таң қалды.

Әлемде французбарды прусс юнкерлерінен артық жек көретін ешкім жоқ. Мәселе бұрын салық төлемейтін юнкердің 1806—1813 жылдары французбар салған және оның өзінің өркөкіректігі нәтижесінде жасалған ойранда қатты зардап шегуге тура келгендігінен ғана емес еді; ең жаманы мынау еді: құдайсыз французбар өзінің күнәһәр революциясымен жұрттың ақыл-ойын толқытқаны сонша, бұрынғы юнкер ұлылығынан тіпті ескі Пруссияның өзінде көбінде ештеңе қалған жоқ, ал бұл ұлылықтың ең соңғы жұрнақтары үшін юнкерлер жылма-жыл табанды күрес жүргізуге мәжбүр болды және олардың көпшілігі бейшара жатып ішер дворяндар деңгейіне дейін құлдырады. Бұл үшін Франциядан кек алу керек еді және армиядағы юнкер-офицерлер Бисмарктың басшылығымен мұны істеуге тырысып бақты. Пруссиядан алынған француз соғыс контрибуцияларының тізімі жасалып, ол тізім бойынша Францияның жеке қалалары мен департаменттерінен алынуға тиіс соғыс контрибуциясының мөлшері белгіленді,— әрине, мұнда Францияның әлдеқайда бай екені ескерілді. Азық-түлік, жем, киім, аяқ киім және т. б. көрінеу көзге мейірімсіздікпен тартып алынды. Арденнидағы төлемді орындай алмаймын деп мәлімдеген бір мэр сөзге келместен жиырма бес таяқ дүре алды; Париж үкіметі мұның ресми дәлелін жариялады. 1813 ж. пруссиялық «Ландштурм туралы ережені»[248] арнайы оқып үйренгендей-ақ, дәл соған сәйкес әрекет еткен франтирерлер[249] ұсталған жерде аяусыз атылып отырды. Елге

жөнелтілген қабырға сағаттар туралы әңгімелер де шындық: бұл туралы «Kölnische Zeitung»[47] өзі хабарлаған. Тек, пруссактардың ұғымынша, бұл сағаттар ұрланған емес, Париж түбіндегі қаңырап қалған виллалардан табылған және елдегі туысқандары мен жақындарының пайдасына аннекцияланған иесіз мүлік болып есептелді. Сөйтіп Бисмарктың басшылығымен юнкерлер солдаттардың да, офицерлердің денінің де мінсіз құлығына қарамастан, соғыстың айрықша пруссиялық сипатын сақтап қалуға және мұны французларға күшпен ұғындыруға тырысып бақты; мұның есесіне французлар юнкерлердің ұсақ арамдығы үшін жауапкершілікті бүкіл армияға артты.

Сонда да болса француз халқына осыған дейін тарих көріпбілмеген құрмет көрсету дәл осы юнкерлер үлесіне тиді. Жаудың Парижді қоршауын тоқтатуға мәжбүр ету үшін барлық әрекет сәтсіз аяқталған кезде, барлық француз армиялары шегіндіріліп, немістердің қатынас жолы шебіне Бурбакидің соңғы үлкен шабуылы да табыссыз аяқталған кезде; бүкіл Европа дипломатиясы қол қусырып, Францияны өз тағдырының билігіне берген кезде, міне сонда барып ашаршылықтан бұралған Париж ақырында тізе бүгуге мәжбүр болды. Құдайсыздардың осынау ұясына салтанатпен еніп, париждік бүлікшілерден әбден кек алу мүмкіндігі енді туғанда юнкерлердің жүрегі қалай дүрсілдеп соқты десеңізші, бұны олардың 1814 жылы істеуіне орыс императоры Александр, 1815 жылы — Веллингтон рұқсат бермеген болатын; енді олар революцияның ошағы мен отанына еркінше ойран салып қуана алатын болды.

Париж тізе бүкті, 200 миллион контрибуция төледі; форттар пруссактарға берілді; гарнизон өз қаруын жеңімпаздар аяғының астына тастап, өзінің далалық зеңбіректерін берді; Париж қамалы дуалының зеңбіректері лафеттерінен алынды; мемлекетке қарайтын қарсылық құралдарының бәрі бірінен соң бірі берілді. Бірақ Париждің шын қорғаушылары — ұлттық гвардия, қаруланған Париж халқы — сол күйінше қалды; олардан қару беруді — олардың мылтықтарын да, зеңбіректерін де*— талап етуге ешкім бата алмады. Және жеңімпаз неміс армиясы Париждің қаруланған халқы алдында құрметпен тоқтағанын бүкіл дүние жүзіне жария ету үшін жеңгендер Парижге енген жоқ, үш күнге Елисей алаңын — қоғамдық паркті! — алуға берілген рұқсатпен қанағаттанды, мұнда олар париждіктердің жан-жақтан түгел қоршаған күзет постыларының қарауы мен бақылауында болды! Бірде-бір неміс солдаты Париж ратушасына енген жоқ, бірде-бірі бульварларда сейіл құрған жоқ, ал Лувр өнер қазынасын

* Мемлекеттің емес, ұлттық гвардияның қарауында болған, сондықтан пруссактарға тапсырылмаған осы зеңбіректерді 1871 жылы 18 мартта Тьер париждіктерден *ұрлап алуды* бұйырды, мұның өзі көтеріліске себеп болып, бұл көтерілістен Коммуна туды.

көруге жіберілген бірнеше адам тізе бүгу шартын бұзбас үшін бұған рұқсат сұрауға тиіс болды. Франция талқандалды, Париж аштықтан бұралды, бірақ Париж халқы өзінің даңқты өткенімен құрметке ие болғаны *соншалық,* жеңгендердің бірде-бірі оның қарусыздануын тіпті талап етуге де бата алмады, бірде-бірі оның үйлеріне тінту жүргізуге және соншама революцияның аренасы болған осынау көшелерді салтанатты шерумен арамдауға батпады. Нақ бір таққа жаңа отырған герман императоры*, бір кезде өз ағасы** Берлиндегі март жауынгерлерінің мүрделері алдында бас игеніндей[250], Париждің тірі революционерлерінің алдында бас иіп тұрғандай еді және нақ бір бүкіл герман армиясы императордың артында тұрып, оларға құрмет көрсеткендей еді.

Бірақ мұның өзі сонымен бірге Бисмарк жасауға тиіс болған бірден-бір құрбандық еді. Францияда өзімен бітім жасаса алатын үкімет жоқ деген сылтаумен,— бұл 4 сентябрьде де, 28 январьда да қаншалық теріс болса, соншалық дұрыс та еді,— ол өз табыстарын таза прусша, ең соңғы тамшысына дейін пайдаланып, бітім жасасуға тек Франция біржола жеңілгенен кейін ғана келісті. Бітім жасасу кезінде ол тағы да кәдуілгі ескі прусс мәнерінше «қолайлы жағдайды еш толқусыз пайдаланды». 5 миллиард сома мөлшерінде естіп-білмеген репарация алынып қана қойған жоқ, мұның үстіне екі провинция, Эльзас және Мец пен Страсбург кіретін неміс Лотарингиясы Франциядан жырып алынып, Германия құрамына кіргізілді. Бұл аннексия арқылы Бисмарк тұңғыш рет өзіне сырттан бұйырылған программаны тек өз әдістерімен орындап қана қоймай, өзінің ми қызметі жемісін де жүзеге асыратын тәуелсіз саясатшы ретінде көрінді; дәл осы жерде ол ең бірінші орасан қате жіберді***.

Франция Эльзасты негізінен отыз жылдық соғыс кезінде-ақ жаулап алған болатын. Ришелье дәл осынысымен IV Генрихтің мына бір сенімді принципінен айнығаны еді:

> «Испанша сөйлейтін жерлер,— испандықтарға, немісше сөйлейтін — немістерге тиесілі болсын, бірақ французша сөйлейтін жерлер маған тиесілі».

Ришелье мұнда ежелгі Галлияның тарихи шекарасы Рейн бойымен өтетін табиғи шекара принципіне сүйенген еді. Бұл ақымақтық болатын; бірақ құрамына Лотарингия мен Бельгияның французша сөйлейтін облыстары және тіпті Франш-Конте кіретін Герман империясының немісше сөйлейтін жерлерді басып

---

* — I Вильгельм. *Ред.*

** — IV Фридрих-Вильгельм. *Ред.*

*** Осы жерден «Бисмарк мақсатына жетуге таяу еді» (осы томның 456 бетін қараңыз) деген сөздерге дейінгі текст қолжазбаның тиісті беттері жоқ болғандықтан мына журналдың тексті бойынша беріліп отыр: «Neue Zeit», Bd. 1, № 25, 1895—1896, S. 772—776. *Ред.*

алғаны үшін Францияны кінәлауға қақысы жоқ болатын. Ал егер 1681 жылы XIV Людовик бейбіт уақытта қаланың франкофил партиясының көмегімен Стасбург қаласын басып алса[251], бұған Пруссияның ызаланатын орны жоқ еді, өйткені Пруссия 1796 жылы ерікті империялық қала Нюрнбергке, сәтсіз болса да, дәл осындай зорлық жасаған болатын, қалай болғанда да ол жерге мұны ешқандай пруссиялық партия шақырған жоқ еді*.

Лотарингияны 1735 ж. Вена бітім трактаты бойынша Австрия Францияға сатқан болатын, ал 1766 ж. француздар иелігіне біржола көшті. Ғасырлар бойы ол герман империясына сөз жүзінде ғана кіріп келді, оның герцогтары қай жағынан болмасын француздар еді және әрқашан дерлік Франциямен одақ болып келді.

Француз революциясына таяу кезге дейін Вогезыда өзін Германия жөнінде императорға тікелей бағынышты империялық шен ретінде ұстаған, ал Франция жөнінде оның өзіне суверенитетін мойындайтын көптеген ұсақ сеньорлар болды; олар осы екі жақты жағдайдан пайда табатын және егер герман империясы иеліктері бар князьдарды жауапқа тарту орнына бұған төзіп отырған соң, Франция суверенді праволары болғандықтан бұл территориялардың тұрғындарын қуылған князьдарға қарсы қамқорлығына алғанына оның шағым айтар реті жоқ еді.

Жалпы алғанда бұл неміс территориясы революцияға дейін мүлдем дерлік француздандырылмаған болатын. Неміс тілі онда, тіпті жоқ дегенде Эльзаста, мектеп және ресми мекемелер тілі болып қала берді. Француз үкіметі, ұзақ жылдар бойғы қаңыра-

---

* XIV Людовикті ең бейбіт кезде «қосып алғыш палаталарын»[252] өзіне тиесілі емес неміс облыстарына жауып жіберді деп кінәлайды. Ал пруссактар туралы олардың ең қаскүнем көре алмаушылары да бұл тақілеттес ештеңе айта алмас демек болады. Керісінше. 1795 ж. Франциямен сеператтық бітім жасап,— бұл империя конституциясын көріне көзге бұзу еді — және демаркациялық шептің арғы жағындағы өзі секілді сөзінде тұрмайтын ұсақ көршілерін бірінші Солтүстік герман одағына біріктірді де, олар Австриямен одақтасып, соғысты жалғыз жалғастыруға мәжбүр болған Оңтүстік герман империялық шендерінің киыншылық жағдайын Франкониядағы басқыншылық әрекеттеріне пайдаланды. Олар Ансбах пен Байрейтте (ол кезде бұлар Пруссияға қарайтын) Людовик үлгісі бойынша «қосып алушы палаталар» құрды, бұлардың бірнеше көрші территориялардан дәмегөй екенін білдіргендегі сылтауларының қасында Людовиктің юридикалық аргументтері айқындық пен сенімділік шыңы еді. Мұнан кейін немістер талқандалған, ал француздар Франконияға енген кезде, құтқарушы-пруссактар Нюрнберг маңындағы, тура қала қабырғасына дейінгі маңды қоса, бүкіл территорияны алды да, қорқыныштан дірілдеген Нюрнберг мещандарын шартқа қол қоюға (1796 жылғы 2 сентябрь) қулықпен көндірді, ол шарт бойынша қала ішіне ешқашан еврейлер кіргізілмейтін жағдайда ғана, қала Пруссия билігіне бағынатын болды. Бірақ осының артынша эрцгерцог Карл тағы да шабуылға шығып, 1796 жылғы 3 және 4 сентябрьде Вюрцбург түбінде француздарды талқандады, осымен бірге, артында ешқандай із қалмастан, Пруссияның өзінің герман миссиясы туралы пікірді нюрнбергтіктерге күшпен ұғындыру жайлы бұл әрекеті де жүзеге аспады.

тып кетіп отырған соғыстардан кейін енді, XVIII ғасырдың басынан бері өз жерінде жау көрмеген неміс провинцияларына қамқорлық жасады. Таусылмайтын ішкі соғыстар ыдыратқан герман империясы эльзастықтардың бойында шынында да ана құшағына қайта оралу тілегін туғыза алмайтын; бұларда, ең болмағанда, бейбітшілік пен тыныштық орнады, істің жағдайы белгілі еді, ал басқарып жүрген филистерлер мұны болжап болмас құдай ісі деп білді. Мұның үстіне, осындай тағдырға ұшыраған жалғыз олар ғана емес-ті: Гольштейн тұрғындары да жат жұрттық Дания иелігінде болды ғой.

Бірақ француз революциясы бұрқ ете қалды. Эльзас пен Лотарингияның Германиядан аламыз деп үміт те етпегенін оларға Франция сыйлады. Феодалдық бұғаудың быт-шыты шықты. Крепостной, барщина тәуелділігі бар шаруа еркін адам болды, көп жағдайда өз усадьбасы мен жерін еркін меншіктенушіге айналды. Патрициат үстемдігі мен қалалардағы цехтық артықшылықтар құрыды. Дворяндар қуып жіберілді, ал ұсақ князьдер мен барондардың иеліктерінде шаруалар көршілерінің үлгісіне еліктеп, жер иесі бишікештерді, үкіметтік палаталарды және дворяндарды қуып шығып, өздерін еркін француз азаматтары деп жариялады. Францияның ешбір жерінде халық революцияға немісше сөйлейтін халқы бар провинциялардағыдан артық ынтамен қосылған жоқ. Ал Герман империясы революцияға соғыс жариялаған кезде, немістер өз бұғауын бағыныштылықпен сүйретіп қана қоймай, француздарға бұрынғы құлдықты, ал Эльзас шаруаларына енді ғана қуылған феодал мырзаларды қайта таңу ісіне пайдалануға да өздерін беретіні белгілі болған кезде, эльзастықтар мен лотарингиялықтардың неміс ұлтына қатыстылығы жойылды, олар немістерді жек көру мен менсінбеуді үйренді, Страсбургте «Марсельеза» жазылып, оған ән шығарылды да, оны эльзастықтар бірінші рет шырқады және дәл сол кезде неміс француздары тіліне де, тарихына да қарамай, революция үшін күрестің жүздеген шайқас алаңдарында байырғы француздармен бір халық болып бірігіп кетті.

Ұлы революция Дюнкерк фламандтарымен, Бретань кельттерімен, Корсика итальяндарымен нақ осындай керемет жасаған жоқ па? Немістер жайлы да дәл осылай болғанына шағынған кезде, біз осыны мүмкін еткен бүкіл тариҳымызды ұмытып кетіп жүргеніміз жоқ па? Рейннің бүкіл сол жағалауы, ол революцияға селқос қана қатысқанымен, 1814 жылы ол жерге немістер таңы басып кіргенде француздарға тілектес болып, революция Рейн облыстары тұрғындарының алдында немістерді ақтаған 1848 жылға шейін сол күйінде қалғанын ұмытып-ақ қалғанымыз ба? Гейненің француздарға сүйсінуі, тіпті оның бонапартизмі тек Рейннің сол жағалауындағы халық бұқарасының жалпы көңіл-күйінің нышаны ғана болғанын ұмытып қалғанымыз ба?

1814 жылы ілгерілеген кезінде одақтастар нақ Эльзас пен неміс Лотарингиясында халықтың өз тарапынан барынша қатты дұшпандыққа, барынша қатты қарсылыққа ұшырады, өйткені мұндағылар тағы да неміс азаматы болуға тура келетін қауіпті сезді. Бұл арада ол кезде осы облыстағылар түгел дерлік немісше сөйлейтін. Франциядан бөліп әкету қаупі өткеннен кейін, неміс шовинист-романтиктерінің аннексиялық пиғылынан түк өнбегеннен кейін, Франциямен тіл жағынан да неғұрлым тығызырақ жымдасу қажеттігін көріп, сол кезден бастап люксембургтіктер өз еркімен өздерінде істегендей, мектепті француздандыру басталды. Сонда да болса өзгеру процесі аса баяу жүрді; буржуазияның тек қазіргі ұрпағы ғана шын мәнінде француздаңған, ал шаруалар мен жұмысшылар немісше сөйлейді. Жағдай, шамамен Люксембургтегідей: әдеби неміс тілін, ішінара шіркеу кафедрасындағысынан басқасын, француз тілі ығыстырып шықты, бірақ халықтық неміс диалекті тіл шекарасында ғана пайдаланудан қалып, тұрмыста Германияның көп жерінен әлдеқайда жиі қолданылады.

Барлық неміс бастамаларынан, шамасы, бөліп алғысыз шовинистік романтикалық қайта өрлеуі дендеген Бисмарк пен Пруссия юнкерлері қайтадан немістік ел еткісі келген ел осындай болатын. «Марсельезаның» отаны Страсбургті неміс каласына айналдыру ниеті нақ Гарибальдидің отаны Ниццаны француздандыру дәмесі сияқты ақымақтық болатын. Бірақ Ниццада Луи-Наполеон, ең болмағанда, әдеп сақтап, аннексиялау туралы мәселені дауысқа салды, сөйтіп бұл айла-шарғы іске асып кетті. Пруссактардың бұл тектес революциялық әдістерге мұрнын шүйіре қарауына әжептәуір негіз бар екенін былай қойғанның өзінде,— әйтеуір бір жерде халық бұқарасы Пруссияға қосылуды қалаған жағдай әлі болған емес,— дәл осы жердің тұрғындары Францияға байырғы француздардың өздерінен де бетер бір ауыздан ден қоятын еді. Сонымен бөліп алу жалаң зорлық жолымен жүргізілді. Мұның өзі француз революциясы үшін өзінше бір кек алу еді; нақ революция арқасында Франциямен бірыңғай жымдасып кеткен жердің бірі бөліп алынды

Әскери тұрғыдан алғанда Эльзас-Лотарингияны аннексиялаудың, әйтеуір, белгілі бір мақсаты болды. Мец пен Страсбургті алып, Германия өте күшті қорғаныс шебіне ие болады. Бельгия мен Швейцария бейтарап қалып отырған кезде француздар тек Мец пен Вогезы аралығындағы тар өңір арқылы ғана жаппай шабуыл жасай алады және мұның үстіне, Кобленц, Мец, Страсбург және Майнц әлемдегі ең мықты әрі ең ірі қамалдар төрт бұрышын құрайтын. Бірақ австриялық Ломбардиядағы* сияқты

* Солтүстік Италиядағы Верона, Леньяго, Мантуя және Пескьера қамалдары. *Ред.*

бұл төрт бұрышта жартылай жау елінде орналасқан, сондықтан онда тұрғындарды бағындырып ұстайтын қамал есебінде қызмет ететін. Ол ол ма: төрт бұрышты қымтау үшін неміс тілі тараған аймақтан әрі асып ширек миллион байырғы француздарды аннексиялау қажет еді.

Бұл ірі стратегиялық пайда, демек — аннексияны ақтай алатын бірден-бір сәт. Бірақ бұл ұтыс ол тигізген зиянмен қалай болсын теңесе ала ма?

Дөрекі зорлықты өзінің негізгі принципі етіп ашықтан-ашық және қымсынбай жариялай отырып, жас Германия империясы өзіне келтірген ірі моральдық нұқсанды Пруссия юнкері есепке алмайды. Керісінше, оған бағынбаған, зорлықпен жаныштала-тын бағыныштылар қажет; олар Пруссия қуаты артқандығының дәлелі болып табылады; шын мәнінде оның басқа дәлелі ешқашан болмаған да еді. Бірақ ол санасуға міндетті болған нәрсе—аннексияның саяси салдары еді. Ал олар өте айқын болатын. Аннексия заңды күшіне кіргенге дейін-ақ Маркс бүкіл әлемге ол туралы Интернационал үндеуінде бар дауыспен жар салған болатын: *Эльзас пен Лотарингияны аннексиялау Россияны Европаның төрешісі етеді**. Соғыс пен бейбітшілік мәселелерінде тағдыр таразысын ұстаған құдіретті патша алдында құрдай жорғалап, Бисмарктың өзі бұл сөздердің ақиқаттығын 1888 жылғы 6 февральда рейхстагтағы сөзінде мойындағанша, социал-демократтар рейхстаг мінбесінен мұны жиі қайталап отырды.

Шынында да бұл айдан анық еді. Франциядан патриоттығы фанатизмге дейін баратын екі провинцияны жырып алып, Францияны олардың қайтарылуы жөнінде үміт отын жаққан кім көрінгеннің құшағына итермеледі де, оны өзінің мәңгілік жауы етті. Рас, бұл жағынан алғанда неміс филистерлерінің лайықты да адал өкілі Бисмарк француздардан тек мемлекеттік-праволық тұрғыдан ғана емес, моральдық тұрғыдан да Эльзас-Лотарингиядан бас тартуды, оның үстіне революцияшыл Францияның осы екі кесегі олардың өздері білгісі де келмейтін «ескі отанына қайтарылғанына» тіпті қануды талап етеді. Бірақ француздар, өкінішке орай, бұлай істемейді, Наполеон соғыстары кезінде немістер де дәл осылай моральдық жағынан Рейннің сол жағалауынан, бұл облыс та оларға қайтып оралуға тіпті ұмтылмаса да, бас тартпаған болатын. Эльзастықтар мен лотарингиялықтар Франциияға қайтып оралғысы келіп отырғанда, Франция оның оралуына күш салады да, күш салуға тиіс те және оның амалын, демек, одақтастар іздейді. Ал оның Германияға қарсы табиғи одақтасы — Россия.

---

* *К. Маркс.* «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы екінші үндеуі» (қараңыз: осы басылуы, 2-том, 207—214-беттер). *Ред.*

Егер батыс континентінің ең ірі және ең күшті екі ұлты бірінбірі жауласу арқылы бейтараптандырса, егер оның үстіне олардың арасында жатқан мәңгілік дау-шар алмасы оларды өзара шайқасқа айдап салса, онда мұнан тек Россия ғана ұтып шығады, онда оның қолы бұрынғыдан да босай түседі,— Россия өзінің жаулап алу ниетінде Франция тарапынан сөзсіз қолдауға ие болатынына қаншалық негізі болса, Германия тарапынан соншалық аз кедергі кездестіретін еді. Бисмарк Францияны ол Россияға одақ туралы жалынып, егер тек Россия оған айрылып қалған провинцияларын қайтартып беруге уәде етсе, Константинопольді алдына тартуға дайын жағдайға қойған жоқ па? Егер, бұған қарамастан, бейбітшілік он жеті жыл бойы бұзылмаса, үйретілген жылдық контингенттің толық санын беру үшін Франция мен Россияда енгізілген ландвер жүйесі, кем дегенде, он алты жыл, ал таяудағы неміс жаңалығынан кейін тіпті жиырма бес жыл талап ететіндігінен емес пе? Және соңғы он жеті жыл бойы бүкіл европалық саясатты белгілейтін негізгі факт болып отырған Эльзас-Лотарингияны аннексиялау қазір де дүниенің біз тұратын бөлігіне соғыс қаупін төндіріп отырған дағдарыстың басты себебі болып табылмай ма? Осы бір ғана фактіні жойыңыз— бейбітшілік қамтамасыз етіледі!

Французша сөйлегенде жоғарғы неміс акцентімен сөйлейтін Эльзас буржуасы, қайсыбір байырғы француз секілді француз мәнерімен кербезситін осы жетесіз сәнқой, Гётеге ат үсті қарап, Расинді көкке көтеретін, бірақ бәрібір өз тегі неміс екендігінің құпиясын қинала сезінуден құтыла алмайтын, дәл сондықтан да барлық немістік нәрсе туралы менсінбеген сарынмен мылжыңдайтын, демек Германия мен Франция арасында делдал болуға да жарамайтын осы эльзастық буржуа — мейлі ол мюльгаузендік фабрикант немесе париждік журналист болсын, сөз жоқ жексұрын жан. Бірақ оны осындай қылған соңғы үш жүз жылдық неміс тарихы болмай, кім? Шетелдегі өзінің неміс тегінен бас тартқан, өзінің жаңа отанының бөтен ұлтына азаппен, өздерін нағыз қорлыққа сала отырып сіңіскен барлық немістер, әсіресе көпестер, таяу уақытқа дейін нақ сол эльзастықтар сияқты болған жоқ па, сіңісу барысында өздерін, кем дегенде, нақ эльзастықтар сияқты күлкілі жағдайға ұшыратқан жоқ па, қайта эльзастықтарды бұған аз ба, көп пе әйтеуір жағдай мәжбүр етті ғой. Мысалы, Англияда, бұл жерге 1815 және 1840 жылдар арасында көшіп келген барлық неміс көпестері түгел дерлік ағылшындандырылды, өзара түгел дерлік тек ағылшынша сөйлесті және қазір де, мысалы, Манчестер биржасында, нағыз ағылшын болып көрінуге жарты дәулетін беруге дайын бұрынғы неміс филистерлері аз емес. Тек 1848 жылдан кейін бұл жөнінен де өзгеріс туды, ал 1870 жылдан, тіпті запастағы лейтенанттар Англияға келгенде және Берлин бұл жерге өз контингенттерін

жібергенде бұрынғы құлдық ұрудың пруссак өркөкіректігімен алмасқаны көрінгенде, мұның шетелдіктер алдында кісі күлерлік екені бұрынғыдан кем түскен жок

Эльзастықтар үшін Германиямен бірігу 1871 жылдан кейін ұнамдырақ болып қалды ма? Керісінше. Оларды диктатураға бағындырды, бұл екі арада дәл іргеде, Франция, республика болды. Оларға педанттық мазасыз пруссиялық ландраттар жүйесі енгізілді, мұнымен салыстырғанда әйгілі француз префектерінің заң қатаң реттеп отыратын араласу жүйесі нағыз игілік болатын. Баспасөз бостандығының, жиналыстар мен одақтар құру праволарының соңғы қалдықтары тез жойылды, тарпаң муниципалдық советтер таратылып, бургомистрлер ретінде неміс бюрократтары тағайындалды. Оның есесіне «нотабльдерге», яғни әбден французданып біткен дворяндар мен буржуаға барынша жағынып, олардың қанаушылық мүдделерін көңіл-күйі немісше болмағанмен, немісше сөйлейтін шаруалар мен жұмысшылардан қорғады, ал бұлар, әлі де келісуге әрекеттеніп көруге тұратын бірден-бір элемент еді. Сонымен жеткені не? Жеткені сол, 1887 жылы февральда, бүкіл Германия қорқып, рейхстагқа бисмарктық картельдің[253] көпшілігін жібергенде, Эльзас-Лотарингия немістерге аз да болса бүйрегі бұрады деп күмәнданудың болатындардың бәрін керексіз етіп, өршеленген франкофилдерді ғана сайлады.

Егер эльзастықтар өздері қандай болса нақ солай болып отырса, біздің бұған шамдануға қақымыз бар ма? Әсте жоқ. Олардың аннексиядан аза бойы қаза тұруы — бұл жөніндегі ұрысты емес, түсіндіруді қажет ететін тарихи факт. Ал осы жерде біз өзімізден былай деп сұрауымыз керек: Эльзаста осындай пиғыл мүмкін болуы үшін Германия қаншалық көп және орасан тарихи кінә жасауға тиіс еді? Егер эльзастықтарды қайта неміс-тендіруге кеткен он жеті жылдық әрекеттерден соң олар бірауыздан бізге: мазамызды алмаңдар деп мәлімдесе, біздің жаңа герман империясы сырт көзге қандай болып көрінуге тиіс? Үш жүз жылдық масқара тарихтың барлық салдарын жою үшін ойдағыдай екі соғыс жорығы мен он жеті жылдық Бисмарк диктатурасы жетерлік деп ойлауға біздің қақымыз бар ма?

Бисмарк мақсатына жетуге таяу еді. Оның жаңа пруссерман империясы Версальда, XIV Людовиктің салтанат залында ресми түрде жарияланды[254]. Франция қорғансыз күйде оның аяғының астында жатты; Бисмарктың өзі тиісуге батпаған, бас имеген Парижді Тьер Коммуна көтерілісін жасауға мәжбүр етті, сонан кейін ол тұтқыннан қайтарылған бұрынғы император армиясы солдаттарының қолымен талқандалды. Европалық барлық филистерлер 50-жылдары ізашары Луи Бонапартқа қалай сүйсінсе, енді Бисмаркқа да солай сүйсінді. Германия Россияның көмегімен Европадағы бірінші держава болып алды, ал

Германиядағы бүкіл билік диктатор Бисмарктың қолына шоғырланды. Ендігінің бәрі оның осы билікті пайдалана білуіне байланысты еді. Егер ол осы кезге дейін, буржуазиялық құралдармен емес, бонапарттық құралдармен болса да, буржуазияның біріктіру жоспарларын жүзеге асырып келсе, енді бұл міндет жеткілікті түрде шешілді; енді ол өз жоспарын жасауға тиіс еді, оның өз басы қандай идеялар туғыза алатынын көрсетуге тиіс еді. Және мұның өзі жаңа империяның ішкі ісін реттегенде көрінуге тиіс болатын.

Неміс қоғамы ірі жер иелерінен, шаруалардан, буржуадан, ұсақ буржуа мен жұмысшылардан тұрады; олардың барлығы, өз кезегінде, басты-басты үш тапқа топтасады.

*Ірі жер иеленушілік* аз ғана магнаттар (дені Силезияда) мен саны жағынан едәуір, бәрінен де Эльбаның шығыс жағындағы ескі прусс провинцияларында көп орташа помещиктердің қолында шоғырланған. Нақ осы прусс юнкерлері бүкіл ірі жер иелері табында аз ба, кем бе басты роль атқарады. Олардың өздері — село қожайындары, өйткені өз имениелерінде шаруашылық жүргізеді, көбіне басқарушылар аркылы жүргізеді және оның үстіне екінің бірінде шарап және қызылша қантын жасайтын заводтардың иелері болып табылады. Жағдай бұған мүмкіндік берген жерлерде, олардың жері майорат ретінде руға бекітілген. Кіші ұлдары армияға немесе мемлекеттік азаматтық қызметке кіреді, сөйтіп осы жер иеленуші ұсақ дворяндар соңынан онан да ұсақ офицерлік чиновниктік дворян қауымы ереді, ол қауым мұның үстіне буржуазиядан шыққан жоғары офицерлер мен чиновниктер ортасынан жылдамдата дворяндар жасау есебінен толығады. Бүкіл осы дворян тұқымының төменгі топтарынан, әрине, қарызданумен, күмәнды ойындармен, мезі қылатын сұраншақтықпен және саяси шпионажбен күн көретін көптеген арамтамақ дворяндар, дворяндық люмпен-пролетариат құралады. Бүкіл осы компания жинақтала келіп прусс юнкерлігін құрайды да, ескі прусс мемлекетінің басты тіректерінің бірі болады. Бірақ бұл юнкерліктің жер иеленуші ұйытқысының өз жайы мығым емес. Бұл сословиеге лайықты өмір сүру қажеттілігі күннен күнге қымбаттай түседі; кіші ұлдарына, олар лейтенант немесе асессор шенін алғанша көмектесу, қыздарын күйеуге беру — мұның бәріне ақша керек; ал осы міндеттерді орындау алдында басқа мақсаттардың бәрі ысырыла тұруға тиіс болғандықтан, табыстың жетпейтіні және вексельге қол қоюға немесе тіпті мекенін ипотека есебінде кепілге салуға тура келетіні таңданарлық емес. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл юнкерлік құз жиегін жағалайды: барлық апат, ол соғыс болсын, қуаңшылық не сауда дағдарысы болсын, оған күйреу қатерін төндіреді, сондықтан да соңғы жүз жылдан астам уақыт бойы оны ажалдан тек әр түрлі мемлекеттік көмек қана

сақтап келе жатқаны таңданарлық емес; шынында да бұлар тек мемлекет көмегінің арқасында ғана өмір сүріп келеді. Бұл тек жасанды жолмен сүйемелденіп келе жатқан тап ажалға бұйырылған; ешқандай да мемлекеттік субсидия оның өмір сүруін ұзақ сақтап тұра алмайды. Бірақ онымен бірге ескі пруcс мемлекеті де құриды.

*Шаруа*—саяси жағынан белсенділігі аз элемент. Оның өз басы меншікші болып қала берген кезде, ол парцелльдік шаруа шаруашылығындағы өндірістің қолайсыз жағдайлары салдарынан күйзелген үстіне күйзеле түседі, өйткені бұл шаруашылық марканың ортақ алқаптарынан немесе ортақ жайылымнан зорлықпен ажыратылған, ал онсыз шаруаның мал ұстайтын мүмкіндігі жоқ. Арендатор ретінде оның жағдайы мұнан да жаман. Ұсақ шаруа өндірісі көбіне натуралды шаруашылықты артық көреді, ақшалы шаруашылық тұсында ол өледі. Осыдан барып қарызы өсе береді, ипотекаға несие беретін кредиторлардың жаппай қанауы, өзінің бір тұтам жерінен біржола айрылмау үшін үй кәсіпшілігімен айналысу қажеттігі туады. Саяси жағынан алғанда шаруалар қауымы негізінен енжар немесе реакцияшыл: Рейнде олар пруссактарға деген ежелгі өшпенділігі салдарынан әсіре католиктік пиғылда; басқа жерлерде оларға партикуляризм немесе протестанттық консерватизм тән. Діни сезім әлі күнге дейін бұл таптың қоғамдық немесе саяси мүдделерінің көрінісі ретінде қызмет етеді.

*Буржуазия* туралы біз айтқанбыз. 1848 жылдан бастап ол оқ-рын болмаған экономикалық өрлеуге ие болды. 1847 жылғы сауда дағдарысынан кейін осы кезде құрылған мұхит кеме шаруашылығының, темір жол жүйесін орасан ұлғайтудың және Калифорния мен Австралияның алтын қазыналары ашылуының ықпалымен болған өнеркәсіптің зор дамуына Германия барған сайын кең қатыса бастады. Буржуазияның еркін қатынасқа ұсақ мемлекеттердің бытыраңқылығынан болатын кедергілерді жоюға және дүние жүзілік рынокта өзінің шетелдік бәсекелестерімен тең праволы жағдайға жетуге ұмтылуының өзі Бисмарк революциясын туғызған да еді. Енді, Германияға француз миллиардтары қаптаған кезде, буржуазия алдынан аптыққан кәсіпкерлік қызметтің жаңа дәуірі ашылды да, дәл осы жерде ол тұңғыш рет — ұлттық-герман көлемінде күйреу жолымен[45]— өнеркәсіпті ұлы ұлт екенін дәлелдеді. Буржуазия сол кездің өзінде-ақ экономикалық жағынан халықтың ең күшті табы болатын, мемлекет өз саясатын оның экономикалық мүдделеріне бағындыруы тиіс еді; 1848 жылғы революция мемлекетке сырттай конституциялық форма берді, оның тұсында буржуазия саяси жағынан да үстемдік ету және бұл үстемдігін ұлғайту мүмкіндігіне ие болды. Соған қарамастан ол шын мәніндегі саяси өкіметтен әлі алыс тұрған-ды. Бисмаркпен жанжалда ол жеңіп шыққан жоқ; Герма-

нияда революцияны жоғарыдан жүзеге асырып, жанжалды жою оған атқарушы өкімет әлі де, тіпті тәуір дегеннің өзінде, мұнан өте әлсіз жанама тәуелділікте ғана екенін, ол министрлерді босата алмайтынын да, оларды тағайындауға әсер ете алмайтынын да, армияға билік жүргізе алмайтынын да буржуазияға бұрынғыдан бетер көрсетті. Мұның үстіне ол жігерлі атқарушы өкімет алдында қорқақ та әлсіз болатын; бірақ юнкерлер де сондай болатын, ал буржуазия үшін өзі мен революцияшыл өнеркәсіп жұмысшы табының арасындағы тікелей экономикалық антагонизм салдарынан мұның өзі неғұрлым кешірімді еді. Алайда, ол біртебірте юнкерлікті экономикалық жағынан жоюға тиіс екені, бүкіл дәулетті таптар арасынан тек соның ғана болашақтан үміті бары күмәнсыз болатын.

Ұсақ буржуазия, біріншіден, даму жөнінде ұзақ уақыт артта қалып келген Германияда Батыс Европаның басқа жеріндегіден әлдеқайда көп бұқара болған орта ғасырлық қолөнершілердің қалдықтарынан; екіншіден, күйзелген буржуалардан, үшіншіден, мал-мүліксіз халық ортасынан шыққан, ұсақ саудагерлікке қолы жеткен элементтерден құралатын. Ірі өнеркәсіптің ұлғаюына байланысты бүкіл ұсақ буржуазияның өмір сүруі мығымдықтың соңғы қалдықтарынан айрылды; кәсіп ауыстыру және мезгілмезгіл банкротқа ұшырау әдетке айналды. Бұрын әбден мығым, неміс филистерлігінің негізгі ұйытқысын құраған, молшылық өмір сүрген және көнбістігімен, құлшылдығымен, тақуалығымен, сыпайылығымен ерекшеленетін осы тап, енді әбден абыржу және құдай салған тағдырына наразылық жағдайына дейін құлдырады. Сау қалған қолөнершілер цехтық артықшылықтардың қалпына келтірілуін естірте талап етті, басқалары — біразы жуас демократ-прогрессистерге[255] айналды, біразы тіпті социал-демократиямен жақындасты, кей жерлерде жұмысшы қозғалысына тікелей қосылды.

Ең соңында, жұмысшылар. Село жұмысшылары, ең болмағанда Шығыс Германияда, әлі де жартылай крепостнойлық тәуелділікте еді де, оларды санатқа қосуға болмайтын. Есесіне қала жұмысшыларының арасында социал-демократия табысқа тез жетіп, ірі өнеркәсіп халық бұқарасын пролетарландырып, сонысымен капиталистер мен жұмысшылар арасындағы таптық қайшылықты шегіне жеткізе шиеленістірген сайын өсе берді. Егер социал-демократ жұмысшылар біршама уақыт өзара күрескен екі партияға[3] бөлінген болса да, Маркстің «Капиталы» шыққаннан кейін бұл партиялар арасындағы принципті келіспеушіліктер мүлдем дерлік жойылды. «Мемлекет көмегімен өндіргіш ассоциация» құру жөніндегі өзіне тән талабы бар тақуа лассальшылдық бірте-бірте ұсақталып, бонапарттық-мемлекеттік-социалистік жұмысшы партиясының ұйытқысы болуға қабілетсіздігін күн өткен сайын анық көрсете бастады. Бұл жағынан алғанда

жеке көсемдер келтірген зиян бұқараның салиқалы сезімінің арқасында түзетілді. Енді кілең дерлік жеке бас сипатындағы мәселелердің салдарынан бөгеліп отырған екі социал-демократиялық бағытты біріктіру таяу уақыт ішінде қамтамасыз етілді. Бірақ бөліну кезінің өзінде-ақ және оған қарамастан қозғалыс өнеркәсіп буржуазиясын қалтыратуға және оның әлі де өзінен тәуелсіз үкіметке қарсы күресін жансыздандыруға жетерліктей қуатты болды; айтпақшы, жалпы алғанда 1848 жылдан бастап неміс буржуазиясы қызыл елестен арыла алмады.

Таптарға бұлай бөліну парламент пен ландтагтарда партияларға бөлінудің негізі болды. Ірі жер иелері мен шаруалардың бір бөлігі консерваторлар бұқарасын құрады; өнеркәсіп буржуазиясы буржуазиялық либерализмнің оң қанатын — национал-либералдарды құрады, ал оның сол қанаты — әлсіреген демократиялық, немесе прогрессистік партия деп аталатыны буржуазияның, сондай-ақ жұмысшылардың да бір бөлігі қолдаған ұсақ буржуазиядан тұрды. Ең соңында, жұмысшылардың социал-демократия түрінде өзінің дербес партиясы болды, оған сондай-ақ ұсақ буржуа да кірді.

Бисмарктың жағдайындағы және оның өткеніне ие адам қалыптасқан жағдайды біршама түсінетін болса, өзіне былай деуге тиіс еді: юнкерлік қазіргі бар күйінде өміршең тап емес, барлық дәулетті таптардың ішінен тек буржуазия ғана болашаққа үміткер бола алады (біз бұл жерде жұмысшы табын айтпаймыз, оның тарихи миссиясын түсінуді Бисмарктан талап етпекші де емеспіз), сондықтан ол өзінің жаңа империясын бірте-бірте осы заманғы буржуазиялық мемлекетке айналдыруды қаншалық әзірлесе, оның жаңа империясының соғұрлым мығым болуы қамтамасыз етіледі. Сол жағдайда ол үшін мүмкін еместі одан талап етпей-ақ қояйық. Рейхстагтың шешуші билігі бар парламенттік басқаруға (ағылшынның қауымдар палатасының билігі сияқты) бірден көшу мүмкін емес еді, тіпті сол кезеңде байыпсыздық та болатын; парламенттік формадағы Бисмарк диктатурасы оның өзіне әзірше әлі де қажетті болып көрінуге тиіс еді; алғашқы кездерде оның бұл форманы сақтауын біз оның айыбы деуден аулақпыз; біз тек оны қандай мақсатқа пайдалану керек еді деп сұраймыз. Англия конституциясына ұқсас тәртіпті бастау жаңа империяға берік негіз және тыныш ішкі дамуды қамтамасыз ететін перспективаны ашатын жалғыз жол болғанына күмәнданудың бола қояр ма екен. Бәрібір құруға тиіс юнкерліктің денін қашып құтылмайтын тағдырына тапсырып, оның қалған бөлігінен және жаңа элементтерден тәуелсіз ірі жер иелеушілер табын құру әлі де мүмкін болып көрінді, бұл таптың өзі буржуазияның сырт көзге сындарлы үстем тобы ғана болар еді және оған буржуазия, бүкіл билікке ие болған күннің өзінде, мемлекетте ресми өкілдік беруге, сонымен бірге ең пайдалы лауа-

зымдар мен едәуір күшті ықпал беруге тиіс болар еді. Буржуазияға болашақта бәрібір бермей қоюға болмайтын саяси кеншіліктер жасай отырып (дәулетті таптар көзқарасы тұрғысынан ең болмағанда осылай ойлау керек еді), бұл кеншіліктерді оған бірте-бірте, тіпті ара-тұра және аз-аздап бере отырып-ақ, ең болмағанда, жаңа империяны, Батыс Европаның саяси жағынан онан әлдеқайда озып кеткен басқа мемлекеттерін қуып жете алатын жолға бағыттауға болар еді, феодализмнің соңғы қалдықтарынан және бюрократиялық топтарда әлі де өте күшті филистерлік дәстүрлерден, ақырында, арылуға болар еді, ал ең бастысы — оның енді тіпті де жас емес негіз салушылары баянсыз тіршілікпен қоштасқан кезге дейін өз аяғынан тұру қабілетіне ие болар еді.

Мұның үстіне, бұл тіпті қиын да емес болатын. Юнкерлік те, буржуазия да тіпті жұрт қатарлы жігермен де көзге түспейтін. Юнкерлер мұны соңғы алпыс жыл бойы, мемлекет бұл Дон-Кихоттардың оппозициясына қарамастан, солардың өзінің мүддесі үшін үнемі шаралар жүргізіп келген кезде дәлелдеді. Алдыңғы ұзақ тарих көнбістікке үйреткен буржуазияның жамбасы жанжалдан кейін әлі де қатты ауыратын; сол кезден бері Бисмарктың табыстары оның қарсылығының күшін бұрынғыдан да әлсіретіп тастады, ал онан қалғанын қатер төндіре өсіп келе жатқан жұмысшы қозғалысынан қорқыныш тауысты. Мұндай жағдайда буржуазияның ұлттық дәмелерін жүзеге асырып отырған адам оның онсыз да жұпыны саяси талаптарын жүзеге асыруда өзіне қажет қандай қарқынды болсын еш қиындықсыз ұстап тұра алар еді. Ол тек мақсатты айқын көруге тиіс болатын.

Дәулетті таптар тұрғысынан алғанда, бұл ақылға қонымды бірден-бір жол еді. Жұмысшы табы тұрғысынан алғанда буржуазияның берік үстемдігін орнату үшін тым кеш екені анық еді. Ірі өнеркәсіп, сонымен бірге буржуазия және пролетариат Германияда пролетариат буржуазиямен бір мезгілде дерлік саяси аренаға дербес шыға алатын кезде, демек, екі тап арасындағы күрес буржуазия ерекше немесе басым саяси үстемдікті жеңіп алғанға дейін басталған кезде құрылды. Бірақ егер Германияда буржуазияның тыныш та бекем үстемдік етуі үшін уақыт тіпті өтіп кеткеннің өзінде, 1870 жылы жалпы алғанда дәулетті таптар тұрғысынан алғанда буржуазияның осындай үстемдігіне ұсталған бағыт әлі де ең дұрыс саясат болатын. Расында да, шіріп бара жатқан феодализм уақытының заң шығару мен басқару ісінде әлі де дәуірлеп тұрған көптеген қалдықтарын осындай жолмен ғана жоюға болатын еді; тек осындай амалмен ғана ұлы француз революциясының барлық жетістіктерін герман топырағына бірте-бірте көшіруге болатын, қысқасы тек осындай амалмен ғана Германияның ескі сәнмен өсірген тым ұзын бұрымын қырқып, оны саналы түрде және біржолата осы заманғы даму

жолына түсіріп жіберуге, оның саяси құрылысын өнеркәсіптік дамуымен сәйкес келтіруге болатын. Кейін буржуазия мен пролетариат арасында болмай қоймайтын шайқас, ақырында, өрістегенде, ол 1848 жылы Германияда біз байқағандай шатасқан, күңгірттік, қым-қиғаш мүдделер мен абыржушылық жағдайында емес, ең болмағанда, күрес не үшін жүріп жатқанын әркім көре алатын қалыпты жағдайда өтер еді. Бар айырмашылық сол, бұл жолы абыржушылық тек дәулетті таптарды ғана жайлар еді; жұмысшы табы не қалайтынын біледі.

1871 жылы Германияда қалыптасқандай жағдайда Бисмарк сияқты адамға расында да әр түрлі таптар арасында бұлталақтау саясатын қолдануға тура келді. Бұл жөнінде оны жазғыруға болмайды. Әңгіме бұл саясаттың қандай мақсат көздегенінде ғана болды. Егер ол саясат, қандай қарқынмен болсын, түбінде буржуазияның үстемдігін орнатуға саналы да табанды түрде ұмтылса, онда, дәулетті таптар тұрғысынан жүргізілген саясат үшін қаншалықты мүмкін екендігіне байланысты, ол саясат тарихи дамуға сәйкес келді. Егер ол саясат ескі прусс мемлекетін сақтауға, Германияны бірте-бірте прустандыруға ұмтылса, онда ол саясат реакцияшыл болды және түбінде күйреуге тиіс саясат болды. Егер ол тек Бисмарк билігін сақтап қалуға ұмтылса, онда ол бонапартистік саясат болды және бонапартизм атаулы сияқты аяқталуға тиіс еді.

* * *

Таяудағы міндет империя конституциясы болатын. Материал ретінде бір жағынан Солтүстік Герман одағының конституциясы, екінші жағынан Оңтүстік Герман мемлекеттерімен шарттар[256] болды. Көмегіне сүйене отырып Бисмарк конституция жасауға тиіс болған факторлар, бір жағынан, Одақтық советте өкілдері бар династиялар, екінші жағынан, рейхстагта өкілдері бар халық еді. Династиялар дәмесіне Солтүстік Герман одағының конституциясы және шарттар арқылы белгілі бір шек қойылды. Керісінше, халық саяси өкіметтегі өз үлесін едәуір ұлғайтуға ұмтылды. Шетелдік қол сұғудан тәуелсіздігі мен бірігуді (бірігу туралы сөз қылуға болатындықтан) ол шайқас алаңында жеңіп алғандықтан, бұл тәуелсіздікті қалай пайдалануды, бұл бірігуді қалай нақты жүзеге асырып пайдалануды ең алдымен сол халық шешуге тиіс еді. Және егер халық Солтүстік Герман одағының конституциясы мен шарттар негізіне алынған праволық бастауларды мойындаған күннің өзінде де, бұл оның жаңа конституция бойынша бұрынғыға қарағанда өкіметтің көбірек бөлігін алуына ешқандай да кедергі жасамайтын. Рейхстаг жаңа «бірлікті» шын мәнінде әйгілейтін бірден-бір мекеме болатын. Рейхстаг үші неғұрлым салмақты болған сайын, империя конституциясы жеке жерлер конституциясына қарағанда неғұрлым тәуелсіз болған сайын жаңа империя соғұрлым тығызырақ топтасуға тиіс бо-

латын, баварлық, саксондық, пруссак соғұрлым толығырақ неміс болып сіңуге тиіс еді.

Қарға адым жердегіні көре алатын әркім үшін бұл айдан айқын болуға тиіс еді. Бірақ Бисмарк басқа пікірде болды. Керісінше, ол соғыстан кейін күшейе түскен патриоттық елігушілікті рейхстагтың көпшілігін халық правосын ұлғайтудан ғана емес, тіпті айқын белгілеуден де бас тартқызуға, сөйтіп империя конституциясында Солтүстік герман одағының конституциясы мен шарттар негізіне алынған праволық бастауларды әшейін қайталаумен ғана шектелуге ойыстыру үшін пайдаланды. Ұсақ партиялардың конституцияда халықтың саяси бостандығы болу правосын көрсетуге ұмтылған барлық әрекеті — соның ішінде тіпті орталықтың католиктік партиясының оған Пруссия конституциясының баспасөз, одақтар құру және жиналыс өткізу бостандығына, сондай-ақ шіркеу тәуелсіздігіне кепіл болатын статьяларын енгізу туралы ұсынысы да қабылданбады. Сөйтіп, қаншалық болымсыз әрі қысқартылған болса да, Пруссия конституциясы империя конституциясына қарағанда қалай дегенмен неғұрлым либерал конституция болып қала берді. Салықтар жыл сайын дауысқа салынбайтын болды, ол «заң бойынша» біржолата белгіленді, сонымен рейхстагтың үкіметке салықты бекітуден бас тарту мүмкіндігі жойылды. Осындай жолмен Германияда Германиядан тыс конституциялық әлемде мүмкін емес прусс доктринасы қолданылды, бұл доктрина бойынша халық өкілдері шығындарды тек қағаз жүзінде қабылдамауға праволы еді, ал ол екі арада үкімет қазынаға табысты сыңғырлаған ақша күйінде жинай алатын. Бірақ рейхстаг осылай күрестің ең таңдаулы құралдарынан айрылып, 1849 және 1850 жылдары конституцияның қайта қаралуымен, мантейфёльшілдікпен, конституциялық жанжалмен және Садовамен сағы сынған Пруссия палатасының бейшара жағдайына түсірілген уақытта, дәл осы уақытта Одақтық совет ескі Одақтық сеймде тек бар деген аты ғана болған бүкіл толық билікті негізінен пайдаланды және Одақтық сеймді матаған тұсаудан азат болғандықтан, бұл билікті іс жүзінде пайдаланды. Одақтық совет заң шығаруда рейхстагпен қатар шешуші дауысқа ие ғана емес, сонымен қатар, дәл соның өзі ең жоғары әкімшілік инстанциясы болып табылады, өйткені империя заңдарын жүзеге асыру туралы нұсқау шығарады және оның үстіне «...империя заңдарын жүзеге асыру кезінде пайда болатын кемшіліктер туралы», яғни, басқа цивилизациялы елдерде тек жаңа заңмен ғана жойылатын кемшіліктер туралы шешім қабылдайды (7 статья, 3 абзац, юриспруденциядағы казуистикалық жағдайларға тым ұқсас).

Сонымен, Бисмарк өзіне негізгі тіректі ұлттық бірлік өкілі рейхстагтан емес, партикулярлық бытыраңқылық өкілі Одақтық советтен іздеді. Ол өзін ұлттық идея күрескері етіп көрсеткісі

келгенмен де, ұлтты немесе оның өкілдерін бастауға оның ерлігі жетпеді; Бисмарк демократияға емес, демократия оған қызмет етуге тиісті болды; ол халыққа сүйенбеді, қайта құпия жолмен жасалатын әзәзілдікке, өзінің дипломатиялық құралдармен, камшымен, тәттінің көмегімен, асаулау болса да, Одақтық советте көпшілік құра алатынына сүйенді. Осы жерде біздің көзімізге түсетін дуние таным тарлығы мен көзқарас күйкілігі біз осы кезге дейін білетін осы адамның мінез-құлқына әбден сай келеді. Сонда да, оның үлкен табыстары оған өз дәрежесінен қас қағым сәтке болса да көтерілуіне көмектеспегеніне таңданбасқа болмайды.

Алайда қалыптасқан жағдайда бәрі де империя конституциясына бірден-бір мықты белдеу беруге, нақты айтқанда империя канцлерін беруге сайды. Одақтық советті империялық канцлер билігінен басқа жауапты атқарушы өкімет болмайтындай жағдайға қою қажет еді, ал осының нәтижесінде жауапты империялық министрлер болу мүмкіндігі жойылатын. Шынында да, империяны басқаруды жауапты министрлік тағайындау жолымен реттеуге тырысушылықтың бәрі Одақтық совет правосына қастандық ретінде қаралып, жеңіп болмайтын қарсылыққа ұшырап отырды. Конституция, ұзамай көрінгеніндей, Бисмарк «өлшемі бойынша пішілген» еді. Ол Бисмарктың жеке үстемдігіне баратын жолдағы, рейхстагтағы партиялар арасында және Одақтық советтегі партикулярлық мемлекеттер арасында таразыны тең ұстау әдісімен жүзеге асырылып келе жатқан онан арғы қадам, бонапартизм жолындағы онан арғы қадам болды.

Әйтсе де, империяның жаңа конституциясы, Бавария мен Вюртембергке жасалған жекелеген кеңшіліктерді есептемегенде, тура кері басқан қадам болды деуге келмейді. Бірақ ол туралы айтарымыздың ең жақсысы да осы ғана. Буржуазияның экономикалық қажеттері негізінен қанағаттандырылды, ал оның саяси талаптарына, ол әлі де бұл талаптарды қойып отырғандықтан, дәл конституциялық жанжал дәуіріндегі кедергілер қойылды.

Буржуазия әлі де саяси талаптар қойып отырғандықтан! Шындығында, национал-либералдар аузында бұл талаптар күйкі көлемге дейін қысқарғаныи және күн өткен сайын қысқара түскенін жоққа шығаруға болмайды. Ол мырзалар Бисмарктан онымен ынтымақтасуды жеңілдетуді талап етпеумен ғана тынған жоқ, қайта керісінше, мүмкін болған жерде, ал екінің бірінде тіпті мүмкін емес немесе жол беруге болмайтын жерде де оған жағынуға тырысты. Бисмарктың оларды жек көре менсінбегенін ешкім де оған мін қылып жатқан жоқ,— бірақ оның юнкерлері бұлардан сәл де болса жақсы, бұлардан гөрі жүректілеу ме еді?

Империя бірлігін орнатуды қажет еткен басқа бір сала, ақша айналымы саласы, 1873—1875 жылдардағы монета және банк

заңдарымен реттелді. Алтын валюта енгізу едәуір прогресс болды, бірақ ол баяу және үлкен жалтақтықпен енгізіліп, әлі күнге дейін түпкілікті реттеліп біткен жоқ. Негізіне онға бөлінетін бірлік ретінде марка деген атпен талердің үштен бірі алынып қабылданған ақша жүйесі сонау 30-жылдардың аяғында Зётбер ұсынған жүйе болатын; іс жүзіндегі ақша бірлігі жиырма маркалық алтын монета болды. Оның құнын елеусіз ғана дерлік өзгерту арқылы оны не ағылшын совереніне, не 25 франктық алтын монетаға, немесе американдық 5 долларлық алтын монетаға әбден тең етуге, сөйтіп осындай жолмен дүние жүзілік рыноктың басты-басты үш ақша жүйесіне қосылуға болар еді. Алайда өзінің ерекше ақша жүйесін жасауды артық көріп, сонысымен ешқандай мұқтажсыз сауда мен курстық есептесулерді қиындатты. Империялық қазына билеттері мен банкілері туралы заңдар ұсақ мемлекеттер мен олардың банкілерінің бағалы қағаздарды алып-сатуын шектеді де, осы кезде туған күйреуге байланысты, бұл салада әлі де ысылмаған Германия үшін әбден орынды біршама сақтық жасалуын көздеді. Бұл арада да, жалпы алғанда буржуазияның экономикалық мүдделері тиісінше ескерілді.

Ең соңында, әлі сот правосы саласында келісілген бірыңғай заң енгізу қажет еді. Материалдық азаматтық правоны империя қарауына алудың жайылуына орта герман мемлекеттері жасаған қарсылық жойылды, бірақ азаматтық кодекс әлі де жасалу кезеңінде, ал қылмыстық кодексте, қылмыстық және азаматтық процесте, сауда правосында, конкурс уставында және сот жүргізуде бірыңғайлық орнатылды. Ұсақ мемлекеттерде қолданылған формальды және материалдық ала-құла праволық нормаларды жою, осының өзі-ақ буржуазиялық қоғамның одан әрі дамуының барынша қажеттілігі болатын, оны жою жаңа заңдардың өз мазмұнынан әлдеқайда артық басты еңбегі еді.

Ағылшын юрисі ежелгі герман бостандығын бүкіл орта ғасырдан алып өтіп, оның едәуір үлесін сақтап қалған, XVII ғасырдың екі революциясы ұрығында тұншықтырған полицейлік мемлекетті білмейтін және азаматтық бостандықтың екі ғасырлық үздіксіз даму барысында өзінің ең биік шыңына жеткен правоның тарихи дамуына сүйенеді. Француз юрисі феодализм мен абсолютистік полиция озбырлығын түгел жойып, жаңа ғана пайда болған осы заманғы қоғамның экономикалық өмір жағдайларын Наполеон жариялаған классикалық кодекс түріндегі юридикалық нормалар тіліне аударған ұлы революцияға сүйенеді. Ал біздің неміс юристері сүйенетін тарихи негіз қандай? Орта ғасырлық қалдықтардың жүздеген жылдарға созылған, ежжар, көбіне-көп сырттан болған соққылар итермелеген және осы уақытқа дейін аяқталмаған іріп-шіру процесі; феодал юнкер мен цех шебері жаңа бейне іздеп, елес сияқты кезіп жүрген эконо-

микалық жағынан артта қалған қоғам; 1848 жылы монархтардың құпия юстициясы жойылғанына қарамастан әлі күнге дейін полициялық зорлық күн сайын ойсыратып отыратын право тәртібінен басқа түк те емес. Барлық нашар мектептердің ішіндегі осы ең нашарынан империяның жаңа кодекстерін жасаушылар шықты және авторлар қандай болса, олардың жұмысы да сондай болып шықты. Таза юридикалық жағын айтпаған күнде, бұл кодекстерде саяси бостандық өрісі тым тар еді. Егер шеффендер соты[257] буржуазия мен ұсақ буржуазияға жұмысшы табын ауыздықтауға қатысуға мүмкіндік берсе, буржуазиялық оппозицияның қайта туу қаупінен мемлекет өзін присяжныйлар сотының қарауындағы мәселелерді шектеу арқылы мүмкіндігінше қамтамасыз етеді. Қылмыстық кодекстің саяси статьяларының тиянақсыз және созылмалы екені сонша, олар тұп-тура қазіргі империялық сот өлшемі бойынша, ал бұл сот солардың өлшемі бойынша пішілген сияқты. Жаңа кодекстер Пруссия правосына—осы күндері Штёккер де, тіпті ол сүндеттендірілсе де, одан құбыжық етіп жасай алмайтын заңдар жинағына—қарағанда ілгері қадам басқандық екені өз-өзінен түсінікті. Бірақ осы уақытқа дейін француз правосы жүрген провинциялар классикалық түпнұсқа мен сүреңсіз көшірме арасындағы айырмашылықты тым айқын сезінеді. Нақ национал-либералдардың өз программасынан бас тартуы мемлекеттік өкіметтің азаматтық бостандықтар есебінен осы күшеюін, осынау шын мәніндегі кері басқан бірінші адымды мүмкін етті.

Мөр туралы империялық заң жайында да айта кеткен жөн. Бұған қатысты материалдық право негізінен қылмыстық кодекс бойынша шектелген болатын; бүкіл империя үшін бірыңғай формальды анықтауыш орнату және кей жерлерде әлі де бар кепілдер мен штемпель алымын жою, осылайша бұл заңның басты мазмұнын құрады және сонымен бірге бұл салада қол жеткен бірден-бір прогресс болды.

Пруссия өзін үлгілі мемлекет ретінде тағы да көрсете алуы үшін онда өзін-өзі басқару деген енгізілді. Міндет мынау еді: феодализмнің ең сорақы қалдықтарын жойып, соған қарамастан іс жүзінде мүмкіндігінше бәрін орынша қалдыру болатын. Бұл үшін округтер туралы ереже[258] қызмет етті. Юнкер мырзалардың сеньорлық полицейлік өкіметі анахронизмге айналды. Ол феодалдық артықшылық ретінде сөз жүзінде жойылды, бірақ дербес земство округтарын [Gutsbezirke] құру арқылы іс жүзінде қайта қалпына келтірілді, округ ішінде помещик не селолық қауымдық старостаның [ländlicher Gemeindvorsteher] уәкілдігімен өзі земство бастығы [Gutsvorsteher] болады, немесе ондай бастықты тағайындайды; юнкерлердің бұл билігі іс жүзінде сондай-ақ әкімшілік округі ішінде [Amtsbezirk] бүкіл полициялық билік пен полициялық юрисдикцияны

округ бастығына [Amtsvorsteher] беру арқылы да қалпына келтірілген еді, округ бастығы селолық жерде, әрине, әр кезде дерлік түгелімен ірі жер иесі болып отыратын; осындай жолмен селолық қауымдар да оның қарауында қалды. Феодалдық артықшылықтар жеке адамдардан тартып алынды, бірақ оған байланысты толық билік бүкіл тапқа берілді. Осындай алаяқтық тәсілмен ағылшын ірі жер иелері бітістіруші судьяға және селолық әкімшіліктерде, полицияда, төменгі сот органдарында билеп-төстеушілерге айналды, осындай жолмен ескі феодалдық формада өздерінде қалдыруға болмайтын басқарудағы барлық аса маңызды мансаптарды жаңа, өз тұсына бейімдендірілген атақпен пайдалануды қамтамасыз етті. Бірақ ағылшын және неміс «өзін өзі басқаруының» бірден-бір ұқсастығы осы ғана. Округтер туралы ереженің әр бетінде дерлік кездестіретініміз сияқты, сайланып қойылатын жергілікті қызмет адамдары бекітілуге тиіс, егер сайлау жағымсыз болса, ол адамдардың орнына үкімет зорлықпен орынбасарын тағайындасын, прусс ландраттарының, округтік басқармалар мүшелері мен обер-президенттердің уәкілдіктері бар мемлекеттік чиновник лауазымы енгізілсін, мемлекеттік басқару органдарының округтер туралы ережеде көзделгеніндей қауымдардың, ұсақ әкімшілік бірліктер мен округтердің ішкі істеріне араласу правосы жүзеге асырылсын және, ең соңында, ағылшын тілі мен ағылшын правосы елдерінде құлақ естімеген право жолымен қорғануға тыйым салынсын деп парламентке ұсыныс жасауға батылы барған ағылшын министрінің жайын көрер едім. Округтік жиналыстар мен провинциялық ландтагтар әлі де ескі феодалдық әдіс бойынша үш сословие өкілдерінен—ірі жер иелерінен, қалалардан және селолық қауымдардан — құрылып отырған болса,—Англияда тіпті ең архиконсервативтік министрлік графтықтарды бүкіл басқару ісін жалпыға бірдей дерлік дауыс беру жолымен сайланатын органдардың қолына беру туралы билль енгізеді[259].

Шығыстағы алты провинция үшін округтер туралы ереже жобасы (1871 ж.) Бисмарктың Пруссияны Германияға тіпті де сіңіріп жібергісі келмейтінінің, қайта, керісінше, ескі пруссактықтың қамалы бұл алты шығыс провинциясын бұрынғыдан күшейту ниетінде екенінің бірінші белгісі болды. Өзгертілген атаулармен юнкерлер өздерінің үстемдігін қамтамасыз ететін барлық маңызды-маңызды позицияларын сақтап қалды, ал Германия илоттары, бұл жерлердегі ауыл шаруашылық жұмысшылары, батрактар да, күндікшілер де бұрынғысынша іс жүзінде крепостной болып қала берді, оларға тек екі қоғамдық міндетті орындауға: солдат болуға және рейхстагқа сайлау кезінде юнкерлерге дауыс беретін тобыр ретінде қызмет етуге ғана рұқсат етілді. Осынысымен Бисмарктың революцияшыл социалистік

партияға жасаған қызметін айтып жеткізе алмайсың және барынша алғыс айтуға тұрады.

Бірақ, олардың кілең өз мүддесі үшін, олардың феодалдық артықшылықтарын сәл ғана жаңаланған атаумен онан әрі сақтап қалу мүддесі үшін жасалған округтер туралы осы ережеден тура шолжың баладай қол-аяғын баурына алып қашқақтаған юнкер мырзалардың топастығына не дерсің? Пруссияның мырзалар палатасы, немесе дәлірегі, юнкерлер палатасы, әуелі бұл жобаны қабылдамай, бір жыл бойы дерлік әуреге салды және оны жаңадан 24 «мырза» тағайындау арқылы «пэрлер палатасы жаңартылғаннан» кейін ғана қабылдады. Пруссия юнкерлері бұл істе өздерінің болымсыз, кертартпа, түзелмейтін реакцияшылдар екенін, ағылшын ірі жер иелерінің шын мәнінде істеп отырғанындай ұлт өмірінде тарихи роль атқара алатындай үлкен дербес партия ұйытқысы болуға қабілетсіз екенін тағы да көрсетті. Олар мұнысымен ақыл-ойдан жұрдай екенін дәлелдеді; Бисмаркқа енді бүкіл әлем алдында олардың бір мінезділігі де жоқтығын дәлелдеу ғана қалды және болар-болмас епті қысым оларды sans phrase* Бисмарк партиясына айналдырды. Бұған «культуркампф» қызмет етуге тиіс еді.

Прусс-герман империясы жоспарын жүзеге асыру бұрынғы жекеше дамуға сүйенетін антипрустық элементтердің қарсы соққы ретінде бір партияға бірігуін туғызуға тиіс болатын. Осынау ала-құла элементтер ультрамонтандықты[260] ортақ ту етті. Бір жағынан қарапайым байыпты ойдың тіпті көптеген ортодокс католиктер арасында папаның жаза баспайтыны туралы жаңа догматқа қарсы ашу-ызасы, екінші жағынан шіркеу облысының жойылуы және Римде папаның тұтқындалуы деп аталған нәрсе[261] католицизмнің барлық пәрменді күштерін тығызырақ топтасуға мәжбүр етті. Сөйтіп, соғыстың кезінде-ақ, 1870 жылы күзде Пруссия ландтагында өз ерекшелігі бар католиктік орталық партиясы құрылды; 1871 жылы бірінші герман рейхстагына ол тек 57 адам өткізді, бірақ, жүзден асып түскенше, әр жаңа сайлау сайын күшейе берді. Бұл партия барынша әр қилы элементтерден құралды. Пруссияда оның басты күші өздеріне әлі де болса «еріксіз пруссакқа айналғандар» ретінде қарайтын Рейн ұсақ шаруалары болды; мұнан кейінгілер — Вестфалияның Мюнстер және Падерборн епископтықтарының және католиктік Силезияның католик помещиктері мен шаруалары еді. Екінші ірі контингент оңтүстік герман католиктерінен, әсіресе баварлықтардан жинақталды. Орталықтың күші, алайда, көбіне-көп католик дінінде емес-ті, одан да гөрі оның енді Германияда үстемдік етуден дәмеленген өзінше бір үлгідегі пруссактықты халық бұқарасының жек көрушілігін білдіретінінде еді. Бұл жақ-

* — сөзсіз. *Ред.*

тырмау католиктік жерлерде әсіресе айқын байқалды, мұнымен бірге онда енді Германиядан тыс қалдырылған Австрияға іш тартушылық байқалды. Осы екі белгілі ағымға сәйкес орталық батыл партикулярлық және федералистік позиция ұстанды.

Орталықтың бұл негізінен антипрустық сипатын, рейхстагтың ұлттық және жалпы сипаттағы себептер бойынша қарсы болған социал-демократтардай емес, жергілікті мүдделерге бола Пруссияға қарсы пиғылда болған басқа ұсақ фракциялары дереу танып білді. Тек католиктер — поляктар мен эльзастықтар — ғана емес, тіпті протестант-вельфтер[262] де орталық партиясымен тығыз одаққа кірді. Буржуазиялық-либералдық фракциялар ультрамонтандар дейтіндердің шын сипатын ешқашан анық ұғына алмаса да, олар орталықты «отанды білмейтіндер» және «империяға дұшпандар» деп атағанда жағдайдың шын мәнін қалай болғанда да едәуір түсінетінін байқатты...*

*1887 жылы декабрьдің аяғында,—*
*1888 жылғы мартта жазылған*

*Бірінші рет мына журналда жарияланған:*
*«Die Neue Zeit», Bd, 1, №№ 22—26,*
*1895—1896*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып*
*отыр, 2-басылуы, 21-том, 419—479-беттер*

---

— Осы жерде қолжазба үзіледі. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# 1891 ЖЫЛҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРОГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫНА СЫН ЖӨНІНДЕ[263]

Қазіргі жоба бұрынғы программаға қарағанда барынша жақсы көрінеді[1]. Күні өткен дәстүрдің күшті қалдықтары — лассальшылдыққа тән, сондай-ақ тұрпайы социалистік дәстүрлердің қалдықтары — негізінен алғанда жойылған, теориялық жағынан бұл жоба жалпы алғанда қазіргі заманғы ғылым негізінде жасалған, мұның өзі оны осы негізде талқылауға мүмкіндік береді.

Жоба үш бөлімге бөлінеді: I. Дәлелдеме бөлімі. II. Саяси талаптар. III. Жұмысшылардың праволарын қорғауға қатысты талаптар.

## I. ОН АБЗАЦТАН ТҰРАТЫН ДӘЛЕЛДЕМЕ БӨЛІМІ

Жалпы алғанда оның кемшілігі біріктіруге келмейтін екі нәрсені: әрі программа, әрі программаға *түсіндірме* болуды біріктіруге тырысады. Егер қысқа әрі көз жеткізе жазылса, онша түсінікті болмас деп қауіптенеді де, текске түсіндірме сөздер қосады, мұның өзі баяндауды көп сөзді, шұбалаңқы қылып жібереді. Менің ойымша программа мүмкіндігінше қысқа және анық жазылуы керек. Мұнда тосыннан қарағанда мәнін түгел түсіне қою қиын болатын кейбір шетелдік сөз не сөз тіркесі оқтатекте кездесіп қалатын болса, одан ештеңе бүлінбейді. Жиналыстарда айтылатын баяндамалар, баспасөзде жазылатын түсіндірмелер қажет болғанның бәрін береді, сонда барып қысқа айтылған, ұтқыр сөздер, түсініп алынғаннан кейін, ойда қалады да, ұранға айналады, ал көп сөзді пайымдаулар ешқашан бұлай болмайды. Баршаға түсінікті етемін деп соншама әуреленуге болмайды, біздің жұмысшыларымыздың ақыл-ой қабілеті мен білім дәрежесін де жете бағаламауға болмайды. Олар ең қысқа, ең тұжырымды программаның бере алатын нәрселерінен анағұрлым қиын нәрселерді де түсінген болатын; ал егер қозғалысқа жаңадан қосылған бұқара арасына жан-жақты

білімдер тарату ісіне ерекше зан[23] дәуірі қиындық келтірген, ал кей жерлерде оған тіпті мүмкіндік бермей қойған болса, қазір, біздің насихаттық әдебиетімізді қайтадан ешбір кедергісіз сақтауға және оқуға болып отырған кезде, жаңағы олқылық байырғы кадрлардың басшылығымен тез толтырылатын болады.

Мен бүкіл осы бөлімді неғұрлым қысқаша баяндауға тырысамын және егер мұның сәті келсе, оны қосымша етіп беремін, не кейін жіберемін, ал қазір 1-шіден 10-ға дейінгі жеке абзацтарға көшейін.

*1-абзац.*— «Рудниктерді, шахталарды, кен қазылатын жерлерді» *«бөлу»* т. б. деген жердегі бір ғана ұғымды білдіретін үш сөздің екеуін тастау керек. Мен *рудниктерді* [Bergwerke] ғана қалдырар едім,— бізде олар тіпті ең тегіс жазықта болатын болса да, осылай аталады ғой,— сөйтіп бұлардың бәрін осы ең көп қолданылатын сөзбен атар едім. Оның есесіне *«темір жолдар және басқа да* қатынас құралдарын» деген сөздерді қосар едім.

*2-абзац.*— Бұл жерге мен: *«Қоғамдық* еңбек құралдарын *иемденіп алушылардың* (немесе *оларды иеленушілердің)* қолында» деген сөздерді, сонымен қатар төменірек «еңбек құралдарын *иеленушілерден* (немесе *иемденіп алушылардан)* тәуелділік» деген сөздерді қосар едім және т. б.

Бұл мырзалардың осы құралдардың бәрі түгелімен өздерінің *«дара* иелігіне» қосып иемденіп алғаны жоғарыда 1-пунктте айтылған, ал мұнда «монополистер» деген сөзді қалайда енгізу көзделгендіктен ғана, тағы да қайталанып тұр. Екі сөздің екеуі де мағынаға мүлде ештеңе қоспайды. Ал программадағы басы артық сөздер оны әлсіретеді.

«Қоғамның *өмір сүруіне қажетті* еңбек құралдары»

— бұл әрқашан нақ сол бар нәрселер. Бу машинасы шыққанға дейін жұрт онсыз да тіршілік еткен болатын, ал қазір онсыз мүмкін болмас еді. Өйткені біздің заманымызда еңбек құралдарының бәрі тура не жанама түрде — не өзінің құрылысы бойынша, не қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде — *қоғамдық еңбек құралдары* болып табылатындықтан, бұл үш сөз қазіргі кезде бар нәрсе деген ұғымды жеткілікті дәрежеде білдіреді, жалған түсіндірулерге ешқандай желеу бермей, дұрыс білдіреді.

Егер бұл пункттің соңы Интернационал Уставының дәлелдеме бөлімінен алынған болса, мен мұны «әлеуметтік бақытсыздықтың (бұл № 1), ақыл-ой жағынан кемсіту мен саяси тәуелділіктің»* деп *толық* келтіргенді жөн көрер едім. Дене күші жағынан құлдырау әлеуметтік бақытсыздық ұғымына енеді, ал саяси *тәуелділік* дегеніміз факт, *саяси правосыздық* дегенге

* Қараңыз: осы басылуы, 2-том, 15-бет. *Ред.*

келетін болсақ *салыстырмалы түрде* ғана дұрыс болатын ділмарсыған сөз, сондықтан ол программада болмауға тиіс.

*3-абзац.* Бірінші сөйлемді менің пікірімше өзгерткен жөн.

«*Дара меншікшілердің үстем* кезінде»

Біріншіден, бұдан кейінгі айтылатын сөздер — экономикалық факт, сондықтан оны экономикалық тұрғыдан түсіндіру керек. Ал «дара меншікшілердің *үстемдігі*» деген сөз айтылып отырған жай бұл қарақшы банданың *саяси* үстемдігінен туған деген сияқты жалған түсінік туғызады. Екіншіден, бұл дара меншікшілердің қатарына «капиталистер мен ірі жер иеленушілер» ғана еніп қоймайды (солардан кейін келетін «буржуа» дегеннің мағынасы не? Бұл дара меншікшілердің үшінші табы болғаны ма? Ірі жер иеленушілер де «буржуа» болып табыла ма? Әңгіме ірі жер иеленушілер жайында болып отырған соң, Германияда біздегі саяси доңыздыққа өзіне тән реакциялық таңбасын түсіріп отырған феодализмнің орасан зор қалдықтарын елемей кетуге бола ма?). *Шаруалар* мен *ұсақ буржуалар* да ең болмағанда қазіргі кезде «дара меншікшілер»; бірақ олар программада еш жерде көрінбейді, сондықтан оларды әңгіме болып отырған дара меншікшілер категориясына мүлдем қоспайтындай етіп айту керек.

«Еңбек құралдарының қорлануы *және* каналушылардың күшімен жасалатын байлықтар»

«Байлық» дегеніңіз: 1) еңбек құралдарынан және 2) тіршілік заттарынан құралады. Сондықтан әуелі байлықтың бір *бөлігі* туралы айтып алып, одан кейін оның екінші бөлігін айтпай, тұтас байлық туралы айту, сөйтіп осы екеуін *және* жалғауымен әкеліп қосу деген сауатсыздық және қисынсыздық болады.

«*капиталистердің* қолында барған сайын тез... көбейіп отырады...»

Сонда жоғарыда айтқан «ірі жер иеленушілер» мен «буржуа» қайда қалған? Егер бұл жерде капиталистер ғана жеткілікті болса, жоғарыда да соларды ғана атау жеткілікті болатын еді. Ал егер егжей-тегжейлеп айтатын болсақ, онда жалғыз капиталистерді ғана атау мүлдем жеткіліксіз.

«Пролетарлардың саны мен *жоқшылық көруі* бірден-бірге өсіп келеді».

Бұл арада айтылғандай етіп кесіп айту дұрыс емес. Жұмысшылардың ұйымдасуы, олардың үнемі өсіп отырған қарсыласуы *жоқшылықтың* өсуіне мүмкіндігінше біраз кедергі жасайды. Ал анық өсе беретін нәрсе *өмір сүрудің қамтамасыз етілмеуі.* Мұны мен қосар едім.

*4-абзац:*

«Жеке меншікті капиталистік өндірістің өзінің негізінде болатын жоспарлылықтың жоқтығы»

деген сөз едәуір жақсартуды қажет етіп тұр. Маған капиталистік өндіріс қоғамдық форма ретінде, экономикалық фаза ретінде, *жеке меншікті* капиталистік өндіріс осы фазаның шеңберінде белгілі бір түрде кездесетін *құбылыс* ретінде белгілі. Бірақ *жеке меншікті* капиталистік өндіріс дегеннің өзі не? — Жеке кәсіпкердің жүргізетін өндірісі; ал мұның өзі бірден-бірге ілуде бір кездесетін нәрсе болып келеді ғой. Акционерлік қоғамдар жүргізетін капиталистік өндіріс дегеніміз енді *жеке меншік* өндіріс болудан қалып, көптеген біріккен адамдардың мүдделерін көздейтін өндіріс болып отыр. Егер біз акционерлік қоғамдардан өндірістің тұтас бір салаларын өзіне бағындырып алатын және монополиялайтын трестерге көшетін болсақ, онда бұл жерде *жеке меншікті* өндіріс қана емес, сонымен қатар *жоспарлылықтың жоқтығы да* қалады. *«Жеке меншікті»* деген сөзді сызып тастаңыздар, сонда бұл қолдануға келіп қалар.

«Халықтың қалың топтарының күйзелуі»

Буржуа мен ұсақ буржуаның күйзелуіне қайғыруды қоймай отырғанымыз сияқты болып көрінетін мұндай тақпақ сөздің орнына, мен «қала мен деревняның орта жіктерінің, ұсақ буржуа мен ұсақ шаруалардың күйзелуінің салдарынан дәулеттілер мен түгі жоқтардың арасындағы тұңғиықты одан әрмен кеңейте түседі (немесе терендете түседі)» деген жай фактіні ғана айтқан болар едім.

Екі қорытынды сөйлемнің екеуі де бір ғана нәрсені екі рет қайталайды. I бөлімге берген қосымшада мен өзгерту жобасын беремін*.

*5-абзац.*— «Себептерін» дегеннің орнына «оның себептерін» болу керек — сірә, бұл жаңылыс жазылып кеткен болар.

*6-абзац.*— «Рудниктер, шахталар, кен қазылатын жерлер» жөнінде жоғарыда 1-абзацқа берілген ескертпені қараңыз. *«Жеке меншікті өндіріс»* жөнінде жоғарыдағы ескертпені қараңыз. Мен бұл жерде былай деген болар едім: «Жеке адамдардың немесе акционерлік қоғамдардың мүдделері үшін жүргізілетін қазіргі заманғы капиталистік өндірісті бүкіл қоғамның мүддесі үшін және күн ілгері белгіленген жоспар бойынша жүргізілетін социалистік өндіріске айналдыру, оның үшін т. б. ...жасалатын... және тек сол арқылы ғана жұмысшы табының азат етілуі, ал сонымен бірге қоғамның барлық мүшелерінің тегіс азат етілуі жүзеге асырыла алады».

---

* Қараңыз: осы том, 480-бет. *Ред.*

*7-абзац.*— Мен I бөлімге берілген қосымшада ұсынылғандай етіп айтар едім*.

*8-абзац.*— «Таптық тұрғыдан саналы» дегеннің орнына — біздің ортамызда бұл қысқарту түсінуге әбден келетін бола тұрса да — мен оны түсінуді және шетел тілдеріне аударуды жеңілдету үшін «өзінің таптық жағдайын ұғынған жұмысшылармен», дер едім немесе осындай бір нәрсені айтқан болар едім.

*9-абзац.*— Қорытынды сөз: «...қояды... сөйтіп экономикалық қанау мен саяси езгінің күшін бір қолға біріктіреді».

*10-абзац.*— «Таптық үстемдікті» деген сөзден кейін «таптардың өздерін де» деген сөздер жетпей тұр. Таптарды жою — біздің негізгі талабымыз, таптарды жоймай тұрып таптық үстемдікті жою экономикалық тұрғыдан қарағанда,— мағынасыздық. «Баршаның тең праволы болуы үшін» дегеннің орнына мен «баршаның тең праволы және *тең міндетті* болуы» және т. б. сөздерді ұсынамын. *Тең міндетті* деу біз үшін буржуазиялық-демократиялық *тең праволарға* ерекше маңызды қосымша болып табылады, бұл сөздер олардың өзіне тән буржуазиялық мағынасынан айырады.

«Өзінің күресінде ...қабілетті» деген қорытынды сөзді мен сызып тастауды жөн көрер едім. Өзінің тиянақсыздығынан «бұлар жалпы халық атаулының жағдайын жақсартуға қабілетті (кім жөнінде айтылып отыр?) және...» ол бәрін де білдіре алады: қамқорлық баж салықтары мен сауда бостандығын, цехтар мен өнеркәсіптік әрекетке деген бостандықты, жер кредитін, айырбас банкілерін, міндетті түрде шешекке қарсы егу мен шешекке қарсы егуге тыйым салуды, алкоголизм мен спиртті ішімдіктерге тыйым салуды және т. б. және т. с. білдіре алады. Бұл жерде айтылуға *тиіс* нәрселер жоғарыдағы сөздерде айтылып өтті, ал тұтастай талап еткенде, біз оның әрбір жеке бөлегін де айтып отырғанымызды ерекше атап өтудің ешқандай қажеті жоқ; бұл меніңше әсерін бәсеңдетеді. Егер бұл сөз жеке талаптарға көшу есебінде қажет болатын болса, онда мысал үшін «социал-демократия өзін *осы мақсатқа жақындататын* талаптардың бәрі үшін күрес жүргізеді» деп айтуға болар еді («шаралар және ұйғарымдар» деген сөздерді қайталама сөздер ретінде сызып тастау керек). Немесе одан да жақсысы әңгіме болып отырған нәрсені тура айту керек, атап айтқанда, буржуазияның жасамай кеткенінің есесін толықтыру қажет деу керек; мен I бөлімге** қосымшада қорытынды сөзді осы рухта тұжырымдадым да. Мұны мен келесі бөлімге арнаған ескертпелеріме байланысты және менің онда жасаған ұсыныстарымды негіздеу үшін маңызды деп есептеймін.

---

* Қараңыз: осы том, 481-бет. *Ред.*

** Қараңыз: бұл да сонда. *Ред.*

## II. САЯСИ ТАЛАПТАР

Жобаның саяси талаптарында үлкен кемшілік бар. *Мұнда* айтылуға тиістінің өзі *айтылмай қалған.* Егер осы 10 талап түгелімен қанағаттандырылған болса, біздің қолымызда ең басты саяси мақсатымызға жету үшін қажет көптеген әр алуан құралдарымыз көп болып шыққанымен, осы мақсатымыздың өзіне жете алмаған болар едік. Халық пен оның өкілдігіне берілетін праволардың тұрғысынан қарағанда Герман империясының конституциясы 1850 жылғы Пруссия конституциясынан[239] алынған жай көшірме ғана, ал Пруссия конституциясының статьяларында ең әсіре реакция бейнеленген және ол конституция бойынша барлық билік үкіметтің қолында болады, палаталардың тіпті салықты қабылдамауға да правосы жоқ болып шығады, бұл конституция жөнінде үкімет, конституциялық жанжал[224] кезеңі көрсеткеніндей, ойына келгенін істей алады. Рейхстагтың праволары дәл сол Пруссия палатасының праволарындай, сондықтан да Либкнехт бұл рейхстагты абсолютизмнің бүркеніші деп атаған болатын. Осы конституцияның негізінде, оның заңдастыруы бойынша ұсақ мемлекеттерге бөлу негізінде, Пруссия мен Рейс-Грейц-Шлейц-Лобенштейннің[264] арасындағы «одақ негізінде, бұл одақтастардың бірінің қанша шаршы миль жері болса, оның екіншісінің сонша квадрат дюйм жері болатын осындай «одақ» негізінде — міне осы негізде келіп, «барлық еңбек құралдарын ортақ меншікке айналдырмақ болу» — барып тұрған мағынасыздық болады.

Бұл тақырыпқа жолау қауіпті нәрсе. Бірақ, солай бола тұрса да, мәселе қалай болған күнде де қозғалуға тиісті. Мұның қаншалықты қажет екенін нақ қазір социал-демократиялық баспасөздің көпшілігінде етек алып келе жатқан оппортунизм көрсетіп отыр. Социалистерге қарсы заңның қайталануынан қауіптеніп, немесе осы заңның үстем кезінде мезгілінен бұрын жасалған кейбір мәлімдемелерді еске алып, енді партия Германиядағы қазіргі заңды тәртіпті өзінің талаптарының бәрін бейбіт жолмен жүзеге асыруға жеткілікті деп мойындайтын еткісі келеді. Өздерін өздері және партияны «қазіргі қоғам социализмге ұласады» дегенге сендіреді; бұл жерде ол қоғам осы арқылы өзінің ескі қоғамдық тәртібіне сондай қажеттілікпен ұласпас па екен, ол осы ескі қабыршағын шаянның өз қабыршағын күштеп қирататыны сияқты зорлықпен жыртып тастауға тиісті емес пе екен, оның Германияда бұған қоса әлі жартылай абсолюттік және сонымен қатар адам айтқысыз шытырман саяси құрылыстың бұғауын қиратуына тура келіп тұрған жоқ па екен дегенді ойланбайды. Халық өкілдігі бүкіл өкімет билігін өз қолына алып отырған елдерде, егер тек халықтың көпшілігі өзінің соңына еретін болса конституциялық жолмен ойлағаныңның бәрін істеу-

ге болатын елдерде: Франция мен Америка сияқты демократиялық республикаларда және династияның ақшалай қарымтасын алып, таяуда тақтан бас тарту мәселесі баспасөз бетінде күнде талқыланып жатқан, бұл династия халықтың еркіне қарсы ештеңе істей алмайтын Англия сияқты монархияларда ескі қоғам жаңа қоғамға бейбіт ұласа алады деп ойлауға болар еді. Бірақ үкімет толық күшінде дерлік жағдайда отырған, ал рейхстаг пен өзге өкілдік мекемелерінің бәрінде нақты өкімет билігі жоқ Германияда,— міне осы Германияда осы айтылған сияқты бір нәрсені жариялау, жариялағанда да ешбір қажетсіз жариялау деген абсолютизмнің жалған бүркенішін алып тастап, оның жаланаштығына өзі бүркеніш болу болып табылады.

Мұндай саясат, түптеп келгенде, партияны жалған жолға түсіріп жіберуі ғана мүмкін. Алдыңғы қатарға жалпы, абстрактылы саяси мәселелерді қояды да, сөйтіп, алғашқы ірі оқиғалардың тұсында-ақ, бірінші саяси дағдарыстың өзінде-ақ өздігінен келіп күн тәртібіне қойылатын таяудағы нақты мәселелерді бүркемелейді. Бұдан партияның шешуші кезеңде кенеттен дәрменсіз болып қалуынан, шешуші мәселелер жөнінде бұл мәселелер ешқашан талқыланбағандықтан онда түсінбеушілік үстем болып, бірлік жоқ болуынан басқа не шыға алады? Кезінде қамқорлық баж салықтары жөнінде болған нәрсе тағы да қайталанбай ма? — бұларды ол кезде буржуазияға ғана қатысты, ал жұмысшыларға ешқандай қатысы жоқ мәселе деп жариялағанды, демек, ол кезде әркім өз білгенінше дауыс бере алатын, ал қазір көбі бұған тура қарама-қарсы пікірде және протекционизмге салынған буржуаға қарсы Кобден мен Брайттың экономикалық софизмдерін қайтадан ұсынуда, сөйтіп таза социализм деп нағыз манчестерлікті[265] уағыздауда. Осы бүгінгі күннің өткінші мүдделеріне бола ұлы, негізгі ойларды ұмыт қалдыру, бұл өткінші табыстардың соңына түсу және бұдан арғы нәтижелерін еске алмай, сол өткінші табыстар үшін күресу, бұл қозғалыстың болашағын бүгінгісіне құрбан ету,— мүмкін, «адал» дәлелдерге бола болып жатқан болар. Бірақ мұның өзі оппортунизм және оппортунизм болып қала береді, ал «адал» оппортунизм, тегі, басқа оппортунизмдердің бәрінен де қауіпті келеді.

Міне осы қытықты, бірақ өте мәнді пункттер қандай?

*Біріншіден.* Егер ешқандай күмәнданға болмайтын бір мәселе бар болса, ол — біздің партиямыз бен жұмысшы табының демократиялық республика сияқты саяси форма жағдайында ғана үстемдікке жете алатыны. Ұлы француз революциясының көрсеткеніндей пролетариат диктатурасына тіпті тән форма осы демократиялық республика болып табылады. Біздің ең жақсы адамдарымыздың император тұсында Микель сияқты министрлер болуы мүлдем ақылға сыймайтын нәрсе ғой. Рас, заңдар тұрғысынан қарағанда программаға республика талабын тура-

дан тура енгізу деген, Францияда мұның өзі тіпті Луи-Филипп тұсында мүмкін болған, ал Италияда қазірдің өзінде мүмкін болып отырған болса да, рұқсат етілмейтін сияқты. Бірақ Германияда тіпті ашықтан-ашық республикалық партиялық программаны ашық ұстанып шығуға да болмайтындығы осы елде алаңсыз бейбіт жолмен республика орнатуға, тіпті республиканы ғана емес-ау, сонымен қатар коммунистік қоғам орнатуға болады-мыс деген жалған үміттің қаншалықты күшті екенін дәлелдейді.

Әйтсе де республика туралы мәселеге ең болмағанда, соқпауға болады. Бірақ, меніңше, программаға енгізілуі керек және енгізуге болатын нәрсе — *бүкіл саяси өкіметті халық өкілдігінің қолына жинақтау* талабы. Ал мұның өзі онан әрі баруға болмайтын болған күнде, әзірге жеткілікті болған болар еді.

*Екіншіден.* Германияның мемлекеттік құрылысын қайтадан құру. Бір жағынан, ұсақ мемлекеттерге бөлінуді жою керек: Бавария мен Вюртембергтің резерваттық праволары[256] әлі болып тұрғанда, ал қазіргі Тюрингияның картасы барынша қораш болып тұрғанда қоғамды революцияшылдандырып қараңыз! Екінші жағынан, Пруссия өзінің өмір сүруін тоқтату керек, Германияның еңсесін өзіне тән пруссакшылдық енді баспайтын болуы үшін оның өзін өзі басқаратын провинцияларға ыдырауы керек. Ұсақ мемлекеттерге бөліну мен өзіне тән пруссакшылдық — қазір Германияны қыспаққа алып отырған қарама-қарсылықтың екі жағы міне осы екеуі, оның үстіне осы екеуінің біреуі екінші жағының болуының үнемі кешірімі мен ақталуы болуға тиісті.

Бүгінгі Германияның орнына не болу керек? Меніңше, пролетариат біртұтас және бөлінбейтін республика формасын ғана қолдана алады. Федерациялық республика қазіргі күнде де, жалпы алғанда, Құрама Штаттардың ұлан-ғайыр территориясында, олардың шығысында қазірден-ақ кедергі бола бастағанмен, қажеттілік болып табылады. Ондай республика, екі аралда төрт ұлт тұрған және парламентінің бірлігіне қарамастан, бірімен-бірі қатар үш заң системасы бар Англияда ілгері басқан қадам болған болар еді. Кішкене ғана Швейцарияда ол көптен бері кедергі болып келеді, егер онда федерациялық республиканың болуына әлі де төзе беруге болатын болса, оның себебі, Швейцария европалық мемлекеттік системаның таза енжар мүшесі ғана болу роліне қанағат еткендігінен болып отыр. Ал Германия үшін оны федералистік швейцарияландыру кері қарай барынша шегіну болар еді. Одақтық мемлекетті әбден біртұтас мемлекеттен ерекшелейтін екі пункт бар, атап айтқанда: одаққа енетін әрбір жеке мемлекеттің, әрбір кантонның өзінің өзгеше азаматтық және қылмысты істер жөніндегі заңы, өзінің өзгеше сот құрылысы болады, ал одан кейін халық палатасымен қатар мемлекеттерден болатын өкілдер палатасы болады және онда

әрбір кантон өзінің үлкен-кішілігіне қарамастан өзінше дауыс береді. Мұның біріншісінен біз аман өттік, сондықтан оны қайтадан енгізетіндей соншалық аңқау адамдар болмайық; екіншісі бізде Одақтық совет түрінде бар, біз онсыз да жақсы өмір сүре аламыз, ал жалпы алғанда біздің «одақтық мемлекетіміздің» өзі қазір әбден біртұтас мемлекетке көшу болып шығып отыр. Сондықтан біздің міндетіміз 1866 және 1870 жылдары жоғарыдан жасалған революцияны кері бұру емес, қайта оған төменнен жасалатын қозғалыс арқылы қажетті қосымша енгізу, оны жақсарту болып табылады.

Сонымен, біртұтас республика. Бірақ 1798 жылы орнатылған императорсыз империядан өзгешелігі жоқ қазіргі Француз республикасы сияқты республика[266] емес. 1792 жылдан 1798 жылға дейін әрбір француз департаменті, әрбір қауым американ үлгісі бойынша толық өзін өзі басқарумен пайдаланып келді, осының өзі бізде де болуы керек. Өзін өзі басқаруды қалай ұйымдастыру керегін және бюрократиядан қалай аулақ болу керегін бізге Америка мен бірінші Француз республикасы көрсетіп, дәлелдеп берген еді, ал қазір оны Австралия, Канада және басқа да ағылшын отарлары көрсетіп отыр. Ал мұндай провинциялық және қауымдық өзін өзі басқару — мәселен, швейцариялық федерализмнен гөрі, анағұрлым еркін мекемелер, бұнда, рас, кантон жалпы федералдық мемлекеттен өте тәуелсіз болады, бірақ округ жөнінде де, қауым жөнінде де тәуелсіз болып шығады. Кантондық үкіметтер округтік бастықтарды, префектілерді тағайындайды, ал мұның өзі ағылшын тілдес елдерде атымен жоқ, сондықтан біз өзімізде келешекте пруссиялық ландраттар мен регирунгсраттарды нақ сондай батыл жоюымыз керек.

Осы айтқандарымыздың бәрінен программаға енгізілуі керек нәрсе аз ғана. Менің мұны ескерткендегі негізгі ойым, ондай нәрселерді ашық айтуға болмайтын Германиядағы тәртіптерді сипаттау еді және осы арқылы ондай тәртіптерді жария жолмен коммунистік қоғамға айналдырғысы келетіндердің өзін өзі алдауын баса көрсету еді. Мұнан әрі мен Партияның басқармасына заң шығару ісіне халықтың тікелей қатысуы және тегін әділ сот құру ісінен—түптеп келгенде біз бұларсыз-ақ өмір сүре аламыз — өзге де маңызды саяси мәселелер бар екенін ескерткім келеді. Жағдайдың жалпы алғанда тұрақсыз кезінде бұл мәселелер бүгін болмаса ертең көкейтесті шұғыл мәселелерге айналуы мүмкін, сонда егер біз оларды күні бұрын талқылап алмасақ, бұл жөнінде өзара келісіп алмасақ, не болады?

Алайда программаға енгізуге болатын және тура айтуға болмайтын нәрсені жанамалай болса да меңзеу болатын нәрсе дегеніміз мынадай талап:

«Жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған чиновниктер арқылы провинцияда, округте және қауымда толық өзін

өзі басқару тәртібін орнату. Мемлекет тағайындайтын жергілікті және провинциялық өкімет орындарының бәрін болдырмау».

Жоғарыда қаралған пункттерге байланысты тағы қандай программалық талаптарды тұжырымдауға болатын-болмайтынын білу жергілікті жерлерде отырған сіздерге қарағанда маған қиындау. Бірақ бұл мәселелерді әзір кеш болмай тұрғанда партия ішінде талқылап алу жөн болар еді.

1) «Сайлау правосы мен дауыс беру правосы» арасындағы, сондай-ақ «сайлау мен дауыс беру» арасындағы айырмашылық деген маған түсініксіз. Егер ондай айырмашылық жасауға қажет болған болса, онда мұны ең болмағанда анығырақ айту немесе жобаға берілетін түсіндірмеде түсіндірген жөн болар еді.

2) «Халықтың заң жобаларын енгізу және оларды қабылдатпай тастау правосы». *Неге қатысты айтылып отыр?* Барлық заңдарға қатысты ма немесе халық өкілдігінің қаулыларына қатысты ма? Мұны қоса айту керек еді.

5) Шіркеуді мемлекеттен толық ажырату. Діни қоғамдардың бәріне бірдей мемлекет жеке бірлестіктер ретінде қарайды. Оларға мемлекет қаржысынан ешқандай көмек көрсетілмейді және олар мемлекеттік мектептерге ешқандай ықпал жүргізбейтін болады. (Олардың *өз* қаржысына *өз* мектептерін құруына, онда өздерінің былшылын оқытуына тыйым салу болмайды ғой.)

6) «Мектептің дүниелік сипаты болуы» туралы пункт бұлай болған жағдайда қалады, ол осының алдындағы параграфқа жатады.

8) және 9) Бұл арада мен мыналарға назар аудартқым келеді: бұл пункттер 1) *адвокатураны,* 2) *дәрігерлік істерді,* 3) *аптектерді, тіс емдеу істерін, акушерлік істерді, аурухана істерін* және т. б. мемлекеттендіруді талап етеді, ал сонан кейін төменде жұмысшыларды қауіпсіздендіру істерін толық мемлекеттендіру де ұсынылады. Мұның бәрін Каприви мырзаға сеніп тапсыруға бола ма? Және мұның өзі жоғарыда жарияланған мемлекеттік социализм атаулының бәрінен бас тартумен үйлесе ме?

10) Бұл арада мен былай дер едім: «Мемлекеттегі, округтегі, қауымдағы барлық шығындарды өтеу үшін, бұл үшін салық салу қажет болғандықтан үдемелі... салық. Жанама мемлекеттік және жергілікті салықтардың бәрін, баж салықтарын және т. б. жою». Қалғандары — әсерлілігін бәсеңдететін басы артық түсіндірме немесе дәлелдеме.

## III. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

2-пунктке. Германияда, өзге елдердің қай-қайсысынан да гөрі, одақтар правосы *мемлекеттен* де қорғауды қажет етеді.

«Тәртіптеу үшін» және т. б. деген қорытынды сөйлемді тиісті

форма беріп, *4-пункт түрінде* толықтыру керек болар еді. Осыған байланысты еске салатын бір нәрсе: жартысы жұмысшылардан және жартысы кәсіпкерлерден құралған еңбек палаталары жөнінде біз ақымақтық жағдайда қалып қоюымыз мүмкін. Талай жылдар бойы көпшілік мұндай жағдайда үнемі кәсіпкерлер жағында болып шығар еді, бұл үшін жұмысшылар арасында бір қотыр қойдың болуы жеткілікті. Егер талас туа қалған жағдайларда *екі жақ* өзінің қорытындысын *өз алдына бөлек* береді деп ескертілмесе, кәсіпкерлер палатасы, ал *сонымен қатар тәуелсіз жұмысшылар палатасы* болғаны анағұрлым жақсы болар еді.

Аяқтай келе, мен жобаны, нақ осы III бөлім жөнінде кейбір нәрселер жақсырақ айтылған сияқты көрінетін француз программасымен[267] тағы да салыстырып шығуды өтінер едім. Өкінішке орай уақытым жетпегендіктен, испан программасын[268] таба алмай отырмын, ол да көптеген жағынан өте жақсы еді.

## I БӨЛІМГЕ ҚОСЫМША

1) «Шахталарды, кен қазылатын жерлерді» — алып тастау керек те, «темір жолдар мен басқа да қатынас құралдарын» енгізу керек.

2) Оларды иемденушілердің (немесе оларды иеленушілердің) қолында қоғамдық еңбек құралдары қанау құралдарына айналып отыр. Осыған байланысты жұмысшының еңбек құралдарын, яғни тіршілік көздерін иемденіп алушыларға экономикалық жағынан бағыныштылығы барлық формалардағы құлдықтың: әлеуметтік бақытсыздықтың, ақыл-ой жағынан кемсітушіліктің, саяси тәуелділіктің негізі болып отыр.

3) Осы қанаудың үстемдігі тұсында қаналушылар жасайтын байлықтың қанаушылардың — капиталистер мен ірі жер иеленушілердің қолында қорлануы барған сайын тезірек өсе береді; еңбек өнімдерінің қанаушылар мен қаналушылар арасында тең бөлінбеуі барған сайын өсе түседі, пролетариаттың саны мен оның тіршілігінің қамтамасыз етілмеуі өсе береді және т. б.

4) *«Жеке меншік»* (өндіріс) сызып тастау керек... одан сайын нашарлата түседі... қала мен деревняның орта жіктерінің, ұсақ буржуа мен ұсақ шаруалардың күйзелуі салдарынан дәулеттілер мен мүліксіздердің арасындағы тұңғиықты ұлғайта (немесе тереңдете) түседі, жалпыға бірдей тұрақсыз жағдайды қоғамның қалыпты жайына айналдырады, сөйтіп, мұның өзі еңбектің қоғамдық құралдарын меншіктенуші таптың шаруашылық және саяси басшылыққа бейімі мен қабілеттілігінен айрылғанын дәлелдейді.

5) «оның» себептерін.

6) ...жеке адамдардың немесе акционерлік қоғамдардың мүдделерін көздеп жүргізілетін капиталистік өндірісті бүкіл қоғам-

ның мүдделері үшін және күн ілгері белгіленген жоспар бойынша жүргізілетін социалистік өндіріске айналдыру да,— айналдыру болғанда бұған қажетті материалдық және рухани жағдайларды капиталистік қоғамның өзі жасайтын және сол қоғам арқылы ғана жұмысшы табының азат етілуі, ал сонымен қатар қоғамның барлық мүшелерінің тегісімен азат етілуі жүзеге асырылатын айналдыруды.

7) Жұмысшы табын азат ету жұмысшы табының өзінің ісі ғана болмақ. Әлбетте, ол өзінің азат етілу ісін капиталистерге де, ірі жер иеленушілерге де, өздерінің қарсыластары мен қанаушыларына, ірі қанаушылардың бәсекесі арқылы жаншылып жатқан сөйтіп: не ірі қанаушылар жағына, не жұмысшылар жағына шығудың біреуін ғана қалауы керек болып отырған ұсақ буржуа мен ұсақ шаруаларға да сеніп тапсыра алмайды*.

8) ...өзінің таптық жағдайын ұғынған жұмысшылармен бірге және т. б.

9) ...жағдайға қояды... және осы арқылы жұмысшыны экономикалық жағынан қанау мен саяси жағынан езу күшін бір қолға біріктіреді.

10) ...таптық үстемдікті және таптардың өздерін** және баршаның бірдей тең праволы және тең міндетті болуы үшін және т. б. ...шыққан тегіне (соңын сызып тастау керек). Алайда оның адамзат... үшін күресуіне Германияның артта қалған саяси тәртіптері кедергі жасайды. Ең алдымен ол қозғалысқа еркін арена жеңіп алуға тиіс, феодализм мен абсолютизмнің көптеген қалдықтарын жоюға тиіс, қысқасы, неміс буржуазияшыл партиялары бұл үшін тым қорқақ болғандығынан және қазір де солай болып отырғандығынан орындай алмай отырған жұмысты істеуге тиісті. Сондықтан ол ең болмағанда қазіргі кезде өзінің программасына басқа мәдениетті елдерде буржуазияның өзі жүзеге асырып отырған талаптарды да енгізуге тиісті.

*1891 жылғы июньнің 18-і мен 29-ы арасында жазылған*

*Алғаш рет (қосымшасыз) мына журналда жарияланған: «Die Neue Zeit», Bd. 1, № 1, 1901—1902 және толық түрінде орыс тілінде К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларында жарияланған, 1-басылуы, XVI том, II бөлім, 1936 ж.*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 227—243-беттер*

---

* Осы сөздердің аяқ жағы «не шығуға» деген сөздерден бастап сызылып тасталған: «осы соңғыларға жармасуға, не пролетариаттың қатарына түсуге, демек, не жұмысшы табының дұшпаны болуға, не оның қосымшасы болуға» деген сөздердің орнына қарындашпен жазылған. *Ред.*

** «Және таптардың өздерін» деген сөздер қарындашпен жазылған. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# «АНГЛИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ» 1892 ЖЫЛҒЫ НЕМІСШЕ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Неміс оқушысының назарына тағы да ұсынылып отырған бұл кітап алғаш рет 1845 жылдың жазында жарыққа шыққан еді*. Оның ұнамды жақтарында да, ұнамсыз жақтарында да автордың жастығының әсерлері бар. Мен ол кезде 24 жаста едім; қазір одан үш есе үлкенмін, бірақ жас шағымда жазылған бұл еңбегімді қайтадан оқып шыққанда, ол үшін қызаратын ештеңем жоқ екен деп отырмын. Сондықтан да ондағы жастық белгілерін ешқандай дәрежеде де өшірмек емеспін. Оны өзгертпестен оқушыға қайтадан ұсынамын. Мен тек оның кейбір онша анық емес жерлерін неғұрлым дәлірек етіп тұжырымдадым да, бірер жерінде беттің аяғына осы (1892) жылмен белгіленген қысқаша ескертулер қостым.

Бұл кітаптың тағдыры жайында бар айтарым: ол 1887 жылы Нью-Йоркте ағылшынша аудармада (Флоренс Келли-Вишневецкая ханымның аудармасы) басылып шыққан-ды және сол аударма 1892 жылы Лондонда Суон Зонненшайн мен К°-де қайтадан басылып шыққан. Америкадағы басылуына берілген алғы сөз** Англиядағы басылуына берілген алғы сөзге*** негіз болды, ал соңғы алғы сөз немісше басылуына беріліп отырған осы алғы сөздің негізіне алынды. Қазіргі заманғы ірі өнеркәсіп өзі пайда болған елдердің бәрінде олардың экономикалық қатынастарын мейлінше теңгеретіні соншалық, менің неміс оқушысымен американ немесе ағылшын оқушысынан басқаша сөйлесуім керек бола қоймас деймін.

Бұл кітапта суреттелген жағдай, ең болмағанда Англияға қатысты болғандықтан да,— қазіргі кезде көбінесе өткен кезге тән нәрсе болып табылады. Қазіргі саяси экономияның заңдары-

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 231—517-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 345—353-беттер. *Ред.*

*** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 272—285-беттер. *Ред.*

ның бірі, біздегі жалпы қабылданған оқулықтарда мұның өзі айқын тұжырымдалмаған болса да, мынада болып отыр: капиталистік өндіріс неғұрлым жоғары дамыған сайын, ол өз дамуының төменгі сатыларына тән уақ-түйек өтірік айту, алдап кету сияқты тәсілдерді соғұрлым аз қолданатын болады. Европа саудасының ең төменгі даму сатысындағы өкілі болып табылатын поляк еврейінің уақ-түйек қулықтары, өзінің туған жерінде оған соншалықты пайдалы келетін және кең қолданып жүрген айлаамалдары ол Гамбургке немесе Берлинге бара қалған күнде қиыншылыққа ұшыратады. Нақ сол сияқты — ең болмағанда бұдан аз ғана бұрын — Берлиннен немесе Гамбургтен Манчестер биржасына бара қалған комиссионер, еврей болсын, христиан болсын, бәрібір, арзанға мақта жібін немесе мақта матасын сатып алу үшін, оған өзінің туған жерінде ысқаяқтық әккіліктің шыңы болып есептелетін оншама дөрекі болмағанмен, бәрібір тым мардымсыз қулықтар мен әдіс-айлалардан бас тартқан жақсы екенін аңғаратын. Ал ірі өнеркәсіптің өркендеуімен бірге Германияда да көп нәрселер өзгерген сияқты, әсіресе немістер Филадельфияда өнеркәсіптік Йенаны бастарынан кешіргеннен кейін[269], немістердің жұртқа әуелі товардың жақсы үлгілерін тықпалап, соңынан жаманын жіберсе, мұның өзі оларға ұнамай қоймайды деген ескілікті принципі беделден жұрдай болды! Шынында да, уақыт — ақша болып саналатын және белгілі бір деңгейдегі коммерциялық адалдық ізгілікке ұмтылудан емес уақыт пен еңбекті босқа кетірмеу үшін ғана қалайда болатын үлкен рынокта бұл сияқты айла-әдістер пайдаға аспайды. Англияда фабрикант пен оның жұмысшыларының арасындағы қатынастарда да істің жайы осылай болды.

Іскерлік тіршіліктің 1847 жылғы дағдарыстан кейінгі жандануы жаңа өнеркәсіп заманының басталуы болды. Астық жөніндегі заңдардың[84] жойылуы және одан туындамай қалмаған кейінгі финанс реформалары ағылшын өнеркәсібі мен саудасының өркендеуі үшін қажетті кеңшіліктер берді. Соның соңын ала Калифорния мен Австралияда алтын кендері ашылды. Отарлық рыноктардың ағылшын өнеркәсібінің товарларын сіңіру қабілеті барған сайын өсе берді. Ланкаширдің механикалық тоқыма станогы Индияның миллиондаған қол тоқымашыларының түбіне жетті. Қытайға ену барған сайын жеңілдей түсті. Бірақ бәрінен де Америка шапшаң дамыды, дамығанда да тіпті осы орасан зор прогресс елінің өзінде бұрын-соңды естілмеген қарқынмен дамыды; ұмытуға болмайтын бір жай сол, ол кезде Америка, рас, басқаларының бәрінен асып түскенімен, отарлық рынок қана болатын, яғни шикізат жеткізіп беріп, өнеркәсіп өнімдерін сырттан, айтылып отырған жағдайда Англиядан алатын ел болатын.

Және, ақырында, мұның алдында өткен дәуірдің аяқ кезінде пайда болған жаңа қатынас құралдары — темір жолдар мен мұ-

хит кемелері — енді халықаралық көлемде қолданылып, олар осы кезге дейін потенция түрінде ғана болып келген *дуние жүзілік* рынокты іс жүзінде құрып берді. Бұл дуние жүзілік рынок ол кезде әлі көбінесе немесе кілең ауыл шаруашылығымен шұғылданатын және бір ірі өнеркәсіпті орталықтың — Англияның — төңірегіне топтасқан бірнеше елдерден құралған еді, Англия олардың басы артық шикізаттарының денін өзі тұтынып, оның орнына олардың өнеркәсіп бұйымдарына деген қажеттерінің денін қанағаттандырып тұрды. Сонымен Англияның өнеркәсіптік прогресінің орасан зор, бұрын-соңды естілмеген прогресс болғаны соншалық, оның 1844 жылғы деңгейінің қазіргімен салыстырғанда бізге мүлде мардымсыз, тіпті алғашқы замандағы сәкілді болып көрінетіні таңданарлық нәрсе емес.

Ал осы өсудің өзі қандай шамада болған болса, фабрикалық өнеркәсіпте, тегі, сол шамада бір мораль нормалары жасалған сияқты. Фабриканттардың өзара бәсекесінде қолданылған жұмысшыларды ұсақ-түйектеп жеуі енді тиімсіз бола берді. Істің құлаш жаюы ақша табудың мұндай мардымсыз әдісінен енді асып кетті; миллионер-фабриканттың ол сияқты ұсақ айла-амалдарға уақытын кетіруден гөрі маңыздырақ істері болды, ондай амалдар енді бәсекенің құрбаны болып кетпеу үшін тырнақтап тиын жинауға мәжбүр болған ақшаға мұқтаж ұсақ кәсіпкерлерге ғана жарамды болып қалды. Сонымен, фабрикалық аудандарда еңбек ақыны товармен төлеу жүйесі жойылды да, он сағаттық жұмыс күні туралы заң[270] қабылданды, басқа да бірқатар кіші-гірім реформалар жүргізілді; олар еркін сауда мен тежеусіз бәсекеге тура қарама-қарсы рухта болғанымен, оның есесіне жай-жағдайы өзінен неғұрлым төменірек әріптестерімен бәсеке күресін жүргізетін ірі капиталистің мүдделеріне толық сай келіп отырды.

Оның үстіне, кәсіпорын неғұрлым ірі болып, ондағы жұмысшылар саны неғұрлым көп болған сайын жұмысшылармен арадағы әр түрлі дау-жанжалда істің зиян шегуі, қиыншылықтарға ұшырауы соғұрлым көп болып отырды. Міне, сондықтан бертін келе фабриканттардың, әсіресе олардың ірілерінің арасында, жаңа пікір пайда болды. Олар керексіз қақтығыстарға ұрынбаудың тәсілін біліп алды, тред-юниондардың болуын және олардың күшін үнсіз мойындайтын болды, тіпті ақыр аяғында, стачкалардың өзі уақытын тауып өткізілсе, олардың өз мақсаттарын жүзеге асырудың пәрменді құралы болатынын аңғарды. Бұрын жұмысшы табымен күреске мұрындық болған ең ірі фабриканттар енді жұрттың алдымен татулық пен жарастықты уағыздай бастады. Олардың бұлай ететін жөндері әбден бар еді.

Әділеттік пен адамгершілік жолында жасалған бұл кеңшіліктердің бәрі шынында капиталды аз адамның қолына шоғырландыруды жеделдетудің, әлгіндей қосымша табыссыз тіршілік ете

алмайтын ұсақ бәсекелестерді жоюдың құралы ғана еді. Мұндай аз ғана адамдар үшін бұрынғы жылдардағыдай ұсақ жемқорлықтың енді ешқандай маңызы қалмағандығы былай тұрсын, ол ауқымы кең істер үшін тіпті нағыз кедергі жасайтын болды. Сонымен,— ең болмағанда өнеркәсіптің басты-басты салаларында осылай болды, ал маңызы кемірек салалар жөнінде мұны айтуға болмайды,—капиталистік өндірістің дамуының өзі-ақ бұрынғы уақыттарда жұмысшының тағдырын барынша ауырлатқан ұсақ-түйек қыспақтардың бәрін жоюға жеткілікті болды. Сөйтіп жұмысшы табының жоқшылық көруінің себебі жаңағыдай ұсақ-түйек қысымдардан емес, *капиталистік системаның өзінен* болып отыр деген негізгі ұлы факт анықталған үстіне анықтала түсіп отыр. Жұмысшы капиталиске өзінің жұмыс күшін күніне белгілі бір ақыға сатып отырады. Бірнеше сағат жұмыс істеп, ол бұл ақының құнын өтеп шығады. Бірақ өз келісімінің шарттары бойынша жұмысшы әлі де бірнеше сағат жұмыс істеуге, сөйтіп жұмыс күнін түгел толтыруға тиіс; оның қосымша еңбегінің осы қосымша сағаттарында өндірген құны қосымша құн болып табылады, бұған капиталист түк шығармаса да, бұл қосымша құн соның қалтасына түседі. Цивилизациялы қоғамды барған сайын екіге жарып, бір жағына барлық өндіріс және тұтыну құрал-жабдықтарын меншіктенуші ат төбеліндей аз Ротшильдтер мен Вандербилттерді, екінші жағына өзінің жұмыс күшінен басқа ештеңесі жоқ жалдама жұмысшылардың орасан көп бұқарасын шығарып отырған системаның негізі осындай. Ал мұндай жағдай жұмысшыларға жасалған әлгіндей бір елеусіз қыспақтардан емес, сол системаның өзінен туындайтыны,— бұл факт — қазір Англиядағы капитализмнің дамуының барысында айқын көрініп отыр.

Мұнан соң. Оба, сүзек, шешек және басқа да эпидемиялық аурулардың барған сайын қайталануы ағылшын буржуасына, егер ол өзін және өз семьясын осы аурулардың құрбандығы болу қаупінен құтқарғысы келсе, өз қалаларының санитарлық жағдайын жақсартуы өте-мөте қажет екенін көрсетіп берді. Міне сондықтан да бұл кітапта суреттелген ең сорақы қиянаттар қазіргі кезде жойылған немесе ең болмағанда оншалық бадырайып көзге түсіп тұрмайды. Канализация жүргізілген немесе жақсартылған; көптеген ең жаман лашық үйлердің арасымен кең көшелер салынған: «Кіші Ирландия» жойылған, ендігі кезекте «Жеті тіл» тұр[271]. Бірақ мұның қандай мәні бар? Менің 1844 жылы тамаша десең де болғандай деп суреттеуіме болған тұтас бір аудандар, қазір қалалардың өсуімен байланысты, содан кем соқпайтын күйзеліске, ойсырауға, жоқшылыққа ұшырап отыр ғой. Қазір тек шошқалар мен үйінді қоқысты ғана көрмейсің. Буржуазия жұмысшы табының жоқшылық жағдайын жасыру өнерінде жаңа табыстарға жетті. Бірақ жұмысшылардың тұ-

ратын үйлері айтарлықтай ешқандай жақсарған жоқ, мұны корольдік комиссияның «кедейлердің тұрғын үй жағдайлары туралы» 1885 жылғы есебі әбден дәлелдейді. Басқа қай тұрғыдан болсын жағдай нақ осындай. Полиция бұйрықтары бұршақтай жауында, бірақ олар жұмысшылардың жоқшылық көруін шектей алатыны болмаса, оны жоя алмайды.

Бірақ егер Англия капиталистік қанаудың мен сипаттаған сол жастық шағынан қазір өткен болса, басқа елдер оған енді ғана жетіп отыр. Франция, Германия және әсіресе Америка — менің 1844 жылы болжап айтқанымдай, Англияның өнеркәсіптік монополиясын барған сайын әлсіретіп келе жатқан сұсты бәсекелестер міне осылар. Олардың өнеркәсібі Англияның өнеркәсібімен салыстырғанда жас, бірақ одан әлдеқайда тез қарқынмен өсуде; сөйтіп қазіргі уақытта ағылшын өнеркәсібінің 1844 жылғы даму сатысына жетіп қалды десе болғандай. Америка жөнінен айтсақ салыстыру өте-мөте таңдандырады. Әрине, Америкада жұмысшы табы тіршілігінің сыртқы жағдайлары Англиядағы осындай жағдайлардан мүлде басқаша, бірақ мұнда да, онда да жүретін экономикалық заңдар бірдей, сондықтан істің нәтижелері, барлық жағынан бірдей ұқсас болмағанымен, түптеп келгенде біркелкі қалыпта болуға тиісті. Міне сондықтан Америкада да жұмыс күнін неғұрлым қысқарту, әсіресе фабрикаларда істейтін әйелдер мен балалардың жұмыс уақытын заң жолымен шектеу үшін болып жатқан сол күресті көреміз; еңбекке товармен ақы төлеу жүйесінің және селолық жерлерде коттеджде жүйесінің[272], «босстар», капиталистер және олардың агенттері жұмысшыларға үстемдік етудің құралы ретінде пайдаланатын жүйенің кеңінен өріс алып отырғанын көреміз. 1886 жылы Коннелсвил округіндегі[273] Пенсильвания кеншілерінің ірі стачкасы жайында хабарлар басылған американ газеттерін алып оқығанымда, өзімнің 1844 жылғы Солтүстік Англиядағы көмір қазушылардың стачкасын суреттеп жазғанымды* оқып отырғандай болдым. Мұнда да дәл сондағыдай жалған өлшемдер мен таразылар арқылы жұмысшыларды алдап соғу; дәл сондағыдай еңбекке ақыны товармен төлеу жүйесі, дәл сондағыдай кеншілердің қарсыласуын жұмысшыларды компанияның меншігіндегі тұрғын үйлерден қуып шығу сияқты капиталистердің ең соңғы, бірақ ойсыратып кететін шарасын қолдану арқылы басып тастау әрекеті.

Осы басылуында да, ағылшын тілінде шыққан басылуларында да мен кітаптың баяндауын осы кезге дейін жеткізуге, яғни 1844 жылдан бері болған барлық өзгерістерді егжей-тегжейлі атап көрсетуге әрекеттенген жоқпын. Олай етпеуіме екі себеп

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 475—481-беттер. *Ред.*

болды: біріншіден, онда кітаптың көлемін екі есе ұлғайтуыма тура келер еді,— ал екіншіден, Маркстің «Капиталының»* бірінші томы Англиядағы жұмысшы табының 1865 жылдар шамасындағы, яғни Англияның өнеркәсіп жағынан өркендеуі өзінің шыңына жеткен кездегі жағдайын әбден толық баяндайды. Әлгіндей еткенде Маркстің айтқандарын менің қайталауыма тура келер еді.

Философиялық, экономикалық және саяси тұрғыдан алғанда бұл кітаптың жалпы теориялық көзқарасы менің қазіргі көзқарасыммен әсте де толық үйлеспейтінін айтып жатудың қажеттігі бола қояр ма екен. 1844 жылы қазіргі халықаралық социализм әлі жоқ еді, ал одан бері ол ең алдымен және түгелдей дерлік Маркстің күш салуы арқасында ғылым болып толық дамыды. Менің кітабым оның эмбриондық дамуының бір кезеңі ғана. Адам ұрығы өз дамуының ең бастапқы сатыларында біздің арғы тегіміз—балықтың желбезек доғаларын қайталайтыны сияқты, бұл кітаптың да кез-келген жерінен қазіргі социализмнің өзінің арғы тектерінің бірі — немістің классикалық философиясынан шыққандығының іздері байқалып отырады. Мәселен, бұл кітапта, әсіресе оның соңғы жағында, коммунизм дегеніміз жұмысшы табының партиялық доктринасы ғана емес, ол түпкі мақсаты бүкіл қоғамды, оның ішінде капиталистерді де, қазіргі қатынастардың тар шеңберінен азат ету болып табылатын теория деген тезиске үлкен мән беріледі. Абстрактылы мәнінде бұлай деу дұрыс, бірақ практикада мұның өзі көп жағдайда пайдасыз ғана емес, тіпті жаман да болады. Дәулетті таптар, азат болуды ешқандай керексінбейтіндері былай тұрсын, тіпті жұмысшы табының өзін өзі азат етуіне бар күштерімен қарсы тұратын болғандықтан, әлеуметтік революцияны жұмысшы табының бір өзі әзірлеп, жүзеге асыруға тиіс. 1789 жылы француз буржуалары да буржуазияны азат етуді бүкіл адамзатты азат ету болып табылады деп жариялаған-ды; бірақ дворяндар мен дін басылары бұған көнгісі келмеді, сөйтіп бұл пікір — феодализм жөнінде сол кезде ол даусыз абстрактылы тарихи ақиқат бола тұрса да,— көп кешікпей нағыз көңілшектік сөзге айналып, революциялық күрестің от-жалынында мүлдем жоқ болды. Өздерінің қалтқысыз биік көзқарастарымен жұмысшыларға барлық таптық қайшылықтар мен тап күресінен биікте самғап жүретін социализмді уағыздайтын адамдар әлі бар. Бірақ бұлар не әлі де көп нәрсені үйренуге тиісті жаңа кіріскен адамдар, не болмаса жұмысшылардың қас жаулары, қой терісін жамылған қасқырлар.

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, *Ред.*

Үлкен өнеркәсіп дағдарыстарының циклі менің кітабымда бес жылдан деп есептелген. Оның мерзімі жөніндегі мұндай қорытынды 1825 жылдан 1842 жылға дейінгі оқиғалардың барысынан туған болса керек. Бірақ өнеркәсіптің 1842 жылдан 1868 жылға дейінгі тарихы шынында бұл дәуірдің он жыл болатынын, ал аралық дағдарыстар мәні кем дағдарыстар болғанын және олардың 1842 жылдан кейін бірте-бірте жоғала бастағанын көрсетті. 1868 жылдан бері істің жайы тағы да өзгерді, бірақ оған кейінірек тоқтаймыз.

Мен көптеген болжауларды, солардың ішінде Англияда әлеуметтік революцияның болатын кезі жақын деп, жастықтың қызуының ықпалымен айтылған болжауды текстен әдейі сызып тастамай отырмын. Өзімнің еңбегімді де, өзімді де ол кездегіден тәуірірек етіп көрсетейін деген ниет менде әсте жоқ. Мұндағы таңданарлық нәрсе, бұл болжаулардың әжептәуір көбінің дұрыс болмай шыққандығы емес, қайта соншалық көбінің дұрыс болып шыққандығы және ағылшын өнеркәсібінің континенттік және, әсіресе, американдық бәсекенің нәтижесінде дағдарысты жағдайға ұшырайды деп менің сонда болжап айтқаным — онда тек тым қысқа мерзімде болады деген болсам да,— қазір шын мәнінде басталып отыр. Бұл жағынан алғанда мен кітапты Англиядағы қазіргі жағдайға сәйкестендіруге міндеттімін. Осы мақсатпен мен бұл арада 1885 жылы 1 мартта Лондонның «Commonweal»[274] журналында ағылшын тілінде және неміс тілінде сол жылғы июньдегі «Neue Zeit»[21]-те (6-номері) басылып шыққан бір мақаламды* келтіріп отырмын.

«Бұдан қырық жыл бұрын Англия дағдарыс алдында тұрған еді, бұл дағдарыс тек зорлық арқылы ғана шешілетін сияқты болып көрінді. Өнеркәсіптің аса зор және тез дамуы сыртқы рынноктың ұлғаюы мен сұранымның өсуінен әлдеқайда асып кетті. Әрбір он жыл сайын өндірістің барысы жалпы сауда дағдарысынан күшпен тоқтатылып отырды, одан соңғы ұзаққа созылған үйреншікті тоқырау дәуірінен кейін қысқа мерзімді гүлдену дәуірі басталып, бұл дәуір әрқашанда жанталаса артық өндірумен аяқталды да, мұның ақыры жаңа күйреушілікпен тынып отырды. Капиталистер табы астық саудасының еркін жүруін қатты талап етті, әйтпесе қаланың аш адамдарын өздерінің келген селолық жерлеріне кейін жөнелтіп, талабымызды орындатамыз деп қорқытты және жөнелткенде, Джон Брайт айтқандайын, «нан сұрап жейтін кедейлер ретінде емес, жау жеріне орналасқан армия ретінде» жөнелтеміз десті. Қалалардың жұмысшы бұқарасы өздерін саяси билікке қатынастыруды—Халықтық хар-

---

* *Ф. Энгельс.* «Англия 1845 және 1885 жылдарда» (Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 198—205-беттер). *Ред.*

тияны[86]—талап етті; оларды ұсақ буржуазияның көпшілігі қолдады, ал бұл екеуінің арасындағы бір ғана пікір алалығы Хартияны жүзеге асыруға қалай жету керек: күш жұмсау жолымен бе, әлде заңды жолмен бе деген мәселе жөнінде ғана болды. Бұл екі арада 1847 жылдың сауда дағдарысы келді, Ирландияда аштық басталды, ал бұлармен бірге революцияның перспективасы да көрінді.

1848 жылғы Француз революциясы ағылшын буржуазиясын сақтап қалды. Жеңімпаз француз жұмысшыларының социалистік ұрандары ағылшын ұсақ буржуазиясының зәресін ұшырып, ағылшын жұмысшы табының неғұрлым тар шеңберде өтіп жатқан, бірақ көбінесе тікелей практикалық сипаты бар қозғалысына іріткі салды. Чартистік қозғалыс өзінің бар күшімен өрістеуге тиіс болған кезде іштей қираған болып шықты, мұның өзі оның 1848 жылғы 10 апрельде[88] сыртқы жеңіліске ұшырауынан бұрын болды. Жұмысшы табының саяси жұмысы артқы қатарға ығыстырылып тасталды. Капиталистер табы барлық шепте жеңіске ие болды.

1831 жылғы парламенттік реформа[83] бүкіл капиталистер табының жер иеленуші аристократияны жеңгендігі болды. Астық салығын жою *өнеркәсіп* капиталистерінің ірі жер иеленушілікті жеңуі ғана емес, сонымен бірге мүдделері жер иеленушіліктің мүдделерімен сай келетін немесе онымен тығыз байланысты капиталистер топтарын, яғни банкирлерді, биржашыларды, рантьелерді және басқаларын да жеңуі болды. Сауда еркіндігінің мәнісі Англияның бүкіл ішкі, сыртқы финанс және сауда саясатын өнеркәсіп капиталистерінің, енді ұлт атынан өкіл болып отырған таптың мүдделеріне сай қайта құру болды. Сөйтіп бұл тап іске жігерлене кірісті. Өнеркәсіп өндірісіне кездескен әрбір кедергі аяусыз жойылып отырды. Таможня тарифі мен бүкіл алым-салық жүйесінде түгелдей төңкеріс жасалды. Мұның бәрі тек бір ғана мақсатқа, мақсат болғанда, өнеркәсіп капиталистері үшін аса зор маңызы бар мақсатқа бағындырылды: шикізаттың барлық түрлерін, әсіресе жұмысшы табының тіршілік етуіне қажетті нәрсенің бәрін арзандату, арзан шикізат өндіру және жалақыны — егер *кемітуге* болмайтын болса,— төмен деңгейде қалдыру мақсатына бағындырылды. Англия «дүние жүзінің шеберханасы» болуға тиіс еді; ал басқа елдердің бәрі, Ирландия сияқты, Англия үшін оның өнеркәсіп бұйымдарын өткізетін рынноктарына, шикізатпен және азық-түлікпен жабдықтайтын жерлерге айналуға тиіс болды. Англия — ауыл шаруашылығымен айналысқан дүниенің өнеркәсіпті ұлы орталығы, астық пен мақта өндіретін, саны үнемі көбейе түсіп отыратын қосшылары айналып жүретін өнеркәсіп күні болмақ. Не деген ұлан-ғайыр перспектива десеңізші!

Өнеркәсіп капиталистері өздерінің бұл ұлы мақсатын жүзеге асыру ісіне алғыр ақылмен, дәстүрлі принциптер дегенге жирене қараушылықпен кірісті, ал мұның өзі олардың филистерлікке көбірек шалдыққан континенттік бәсекелестерінен әрқашанғы ерекшелігі болып табылады. Чартизм өліп бара жатты. Өнеркәсіптің жаңадан өркендей бастау дәуірі, 1847 жылғы күйреу толық жойылғаннан кейінгі жерде басталуы табиғи және өзінен-өзі түсінікті дерлік болған осы дәуір тек сауда еркіндігінің ықпалымен ғана туып отыр делінді. Осы екі себептің салдарынан ағылшын жұмысшы табы саяси жағынан алғанда «ұлы либерал партияның»—фабриканттар басшылық еткен партияның—соңынан салпақтайтын болып шықты. Бұл қол жеткен тиімді жағдайды мәңгілік баянды ету қажет болды. Ал сауда еркіндігінің өзіне емес, оны ұлттың бірден-бір өмірлік мәселесіне айналдыруға қарсы шыққан чартистердің қатаң оппозициясы болса, жұмысшы табының көмегінсіз ұлтқа толық әлеуметтік және саяси үстемдік етуге буржуазияның ешқашанда жете алмайтынын фабриканттарға көрсетіп берді және күн өткен сайын неғұрлым анық көрсетіп отыр. Сөйтіп екі таптың өзара қарым-қатынастары бірте-бірте өзгерді. Бір кезде фабриканттардың бәріне құбыжық болып көрінген фабрикалық заңдарды енді олардың ерікті түрде орындап отырғаны былай тұрсын, тіпті бұл заңдар азды-көпті дәрежеде өнеркәсіптің барлық салаларына жайылды. Күні кеше тамықтың туындысы деп саналып жүрген тредюниондарға енді фабриканттар әбден заңды мекемелер ретінде және жұмысшылар арасына ақылға қонымды экономикалық көзқарастарды таратудың пайдалы құралы ретінде көңіл бөліп, қамқорлық жасай бастады. Тіпті 1848 жылға дейін қудаланып келген стачкалар да енді кей ретте өте-мөте пайдалы деп, әсіресе қажетті кезінде фабрикант мырзалардың өздері туғызған кезде өте-мөте пайдалы деп танылды. Жұмысшыны оған жұмыс берушімен тең праволы болудан айырған заңдардың ішінен ең болмағанда жұртты барынша ашындыратындары жойылды, ал бір кезде соншалық қорқынышты көрінетін Халықтық хартия соңғы уақытқа дейін оған қарсы шығып келген сол фабриканттардың өздерінің саяси программасына айналды. *Мүлік цензін жою* және *жасырын дауыс беру* заң жолымен жүргізілді. 1867 жылғы[91] және 1884 жылғы[275] парламенттік реформалар ең болмағанда оның Германиядағы қазіргі түрінде *жалпыға бірдей сайлау правосына* мықтап жақындайды; қазір парламентте талқыланып жатқан сайлау округтеріне берілетін орындарды қайтадан бөлу жөніндегі жаңа заң жобасы *тең сайлау округтерін,* қалай болғанда да, жалпы алғанда теңдігі Франциядағыдан немесе Германиядағыдан кем соқпайтын округтер құрады. Қазірдің өзінде күмәнсыз жетістіктер ретінде таяудағы болашақта *депутаттарға ақы төлеу* көзделіп отыр, сол сияқты істің жайы

*жылма-жыл қайта сайланатын парламентке* әзірге жетпегенмен, мандаттардың мерзімі қысқартылмақ; міне, осының бәрін көре отырып, чартизм өлді дейтін адамдар бар.

1848 жылғы революцияның одан бұрын өткен көптеген революциялар сияқты тағдыры қызық болды. Карл Маркстің сүйсіне айтатынындай, бұл революцияны жаныштап басқандар енді келіп оның өсиеттерін орындаушыларға айналды*. Луи-Наполеон біртұтас және тәуелсіз Италияны құруға мәжбүр болды, Бисмарк Германияда өзінше төңкеріс жасап, Венгрияның біршама тәуелсіздігін қайтарып беруге мәжбүр болды, ал ағылшын фабриканттарына Халықтық хартияға заң күшін беруден тәуір ештеңе қалмады.

Англия үшін өнеркәсіп капиталистерінің бұл үстемдігінің нәтижелері әуел баста ғажап болды. Өнеркәсіп қайтадан жанданып, қазіргі заманның индустриясының бесігі болған бұл елдің өзінде де естілмеген шапшаңдықпен өркендей бастады. Бу мен машиналарды қолдану арқасында қол жеткен бұрынғы ғажайып табыстардың бәрі, өндірістің 1850 жылдан 1870 жылға дейінгі жиырма жыл ішінде мықтап өрлеуімен салыстырғанда, шетке шығарылған және шеттен әкелінген дүниенің молдығымен, капиталистердің қолында жинақталған өлшеусіз байлықпен, алып қалаларда шоғырланған адамдардың жұмыс күшінің көптігімен салыстырғанда, тұк болмай қалды. Рас, бұл өрлеу, бұрынғыдай, әрбір он жыл сайын қайталаған 1857 жылғы, сондай-ақ 1866 жылғы дағдарыстарға ұшырап, тоқтап қалып отырды; бірақ енді бұл қайталамалар болмай қоймайтын табиғи құбылыстар деп саналды, оған душар болуға тура келеді, бірақ соңынан түбінде бәрі бұрынғы арнаға қайта түседі деп есептелді.

Бұл дәуірде жұмысшы табының жағдайы қандай болды? Кейде тіпті қалың бұқараның да жағдайының жақсарған кездері болды. Бірақ жұмыссыздар резервінен орасан көп адамдар ағылып келіп жататындықтан, жаңа машиналар жұмысшыларды үнемі ығыстырып шығарып жататындықтан, сол сияқты ауыл шаруашылық жұмысшыларының ағылып келуінен,— бұларды да машиналар барған сайын ығыстырып шығарған болатын,— мұндай жақсарғандықтың өзі әрдайым қайтадан жоққа шығып отырды.

Тұрмыс жағдайының ұзақ уақытқа жақсарғанын біз жұмысшы табы ішінде артықшылықпен пайдаланатын екі категорияның ғана жағдайынан көреміз. Бірінші категорияға жататындар — фабрика жұмысшылары. Олардың қалыпты жұмыс күнінің біршама тиімді шегін заң жүзінде белгілегендік олардың денсаулығын, дене күшін біршама қалпына келтірді, оларға біраз мо-

---

* Қараңыз: *К. Маркс.* «1859 жылғы эрфуртшылдық» (*К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 432—434-беттер). *Ред.*

ральдық артықшылық берді, ал мұның өзі олардың белгілі бір жерлерге шоғырлануы себепті күшейе түсті. Бұлардың жағдайы 1848 жылға дейінгіден жақсы екені күмәнсыз. Мұны бәрінен де гөрі жақсы дәлелдейтін жағдай сол, олардың он стачкасының тоғызын өндірістің қысқаруын қамтамасыз етудің бірден-бір амалы ретінде өз мақсаттары үшін фабриканттардың өздері туғызады. Товарлары мүлде өтпей жатса да, фабриканттарды жұмыс уақытын қысқартуға ешқашан көндіре алмайсыз; бірақ жұмысшыларға стачка жариялатыңызшы, онда капиталистердің бірі қалмай өз фабрикаларын жауып тастайды.

Екінші категорияға жататындар — ірі тред-юниондар. Бұлар түгелдей немесе, ең болмағанда, басым көпшілігі *ересек еркектердің* еңбегін қолданатын өндіріс салаларындағы ұйымдар. Әйел және бала еңбегінің бәсекесі де, машиналар бәсекесі де осы күнге дейін олардың ұйымдасқан күшін мұқалта алған емес. Механиктер, балташылар мен ағаш шеберлері, тас қалаушылар ұйымдары әрқайсысы жекелеп алғанда, мысалы тас қалаушылар сияқты, машиналарды енгізуге ойдағыдай қарсы тұра алатын күш болып табылады. Олардың жағдайының 1848 жылдан бері едәуір жақсарғандығы күмәнсыз; бұған ең жақсы дәлел сол, он бес жылдан аса уақыт бойы қожайындардың оларға өте-мөте риза болуымен қатар, олардың өздері де қожайындарына риза болып келеді. Олар жұмысшы табындағы аристократия болып отыр; олардың біршама қамсыз тұрмысқа қолдары жетті және мұны олар біржолата жеткен жағдайымыз деп есептейді. Бұлар Лион Леви және Джиффен мырзалардың (сондай-ақ құрметті Луйо Брентаноның) үлгілі жұмысшылары,— және бұлар — ақылы бар әрбір капиталист пен тұтас алғанда бүкіл капиталистер табы үшін шынында да өте бір сүйкімді жөн білетін адамдар.

Бірақ жұмысшылардың қалың бұқарасына келетін болсақ, олардың жоқшылық көруі мен тіршіліктерінің қамтамасыз етілмеуі қазіргі уақытта, бұрынғысынан да жаман демесек, әйтеуір әрқашанғысындай өте күшті. Лондондағы Ист-Энд амалсыз жоқшылық пен қайғы-қасіреттің, жұмыссыздық кезінде аштықтың, ал жұмыс барда қайрат кетіп, моральдық жағынан біртіндеп құлдыраудың үнемі ұлғайып бара жатқан қорысы болып отыр. Жұмысшылардың артықшылық берілген азшылығын айтпағанда, басқа үлкен қалалардың бәрінде де жағдай осындай; кішірек қалалар мен селолық аудандардағы істің жайы да осындай. Жұмыс күшінің құнын тіршілік етуге қажетті құралдардың құнына саятын заң бар да, оның орта бағасын, әдетте, осы тіршілікке қажетті заттардың минимумына саятын тағы бір заң бар,— осы екі заңның екеуі де әл жетпес автомат машинаның күшіндей күшпен әрекет етіп, жұмысшыларды дөңгелектерінің арасына салып жаныштауда.

1847 жылы орнаған сауда еркіндігі саясаты мен өнеркәсіп капиталистерінің жиырма жылдық үстемдігі жасаған жағдай, демек міне, осындай еді. Бірақ бұдан кейін өзгеріс болды. Шын мәнінде 1866 жылғы дағдарыстың артынан 1873 жыл шамасында аз уақытқа сәл ғана жанданғандық байқалды, бірақ ол ұзаққа бармады. Рас, 1877 немесе 1878 жылдарда болады деп күтілген толық дағдарыс болмады, дегенмен де 1876 жылдан бастап өнеркәсіптің басты-басты салаларының бәрі айықпайтын тоқырау жағдайында қалып келеді. Не түгелдей күйреу де болған жоқ, не күйреуден бұрын да, одан кейін де болады деп дәмеленуге болатын көптен күткен өркендеу дәуірі де болған жоқ. Өлімсіреткен тоқырау, барлық салада да рынок біткеннің үнемілық толуы — міне, он жылдай болып қалды, көріп келе жатқан жағдайымыз осындай. Бұлай болған себебі не?

Сауда еркіндігі теориясы бір болжамға — Англия ауыл шаруашылығымен шұғылданатын бүкіл әлемнің бірде-бір ірі өнеркәсіптік орталығы болуға тиіс деген болжамға — негізделген еді; ал фактілер бұл болжамның нағыз жаңылысу екенін көрсетіп берді. Қазіргі заман өнеркәсібінің өмір сүру шарттарын — бу мен машинаның күшін — отыны, әсіресе көмірі бар жердің бәрінде жасауға болады, ал көмір тек Англияда ғана емес, басқа елдерде де: Францияда, Бельгияда, Америкада, тіпті Россияда да бар. Ал бұл елдердің халқы ағылшын капиталистерінің даңқы шығып, байи беруі үшін аш ирланд арендаторларының халіне түсуді ешбір қызық көрмеді. Олар өздері өндіре бастады, өндіргенде тек өздеріне ғана емес, дүниедегі басқа елдер үшін де өндіре бастады; міне осының нәтижесінде Англия жүз жылдай дерлік пайдаланып келген өнеркәсіптік монополиясынан енді біржола айрылды.

Бірақ Англияның өнеркәсіптік монополиясы — бұл Англиядағы қазіргі қоғамдық құрылыстың іргетасы. Тіпті бұл монополия үстемдік еткен кезде де рыноктар ағылшын өнеркәсібінің өсе түскен өнімділігіне ілесе алмаған-ды; мұның нәтижесінде әрбір он жыл сайын дағдарыс болып отырған. Ал енді жаңа рыноктар деген күннен-күнге тым сиреп барады, осыдан келіп тіпті Конго негрлеріне де цивилизация таңылып, оларға Манчестердің шытын, Стаффордширдің қыш ыдыс-аяғын, Бирмингемнің металл бұйымдарын алғыздыратын болды. Ал континенттің, әсіресе Американың товарлары барған сайын көбейіп басып кеткен күнде, бүкіл әлемді жабдықтаудың әлі де ағылшын фабрикаларында тұрған өлшеусіз зор үлесі жыл санап кеміген күнде не болмақ? Бәріне жарайтын құрал есебінде саналатын сауда еркіндігі осыған жауап беріп көрсінші!

Мұны бірінші болып айтып отырған мен емеспін. 1883 жылдың өзінде-ақ Британия ассоциациясының[276] Саутпорттағы жи-

налысында оның экономикалық секциясының председателі Инглис Палгрейв мырза былай деп турасын айтқан болатын:

> «Англия үшін үлкен пайданың күндері өтіп кетті, сөйтіп өнеркәсіптің әр түрлі ірі салаларының одан әрі дамуы тоқтап қалды. *Бұл ел енді тоқырау жағдайына түсіп келеді деп пайымдауға болады».*

Бірақ мұның нәтижесі қандай болмақ? Капиталистік өндіріс бір орында тұра *алмайды:* ол не өсіп, ұлғая беруі керек те, не өлуі керек. Дүние жүзілік рынокты товарлармен жабдықтаудың Англияға тиген зор үлесіне қазіргі жасалып отырған тежеудің бір өзі ғана, бір жағынан, тоқырау мен жоқшылық, капиталдың артылып қалуы, екінші жағынан, бос қалған жұмысшы күшінің артылып қалуы болып шығып отыр. Ал енді өндірістің жыл сайынғы өсуі мүлде болмайтын кезде не болмақ? Капиталистік өндірістің ахиллестік өкшесі — осал жері міне осы. Үнемі ұлғайып отыру оның өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады, ал ондай үнемі ұлғаюға енді мүмкіндік қалмай бара жатыр. Капиталистік өндіріс тұйыққа тірелді. Англияның алдына жылдан-жылға қаттырақ қойылып отырған мәселе мынау: не ел құруға тиіс, не капиталистік өндіріс құруға тиіс; мұның ажалы жетіп отырған қайсысы?

Ал жұмысшы табы ше? Тіпті сауда мен өнеркәсіптің 1848 жылдан 1868 жылға дейінгі бұрын-соңды естілмеген өрлеуі кезінде де оған жоқшылықпен күн кешуге тура келген болса, тіпті сондай кездің өзінде де оның қалың бұқарасының тұрмысы ең мықтағанда аз уақыт қана жақсарып, тек олардың артықша жағдайдағы, «қорғалып отыратын» болмашы азшылығы ғана көп уақыт пайда көрген болса, онда бұл тамаша дәуір біржолата аяқталған кезде, қазіргі еңсені езіп отырған тоқырау күшейіп қана қоймай, осы күшейген өлімсіреткен езушілік арылмас жағдайға, ағылшын өнеркәсібінің қалыпты жағдайына айналған кезде не болмақ?

Ақиқат мынадай: Англияның өнеркәсіптік монополиясы болып тұрған кезде ағылшын жұмысшы табы бұл монополияның пайдасына белгілі мөлшерде ортақ болып келді. Ол пайда жұмысшылар арасында мүлде әркелкі бөлінді: мұның да көбін артықшылықпен пайдаланатын азшылық әкетіп отырды, әйтсе де қалың бұқараға да оқта-текте бірдеңе тиіп қалып жүрді. Оуэнизм өлгеннен бері Англияда социализмнің болмауы міне осыдан болатын. Англияның өнеркәсіптік монополиясының күйреуімен бірге ағылшын жұмысшы табы өзінің артықшылық жағдайынан айрылады, оның бәрі, артықшылықпен пайдаланатын, басшылық ететін азшылығын да қоса, басқа елдердегі жұмысшылардың деңгейіне түседі. Міне сондықтан да Англияда социализм қайтадан пайда болады».

Мен 1885 жылы осылай деп жазған едім. Кітаптың ағылшын тілінде басылуына арнап 1892 жылғы 11 январьда жазған алғы сөзде былай деп жалғастырдым:

«Істің жайына өзімнің 1885 жылғы бағдарлауым бойынша берілген бұл сипаттамаға қазір қосарым көп емес. Қазіргі уақытта шынында да «Англияда социализмнің қайтадан пайда болғанын», пайда болғанда да барлық сарындардағы социализмнің: ұғынылған және ұғынылмаған социализмнің, қарасөздегі социализм мен өлендегі социализмнің, жұмысшы табының социализмі мен буржуазия социализмінің жаппай жайылып отырғанын айту керек бола қояр ма екен. Шынында да, бұл кереметтің кереметі, бұл социализм әбден байсалды болып алғанымен қоймай, фрак киіп, салондардың дивандарында шалқая түсіп жататынды шығарған. Мұның өзі «жақсы қоғамға» кереметтей құдіреті жүретін буржуазиялық қоғамдық пікір дегеннің түзелмес тұрақсыздығын тағы да айқын көрсетеді, сонымен бірге бұрынғы ұрпақтың социалистері — біздердің оны қашан да болса жек көруіміздің орынды екенін де растайды. Бірақ, қалай дегенмен де, бұл жаңа нышанға біздің наразы болатын жөніміз жоқ.

Бірақ меніңше буржуазиялық топтарда су қосылған социализмді сән көретін осы өткінші сәнқойлықтан анағұрлым маңызды, тіпті социализмнің Англияда жалпы алғанда жеткен табыстарынан да маңызды бір жай бар,— ол Лондондағы Ист-Эндтің оянуы. Орасан зор жоқшылықтың осы бір жиынтығы бұдан алты жыл бұрынғысындай тымық қорыс болудан қалды. Ист-Энд түңілушіліктен туған самарқаулығын өз бойынан серпіп тастады; ол қайтадан өмірге оралып, «жаңа юнионизмнің», яғни «оқытылмаған» жұмысшылардың қалың бұқарасы ұйымының мекеніне айналды. Бұл ұйым едәуір дәрежеде «оқытылған» жұмысшылардың ескі тред-юниондарының формасында болса да, өзінің сипаты жағынан олардан қалай дегенмен едәуір өзгеше. Ескі тред-юниондар өздері дүниеге келген заманның дәстүрлерін сақтайды; олар жалдама еңбек системасын түпкілікті орнаған мәңгілік тәртіп деп, оны ең мықтағанда өз мүшелерінің мүдделері үшін аздап жұмсартуға ғана болатын тәртіп деп есептейді. Ал жаңа тред-юниондар жалдама еңбек системасы мәңгілік деген сенім қатты шайқалған кезде құрылды. Олардың негізін салушылары мен басшылары саналы социалистер немесе социализмге түйсіну күшімен келген социалистер еді; оларға ден қойып және олардың күші болып отырған бұқара дөрекі, қорғалақ және жұмысшы аристократиясы жек көретін бұқара еді. Бірақ олардың өлшеусіз бір артықшылығы бар: олардың психикасы әлі де шынайы таза, жақсы жағдайдағы «ескі юнионистердің» басын қатыратын, ескіден келе жатқан, «қадірменді» буржуазиялық соқыр сенімдерден мүлде ада. Міне біз қазір бұл жаңа тред-юниондар бүкіл жұмысшы қозғалысына басшылық ету

ісін өз қолдарына алып жатқанын, шікірейген бай «ескі» тред-юниондарды барған сайын көбірек жетекке алатын болғанын көріп отырмыз.

Лондондағы Ист-Энд қайраткерлерінің бірқатар орасан үлкен қателіктер жібергені күмәнсыз; бірақ одан бұрынғыларда да ондай жайлар болған, ал олардың алдында мұрындарын көтеретін доктринер-социалистер де қазір қателер жіберіп жүр. Ұлы ұлт сияқты ұлы тап та өз қателіктерінің зардаптарынан басқа нәрселердің бәрінен де ең жылдам сабақ алады. Сондықтан өткендегі, қазіргі және келешектегі сан түрлі қателіктеріне қарамастан, Лондондағы Ист-Эндтің оянуы fin de siècle* аса ұлы және ең жемісті оқиғаларының бірі болып табылады, өзімнің оны көретін заманға жеткеніме қуаныштымын әрі мақтаныштымын»**.

Бұл сөздерді жазғаннан бері жарты жыл өтті, ал одан бері ағылшын жұмысшы қозғалысы алға қарай тағы да үлкен қадам басты. Бұдан бірнеше күн бұрын аяқталған парламент сайлауы ресми екі партияның екеуіне де, консерваторларға да, либералдарға да, бұдан былай олардың үшінші партияның — жұмысшы партиясының — болуымен санасуларына тура келетінін барынша анық көрсетті. Бұл жұмысшы партиясы жаңадан ғана құралып келеді: бәріне бірдей ортақ негізде бірігуге, ақырында, мүмкіндік алу үшін оның кейбір элементтеріне әлі де болса бұрыннан мұраға қалған әр алуан соқыр сенімдерден — буржуазиялық, ескі юнионистік, тіпті доктринерлік-социалистік соқыр сенімдерден де — арылуға тура келуде. Солай бола тұрса да, оларды біріктіретін түйсіктің қазірдің өзінде күштілігі сондай, ол Англияда осы күнге дейін естіліп көрмеген сайлау қорытындыларына жеткізді. Лондонда екі жұмысшы өздерінің кандидатурасын ұсынды*** мұның үстіне олар өздерінің социалистер екенін ашық мәлімдеген адамдар еді; бұларға қарсы өздерінің кандидаттарын ұсынуға либералдардың батылы бармады, сөйтіп бұл екі социалист бұлай болады деп күтілмеген орасан көп дауыс алып, сайланып шықты. Мидлсброда жұмысшы кандидат**** либерал мен консерваторға қарсы шығып, екеуін де жеңді; оның есесіне, либералдармен одақтасқан жаңа жұмысшы кандидаттардың тек біреуінен басқасы оңбай жеңіліп қалды. Бұрынғы жұмысшы өкілі дейтіндерден, яғни өздерінің жұмысшылық қасиетін либерализм мұхитына батырып жіберуге әзір болғандықтан жұмысшы табынан шыққандығы кешірілген адамдардан ескі юнионизмнің ең көрнекті өкілі Генри Бродхёрст сайлауда

---

* — ғасырдың соңғы кезінің. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 284—285-беттер. *Ред.*

*** — Дж. К. Гарди мен Дж. Бёрнс. *Ред.*

**** — Дж. Х. Уилсон. *Ред.*

ойсырай жеңіліп қалды, өйткені ол сегіз сағаттық жұмыс күніне қарсы шыққан болатын. Глазгоның екі сайлау округінде, Солфордтың бір сайлау округінде және басқа да көптеген округтерде жұмысшылардың тәуелсіз кандидаттары ескі екі партияның екеуінің де кандидаттарына қарсы дауысқа түсті; олар жеңіліп шықты, бірақ либерал кандидаттар да жеңілді. Бір сөзбен айтқанда, үлкен қалалар мен өнеркәсіпті аудандардың бірсыпыра сайлау округтерінде жұмысшылар ескі партиялардың екеуімен де қандай да болсын келісім жасаудан батыл бас тартты, осының арқасында олар бірде-бір сайлауда бұрын болып көрмеген төте немесе жанама табыстарға жетті. Жұмысшылардың бұған қуануы тіпті айтып жеткізгісіз. Өздерінің сайлау правосын өз табының мүдделеріне пайдаланса, неге жете алатындарын олар алғаш рет көріп, біліп отыр. «Ұлы либерал партияға» соқыр сеніммен бас июшілікке — ағылшын жұмысшылары арасында қырық жыл бойы дерлік үстемдік етіп келген бас июшілікке — күйрете соққы берілді. Өздерінде талап болса және талаптарының неде екенін білген кезде Англияда жұмысшылар шешуші күш екенін олар өз көздері жеткен мысалдардан көрді; ал 1892 жылғы сайлау осының бастамасы болды. Ендігі қалғаның қамын континенттегі жұмысшы қозғалысы жасайды; парламенттер мен муниципалдық советтерде өкілдері соншалық көп немістер мен французбар өздерінің бұдан былайғы табыстары арқылы ағылшындардың жарысушылық жігерін барынша көтермелеп отырмақ. Соншалық шалғай емес болашақта жаңа парламенттің Гладстон мырза өкімет басында отырғанда іске кірісе алмайтыны, ал жаңа парламент бар тұрғанда Гладстон мырзаның ештеңе істей алмайтыны анық болып шыққан кезде, сол кезде ағылшын жұмысшы партиясы ескі екі партияның буржуазия үстемдігін мәңгілік сақтау үшін билік басында алмакезек отырып, әлпеншек тебуін біржола жоярлықтай жете ұйымдасқан партия болады.

*Лондон,* 21 июль 1892 ж.

***Ф. Энгельс***

*Мына кітапта басылған:*
*F. Engels. «Die Lage der Arbeitenden Klasse in England». Zweite Auflage. Stuttgart, 1892*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 326—341-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# БОЛАШАҚ ИТАЛЬЯН РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯ[277]

Италияның жайы, меніңше, мынадай сияқты.

Буржуазия ұлттық тәуелсіздік үшін күрес дәуірінде және содан кейінірек өкімет басына келіп, өзінің жеңісін аяғына дейін жеткізе алмады және жеткізгісі де келмеді. Ол феодализмнің қалдықтарын жоймады және ұлттық өндірісті қазіргі заманғы буржуазиялық түрде қайта құрмады. Ел ішінде капиталистік құрылыстың біршама және уақытша артықшылықтарын қамтасыз етуге қабілетсіз болған буржуазия осы құрылыстың барлық қиыншылықтарын, барлық ауыртпалықтарын сол елге жүктеді. Мұнымен де қоймай, ол өзінің лас финанстық алаяқтығынан қадір мен сенім атаулыдан біржолата айрылып қалды.

Еңбекші халық — шаруалар, қолөнершілер, ауыл шаруашылық және өнеркәсіп жұмысшылары — бір жағынан, феодализм дәуірінен ғана емес-ау, сонымен қатар арғы заманнан мұра болып қалған езгінің атам заманғы формаларының (mezzadria*, мал адамды ығыстырып отырған оңтүстіктегі латифундиялардың), екінші жағынан — буржуазиялық құрылыс бұрын-соңды шығарған салық жүйелерінің ішіндегі ең жыртқыштық салық жүйесінің қыспағында жаншылуда. Бұл арада Марксмен бірге былай деу орынды: «Біз, Батыс Европаның басқа да континенттік елдері сияқты, тек капиталистік өндірістің дамуынан ғана емес, сонымен қатар оның дамуының жеткіліксіздігінен де зардап шегіп отырмыз. Бізді қазіргі заманның кеселдерімен қатар ескіден мұра болып қалған толып жатқан кеселдер де жаншып келеді, бұл кеселдер дәурені өткен, атам заманғы өндіріс әдістері мен оларға сай келетін *ескірген* қоғамдық және саяси қатынастардың әлі де өмір сүріп келе жатқандығынан туып отыр. Біз тек тірілерден ғана емес, сонымен қатар өлілерден де зардап шегіп отырмыз. Өлі тіріге жармасады!»**.

---

* — аренданың жарма-жарлық жүйесі. *Ред.*

** — К. Маркстің «Капиталдың» бірінші томының немісше алғашқы басылуына берген алғы сөзі (қараңыз: осы басылуы, 2-том, 91-бет). *Ред.*

Мұндай жағдай дағдарысқа апарып соқтырады. Барлық жерде бірдей өндірушілер бұқарасы толқуда; кей жерлерде олар көтеріліске де шығуда. Бұл дағдарыс бізді қайда алып барады?

Тегінде, социализм дереу жеңе қояды деп үміттенуге социалистік партия тым жас және экономикалық жағдайларға байланысты ол тым әлсіз. Елде село халқы қала халқынан анағұрлым көп; қалаларда ірі өнеркәсіптің дамуы нашар, ал соның салдарынан оларда *нағыз* пролетариат аз; көпшілігі қолөнершілер, ұсақ дүкеншілер және табынан қол үзген элементтер, яғни ұсақ буржуазия мен пролетариаттың арасында орнықсыз жағдайда тұрған бұқара. Бұлар құлдырау, ыдырау жағдайындағы ортағасырлық ұсақ және орта буржуазия—бұлардың көпшілігі қазір пролетар болып болмаған болашақтағы пролетарлар. Үнемі экономикалық күйзеліс қаупінде тұрған, ал қазіргі күнде әбден ашыну қалпына жеткізілген осы тап қана көптеген күрескерлер мен революциялық қозғалыстың көсемдерін шығара алады. Оны жер жағынан бытыраңқылығынан және сауатсыздығынан нағыз инициатива көрсете алмай отырған, бірақ солай бола тұрса да, күшті және қажетті одақтас болатын шаруалар қолдайды.

Табысқа азды-көпті бейбіт жолмен қол жететін жағдай бола қалған күнде әдеттегідей үкімет алмасады да, өкімет билігіне «ден қойған» республикашылдар[278], Кавалотти және К° келеді, ал революция бола қалса, буржуазиялық республика келіп шығады.

Міне осындай жағдайларда социалистік партия қандай роль атқаруға тиіс болады?

1848 жылдан бері қарай социалистерді бәрінен де гөрі көбірек табысқа жеткізіп келген тактика *«Коммунистік манифестің»* тактикасы болған еді. «Пролетариаттың буржуазиямен күресі өтетін дамудың түрлі сатыларында социалистер* әрдайым бүкіл қозғалыстың мүдделерін көздейді ...олар жұмысшы табының ең таяудағы мақсаттары мен мүдделері үшін күреседі, бірақ сонымен қатар олар бүгінгі күннің қозғалысында сол қозғалыстың келешегін де қорғап отырады»**.— Сондықтан олар осы екі таптың арасындағы күрестің дамуының әрбір кезеңіне, бұл кезеңдердің өзі ұлы мақсатқа: пролетариаттың қоғамды қайтадан құру құралы ретінде саяси өкіметті жеңіп алу мақсатына жеткізетін сатылар ғана екенін ешқашан есінен шығармай, оларға белсене қатынасып отырады. Олардың орны — жұмысшы табы-

---

* Цитат келтіргенде Энгельс «коммунистер» деген сөзді «социалистер» деген сөзбен алмастырған. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 119 және 137-беттер. *Ред.*

ның мүдделері үшін әрбір қолма-қол табысқа жету жолында күресушілердің қатарында; бірақ осындай, саяси немесе экономикалық, табыстардың бәрін олар *бөлшектеп төлеу ретінде* ғана қабылдайды. Сондықтан олар әр қилы революциялық немесе прогресшіл қозғалысты өздерінің жолына бағытталған қадам деп біледі; олардың ерекше міндеті өзге революцияшыл партияларды алға итермелеп отыру және олардың біреуі жеңіске жеткен жағдайда пролетариаттың мүдделерін қорғау. Ұлы мақсатты ешқашан естен шығармайтын бұл тактика социалистерді түңілулерден сақтайды, мұндай түңілулерге жай бір кезең ғана болып табылатын нәрсені қозғалыстың түпкі мақсаты деп танитын таза республикашылдар немесе көңілшек социалистер сияқты көрегендігі кем басқа партиялар сөзсіз түсіп кетіп отырады.

Міне осы айтқанымызды Италияға қолданып көрейік.

Сонымен, ыдырау қалпында тұрған ұсақ буржуазия мен шаруалардың жеңісі «ден қойған» республикашылдар үкіметін құруға жеткізуі мүмкін. Мұның өзі бізге жалпыға бірдей сайлау правосын береді және қозғалысқа анағұрлым көбірек бостандық (баспасөз бостандығы, жиналыс, одақтар бостандығы, ammonizione* жойылуы және т. с.), яғни елемеуге болмайтын жаңа қару береді.

Не болмаса сол адамдар мен бірнеше мадзинистер басқаратын буржуазиялық республика құрылады. Мұның өзі бостандық пен біздің қызмет майданымызды, ең болмағанда біраз уақытқа болса да, одан да гөрі кеңейткен болар еді. Өйткені буржуазиялық республика дегеніміз — пролетариат пен буржуазияның арасындағы күрес өз шешуін таба алатын бірден-бір саяси форма ғой деген-ді Маркс**. Мұның Европаға жасайтын ықпалын айтпағанның өзінде осылай.

Сонымен, қазіргі революциялық қозғалыстың жеңісі бізді күшейтпей және бізге неғұрлым қолайлырақ ambiente*** жасамай қоймайды. Сөйтіп, егер біз өзіміздің «affini»**** партияларымыз жөнінде таза жақтырмаған сынмен ғана шектеліп, тартынып қалатын болсақ, өте зор қате жасаған болар едік. Біздің олармен жақсы мағынада ынтымақтасуымызға тура келетін кездің болуы мүмкін, ал оның қашан болатынын кім білсін?

Нақ сол өзіміз оның өкілі болып отырған таптың қозғалысы болып табылмайтын қозғалысты тікелей даярлау біздің ісіміз емес екені анық. Егер радикалдар мен республикашылдар көшеге шығатын кезең туды деп білетін болса, солардың өздері өз

---

* — полициялық бақылаудың. *Ред.*

** *К. Маркс.* «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (қараңыз: осы басылуы, 1-том, 419—420-беттер). *Ред.*

*** — жағдай. *Ред.*

**** — «көршілес». *Ред.*

жігер-қимылына кеңістік бере берсін. Ал өзімізді алсақ, біз тағы торға түсе қоюға ондай мырзалардың даурықпа уәделерімен тым көп алданып қалған болатынбыз. Олардың прокламациялары да, заговорлары да бізді қозғауға тиіс емес. Егер біз кез келген *шын* халық қозғалысын қолдауға міндетті болсақ, онда біз, сондай-ақ, пролетарлық партиямыздың жаңа ғана құралған ұйытқысын басқа құрбан етпеуге де, пролетариаттың жемісіз жергілікті бүліктерде қырылуына жол бермеуге де міндеттіміз.

Оның керісінше, егер қозғалыс шынында да жалпы ұлттық қозғалыс болып шығатын болса, онда біздің адамдарымыз ол қозғалыста оларды шақырудан бұрын-ақ өз орнын алады және ондай қозғалысқа біздің қатысатынымыз өз-өзінен түсінікті. Бірақ мұндай жағдайда да мынаны түсініп алуымыз керек және мұны ашық мәлімдеуіміз керек: біз радикалдармен де, республикашылдармен де уақытша одақтасып отырған, бірақ олардан түбірімен өзгеше *тәуелсіз партия болып* қатысамыз; жеңіске жеткен күнде күрестің нәтижесі жөнінде ешқандай жалған үміттер күтпейміз: бұл нәтиже бізді ешқандай қанағаттандыра алмайды, біз үшін ол тек көтерілген белестердің бірі ғана, одан арғы жеңістердің жаңа операциялық базасы ғана болып табылады; тап сол жеңіске жеткен күні олармен біздің жолдарымыз айрылады; осы күннен бастап біз жаңа үкімет жөнінде *жаңа оппозиция* боламыз, бірақ реакцияшыл оппозиция емес, прогресшіл оппозиция, ең шеткері солшыл оппозиция, қолымыз жетіп отырған жеңістен әрі өрлейтін жаңа жеңістерге бастайтын оппозиция боламыз.

Бірігіп жеткен жеңісімізден кейін бізді міндетті түрде *азшылықта* қалдыра отырып, мүмкін бізге жаңа үкіметтен бірнеше орын ұсынатын болар. *Аса зор қауіп міне осында.* 1848 жылғы февраль революциясынан кейін француз демократ-социалистері («Réforme»[130] газетінен Ледро-Роллен, Луи Блан, Флокон және басқалары) осындай орындарға келіп, қате жасады[279]. Үкіметте азшылық бола тұрып, оның таза республикашылдардан құралған көпшілігінің жұмысшы табы жөніндегі істеген оңбағандықтары мен сатқындықтарының бәріне жауапкершілікке өз еркімен ортақ болды; сонымен қатар бұл мырзалардың үкімет құрамында болуы, өздері соның өкілдері болмақ болып жүрген жұмысшы табының революциялық қимылдарын мүлде тоқтатып тастады.

Бұл жерде айтып отырғандарымның бәрі менің өзімнің пікірім; мен оны менен сұраған соң ғана, оның үстіне көп сенімсіздікпен айтып отырмын. Жалпы тактикаға келетін болсақ, оның дұрыстығына мен өзімнің бүкіл өмірім бойынша көзім жетіп

келемін, ол мені бірде-бір жаңылтқан емес. Ал бұл тактиканы Италияның қазіргі жағдайларына қолдану мәселесіне келетін болсақ, мұнда мәселе басқаша; бұл мәселені жергілікті жердің өзінде шешу керек және мұны оқиғалардың ортасында жүрген адамдар шешуге тиіс.

*1894 жылдың 26 январында жазылған*

*Итальян тіліне аударылып, «Critica Sociale» журналында басылған, № 3, 1 февраль 1894 ж.*
*Қол қойған: Фридрих Энгельс*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 457—460-беттер*

Ф. ЭНГЕЛЬС

# ФРАНЦИЯ МЕН ГЕРМАНИЯДАҒЫ ШАРУА МӘСЕЛЕСІ[280]

Буржуазиялық және реакцияшыл партиялар қазіргі уақытта социалистердің арасында кенеттен шаруа мәселесінің барлық жерде бірдей кезекке қойылып отырғанына ерекше таңдануда. Ал олардың шынында мұның өзі әлдеқашан осылай болмағанына таңдануы керек еді. Ирландиядан Сицилияға дейін, Андалузиядан Россия мен Болгарияға дейін шаруа халықтың, өндірістің және саяси күштің өте бір елеулі факторы болып табылады. Тек Батыс Европаның екі жерінде ғана жағдай басқаша. Великобританияның нақ өзінде ірі жер иелену мен ірі егіншілік өз шаруашылығымен күн көретін шаруаны мүлде ығыстырып шығарды; Ост-Эльба Пруссиясында да бірнеше ғасырлардан бері нақ осы процесс жүріп жатыр; мұнда да шаруа барған сайын «тайдырыла түсуде»* немесе, ең болмағанда, экономика мен саясат жөнінен кейінге ығыстырылуда.

Саяси күш факторы ретінде шаруа осы күнге дейін көп жағдайда өзінің селқостығын ғана көрсетуде, мұның түп-тамыры деревня тұрмысының оқшаулығында. Халықтың қалың бұқарасының мұндай селқостығы Париж бен Римдегі парламенттік паракорлықтың ғана емес, сонымен бірге, орыс деспотизмінің де өте күшті тірегі болып отыр. Бірақ бұл селқостық әсте бір арылмайтын нәрсе емес. Жұмысшы қозғалысы пайда болғаннан бері Батыс Европа буржуаларына, әсіресе шаруалардың парцеллалы меншігі басым орын алған жерлерде, шаруаларды социалистік жұмысшыларға күдіктене де жек көре қарайтын ету, оларды шаруалардың ойында partageux деп, «бөлісті» жақтаушылар деп, шаруаның меншігіне сұқтанып жүрген жалқау, ашқарақ қала адамдары деп көрсету онша қиынға түскен жоқ. 1848 жылғы февраль революциясының көмескі социалистік серпіні француз шаруаларының реакцияшылдық дауыс беруі арқылы тез-ақ

* Wird «gelegt». Bauernlegen — Германия тарихында шаруаларды қуып жіберудің, экспроприациялаудың техникалық термині. *(В. И. ЛенинніҢ Энгельс еңбегінің бас жағын өзі аударған жеріне берген ескертуі.)*

ғайып болды; өзін әурелемеуін ойлаған шаруа өз естеліктерінің түбінен Наполеон деген шаруа императоры болыпты деген аңызды тауып алды да, Екінші империяны құрды. Шаруалардың осы ерлігінің бір өзі ғана француз халқын қандай күйге ұшыратқанын біздің бәріміз білеміз; бұл ерліктің салдарынан француз халқы күні бүгінге дейін зардап шегуде.

Бірақ одан бері көп жайлар өзгерді. Капиталистік өндіріс формасының дамуы ауыл шаруашылығындағы ұсақ өндірістің өмірлік жүйке тамырын қырықты, сондықтан бұл ұсақ өндіріс құрып, тоқтаусыз құлдырап барады. Солтүстік және Оңтүстік Америка мен Индияның бәсекесі Европа рыногына арзан астықты үйіп тастады, оның арзандығы соншалық, бірде-бір европалық астық өндіруші онымен бәсекеге түсе алмады. Ірі жер иеленуші мен ұсақ шаруаға, екеуіне бірдей, апат төніп келеді. Ал бұлардың екеуі де жер иеленушілер және деревняның тұрғындары болғандықтан, ірі жер иеленуші өзін ұсақ шаруаның мүдделері жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер деп жариялап, ұсақ шаруа — жалпы және тұтас алғанда — оны өзінің мүдделері жолындағы күрескер деп танып отыр.

Ал одан бергі жерде Батыста қуатты социалистік жұмысшы партиясы өсіп шықты. Февраль революциясы заманындағы көмескі сезімдер мен талаптар анықталып, кеңейе де терендей түсті, сөйтіп анық, тиянақты талаптары бар, ғылымның барлық талаптарын қанағаттандыратын программаға айналды; барған сайын саны көбейіп отырған социалистік депутаттар Германия, Франция, Бельгия парламенттерінде осы талаптарды қорғауда. Социалистік партияның саяси өкіметті жеңіп алуы таяудағы болашақтың ісіне айналды. Бірақ, саяси өкіметті жеңіп алу үшін бұл партия әуелі қаладан деревняға баруға тиіс, деревняда күшке айналуы тиіс. Экономикалық себептер мен саяси нәтижелердің байланысын айқын түсінуімен басқа партиялардан өзгеше болып отырған, нақ осының арқасында, қой терісін жамылып, шаруаның досы бола қалған ірі помещиктің қасқырлық бейнесін әлдеқашан әшкерелеген социалистік партия — міне осы партия құруға душар етілген шаруаны оның жалған қорғаушыларының қолында жайбарақат қалдыра ала ма, олардың шаруаны өнеркәсіп жұмысшыларының енжар қарсыласынан белсенді қарсыласына айналдырғанына дейін қалдыра ала ма? Осыдан келіп біз шаруа мәселесінің қақ ортасына түсіп отырмыз.

## I

Біздің зер салуымызға болатын село халқы әр алуан құрамды бөліктерден құралады, ал бұлардың өздері де тағы мекендеген жерлеріне қарай түрлі-түрлі болады.

Германияның батысында, Франция мен Бельгиядағы сиякты парцеллалы шаруалардың ұсақ өндірісі басым, олардың көпшілігінің меншігінде жерлері бар, ал азшылығы — өздерінің ұлтарақтай жерлерін арендаға алып отырғандар.

Солтүстік-батысында — Төменгі Саксония мен Шлезвиг-Гольштейнде — ер-әйел батырақ, тіпті күндікші жалдамай отыра алмайтын ірі және орта шаруалар жағы басым. Баварияның да біраз жерлерінде осындай.

Ост-Эльба Пруссиясы мен Мекленбург — үй жұмысына малай ұстайтын, батырақ және күндікшілер жалдайтын ірі жер иеленушілік пен ірі өндіріс аймағы, ал мұның кей жерлерінде, біршама аз ғана, саны үнемі кеміп бара жатқан ұсақ және орта шаруалар бар.

Орта Германияда өндіріс пен жер иеленудің осы түрлерінің бәрін де аралас кездестіреміз, жер ыңғайына қарай олардың кейде бір түрі, кейде екінші түрі басым болып келеді де, бірақ ешқайсысы айтарлықтай көлемді жерде басым бола алмай отыр.

Мұнымен қатар үлкенді-кішілі мынадай да аймақтар бар: бұларда меншікті не арендалап алынған егістік адамның семьясын асырауына жеткіліксіз болады да, ол тек бір майдагерлік кәсіпшіліктің базисі болуға ғана жарап, мұның өзі аз ғана мөлшерде, жаңағы жағдай болмағанда, айтуға тұрғысыз аз мөлшерде жалақы алып жұмыс істеуге мүмкіндік береді; осы жағдайлар қандай болсын жат елдік бәсекенің жағдайында өнімдердің тұрақты өткізілуін қамтамасыз етіп отырады.

Село халқының осы бөлімдерінің ішінен социал-демократиялық партияға қайсыларын тартуға болады? Бұл мәселені біз, әлбетте, тек жалпылай алып қана зерттеп шығамыз; біз оның тек айрықша көзге түсетін формаларын ғана қараймыз; ал аралық сатылар мен село халқының аралас құрамды болатын жайларына тоқтап жатуға орынның аздығы мүмкіндік бермейді.

Ұсақ шаруадан бастайық. Барлық шаруалардың ішінде олардың бұл тобы — ең маңыздысы және тек жалпы Батыс Европа үшін ғана емес. Жоқ, барлық мәселе жөнінен де әңгіменің салмағы шаруалардың нақ осы тобында жатыр. Ал осылайша ұсақ шаруаға деген көзқарасымызды анықтап алғаннан кейін село халқының басқа да құрамды бөліктері жөніндегі көзқарасымызды белгілеу үшін біздің табан тірерлік негізіміздің бәрі бар деген сөз.

Ұсақ шаруа дегенде біз бұл арада ұлтарақтай жерді меншіктенуші не арендаға алушы — әсіресе меншіктенуші — адамды айтамыз; әдетте оның мұндай жері өзінің семьясының күшімен өңдеуге шамасы келетіндей мөлшерден артық болмайды және семьясын асырауға қажетті мөлшерден кем болмайды. Сонымен, бұл ұсақ шаруа, ұсақ қолөнерші сияқты, жұмысшы болып табылады, оның қазіргі пролетардан айырмашылығы сол, оның

қолында әлі де болса өз еңбек құралдары бар; демек, бұл бұрынғы уақыттарға тән өндіріс әдісінің қалдығы. Өзінің арғы тегі — крепостной шаруадан, тәуелді шаруадан, немесе ілуде бір ғана жағдайларда, басы бос, бірақ оброк төлеуге, барщиналық жұмыс істеуге міндетті болған шаруадан оның үш түрлі айырмашылығы бар. Біріншіден, француз революциясы оны помещикке борышты ететін феодалдық алымдар мен міндеткерліктерден босатты және көп реттерде, ең болмағанда Рейннің сол жақ жағасында, шаруаның жер учаскесінің өзінің еркін меншігі болуын қамтамасыз етті. Екіншіден, ол өзі мүше болып келген өзін өзі басқаратын қауымның қорғауынан айрылды, мұнымен бірге, бұрын қауымдық жерді пайдалану правосындағы үлесінен де айрылды. Қауымдық жердің біраз бөлігін қулық-сұмдықпен шаруаның бұрынғы феодал мырзасы алып қойды, енді біраз бөлігін Рим правосына негізделген либералдық, бюрократтық заң тәртібі әкетті, содан келіп қазіргі ұсақ шаруа мал азығын сатып алмайынша жұмыс көлігін асырай алмайтын болып қалды. Ал шаруашылық тұрғысынан алғанда, қауымдық жерді пайдалану правосынан айрылу шығыны феодалдық алымдардан құтылудан анағұрлым ауыр болды; жұмыс көлігін асырауға мүмкіншілігі жоқ шаруалар саны үздіксіз көбеюде. Үшіншіден, қазіргі шаруаның айырмашылығы сол, ол өзінің бұрынғы өнімді жұмысының тең жартысынан айрылды. Бұрын ол семьясымен бірге өзіне қажетті өнеркәсіп өнімдерінің денін өзі өндірген шикізаттан жасап алатын; оның басқа керектерін егіншілікпен бірге қол өнермен де айналысатын деревнядағы көршілері қанағаттандыратын, ал бұлар ақыға көбінесе айырбас ретінде басқа бір өнім алатын немесе өзінің бір жұмысын істетіп алатын. Семья, ал деревня одан да үлкен мөлшерде өзін өзі қамтып, өзіне керектінің бәрін дерлік өзі өндіретін. Мұның өзі толық дерлік натуралды шаруашылық болатын, ақшаны мүлде дерлік мұқтаж етпейтін. Капиталистік өндіріс ақша шаруашылығы және ірі өнеркәсіп арқылы мұның бәрін жойды. Ал егер қауымдық жер шаруаның тіршілік етуінің бірінші негізгі шарты болса, екінші осындай шарт оның өнеркәсіптік қосалқы кәсіпшілігі болатын. Міне енді келіп шаруа барған сайын құлдырап барады. Салықтар, егіннің шықпай қалуы, мұрагерлердің енші бөлісуі, сот процестері шаруаларды бірінің соңынан бірін өсімқорға айдап апаруда, борыш деген барған сайын етек алып, жекелеген әрбір шаруа үшін ауыртпалық барған сайын күшейе түсуде,— бір сөзбен айтқанда, біздің ұсақ шаруа, заманы өткен өндіріс әдісінің әрбір қалдығы сияқты, тоқтаусыз құруға бет алып келеді. Ол — келешек пролетар.

Осылай болғандықтан оның социалистік насихатқа ықыласпен құлақ қоятын жөні бар сияқты. Бірақ оның сүйегі мен қанына сіңіп кеткен меншікшілдік сезімі бұған әзір кедергі жасап

келеді. Соншалық қауіптерге ұшырай беретін ұлтарақтай жері үшін күресі неғұрлым ауырлаған сайын, ол өзінің жеріне соғұрлым жанталасып жармаса түседі, оған жер меншігін бүкіл қоғамның қолына өткізу туралы айтатын социал-демократты ол өсімқор мен адвокат сияқты соғұрлым қауіпті жау көреді. Бұл соқыр сенімге қарсы социал-демократия қандай құралдармен күресуі керек? Өз жолынан таймай әрекет еткенде, бұл құрып бара жатқан ұсақ шаруаға ол не ұсына алады?

Мұнда біз маркстік бағыттағы француз социалистерінің аграрлық программасына практика жүзінде табан тірейміз, ал бұл программаға барынша көңіл бөлуге тиіс болатын бір себебі — ол нағыз ұсақ шаруа шаруашылығының елінен шығып отыр.

1892 жылғы Марсель съезінде партияның бірінші аграрлық программасы қабылданды. Ол жері жоқ ауыл шаруашылық *жұмысшылары* үшін (яғни күндікшілер мен үй жұмысындағы малайлар үшін) мыналарды талап етеді: кәсіптік одақтар мен қауымдық советтер белгілеген жалақы минимумы; жартысы жұмысшылардан құралатын селолық кәсіпшілік соттардың енгізілуі; қауымдық жерді сатуға тыйым салу және мемлекеттік жерлерді қауымдарға арендаға беру, ал қауымдар бұл жерлерінің бәрін — өзінің меншікті жерін де, арендаға алған жерін де — бірлесіп өңдеу үшін жері жоқ ауыл шаруашылық жұмысшылары семьяларының ассоциацияларына беруге тиіс, бұл ретте жалдама жұмысшы ұстауға тыйым салу және бұған қауымның бақылауын орнату; қартайғанда және мүгедек болып қалғанда пенсия тағайындау, мұны ірі жер меншігіне салынатын айрықша салық есебінен өтеу.

*Ұсақ шаруалар* үшін, бұлардың қатарына мұнда арендаторларды да қосып, программа мыналарды талап етеді: шаруаларға өзіндік құнымен жалға беру үшін қауымдардың ауыл шаруашылық машиналарын алатын болуы; тыңайтқыш, дренаж құбырларын, тұқым және т. с. сатып алу үшін, өнімдерді сату үшін шаруа серіктіктерін құру; жер учаскелерін меншіктену бір қолдан екінші қолға ауысқанда, олардың құны 5000 франктен аспайтын болса, одан өндірілетін салықты жою; шектен тыс арендалық бағаларды төмендету үшін және кететін арендаторлар мен үлескерлерге (métayers) олардың жер учаскесінің құнын арттыруға жасаған үстемесінің есесін толтыру үшін ирландиялық үлгімен аралық комиссиялар құру; жер иеленушінің өтелмеген борыш үшін егін өнімін тартып алуына право беретін Code civil-дің* 2102 статьясын жою және кредиторларды орылмаған астықты кепілдікке алу правосынан айыру; белгілі бір минимум егіншілік құралдарын, егін өнімін, тұқымды, тыңайтқышты, жұмыс көлігін,—қысқасы, шаруаның онсыз шаруашы-

* — Азаматтық кодекстің[82]. *Ред.*

лығын жүргізуіне болмайтын нәрсенің бәрін — кепілдікке алуға тыйым салу; әлдеқашан ескірген жалпы жер кадастрын ревизиялау, ал әзірше — әрбір қауымда жергілікті ревизия жүргізу; ақырында, тегін арнаулы ауыл шаруашылық білім беру және ауыл шаруашылық тәжірибе станцияларын құру.

Шаруалардың мүддесін көздеп қойылып отырған талаптардың — жұмысшылардың мүддесін көздеп қойылған талаптарды бұл арада әзірге сөз қылмаймыз — онша тереңдемегенін көріп отырмыз. Олардың бірсыпырасы басқа елдерде қазірдің өзінде жүзеге асырылған. Арендаторлар үшін тағайындалатын аралық соттар анығында ирландиялық үлгімен құрылуда. Шаруа серіктіктері Рейн жағалауындағы өлкелерде қазірдің өзінде бар. Қадастрға ревизия жасау бүкіл Батыс Европада барлық либералдардың, тіпті бюрократтардың да, үнемі айтатын игі тілегі болып келеді. Программаның басқа пункттері де қазіргі капиталистік құрылысқа оншалық нұқсан келтірместен жүзеге асырыла алады. Мұны біз тек программаны сипаттау үшін ғана айтып отырмыз, әйтпесе оған кінә тағайын деген ойымыз жоқ,— қайта керісінше.

Осы программаның көмегімен Францияның сан алуан өлкелерінің шаруалары алдында партияның зор табыстарға жеткені соншалық,— жеген сайын жей бергің келеді дегендей — біздің француз жолдастар оны шаруалардың талғамына бұрынғыдан да бейімденкірей түскісі келді. Мұнда, рас, олар қауіпті жолға түсіп отырғанын сезді. Жалпы социалистік программаның негізгі принциптерін бұзбай, шаруаға,— келешек пролетар ретіндегі емес, қазіргі меншік иесі шаруаға,— қалай көмек көрсетуге болады? Мұндай қарсы пікірді болдырмау үшін жаңа практикалық ұсыныстарға алдымен теориялық дәлелдеме берілген, ол капиталистік өндіріс әдісі тұсында ұсақ шаруа меншігін құрып кетуден қорғау социализмнің принциптеріне кіреді деп дәлелдемек болады; ал шынында, оның сөзсіз құритыны авторлардың өздеріне әбден айқын нәрсе. Осы дәлелдемені, сондай-ақ үстіміздегі жылдың сентябрінде Нант съезінде қабылданған талаптардың өзін енді байыптап қарайық.

Дәлелдеме былай деп басталады:

> «Партияның жалпы программасының сөзбе-сөз тексті бойынша өндірушілер олардың қолында өндіріс құрал-жабдықтары болғанда ғана ерікті бола алатынын ескере келіп;
>
> өнеркәсіп саласында бұл өндіріс құрал-жабдықтары капиталистік орталықтандырудың сондайлық дәрежесіне жетіп, олар өндірушілерге тек коллективтік немесе қоғамдық формада ғана қайтарыла алатын болса, ауыл шаруашылығы саласында — ең болмағанда қазіргі Францияда — істің жайы мүлде басқаша екенін, мұнда өндіріс құрал-жабдықтары, атап айтқанда жер, өте көп жерлерде әлі де болса жеке өндірушілердің қолындағы жеке меншік екенін ескере келіп;

парцеллалық меншікке тән бұл жағдайдың құруы сөзсіз бола тұрса да (est fatalement appelé a disparaître), социализм дегенмен бұл құруды тездетуге тиісті емес екенін, өйткені оның міндеті меншікті еңбектен айыру емес, қайта, өндіріс атаулының бұл екі факторын бір қолға жинау екенін, ал бұларды айыру пролетарлар жағдайына түсірілген қызметкерлерді құлдыққа, қайыршылыққа ұшырататынын ескере келіп;

социализмнің міндеті, бір жағынан, ірі имениелердің қазіргі жатып ішер меншікшілерін экспроприациялағаннан кейін ол имениелерді — коллективтік немесе қоғамдық формада — иеленуге қайтадан ауыл шаруашылық пролетарларын кірістіру болса, екінші жағынан, социализмнің бұдан кем түспейтін тағы бір нақты міндеті өз еңбегімен күнелтетін шаруаның ислігін мемлекеттік қазынадан, өсімқордан және жаңадан пайда болған ірі жер иеленушілердің қол сұғуынан қорғау болып табылатынын ескере келіп;

арендаторлар немесе үлескерлер (métayers) деген атпен бөтеннің жерін өндейтін және тіпті күндікшілерді қанаған күнде де, бұған белгілі бір дәрежеде өздерін езіп отырған қанаудың салдарынан мәжбүр болатын өндірушілерді де осындай қорғауға алу орынды екенін ескере келіп;—

қоғамдық құрылысты өзгерту үшін, анархистер сияқтанып, жоқшылықтың көбейіп, етек жаюына үміт артпайтын, қайта еңбек пен бүкіл қоғамның азат болуын атқарушы және заң шығарушы өкімет билігін жеңіп алған қаланың да, деревняның да еңбекшілерінің ұйымдасуы мен бірлесіп күш жұмсауынан күтетін Жұмысшы партиясы,— осы Жұмысшы партиясы ортақ жауға, феодалдық жер иеленушілікке қарсы бірлесіп күресу үшін село өндірісінің барлық элементтерін және түрлі юридикалық негіздерде елдің жерін пайдалануға тура қатысы бар қызмет түрлерінің бәрін біріктіру мақсатында мынадай аграрлық программа қабылдады».

Енді осы «дәлелдемелерді» толығырақ талдап көрейік.

Ең алдымен, француз программасының өндірушілердің ерікті болуы үшін керекті алғы шарт өндіріс құрал-жабдықтарын иелену болып табылады деген қағидасын тікелей соның соңынан келетін мынадай қағидамен толықтыру керек: өндіріс құрал-жабдықтарын тек екі формада ғана иеленуге болады: бұл не жекеше иелік ету формасында болуға тиіс, мұның өзі барлық өндірушілерге ортақ форма ретінде еш уақытта және еш жерде болып көрген емес және оны өнеркәсіп прогресі күннен-күнге жоққа шығарып келеді; бұл не ортақ иелік ретінде, яғни капиталистік қоғамның дамуының өзі-ақ материалдық және интеллектуалдық алғы шарттарын жасаған формада болуға тиіс; демек, пролетариаттың қарауында бар барлық құралдарды пайдалана отырып, өндіріс құрал-жабдықтарының *ортақ* иелікке өтуі үшін күресу қажет.

Сөйтіп, өндіріс құрал-жабдықтарын ортақтасып иелену программада қалайда жету керек болатын бірден-бір басты мақсат ретінде алға қойылып отыр. Және негізі қазірдің өзінде дайындалып болған өнеркәсіп саласында ғана емес, сонымен қатар, барлық жерде, демек, егіншілікте де алға қойылып отыр. Про-

грамма бойынша, жекеше иелік ету барлық өндірушілерге ортақ форма ретінде еш уақытта және еш жерде болып көрген емес; нақ сондықтан және оның өзін өнеркәсіп прогресі опсыз да ығыстырып келе жатқандықтан, социализм оны сақтап қалуға емес, жоюға мүдделі; өйткені ол бар болып отырған жерде ортақ иелікке мүмкіндік қалмайды. Егер программаға сүйенер болса, онда тұтас алынған бүкіл программаға сүйену керек, мұның өзі Нант дәлелдемесінің цитатқа алынған қағидасын елеулі түрде өзгертеді, өйткені онда көрсетілген жалпы тарихи ақиқатты белгілі бір жағдайларға байланысты етіп қояды, ал бұл ақиқат қазір тек осындай жағдайлар барда ғана Батыс Европа мен Солтүстік Америкада өзінің күшін сақтай алады.

Өндіріс құрал-жабдықтарының жеке өндірушілер иелігінде болуы біздің заманымызда оларға нағыз бостандық бермейді. Қолөнер қалаларда күйзеліске ұшырады, ал Лондон сияқты ірі қалаларда тіпті мүлде жоқ болып кетті, оның орнына ірі өнеркәсіп келді, азапты жұмыс жүйесі шықты, банкроттықты тіршілік ету амалы деп білетін бейшара пысықшалар пайда болды. Өз шаруашылығымен күн көретін ұсақ шаруаның өзінің ұлтарақтай жерін иеленуіне сенімі де, бостандығы да жоқ. Оның өз басы да, оның үйі, қора-қопсысы мен шағын жері де өсімқордікі; оның өмір сүруі пролетардың өмір сүруінен де сенімсіз, өйткені пролетардың анда-санда болса да жаны тыныш күні болады, ал борыш құл қылып, титықтатқан адамда ондай күн еш уақытта болмайды. Азаматтық кодекстің 2102-статьясын сызып тастаңыз, шаруада заң жүзінде кепілге алуға тыйым салынатын егіншілік құрал-саймандар қоры, мал, т. с. болуын қамтамасыз етіңіз,— сонда да сіз оны лажсыз жағдайдан құтқара алмайсыз, мұндай жағдайда ол құрып кетуден қысқа уақытқа болса да өзіне мұрша сатып алу үшін өсімқорға «ерікті түрде» малын сатуға, жан-тәнімен өзі сатылуға тиісті болады. Ұсақ шаруаны оның меншігімен қорғаймын деген әрекетіңіз оның ерікті болуын емес, оның құлдықта болуының өзгеше бір формасын ғана қорғайды; мұның өзі шаруаның не өмір емес, не өлім емес халін ұзаққа созады; сондықтан мұнда сіздердің программаларыңыздың бірінші абзацына сүйенулеріңіз мүлде орынсыз.

Дәлелдемеде былай делінген: қазіргі Францияда өндіріс құрал-жабдықтары, атап айтқанда жер, өте көп жерлерде әлі де болса жеке өндірушілердің қолындағы дара меншік болып отыр; ал социализмнің міндеті меншікті еңбектен айыру емес, қайта, өндіріс атаулының бұл екі факторын бір қолға жинау делінген.— Әлгінде атап өттік, бұл соңғы айтылып отырған жай мұндай жалпы формада ешбір ретте социализмнің міндеті болып табылмайды; оның міндеті, бұдан да гөрі өндіріс құрал-жабдықтарын өндірушілердің *ортақ иелігіне* беруде ғана. Міне осыны естен шығарсақ-ақ болғаны, жоғарыда айтылған қағида бізді

дереу социализм ұсақ шаруаның қазіргі алдамшы жер меншігін оның жерінде шын мәнісіндегі меншікке айналдыруға тиісті, яғни ұсақ арендаторды меншікші етуге, ал борышқа батқан меншікшіні борыштан азат меншікшіге айналдыруға тиіс деген қате пікірге әкеліп соқтырады. Әлбетте, социализм шаруа меншігінің осы алдамшы көрінісінің жойылуына мүдделі, бірақ әлгіндей әдіспен жойылуына мүдделі емес.

Қалай болған күнде де, әңгіменің аяғы мынаған келіп соқты: программаның дәлелдеме бөлімінде былай деп тура мәлімдеуді мүмкін деп табады: социализмнің міндеті, тіпті оның ең өзекті міндеті —

> «өз еңбегімен күнелтетін шаруаның меншігін мемлекеттік қазынадан, өсімқордан және жаңадан пайда болған ірі жер иеленушілерінің қол сұғуынан қорғау».

Осы арқылы дәлелдеме осының алдындағы абзацта өзі мүмкін емес деп тапқан ісін енді келіп социализмнің өзекті міндеті деп жариялап отыр. Өзі алдында «құруы сөзсіз» деп дәлелдеген шаруалардың парцеллалы меншігін енді келіп социализмге «қорғауға» тапсырады. Мемлекеттік қазына, өсімқор, жаңадан пайда болған ірі жер иеленушілер дегеннің бәрі капиталистік өндірістің әлгі айтқан сөзсіз құруды жүзеге асыратын жай ғана қарулары емес пе? «Социализмнің» шаруаны бұл үш мықтыдан қандай құралдармен қорғауға тиіс болатынын біз төменіректе көреміз.

Бірақ ұсақ шаруаның меншігін ғана қорғап қоймау керек. Мұнымен қатар

> «Арендаторлар немесе үлескерлер (métayers) деген атпен бөтеннің жерін өңдейтін және тіпті күндікшілерді қанаған күнде де, бұған белгілі бір дәрежеде өздерін езіп отырған қанаудың салдарынан мәжбүр болатын өндірушілерді де осындай қорғауға алу орынды».

Бұл арада біз енді мүлде өзгеше негізге көшеміз. Социализм жалдама еңбекті қанауға қарсы әдейі бағытталған. Ал мұнда социализмнің өзекті міндеті «күндікшілерді *қанаған»* жағдайда да француз арендаторларын қорғау болмақ деп жарияланады — тура сөзбе-сөз осылай делінген! Және мұның бұлай болатыны бұл арендаторлар бұған «өздерін де езіп отырған қанаудың салдарынан» белгілі бір дәрежеде мәжбүр болады-мыс!

Еңіске қарай бір бет алғаннан кейін сырғанай беру қандай оңай, қандай рахат! Ал егер немістің ірі және орта шаруасы француз социалистеріне келіп, Герман партиясының басқармасынан сұраңызшы, Германияның социал-демократиялық партиясы біздің батырақтар мен батырақ әйелдерді қанауымызды қолдайтын болсын десе, мұнда олар өсімқордың, салық жинаушының, астық жалдабы мен мал саудагерінің тарапынан «өзде-

рін де езіп отырған қанауды» дәлел етіп келтірсе,— онда бұлар оған не деп жауап қайырар еді? Биржаның, өсімқордың, астық жалдабының тарапынан «өздерін езіп отырған қанауды» дәлел етіп, біздің ірі аграрийлердің де ауыл шаруашылық жұмысшыларын қанауын социалистердің қолдауын сұрап оларға граф Каницті (ол да елге астық әкелу ісін мемлекет қолына беру жөнінде осындай ұсыныс енгізген еді ғой) жібермесіне кім кепіл?

Сөз арасында айта кету керек, сырттай солай көрінуі мүмкін болса да, біздің француз достарымыздың ондайлық жаман ойлары жоқ. Жоғарыда келтірілген абзацта мүлде өзгеше бір жағдай ғана еске алынған, атап айтқанда ол мынау: Францияның солтүстігінде, біздің қант қызылшасын өндіретін аудандарымыздағы сияқты, шаруаларға қызылша өсіру міндеттеліп, мүлде ауыр шарттармен арендаға жер беріледі: олар қызылшаны белгілі бір қант заводына және осы завод белгілеген бағамен сатуы керек, тұқымның белгіленген түрін сатып алулары керек, белгілі мөлшерде қатаң түрде тағайындалған тыңайтқыш енгізуі керек және осының бәрінің үстіне қызылшаны тапсыру кезінде оларды арсыздықпен алдап соғу тағы бар. Мұның бәрі Германияда біздерге де өте таныс жайлар. Бірақ егер француз социалистері шаруалардың нақ осы категориясын қорғағылары келген болса, онда мұны турасынан және анық айтулары керек еді. Қазіргі күйінде, мұндай мүлде жалпылама алынған тұжырымдауда, әңгіме болып отырған абзац жалғыз француз программасын ғана емес, сонымен қатар тегі социализмнің негізгі принципін де тура бұзғандық болып отыр, ал егер осы ұқыпсыз редакция неше түрлі жақтан оның авторларына ұнамсыз мағынада пайдаланылатын болса, онда мұны олар өздерінен көрсін.

Дәлелдеменің қорытынды сөздері де осындай теріс мағынада түсіндірілуі мүмкін; бұл сөздерге қарағанда социалистік жұмысшы партиясы алдында мынадай міндет тұр:

> «ортақ жауға, феодалдық жер иеленушілікке қарсы бірлесіп күресу үшін село өндірісінің барлық элементтерін және түрлі юридикалық негіздерде елдің жерін пайдалануға тура қатысы бар қызмет түрлерінің бәрін біріктіру».

Қандай елдің болсын социалистік жұмысшы партиясының алдында өздерінің қатарына село пролетарлары мен ұсақ шаруаларды қабылдаудың үстіне, орта және ірі шаруаларды қабылдау немесе тіпті ірі имениелерді арендаға алушыларды, капиталистік мал өсірушілерді және елдің жерін капиталистік жолмен пайдаланушы басқа да адамдарды қабылдау міндеті тұр дегенді мен үзілді-кесілді теріске шығарамын. Мейлі, феодалдық жер иеленушілік олардың бәрінің ортақ жауы бола берсін. Кейбір мәселелерде біз олармен бірге бола аламыз, қайсыбір мақсаттарға жету үшін біраз уақыт солар жағында күресе ала-

мыз. Біздің партиямызда кез келген қоғамдық таптың жеке адамдарының болуына болады, бірақ капиталистердің, орта буржуазияның немесе орта шаруаның мүдделерін көздейтін топтардың болуына тіпті де болмайды. Бұл арада да оншалық жаман ойлар жоқ; бұл жайлардың бәрін авторлар, тегі ойламаса керек; бірақ, өкінішке орай, жалпылама қорытынды жасауға құмарлық оларды адастырып әкеткен, сондықтан оларды өз сөздерінен ұстағанына таңданбасын.

Дәлелдемеден кейін программаның өзіне жаңадан қабылданған қосымшалар келеді. Дәлелдеме сияқты, бұлар да сондай ұқыпсыз редакцияланған.

Қауымдар ауыл шаруашылық машиналарын алдырып, оны өзіндік құнымен шаруаларға жалға беруі керек деген пункт мынадай мағынада өзгертілген: біріншіден, осы мақсатқа қауымдар мемлекеттен жәрдем ақша алады, ал екіншіден, олар машинаны ұсақ шаруалардың қарамағына тегін беруге тиіс делінген. Бұдан арғы жеңілдік ұсақ шаруаларға пайда келтіре қояр ма екен, өйткені олардың жер көлемі мен шаруашылық жүргізу әдісінің өзі машинаны көптеп қолдануға мүмкіндік бермейді.

Мұнан соң:

> «Қазіргі барлық жанама және төте салықтарды 3000 франктен асатын барлық табыстарға бірыңғай прогрестік салықпен ауыстыру».

Мұндай талап социал-демократиялық программаның қайқайсысында болсын дерлік көп жылдардан бері бар. Бірақ оның арнайы ұсақ шаруалардың мүддесі үшін алға қойылуы жаңалық болып табылады және оның пағыз мәнісін түсінудің нашар екенін ғана дәлелдейді. Мысалға Англияны алайық. Онда мемлекеттік бюджеттің сомасы 90 миллион фунт стерлинг. Бұл соманың $13^1/_2$—14 миллионын табыс салығы береді, қалған 76 миллионның азғана бөлегі қызмет көрсету операцияларына (почта, телеграф, штемпель алымы) салынған салықтан түседі, бірақ ең басым бөлегі көпшілік тұтынатын заттарға салынатын салықтан, барлық азаматтардың, ал көбіне неғұрлым кедейлердің табыстарынан — көзге көп түспейтін, бірақ жинағанда талай миллион сома болатын етіп — кез келген жерде жұқалап, үзіп-жұлып алудан түседі. Және қазіргі қоғамда мемлекет шығындарын басқаша әдіспен өтеудің мүмкіншілігі бар деуге келер ме екен. Айтайық, Англияда, осы 90 миллионның бәрі 120 ф. ст. (3000 франк) және одан да көп табыстарға прогрестік төте салық салудан түседі дейік. Қор жинаудың жылдық орта мөлшері, бүкіл ұлттық байлықтың жыл сайынғы өсуі, Джиффеннің есебі бойынша, 1865—1875 жылдарда 240 миллион фунт стерлинг болды. Айтайық, қазір ол жылына 300 миллион екен дейік; солай болған күнде 90 миллиондық салық ауыртпалығы бүкіл жиналған

қордың үштен бірін әкеткен болар еді, Былайша айтқанда, социалистік үкіметтен басқа бірде-бір үкімет мұндай еш нәрсе істей алмайды; ал өкімет басына социалистер келгенде олардың өзгеше шаралар жүргізуіне тура келеді, онда бұл салық реформасы тек уақытша, мүлде мардымсыз бөлшек-бөлшек төлемдер ролін ғана атқарады да, ұсақ шаруалар алдында мүлде басқаша перспективалар ашылатын болады.

Программа авторларының өздері де мұндай салық реформасын шаруалардың ұзақ күтуіне тура келетінін түсінетін сияқты; сондықтан оларға «әзірше» (en attendant) мынаны ұсынады:

> «Өз еңбегімен тіршілік ететін барлық шаруалардан жер салығын алмау және кепілдікке байлаулы барлық жер учаскелерінен бұл үшін салықты азайту».

Бұл талаптың екінші жартысы семьяның өз күшімен өңдеуге келмейтін *неғұрлым ірі* шаруа учаскелеріне ғана қатысты болуы мүмкін; сөйтіп, айналып келгенде, бұл да «күндікшілерді қанайтын» шаруаларға тиімді.

Мұнан соң:

> «Аң мен құсқа, балық пен егінге ұқыптылықпен қарау қажеттігінен қойылатын шектен басқа жағдайда аң және балық аулауға ешқандай шек қоймай ерік беру».

Мұның өзі әбден түсінікті, бірақ сөйлемнің екінші бөлегі біріншісін жойып жіберіп тұр. Осы қазір барлық селолық жерлерде әрбір шаруа семьясына шаққанда қоян, құр, шортан, табан балық дегендер сонша көп келе қояр ма екен? Әрбір шаруаның аң аулап, балық ұстауына жылына *бір* күннен артық берер ліктей аң көп пе екен?

> «Заңдастырылған және әдеттегі процентті кеміту» —

демек, өсімқорлыққа қарсы жаңа заңдар шығару, екі мың жылдан бері барлық жерде қашан да болса іске аспай келе жатқан полициялық шараны тағы да жүргізіп көру. Егер ұсақ шаруа өсімқорға күні түсу оған басқа қырсықтан жеңіл болатын жағдайға тап болса, өсімқордың өзі өсімқорлыққа қарсы заңды орағытып, оның қанын сорып алудың жолын әрқашанда табады. Бұл шара, ең тәуір дегенде, ұсақ шаруаны тыныштандыруға сеп болар, бірақ оған одан келер пайда жоқ; қайта, оның өте-мөте мұқтаж кезінде қарыз алуын қиындатады.

> «Тегін медициналық жәрдем көрсету және дәрі-дәрмекті өзіндік құнымен босату» —

мұның өзі, қалай болған күнде де, арнайы шаруа талабы емес; герман программасы мұнан да әрі барып, дәрі-дәрмектің де тегін босатылуын талап етеді.

«Шақырылған запастағы солдаттардың қызмет атқарып жүрген уақытында олардың семьяларына жәрдем беру»

деген, мүлде қанағаттанғысыз түрде болса да, Германия мен Австрияда қазірдің өзінде бар және бұл да арнайы шаруа талабы емес.

«Тыңайтқыштарды, ауыл шаруашылық машиналары мен өнімдерін тасу тарифін төмендету» —

Германияда негізінде жүзеге асырылып та тынды, асырылғанда да, көбінесе ірі жер иеленушілердің пайдасына жүзеге асырылды.

«Жердің құнарын жақсарту және ауыл шаруашылық өндірісін көтеру жөніндегі қоғамдық жұмыстардың жоспарын жасауға дереу әзірлену» —

мұның бәрі бұлдыр сөз бен уәдеге қарық қылудың шеңберінен аспайды және оның өзі де ең алдымен ірі жер иелігінің мүддесін көздейді.

Сонымен, кеңінен сермеген бүкіл теориялық дәлелдемеден соң келетін жаңа аграрлық программаның практикалық ұсыныстары француз Жұмысшы партиясының өзінің айтуынша ұсақ шаруалардың сөзсіз құритын парцеллалы меншігінің сақталуына қалай жеткісі келетінін бізге ешбір түсіндіре алмайды.

## II

Бір мәселеде біздің француз жолдастардың пікірі сөзсіз дұрыс: Францияда ұсақ шаруаның *еркіне қарсы* ешқандай берік төңкерістің болуы мүмкін емес. Бірақ меніңше, олар шаруаға жақындау әрекетінде басқа тетіктерді іске қосып отырған сияқты.

Тегінде, олар ұсақ шаруаны бүгін-ертең болмаса, әйтеуір мүмкіндігіне қарай ең таяу арадағы жалпы сайлауда өздерінің жағына тартуды көздейтін болуы керек. Бұған олар тек тәуекелге салып молынан уәделер беру, ол уәделерді қорғау үшін амалсыз әлгіден де анағұрлым тайғанақ теориялық топшылауларды пайдалану жолымен жетеміз деп үміттене алады. Егер байыптаңқырап қарайтын болсақ, бұл мол уәделердің өздеріне өздері қайшы келетіні көрінеді (бір жерде қолдаймыз деп уәде еткен нәрсесін ізінше сөзсіз құритын нәрсе деп жариялайды) және қайсыбір шаралардың не практикалық тиімділігі мүлде болмайтындығы (өсімқорлыққа қарсы заңдар), не жұмысшылардың жалпы талаптары болып табылатыны, не ірі жер иеленушіліктің де пайдасына шығатыны, не болмаса, ақырында, ұсақ шаруа үшін маңызы өте шамалы болатыны көрінеді; сөйтіп программаның таза практикалық бөлігі қате кіріспені өзі түзетеді де, дә-

лелдеменің сырттан қарағанда қаһарлы даурықпа сөздерін іс жүзінде келер-кетері аз шараларға айналдырады.

Турасын айтайық: ұсақ шаруаның бүкіл экономикалық жағдайынан, оның алған тәрбиесінен, тұрмысының оқшаулығынан туатын және буржуазиялық баспасөз бен ірі жер иеленушілер қолдап отыратын жалған сенімдер болып тұрғанда, ұсақ шаруалар бұқарасын біз тек көрінеу көзге қолымыздан келмейтін уәделер беру арқылы ғана өз жағымызға дереу тарта аламыз. Атап айтқанда: олардың меншігін қандай жағдайда болса да оған төнетін барлық экономикалық күштерден қорғап қана қоймай, сонымен бірге ол меншікті қазірдің өзінде басына түсіп отырған ауыртпалықтан құтқарамыз: арендаторды ерікті меншік иесі етеміз, ал ипотека бас көтертпей отырған меншік иесін борыштарынан босатамыз деп уәде беруге тиісті боламыз. Мұны істеу біздің қолымыздан келген күнде де бұрынғы тәртіптерге қайта оралған болар едік, ал одан сөзсіз қазіргі тәртіптер жаңадан дамып шыққан болар еді. Біздікі шаруаны босату болмас еді, тек оның құрып-бітуін аз уақытқа кейінге қалдыру болар еді.

Бірақ шаруаны бүгін өз жағымызға шығарғанмен, ертеңіне, уәдемізді орындай алмағаннан кейін, ол бізден қайта кететін болса, мұның өзі бізге мүлде тиімсіз. Бізден өзінің парцеллалы меншігін мәңгілікке қалдыруды талап ететін шаруаның бізге партия мүшесі ретінде керегі жоқ, дәл сол сияқты өзінің шеберлік жағдайын мәңгілікке қалдыруды тілейтін ұсақ қолөнерші шебердің де керегі жоқ. Ондай адамдардың орны антисемиттердің қатарында. Соларға-ақ барып, ұсақ шаруашылықтарын сақтау жөнінде солардың уәдесін ала берсін; соларға барып әлгіндей көпірме сөздің нендей екенін, бұларға жұмақ орнатуды уәде етіп, антисемит скрипкаларының қандай күй тартатынын білгеннен кейін, мына біздердің уәдені аз беретін, ал азаттықты мүлде басқа жақтан іздейтін адамдар екенімізді және біздің не дегенмен де әлдеқайда сенімді адамдар екенімізді барған сайын көбірек түсіне бастайтын болады. Егер біздегі сияқты айқай-шулы антисемиттік демагогия французда да жүріп жатқан болса, олардың Нант қатесін жіберуі екіталай еді.

Біздің ұсақ шаруаларға көзқарасымыз қандай? Қолымызға мемлекет билігі тиген күні олар жөнінде біз не істеуіміз керек?

Біріншіден, француз программасының: біз ұсақ шаруаның сөзсіз құритынын болжап отырмыз, бірақ ешбір жағдайда оны өзіміздің араласуымызбен тездетпек емеспіз деген қағидасы өте дұрыс.

Ал екіншіден, дәл сондай-ақ, біз мемлекеттік билікті қолға алған кезімізде, ірі жер иелері жөнінде істеуге мәжбүр болатынымыз сияқты, ұсақ шаруаларды зорлықпен экспроприациялау ойымызға да келмейтіні анық (ақы төлеу арқылы ма, әлде он-

сыз бола ма, бәрібір). Біздің ұсақ шаруалар жөніндегі міндетіміз ең алдымен олардың жеке меншікті өндірісі мен жеке меншігін серіктік меншікке көшіру, көшіргенде зорлық арқылы емес, үлгі көрсету арқылы және осы мақсатта қоғамдық жәрдем беру арқылы көшіру болады. Солай еткен күнде ұсақ шаруаға қазірдің өзінде-ақ айқын болуға тиісті пайдаларын көрсету үшін қажетті шаралар бізде, әрине, жеткілікті болады.

Елінде қала атаулыдан жалғыз-ақ Копенгаген қаласы бар, бұл қаланың үстіне насихат жұмыстарын кілең дерлік шаруалар арасында ғана жүргізуіне тура келетін дат социалистері бұдан 20 жыл дерлік бұрын-ақ осындай жоспарлар ұсынған болатын. Белгілі бір деревняның немесе приходтың шаруалары—Данияда жеке үлкен қора-жайлар көп—өздерінің жерлерін бір ірі имение етіп қосып, оны бірігіп өңдеуге, ал табысты қосқан жері және ақша үлесі мен еңбектеріне қарай бөлісуге тиіс. Данияда ұсақ жер иеленушілік екінші дәрежелі ғана роль атқарады. Ал егер біз осы идеяны парцеллалы шаруашылық саласына әкеліп қолданатын болсақ, онда парцеллаларды қосып біріктірілген жердің барлық көлемінде ірі шаруашылық жүргізгенде, бұрын жұмыста болатын жұмыс қолының бірсыпырасының артық болып қалғанын көрер едік; ірі шаруашылықтың басты артықшылығының бірі — еңбектің осылайша үнемді жұмсалуында. Бұл жұмыс қолдарына жұмыс тауып берудің екі түрлі жолы бар: не бұл шаруа серіктігінің қарамағына көршілес ірі имениелерден тағы да қосымша жер алып беру керек, не болмаса, мүмкіндігіне қарай, көбінесе өз тұтынулары үшін өнеркәсіптік қосалқы кәсіпшілікпен айналысуларына қаражат және мүмкіншілік беру керек. Бұл екі реттің екеуінде де олар экономикалық жағынан жақсы жағдайға қойылады, мұның өзі сонымен бірге шаруа серіктігін бірте-бірте ең жоғары формаға көшіріп, тұтас серіктіктің де, оның жеке мүшелерінің де праволары мен міндеттерін бүкіл қоғамның басқа бөліктерінің праволары мен міндеттеріне теңдестіру үшін орталық қоғамдық өкіметтің қажетті ықпал жасауын қамтамасыз етеді. Мұны жүзеге асырудың егжей-тегжейі әрбір жеке ретте нақты жағдайға және саяси өкімет билігін біздің қандай жағдайларда жеңіп алатындығымызға байланысты болмақ. Мүмкін, сөйте келіп, бұл серіктіктерге одан да үлкен артықшылықтар ұсынуға: олардың ипотекалық борышының проценттік ставкасын мықтап төмендете отырып, оның барлық сомасын ұлттық банктың өз мойнына алуын; ірі өндіріс ұйымдастыру үшін қоғамдық қаражаттан қарыз берілуін (ол қарыздың ақшалай болуы міндетті емес, немесе бірыңғай ақшамен емес, сонымен қатар ең қажетті өнімдермен: машиналармен, жасанды тыңайтқыштармен т. б. берілуін) және басқа артықшылықтар ұсынуға шамамыз келер.

Мұның бәрінде басты міндет шаруаға мынаны анық көрсетуде: біз олардың үй-жайы мен жер иелігін оларды тек кооперативтік иелікке, кооперативтік өндіріске айналдыру арқылы ғана қорғап, сақтай аламыз. Шаруаларды құруға бастайтынның өзі нақ осы жекеше иелікке негізделген жекеше шаруашылық. Егер олар өздерінің жекеше шаруашылығын жақтай беретін болса, онда үйден де, қора-жайдан да айрылатыны сөзсіз, капиталистік ірі шаруашылық олардың ескірген өндіріс әдісін ығыстырып шығарады. Істің жайы осындай. Ал біз болсақ шаруалардың ірі шаруашылықты өздерінің жүргізулеріне, капиталистердің пайдасына емес, өздерінің ортақ пайдасы үшін жүргізулеріне мүмкіндік береміз. Міне бұл олардың өз мүддесі үшін екенің, оларды құтқаратын бірден-бір жол осында екенін шаруаларға анық көрсетуге болмай ма?

Біз ұсақ шаруаларға капиталистік өндірістің басым күштеріне қарсы олардың жекеше меншігі мен жекеше шаруашылығын қолдаймыз деп ешқашан уәде бере алмаймыз. Біз тек оларға өздерінің еркінен тыс олардың меншік қатынастарына күшпен араласпаймыз деп уәде бере аламыз. Мұнан соң біз капиталистер мен ірі жер иелерінің ұсақ шаруаларға қарсы күресінің қазірдің өзінде-ақ әділетсіздігі мүмкіндігінше неғұрлым кем құралдармен жүргізілуін және қазір тым жиі кездесетін тікелей тонаушылық пен алдаушылыққа мүмкіндігінше кедергілер қойылуын жақтай аламыз. Мұның өзі тек ілуде бір сәті түсетін нәрсе. Дамыған капиталистік өндіріс әдісі жағдайында бірде-бір адам адалдықтың қай жерде аяқталып, алаяқтықтың қай жерден басталатынын ажырата алмайды. Ал бірақ, саяси өкімет алдаушы жағында ма әлде алданушы жағында ма,— бұл екеуінің арасында қашанда болса үлкен айырмашылық болады. Біз болсақ қалай да ұсақ шаруаның жағындамыз; біз оның жағдайын неғұрлым жақсарту үшін, егер өзі бел байласа, оның серіктікке көшуін жеңілдету үшін мүмкін болғанның бәрін істейміз, ал егер ол әзірше мұндай шешімге келе алмайтын болса, өзінің парцелласында отырып ойланып алуына мұрша да береміз. Біздің бұлай ететініміз, өз еңбегімен күнелтетін ұсақ шаруаға біздің қатарымызға қосылуы мүмкін күш деп қарағандықтан ғана емес, мұнда партияның тікелей мүддесі де бар. Шын мәнісінде пролетарларға айналудан біз құтқарған, өз жағымызға әзірге шаруа ретінде тартуымызға болатын шаруалар саны неғұрлым көп болса, қоғамдық төңкеріс соғұрлым тезірек және жеңілірек жүзеге аспақ. Біздің бұл төңкерісті капиталистік өндіріс барлық жерде ақырғы шегіне жеткенше өршіп, ең соңғы ұсақ қолөнерші мен ұсақ шаруа капиталистік ірі өндірістің құрбаны болғанша күтуіміздің жөні жоқ. Бұл жөнінде шаруалардың мүддесі үшін қоғамдық қаражаттан жұмсауға тура келетін материалдық шығындар, капиталистік экономиканың тұрғысынан

қарағанда бейне бір далаға тасталған ақша болып көрінуі мүмкін, ал шындығында бұл капиталды өте орынды жеріне жұмсағандық болып шығады, өйткені бұл шығын бүкіл қоғамды қайта құруға жұмсағанда, мүмкін, он есе артық соманы сақтап қалар. Демек, осы мағынада біз шаруалар жөнінде барынша либералдар бола аламыз. Бұл арада мәселенің егжей-тегжейін ақтарыстырып, бұл бағытта белгілі бір ұсыныстар енгізіп жатудың жөні жоқ; бұл арада әңгіме ең жалпы, негізгі мәселелер жөнінде ғана болуы мүмкін.

Сонымен, парцеллалы меншікті ұзақ мерзімге сақтауды көздейді екен деп шаруалардың ойлап қалуына титтей де болса себеп боларлық уәделер берсек, мұнымыз партияға ғана емес, ұсақ шаруалардың өз бастарына да ең зиянды жұмыс істегендік болар еді. Мұның өзі шаруалардың азаттыққа баратын жолын тұпа-тура жауып тастау, партияны даурықпа антисемитизм деңгейіне түсіріп төмендету болып шығар еді. Керісінше. Біздің партияның міндеті — капитализм үстем болып тұрғанда шаруалардың хал-жағдайы мүлде мүшкіл болатынын, олардың парцеллалы меншігін сол күйінде сақтап қалуы мүлде мүмкін еместігін, темір жол поезы қол арбаны қалай жаншып кететін болса, олардың әлсіз, ескірген ұсақ шаруашылығын капиталистік ірі өндіріс солай жаншып кететіні әбден кәміл екенін шаруаларға әр уақытта және қайта-қайта түсіндіріп отыру. Біз осылай еткен болсақ, онда экономикалық дамудың сөзсіз болатын барысына сәйкес жұмыс істеген боламыз, ал мұның өзі шаруалардың санасын біздің сөзімізді түсінетіндей етіп ашады.

Асылында, Нант программасы авторларының көзқарасы да шын мәнісінде менің көзқарасым сияқты екенін сенімді түрде айтпайынша, бұл мәселені аяқтай алмаймын. Қазір парцеллалы меншікте болып тұрған жердің де ортақ иелікке көшуге тиіс екенін түсінуге олардың көрегендігі әбден жетеді. Парцеллалы меншіктің қалайда құруға тиіс екенін олардың өздері де мойындайды. Нант съезінде Ұлттық советтің Лафарг әзірлеген баяндамасы да осы көзқарасты толығынан растайды. Неміс тілінде оны Берлиндегі «Sozialdemokrat» газеті үстіміздегі жылдың 18 октябрінде басып шығарды[281]. Нант программасының тұжырымдамаларындағы қайшылықтардың өзі-ақ оның авторларының іс жүзінде айтып отырғандары өздерінің айтқысы келгені емес екенін көрсетеді. Егер олардың айтқандарын жұрт түсінбесе және оларын әдейі басқа саққа жүгіртсе — шындығында осылай болды да — бұл, әрине, олардың өз кінәсы. Қалай болған күнде де, олар өздерінің программасын анығырақ түсіндіруге тиісті, ал келесі француз съезінің оны мықтап қайта қарауына тура келеді.

Енді неғұрлым ірірек шаруалардың жайына келейік. Мұнда біз — көбінесе мұра бөлісу салдарынан, сондай-ақ борыш және

жерді зорлап саттыру салдарынан — парцеллалы шаруадан бастап, өзінің бұрынғы үлес жерін тұтас күйінде сақтап қалған, тіпті оны ұлғайтып та алған ірі шаруаға дейінгі аралық сатылар үлгілері бар екенін көреміз. Орта шаруа парцеллалы шаруалар арасында тұратын жерлерде оның өз мүдделері мен көзқарастары жағынан парцеллалы шаруалардан айтарлықтай елеулі айырмашылығы болмайды; өйткені ол өзі сияқты талай шаруалардың ұсақ шаруалар жағдайына түсіп қалғанын өз тәжірибесінен көріп келеді. Бірақ орта шаруалар мен ірі шаруалар басым болып отырған жерлерде және шаруашылықты жүргізуге ылғи батырақтар мен батырақ әйелдердің көмегі керек болатын жерлерде істің жайы мүлде өзгеше. Жұмысшы партиясы, әрине, ең алдымен жалдама жұмысшылардың яғни батырақтар мен батырақ әйелдердің және күндікшілердің мүдделерін қорғауға тиіс; осының өзінен-ақ ол шаруаларға жұмысшылардың жалдама құлдығын бұдан былай да сақтауды көздейтін ешқандай уәде бере алмайды. Бірақ қазіргідей ірі және орта шаруалар бар болып отырғанда, олар жалдама жұмысшыларсыз тұра алмайды. Сондықтан парцеллалы шаруалардың парцеллалы шаруалар ретінде ұзақ өмір сүру үмітін қолдау біздің тарапымыздан тура сорақылық болған болса, онда ірі және орта шаруаларға да мұндай уәде беру, тұп-тура опасыздықпен шектескен нәрсе болар еді.

Мұнда да тағы сол қаланың қолөнершілеріне ұқсастық бар. Олар шаруалардан гөрі көбірек күйзеліске ұшыраған болса да, олардың іштерінде шәкірттермен қатар кіші шеберлерге де жұмыс істететін немесе шәкірттері кіші шеберлердің міндетін атқаратын адамдар дегенмен әлі де бар. Бұл қолөнерші-шеберлердің ішінде өздерінің осы жағдайын мәңгі-бақи сақтағысы келгендері антисемиттерге барып, онда да өздеріне жәрдем болмайтынына көзі жеткенше сонда бола берсін. Ал қалғандары — өздерінің өндіріс әдісінің сөзсіз құритынын біліп, бізге келуде, бірақ келгенде басқа жұмысшылардың бәрінің тағдыры қандай болса, олар да соған ортақ болуға әзір болып келуде. Ірі және орта шаруалар жөнінде де осындай. Біз олардың өздерінен гөрі батырақтарының, батырақ әйелдерінің және күндікшілерінің жайын, әлбетте, әлдеқайда көбірек ойлаймыз. Егер бұл шаруалар өздерінің шаруашылықтарының бұдан былай да сақталуына кепілдік тілейтін болса, біз оларға мұны әсте ұсына алмаймыз. Олай болғанда олардың орны антисемиттердің, шаруа одағы мүшелерінің және уәдеге қарық қылып, бірақ оның бірде-бірін орындамауды жаны сүйетін басқа да сондай партиялардың қатарында. Ірі шаруаның да, орта шаруаның да капиталистік шаруашылық пен мұхиттың ар жағында өндірілген арзан астықтың бәсекесінен сөз жоқ құритыны жөніндегі экономикалық ақиқатты біз жақсы білеміз, мұны олардың үнемі өсіп бара жатқан

борыштары мен шаруашылықтарының барлық жерде көрінеу құлдырауы дәлелдеп отыр. Бұл құлдырауға қарсы біз ештеме істей алмаймыз, тек мұнда да олардың шаруашылықтарын серіктіктерге біріктіруді ғана ұсына аламыз; ал мұндай серіктіктерде жалдама еңбектің қаналуын барған сайын көбірек жоюға болар еді де, оларды жалпы ұлттық өндірістік ұлы серіктіктің тең праволы, бірдей міндетті құрамды бөлімдеріне бірте-бірте айналдыруға болар еді. Егер бұл шаруалар өздерінің қазіргі өндіріс әдісінің сөзсіз құритынын түсініп, бұдан тиісті қорытындылар жасайтын болса, бізге келеді, онда біз олардың да жаңа өндіріс әдісіне көшуін мүмкіндігінше жеңілдетуге міндетті боламыз. Әйтпеген күнде біз оларға өз тағдырларыңның салғанын көріңдер деп, олардың жалдама жұмысшыларымен сөйлесуге тиіс боламыз, ал бұлар бізге, әрине, ықыласпен қарайтын болады. Тегінде, біз мұнда да, зорлықты экспроприациядан тартынатын болармыз, бірақ, дегенмен, экономикалық даму бұл қасарыспаларға да ақыл берер деп үміттенуімізге болады.

Тек ірі жер иеленушілікке келгенде ғана істің жайы айдан анық. Біздің мұнда көріп отырғанымыз ешқандай бүркемесіз капиталистік кәсіпорын, олай болса, бізде ешқандай күмән болмауға тиіс. Мұнда біздің көріп отырғанымыз село пролетарларының бұқарасы, демек, міндетіміз айқын деген сөз. Біздің партиямыз мемлекет билігін жеңіп алған бойда оның ірі жер иеленушілерді, өнеркәсіп фабриканттары сияқты, тіке экспроприациялауы керек болады. Бұл экспроприация төлемді бола ма әлде төлемсіз бола ма, бұл көбінесе бізге емес, біздің қандай жағдайларда өкімет басына келетінімізге, сонымен бірге, атап айтқанда, ірі жер иеленуші мырзалардың өздерінің қандай мінез көрсететініне байланысты болмақ. Ешқандай жағдайда төлем беруге болмайды деп біз әсте есептемейміз; Маркс: егер бұл банданың бәрінен төлем төлеп құтыла алатын болсақ, бізге бәрінен де сол арзанға түсер еді деген пікірін маған — талай рет!—айтқан болатын. Алайда бұл жерде біз бұл әңгімені қозғамаймыз. Осылайша қоғамға қайтарылған ірі имениелерді, қазіргі кезде де өздері өндеп отырған осы имениелерді серіктік болып ұйымдасатын ауыл шаруашылық жұмысшыларының қоғамның бақылауымен пайдалануына беретін боламыз. Бұларды қандай шарттармен беретіндігіміз жөнінде қазір анық ештеме айтуға әлі болмайды. Қалай болған күнде де, мұнда капиталистік шаруашылықты қоғамдық шаруашылыққа айналдыру ісі толығынан әзірленген, сондықтан ол істі, мысалы, Крупп мырзаның немесе фон Штумм мырзаның заводында жүргізгендей бірден жүргізуге болады. Бұл егіншілік серіктіктерінің үлгісі әлі де қарсыласып келе жатқан ең соңғы парцеллалы шаруалардың, сонымен қатар, тегі кейбір ірі шаруалардың да ірі кооперативтік шаруашылықтың артықшылығына көздерін жеткізетін болады.

Демек, мұнда біз село пролетарлары алдында, өнеркәсіп жұмысшыларының алдында ашылатындай, тамаша перспектива аша алатын боламыз. Сондықтан да Ост-Эльба Пруссиясының ауыл шаруашылық жұмысшыларын біздің жаққа тарту уақытқа байланысты ғана мәселе — бұған тіпті аз-ақ уақыт қажет. Ал Ост-Эльба ауыл шаруашылық жұмысшылары бізбен бірге болған кезде, сол сәтінде-ақ бүкіл Германияда жел оңынан тұрмақ. Шын мәнісіне келгенде, Ост-Эльба ауыл шаруашылық жұмысшыларының жартылай крепостнойлық жағдайы Пруссия юнкерлері үстемдігінің, ал сонымен бірге, Германиядағы ерекше пруссиялық зорлықтың да басты негізі болып табылады. Нақ осы Ост-Эльба юнкерлері — барған сайын борышқа белшесінен батып отырған, кедейленіп бара жатқан, арамтамақтықпен мемлекет есебінен және бөтеннің есебінен тұратын, сондықтан да өзінің үстемдігіне мықтап жармаса түсетін юнкерлер — бюрократия мен армияның офицерлер құрамының ерекше пруссиялық сипатын жасады және оны қолдап келеді; олардың менменсушілігі, тайыздығы, өр көкіректігі прусс ұлтының Герман империясын[282]— оның ұлттық бірліктің қазіргі кезеңде жүзеге асыруға боларлық бірден-бір формасы осы болмай қоймайтыны айдан анық болса да,— өзінің отанында сондайлық жек көрінішті, ал шет елдерде, өзінің үздік жеңістеріне қарамастан, қадірін соншалық аз етіп отыр. Бұл юнкерлердің билігі мынаған негізделген: ескі Пруссияның жеті провинциясының бірыңғай тұтас территориясында,— демек, бүкіл империя территориясының үштен бір бөлегінде дерлік,— бұлардың қарамағында жер меншігі, сонымен қабат қоғамдық және саяси билік те бар және тек жер меншігі ғана емес, қызылшадан қант жасайтын және шарап жасайтын заводтары арқылы бұл өлке өнеркәсібінің ең маңызды салалары да осылардың қарамағында. Германияның басқа жерінің ірі жер иеленушілері болсын, ірі өнеркәсіпшілері болсын мұндайлық қолайлы жағдайда емес; олардың қай-қайсысының да қарамағында тұтас корольдік жоқ. Олар ұлан-байтақ жерде бытыраңқы орналасқан, экономикалық және саяси жағынан үстем болу жолында бір-бірімен де, айналасындағы басқа қоғамдық элементтермен бәсекелік күрес жүргізеді. Бірақ Пруссия юнкерлерінің бұл құдіреттілігі өзінің экономикалық негізінен барған сайын айрылып келеді. Мемлекеттің барлық көмегіне қарамастан (ал бұл көмек II Фридрих заманынан бері әдетте әрбір юнкердің қалыпты бюджетіне кіріп келеді), борышқа батушылық және кедейленушілік мұнда да тоқтаусыз жайылып келеді; суға батып бара жатқан юнкерлік тек заңмен, әдет-ғұрыппен бойға сіңген іс жүзіндегі жартылай крепостнойлық тәртіптердің және осыдан келіп ауыл шаруашылық жұмысшыларын шексіз қанауға мүмкіндік болуының нәтижесінде ғана әзірше қарманып тұр. Осы жұмысшылардың ортасына социал-демокра-

тияның тұқымын тастаңыз, оларды рухтандырып, өздерінің праволары жолындағы күреске жұмылдырыңыз,— міне сонда юнкерлердің үстемдігі құриды. Орыс патша өкіметі бүкіл Европа үшін қандай варвар, басқыншы элемент болса, Германия үшін нақ сондай варвар, басқыншы элемент болып отырған реакцияшыл зор күш тесілген үрген қарынша бүрісіп қалмақ. Пруссия армиясының «таңдаулы полктары» социал-демократиялық болады, міне сонда күштердің арасалмағында толық төңкерістің алғы шарты боларлық өзгеріс болмақ. Бірақ нақ осы себепті де Ост-Эльба село пролетарларын біздің жаққа тарту Батыс Германияның ұсақ шаруаларын немесе тіпті Оңтүстік Германияның орта шаруаларын тартудан әлдеқайда маңыздырақ. Біз үшін шешуші шайқас майданы осы Ост-Эльба Пруссиясында, сондықтан да үкімет пен юнкерлер біздің онда енуімізге кедергі жасау үшін барлық шараларын қолданатын болады. Ал егер, қазіргі кезеніп отырғандарындай, біздің партияның өріс алуына қарсы тағы да зорлықты шаралар қолданылатын болса, онда мұның өзі ең алдымен Ост-Эльба село пролетариатын біздің насихатымыздан тасалау үшін істелетін болады. Бізге оның бәрібір. Біз оны қалай болған күнде де өз жағымызға қаратып аламыз.

*1894 жылғы 15 және 22 ноябрь аралығында жазылған*

*Мына журналда басылған: «Die Neue Zeit», Bd. 1, № 10, 1894—1895*

*Қол қойған: Фридрих Энгельс*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 501—525-беттер*

К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС

# ХАТТАР

## ЭНГЕЛЬС — ПЕТР ЛАВРОВИЧ ЛАВРОВҚА

### ЛОНДОНҒА

Лондон, 12—17 ноябрь 1875 ж.

1) Дарвин ілімінде мен *даму теориясын* қабылдаимын, ал дарвиндік дәлелдеу тәсілін (тіршілік үшін күрес, табиғи сұрыптау) енді ғана ашылған фактінің бірінші, уақытша, шала көрінісі ғана деп есептеймін. Қазір барлық жерден нақ тіршілік үшін *күресті* ғана көріп жүрген адамдар (Фогт, Бюхнер, Молешотт және басқалар) Дарвинге дейін тап органикалық табиғаттағы *байланыстылыққа* көп көңіл бөлді, өсімдіктердің жануарларға оттегі мен қорек беретіндігін, ал жануарлардың, мұның керісінше, өсімдіктерге көмір қышқылы мен тыңайтқыш беретіндігін көрсетті, мұны әсіресе Либих ерекше баса көрсетті. Осы екі көзқарастың екеуі де белгілі дәрежеде дұрыс, бірақ екеуі бірдей сыңар жақты және өрісі тар. Табиғаттағы денелердің өзара әрекетінде — мейлі өлі болсын, тірісі болсын — үйлесімділік те, қақтығыс та, күрес те, байланыстылық та болады. Егер сондықтан әйтеуір бір жаратылыс зерттеушісі аталып жүрген адам тарихи дамудың барлық мол алуан түрлілігін «тіршілік үшін күрестің» сыңар жақ және қушиған формуласына, тіпті таби́ғат саласында да тек cum grano salis* қолданыла алатын формулаға саятын болса, онда мұндай метод өзіне өзі айыптау үкімін шығаратын болады.

2) Сіздің цитат келтірген үш «кәміл дарвинисіңіздің»** ішінен, тегінде, тек Хельвальд қана назар аударуға тұрады. Зейдлиц — ең мықтағанда кішкентай ғана тұлға, ал Роберт Бир— романист, оның «Үш рет» деген романы қазіргі уақытта «Über Land and Meer»[283] журналында басылып жүр. Онда оның барлық бөспелілігі әбден орынды.

3) Сіздің сынау әдісіңіздің,— мен мұны психологиялық әдіс дер едім,— артықшылығын теріске шығармай-ақ мен басқа әдісті таңдап алар едім. Біздің қай-қайсымызға аз болсын, көп болсын өзіміз көбінесе араласып жүрген интеллектуалдық ортаның

---

* — сөзбе-сөз алғанда: бір шөкім тұзымен, ауыспалы мағынада: белгілі бір ескертумен. *Ред.*

** Тырнақшаға алынған сөздер Лавровтың мақаласынан алынған және оларды Энгельс орысша, латын әріптерімен жазған. *Ред.*

әсері тиеді. Россия үшін,— өз жұртшылығыңызды Сіз менен жақсы білесіз,— және «байланыстырушы шамшылдыққа»*, адамгершілік сезімге жүгінетін насихаттық журнал үшін Сіздің әдісіңіз, мүмкін, ең тәуір әдіс болып табылар. Жалған көлгірсу құлақ естіп көрмеген зиян келтірген және әлі де келтіріп отырған Германия үшін ол әдіс жарамас еді, теріс түсінілер еді, көлгірсушілік рухта бұрмаланар еді. Бізге сүйіспеншіліктен гөрі,— ең болмаса таяу уақыттың ішінде,— өшпенділік көбірек керек және ең алдымен неміс идеализмінің соңғы қалдықтарынан безіп, материалдық фактілерді өздерінің тарихи праволарына қайтадан келтіру қажет. Сондықтан мен осы буржуазияшыл дарвинистерге былайша шабуыл жасар едім (ал бір кезде, мүмкін, мұны істермін де):

Дарвиннің тіршілік үшін күрес туралы ілімінің бәрі Гоббстың bellum omnium contra omnes** туралы ілімін және Мальтустың халық өсуі теориясымен қатар бәсеке туралы буржуазиялық экономистердің ілімін қоғамнан тірі табиғат саласына жай ғана көшіре салудан басқа түк те емес. Осы көз байлаушылықты істегеннен кейін (жоғарыда, 1-пунктте көрсетілгендей, әсіресе Мальтустың теориясына келгенде мен мұның сөзсіз заңдылығына шүбә келтіремін) олар нақ сол теорияларды органикалық табиғаттан тағы да тарихқа көшіреді, содан соң бұларда адамзат қоғамының мәңгілік заңдарының күші бар екені дәлелденді-міс дейді. Осы әрекеттің қолапайсыздығы бірден көзге түседі, бұған сөзді шығын қылуға тұрмайды. Бірақ егер мен осыған толығырақ талдау жасауды қаласам, онда мен былай істер едім: ең алдымен олардың — нашар *экономистер* екендігін, тек содан кейін олардың — нашар жаратылыс зерттеушілер және нашар философтар екендігін көрсетіп берер едім.

4) Адамзат қоғамының жануарлар қоғамынан елеулі айырмашылығы мынада: жануарлар ең мықтағанда *жинайды,* ал адамдар — *өндіреді.* Бір ғана осы — бірден-бір болғанымен, негізгі — айырмашылықтың өзі-ақ жануарлар қоғамының заңдарын адамзат қоғамына тиісінше ескертулерсіз жай ғана көшіре салуға мүмкіндік бермейді. Осы айырмашылықтың арқасында мүмкін болған нәрсе Сіздің дұрыс байқағаныңыздай,

> «адам тек тіршілік ету үшін ғана емес, одан рақат көру үшін және осы *көрер рақатын көбейте беру үшін****** күрес жүргізді... баянды рақат үшін баянсызынан безінуге әзір тұрды»*****.

---

* Тырнақшаға алынған сөздерді Энгельс Лавровтың мақаласынан алған; «байланыстырушы» деген сөзді орысша, латын әріптерімен жазған. *Ред.*

** — баршаның баршаға қарсы соғысы—Т. Гоббстың «Азамат туралы» деген шығармаларында, оқушыларға арналған алғы сөзде және «Левиафанда», XIII—XIV тарауларында кездесетін сөздер. *Ред.*

*** Астын сызған Энгельс. *Ред.*

**** Тырнақшаға алынған сөздерді Энгельс Лавровтың мақаласынан алып, латын әріптерімен орысша жазған. *Ред.*

Осыдан Сіздің шығарған басқа қорытындыларыңызға таласпай, мен өзімнің дәлелдеріме сүйене отырып, мынадай қорытындылар шығарар едім. Адам өндірісі, демек, белгілі бір сатыда тек қажетті керектерді қанағаттандыратын заттарды ғана емес, сонымен қатар сән-салтанат қажеттігін қанағаттандыратын заттарды да шығаратын дәрежеге жететін болады, рас, әуелі бұл тек азшылық үшін ғана шығарылады. Тіршілік үшін күрес — егер біз бұл арада бір сәтке осы категорияны өз күшінде қалдыра тұрсақ,— сонымен, рақатын көру үшін күреске, тек бір ғана *тіршілік ету* үшін емес, сонымен қатар *даму* құралы үшін, дамудың *қоғамдық жолмен өндірілетін* құралы үшін күреске айналады, ал бұл сатыға жануарлар дүниесіндегі категориялар енді қолданыла алмайды. Ал егер өндіріс өзінің капиталистік формасында, қазіргі уақытта болып отырғандай, капиталистік қоғамның тұтынуынан гөрі әлдеқайда көп тіршілік және даму құралын жасап отырса, шын мәніндегі өндірушілердің орасан зор бұқарасын тіршілік пен дамудың осы құралдарын тұтынудан шеттетіп отырғандықтан осылай болып отырса; егер осы қоғам өмірінің өз заңы онсыз да қазірдің өзінде ол үшін тым үлкен болып отырған өндірісті үнемі ұлғайта беруге мәжбүр етіп отырған болса, сондықтан оның өзі дүркін-дүркін, әрбір он жылдан соң, толып жатқан өнімдерді ғана емес, сонымен бірге өндіргіш күштердің өзін де жоюға мәжбүр болса,— онда «тіршілік үшін күрес» туралы былшылдың бұл арада қандай мәні бар? Тіршілік үшін күрес бұл арада мынадай ғана болуы мүмкін: өндіруші тап өндіріс пен бөлудің билігі осы күнге дейін қолында болып келген, бірақ бұдан былай басшылық етуге қабілеті жетпейтін таптан бұл басшылықты тартып алады, ал мұның өзі социалистік революция дегеннің нақ өзі.

Асылында, бұл тарихты «тіршілік үшін күрестің» түр жағынан аздап өзгертілген бір нұсқасы деп түсінушіліктің мейлінше үстірттігі айқын болу үшін тарихтың бұдан бұрынғы барысына тап шайқастарының үздіксіз тізбесі деп қараудың өзі-ақ жеткілікті. Сондықтан мен осы жалған натуралистерге еш уақытта мұндай кеңшілік жасамас едім.

5) Мен осы себептен Сіздің

> «күресті жеңілдетуге керекті ынтымақтастық идеясы... ақырында, бүкіл адамзатты қамту және туысқандардың ынтымақтас қоғамы ретінде басқа минералдар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қарама-қарсы қою дәрежесіне дейін өсе алатын еді»*

деген шындығында әбден дұрыс тезисіңізді осыған лайықтап басқаша тұжырымдаған болар едім.

6) Бірақ, екінші жағынан, мен Сіздің адамзат дамуының бірінші фазасы «баршаның баршаға қарсы күресі»* болды де-

* Тырнақшамен қоршалған сөздерді Энгельс Лавровтың мақаласынан алып, латын әріптерімен орысша жазған. *Ред.*

геніңізге келісе алмаймын. Менің пікірімше, қоғамдық түйсік адамның маймылдан шығып дамуының ең маңызды тұтқаларының бірі болды. Алғашқы адамдар, тегінде, үйір-үйір болып өмір сүрген, және ғасырлар тұңғиығына қаншалық үңіле алар болсақ, біз мұның осылай болғанын көреміз.

17 ноябрь

---

Маған тағы да бөгет жасады, осы хатты Сізге жолдау үшін мен оны қайтадан қолыма алып отырмын. Өзіңіз көріп отырсыз, менің ескертпелерім Сіздің сыныңыздың мәнінен гөрі, оның формасына, әдісіне көбірек қатысы бар. Сіз бұларды барынша дұрыс түсінесіз ғой деп сенемін, мен оларды асығыс жаздым және қайта оқығанда көбін өзгерткім келді, бірақ мұны істесем хат түсінуге тым ауыр болып кетеді ғой деп қауіптендім...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 34-том, 133—138-беттер*

## МАРКС — ВИЛЬГЕЛЬМ БЛОСҚА

### ГАМБУРГКЕ

Лондон, 10 ноябрь 1877 ж.

...Мен «ашуланбаймын» (Гейненің айтатыны сияқты)* және Энгельс те нақ осындай[284]. Біздің екеуімізге де танымал атақтылықтың көк тиынға да керегі жоқ. Мәселен, мынадай дәлел: жеке адамға табынушылық атаулыны жек көретіндіктен, Интернационал өмір сүрген кезде маған әр түрлі елдерден ығыр қылып келіп жататын, менің сіңірген еңбегім танылып-бағаланатын көптеген хаттардың жариялануына мен ешқашан жол бергемін жоқ,— мен оқта-текте ғана бұлары үшін ұрысқаным болмаса, оларға ешқашан жауап бермейтінмін. Энгельс пен менің коммунистердің құпия қоғамына** алғаш кіруіміз уставтан[285] беделділердің алдында табына бас июге себепші болатынның бәрін қайткен күнде де алып тастау деген шарт қойып кіру болды (Лассаль кейіннен бұған нақ керісінше әрекет етті)...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 34-том, 241-бет*

---

* *Гейне.* «Лирикалық интермецио» циклі, 18-өлең. *Ред.*
** — Коммунистер одағы (қараңыз: осы том, 190—209-беттер). *Ред.*

## ЭНГЕЛЬС — КАРЛ КАУТСКИЙГЕ

### ВЕНАҒА

Лондон, 12 сентябрь 1882 ж.

...Сіз менен отаршылдық саясат туралы ағылшын жұмысшылары не ойлайды? — деп сұрайсыз. Олар жалпы саясат туралы не ойласа, соны ойлайды: буржуа ол туралы не ойласа, соны ойлайды. Мұнда жұмысшы партиясы жоқ, тек консерваторлық және либерал-радикалдық партиялар ғана бар, ал жұмысшылар солармен бірге Англияның отаршылдық монополиясымен және оның бүкіл дүние жүзілік рыноктағы монополиясымен қанненқаперсіз пайдаланып отыр. Менің пікірімше, нақ колониялар, яғни европалық халықтар отырған жерлер, Канада, Кап*, Австралия, бәрі дербес болады; мұның керісінше, байырғы халықтар отырған нақты бағынышты жерлерді, Индия, Алжир, голландтар, португалдар, испандар иелігіндегі жерлерді пролетариаттың уақытша қабылдап алуына, сөйтіп мүмкіндігінше, тез дербестікке жеткізуіне тура келеді. Бұл процестің нақ қалай өрістейтіндігін айту қиын. Индия, мүмкін, революция жасар, бұл әбден ықтимал нәрсе, ал азаттық алушы пролетариат отаршылдық соғыстар жүргізе алмайтындықтан, онда мұнымен келісуге тура келеді, оның бер жағында, әлбетте, мәселе әр түрлі қиратусыз болмайды. Бірақ мұндай нәрселер барлық революцияларда да болмай қоймайтын нәрселер. Осындай жағдай мұның үстіне басқа жерлерде де, мысалы, Алжир мен Египетте болуы мүмкін, ал *біздер үшін* мұның өзі, күмәнсыз, ең жақсысы болар еді. Біздің өз үйімізде жұмыс жетерлік болады. Европа мен Солтүстік Америка тек қайта құрылса-ақ болғаны, мұның өзі сондай орасан зор күш пен сондай үлгі беріп, жартылай цивилизациялы елдер біздердің соңымыздан өздерінен өздері ереді; бұл жағын бір ғана экономикалық қажетсінулердің өзі-ақ жайғастырады. Өздері де социалистік жолмен ұйымдастыруға жеткенге дейін бұл елдерге қандай әлеуметтік және саяси кезеңдерді өтуге тура келеді, бұл туралы біз тек едәуір бос болжауды ұсына алар едік деп ойлаймын. Бір ғана нәрсе күмәнсыз: жеңімпаз пролетариат бөтен халықтың ешқайсысына ешқандай бақытты етуді таңа алмайды, таңған күнде өз жеңісін әлсіретпей қоймайды. Әлбетте, мұның өзі әр түрлі қорғаныс соғыстарының болуын әсте де жоққа шығармайды...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 35-том, 297—298-беттер*

---

* — Кап провинциясы. *Ред.*

## ЭНГЕЛЬС — ФЛОРЕНС КЕЛЛИ-ВИШНЕВЕЦКАЯҒА

### НЬЮ-ЙОРККЕ

Лондон, 28 декабрь 1886 ж.

...Менің алғы сөзім*, әрине, түгелдей, американ жұмысшыларының соңғы 10 ай бойында жеткен орасан зор табыстарына арналады, сондай-ақ, әлбетте Г. Джордж бен оның аграрлық программасы сөз болады. Алайда, ол бұл мәселенің толық баяндалуы бола алмайды; оның үстіне мен бұл үшін қазірдің өзінде мезгіл жетті деп ойламаймын. Қозғалыстың әуел бастан-ақ мінсіз дұрыс теориялық негізде болып, дамығанынан гөрі, оның кең жайылуы, үйлесімді дамығаны, тамырын жайып, мүмкіндігінше бүкіл американ пролетариатын қамтығаны әлдеқайда маңыздырақ. Теория жағынан ұғынудың айқын болуы үшін өз қателерінен, өздерінің ауыр тәжірибесінен үйренуден жақсы жол жоқ, ал тұтас бір үлкен тап үшін, әсіресе американдар сияқты айрықша практикашыл және теорияны соншалық елемейтін ұлт үшін басқа жол жоқ. Ең бастысы — жұмысшы табының қозғалысқа *тап болып* кірісуіне жету керек; ал бұған қол жетеді екен, онда жұмысшы табы дұрыс бағытты тез-ақ табады да, оның жолында кедергі болып шыққандардың бәрі — Г. Джордж болсын немесе Паудерли болсын,— өздерінің кішкентай секталарымен бірге сыртқа лақтырылып тасталатын болады. Сондықтан да мен «Еңбек рыцарьларын»[286] қозғалыстың неғұрлым маңызды факторы деп есептеймін; оларға сырттан менсінбей қарамау керек, қайта оларды іштей революцияландыру керек. Америкада тұратын немістердің көбі, өздері жасамаған осы күшті және жеңімпаз қозғалыспен бетпе-бет келгенде, өздерінің сырттан әкелінген және әрқашанда бірдей дұрыс түсініле бермейтін теориясын өзінше бір барлығын құтқара беретін догмаға айналдыруға тырысып және бұл догманы қабылдамайтын қозғалыс біткеннен сырт айналып үлкен қате жасады деп білемін. Біздің теория — догма емес, қайта өзінде бірқатар дәйекті фазалары бар даму процесін түсіндіру. Американдар неғұрлым байырғы өнеркәсіпті елдерде жасалған теорияны әбден түсініп барып, қозғалысқа кіріседі деп сену мүмкін емес нәрсеге сену деген сөз. Егер немістер өз теориясын біздің оны 1845—1848 жылдары түсінгеніміздей түсінетін болса, олар сол теориясына сәйкес қимыл жасауы керек еді; олар жұмысшы табының нағыз жалпы қозғалысының қандайына да қатысуы керек еді, сөйтіп оған іс жүзіндегі шыққан тұрғысы

---

* *Ф. Энгельс.* «Америкадағы жұмысшы қозғалысы. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайының» американ басылымына алғы сөз» (қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 345—353-беттер). *Ред.*

қандай болса, сол тұрғыда алып қарауы керек еді, сөйтіп әрбір жасалған қате, әрбір сәтсіздік алғашқы программаның теріс теориялық қағидаларының болмай қоймайтын салдары екенін көрсете отырып, қозғалысты біртіндеп теория дәрежесіне көтеруі керек еді. «Коммунистік манифестің» сөздерімен айтқанда, олар бүгінгі күннің қозғалысында қозғалыстың болашағын қорғауға тиіс еді*. Алайда ең алдымен қозғалыстың нығаюына мүмкіндік беріңіздер және қазіргі кезеңде өздері шындап түсіне алмайтын, бірақ ұзамай үйренетін нәрселерді адамдарға зорлап тықпалап, алғашқы кездерде сөзсіз болатын шатасушылықтарды күшейтпеңіздер. Теория жағынан кіршіксіз программаға берілген жүз мың дауыстан гөрі, қазіргі уақытта нағыз жұмысшы партиясына алдағы жылдың ноябрь айында берілетін бір немесе екі миллион жұмысшының даусы шексіз маңызды. Егер қозғалыс дамитын болса, таяуда істеуге тура келетін бірінші әрекет — бұқараның қозғалысын ұлттық көлемде біріктіру — олардың бәрін: Джорджды жақтаушыларды, «Еңбек рыцарьларын», тредюнионистерді және қалғандарының бәрін бетпе-бет қояды. Ал егер бұл кезге дейін біздің неміс достар дискуссияларға қатыса алатындай болып елдің тілін жетік үйренсе, онда басқалардың көзқарастарын сынауға және әр түрлі позициялардың дәйексіздігін дәлелдеп, жұмысшылардың өздері болып отырған жағдайды, капитал мен жалдама еңбек арасындағы қатынас туғызған нағыз жағдайды түсінуге оларды бірте-бірте алып келуге неміс достар үшін уақыт туады да. Бірақ, бәрібір, қандай программаның негізінде болмасын, жұмысшы партиясының ұлттық жағынан бірігіп-нығаюын кешеуілдететін немесе оған жол бермейтін нәрсенің бәрін мен үлкен қате деп санар едім. Міне сондықтан да мен Г. Джордж туралы да, «Еңбек рыцарьлары» туралы да толық және шегіне жеткізе пікір айтуға қазірдің өзінде мезгіл жетті деп ойламаймын...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 36-том, 497—498-беттер*

## ЭНГЕЛЬС — КОНРАД ШМИДТКЕ

### БЕРЛИНГЕ

Лондон, 5 август 1890 ж.

...Пауль Барттың кітабы туралы[287] қырсық Мориц Вирттің жазған пікірін мен Венаның «Deutsche Worte» журналынан[288] оқыдым, ал *бұл* сын сонымен қатар маған кітаптың өзі жөнінде де қолайсыз әсер қалдырды. Мен оны қарап шығамын, алайда

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 136-бет. *Ред.*

мынаны айтуға тиіспін: егер Морицхен Барттың кітабынан цитатты дұрыс алып отырса, онда Барт Маркстің барлық шығармаларынан философияның және тағы-тағылардың тіршілік етудің материалдық жағдайларына тәуелділігін көрсететін бар болғаны бір ғана мысалын, атап айтқанда Декарттың жануарларды машина деп жариялайтынын таба алдым дейтін көрінеді. Мұндай нәрселерді жазуға баратын адам менде тек аяныш туғызады. Ал егер бұл адам тіршілік етудің материалдық жағдайлары primum agens* болып табылатын болса да, мұның өзі идеологиялық салалардың өз тарапынан әлгі материалдық жағдайларға кері әсер, бірақ екінші әсер ететінін жоққа шығармайтынын әлі түсінбеген екен, бұл оған айқын емес екен, онда ол өзі жазып отырған нәрсені де түсіне алмайды. Бірақ, қайталап айтамын, мұның бәрі екінші адамнан белгілі болып отыр ғой, ал Морицхен болса — қауіпті дос. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің де қазір толып жатқан осындай достары бар, олар үшін бұл түсінік тарихты зерттеп үйрен*беу* үшін сылтау болып жүр. Істің жайы Маркстің 70-ші жылдардың аяқ кезіндегі француз «марксистері» туралы «Мен бір ғана нәрсені, менің марксист емес екенімді білемін» деген кезіндегідей, нақ сондағыдай болып отыр.

Сондай-ақ «Volks-Tribüne»-де болашақ қоғамда өнімдердің бөлінуі туралы, ол еңбектің мөлшеріне қарай бола ма немесе басқаша бола ма деген туралы дискуссия болып өтті[289]. Әділеттілік туралы әйгілі идеалистік жел сөздерге қарама-қарсы мұнда мәселеге барынша «материалистік» жолмен кіріскен. Бірақ, бір таңданарлық нәрсе, мына жағдай ешкімнің ойына келмеген: бөлу әдісі бөлінетін өнімдердің *мөлшеріне* барынша байланысты болады және бұл мөлшер, әрине, өндіріс пен қоғамдық ұйымның прогресіне байланысты өзгереді, демек, бөлу әдісі де өзгеруге тиіс болады. Бірақ дискуссияға қатысушылардың барлығы «социалистік қоғамды» үнемі өзгеріп отыратын және прогресс жасап отыратын нәрсе емес, қайта тұрақты, біржолата белгіленіп қойылған нәрсе, ал олай болса, оның бөлу әдісі де біржолата белгіленіп қойылған болуға тиіс деп қарайды. Бірақ дұрыс пайымдайтын болса, онда қайткенде де 1) істің *бастамасы* болатын бөлу әдісін табуға әрекеттенуге және 2) бұдан әрі дамудың *жалпы тенденциясын* табуға тырысып көруге болады. Бірақ мен бұл туралы бүкіл дискуссиядан бір сөз де таппай отырмын.

Жалпы алғанда Германияда көптеген жас жазушылар үшін «материалистік» деген сөз әшейін бір сөз ғана; олар мұны түрлі нәрселерге қолданады, бірақ бұдан әрі зерттеп-үйренумен шұғылданып еңбектенбейді, яғни осы жарнаманы жапсырады да, барлық мәселе шешілді деп санайды. Бірақ тарихты біздің тү-

---

* — бастапқы себеп. *Ред.*

сінуіміз — гегельшілдіктің салтына бағып, құрастыра беру үшін керек тұтқа емес, ең алдымен зерттеу жөніндегі басшылық. Бүкіл тарихты жаңадан оқып-үйрену керек, әр түрлі қоғамдық формациялардан оларға сай саяси, жеке праволық, эстетикалық, философиялық, діни және т. с. көзқарастарды шығарып алуға әрекет етуден бұрын, сол қоғамдық формациялардың өмір сүру жағдайларын тәптіштеп зерттеу керек. Бұл жөнінде осы кезге дейін істелгені аз, өйткені мұнымен шындап шұғылданған адамдар өте аз. Бұл жөнінде бізге үлкен жәрдем керек, бұл сала шексіз зор және кімде-кім шындап жұмыс істегісі келсе, ол көп іс тындырып, көзге түсе алады. Бірақ мұның орнына жас ұрпақтың ішінен көптеген немістер тарихи материализм туралы жел сөздерді (*бәрін де* жел сөзге айналдыруға болады ғой) өзінің меншікті білімдерін, біршама тым тайыз тарихи білімдерін (экономикалық тарих әлі жөргекте ғой!) мүмкіндігінше тезірек бір жүйеге салып, ретке келтіріп алып, одан соң өздерін ұлы адамдармыз деп көку үшін ғана пайдаланады. Нақ сол кезде әйтеуір бір Барт шығып, өз арасында, қалайда бос сөзге айналдырылған нәрсемен шұғылдана бастауы мүмкін.

Алайда мұның бәрі, әрине, жөнделеді. Біз көп нәрсеге төтеп беру үшін Германияда енді жетерліктей күштіміз. Социалистерге қарсы заңның[23] бізге көрсеткен аса зор көмегінің бірі сол, ол заң бізді социалистік сарыны бар неміс студентінің жабысуынан құтқарды. Қайтадан тым-ақ маңғазсып кеткен осы неміс студентіне де төзу үшін қазір біз жетерліктей күштіміз. Шын мәнінде азды-көпті іс тындырып үлгірген Сіздің өзіңіз де партиямен байланысты жас әдебиетшілердің арасында саяси экономияны, саяси экономияның тарихын, сауданың, өнеркәсіптің, егіншіліктің, қоғамдық формациялардың тарихын зерттеп-үйренуге еңбек ететіндердің қаншалық аз екенін, сірә, байқаған боларсыз. Олардың Маурер туралы оның тек бір атынан басқа артық бірдеме білетіндері көп пе! Журналистің өзін жоғары санауы бәрін жеңуге тиіс, ал бұған нәтижелері де сай келеді. Бұл мырзалар жұмысшылар үшін бәрі жарай береді деп ойлайды. Маркстің өзінің ең жақсы нәрселерін жұмысшылар үшін әлі де болса айтарлықтай жақсы емес деп санағанын, жұмысшыларға ең жақсы емес бірдемені ұсынуды оның қылмыс деп санағанын олар біле ме екен!..

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 37-том, 370—372-беттер*

# ЭНГЕЛЬС — ОТТО БЁНИГКЕ

## БРЕСЛАВЛЬГЕ*

Дувр маңындағы Фолкстон,
21 август 1890 ж.

...Сіздің сұрақтарыңызға мен қысқаша әрі жалпылама ғана жауап бере аламын,— әйтпесе, бірінші сұраққа жауап беру үшін тұтас бір трактат жазуыма тура келер еді.

I. «Социалистік қоғам» деп аталатын қоғам, менің пікірімше, біржола мәңгілікке берілген бір нәрсе емес, басқа кез келген қоғамдық құрылыс сияқты, оны үнемі өзгеріп және қайта құрылып отыратын қоғам деп қарау керек. Оның қазіргі құрылыстан шешуші айырмашылығы, әрине, өндірісті әуелі жеке бір ұлттың барлық өндіріс-құрал жабдықтарына ортақ меншік болуы негізінде ұйымдастыруында болады. Бұл төңкерісті күні ертең-ақ жүзеге асыру жолында — әңгіме біртіндеп жүзеге асыру туралы болып отыр — мен мүлдем ешқандай қиындық көріп отырған жоқпын. Біздің жұмысшыларымыздың бұған қабілеті жететінін олардың көптеген өндірістік және тұтынушылық серіктіктері дәлелдейді, полиция оларды қасақана күйретпеген жерлерде бұл серіктіктер буржуазиялық акционерлік қоғамдар секілді жақсы және олардан әлдеқайда адал басқарылды. Біздің жұмысшыларымыздың социалистер туралы заңға[23] қарсы жеңімпаз күресімен тамаша дәлелдеп берген саяси кемелділігінен кейін Сіздің Германиядағы бұқараның надандығы туралы қалай аузыңыз барып айта алатыныңызды мен түсіне алмаймын. Біздегі білімді деп аталатындардың ғалымсыған мен-меншілдігі маған неғұрлым елеулі кедергі болып көрінеді. Әрине, бізге техниктер, агрономдар, инженерлер, химиктер, архитекторлар т. т. әлі жетіспейді, бірақ ең болмағанда біз капиталистердің істегенін істеп, оларды өзімізге сатып ала аламыз, ал егер бірнеше сатқын — бұл қоғамда қалай да болатын — өзгелерге сабақ ретінде мықтап жазаланса, олар бізді ұрлап-жырлауды қою өз мүдделеріне сай келетінін түсінеді. Бірақ бұл мамандардан басқа, мен мектеп мұғалімдерін де соларға қосып отырмын, қалған «білімділерсіз» де біздің жағдайымыз жаман болмас, ал мәселен, партияға қазір әдебиетшілер мен студенттердің көптеп кіруі, егер бұл мырзаларды тиісінше тежеп отырмаса, әр түрлі зиянға ұрындырады.

Ост-Эльба юнкерлерінің латифундияларын тиісінше техникалық басшылық болған жағдайда қазіргі күндікшілер мен батырақтарға арендаға берудің, сөйтіп коллективтік негізде өңдеудің еш қиындығы жоқ. Егер бұл орайда қандай болмасын бір

* Қазіргі аты: Вроцлав. *Ред.*

қиянаттар бола қалса, бұл үшін юнкер мырзалар жауапты, мектеп туралы қазіргі бар заңдылықтың бәріне қарамастан жұртты тағы болып кетуге дейін жеткізген солар.

Ең үлкен кедергі ұсақ шаруалар және данасынып, ығыр қылған білімділер болады, бұл білімділер осы мәселеде білетіні неғұрлым аз болса, бәрін білеміз деп соғұрлым көп көкиді.

Сөйтіп, бұқара арасында жақтаушылар жеткілікті болса, саяси өкімет біздің қолымызда болатындықтан, ірі өнеркәсіп пен латифундиялар типтес ірі егіншілікті өте шапшаң қоғамдастыруға болады. Қалғаны шапшаң болсын, баяу болсын осыған ілессе болады. Ал ірі өндіріс қолда болса, біздің дегеніміз орындалатын болады.

Сіз тиісінше сана-сезімнің болмауы жайлы айтасыз. Мұндай жағдай бар — бірақ дворяндық және буржуазиялық топтардан шыққан білімділер тарапынан болып отыр, бұлар жұмысшылардан өздерінің әлі қаншалық көп үйренуге тиіс екенін тіпті түсінбейді де...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*

*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 37-том, 380—381-беттер.*

## ЭНГЕЛЬС — ЙОЗЕФ БЛОХҚА

### КЁНИГСБЕРГКЕ

Лондон, 21 [—22] сентябрь 1890 ж.

...Тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге сәйкес, тарихи процесте шын өмірді өндіру мен ұдайы өндіру *сайып келгенде* шешуші жағдай болып табылады. Мен де, Маркс те бұдан артықты ешқашан айтқан емеспіз. Егер біреу-міреу бұл қағиданы бейне экономикалық жағдай *бірден-бір* шешуші жағдай болады деген мағынада бұрмаласа, онда ол мұнысымен бұл пікірді ешбір ұғым бермейтін, абстрактылы, мағынасыз сөзге айналдырады. Экономикалық жағдай, бұл — базис, бірақ қондырманың түрлі жақтары да: тап күресінің саяси формалары және оның нәтижелері — жеңіп шыққан шайқастан кейін жеңген тап орнатқан мемлекеттік құрылыс, т. с., праволық формалар және тіпті барлық осы шын мәніндегі шайқастардың оларға қатысушылардың миында бейнеленуі де, саяси, юридикалық, философиялық теориялар, діни көзқарастар және олардың догмалар жүйесі болып бұдан әрі дамуы тарихи күрестің барысына ықпал етеді және көп реттерде көбінесе оның *формасын* белгілеп береді. Бұл арада барлық осы жағдайлардың бір-біріне әсері бар, мұнда экономикалық қозғалыс қажетті қозғалыс ретінде шексіз көп кездейсоқтықтарды (яғни ішкі байланысының шалғайлығы соншалық, немесе мұндай байланыс бар деп дәлелдеудің қиындығы соншалық, біздің оны елемеуімізге, оны жоқ деп есептеуі-

мізге болатын заттар мен оқиғаларды) түптеп келгенде киіпжара өзіне жол салады. Бұлай болмаған ретте тарихи дәуірдің қайсысы жөнінде болсын теорияны қолдану бірінші дәрежелі қарапайым теңдеуді шешуден гөрі жеңіл болған болар еді.

Біз өз тарихымызды өзіміз жасаймыз, бірақ, біріншіден, біз оны барынша белгілі алғы шарттар мен жағдайларда жасаймыз. Бұлардың ішінде экономикалық жағдайлар түптеп келгенде шешуші болып табылады. Бірақ саяси және т. с. жағдайлар да, тіпті адамдардың басында қалған дәстүрлер де шешуші болмағанмен, белгілі бір роль атқарады. Пруссия мемлекеті де тарихи, тіпті түптеп келгенде экономикалық себептердің арқасында шығып, дамыды. Бірақ педанттыққа салынбайынша, Солтүстік Германияның көптеген ұсақ мемлекеттерінің ішінде нақ Бранденбург ұлы державаның,— Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы экономикалық айырмашылықтар, тілдегі айырмашылықтар, ал Реформациядан бергі жерде діни айырмашылықтар да айқын көрінген ұлы державаның — ролін атқаруға арналған және мұның өзі тек қана экономикалық қажеттіліктен туған, ал басқа жағдайлар ықпал еткен жоқ деп кесіп айтуға бола қояр ма екен (бұл арада ең алдымен Пруссияны иеленудің арқасында Бранденбургтің Польша мәселелеріне тартылып, бұл арқылы Австрия патша әулеті иеліктерінің құрылуында да шешуші жағдайлар болып табылған халықаралық саяси қатынастарға тартылу жағдайы әсер етті). Жұртқа күлкі болмайынша, кімнің болса да әрбір кішкентай неміс мемлекетінің бұрынғы кезде және қазіргі уақытта өмір сүруін немесе жоғарғы немістерде дауыссыз дыбыстардың ауысуы қалай шыққанын, мұның өзі Судеттерден Таунусқа дейінгі таулар тізбегі бөлетін географиялық бөлініспі бүкіл Германияны кесіп өтетін нағыз айырым жікке айналдырған әлгіндей ауысудың қалай шыққанын экономикалық тұрғыдан дәлелдеуіне бола қояр ма екен.

Екіншіден, тарих былай жасалады: ақтық нәтиже қашанда көптеген жеке еріктердің қақтығысуларынан келіп шығады, соның өзінде бұл еріктердің әрқайсысы тағы да толып жатқан ерекше тіршілік жағдайларының арқасында ол ерік қазіргі күйіндегідей болып шығады. Сонымен, шексіз көп тоғысып жататын күштер, күштердің параллелограмдарының шексіз топтары болады, сөйтіп осы тоғысудан келіп олармен бірдей әрекет жасайтын бір ғана нәрсе — тарихи оқиға шығады. Бұл нәтижені тағы да бір тұтас тұлға ретінде, *санасыз* және еріксіз әрекет ететін бір күштің жемісі деп қарауға болады. Өйткені біреудің тілеген нәрсесі кез-келген басқа біреудің тарапынан кедергіге ұшырайды, сөйтіп, ақырында келіп, ешкім тілемеген нәрсе пайда болады. Сонымен, тарих, осы кезге дейін өзінің болып келгеніндей-ақ, табиғи процесс сияқты өтіп жатады және шын мәнісінде қозғалыстың нақ сол заңдарына бағынады. Бірақ жеке

адамдардың еріктері, өздерінің дене құрылымы мен сыртқы, түптеп келгенде экономикалық, жағдайлары (не өзінің меншікті, жеке басының жағдайлары, не жалпы әлеуметік жағдайлар) ұмтылдыратын нәрсесін олардың әрқайсысы тілейтін жеке адамдардың еріктері — осы еріктердің өздері тілеген нәрсесіне жете алмайтын, бірақ ортақ бір арнаға, жалпы бір тепе-тең әрекет ететін ерікке қосылып кететін жағдайынан келіп,— осы жағдайдан келіп, бұл еріктер нольге тең деп қорытынды шығарудың керегі жоқ. Мұның керісінше, тепе-тең әрекет ететін ерікке қосылатындықтан әрбір ерік оған қатысатын болады.

Сонан соң, мен Сізден бұл теорияны екінші біреу арқылы емес, түпнұсқадан оқып үйренуді сұраймын—шынында да, бұл әлдеқайда жеңіл ғой. Маркс бұл теория роль атқармайтындай еш нәрсе жазған емес. Әсіресе *«Луи Бонапарттың 18 брюмері»** оның қолданылуының тамаша үлгісі болып табылады. Нақ сол сияқты *«Капиталда»*** да атап көрсетілген тұстар көп. Сонан соң мен, сірә, өз шығармаларымды көрсете аламын: «Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі***, «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры»****; мен бұларда тарихи материализмнің бар баяндауларының бәрінен, өзіме белгілі, ең толық баяндауын бердім.

Жастардың экономикалық жаққа кейде шамадан тыс көбірек маңыз беріп жүргендігіне бір есептен біз Маркс екеуіміз өзіміз кінәлымыз. Өзіміздің қарсы адамдарымызға қарсы пікір айтқанда, олар теріске сайған басты принципті біздің баса көрсетуімізге тура келді, сондықтан бір-біріне әсер ететін басқа жағдайларға да лайықты баға беру үшін уақыт, орын мен мүмкіндік үнемі табыла бермеді. Бірақ мәселе әйтеуір бір тарихи дәуірге талдау жасауға, яғни іс жүзінде қолдануға келіп тірелді дегенше-ақ мәселе өзгеріп отырды, ал бұл жерде енді ешқандай қателік болмауға тиіс еді. Өкінішке орай, екінің бірінде жұрт жаңа теорияны әбден түсіндік деп және негізгі қағидаларды ұғынып алысымен, онда да барлық уақытта бірдей дұрыс ұғынып алмаса да, дереу ол теорияны қолдана аламыз деп ойлайды. Бұл жөнінде мен жаңа «марксистердің» көбін кінәлай аламын; өйткені осының салдарынан да таңданарлық шатасу туды ғой...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып*
*отыр, 2-басылуы, 37-том, 394—396-беттер*

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 412—503-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 23-том. *Ред.*

*** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 20-том. *Ред.*

**** Қараңыз: осы том, 372—416-беттер. *Ред.*

# ЭНГЕЛЬС — КОНРАД ШМИДТКЕ

## БЕРЛИНГЕ

Лондон, 27 октябрь 1890 ж.

Қымбатты Шмидт!

Сізге жауап беру үшін бірінші бос минутты пайдаланып отырмын. Менің ойымша, егер «Züricher Post»-тың ұсынысын қабылдасаңыз, Сіз дұрыс жасаған болар едіңіз. Сіз, әсіресе, Цюрихтың әлі де болса үшінші катардағы ақша және жалдаптық рыногы ғана екенін, сондықтан да онда алатын әсерлердің бәрі екі есе, үш есе бейнеленуінің арқасында әлсірейтінін, немесе әдейі бұрмаланатынын есте ұстайтын болсаңыз, экономика саласында онда біраз нәрселерге үйренесіз. Бірақ Сіз барлық механизммен іс жүзінде танысасыз және Лондоннан, Нью-Йорктен, Парижден, Берлиннен, Венадан келген биржалық есептерді бірінші адамдардан қадағалап байқап отыруға мәжбүр боласыз, сонда дүние жүзілік рыноктың ақша рыногы мен бағалы қағаздар рыногы ретіндегі бейнесі Сізге ашыла түседі. Адам көзінде бейнелену қандай болса, экономикалық, саяси және өзге бейнеленулер де дәл солай болады. Олар жинақтама линза арқылы өтеді, сондықтан төңкерілген күйінде — басы төмен қараған түрінде көрінеді. Тек оларды қайтадан аяғынан қойып, біздің көз алдымызға елестететін жүйке аппараты жоқ. Биржашы өнеркәсіптің және дүние жүзілік рыноктың қозғалысын ақша рыногы мен бағалы қағаздар рыногының төңкерілген бейнесінен ғана көреді, сондықтан нәтиже ол үшін себеп болып шығады. Мен мұны 40-жылдардың өзінде Манчестерде байқағанмын: Лондонның биржалық есептері өнеркәсіп дамуының барысы туралы және оның мерзімді максимумдары мен минимумдары туралы ол есептер бойынша пікір қорыту үшін мүлде жарамсыз болатын, өйткені бұл мырзалар барлық құбылыстарды ақша рыногының дағдарыстарынан деп түсіндіргісі келді, ал шынында бұлардың өздері көбінесе белгі ғана еді ғой. Онда әңгіме өнеркәсіп дағдарыстарының уақытша артық өндіруден туатынын мүлдем теріске шығару туралы болды, сондықтан да мәселенің оның үстіне бұрмалаушылықтарға итермелейтін күні бұрын елеп-екшеп қоюшылық жағы да болды. Енді бұл пункт, ең болмағанда біз үшін, біржолата қажетсіз болып отыр, ал оның үстіне ақша рыногының да өзіне тән дағдарыстары болатындығы күмәнсыз факт болып табылады, бұл дағдарыстардың тұсында өнеркәсіп өндірісіндегі тікелей бүлінушіліктер тек бағыныңқы роль атқарады, не тіпті ешқандай роль атқармайды. Мұнда әлі көп нәрселерді анықтап, зерттеп алу керек, әсіресе соңғы 20 жыл ішінде болғандарын тарихи тұрғыдан зерттеп алу керек.

Қоғамдық көлемде еңбек бөлінісі бар жерде еңбектің жеке процестері бір-бірінен дербес процестерге айналады. Өндіріс сайып келгенде шешуші болып табылады. Бірақ өнімдер саудасы сөздің дәл өз мағынасында өндірістен оқшауланысымен-ақ, сауда өз қозғалысымен жүреді, жалпы және тұтас алғанда оған өндіріс қозғалысы жетекші болады, бірақ ол жекелеген реттерде және осы жалпы байланыстылықтың ішінде тағы да осы жаңа фактордың табиғатына тән өзінің меншікті заңдарымен жүреді. Бұл қозғалыстың өзіне тән фазалары бар, сондықтан ол өндіріс қозғалысына өз тарапынан кері ықпал етеді. Американың ашылуы алтынға құмартудан туды, бұл құмарту тіпті бұған дейін португалдарды Африкаға қуды (салыстырыңыз: Зётбер. «Асыл металдарды өндіру»), өйткені XIV және XV ғасырларда соншалық күшті дамыған европалық өнеркәсіп пен оған сәйкес келетін сауда айырбас құралдарын көп талап етті, ал Германия — 1450—1550 жылдардағы күмістің ұлы елі — мұны бере алмады. Португалдардың, голландтардың, ағылшындардың Индияны 1500 жылдан 1800 жылға дейін жаулап алудағы мақсаты — Индиядан *зат әкелу* болды. Оған зат апару туралы ешкім ойлаған жоқ. Дегенмен таза сауда мүдделерінен туған бұл ашылған жаңалықтар мен жаулап алушылықтар өнеркәсіпке қандай зор кері ықпал етті десеңізші: бұл елдерге зат *шығаруды* керек етушілік қана ірі өнеркәсіпті құрып, дамытты.

Ақша рыногы жөнінде де осылай. Ақша саудасы товарлар саудасынан ажырасымен, ақша саудасы — товарларды өндіру және олармен сауда жасау арқылы белгіленетін белгілі бір жағдайлардың тұсында және осы шектердің шеңберінде — өзіне меншікті дамуға ие болады, өзінің табиғаты белгілейтін ерекше заңдары мен фазалары болады. Ал бұған қосымша ақша саудасы өзінің бұдан арғы дамуында бағалы қағаздар саудасына дейін жетіп ұлғайғанда, оның үстіне бұл бағалы қағаздар мемлекеттік қағаздар ғана болып қоймай, оларға өнеркәсіп және транспорт кәсіпорындарының акциялары да қосылғанда, сөйтіп ақша саудасы жалпы және тұтастай алғанда өзіне үстемдік ететін өндірістің бір бөлегіне тікелей үстемдік етуге жеткенде,— сонда ақша саудасының өндіріске кері ықпал етуі бұрынғыдан күштірек және күрделірек болады. Ақшамен сауда жасайтындар темір жолдарды, шахталарды, металлургия заводтарын, т. т. меншіктенушілер болады. Бұл өндіріс құрал-жабдықтарының екі түрлі сипаты болады; олардың жұмысы біресе тікелей өндірістің мүдделеріне бейімделуге тиіс, біресе өздері банкирлер болып табылатындықтан акционерлердің қажетсінулеріне бейімделуге тиіс. Мұның ең бір айқын мысалы — Солтүстік Америка темір жолдары. Олардың бүкіл жұмысы қазіргі уақытта қайсыбір Джей Гулдтың, Вандербилттің, т. т. биржалық операцияларына — жеке бір жолдың жұмысына және қатынас құралы ре-

тіндегі оның мүдделеріне мүлде жат операцияларға тәуелді. Ал тіпті осында, Англияда, түрлі темір жол қоғамдарының өздерінің территорияларына шекара белгілеу үшін ондаған жылдар бойы созылған күресін, күрес болғанда, өндіріс пен транспорттың мүддесіне емес, акциялары бар ақша саудагерлерінің биржалық операцияларын жеңілдету мақсатын ғана көбірек көздеген тек қана бәсекелесудің салдарынан өте көп ақша ысырап болған күресті біз көрдік.

Өндірістің товар саудасына және олардың екеуінің ақша саудасына қатынасын өзімнің түсінуім туралы осы бірнеше ескертулерде мен жалпы тарихи материализм туралы Сіздің сұрақтарыңызға негізінен жауап беріп те қойдым. Еңбек бөлінісі тұрғысынан қарағанда мұны түсіну бәрінен жеңіл. Қоғам белгілі бір жалпы функцияларды туғызады, бұларсыз ол тұра алмайды. Бұған арналған адамдар *қоғам ішінде* еңбек бөлінісінің жаңа саласын құрады. Осы арқылы бұл адамдар өздеріне уәкілдік бергендер жөнінде де ерекше мүдделерге ие болады; олар сол адамдар жөнінде дербес адамдарға айналады, сөйтіп мемлекет шығады. Ал бұдан кейін товар саудасы тұсында, кейінірек ақша саудасы тұсында болған нәрсе болады. Жаңа дербес күш жалпы және тұтастай алғанда, рас, өндіріс қозғалысына еруге тиіс, бірақ ол күш, өзіне тән немесе, дұрысырақ айтқанда, бір кезде алынған және біртіндеп бұдан әрі дамыған біршама дербестіктің арқасында өз тарапынан өндірістің жағдайлары мен барысына кері ықпал етеді. Мұның өзі бірдей емес екі күштің: бір жағынан, экономикалық қозғалыстың және, екінші жағынан, мүмкін болғанынша көбірек дербестікке ұмтылатын жаңа саяси күштің, іске қосылғандықтан өзіне тән қозғалысы да болатын осы жаңа саяси күштің өзара әсері болады. Экономикалық қозғалыс жалпы алғанда өзіне жол салады, бірақ ол өзі туғызған және біршама дербестігі бар саяси қозғалыстың кері ықпалына да ұшырайтын болады. Экономикалық қозғалысқа, бір жағынан, мемлекеттік өкіметтің, ал екінші жағынан — онымен бірге туған оппозицияның қимылы ықпал етеді. Өнеркәсіп рыногының қозғалысы, жалпы алғанда, жоғарыда көрсетілген ескертулермен қатар, ақша рыногында қалай бейнеленсе, әрине, *теріс* бейнеленсе, үкімет пен оппозицияның арасындағы күресте де бұған дейін-ақ бар, күресуші таптардың күресі де солай бейнеленеді — дәл сол сияқты теріс бейнеленеді: енді тікелей емес, жанамалап, таптардың күресі ретінде емес, саяси принциптер жолындағы күрес ретінде бейнеленеді, ал оның үстіне теріс бейнеленгені соншалық, нақты мәннің неде екенін біздің анықтап алуымыз үшін мыңдаған жылдар керек болды.

Мемлекеттік өкіметтің экономикалық дамуға кері ықпал етуі үш түрлі болуы мүмкін. Ол сол бағытта ықпал жасай алады,— онда даму тезірек жүреді; ол экономикалық дамуға қарсы

ықпал жасай алады,— онда қазіргі уақытта әрбір ірі халықта ол белгілі бір мерзімді уақыт өткен соң күйрейді; немесе ол экономикалық дамуға белгілі бір бағыттарда тосқауыл қойып, басқа бағыттарда ілгері итермелей алады. Бұл жағдай түптеп келгенде алдыңғы жағдайлардың біріне келіп саяды. Бірақ екінші және үшінші жағдайларда саяси өкіметтің экономикалық дамуға өте зор зиян тигізе алатындығы және күштер мен материалдың орасан көп мөлшерде ысырап болуын туғыза алатындығы айқын.

Бұдан басқа, экономикалық ресурстарды жаулап алу және озбырлықпен жойып жіберу жағдайлары тағы бар, осының салдарынан бұрын белгілі бір жағдайларда тұтас бір өңірдің немесе ұлттың экономикалық дамуының барлық нәтижелері із-түзсіз құрып та кететін болған. Енді мұндай жағдай көбінесе қарама-қарсы нәтижелер беріп жүр, ең болмағанда үлкен халықтарда солай. Түптеп келгенде жеңушіге қарағанда жеңілуші кейде экономикалық жағынан да, саяси жағынан да, моральдық жағынан да көп ұтып шығады.

Право жөнінде де нақ солай. Мамандығы жағынан юристер шығаратын жаңа еңбек бөлінісі қажет болысымен-ақ тағы да дереу жаңа дербес сала ашылады, бұл сала өндіріс пен саудаға жалпы алғанда өзінің тәуелді екендігіне қарамастан, дегенмен оның бұл салаларға кері ықпал ететін ерекше қабілеті бар. Қазіргі мемлекетте право жалпы экономикалық жағдайға сәйкес болып қана қоймай, оның көрінісі болып қана қоймай, сонымен қатар *іштей үйлесімді* көрінісі болуға тиіс, бұл көрініс ішкі қайшылықтардың салдарынан өзін өзі теріске шығармауға тиіс. Ал бұған жету үшін экономикалық қатынастардың бейнеленуінің дәлдігі барған сайын бұзыла түседі. Заңдардың кодексі бір таптың үстемдігінің қатал, жұмсартылмаған, бұрмаланбаған көрінісі болуы — бұл «право ұғымына» қайшы келер еді ғой — неғұрлым сирек болса, мұндай жағдай соғұрлым жиі кездеседі. 1792—1796 жылдар заманының революцияшыл буржуазиясының таза, дәйекті право ұғымы Наполеон кодексінде-ақ[82] көп жағынан бұрмаланған, ал осы право ұғымы онда қаншалық бейнеленген болса, пролетариаттың өсе түскен күші арқасында ол күн сайын барынша жұмсартыла беруге тиіс. Бірақ бұл Наполеон кодексінің дүние жүзінің барлық бөліктеріндегі барлық жаңа заң жинақтарының негізіне алынған заңдар жинағы болуына кедергі жасамайды. Сонымен «праволық дамудың» барысы көбінесе тек мынада болып отыр: әуелі экономикалық қатынастарды юридикалық принциптерге тікелей көшіруден туатын қайшылықтарды жоюға және үйлесімді праволық жүйені орнатуға тырысады, ал онан кейін бұдан арғы экономикалық дамудың ықпалы мен зорлау күші бұл жүйені үнемі қайтадан бұзып, оны

жаңа қайшылықтарға шатастырады. (Мен бұл арада әзір тек азаматтық право туралы айтып отырмын).

Экономикалық қатынастардың праволық принциптер түрінде бейнеленуі де бұл қатынастарды дәл сондай қажеттілікпен басын төмен қаратып қояды. Бұл бейнелеу процесі әрекет етушінің санасынан тыс болады; юрист тәжірибеден тумаған қағидалармен іс істеп отырмын деп ойлайды, ал мұның өзі бар болғаны экономикалық қатынастардың бейнеленулері ғана. Сонымен, барлығы басын төмен қаратып тұр. Ал әлі де болса сыры ашылмай тұрғанда, біздің *идеологиялық көзқарас* деп атайтынымыздың өзі болып табылатын бұл бұрмалаушылықтың экономикалық базиске өз тарапынан кері ықпал етіп, оны белгілі бір шектерде түрін өзгерте алатыны — меніңше өзінен-өзі түсінікті. Егер семья дамуының бірдей сатысын алсақ, мұралық правоның негізі — экономикалық негіз. Бұған қарамастан, мысалы, Англияда мұра жөніндегі өсиеттің әбден еркіндігінің, ал Францияда барынша шектелуінің барлық егжей-тегжейі тек экономикалық себептерден болады деп дәлелдеу өте қиынға соғады. Бірақ мүліктерді бөлуге ықпал ететіндіктен, мұның екеуі де экономикаға өте елеулі кері әсер етеді.

Бұрынғыдан да жоғары аспанда шарықтап жүрген идеологиялық салаларға — дін, философия, т. т.—келсек, онда оларда тарихтан бұрынғы мазмұн, тарихи дәуір тауып, қабылдап жүрген мазмұн бар, қазір біз ол мазмұнды мағынасыздық деп атар едік. Табиғат туралы, адамның өзінің мәні туралы, рухтар, сиқырлы күштер, т. т. туралы осы әр түрлі жалған түсініктің көбінесе тек теріс мағынада ғана экономикалық негізі бар; тарихтан бұрынғы дәуірдің төмен экономикалық дамуының өз қосымшасы ретінде, ал кейде тіпті шарттары ретінде және тіпті себептері ретінде табиғат туралы жалған түсініктері болды. Сондықтан экономикалық қажетсіну табиғат тануда прогрестің басты қозғаушы күші болса да және уақыт озған сайын қалыптаса түссе де,— дегенмен бүкіл осы ертедегі мағынасыздықтар үшін біреу-міреу экономикалық себептер іздеуге тырысса, мұның өзі қалай болғанда да педантизм болар еді. Ғылымдар тарихы дегеніміз осы мағынасыздықты бірте-бірте жою немесе оны жаңа, дегенмен онша оғаш емес мағынасыздықпен ауыстыру тарихы болып табылады. Мұнымен шұғылданатын адамдар тағы да еңбек бөлінісінің ерекше салаларына жатады және оларға өздері дербес бір саланы жасап жатқан сияқты болып көрінеді. Сөйтіп, олар қоғамдық еңбек бөлінісі ішінде дербес топ құрып отырғандықтан, олардың шығармалары, олардың қателерін де қоса, бүкіл қоғам дамуына, тіпті экономикалық дамуға да кері ықпал етеді. Бірақ, осының бәріне қарамастан, олардың өздері тағы да сол экономикалық дамудың үстемдік етуші ықпалында болып отыр. Мысалы, философияда мұны бәрінен гөрі буржуазиялық

дәуір үшін дәлелдеп беру оңай. Гоббс осы заманғы (XVIII ғасыр рухындағы) бірінші материалист болды, бірақ ол абсолюттік монархия бүкіл Европада барынша дәуірлеп тұрған кезде, ал Англияда халықпен күреске кіріскен кезде өмір сүрді де, абсолютизмді жақтаушы болды. Локк дінде де, саясатта да 1688 жылғы таптық келісушіліктің[78] ұлы болды. Ағылшын диестері[75] және олардың неғұрлым дәйекті ізбасарлары — француз материалистері буржуазияның нағыз философтары болды, француздар тіпті буржуазиялық революцияның философтары болды. Неміс философиясында Канттан бастап Гегельге дейін неміс тоғышары бірде жағымды, бірде жағымсыз мағынада көрініп отырады. Бірақ, еңбек бөлінісінің ерекше саласы ретінде, әр заманның философиясының алғы шарт ретінде белгілі ойлау материалы болады, ол материалды оған оның алдында өткендер қалдырып кетеді, сөйтіп ол осы материалға сүйенеді. Бұдан келіп мынадай жағдай туады: экономика жағынан арта қалған елдер философияда, дегенмен, жетекшілік роль атқара алады: XVIII ғасырда Франция Англия жөнінде осындай роль атқарды, француздар оның философиясына сүйенді, ал кейін Германия осы екеуі жөнінде жетекшілік роль атқарды. Бірақ Францияда да, Германияда да философия әдебиеттің сол заманда жаппай гүлденуі сияқты экономикалық өрлеудің нәтижесі болды. Түптеп келгенде экономикалық дамудың бұл салалар жөнінде де басымдық ететіні мен үшін талассыз, бірақ ол осы саланың өзі белгілеген жағдайлардың шеңберінде болады: мысалы, философияда алдағы өткендердің қалдырып кеткен, іс жүзінде бар философиялық материалға экономикалық ықпалдардың әсер етуімен болады (ол экономикалық ықпалдар оның үстіне көбінесе тек өзінің саяси және т. с. көрінісімен әсер етеді). Мұнда экономика жаңадан ештеме жасамайды, бірақ ол іс жүзінде бар ойлау материалының өзгеру және бұдан әрі даму түрін белгілейді, тіпті ол мұны да көбінесе жанама түрде ғана істейді, ал саяси, юридикалық, моральдық бейнеленулер философияға аса маңызды **түрде тікелей әсер етеді.**

Дін туралы ең қажетті нәрсені мен Фейербах туралы кітапшаның соңғы тарауында айттым*.

Демек, егер Барт экономикалық қозғалыстың саяси және т. т. бейнеленулерінің осы қозғалыстың өзіне қандай да болсын кері ықпал етуін біздер теріске шығарды деп ойласа, онда ол әншейін жел диірмендермен соғысып отыр. Ол тек Маркстің *«18 брюмерін»*** қарауы керек, онда саяси күрес пен оқиғалардың атқаратын *ерекше* ролі туралы, әрине, олардың экономикалық жағдайларға *жалпы* байланысы шеңберінде атқаратын

---

* Қараңыз: осы том, 411—416-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, I-том, 412—503-беттер. *Ред.*

ролі туралы ғана дерлік сөз болады; немесе «Капиталды», мысалы, жұмыс күні туралы бөлімді* қарауы керек, мұнда заңдардың қандай үзілді-кесілді әсер ететіні көрсетілген, ал заңдар саяси акт болып табылады ғой, не буржуазия тарихына арналған бөлімді (24-тарау**) қарауы керек. Егер саяси өкімет экономика жағынан дәрменсіз болса, онда біз пролетариаттың саяси диктатурасы үшін несіне күресеміз? Күштеу (яғни мемлекеттік өкімет) — бұл да экономикалық күш!

Бірақ кітаптың өзін[287] сынауға менде қазір уақыт жоқ. Әуелі III том*** шығуға тиіс, ал оның үстіне, жалпы алғанда мен мұны мысалы, Бернштейн тамаша істей алады деп есептеймін.

Бұл мырзалардың бәріне жетпей жүрген нәрсе — диалектика. Олар бір жерде ылғи себепті, басқа жерде ылғи салдарды көреді. Олар мұның бос абстракция екенін, мұндай метафизикалық полярлық қарама-қарсылықтардың шын өмірде тек дағдарыстар уақытында ғана болатынын, дамудың бүкіл ұлы барысының өзара әрекет ету формасында (өзара әрекет етуші күштер мүлдем тең емес болса да: экономикалық қозғалыс олардың ішінде тіпті ең күшті, алғашқы, шешуші қозғалыс болып табылады) болатынын, мұнда абсолютті ештеме жоқ екенін, барлығы относительді екенін көрмейді. Олар үшін Гегель де болмаған болып шығады...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 37-том, 414—421-беттер*

## ЭНГЕЛЬС — ФРАНЦ МЕРИНГКЕ

### БЕРЛИНГЕ

Лондон, 14 июль 1893 ж.

Қымбатты Меринг мырза!

«Лессинг туралы аңызды» құрметпен маған жібергеніңіз үшін, ақырында, тек бүгін ғана Сізге алғыс айта алып отырмын. Мен Сізге кітапты алғандығым жөнінде жай ғана ресми хабарлай салмай, онымен қатар кітаптың өзі туралы — оның мазмұны туралы біраз айтқым келіп еді. Жауаптың кешіккен себебі осы.

Мен соңынан — «Тарихи материализм туралы» қосымшадан[290] бастайын, мұнда Сіз істің мәнін тамаша баяндағансыз және күні бұрын елеп-екшелген пікірден аулақ адамның қай-

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 242—311-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 2-том, 103—153-беттер. *Ред.*

*** — «Капиталдың» (қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 25-том). *Ред.*

қайсысының болсын көзін жеткізетін болып шыққан. Егер менде кейбір қарсы пікірлер туа қалса да, ол тек мынадай ғана болмақ: тіпті — бір кезде — өз бетіммен, бәлкім, менің ой жеткізуіме болатын нәрселердің бәрін, бірақ анағұрлым көреген және ой-өрісі анағұрлым кең болғандықтан Маркс көп уақыт бұрын ашқан нәрселердің бәрін есептеген күнде де, Сіз менің сіңірген еңбегімді асыра көрсетіп отырсыз. Бақытына қарай Маркс сияқты кісімен 40 жыл бойы бірге жұмыс істеу үлесіне тиген адам әдетте сол кісінің көзі тірісінде үміттенуіне болады-ау деп айтарлықтай дәрежеде таныла қоймайды. Бірақ ұлы адам өлгенде, оның салмағы кемдеу серігін сіңірген еңбегінен гөрі жоғары бағалай бастайтын жағдай оп-оңай бола береді, ал осы жағдай қазір, сірә, мен жөнінде болып жатқан сияқты. Тарих түптеп келгенде мұның бәрін орын-орнына қояды, бірақ ол уақытқа дейін мен сәтін салып о дүниеге аттанамын да, ештеме туралы еш нәрсе білмейтін боламын.

Оның үстіне, тек тағы бір жағдай қалып қойған, расында, ол Маркстің еңбектерінде де, менің еңбектерімде де, әдетте, жеткілікті түрде баса көрсетілмеді, ал бұған бәріміз бірдей кінәлымыз. Атап айтқанда — біз әуелі саяси, праволық және басқа идеологиялық түсініктерді және солар туғызатын қимылдарды осылардың негізі болатын экономикалық фактілерден *қорытып шығаруға* ерекше көңіл аударды қ, осылай *етуге тиісті де едік.* Осы орайда біз мазмұнға бола форма туралы мәселеге: бұл түсініктердің және т. с. қандай жолдармен құрылатындығы туралы мәселені ол кезде елемедік. Мұның өзі алып-қашпа сөздер үшін, сондай-ақ бұрмалаушылықтар үшін біздің дұшпандарымызға қалаулы сылтау болды, мұның өте айқын мысалы Пауль Барт болып отыр[287].

Идеология дегеніміз ойшыл дейтіннің саналы түрде, бірақ жалған сана арқылы жасайтын процесі. Оны жұмыс істеуге итермелейтін ақиқат қозғаушы күштер оған белгісіз болып қала береді, бұлай болмаған күнде мұның өзі идеологиялық процесс болмаған болар еді. Демек, ол өзіне жалған немесе бар болып көрінетін ынталандырушы күштер туралы ұғым туғызады. Әңгіме ойлау процесі туралы болып отырғандықтан, ол оның мазмұнын да, формасын да кілең ойлаудан — не өзінің жеке басының ойлауынан, не өзінен бұрынғылардың ойлауынан шығарады. Ол тек қана ойлау материалымен істес болады; ол ешбір бұлтарыссыз бұл материалды ойлау туғызды деп есептейді де, ешқандай басқа, неғұрлым алыс жатқан және ойлауға байланыссыз деректемені зерттеумен мүлдем шұғылданбайды. Мәселеге бұлай қарау оған өзінен-өзі түсінікті сияқты болып көрінеді, өйткені қимылдың қай-қайсысы болсын ол үшін ойлау *арқылы* болатындықтан, сайып келгенде ойлауға *негізделген* болып көрінеді.

Тарихи идеологтың (бұл арада тарихи деген сөз: саяси, юридикалық, философиялық, теологиялық деген ұғымдарды,— қысқасы, тек табиғатқа ғана емес, *қоғамға* қатысты салалардың бәрін қамтитын жиынтық термин ғана) ғылымның әрбір саласында белгілі бір материалы бар, ол материал бұрынғы ұрпақтардың ойлауынан өз бетімен жасалып, бірінен соң бірі келген осы ұрпақтардың миында дамудың өзіне тән дербес жолын өтті. Әрине, бұл дамуға қосалқы себептер ретінде белгілі бір салаға жататын сыртқы фактілер де әсер етуі мүмкін, бірақ бұл фактілер, үнсіз келісу бойынша, тағы да ойлау процесінің нәтижелері ғана деп есептеледі, сөйтіп біз тіпті ешбір өзгертуге болмайтын фактілердің өзін ойдағыдай игеріп әкететін сияқты таза ойдың саласында барлық уақытта қала береміз.

Мемлекеттік құрылыс формаларының, праволық жүйелердің, қайсыбір саладағы болсын идеологиялық ұғымдардың дербес тарихы бар сияқты ететін нақ осы көрініс ең алдымен көп адамдарды адастырады. Егер Лютер мен Кальвин ресми католиктік дінді «жеңген» болса, ал Гегель — Кант пен Фихтені «жеңген» болса, егер Руссо өзінің республикалық қоғамдық шарты арқылы конституционалист Монтескьёні жанамалап «жеңген» болса, онда мұның өзі — теологияның, философияның, мемлекет танудың ішінде қалатын процесс, ойлаудың осы салаларының дамуындағы кезең болып табылады және ойлаудың шеңберінен әсте шықпайды. Ал бұған капиталистік өндірістің мәңгіліктігі және мүлде мінсіздігі туралы буржуазиялық жалған үміт қосылғаннан бері,— содан бері меркантилистерді физиократтар мен Адам Смиттің «жеңуінің» өзі ойдың таза жеңісі деп қаралады, өзгерген экономикалық фактілердің ойлау саласындағы бейнесі емес, қайта өзгеріссіз және барлық жерде бар болып отырған іс жүзіндегі жағдайларды ақырында қол жеткен ақиқат түсінушілік деп қаралады. Демек, егер Арыстан жүректі Ричард пен Филипп-Август крест жорықтарына килігудің орнына, сауда еркіндігін енгізген болса, онда 500 жыл бойғы жоқшылық пен надандықтан құтылуға болатындай болып шығады.

Менің ойымша, мәселенің осы жағына, бұл арада өзім аздап қана тоқтай алған жағына біз бәріміз тиістісінен гөрі аз көңіл аударадық. Мұның өзі бұрыннан келе жатқан жағдай: алғашында жұрт қашанда мазмұнға бола формаға көңіл аудармайды. Қайталап айтамын, мен өзім осылай істедім, ал бұл қате маған әрдайым post festum* көрініп отырды. Сондықтан осыған байланысты Сізді кінәлаудан менің аулақ екенім былай тұрсын,— оның керісінше тіпті Сізден де бұрын бұл жөнінде кінәлы болғандықтан, бұған менің ешқандай правом да жоқ,— бірақ қалай

* — сөзбе сөз айтқанда: тойдан кейін, яғни кешігіп барып. *Ред.*

болғанда да мен болашақ үшін осы пунктке Сіздің көңіліңіздi аударғым келіп еді.

Идеологтардың мынадай қисынсыз ұғымы да осыған байланысты: тарихта роль атқаратын түрлі идеологиялық салалардың дербес тарихи дамуын мойындамай, біз олардың *тарихқа әсер ету* мүмкіндігі атаулыны да жоққа шығарамыз. Мұның негізінде себеп пен салдарды әрдайым бір-біріне қарама-қарсы тұратын екі полюс ретінде қарайтын шаблондық, диалектикалық емес түсінік жатыр, бұлардың өзара әсер етуі мүлде еске алынбайды. Тарихи құбылысты басқа себептер, сайып келгенде экономикалық себептер өмірге келтіреді екен, ол құбылыс өз тарапынан ізінше белсенді фактор болатынын, айналасындағы ортаға, тіпті өзін туғызған себептерге кері әсер ете алатынын бұл мырзалар көбіне әдейі ұмытып кетеді. Мысалы, Барттың діни сословие мен дін жөніндегісі, Сізде 475-бет. Сіздің осы барып тұрған оңбаған субъектінің сазайын бергеніңіз маған өте ұнады. Ал нақ соны Лейпцигте тарих профессоры етіп тағайындап отыр! Онда Ваксмут карт бар еді ғой, рас, бұл да сондай тайыз, бірақ фактілерді тамаша меңгерген, мүлде басқа сипаттағы адам!

Жалпы алғанда кітап туралы айтқанда мен мақалалар жөнінде, «Neue Zeit»-те[21] олар шыққан кезде, бұрын өзім талай рет айтқандарымды тек қайталай аламын; мұның өзі Пруссия мемлекетінің генезисі жөнінде бар баяндаулардың ең жақсысы, барлық өзара байланыстарды көп реттерде уақ-түйектеріне дейін дұрыс ашып беретін тіпті бірден-бір жақсысы дей аламын. Маған бір өкінішті нәрсе, Сіз бүкіл бұдан арғы даму барысын Бисмаркқа дейін бірден-ақ қамти алмағаныңыз, ал менде Сіз мұны екінші жолы істейді, сөйтіп курфюрст Фридрих-Вильгельмнен бастап, карт Вильгельммен* аяқтап, жалпы жайды байланысты түрде баяндап береді деген үміт еріксіз туып отыр. Өйткені Сіз қазірдің өзінде жұмыстың денін істедіңіз, ең болмағанда негізгі мәселелер жөнінде тіпті біржолата істеліп бітті деп есептеуге болады. Ал мұның өзі қаусап тұрған құрылыстың бәрі қирап болғанша істеліп бітуге тиіс. Монархиялық-патриоттық аңыздарды талқандау таптық үстемдікті бүркемелеуші монархияны жою үшін соншалық қажетті алғы шарт болмағанымен (өйткені *таза,* буржуазиялық республика Германияда туып үлгірмей жатып, өтіп кеткен кезең болып шықты), дегенмен мұның өзі осылайша жоюға қажетті ең пәрменді тұткалардың бірі болады.

Сонда жалпы германдық қораштықтың бір бөлшегі ретінде бір ғана Пруссияның тарихын суреттеу үшін Сіздің өрісіңіз кең, мүмкіндіктеріңіз көп болады. Менің кейбір нәрселер жөнінде

---

* I Вильгельммен. *Ред.*

Сізбен келіспейтін жерім, атап айтқанда Германияның бытыраңқылығының және XVI ғасырдағы неміс буржуазиялық революциясы сәтсіздігінің алғы шарттарын Сіздің түсінуіңізбен келіспейтін жерім дәл осы. Егер өзімнің «Шаруалар соғысы»* деген еңбегіме жазылған тарихи кіріспені маған қайта жөндеудің сәті келсе, алдағы қыста мұның реті келер деп сенемін, онда мен бұл мәселеге қатыстыларын дамыта аламын. Мен Сіздің келтірген алғы шарттарыңызды теріс деп санамақшы емеспін, мен олармен қатар басқаларын да келтіремін және оларды біраз басқаша топтаймын.

Кілең бір қораштық болып табылатын неміс тарихын зерттегенде мен Франция тарихының тиісті дәуірлерімен салыстыру ғана дұрыс бағдар береді деп әрдайым есептеп келдім, өйткені онда біздегі нәрсеге қарама-қарсы нәрсе болып отырды. Онда — феодалдық мемлекеттің disjectis membris** ұлттық мемлекет құрылды, бізде — бұл кезде барып тұрған құлдырау болды. Онда — бүкіл процесс барысында сирек кездесетін объективті логика бар, бізде — барған сайын күшейе түскен шексіз бей-берекеттік. Онда — орта ғасыр дәуірінде солтүстік-француз халқына қарсы провансаль халқы үшін деп киліккен ағылшын жаулап алушысы жат жерлік басқыншылықтың өкілі болып табылды. Ағылшындармен болған соғыстар өзінше бір Отыз жылдық соғыс[201] болып табылады, бірақ онда бұл соғыс басып кірген шетелдіктерді қуып шығумен және Оңтүстікті Солтүстіктің бағындыруымен аяқталады. Сонан соң ролі Бранденбургтің — Пруссияның роліне сәйкес келетін, өзінің шетелдегі иеліктеріне сүйенетін бургундиялық вассалға*** қарсы орталық өкіметтің күресі келеді, бірақ бұл күрес орталық өкіметтің жеңісімен бітіп, ұлттық мемлекетті құруды аяқтайды. Ал бізде болса, дәл осы кезеңде ұлттық мемлекет (егер тек Қасиетті Рим империясының[176] шеңберіндегі «неміс корольдігін» ұлттық мемлекет деп атауға болатын болса) біржолата құлайды, сөйтіп неміс жерлерін кең көлемде тонау басталады. Мұның өзі немістер үшін барып тұрған ұят келтіретін салыстыру, бірақ ол нақ осы себептен ерекше сабақ боларлық болып шығады, ал біздің жұмысшылар Германияны тарихи қозғалыстың алдыңғы сапына қайтадан қойғаннан бері біз өткен уақыттың масқаралығын біраз оңай көтере аламыз.

Неміс дамуының тағы бір мүлде айрықша ерекшелік сипаты сол, империяның сайып келгенде бүкіл Германияны өзара екіге жарған құрамды екі бөлігінің екеуі де таза немістік болған жоқ, қайта жаулап алынған славян жеріндегі колониялар болды:

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 343—437-беттер. *Ред.*

** — бытыраңқы бөлшектерінен. *Ред.*

*** — Батыл Карлға. *Ред.*

Австрия — бавар колониясы, Бранденбург — саксон колониясы; ал Германияның *өзінде* олардың өкіметке қолы жетуінің бір ғана себебі — олар неміс иеліктеріне емес, өздерінің басқа елдегі иеліктеріне: Австрия — Венгрияға (Богемия туралы айтпағанның өзінде), Бранденбург — Пруссияға сүйенді. Ең үлкен қауіп-қатерге ұшыраған батыс шекарада мұндай ештеме болған жоқ, солтүстік шекарада Германияны даниялықтардан қорғауды даниялықтардың өздеріне берді, ал Оңтүстіктің қорғауды аз керек еткені соншалық, шекараны күзетуге тиістілер — швейцариялықтар — тіпті өздері Германиядан бөліне алды!

Алайда мен әр қилы пайымдауларға түсіп кеттім; ал бұл мылжың ең болмағанда Сіздің еңбегіңізге менің қаншалық ден қойғанымды көрсететін дәлелдеме болсын...

Тағы да шын жүректен алғыс айтып, сәлем жолдаушы

Сіздің ***Ф. Энгельс***

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 39-том, 82—86-беттер*

## ЭНГЕЛЬС — НИКОЛАЙ ФРАНЦЕВИЧ ДАНИЕЛЬСОНҒА

### ПЕТЕРБУРГКЕ

Лондон, 17 октябрь 1893 ж.

...«Очерктердің»[291] бірнеше данасын жібергеніңіз үшін Сізге өте ризамын; үшеуін мен оларды бағалай алатын достарға жібердім. Кітап, менің сүйсініп байқағанымдай, едәуір әсер етті және тіпті сенсация туғызды, бұл әбден орынды. Мен кездестірген орыстардың арасында бұл кітап олардың әңгімесінің басты тақырыбы болды. Олардың біреуі* кеше ғана маған былай деп жазды: бізде Русьте «Россиядағы капитализмнің тағдыры» туралы талас болып жүр**. Берлиннің «Sozialpolitisches Centralblatt»-ында*** П. фон Струве мырза деген біреу Сіздің кітабыңыз туралы үлкен мақала жариялады; мен онымен бір пункт жөнінде келісуге тиіспін: Россиядағы дамудың қазіргі капиталистік фазасы мен үшін де Қырым соғысы жасаған тарихи жағдайлардың, 1861 жылы аграрлық қатынастарды өзгертуді жүзеге асыру әдісінің және, ақырында, бүкіл Европадағы жалпы саяси тоқыраудың болмай қоймайтын нәтижесі болып табылады. Бірақ

---

* — Гольденберг. *Ред.*

** «бізде» деген сөзден бастап соңғы сөйлемді Энгельс орысша жазған. *Ред.*

*** Үшінші жыл шығуы, № 1, 1 октябрь, 1893 ж.[292] [*Энгельстің ескертуі. Ред.*]

Сіздің болашаққа пессимистік көзқарасыңыз деп өзі атаған нәрсені теріске шығарғысы келіп, Россияның қазіргі жағдайын Құрама Штаттардың қазіргі жағдайымен салыстыратын жерінде Струвенің пікірі мүлде теріс. Ол Россиядағы қазіргі капитализмнің зиянды салдарларын Құрама Штаттардағыдай оп-оңай жоюға болады дейді. Мұнда ол Құрама Штаттардың құрылғаннан-ақ осы заманға сай, буржуазиялық сипатта болғанын; Құрама Штаттарды таза буржуазиялық қоғамды орнату мақсатымен европалық феодализмнен қашқан ұсақ буржуалар мен шаруалардың құрғанын мүлде ұмытып отыр. Ал Россияда біз алғашқы коммунистік сипаттағы негіздің, цивилизация заманының алдында болатын, рас, қазір күл-талқаны шығып отырған, бірақ әлі де болса капиталистік революцияның (өйткені Россия үшін бұл нағыз әлеуметтік революция) сүйеніп, қимыл жасауына негіз, материал болып отырған рулық қоғамның бар екенін көреміз. Америкада ақша шаруашылығы жүз жылдан астам бұрын әбден қалыптасып болды, ал Россияда натуралдық шаруашылық, барлық жерде дерлік жалпы ереже болды. Сондықтан Америкаға қарағанда, Россияда бұл өзгерістің анағұрлым зорлықты және қатаң сипатта болып, өлшеусіз зор қасіреттер туғызатындығы айқын.

Бірақ, осылай бола тұрса да, меніңше, фактілермен ақтауға болатындығынан гөрі Сіз мәселеге тым түнере қарайтын тәріздісіз. Алғашқы, аграрлық коммунизмнен капиталистік индустриализмге өту қоғам ішінде адам айтқысыз қиратусыз, тұтас бір таптардың жойылып, олардың басқа таптарға айналуынсыз болмайтындығы күмәнсыз; ал мұның қаншама зор қасіреттерді, адам өмірі мен өндіргіш күштердің қаншама шығынын сөзсіз туғызатынын біз, аз көлемде болса да, Батыс Европадан көрдік. Бірақ бұдан ұлы да барынша дарынды халықтың толық жойылуына дейін әлі өте алыс жатыр. Халықтың сіздердегі дағдылы тез өсуі тоқтап қалуы мүмкін. Шаруалармен қатар ескі помещиктерді* экспроприациялаумен бірге орман-тоғайды орынсыз жою өндіргіш күштерді орасан шығынға ұшыратуы мүмкін; ал дегенмен, жүз миллионнан аса халық, түптеп келгенде, айтарлықтай әжептәуір *ірі өнеркәсіп* үшін өте үлкен ішкі рынок болады; әрине, егер капитализм Батыс Европада айтарлықтай ұзақ тұрақтай алса, басқа елдердегі сияқты, сіздерде де бәрі өз шама-шарқына келеді. Сіз өзіңіз былай деп табасыз:

> «Қырым соғысынан кейін Россиядағы әлеуметтік жағдайлар өткен тарихымыздан бізге мұра болған өндірістік форманың дамуы үшін қолайлы болмады».

Мен бұдан әрі барып, былай деймін: Россияда алғашқы аграрлық коммунизмнен шығып неғұрлым жоғары әлеуметтік

* «Помещиктер» деген сөзді Энгельс орысша жазған. *Ред.*

форманың даму мүмкіндігі, егер осы неғұрлым жоғары форма әйтеуір бір басқа елде *бұрын іске асырылып,* үлгі ретінде пайдалануға келмеген болса, басқа қай жердегіден болсын артық болмас еді. Осы неғұрлым жоғары форма — ол форма тарихи мүмкін болған жердің бәрінде — өндірістің капиталистік формасының және осы форма туғызған әлеуметтік дуалистік антагонизмнің қажетті салдары болып табылатындықтан, бұл форма бұрын бір жерде бар үлгіге еліктеу түрінде дамымайынша, тікелей жер қауымынан дами алмайды. Мұндай қайта құру үшін 1860—1870 жылдары Батыс Европа толысып жетілген болса, бұл қайта құруды сол кезде Англия, Франция, т. т. жүзеге асырған болса,— онда өздерінің ол кезде іргесі әлі азды-көпті бүтін қауымынан не істеуге болатынын орыстар шынында көрсетуге тиісті болған болар еді. Бірақ Батыс тоқырап қалды, мұндай қайта құруға тіпті ұмтылмады да, ал капитализм болса барған сайын шапшаң дами берді. Сонымен, Россияға төмендегіден басқа таңдау қалмады; не қауымды өзін әлі бірқатар аралық тарихи сатылар бөліп тұрған өндірістік формаға және оны жүзеге асыруға керекті жағдайлар ол кезде тіпті Батыстың өзінде әлі пісіп-жетілмеген формаға жеткізіп дамыту керек болды,— сірә, бұл міндет мүмкін емес міндет болды,— не капитализм бағытында даму керек болды. Осы екіншісін істеуден басқа не қалып еді? — деген сұрақ туады.

Қауымға келетін болсақ, онда ол оның мүшелерінің арасындағы мүлік айырмашылықтары әзірге болмашы болып отырғанда ғана мүмкін нәрсе. Ал осы айырмашылықтар күшейісімен, оның кейбір мүшелері неғұрлым бай басқа мүшелердің борышкер құлы болысымен-ақ,— қауымның бұдан әрі өмір сүруі мүмкін емес. Сіздің елдің кулактары мен қанаушылары* қауымды қандай қаталдықпен талқандап жатса, Солонға дейінгі Афиныны кулактары мен қанаушылары да Афины *руын* солай талқандаған-ды. Мен бұл институт жойылуға тиіс қой деп қорқамын. Бірақ, екінші жағынан, капитализм жаңа перспективалар мен жаңа үміттер ашады. Оның Батыста не істегенін және не істеп жатқанын қараңыз. Сіздің ұлтыңыз сияқты ұлы ұлт дағдарыстың қай-қайсысына да төтеп береді. Қандай да болса бір тарихи прогреспен орны толмаған ұлы тарихи апат болған емес. Тек modus operandi** ғана өзгереді. Болуға тиіс нәрсе болып тынсын!..

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 39-том, 128—130-беттер*

---

* «Кулактар» және «қанаушылар» деген сөздерді Энгельс орысша жазған. *Ред.*

** — қимыл үлгісі. *Ред.*

## ЭНГЕЛЬС — В. БОРГИУСҚА [293]

### БРЕСЛАВЛЬГЕ*

Лондон, 25 январь 1894 ж.

Марқабатты тақсыр!

Сіздің сұрақтарыңызға жауап берейін:

1. Өзіміз қоғам тарихының айтқындаушы базисі деп есептейтін экономикалық қатынастар дегенде біз белгілі бір қоғам адамдарының тіршілікке керекті заттарды өндіру және (еңбек бөлінісі бар болғандықтан) өнімдерді өзара айырбастау әдісін түсінеміз. Сонымен, бұған өндіріс пен транспорттың *бүкіл техникасы* кіреді. Бұл техника, біздің көзқарасымызша, өнімдерді айырбастау әдісін де, сонан соң оларды бөлу әдісін де белгілейді, демек, рулық құрылыс ыдырағаннан кейін, таптарға бөлінуді де, үстемдік ету мен бағыну қатынастарын да, мемлекетті, саясатты, правоны және т. б. да белгілейді. Сонан соң экономикалық қатынастар ұғымына осы қатынастар негізделіп дамитын *географиялық негіз* де, экономикалық дамудың бұрынғы сатыларының іс жүзінде кейінге ауысқан бұрыннан қалған қалдықтары да, қалдықтары болғанда көбінесе дәстүр бойынша немесе vis inertiae** арқасында сақталып келе жатқан қалдықтары да, сонымен бірге, әрине, осы қоғамдық форманы қоршаған сыртқы орта да кіреді.

Егер, Сіздің айтып отырғаныңыздай, техника едәуір дәрежеде ғылымның жағдайына байланысты болса, онда ғылым анағұрлым артық дәрежеде техниканың *жағдайы* мен *қажетсінулеріне* байланысты. Егер қоғамда техникалық қажетсіну пайда болады екен, онда ол ғылымды ондаған университеттерден гөрі артық ілгері бастырады. Бүкіл гидростатиканы (Торричелли т. б.) XVI және XVII ғасырларда Италияда тау суының тасқындарын тәртіптеуді керек етушілік туғызды. Электрдің техникалық қолданылуы ашылғанан бері ғана біз ол туралы ақылға қонымды бірдемелерді білдік. Өкінішке орай, Германияда ғылымдардың тарихын жазғанда оларды аспаннан түсе қалған сияқты етіп жазуға әдеттенген.

2. Біз экономикалық жағдайлар түптеп келгенде тарихи дамуға себеп болады деп есептейміз. Ал нәсілдің өзі экономикалық фактор болып табылады. Алайда, бұл арада екі жағдайды ұмытпау керек:

а) Саяси, праволық, философиялық, діни, әдеби, көркемдік, т. с. даму экономикалық дамуға негізделген. Бірақ сонымен бірге бұлардың бәрі біріне-бірі және экономикалық базиске ықпал

---

* Қазіргі аты: Вроцлав. *Ред.*

** — инерция күші. *Ред.*

етеді. Тек экономикалық жағдай ғана *себеп* болып табылмайды, тек сол *ғана белсенді,* ал қалғандарының бәрі енжар салдар ғана болып отырған жоқ, мәселе мүлде олай емес. Жоқ, мұнда *сайып келгенде* әрқашан өзіне жол салатын экономикалық қажеттіліктің негізінде өзара қимыл болып отыр. Мысалы, мемлекет қамқорлық баж салықтары, сауда еркіндігі, жақсы немесе жаман қазыналық саясат арқылы ықпал етеді. Неміс мещанының тіпті өлгенше шаруашылығы мен дәрменсіздігінің өзі, 1648 жылдан бастан 1830 жылға дейінгі дәуірде Германияның экономика жағынан аянышты халінен туған және әуелі пиетизмнен, кейін көлгірсушіліктен, князьдар мен дворяндардың алдында құрдай жорғалаушылықтан көрінген осы шаруашылығы мен дәрменсіздігінің өзі экономикаға ықпал етпей қоймады. Мұның өзі жаңа өрлеу үшін өте зор кедергілердің бірі болды, ал бұл кедергі революциялық соғыстар мен наполеондық соғыстардың айықпас дерт болған жоқшылықты шиеленіскен жоқшылық етуінің арқасында ғана әлсіреді. Демек, қолайлылық үшін кейбіреудің осылай түсінетініндей, экономикалық жағдайдың өзінен-өзі бола қалатын ықпалы жоқ, қайта адамдар өз тарихын өзі жасайды, бірақ белгілі бір ортада, өздерін туғызған ортада, бұрыннан бар шын қатынастардың негізінде жасайды, бұлардың ішінде экономикалық жағдайлар, өздеріне басқа — саяси және идеологиялық — жағдайлар қалай күшті ықпал етсе де, түптеп келгенде дегенмен шешуші болып табылады, сөйтіп бүкіл дамуға дем беріп, бір өзі ғана оны түсінуге жеткізетін өзекті арқау болады.

в) Адамдар өз тарихын өзі жасайды, бірақ осы кезге дейін олар оны жалпы ерікті басшылыққа алмай, бірыңғай жалпы жоспар бойынша, тіпті біршама шектелген белгілі бір қоғамның шеңберінде де емес, басқаша жасады. Олардың көздегендері тоғысып жатады, сондықтан осындай қоғамдардың бәрінде *қажеттілік* үстемдік етеді, ал оның толықтырмасы және көріну формасы *кездейсоқтық* болып табылады. Бұл арада кездейсоқтықтардың бәрінің арасынан жарып шығатын қажеттілік сайып келгенде тағы да сол экономикалық қажеттілік. Бұл арада біз ұлы адамдар дейтіндер туралы мәселеге келіп отырмыз. Осындай және нақ осы ұлы адамның осы елде, белгілі бір уақытта шығуы, әрине, нағыз кездейсоқтық. Бірақ егер осы адамды тайдыратын болса, онда оның орнын басушыны керек етушілік туады, сөйтіп мұндай орынбасар — азды-көпті қолайлы адам уақыт өте келе табылады. Наполеон, нақ осы корсикалық, соғыстан жадап-жүдеген Француз республикасына қажетті әскери диктатор болды,— мұның өзі кездейсоқтық еді. Бірақ егер Наполеон болмаған болса, онда оның ролін басқа біреу атқарған болар еді. Мұның өзі мұндай адам керек болғанда, ондай адамның әрқашан табылып келгендігімен дәлелденеді: Цезарь, Август,

Кромвель, т. т. Егер тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді Маркс ашқан болса, онда Тьерри, Минье, Гизо, 1850 жылға дейінгі ағылшын тарихшыларының бәрі мәселенің осыған таянғанының дәлелі болып табылады, ал дәл сол түсінуді Морганның ашуы бұл үшін уақыттың толып жеткенін және бұл жаңалықтың ашылуға *тиіс* болғанын көрсетеді.

Тарихтағы басқа кездейсоқтықтардың бәрі жөнінде және бейне бір кездейсоқтықтар жөнінде мәселе дәл осылай болып отыр. Біз зерттеп отырған сала экономикалық саладан неғұрлым алшақтап кетсе, ол сала таза абстрактылық-идеологиялық салаға неғұрлым көп жақындаса, біз ол саланың дамуынан соғұрлым көп кездейсоқтықтар табатын боламыз, ол саланың өсу бағдары соғұрлым тым бұрақ жолды болып келеді. Егер Сіз осы бағдардың ортасынан сызық жүргізсеңіз, онда зерттеліп отырған дәуір неғұрлым ұзақ болса, зерттеліп отырған сала неғұрлым кең болса, бұл сызық экономикалық дамудың сызығына соғұрлым көбірек жақындайтынын, мұның экономикалық даму сызығымен соғұрлым көбірек қосарласа жүретінін байқайсыз.

Германияда дұрыс түсінуге аса үлкен кедергі болып отырған нәрсе әдебиетте экономикалық тарихты кешірілместік түрде елемеушілік болып табылады. Тарихи даму туралы мектепте ұғындырылған түсініктерді тастаудың өте қиын екені былай тұрсын, бұл үшін керекті материалды жинау одан да қиын. Мысалы, өзінің құрастырып қана қойған материалдар жинағында[294] есепсіз көп саяси фактілерді түсіндіру үшін соншалық бағалы мәлімет берген ең болмағанда карт Г. фон Гюлихты оқыған кім бар екен!

Тегінде менің ойымша, Маркстің «Он сегізінші брюмерде»* берген тамаша үлгісі Сіздің сұрақтарыңызға әжептәуір толық жауап беруге тиіс, өйткені мұның өзі практикалық мысал. Меніңше, мәселелердің көпшілігі «Анти-Дюрингте»** сөз болған, бірінші бөлім, IX—XI тараулар, екінші бөлім, II—IV тараулар, сонымен бірге үшінші бөлімде, I тарау немесе кіріспеде, мұның үстіне «Фейербахтың»*** соңғы тарауында да сөз болған.

Сізден сұрайтыным жоғарыда баяндалғанның әрбір сөзіне мін тағып қарамай, барлық уақытта жалпы байланысты еске алып отырыңыз; өкінішке орай, Сізге мұның бәрін баспаға арналғандағыдай етіп айқын да нақты баяндауға уақытым болмады...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 39-том, 174—176-беттер*

---

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 412—503-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том. *Ред.*

*** Қараңыз: осы том, 372—416-беттер. *Ред.*

# ЭНГЕЛЬС — ВЕРНЕР ЗОМБАРТҚА

## БЕРЛИНГЕ

Лондон, 11 март 1895 ж.

Марқабатты тақсыр!

Сіздің өткен айдың 14-інде жазған хатыңызға жауап ретінде Маркс туралы Өзініздің еңбегіңізді елеп жібергеніңіз үшін Сізге ізетпен алғысымды айтамын; д-р Г. Браун маған достықпен жолдаған «Archiv»-тен[295] мен оны зор ынтамен оқып та қойдым және ақыр аяғында неміс университетінде де «Капиталдың» осындай түсінушілікке кездескеніне қуандым. Маркстің көзқарастарын Сіздің баяндауыңызбен түгел келісе алмайтынымы өзінен-өзі түсінікті. Бұл әсіресе 576—577-беттердегі құн ұғымын баяндауға қатысты; маған ол тым кең мағынада берілген сияқты: мен бұл ұғымның қоғамның экономикалық дамуының мынадай сатысына ғана, құн туралы әңгіме қылуға болған және бола алатын сатысы үшін ғана, *товар* алмасу бар, осыған сай товар өндірісі бар қоғам формалары үшін ғана маңызы болатынын атап көрсетіп, оны тарихи тұрғыдан шектер едім. Алғашқы коммунизм құн дегенді білген емес. Ал, екіншіден, маған логикалық анықтама да неғұрлым қысыңқы бола алатындай болып көрінеді. Алайда, мұның өзі бізді шалғайға алып кетер еді. Сіздің айтқаныңыз, негізінен, қалай дегенмен, дұрыс.

Бірақ 586-бетте Сіз сөзіңізді тікелей маған арнайсыз, ал Сіздің мені алқымнан алған сол бір сүйкімді әдісіңіз менің күлкімді келтірді. Бірақ сабыр сақтауыңызға болады, мен Сізді «олай еместігіне сендіріп» жатпаймын. Жекелеген капиталистік кәсіпорындарда өндірілген $\frac{m}{c}=\frac{m}{c+v}$ әр түрлі шамалардың көмегімен Маркс пайданың бірдей жалпы нормасына келген логикалық өткелендер жекелеген капиталистердің санасына мүлдем жат. Бұл өткелендердің біздің санамыздан тыс өмір сүретін қайсыбір тарихи қосарламасы немесе қайсыбір нақтылығы болатындықтан, мәселен, капиталист А-ның пайданың [жалпы] нормасынан артық өндірген, осыған сәйкес жиынтық қосымша құндағы оның үлесінен артық өндірген қосымша құнының кейбір құрамдас бөліктерінің капиталист *В*-ның, өндірген қосымша құны өзіне тиген дивиденттерден normaliter* төмен болған осы капиталистің қалтасына көшуінде әлгі өткелендер жоғарыдағы нақтылыққа ие болады. Бірақ бұл процесс объективті түрде, заттарда, санадан тыс жүзеге асады, сондықтан біз бұл процесті дұрыс түсінуге жету қаншалық қиын болғанын тек енді ғана пайымдай аламыз. Егер пайданың орта нормасын жасау үшін жекелеген капиталистердің *саналы түрде* ынтымақтасуы талап еті-

* — қалыпты. *Ред.*

летін болса, егер жеке бір капиталист өзінің қосымша құн өндіретінін, қандай мөлшерде өндіретінін және көптеген жағдайларда өзінің қосымша құнының біразын беруге тиіс болатынын *ұғынса,* онда қосымша құн мен пайданың арасындағы байланыс әуел бастан-ақ әжептәуір айқын болар еді, сондықтан оны Адам Смиттің өзі-ақ, бәлкім, тіпті Петти де, қалай дегенмен көрсетер еді.

Маркстің көзқарасы тұрғысынан тарихтың бүкіл барысы — елеулі оқиғалар туралы айтылып отыр — осы кезге дейін ұғынылмай жүзеге асып келді, яғни бұл оқиғалар мен олардың кейінгі салдары адамдардың еркіне тәуелді болған жоқ; тарихи оқиғаларға қатысушылар не өздері жеткеннен тікелей басқа бірдеңе болуын қалады, не бұл жеткен нәтиже айналып келгенде мүлдем басқа болар деп күтілмеген салдар туғызды. Мұны экономикаға қолдансақ: әрбір капиталист *артық* пайда түсіремін деп жанталасады. Буржуазиялық саяси экономия әрбір жеке капиталистің *артық* пайда табамын деп осы жанталасуының нәтижесі пайданың жалпы *бірдей* нормасы болатынын, әрқайсысы үшін пайданың шамамен *бірдей* мөлшері болып шығатынын анықтады. Бірақ бұл жанталасудың шын мақсаты жиынтық қосымша құнды бүкіл жиынтық капиталға процент тұрғысынан біркелкі бөлу болып табылатынын капиталистер де, буржуазиялық экономистер де түсінбейді.

Бұл теңдестіру процесі шын мәнінде қалай жүзеге асты? Бұл өте-мөте назар аударарлық мәселе, ол туралы Маркстің өзі көп айтпайды. Бірақ Маркстің бүкіл дүние танымы [Auffassungsweise] доктрина емес, метод. Ол дайын догмалар бермейді, оның беретіні одан арғы зерттеулер үшін бастама пункттер және осы зерттеу *үшін* қажет метод. Демек бұл арада әлі біраз жұмыс бар, Маркстің өзі оны бұл бастапқы нобайда аяғына дейін жеткізбеген. Бұл жерде бізде бары ең алдымен III том, I бөлім, 153—156-беттер* деп көрсетілгені, ал мұның құн ұғымын Сіздің баяндауыңыз үшін де маңызы бар және бұл ұғымның оған Сіз берген нақтылықтан гөрі көбірек нақтылығы бар екенін немесе бар болғанын дәлелдейді. Өнімдер бірте-бірте товарға айналған айырбастың басталған кезінде олар шамамен *өздерінің құны бойынша* айырбасталды. Екі заттың құнын саны жағынан салыстыру үшін бірден-бір өлшем оларға жұмсалған еңбек болды. Демек, онда құн *тікелей нақтылы болды.* Айырбаста құнның тікелей жүзеге асуының тоқтайтынын, оның бұдан былай жоқ екенін біз білеміз. Сондықтан, мен жоғарыда айтылған тікелей-нақтылы құннан өндірістің капиталистік формасы тұсындағы құнға апаратын аралық буындарды анықтау, ең болмағанда,

---

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 25-том, I бөлім, 191—194-беттер. *Ред.*

жалпы алғанда анықтау Сіз үшін көп қиын болмайды ғой деп ойлаймын; өндірістің капиталистік формасы тұсындағы құнның әбден бүркемеленгені сонша, біздің экономистер оның бар екенін шімірікпей-ақ теріс дей алады. Бұл процесті шынайы тарихи тұрғыдан баяндау, рас, пәнді мұқият зерттеуді талап ететін, бірақ нәтижелері барлық еңбектің есесін молынан қайтаратын осындай баяндау «Капиталға» бағалы қосымша болып қосылар еді[296].

Қорытындыда мен туралы жаксы пікіріңіз үшін Сізге тағы да алғысымды айтуға тиіспін, бұл пікірге сүйеніп, Сіз мені III томнан оның қазіргі түрінен жақсы бірдеңе жасай алар еді деп санайсыз. Алайда мен бұл пікірге қосылмаймын және Маркстің текстін Маркстің өзінің сөзбе-сөз тұжырымдауларымен беріп, өз борышымды орындадым деп ойлаймын, әйтсе де нақ осының өзі оқырманнан оның бар қабілетін өз бетімен ойға салып қарауға көбірек жұмсауды талап етеді...

*К. Маркс пен Ф. Энгельс*
*Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 39-том, 350—353-беттер*

# ЕСКЕРТУЛЕР

# КӨРСЕТКІШТЕР

# ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Маркстің 1875 жылы жазылған *«Гота программасына сын»* деген еңбегі болашақтағы біріккен герман жұмысшы партиясы программасының жобасы жөніндегі сыни ескертпелер болып табылады. Бұл жобаның елеулі кателері болды және онда лассальшылдыққа принципті тұрғыдан кеңшілік жасалды. Маркс пен Энгельс Германияның біртұтас социалистік партиясының құрылу фактісін мақұлдай отырып, лассальшылдармен идеялық жағынан ымыраласуға қарсы шықты және оны қатты сынады. Сонымен бірге Маркс осы еңбегінде ғылыми коммунизм теориясының түбегейлі мәселелері бойынша: социалистік революция, пролетариат диктатурасы туралы, капитализмнен коммунизмге өту дәуірі, коммунистік қоғамның екі фазасы туралы, социализм тұсында қоғамдық өнімді өндіру және оны бөлу, коммунизмнің негізгі белгілері туралы, пролетарлық интернационализм мен жұмысшы табының партиясы туралы бірсыпыра идеяларды тұжырымдайды.

Бұл шығармада марксизмнің мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы ілімін дамытуда жаңа қадам жасалады. Маркс капитализмнен коммунизмге өтудің тиісті мемлекеттік формасы — *«пролетариаттың революциялық диктатурасы»* бар ерекше сатысы тарихи тұрғыдан болмай қоймайды деген аса маңызды қағиданы белгілеп берді ( осы томның 23-бетін қараңыз). «Маркстің берген түсініктерінің орасан зор маңызы сол,— деп жазды В. И. Ленин «Гота программасына сын» туралы,— коммунизмді капитализмнің *ішінен* шығып дамитын нәрсе деп қарап, ол мұнда да материалистік диалектиканы, даму туралы ілімді дәйекті түрде қолданып отыр. Схоластикалық-төркінсіз, беталды «қиыстырылған» анықтамалардың орнына, сөздің мәнісі туралы (социализм не, коммунизм не деген) нәтижесіз таластардың орнына, Маркс коммунизмнің экономикалық жетілу сатылары деп аталарлық нәрселерді талдап отыр» (В. И. Ленин, Шығармалар, 25-том, 491-бет).— *5, 9, 473.*

[2] Бұл алғы сөзді Энгельс 1891 жылы, К. Маркстің «Гота программасына сын» деген еңбегін өзінің жариялауына байланысты жазды. Осы аса маңызды программалық документті жариялауға кіріскенде, Энгельс герман социал-демократиясында белең алған оппортунистік элементтерге соққы беруді көздеді, мұның өзі партияның Эрфурттағы съезде Гота программасының орнына жаңа программаны талқылап, қабылдауы алдындағы кезеңінде ерекше маңызды болды. «Гота программасына сынды» жариялауда герман социал-демократиясы басшыларының, сондай-ақ «Die Neue Zeit» журналын шығарушы Диц пен редакторы К. Каутскийдің тарапынан жасалған біршама қарсылыққа кездескен Энгельстің тексте кейбір өзгерістер мен қысқартулар жасауына тура келді. Маркстің бұл еңбегін герман партиясы мүшелерінің негізгі бұқарасы және өзге елдердің социалистері қанағаттанғандықпен қарсы алып, олар мұны бүкіл халықаралық социалистік қозғалыс үшін программалық до-

кумент деп қарады. «Гота программасына сынмен» қоса Энгельс Маркстің 1875 жылы 5 майда В. Браккеге жазған, тікелей осы еңбекке байланысты хатын да басып шығарды.

Энгельстің тірі кезінде «Гота программасына сын» және оның оған жазған алғы сөзі қайта басылып шықпады. «Гота программасына сынның» толық тексті тұңғыш рет 1932 жылы СССР-де жарияланды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші басылуының 19-томында еңбек бірінші рет Маркстің қолжазбасынан басылды.— *5.*

[3] 1875 жылы 22—27 майда *Готада өткізілген съезде* герман жұмысшы қозғалысындағы екі бағыт — А. Бебель мен В. Либкнехт бастаған Социал-демократиялық жұмысшы партиясы (эйзенахшылдар) және лассальшылдық Жалпы герман жұмысшы одағы бірікті. Біріккен партия Германияның Социалистік жұмысшы партиясы деген ат қабылдады. Сөйтіп герман жұмысшы табының қатарындағы жікке бөлінушілік жойылды. Біріккен партия программасының Гота съезіне ұсынылған, Маркс пен Энгельс қатты сынаған жобасын дегенмен съезд болмашы ғана түзетулер енгізіп қабылдады.— *5, 100, 469.*

[4] *Герман социал-демократиясының* 1890 жылы 12—18 октябрьде *Галледе болған съезі* партияның Эрфуртта болмақ келесі съезіне жаңа программаның жобасын әзірлеу және оны жергілікті партия ұйымдарымен баспасөзде талқылау мақсатымен съезден үш ай бұрын жариялау туралы шешім қабылдады.— *5.*

[5] Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің *Гаага конгресі* 1872 жылы 2—7 сентябрьде болды. Бұған 15 ұлттық ұйымнан келген 65 делегат қатысты. Конгрестің жұмысын Маркс пен Энгельс басқарды. Маркс пен Энгельстің және олардың серіктерінің жұмысшы қозғалысындағы ұсақ буржуазиялық сектанттықтың барлық түрлеріне қарсы ұзақ жылдар бойы жүргізіп келген күресі осы конгресте анықталды. Анархистердің жікшілдік әрекеттері айыпталып, олардың лидерлері Интернационалдан шығарылды. Гаага конгресінің шешімдері келешекте әр түрлі елдердегі жұмысшы табының өз алдына дербес саяси партияларын құрудың іргетасын қалады.—*6, 86.*

[6] Германия, Австрия және Швейцария социал-демократтарының 1869 жылы 7—9 августа Эйзенахта өткізілген жалпы немістік съезінде немістің Социал-демократиялық жұмысшы партиясы құрылды, ол бұдан әрі эйзенахшылдар партиясы деген атпен белгілі болды. Съезде қабылданған программа тұтасынан алғанда Интернационал талаптарының рухына сай келді.— *7, 28.*

[7] Бұл арада Бакуниннің 1873 жылы Швейцарияда басылып шыққан «Мемлекеттік және анархия» деген кітабы айтылып отыр.— *7.*

[8] 1865 жылы пайда болған *неміс халықтық партиясы* негізінен оңтүстік герман мемлекеттеріндегі ұсақ буржуазияның және іішінара буржуазияның демократиялық элементтерінен құрылды. Бұл партия Германияда Пруссияның гегемониясын орнатуға қарсы шықты және құрамына Пруссия да, Австрия да кіруге тиісті «Ұлы Германия» дейтіннің жоспарын қорғады. Федерациялық герман мемлекетін құру идеясын насихаттай отырып, ол Германияны біртұтас орталықтандырылған демократиялық республика түрінде біріктіруге қарсы шықты.— *7, 23, 29.*

[9] Бұл арада Социал-демократиялық жұмысшы партиясының *«Volksstaat»* газеті, сондай-ақ социал-демократиялық әдебиетті шығарып тұрған баспа туралы айтылып отыр. Баспаны А. Бебель басқарды.

*«Der Volksstaat»* («Халықтық мемлекет») — немістің Социал-демократиялық жұмысшы партиясының (эйзенахшылдардың) орталық органы. Лейпцигте 1869 жылғы 2 октябрьден 1876 жылғы 29 сентябрьге дейін шығып тұрды. Газетке жалпы басшылық ету жұмысын В. Либкнехт атқарып отырды. Маркс пен Энгельс бұл газетке ат салысып, оны редакциялауға үнемі көмек көрсетіп отырды— *8, 29.*

[10] *Бейбітшілік пен бостандық лигасы* — Швейцариядағы ұсақ буржуазиялық республикашылдар мен либералдардың 1867 жылы құрған буржуазиялық-пацифистік ұйымы. «Европа Құрама Штаттарын» құру арқылы соғысты жоюға мүмкіншілік туады деген мәлімдемелер жасаумен Бейбітшілік пен бостандық лигасы бұқара арасында жалған үміттер таратып, пролетариаттың назарын тап күресінен басқа жаққа аландатты.— *18, 30.*

[11] *«Norddeutsche Allgemeine Zeitung»* («Солтүстік герман жалпыға бірдей газеті») — күнделікті реакциялық газет, 1861 жылдан 1918 жылға дейін Берлинде шығып тұрды; 60—80 жылдарда — Бисмарк үкіметінің ресми органы; Маркс осы газетте 1875 жылы 20 мартта басылған мақаланы айтып отыр.— *19.*

[12] *«L'Atelier»* («Шеберхана») — Парижде 1840 жылдан бастап 1850 жылға дейін ай сайын шығып тұрған француз журналы; христиандық социализм идеясының ықпалында болған қолөнершілер мен жұмысшылардың органы — *21.*

[13] *«Культуркампф»* («Мәдениет үшін күрес») — XIX ғасырдың 70-жылдарында Бисмарк үкіметінің ақсүйектері мәдениет жолындағы күресті желеу етіп жүргізген заңдық шараларының жүйесіне буржуазиялық либералдардың берген аты. 80-жылдарда реакциялық күштерді топтастыру мақсатымен Бисмарк бұл шаралардың көбін жойды.— *25, 431.*

[14] Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған, өзінің мазмұны жағынан К. Маркс жазған «Гота программасына сынға» тығыз қабысып жатқан хаты. Маркс пен Энгельстің Германияның болашақ біріккен социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының жобасы жөніндегі жалпы пікірлерін білдірді. Энгельс бұл хатында программаның компромистік жобасын — ондағы лассальшылдық догмалардың бүкіл жүйесін, мемлекет туралы мәселе жөніндегі оппортунистік қағидаларды, пролетарлық интернационализм принциптерінен бас тартушылықты — қатты сынға алады.— *28.*

[15] *«Frankfurter Zeitung und Handelsblatt»* («Франкфурт газеті және сауда листогы») — ұсақ буржуазиялық демократиялық бағыттағы күнделікті газет; 1856 жылдан (осы атпен 1866 жылдан) 1943 жылға дейін шығып тұрды.—*29.*

[16] Әдгіме Гота программасы жобасының төмендегі пункттері жөнінде болып отыр:

«Мемлекеттің еркін негізі ретінде, герман жұмысшы партиясының талап ететіні:

1. Мемлекет пен қауымдағы барлық сайлауларда 21 жастан бастап барлық еркектерге жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосын беру. 2. Ұсыныс енгізуге және оны қабылдамай тастауға право беретін тікелей халықтық заң шығару. 3. Жалпыға бірдей әскери оқу. Тұрақты әскердің орнына халық жасағын енгізу. Соғыс пен бітім туралы мәселені шешу ісін халық өкілдігіне беру. 4. Барлық ерекше заңдарды, әсіресе баспасөз туралы, одақтар мен жиналыстар туралы заңдарды жою. 5. Халықтық сот құру. Сот ісін тегін жүргізу.

Мемлекеттің рухани және адамгершілік негізі ретінде герман жұмысшы партиясының талап ететіні:

1. Мемлекеттің көмегі арқылы жұрттың бәріне жаппай және тең халықтық тәрбие беру. Мектепке міндетті түрде қатысу. Тегін оқыту. 2. Ғылым бостандығы. Ұждан бостандығы».— *29.*

[17] Бұл арада 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысы айтылып отыр.— *29.*

[18] Қараңыз: В. Бракке. «Der Lassalle'sche Vorschlag». Braunschweig, 1873 («Лассальдің ұсынысы». Брауншвейг, 1873).— *30.*

[19] *«Demokratisches Wochenblatt»* («Демократиялық апталық») — неміс жұмысшы газеті; осы атпен Лейпцигте 1868 жылғы январьдан 1869 жылғы сентябрьге дейін В. Либкнехттің редакциясымен шығып тұрды. Газет неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құруда елеулі роль атқарды. 1869 жылы Эйзенах съезінде газет Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы болып жарияланды да, аты «Volksstaat» делініп өзгертілді (9-ескертуді қараңыз). Газетке Маркс пен Энгельс қатысып тұрды.—*33.*

[20] Мұнда Энгельс 1891 жылы февральда Маркстің «Гота программасына сын» деген еңбегінің жариялануын негізінен мақұлдаған хат-хабарлар жарияланған социал-демократиялық газеттерді атап шығады.

*«Arbeiter-Zeitung»* («Жұмысшы газеті») — Австрия социал-демократиясының органы, 1889 жылдан Венада шығып тұрды. Газеттің редакторы В. Адлер болды. 90-жылдарда осы газеттің беттерінде Ф. Энгельс өзінің бірқатар мақалаларын жариялады.

*«Sächsische Arbeiter-Zeitung»* («Саксонияның жұмысшы газеті») — неміс-тің күнделікті социал-демократиялық газеті, 90-жылдардың басында «жастардың» оппозициялық жартылай анархиялық тобының органы; 1890 жылдан 1908 жылға дейін Дрезденде шығып тұрды.

*«Züricher Post»* («Цюрих почтасы») — демократиялық газет, 1879—1936 жылдарда Цюрихта шығып тұрды.—*37, 537.*

[21] *«Die Neue Zeit»* («Жаңа заман») — герман социал-демократиясының теориялық журналы, 1883—1923 жылдарда Штутгартта шығып тұрды. 1885—1894 жылдарда Энгельс журналда өзінің бірқатар мақалаларын жариялады.— *37, 373, 488, 546.*

[22] Галледегі съезде (4-ескертуді қараңыз) Либкнехт партияның программасы туралы баяндама жасады.— *37.*

[23] *Социалистерге қарсы ерекше заң* Германияда 1878 жылы 21 октябрьде енгізілді. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет конфискеленді, социал-демократтар қуғындалды. Бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеурінімен заң 1890 жылы 1 октябрьде жойылды.— *37, 94, 126, 471, 532, 533.*

[24] Бұл арада Лассальдың 1846—1856 жылдар ішінде жүргізген графиня София Гацфельдтің неке айыру процесі айтылып отыр. Ертеден келе жатқан аристократтық фамилия мүшесін қорғау жөнінде болған бұл сот процесінің маңызын тым асыра көрсетіп, Лассаль оны езілгендердің ісі жолындағы күреске теңестірді.— *37.*

[25] *«Vorwärts. Berliner Volksblatt»* («Алға Берлиннің халықтық газеті») — неміс-тің күнделікті социал-демократиялық газеті; 1891 жылдан Германия Со-

циал-демократиялық партиясының орталық органы, 1884 жылы құрылды, осы атпен 1891 жылдан бастап шығып тұрды.

Әңгіме газетте 1891 жылы 13 февральда басылған бас мақала жөнінде болып отыр, онда рейхстагтың социал-демократиялық фракциясының Гота программасы жөнінде Маркс жасаған ескертпелермен және бұл ескертпелерде Лассальдың роліне берілген бағамен келіспеушілік білдірілген болатын.—*38.*

[26] Фишер өзінің 1891 жылы 20 февральда Энгельске жолдаған хатында партия Басқармасының Маркстің «Франциядағы азамат соғысы», «Жалдама еңбек және капитал» деген еңбектерін және Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбегін қайта басып шығару жөніндегі шешімі туралы жазды және тиісті алғы сөздер жазып беруді сұрады.— *39.*

[27] *«Табиғат диалектикасы»* — Ф. Энгельстің басты шығармаларының бірі; мұнда жаратылыс ғылымдарының XIX ғасырдың орта шенінде жеткен аса маңызды жетістіктері диалектикалық-материалистік тұрғыдан қорытылған, материалистік диалектика онан әрі дамытылған және жаратылыс танудағы метафизикалық және идеалистік концепциялар сыналған.

«Табиғат диалектикасы» материалдарының үшінші тобының Энгельс жасаған мазмұнында бұл «Кіріспе», «Ескі кіріспе» деп аталынды. Оны 1875 немесе 1876 жылмен белгілеуге болады. «Кіріспенің» бірінші бөлімі 1875 жылы, ал екінші бөлімі — 1876 жылдың бірінші жартысында жазылуы мүмкін.— *40.*

[28] Энгельс бұл арада Лютердің «Ein feste Burg ist unser Gott» («Тәңірі— біздің ақиқат тірегіміз») деген хоралын айтып отыр. Г. Гейне өзінің «Германиядағы дін мен философиясының тарихы жөнінде» деген еңбегінде, екінші кітабында, бұл өленді «Реформацияның марсельезасы» деп атайды.— *41.*

[29] Әлемнің гелиоцентрлік системасы баяндалған өзінің «Аспан шеңберлерінің айналысы туралы» деген кітабының бір данасын Коперник нақ өзінің өлетін күні — 1543 жылы 24 майда (ескі стильмен) алды.— *42.*

[30] XVIII ғасырдағы химияда үстем болған көзқарастарға сәйкес жану процесі денелердің ішінде бір ерекше заттың — флогистонның болуына байланысты, ал флогистон денелерден жану уақытында бөлініп шығады деп есептелді. Бұл теорияның негізсіз екендігін француздың аса көрнекті химигі А. Л. Лавуазье көрсетті, ол жану процесін — жанатын заттың оттегімен қосылуынан болатын реакция екендігін дұрыс түсіндіріп берді.— *43, 67, 387.*

[31] Бұл жерде Канттың «Allgemeine Naturgeschichte und Theorie des Himmels» («Жалпы жаратылыс тарихы және аспан теориясы») деген кітабы айтылып отыр, ол кітап автордың аты қойылмай 1755 жылы басылды. Бұл кітапта Канттың космогониялық болжамы баяндалған, бұл болжам бойынша күн системасы алғашқы тұмандықтан пайда болып, дамыған. Лапластың күн системасының қалыптасуы туралы болжамы тұңғыш рет оның «Exposition du système du monde» («Әлем системасын баяндау») деген шығармасының соңғы тарауында баяндалды. I — II томдар, Париж, 1796.— *45.*

[32] Бұл арада И. Ньютонның «Натуралдық философияның математикалық бастаулары» деген еңбегінде айтқан пікірі айтылып отыр, III кітап. Жалпы ұғындыру. Ньютонның осы айтқан пікірін еске ала отырып, Гегель өзінің «Философиялық ғылымдардың энциклопедиясы» деген еңбегінің 98-параграфында, 1-ші қосымшасында: «Ньютон... физиканы ол метафизикаға қарай ойысып кетпесін деп тікелей сақтандырған еді...» деп көрсетті.— *45.*

[33] *Ланцетник* (амфиокс) — омыртқасыздардан омыртқалыларға көшу формасы болып табылатын балық тәріздес кішкене жәндік, ол бірқатар теңіздер мен мұхиттарда өсіп-өнеді.

*Қабыршақты* (лепидосирен) — бұл өкпесі де, желбезегі де бар қос тынысты балықтардың кіші тобына жататын жәндік; Оңтүстік Америкада өседі.— *48.*

[34] *Мүйізгіс* (цератод) — қос тынысты балық, Австралияда өседі.
*Археоптерикс* — қазынды омыртқалы жануар; құстар тобының ең ерте заманғы өкілдерінің бірі және сонымен қатар онда бауырымен жорғалаушылардың да қайсыбір белгілері бар.— *48.*

[35] Бұл жерде К. Ф. Вольфтің 1759 жылы жарияланған «Theoria generationis» («Туу теориясы») деген диссертациясы айтылып отыр.— *49.*

[36] 1859 жылы Ч. Дарвиннің «Түрлердің шығуы туралы» деген кітабы жарыққа шықты.— *49.*

[37] *Протистер* — Геккельдің таптастыруы бойынша, ең қарапайым организмдердің (бір клеткалы және клеткасыздардың) көлемді тобы, ол топ көп клеткалылардың (өсімдіктер мен жануарлардың) — әлемімен қатар органикалық табиғаттың ерекше, үшінші әлемін құрады.— *49.*

[38] *Eozoon canadense* (эозоон канадензе) — Канадада табылған және ең ерте замандағы қара дүрсін организмдердің қалдықтары деп қаралатын қазынды. 1878 жылы неміс зоологы К. Мёбиус бұл қазындының органикалық тегі жөніндегі пікірді теріске шығарды.—*52.*

[39] *«Vorwärts»* («Алға») — Германия социалистік жұмысшы партиясының орталық органы, 1876 жылғы 1 октябрьден 1878 жылғы 27 октябрьге дейін Лейпцигте шығып тұрды. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген еңбегі осы газетте 1877 жылғы 3 январьдан 1878 жылғы 7 июльге дейін басылды.— *59, 101.*

[40] 1876 жылы 10 майда Филадельфияда (АҚШ) бүкіл дүние жүзілік өнеркәсіп көрмесі ашылды. Көрмеге қатысқан қырық елдің ішінде Германия да болды. Көрме Германия өнеркәсібінің басқа елдердің өнеркәсібінен едәуір артта қалғандығын және оның «арзан, бірақ шірік» деген принципті қолданатындығын көрсетті.— *60.*

[41] Энгельс бұл жерде немістің табиғат зерттеушілері мен дәрігерлерінің 1877 жылы сентябрьде өткізілген съезінде Негели мен Вирховтың сөйлеген сөздерін айтып отыр, съездің материалдары «Tageblatt der 50. Versammlung deutscher Naturforscher und Aerzte in München 1877» («Немістің табиғат зерттеушілері мен дәрігерлерінің 1877 жылы Мюнхенде өткізілген 50-ші съезінің Бюллетені»), деген басылымда жарияланған болатын, сондай-ақ Вирховтың мына кітапта айтқан пікірлері айтылып отыр: «Die Freiheit der Wissenschaft im modernen Staat». Berlin, 1877, S. 13 («Қазіргі заманғы мемлекеттегі ғылымның бостандығы». Берлин, 1877, 13-бет).— *61.*

[42] Бұл жерде әңгіме мына кітаптар жайында болып отыр: J. B. J. Fourier. «Théorie analytigue de la chaleur». Paris, 1822 (Ж. Б. Ж. Фурье. «Жылылықтың аналитикалық теориясы». Париж, 1822) және S. Carnot. «Réflexions sur la puissance motrice du feu et sur les machines propres à développer cette puissance». Paris, 1824 (С. Карно. «Оттың қозғаушы күші туралы және осы күшті дамыта алатын машиналар туралы толғаулар». Париж, 1824). Энгельстің одан әрі еске алып отырған С функциясы Карно кітабының 73—79-беттеріндегі ескертулерде көрсетілген.— *67.*

[43] Бұл мақала алғашқыда «Құлдыққа салудың негізгі үш формасы» деп аталған неғұрлым көлемді еңбекке кіріспе ретінде жазылмақ еді. Бірақ бұл

ниет жүзеге аспағандықтан, Энгельс, ақырында, өзінің жазған кіріспе бөлімін «Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің ролі» деп атады. Энгельс бұл еңбегінде адамның дене тұрпатының қалыптасып, адамзат қоғамының құрылуында еңбектің, құралдар өндірісінің шешуші ролін анықтап, ұзақ тарихи процестің нәтижесінде маймылға ұқсас арғы тегінен сапалық тұрғыдан мүлдем өзгеше тіршілік иесі — адамның қалайша өсіп шыққанын көрсетіп берді. Мақала, шамасы, 1876 жылы июньде жазылған болса керек.— *68.*

[44] Ч. Дарвиннің 1871 жылы Лондонда басылып шыққан «The Descent of Man and Selection in Relation to Sex» («Адамның шығуы және жыныстың сұрыпталуы») деген кітабын қараңыз.— *68.*

[45] Бұл арада 1873 жылғы дүние жүзілік экономикалық дағдарыс айтылып отыр. Германияда 1873 жылы майда «орасан күйреушілікпен» басталған дағдарыс, 70-жылдардың ақырына дейін созылған ұзақ дағдарыстың бастамасы болды.— *80, 89, 458.*

[46] *«Rheinische Zeitung für Politik, Handel und Gewerbe»* («Саясат, сауда және өнеркәсіп мәселелері жөнінде Рейн газеті») — 1842 жылдың 1 январынан 1843 жылдың 31 мартына дейін Кёльнде шығып тұрған күнделікті газет. 1842 жылғы апрельден бастап газетке Маркс қатысып тұрды, ал сол жылдың октябрінен оның редакторларының бірі болды; сондай-ақ бұл газетке Энгельс те қатысты.— *81, 177, 380, 430.*

[47] *«Kölnische Zeitung»* («Кёльн газеті») — неміс тің күнделікті газеті, осы атпен 1802 жылдан Кёльнде шығып тұрды; 1848—1849 жылдардағы революцияның және соның ізінше басталған реакцияның кезінде Пруссияның либерал буржуазиясының қорқақ және сатқындық саясатын бейнелеп, XIX ғасырдың соңғы үштен бірінде национал-либералдық партиямен байланысты болды.— *81, 187, 449.*

[48] *«Deutsch-Französische Jahrbücher»* («Неміс-француз әржылдығы») — К. Маркс пен А. Ругенің редакциясымен Парижде неміс тілінде шығарылды. 1844 жылы февральда оның тек алғашқы, қос кітабы жарық көрді. Мұнда К. Маркстің: «Еврей мәселесі жөнінде» және «Гегельдің право философиясына сын жөнінде. Кіріспе» деген шығармалары, сондай-ақ Ф. Энгельстің: «Саяси экономия сынының бастапқы нобайы» және «Англияның жағдайы. Томас Карлейль. «Өткендегі мен қазіргі кез»» деген шығармалары жарияланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 382—413, 414—429, 544—571, 572—597-беттері). Бұл еңбектер Маркс пен Энгельстің революцияшыл демократизмнен материализм мен коммунизмге біржолата көшкендігін көрсетеді. Журналдың шықпай тоқтап қалуының ең басты себебі Маркстің буржуазияшыл радикал Ругемен принципті пікір алалықтары болды.— *82, 195.*

[49] Пруссия үкіметінің қысымымен француз үкіметі 1845 жылы 16 январьда Марксті Франциядан кетіру жөнінде бұйрық берді.—*82.*

[50] *Неміс жұмысшы қоғамын* Маркс пен Энгельс Брюссельде 1847 жылы августың аяғында құрды; оны құрғандағы мақсат Бельгияда тұратын неміс жұмысшыларына саяси білім беру және олардың арасында ғылыми коммунизм идеяларын насихаттау болған еді. Маркс пен Энгельстің және олардың серіктерінің басшылығымен қоғам Бельгияда немістің революцияшыл пролетарларын біріктірудің жария орталығына айналды. Қоғамның тандаулы мүшелері Коммунистер одағының брюссельдік қауымына кірді. Брюссельдегі неміс жұмысшы қоғамының қызметі Франциядағы 1848 жылғы февраль бур-

жуазиялық революциясынан кейін-ақ көп кешікпей, оның мүшелерін Бельгия полициясы қамауға алып, жер аударуына байланысты тоқтап қалды.— *82, 196.*

[51] *«Deutsche-Brüsseler-Zeitung»* («Неміс брюссельдік газеті») Брюссельдегі неміс саяси эмигранттары құрған бұл газет 1847 жылғы январьдан 1848 жылғы февральға дейін шығып тұрды. Маркс пен Энгельс 1847 жылғы сентябрьден бастап газеттің тұрақты қызметкерлері болып, оның бағытына тікелей ықпал жасап отырды. Маркс пен Энгельстің басшылығымен газет Коммунистер одағының органына айналды.— *83, 177, 196.*

[52] *Июнь көтерілісі* — Париж жұмысшыларының 1848 жылы 23—26 июньде жасаған қаһармандық көтерілісі, мұны француз буржуазиясы ерекше қаталдықпен жаныштады. Көтеріліс тарихта пролетариат пен буржуазияның арасындағы тұңғыш ұлы азамат соғысы болды.— *84, 118, 185.*

[53] *«Kreuz-Zeitung»* («Крест газеті») — немістің күнделікті «Neue Preußische Zeitung» («Жаңа Пруссия газеті») газеті осылай деп аталды, (газеттің басында крест — ландвердің эмблемасы қойылғандықтан) Берлинде 1848 жылғы июньнен 1939 жылға дейін шығып тұрды; контрреволюциялық сарай тобы мен Пруссия юнкерлігінің органы болды.— *84, 183.*

[54] Бұл арада әңгіме 1849 жылы мартта Франкфурт Ұлттық жиналысы қабылдаған, бірақ бірқатар неміс мемлекеттері қабылдамай тастаған империялық конституцияны қорғау мақсатымен 1849 жылы *3—8 майда Дрезденде* болған қарулы көтеріліс туралы, сондай-ақ сол жылғы май-июль айларында *Оңтүстік және Батыс Германияда* болған көтерілістер туралы болып отыр. Бұл көтерілістер бытыраңқы, стихиялық сипатта болды және 1849 жылғы июльдің орта шенінде басып тасталды.— *84, 203.*

[55] *1849 жылы 13 июньде* Парижде ұсақ буржуазиялық Гора партиясы француз әскерлерін Италиядағы революцияны тұншықтыру үшін жіберуге қарсы бейбіт наразылық демонстрациясын ұйымдастырды. Демонстрацияны әскерлер қуып таратты. Гораның көптеген лидерлері қамауға алынып, жер аударылды немесе Франциядан эмиграцияға кетуге мәжбүр болды.— *84, 187, 203.*

[56] *«Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue»* («Жаңа Рейн газеті. Саяси-экономикалық шолу») — журнал, Коммунистер одағының Маркс пен Энгельс құрған теориялық органы, 1849 жылғы декабрьден 1850 жылғы ноябрьге дейін шығып тұрды; журналдың не бары алты номері жарық көрді.— *84, 205.*

[57] Бұл арада Коммунистер одағының 11 мүшесіне қарсы Пруссия үкіметінің Кёльнде ұйымдастырған арандатушылық процесі (1852 жылғы 4 октябрь — 12 ноябрь) айтылып отыр. Сотталушылардың жетеуі өтірік документтер мен жалған куәліктердің негізінде мемлекетке опасыздық жасады деп айыпталып, 3 жылдан 6 жылға дейін қамалға отырғызылуға үкім шығарылды.— *85, 189.*

[58] *«New-York Daily Tribune»* («Нью-Йорктің күнделікті трибунасы») — 1841 жылдан 1924 жылға дейін шығып келген прогрессшіл буржуазиялық газет. 1851 жылғы августан 1862 жылғы мартқа дейін газетке Маркс пен Энгельс қатысып тұрды.— *85, 177.*

[59] *Америкада азамат соғысы* (1861—1865) Солтүстіктің өнеркәсіпті штаттары мен Оңтүстіктің құлдықты сақтауға ұмтылған және 1861 жылы

Солтүстік Штаттардан бөлініп шығу туралы шешім қабылдап, бүлік жасаған құл иелеруші штаттарының арасында жүрді. Соғыс екі әлеуметтік системаның — құлдық системасы мен жалдама еңбек системасының арасындағы күрестің нәтижесі болып табылды.— *85, 206.*

[60] *Итальян соғысы* — Франция мен Пьемонттың 1859 жылы Австрияға қарсы жүргізген соғысы; бұл соғысты Италияны азат етуді сылтауратып соғыс бастаған, бірақ шынына келгенде территориялар басып алып, Францияда бонапартистік режимді нығайтуға тырысқан III Наполеон тұтандырды. Алайда, Италияда ұлт-азаттық қозғалысының кең қанат жаюынан үрейленген және оның саяси бытыраңқылығын сақтап қалуға тырысқан III Наполеон Австриямен бөлек бітім шартын жасады. Бұл соғыстың нәтижесінде Франция Савойя мен Ниццаны алды, Ломбардия Сардинияға қосылды да, Венеция Австрияның қол астында қала берді.— *85, 425.*

[61] *«Das Volk»* («Халық») — күнделікті газет; Маркстің тікелей қатысуымен 1859 жылғы 7 майдан 20 августқа дейін неміс тілінде Лондонда шығып тұрды; июльдің басынан бастап Маркс іс жүзінде онын редакторы болды. — *85.*

[62] *Тюильри* — Париждегі сарай — III Наполеонның резиденциясы — *85.*

[63] 1870 жылы 4 сентябрьде халық бұқарасының революциялық бас көтеруі болып, ол Екінші империя режимінің құлауына, республика жарияланып, уақытша үкімет құрылуына алып келді, оның құрамына баяу республикашылдарға қоса монархистер де кірді. Париждің соғыс губернаторы Трошю және оның іс жүзіндегі рухтандырушысы Тьер бастаған бұл үкімет ұлттық опасыздық жасау және сыртқы дұшпанмен сатқындық келісушілік жолына түсті.— *85, 450.*

[64] Маркс пен Энгельстің 1879 жылғы 17—18 сентябрьде А. Бебельге жолдаған, бірақ авторлардың герман Социал-демократиялық партиясы басшыларының бәріне арналған *нұсқау хатының* партиялық документ сипаты бар. Осы томда оның III бөлімі жарияланып отыр, мұнда партияның оң қанатының басшылары Хёхбергтің, Бернштейннің және Шраммның тізе бүгушілік мәні әшкереленеді, олар 1879 жыл «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik»-тің беттерінде ашықтан-ашық оппортунизмді уағыздап шыққан болатын.

Маркс пен Энгельс хатта осы беті ашылған оппортунизмнің таптық-саяси және идеялық негіздерін әшкерелеп, оған партия басшылығының тарапынан жасалған ымырашылдық көзқарасқа қарсы наразылық білдіреді. Олар социалистерге қарсы ерекше заң енгізілгеннен кейін партияның ішінде байқалған оппортунистік ауытқуларды қатты сынайды. Пролетарлық партияның таптық дәйектілік сипатын қорғай отырып, Маркс пен Энгельс оппортунистік элементтердің партияға және партия органына ықпалы атаулының қандайын болса да жоюды талап етеді. Маркс пен Энгельстің сыны герман Социал-демократиялық партиясының басшыларына герман партиясындағы жағдайды түзеуге көмектеседі, сөйтіп партия ерекше заң қолданылып тұрған кезеңде, әр түрлі қуғын-сүргін жағдайларында, өз қатарын нығайтып, партия ұйымын қайта құрды, жұмыстың жария және құпия формаларын ұштастыра пайдалана отырып, бұқара жөнінде дұрыс жол таба білді.— *92.*

[65] Бұл арада «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik») («Әлеуметтік ғылым және әлеуметтік саясаттың әржылдығы») журналы айтылып отыр; — социал-реформистік бағыттағы бұл журналды К. Хёхберг (Людвиг Рихтер деген бүркеншік атпен) Цюрихта 1879—1881 жылдары шығарып тұрды; журналдың үш номері шықты.— *92.*

[66] Әңгіме Цюрихта ұйымдастырылмақшы болған партия органы жөнінде болып отыр.— *92.*

[67] Бұл арада Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияның бастамасы болған Берлиндегі 18 марттағы баррикадалық ұрыстар айтылып отыр.— *94.*

[68] Әңгіме герман рейхстагының 1878 жылы октябрьде (23-ескертуді қараңыз) социалистерге қарсы қабылдаған ерекше заңы жөнінде болып отыр.— *96.*

[69] *«Die Zukunft»* («Болашақ») — 1877 жылғы октябрьден 1878 жылғы ноябрьге дейін Берлинде шығып тұрған социал-реформистік бағыттағы журнал. Журналдың шығарушысы Қ. Хёхберг болды. Маркс пен Энгельс партияны реформистік жолға қарай бейімдеуге жасаған әрекеті үшін журналды қатты сынады.

*«Die Neue Gesellschaft»* («Жаңа қоғам») — 1877—1880 жылдарда Цюрихте шығып тұрған социал-реформистік журнал.— *97.*

[70] Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбегі оның жұмысшыларға дүниеге тұтас бір көзқарас болып табылатын маркстік ілімді түсінікті түрде баяндап беру мақсатымен арнайы қайта өңдеп жазылған «Анти-Дюрингтің» үш тарауы болып табылады. Энгельс бұл еңбегінде марксизмнің үш құрамдас бөлігін сипаттап береді. Ол диалектикалық және тарихи материализмнің қалыптасуының қалай даярланғандығын, Маркстің ашқан екі ұлы жаңалығының — тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді талдап әзірлеуі мен қосымша құн теориясын жасауы арқасында — социализмнің қалай ғылымға айналғандығын көрсетіп береді.

Ғылыми социализм мен утопиялық социализмнің арасындағы түбегейлі қарама-қарсылықты көрсетіп және утопиялық социализмнің тарихи ролі мен әлсіздіктерін атап көрсетіп, Энгельс ғылыми социализмнің тууының алғы шарттарының қандай болғандығын түсіндіреді.

Энгельс өз еңбегінің қорытынды тарауында капитализмнің негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сипаты мен капиталистік иемдену арасындағы қайшылық — тек пролетарлық революцияның нәтижесінде ғана шешілуі мүмкін екендігін дәлелдейді.— *100, 125.*

[71] *Биметаллизм* — ақшаның функцияларын қатарынан екі валюталық металл — алтын мен күміс атқаратын ақша жүйесі.— *101.*

[72] Бұл арада Энгельс М. М. Ковалевскийдің 1890 жылы Стокгольмде басылып шыққан «Tahleau des origines et de l'evolution de la famille et de la proprietê» («Семья мен меншіктің шығуы мен дамуының очеркі») және «Алғашқы право, I кітап, Ру», М., 1886 деген еңбектерін айтып отыр.— *102.*

[73] *Номиналистер* — орта ғасырлар философиясындағы бір бағыттың өкілдері; олар жалпы рулық ұғымдарды нақты бар жеке-дара заттарды белгілеуге ғана жарайтын есімдер, адамның ойлауы мен тілінің туындысы деп білді. Орта ғасырдағы реалистерге қарама-қарсы, номиналистер заттардың арғы бейнелері және творчестволық деректері ретінде ұғымдардың болуын теріске шығарды. Сонымен, олар заттың алғашқылығын, ұғымның соңғылығын мойындады. Бұл мағынада алғанда номинализм материализмнің орта ғасырдағы бірінші көрінісі болды.— *103.*

[74] *Гомеомериялар* — шексіз бөліне беретін қасиеті бар белгілі бір сападағы өте ұсақ материалдық бөлшектер. Анаксагор гомеомерияларды бар нәрсенің бастапқы негізі болды деп және солардың ұштасуынан заттардың әр алуан түрлерінің бәрі келіп шығады деп есептеді.— *103.*

[75] *Деизм* — құдайды әлемнің белгісіз парасатты алғашқы себебі деп мойындайтын, бірақ табиғат пен қоғам өміріне оның араласуын теріске шығаратын діни-философиялық ілім.— *105.*

[76] Бұл арада 1851 жылғы май — октябрьде Лондонда өткізілген бірінші дүние жүзілік сауда-өнеркәсіп көрмесі айтылып отыр.— *106.*

[77] «Құтқару армиясы» — 1865 жылы Англияда ұйымдастырылған және 1880 жылы әскери үлгі бойынша (оның аты да осыдан шыққан) қайта құрылған реакциялық діни-филантропиялық ұйым. Буржуазияның айтарлықтай қолдауын пайдалана отырып, бұл ұйым еңбекші бұқараны қанаушыларға қарсы тап күресінен бұрып әкету мақсатымен көптеген елдерде қайырымдылық мекемелер желісін құрды.— *106.*

[78] *«Даңқты революция»* деген атты ағылшын буржуазиялық тарихнамасында 1868 жылғы мемлекеттік төңкеріс алды; бұл төңкерістің нәтижесінде Англияда Стюарттар әулеті құлатылып, жер иеленуші аристократия мен ірі буржуазияның арасындағы ымыраласушылыққа негізделген, Вильгельм Оранский бастаған конституциялық монархия (1689) орнатылды.— *113, 542.*

[79] *Ал қызыл гүл мен Ақ гүлдің соғысы* (1455—1485) — таққа таласқан ағылшынның екі феодалдық тұқымының — гербінде ақ гүл бейнеленген Йорктердің және гербінде ал қызыл гүл бейнеленген Ланкастерлердің арасындағы соғыс. Йорктердің төніреріне экономика жағынан неғұрлым дамыған оңтүстіктің ірі феодалдарының бір бөлегі мен рыцарьлар және қала тұрғындары топтасты; ал Ланкастерлерді солтүстік графтықтардың феодалдық аристократиясы қолдады. Соғыс ескі феодалдық тұқымдардың түгел дерлік қырылуына әкеліп соқтырып, өкімет басына Англияда абсолютизмді орнатқан Тюдорлардың жаңа әулетінің келуімен аяқталды.— *113.*

[80] *Картезишілдік философия* — XVII ғасырдағы француз философы Декарттың (латынша — Cartesius) ізбасарларының ілімі, бұлар оның философиясынан материалистік қорытындылар шығарған болатын.— *115.*

[81] *«Адам мен азамат праволарының декларациясы»* 1789 жылы Құрылтай жиналысында қабылданды. Онда жаңа буржуазиялық құрылыстың саяси принциптері баяндалды. Декларация 1791 жылғы француз конституциясына енгізілді, оның негізінде 1793 жылы якобилік «Адам мен азамат праволарының декларациясы» жасалды, сөйтіп ол Францияның 1793 жылы Ұлттық конвент қабылдаған бірінші республикалық конституциясының кіріспесі болды.— *115.*

[82] Энгельс бұл жерде және кейінде *Наполеонның кодексі* деп 1804 жылы I Наполеон тұсында қабылданған және «Наполеон кодексі» деген атпен белгілі Азаматтық кодексті (Code civil) ғана емес, кең мағынасында буржуазиялық правоның бүкіл жүйесін айтады, бұл жүйеге 1804—1810 жылдары I Наполеон тұсында қабылданған бес кодекс (азаматтық, азаматтық іс жүргізу, сауда, қылмыс, қылмыс жөнінде сот жүргізу кодекстері) кірді. Бұл кодекстер Наполеон Франциясының жаулап алған Германияның батыс және оңтүстік-батыс облыстарына да енгізіліп, Рейн провинциясында ол 1815 жылы Пруссияға қосылғаннан кейін де қолданылды.— *116, 182, 410, 507, 540.*

[83] Әңгіме *сайлау правосының реформасы* туралы болып отыр, бұл реформа туралы билльді ағылшын қауымдар палатасы 1831 жылы қабылдап, лордтар палатасы 1832 жылы июньде біржолата бекітті. Реформа өнеркәсіп буржуазиясының өкілдеріне парламентке жол ашты. Реформа үшін күресте басты күш болған пролетариат пен ұсақ буржуазияны либерал буржуазия алдап соқты, сөйтіп олар сайлау правосын ала алмады.— *117, 489.*

[84] Әңгіме ағылшын парламентінің 1846 жылғы июньде астық заңдарын жою туралы қабылдаған заң жобасы жайында болып отыр. Шетелдерден астық әкелуге шек қоюға немесе тыйым салуға бағытталған *астық заңдары* дейтіндер Англияда ірі жер иеленуші-лендлордтардың мүдделерін қорғау үшін енгізілген-ді. 1846 жылғы заң жобасының қабылдануы сауда бостандығы ұранымен астық заңдарына қарсы күресуші өнеркәсіп буржуазиясының жеңіп шыққанын көрсетті.— *117, 483.*

[85] 1824 жылы ағылшын парламенті жұмысшылардың бұқаралық қозғалысының тегеурінімен жұмысшылар одақтарына (тред-юниондарға) салынған тыйымды жою жөнінде акті қабылдауға мәжбүр болды.— *118.*

[86] Чартистердің талаптары болып табылған *халықтық хартия* парламентке енгізуге арналған заң жобасы ретінде 1838 жылғы 8 майда жарияланды; ол алты пункттен тұрды: жалпыға бірдей сайлау правосы (21 жасқа толған еркектер үшін), парламентті жыл сайын сайлау, жасырын дауыс беру, сайлау округтарын теңестіру, парламент депутаттығына кандидаттар үшін мүліктік цензіні жою және депутаттарға ақы төлеу. Чартистердің Халықтық хартияны қабылдауды талап етіп парламентке берген үш петициясын ол 1839, 1842 және 1849 жылдарда қабылдамай тастады.— *118, 492.*

[87] *Астық заңдарына қарсы лига* — ағылшынның өнеркәсіп буржуазиясының 1838 жылы Манчестер фабриканттары Кобден мен Брайт ұйымдастырған ұйымы. Саудаға толық еркіндік берілсін деген талап қойып, Лига жұмысшылардың жалақысын кеміту және жер аристократиясының экономикалық және саяси позицияларын әлсірету мақсатымен астық заңдарын жоюға күш салды. Астық заңдары жойылғаннан кейін (1846) Лига өмір сүруден қалды.— *118.*

[88] Халықтық хартияны қабылдау туралы парламентке петиция беру үшін чартистердің 1848 жылғы 10 апрельде Лондонда болсын деп ұйғарған бұқаралық демонстрациясы оны ұйымдастырушылардың жалтақтығы мен ауытқушылығы салдарынан сәтсіз аяқталды. Демонстрацияның сәтсіздікке ұшырауын реакция күштері жұмысшыларға шабуыл жасау үшін және чартистерге қарсы жаза қолдану үшін пайдаланды.— *118, 489.*

[89] Бұл арада Луи Бонапарт 1851 жылғы 2 декабрьде жасаған және Екінші империяның бонапарттық режимінің негізін салған мемлекеттік төңкеріс айтылып отыр— *118, 423.*

[90] *Джонатан тума* — Англияның солтүстік-американдық отарларының тәуелсіздік үшін жүргізген соғысының кезінде (1775—1783) ағылшындардың солтүстік-американдықтарға қойған кекесін аты.

*Ревивализм* — протестанттық шіркеудегі ағым, Англияда XVIII ғасырдың бірінші жартысында пайда болып, Солтүстік Америкаға тарады; мұны жақтаушылар діни уағыздар жүргізу арқылы және діншілдердің жаңа қауымдарын ұйымдастыру арқылы христиан дінінің ықпалын нығайтып, кеңейтуге тырысты.—*118.*

[91] 1867 жылы Англияда бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеурінімен *екінші парламенттік реформа* жүзеге асырылды. Реформа жолындағы қозғалысқа I Интернационалдың Бас Советі белсене қатысты. Реформаның нәтижесінде Англияда сайлаушылардың саны екі еселеп астам көбейді, сондай-ақ маман жұмысшылардың біразы да сайлау правосын алды.— *120, 490.*

[92] *Катедер-социализм* — XIX ғасырдың 70—90 жылдарында буржуазиялық идеологияда болған бағыттардың бірі, мұның өкілдері — ең алдымен

неміс университеттерінің профессорлары — университет кафедраларынан (немісше Katheder) социализмді желеу етіп буржуазиялық реформизмді уағыздады. Катедер-социализмнің өкілдері (А. Вагнер, Г. Шмоллер, Л. Брентано, В. Зомбарт және басқалары) мемлекет таптан тыс тұрған, бір-біріне дұшпан таптарды жарастырып, капиталистердің мүдделеріне нұқсан келтірмей, «социализмді» бірте-бірте енгізе алатын институт дегенді айтты. Олардың программасы жұмысшыларды ауру-сырқау мен бақытсыз жағдайлардан сақтандыруды ұйымдастыруға, фабрикалық заң шығару саласында кейбір шараларды жүзеге асыруға келіп сайды. Катедер-социалистер жақсы ұйымдасқан кәсіподақтар жұмысшы табының саяси күресі мен саяси партиясын керексіз етеді деп санады. Катедер-социализм ревизионизмнің идеялық негіздерінің бірі болды.— *121.*

[93] *Ритуализм* (неғұрлым көбірек тараған аты — пьюзиизм) — XIX ғасырдың 30-жылдарында ағылшын шіркеуінің ішінен пайда болған ағым; оның жолын қуушылар ағылшын шіркеуінде католиктік ұғыптарды (оның аты да осыдан шыққан) және католицизмнің кейбір догматтарын қалпына келтіруге шақырды.— *122.*

[94] Энгельстің «Коммунизм принциптері» деген еңбегінде 1847 жылы (осы басылуы, 1-том, 78—94-беттерді қараңыз) неғұрлым тиянақтап тұжырымдалған пролетарлық революцияның тек алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде бір мезгілде жеңіп шығу мүмкіншілігі туралы, демек, революцияның бір елде жеңуі мүмкін еместігі туралы бұл қорытындысы монополиялық капитализмге дейінгі дәуір үшін дұрыс болған еді. Жаңа тарихи жағдайларда, монополистік капитализм дәуірінде В. И. Ленин империализм дәуірінде капитализмнің экономикалық және саяси дамуының өзі ашқан әркелкілік заңына сүйеніп, жаңа қорытындыға — социалистік революцияның әуелі бірнеше елде немесе тіпті, жеке алған бір елде жеңуі мүмкін екендігі туралы және революцияның барлық елдерде немесе көпшілік елде бір мезгілде жеңуі мүмкін емес екендігі туралы жаңа қорытындыға келді. Бұл жаңа қорытынды бірінші рет В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» (1915) мақаласында тұжырымдалды.— *124.*

[95] Бұл секта мүшелерінің *анабаптистер* немесе қайта шоқынғыштар деп аталуының себебі олар саналы жасқа жеткен кезде екінші рет шоқындыруды талап етті.— *127.*

[96] Бұл арада Энгельс *«нағыз левеллерді»* («теңгермешілерді»), немесе («диггерлерді») («қазушыларды») — XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы кезіндегі әсіре солшыл ағымның деревня мен қаланың кедей топтарының мүдделерін білдірген өкілдерін айтып отыр. Олар жерге жеке меншік болуды жою талабын қойып, қара дүрсін теңгерме коммунизмнің идеяларын насихаттады және оларды қауымдық жерлерді коллектив болып жырту арқылы жүзеге асыруға тырысты.— *127.*

[97] Бұл арада Энгельс ең алдымен утопиялық коммунизм өкілдерінің шығармаларын — Т. Мордың «Утопиясын» және Т. Кампанелланың «Күн қаласын» айтып отыр.— *127.*

[98] *Террор уақыты* — якобиншілдердің революциялық-демократиялық диктатурасының дәуірі (июнь, 1793 — июль, 1794 ж.) — *128.*

[99] *Директория* — (бес директордан құралды, олардың біреуі жыл сайын қайта сайланып отырды) — 1795—1799 жылдарда Франциядағы атқарушы өкіметтің басшы органы; ол демократияшыл күштерге қарсы террор тәртібін қолдады және ірі буржуазияның мүдделерін қорғады.— *128.*

[100] Бұл арада XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының: «Бостандық. Теңдік. Туысқандық» деген ұраны айтылып отыр.— *128.*

[101] *Нью-Ланарк* (Naw Lanark) — 1784 жылы Шотланд қаласы Ланаркке жақын жерде салынған және қасында шағын поселкесі бар мақта иіретін фабрика.— *129.*

[102] *Жүз күн* — I Наполеон өзі жер аударылған Эльба аралынан 1815 жылы 20 мартта Парижге қайтып келу кезеңінен бастап сол жылғы 22 июньде екінші рет тақтан түскен кезіне дейін, оның империясының аз уақыт қайта қалпына келтірілген дәуірі.— *132.*

[103] *Ветерлоо* түбінде (Бельгия) 1815 жылы 18 июньде Веллингтонның басшылығымен ағылшын-голланд әскерлері және Блюхердің басшылығымен Пруссия армиясы I Наполеонның армиясын талқандаған болатын.— *132.*

[104] 1833 жылғы октябрьде Лондонда Оуеннің председательдік етуімен кооперативтік қоғамдар мен кәсіптік одақтардың съезі болды, бұл съезде *Великобритания мен Ирландия өндірістерінің Ұлттық біріккен ұлы одағы* формальді түрде құрылды. Буржуазиялық қоғам мен мемлекет тарапынан күшті қарсылыққа кездескен бұл Одақ 1834 жылы августа ыдырады.— *136.*

[105] Бұл арада Энгельс еңбек өнімдерін әділетті түрде айырбастауға арналған базарлар дейтіндерді айтып отыр; бұл базарларды Англияның әр түрлі қалаларында жұмысшылардың оуэндік кооперативтік қоғамдары құрған болатын; бұл базарларда еңбек өнімдері еңбек қағаз ақшаларының көмегімен айырбасталды, ол ақшалардың өлшемі жұмыс уақытының бір сағаты болды. Алайда, бұл кәсіпорындар көп кешікпей банкрот болды.— *136.*

[106] Айырбас банкісін ұйымдастыруға Прудон 1848—1849 жылдардағы революция кезінде әрекет жасады. Оның Banque du peuple (Халықтық банкі) 1849 жылы 31 январьда Парижде құрылды. Банк қызметін бастамай тұрып, күйзеліске ұшырап, екі айға жуық өмір сүрді. Апрельдің бас кезінде банк жабылды.— *136.*

[107] Бұл арада біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан біздің заманымыздың VII ғасырына дейінгі дәуір айтылып отыр, бұл дәуір өз атын ол кезде халықаралық шаруашылық қарым-қатынастарының аса ірі орталықтарының бірі болған Египет қаласы Александриядан (Жерорта теңізінің жағалауында) алды. Александрия дәуірінде бірқатар ғылымдар: математика мен механика (Әвклид пен Архимед), география, астрономия, анатомия, физиология және басқалары мықтап дамыды.— *138.*

[108] *Seehandlung* (Теңіз саудасы) — 1772 жылы Пруссияда құрылған сауда-кредит қоғамы. Бірқатар мемлекеттік маңызды жеңілдіктермен пайдаланды және үкіметке ірі қарыздар беріп тұрды.— *157.*

[109] Бұл хат В. И. Засуличтің 1881 жылы 16 февральда жазған хатына Маркстің қайтарған жауабының алғашқы нобайы болып табылады. Засулич өзінің хатында Маркске орыс социалистерінің Россиядағы капитализм тағдырлары туралы таластарында «Капиталдың» атқарған ролін хабарлай отырып, өз жолдастарының — орыстың «революцияшыл социалистерінің» — атынан бұл мәселе жөнінде, соның ішінде, қауым туралы мәселе жөнінде Маркстің өз көзқарасын баяндауын сұраған-ды. Осы хатты алған кезеңінде (сондай-ақ Петербургтен «Халық Еркі» атқару комитетінен де осындай өтініш хат алған кезінде) Маркс «Капиталдың» III томын жазу үстінде Россия-

дағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды, орыс шаруа қауымының ішкі құрылымы мен жағдайын зерттеуге көп еңбек жұмсады. Жоғарыда аталған өтініштерге байланысты ол өзінің бұрынғы зерттеген деректерін қорыту жөнінде тағы да қосымша көп жұмыс істеді, сөйтіп орыс қауымын барлық жағынан қыспаққа салып отырған «зиянды ықпалдарды» Батыс Европадағы пролетарлық революцияның қолдауымен тек орыс халық революциясы ғана жоя алады деген қорытындыға келді. Орыс революциясы батыс европалық пролетариаттың жеңіп шығуына қолайлы жағдай туғызған болар еді, ал Батыс Европа пролетариаты, өз кезегінде, Россияға дамудың капиталистік жолына соқпай-ақ өтуіне жәрдемдескен болар еді. Маркстің бұл концепциясының ірі өнеркәсіпті дамытпай-ақ, қауымның көмегімен тура социалистік қоғамдық құрылысқа секіріп өту жөніндегі халықшылдардың арманымен ешқандай қатысы жоқ болатын.

К. Маркс пен Ф. Энгельс шығармаларының 19-томында жарияланған Маркстің Засуличке қайтарған жауабының әуелгі нобайларынан көрініп отырғанындай, ол өзінің ақтық, біршама қысқа жауабын жазбастан бұрын (қараңыз: 19-том, 250—251-беттері), әрбір тұжырымды өте мұқият екшеді. Жауаптың алдын ала жазылған нұсқаларында ол мына төмендегі проблемаларға қатысты толып жатқан қағидаларды тұжырымдайды: коллективтік өндірістің алғашқы типінің сипаты, дамудың капиталистік емес жолының мүмкіндігі және оған қажетті жағдайлар, селолық қауымның ыдырауының негіздері және Россияда оны «сақтап қалудың» шарттары, капиталистік өндіріс әдісінің дағдарысы, шаруаларды экспроприациялаудың формалары, жердің тозып, егістік жер құнарлылығының кемуі, «кең көлемде ұйымдастырылған егіншілікте кооперативтік еңбектің» қажеттігі және оның сөзсіз болатындығы, жерді «механикамен өңдеуге» және Россияда еңбектің кооперативтік формаларына қолайлы болатын жағдайлар.

Жауаптың алғашқы нобайларында, ақтық қайтарылған жауапта және 1877 жылы «Отечественные записки» журналына жазылған хатта (қараңыз: 19-том, 116—121-беттері) айтылған марксизм қағидаларының, тарихи жағдайлар қолайлы болып қалыптасқан ретте кейбір халықтар үшін дамудың капиталистік емес жолының мүмкін екендігі туралы осы қағидалардың ақиқаттығын өмір, СССР-дің және тұтас алғанда социалистік лагерьдің революциялық практикасы дәлелдеп берді.— *165.*

[110] L. H. Morgan. «Ancient Society or Researches in the Lines of Human Progress from Savagery, through Barbarism to Civilization». London, 1877, p. 552 (Л. Г. Морган. «Ежелгі қоғам, немесе Адамзаттың тағылықтан варварлық арқылы цивилизацияға қарайғы прогресінің жүрген жолдарын зерттеу». Лондон, 1877, 552-бет) — *167.*

[111] H. S. Maine. «Village-Communities in the East and West». London, 1871 (Г. С. Мейн. «Шығыс пен Батыстағы деревнялық қауымдар». Лондон, 1871).— *167.*

[112] Біздің заманымыздан бұрынғы 321 жылы ежелгі Рим қаласы Кавдий қаласына жақын жердегі Кавдий аңғарында самниттер (орта Апеннинінің таулы өлкесін мекендеген тайпалар) Рим легиондарын ойсырата жеңіп, оларды «бұғаумен» жүріп өтуге мәжбүр етті, мұның өзі жеңілген армия үшін барып тұрған масқаралау болып есептелетін-ді. «Кавдий аңғары арқылы өту» деген бейнелі сөз, яғни барынша қорлау деген сөз осыдан қалған.— *170.*

[113] «Vorwärts!» — («Алға!») 1844 жылдың январынан декабріне дейін Парижде аптасына екі рет шығып тұрған неміс газеті. Газетке Маркс пен Энгельс қатысып тұрды.— *177, 192.*

[114] Маркстің қайтыс болғанына бір жыл толуына байланысты жазылған бұл мақалада Энгельс пролетарлық революционерлердің 1848—1849 жылдар-

дағы буржуазиялық-демократиялық революцияның кезіндегі қолданған тактикасының ерекшеліктерін ашып береді. Энгельстің бұл еңбегі бұқараның революциялық күресінің және олардың қимылдарына дұрыс тактикалық басшылық жасаудың тарихи маңызын көрсетеді. Ол пролетарлық партияның жалпы демократиялық міндеттерді пролетарлық міндеттермен шебер ұштастыра білуге тиіс екендігін баса көрсетеді. Маркстің 1848—1849 жылдарда қолданған тактикасының өнегесімен Энгельс герман социал-демократтарын жалпы демократиялық қозғалыста жұмысшы табының жетекші ролі болуы жолында күресуге, ұсақ буржуазиялық жалған үміттерге берілмей және билеуші таптардың пролетариатты жалған уәделер арқылы алдап-арбау әрекеттерін батыл әшкерелей отырып, пролетариаттың таптық мүдделерін қорғауға үйретті.— *179.*

[115] Бұл арада 1848 жылғы март революциясынан кейін өкімет басына келген Пруссия үкіметінің министрлері — Ганземан, Кампгаузен және либерал буржуазияның басқа да лидерлері айтылып отыр, олар реакциямен келісім жасап, сатқындық саясат жүргізді.— *183.*

[116] *Франкфурт жиналысы* — Германияда март революциясынан кейін шақырылған және өз мәжілістерін 1848 жылғы 18 майда Майндағы Франкфуртте бастаған Ұлттық жиналыс. Жиналыстың басты міндеті Германияның саяси бытырандылығын жойып, жалпы герман конституциясын жасау болды. Алайда оның либералдық көпшілігінің қорқақтығы мен солқылдақтығы, сол қанаттың табансыздығы мен дәйексіздігі салдарынан Жиналыс елдегі жоғары өкімет билігін өз қолына алудан қорықты және 1848—1849 жылдардағы герман революциясындағы негізгі мәселелерде табанды позиция ұстай алмады. 1849 жылғы 30 майда Жиналыс өзінің орнын Штутгартқа көшіруге мәжбүр болды. Ал 1849 жылғы 18 июньде оны әскер қуып таратты.

*Берлин жиналысы* 1848 жылғы майда «тәжбен келісу бойынша» конституция әзірлеу үшін Берлинде шақырылған болатын. Бұл формуланы өз қызметінің негізі ретінде қабылдап, Жиналыс осы арқылы халықтық суверенитет принципінен бас тартты; ноябрьде корольдің указы бойынша ол Бранденбургке көшірілді; Жиналыс 1848 жылғы декабрьде Пруссияда болған мемлекеттік төңкеріс кезінде қуылды.—*183, 202.*

[117] Бужардың «Marat, l'Ami du Peuple» («Марат, халықтың досы») деген кітабы 1865 жылы Парижде шықты.

*«L'Ami du Peuple»* («Халық досы») — Ж. П. Мараттың 1789 жылғы 12 сентябрьден 1793 жылғы 14 июльге дейін шығарып тұрған газеті; газет осы атпен 1789 жылғы 16 сентябрьден 1792 жылғы 21 сентябрьге дейін шығып тұрды; газетке Marat, l'Ami du Peuple— деп қол қойылды.—*185.*

[118] *1848 жылғы 24 февраль* — Францияда Луи-Филипп монархиясының құлатылған күні. Францияда февраль революциясының жеңіп шығуы жайында хабар алған I Николай Европадағы революцияға қарсы күреске әзірлену үшін соғыс министріне Россияда ішінара мобилизация жүргізу туралы бұйрық берді.— *186.*

[119] В. Вольфтің мақалалар сериясы 1849 жылғы 22 марттан 25 апрельге дейін «Neue Rheinische Zeitung»-те жарияланды.— *186.*

[120] Энгельстің 1849 жылы Виллихтың ерікті отрядының қатарында Баден-Пфальц көтерілісіне қатысқаны туралы оның «Империя конституциясы жолындағы герман науқаны» деген еңбегін қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 11—207-беттер).— *188.*

[121] Энгельстің *«Коммунистер одағының тарихы жөнінде»* деген еңбегі Маркстің «Коммунистерге жасалған Кёльн процесі туралы әшкерелеу» де-

тен памфлетінің 1885 жылы немісше басылуына кіріспе ретінде жазылды. (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 423—491-беттері). Ерекше заң қолданылып тұрған жылдарда Германияның жұмысшы табы үшін 1849—1852 жылдардағы реакцияның шабуыл жасаған кезінде революциялық күрестің тәжірибесін меңгеру ерекше маңызды болды. Нақ осы себепті Энгельс Маркстің бұл памфлетін қайта басып шығаруды қажет деп тапты.

«Коммунистер одағының тарихы жөнінде» деген еңбегінде Энгельс өзінің идеялық туы етіп ғылыми коммунизмнің программасын бірінші болып жариялаған пролетариаттың тұңғыш халықаралық ұйымының халықаралық жұмысшы қозғалысын дамытудағы тарихи ролі мен орнын анып береді. Пролетарлық партияны құру жолындағы күрестің маңызды кезеңі болған Коммунистер одағының мысалында Энгельс марксизм теориясының әр түрлі сектанттық ағымдары жеңіп шығуы бұл теорияның өзінің пайда болу кезінен бастап пролетариаттың практикалық революциялық күресінің қажетін толық көрсеткеніне және онан айырғысыз болғанына байланысты болды деп атап көрсетеді.— *189.*

[122] *Бабувизм* — утопиялық теңгерме коммунизм ағымдарының бірі, оның негізін салған XVIII ғасырдың аяғындағы француз революционері Гракх Бабёф және оның серіктері болды.— *190.*

[123] *Société des Saisons* (Жыл мезгілдерінің қоғамы) — О. Бланки мен А. Барбестің басшылығымен 1837—1839 жылдары Парижде әрекет жасаған жасырын республикалық-социалистік заговоршыл ұйым.

*Парижде 1839 жылы 12 майда болған көтерілісті* Жыл мезгілдерінің қоғамы әзірлеген болатын, онда революцияшыл жұмысшылар басты роль атқарды; қалың бұқараға арқа сүйемеген бұл көтерілісті үкімет әскерлері мен ұлттық гвардия талқандап басып тастады.— *190.*

[124] Әңгіме неміс демократтарының Германиядағы реакцияға қарсы күресінің Франкфурт қастандығы деп аталған бір оқиғасы туралы болып отыр; радикал элементтердің бір тобы 1833 жылғы 3 апрельде Герман одағынын орталық органы — Майндағы Франкфурттегі Одақтық сеймге қарсы шығу арқылы елде төңкеріс жасауға, сөйтіп жалпы германдық республика жариялауға әрекеттенді, бұл нашар дайындалған бой көрсетуді әскерлер басып тастады.— *190.*

[125] 1834 жылғы февральда итальян буржуазиялық демократы Мадзини өзі 1831 жылы құрған «Жас Италия» қоғамы мүшелерінің, сондай-ақ шетел революцияшыл эмигранттар тобының Швейцариядан Савойяға жорық жасауын ұйымдастырды; мұндағы мақсат Италияны біріктіріп, тәуелсіз буржуазиялық итальян республикасын құру үшін онда халық көтерілісін жасау еді; Савойяға басып кірген отрядты Пьемонт әскері талқандады.— *190.*

[126] *«Демагогтар»* деп Германияда 1819 жылдан бастап неміс интеллигенциясының арасындағы оппозициялық қозғалысқа қатынасушыларды атады, олар неміс мемлекеттеріндегі реакциялық құрылысқа қарсы шығып, Германияны біріктіруді талап етті. «Демогогтар» герман өкіметтерінің тарапынан катал қуғынға ұшырады.— *190.*

[127] Бұл арада Лондондағы *Неміс жұмысшыларының ағарту қоғамы* айтылып отыр; бұл қоғам XIX ғасырдың 50-жылдарында Грепт-Уиндмиллстритте орналасты. Қоғамды 1840 жылғы февральда К. Шаппер, И. Молль және Әділеттілер одағының басқа да қайраткерлері ұйымдастырды. Қоғамның жұмысына Маркс пен Энгельс 1849—1850 жылдарда белсене қатысты. 1850 жылғы 17 сентябрьде Маркс пен Энгельс және олардың бірсыпыра жақтас-

тары Қоғам мүшелерінің көпшілік бөлігінің Виллих пен Шаппердің сектанттық-авантюристік фракциясы жағына шығуына байланысты онан шығып кетті. 1864 жылы Интернационал құрылғаннан бастап Қоғам Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Лондондағы неміс секциясына айналды. Лондондағы Ағарту қоғамы ағылшын үкіметі жауып тастағанша, 1918 жылға дейін өмір сүрді.— *191.*

[128] *«The Northern Star»* («Солтүстік жұлдыз») — ағылшынның апталық газеті, чартистердің 1837 жылы құрылған орталық органы, әуелі Лидсте, ал 1844 жылғы ноябрьден Лондонда 1852 жылға дейін шығып тұрды. Газетті ұйымдастырушы және редакторы Ф. О. Коннор болды, редакцияға Дж. Гарни де кірді. 1843 жылдан 1850 жылға дейін газетте Энгельстің мақалалары басылып тұрды.— *196.*

[129] 1847 жылы күзде Брюссельде құрылған *Демократиялық ассоциация* өзінің қатарына көбінесе немістің революцияшыл эмигранттары ішінен пролетарлық революционерлерді және буржуазия мен ұсақ буржуазияның алдыңғы катарлы элементтерін біріктірді. Ассоциацияны құруда Маркс пен Энгельс белсенді роль атқарды. 1847 жылғы 15 ноябрьде Маркс оның вице-председателі болып сайланды, ал председателі қызметіне Бельгия демократы Л. Жотран ұсынылды. Маркстің ықпал етуінің арқасында Брюссель Демократиялық ассоциациясы халықаралық демократиялық қозғалыстың ірі орталықтарының біріне айналды. 1848 жылы марттың бас кезінде Марксті Брюссельден жер аударып, Ассоциацияның неғұрлым революцияшыл элементтерін Бельгия өкімет орындары жазаға тартқаннан кейін, оның қызмет шеңбері тым тарылып, таза жергілікті сипат алды, сөйтіп 1849 жылы іс жүзінде тоқталды.— *196.*

[130] *«La Réforme»* («Реформа») — француздың күнделікті газеті, ұсақ буржуазиялық республикашыл-демократтар мен ұсақ буржуазиялық социалистердің органы; 1843 жылдан 1850 жылға дейін Парижде шығып тұрды. 1847 жылғы октябрьден 1848 жылғы январьға дейін бұл газетте Энгельстің бірқатар мақалалары жарияланды.— *196, 501.*

[131] *«Der Volks-Tribun»* («Халықтық трибун») — апталық газет, Нью-Йорктегі неміс «ақиқат социалистері» құрған; 1846 жылғы 5 январьдан 31 декабрьге дейін шығып тұрды.— *196.*

[132] *«Коммунистік партияның Германиядағы талаптарын»* (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 1—3-беттері) Маркс пен Энгельс 1848 жылғы 21 және 29 марттың аралығында Парижде жазды. Бұл талаптар басталған герман революциясында Коммунистер одағының саяси платформасы болып табылды. Жеке листовка болып басылған бұл талаптар Коммунистер одағының отанына қайтқан мүшелеріне директивалық документ ретінде тапсырылды. Революцияның барысында Маркс пен Энгельс және олардың жақтастары осы программалық документті бұқара халықтың арасында насихаттауды көздеді.— *200.*

[133] Әңгіме Коммунистер одағының инициативасымен 1848 жылғы 8—9 мартта Парижде құрылған Неміс жұмысшыларының клубы туралы болып отыр. Маркс бұл қоғамда басшылық роль атқарды. Клубты құрудағы мақсат Париждегі неміс эмигрант-жұмысшыларын топтастырып, оларға пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революцияда қолданатын тактикасын түсіндіру болды.— *201.*

[134] Алғы сөзі ретінде осы мақала жазылған К. Маркстің «Коммунистерге жасалған Кёльн процесі туралы әшкерелеу» деген еңбегінің 1885 жылы ба-

сылуына Энгельс бірқатар қосымшаларды, оның ішінде Орталық комитеттің 1850 жылғы март пен июньде Коммунистер одағына жазған үндеуін де қосты.— *204.*

[135] *Зондербунд* (Ерекше одақ) деп XIX ғасырдың 40-жылдарында Швейцариядағы реакциялық католиктік кантондардың бөлек бірлестігіне ұқсатып, Маркс пен Энгельс 1850 жылы 15 сентябрьде Коммунистер одағының жіктелуінен кейін өз алдына Орталық комитеті бар дербес ұйым болып оқшауланған Виллих — Шаппердің сектанттық-авантюристік фракциясын кекесінмен атаған-ды. Бұл фракция өзінің қызметі арқылы Пруссия полициясының Германиядағы Коммунистер одағының құпия қауымдарын ашуына себепші болды және оның 1852 жылы Кёльнде Коммунистер одағының көрнекті қайраткерлеріне қарсы сот процесін жасауына сылтау тауып берді (57-ескертуді қараңыз).—*206.*

[136] *«Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы»* — марксизмнің негізгі шығармаларының бірі. Бұл еңбекте адамзат дамуының ертедегі кезеңдеріндегі тарихына ғылыми талдау жасалған, алғашқы замандағы қауымдық құрылыстың ыдырап, жеке меншікке негізделген таптық қоғамның құрылу процесі ашып көрсетілген; бұл қоғамның өзіне тән жалпы белгілері көрсетілген, түрлі қоғамдық-экономикалық формациялардағы семьялық қатынастардың даму ерекшеліктері анықталған, мемлекеттің шығуы және оның мәні анықталып, тапсыз коммунистік қоғамның түпкілікті жеңіп шығуына байланысты мемлекеттің тарихи тұрғыдан құрымай қоймайтындығы дәлелденілген.

«Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітапты Энгельс екі айдың ішінде — 1884 жылғы марттың аяғынан бастап майдың аяғында жазып бітірген. Маркстің қолжазбаларын қарастыру үстінде Энгельс Американың прогресшіл ғалымы Л. Г. Морганның «Ежелгі қоғам» деген кітабына Маркстің 1880—1881 жылдар ішінде жасаған толық конспектісін көрді, бұл конспектіде оның көптеген сын ескертпелері мен өз қағидалары, сондай-ақ басқа деректерден алған қосымшалары бар болып шықты. Осы конспектімен танысып және Маркс екеуінің талдап шешкен тарихты материалистік тұрғыдан ұғынуын және өздерінің алғашқы қоғам жөнінде қалыптасқан көзқарастарын Морганның кітабы растайтындығына көзі жеткеннен кейін, Энгельс Маркстің ескертпелерін, сондай-ақ Морганның кітабындағы кейбір қорытындылар мен іс жүзіндегі материалды кеңінен пайдалана отырып, арнаулы еңбек жазуды қажет деп тапты. Энгельс мұны Маркс қалдырған «өсиетті белгілі бір дәрежеде орындау» болады деп қарады. Кітапты жазған кезінде Энгельс Греция мен Римнің, ежелгі Ирландияның, ежелгі германдықтардың және тағы басқарларының тарихы жөніндегі өз зерттеулерінің көптеген және әр алуан қосымша материалдарын да пайдаланды (К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының 2-басылуының 19-томында басылған Энгельстің «Марка», «Ежелгі германдықтардың тарихы жөнінде» және «Франк дәуірі» деген еңбектерін қараңыз).

1890 жылы, алғашқы қауымның тарихы жөнінде материалдың көп жиналуына байланысты Энгельс өз кітабының жаңадан төртінші басылуын әзірлеуге кірісті. Осы материалдармен жұмыс істеу барысында ол бүкіл жаңа әдебиетті, атап айтқанда орыс ғалымы М. М. Ковалевскийдің еңбектерін зерттеді, бастапқы текстіне көптеген өзгерістер мен түзетулер, сондай-ақ әсіресе семья туралы тарауға едәуір қосымшалар енгізді.

Энгельс кітабының төртінші түзетіліп, толықтырылған басылымы 1891 жылдың аяғында Штутгартта шықты және бұдан былайғы жерде өзгертілген жоқ.— *209, 224.*

[137] Бұл еңбек өзінің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітабының төртінші басылуына Энгельс жазған алғы сөз болып табылады. Кітап басылып шыққанға дейін алғы сөз 1891 жылы «Neue Zeit»

журналының 41 номерінде «Алғашқы семьяның тарихы жөнінде (Бахофен, Мак-Леннан, Морган)» деген атпен жарияланды.— *211.*

138 *«Contemporanul»* («Замандас») 1881—1890 жылдарда Яссыда шығып тұрған социалистік бағыттағы румын журналы.— *212.*

139 *Магарлар* — тайпа, қазіргі уақытта Непалдың батыс аудандарын мекендейтін шағын халық.— *217.*

140 Энгельс 1888 жылғы август — сентябрьде Америка Құрама Штаттары мен Канадаға саяхат жасады. Энгельстің осы сапарының жол әсерлерін мынадан қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 484—486-беттер.— *221.*

141 *Пуэбло* — Солтүстік Америкадағы үндіс тайпаларының бір тобының аты; бұлар жаңа Мексиканың территориясын (қазіргі кезде — АҚШ-тың Оңтүстік-Батысы; Солтүстік Мексика) мекендеген және тарихы мен мәдениетінің ортақтығымен біріккен тайпалар. Pueblo (халық, қоныс, қауым) деген испан сөзінен шыққан бұл атты испан жаулап алушылары үндістердің қоныстарының ерекше сипатына байланысты берген-ді; бұл қоныстар мыңға тарта адам сыятын 5—6 қабат қауымдық үлкен қамал-үйлер болатын; бұл ат сонымен қатар осы тайпалардың қоныстары жөнінде де қолданылды.—*226.*

142 Маркстің бұл хаты бізге жеткен жоқ. Ол туралы Энгельс 1884 жылы 11 апрельде Каутскийге жазған хатында айтады.—*236.*

143 Бұл арада әңгіме композитор Р. Вагнердің Скандинавияның «Эдда» эпосы мен неміс эпосы «Нибелунгтер туралы жырдың» негізінде жазған «Нигелунг сақинасы» деген опералық тетралогиясының тексті туралы болып отыр.—*237.*

144 *«Эдда»* мен *«Эгисдрекка»* Скандинавия халықтарының мифологиялық және батырлық аңыз-әңгімелері мен жырларының жинағы.—*237.*

145 *Астар* мен *вандар* — Скандинавия мифологиясындағы құдайлардың екі тобы.

*«Инглингтер туралы жыр»* — орта ғасырдағы Исландия ақыны және шежірешісі Снорри Стурлусонның Норвегия корольдері (ежелгі замандардан XII ғасырға дейінгі) туралы жазған кітабынан бірінші жыр.— *237.*

146 Бұл арада әңгіме некелік кластар, немесе секциялар — ерекше топтар жайында болып отыр, австриялық тайпалардың көпшілігі осындай топтарға бөлінетін еді. Әрбір топтың еркектері белгілі бір басқа топтың әйелдерімен ғана некелесе алатын болған; әрбір тайпада осындай 4—8 топ болған.—*242.*

147 *Сатурналиялар* — Ежелгі Римде егіншілік жұмыстардың аяқталуына байланысты Сатурн құдайдың құрметі үшін жасалатын жыл сайынғы мейрамдар. Сатурналиялар күндерінде жыныс қарым-қатынастарына еркіндік болды. «Сатурналиялар» деген сөз ырду-дырду тойлар мен жын-ойнақты білдіретін жалпы атқа айналды.— *251.*

148 Қараңыз: L. H. Morgan, «Ancient Society», London, 1877, p. 465—466, сондай-ақ «Маркс пен Энгельстің архиві», IX том, 29-бет.— *258.*

149 Қараңыз: бұл да сонда, 470-бет, сондай-ақ «Маркс пен Энгельстің архиві», IX том, 31-бет.— *258.*

[150] Бұл арада М. М. Ковалевскийдің мына еңбегі айтылып отыр: «Алғашқы право, I кітап. Ру». М., 1886. Ковалевский бұл еңбегінде Россиядағы семьялық қауым жөнінде 1875 жылы Оршанский және 1878 жылы А. Я. Ефименко келтірген мәліметтерге сүйенеді.— *259.*

[151] *Ярослав «Правдасы»* деп «Орыс Правдасының» — Ежелгі Русь заңдары жинағының ерте заманғы редакциясының бірінші бөлімін атайды; бұл жинақ XI—XII ғасырларда сол заманның әдеттегі правосының негізінде пайда болған және сол кездегі қоғамның экономикалық және әлеуметтік қатынастарын көрсетеді.

*Далмация заңдары* — XV—XVIII ғасырларда Полицеде (Далмацияның бір бөлігі) қолданылған заңдардың жинағы; Полице статуты деген атпен белгілі.— *259.*

[152] *Calpullis* — испандықтар жаулап алған дәуірдегі Мексика үндістерінің семьялық қауымдары; барлық мүшелері ортақ тұқымнан тараған әрбір семьялық қауымның (calpulli) ортақ жер учаскесі болды, бұл учаскені басқаға беруге де, мұрагерлердің өзара бөлісіп алуына да болмайтын болды.— *260.*

[153] *«Das Ausland»* («Шет елдер») — география, этнография және жаратылыс тану мәселелері жөнінде 1828—1893 жылдарда шығып тұрған неміс журналы; 1873 жылдан бастап Штутгартта шығып тұрды.— *260.*

[154] Бұл арада Азаматтық кодекстің 230-статьясы туралы сөз болып отыр (82-ескертуді қараңыз).— *262.*

[155] *Спартиаттар* — Ежелгі Спартаның толық праволы азаматтары.

*Илоттар* — Ежелгі Спартаның жерге бекітіліп қойған және жер иеленуші-спартиаттардың пайдасына белгілі міндеткерліктер атқаруға тиісті правосыз тұрғындары.— *264.*

[156] Аристофан. «Фесмофорий мейрамындағы әйелдер».—*264.*

[157] *Гиеродулдар* — Ежелгі Греция мен грек қоныстарындағы храмдарға қараған құлдар мен күндер; көптеген жерлерде, әсіресе Алдыңғы Азияның қалалары мен Коринфте, гиеродул-әйелдер храмдағы жезөкшелікпен айналысты.— *266.*

[158] *«Гудрун»* (немесе Кудрун») — XIII ғасырдағы немістің орта ғасырлық эпикалық поэмасы.— *277.*

[159] Бұл арада испан конкистадорларының 1519—1521 жылдарда Мексиканы жаулап алуы туралы сөз болып отыр.— *289.*

[160] L. H. Morgan. «Ancient Society». London, 1877, p. 115.—*290.*

[161] *«Бейтарап ұлт»* — Эри көлінің солтүстік жағалауын мекендеген, ирокездермен туыстас бірнеше үндіс тайпаларының әскери одағы XVII ғасырда осылай деп аталды. Бұл одаққа осы атты француз колонистері берді, оның себебі бұл одақ нақ ирокездер мен гурондар тайпаларының өз арасында болған соғыстарда бейтараптық сақтаған болатын.— *295.*

[162] Бұл арада зулустардың 1879—1887 жылдарда ағылшын отаршылдарына қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресі туралы сөз болып отыр.

Мұсылман уағызшысы Мұхаммед-Ахмед бастаған нубиліктердің, арабтардың және Суданның басқа да халықтарының ұлт-азаттық көтерілісі

1881—1884 жылдарда болды. Көтерілістің барысында дербес орталықтанған махдистік мемлекеті құрылды. Ағылшындар Суданды тек 1899 жылы ғана жаулап алды.— *295.*

[163] Бұл жерде метэктер деп аталатындар — тұрақты мекендеу үшін Аттикаға келіп қоныстанған жат жұрттар айтылып отыр; бостандықта бола тұрса да, олар да Афины азаматтарының праволары болмады. Метэктер көбінесе қолөнермен және саудамен айналысты, ерекше салық төлеп тұруға және басқару органдарымен қарым-қатынас жасау үшін толық праволы азаматтардың ішінен өз «қамқоршылары» болуға міндетті болды.— *313.*

[164] *Он екі кесте заңдары* — біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдың орта шенінде плебейлердің патрицийлерге қарсы күресінің нәтижесінде жасалды;— бұл заңдар Рим қоғамының мүлік жағынан жіктелу процесін, құлдықтың дамып, құл иеленушілік мемлекеттің қалыптасу процесін көрсетті, бұл заңдар он екі тақтаға (кестелерге) жазылды.— *317.*

[165] *Екінші Пуни соғысы* — (б. з. б. 218—201 жылдар) — ерте замандағы ірі құл иеленушілік мемлекеттердің — Рим мен Карфагеннің арасында Батыс Жерорта теңізінде үстемдік орнату үшін, жаңа территорияларды басып алып, құлдар алу үшін жүргізілген соғыс. Соғыс Карфагеннің жеңілуімен аяқталды.— *318.*

[166] Ағылшындардың Уэльсті жаулап алуы 1283 жылы аяқталды, бірақ осыдан кейін де Уэльс автономиялығын сақтап қалды; ол XVI ғасырдың орта шенінде Англиямен толық біріктірілді.—*327.*

[167] Энгельс 1869—1870 жылдарда Ирландияның тарихына арналған үлкен еңбек жазған еді, бұл еңбек бітпей қалды; Энгельс жазған бұл еңбектің үзіндісін мынадан қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 479—524-беттер, ал осы еңбекке арналған дайындық материалдардың бір бөлігін мынадан қараңыз: «Маркс пен Энгельс архиві» X том, 1948, 100—263-беттер); кельттердің тарихын зерттеумен байланысты Энгельс ерте заманғы Уэльс заңдарын да зерттеді.— *327.*

[168] Энгельс мына кітаптан цитат келтіріп отыр: «Ancient Laws and Institutes of Wales» («Уэльстің ерте заманғы заңдары мен ережелері») I том, 1841, 93-бет.—*327.*

[169] 1891 жылғы сентябрьде Энгельс Шотландия мен Ирландияға сапар шегіп қайтты.— *329.*

[170] 1745—1746 жылдары Шотландияда ағылшын-шотланд жер аристократиясы мен буржуазияның мүдделерін қорғау ниетімен жүзеге асырылған қысымшылық пен жерсіздендіруге қарсы таулық кландардың көтерілісі болды; таулықтар ежелгі рулық ұйымды сақтап қалу үшін күресті. Көтерілісті басып тастау салдарынан таулы Шотландияда кландық жүйе бұзылып, жерді ру болып иеленудің қалдықтары жойылды; Шотландия шаруаларын жерлерінен қуу процесі күшейді, рулық соттар жойылып, кейбір рулық әдеттерге тыйым салынды.— *329.*

[171] L. H. Morgan. «Ancient Society». London, 1877, p. 357—358.—*330.*

[172] *«Алеман шындығы»* — V ғасырдан бастап қазіргі Эльзас пен Шығыс Швейцарияның және Онтүстік-Батыс Германияның территориясын мекендеген герман тайпалық одағы алемандардың (аламандардың) әдеттік праволарының жинағы; VI ғасырдың аяғына — VII ғасырдың басына және VIII

ғасырға жатады. Энгельс бұл жерде «Алеман шындығынын» LXXXI/LXXXIV заңына сілтеме жасап отыр.— *330.*

173 *«Хильдебранд туралы жыр»* — ерлік туралы поэма. VIII ғасырдың үзінділер түрінде сақталған ертедегі германдық эпостық поэзиясының ескерткіші.— *331.*

174 Герман және галл тайпаларының Цивилистің басқаруымен Рим өктемдігіне қарсы жасалған көтерілісі 69—70 жылдарда (кейбір деректерге қарағанда, 69—71 жылдарда) болған; бұл көтеріліс Галлияның және Римге бағынышты герман өлкелерінің едәуір бөлігін қамтып, Римге осы территориялардан айырылып қалу қаупін туғызды. Көтерілісшілер жеңіліске ұшырап, Риммен бітім жасасуға мәжбүр болды.— *334.*

175 *«Codex Laureshamensis»* («Лорш картулярийі») — Лорш монастырының сыйлық грамоталары мен артықшылықтарының XII ғасырда жасалған көшірмелерінің жинағы; VIII—IX ғасырлардағы шаруалар мен феодалдар жер иеленуінің тарихы жөніндегі ең маңызды деректемелердің бірі болып табылады.— *337.*

176 *Герман ұлтының қасиетті Рим империясы* — 962 жылы құрылып, Германияның және ішінара Италияның территориясын қамтыған орта ғасырлық империя. Кейініректе Империяның құрамына француздың кейбір жерлері, Чехия, Австрия, Нидерланды, Швейцария және басқа елдер де кірді. Империя орталықтандырылған мемлекет болмады, сондықтан ол тек императордың жоғарғы өкіметін мойындаған феодалдық княздіктер мен ерікті қалалардың тиянақсыз бірлестігі болып табылды. 1806 жылы, Франциямен болған соғыста жеңілгеннен кейін Габсбургтер Қасиетті Рим империясының императорлары титулынан бас тартуға мәжбүр болған кезде Империя өмір сүруден қалды.— *345, 547.*

177 Бенефиций (beneficium сөзбе-сөз айтқанда: «жарылқау») — VIII ғасырдың бірінші жартысында Франк мемлекетінде кең тараған жер сыйлау формасы. Бенефиций түрінде берілетін жер учаскесі жер алушының (бенефициарийдің) өмір бойы пайдалануына сол жердегі тәуелді шаруалармен бірге берілді; олар бұл үшін белгілі бір қызметтер атқаруға, көбінесе әскери қызмет атқаруға міндетті болды. Бенефиций жүйесі феодалдар табының, әсіресе ұсақ және орта дворяндардың қалыптасуына, шаруалар бұқарасын кіріптарлыққа түсіруге, вассалдық қатынастар мен феодалдық иерархияны дамытуға себепші болды. Кейін бенефицийлер мирастық лендарға (феодтарға) айнала бастады.— *347.*

178 *Округтардың графтары* (Gaugrafen) — Франк мемлекетіндегі округтарды немесе графтықтарды басқаруға қойылған король чиновниктері, олардың сот билігі болды, алым-салық жинады және жорық кездерінде әскерлерді басқарды. Өздерінің атқарған қызметі үшін осы округта алынатын король табысының үштен бірін пайдаланды және жер иелігін сыйлыққа алып отырды. Кейін графтар бірте-бірте король тағайындайтын лауазымды адамдардан ірі феодалдық сеньорларға айнала бастады, бұлар әсіресе 877 жылдан кейін, графтық лауазымды мұрагерлікпен беру ресми түрде белгіленген кезде, суверендік өкімет билігі бар сеньорларға айналды.— *348.*

179 *Ангериялар* — Рим империясында тұрғын халыққа жүктелетін міндеткерліктер, бұл міндеткерліктер бойынша тұрғын халық үкімет транспорттары қызметін атқару үшін ат және қол жүгін тасушы адамдар беріп отыратын болған, кейін мұның өзі кең сипат алып, халық үшін үлкен ауыртпалық болды.— *349.*

[180] *Коммендация* — VIII—IX ғасырлардан бастап шаруалардың феодалдардың «қамқорлығына» немесе ұсақ феодалдардың ірі феодалдардың «қамқорлығына» белгілі бір шарттар бойынша (мәселен, әскер қызметін атқару, оған өзінің жерін шартты түрде ұстауға беріп, оны қайтып алу) көшулерінің Европада кең тараған формаларының бірі. Бұл іске көбінесе мәжбүр етілген шаруалар үшін мұның өзі оның бас бостандығынан айырылуы болды, ал ұсақ феодалдар үшін — ірі феодалдармен вассалдық қарым-қатынастарға ену болды; коммендация феодалдық қатынастардың нығаюына жәрдемдесті.—*350.*

[181] 1066 жылы *Гастингс түбінде* Нормандия герцогы Вильгельмнің Англияға басып кірген әскерінің ағылшын-сакстермен шайқасы болды. Өзінің әскери ұйымында кауымдық құрылыстың қалдықтарын сақтап келген және қару-жарақтары тым қарапайым болған ағылшын-сакс әскерлері талқандалды, ал олардың королі Гарольд шайқаста қаза тапты. Вильгельм Жаулап алушы I Вильгельм деген атпен Англияның королі болды.— *356.*

[182] *Дитмаршен* — қазіргі Шлезвиг-Гольштейннің оңтүстік-батыс бөлігіндегі өлке. Ерте заманда сакстер мекендеген, VIII ғасырда Ұлы Карл жаулап алған, ал кейін ол әр түрлі діни және дүниелік феодалдардың иелігінде болған. XII ғасырдың орта шенінен бастап Дитмаршеннің дені ерікті шаруалар болған халқы біртіндеп өз алдына дербестік алуға күш сала бастады да, XIII ғасырдың басынан бастап XVI ғасырдың орта шеніне дейін іс жүзінде тәуелсіз болды. Осы кезеңде Дитмаршен көп жағдайларда негізі бұрынғы шаруалар рулары болған өзін өзі басқаратын шаруалар қауымдарының жиынтығы болып табылды. XIV ғасырға дейін Дитмаршендегі жоғарғы өкімет билігі барлық ерікті жер иелерінің жиналысының қолында болды, ал содан соң өкімет билігі сайланып қойылған үш коллегияның қолына көшті. 1559 жылы Дания королі II Фредерик пен Гольштейн герцогтары Иоганн мен Адольфтің әскерлері Дитмаршен халқының қарсылығын күйретіп, өлкені жеңушілер өзара бөлісіп алды. Алайда Дитмаршенде қауымдық құрылыс пен ішінара өзін өзі басқару тәртібі XIX ғасырдың екінші жарымына дейін сақталып келді.— *363.*

[183] Қараңыз: Гегель. «Право философиясының негіздері», §§ 257 және 360—*363.*

[184] Ф. Энгельстің *«Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры»* деген еңбегінде дүниеге маркстік көзқарастың шығуы процесі көрсетілген және оның мәні айқын ашылған; диалектикалық және тарихи материализмнің негіздері жүйелі түрде баяндалған, сондай-ақ немістің классикалық философиясының аса ірі өкілдері Гегель мен Фейербах болған философиялық ізашарларына марксизмнің көзқарасы ашып көрсетілген.

Бұл еңбегінде Энгельс философияның бүкіл өмір сүріп келе жатқан уақытынан бергі тарихының өте маңызды ерекшелігін, екі лагерьдің — материализм мен идеализмнің — арасындағы күресті жан-жақты ашады. Ол мұнда алғаш рет философияның негізгі мәселесіне — ойлаудың болмысқа, рухтың табиғатқа қатынасы туралы мәселеге классикалық анықтама береді. Философияның негізгі мәселесіне қалай жауап беруіне қарай, әрбір философтың осы философиялық екі лагерьдің қайсысына жататындығы анықталады.

Аралық философияны (дуализм, агностицизм) қалыптастыру арқылы материализм мен идеализмді жарастыруға тырысушы әрекеттердің мүлдем негізсіз екендігін баса көрсете келіп, Энгельс агностицизмді оның барлық көріністері жағынан теріске шығарады және «осындай және басқа да барлық философиялық бұлталақтардың нағыз батыл теріске шығарылуы практикада, атап айтқанда экспериментте және өнеркәсіпте жатыр» деп көрсетеді (осы томның 374-бетін қараңыз).

Энгельс диалектикалық материализмді қалыптастыру нәтижесінде философияда Маркстің жасаған революциялық төңкерісінің шын мәнін айқындап ашады. Ол адамзат қоғамының тарихында болып отырған жалпы даму заңдарын ашқан тарихи материализмнің мәнін толық қарастырады. Тарихи процестің негізінде саяси құрылыстың сипатын және дін мен философияны қоса, қоғамдық сананың барлық формалары мен түрлерін белгілеуші экономикалық қатынастардың жатқандығын атап көрсетіп, Энгельс сонымен қатар идеологиялық қондырмалардың белсенді ролін, олардың өз алдына дербес дамуға және экономикалық базиске кері ықпал жасауға қабілетті екендіктерін баса көрсетеді.

Таптар мен партиялардың күресін бейнелейтін философиялық ағымдар күресінің бүкіл тарихының мысалдары негізінде философияның партиялылық принципін негіздеуі Энгельстің сінірген аса ірі еңбегі болып табылады. Энгельстің еңбегінің өзі де философиядағы пролетарлық партиялылық пен принциптіліктің үздік үлгісі болып табылады.—*372, 374.*

[185] 1833—1834 жылдарда Гейне өзінің «Романтикалық мектеп» және «Германиядағы дін мен философияның тарихы жөнінде» деген еңбектерін жариялап, бұл еңбектерінде сол уақытта Гегельдің философиясы қорытынды кезеңі болып табылған Германиядағы философиялық революция Германиядағы болашақ демократиялық революцияның беташары болып табылады деген пікірін өрістетті.— *374.*

[186] Қараңыз: Гегель. «Право философиясы. Алғы сөз».— *375.*

[187] *«Deutsche Jahrbücher für Wissenschaft und Kunst»* («Ғылым және өнер мәселелері жөніндегі неміс әржылдығы») — жас гегельшілдердің әдеби-философиялық журналы; осы атпен 1841 жылдың июлінен 1843 жылдың январына дейін Лейпцигте шығып тұрды.— *380.*

[188] Бұл арада М. Штирнердің 1845 жылы Лейпцигте шыққан «Der Einzige und sein Eigenthum» («Жалғыз және оның меншігі») деген кітабы сөз болып отыр.— *381.*

[189] Бұл арада неміс астрономы И. Галленің 1846 жылы ашқан Нептун планетасы сөз болып отыр.— *385.*

[190] Пруссактардың Садова түбіндегі жеңісінен кейін (238-ескертуді қараңыз) немістің буржуазиялық публицистикасында тарап кеткен сөйлем, оның мазмұнына қарағанда, Пруссияның жеңіске жетуі прусстық халық ағарту жүйесінің артықшылықтарына байланысты болыпты-мыс.— *397.*

[191] *Никей соборы* — Рим империясының христиан шіркеуі епископтарының тұңғыш бүкіл әлемдік соборы; мұны император I Константин 325 жылы Никей қаласында (Кіші Азия) шақырды. Собор христиан атаулының бәріне бірдей міндетті «Сенім символы» дейтінді талдап жасады.— *412.*

[192] *Альбишілдер* (Альби қаласынан) — XII—XIII ғасырларда Оңтүстік Франция мен Солтүстік Италияның қалаларында тараған діни сектаға қатысушылар; олар католиктік сән-салтанатты ғұрыптар мен шіркеу иерархиясына қарсы шығып, діни формада қалалардың сауда-қолөнерші халқының феодализмге қарсы наразылығын білдірді.—*412.*

[193] 1477 жылдан 1555 жылға дейін Голландия герман ұлтының Қасиетті Рим империясының құрамына кірді (176-ескертуді қараңыз), ал ол бөліске түскеннен кейін Испанияның қол астында болып шықты. XVI ғасырдағы бур-

жуазиялық революцияның аяқ шенінде Голландия испан үстемдігінен құтылып, тәуелсіз буржуазиялық республика болды.— *413.*

[194] Бұл арада Англиядағы «даңқты революция» айтылып отыр. 78-ескертуді қараңыз.— *413.*

[195] Бұл еңбек Энгельстің «Күштеудің тарихтағы ролі» деген атпен жазбақ болған, бірақ бітпей қалған кітапшасының төртінші тарауы болып табылады. Бұл кітапшаның алдыңғы үш тарауы «Анти-Дюрингтің» «Күштеу теориясы» деген жалпы атпен біріктіріліп, қайта өңделген түрінде екінші бөлімінің тараулары болуға тиісті еді, Энгельс бұл кітапшасында Бисмарктың бүкіл саясатын сын тұрғысынан талдап, 1848 жылдан кейінгі Германия тарихының мысалы негізінде экономика мен саясаттың өзара қатынасы туралы «Анти-Дюрингте» жасалған теориялық қорытындылардың дұрыстығын көрсетуді көздеген-ді. Энгельс бұл тарауды аяқтай алмады. Ол мұнда Германияның дамуына жасалған талдауын 1888 жылға дейін жеткізеді.

«Күштеудің тарихтағы ролі» деген еңбегінде Энгельс Германияны «жоғарыдан», Пруссияның басқаруымен біріктіруге негіз болған себептерді ашып, Германияны біріктірудің мүмкін жолдарын нақты сипаттап береді. Бірігудің осындай жолмен жүзеге асқанына қарамастан, бірігу фактісінің өзінің прогрестілігін атап көрсете келіп, Энгельс сонымен бірге, сайып келгенде Германияда полициялық мемлекеттің орнығуына, юнкерлік озбырлыққа, милитаризмнің өсуіне әкеліп соққан Бисмарк саясатының бүкіл тарихи өріссіздігі мен бонапартистік сипатын ашып береді. Энгельс өзінің төл мүдделерін ақырына дейін қорғауға және феодалдық қалдықтарды біржолата құртуға қабілетсіз болып шыққан герман буржуазиясының бүкіл жартыкештігі мен қорқақтығын әшкерелейді. Германияның үстем таптарының 1871 жылы Францияны тонап, Эльзас пен Лотарингияны күшпен қосып алуда өзінің неғұрлым айқын бейнесін көрсеткен, соғысқұмар сыртқы саясатын мейлінше қатты сынайды. Герман империясының ішкі хал-жағдайын және ондағы тап күштерінің ара салмағын талдай отырып, әдепкі құрылуынан бастап Германия империясына тән ішкі қайшылықтарын, оның милитаристік және агрессияшыл ниеттерін аша отырып, Энгельс Германия империясының сөзсіз күйрейтіні туралы қорытындыға келеді. Энгельстің бұл еңбегінен Германияда тек бір ғана тап — пролетариат — нағыз ұлттық жалпы халықтық мүдделерді қорғаушы ролін талап етуге праволы деген қорытынды шығады.— *417.*

[196] *Одақтық сейм* — Герман одағының Майндағы Франкфуртте мәжіліс құрған орталық органы (1815 жылы 8 июньде Вена конгресінің шешімі бойынша құрылып, феодалдық-абсолюттік герман мемлекеттерінің бірлестігі болып табылды) герман үкіметтерінің реакцияшыл саясатының құралы болды. Одақтың ыдырауына байланысты 1848—1849 жылдары өзінің жұмысын тоқтатты, бірақ Герман одағы қалпына келтірілгеннен кейін, 1850 жылы өз жұмысын қайта бастады. Одақ өзінің өмір сүруін 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысының кезінде біржолата тоқтатты.— *418.*

[197] *«Есалаң жыл»* («das tolle Jahr») — немістің кейбір реакцияшыл әдебиетшілері мен тарихшылары 1848 жылды осылай деп атаған-ды. Бұл сөзді олар 1509 жылы Эрфуртта болған толқуларға арнап 1833 жылы аты осындай роман шығарған Людвиг Бехштейн деген жазушыдан алды.— *418.*

[198] Бұл арада 1848 жылы Калифорнияда және 1851 жылы Австрияда жаңадан ашылған алтын кендерінің халықаралық сауданың дамуына жасаған ықпалы сөз болып отыр.— *418.*

[199] *Вартбург мерекесін* 1817 жылғы 18 октябрьде Реформацияның 300 жылдығына байланысты және 1813 жылғы Лейпциг шайқасының 4 жылдығы-

на байланысты неміс студенттерінің ұйымдары (буршеншафтар) ұйымдастырған-ды. Бұл мереке оппозициялық пиғылдағы студенттердің меттернихтық реакциялық режимге қарсы және Германияның бірлігі жолындағы демонстрациясына айналды.— *420.*

200 *Гамбах мерекесі* — 1832 жылғы 27 майда немістің либерал және радикал буржуазиясы өкілдерінің Бавария Пфальциндегі Гамбах замогының алдында ұйымдастырған саяси манифестациясы. Мерекеге қатысушылар барлық немістерді буржуазиялық бостандықтар және конституциялық өзгерістер жасау жолында неміс мемлекет басшыларына қарсы күресу үшін бірлікке шақырды.— *420.*

201 Отыз жылдық соғыс (1618—1648) — протестанттар мен католиктердің арасындағы күрестен туған жалпы европалық соғыс. Германия бұл күрестің ең басты аренасы, соғысқа қатысушылардың соғыс талан-таражының және басқыншылық дәмелерінің объектісі болды. Соғыс 1648 жылы Германияның саяси бытыраңқылығын баянды еткен Вестфаль бітімінің жасалуымен аяқталды.— *421, 547.*

202 *Империялық депутация* дейтін — Герман империясы мемлекеттерінің өкілдерінен 1801 жылғы октябрьде империялық сейм сайлаған комиссия ұзақ-қа созылған жарыс сөздерден кейін және Франция мен Россия өкілдерінің жасаған қысымымен (олар 1801 жылы наполеондық Францияның пайдасына Рейн бойындағы Германияның территориялық мәселелерін реттеу туралы өзара құпия конвенция жасаған-ды) 1803 жылғы 25 февральда 112 герман мемлекетін таратып, олардың қол астындағы жерлердің денін Баварияға, Вюртембергке, Баден мен Пруссияға беру жөнінде шешім қабылдады.—*421.*

203 Бұл арада *империялық сеймнің* — Қасиетті Рим империясының герман мемлекеттерінің өкілдерінен құрылған жоғары органының — Рейн бойындағы Германияның территориялық мәселелерін реттеу туралы Франция мен Россияның айтуымен жасалған шешімді (203-ескертуді қараңыз) талқылап бекіткендігі айтылып отыр. Империялық сейм 1663 жылдан бастап Регенсбургте мәжіліс жасады.— *421.*

204 *Тешен бітімі* — бір жағынан Австрия, екінші жағынан Пруссия мен Саксония арасында 1779 жылғы 24 майда Тешенде жасалған және Бавар мұрасы үшін болған соғысты (1778—1779) тындырған бітім шарты. Бұл шартқа сәйкес Пруссия мен Австрия Бавария территориясының біразын алды, ал Саксония болса — ақшалай компенсация алды.

Бітім шартын жасауда Россия араға жүруші болып, Франциямен бірге шарттың кепілі болды.— *421.*

205 Бұл жерде Энгельс 1859 жылғы 3 мартта (19 февральда) Россия мен Францияның арасында Парижде жасалған құпия шартты айтып отыр; егер бір жағынан Франция мен Сардинияның және екінші жағынан Франция мен Австрияның арасында соғыс бола қалғандай болса, Россия әлгі шарт бойынша ниеттес бейтараптық позиция ұстауға міндеттенді. Ал Франция өз тарапынан Россияның Қара теңіздегі суверенитетіне шек қойған 1856 жылғы Париж бітім шартының статьяларын қайта қарау туралы мәселе көтеруге уәде берді.— *423.*

206 Маркс бұл жерде Луи Бонапарт өмірбаянының мына фактілерін айтып отыр: өзінің атын шығаруға ұмтылған Луи Бонапарт әр түрлі оппозициялық партияларға, атап айтқанда, итальян карбонарилеріне жағымпазданып, сенімге енуге тырысты; ол 1832 жылы Тургау кантонында Швейцария азамат-

тығын қабылдады, 1836 жылғы 30 октябрьде екі артиллерия полкының көмегімен ол Страсбургте бүлік шығаруға әрекеттенді; 1848 жылы Англияда болған кезінде Луи Бонапарт чартистердің 1848 жылғы 10 апрельдегі демонстрациясын болдырмауға қатысқан арнаулы констебльдердің (Англияда — жай азаматтардан құрылған полициялық резерв) қатарына өз еркімен кірді.— *423.*

[207] Энгельс бұл арада бонапарттық Екінші империяның (1852—1870) билеуші топтарының сыртқы саясат принциптерінің бірін білдіретін терминді қолданып отыр. Осы «ұлттар принципі» дейтінді ірі мемлекеттердің үстем таптары өздерінің жаулап алушылық жоспарлары мен сыртқы саясаттағы авантюраларын идеологиялық жағынан бүркемелеу ретінде кеңінен пайдаланды. Ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындаумен ешбір қатынасы жоқ «ұлттар принципі» ұлт араздығын қоздыруға, ұлттық қозғалысты, әсіресе шағын халықтардың қозғалысын өзара бақталас ірі мемлекеттердің контрреволюциялық саясатының құралына айналдыруға бағытталды.— *424.*

[208] Бұл арада 1801 жылғы 9 февральда Франция мен Австрияның арасында жасалған *Люневиль бітімі* белгілеген Францияның шекаралары сөз болып отыр. Бітім шарты Франция шекараларының бірінші және екінші коалициялармен жүргізілген соғыстардың нәтижесінде жүзеге асырылған кеңеюін, атап айтқанда Рейннің сол жақ жағалауын, Бельгия мен Люксембургті қосып алуын бекітіп берді.— *424.*

[209] Бұл арада Франция, Англия, Австрия, Россия, Сардиния, Пруссия және Түркия өкілдерінің Парижде өткен конгресі сөз болып отыр, ол конгрестің нәтижесінде 1856 жылғы 30 мартта 1853—1856 жылдардағы Қырым соғысын аяқтаған Париж бітім шартына қол қойылды.— *424.*

[210] *1795 жылғы Базель бітімін* Француз республикасымен Пруссия 5 апрельде жекелей жасады, сөйтіп ол өзінің бірінші антифранцуздық коалициясындағы одақтастарына опасыздық етті.— *425.*

[211] Франция мен Пьемонттың Австрияға қарсы соғысы кезіндегі Пруссияның сыртқы саясатын Пруссияның сыртқы істер министрі фон Шлейниц 1859 жылы осылайша сипаттады. Бұл саясаттың мәнісі соғысушы жақтардың ешқайсысына да қосылмау, бірақ бейтараптылық туралы да жариялама болды.— *425.*

[212] Бұл жерде 1852 жылы құрылған *Société Générale du Crédit Mobilier* французды ірі акционерлік банкі айтылып отыр. Бұл банктің табыстарының басты көзі бағалы қағаздармен жалдаптық жасау болды. Crédit Mobilier Екінші империяның үкіметтік топтарымен тығыз байланысты болды. 1867 жылы қоғам банкрот болып, 1871 жылы жойылды.— *426.*

[213] *Рейн одағы* — Оңтүстік және Батыс Германия мемлекеттерінің 1806 жылы июньде I Наполеон протекторатымен құрылған бірлестігі. Одақ іс жүзінде Францияның вассалдарына айналған 20-дан астам мемлекетті біріктірді. Одақ 1813 жылы Наполеон армиясының жеңілуінің нәтижесінде ыдырады.— *426.*

[214] Бұл жерде Герман одағының (ол жайында 232-ескертуді қараңыз) көбінесе француз шекарасына жақын жерлерге орналасқан қамалдары айтылып отыр; бұл қамалдардың гарнизондары Одақтың неғұрлым ірі мемлекеттерінің қарулы күштерінен, көбінесе австриялық және пруссиялық әскерлерден құралып отырды.— *427.*

[215] Бұл жерде 1848 жылы 13 мартта Венада болған халық көтерілісі негізін салған буржуазиялық-демократиялық революция жеңілгеннен кейін, 1848 жылғы ноябрьде құрылған князь Шварценбергтің реакциялық үкіметі айтылып отыр.— *428.*

[216] *«Нақты саясат»* деген сөздер Бисмарктың жүргізген саясатын сипаттау үшін қолданылды, бұл саясатты замандастары өз пайдасын ойлаған саясат деп бағалады.— *428.*

[217] Бұл арада II Фридрихтің Австрияға жататын Силезияға 1740 жылғы декабрьде жасаған шабуылы айтылып отыр.— *428.*

[218] 1806 жылғы 14 октябрьде *Йена мен Ауэрштедт* түбінде бір мезгілде болған екі шайқаста француз әскерлері Пруссия армиясын жойып жіберіп, Пруссия мемлекеті түгелдей талқандалды.— *429.*

[219] *Ландвер* — Пруссияның құрылықтағы соғыс күштерінің құрамды бөлігі; ол 1813 жылы Пруссияда Наполеон әскерлеріне қарсы күресте халық жасағы ретінде пайда болды, жасына қарай, соғыстағы армияны толықтырып отыру немесе гарнизондық қызметті атқару үшін пайдаланылды.— *430.*

[220] *Либерал-контоналистер* деп Энгельс либералдарды — өзін өзі басқаратын кантондарға бөлінген Швейцария сияқты Германияны да федерациялық мемлекетке айналдыруды жақтаушыларды мысқылдап атаған-ды.—*431.*

[221] Бұл арада 1848 жылғы ноябрьде-декабрьде Пруссияда жасалған мемлекеттік төңкеріс туралы және онан кейін болған реакция дәуірі туралы сөз болып отыр.— *432.*

[222] *«Der Sozialdemokrat»* («Социал-демократ») — немістің апталық газеті; Германия Социал-демократиялық партиясының 1879 жылғы сентябрьден 1888 жылғы сентябрьге дейін Цюрихта және 1888 жылғы октябрьден 1890 жылғы 27 сентябрьге дейін Лондонда шығып тұрған орталық органы. Маркс, сондай-ақ газеттің шығып тұрған бүкіл уақыты ішінде оған ат салысып тұрған Энгельс газеттің редакциясына партиялық пролетарлық бағытты жүргізуге белсене көмектесті, оның кейбір жіберген қателіктері мен ауытқуларын сынап, түзетіп отырды.—*432.*

[223] 1858 жылы принц-регент Вильгельм Мантёйфель министрлігін отставкаға шығарып, өкімет басына баяу либералдарды шақырды, бұл бағыт буржуазиялық баспасөзде *«жаңа заман»* деген дақпырт атаққа ие болды; ал іс жүзінде Вильгельмнің саясаты тек Пруссия монархиясы мен юнкерлерінің позицияларын нығайтуға бағытталған еді. «Жаңа заман» іс жүзінде 1862 жылы сентябрьде өкімет басына келген Бисмарктың диктатурасын даярлады.— *432.*

[224] *Конституциялық жанжал* дейтін 1860 жылғы февральда Пруссия өкіметі мен ландтагтың буржуазиялық-либерал көпшілігінің арасында, ландтагтың көпшілігі соғыс министрі Фон Роонның армияны қайта құру жөнінде ұсынған жобасын бекітуден бас тартқан кезде туды. 1862 жылғы мартта палатаның либерал көпшілігі соғыс шығындарын бекітуден тағы да бас тартты, үкімет ландагты таратып, жаңа сайлау өткізуді белгіледі. 1862 жылғы сентябрьдің аяғында Бисмарктың контрреволюциялық министрлігі құрылды да, сол жылдың октябрінде ол ландтагты қайтадан таратып, әскери реформа жүргізе бастады және оған керекті қаражатты ландтагтың бекітуінсіз-ақ жұмсай берді. Бұл жанжал 1866 жылы ғана, Пруссия Австрияны жеңіп, Пруссия

буржуазиясы Бисмарктың алдында тізе бүккеннен кейін барып қана шешілді.— *433, 475.*

[225] Австрия-Бавария әскерлерінің Кургессенге кіруіне жауап ретінде Пруссия үкіметі 1850 жылғы ноябрьдің басында *мобилизация* жариялап, ол жаққа өз әскерлерін жіберді. 8 ноябрьде Бронцеллдің түбінде, Австрия-Бавария және Пруссия әскерлерінің алдыңғы отрядтарының арасында болмашы қақтығыс болып, мұның өзі Пруссия армиясының әскери жүйесінің елеулі кемшіліктері мен қару-жарақтарының ескіргендігін көрсетті. Бұл жағдай Пруссияны соғыс әрекеттерінен бас тартып, Австрияның алдында тізе бүгуге мәжбүр етті.— *433.*

[226] *Ұлттық одақ* 1859 жылдың 15—16 сентябрінде буржуазиялық либералдардың Майндағы Франкфурт съезінде құрылды. Одақты ұйымдастырушылар Австриядан басқа бүкіл Германияны Пруссияның басшылығымен біріктіру мақсатын көздеді. Солтүстік герман одағы құрылғаннан кейін Одақ 1867 жылғы 11 ноябрьде өзін өзі таратқаны туралы жариялады.— *434.*

[227] Луи Бонапарттың 1839 жылы Парижде шыққан «Наполеон идеялары» (Napoléon-Louis Bonaparte. «Des idées napoléoniennes») деген кітабына жасалған ишара.— *434.*

[228] 1863 жылғы 8 февральда, Польшада болған ұлт-азаттық көтерілісі кезінде, Россия мен Пруссияның арасында конвенцияға қол қойылып, ол көтерілісшілерге қарсы екі мемлекет әскерлерінің бірлесіп қимыл жасауын көздеді. Конвенцияға қол қойылудан бұрын-ақ көтерілісшілердің Пруссия территориясына өтіп кетуіне жол бермеу мақсатымен Пруссия әскерлері шекараны күзетуді күшейткен-ді.— *437.*

[229] Дания королі VII Фредерик өлгеннен кейін Австрия мен Пруссия 1864 жылғы 16 январьда Дания үкіметіне Шлезвигтің Данияға түгел қосылуын жариялаған 1863 жылғы конституцияны жою туралы ультиматум қойды. Дания ультиматумды қабылдаудан бас тартқаннан кейін, Австрия мен Пруссия соғыс қимылдарын бастап, 1864 жылдың июліне Дания әскерлерін талқандады. Франция мен Россия соғыстың өне бойында Австрия мен Пруссия жөнінде достық бейтараптық сақтады. 1864 жылғы 30 октябрьде Венада жасалған бітім шартына сәйкес, герцогтықтар территориясы оның дені неміс халқы емес бөлігін де қоса Австрия мен Пруссияның бірлесіп иемденетін жері деп жарияланды, ал 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысынан кейін Пруссияға түгелімен қосылды.— *437.*

[230] 1851 жылғы 5 июньде (24 майда) Россия мен Дания өкілдері қол қойған Варшава протоколына сәйкес, сондай-ақ 1852 жылғы 8 майда Россия, Австрия, Франция, Пруссия мен Швеция Дания өкілдерімен бірлесіп қол қойған *Лондон протоколына* сәйкес, Шлезвиг пен Гольштейн герцогтықтарын қоса Дания тәжінің қол астындағы жердің бөлінуге жатпайтын принципі белгіленді.— *438.*

[231] *Мексикаға экспедиция* — Францияның 1862—1867 жылдар ішінде, алғашқыда Англиямен және Испаниямен бірлесе отырып жасаған қарулы интервенциясы; мұндағы көздеген мақсат Мексика революциясын тұншықтырып, Мексиканы Европа мемлекеттерінің отарына айналдыру болды. Мексика халқының қаһармандық азаттық күресінің нәтижесінде француз интервенттері жеңіліп, 1867 жылы Мексикадан өз әскерлерін қайтарып алуға мәжбүр болды.— *438.*

[232] 1815 жылғы 8 июньде Вена конгресі құрған *Герман одағы* феодалдық-абсолюттік герман мемлекеттерінің бірлестігі болып, Германияның саяси жә-

не экономикалық бытыраңқылығын баянды етіп бекітті. Одақ өзінің өмір сүруін 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысының кезінде біржолата тоқтатып, Солтүстік герман одағымен ауыстырылды.— *439.*

[233] *«Ширақ көңілді соғыс»* деген сөздерді алғаш рет 1853 жылы реакцияшыл тарихшы және публицист Г. Лео қолданды да, кейінгі жылдарда милитаристік және шовинистік рухта қолданылатын болды.— *439.*

[234] Пруссияның басқаруымен Солтүстік және Орталық Германияның 19 мемлекеті мен 3 ерікті қаласын қамтыған Солтүстік герман одағы Бисмарктың ұсынысы бойынша 1867 жылы құрылды. Одақтың құрылуы Пруссияның гегемониясымен Германияны біріктірудің шешуші кезендерінің бірі болды. Германия империясының құрылуына байланысты 1871 жылғы январьда Одақ өмір сүруден қалды.— *439.*

[235] Бұл жерде 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысы айтылып отыр, мұнда Австрияның жағында Саксония, Ганновер, Бавария, Баден, Вюртемберг, Гессен курфюрстілігі, Гессен-Дармштадт және Герман одағының басқа мүшелері қимыл жасады. Пруссияның жағында — Мекленбург. Ольденбург және басқа солтүстік герман мемлекеттері, сондай-ақ үш ерікті қала болды.—*440.*

[236] 1866 жылғы көктемде Австрия Шлезвиг пен Гольштейн герцогтықтарын бірлесіп басқару туралы келісімді Пруссияның бұзғаны жөнінде Одақтық сеймге (196-ескертуді қараңыз) шағым жасады; Бисмарк Сеймнің шешіміне бағынудан бас тартқандықтан, Австрияның ұсынысы бойынша Сейм Пруссияға соғыс жариялады. Соғыстың барысында, Пруссия әскерлерінің табысқа жетуіне байланысты Одақтық сейм Майндағы Франкфурттен Аугсбургке орын ауыстыруға мәжбүр болды, осында ол 1866 жылғы 24 августа өз қызметін тоқтатқаны туралы мәлімдеді.— *440.*

[237] Пруссияның өкілдер палатасы 1866 жылғы сентябрьде қаражатты жұмсау жауапкершілігінен үкіметті босату туралы Бисмарк енгізген заң жобасын қабылдады, мұның өзі конституциялық жанжал кезінде заңдылық тәртіппен бекітілмеген болатын (224-ескертуді қараңыз).— *442.*

[238] Бұл арада Австрия-Пруссия соғысының 1866 жылғы 3 июльде *Садова* деревнясына жақын жердегі *Кениггрец* қаласының (қазіргі уақытта Градец-Кралове, Чехия) түбінде болған шешуші шайқасы туралы сөз болып отыр. Садова маңында болған шайқас Австрия әскерлерінің қатты жеңілуімен аяқталды.— *442.*

[239] *Солтүстік герман одағының конституциясын* Одақтың Құрылтай рейхстагы 1867 жылғы 17 апрельде бекітіп, онда Пруссияның іс жүзіндегі үстемдігі баянды етілді. Пруссияның королі Одақтың президенті және одақтық қарулы күштердің бас қолбасшысы болып жарияланды, оған сыртқы саясатқа басшылық ету ісі берілді. Одақтың жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған рейхстагының заң шығару уәкілдіктері қатты шектелді: рейхстагтың қабылдаған заңдары оларды өзінің құрамы жағынан реакцияшыл Одақтық совет мақұлдап, президент бекіткеннен кейін күшіне кірді. Одақтың конституциясы кейіннен Германия империясы конституциясының негізіне алынды.

*1850 жылғы конституция* бойынша Пруссияда көбінесе феодалдық шонжарлардың («мырзалар палатасы») өкілдерінен құрылған жоғарғы палата сақталып қалды, ландтагтың уәкілдіктері мейлінше шектелді, ол заң шығару инициативасынан айырылды. Министрлерді король тағайындады да, олар тек корольдің алдында ғана жауапты болды, мемлекетке опасыздық жасау туралы істерді қарау үшін үкіметке ерекше соттар құру правосы берілді. 1850

жылғы конституция Пруссияда 1871 жылы Германия империясы құрылғаннан кейін де күшінде қала берді.— *442, 475.*

[240] *«The Manchester Guardian»* («Манчестер күзеті») — ағылшынның буржуазиялық газеті, еркін сауданы жақтаушылардың (фритредерлердің) органы, кейініректе либерал партияның органы; 1821 жылы Манчестерде құрылды.— *443.*

[241] *Таможня парламенті* — 1866 жылғы соғыстан кейін және 1867 жылғы 8 июльде Пруссияның оңтүстік герман мемлекеттерімен шарт жасасқанынан кейін қайта құрылған Таможня одағының басшы органы; бұл органды құру осы шартта көзделген болатын. Парламент Солтүстік герман одағының рейхстаг мүшелерінен және оңтүстік герман мемлекеттерінің — Баварияның, Баденнің, Вюртембергтің және Гессеннің арнайы сайланған депутаттарынан құрылды. Парламент тек қана сауда мен таможня саясатының мәселелерімен ғана шұғылдануға тиіс болды; оның шешетін мәселелерін бірте-бірте ұлғайтып, оны басқа, саяси мәселелерді де шешетін етуге тырысқан Бисмарктың әрекеті Оңтүстік Германия өкілдерінің қатты қарсылығына тап болды.— *443.*

[242] Солтүстік герман одағы мен оңтүстік герман мемлекеттерінің шекарасы Майн өзенінің бойымен өтетін еді.— *444.*

[243] 1866 жылғы 3 октябрьде Венада Австриямен жасалған бітім шартына сәйкес Австрия-Пруссия соғысында Пруссия жағында қатысқан Италияға Венеция қайтарылып берілді, бірақ оның оңтүстік Тироль мен Триесті оған беру туралы талабы қанағаттандырылмады.— *445.*

[244] Бұл жерде Австрия канцлері Меттернихтың «Италия — географиялық ұғым» деген сөзі айтылып отыр, ол мұны 1847 жылғы 6 августа Париждегі елшісі граф Аппоньиге жолдаған депешасында қолданды және кейіннен ол мұны Германия жөнінде де қолданды.— *445.*

[245] Австрия, Россия, Пруссия, Франция, Италия, Нидерланды мен Люксембург дипломатиялық өкілдерінің Люксембург мәселесі жөніндегі *Лондон конференциясы* 1867 жылғы майдың 7-сінен 11-іне дейін болып өтті. 11 майда қол қойылған шартқа сәйкес, Люксембург герцогтығы (герцогтық титул бұрынғысынша Нидерланды королінде үнемі сақталды) бейтарап мемлекет болып жарияланды. Пруссия Люксембург қамалынан гарнизонын дереу алып кетуге міндеттелінді, ал III Наполеон Люксембургты Францияға қосып алу талабынан бас тартуға тиісті болды.— *445.*

[246] «Күкіртті *банда»* — алғашқыда XVIII ғасырдың 70-жылдарында Йена университетіндегі студенттер бірлестігінің аты, оған бірлестік мүшелерінің жасаған жанжалдары үшін жаман атақ тағылды; кейіннен «Күкіртті банда» деген сөздер қылмысты және күдікті элементтер тобының қандайын болса да белгілеу үшін жалпы атқа айналып кетті.— *447.*

[247] *Шпихерн* түбінде (Лотарингия) және *Вёрте* түбінде (Эльзас) болған шайқастарда Пруссияның әскерлері француз әскери бөлімдерін 1870 жылғы 6 августа жеңді. Франция-Пруссия соғысының ең ірі шайқастарының бірі *Седан* ауданында болды, осының нәтижесінде 1870 жылғы 2 сентябрьде француз армиясы тізе бүкті.— *447.*

[248] *«Ланштурм туралы ереже»* — 1813 жылғы 21 апрельде Пруссияда қабылданған заң; бұл заң Наполеон армиясының тылында және екі жақ қанаттарында партизандық соғыс әдістерімен қимыл жасайтын волонтерлер отрядтарын (ерікті атқыштар) құруды көзделді.— *448.*

249 *Франтирерлер* (ерікті атқыштар) — 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысының кезінде пруссактарға қарсы күреске белсене қатысқан француз партизандарының аты.— *448.*

250 Берлиннің көтеріліс жасаған халқы 19 мартта Пруссия королі IV Фридрих-Вильгельмді сарайдың балконына шығып, 1848 жылы 18 марттағы халық көтерілісі кезінде қаза тапқандардың өліктері алдында бас киімін алуға мәжбүр етті.— *450.*

251 Герман империясының құрамына енген Страсбургті IV Людовиктің 1681 жылғы 30 сентябрьдегі бұйрығы бойынша француз армиясы басып алды. Қаланың епископ Фюрстенберг бастаған католиктік партиясы Францияға қосылуды құптады және француздарға қарсылық көрсетілмеуіне жәрдемдесті.— *451.*

252 XIV Людовик 1679—1680 жылдарда құрған *«Қосушы палаталар»* Франциянын көршілес мемлекеттердің белгілі бір бөліктерін өзіне қосып алу жөніндегі талаптарын заң жүзінде және тарихи жағынан негіздеуге тиіс болды, осының ізінше ол бөліктерді француз әскері басып алып отырды.— *451.*

253 *Картель* — екі консерваторлық партияның («консерваторлардың» және «ерікті консерваторлардың») және национал-либералдардың Бисмарк үкіметін қолдаған блогы, бұл блок 1887 жылғы январьда рейхстагты Бисмарк таратып жібергеннен кейін қалыптасты. 1887 жылғы февральдағы сайлауда картель жеңіп шығып, рейхстагтағы басымдылық жағдайға ие болды (220 орын). Осы блокқа сүйене отырып Бисмарк юнкерлер мен ірі буржуазияның мүдделерін көздеген бірқатар реакциялық заңдар енгізді. Картельге енген партиялардың арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі және 1890 жылғы сайлауда жеңіліс (не бары 132 орын алды) картельдің ыдырауына әкеліп соқтырды.— *456.*

254 Бұл жерде Энгельс 1871 жылғы 18 январьда Версаль сарайында Пруссия королі I Вильгельмнің герман императоры болып жарияланғанын айтып отыр.— *456.*

255 *Прогрессистер* — 1861 жылғы июньде пайда болған Пруссияның буржуазиялық партиясының өкілдері. Прогрессистік партия Германияны Пруссияның басқаруымен біріктіруді және жалпы германдық парламенттің шақырылуын, палата депутаттарының алдында жауапты либерал министрліктің құрылуын талап етті.— *459.*

256 Бұл жерде Бавария мен Вюртембергтің олардың Солтүстік герман одағына (ноябрь, 1870) кіруі туралы шарттарда және Германия империясының конституциясында бекітілген ерекше праволары айтылып отыр. Бавария мен Вюртемберг, атап айтқанда, арақ пен сыраға ерекше салық салуды, почта мен телеграфты дербес басқаруды сақтап қалды. Баварияның, Вюртембергтің, сондай-ақ Саксонияның өкілдерінен Одақтық советте сыртқы саясат мәселелері жөнінде вето правосы бар ерекше комиссия құрылды.— *462, 477.*

257 *Шеффендердің соттары* — Германия империясындағы төменгі инстанциялық соттар; бұлар 1848 жылғы революциядан кейін бірқатар неміс мемлекеттеріне, ал бүкіл Германияға 1871 жылдан бастап енгізіліп, ол кезде үкімет тағайындайтын судьядан және екі заседательден (шеффендерден) құрылды; бұл заседательдер сайланған заседательдерге қарағанда, тек сотталушылардың айыптылығын анықтап қана қоймай, судьямен бірлесе отырып жазалау шарасын да белгіледі; шеффендердің міндеттерін атқару үшін отырықшылық цензі, сондай-ақ қамтамасыз етілген мүліктік жағдайы болуы талап етілді.—*466.*

[258] Бұл арада *Пруссиядағы 1872 жылғы әкімшілік реформасы* айтылып отыр; бұл реформа бойынша деревняда помещиктердің мұралық вотчиналық билігі жойылып, жергілікті жерлерде өзін өзі басқарудың кейбір элементтері енгізілді; іс жүзінде юнкер-помещиктер жергілікті жерлерде өз билігін сақтап қалды; олар сайланатын және тағайындалатын лауазымдардың көпшілігін өздері алды немесе өздерінің қолшоқпарларын отырғызды.— *466.*

[259] Бұл арада 1888 жылы *Англияда* қабылданған *жергілікті басқару реформасы туралы* сөз болып отыр. Бұл реформаға сәйкес шерифтердің міндеттері алым-салық жинап, жергілікті бюджетті және тағы басқаларын билейтін графтықтардың сайланатын советтеріне берілді. Парламентке сайлау правосымен пайдаланатын адамдардың бәріне де, сондай-ақ жасы 30-дан асқан әйелдерге де графтықтардың советтерін сайлауға қатысуға рұқсат етілді.— *467.*

[260] *Ультрамонтандық* — католицизмдегі әсіре реакцияшыл бағыт; ол Рим папасының мемлекет атаулының діни және азаматтық істеріне шексіз ықпал жасауына күш салды. Ультрамонтандықтың жеңіп шығуы нәтижесінде 1870 жылы Ватикан соборы папаның «пәктігі» туралы догмат қабылдады.— *468.*

[261] 1870 жылы 2 октябрьде Папа облысында жүргізілген плебисцит негізінде Папа облысы Итальян корольдігінің құрамына енгізілді. Сөйтіп елді саяси жағынан біріктіру ісі аяқталды, папаның азаматтық билігі жойылды; папаның билігі тек Ватикан мен Латеран сарайларының және қала сыртындағы резиденцияның шеңберлерінде ғана сақталды. Бұған жауап ретінде папа өзін «Ватикан тұтқынымын» деп жариялады. Папа мен итальян үкіметінің арасында ұзақ жылдарға созылған жанжал ресми түрде тек 1929 жылы ғана шешілді.— *468.*

[262] *Вельфтер* — Ганновердің Пруссияға қосылғанынан кейін 1866 жылы құрылған Ганновер партиясы (аты ертедегі ганноверлік князь тегі Вельфтерден шыққан). Бұл партияның алдына қойған мақсаты Ганновер король үйінің праволарын және Германия империясында Ганновер автономиясын қалпына келтіру болды. Орталыққа көбінесе партикулярлық және антипруссиялық ниеттермен қосылды.— *469.*

[263] *«1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасының сыны жөнінде»* деген еңбек Энгельстің оппортунизмге қарсы, герман социал-демократиясының революцияшыл маркстік программасы жолында оппортунизмге қарсы ымырасыз күресінің үлгісі болып табылады. 1875 жылғы Гота программасының орнына жаңа программа қабылданбақ болған Эрфурт съезіне Германия Социал-демократиялық партиясының Партия басқармасы жасаған программасы жобасының Энгельске жіберілуі осы еңбектің жазылуына тікелей себеп болды. Энгельс жобаның саяси талаптарға арналған тарауын, капитализмнің социалистік қоғамға бейбіт ұласу мүмкіндігі туралы оппортунистік идеяны өткізіп жіберуге әрекет жасалған осы тарауды ерекше қатты сынады. Жобаның кемшіліктерін сынауға байланысты Энгельс бұл еңбегінде марксизмнің: пролетарлық қозғалыстың экономикалық және саяси міндеттері мен мақсаттары туралы, мемлекеттік құрылысты демократиялық жолмен қайта құру жолындағы күрестің маңызы туралы, капитализмнен социализмге өтудің әр түрлі жолдары туралы, пролетарлық мемлекет және пролетариат диктатурасы туралы бірқатар қағидаларын дамытады. Энгельстің жасаған сын ескертпелері, сондай-ақ оның талап етуі бойынша сол кезеңде Маркстің «Гота программасына сын» (осы томның 5—27-беттерін қараңыз) деген еңбегінің жариялануы программаның жобасын талқылауды бұдан былайғы барысына және оны талдап жасауға үлкен ықпал етті.

Германия *Социал-демократиялық партиясының* 1891 жылғы октябрьдің 14-інен 21-іне дейін *Эрфуртта* өткен *съезінде* қабылданған программа Гота программасымен салыстырғанда алға үлкен қадам басқандық болып табылды; партияның программасынан реформистік лассальшылдық догмалар алынып тасталды, саяси және экономикалық талаптар неғұрлым анық тұжырымдалды. Программада капиталистік құрылыстың күйреп, социалистік құрылыспен ауыстырылатынының сөзсіз болатындығы ғылыми тұрғыдан негізделді, қоғамды социалистік жолмен қайта құру үшін пролетариат саяси өкімет билігін жеңіп алуға тиісті екені айқын көрсетілді.

Сонымен бірге Эрфурт программасының елеулі кемшіліктері де болды; бұл кемшіліктердің ең бастысы қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың құралы болып табылатын пролетариат диктатурасы туралы қағиданың жоқтығы болды. Сонымен Энгельстің айтқан ең маңызды ескертпесі программаның ақтық текстін талдап жасауда ескерілмеді.

Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасының сыны жөнінде» деген еңбегін герман социал-демократиясының басшылығы ұзақ уақыт бойына жарияламай қойды; ол 1901 жылы ғана «Neue Zeit» журналында басылып шықты.— *470.*

[264] Энгельс бұл жерде 1871 жылы Германия империясының құрамына енген өте шағын екі «суверенді» мемлекетті бір атпен мысқылдап біріктіріп отыр, олар: Рейс князьдардың үлкен және кіші тұқымдарының қолындағы Рейс-Грейц және Рейс-Грейц-Шлейц-Лобенштейн-Эберсдор болатын.—*475.*

[265] *Манчестершілік, манчестерлік мектеп*—экономикалық пікірде өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін көрсеткен бағыт. Бұл бағытты жақтаушылар, фритредерлер, сауда еркіндігін қорғап, мемлекеттің экономикалық өмірге қол сұқпауын талап етті. Үгіт орталығы манчестерде болып, онда бұл қозғалысты екі тоқыма фабриканты — Кобден мен Браит басқарды. 60-жылдарда фритредерлер либерал партияның сол қанатын құрды.—*476.*

[266] Бұл арада 1799 жылғы 18 брюмерде (9 ноябрьде) жасалған мемлекеттік төңкерістің нәтижесінде өзін бірінші консулмын деп жариялаған Наполеон Бонапарттың диктатурасы сөз болып отыр. Бұл режим Францияда 1792 жылғы 10 августа орнатылған республикалық құрылыстың орнын басты. 1804 жылы Францияда ресми түрде империя құрылып, Наполеон император болып жарияланды.— *478.*

[267] Бұл жерде Энгельс француз Жұмысшы партиясының 1830 жылғы ноябрьде Гаврде болған съезде қабылданған программасын айтып отыр. 1880 жылғы майда француз социалистері басшыларының бірі Ж. Гед Лондонға келіп, онда Маркспен, Энгельспен және Лафаргпен бірлесіп, программаның жобасы жасалды. Программаның теориялық кіріспесін Маркс Гедке айтып отырып жаздырды (қараңыз: К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 246-бет).— *480.*

[268] Испанияның Социалистік жұмысшы партиясының программасы 1888 жылы Барселонада болған съезде қабылданды.— *480.*

[269] Филадельфияда болған көрме туралы 40-ескертуді қараңыз. Герман өнеркәсібінің артта қалушылығын өнеркәсіпті Йена деп атап, Энгельс 1806 жылғы октябрьде Наполеон Франциясымен болған соғыста Йена түбіндегі шайқаста Пруссия армиясының талқандалғанын тұспалдап айтып отыр.— *483.*

[270] Еңбекке ақыны товарлармен төлеуге тыйым салған заң 1831 жылы қабылданған-ды; алайда көптеген фабриканттар мұны бұза берді.

Тек жас өспірімдер мен әйел-жұмысшыларға ғана қолданылған *он сағат-*

*тық жұмыс күні туралы заңды* ағылшын парламенті 1847 жылғы 8 июньде қабылдады.— *484.*

271 *«Кіші Ирландия»* («Little Ireland») — Манчестердің оңтүстік шетіндегі, көбінесе ирландықтар тұратын жұмысшы кварталы.

*«Жеті атқыш»* («Seven Dials») — Лондонның орталығындағы жұмысшы кварталы.— *485.*

272 *Коттеджде жүйесі* — фабриканттардың жұмысшыларға тұрғын үйді кіріптарлық шарттармен беріп, пәтер ақысын оның жалақысынан ұстап калуы.— *486.*

273 Бұл арада 1886 жылы 22 январьдан 26 февральға дейін Пенсильвания штатында (АҚШ) болған 10 000-нан астам кен жұмысшыларының ереуілі туралы сөз болып отыр. Ереуілдің барысында жалақысын жоғарылатып, еңбек жағдайларын жақсартуды талап еткен домна және кокс пештерінің жұмысшылары өз талаптарының ішінара қанағаттандырылуына жетті.— *486.*

274 *«The Commonweal»* («Жалпы игілік») — ағылшын апталық журналы, Лондонда 1885—1891 және 1893—1894 жылдары шығып тұрды; Социалистік лиганың органы; 1885—1886 жылдарда Энгельс бұл журналда бірнеше мақаласын бастырды.—*488.*

275 Англияда 1884 жылы бұқаралық қозғалыстың тегеурінімен селолық аудандарда *үшінші парламенттік реформа* жүзеге асырылып, осының нәтижесінде қалалық округтардың халқы үшін белгіленген дауыс беру правосын алу шарттары 1867 жылы (91-ескертуді қараңыз) селолық округтарға да қолданылды. Осы реформадан кейін де Англияда халықтың едәуір тобының: село пролетариаты мен қала кедейлерінің, сондай-ақ барлық әйелдердің сайлау правосы әлі де болса болмады.— *490.*

276 *Бриганияның ғылымның дамуына көмектесу ассоциациясы* 1831 жылы құрылды және Англияда осы уақытқа дейін бар; қоғамның жыл сайын өткізілетін жиналыстарының материалдары есептер түрінде жарияланып тұрады.— *493.*

277 Бұл мақаланы Энгельс итальян еңбекшілері Социалистік партиясының басшылары Кулишова мен Туратидің ел ішінде еңбекшілердің кеңінен өрістеп отырған бұқаралық қозғалысы жағдайларында партияның қолданатын тактикасы туралы мәселе жөнінде пікір айтуын сұраған өтінішіне жауап ретінде жазды. Италияда болғалы келе жатқан революцияның буржуазиялық сипатын атап көрсете келіп, Энгельс осы революцияға пролетариаттың белсенді түрде қатысуын қамтамасыз етіп, оның таптық дербестігін сақтау үшін социалистердің жүргізуге тиісті тактикасын белгілеп берді.— *498.*

278 *«Ден қойған»* республикашылдар деп Ф. Кавалотти лидері болған итальян радикалдарын атады. Ұсақ және орта буржуазияның мүдделерін көздеген радикалдар бірқатар жағдайларда социалистермен келісімге келе отырып, демократиялық позицияларда болды.—*499.*

279 Бұл арада ұсақ буржуазиялық демократтардың — Ледрю-Ролленнің, Флоконның және ұсақ буржуазиялық социалист Луи Бланның, сондай-ақ құпия революцияшыл қоғамдарға қатысушы механик Альбердің Француз республикасының 1848 жылғы 24 февральда құрылған уақытша үкіметіне қатысулары туралы сөз болып отыр.— *501.*

280 *«Франция мен Германиядағы шаруа мәселесі»* деген еңбек марксизмнің аграрлық мәселе жөніндегі өте бір маңызды документі болып табылады. Энгельстің бұл шығарманы жазуына тікелей себеп болған жағдай — Фольмар-

дың және басқа да оппортунистердің 1894 жылы герман социал-демократиясының Франкфурт съезінде аграрлық программаның жобасын талқылауды деревняның кулак элементтерінің бірте-бірте социализмге сіңісіп кетуі туралы және тағы басқалар туралы марксизмге жау «теорияларды» өткізіп жіберу үшін пайдалану әрекеттері болды. Бұл мәселе жөнінде Энгельсті баспасөз бетінде пікір айтуға итермелеген тағы бір жағдай өздерінің аграрлық программасында (1892 жылы Марсельде болған съезде қабылданған және 1894 жылы Нантта болған съезде толықтырылған программасында) марксизмнен шегінуге және оппортунизмнің ырқына көнуге жол берген француз социалистерінің қателерін түзетуге ұмтылу болды.

Сонымен қатар Энгельс бұл еңбегінде шаруалардың әр түрлі топтары жөнінде пролетариаттың қолданатын саясатының революциялық негіздерін түсіндіріп, жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағы туралы идеяны одан әрі дамытады.

Аграрлық мәселе жөнінде Энгельстің айтқан терең идеяларын В. И. Ленин деревняны социалистік жолмен қайта құрудың кооперативтік жоспарын талдап жасау үстінде жан-жақты дамытты.— *503.*

281 *«Sozialdemokrat»* («Социал-демократ») — Германияның Социал-демократиялық партиясының апталық газеті, 1894—1895 жылдарда Берлинде шығып тұрды.

Энгельс айтып отырған Лафаргтің «Шаруалар меншігі және экономикалық даму» деген баяндамасы 1894 жылғы 18 октябрьде газетке берілген қосымшада жарияланды.— *519.*

282 Прус ұлтының қасиетті герман империясы туралы айтқанда, Энгельс герман ұлтының орта ғасырдағы Қасиетті Рим империясының атын өзгертіп айтып отыр (176-ескертуді қараңыз), сөйтіп Германияның бірігуі Пруссияның басқаруымен болғанын және герман жерлерін прустандырумен қоса жүргенін баса көрсетеді.— *522.*

283 *«Über Land und Meer»* («Құрылықпен және теңізбен») — немістің апталық иллюстрациялы журналы, 1858 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды.— *524.*

284 1877 жылы 30 октябрь — 6 ноябрьде Маркске жазған өзінің хатында Блос, дюрингшілдердің 1877 жылғы Гота съезіндегі әрекетін еске ала отырып, Маркс пен Энгельстің Германиядағы партиялық жолдастарға шынымен кейітін-кеймейтінін сұрады. Неміс жұмысшыларының Маркс пен Энгельстің баспасөз бетінде шыққан мақалаларына қашанғыдан да гөрі үлкен ілтипатпен қарайтынын атап көрсетіп, Блос социал-демократтардың жүргізген үгіт жұмысының арқасында, Маркс пен Энгельстің есімдері олардың өздерінің ойлағандарынан гөрі анағұрлым әйгілі тұлғаларға айналды деп жазды.— *527.*

285 Бұл жерде Әділеттілер одағының уставы айтылып отыр. Коммунистер одағының Уставын жасауға Маркс пен Энгельс белсене қатысты. Устав 1847 жылғы июньде Одақтың бірінші конгресінде талданып жасалды. Одақтың қауымдары талқылағаннан кейін ол тағы да екінші конгресте қаралып, 1847 жылғы 8 декабрьде біржолата бекітілді. (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 524—529-беттер).— *527.*

286 *«Еңбек рыцарьлары ордені»* — американ жұмысшыларының ұйымы, ол 1869 жылы Филадельфияда құрылып, 1878 жылға дейін құпия қоғам сипатында болды; Орден көбінесе маман емес жұмысшыларды, соның ішінде негрлерді біріктірді; кооперативтер құрып, өзара көмек ұйымдастыруды өз мақсаты етіп қойды. Орденнің басшылығы, шынына келгенде, жұмысшылардың саяси күреске қатысуын қабылдамай, таптардың ынтымақтықта болу позициясын ұстады; Орденнің басшылығы 1886 жылы жалпы ұлттық стачкаға

қарсы шығып, өз мүшелерінің оған қатысуына тыйым салды; бұған қарамастан Орденнің қатардағы мүшелері стачкаға қатысты; осыдан кейін Орден жұмысшы бұқарасының арасында өз ықпалын жоғалта бастады да, 90-шы жылдардың аяғында ыдырады.— *529.*

[287] Бұл арада П. Барттың 1890 жылы Лейпцигте шыққан «Die Geschichtsphilosophie Hegels und Hegelianer *bis* auf Marx und Hartmann» («Гегель мен гегельшілдердің Гартманды қоса Маркске дейінгі тарих философиясы») деген кітабы сөз болып отыр.— *530, 543, 544.*

[288] *«Deutsche Worte»* («Неміс сөзі») — Австрияның экономикалық және қоғамдық-саяси журналы, 1881 жылдан 1904 жылға дейін Венада шығып тұрды.

М. Вирттің «Гегель жөніндегі жүгенсіздік және қазіргі Германияда оған жасалған қуғын» деген мақаласы журналдың 1890 жылғы 5-номерінде жарияланды.— *530.*

[289] *«Berliner Volks-Tribüne»* («Берлиннің халықтық трибунасы») — жартылай анархистік «жастар» тобына жақын тұрған апталық социал-демократиялық газет; 1887 жылдан 1892 жылға дейін шығып тұрды.

«Әркімге — оның еңбегінің толық өнімі берілсін» деген мәселе жөніндегі дискуссияның материалдары газетте 1890 жылдың 14 нюнінен 12 июліне дейін басылды.— *531.*

[290] Мерингтің «Тарихи материализм туралы» деген мақаласы 1893 жылы оның «Лессинг жайындағы аңыз» деген кітабына қосымша ретінде басылып шықты.— *543.*

[291] Бұл жерде Н. Ф. Даниельсонның 1893 жылы С. Петербургте Николай — он деген бүркеншік атпен шыққан «Реформадан кейінгі біздің қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» — деген кітабы айтылып отыр. Энгельс хатында «Очерктері» деген сөзді орысша жазған.— *548.*

[292] *«Sozialpolitisches Centralblatt»* («Әлеуметтік-саяси орталық газет») — апталық социал-демократиялық газет; Берлинде 1892—1895 жылдарда шығып тұрды. 1893 жылғы 1-ші номерінде П. Струвенің «Россияның капиталистік дамуын бағалау» деген мақаласы басылды.— *548.*

[293] Бұл хатты бірінші рет «Der Sozialistische Akademiker» («Социалистік ғалым») журналының қызметкері Г. Штаркенбург кімге екенін көрсетпей журналдың 1895 жылғы 20-номерінде жариялады. Осыған байланысты бұрынғы басылымдарда хат Штаркенбургке жіберілген деп қате көрсетіліп жүрді.— *551.*

[294] Бұл арада Г. Гюлихтың 1830—1845 жылдарда Йенада басылып шыққан «Geschichtliche Darstellung des Handels, der Gewerbe und des Ackerbaus der bedeutendsten handeltreibenden Staaten unserer Zeit» («Біздің заманымыздың ең маңызды сауда мемлекеттерінің саудасы мен өнеркәсібінің және егіншілігінің тарихи суреттемесі») деген көп томды еңбегі айтылып отыр.— *553.*

[295] Бұл арада В. Зомбарттың «К. Маркстің экономикалық системасының сыны жөнінде» деген мақаласы сөз болып отыр, ол мына журналда жарияланды: «Archiv für sociale Gesetzgebung und Statistik» («Әлеуметтік заңдар мен статистика мәселелері жөніндегі архив»), VII том, 1894 жыл.— *554.*

[296] Ф. Энгельс 1895 жылы майда ««Капиталдың» үшінші томына қосымшалар»: «Құн заңы және пайда нормасы» және «Биржа» деген еңбек жазды (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 25-том, II бөлім, 459—486-беттер).— *556.*

# ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

## А

*Август* (біздің заманымыздан бұрынғы 63 ж.— біздің заманымыздың 14 ж.) — Рим императоры (біздің заманымыздан бұрынғы 27 ж.—біздің заманымыздың 14 ж.).— *317, 319, 341.*

*Агассис* (Agassiz), Луи Жан Рудольф (1807—1873) — Швейцария зоологы әрі геолог, идеалистік апат теориясы мен құдайдың құдіретті күші идеясын уағыздаған.— *252.*

*I Александр* (1777—1825) — орыс императоры (1801—1825) — *417, 449.*

*II Александр* (1818—1881) — орыс императоры (1855—1881).— *174, 437, 439.*

*Александр Македонский* (біздің заманымыздан бұрынғы (356—323)— ежелгі дүниенің әйгілі қолбасшысы және мемлекет қайраткері.—*260.*

*Альбрехт* (Albrecht), Карл (1788—1844) — неміс кепесі; «демаготтардың» оппозициялық қозғалысына қатысқаны үшін 6 жыл түрмеде отыруға кесілген. 1841 жылы Швейцарияға келіп қоныстанып, онда Вейтлингтің утопиялық коммунизміне жақын идеяларды діни-мистикалық формада уағыздады.—*197.*

*Аммиан Марцеллин* (шамамен 332 — шамамен 400) — Рим тарихшысы, «Тарих» шығармасының авторы.— *269.*

*Анакреонт* (біздің заманымыздан бұрынғы VI ғ. екінші жартысы) — ежелгі грек лирик-ақыны.— *276.*

*Анаксагор* Клазоменнен шыққан (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 500—428) ежелгі грек материалист-философы.— *103, 125.*

*Анаксандрид* (біздің заманымыздан бұрынғы VI ғ.) біздің заманымыздан бұрынғы 560 жылдан билік жүргізген Спарта патшасы, Аристонмен қоса билеуші.— *263.*

*Аппиан* (I ғ. аяғы — II ғ. 70-ші жылдары) — ежелгі Рим тарихшысы.— *411.*

*Аппий Клавдий* (біздің заманымыздан бұрынғы 448 ж. шамасында өлген) — Римнің мемлекет қайраткері, 12 кестелі заңды шығарған децемвирлер комиссиясы мүшелерінің бірі (451—450).— *318.*

*Аристид* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 540—467 жж.) — ежелгі грек саяси қайраткері, қолбасшы.— *312.*

*Аристон* (біздің заманымыздан бұрынғы VI ғ.) — Спарта патшасы (біздің заманымыздан бұрынғы 574—520), Анаксандридпен қоса билеуші.— *263.*

*Аристотель* (біздің заманымыздан бұрынғы 384—322) — ежелгі заманның ұлы ойшылы; философияда материализм мен идеализмнің арасында толқыған; құл иеленушілер табының идеологы.— *62, 137, 304.*

*Аристофан* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 446—385) — ежелгі гректің белгілі драматургы; саяси комедиялардың авторы.—*264.*

*Аркрайт* (Arkwright), Ричард (1732—1792) — ағылшын кәсіпкері; Англияда жасалған басқалардың өнертапқыштық жаңалықтарының бірқатар патенттерін пайдаланып кеткен.— *117.*

*Арндт* (Arndt), Эрнст Мориц (1769—1860) — неміс жазушысы, тарихшы

және филолог, ұлтшылдық пиғылдан арылмаған.— *421.*

*Артаксеркс* — Ахеменидтер әулетінен шыққан үш ежелгі парсы патшасының есімі.— *323.*

*Аугустенборгский,* Фридрих (Фредерик) (1829—1880) — принц Шлезвиг — Гольштейн — Зонденбург-Аугустенборгский, 1863 жылдан VIII Фридрих деген есіммен Шлезвиг-Гольштейннің герцогы.—*438.*

*Ауэр* (Auer), Игнац (1846—1907) — неміс социал-демократы, социал-демократиялық партияның басшыларының бірі, рейхстагқа бірнеше рет депутат болып сайланған; кейініректе реформизм позицияларына өткен.— *5, 7.*

## Б

*Бабёф* (Babeuf), Гракх шын аты Франсуа *Ноэль* (1760—1797) — француз революционері, утопиялық теңгерме коммунизмнің аса көрнекті өкілі, «терезесі тендердің» заговорын ұйымдастырушы.— *127.*

*Байи* (Bailly), Жан Сильвен (1736—1793) — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының қайраткері, либералдық конституцияшыл буржуазия басшыларының бірі.—*185.*

*Бакленд* (Buckland), Уильям (1784—1856)—ағылшын геологы және священнигі, өз еңбектерінде геология мәліметтері мен таурат аңыздарын ымыраға келтіруге тырысқан.—*106.*

*Бакунин,* Михаил Александрович (1814—1876) — орыс демократы публицист, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысқан, анархизм идеологтарының бірі; I Интернационалда марксизмнің қас жауы болған; 1872 жылы Гаага конгресінде жікшілдік әрекеті үшін I Интернационалдан шығарылған.— *6, 7, 33, 381, 399.*

*Банг* (Bang), Антон Кристиан (1840—1913) — норвег теологы, Скандинавия мифологиясы және Норвегиядағы христиандықтың тарихы жөніндегі еңбектердің авторы.— *333.*

*Банкрофт* (Bancroft), Хьюберт Хау (1832—1918) американ буржуазияшыл тарихшысы, тарих және этнография жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—*250, 253, 353.*

*Барбес* (Barbès), Арман (1809—1870) — француз революционері, ұсақ буржуазияшыл демократ, 1848 жылғы революцияның белсенді қайраткері, 1848 жылғы 15 майдағы оқиғаларға қатысқаны үшін өмір бойы түрме жазасына кесіліп, 1854 жылы кешірім алған.— *190.*

*Барт* (Barth), Пауль (1858—1922) — немістің буржуазияшыл философы және социологы, Лейпциг университетінің оқытушысы.— *190.*

*Бауэр* (Bauer), Бруно (1809—1882) немістің идеалист-философы, жас гегельшілдердің аса көрнектілерінің бірі, буржуазияшыл радикал, 1866 жылдан кейін национал-либерал.— *82, 381, 382, 399.*

*Бауэр* (Bauer), Генрих — неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Әділеттілер одағы басшыларының бірі, Коммунистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, 1851 жылы Австралияға эмиграцияға кеткен.— *190, 191, 201, 204, 206.*

*Бахофен* (Bachofen), Иоганн Якоб (1815—1887) — Швейцарияның аса көрнекті тарихшысы және юрисі, «Аналық право» атты еңбектің авторы.— *211, 213—215, 217, 219, 221, 241, 242, 250—253, 257, 281.*

*Бебель* (Bebel), Август (1840—1813) халықаралық және неміс жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, 1867 жылдан Неміс жұмысшылары одағына басшылық еткен, I Интернационалдың мүшесі, 1867 жылдан рейхстагтың депутаты, неміс социал-демократиясының негізін қалаушылардың және оның көсемдерінің бірі, Маркс пен Энгельстің досы және серігі.— *5, 7, 28—35, 38, 92, 442.*

II Интернационалдың қайраткері.— *Беда, Аса құрметті Беда* (673—735 ж. ж. шамасы) — ағылшын-саксон ғалымы, монах, тарихшы.—*330.*

*Бейль* (Bayle), Пьер (1647—1706) француздың скептик-философы.— *414.*

*Бек* (Beck), Александр — неміс тігіншісі, Әділеттілер одағының мүшесі, 1846 жылдың аяғында Одақтың ісі бойынша тұтқындалған; Коммунис-

тердің Кёльн процесінде (1852) куәретінде тартылған.— *192.*

*Беккер* (Becker), Август (1814—1871) — неміс публицисі, Швейцариядағы Әділеттілер одағының мүшесі, Вейтлингтің жақтаушысы; Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатынасқан; елуінші жылдардың басында Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетіп, демократиялық газеттерде қызмет істеген.— *192.*

*Беккер* (Becker), Бернхард (1826—1891) — неміс публицисі және тарихшысы, лассальшыл, кейінірек эйзенахшылдарға қосылған.—*8.*

*Беккер* (Becker), Вильгельм Адольф (1796—1846) — неміс тарихшысы, ежелгі тарих жөніндегі еңбектердің авторы.— *298.*

*Беккер* (Becker), Герман Генрих (1820—1885) — неміс юрисі және публицисі, 1850 жылдан Коммунистер одағының мүшесі; коммунистердің Кёльн процесінде (1852) сотқа тартылғандардың бірі; кейіннен национал-либерал.—*208, 209.*

*Бёме* (Böhme), Якоб (1575—1624) неміс қолөнершісі, мистик-философ.— *104.*

*Бенедетти* (Benedetti), Венсан (1817—1900) француз дипломаты, 1864—1870 жылдары Берлинде елші болған.— *446.*

*Бёнигк* (Boenigk), Отто, барон *фон* — немістің қоғам қайраткері; Бреславль университетінде социализм туралы лекциялар оқыған.— *533.*

*Берендс* (Berends), Юлиус (1817 жылы туған) — Берлиндегі баспахана иесі, ұсақ буржуазиялық демократ; 1848 жылы Пруссия Ұлттық жиналысының депутаты, сол қанатында болған.— *184.*

*Бёрнс* (Burns), Джон (1858—1943) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері, 80-ші жылдарда жаңа тредюниондар лидерлерінің бірі болған, 90-шы жылдарда либерал тредюнионизм позициясына өтіп, социалистік қозғалысқа қарсы шыққан.— *496.*

*Бернштейн* (Bernstein), Эдуард (1850—1932) — неміс социал-демократы, публицист, «Sozialdemokrat» газетінің редакторы (1881—1890); 1889 және 1893 жылдардағы халықаралық социалистік жұмысшы конгрестерінің делегаты, Энгельс қайтыс болғаннан кейін марксизмге реформистік тұрғыдан ашықтан-ашық ревизия жасамақ болған.— *92, 543.*

*Бёрнштейн* (Börnstein), Арнольд Бернхард Карл (1808—1849) — немістің ұсақ буржуазиялық демократы, 1848 жылғы апрельде Баден көтерілісіне қатысқан Париждегі неміс эмигранттарының ерікті легіоны басшыларының бірі.— *201.*

*Бертло* (Berthelot), Пьер Эжен Марселен (1827—1907) — француздың белгілі химигі, буржуазиялық саяси қайраткер— *393.*

*Бир* (Byr), Роберт (*Байер* Карл Роберттің әдеби бүркеншік аты) (1835—1902) — немістің романист жазушысы.— *524.*

*Бисмарк* (Bismarck), Отто, князь (1815—1898)—Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері және дипломаты, Пруссия юнкерлерінің өкілі, Пруссияның министр-президенті (1862—1871), Герман империясының канцлері (1871—1890).— *18, 19, 34, 38, 95, 156, 207, 263, 426, 434—447, 448—454, 458—467, 468, 491, 546.*

*Блан* (Blanc), Луи (1811—1882) — француздың ұсақ буржуазиялық социалисі, тарихшы; 1848 жылы уақытша үкіметтің мүшесі және Люксембург комиссиясының председателі, 1848 жылдың августынан Лондондағы ұсақ буржуазиялық эмиграция басшыларының бірі.— *202, 205, 393, 501.*

*Бланки* (Blanqui), Луи Огюст (1805—1881) — француз революционері, утопист-коммунист, 1848 жылғы революция кезінде Франциядағы демократиялық және пролетарлық қозғалыстың әсіре солшыл қанатында болған; бірнеше рет түрме жазасына кесілген.— *190.*

*Блейхрёдер* (Bleichröder), Герсон 1822—1893)—неміс финансисі, Бисмарктың жеке банкирі, Бисмарктың финанс істері жөніндегі ресми емес кеңесшісі әрі әр түрлі жалдаптық қулықтарының делдалы.— *366, 436, 440.*

*Блос* (Blos), Вильгельм (1849—1927) — герман социал-демократы, журналист әрі тарихшы; 1872—1874

жылдарда «Volksstaat» редакторларының бірі, рейхстаг мүшесі, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында социал-шовинист.— *527.*

*Блох* (Bloch), Йозеф «Sozialistische Monatshefte» журналының редакторы.— *537, 543.*

*Болингброк* (Bolingbroke), Генри (1678—1751) — ағылшынның деист философы әрі саяси қайраткері, тори партиясы лидерлерінің бірі.— *115.*

*Бонапарт* (Bonaparte), Наполеон Жозеф Шарль Поль (1822—1891) — Жером Бонапарттың баласы, Луи Бонапарттың немере інісі, Екінші республика тұсында Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты.— *86.*

*Бонье* (Bonnier), Шарль (1863 жылы туған) — француз социалисі, журналист.—*239.*

*Боргиус* (Borgius), В.— *551—553.*

*Борн* (Born), Стефан (шын аты Симон *Буттермильх)* (1824—1898) — неміс жұмысшысы, Коммунистер одағының мүшесі, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революция кезінде герман жұмысшы қозғалысындағы реформизмнің алғашқы өкілдерінің бірі ретінде көрінген.— *202.*

*Борнштедт* (Bronstedt), Адальберт (1808—1851) — немістің ұсақ буржуазияшыл демократы, «Deutsche-Brüsseler Zeitung»-тің негізін қалаушы әрі редакторы (1847—1848), Коммунистер одағының мүшесі, 1848 жылдың мартында Одақтан шығарылған; 1848 жылғы Баден көтерілісіне қатысқан Париждегі неміс эмигранттары ерікті легионын ұйымдастырушылардың бірі.— *201.*

*Брайт* (Bright), Джон (1811—1889)— ағылшын фабриканты, фритредер, Астық заңдарына қарсы лиганың негізін қалаушылардың бірі, 60-шы жылдардың аяқ шенінен бастап либералдар партиясының лидерлерінің бірі, либералдар кабинеттерінде бірсыпыра министрлік қызметте болған.— *120, 475, 488.*

*Бракке* (Bracke), Вильгельм (1842—1880) — неміс социал-демократы. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының (эйзенахшылдар) негізін салушылардың (1869) және басшыларының бірі, Маркс пен Энгельске жақын болып, лассальшылдыққа қарсы күрес жүргізген.— *6, 7, 31, 34, 92.*

*Браун* (Braun), Генрих (1854—1927) — неміс социал-демократы, реформист, журналист, бірсыпыра газет-журналдардың редакторы.— *554.*

*Брентано* (Brentano), Луйо (1844—1931) — немістің буржуазияшыл тұрпайы экономисі, катедер-социализмнің басты өкілдерінің бірі.— *123, 492.*

*Бродхёрст* (Brodhurst), Генри (1840—1911) — ағылшын саяси қайраткері, тред-юниондар лидерлерінің бірі, реформист, Тред-юниондар конгресі Парламенттік комитетінің секретары (1875—1890), либералдар партиясынан парламент мүшесі.— *496.*

*Бруно* (Bruno), Джордано (1548—1600) — итальянның ұлы ойшылы, материалист және атеист, өз идеяларынан безуден бас тартқаны үшін инквизиция өртеп өлтірген.— *42.*

*Бугге* (Bugge), Эльзеус Софус (1833—1907) — норвег филологы, ежелгі Скандинавия әдебиеті мен мифологиясы жөніндегі зерттеулердің авторы.— *333.*

*Бужар* (Bougeart), Альфред (1815—1882) — француз публицисі, XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.— *185.*

*Бурбаки* (Bourbaki), Шарль (1816—1897) — француз генералы, 1870—1871 жылдары Франция-Пруссия соғысы кезінде гвардия басқарған, кейін 18-ші корпус пен Шығыс армиясына қолбасшылық еткен.—*449.*

*Бурбондар*— Франциядағы корольдер әулеті (1589—1792, 1814—1815 және 1815—1830).— *407.*

*Бэкон* (Bacon), Фрэнсис, *Верулам* бароны, (1561—1626) — ағылшынның аса көрнекті философы, ағылшын материализмінің негізін салушы.— *64, 104—109, 139.*

*Бэр* (Baer), Карл Эрнст (Карл Максимович) (1792—1876) — орыстың аса көрнекті жаратылыс зерттеушісі, эмбриологияның негізін салушы,

Германия мен Россияда жұмыс істеген.— *49.*

*Бюргерс* (Bürgers), Генрих (1820—1878) — немістің радикал публицисі, «Rheinische Zeitung» газетінің кызметкері (1842—1843), «Neue Rheinische Zeitung» газеті редакторларының бірі, 1850 жылдан Коммунистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, коммунистердің Кёльн процесінде (1852) сотка тартылғандардың бірі, кейіннен прогрессист.— *182, 206.*

*Бюхнер* (Büchner), Георг (1813—1837) — неміс жазушысы, революцияшыл демократ, 1834 жылы Гесенде революцияшыл жасырын Адам праволары қоғамын ұйымдастырушылардың бірі, «Лашықтарға тыныштық, сарайларға соғыс!» деген ұранмен Гессен шаруаларына арналған үндеудің авторы.— *190.*

*Бюхнер* (Büchner), Людвиг (1824—1899) — немістің буржуазияшыл физиологы және философы. тұрпайы материализмнің өкілі.—*63, 387, 524.*

*Бюше* (Buchez), Филипп (1796—1865) — француз саяси қайраткері және тарихшысы, буржуазиялық республикашыл, христиандық социализм идеологтарының бірі.—*21, 31.*

## В

*Вагнер* (Wagner), Рихард (1813—1883) — немістің ұлы композиторы.—*238, 239.*

*Вайц* (Waitz), Георг (1813—1886) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, орта ғасырлардағы Германия тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.— *336.*

*Ваксмут* (Wachsmuth), Эрнст Вильгельм Готлиб (1784—1866) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, ежелгі заман мен Европа тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.— *264, 546.*

*Вальдерзее* (Waldersee), Фридрих Густав, граф (1795—1864) — Пруссия генералы және әскери жазушы, соғыс министрі (1854—1858).— *433.*

*Вандербилттер* — Американың аса ірі финанс және өнеркәсіп шонжарларының әулеті.— *434, 485, 538.*

*Вар* (Публий Квинтилий Вар) (біздің заманымыздан бұрынғы 53 жылдар шамасы—біздің заманымыздың 9 жылы) — Римнің саяси қайраткері және қолбасшысы, Германия провинциясының билеушісі (біздің заманымыздың 7—9 жылдары), герман тайпаларының көтерілісі кезінде Тевтобург орманындағы шайқаста қаза болған.— *317.*

*Вейтлинг* (Weitling), Вильгельм (1808—1871) — Германия жұмысшы қозғалысының жаңа туып келе жатқан кезеңіндегі көрнекті қайраткері, утопиялық теңгерме коммунизм теоретиктерінің бірі.— *137, 192—197, 198, 205, 206.*

*Веледа* (I ғ.) — Рим билеп-төстеушілеріне қарсы күреске (69—70 не 69—71) белсене қатысқан, германдық бруктер тайпасынан шыққан көріпкел әулие әйел.— *334.*

*Веллингтон* (Wellington), Артур Уэлсли, герцог (1769—1852) — ағылшын қолбасшысы және мемлекет қайраткері, торн; премьер-министр (1828—1830), сыртқы істер министрі (1834—1835); 1808—1814 және 1815 жылдарда Наполеон Франциясына қарсы соғыстарда әскер бастаған.— *249.*

*Велькер* (Welcker), Карл Теодор (1790—1869) — неміс юрисі, 1848—1849 жылдарда Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, оңшыл орталықта болған.— *431.*

*Венедей* (Venedey), Якоб (1805—1871) — немістің радикал публицисі, 1848—1849 жылдардағы Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, сол канатта болған; кейіннен либерал.—*190.*

*Вермут* (Wermuth), Ганновердегі полицей директор, Кёльндегі коммунистердің процесінде (1852) куә болған; Штибермен бірлесіп «Он тоғызыншы ғасырдағы коммунистік заговорлар» деген кітапты құрастырған.— *189, 199.*

*Вестермарк* (Westermarck), Эдвард Александр (1862—1939) — финнің буржуазияшыл этнографы және социологы.— *251.*

*Вестфален* (Westhalen), Фердинанд *фон* (1799—1876) — Пруссияның мемлекет қайраткері, ішкі істер министрі (1850—1858) реакционер; Женни Маркстің өгей ағасы.—*84.*

*Виктория* (1819—1901) — ағылшын королевасы (1837—1901).— *82.*
*Виллих* (Willich), Август (1810—1878) — прусс офицері, Коммунистер одағының мүшесі, 1849 жылғы Баден-Пфальц көтерілісіне қатысушы; 1850 жылы Коммунистер одағынан бөлініп кеткен сектанттық-авантюристік фракция лидерлерінің бірі; 1853 жылы Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кеткен, солтүстіктіктер жағында болып Азамат соғысына қатысқан.— *188, 204, 205, 206.*
*I Вильгельм* (1797—1888) — Пруссия принці, принц-регент (1858—1861), Пруссия королі (1861—1888) және герман императоры (1871—1888).— *428, 432, 450, 546.*
*III Вильгельм* (1817—1890) — Нидерланды королі (1849—1890).— *445.*
*Вирт* (Wirth), Мориц (1849—1916 жылдан кейін өлген) — неміс публицисі, экономист.— *530.*
*Вирхов* (Wirchow), Рудольф (1821—1902) немістің белгілі жаратылыс зерттеушісі, буржуазияшыл саяси қайраткер; дарвинизмнің қарсыласы.— *61.*
*Вольтер* (Voltaire), Франсуа Мари (шын фамилиясы *Аруэ*) (1694—1778) — француздың аса көрнекті ағартушысы, деист-философы, сатирик жазушы, тарихшы.—*391, 414.*
*Вольф* (Wolff), Вильгельм (1809—1864) — немістің пролетарлық революционері, 1848 жылдың мартынан Коммунистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, 1848—1849 жылдарда (Neue Rheinische Zeitung», редакторларының бірі, Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты; Англияға эмиграцияға кеткен; Маркс пен Энгельстің досы және серігі.— *186, 187, 198, 201, 202.*
*Вольф* (Wolff), Каспар Фридрих (1733—1794) — аса көрнекті жаратылыс зерттеушісі, организмдердің дамуы туралы ілімнің негізін қалаушылардың бірі; Германияда, Россияда жұмыс істеген.— *49.*
*Вольф* (Wolff), Христиан (1679—1754) — немістің идеалист философы, метафизик.— *45, 64.*
*Вольфрам фон Эшенбах* (шамамен 1170— шамамен 1220) — орта ғасырдағы неміс ақыны.— *270.*

## Г

*Габсбургтер* — 1273 жылдан 1806 жылға дейін (үзілістермен) қасиетті Рим империясы деп аталатынның императорларының, Австрия императорларының (1804 жылдан) және Австро-Венгрия императорларының (1867—1918) әулеті.— *186.*
*Газенклевер* (Hasenclever), Вильгельм (1837—1889) — неміс социал-демократы, лассальшыл, Жалпы герман жұмысшы одағының президенті (1871—1875).— *28, 34.*
*Гай* (II ғ.) — Рим правосын жүйеге келтірген көрнекті Рим юрисі.— *258.*
*Галле* (Galle), Иоганн Готфрид (1812—1910) — неміс астрономы, Леверьенің есептеулері негізінде 1846 жылы Нептун планетасын ашқан адам.—*385.*
*Ганземан* (Hansemann), Давид (1790—1864) — немістің ірі капиталисі, Рейн либерал буржуазиясы басшыларының бірі; 1848 жылдың март—сентябрінде Пруссияның финанс министрі.— *81, 431.*
*Гарди* (Hardie), Джемс Кейр (1856—1915) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері, реформист, Шотландия жұмысшы партиясы (1888 жылдан) мен Тәуелсіз жұмысшылар партиясының (1893 жылдан) негізін қалаушысы және лидері, лейбористік партияның белсенді қайраткері.— *496.*
*Гарибальди* (Garibaldi), Джузеппе (1807—1882) — итальян революционері, демократ, Италиядағы ұлтазаттық қозғалысының көсемі.— *425, 453.*
*Гарни* (Harney), Джордж Джулиан (1817—1897) — ағылшын жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, чартизмнің сол қанаты көсемдерінің бірі; чартистердің бірқатар мерзімдік басылымдарының редакторы; Маркспен және Энгельспен байланыста болған.— *196.*
*Гартли* (Hartley), Давид (1705—1757) — ағылшын дәрігері, материалист-философ.— *105.*
*Гартман* (Hartmann), Эдуард (1842—1906) немістің идеалист-философы.— *63.*

*Гассельман* (Hasselmann), Вильгельм (1844 жылы туған) — лассальдық Жалпы герман жұмысшы одағы басшыларының бірі, 1871—1875 жылдарда «Neuer Social-Demokrat» газетінің редакторы; 1875 жылдан бастап герман социал-демократиялық партиясының мүшесі, 1880 жылы анархист ретінде партиядан шығарылған.— *17, 28, 34.*

*Гацфельдт* (Hatzfeldt), Софья, графиня (1805—1881) — Лассальдың досы және жақтасы.— *37.*

*Гёгг* (Goegg), Амандус (1820—1897) — неміс журналисі, ұсақ буржуазияшыл демократ, 1849 жылғы Баден уақытша үкіметінің мүшесі, революция жеңілгеннен кейін Германиядан шетелге кеткен; 70-жылдарда герман социал-демократиясына қосылған.— *31, 205.*

*Гегель* (Hegel), Георг Вильгельм Фридрих (1770—1831) — неміс классикалық философиясының аса ірі өкілі, объективтік идеалист.—*45, 62, 65, 66, 108, 125, 126, 133, 137, 141, 144, 363, 372—389, 395, 399, 400, 401—404, 411, 542, 543, 544.*

*Гейб* (Geib), Август (1842—1879) — неміс социал-демократы, Гамбургтегі кітап саудагері; Жалпы герман жұмысшы одағының мүшесі; Эйзенах съезіне (1869) қатысушы, Социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізін қалаушылардың бірі, партияның казначейі (1872—1878), рейхстаг мүшесі (1874—1877).— *5, 7.*

*Гейне* (Heine), Генрих (1797—1856) — немістің революцияшыл ұлы ақыны.— *64, 374, 452, 527.*

*Гейсер* (Häusser), Людвиг (1818—1867) — немістің буржуазияшыл тарихшысы және саяси қайраткері, либерал, Гейдельбергте профессор болған.— *430.*

*IV Генрих* (1553—1610) — *452.* Француз королі (1589—1610).

*VII Генрих* (1457—1509) — ағылшын королі (1485—1509)—*113.*

*VIII Генрих* (1491—1547) — ағылшын королі (1509—1547).—*113.*

*Гераклит* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 540—480 ж. ж.) — ежелгі гректің аса көрнекті философы, диалектиканың негізін салушылардың бірі, стихиялық материалист.— *138.*

*Гервег* (Herwegh), Георг (1817—1875) — немістің белгілі ақыны, ұсақ буржуазияшыл демократ.— *201.*

*Гервинус* (Gervinus), Георг Готфрид (1805—1871) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, либерал; 1848 жылы Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты.— *430.*

*Геродот* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 484—425 жж.) — ежелгі грек тарихшысы.— *264.*

*Гершель* (Hersche), Уильям (1738—1822) — ағылшынның белгілі астрономы.— *46.*

*Гёте* (Herschel), Иоганн Вольфганг (1749—1832) — немістің ұлы жазушысы және ойшылы.— *19, 54, 107, 145, 376, 378, 388, 455.*

*Гизо* (Guizot), Франсуа Пьер Гийом (1787—1874) — француздың буржуазияшыл тарихшысы және мемлекет қайраткері, 1840 жылдан 1848 жылға дейін іс жүзінде Францияның ішкі және сыртқы саясатына басшылық еткен.— *82, 407, 553.*

*Гладстон* (Gladstone), Роберт (1811—1872) — ағылшын комерсанты, буржуазияшыл филантроп, Уильям Гладстонның немере інісі.— *24.*

*Гладстон* (Gladstone), Уильям Юарт (1809—1898) — ағылшынның мемлекет қайраткері, XIX ғасырдың екінші жартысында либерал партия лидерлерінің бірі: казначейлік канцлері (финанс министрі) (1852—1855 және 1859—1866) және премьер-министр (1868—1874, 1880—1885, 1892—1894).— *24, 302, 497.*

*Гоббс* (Hobbes), Томас (1588—1679) — ағылшынның көрнекті философы, механикалық материализмнің өкілі.— *104, 105, 115, 385, 525, 542.*

*Говоне* (Govone), Джузеппе (1825—1872) — итальян генералы және мемлекет қайраткері, 1866 жылдың апрелінде Бисмаркпен келіссөз жүргізген, соғыс министрі (1869—1870).— *440, 441.*

*Гогенцоллерн* (Hohenzollern), Леопольд, принц, 1885 жылдан князь (1835—1905) — Гогенцоллерндер үйі өкілдерінің бірі, 1870 жылы испан тағынан дәмелі болған.— *446, 447.*

*Гогенцолерндер* — Бранденбург курфюрстерінің (1415—1701), Пруссия королдерінің (1701—1918) және герман императорларының (1871—1918) әулеті.— *186, 426.*

*Гогенштауфендер* — касиетті Рим империясы (1138—1254) деп аталатынның императорлар әулеті.— *420.*

*Гольденберг,* Иосиф Петрович (бүркеншік аты *Мешковский)* (1873—1922) — орыс социал-демократы, 1890 жылдан шетелде оқыған. 1903 жылдан большевик; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде корғампаздарға қосылған, 1920 жылы большевиктер партиясына қайта кірген.— *548.*

*Гомер* — аты жартылай аңызға айналған ежелгі гректің эпикалық ақыны, «Илиада» мен «Одиссеяның» авторы.— *262, 263, 301—304.*

*Гофман фон Фаллерслебен* (Hoffmann von Fallersleben), Август Генрих (1798—1874)—немістің буржуазияшыл ақыны және филологы.—*421.*

*Григорий Турский* (Георгий Флоренций) (шамамен 540—594) — христиан священнигі, дін хадисшісі және тарихшы, 573 жылдан Тур епископы; «Франктер тарихының» және «Кереметтер туралы жеті кітап» деген шығарманың авторы.— *335.*

*Гримм* (Grimm), Якоб (1785—1863) — немістің аса көрнекті филологы және мәдениет тарихшысы, неміс тілінің, правосының, мифологиясының, әдебиетінің тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *331.*

*Гров* (Grove), Уильям Роберт (1811 — 1896) — ағылшын физигі және юрисі.— *47.*

*Грот* (Grote), Джордж (1794—1871) — ағылшынның буржуазияшыл тарихшысы, көп томдық «Греция тарихының» авторы.— *298—300.*

*Грюн* (Grün), Карл (1817—1887) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, 40-шы жылдардың орта шеніндегі «ақиқат социализмнің» басты өкілдерінің бірі.— *382.*

*Гулд* (Gould), Джей (1836—1892) — американ миллионері, темір жол кәсіпкері және финансист.— *434, 538.*

*Гумбольдт* (Humboldt), Александр (1769—1859) — немістің ұлы ғалымы, жаратылыс зерттеуші және саяхатшы. — *82.*

*Гюлих* (Gülich), Густав (1791—1847) — немістің буржуазияшыл экономисі әрі тарихшысы, халық шаруашылығының тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—*553.*

## Д

*Дальтон* (Dalton), Джон (1766—1844) — ағылшынның аса көрнекті химигі және физигі, химияда атомистика идеяларын дамыткан.— — *48, 62.*

*Даниельс* (Daniels), Роланд (1819—1855) — неміс дәрігері, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кёльн процесінде (1852) сотка тартылғандардың бірі; жаратылыс тану саласында диалектикалық материализмді қолдануға тұңғыш әрекеттердің бірін жасаған, Маркс пен Энгельстің досы.— *206, 207.*

*Даниельсон,* Николай Францевич (бүркеншік аты *Николай — он*) (1844—1918) — орыстың экономист-жазушысы, 80—90 жылдардағы халықшылдардың идеологтарының бірі; К. Маркстің «Капиталын» орыс тіліне аударушы; Маркспен және Энгельспен хат жазысып тұрған.— *548, 549.*

*Данте Алигьери* (Dante Alighieri) (1265—1321) — итальянның ұлы ақыны.— *81.*

*Дарвин* (Darwin), Чарлз Роберт (1809—1882) — ағылшынның ұлы жаратылыс зерттеушісі, ғылыми эволюциялық биологияның негізін салушы. — *43, 53, 68, 70, 73, 101, 140, 176, 220, 389, 403, 524, 525.*

*Декарт* (Descartes), Рене (1596—1650) — француздың аса көрнекті дуалист-философы, математик және жаратылыс зерттеушісі.— *43, 47, 62, 137, 385, 387, 531.*

*Демокрит* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 460—370 ж ж.) — ежелгі гректің ұлы материалист-философы, атомдық теорияның негізін салушылардың бірі.— 62, 103.

*Демосфен* (біздің заманымыздан бұрынғы 384—322) — ежелгі гректің аса көрнекті шешені және саяси қайраткері.— *297.*

*Депре* (Deprez), Марсель (1843—1918) — француз физигі және электротехнигі, электр энергиясын алыс қашықтыққа беру проблемасын шешу жолында жұмыс істеген.— *177.*

*Джиффен* (Giffen), Роберт (1837—1910) — ағылшынның буржуазиялық экономисі және статистигі, финанс мәселелері жөніндегі маманы, сауда министрлігіндегі статистика департаментінің бастығы (1876—1897). — *161, 492, 513.*

*Джордж* (George), Генри (1839—1897) американ публицисі, буржуазияшыл экономист; капиталистік құрылыстың барлық әлеуметтік қайшылықтарын шешудің құралы ретінде буржуазиялық мемлекеттің жерді национализациялауы идеясын насихаттаған; американ жұмысшы қозғалысын басқаруға және оны буржуазиялық реформаторлық жолына бағыттауға тырысқан. — *529, 530.*

*Джоуль* (Joule), Джемс Прескотт (1818—1889) — ағылшынның белгілі физигі, электромагнетизмді және жылуды зерттеумен шұғылданған. — *47.*

*Дидро* (Diderot), Дени (1713—1784) — француздың аса көрнекті философы, механикалық материализмнің өкілі, атеист, француз революцияшыл буржуазиясы идеологтарының бірі, ағартушы, энциклопедистердің басшысы.— *138, 391.*

*Дизраэли* (Disraeli), Бенджамин, граф *Биконсфилд* (1804—1881) — ағылшынның мемлекет қайраткері, жазушы, тори, консерваторлар партиясының басшысы, премьер-министр (1868 және 1874—1880).— *121.*

*Дикеарх* (біздің заманымыздан бұрынғы IV ғ.) — грек ғалымы, Аристотельдің шәкірті, бірсыпыра тарихи, саяси, философиялық, географиялық және басқа да еңбектердің авторы. — *298.*

*Диоген Лаэрций* (III ғ.) — ежелгі грек философия тарихшысы, ежелгі философтар туралы көлемді компиляция құрастырушы. — *62—63.*

*Диодор Сицилийский* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен — 80—29 ж. ж.) — ежелгі грек тарихшысы, дүние жүзілік тарих жөніндегі «Тарихи кітапхана» — шығармасының авторы. — *332, 341.*

*Дионисий Галикарнасский* (біздің заманымыздан бұрынғы I ғ. — біздің заманымыздың I ғ.) — ежелгі грек тарихшысы және шешендік өнер ұстазы, «Римнің ежелгі тарихы» деген шығарманың авторы.— *302.*

*Диц* (Dietz), Иоганн Генрих Вильгельм (1843—1922) — неміс социал-демократы, социал-демократиялық баспаны құрушы, 1881 жылдан рейхстаг депутаты. — *37, 39, 211.*

*Дицген* (Dietzgen), Иосиф (1828—1888) — неміс социал-демократы, диалектикалық материализм негіздеріне өздігінен келген, өз бетімен оқып болған философ; мамандығы бойынша тері илеуші-жұмысшы.— *401.*

*Додуэлл* (Dodwell), Генри (1784 жылы өлген) ағылшынның материалист философы.— *105.*

*Доллешаль* (Dolleschall), Лоренц (1790 жылы туған) — Кёльндегі полиция чиновнигі (1819—1847), «Rheinische Zeitung»-тің цензоры. — *81.*

*Дрейпер* (Draper), Джон Уильям (1811—1882) — американ жаратылыс зерттеушісі, тарихшы.— *57.*

*Дункер* (Duncker), Франц (1822—1888) — немістің буржуазиялық саяси қайраткері, бастырушы.—*85.*

*Дунс Скот* (Duns Scotus), Иоанн (шамамен 1265—1308) — орта ғасырлық философ, схоластик, орта ғасырларда материализмнің бастапқы көрінісі болып табылған номинализмнің өкілі; «Оксфорд шығармасы» деген көлемді еңбектің авторы.— *103.*

*Дюрер* (Dürer), Альберхт (1471—1528) — Қайта өрлеу дәуіріндегі немістің ұлы суретшісі.—*41.*

*Дюринг* (Dühring), Евгений Карл (1833—1921) — немістің эклектик-философы және тұрпайы экономисі, реакцияшыл ұсақ буржуазиялық социализмнің өкілі; философияда идеализмді, тұрпайы мате-

риализмді және позитивизмді ұштастырған, метафизик; 1863—1877 жылдарда Берлин университетінің приват-доценті болған. — *59, 61, 100, 101.*

*Дюро де Ла Маль* (Dureau de La Malle). Адольф Жюль Сезар Огюст (1777—1857) — француз ақыны, тарихшы.— *325.*

## Е

*Еврипид* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 480—406 ж ж.)— аса көрнекті ежелгі грек драматургы, классикалық трагедиялардың авторы.— *264.*

## Ж

*Жиро-Тёлон* (Giraud-Teulon), Алексис (1839 жылы туған) — Женевадағы тарих профессоры, алғашқы қоғам тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *220, 222, 234, 235, 261.*

## З

*Засулич*, Вера Ивановна (1851—1919) — Россиядағы халықшылдық қозғалыстың, кейіннен социал-демократиялық қозғалыстың белсенді қайраткері, «Еңбекті азат ету» тобының негізін салушылардың бірі; кейіннен меньшевизм позициясында болған.—*165.*

*Зейдлиц* (Seidlitz), Георг — немістің жаратылыс зерттеушісі, дарвинист, «Дарвин теориясы» кітабының авторы.— *524.*

Зётбер (Soetbeer), Георг Адольф (1814—1892) — немістің буржуазиялық экономисі және статистик. — *465, 538.*

*Зибель* (Sybel), Генрих *фон* (1817—1895) — немістің буржуазиялық тарихшысы және саяси қайраткер, 1867 жылдан национал-либерал. — *438.*

*Зиккинген* (Sickingen), Франц *фон* (1481—1523) — Реформацияға қосылған неміс рыцары; 1522—1523 жылдардағы рыцарьлар көтерілісінің бастаушысы.— *101.*

*Зомбарт* (Sombart), Вагнер (1863—1941)— немістің тұрпайы буржуазиялық экономисі; өз қызметінің бас кезінде катедер-социалист, кейініректе герман империализмінің идеологы; өмірінің соңғы жылдарында фашизм позициясына көшкен.—*554—556.*

*Зугенхейм* (Sygenheim), Самуэль (1811—1877) — немістің буржуазиялық тарихшысы.—*253.*

## И

*Им Турн* (im Thurn, Эверард) Фердинанд (1852—1932) — ағылшынның отарлаушы чиновнигі, саяхатшы, антрополог.— *383.*

*Иоганн* (әдеби бүркеншік аты *Фиалет*) (1801—1873)— Саксония королі (1854—1873), Дантені аударушы.— *81*

*II Иосиф* (1741—1790)— Қасиетті Рим империясы деп аталатынның императоры (1765—1790).— *427.*

*Ирминон* (Irminon) (826 жыл шамасында өлген)— Сен-Жермен-де-Пре монастырының аббаты (812—817).—*348.*

*Ирод* (біздің заманымыздан бұрынғы 73—4)— Иудея патшасы (біздің заманымыздан бұрынгы 40—4).— *323.*

## К

*Каваллотти* (Gavallotti), Феличе (1842—1898)—итальян саяси қайраткері және публицисі, Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысушы, буржуазиялық радикалдардың лидері.— *499.*

*Кавур* (Gavour), Камилло Бензо, граф (1810—1861)— итальянның мемлекет қайраткері, Сардиния үкіметінің басшысы (1852—1859 және 1860—1861), III Наполеонның қолдауына иек арта отырып, Италияны Савойя әулетінің өктемдігімен «жоғарыдан» біріктіру саясатын жүргізген; 1861 жылы бірінші жалпы итальяндық үкіметті басқарған.— *426.*

*Кальвин* (Galvin), Жан (1509—1564)— Реформацияның көрнекті қайраткері, протестантизмнің бағыттарының бірі, капитализмнің бастапқы қорлану дәуірінде буржуазияның мүдделерін көздеген кальвинизмді негіздеуші.— *42, 112, 413, 545.*

*Кампгаузен* (Gamphausen), Людольф (1803—1890)— неміс банкирі, Рейн либерал буржуазиясы лидерлерінің бірі; 1848 жылғы мартиюньде Пруссияның министр-президенті.— *81, 431.*

*Каниц* (Kanitz), Ганс Вильгельм Александр, граф (1841—1913)— герман саяси қайраткері, консерваторлар партиясының лидерлерінің бірі, Пруссия ландтағы мен герман рейхстагының депутаты.— *512.*

*Кант* (Kant), Иммануил (1724—1804)— немістің классикалық философиясының негізін салушы, идеалист.— *45, 46, 48, 49, 63, 108, 133, 141, 376, 385, 386, 388, 398, 542, 545.*

*Каприви* (Gaprivi), Лео, граф (1831—1899)— герман мемлекеттік және әскери қайраткері, генерал, Герман империясының канцлері (1890—1894).— *479.*

*Карл,* эрцгерцог — қараңыз:

*Карл Людвиг Иоганн.— 451.*

*I Карл* (1600—1649),— ағылшын королі (1625—1649), XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы тұсында жазаланған.— *112.*

*Ұлы Карл* шамамен (742—814)— Франкия королі (768—800) және императоры (800—814).— *347—348.*

*Карл Людвиг Иоганн* (1771—1847)— Австрия эрцгерцогы, фельдмаршал, Франциямен соғыстарда (1796, 1799, 1805 және 1809) бас қолбасшы; соғыс министрі (1805—1809).— *451.*

*Батыл Карл* (1433—1477)— Бургундия герцогы (1467—1477).— *547.*

*Карлейль* (Garlyle), Томас (1795—1881)— ағылшын жазушысы, тарихшы, жеке ерлерге табынуды уағыздаған идеалист-философ; ағылшын буржуазиясын реакцияшыл романтизм тұрғысынан сынаған, тори партиясына қосылған; 1848 жылдан кейін — реакционер.— *128.*

*Карно* (Garnot), Никола́ Леонар Сади (1796—1832)— француз инженері, физик, термодинамиканың негізін салушылардың бірі.— *67.*

*Картрайт* (Gartwright), Эдмунд (1743—1823)— ағылшынның белгілі өнертапқышы.—*117.*

*Кауард* (Coward), Уильям (шамамен 1656—1725)— ағылшын дәрігері, материалист-философ.— *105.*

*Каутский* (Kautsky), Карл (1854—1938)— неміс социал-демократы, публицист, «Neue Zeit» журналының редакторы (1883—1917), 80-жылдарда марксизмге қосылған; соңынан оппортунизм позициясына көшіп, герман социал-демократиясы мен II Интернационалдағы центризмнің идеологы болған.— *36—39, 528—529.*

*Квинтилилер* — римдік патрицийлік ру.— *317.*

*Кей* (Kaye), Джон Уильям (1814—1876)— ағылшынның отарлаушы чиновнигі, Индиядағы тарих пен этнография жөніндегі, сондай-ақ ағылшынның Ауғанстан мен Индиядағы отарлаушылық соғыстарының тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.— *242.*

*Кекуле* (Kekule), Фридрих Август (1829—1896)— немістің белгілі химигі— *62.*

*Келли-Вишневецкая* (Kelley-Wischnewetzky), Флоренс (1859—1932)— американдық аудармашы әйел, социалист, кейіннен буржуазияшыл реформист; Россиядан барған эмигрант социалист Л. Вишневецкийдің әйелі.— *482, 529—530.*

*Кеплер* (Kepler), Иоганн (1571—1630)— планеталардың қозғалыс заңын ашқан немістің аса көрнекті астрономы.— *43.*

*Кинкель* (Kinkel), Готфрид (1815—1882)— неміс ақыны, публицист, ұсақ буржуазияшыл-демократ, 1849 жылғы Баден-Пфальц көтерілісіне қатысушы; Лондондағы ұсақ буржуазиялық эмиграцияның лидерлерінің бірі Маркс пен Энгельске қарсы күрес жүргізген.— *205.*

*Клавдилер* — римдік патрицийлік ру.— *317.*

*Клапка* (Klapka), Дьердь (Георг) (1820—1892)— венгер генералы, 1848—1849 жылдардағы революция кезінде венгер революциялық армияларының біріне қолбасшылық жасаған; соңынан эмигрант, 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысы уақытында Пруссия үкіметі ұйымдастырған венгер легионына қолбасшылық еткен.— *440.*

*Клейн* (Klein), Иоганн Якоб (1818 жыл шамасында туған)— Кельнде дәрігер, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кельн процесінде (1852) сотқа тартылғандардың бірі.—*206.*

*Клисфен* — Афины саяси қайраткері, біздің заманымыздың бұрынғы 510—507 жылдарда рулық құрылыстың қалдықтарын жоюға және Афиныда құл иеленушілік демократияны орнатуға бағытталған реформалар жүргізген.— *313.*

*Кобден* (Gobden), Ричард (1804—1865)— ағылшын фабриканты, буржуазиялық саяси қайраткер, фритредерлердің лидерлерінің және астық заңдарына қарсы Лиганың негізін салушылардың бірі; парламент мүшесі.— *120, 476.*

*Ковалевский* Максим Максимович (1851—1916) — орыс ғалымы, саяси қайраткер, буржуазияшыл либерал, алғашқы қауымдық құрылыстың тарихы жөніндегі бірсыпыра зерттеулердің авторы.— *102, 257, 259, 260, 326, 330, 336.*

*Коллинз* (Gollins), Антони (1676—1729)— ағылшынның материалист-философы.— *105.*

*Колумб* (Golombo), Христофор (1451—1506)— Американы ашқан аса көрнекті теңізші-саяхатшы.— *79.*

*Коперник* (Kopernik), Николай (1473—1543)— поляктың ұлы астрономы, әлемнің гелиоорталықтық системасы туралы ілімді жасаушы.— *42, 50, 385.*

*Копп* (Kopp), Герман Франц Мориц (1817—1892)— неміс ғалымы, химик.— *393.*

*Кошут* (Kossuth), Лайош (Людвиг) (1802—1894)— венгер ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, 1848—1849 жылдардағы революцияда буржуазиялық-демократиялық элементтерді басқарған, Венгер революциялық үкіметінің басшысы; революция жеңілгеннен кейін Венгриядан эмиграцияға кеткен.— *205.*

*Криге* (Kriege), Герман (1820—1850)— неміс журналисі, «ақиқат социализмнің» өкілі, 40-шы жылдардың екінші жартысында Нью-Йорктегі неміс «ақиқат социалистерінің» тобын басқарған.— *196, 197.*

*Кристиан, Глюксбург* герцогы (1818—1906)— 1852 жылдан дат патша тағының мұрагері, 1863—1906 жылдарда IX Кристиан деген атпен Дания королі.—*418.*

*Кромвель* (Gromwell), Оливер (1599—1658)— XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде буржуазия мен буржуазияға айналған дворяндардың көсемі, 1653 жылдан Англияның, Шотландияның және Ирландияның лорд-протекторы.— *112, 533.*

*Крофорд* (Grawford), Эмили (1831—1915)— ағылшын журналист әйелі, бірқатар ағылшын газеттерінің Париждегі тілшісі.— *443.*

*Крупп* (Krupp), Фридрих Альфред (1854—1902) — Германияның болат қорыту және соғыс өнеркәсібінің аса ірі алпауыты.— *521.*

*Куланж де* — қараңыз: *Фюстель де Куланж,* Нюма Дени.

*Кульман* (Kuhlmann), Георг — Австрия үкіметінің құпия жансызы; өзін «әулие» деп көрсеткен; 40-шы жылдарда діни діл марлықты пайдаланып, Швейцариядағы неміс колонершілері-вейтлингшілдері арасында «ақиқат социализмнің» идеяларын уағыздаған.— *197.*

*Кунов* (Cunow), Генрих Вильгельм Карл (1862—1936) — неміс социал-демократы, тарихшы, социолог және этнограф; 80—90 жылдарда марксизмге қосылған; кейіннен ревизионист.— *360.*

*Кювье* (Cuvier), Жорж (1769—1832) — француздың ірі табиғат зерттеушісі, ғылымға қарсы идеалистік күйреу теориясының авторы.— *47.*

## Л

*Лавров,* Петр Лаврович (1823—1900) — орыс социологы және публицисі, халықшылдық идеологтарының бірі, философияда — эклектик; Интернационал мүшесі, Париж Коммунасына қатысушы, халықшылдық бағыттағы бірсыпыра мерзімді басылымдардың редакторы. — *524—527.*

*Лавуазье* (Lavoisier), Антуан Лоран (1743—1794) — француздың аса көрнекті химигі, флогистонның болатындығы туралы болжамды теріске шығарған; сондай-ақ саяси экономия және статистика проблемаларымен де шұғылданған.— 48, *67.*

*Лайель* (Lyell), Чарлз (1797—1875) — ағылшынның белгілі ғалымы, геолог.—*47.*

*Ламарк* (Lamarck), Жан Батист Пьер Антуан (1744—1829) — француздың аса көрнекті жаратылыс зерттеушісі, биологияда тұңғыш біртұтас эволюциялық теорияны жасаушы, Дарвинге жол салушы. — *47.*

*Ламартин* (Lamartine), Альфонс (1790—1869) — француз ақыны, тарихшы және саяси қайраткер; 1848 жылы сыртқы істер министрі әрі уақытша үкіметтің іс жүзіндегі басшысы.— *83, 201.*

*Ланге* (Lange), Фридрих Альберт (1828—1875) — немістің буржуазияшыл философы, неокантшыл, материализм мен социализмнің жауы.— *19.*

*Ланге* (Lange), Христиан Конрад Людвиг (1825—1885) — неміс филологы, Ежелгі Рим тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.— *321.*

*Лаплас* (Laplace), Пьер Симон (1749 — 1827) — француздың аса көрнекті астрономы, математик және физик, Күн системасының газ тәрізбес буалдырдан пайда болғандығы туралы болжамды Канттан бөлек өз алдына дамытқан және математикалық тұрғыдан негіздеп берген.— *45, 46, 50, 65, 107, 141.*

*Лассаль* (Lassalle), Фердинанд (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, адвокат, 1848—1849 жылдарда Рейн провинциясындағы демократиялық қозғалысқа қатысқан; 60-шы жылдардың басында жұмысшы қозғалысына қосылған, Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі; Германияны Пруссия гегемондығымен «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдаған; герман жұмысшы қозғалысында оппортунистік бағытқа жол салушы.— *5, 8, 11—13, 17—21, 30—31, 34, 37, 38, 92, 93, 369, 527.*

*Лафайет* (Lafayette), Мари Жозеф Поль (1757—1834) — француз генералы, XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезеңінде ірі буржуазия көсемдерінің бірі.— *185.*

*Лафарг* (Latargue), Поль (1842—1911) — халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, марксизмнің аса көрнекті насихатшысы, Интернационалдың Бас Советінің мүшесі, Испания үшін корреспондент-секретарь (1866—1869), Францияда (1869—1870), Испания мен Португалияда (1871 — 1872) Интернационал секцияларын құруға қатысқан, Гаага конгресінің (1872) делегаты, Франция жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі; Маркс пен Энгельстің шәкірті әрі серігі.— *101, 519.*

*Леббок* (Lubbock), Джон (1834—1913) — ағылшынның дарвинист-биологы, этнолог және археолог; алғашқы қоғам тарихы туралы бірқатар еңбектердің авторы.— *219, 220.*

*Леверье* (Le-Verrier), Урбен Жан Жозеф (1811—1877) — француздың аса көрнекті астрономы және математигі.— *385.*

*Леви* (Levi), Лион (1821—1888)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, статистик және юрист.— *492.*

*Левкипп* (біздің заманымыздан бұрынғы V ғ.) — аса көрнекті ежелгі грек материалист-философы, атомдық теорияны негіздеуші.— *62.*

*Ледрю-Роллен* (Ledru-Rollin), Александр Огюст (1807—1874) — француз публицисі, ұсақ буржуазияшыл демократтар көсемдерінің бірі, «Réforme» газетінің редакторы; Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты, онда Гора партиясын бастаған, кейін эмигрант.— *205, 501.*

*Лейбниц* (Leibnz), Готфрид Вильгельм (1646—1716) — немістің ұлы математигі; идеалист-философ.— *43.*

*Лейтам* (Latham), Роберт Гордон (1812—1888) — ағылшын филологы, этнолог.— *217.*

*Леонардо да Винчи* (Leonardo da Vinci), (1452—1519) — итальянның ұлы суретшісі, энциклопедистғалым, Қайта өрлеу дәуірінің инженері.— *41.*

*Лесснер* (Lessner), Фридрих (1825—1910) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері; Коммунистер одағының мүшесі, 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, коммунистердің Кёльн процесінде (1852) сотталғандардың бірі; 1856 жылдан Лондонда эмигрант, неміс жұмысшыларының Лондондағы Коммунистік ағартушылық қоғамының мүшесі, I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі, Англияның Тәуелсіз жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі; Маркс пен Энгельстің досы және серігі.— *198, 206.*

*Летурно* (Letourneau), Шарль Жан Мари (1831—1902) француздың буржуазияшыл социологы және этнографы.—*232, 233, 235.*

*Либих* (Liebig), Юстус (1803—1873) — неміс тің аса көрнекті ғалымы, агрохимияның негізін салушылардың бірі.— *524.*

*Либкнехт* (Liebknecht), Вильгельм (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері; 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, Коммунистер одағы мен I Интернационалдың мүшесі; герман социал-демократиясының негізін салушылардың және оның көсемдерінің бірі; Маркс пен Энгельстің досы және серігі.—*5, 7, 28, 33, 34, 37, 38, 59, 92, 442, 475.*

*Ливий,* Тит (біздің заманымыздан бұрынғы 59 ж. — біздің заманымыздың 17 ж.) — Рим тарихшысы, «Қаланың іргесі қаланғаннан бергі Римнің тарихы» деген еңбектің авторы.— *319, 321.*

*Линней* (Linné), Карл (1707—1778) — шведтің аса көрнекті жаратылыс зерттеушісі, өсімдіктер мен жануарларды таптастыру жүйесін жасаушы.— *43, 44, 142.*

*Лиутпранд* (шамамен 922—972) — орта ғасырлық тарихшы және епископ, «Есе қайтару» деген шығарманың авторы.— *345.*

*Локк* (Locke), Джон (1632—1704)— ағылшынның аса көрнекті дуалист-философы, сенсуалист.— *64, 105, 139, 542.*

*Лонг* (II ғ. аяғы — III ғ. басы) — ежелгі грек жазушысы. — *276.*

*Лохнер* (Lochner), Георг (1824 жыл шамасында туған) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, мамандығы — ағаш шебері, Коммунистер одағының мүшесі, I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі; Маркс пен Энгельстің досы және серігі.— *198.*

*Луи Бонапарт* — қараңыз: *III Наполеон.*

*Луи Наполеон* — қараңыз: *III Наполеон.*

*Луи-Филлип* (1773—1850) — *Орлеан* герцогы, француз королі (1830—1848). — *21, 23, 113, 119, 120, 477.*

*Лукиан* (шамамен 120—180) — ежелгі грек жазушысы, атеист.—*238.*

*XIV Людовик* (1638—1715) — француз королі (1643—1715). — *414, 451, 456.*

*Люксембургтер* — чех корольдерінің (1310—1437), венгер корольдерінің (1387—1437) және Қасиетті Рим империясы (1308—1437 үзілістермен) императорларының әулеті.— *444.*

*Лютер* (Luther), Мартин (1483—1546) — Реформацияның көрнекті қайраткері, Германияда протестантизмді (лютершілдікті) негіздеуші; неміс бюргерлігінің идеологы. — *41, 42, 111, 112, 413, 545.*

**М**

*Мабли* (Mably), Габриель (1709—1785) — француздың аса көрнекті социологы, утопиялық теңгерме коммунизмнің өкілі.— *127.*

*Мадзини* (Mazzini), Джузеппе (1805—1872) — итальян революционері, буржуазияшыл демократ, Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің бірі; 1849 жылы Рим республикасы уақытша үкіметінің басшысы, 1850 ж. Лондондағы Европалық демократия Орталық ко-

митетінің ұйымдастырушыларының бірі; I Интернационал құрылған кезде оны өз ықпалына бағындыруға тырысқан, Италияда дербес жұмысшы қозғалысының дамуына кедергі жасаған.— *190, 193, 205.*

*Майер* (Mayer), Юлиус Роберт (1814 — 1878) — немістің аса көрнекті жаратылыс зерттеушісі, энергияның сақталу және баска түрге айналу заңын тұңғыш ашушылардың бірі.— *47.*

*Макиавелли* (Machiavelli), Никколо (1469—1527) — итальян саяси қайраткері, тарихшы және жазушы.— *41.*

*Мак-Леннан* (McLennan), Джон Фергюсон (1827—1881) — шотланд буржуазияшыл юрисі және тарихшысы, неке мен семья тарихы жөніндегі еңбектердің авторы. — *211, 215, 222, 232, 248, 261, 285, 326.*

*Мальтус* (Malthus), Томас Роберт (1766—1834) — ағылшын священнигі, экономист; халықтың көбеюі жөніндегі адам баласын жек көретін теорияны уағыздаушы. — *19, 30, 525.*

*Маннерс* (Manners), Джон Джемс Роберт (1818—1906) — ағылшынның мемлекет қайраткері, тори, кейіннен консерватор; парламент мүшесі, консерваторлық үкіметтер тұсында бірнеше рет министрлік қызметте болған. — *121.*

*Мантёйфель* (Manteuffel), Отто Теодор, барон (1805—1882) — Пруссияның мемлекет қайраткері, ішкі істер министрі (1848—1850), министр-президент (1850—1858).— *432, 463.*

*Мантелл* (Mantell), Гидеон Олджернон (1790—1852) — өзінің еңбектерінде ғылым мәліметтерін тауат аңыздарымен ымыраластыруға тырысқан ағылшынның геологы, палеонтолог. — *106.*

*Марат* (Marat), Жан Поль (1743—1793) — француз публицисі, XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының аса көрнекті қайраткері, якобиншілдердің көсемдерінің бірі.— *17, 185.*

*Маркс* (Marx), Женни, өз фамилиясы фон Вестфален (1814—1881) — Карл Маркстің зайыбы, адал досы әрі көмекшісі.— *82, 197.*

*Маркс* (Marx), Карл (1818—1883) — (өмірбаяндық мәліметтер). — *5, 7, 8, 30, 33—38, 81—92, 98—102, 105, 146, 147, 165, 166, 176—179, 182—186, 189, 192, 195—201, 203—207, 258, 265, 372, 382, 399, 400, 426, 454, 486, 491, 521, 528, 529, 532, 536, 542, 543, 544, 547, 553, 554, 555.*

*Мартиньетти* (Martignetti), Паскуале — итальян социалисі, Маркс пен Энгельстің еңбектерін итальян тіліне аударушы.— *212.*

*Маурер* (Maurer), Георг Людвиг (1790—1872) — немістің көрнекті буржуазияшыл тарихшысы, ежелгі және орта ғасырлық Германияның қоғамдық құрылысын зерттеуші.—*168, 293, 334, 336, 532.*

*Медлер* (Mädler), Иоганн Генрих — (1794—1874) — неміс астрономы.— *46, 50, 55.*

*Мейн* (Maine), Генри Самнер (1822—1888) — ағылшын юрисі, «Ежелгі право» деген және баска да кітаптардың авторы.— *167, 279.*

*Мейснер* (Meissner), Отто Карл (1819—1902) — гамбургтік кітап шығарушы, «Капиталды» және Маркс пен Энгельстің баска да бірқатар еңбектерін бастырып шығарушы.— *401.*

*Ментель* (Mentel), Христиан Фридрих (1812 жылы туған) — неміс тігіншісі, Әділеттілер одағының мүшесі, 1846—1848 жылдарда Одақтың ісі бойынша Пруссия түрмесінде отырған. — *192.*

*Меринг* (Mehring), Франц (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, тарихшы және публицист; 80-ші жылдарда марксист болды; Германия мен герман социал-демократиясының тарихы жөнінде бірқатар еңбектер жазған, К. Маркстің өмірбаяншысы; «Neue Zeit» журналы редакторларының бірі болған; герман социал-демократиясы сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі; Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *543—548.*

*Меттерних* (Metternich), Клеменс, князь (1773—1859) — Австрияның

реакцияшыл мемлекет қайраткері; сыртқы істер министрі (1809—1821) және канцлері (1821—1848), Қасиетті одақты ұйымдастырушылардың бірі.— *156, 427, 445.*

*Микель* (Miquel), Иоганн (1828 — 1901) — неміс тің саяси қайраткері, 40-шы жылдарда Коммунистер одағының мүшесі; кейіннен национал-либерал; 90-шы жылдарда Пруссияның финанс министрі.— *96, 476.*

*Мильде* (Milde), Карл Август (1805 1861) — Силезияның ірі фабриканты, 1848 жылы Пруссия Ұлттық жиналысының (май—июнь) председателі, оның оң қанатында болған.— *431.*

*Минье* (Mignet), Франсуа Огюст Мари (1796—1884) — француздың либерал-буржуазиялық тарихшысы, буржуазиялық қоғамның қалыптасуы тарихындағы тап күресінің ролін түсінуге жақын келген. — *407, 553.*

*Молешотт* (Moleschott), Якоб (1822 — 1893) — буржуазияшыл физиолог және философ, тұрпайы материализмнің өкілі; Германияның, Швейцарияның және Италияның оқу орындарында сабақ берген.— — *387, 527.*

*Молль* (Moll), Иосиф (1813—1849) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Әділеттілер одағы басшыларының бірі. Коммунистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, 1849 жылғы Баден-Пфальц көтерілісіне қатысушы, Мургтегі шайқаста өлтірілген.—*191, 198, 201, 203.*

*Мольер* (Molière), Жан Батист (шын фамилиясы *Поклен)* (1622—1673) — француздың ұлы драматургы. — *361.*

*Моммзен* (Mommsen), Теодор (1817 — 1903) — неміс тің буржуазияшыл тарихшысы, Ежелгі Рим тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— 298, 319—320, 321, *322.*

*Монталамбер* (Montalembert), Марк Рене (1714—1800) — француз генералы, соғыс инженері, XIX ғасырда кеңінен қолданылған фортификацияның жаңа жүйесін жасаушы.— *41.*

*Монтескьё* (Montesquieu), Шарль (1689—1755) — француздың аса көрнекті буржуазияшыл социологы, экономист және жазушы, XVIII ғасырдағы буржуазияшыл Ағартушылықтың өкілі, конституциялық монархияның теоретигі.— *545.*

*Морган* (Morgan), Льюис Генри (1818—1881) — аса көрнекті американ ғалымы, алғашқы қоғам тарихшысы, стихиялық материалист.— *167, 209, 211, 217, 219, 224, 244, 248, 266, 272, 282, 285, 287, 293, 299, 300, 302, 304, 306, 314, 321, 322, 329, 335, 352, 371.*

*Морелли* (Morelly), (XVIII ғ.) — Франциядағы утопиялық теңгерме коммунизмнің аса көрнекті өкілі. — *127.*

*Морни* (Morny), Шарль Огюст Луи Жозеф, граф *де* (1811—1865) — француздың саяси қайраткері, бонапартист, III Наполеонның өгей інісі, 1851 жылғы 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі. — *435.*

*Мосх* — біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдың орта шеніндегі ежелгі грек ақыны.— *276.*

*Муди* (Moody), Дуайт Лиман (1837 — 1899) — американдық протестанттық шіркеу қайраткері және дін уағыздаушысы.— *118.*

*Мюнцер* (Münzer), Томас (шамамен 1490—1525) — неміс тің ұлы революционері, Реформация мен 1525 жылғы шаруалар соғысы кезіндегі шаруа-плебейлік лагерьдің көсемі және идеологы, теңгермелік утопиялық коммунизм идеяларын уағыздаған.— *127.*

## Н

*I Наполеон* Бонапарт (1769—1821) — француз императоры (1804—1814 және 1815).— *107, 128, 135, 156, 182, 262, 267, 285, 392, 417, 421, 425, 429, 465, 504, 540, 552.*

*III Наполеон* (Луи-Наполеон Бонапарт) (1808—1873) — I Наполеонның немере інісі, Екінші республиканың президенті (1848—1851), француз императоры (1852—1870). — *23, 85, 118, 422—427, 434—438, 439—441, 444—448, 453, 456, 491.*

*Наполеон,* принц — қарағыз: Бонапарт, Наполеон Жозеф Шарль Поль.— *86.*

*Неарх* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 360—312 жж.) — Македонияның флот басшысы, Индиядан Месопотомияға барған (біздің заманымыздан бұрынғы 360—324 жылдарда) македондық флот экспедициясының сапарнамасын құрастырған.— *260.*

*Негели* (Nägeli), Карл Вильгельм (1817—1891) — немістің белгілі ботанигі антидарвинист, агностик және метафизик.— *60.*

*Непер* (Napier), Джон (1550—1617) —шотланд математигі, логарафимдерді ойлап табушы.— *43.*

*Нибур* (Niebuhr), Бартольд Георг (1776—1831) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, грек-рим тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *298, 300, 322, 363.*

*I Николай* (1796—1855) — орыс императоры (1825—1855). *422, 423, 437.*

*Нотьюнг* (Nothjung), Петер (1821—1866) — неміс киім пішушісі, Кёльн Жұмысшы одағының мүшесі, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кёльн процесіндегі (1852) сотталғандардың бірі.— *206.*

*Ньютон* (Newton), Исаак (1642—1727) — ағылшынның ұлы физигі, астрономы және математигі, классикалық механиканың негізін салушы.— *43—45, 141, 142.*

*Нәдежде* (Nadejde), Ион (1854—1928) — румын публицисі және аудармашы, социал-демократ, 90-жылдардан оппортунист.— *212.*

## О

*Одоакр* (шамамен 434—493) — герман жасақтарын бастаушылардың бірі, 476 ж. Рим императорын тағынан алып, Италия территориясындағы алғашқы «варварлық» корольдіктің королі болған.— *340.*

*Окен* (Oken), Лоренц (1779—1851) — немістің жаратылыс зерттеушісі және натурфилософы.— 49.

*Ольга* (969 жылы өлген) — Киевтің ұлы княгинясы.— *330.*

*Орсини* (Orsini), Феличе (1819—1858) итальян революционері, буржуазияшыл демократ және республикашыл, Италияны біріктіру және ұлттық азат ету күресіне көрнекті қатысушылардың бірі; III Наполеонға қастандық жасағаны үшін жазаланып өлтірілген. *424.*

*Отто* (Otto), Карл Вунибальд (1809 жыл шамасында туған) — неміс химигі, 1848—1849 жылдарда Кёльн Жұмысшы одағының мүшесі, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кёльн процесінде (1852) сотталғандардың бірі.— *206.*

*Оуэн* (Owen), Роберт (1771—1858) ағылшынның ұлы утопист-социалисі.— *106, 127, 129, 134—136.*

## П

*Паганини* (Paganini), Николай (1782—1840) — итальянның ұлы скрипкашысы және композиторы.—*70.*

*Пальгрейв* (Palgrave), Роберт Гарри Инглис (1827—1819) — ағылшын банкирі, экономист, «Economist» журналын бастырып шығарушы (1877—1883).— *494.*

*Пальмерстон* (Palmerston), Генри Джон *Темпл,* виконт (1784—1865) — ағылшын мемлекет қайраткері, тори, 1830 жылдан вигтердің лидерлерінің бірі; сыртқы істер министрі (1830—1834, 1835—1841 және 1846—1851), ішкі істер министрі (1852—1855) және премьер-министр (1855—1858 және 1859—1865).— *86, 422, 437.*

*Паудерли* (Powderly), Тиренс Винсент (1849—1924) — 70—90-шы жылдардағы Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының оппортунистік лидерлерінің бірі; 1879—1893 жылдарда «Еңбек рыцарьлары Орденінің» басшысы, пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы шыққан, буржуазиямен ынтымақтасуды жақтаған; 1896 жылы республикалық партияға қосылған.— *529.*

*Персей* (біздің заманымыздан бұрынғы 212—166) — Македония патшасы (біздің заманымыздан бұрынғы 179—168).— *341.*

*Петти* (Petty), Уильям (1623—1687) — ағылшынның аса көрнекті экономисі және статистигі, Англиядағы буржуазиялық классикалық саяси экономияның негізін салушылардың бірі.— 555.

*Писистрат* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 600—527) — Афины тираны (үзілістермен біздің заманымыздан бұрынғы 560—527). — *316.*

*Плиний* (Гай Плиний Секунд) (23—79) — Рим ғалымы, 37 кітаптан тұратын «Табиғи тарихтың» авторы.— *337—341.*

*Плутарх* (шамамен 46—125) — ежелгі грек жазушысы, идеалист-философ.— *263.*

*Пристли* (Priestley), Джозеф (1733—1804) — ағылшынның белгілі химигі, материалист-философ және прогресшіл қоғам қайраткері.— *67, 105.*

*Прокопий* Кесарийский (V ғасырдың аяғы — шамамен 562 ж.) — византиялық тарихшы, 8 кітаптан тұратын «Юстинианның парсылармен, вандалдармен және готтармен соғыстарының тарихы» атты еңбектің авторы.— *267.*

*Прудон* (Proudhon), Пьер Жозеф (1809—1865) — француз публицисі, экономист және социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмді негіздеушілердің бірі.— *32, 82, 136, 202, 399.*

*Птолемей,* Клавдий (II ғ.) — ежелгі грек математигі, астроном және географ, әлемнің геоорталықтық системасы туралы ілімді жасаушы. — *42.*

*Путкамер* (Puttkamer), Роберг Виктор (1828—1900) — Пруссияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, ішкі істер министрі (1881—1888). — *432.*

*Пфендер* (Pfänder), Карл (1818—1876) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, суретшісі; 1845 жылдан Лондонда эмигрант, неміс жұмысшыларының Лондондағы Ағарту қоғамының, Коммунистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі (1864—1867 және 1870—1872); Маркс пен Энгельстің досы және серігі.— *198.*

## Р

*Раве* (Ravé), Анри — француз журналисі, Энгельстің еңбектерін француз тіліне аударушы.— *212.*

*Райт* (Wright), Ашер (1803—1875) американ миссионері, 1831 жылдан 1875 жылға дейін үндістер арасында тұрып, солардың тілінің сөздігін жасаған.— *249.*

*Рамм* (Ramm), Герман — неміс социал-демократы, 1875 жылы «Volksstaat» газеті редакциясының мүшесі.— *34.*

*Расин* (Racine), Жан (1639—1699) — француз драматургы, француз классицизмінің өкілі.—*455.*

*Рассел* (Russell), Джон (1792—1878) — ағылшын мемлекет қайраткері, вигтердің лидері, премьер-министр (1846—1852 және 1865—1866).— — 437.

*Рафаэль Санти* (Raffaello Santi) (1483—1520) — Қайта өрлеу дәуіріндегі итальянның ұлы суретшісі. — *70.*

*Рёзер* (Röser), Петер Герхард (1814—1865) — неміс жұмысшы қозғалысының қайраткері; 1848—1849 жылдарда Кёльн Жұмысшы одағы председателінің орынбасары, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кёльн процесінде (1852) сотталғандардың бірі; кейініректе лассальшылдарға қосылған.— *206.*

*Рейф* (Reiff), Вильгельм Йозеф (1824 жылы туған) — Кёльн Жұмысшы одағының мүшесі, Коммунистер одағының мүшесі, 1850 жылы Одақтан шығарылған; Коммунистердің Кёльн процесінде (1852) сотталғандардың бірі.— *206.*

*Ренан* (Renan), Эрнест (1823—1892) — француз филологы және христиан діні тарихшысы, идеалист-философ.— *203, 399.*

*Рикардо* (Ricardo), Давид (1772—1823) — ағылшын экономисі, буржуазиялық классикалық саяси экономияның аса ірі өкілі.— *30.*

Арыстан жүректі *I Ричард* (1157—1199) — ағылшын королі (1189—1199).— *545.*

*Ришелье* (Richelieu), Арман Жан *дю Плесси,* герцог (1585—1642) — абсолютизм кезеніндегі француздың аса ірі мемлекет қайраткері, кардинал.— *450.*

*Робеспьер* (Robespierre), Максимилиан (1758—1794) — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының аса көрнекті қайраткері; якобиншілдердің көсемі, революциялық үкіметтің басшысы.— (1793—1794). — *394.*

*Роттек* (Rotteck), Карл (1775—1840) — немістің буржуазияшыл тарихшысы және саяси қайраткері, либерал.— *431.*

*Ротшильдтер* — Европаның көптеген елдерінде банкілері болған банкирлер әулеті.— *485.*

*Руге* (Ruge), Арнольд (1802—1880) — неміс публицисі, жас гегельшіл; буржуазияшыл радикал; 1848 жылы Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, оның сол қанатында болған; 50-ші жылдарда Англиядағы ұсақ буржуазиялық неміс эмиграциясы лидерлерінің бірі; 1866 жылдан былай национал-либерал.— *82, 205.*

*Руссо* (Rousseau), Жан Жак (1712—1778) — француздың аса көрнекті ағартушысы, демократ, ұсақ буржуазия идеологы, деист-философ.— *10, 125, 128, 138, 545.*

## С

*Сальвиан* (шамамен 390—484) — Марсельдегі христиан священнигі және жазушы, «Құдайдың әмірі туралы» атты шығарманың авторы. *345, 348.*

*Санки* (Sankey), Айра Давид (1840—1908) — американ протестанттық уағызшысы.— *118.*

*Секки* (Secchi), Анджело (1818—1878) — итальян астрономы, есімі Күнді, жұлдыздарды зерттеулерімен белгілі; иезуит.— *50, 54, 56.*

*Сен-Симон* (Saint-Simon), Анри (1760—1825) — француздың ұлы утопист-социалисі. — *45, 127, 129—132, 142.*

*Сервет* (Servet), Мигель (1511—1553) — Қайта өрлеу дәуіріндегі испанның аса көрнекті ғалымы, мамандығы бойынша дәрігер, қан айналысын зерттеу саласында маңызды жаңалықтар ашқан.— *42.*

*Сервий Туллий* (біздің заманымыздан бұрынғы 578—534) — есімі жартылай аңызға айналған Ежелгі Рим патшасы.— *324.*

*Скотт* (Scott), Вальтер (1771—1832) — ағылшынның аса көрнекті романист-жазушысы.— *329.*

*Смит* (Smith), Адам (1723—1790) — ағылшын экономисі, буржуазиялық классикалық саяси экономияның аса ірі өкілдерінің бірі.— *545, 555.*

*Солон* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 638—558 жж.) — Афинының әйгілі заң шығарушысы, қалың бұқараның тегеурінімен рулық аристократияға қарсы бірсыпыра реформалар жүргізуші. — *299, 307, 311, 313, 324, 368, 550.*

*Соссюр* (Saussure), Анри (1829—1905) — Швейцария зоологы.— *233.*

*Спиноза* (Spinoza), Барух (Бенедикт (1632—1677) — Голландияның аса көрнекті материалист-философы, атеист.— *45, 137.*

*Струве,* Петр Бернгардович (1870—1944) — орыстың буржуазияшыл экономисі және публицисі, «жария марксист»; кейіннен кадеттер лидерлерінің бірі, ақ эмигрант.— *548.*

*Стюарттар* — 1371 жылдан Шотландияны және Англияны (1603—1649), (1660—1714) билеген королдер әулеті.— *115.*

*Сурита* (Zurita), Алонсо — XVI ғасырдың орта шенінде Орталық Америкада тұрған испан чиновнигі.— *260.*

## Т

*Тәкаппар Тарквиний* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 534—509 жж.) — есімі жартылай аңызға айналған Ежелгі Рим патшасы; аңыздың жеткізуі бойынша халық көтерілісі нәтижесінде орнынан қуылған, содан кейін Римде республикалық құрылыс орнаған.— *324, 325.*

*Тацит* (Публий Корнелий Тацит) (шамамен 55—120) — Римнің аса

ірі тарихшысы, «Германия», «Тарих», «Анналдар» атты еңбектердің авторы.— *168, 211, 219, 268, 291, 332—340.*

*Тёльке* (Tölcke), Карл Вильгельм (1817—1893) — неміс социал-демократы, лассальшыл Жалпы герман жұмысшы одағы басшыларының бірі.— *28, 34.*

*Теодорих* — вестготтардың екі королі — I Теодорих (418—451 жылдар шамасында билік құрған) пен II Теодорихтің (453—466 жылдар шамасында билік құрған) және остготтар королі Теодорихтың (474 — 526 жылдар шамасында билік құрған) аты.— *323.*

*Тиберий* (біздің заманымыздан бұрынғы 42 — біздің заманымыздың 37 ж. ж.) — Рим императоры (14 — 37).— *323.*

*Тиле* (Thile), Карл Герман фон (1812 — 1889) — Пруссия дипломаты, Пруссияның (1862—1871), Герман империясының (1871—1873) сыртқы істер министрінің орынбасары. — *446.*

*Томсон* (Thomson), Уильям, 1892 жылдан барон Кельвин (1824—1907) — термодинамика, электротехника, математикалық физика саласында жұмыс істеген ағылшынның ірі физигі; 1852 жылы «әлемнің жылудан күйреуі» жайлы идеалистік болжам айтқан.— *72.*

*Торвальдсен* (Thorvalgsen), Бертель (1768—1844) — Данияның атақты мүсіншісі.— *70.*

*Торричелли* (Torricelli), Эванджелиста (1608—1647) — итальянның аса көрнекті физигі және математигі.— *43, 551.*

*Трир* (Trier), Герсон (1851 жылы туған) — Дания социал-демократы, Социал-демократиялық партияның революцияшыл азшылығының лидерлерінің бірі; партияның оппортунистік қанатының реформистік саясатына қарсы күрес жүргізген; Энгельс еңбектерін дат тіліне аударушы.—*212.*

*Тьер* (Thiers), Адольф (1797—1877) — француздың буржуазияшыл тарихшысы және мемлекет қайраткері, орлеанист, атқару өкіметінің басшысы, министрлер советінің председателі (1871), республика президенті (1871—1873); Париж коммунасын тұншықтырған жендет.— *407, 449, 456.*

*Тьерри* (Thierry), Огюстен (1795—1856) — француздың либерал-буржуазияшыл тарихшысы.— *407, 553.*

*Тэйлор* (Tylor), Эдуард Бернетт (1832—1917) — ағылшынның көрнекті этнографы, мәдениет пен этнография тарихындағы эволюциялық мектепті құрушы.— 212.

## У

*Уатт* (Watt), Джемс (1736—1819) — универсалды бу двигателін құрастырған ағылшынның аса көрнекті өнертапқышы.— *117.*

*Уилсон* (Wilson), Джозеф Хавлок (1858—1829) — ағылшын тред-юнионистік қозғалысының қайраткері, парламент мүшесі, буржуазиямен ынтымақта болуды жақтаушы.— *496.*

*Ульфила* (немесе Вульфила) (шамамен 311—383) — вестготтардың шіркеу-саяси қайраткері, готтарды христиандандыруды жүргізген; гот әліппесін жасаушы, тауратты гот тіліне аударушы.— *323.*

*Уотсон* (Watson), Джон Форбс (1827 — 1892) — ағылшын дәрігері, отарлаушы чиновник; 1858—1879 жылдарда Лондондағы Индия музейінің директоры, Индия жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *242.*

## Ф

*Фабийлер* — римдік патрийлік ру.— *322.*

*Файсон* (Fison), Лоример (1832—1907) — ағылшынның Австралияны зерттеуші этнографы, миссионер; австралиялық және фиджилік тайпалар туралы бірсыпыра еңбектердің авторы; 1871 жылдан А. У. Хауитпен қызметтес болып, бірігіп «Қамиларойлар мен курнайлар» және «Курнайлар тайпасы, оның бейбітшілік және соғыс кезіндегі әдет-ғұрыптары» — деген еңбектер жазған.— 244, 246.

*Фейербах* (Feuerbach), Людвиг (1804 —1872) — немістің Маркске дейінгі кезеңдегі аса көрнекті материали-

ст-философы.— *65, 372, 373, 381—382, 385—387, 389—399, 542.*

*Фгокрит* — біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдағы ежелгі грек ақыны.— *276.*

*V Фердинанд Католик* (1452—1516) — Кастилияның королі (1474—1504) және билеушісі (1507—1516), Арагонның II Фердинанд деген атпен болған королі (1479—1516).— *253.*

*II Филипп Август* (1165—1223) — француз королі (1180—1223).— — *545.*

*Фихте* (Fichte), Иоганн Готлиб (1762 — 1814) — неміс тің классикалық философиясының өкілі, субъективтік идеалист.— *545.*

*Фишер* (Fischer), Рихард (1855—1926) — неміс социал-демократы, Социал-демократиялық партия Басқармасының секретары (1890 — 1893), партиялық кітап баспасының басшысы (1893—1903).—*39.*

*Флокон* (Flocon), Фердинан (1800—1866) — француздың саяси қайраткері және публицисі, ұсақ буржуазияшыл демократ, «Réforme» газеті редакторларының бірі, 1848 жылы уақытша үкімет мүшесі.— — *83, 201, 501.*

*Фогт* (Vogt), Карл (1817—1895)— немістің жаратылыс зерттеушісі, тұрпайы материалист, ұсақ буржуазияшыл демократ; Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; 50—60-шы жылдары Луи Бонапарттың эмиграциядағы құпия ақы алушы агенті. — *63, 85, 387, 524.*

*Форстер* (Forster), Уильям Эдуард (1818—1886) — ағылшын фабриканты және саяси қайраткері, либерал, парламент мүшесі, Ирландия істері жөніндегі министр (1880 — 1882); ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен тұншықтыру саясатын жүргізген.—*119, 120.*

*I Франц* (1768—1835) — Австрия императоры (1804—1835). — *427.*

*I Франц-Иосиф* (1830—1916) — Австрия императоры (1848—1916).— — *428.*

*VII Фредерик* (1808—1863) — Дания королі (1848—1863).— *437.*

*Фрейлиграт* (Freiligrath), Фердинанд (1810—1876) — неміс ақыны, қызметінің бастапқы кезіндегі романтик, кейіннен революцияшыл ақын, 1848—1849 жылдарда «Neue Rheinische Zeitung», редакторларының бірі, Коммунистер одағының мүшесі; 50-ші жылдарда революциялық күрестен шеттеп кеткен.—*206.*

*II Фридрих* («Ұлы» деп аталған) (1712 — 1786) — Пруссия королі (1740—1786). — *421, 428, 435, 522.*

*Фридрих-Вильгельм* (1620—1688) — Бранденбург курфюрсті (1640—1688).— *435, 546.*

*III Фридрих-Вильгельм* (1770—1840).— Пруссия королі (1797—1840).—*81, 157, 375, 378, 429, 433.*

*IV Фридрих-Вильгельм* (1795—1861) — Пруссия королі (1840—1861).— *380, 450.*

*Фриман* (Freeman), Эдуард Огастес (1823—1892) — ағылшынның буржуазияшыл тарихшысы, либерал, Оксфорд университетінің профессоры.— *211.*

*Фукидид* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 460—395 жж.)— аса ірі ежелгі грек тарихшысы, «Пелопонес соғысы тарихының» авторы.— *304.*

*Фульд* (Fould), Ашиль (1800—1867) — француз банкирі, орлеанист, кейіннен бонапартист; 1849—1867 жылдарда бірнеше дүркін финанс министрі қызметінде болған. — *436.*

*Фурье* (Fourier), Шарль (1772— — 1837) — француздың ұлы утопист-социалисі.— *67, 127, 132, 133, 152, 155, 271, 351, 370, 371.*

*Фюстель де Куланж* (Fustel de Coulanges), Нима Дени (1830—1899) — француздың буржуазияшыл тарихшысы, «Ежелгі азаматтық қауым» деген және басқа кітаптардың авторы.— *301.*

## Х

*Харринг* (Harring), Харро (1798—1870) — неміс жазушысы, ұсақ буржуазияшыл радикал, 1828 жылдан (үзілістермен) әр түрлі елдерде эмиграцияда тұрған. — *196.*

*Хауитт* (Howitt), Альфред Уильям (1830—1908) — ағылшынның Ав-

стралияны зерттеуші этнографы, Австралиядағы отаршыл чиновник (1862—1901). Австралия тайпалары туралы бірқатар еңбектердің авторы; 1871 жылдан Л. Файсонмен қызметтес болған, онымен бірігіп «Қамиларойлар мен курнайлар» және «Курнайлар тайпасы, оның бейбітшілік және соғыс кезіндегі әдет-ғұрыптары» деген еңбектер жазған—*246*.

*Хаупт* (Haupt), Герман Вильгельм (1831 ж. шамасында туған) — немістің сауда қызметшісі, Коммунистер одағының мүшесі, Кёльн коммунистерінің ісі жөніндегі тұтқындалғандардың бірі, тергеу кезінде сатқындық мәліметтер берген; полицияның сотқа дейін босатуымен Бразилияға қашқан.— *206*.

*Хёйслер* (Heusler), Андреас (1834—1921) — Швейцарияның буржуазияшыл юрисі, Швейцария және Германия праволары жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.— *260*.

*Хельвальд* (Hellwald), Фридрих Антон Хеллер (1842—1892) — Австрия этнографы, географ және тарихшы.— *524*.

*Хёхберг* (Höchberg), Карл (1853—1885) (бүркеншік аты — Л. Рихтер) — неміс социал-реформисі; 1876 жылы социал-демократиялық партияға қосылған, реформистік бағыттағы бірсыпыра газеттер мен журналдар құрып, қаржыландырып тұрған.— *92*.

*Хинкель* (Hinkel), Карл (1794—1817) — неміс студенті, студенттердің Германияны біріктіру жолындағы оппозициялық қозғалысына қатысушы.— *420*.

*Хушке* (Huschke), Георг Филипп Эдуард (1801—1886) — немістің буржуазияшыл юрисі, Рим правосы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.— *321*.

## Ц

*Цезар* (Гай Юлий Цезарь) (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 100—44 жж.) — Римнің атақты қолбасшысы және мемлекет қайраткері.— *168, 221, 229, 241, 242, 289, 328, 330, 335, 337, 339, 340, 553*.

*Цивилис*, Юлий (I г.) — германның батав тайпаларының көсемі, герман және галл тайпаларының римдік билеп-төстеушілікке қарсы көтерілісін бастаған (69—70 немесе 69—71). — *334*.

## Ч

*Чех* (Tschech), Генрих Людвиг (1789 — 1844) — Пруссия чиновнигі, 1832—1841 жылдарда Шторков (Пруссия) қаласының бургомистрі, демократ; король IV Фридрих-Вильгельмнің өміріне қастандық жасағаны үшін жазаланып өлтірілген.— *431*.

## Ш

*Шаппер* (Schapper), Карл (1812—1870) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Әділеттілер одағы басшыларының бірі, Коммунистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатынасушы; 1850 жылы Коммунистер одағы жікке бөлінген кезде сектанттық-авантюристік фракцияның басшыларының бірі; 1856 жылдан Маркспен қайта жақындасқан; I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі.— *190, 191, 196, 201, 203, 205*.

*Швейцер* (Schweitzer), Иоганн Баптист (1833—1875) — Германиядағы лассальшылдардың көрнекті өкілдерінің бірі; Жалпы герман жұмысшы одағының президенті (1867—1871); неміс жұмысшыларының I Интернационалға қосылуына кедергі жасаған; Социал-демократиялық жұмысшы партиясына қарсы күрес жүргізген; 1872 жылы Пруссия өкімет орындарымен байланысы барлығы әшкереленгеннен кейін Одақтан шығарылған.— *38, 93*.

*Шекспир* (Shakespeare), Вильям (1564—1616) — ағылшынның ұлы жазушысы.— *34*.

*Шёман* (Schömann), Георг Фридрих (1793 — 1879) — неміс филологы және тарихшысы, Ежелгі Греция

тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *263, 302.*

*Шефтсбери* (Shaftesbury), Антони, граф (1671—1713) — ағылшынның моралист-философы, деизмнің көрнекті өкілі; саяси қайраткер, виг.— *115.*

*Шиллер* (Schiller), Фридрих (1759 1805) — немістің ұлы жазушысы. — *390.*

*Шлёффель* (Schlöffel), Густав Адольф (1828—1849) — неміс студенті және журналисі, революционер, Германия мен Венгриядағы 1848—1849 жылдардағы революцияларға белсене қатысушы; шайқаста қаза болған.— *182.*

*Шлоссер* (Schlosser), Фридрих Христоф (1776—1861) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, либерал, неміс тарихнамасындағы Гейдельберг мектебінің басшысы.— *430.*

*Шмидт* (Schmidt), Конрад (1863—1932) — неміс экономисі және философы, ревизионизмнің идеялық негіздерінің бірі болған еңбектердің авторы.— *530—532, 537—543.*

*Шопенгауэр* (Schopenhauer), Артур (1788—1860) — немістің идеалист-философы, волюнтаризмді, иррационализмді және пессимизмді уағыздаушы, Пруссия юнкерлерінің идеологы.— *63.*

*Шрамм* (Schramm), Карл Август — неміс социал-демократы, реформист «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik» редакторларының бірі, 80-ші жылдарда партиядан шыққан.— *92.*

*Штарке* (Starcke), Карл Николай (1858—1926) — даттың буржуазияшыл философы және социологы.— *373, 374, 386, 390—392, 395, 396.*

*Штейн* (Stein), Юлиус (1813—1889) — Силезия мұғалімі, публицист, буржуазияшыл демократ; 1848 жылы Пруссия Ұлттық жиналысының депутаты, оның сол қанатында болған.— *184.*

*Штёккер* (Stoecker), Адольф (1835—1909) — неміс священнигі және реакцияшыл саяси қайраткері, христиандық-әлеуметтік партияның негізін салушы (1878) және лидері, социалистік жұмысшы қозғалысының қас жауы және антисемитизмді уағыздаушы.— *466.*

*Штибер* (Stieber), Вильгельм (1818—1882) — Пруссияның полиция чиновнигі және Пруссия саяси полициясының бастығы (1850—1860), Коммунистер одағының мүшелеріне қарсы Кёльндегі сот процесін ұйымдастырушылардың бірі және сол процестегі (1852) басты куә. — *189, 199.*

*Штирнер* (Stirner), Маркс (Каспар *Шмидттің* әдеби бүркеншік аты) (1806—1856) — неміс философы, жас гегельшіл, буржуазиялық индивидуализм мен анархизмнің идеологтарының бірі.— *381.*

*Штраус* (Strauß), Давид Фридрих (1808—1874) — неміс философы және публицисі, көрнекті жас гегельшілдердің бірі, 1866 жылдан кейін национал-либерал. — *381, 382, 399.*

*Штрусберг* (Stroußberg), Бетель Генри (1823—1884) немістің ірі темір жол мердігері; 1873 ж. банкротқа ұшыраған.— *96.*

*Штумм* (Stumm), Карл (1836—1901) — немістің ірі өнеркәсіп иесі, консерватор, жұмысшы қозғалысының қас жауы.— *521.*

*Шульце-Делич* (Schulze-Delitzsch), Герман (1808—1883) — немістің саяси қайраткері және буржуазияшыл тұрпайы экономисі, 1848 жылы Пруссия Ұлттық жиналысының депутаты; 60-жылдарда буржуазиялық прогрессистер партиясының лидерлерінің бірі, кооперативтік қоғамдар ұйымдастыру арқылы жұмысшыларды революциялық күрестен аулақтатуға тырысқан.— *184.*

*Шурц* (Schurz), Карл (1829—1906) — немістің ұсақ буржуазияшыл демократы, 1849 жылғы Баден-Пфальц көтерілісіне қатынасушы; Швейцарияға эмиграцияға кеткен; кейініректе Америка Құрама Штаттарының мемлекет қайраткері. — *204.*

## Э

*Эвербек* (Ewerbeck), Август Герман (1816—1860) — неміс дәрігері және әдебиетшісі, Әділеттілер одағы париждік қауымдарының басшы-

сы, кейіннен Коммунистер одағының мүшесі, одан 1850 жылы шыққан.— *196, 206.*

*Эвклид* (біздің заманымыздан бұрынғы IV ғ. аяғы — III ғ. басы)— аса көрнекті ежелгі грек математигі.— *42.*

*Эккариус* (Eccarius), Иоганн Георг (1818—1889) — немістің киім пішуші-жұмысшысы, халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Әділеттілер одағының, кейіннен Коммунистер одағының мүшесі, I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі, кейіннеркте ағылшын тредюниондық қозғалысына қатынасушы.— *198.*

*Эльснер* (Elsner), Карл Фридрих Мориц (1809—1894) — Силезия публицисі және саяси қайраткері, радикал; 1848 жылы Пруссия Ұлттық жиналысының депутаты, оның сол қанатында болған; 50-жылдарда «Neue Oder-Zeitung» редакторларының бірі. — *184.*

*Энгельс* (Engels), Фридрих (1820—1895) — (өмірбаяндық деректері). — *5—8, 28, 32, 35, 36—39, 59—61, 81, 82, 100, 101, 102—104, 105, 178, 179—188, 205—208, 209—211, 222, 262, 265, 303, 326, 329, 372—373, 382, 399, 417, 423, 424, 431, 469, 470, 473, 478—481, 502, 519, 523, 524—532, 534, 535, 536, 537, 539, 543, 545—548, 554—556.*

*Эпикур* (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 341—270 жж.) — ежелгі гректің аса көрнекті материалист-философы, атеист.— *63.*

*Эрхардт* (Erhardt), Иоганн Людвиг Альберт (1820 ж. шамасында туған) — немістің сауда қызметшісі, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кёльн процесінде (1852) айыпталғандардың бірі. — *206.*

*Эспинас* (Espinas), Альфред Виктор (1844—1922) — француздың буржуазияшыл философы және социологы, эволюциялық теорияны жақтаушы.— *233, 234.*

*Эсхил* (біздің заманымыздан бұрынғы 525—456) — ежелгі гректің аса көрнекті драматургы, классикалық трагедиялардың авторы. — *213, 214.*

*Эшенбах* — қараңыз: *Вольфрам фон Эшенбах.*— 213, 214.

## Ю

*Юлийлер* — римдік патрицийлік ру. *330.*

*Юм* (Hume), Давид (1711—1776) — ағылшын философы, субъективтік идеалист, агностик; буржуазияшыл тарихшы және экономист. — *385.*

## Я

*Якоби* (Jacobi), Абраам (1830—1919) — неміс дәрігері, Коммунистер одағының мүшесі, коммунистердің Кёльн процесіндегі (1852) айыпталушылардың бірі; 1853 жылы Англияға, сонан соң АҚШ-қа эмиграцияға кеткен, онда баспасөзде марксизм идеяларын насихаттауға қатысқан; солтүстікшілер жағында Азамат соғысына қатынасушы; біркатар медициналық мекемелердің профессоры және президенті, медицина жөніндегі біркатар дәрігерлік еңбектердің авторы.— *206.*

*Ярослав Мудрый* (978—1054) — Киевтің ұлы князы (1019—1054). — *259.*

# ӘДЕБИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕР

*Авраам* — таурат аңызы бойынша ежелгі еврей патриархы.— *254.*

*Агамемнон* — ежелгі грек мифологиясында Аргостың аңызға айналған патшасы, «Иллиада» кейіпкерлерінің бірі, Троя соғысы кезінде грек әскерлерінің кол бастаушысы; Эсхилдың осы аттас трагедиясының кейіпкері.— *213, 262, 263, 301, 303, 304.*

*Алтея* — ежелгі грек мифологиясында Тестий патшаның қызы, Мелеагрдың шешесі— *332.*

*Анаитис* — Анахитаның ежелгі гректік есімі, ежелгі иран мифологиясында су мен жер құнарлығының құдайы; Анахитаға табыну Арменияда кеңінен тарады, мұнда оның бейнесі кіші азиялық құнар-

лылық құдайларының бейнесімен ұштастырылды.— *251, 266.*

*Аполлон* — ежелгі грек мифологиясында күн мен жарық құдайы, өнер қамқоршысы.— *214.*

*Аргонавтар* — ежелгі грек мифологиясының «Арго» кемесімен Колхидадағы айдаһар күзетіп тұрған алтын жабағыны аламыз деп сапарға аттанған кейіпкерлері.— *332.*

*Ариадна* — ежелгі грек мифологиясында Крит патшасы Миностың қызы; Тезейдің Минотавр құбыжықты өлтіріп, қиянаттан аман шығуына көмектесуші.— *49.*

*Астарта* — Финикия мифологиясындағы жер құнары мен махаббат құдайы Аштореттің ежелгі гректік есімі.— *251.*

*Афина Паллада* — ежелгі грек мифологиясындағы басты құдайлардың бірі, соғыс құдайы және даналық бейнесі; Афины мемлекетінің қамқоршысы деп есептелген. — *214.*

*Афродита* — ежелгі грек мифологиясында махаббат пен сұлулық құдайы.— *266.*

*Ахиллес* немесе *Ахилл* — ежелгі грек мифологиясында Трояны қоршаған грек батырларының ең өжеті; Гомердің «Иллиадасының» басты кейіпкерлерінің бірі; аңызға сәйкес, Ахиллес өз денесіндегі жалғыз осал жері — өкшесінен жебе тиіп, өлімші болып жараланған.— *262, 303, 494.*

*Бореадтар* — ежелгі грек мифологиясында терістік желінің құдайы Борей мен Афины патшасының қызы Орейтияның балалары.— *332.*

*Брунхильда* (Брюнхильда) — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің орта ғасырлық «Нибелунгтер туралы жыр» поэмасының кейіпкері, Исландия королевасы, кейіннен бургундтар королі Гунтердің зайыбы.— *277.*

*Ганимед* — ежелгі грек мифологиясында құдайлар ұрлап алып, Олимпке көтерген, Зевстің сүйіктісіне әрі шарап құйып берушісіне айналған сұлу жігіт.— *265.*

*Геката* — ежелгі грек мифологиясында үш басты, үш денелі ай сәулесі құдайы, жер астындағы өліктер патшалығының құбыжықтары мен сүлделерінің әміршісі, зұлымдық пен сиқыр қамқоршысы.—*300.*

*Геракл* — ежелгі грек мифологиясының алып күшімен әрі батырлық ерліктерімен белгілі әйгілі кейіпкері.— *332.*

*Гефест* — ежелгі грек мифологиясында от құдайы, ұсталық өнердің қамқоршысы.— *153.*

*Гудрун* (Кудрун) — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің XIII ғасырдағы орта ғасырлық «Гудрун» поэмасының басты кейіпкері, хегелингтер королі Хетель мен ирландық Хильданың қызы; зеландтық Хервигтің қалыңдығы; нормандық (нормандтық) Хартмут ұрлап әкеткен, оған күйеуге шығудан бас тартып, Хартмуттың тұтқынында он үш жыл болған, Хервиг тұтқыннан босатқаннан кейін соның әйелі болған.—*277.*

*Гунтер* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің орта ғасырлық «Нибелунгтер туралы жыр» поэмасының кейіпкері, бургундтардың королі.— *277.*

*Дафнис* — ежелгі грек жазушысы Лонгтың (II—III ғғ.) «Дафнис пен Хлоя» деген романының кейіпкері, ғашық болған бақташының бейнесі.—*276.*

*Демодок* — Гомердің «Одиссея» поэмасы кейіпкерлерінің бірі, феактардың мифтік патшасы Алкинойдың сарайындағы соқыр жыршы.—*304.*

*Дон-Кихот* — Сервантестің осы аттас романының басты кейіпкері.— *461.*

*Дросте-Фишеринг* — немістің халықтық сатиралық өлеңінің кейіпкері. *431.*

*Жорж Данден* — Мольердің «Жорж Данден немесе ақымақ болған күйеу» комедиясындағы басты кейіпкерлердің бірі, өзін әбден алдап соғып жүрген кедейленген ақсүйек әйелге үйленген бай аңқау шаруаның бейнесі.— *361.*

*Зевс* — ежелгі грек мифологиясының ең басты құдайы.— *304, 378.*

*Ирландтық Зигебант* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің XIII ғ. орта ғасырлық «Гудрун» поэмасының кейіпкері, ирландтардың королі.— *277.*

*Зигфрид* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің орта ғасырлық «Нибелунгтер туралы жыр» поэмасының басты кейіпкерлерінің бірі.— *277.*

*Морландтық Зигфрид* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің XIII ғ. орта ғасырлық — «Гудрун» поэмасының кейіпкері; Гудрунды аламын деп ала алмаған күйеулердің бірі.— *277.*

*Золушка* — көптеген халықтардың арасында кеңінен тараған әйгілі ертегінің кейіпкері, әділетсіздіктен жапа шеккен момақан әрі еңбек сүйгіш қыздың бейнесі.— *192.*

*Кассандра* — ежелгі грек мифологиясында Троя патшасы Приамның қызы, алдағыны болжаушы; Троя-ны жеңгеннен кейін Агамемнон күн ретінде әкеткен; Эсхилдің «Агамемнон» трагедиясының бір кейіпкері.—*263.*

*Клеопатра* — ежелгі грек мифологиясында терістік жел құдайы Борейдің қызы.— *332.*

*Клитемнестра* — ежелгі грек мифологиясында Троя соғысынан оралған өз күйеуін өлтірген, Агамемнонның әйелі; Эсхилдың «Орестея» трагедиясының кейіпкері.— *213.*

*Кримхильда* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің орта ғасырлық «Нибелунгтар туралы жыр» поэмасының кейіпкері, бургундтар королі Гунтердің қарындасы; Зигфридтің қалындығы кейін әйелі, ол өлгеннен кейін ғұндардың королі Этцельдің әйелі.— *277.*

*Локи* — ежелгі Скандинавия мифологиясында зұлымдық перісі, от құдайы, ежелгі Скандинавияның халықтық «Үлкен Эдда» эпосының кейіпкері.—*237.*

*Мелеагр* — ежелгі грек мифологиясында Калидон қаласының аты аңызға айналған патшасы Энейдің және өз шешесінің аға-інілерін өлтірген Алтеяның баласы.— *332.*

*Мефистофель* — Гётенің «Фауст» трагедиясының басты кейіпкерлерінің бірі.— *376.*

*Милитта* — Вавилон мифологиясындағы махаббат пен жер құнарлылығының құдайы Иштардың ежелгі гректік есімі.—*251.*

*Моисей* — таурат аңызы бойынша ежелгі еврейлерді Египеттің тұтқынынан босатып, оларға заң берген әулие әрі заң шығарушы.— *214, 254.*

*Мулий* — Гомердің «Одиссея» поэмасы кейіпкерлерінің бірі, герольд. — *304.*

*Нестор* — ежелгі грек мифологиясында Троя соғысына қатынасқан грек батырларының ең қариясы және ең данасы.— *301.*

*Нйордр* — ежелгі Скандинавия мифологиясында жер құнарлылығының құдайы, ежелгі Скандинавияның халықтық «Үлкен Эдда» эпосының кейіпкері.—*237.*

*Одиссей* — Гомердің «Илиада» және «Одиссея» поэмаларының кейіпкері, Итака аралының мифтік патшасы, Троя соғысы кезінде грек әскерлерін бастаушылардың бірі; жүректілігімен, айлакерлігімен және шешендігімен көзге түскен.— *303, 304.*

*Орест* — ежелгі грек мифологиясында өзінің шешесі мен Эгисттен әкесінің өлімі үшін кек алған Агамемнон мен Клитемнестраның баласы; Эсхилдың «Хоэфорлар» және «Эвменидтер» трагедиясының («Орестея» трилогиясының екінші және үшінші бөлімдерінің) кейіпкері.— *213, 214.*

*Полиник* — ежелгі грек мифологиясында Фивы патшасы Эдиптің ұлдарының бірі; билік үшін күресте өзінің ағасы Этеоклды өлтірген және өзі де сол жекпе-жекте каза тапқан; осы аңыз Эсхилдың «Фивыға қарсы жетеу» трагедиясының негізі болған.— *302.*

*Прометей* — ежелгі грек мифологиясында алыптардың бірі; құдайлардан от ұрлап, оны адамдарға әкеліп берген; осының жазасына жартаска таңып байланып, бауырын бүркіт шұқып жеген.— *153.*

*Радамант* — ежелгі грек мифологиясында дана, әділ төреші.—*398.*

*Ромул* — аңыз бойынша Ежелгі Римнің негізін салған және оның тұңғыш патшасы болған адам.— *398.*

*Сиф* — ежелгі Скандинавия мифологиясында найзағай құдайы Тор-

дың әйелі, ежелгі Скандинавияның халықтық «Үлкен Эдда» эпосының кейіпкерлерінің бірі.— *331.*

*Тевкр* — Гомердің «Илиада» поэмасының кейіпкері, Троя түбінде шайқасқан.— *263.*

*Тезей* — ежелгі грек мифологиясының ең басты кейіпкерлерінің бірі, Афины мемлекетінің негізін салған деп есептелетін Афиныың аңыздағы патшасы.— *306.*

*Теламон* — ежелгі грек мифологиясы кейіпкерлерінің бірі, Трояға қарсы жорыққа қатынасушы.—*263.*

*Телемах* — Гомердің «Одиссея» поэмасының кейіпкері, Итака аралының патшасы Одиссейдің ұлы.— *262.*

*Тестий* — ежелгі грек мифологиясында Этолиядағы Плевронның аңыздағы патшасы.—*332.*

*Норвегтік Ута* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің XIII ғ. орта ғасырлық «Гудрун» поэмасының кейіпкері.— *277.*

*Финей* — ежелгі грек мифологиясында соқыр әулие; екінші әйелінің айдап салуымен өзінің бірінші некесі Борей қызы Клеопатрадан туған балаларын азаптаған, сол үшін құдайлар жазалаған.— *332.*

*Фрейя* — ежелгі Скандинавия мифологиясында құнарлылық және махаббат құдайы, ежелгі Скандинавияның халықтық «Үлкен Эдда» эпосының кейіпкері, өз ағасы Фрейер құдайдың әйелі.—*238.*

*Хадубранд* — ежелгі герман батырлық эпосы «Хильдебранд туралы жырдың» кейіпкерлерінің бірі, осы эпостың бас кейіпкері Хильденбрандтың баласы.— *331.*

*Хартмут* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің XIII ғ. орта ғасырлық «Гудрун» поэмасының кейіпкері, орман (норманд) королінің баласы, Гудрунды аламын деп ала алмаған күйеулердің бірі. — *277.*

*Хервиг* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің XIII ғ. орта ғасырлық «Гудрун» поэмасының кейіпкері, Зеланд королі, кейіннен Гудрунның күйеуі.— *277.*

*Хетель* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-қа немістің XIII ғ. орта ғасырлық «Гудрун» поэмасының кейіпкері, хегелингтердің королі.— *277.*

*Хильда* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің XIII ғ. орта ғасырлық «Гудрун» поэмасының кейіпкері, Ирландия королінің қызы, хегелингтер королі Хетельдің әйелі болған.—277.

*Хильдебранд* — ежелгі герман батырлық эпосы «Хильдебранд туралы жырдың» басты кейіпкері.— — *331.*

*Хлоя* — ежелгі грек жазушысы Лонгтың (II—III ғғ.) «Дафнис пен Хлоя» романының кейіпкері, бақташы сүйіктісінің бейнесі.— *276.*

*Шейлок* — Шекспирдің «Венеция көпесі» деген комедиясының кейіпкері, вексель шарты бойынша өзінің борышын уақтылы өтей алмай жүрген борышкерінен етінен ет кесіп беруді талап еткен қаныпезер өсімқор.—*34.*

*Эвмей* — Гомердің «Одиссея» поэмасының кейіпкерлерінің бірі, Итака аралының патшасы Одиссейдің шошқа бағушысы, талай жыл ел кезіп жүрген кезінде өзінің мырзасына адалдығын сақтаған.—*304.*

*Эгист* немесе *Эгисф* — ежелгі грек мифологиясында Клитемнестраның көңілдесі, Агамемнонды өлтіруге қатысқан; Эсхилдың «Агамемнон» және «Хоэфорлар» («Орестея» трилогиясының бірінші және екінші бөлімдері) трагедияларының кейіпкері.— *213.*

*Эриниялар* — ежелгі грек мифологиясында кек алу құдайлары, Эсхилдың «Хоэфорлар» және «Эвменидтер» («Орестея» трилогиясының екінші және үшінші бөлімдері) трагедияларының кейіпкерлері.— *213, 214.*

*Этеокл* — ежелгі грек мифологиясында Фивы патшасы Эдиптің балаларының бірі, билік үшін күресте өз ағасы Полиникті өлтірген және сол жекпе-жекте өзі де қаза тапқан; осы аңыз Эсхилдың «Фивыға қарсы жетеу» трагедиясының негізі болған.— *302.*

*Этцель* — ежелгі герман халық эпосының, сондай-ақ немістің орта ғасырлық «Нибелунгтер туралы жыр» поэмасының кейіпкері, ғұндардың королі.— *277.*

# АТАУ КӨРСЕТКІШІ

А

*Абстракция* (зерттеу әдісі ретінде) — *72, 383, 543.*
*Австралия — 418, 458, 478, 483, 528.*
*Австрия — 417, 421—430, 437—440, 441—443, 447, 451, 468, 535, 548.*
*Агностицизм — 103, 106—109, 385.*
*Аграрлық мәселе* — 503—504, 510—513, 515—523.
*Адам — 52—54.*
— оның жануарлар дүниесінен ерекшелігі — *52—53, 68—77, 161—162, 525—526.*
— және табиғат — *52, 77—78.*
— маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің ролі — *52—54, 65—77, 526—527.*
*Адамның қолы — 52—53, 68—70, 75.*
*Адамның миы* — 72, 74, 75.
*«Азаматтық қоғам» — 195, 409.*
*Айырбас — 166, 170, 309, 353, 358, 367—368, 409, 555.*
*Акция, акционерлік қоғамдар —156, 157, 164, 170, 173, 473, 480, 533, 538—539.*
*Ақиқат* (абсолюттік және относительді) — *377, 379, 402.*
*«Ақиқат социализм» — 97, 197, 382.*
*Ақша — 154, 308, 354, 357, 367, 369, 538—532, 549.*
*Алгебра — 42, 43.*
*Алғашқы қауымдық құрылыс — 170, 171, 222, 223, 273, 294—296, 307—308, 335, 351, 366.*
*Алжир — 528.*
*Алтын (және күміс) — 337, 355, 418, 538.*
*Алхимия — 42, 43.*
*Алымдар — 25, 364, 479.*
*Америка*
— Американың ашылуы — *112, 538.*
— Америка Құрама Штаттары — *25, 119, 120, 171, 176, 290, 344, 364, 366, 417, 477—480, 483—486, 493, 528—529, 549.*
— азамат соғысы — *85, 206.*
— Оңтүстік Америка — *120.*
*Анархистер — 6, 160.*
*Анатомия — 43, 48, 111.*
Англия — *11, 41, 102, 103, 105—106, 113, 117, 119, 129, 133, 180, 195, 366, 372, 407, 408, 410, 413, 421, 422, 437, 455, 465, 467, 477, 482, 485, 486—489, 491—494, 495, 496, 497, 513, 529, 539, 542;*
— ағылшын буржуазиясы — *106, 110, 112—121, 407, 485, 488—489, 491.*
— жер аристократиясы — *113—117, 119, 165, 407, 467, 489.*
— жұмысшы табы — *118, 121, 123, 136, 407, 491—492, 494, 499, 528.*
— жұмысшы қозғалысы — *496—497.*
— шаруалары — *173, 506;*
— отарлық монополия — *528.*
*Аннексиялар — 454.*
*Антагонизм — 89, 150, 315, 550.*
*Арабтар — 40—41, 78, 138.*
*Армия — 436.*
*Артық өндіріс — 163, 408—409.*
*Артық өндіру дағдарыстары* — қараңыз: *Экономикалық дағдарыстар.*
*Астрономия — 50, 56.*
— оның тарихы — *42—45, 48, 50, 111.*
*Атом — 62—63.*
*Африка — 493, 538.*

Ә

*Әдебиет — 41, 551.*
*Әділеттік — 126.*
*Әйел*

— алғашқы қауымдағы — *213—215, 249—250, 257, 262, 272, 353;*
— Ежелгі Грециядағы — *257, 262—264;*
— германдардағы — *268, 350;*
— капитализм тұсындағы — *271—274;*
— оны азат етудің шарттары — *273—275, 281, 356.*
*Әйел еңбегі — 26, 133.*

Б

*Базис және қондырғы — 88—89, 123, 132, 144, 176, 195, 409, 532, 534—536, 539—546, 551—558.*
*Бакунистер — 6, 87.*
*Бала еңбегі — 26, 133.*
*Банкілер, банк капиталы — 166, 170, 178, 538.*
*Бәсеке — 53, 112, 150, 156, 163, 377, 484, 554—555.*
*Белок — 109;*
— тіршілік нәрі ретінде — *51, 76, 109.*
*Бельгия — 493.*
*Биология — 43—44, 48, 64, 387.*
*Биржа — 157, 173, 366, 423, 537, 539.*
*Болмыс — 65—66, 383—384.*
*Бонапартизм — 85, 366.*
*Бостандық — 25, 158—159, 162.*
*Ботаника — 43, 49.*
*Бөлу — 12—16, 531—532, 551.*
*Буржуазия — 90, 112—113, 120, 126, 128, 129, 131, 157, 161, 180, 280, 377, 394, 396, 407, 418, 423, 425, 429;*
— оның даму тарихы — *16, 40, 41, 80, 87—90, 110—114, 119, 120, 122, 126—128, 131, 146—147, 164, 407—408, 413, 418, 431, 483, 543.*
— және пролетариат — *16—17, 79, 88—90, 93, 95, 114, 126—127, 129, 132, 150, 163, 179—181, 407—408, 418, 424, 499—500.*
— ірі буржуазия — *89.*
*Буржуазиялық демократия — 21—22, 31—32.*

В

*Варварлық — 209, 224, 226—229, 242, 243, 247, 250, 251, 254, 255, 262, 266, 274, 290, 292, 306, 309, 338—340, 350—358, 361.*
*Вена конгресі — 417, 421.*
*Венгрия — 118, 186, 417, 418, 424, 428, 491, 548.*

Г

*Гегельшілдік* — қараңыз: *Немістің классикалық философиясы —63, 65, 108—109, 117, 137, 141, 142, 372—382, 384—390, 394, 399—402, 404, 406, 430, 487, 531, 542, 544.*
*Геология — 43, 46—47, 49, 388.*
*Германдар — 167, 260—261, 268—269, 289—291, 302, 330—340, 345, 346, 350—351, 363, 369, 393.*
*Германия — 25, 28, 41, 60, 63, 64, 82—83, 100—102, 111, 118, 120, 168, 179, 180, 181, 182, 200, 206, 335, 365, 372, 374, 378, 408, 413, 415, 418, 419, 420, 421, 422, 424, 443—447, 450, 451—461, 462—472, 475, 477—479, 481, 486, 490, 491, 515, 523, 525, 531, 535, 538, 546, 547, 553;*
— жұмысшы табы — *21—22, 30—31, 60, 124, 179—181, 183, 207, 436, 459—462, 533;*
буржуазиясы — *123, 124, 180—183, 414—419, 423, 430—436, 439, 442, 459—461, 464;*
— Германияның бірігуі — *182—183, 414—415, 420—422, 426—428, 434, 438—440, 442, 447, 547—548;*
— жұмысшы қозғалысы — *97—99, 124, 183, 192—193, 416, 442, 460, 461, 497, 531—532, 547;*
— шаруалары — *20, 166, 186, 425, 458, 468, 503, 505—507, 534;*
— юнкерлер — *457—458, 460, 461, 466, 467, 533.*
*Германия Социал-демократиялық* партиясы — *5, 19—23, 36, 38, 60, 98, 100, 102, 454, 459, 460, 531—532;*
— Гота программасы — *5—7, 9—13, 16—28, 30—35, 470;*
— 1891 жылғы программа — *470—479;*
— партиядағы оппортунизм — *93 99, 475, 476.*
*Германиядағы социалистерге қарсы* ерекше заң — *37, 38, 95, 207, 475, 531, 532.*

*Германияның Социал-демократиялық жұмысшы партиясы (эйзенахшылдар)* — 7, 29, 30, 33, 100.
*Греция (Ежелгі)* — 64, 138, 167, 262—265, 296—316, 360, 361, 363, 369, 550.

Ғ

*Ғылым* — 54, 62, 63, 65—66, 75, 108—109, 111, 167, 170, 177, 376, 415, 542, 545, 551.

Д

*Даму* — 524, 542, 552.
*Дания* — 433, 437, 438, 447.
*Дарвинизм* — 49, 68, 140, 151, 176, 220, 389, 403, 524—527.
*Дворяндар* — 40, 86—87, 88, 126, 127, 130.
*Демократия* — 93, 97, 183.
*Деревня* — қараңыз: *Қала мен деревня* —88, 133, 310, 356, 357.
*Диалектика* — 62—65, 133, 137, 142, 543, 546;
— идеалистік — 66—68, 138, 141—142, 374, 399—400;
— материалистік — 49—50, 66, 67, 76, 137—143, 266, 276, 370, 376—377, 400—404.
*Диалектикалық материализм* — қараңыз: *Диалектика. Материализм.*
*Догматизм* — 15, 529, 534, 555.
*Дүние* — 417.
*Дүние жүзілік рынок* — 151, 170, 377, 419, 420, 484, 537.
*Дүниеге көзқарас* — 64, 98, 555.
*Дін* —41, 44—45, 47, 56, 89, 106, 107, 109—112, 114—115, 117—118, 122—123, 290, 383, 392—394, 411, 413, 468, 532, 534, 541, 542, 546.

Е

*Европа* — 77—79, 111, 166, 169, 171, 172, 417, 528, 549—550.
*Египет* — 528.
*Егіншілік* — 168, 169, 172, 357.
*Ежелгі грек философиясы* — 62—65.
*Ежелгі дүние* — 229—230, 258, 262—265, 268, 296—325, 340—344, 347—348, 359, 361, 362, 368.
*Еңбек* — 9—12, 89—90, 210;
— оның маймылдың адамға айналу процесіндегі ролі — 51—54, 68—77, 526—527;
— ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы қарама-қарсылықты жою — 15;
— еңбек байлық атаулының көзі ретінде — 68;
— еңбек құнның көзі ретінде — 555.
*Еңбек бөлінісі* — 15, 23—24, 42, 103, 147, 160, 306, 310, 357, 361, 362, 367—368, 408, 538, 539, 542;
— және өндіргіш күштердің дамуы — 354—355;
— бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлінісі — 353, 355, 358, 369;
— екінші ірі қоғамдық еңбек бөлінісі — 306, 310, 357—359;
— табиғи — 352, 355;
— коммунизм тұсында еңбек бөлінісінің ескі системасын жоюдың қажеттілігі — 15.
*Еңбек құралдары* — 52—53, 69, 72—73, 146.

Ж

*Жалақы* — 19, 20, 30, 153.
*Жалдама еңбек* — 149, 159, 267—268, 274, 275, 369, 484, 511, 530.
*Жалпы эмансипацияның өлшемі ретінде әйелдердің эмансипациялануы* — 132.
*Жаратылыс тану* — 42—47, 55, 60—66, 78, 133, 138, 139, 143, 144, 377, 385—388, 525—526.
*Жезөкшелік* — 129, 264, 266, 267, 271, 274, 275.
*Жеке адамға табыну* — 527.
*Жеке адамның тарихтағы ролі* — 405—406.
*Жер иелену* — 360, 407, 504, 521—522.
*Жер рентасы* — 91.
*Жұмыс күні* — 133—134, 485.
*Жұмыс күші* — 16, 20, 90, 145, 368, 485.
*Жұмысшы аристократиясы* — 491—492, 494, 495, 528.
*Жұмысшы қозғалысы* — 86—87, 143, 191, 416, 497, 529.
Сондай-ақ қараңыз: *Тап күресі.*— 18—21, 24, 96—97, 362, 408—409, 526, 535, 540.
*Жұмысшы партиясының тактикасы* — 8, 98, 499—502, 529—530.
*Жұмысшы табы* — 99, 431, 529.
*Жұмысшы табының жоқшылыққа ұшырауы* — 475—476.
*Жұмысшы табының партиясы* — 8, 26, 33, 93, 97, 98, 179—181, 366, 476, 499—500, 504, 512, 519.

*Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі — 18, 19, 30, 86—87, 99, 177, 189, 199, 206—207, 471—472, 527—528.*
— Гаага конгресі —*6, 86—87.*

## З

*Заң — 368, 404, 405, 406, 525, 536.*
*Зорлық — 417, 543.*

## И

*Идеализм*
— жалпы сипаттамасы — *67, 142, 381, 384, 525;*
— Гегель идеализмін сынау — *65—66, 141—143, 374—380, 384—386, 390, 395, 400—402, 404, 406, 525;*
— тарихты идеалистік тұрғыдан түсіну — *87, 143—144, 404, 406, 531;*
— жас гегельшілдер — *66, 380—381;*
— ескі гегельшілдер — *63, 66, 380—381.*
*Идеология* (шындықты идеалистік тұрғыдан түсіну ретінде) — *74—75, 176, 393—394, 400, 407, 411—414, 541—542, 543—546.*
*Индия — 166, 168, 169, 254, 260, 261, 353, 483, 528, 538.*
*Инквизиция — 42.*
*Интеллигенция — 97, 531—535.*
*Интернационал* — қараңыз: *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі.*
*Ирландия — 78, 260, 326—328, 489.*
*Испания — 41, 167, 446.*
*Италия — 40—42, 118, 167, 417, 421, 423—428, 430, 440, 441, 445, 447, 477, 491, 498, 500, 551.*

## К

*Канада — 528.*
*Капитал — 90, 155, 530, 554—555.*
*Капиталдың бастапқы қорлануы — 126—127, 549—550;*
— капиталдардың құрылуы — *112—113, 114;*
— пролетариаттың шығуы — *149—150.*
*Капиталдың қорлануы — 91.*
*Капиталдың шоғырлануы — 79, 148, 155, 156, 163, 165, 485.*
*Капитализм тұсындағы экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі — 489, 496, 497.*
*Капиталистік қорланудың жалпыға бірдей заңы — 10, 154—156, 476, 483, 488.*
*Капиталистік өндіріс әдісі — 11, 16, 20, 22—24, 79—80, 89—91, 102—103, 129, 133—134, 144—149, 152, 155, 165—167, 170, 171, 274, 278—279, 365, 394, 397, 408, 473, 480, 483—485, 494, 509, 537—539, 551—552, 554—555;*
— оның қарама-қайшылықтары — *79, 91, 125, 129, 134, 143, 167, 171, 173, 394, 408, 494, 526, 549—550;*
— өндірістік қатынастары — *16, 79, 165;*
— оның тарихи өтпелі сипаты — *167, 171, 172—173;*
— өндірістің әрбір жеке фабрикада ұйымдастырылуы мен бүкіл қоғамдағы өндірістің анархиясы арасындағы қарама-қарсылық — *146—147, 150—152, 155, 162—163;*
— қоғамдық өндіріс пен капиталистік иемдену арасындағы қайшылық — *149—150, 152, 155, 163, 167, 171, 526.*
Сондай-ақ қараңыз: *Буржуазия, Жалақы, Капитал, Бәсеке, Дүние жүзілік рынок, Жалдама еңбек, Пролетариат, Өнеркәсіп, Жұмыс күші, Меншік, Экономикалық дағдарыстар.*
*Капиталистік өндірістің анархиясы — 127, 147—148, 150—153, 160, 161—163, 368, 526, 538—539, 552, 554—555.*
*Кәсіптік одақтар — 31.*
Сондай-ақ қараңыз: *Тред-юниондар.— 123, 135—136, 484, 490—492, 495—496.*
*Кездейсоқтық және қажеттілік —367, 404, 538, 556.*
*Кельттер —260, 326—329.*
*Клан —249, 328, 329.*
*Клетка — 48—50, 52.*
*Коммунизм* (ілім)
— утопиялық — *40, 126, 137, 181, 192, 194, 195, 197.*
— ғылыми — *89, 91, 179—182, 185, 187, 194, 195, 400, 415, 487, 499.*
*Коммунизм* (қоғамдық-экономикалық формация) — *531—533;*
— өндіріс — *13, 14, 54, 90, 156, 158,*

*159, 162—164, 172, 173, 275, 473, 481, 531—533;*
— бөлу — *13, 15, 16, 54, 89, 90, 162—163, 531—532;*
— тұтыну — *13, 89—90;*
— материалдық алғы шарттары — *146, 147, 155—157, 160—162, 167, 170—173, 473, 481, 499, 533—534;*
— өндірістік қатынастары — *16, 159—160;*
— және жеке меншіктің құртылуы — *533, 534;*
— еңбек — *13—15;*
— таптардың жойылуы — *20—21, 79, 89—90, 159—160, 164, 195—196, 199, 366—367, 474;*
— және мемлекет — *22—23, 159, 366—367;*
— семья — *275—276;*
— жеке адамның жан-жақты дамуы — 54;
— капитализм мен коммунизм арасындағы өтпелі дәуірдің қажеттігі — *14, 23, 533*;
— коммунистік қоғамның екі фазасы — *15, 16*;
— нашар дамыған елдердің коммунизмге өту жолдары — *528—529.*
*Коммунистер одағы — 82—83, 85, 181, 189—193, 196—208, 528.*
*Коммунистердің Келісім процесі — 84—85, 205—206.*
*«Коммунистік партияның манифесі»* (жазылу тарихы)— *83, 97, 179, 189, 198—199, 499.*
*Көпестер — 359, 367—368.*
*Кооперативтік қозғалыс — 22, 136—137, 533.*
*Кооперация — 147, 162—163.*
*Крепостной шаруалар — 91, 169, 347—348, 350, 369.*
*Куба — 80.*

## Қ

*Қайта өрлеу* (дәуірі)— *40— 42, 410—411.*
*Қайшылық*
— өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштер арасындағы — *129, 146, 148—150, 151—152, 154, 155, 167;*
— еңбек пен капитал арасындағы — *89—90, 150, 163, 530;*
— өндіріс пен тұтыну арасындағы —*526;*
— өндіріс пен айырбас арасындағы — *163—164.*
*Қала мен деревня — 88, 134, 310, 356, 357;*
— қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық — *358—359, 369.*
*Қанау — 89—91, 144, 365, 368—370, 419, 480.*
*Қарама-қарсылық — 140, 543.*
*Қару — 73.*
*Қауым — 88, 102, 151, 165—170, 259—260, 330, 335—337, 357.*
*Қауым (орыс қауымы) — 165, 167, 170, 175, 259—261, 337; 549—550.*
*Қоғам — 72—73, 79, 87, 110, 210, 389.*
*Қоғамдық-қажетті еңбек — 90—91.*
*Қоғамдық-экономикалық формация — 87—88, 145, 210.*
*Қозғалыс*
— *оның жаратылмайтындығы және жойылмайтындығы — 55—57, 138*;
— *қозғалыстың бір формаларының басқа формаларға айналуы — 47—48.*
*Қолөнер өндірісі — 40, 88, 103, 356, 358, 408.*
*Қондырғы* — қараңыз: *Базис және қондырғы.*
*Қосымша құн —20, 91, 145, 176—177, 220, 485.*
*Құл иеленушілік өндіріс әдісі — 91.*
*Құлдық — 159, 255, 263, 305, 310, 315, 344—345, 350—351, 354—356, 358, 361, 369.*
*Құн — 90, 554, 555.*
*Қытай — 120, 483.*

## Л

*Лассальшылдық — 5, 12, 17—21, 25, 28—31, 34, 37, 38, 92—93, 100, 460, 470.*
*Логика — 62, 143, 415.*
*Люксембург — 444—445, 453.*

## М

*Мальтусшілдік — 19, 30, 525.*
*Мануфактура — 41, 88, 103, 133, 147, 148, 151, 163, 408, 415.*
*Марка* (герман қауымы) — *151, 293 294, 330, 346—349, 350, 363.*
*Марксизм* (оның тарихы) — *59, 81—87, 98—99, 176—178, 195—196, 400, 487, 529—530, 532, 536, 544, 553.*

Сондай-ақ қараңыз: *К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері», К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы», К. Маркстің «Капитал», К. Маркстің «Гота программасына сын» деген шығармалары, «Коммунистік партияның манифесі», Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі, К. Маркстің «Жалдама еңбек және капитал», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектері, Коммунистер одағы.*

*К. Маркстің «Гота программасына сын» деген еңбегі* (жазылу тарихы) — *5—7, 36—37.*

*К. Маркстің «Жалдама еңбек және капитал» деген еңбегі* (жазылу тарихы) — *186.*

*К. Маркстің «Капиталы»* (жазылу және тарау тарихы) — *8, 66, 86—88, 460, 554—556.*

*К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген шығармасы* (жазылу тарихы) — *84.*

*К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегі* (жазылу тарихы) — *86.*

*Материализм —*
— дүниеге материалистік көзқарас — *105, 109, 381—382, 387, 389—390, 400, 552.*
— диалектикалық — *142, 143, 376—377, 384, 387—388, 400—401;*
— тарихи — *87—89, 103, 109—110, 142—143, 387, 389—390, 404—415, 531, 534—543, 551—553, 554;*
— Фейербахтың материализмі — *381—382, 386—387, 389, 390, 392—399;*
— тұрпайы материализм — *63, 387—389, 531, 532, 534;*
— Маркске дейінгі материализм — *103—105, 115—116, 142, 381, 387—388, 406.*

*Материя — 48, 55—58, 66, 67, 77, 104, 105, 387.*

*Машина — 79, 88, 102, 133, 146, 151—153, 163, 166, 170, 370, 407, 471.*

*Мемлекет — 22—25, 32, 156—159, 195, 293, 298, 305, 362—367, 369, 409, 411, 417, 438, 536, 539—540, 542, 544, 552.*
— оның шығуы — 75, 210, 305, 310—*315, 325, 340, 346—347, 362, 366, 417, 539, 547—548;*
— және тап күресі — *32, 363—366, 369, 411;*
— пролетариаттың мемлекеттік өкіметті алуы — *32, 159, 164, 543;*
— буржуазиялық мемлекет — *22, 23, 60, 156, 157;*
— мемлекеттің құрып-бітуі — *23, 32, 132, 158, 159, 163—164, 366—367.*

*Меншік*
— қауымдық — *166, 168, 336;*
— жеке — *165, 168—169, 210, 265, 278, 305, 309, 311, 336, 357;*
— өндірушілердің өз еңбегіне негізделген меншік — *80, 146—148, 165;*
— қоғамдық — *79—80, 278, 533;*
— феодалдық — *311;*
— буржуазиялық — *126, 128, 311;*
— мемлекеттік — *156—159, 200;*
— жеке меншікті жою қажеттігі — *533, 534.*

*Мерзімді баспасөз — 181, 182.*

*Метафизика — 43—49, 63—65, 138—141, 387—388, 402.*

*Механика — 42, 111;*

*Монархия — 40, 546;*
— абсолюттік — *111—112, 115, 116, 180, 365, 542.*

*Монополия — 155—156.*

*Мораль — 397—398, 484.*

*Мұрагерлік — 69—70.*

*Мүмкіндік және шындық — 55—56.*

## Н

*Натурфилософия — 60, 65—66.*

*Нәсіл — 551.*

*Неке — 129, 265, 267, 278;*
— топтық — *218—220, 242—248, 250—253, 261, 266, 274, 278, 281;*
— жұп — *244, 246—250, 255, 262, 263, 266, 269, 274, 278, 281, 327, 328, 334, 356, 357;*
— моногамия — *253, 258, 261—263, 265—271, 274, 275, 278, 281, 282, 327, 334, 356, 357, 369;*
— капитализм тұсындағы — *270—274, 277—281;*
— коммунизм тұсындағы — *275, 282.*

*Немістің классикалық философиясы — 63, 65, 108—109, 117, 137, 141, 142, 374—382, 384—390, 394, 399—*

—402, 404, 406, 430, 487, 532, 541, 545.

О

Ойлау — 57, 61—63, 72, 105, 109, 137, 140, 142, 383—386, 415, 546.
XVII ғасырдағы ағылшын философиясы — 103—105, 115, 137—138, 542.
XVIII ғасырдағы француз философиясы — 41, 45, 115, 117, 124, 126, 128, 137, 144, 374, 387—388, 391, 542.
XVIII ғасырдың аяғындағы ұлы француз буржуазиялық революциясы — 88, 105—106, 113, 115—116, 128—133, 311, 375, 394, 426, 443, 451—453, 465, 476, 487.
Орта ғасырлар — 88, 103, 110, 126, 146, 147, 150, 162, 167, 253, 277, 278, 350, 359, 369, 384, 388, 394, 414, 417, 465, 547.
От (оның ашылуының маңызы) — 74—75.
Орталық мәселе — 528.

Ө

Өмір — 51—53, 54, 55, 56—57, 108, 209.
Өндіріс құрал-жабдықтары — 16, 147, 165, 409, 471.
Өндіріс құралдары — 9.
Өнер — 40—41, 70, 75, 551—552.
Өндіргіш күштер — 16, 91, 129, 146, 157, 163, 408.
Сондай-ақ қараңыз: Экономикалық заңдар.
Өндіріс (адамның сипаттамасы ретінде) — 52—54, 77—80, 88—89, 145, 162—163, 224, 309, 367, 525—526.
Өндіріс әдісі — 16, 159—160, 309, 408, 551.
Сондай-ақ қараңыз: Қоғамдық-экономикалық формация.
Өндірістік қатынастар — 123, 145, 408.
Сондай-ақ қараңыз: Экономикалық заңдар.
Өнеркәсіп — 103, 385, 493.
Өнеркәсіп революциясы — 117, 118, 133—134, 163.
Өнеркәсіптік цикл — 80, 483, 488, 537.

П

Пайда — 91.
Пайданың орташа нормасы — 554—555.
Париж Коммунасы
— оның тарихи маңызы — 18, 29, 86, 96, 450, 456;
— Коммуна мемлекеттің жаңа түрпаты ретінде — 29, 32.
Партияның программасы — 470—471.
Парцеллалы егіншілік — 505, 517, 519—520.
Патша өкіметі (европалық реакцияның тірегі ретінде) — 417, 418, 422, 436, 454.
Польша — 86, 183, 417, 422, 428.
Право — 12, 14, 75, 116, 272, 410, 411, 419, 532, 534, 540—541, 544, 551.
Практика ақиқаттың критерийі ретінде — 62, 385—386.
Пролетариат — 92, 96, 102—103, 151, 273,—275, 418;
— оның даму тарихы — 31, 40, 118, 128—129, 134, 406, 432, 528;
— пролетариат пен буржуазия арасындағы қарама-қарсылық — 163—164, 180, 181, 281, 418, 424;
— пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресі — 16—17, 79, 93, 95, 150, 159, 406, 499, 500;
— және дүниеге коммунистік көзқарас — 144, 194—195, 499;
— таптарды жою жөніндегі пролетарлық талап — 20, 79, 89—90, 158—160, 164, 196, 199, 366—367, 474;
— оның тарихи міндеті — 11, 89, 164, 432;
— және саяси өкіметті жеңіп алуы — 32, 159, 164, 366, 477, 499—502, 542—543;
— оның басқа таптардың бәрінен ерекшелігі — 89, 529;
— пролетарлық интернационализм — 18, 19, 29—30, 82—83, 86—87, 179, 193, 199—200, 206—207, 417, 529;
— шаруалармен одақтың қажеттігі — 102, 499.
Сондай-ақ қараңыз: Пролетариаттың қарулануы, Пролетариат диктатурасы.
Пролетариат диктатурасы — 23, 476, 517, 521—522, 533—534, 543.
Пролетариаттың қарулануы — 200.

*Пролетарлық интернационализм — 18, 19, 30—31, 82—83, 86—87, 179, 193, 199—200, 206—207, 417, 529.*
*Прудонизм — 136.*
*Пруссия — 86, 418, 422, 424—426, 428—434, 435—443, 444—448, 449—451, 454, 468, 475, 535, 548.*

## Р

*Революция — 79, 174, 210, 426.*
— оның алғы шарттары мен шарттары — *205.*
— коммунистік революция — *30, 79, 98—99, 158, 159, 162, 164, 275, 409, 481, 526, 527.*
— пролетарлық революция алдыңғы катарлы елдердің бәрінде бір мезгілде болады — *124.*
— буржуазиялық революция — *112—113, 126—127, 407—408, 413, 549.*
— революцияның бейбіт жолмен жеңу мүмкіндігі — *475—476.*
— үздіксіз революция — *185.*
Сондай-ақ қараңыз: *XVII ғасырдың аяғындағы ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдың аяғындағы ұлы француз буржуазиялық революциясы, 1848—1849 жылдардағы революция, 1848—1849 жылдардағы Германиядағы революция, 1848 жылғы Франциядағы революция.*
*1848—1849 жылдардағы революция —83, 118, 121, 201—202, 418, 490.*
*1848—1849 жылдардағы Германиядағы революция — 63, 83—84, 96, 97, 113, 180, 183—187, 201—203, 418, 426, 427, 431—432, 452, 458, 462.*
*1848 жылғы Франциядағы революция — 83, 119, 418, 489.*
— февраль революциясы — *84, 118, 179, 180, 431, 501.*
— июнь көтерілісі — *83—84, 118, 185, 203, 432.*
*Республика*
— буржуазиялық — *23, 126, 274, 366, 500.*
— демократиялық — *476.*
*Реформация* (Германиядағы) — *111—112, 126, 279, 413.*
*Реформизм — 97.*
*Рим (Ежелгі)—167, 173, 228, 258, 268, 316—325, 342—345, 348—349, 360, 362, 363, 369, 375, 393, 411—412.*
*Россия — 86, 165, 166, 169, 171, 174, 183, 186, 259—260, 336, 422, 426, 428, 429, 447—448, 454, 455, 456, 493, 525, 548—550.*
— шаруалары — *165, 166, 170, 173.*
— капитализмнің дамуы — *166, 174—175, 548—550.*
— 1861 жылғы реформа — *166, 174—175, 550.*
— ауыл шаруашылығы — *172—175, 549.*
*Рулық құрылыс — 168, 219—220, 242—243, 254—255, 283—314, 316—318, 321—336, 339—340, 344—346, 351—353, 356, 357, 360—362, 550.*
— аналық ру — *213—215, 219—221, 243—245, 252, 255—257, 261, 268, 284, 287, 297, 330, 332—335, 356.*
— аталық ру — *214, 221, 256—257, 262, 268, 278, 297, 298, 305, 316—317, 330, 333, 339, 356.*
*Рынок — 154, 549.*

## С

*Сайлау правосы* (жалпыға бірдей)—*366, 423, 436, 442, 479, 490—491.*
*Сана — 42, 52—53, 55, 57—58, 72.*
*Сауда бостандығы — 474, 489, 545.*
*Саясат — 75, 89, 439, 532, 535, 542, 544, 552.*
*Саяси экономия — 60, 220, 482.*
— маркстік — *66, 86, 90—91.*
— классикалық — *80, 90, 545—546, 555.*
— тұрпайы — *16, 20, 121—122, 143 144, 209, 525, 537, 543, 544—545, 554—555.*
*Себеп және салдар — 142, 400, 536, 543, 546, 552.*
*Сектанттық — 28, 100, 181.*
*Семья — 75, 133, 210, 213, 230—231, 248, 258, 267, 273, 355.*
— қандас туыстық семья — *237—238, 245.*
— пуналуалы семья — *230, 238—247, 254, 284, 330.*
— жұп семья — *231, 247—250, 254, 255, 262, 269.*
— патриархаттық семья — *258, 260, 261, 273.*
— моногамиялы семья — *254, 262, 265—267, 268, 269, 273.*

— капитализм тұсындағы семья — *268, 271, 272.*
— коммунизм тұсындағы семья — *275—276.*
*Соғыс — 417.*
— пролетариаттың соғысқа көзқарасы — *29—30, 528.*
— Қырым соғысы — *423, 433, 548.*
— Австрия-Италия-Франция соғысы — *424—426, 433, 437.*
*Социализм*
— ғылыми — *89, 91, 93, 121, 125, 144—145, 164, 400—416, 487, 499, 511.*
— утопиялық — *106, 127—137, 143, 144, 152, 495;*
— буржуазиялық — *60, 97, 98, 156, 470, 495;*
— мемлекеттік —*479.*
*Стачка — 484, 490.*

## Т

*Табиғат — 9, 43—50, 52, 75—78, 140—141, 308, 381, 387—389, 403, 404.*
*Тағылық — 224—226, 242, 247, 249, 250, 254, 274, 351, 383.*
*Таным — 384.*
*Тап күресі — 17—18, 21, 24, 96—97, 362, 408—409, 526, 535, 540;*
— антагонистік қоғамдардың дамуының қозғаушы күші — *87—88, 98—99, 143—144, 195, 196, 408;*
— капитализм тұсындағы — *18, 24, 79, 93, 95, 98—99, 129, 143—144, 366;*
— саяси — *408.*
*Таптар — 18, 24, 87—88, 411, 549.*
— олардың шығуы — *79—80, 44, 145, 268, 305, 354—355, 357—362, 368, 406—407, 551;*
— экономикалық қатынастардың нәтижесі ретінде — *79—80, 145, 161, 408—409;*
— революцияшыл таптар — *16, 366—367, 411;*
— үстем таптар — *88, 89, 162, 365—366, 410, 411;*
— олардың қарама-қарсылығы — *17, 79—80, 89, 268, 315, 361—362, 365, 394, 411;*
— олардың құрып-бітуі — *21, 79, 89—90, 158—161, 164, 196, 198—199, 366—367, 474.*
*Тарих* (ғылым ретінде) — *11, 44, 53, 88—89, 138, 141—142, 210, 376, 404—407, 532, 534—536, 551—553.*
*Тарихи материализм* — қараңыз: *Материализм, Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну.*
*Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну — 87—89, 110, 143—146, 176, 195, 209, 210, 372, 387, 405—415, 531, 532, 534—543, 551—553.*
*Тәрбие — 24, 25.*
*Теңдік* (буржуазиялық) — *14, 33, 126, 127.*
*Темір жолдар — 88, 120—121, 155—156, 484, 539.*
*Теология — 42, 44—45, 394, 545. 309, 353—354, 367, 554.*
*Теория — 61, 62, 415, 529, 530.*
*Товар, товарлы өндіріс — 102, 147,*
*Тред-юниондар — 123, 136, 484, 490—492, 495—496.*
*Тұтыну — 526.*
*Тұтыну құны — 9, 11.*
*Түркия — 422.*
*Тікелей өндірушілерді экспроприациялау — 165.*
*Тіл — 52, 71—72, 75.*
*Тіршілік үшін күрес*
— қоғамдағы — *54, 151—152, 159, 525—527;*
— табиғаттағы — *54, 151—152, 524—527.*

## У

*Уақыт — 57, 388.*

## Ұ

*Ұлт — 40, 75, 417, 418.*
*Ұлы географиялық жаңалықтар — 88, 152, 278—280, 538.*
*Ұсақ буржуазия — 29, 96, 128, 194—195, 459, 472.*

## Ү

*Үндістер — 218, 220, 244, 247—251, 255, 257, 268, 283—295, 297, 302, 303, 308, 335, 340, 351—352.*

## Ф

*Фейербахшылдық*
— оның жалпы сипаттамасы —*381—382, 386—387;*
— фейербахтық материализмнің кемшіліктері — *387, 389—390, 393;*

— Фейербахтың идеализмі — *390, 392—399.*
*Феодализм — 87—88, 91, 110, 116, 150, 160, 350, 407, 413, 472.*
*Фетишизм* (товарлық) — *150—151, 162.*
*Физика — 62, 67, 111*
*Философия*
— жалпы сипаттамасы — *41, 44, 49 — 50, 60—64, 89, 143, 145, 382 — 384, 415, 541, 545.*
— қондырғы ретінде — *411, 532, 534, 541.*
Сондай-ақ қараңыз: *Идеализм, Немістің классикалық философиясы, Материализм, философияның негізгі мәселесі, Фейербахшылдық.*
*Философияның негізгі мәселесі — 383—385.*
*Франция — 41, 88, 113, 117, 119, 131, 133, 180, 366, 374, 392, 407, 408, 412, 421, 423, 428, 433, 443, 450—456, 465, 476—478, 486, 490, 493, 501, 547, 550.*
— буржуазиясы — *119, 413, 423;*
— шаруалары — *504;*
— июль монархиясы — *119;*
— Екінші империя — *118, 119, 365, 421—426, 436, 439, 446—448, 504;*
— 1870 жылғы 4 сентябрьдегі республиканың жарияланауы —*448, 450.*
— Үшінші республика — *118—119.*
*1871 жылғы Франция-Пруссия соғысы — 445, 446—450.*
*Францияның жұмысшы партиясы — 507—508, 515, 516.*

## Х

*Халықтың артық өсуі — 151—153, 163.*
*Химия — 43, 48, 49, 51, 55, 62, 67, 109, 387.*
*Христиандық — 78, 119, 344, 393— — 394, 412—414.*

## Ц

*Цехтар — 127, 146, 149, 151, 278, 416, 419, 474.*
*Цивилизация — 209, 221—224, 254, 262, 266, 268, 274, 283, 351, 357— —359, 367—371.*

## Ч

*Чартизм — 118, 121, 122, 124, 143, 193—196, 489—491.*

## Ш

*Шаруалар — 112, 170, 458, 472, 499, 503—507, 510, 514—523, 534.*
*Швейцария — 24, 25, 31, 183, 192, 197, 366, 423, 477.*
*Шовинизм — 120, 453.*

## І

*Ірі өнеркәсіп — 41, 64, 88, 129, 133, 146, 147, 151—153, 271, 273, 355, 376, 407—408, 415, 417—418, 510, 538.*

## Э

*Эклектизм — 63.*
*Экономика және саясат — 145, 409—410.*
*Экономикалық заңдар*
— антагонистік формациялардағы олардың жүзеге асу сипаты — *150, 157, 162—163, 368, 538—539, 552—553, 555;*
— олардың коммунизм тұсындағы жүзеге асу сипаты — *157, 162—163;*
— өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің сипатына сәйкес келу заңы — *145—146.*
Экономикалық дағдарыстар — *54, 80, 89, 153—154, 157, 160—161, 359, 368, 458, 488, 491, 493, 526, 537—538, 543.*
*Эльзас және Лотарингия — 444—445, 450—457.*
*Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы»* деген еңбегі (жазылу тарихы) — *100—103.*

## МАЗМҰНЫ

К. МАРКС. ГОТА ПРОГРАММАСЫНА СЫН . . . . . 5

Ф. Энгельстің алғы сөзі . . . . . —

К. МАРКС. В. БРАККЕГЕ ХАТ. 5 МАЙ 1875 ж. . . . . 7

К. МАРКС. ГЕРМАН ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР . . . . . 9

I . . . . . —

II . . . . . 19

III . . . . . 21

IV . . . . . 22

Ф. ЭНГЕЛЬС. А. БЕБЕЛЬГЕ ХАТ. 18—28 МАРТ 1875 ж. . . . . 28

Ф. ЭНГЕЛЬС. К. КАУТСКИЙГЕ ХАТ. 23 ФЕВРАЛЬ 1891 ж. . . . . 36

Ф. ЭНГЕЛЬС. «ТАБИҒАТ ДИАЛЕКТИКАСЫНА» КІРІСПЕ . . . . 40

Ф. ЭНГЕЛЬС. «АНТИ-ДЮРИНГКЕ» ЖАЗЫЛҒАН БҰРЫНҒЫ АЛҒЫ СӨЗ. ДИАЛЕКТИКА ТУРАЛЫ . . . . . .

Ф. ЭНГЕЛЬС. МАЙМЫЛДЫҢ АДАМҒА АЙНАЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЕҢБЕКТІҢ РОЛІ . . . . . 68

Ф. ЭНГЕЛЬС. КАРЛ МАРКС . . . . . 81

К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС. НҰСҚАУ ХАТТАН . . . . . .

*А. Бебельге, В. Либкнехтке, В. Браккеге және басқаларға (III. Цюрих үштігінің манифесі)* . . . . . 92

Ф. ЭНГЕЛЬС. СОЦИАЛИЗМНІҢ УТОПИЯДАН ҒЫЛЫМҒА ҚАРАЙ ДАМУЫ . . . . . .

Ағылшынша 1892 жылғы басылуына кіріспе . . . . . 100

Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы 125

I . . . . . —

II . . . . . 137

III . . . . . 145

К. МАРКС. В. И. ЗАСУЛИЧТІҢ ХАТЫНА ЖАУАПТЫҢ АЛҒАШҚЫ НОБАЙЫ . . . . . 165

Ф. ЭНГЕЛЬС. МАРКСТІҢ КАБІРІНІҢ БАСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ . 176

Ф. ЭНГЕЛЬС. МАРКС ЖӘНЕ «NEUE RHEINISCHE ZEITUNG» (1848—1849) . . . . . 179

Ф. ЭНГЕЛЬС. КОММУНИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ . . 189

Ф. ЭНГЕЛЬС. СЕМЬЯНЫҢ, ЖЕКЕ МЕНШІКТІҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫҒУЫ . . . . . 209

1884 жылғы бірінші басылуына алғы сөз . . . . . —

1891 жылы немісше төртінші басылуына алғы сөз . . . . . 211

*Алғашқы семьяның тарихы жөнінде (Бахофен, Мак—Леннан, Морган* . . . . . —

Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы . . . . . 224

*Льюис Г. Морганның зерттеулеріне байланысты* . . . . . —

I. Мәдениеттің тарихтан бұрынғы сатылары . . . . . —

1. Тағылық . . . . . —

2. Варварлық . . . . . 226

II. Семья . . . . . 229

III. Ирокез руы . . . . . 283

IV. Грек руы . . . . . 296

V. Афины мемлекетінің пайда болуы . . . . . 305

VI. Римдегі ру мен мемлекет . . . . . 316

VII. Кельттер мен германдықтардағы ру . . . . . 326

VIII. Германдықтарда мемлекеттің құрылуы . . . . . 340

IX. Варварлық пен цивилизация . . . . . 351

Ф. ЭНГЕЛЬС. ЛЮДВИГ ФЕЙЕРБАХ ЖӘНЕ НЕМІСТІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АҚЫРЫ . . . . . 372

1888 жылғы басылуына алғы сөз . . . . . —

Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры . . . . . 374

I . . . . . —

II . . . . . 383

III . . . . . 392

IV . . . . . 399

Ф. ЭНГЕЛЬС. КҮШТЕУДІҢ ТАРИХТАҒЫ РОЛІ . . . . . 417

Ф. ЭНГЕЛЬС. 1891 ЖЫЛҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРОГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫНА СЫН ЖӨНІНДЕ . . . . . 470

I. Он абзацтан тұратын дәлелдеме бөлімі . . . . . —

II. Саяси талаптар . . . . . 475

III. Экономикалық талаптар . . . . . 479

I. Бөлімге қосымша . . . . . 480

Ф. ЭНГЕЛЬС. «АНГЛИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ» 1892 ЖЫЛҒЫ НЕМІСШЕ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ . . . . 482

Ф. ЭНГЕЛЬС. БОЛАШАҚ ИТАЛЬЯН РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯ . . . . . 498

Ф. ЭНГЕЛЬС. ФРАНЦИЯ МЕН ГЕРМАНИЯДАҒЫ ШАРУА МӘСЕЛЕСІ . 503

I . . . . . 504

II . . . . . 515

К. Маркс пен Ф. Энгельс. Хаттар . . . . . 524
Энгельс — Петр Лаврович Лавровқа, 12—17 ноябрь 1875 ж.
Маркс — Вильгельм Блоска, 10 ноябрь 1877 ж. . . . . 527
Энгельс — Карл Каутскийге, 12 сентябрь 1882 ж. . . . . 528
Энгельс — Флоренс Келли-Вишневецкаяға, 28 декабрь 1886 ж. . 529
Энгельс — Конрад Шмидтке, 5 август 1890 ж. . . . . 530
Энгельс — Отто Бёнигке, 21 август 1890 ж. . . . . 533
Энгельс — Йозеф Блохқа, 21 (—22) сентябрь 1890 ж. . . . . 534
Энгельс — Конрад Шмидтке, 27 октябрь 1880 ж. . . . . 537
Энгельс — Франц Мерингке, 14 июль 1893 ж. . . . . 543
Энгельс — Николай Францевич Даниельсонға, 17 октябрь 1893 ж. 548
Энгельс — В. Боргнуска, 25 январь 1894 ж. . . . . 551
Энгельс — Вернер Зомбартқа, 11 март 1895 ж. . . . . 554

*Ескертулер* . . . . . 559

*Есімдер көрсеткіші* . . . . . 597

*Атау көрсеткіші* . . . . . 624